Қазақша

الكازاخية

Шейх доктор Һайсам Сарханның ғылыми кітапханасы

المكتبة العلمية للشيخ د. هيثم سرحان



Шейх доктор Һайсам ибн Мұхаммед Сарханның еңбектері мен түсіндірмелерінен тұратын жинақ. Оған мына бес кітап кіреді:

1. «Пайғамбардың ﷺ өмірбаяны мен сипаттары туралы қысқаша әрі пайдалы еңбек».
2. «Әрбір мұсылманға қажетті маңызды сабақтардың түсіндірмесі».
3. **«Ислам деген не?»**
4. «Китаб әт-таухид» кітабын жіктеу және тармақтау.
5. «Фатх әл-Муғин»: «Минһаж әс-саликин» кітабын жеңілдетіп түсіндіру және діннің фикһ үкімдерін баяндау.

Шейх доктор Һайсам Сархан

— бұрын Пайғамбар мешітінде және Құба мешітінде дәріс берген ұстаз, «Сүннет институты» қашықтан білім беру мекемесінің ғылыми жетекшісі.

Сүннет институты
معهد السنة

Шейх доктор Һайсам Сарханның ресми сайты
https://sarhaan.com

«Сүннет институты»
https://mahadsunnah.com

МУХАММАД ПАЙҒАМБАРДЫҢ ﷺ ЫҚШАМДАЛҒАН ӨМІРБАЯНЫ ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ



محمد

الْمُخْتَصَرُ الْمُفِيدُ
لِسِيرَةِ النَّبِيِّ ﷺ وَشَمَائِلِهِ
بللغة القازاقية
المترجم طلعت أبو علي

Сатуға болмайды

ХАЙСАМ ИБН МУХАММАД САРХАН

http://www.alsarhaan.com

Хайсам ибн Мухаммад Сархан

МУХАММАД ﷺ ПАЙҒАМБАРДЫҢ ЫҚШАМДАЛҒАН ӨМІРБАЯНЫ ЖӘНЕ СИПАТТАМАСЫ

Бірінші басылым

Мұсылмандардың ортақ мүлкі

Сатуға болмайды

1446/2024


بسم الله الرحمن الرحيم

КІРІСПЕ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Біз Оны ғана мақтап-мадақтайтын және Одан ғана көмек тілейтін Аллаһ Тағалаға бүкіл мақтаулар болсын. Нәпсілеріміздің жамандығынан және жаман істеріміздің кесірінен Аллаһтан пана тілейміз. Аллаһ Тағала кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал Аллаһ кімді Өзінің қолдауынсыз қалдырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Мен Аллаһтан басқа құлшыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне және Мухаммад Оның құлы әрі Елшісі екеніне куәлік беремін.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ حَقَّ تُقَاتِهِۦ وَلَا تَمُوتُنَّ إِلَّا وَأَنتُم مُّسۡلِمُونَ﴾ [آل عمران: ١٠٢]

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да, мұсылман болған күйде ғана өліңдер» («Әли-Имран» сүресі, 102-аят)**.**

﴿يَـٰٓأَيُّهَا ٱلنَّاسُ ٱتَّقُواْ رَبَّكُمُ ٱلَّذِى خَلَقَكُم مِّن نَّفۡسٍ وَٰحِدَةٍ وَخَلَقَ مِنۡهَا زَوۡجَهَا وَبَثَّ مِنۡهُمَا رِجَالٗا كَثِيرٗا وَنِسَآءٗۚ وَٱتَّقُواْ ٱللَّهَ ٱلَّذِى تَسَآءَلُونَ بِهِۦ وَٱلۡأَرۡحَامَۚ إِنَّ ٱللَّهَ كَانَ عَلَيۡكُمۡ رَقِيبٗا﴾ [النساء: ١]

«Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер мен әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасатын

Аллаһтан және туыстық қатынасты үзуден сақтаныңдар. Шәксіз, Аллаһ сендерді бақылаушы» («ән-Ниса» сүресі, 1-аят)**.**

﴿يَٰٓأَيُّهَا ٱلَّذِينَ ءَامَنُواْ ٱتَّقُواْ ٱللَّهَ وَقُولُواْ قَوۡلٗا سَدِيدٗا﴾ [الأحزاب: ٧٠]

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар да, дұрыс сөз сөйлеңдер» («әл-Ахзаб» сүресі, 70-аят)**.**

Ал содан соң:

Бұл шағын еңбек өз пайғамбары, оның өмірі мен жолы туралы білгісі келетін кез-келген адам үшін маңызды. Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: *«Пенденің екі дүниедегі бақыты Пайғамбарымыздың ﷺ басшылығымен байланысты болғандықтан, өзі үшін жақсылықты, құтылуды және бақытты қалайтын кез келген адамға Пайғамбарымыздың ﷺ өмірі мен басшылығы жайлы біліп, осы арқылы ол туралы білмейтіндердің қатарынан шығып, оған ілескендер мен жақтасқандардың қатырында болу міндетті болып табылады. Адамдар бұл мәселеде үш топқа бөлінеді: аз білгісі келгендер, көп білгісі келгендер және бұдан құр қалғандар. Ал бүкіл жомарттық Аллаһтың қолында әрі Ол оны қалағанына береді, өйткені Аллаһ ұлы жомарттық Иесі».*

Аллаһ Тағаладан Ол мені де, сіздерді де Пайғамбарды ﷺ жақсы көріп, оның бұйырғанына бағынып, оның тыйған және сақтандырған нәрселерінен аулақ болатындардан етуін сұраймын.

Уа Аллаһ! Сен Ибраһим мен Ибраһимның отбасына игілік еткендей Мухаммад пен Мухаммадтың отбасына игілік нәсіп ет, және Ибраһим мен Ибраһимның отбасына береке бергендей Мухаммад пен Мухаммадың отбасына береке бер. Расында, Сен — аса Мақтаулы, Игісің. Әлемдердің Раббысы Аллаһ Тағалаға бүкіл мақтаулар болсын.

БІРІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН БАСШЫЛЫҒЫ



Пайғамбарымыздың ﷺ жеке қасиеттері

Оның шығу тегі: Ол — Мухаммад ибн АбдуЛлаһ ибн Абд әл-Мутталиб ибн Хашим ибн Абд әл-Манаф ибн Қусай ибн Киләб ибн Мурра ибн Кағб ибн Луай ибн Ғалиб ибн Фихр ибн Мәлик ибн Надр ибн Кинана ибн Хузайма ибн Мудрика ибн Илияс ибн Мудар ибн Низар ибн Мағад ибн Аднан.

مُحَمَّد بنُ عبدالله بن عبدالْمُطَّلب بن هاشم بن عبدمناف بن قُصَيِّ بن كلاب بن مُرَّة بن كعب بن لُؤيِّ بن غالب بن فِهر بن مالك بن النَّضر بن كِنانة بن خُزيمة بن مُدرِكة بن إلياس بن مُضَر بن نزار بن مَعَدِّ بن عدنان.

Аднан — Ибраһим пайғамбардың құрбандыққа шалуға бұйырылған ұлы Исмаилдың ұрпағынан болған.

Оның шежіресі адамдардың арасындағы ең жақсы шежіре. Рим патшасы Ираклийдің Абу Суфиянға былай деп айтқан хадисі келтіріледі: «*Мен сенен оның шығу тегі жайлы сұрадым және сен оның текті рудан екендігін айттың. (Бұрын болған) пайғамбарлардың барлығы өз халықтарының текті руларынан шыққан еді*».

Пайғамбарымыздың ﷺ ардақтылығы: Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: ***«Расында, Аллаһ Тағала Исмаил ұлдарынан Кинанды таңдады, кейін Кинан ұрпағынан құрайыштықтарды таңдады, құрайыштықтардан Хашим руын таңдады, ал Хашим руынан мені таңдады».***

Пайғамбарымыздың ﷺ есімдері

Пайғамбарымыздың ﷺ есімдері басқа адамдардың есімдері секілді емес, олар оның сипаты болып табылады. Өйткені бұл есімдер оның бойындағы мақтаулы әрі кемел қасиеттерден туындаған.

Мухаммад — бұл Пайғамбарымыздың ﷺ ең танымал есімі және ол анық түрде Тауратта келтірілген. Бұл есімнің мағынасы — көптеген мақтаулы қасиеттердің иесі.

Ахмад — бұл есімнің мағынасы — Аллаһтың жаратылыстарының ішіндегі ең мақтаулысы. Оны көптеген мақтаулы қасиеттері үшін көктер және жердің, осы дүние мен мәңгілік дүниенің тұрғындары мадақтайды. Пайғамбарымызды ﷺ бұл есіммен Иса пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) атаған болатын.

Мутәуәккил — бұл есім «Тәуекел етуші» деген мағынаға ие. Ол бұл есіммен Ислам діні талап еткен амалдарды орындауда Аллаһ Тағалаға ешкім тәуекел етпегендей тәуекел еткендігі үшін аталған.

Әл-Мәһи — Ол ﷻ Аллаһ Тағала ол арқылы күпірлікті жойған адам және күпірлік ешкім арқылы ол арқылы жойылғандай етіп жойылмаған еді.

Әл-Хашир — Ол ﷻ адамдар оның аяғының жанында жиналатын адам және де ол адамдарды жинау үшін жіберілген.

Әл-Ғақиб — Ол ﷻ одан кейін ешбір пайғамбар келмейтін пайғамбарлардың мөрі болып табылады.

Әл-Муқаффи — Ол ﷻ өзінен бұрынғы пайғамбарлар мен елшілердің жолына еруші. Сондықтан да Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды ﷺ олардың мұрагері еткен.

Нәби әт-Тәуба — Аллаһ Тағала ол арқылы жер тұрғындары үшін тәубе есігін ашқан және Аллаһ олардың тәубелерін бұдан бұрын болмағандай үлгіде қабыл еткен Тәубе пайғамбары. Пайғамбарымыз ﷺ адамдардың ішіндегі Аллаһтан ең көп кешірім сұрап, тәубе етіп жалбарынатын адам болатын.

Нәби әл-Мәлхама — Ол ﷻ Аллаһтың жауларымен соғысу үшін жіберілген пайғамбар. Ешбір пайғамбар Аллаһтың Елшісі ﷺ өзінің үмметімен бірге жиһад жасағандай етіп жиһад жасамаған және одан бұрын мұндай ұлы шайқастар болмаған.

Нәби әр-Рахма — Аллаһ Тағала Оны ﷺ әлемдер үшін мейірім ретінде жіберіп, оларға өз мейірімін танытқан. Иман келтіргендерге келсек, олар бұл мейірімге толыққанды қол жеткізген адамдар. Ал кәпірлер жайлы айтсақ, Кітап иелері оның көлеңкесінің, мейірімі мен келісімінің астында өмір сүрген.

Әл-Фатих — Аллаһ Тағала Пайғамбарымыз ﷺ арқылы шынайы тура жол қақпаларын олар шайқалғаннан кейін ашқан. Аллаһ Тағала ол арқылы соқырлардың көзін, кереңдердің құлағын және тұйық жүректерді ашты. Сондай-ақ Аллаһ Тағала ол арқылы кәпірлердің елдерін, Жәннат есіктерін және пайдалы білім мен ізгі амалдар есіктерін ашты.

Әл-Әмин — Пайғамбарымыз ﷺ осы атпен аталғандардың ең лайықтысы. Пайғамбарымыз — Аллаһ Тағала оған уахиді және иманды жеткізуді сеніп тапсырған адам. Ол көктер мен жер тұрғындарының ішіндегі ең сенімдісі. Тіпті кәпір құрайыштықтар ол елші ретінде жіберілгеннен бұрын да оны сенімге лайықты Өте Сенімді (әл-Әмин) деп атаған.

Әл-Башир — Пайғамбарымыз ﷺ — өзіне бойұсынғандарды ұлы сыймен сүйіншілеген және оған бағынбағандарды ұлы жазамен қорқытып ескерткен адам.

Сайиду уәләди Адам — Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Мен — Қиямет күні Адам баласының мырзасымын және мен мұны мақтау үшін айтып тұрған жоқпын***».

Әс-Сираж әл-Мунир — Ол жанбай, нұрмен жарық сыйлаушы.

Ол ﷺ — **АбдуЛлаһ**, яғни аса табанды құлшылықпен ерекшеленген Аллаһтың құлы.

Пайғамбарымыздың ﷺ жалпы сипаттамасы

Пайғамбарымыздың ﷺ ең кәміл сипаттамасын, оның өзі беріп, өзі жайлы былай деген: ***«Мен — Мухаммад, Аллаһтың құлы және Оның Елшісімін. Және мен (адамдардың мені) Аллаһ бекіткен мәртебеден жоғары етуін қаламаймын».***

Ол ﷺ адами және мінез-құлық қасиеттері бойынша ең жақсы адам болған. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خُلُقٍ عَظِيمٍ﴾ [القلم: ٤]

«**Расында, сен ұлы мінез-құлыққа иесің**» («әл-Қаләм» сүресі, 4-аят).

Сондай-ақ Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Оның мінезі Құран болған*». Ол Құран бойынша өмір сүрген және ондағы шектерді ешқашан бұзбаған. Ол Құранға сәйкес келетін нәрселерге разы болып, оған қайшы келетін нәрселеге ашу білдіретін.

Халилу-Ллаһ — Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында Аллаһ Ибраһимді өзінің Халилы (ең сүйіктісі) еткендей мені де Өзінің Халилы (ең сүйіктісі) етті***».

Оның сыртқы бейнесі

Оның ардақты денесі: Әнас ибн Мәлик былай деген: «*Аллаһ Елшісінің ﷺ жүзі ақ және жарқын болған, ал одан аққан тер тамшылары маржандар секілді еді. Ол жүрген кезде (кішкене оңға және солға қарай) иіле жүретін. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ алақанынан асқан жұмсақтау дибаж да, жібек те ұстамағанмын, сондай-ақ мен Аллаһ Елшісінің ﷺ иісінен асқан жағымдырақ миск те, амбра да иіскеген емеспін*».

Оның бойы: Әл-Бара ибн Азиб былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ орта бойлы, кең иықты болған, ал оның шаштары құлақ сырғалықтарына дейін жететін. (Бірде мен оны) қызыл түсті киімде көрдім және мен одан әдемі-көрікті ешкімді көрмегенмін*».

Оның жүзі: Кағб ибн Мәлик былай деген: «*Бірде мен Аллаһ Елшісіне ﷺ сәлем бергенімде оның жүзі қуаныштан жарқырап тұрған еді. Аллаһ Елшісін ﷺ бірдеңе қуантқанда, оның жүзі жарқырап, айдың бөлігіндей болатын әрі біз мұны оның жүзінен байқайтынбыз*».

Әл-Бара есімді сахабадан бірде адамдар: «*Пайғамбарымыздың ﷺ жүзі қылышқа ұқсаған (болат жылтыр әдемі) еді ме?*», — деп сұрады. Ол: «*Жоқ, керісінше, ол ай секілді (нұрлы әдемі) еді*», — деп жауап берді.

Әнас ибн Мәлик былай деген: «*Пайғамбарымыздың ﷺ алақандары үлкен болатын және мен одан кейін оған ұқсас ешкімді көрмегенмін. Оның шашы қатты бұйра да емес және тік те емес еді*».

Оның көздері: Жәбир ибн Самура былай деген: «*Аллаһ Елшісінің ﷺ аузы үлкен, көздерінің ақтықтарында кішігірім қызару, ал өкшесінде ет аз болатын*».

Оның терінің хош иісті болуы: Әнас ибн Мәлик былай деген: «*Бірде Пайғамбарымыз ﷺ бізге күндіз келіп, ұйқыға жатып, терледі. Сонда менің анам оған ыдыспен жақындап, оның терін жинай бастады. Пайғамбарымыз ﷺ оянып кетіп:* «***Уа Умм Сулəйм! Не істеп жатырсың?***», — деді. Сонда ол: «*Бұл сіздің теріңіз, біз оны өзіміздің әтірлерімізге қосамыз, өйткені оның өзі хош иісті әтір», — деп жауап берді*».

Пайғамбарлық мөр: Пайғамбарымыздың ﷺ арқасында иықтарының арасында қалға ұқсас пайғамбарлық мөр анық көрінетін.

Жәбир ибн Самураның былай дегені жеткізіледі: «*Мен оның жауырынында (көлемі) көгершіннің жұмыртқасындай және келбетімен оның денесіне ұқсайтын пайғамбарлық мөр көргенмін*».

Оның ұлы адамгершілік қасиеттері

Оның сахабалары оны қалай құрметтеген: Амр ибн әл-Ас былай деген: «*Мен Аллаһ Елшісінен ﷺ артық ешкімді жақсы көрмегенмін және ешкімді одан жоғары қоймағанмын. Мен оны ардақтағаным соншалық, тіпті оған тік қарай алмайтынмын, ал егер біреу менен оны сипаттауды талап етсе, мен бұны жасай алмайтын едім, өйткені мен оған ешқашан ұзақ (тігіліп) қарамағанмын*».

Ғуруа ибн Масғуд әс-Сақафи Худайбия күні Аллаһ Елшісін ﷺ құрайыштықтарға сипаттағанда былай деген

еді: «*Аллаһпен ант етемін, мен әлдебір патшаны қасындағы адамдары Мухаммадтың серіктері Мухаммадты ардақтағандай етіп ардақтағанын көрмегенмін. Аллаһпен ант етемін, егер ол түкірсе және оның түкірігі әлдебір адамның алақанына келіп тисе, бұл адам міндетті түрде оны өзінің бетіне және денесіне жағады. Ол ﷺ сахабаларына бірдеңе әмір етсе, олар оның әмірін дереу орындауға асығады, ол дәрет алған кезде олар одан қалған суға таласып, бір-бірімен шайқасуға дайын болады, ал егер ол сөйлесе, олар оның алдында үнсіз тұрады. Олар оған ерекше құрмет көрсетіп, оған тіпті тік қарамайды*».

Оның Аллаһ Тағалаға қатысты әдебі: АбдуЛлаһ ибн әш-Шиххир былай баяндайтын: «*Біз — Аллаһтың Елшісіне ﷺ: «Сіз — біздің мырзамызсыз!», — деп айттық. Сонда ол ﷺ: «**Шынайы Мырза — аса Игі Аллаһ Тағала**», — деп жауап берді. Сонда біз: «Уа біздің арамыздағы ең лайықты және ең ұлы!», — дедік. Ал Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сөздеріңді айтыңдар, алайда шайтан сендерді арбап алмауы үшін, сөйлегендеріңде абай болыңдар**», — деп айтты*».

Оның ержүректілігі: Али ибн Абу Талиб былай деген: «*Шайқас күшейе бастап, шайқасып жатқан екі жақ бірбірімен кездескенде, біз Аллаһ Елшісіне жақындап, оның жанынан қорғаныш іздейтінбіз және біздің арамызда жауға одан жақын ешкім болмаған*».

Оның тақуалығы: «Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Аллаһпен ант етемін, сендердің араларыңдағы Аллаһ Тағаладан ең қатты қорқатын және Оның азабынан ең қатты сақтанатын — менмін***».

Отбасына деген ең жақсы қарым-қатынасқа ие адам: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Сендердің араларыңда ең жақсыларың — отбасы мүшелеріне ең жақсы қарым-қатынас жасайтындарың. Ал сендердің араларыңдағы өз отбасына ең жақсы қарым-қатынас жасайтын — менмін».***

Оның ұялшақтығы: Абу Сағид әл-Худри былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ өзінің тіпті перденің арғы жағында отырған қыздан асатын ұялшақтығымен ерекшеленетін. Егер ол өзіне ұнамсыз бірдеңе көрсе, біз бұны оның жүзінен білетінбіз*».

Жеңілдеу істі таңдауы: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген еді: «*Аллаһтың Елшісіне ﷺ әлдебір екі істің бірін таңдау берілгенде, ол ﷺ жеңілін таңдайтын, тек егер бұл күнә болмаса ғана, ал егер бұл істе күнә болса, онда ол одан адамдардың ішіндегі ең алысы болатын…*».

Ол өзі үшін ешқашан кек алмаған: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ өзі үшін ешқашан кек алмайтын, алайда Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың тыйымы бұзылса (Аллаһ үшін) кек алатын*».

Ол ﷺ ешқашан тамақты жамандамаған: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ ешқашан ешқандай тамақты жамандамайтын — егер ол оны қаласа — жейтін, қаламаса — жемейтін*».

Пайғамбарымыз ﷺ сыйлықтарды қабылдайтын: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ сыйлықтар алатын және олардың орнына басқасымен қайыратын*».

Пайғамбарымыз ﷺ зекет-садақа малынан жемейтін: Ол ﷺ былай деген: «***Расында, Мухаммадтың отбасы садақа ретінде берілген нәрседен жемейді***».

Оның қарапайымдылығы: Ғуқба ибн Амир былай деген: «*Бірде Аллаһтың Елшісіне ﷺ бір адам келіп, оған жүгінді әрі әңгіме барысында оның қобалжығанынан дауысы дірілдей бастады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ оған былай деді:* «***Қобалжыма, расында, мен патша емеспін, мен (сендер сияқты) қақталған ет жеген бір әйелдің баласымын ғана***».

Пайғамбарымыздың ﷺ өз отбасы мүшелеріне көмектесетіндігі: Әл-Әсуад ибн Язид былай деген: «*Мен Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын): «Пайғамбарымыз ﷺ әдет-*

те үйде не істейтін?», — деп сұрадым. Ол былай деп жауап берді: «Ол әдетте отбасы мүшелеріне үй істерінде көмектесетін, ал намаз уақыты келгенде, намазға баратын».

Ол надан адамдарға мән бермейтін: Абу Хурайрадан Аллаһ Елшісінің ﷺ бірде өз сахабаларына былай дегені жеткізіледі: «***Аллаһ Тағала мені құрайыштықтардың сөгісінен және лағнеттерінен қалай қорғайтыны сендерді таң қалдырмайды ма? Олар Музаммамды сөгеді және Музаммамды лағнеттейді, ал мен Мухаммадпын***».

Оның шыншылдылығы: АбдуЛлаһ ибн Масғуд хадистерін: *«Бізге шыншыл әрі сенімге лайықты Аллаһтың Елшісі былай баяндаған…»*, — деп бастайтын.

Оның қызметшілерге деген қарым-қатынасы: Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Мен Аллаһ Елшісіне ﷺ он жыл қызмет еттім және ол маған ешқашан: «Уф!» — демеген. Мен бірдеңе істегенімде, ол ешқашан маған: «**Сен мұны не үшін істедің?**», — деп айтпаған. Ал егер мен бірдеңе істемесем, ол маған ешқашан: «**Сен неге мұны істемедің?**», — деп айтпаған».*

Ол сахабаларының арасында ерекшеленбейтін. Пайғамбарымыздың ﷺ жомарттығы мен ақ жарқындылығы: Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған: *«Бірде біз Пайғамбарымызбен ﷺ бірге мешітте отырғанымызда, мешітке түйе мінген бір адам жақындады да, түйесін мешіт алдында тізе бүктіріп отырғызып, кейін байлап: «Араларыңдағы Мухаммад кім?», — деп сұрады. Сол кезде Пайғамбарымыз ﷺ адамдардың арасында жамбастап отырған болатын және біз: «Анау ақ жүзді, қолына сүйеніп, жамбастап отырған кісі», — дедік. Сонда әлгі адам: «Ибн Абд әл-Мутталиб (сенсің бе?)», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мен сені тыңдап тұрмын**», — деді. Адам: «Мен саған егжей-тегжейлі сұрақ қоямын, сондықтан маған ренжімей (жауап бер)», — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Қалағаныңды сұра**», — деді. Бұл адам: «Мен сенен Раббыңның және сенен бұрын болғандардың Раббысының атымен сұраймын: сені*

*бүкіл адамзатқа Аллаһ жіберді ме?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа Аллаһ, иә!**», — деді. Сонда адам: «Сенен Аллаһтың атымен сұраймын: саған біздің күніне бес уақыт намаз оқуымызды Аллаһ бұйырды ма?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа Аллаһ, иә!**», — деп жауап берді. Әлгі адам: «Сенен Аллаһтың атын атап сұраймын. Саған біздің осы ай ішінде ораза ұстауымызды Аллаһ бұйырды ма?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа Аллаһ, иә!**», — деп жауап берді. Адам: «Сенен Аллаһтың атын атап сұраймын, саған байларымыздан зекет алып, оны кедейлердің арасында таратуды Аллаһ бұйырды ма?», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Уа Аллаһ, иә!**», — деді. Сонда әлгі кісі: «Мен сен әкелген барлық нәрсеге иман келтірдім, мені саған тайпаластарым жіберді, мен — бану Сағд ибн Бакр тайпасының бауыры Димам ибн Сәғлабпын!…», — деді».*

Пайғамбарымыз ﷺ жеген нан: Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Мухаммад пайғамбар ﷺ қайтыс болғанға дейін оның отбасы (ешқашан) екі күн қатарынан арпа нанын тойып жеген емес*».

Пайғамбарымыздың ﷺ дүниелік нәрселерге байланбағаны: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Мен бір жағдайда ғана менде Ухуд көлеміндей алтынның болғанына разы болар едім: егер үш күннен кейін одан қарыздарымды өтеу үшін қалдырғанымнан басқа, тіпті бір динар қалмаса ғана. Ал бұдан басқасының барлығын мен Аллаһтың құлдарына былай және былай таратып беруді бұйырар едім!***».

Пайғамбарымыз ﷺ ешқашан балағат сөз айтпаған: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ ешқашан арсыз сөз айтпаған және арсыз іс істемеген, базарларда дауыс көтермеген, жамандыққа жамандықпен қайырмаған, алайда кешіріп, ғафу еткен*».

Пайғамбарымыздың ﷺ қолы ешқашан бөгде әйелдің қолына тимеген: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын):

«Пайғамбарымыздың ﷺ қолы ешқашан бөгде әйелдің қолына тимеген», — деген.

Пайғамбарымыздың ﷺ тұрмыс тіршілігі және тұрған үйі: Умар ибн әл-Хаттаб былай деген: *«Мен Аллаһтың Елшісіне ﷺ кіргенімде ол құрма жапырақтарынан тоқылған төсеніште жатқан болатын. Мен оның қасына отырдым, ал Ол өз изарын тартты және оның осыдан басқа киімі жоқ еді. Мен төсеніштің оның денесіне (қатты батқандығы себепті) іздер қалдырғанын көрдім. Әрі Аллаһ Елшісінің ﷺ азықтүлік сақталатын орнына қарап, онда тек бір сағ (төрт қос алақан) көлеміндегі арпа тұрғанын көрдім. Ал бөлменің бір жағында араб акациясының азғантай ғана түйіршіктері бар еді және кішкентай (иленген) тері салбырап тұрды… Сонда менің көзім жасқа толды. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Сені не нәрсе жылатты, уа Хаттабтың ұлы**», — деп сұрады. Мен: «Уа Аллаһтың Елшісі! Мен мына төсеніштің сіздің денеңізде іздер қалдырғанын және өзім көріп тұрған нәрседен басқа ештеңе жоқ қоймаңызды көріп, қалайша жыламаймын? Ал Парсы патшасы Хосрой мен Византия императоры жеміс ағаштары мен өзендердің арасында өмір сүреді. Сіз Аллаһтың Елшісісіз және Оның таңдаулы адамысыз, ал мынау сіздің қоймаңыз ба?!», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ менен: «**Уа Хаттабтың ұлы! Сен бізге Мәңгілік өмір, ал оларға бұл дүние берілетініне разы емессің бе?**», — деп сұрады. Мен: «Иә, әрине, разымын», — дедім».*

БІРІНШІ ЕМТИХАН

1) Адамның осы дүниедегі және Мәңгілік өмірдегі бақыты оның Пайғамбарымыздың ﷺ жолымен жүруімен байланысты.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

2) Барлық елшілер өз халықтарының құрметті руларынан болған.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

3) Пайғамбарымыздың ﷺ ең жақсы сипаттамасын оның өзі өзі жайлы былай деп берген: ***«Мен — Мухаммад, Аллаһтың құлы әрі елшісімін».***

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

4) Жібек пен дибаж Аллаһ Елшісінің ﷺ алақанынан жұмсақ болған.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

5) Аллаһ Тағала өз Пайғамбарының ﷺ бойына ең кемел мінез бен адамгершілік қасиеттерді жинап, оған білім мен қадір-қасиет және бұл дүниеде де, мәңгілік өмірде де құтылудың, сәттілік пен бақытқа жетудің құралы болып табылатын бүкіл нәрселерді берді, және Ол бұны одан өзге ешкімге бермеген еді.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

6) Адамдардың ішіндегі ең жақсы шежіреге ие адам:

☐ Юнус ибн Матта;

☐ Мухаммад ибн АбдуЛлаһ ﷺ.

7) Оның есімдері:

☐ жәй ғана есімдер емес, оның сипаттары;

☐ басқа адамдардың есімдері секілді жәй есімдер;

☐ оның есімдері оның бойындағы мақтаулы және кәміл қасиеттерінен туындайды;

☐ барлық жауаптар дұрыс;

☐ бірінші және үшінші жауаптар дұрыс.

8) «Оның мінезі Құран болған» деген сөздер мына мағынаны білдіреді:

☐ Ол Құранға сәйкес келген нәрселерге разы болған;

☐ Ол Құранға қайшы келген нәрселерге ашуланған;

☐ Екі жауап та дұрыс.

9) Аллаһтың Халилі (Сүйіктісі) —

☐ Ибраһим Пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын);

☐ Мухаммад Пайғамбар ﷺ;

☐ Олардың екеуі де.

10) «Аллаһ Елшісінің ﷺ жүзі ақ және жарқын болған» деген сөздер мына мағынаны білдіреді:

☐ Оның жүзі бидай реңді болған;

☐ Оның жүзі ашық түсті болған;

☐ Оның жүзі ақ құба болған.

11) Ең жақсы иіс:

☐ Мисктің иісі;

☐ Пайғамбарымыздың ﷺ терінің иісі.

12) Пайғамбарымыздың ﷺ бойы:

☐ орташа болған;

☐ ұзын болған.

13) Пайғамбарымыздың ﷺ мөрі:

☐ Екі жауырының арасында болған;

☐ Пішінімен оның денесіне ұқсаған;

☐ Оның көлемі көгершіннің жұмыртқасындай болған;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

14) Жақшаның ішіндегі сөздерден тиісті жауаптарды тап. (Кинан, Бану Хашим, Исмаил, Қурайш)

Аллаһ Тағала:

— Кинанды кімнің ұрпағынан таңдаған?

— Құрайыштықтарды кімнің ұрпағынан таңдаған?

— Бану Хашимді кімнің ұрпағынан таңдаған?

— Пайғамбарымызды ﷺ кімнің ұрпағынан таңдаған?

15) Кестенің оң жағындағы мәліметті сол жағындағы сәйкес келетін мәліметпен ұйқастыр.

Оның руы	Абд әл-Мутталиб
Оның есімі	АбдуЛлаһ
Әкесі	Ибраһим
Атасы	Хашим
Арғы атасы	Исмаил
Бабасы	Мухаммад

16) Әр есімді тиісті мағынасымен байланыстыр:

Сираж	Басқалардан қарағанда Раббысын көп мадақтайтын;
Ғақыб	Жанбай нұр беретін;
Ахмад	Көптеген мақтаулы сипаттардың иесі;
Мухаммад	Одан кейін басқа пайғамбар болмайтын пайғамбарлардың мөрі.

17) Пайғамбарымыз ﷺ:

Алақандары	Ең жағымды
Иісі	Ең күшті
Отбасына деген қарым-қатынасы	Ең көркем
Мінезі	Ең жақсы
Тақуалығы	Ең жұмсақ

18) Пайғамбарымыз ﷺ:

Аллаһ үшін	Кек алмаған
Тамақты	Берген және алған
Өзі үшін	Алмаған
Садақа	Кек алған
Сыйлық	Сөкпеген

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ БАСШЫЛЫҒЫ



Пайғамбарымыз ﷺ қалай киінген және қалай жеп-ішкен

Оның сүйікті түсі: Пайғамбарымыздың ﷺ сүйікті түсі ақ болған. Пайғамбарымыз ﷺ: ***«Сендердің киімдеріңнің ең жақсы түсі — ақ түс, сондықтан оны өздерің де киіңдер және мәйіттеріңді де (осы түске) кебіндеңдер***», — деген.

Оның киімі: Ол ﷺ қарапайым киім киген. Бұл жүннен, мақтадан немесе зығырдан жасалған киім болатын. Ол киім киюді оң жағынан бастайтын.

Ол ﷺ киімімен өзгелерден ерекшеленбеген: Кейбір сәләфтар былай деген: «Ол не тым қымбат, не тым тозған киім кигенді ұнатпайтын». Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Кімде-кім бұл дүниеде менмендік (даңқтылық) киімін кисе, Аллаһ Тағала Қиямет күні оған қорлық киімін кигізіп, оны Тозаққа тастайды***». Себебі ол өзінің тәкаппарлығы мен даңқтылығын көрсеткісі келді және Аллаһ Тағала оны осы үшін жазалады. Сондай-ақ Ибн Умардың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) сөздерінен Пайғамбарымыздың ﷺ: «***Киімін даңғойлықпен***

сүйреп жүретін адамға Қиямет күні Аллаһ Тағала қарамайды», — дегені жеткізіледі.

Пайғамбарымыздың ﷺ тамақ жеу әдебі

— Ол ﷺ тамақты еденнен (жерге отырып) жейтін;

— Пайғамбарымыз ﷺ тамақты үш саусағымен жейтін;

— Ол ﷺ тамақты жатып (жамбастап) жемеген;

— Пайғамбарымыз ﷺ тамақ жеуді Аллаһ Тағаланың атын атап, «бәсмәла» айтумен бастайтын, ал тамақтан кейін Аллаһқа мақтау айтатын.

— Ол ﷺ тамақ жеп болған соң саусақтарын жалайтын.

Пайғамбарымыздың ﷺ сусын ішу әдебі

— Ол ﷺ көбінесе отырып ішетін және тұрып ішуден тыйған. Алайда отыруға кедергі болатын себеп болса, онда тұрып ішу рұқсат етілген.

— Ол ﷺ егер өзі ішіп болғаннан кейін біреуге су беретін болса, онда оң жағындағы адамға беретін, тіпті сол жағында сыйлы адам болса да.

Пайғамбарымыздың ﷺ үйленуі және әйелдеріне деген қарым-қатынасы

— Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Маған сендердің бұл дүниелеріңнен әйелдер және хош иісті әтірлер сүйікті етілді және намаз көздерімнің салқыны қылынды***».

— Ол ﷺ әйелдерінің арасында түндерді, олармен өткізетін уақытын және оларға қатысты материалдық шығындарды бөліп үлестіретін.

— Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ сапарға шыққысы келгенде әйелдерінің арасында жеребе тастайтын және жеребесі түскен әйелі онымен бірге жолға шығатын. Және ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәллемі болсын) үйлерінде қалған әйелдерінің сапардағы түндерінің орнын толықтырмайтын*».

— Оның ﷺ әйелдеріне деген қарым-қатынасы ең жақсы қарым-қатынас пен мінез-құлықтың көрінісі болатын.

— Ол ансарлардың қыздарын Айша анамызға (Аллаһ оған разы болсын) ойнауға жіберетін. Ал егер оған құрамында жаман ешнәрсе жоқ болған әлдебір ойын ұнаса, ол оны ойнауға тыйым салмаған.

— Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ бірталай рет менің етеккірім келген уақытта тіземе басын қойып жатып, Құран оқитын еді*».

— Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) етеккірі келгенде, Пайғамбарымыз ﷺ оған изар киюді бұйырып, онымен (қосылмай) жақындасатын.

— Пайғамбарымыз ﷺ ораза ұстаған кезде Айша анамызды сүйетін.

— Пайғамбарымыздың ﷺ оған ойнауға рұқсат беруі, ұзақ сапарға шыққанда онымен екі рет жарысып жүгіргені және бірде олар үйден шыққанда онымен ойнап бірін-бірі итерісуі оның мейірімділігі мен көркем мінезінің көрінісі болып табылады.

— Пайғамбарымыз ﷺ ұзақ сапардан түнде қайтып келгенде, әйелдерінің есігін қақпайтын және мұны басқаларға да тыйым салатын.

Пайғамбарымыздың ﷺ ұйықтау және ұйқыдан тұру әдебі

— Пайғамбарымыз ﷺ төсекке жатар кезде: ***«Уа Аллаһ, мен сенің атыңмен тірілемін және өлемін (Бисми-кә Аллаһумма ахия уә-әмут)***», — деп айтатын. Сондай-ақ түнде ұйықтар алдында алақандарын жайып, оларға жай түкіріп, сосын: «**Ол, Аллаһ Жалғыз», — деп айт**» («әл-Ихлас»), «**Таңның Раббысынан пана сұраймын», — де**» («әл-Фәләқ») және «**Адамдардың Раббысынан пана сұраймын», — де**» («ән-Нәс») сүрелерін оқып, содан соң алақандарымен денесінің қолы жететін жерлерін, яғни басынан және бетінен бастап, денесінің алдынғы жағын, сосын қалған жерлерін сипап өтетін. Әрі ол мұны үш рет жасайтын. Сондай-ақ ол ұйқыға жатқанда, оң алақанын оң шекесінің астына қойып, сосын үш рет: ***«Уа Аллаһ, мені құлдарыңды қайта тірілтетін күні азабыңнан сақтай гөр (Аллаһумма қини ғәзәбәкә яума табғасу ғибадакә)***», — деп дұға жасайтын. Пайғамбарымыз ﷺ ұйқыдан оянғанда: «***Бізді өлгеннен кейін тірілткен Аллаһқа бүкіл мақтау болсын (Әлхамду лиЛләһи-лләзи ахиана бәғда мә әмәтана уә иләйһи нушур)***», — деп дұға етіп, сосын мисуакпен тістерін тазалайтын.

— Пайғамбарымыз ﷺ әдетте түннің бірінші бөлігінде ұйықтап, екінші бөлігінде түнгі намаздарды оқитын. Кейде мұсылмандардың істерімен айналысқанда ол түннің бірінші бөлігінде де ұйықтамайтын.

— Пайғамбарымыздың ﷺ көздері ұйықтаған, алайда оны жүрегі ұйықтамайтын.

— Пайғамбарымыз ﷺ ұйықтағанда ол өзі оянбағанға дейін оны ешкім оятпайтын.

— Пайғамбарымыздың ﷺ ұйқысы тым ұзақ та, тым қысқа да емес, орташа болған, әрі бұл — ұйқының ең пайдалы үлгісі.

Пайғамбарымыздың ﷺ адамдармен қарым-қатынасы

— Пайғамбарымыз ﷺ қалжыңдасатын, алайда ол қалжыңдағанда тек шындықты айтатын.

— Пайғамбарымыз ﷺ таурия жасаған, алайда мұндай жағдайда да ол тек шындықты айтатын.

— Пайғамбарымыз ﷺ кеңес беретін және өзі де сахабаларымен кеңесетін.

— Пайғамбарымыз ﷺ ауру-сырқауларды зиярат ететін, жаназа намаздарына қатысатын, шақыруларға жауап беретін, жесірдің, кедей-кепшіктің істерімен жүретін.

— Бірде бір ақынның оған айтқан мақтауын естіген Пайғамбарымыз ﷺ оған алғысын білдіріп, сыйлық берді. Оған айтылған бұл мақтау оған лайықты мақтаудың азғантай ғана бөлігі болатын. Ал одан басқа адамдарға айтылатын мақтауларға келсек, олардың көпшілігі өтірік.

— Ол ﷺ өз аяқ-киімін өз қолымен жөндейтін және киімдерін өзі жамап, тігетін. Ол қой сауатын, үйдегі ыдыс-аяқтарын өзі жамап-жөндейтін, отбасы мүшелеріне және өзіне өзі қызмет жасайтын, мешіт салу үшін өзінің сахабалырымен бірге саз кірпіш таситын еді.

— Кейде Пайғамбарымыз ﷺ аш болғаны соншалық, ішіне тас байлап алатын, ал кейде ол тойып тамақтанатын.

— Пайғамбарымыз ﷺ қонақтарды күтетін және өзі де қонаққа баратын.

— Ол басының ортасына, табанының артқы жағына, арқасының екі жағына, желке жағына және мойынына хижама жасататын.

— Пайғамбарымыз ﷺ ауырған кезде емделетін. Ол өз-өзіне күйдіру жасайтын, алайда мұны оған біреудің жасап беруін сұрамайтын. Ол өзіне дем салатын және басқадан

оған дем салуды сұрамайтын. Және де науқасты оған зиян тигізуі мүмкін нәрселерден сақтандыратын.

— Пайғамбарымыз ﷺ адамдармен қарым-қатынасында ең көркем болған. Біреуден қарыз алса, алғанынан жақсырақ қайтаратын.

Пайғамбарымыздың ﷺ жүру әдебі

Ол ең жылдам жүріске ие еді, бірақ сонымен бірге оның жүрісі әдемі және байсалды болатын.

Ол серіктерінен жылдамырақ жүретін әрі олар оны қуып жетуге тырысатын.

Пайғамбарымыз ﷺ жалаң аяқпен де, аяқ-киіммен де жүретін.

Сондай-ақ оның серіктері оның алдына шығып кететін, ал ол олардың артынан жүретін кездер болатын. Ол серіктерімен бірге жүргенде жалғыз да, олардың тобының ішінде де жүретін.

Пайғамбарымыздың ﷺ Аллаһты зікір етуі

Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһ Тағаланы зікір етуде адамдардың арасындағы ең кемелі болған. Бұдан қалса, оның барлық сөйлеген сөздері Аллаһты зікір ету еді және ол Аллаһ разы болатын сөздерді ғана айтатын. Ол ұйқыдан оянғанда, намаз оқи бастағанда, үйден шыққанда, мешітке кіргенде, таңертең және кешке, киім кигенде, үйге кіргенде, дәретханаға кірген кезде, дәрет алғаннан бұрын және кейін, азан естіген кезде, жаңа айды көргенде, тамақ ішер алдында және тамақ ішкеннен кейін, түшкіргенде Аллаһ Тағаланы зікір ететін.

Адамның тума болмысының (фитра) сүннеттері және осыған ілесетін нәрселер

Бұл сүннеттерді тізбектеу: Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Он нәрсе адамның тума табиғатынан (фитрасынан): мұртты қысқарту, сақалды өсіру, мисуак қолдану, мұрынды сумен шаю, тырнақтарды қысқарту, саусақ буындарын жуу, қолтық асты түгін жұлу, шат түгін қыру және астыны сумен жуу…***». Хадисті жеткізген адам оныншы сүннет жайлы ұмытты.

Оң жақтың артықшылығы: Пайғамбарымыз ﷺ аяқ киім киюді, шашын тарауды, дәрет алуды, бірдеңе алуды немесе беруді оң жақтан бастағанды ұнататын. Ол оң қолын ішіп-жеу, дәрет алу үшін, ал сол қолын әжетін өтеу немесе лас нәрсені тазалау үшін пайдаланатын.

Шашты қыру: Пайғамбарымыз ﷺ шашын қырғанда оны толық қыратын немесе оны толық қалдыратын.

Мисуак қолдану: Пайғамбарымыз ﷺ мисуак қолданғанды жақсы көретін және оны ораза ұстағанда да, ұстамағанда да қолданған, сондай-ақ ұйқыдан оянғанда, дәрет алғанда, намаздың алдында, үйге кірер алдында қолданған және ол үшін Арак ағашы тамырынан алынған таяқшасын пайдаланатын.

Әтір қолдану: Пайғамбарымыз ﷺ көп хош иісті әтірлерді қолданған және оларды ұнатқан.

Мұрт және сақал: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Көпқұдайшылдардан ерекшеленіңдер: сақалдарыңды өсіріңдер және мұрттарыңды қысқартыңдар***».

Шаш пен тырнақты қысқартудың мерзімі: Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ бізге мұрттарымызды қысқартып, тырнақтарымызды қырқып тұру үшін мерзім белгіледі, біз оларды кем дегенде қырық күнде бір рет қысқартатын едік*».

Пайғамбарымыздың ﷺ сөйлеу әдебі

Оның сөйлеуі:

— Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ сендер секілді тез және түсініксіз сөйлемейтін, ол анық және түсінікті сөйлейтін, сондықтан оның қасында отырғандар оның айтқанын естерінде сақтай алатын*».

— Кейде ол, адамдар оның айтқан сөзін толық түсіну үшін, айтқанын үш рет қайталайтын және ол адамдармен сәлемдескенде үш рет сәлемдесетін.

— Ол ﷺ қажетсіз сөйлемеген, ал сөйлесе қысқа және толыққанды сөйлеген.

— Ол ﷺ ешқашан арсыз сөз айтпаған және арсыздық жасамаған, сондай-ақ ол ешқашан айқайламаған.

Пайғамбарымыздың ﷺ сөйлеуі, күлуі, жылауы және адамдарға құтпа айтуы

Пайғамбарымыздың ﷺ күлу әдебі: Пайғамбарымыздың ﷺ бар күлкісі күлімсіреп жымию ғана еді, әрі оның ең қатты күлімсірегенінің белгісі — азу тістерінің көрінуі болған.

Пайғамбарымыздың ﷺ жылауы:

— Пайғамбарымыз ﷺ ешқашан өксіп және дауыстап жыламаған, оның көздерінен жас ағатын және жылаған кезде оның көкірегінен терең күрсінісі ғана естілетін.

— Пайғамбарымыз ﷺ кейде қайтыс болған адамның артынан жылайтын, кейде үмметі үшін аяушылық танытып жылайтын, кейде Аллаһ Тағаладан қорқып, кейде Құран тыңдап жылайтын.

Пайғамбарымыздың ﷺ құтпасы:

— Пайғамбарымыз ﷺ жерге тұрып та, мінберде де, түйенің үстінде отырып та құтпа айтатын.

— Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдарға құтпа айтқан кезде оның көздері қызарып, дауысы қатты шығып, ашуланып, басқаларға жау әскерінің жақындағанын ескертіп жатқан адамға ұқсайтын еді*».

— Пайғамбарымыз ﷺ әр құтпасында Аллаһ Тағаланы мақтап-мадақтайтын.

— Ол ﷺ құтпаны бұған қажеттік болған және ол адамдарға пайдалы болған сайын айтатын.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТЕРІ



Пайғамбарымыз ﷺ бірқұдайшылықпен және кеңпейілділікпен жіберілді: Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «*Пайғамбарымыздың ﷺ бойында бірқұдайшылық пен кеңпейілділік біріккен еді, ал бұл көпқұдайшылықтың және халал нәрсені харам етудің қарама-қайшысы*».

Пайғамбарымыз ﷺ адамдарға да, жындарға да жіберілген еді: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Барлық пайғамбар тек өз қауымына жіберілген еді, ал мен бүкіл адамзатқа жіберілдім***».

Пайғамбарымызға ﷺ түсірілген Кітап пен оның шақыруы: Аллаһ Тағала былай деген:

﴿الٓرۚ كِتَٰبٌ أَنزَلۡنَٰهُ إِلَيۡكَ لِتُخۡرِجَ ٱلنَّاسَ مِنَ ٱلظُّلُمَٰتِ إِلَى ٱلنُّورِ بِإِذۡنِ رَبِّهِمۡ إِلَىٰ صِرَٰطِ ٱلۡعَزِيزِ ٱلۡحَمِيدِ﴾ [إبراهيم: ١]

«**Әлиф Ләм Ра. Бұл Құран сен сол арқылы адамдарды, Аллаһтың рұқсатымен, қараңғылықтан жарыққа, сондай-ақ Үстем әрі Бүкіл мақтауға лайық Аллаһтың жолына шығаруың үшін Біз саған түсірген бір Кітап**» («Ибраһим» сүресі, 1-аят).

Пайғамбарымыздың ﷺ аят-мұғжизалары: Пайғамбарымызға ﷺ берілген ең ұлы мұғжиза — Құран Кәрім болып табылады. Сондай-ақ бұрынғы пайғамбарларға қандай да

бір мұғжиза берілсе, Пайғамбарымызға ﷺ олардан бір бөлік берілген.

Пайғамбарымызға ﷺ деген махаббат иманның белгісі: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Сендерден ешкім мен ол үшін баласынан, әкесінен және жалпы адамдардың барлығынан сүйіктірек болғаныма дейін иман келтірмейді***».

Пайғамбарымызды ﷺ жек көрудің үкімі: Пайғамбарымызды жек көрген адам кәпір болып саналады. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ ٱلْأَبْتَرُ﴾ [الكوثر: ٣]

«**Расында дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады**» («әл-Кәусар» сүресі, 3-аят).

Халил: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, Аллаһ Тағала Ибраһимді Өзінің Халилі (Сүйіктісі) еткендей, мені де Өзінің Халилі (сүйіктісі) етті***».

Пайғамбарымыз ﷺ берік қайраттылыққа ие пайғамбарлардың (Улул-ғазм) бірі:

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَإِذْ أَخَذْنَا مِنَ ٱلنَّبِيِّـۧنَ مِيثَٰقَهُمْ وَمِنكَ وَمِن نُّوحٍ وَإِبْرَٰهِيمَ وَمُوسَىٰ وَعِيسَى ٱبْنِ مَرْيَمَ ۖ وَأَخَذْنَا مِنْهُم مِّيثَٰقًا غَلِيظًا﴾ [الأحزاب: ٧]

«Сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік. Сенен, Нух, Ибраһим, Муса және Мәриям ұлы Исадан берік уәде алған едік» («әл-Ахзаб» сүресі, 7-аят).

Пайғамбарымыздың ﷺ білімі: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Маған келсек, мен сендердің араларыңдағы Аллаһ жайлы ең көп білетіндерің***».

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿قُل لَّآ أَقُولُ لَكُمۡ عِندِي خَزَآئِنُ ٱللَّهِ وَلَآ أَعۡلَمُ ٱلۡغَيۡبَ وَلَآ أَقُولُ لَكُمۡ إِنِّي مَلَكٌۖ إِنۡ أَتَّبِعُ إِلَّا مَا يُوحَىٰٓ إِلَيَّۚ قُلۡ هَلۡ يَسۡتَوِي ٱلۡأَعۡمَىٰ وَٱلۡبَصِيرُۚ أَفَلَا تَتَفَكَّرُونَ﴾ [الأنعام: ٥٠]

«**Жанымда Аллаһтың қазынасы бар демеймін, көместі де білмеймін. Және сендерге періштемін де демеймін. Мен өзіме уахи етілгенге ғана ілесемін. Көзді мен көзсіз тең бе? Ойламайсыңдар ма?», — де**» («әл-Әнғам» сүресі, 50-аят).

Пайғамбарымызға ﷺ бағынған адамның және оған бағынбаған адамның үкімі: Аллаһ Тағала Қасиетті Құранда былай деген:

﴿قُلۡ إِن كُنتُمۡ تُحِبُّونَ ٱللَّهَ فَٱتَّبِعُونِي يُحۡبِبۡكُمُ ٱللَّهُ وَيَغۡفِرۡ لَكُمۡ ذُنُوبَكُمۡۚ وَٱللَّهُ غَفُورٞ رَّحِيمٞ﴾ [آل عمران: ٣١]

«**Оларға: «Егер Аллаһты жақсы көрсеңдер, онда маған ілесіңдер. Сонда Аллаһ сендерді жақсы көріп, күнәларыңды жарылқайды. Өйткені, Аллаһ — аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді», — де**» («Әли-Имран» сүресі, 31-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا تَهِنُواْ وَلَا تَحۡزَنُواْ وَأَنتُمُ ٱلۡأَعۡلَوۡنَ إِن كُنتُم مُّؤۡمِنِينَ﴾ [آل عمران: ١٣٩]

«**Босаңдар да қайғырмаңдар. Егер мүмин болсаңдар, әлбетте үстем боласыңдар**» («Әли-Имран» сүресі, 139-аят).

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Менің үмметімнің мүшелерінен тек өзі бас тартқаннан басқасының барлығы Жәннатқа кіреді***». Сонда адамдар: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Бұдан кім бас тартады?*», — деп сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Маған мойынсұнған адам Жәннатқа кіреді, ал маған мойынсұнбаған адам бас тартқан болады***», — деді.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Менің әміріме қарсы келгенге қорлық пен абыройсыздық болады***».

Пайғамбарымыздың ﷺ үмметі: Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿كُنتُمْ خَيْرَ أُمَّةٍ أُخْرِجَتْ لِلنَّاسِ تَأْمُرُونَ بِٱلْمَعْرُوفِ وَتَنْهَوْنَ عَنِ ٱلْمُنكَرِ وَتُؤْمِنُونَ بِٱللَّهِ ۗ وَلَوْ ءَامَنَ أَهْلُ ٱلْكِتَٰبِ لَكَانَ خَيْرًا لَّهُم ۚ مِّنْهُمُ ٱلْمُؤْمِنُونَ وَأَكْثَرُهُمُ ٱلْفَٰسِقُونَ﴾ [آل عمران: ١١٠]

«**Сендер адам баласы үшін жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыятын, сондай-ақ Аллаһқа иман келтірген ең қайырлы үммет болып шығарылдыңдар. Ал егер Кітап иелері иман келтірсе еді, бұл әлбетте олар үшін жақсы болар еді. Олардан иман келтіргендер де бар және олардың көбі бұзақылар**» («Әли-Имран» сүресі, 110-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Мухаммадтың жаны қолында болған (Аллаһтың) атымен ант етемін, расында, сендер Жәннатқа кіретіндердің жартысы боласыңдар деп үміттенемін***».

Пайғамбарымыздың ﷺ қаласы: Пайғамбарымыздың ﷺ қаласы — Мекке. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ أَوَّلَ بَيْتٍ وُضِعَ لِلنَّاسِ لَلَّذِى بِبَكَّةَ مُبَارَكًا وَهُدًى لِّلْعَٰلَمِينَ ﴿٩٦﴾ فِيهِ ءَايَٰتٌۢ بَيِّنَٰتٌ مَّقَامُ إِبْرَٰهِيمَ ۖ وَمَن دَخَلَهُۥ كَانَ ءَامِنًا ۗ وَلِلَّهِ عَلَى ٱلنَّاسِ حِجُّ ٱلْبَيْتِ مَنِ ٱسْتَطَاعَ إِلَيْهِ سَبِيلًا ۚ وَمَن كَفَرَ فَإِنَّ ٱللَّهَ غَنِىٌّ عَنِ ٱلْعَٰلَمِينَ﴾ [آل عمران: ٩٦-٩٧]

«**Негізінен адам баласы үшін Меккеде алғаш құрылған үй (Қағба) бүкіл әлемге мүбәрак және әлемдер үшін тура жол. Онда ашық аят-белгілер, Ибраһимнің орны бар. Сондай-ақ кім оған кірсе, аман болады. Оның жолы-**

на шамасы келген кісілер, Аллаһ үшін Қағбаны зиярат етуі (қажылық жасауы) керек. Ал кім күпірлік етсе, онда Аллаһ бүкіл әлемдерден бай» («Әли-Имран» сүресі, 96–97-аяттар).

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, Аллаһ Тағала бұл қаланы көктер мен жерлерді жаратқан күні қасиетті етті және ол Қиямет күніне дейін қасиетті болып қала береді***».

Мекке Қиямет күніне дейін мұсылмандардың қаласы болады. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Мекке ашылғаныннан кейін хижра жоқ***».

Пайғамбарымыздың ﷺ қыбыласы: Оның қыбыласы — Қағба болып табылады. Қағба қыбыла болмай тұрып, Пайғамбарымыз ﷺ әл-Ақса мешітінің бағытына қарап намаз оқыған.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قَدْ نَرَىٰ تَقَلُّبَ وَجْهِكَ فِي ٱلسَّمَآءِ ۖ فَلَنُوَلِّيَنَّكَ قِبْلَةً تَرْضَىٰهَا ۚ فَوَلِّ وَجْهَكَ شَطْرَ ٱلْمَسْجِدِ ٱلْحَرَامِ ۚ وَحَيْثُ مَا كُنتُمْ فَوَلُّوا۟ وُجُوهَكُمْ شَطْرَهُۥ ۗ﴾ [البقرة: ١٤٤]

«**Жүзіңнің көкке (жиі) жөнелгенін көреміз. Сондықтан сені өзің разы болған қыбылаға бұрамыз. Ендеше жүзіңді «Мәсжид әл-Харам» жаққа бұр. Әрі қай жерде болсаңдар да, жүздеріңді сол жаққа жөнелтіңдер**» («әл-Бақара» сүресі, 144-аят).

Ал Меккедегі әл-Харам мешіті — жер бетінде іргетасы қаланған ең алғашқы мешіт. Абу Зарр (Аллаһ оған разы болсын): «*Мен Аллаһ Елшісінен ﷺ жер бетіндегі ең алғашқы мешіт қай мешіт екенін сұрадым, ол: «**Әл-Харам мешіті**», — деп жауап берді*», — деген.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ: «***Кімде-кім бұл үйге бейпілдік сөздерін айтпай әрі күнәлі және лайықсыз істер жасамай жолға шықса, сол (өз үйіне) анасы оны босанған кездегідей (күнәсіз) қайтады***», — деген.

Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Меккедегі әл-Харам мешітіндегі намаз жүз мың намазға тең, менің мешітімдегі намаз мың намазға, ал әл-Құдс мешітіндегі намаз бес жүз намазға тең***».

Пайғамбарымыз ﷺ тағы былай деген: «***Үш мешіттен басқа ешқайда (арнайы) сапарға шығуға болмайды, (олар): (Меккедегі) әл-Харам мешіті, (Мәдинадағы) менің мешітім және (Иерусалим — Құдстағы) әл-Ақса мешіті***».

Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Әжеттеріңді өтеген кезде Қыбылаға алдыларыңмен де, арттарыңмен де қарамаңдар, алайда (қыбыладан) шығысқа немесе батысқа қарап тұрыңдар***».

ОНЫҢ ﷺ АҒАЙЫН-ТУЫСТАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІ



Пайғамбарымыздың ﷺ жеті баласы: үш ұлы және төрт қызы — болған, олар:

— Әл-Қасим, Пайғамбарымыздың ﷺ куниясы (Әбул-Қасим) осы ұлының атымен байланысты болған;

— Зәйнаб (Аллаһ оған разы болсын);

— Руқайя (Аллаһ оған разы болсын);

— Умм Кулсум (Аллаһ оған разы болсын);

— Фатима (Аллаһ оған разы болсын);

— Абдуллаһ, оны сондай-ақ ат-Тайиб және ат-Тахир деп атайтын.

— Ибраһим. Оны Мәрия атты коптық күң туған. Пайғамбарымыздың ﷺ басқа балалары оның әйелі Хадижа анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) болған және оның басқа әйелдерінен балалары болмаған.

Пайғамбарымыздан ﷺ кейін алты айдан соң қайтыс болған Фатимадан басқа оның барлық балалары көзі тірісінде қайтыс болған. Аллаһ Тағала Фатиманың (Аллаһ оған разы болсын) сабырлығы мен Аллаһтың сауабына үміт еткендігі үшін оның дәрежесін жоғарылатқаны соншалық, ол Пайғамбарымыздың ﷺ қыздарының да ең жақсысы әрі жалпы әйелдердің де ең жақсысы болып саналады.

Оның барлық қыздары оның пайғамбарлық міндеті басталуына дейін өмір сүріп, Исламды қабылдап, онымен бірге Мәдинаға хижра жасады.

Пайғамбарымыздың ﷺ он бір көкесі болған:

— Шәһидтердің мырзасы — Хамза (Аллаһ оған разы болсын);
— Әл-Аббас (Аллаһ оған разы болсын);
— Әбу Талиб, оның есімі Абду-Манаф болған;
— Әбу Ләхаб, оның аты Абд әл-Узза болған;
— Әз-Зубайр;
— Абд әл-Қағба;
— Әл-Муқауим;
— Дирар;
— Қусам;
— Әл-Муғира, оны Хәжл деп атайтын;
— Әл-Ғайдақ, оның аты Мусғаб болған.

Оның көкелерінен Исламды тек Хамза мен әл-Аббас қабылдаған (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын).

Пайғамбарымыздың ﷺ алты апасы:

— Софийя, ол — Зубайр ибн әл-Аууамның анасы;
— Умм Хаким әл-Байда;
— Ғатика;
— Барра;
— Аруа;
— Умайма.

Пайғамбарымыздың ﷺ он бір әйелі, олардың есімдері есте сақтауға жеңіл ретпен берілген:

حجز

(ح – Х) — Хафса бинт Умар ибн әл-Хаттаб;
(ـجـ – Ж) — Жуайрия бинт Харис;
(ـز – З) — Зәйнаб бинт Жәхш және Зәйнаб бинт Хузайма.

صخرٌ

(ـصـ – С) — Софийя бинт Хуяй ибн Ахтаб;
(ـخـ – Х) — Хадижа бинт Хуайлид;
(ـر – Р) — Умм Хабиба Рамля бинт Абу Суфиян.

سمعه

(سـ – С) — Сауда бинт Замға;
(مـ – М) — Маймуна бинт Харис;
(عـ – Айн) — Айша бинт Абу Бакр;
(هـ – Х) — Умм Сәләма Хинд бинт Абу Умайя.

Хадижа (Аллаһ оған разы болсын): Пайғамбарымыздың ﷺ бірінші әйелі Хадижа бинт Хуайлид әл-Қурашия әл-Асадия болған (Аллаһ оған разы болсын). Ол ﷺ оған пайғамбарлық миссиясы басталмай тұрып үйленген еді және сол кезде Хадижа анамыз қырық жаста болатын. Хадижаның көзі тірісінде Пайғамбарымыз ﷺ басқа әйелдерге үйленбеген. Пайғамбарымыздың ﷺ Ибраһимнен басқа балаларының барлығы Хадижа анамыздан болған. Ол оның пайғамбарлық жолында көмектесіп, онымен ерекше күш-жігер жұмсады және оны іс-амалдарымен және мал-мүлкімен қолдады. Ал Аллаһ Тағала оған Жәбірейіл періште арқылы сәлем жолдады, мұндай құрмет басқа әйелге көрсетілгені белгісіз. Ол Пайғамбарымыздың ﷺ Мәдинаға көшкеніне дейін үш жыл бұрын қайтыс болды.

Сауда (Аллаһ оған разы болсын): Пайғамбарымыздың ﷺ бірінші әйелі Хадижа (Аллаһ оған разы болсын) қайтыс болғаннан кейін бірнеше күн өткен соң ол Сауда бинт Замға әл-Қурашияға (Аллаһ оған разы болсын) үйленді. Ол Айша анамызға (Аллаһ оған разы болсын) өзінің күндерін сыйлаған әйелі еді.

Айша (Аллаһ оған разы болсын): Сауда анамыздан кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын) өзінің сүйіктісі болған, зинадан пәк екені жеті көктен хабарланған әс-Сыддықтың қызы шыншыл Умм Абдилләһ Айшаға үйленді. Пайғамбарымызға ﷺ ол Айша анамызға үйленбес бұрын түсінде екі рет жібектің бетінде оның бейнесі көрсетілді және періштелер: «*Бұл сенің әйелің!*» — деді. Пайғамбарымыз ﷺ оған шәууәл айында үйленді, сол кезде ол алты жаста еді. Айша анамыз Пайғамбарымыз-

мен ﷺ тоғыз жасында, хижра жыл санауы бойынша бірінші жылы тұрмыс құра бастады. Оның әйелдерінен тек ол ғана Пайғамбарымызға ﷺ үйленгенде қыз болған және Пайғамбарымыз ﷺ оның төсегінде жатқанда оған уахи түсетін кездер болған, ал ол басқа әйелдерімен болғанда мұндай болмайтын. Ол Пайғамбарымыз ﷺ үшін жаратылыстардың ішіндегі ең сүйіктісі болған. Және ол жоғарыдан (Аллаһ тарапынан) зинаға қатыссыз екені туралы аят түсіп, ақталған. Ислам қауымы оны зина жасады деп айыптаған кез-келген адам кәпір болатынына бірауыздан келіскен. Ол әйелдердің арасындағы иман мәселесінде ең білімдісі және ең жақсы түсінік иесі болған. Пайғамбарымыздың ﷺ ең құрметті сахабалары да оған сұрақ қойып немесе оның сөздеріне жүгінетін болған.

Хафса (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Пайғамбарымыз ﷺ Хафса бинт Умар ибн әл-Хаттабқа үйленді (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын). Бұдан бұрын Хафса өзінің бірінші күйеуі Хунайс ибн Хузафа әс-Сахмимен (Аллаһ оған разы болсын) бірге Исламды қабылдап, Мәдинаға хижра жасаған еді. Хунайс ибн Хузафа әс-Сахми Ухуд шайқасынан кейін шамалы уақыт өткен соң қайтыс болды, сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ Хафсаға үйленді.

Зәйнаб бинт Хузайма (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Пайғамбарымыз ﷺ бану Хиләл бин Амир тайпасынан болған Зәйнаб бинт Хузайма ибн әл-Харис әл-Қайсияға (Аллаһ оған разы болсын) үйленді. Ол Аллаһтың Елшісі ﷺ тірі кезінде, үйленгеннен екі ай өткеннен кейін қайтыс болды. Ол «кедейлердің анасы» (умм әл-масакин) деп аталған әйел еді.

Умм Сәләма (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Пайғамбарымыз ﷺ Умм Сәләма Хинд бинт Абу Умайя әл-Қурашия әл-Махзумияға (Аллаһ оған разы болсын) үйленді. Оның әкесінің аты Абу Умайя болған. Ол Аллаһ Елшісінің ﷺ әйелдерінің арасында ең ұзақ өмір сүріп, хижра бойынша 62-ші жылы қайтыс болды.

Жуайрия (Аллаһ оған разы болсын): Жуайрия бинт әл-Харис ибн Абу Дирар әл-Мусталиқия (Аллаһ оған разы болсын) бану Мусталиқ тайпасына қарсы жорықта тұтқынға түскендердің бірі болған. Содан кейін ол тұтқыннан құтылуға көмектесуін өтініп, Аллаһ Елшісіне ﷺ жүгінді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оның ақысын төлеп, кейін оған үйленді.

Зәйнаб бинт Жәхш (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ бану Асад ибн Хузайма тайпасынан болған Зәйнаб бинт Жәхшқа үйленді. Ол Пайғамбарымыздың ﷺ апасы Умайманың қызы болатын. Ол жайлы Құранның мына аяты түсірілген:

﴿فَلَمَّا قَضَىٰ زَيْدٌ مِّنْهَا وَطَرًا زَوَّجْنَٰكَهَا لِكَيْ لَا يَكُونَ عَلَى ٱلْمُؤْمِنِينَ حَرَجٌ فِىٓ أَزْوَٰجِ أَدْعِيَآئِهِمْ إِذَا قَضَوْا۟ مِنْهُنَّ وَطَرًا﴾ [الأحزاب: ٣٧]

«Зәйд оған қатысты қалауын қанағаттырған (ажыраған) соң, біз оны саған некелендірдік» («әл-Әхзаб» сүресі, 37-аят).

Зәйнаб Пайғамбарымыздың ﷺ әйелдерінің арасында мұны мақтан тұтып: «***Сендерді отбасыларың үйлендірді, ал мені Аллаһтың Өзі жеті көктің биігінен үйлендірді***», — деп айтушы еді.

Оның ерекшеліктерінен — ол Аллаһтың Елшісіне ﷺ тұрмысқа шыққанда, оның уәлиі Аллаһ Тағаланың Өзі болып, оны жеті көк биігінен күйеуге берген. Ол Умар ибн әл-Хаттабтың билігінің басында қайтыс болды. Ол алғашында Аллаһтың Елшісі ﷺ асырап алған Зәйд ибн Харисаға (Аллаһ оған разы болсын) үйленген еді. Зәйд онымен ажырасқанда, Аллаһ Тағала оны, бұл асырап алынған баланың бұрынғы әйелімен некеге тұрудың рұқсат екенінің үлгісі болуы үшін, Өз Елшісіне үйлендірді.

Умм Хабиба (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ Умм Хабибаға үйленді. Оның аты Рамля бинт Абу Суфиян ибн Харб әл-Қурайшия әл-Асадия болған. Пайғамбарымыз ﷺ оған ол Эфиопия жерінде иманын сақтау үшін хижрада болған кезде үйленген. Эфиопия патшасы

Нажаши оған Аллаһ Елшісінің ﷺ атынан 400 динар неке сыйлығын төлеген, кейін ол Аллаһтың Елшісіне ﷺ әкелінді. Ол ағасы Муғауияның (Аллаһ оған разы болсын) билігі уақытында қайтыс болды.

Софийя (Аллаһ оған разы болсын): Пайғамбарымыз ﷺ сондай-ақ Софийя бинт Хуяй ибн Ахтабқа үйленген. Ол Бану Надир тайпасының басшысының қызы болған, ал ол Муса пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бауыры Харун ибн Имранның ұрпағынан еді. Софийя анамыз (Аллаһ оған разы болсын) пайғамбарлардың ұрпағынан еді және Пайғамбарымыздың ﷺ әйелі болған. Ол оның әйелдерінің ішіндегі ең әдемісі болған. Ол Аллаһтың Елшісінің ﷺ алдына тұтқын ретінде түсіп, оның күңі болды. Пайғамбарымыз ﷺ оны босатып, оның бостандығын оған неке сыйлығы етті және бұл сүннеттердің біріне айналды.

Маймуна (Аллаһ оған разы болсын): Кейін Пайғамбарымыз ﷺ Маймуна бинт әл-Харис әл-Хиләлияға (Аллаһ оған разы болсын) үйленді. Ол Пайғамбарымыздың ﷺ соңғы әйелі еді. Пайғамбарымыз ﷺ оған қаза умрасын (умра әл-қадо) жасағаннан кейін, ихрам хәлінен шығып үйленген.

Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болған кезде оның тоғыз әйелі болғандығында күмән жоқ. Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін оның әйелдерінен бірінші болып, хижра жыл санауы бойынша 20-шы жылы Зәйнаб бинт Жәхш қайтыс болған. Ал соңғы болып, хижра жыл санауы бойынша 62-шы жылы, Язид ибн Муғауияның билігі кезінде Умм Сәләма (Аллаһ оған разы болсын) қайтыс болды.

ЕКІНШІ ЕМТИХАН

1) Пайғамбарымыз ﷺ киім киюді оң жағынан бастайтын.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

2) Пайғамбарымыз ﷺ көбінесе жерге жайылған дастарханнан тамақтанатын.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

3) Пайғамбарымыз ﷺ ұзақ сапардан түнде қайтқанда, әйелдерінің есігін қақпаған және мұны басқаларға тыйым салған.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

4) Кейде Пайғамбарымыз ﷺ аштық себебінен ішіне тас байлайтын, ал кейде тойып тамақтанатын.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

5) Пайғамбарымыз ﷺ ауырған кезде емделетін. Ол өз-өзіне күйдіру жасайтын, бірақ бұны ешкімнен сұрамайтын. Ол өзіне дем салатын, бірақ ешкімнен өзіне дем салуды сұрамайтын.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

6) Ол ﷺ уәс-уәстарға ұшыраған адамдар жасайтын әрекеттердің ешқайсысын істемейтін. Мысалы, ол несепті мүшесін қолымен сілкіп шығармайтын, әжетін өтегеннен кейін жөтелмейтін және секірмейтін, несеп шығу жолына мақта салмайтын, оны әрдайым сумен жуа бермейтін, іш киімінің ішін мезгілмезгіл тексермейтін және уәс-уәстарға ұшыраған адамдар секілді осыған ұқсас әрекеттерді жасамайтын.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

7) Ол көпқұдайшылыққа қайшы келетін таухидпен және халал нәрселерді харам етуге қарама-қайшы келетін кеңпейілділікпен жіберілген.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

8) Оның жеті баласы, яғни төрт ұлы мен үш қызы болған.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

9) Оның балаларының барлығы Хадижа анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) туылған және оның басқа әйелдерінен балалары болмаған.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

10) Оның балаларының барлығы ол ﷺ тірі кезінде қайтыс болған.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

11) Ол ﷺ қайтыс болған кезде оның тоғыз әйелі болғандығында еш күмән жоқ. Олар: Айша, Хафса, Зәйнаб ибн Жәһш, Умм Сәләма, София, Умм Хабиба, Маймуна, Сауда және Жуайрия.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

12) Аллаһ Тағала Жәбірейіл періште арқылы Хадижа анамызға (Аллаһ оған разы болсын) сәлем жолдады және Аллаһтың Пайғамбарымыздың ﷺ басқа әйелдеріне сәлем жолдағаны белгісіз.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

13) Пайғамбарымыздың ﷺ сүйікті түсі:

☐ Ақ;

☐ Қара;

☐ Кез-келген қолжетімді түс.

14) Оның ﷺ киімі неден болған?

☐ Жүннен;

☐ Мақтадан немесе зығырдан;

☐ Ол қолжетімді болған киім киген;

☐ Бірінші және екінші жауаптар дұрыс.

15) Пайғамбарымыздың ﷺ киімі қандай болған?

☐ Қымбат болған;

☐ Пайғамбарымыздың ﷺ қарапайымдылығына байланысты ең арзан болған;

☐ Орташа болған.

16) Пайғамбарымыз ﷺ «БисмиЛләһ» («Аллаһтың атымен») сөздерін қай кезде айтатын?

☐ Тамақтың басында;

☐ Тамақтың соңында;

☐ Тамақтың басында және соңында.

17) Пайғамбарымыз ﷺ суды қалай ішкен?

☐ Отырып;

☐ Тұрып;

☐ Екі жауап та дұрыс.

18) Пайғамбарымыз ﷺ: ***«Маған сендердің осы дуниелеріңнен мына нәрселер сүйікті етілді***», — деп айтқанда, не нәрселерді меңзеген?

☐ Әйелдерді;

☐ Хош иісті әтірлерді;

☐ Екі жауап та дұрыс.

19) Пайғамбарымыз ﷺ: «…***менің көздерімнің салқыны етілді***», — деп айтқанда нені меңзеген?

☐ Жәннатты;

☐ Намазды;

☐ Екі жауап та дұрыс.

20) Пайғамбарымыздың ﷺ әйелдеріне деген қарым-қатынасы:

☐ Ең жақсы қарым-қатынастың көрінісі;

☐ Ең жақсы мінездің көрінісі;

☐ Екі жауап та дұрыс.

21) Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Пайғамбарымыз ﷺ бізге мұрттарымызды қысқартып, тырнақтарымызды қырқып тұру үшін мерзім белгіледі, біз оларды кем дегенде… күнде бір рет қысқарту керекпіз*». Хадисте қанша күн айтылған?

☐ Отыз күн;
☐ Қырық күн;
☐ Елу күн.

22) Пайғамбарымыз ﷺ шашын қырғанда:
☐ шашының бір бөлігін қырып, бір бөлігін қалдыратын;
☐ шашын не толық қыратын, не толық қалдыратын.

23) Пайғамбарымыз ﷺ мисуак қолдануды ұнатқан және оны:
☐ Ораза ұстағанда қолданатын;
☐ Ораза ұстамағанда қолданатын;
☐ Екі жауап та дұрыс.

24) Оның ﷺ күлкісі:
☐ Әрдайым жәй ғана күлімдеу болған;
☐ Көбінесе жәй ғана күлімдеу болған.

25) Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды ﷺ:
☐ Барлық адамдарға;
☐ Барлық адамдар мен жындарға жіберген.

26) Оның ең жақсы қыздары:
☐ Барлық қыздары;
☐ Фатима;
☐ Зәйнаб.

27) Пайғамбарымызға ﷺ уахи тек ол бір әйелінің қасында болғанда ғана жіберілген. Бұл:
☐ Хафса;
☐ Умм Сәләма;
☐ Айша (Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын).

28) Сөйлемдегі бос орындарды жақшадағы тиісті сөздермен толтыр.
Пайғамбарымыз _____ жаназаға _____, шақыруға _____, жесірлердің, мұқтаждардың тірліктерімен _____, науқастарды _____ .
(ﷺ, зиярат ететін, қатысатын, жауап беретін, жүретін)

29) Пайғамбарымыздың ﷺ амалдарын жалғастыр:

Ол қой _____, мешіт соғу үшін саз кірпіштерді _____, киімін _____, аяқ-киімін _____, өзіне және отбасына _____.

(жөндейтін — жамайтын — сауатын — қызмет жасайтын — тасыды).

30) Адамның табиғатына қатысты сүннеттер:

— Тырнақтарды _____;

— Қолтық асты түгін _____;

— Шат түгін _____;

— Сақалды _____;

— Мұртты _____.

31) Пайғамбарымыздың ﷺ тамаққа қатысты әдебі қандай еді?

— Ол жоқ тамақ жайлы _____;

— Егер оған тамақ ұнамаса, ол _____;

— Егер тамақ ұнаса, ол оны _____;

— Ол бар тамақты _____.

(ойламаған — оған тыйым салмай, қалдырған — жеген — қайтармаған)

32) Пайғамбарымыз ﷺ қанша саусақпен жеген? _____.

Пайғамбарымыз ﷺ саусақтарын қай уақытта жалайтын? _____.

Тамақты қалай жеу керек?

☐ Барынша әдепті әрі асты құрметтеп;

☐ Ұқыпсыз әрі құрметсіз түрде.

33) Тәкаппар адам тамақты қанша саусақпен жейді?

☐ Бір саусақпен;

☐ Бес саусақпен.

34) Тойымсыз адам тамақты қанша саусақпен жейді?

☐ Бес саусақпен;

☐ Бір саусақпен.

ЕКІНШІ ТАРАУ

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ӨМІРБАЯНЫ



Пайғамбарымыздың ﷺ туылуы: Ол Мекке қаласында піл оқиғасымен танылған жылы туылған. Пайғамбарымыз ﷺ хижрадан 53 жыл бұрын, рабиғ әл-әууәл айының дүйсенбі күнінде дүниеге келген, бұл грегориан жыл санауы бойыншы 571-жыл. Пілмен орын алған оқиға, яғни Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ Тағаланың оны тоқтатуы, болашақ пайғамбар мен оның отбасына деген сый сияқты болды.

Пайғамбарымыздың ﷺ әкесі — АбдуЛлаһ ибн Абд әл-Мутталиб. Аллаһ Елшісінің ﷺ әкесі ол анасының жатырында болған кезде қайтыс болды, сондықтан да Пайғамбарымыз ﷺ жетім болып туылды.

Пайғамбарымыздың ﷺ анасы — Амина бинт Уахб бану Зухра тайпасынан болған. Пайғамбарымыздың ﷺ анасы ол жеті жасқа толмай қайтыс болды.

Пайғамбарымыздың ﷺ қамқоршылары: Анасы қайтыс болғаннан кейін Пайғамбарымызды ﷺ өзінің қамқорлығына атасы Абд әл-Мутталиб алды. Болашақ Аллаһ Елшісі сегіз жасында болғанда, оның атасы да қайтыс болды. Кейін оны көкесі Абу Талиб асырай бастады, оның аты — Абд Манаф еді.

Пайғамбарымызды ﷺ емізген сүт аналары:

Суайба: Ол Абу Ләхәбтың азат етілген күңі болған. Ол өз ұлы Масрухты емізген кезде болашақ пайғамбармен бірге Абу Сәләма АбдуЛлаһ ибн Абд әл-Асад әл-Махзумиді де (Аллаһ оған разы болсын) емізген еді. Олармен бірге ол Пайғамбарымыздың ﷺ көкесі Хамза ибн Абд әл-Мутталибті де (Аллаһ оған разы болсын) емізді.

Халима әс-Сағидия: Ол Пайғамбарымызды ﷺ Унайс және Жузаманың (ол кезде оның аты әш-Шәйма болған) бауыры болған өзінің ұлы АбдуЛлаһты емізген кезде емізетін. Олар әл-Харис ибн абд әл-Узза ибн Рифағ әс-Сағдидің ұлдары болған. Сондай-ақ ол сол кезде Пайғамбарымыздың ﷺ көкесінің баласы — Абу Суфиян ибн әл-Хариса ибн әл-Мутталибті де емізген.

Пайғамбарымызды ﷺ кішкентайында күтіп-қараған әйелдер:

— Оның анасы **Амина**;

— Абу Ләхабтың азат етілген күңі **Суайба**;

— **Халима** бинт Абу Зуайб әс-Сағдия.

— **Әш-Шәйма:** Ол Халима әс-Сағдияның қызы мен Пайғамбарымыздың ﷺ сүт әпкесі болған. Содан кейін ол Хауазин тайпасынан келген делегация құрамында Пайғамбарымызға ﷺ келді, ол оған ерекше құрмет көрсетіп, ол үшін шапанын жайды.

— **Умм Айман** — Барака әл-Хабашия, Пайғамбарымыз ﷺ оны әкесінен мирас етіп алды, ол Пайғамбарымыздың ﷺ анасын босандырды. Пайғамбарымыз ﷺ оны өзінің баласындай сүйікті көрген адамы Зәйд ибн Харисаға үйлендірді және ол Усама ибн Зәйдті дүниеге әкелді (Аллаһ олардың барлығына разы болсын).

Аллаһтың Елшісі ﷺ қайтыс болғаннан кейін Абу Бакр мен Умар оны зиярат етіп баратын еді. Бірде олар оған келгенде, Умм Айман жылай бастады. Сонда олар: «*Сен неге жылап жатырсың? Аллаһтың құзырындағы нәрселердің Аллаһ Елшісі үшін (бұл дүниеден) қайырлы екенін білмейсің*

бе?», — деп сұрады. Ол: «*Расында, мен Аллаһтағы нәрсе Аллаһ Елшісі үшін жақсырақ екендігін білмейтіндігімнен емес, алайда көктен түсетін уахилар тоқтағандықтан жылап отырмын!*», — деді. Бұл оларға қатты әсер еткені соншалық, олар да онымен бірге жылай бастады.

Пайғамбарымыздың ﷺ кәсібі: Болашақ Пайғамбардың қой бағуы оның әлсіздерге ерекше шыдамдылықпен және жанашырлықпен қамқорлық жасауына себеп болды. Пайғамбарымыз ﷺ: «***Аллаһ (адамдарға) қандай пайғамбар жіберсе, ол міндетті түрде қой бағатын***», — деген. Оның сахабалары: «Сіз де ме?» — деп сұрағанда, ол: «***Иә, мен оларды меккеліктер үшін бірнеше карат (яғни аз ғана ақы үшін) бақтым***», — деп жауап берді.

Пайғамбардың ﷺ саудагерлікпен айналысуы және үйленуі: Пайғамбарымыз 25 жасқа толғанда Шамға сауда істерімен аттанды. Ол (қазіргі Сирияның оңтүстігіндегі) Басра қаласына жетіп, қайта оралды. Қайтып келгеннен кейін Пайғамбарымыз ﷺ Хадижа бинт Хуайлидке үйленді, ол (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ бірінші әйелі болды.

Қағбаны қайта соғу: Пайғамбарымыз ﷺ отыз бес жасында болғанда, Қағбаның қабырғалары селден, ал одан біршама уақыт бұрын өрттен қатты зақымдалған болатын. Құрайыштықтар Қағбаны қайта салуды ұйғарып, әр тайпаға оның ғимаратынан тиісті бөлігін берді. Қара тасты орнына қайта қою реті келгенде, оны өз орнына кім орнататыны туралы келіспеушілік туындап, бұл туралы дау төрт-бес күн жалғасты. Содан кейін олар өздерінің дауларын Қағба аласының қақпасынан бірінші кіретін адам шешеді деп келісті. Ал бұл адам Мухаммад Пайғамбар ﷺ болып шықты және олар оған бұл дауды шешуді тапсырды. Ол шапан сұрады, содан соң оның үстіне Қара тасты қойып, кейін әр рудың өкіліне шапанның шетінен ұстап алып жүруді бұйырды. Қара тас Қағбаға әкелінгенде Мухаммад Пайғамбар ﷺ оны өз қолымен орнына қойды.

Қазіргі кезде Қара тас тауаф жасалатын орынның деңгейінен бір жарым метрге көтеріліп тұр. Қағбаның есігіне келсек, құрайштықтар оны өздері кіруге рұқсат бергендер ғана кіре алатындай етіп екі метрдей биіктікке көтерді.

Қағбаның қабырғалары бұрынғысынан екі есе биік болып, он сегіз шынтаққа көтерілді. Ғибадатхананың ішіне алты бағана екі қатар етіп орнатылып, он бес шынтақ биіктікке көтерілді, ал бұрын Қағбаның бағаналары да, тірегі де болмаған еді.

Пайғамбарымыздың ﷺ оңашалана бастауы: Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Кейін оған оңашалану ұнатыла бастады. Ол Хира тауындағы үңгірде оңашаланып, онда ізгі істер жасайтын, яғни көптеген түндер бойы Аллаһ Тағалаға құлшылық ететін*». Және оның бойында өз халқының пұттары мен сенімдеріне қатысты жиіркеніш пайда болды және бұл оған ең жиіркенішті нәрсе болды.

УАХИДІҢ ТҮСЕ БАСТАУЫ



Пайғамбарымыз ﷺ қырық жасқа келгенде оған Аллаһтан уахи түсе бастады. Аллаһ Тағала оған өзінің хабарын дүйсенбі күні түсіре бастады.

Оның ﷺ пайғамбарлық миссиясы

Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені хабарланады:

— *Аллаһтың Елшісіне ﷺ уахидің түсуі ізгі, шыншыл түстер көруден басталды және ол таң арайындай келген аяндардан басқа ештеңе көрмеген. Сосын оның бойында оңашалануға деген сүйіспеншілік пайда болды және ол жиі Хира тауындағы үңгірге барып, сол жерде салиқалы амалдармен айналысатын еді. Бұл көптеген түндер бойы, ол отбасына қайтқысы келген уақытқа дейін Аллаһ Тағалаға құлшылық етумен көрініс тапқан. Әдетте ол өзімен бірге керек-жарақтарды алатын, содан кейін Хадижа анамызға қайтып, тағы да осындай оңашалану үшін қажет нәрсенің бәрін алып қайтатын. (Бұл жағдай) Хира үңгірінде оған ақиқат ашылғанға дейін жалғасты. Әрі оған періште келіп: «Оқы!» — деді. Пайғамбарымыз ﷺ: «**Мен оқуды білмеймін!**» — деп жауап берді.*

Пайғамбарымыз ﷺ былай баяндаған: «***Сосын ол мені алып, қысқаны соншалық, мен қатты қиналып кеттім, содан кейін ол мені жіберіп: «Оқы!» — деді. Мен: «Мен оқи алмаймын!», — деп жауап бердім. Содан кейін ол мені екінші рет қысты, сонда мен (қайтадан) қиналу шегіне жеттім, сосын ол мені босатып: «Оқы!», — деді және мен (тағы да): «Мен оқи алмаймын!» — дедім. Сосын ол мені үшінші рет қысты да, кейін босатып:***

﴿ٱقۡرَأۡ بِٱسۡمِ رَبِّكَ ٱلَّذِي خَلَقَ ۝١ خَلَقَ ٱلۡإِنسَٰنَ مِنۡ عَلَقٍ ۝٢ ٱقۡرَأۡ وَرَبُّكَ ٱلۡأَكۡرَمُ ۝٣﴾ [العلق: ١-٣]

«**Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса Ардақты**», ***— деді».*** («әл-Ғәлақ» сүресі, 1–3-аяттар).

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған:

— Сонда жүрегі (қорқыныштан) дірілдеген Аллаһтың Елшісі ﷺ үйіне оралып, Хадижа бинт Хуайлидке (Аллаһ оған разы болсын) келіп: «***Менің үстімді жабыңдар, менің үстімді жабыңдар!***» — деді. Содан кейін олар оның үстін жапты, және ол бұл хәлде қорқынышы кеткенше болды. Кейін Пайғамбарымыз ﷺ Хадижа анамызға өзімен орын алған нәрсенің барлығын айтып беріп: «***Мен өзім үшін қорықтым***!», — деді. Хадижа анамыз: «*Жоқ, жоқ! Аллаһтың атымен ант етемін. Аллаһ Тағала сені ешқашан ұятқа қалдырмайды, өйткені сен туысқандармен қарым-қатынасты үзбей ұстайсың, (әлсіздердің) ауыртпалықтарын көтеруге көмектесіп, мұқтаждарды қамтамасыз етесің, адамдарға қонақжайлық көрсетіп, оларға тағдырдың қиыншылықтарын көтеруге көмектесесің!*», — деп жауап берді.

Осыдан кейін Хадижа онымен бірге үйден шығып, оны немере ағасы Уарақа бин Нәуфал бин Асад бин Абд әл-Уззаға әкелді. Ол Исламға дейінгі надандық дәуірінде христиан дінін қабылдаған, өз яһудилердің жазуын танып пайдалана-

тын және Інжілден Аллаһ қалаған нәрселерді көшірген адам болатын. Әрі сол кезде ол өте кәрі әрі зағип болатын. Хадижа оған: «*Әй көкемнің ұлы! Жиеніңнің сөзін тыңдашы!*» — деді. Уарақа одан: «Әй жиен, не көрдің?» деп сұрады. Аллаһтың Елшісі ﷺ көргенін айтып берді. Сонда Уарақа: «*Бұл — Аллаһ Муса пайғамбарға жіберген періште! Осы күндері мен жас болып, халқың сені қуып жіберетін уақытты көретін болсам еді!*», — деді. Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Олар мені қуып жібере ме?***» — деп сұрады. Уарақа былай деп жауап берді: «*Иә, адамдарға сен әкелген нәрсеге ұқсас бірдеңе әкелген адам келген сайын, олар онымен соғысатын, бірақ мен сол күнге дейін өмір сүрсем, онда саған қолымнан келгенше көмектесемін!*» Алайда Уарақа көп ұзамай қайтыс болды және уахидің түсуі де уақытша тоқтады.

— Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Бірде мен (жолда) келе жатып, кенеттен аспаннан дауыс естідім. Мен басымды көтеріп, маған Хира үңгірінде келген періштені көрдім, бұл кезде ол аспан мен жердің арасындағы тақтаған еді. Мен одан қорқып кеттім, кейін (үйге) оралып: «Менің үстімді жабыңдар! Менің үстімді жабыңдар!», — деп айттым. Сонда Аллаһ Тағала мына аяттарды түсірді:***

﴿يَٰٓأَيُّهَا ٱلۡمُدَّثِّرُ ۝١ قُمۡ فَأَنذِرۡ ۝٢ وَرَبَّكَ فَكَبِّرۡ ۝٣ وَثِيَابَكَ فَطَهِّرۡ ۝٤ وَٱلرُّجۡزَ فَٱهۡجُرۡ ۝٥﴾ [المدثر: ١-٥]

«Әй жамылушы! Тұр да, (адамдарға) ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Әр түрлі лас істерден аулақ бол!» («әл-Мудассир» сүресі, 1-5 – аяттар). ***Бұдан соң уахилер жаңадан басталып, бірінен соң бірі түсе бастады***».

Уахидің дәрежелері

1) Шыншыл түстер: Пайғамбарымызға ﷺ уахи түсу осыдан басталған. Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісіне ﷺ уахидің түсуі ізгі, шыншыл түстер көруден басталды және ол таң арайындай келген аяндардан басқа ештеңе көрмеген*».

2) Жүрекке уахи ету: Періште өзі көрінбей Пайғамбарымыздың ﷺ жүрегіне уахи салатын. Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, сенімді Рух (яғни Жәбірейіл періште) менің жүрегіме үрледі және былай хабарлады***…».

3) Періштенің адам кейпінде келуі: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Кейде періште менің алдымда адам кейпінде пайда болып, менімен сөйлесетін, ал мен оның айтқанын ұғып алатынмын***» Кейде сахабалар да періштені осы кейіпте көретін.

4) Қоңыраудың дыбысы сияқты келген уахилар: Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Кейде маған келетін уахи қоңыраудың соғуы сияқты болған, бұл мен үшін ең ауыр еді, ал мен мұны ұғып алғаннан кейін, ол тоқтайтын***».

Айша анамыз (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Мен оған суық күндерде қалай уахи түсірілгенін көрген едім, ал уахи аяқталған кезде оның маңдайынан міндетті түрде тер ағатын*». Ал Пайғамбарамызға ﷺ уахи ол түйесінің үстінде отырған кезде түссе, онда түйесі тізерілеп отыра қалатын.

5) Періштенің шынайы кейпінде келуі: Пайғамбарымыз ﷺ періштені оның жаратылған кейіпінде де көрген. Періште оған Аллаһ Тағала қалаған сөздерді уахи ететін. Бұл, Аллаһ Тағала бұл туралы «ән-Нәжм» сүресінде айтқанындай, екі рет орын алған еді.

6) Аллаһтан тікелей түсетін уахи: Бұл миғраж түні орын алғандай, Аллаһ Тағаланың Пайғамбарымызға ﷺ тіке-

лей уахи етуі. Бұл Пайғамбарымыз ﷺ жеті көктен жоғарыда болып, оған бес уақыт намаз парыз етілген кезде орын алған еді.

7) Аллаһ Тағаланың онымен тікелей сөйлесуі: Бұл Аллаһ Тағаланың онымен тікелей, дәнекерсіз Ол Муса пайғамбармен (оған Аллаһтың сәлемі болсын) сөйлескендей етіп сөйлесуі.

Пайғамбарымызға ﷺ түсірілген алғашқы уахи

Бұл «әл-Ғалақ» сүресінің алғашқы бес аяты:

﴿ٱقۡرَأۡ بِٱسۡمِ رَبِّكَ ٱلَّذِي خَلَقَ ١ خَلَقَ ٱلۡإِنسَٰنَ مِنۡ عَلَقٍ ٢ ٱقۡرَأۡ وَرَبُّكَ ٱلۡأَكۡرَمُ ٣ ٱلَّذِي عَلَّمَ بِٱلۡقَلَمِ ٤ عَلَّمَ ٱلۡإِنسَٰنَ مَا لَمۡ يَعۡلَمۡ﴾

[العلق: ١-٥]

«Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса ардақты. Сондай қаламмен үйреткен. Ол адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен».

Пайғамбарымыздың ﷺ шақыруының реттілік тәртібі

1. Пайғамбарлық;
2. Өзінің жақын адамдарын шақыру;
3. Өзінің қауымын шақыру;

4. Бұрын-соңды елші келмеген халықты, яғни бүкіл арабтарды шақыру;

5. Қиямет күніне дейін оның шақыруы жеткен барлық жындар мен адамдарды шақыру.

Оның шақыруының сатылары

Жасырын шақыру: пайғамбарлық басталғаннан кейінгі алғашқы үш жыл;

Ашық шақыру:

﴿فَٱصۡدَعۡ بِمَا تُؤۡمَرُ وَأَعۡرِضۡ عَنِ ٱلۡمُشۡرِكِينَ﴾ [الحجر: ٤٩]

«Өзіңе бұйырылғанды жарияла әрі көпқұдайшылдардан теріс бұрыл» («әл-Хижр» сүресі, 94-аят), — аяты түскеннен кейін басталды.

Пайғамбарымызға ﷺ иман келтірген алғашқы адамдар

Ерлерден: Абу Бакр әс-Сыддық;
Әйелдерден: Хадижа бинт Хуайлид;
Балалардан: Али ибн Абу Талиб
Азат етілген құлдардан: Зәйд ибн Хариса;
Құлдардан: Биләл ибн Рабах әл-Хабаши.

Пайғамбарымыздың ﷺ шақыруына жауап беруде өзгелерден озғандардың кейбірі

Пайғамбарымызға ﷺ біз атап өткен отбасы мүшелерінен кейін бірінші болып иман келтірген сахабалар: Усман ибн Аффан, Тальха ибн УбайдуЛлаһ, әз-Зубайр ибн әл-Аууам, Сағд ибн Аби Уаққас, Абд әр-Рахман ибн Ауф, Хаббаб ибн әл-Арат, Сухайб әр-Руми, Аммар ибн Ясир және оның анасы Сумайя, Абу Убайда Амир ибн әл-Жаррах, Усман ибн Мазғун, Абу Сәләма ибн Абд әл-Асад және Утба ибн Ғазуан (Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын).

МЕККЕЛІК КЕЗЕҢ



Көпқұдайшылдардың Пайғамбарымызға ﷺ және оның сахабаларына көрсеткен зәбірлері мен қысымдары

Көпқұдайшылдар Пайғамбарымыздың ﷺ дағуатының шыншылдығын және адамдардың оның айналасында жиналғанын көргенде, олар мүминдерге қатты қысым көрсетіп, ауыр зәбірлер тигізе бастады. Олардың осындай істерінің мысалдары:

— Адамдарды одан алыстатып, адамдар одан қорқулары үшін «Мухаммад сиқыршы» деген сөздерді тарату;

— Адамдар оны ақылдан азған деп ойлауы үшін «Мухаммадқа жын тиген» деп жала жабу;

— «Мухаммад өтірікші» деген сөздерді тарату. Бірақ бұл әрекет әу бастан-ақ жеңілісті болды, өйткені ол адамдар арасында шыншылдығымен және сенімділігімен Сенімді (әл-Амин) деген атағымен белгілі еді.

— Пайғамбарымыздың ﷺ өзінің және ол әкелген діннің үстінен күлу;

— Пайғамбарымыз ﷺ адамдарға Аллаһтан түскен уахимен және ақиқатпен келгенде, адамдарды оны тыңдаудан алаңдату үшін, дауыс көтеріп шулау және дау-дамай жасау;

— Меккеге умра, қажылық немесе басқа да істер үшін келгендердің Пайғамбармен ﷺ кездесуіне кедергі жасау немесе адамдарды ол жайлы ескерту үшін олардың алдынан шығып күтіп алу;

— Пайғамбарымыздың ﷺ өзіне тікелей зәбір тигізу. Мысалы, бір күні Ғуқба ибн Абу Муғайт Пайғамбарды ﷺ жағасынан қаты қысып, өзіне қарай тартып, Абу Бакр оны итеріп жібермегенге дейін тұншықтырды. Және бірде Пайғамбарымыз ﷺ сәжде жасап жатқан кезде дәл сол адам оның арқасына мүшриктердің құрбандыққа шалған түйесінің ішек-қарындары мен қанды жатырын әкеліп тастады, кейін оны Пайғамбарымыздың ﷺ арқасынан қызы Фатима алып тастады.

— Олар Пайғамбарымызды ﷺ өлтірмекші болды. Олар оның көкесі Абу Талибке Пайғамбарды өлтіру үшін оны Ғамара ибн әл-Уәлид деген адамға айырбастауды ұсынды, бірақ Абу Талиб бас тартты. Олар Пайғамбарымызды ﷺ ол хижра жасауға ниет еткенде де өлтірмек болды.

— Ешқандай қолдауы жоқ мүминдерді қинау және оларды үлкен азапқа салу, мысалы, олардың Биләлді күннің астына жатқызып, оны ішіне үлкен тасты қойғаны және олардың Аммар бин Ясирдің отбасына және басқа да мүминдерге жасаған азапты істері.

Эфиопия жеріне көшу

Мұсылмандардың саны көбейіп, мүминдерден қауіптенген кәпірлер оларды одан сайын азаптап, түрлі бүліктерге ұшырата бастағанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың Эфиопия еліне қоныс аударуына рұқсат берді. Пайғамбарымыз ﷺ: ***«Ақиқатында, ол жерде адамдарға оның тұсында қысым көрсетілмейтін бір патша бар»***, — деген.

Бірінші көшу: Бірінші рет Эфиопияға 12 ер мен 4 әйел көшті. Олардың арасында Усман ибн Аффан болған. Ол сапарға бірінші болып шыққан еді және онымен бірге Аллаһ Елшісінің ﷺ қызы Руқайя болған. Эфиопияда олар жақсы жағдайда өмір сүрді. Кейін оларға құрайыштықтар Исламды қабылдады деген хабар жеткен соң олар Меккеге оралды, алайда бұл хабар өтірік болып шықты. Олардың кейбіреулері Эфиопияға қайта оралды, ал қалғандары Меккеге кіреміз деп шешті. Меккеге оралғандардың араларында Абдуллаһ ибн Масғуд болды және олар құрайыштықтардан қатты қысым көрді.

Екінші көшу: Екінші рет Эфиопияға 83 ер мен 18 әйел көшті. Олар Эфиопияның патшасы Негустың билігінің астында ең жақсы хәлде өмір сүрді. Бұл жайлы хабар құрайыштықтарға жетті және олар Эфиопияға арнайы адамдар жіберіп, Эфиопия патшасының көшіп келген мүминдерге қатысты көзқарасын өзгерткісі келді. Олардың арасында Амр ибн әл-Ас пен АбдуЛлаһ ибн Рабиға болған. Алайда Аллаһ Тағала олардың айлаларын өздеріне қарсы бағыттады.

Умар мен Хамзаның Исламды қабылдауы: Пайғамбарлықтың басталуынан кейінгі алтыншы жылы Хамза ибн Абд әл-Мутталиб Исламды қабылдады, адамдар оны құрайыштықтардың ең күштісі деп атайтын. Аллаһ Тағала ол арқылы өз Елшісін ﷺ күшейтті. Кейін Исламды Умар ибн әл-Хаттаб қабылдады. Аллаһтың Елшісі ﷺ оның Исламды қабылдауын сұрап дұға еткен болатын. Хамза мен Умар Исламды қабылдағаннан кейін мүминдер күш жинады, ал құрайыштықтар оларға қатысты дұшпандық пен озбырлықтан аяқтарын тарта бастады.

Абу Талибтың шатқалы: Құрайыштар Аллаһ Елшісіне ﷺ бұдан да көп қасірет келтіруге тырысып, оны және оның отбасын Абу Талибтың шатқалында қоршау-блокада жасауды ұйымдастырды, ол үш жылға созылды. Блокада кезінде, шатқалда АбдуЛлаһ ибн Аббас дүниеге келді. Қор-

шауда болу Пайғамбар ﷺ үшін ауыр сынақ болды. Қоршау аяқталған кезде Пайғамбарымыз ﷺ 49 жаста еді.

Абу Талиб пен Хадижаның қайтыс болуы: Осыдан бір айдан кейін Пайғамбарымыздың ﷺ 87 жастағы көкесі Абу Талиб қайтыс болды, кейін оның әйелі Хадижа да қайтыс болды. Осыдан соң кәпірлердің Пайғамбарды ﷺ зәбірлеп қинауы одан сайын күшейе түсті.

Тоифке бару: Бірде Пайғамбарымыз ﷺ Зәйд ибн Харисамен бірге адамдарды Аллаһ Тағалаға шақыру үшін Тоифке аттанды. Ол сонда бірнеше күн болды, бірақ Тоиф халқы оның шақыруына жауап бермеді. Керісінше, олар Пайғамбарымызға ﷺ зәбір көрсетіп, оны қуып шығып, таспен атқылағаны соншалық, оның екі аяғы қансырап жараланды. Аллаһтың Елшісі ﷺ оларды тастап, Меккеге қайтуды ұйғарды. Ол Меккеге әл-Мутғим ибн Ғадийдің қорғау кепілдігінің астында кірді.

Ғаддас және оның Исламды қабылдауы: Пайғамбарымыз ﷺ Меккеге қайтып келе жатқан жолында Ғаддас есімді христианды кездестірді. Ғаддас оған иман келтіріп, оны пайғамбар ретінде қабылдады.

Жындардың Исламды қабылдауы: Нахля елді мекеніне бара жатқанда Пайғамбарымызға ﷺ насыбиюн тайпасынан бір топ жын жіберілді. Олар жетеу болды. Олар Құранды тыңдап, Исламды қабылдады.

Миғраж түні және көктерге көтерілу: Кейін Пайғамбарымыз ﷺ бір түнде өзінің рухы және тәнімен Иерусалимдегі әл-Ақса мешітіне жеткізілді және сол жерден ол көктердің үстіне, Аллаһ Тағалаға көтерілді, сонда Аллаһ Тағала онымен сөйлесіп, оған және үмметіне без уақыт намаз орындауды парыз етті.

Араб тайпаларын Исламға шақыру: Ол Меккеде тұрғанда әр қажылық маусымында араб тайпаларын Аллаһ Тағалаға шақырып, Раббысының сөзін жеткізу үшін оны өздерінің қорғауларына алуды ұсынды және бұл үшін оларға Жәннатты уәде етті. Бірақ бірде-бір тайпа оның ұсынысы-

на жауап бермеді және Аллаһ бұл ұлы құрметті ансарларға нәсіп етті. Бұл хабар болашақ ансарлардан алты адамға жетіп, олар Аллаһ пен Оның Елшісіне ﷺ жауап берді. Олар Мәдинаға қайтып, сонда адамдарды Исламға шақыра бастады. Исламның Мәдина тұрғындарының арасында кең тарағаны соншa, Аллаһтың Елшісі ﷺ туралы сөз қозғамаған бірде-бір үй қалмады.

Ансарлар және әл-Ғақабадағы ант беру

Бірінші ант беру: Содан кейін келесі жылы қажылық маусымында ансарлардан он екі адам Меккеге келді. Олардың бесеуі бір жыл бұрын исламды қабылдаған алтаудан болатын. Олар әл-Ғақаба деген жерде Аллаһтың Елшісіне ﷺ «әл-Мумтахана» сүресінде әйелдерге ұсынылған: **«Аллаһқа ешкімді ортақ қоспауға, ұрлық қылмауға, зина жасамауға, өз балаларын өлтірмеуге, суық жолдан тапқан балаларын өз еріне телімеуге және изгілік жасауға»**, — деген антты беріп, кейін Мәдинаға оралды.

Екінші ант беру: Бір жылдан кейін Мәдинадан 73 ер және 2 әйел келіп, екінші (соңғы) ант беруге қатысты. Олар Аллаһ Елшісіне ﷺ оны өз әйелдерін, балаларын және өздерін қорғайтын нәрселерден қорғайтындай етіп қорғайтыны туралы ант берді. Содан соң Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың арасынан 12 басшы таңдады және оның сахабалары оларға көше бастады.

МӘДИНАЛЫҚ КЕЗЕҢ



Хижра жасауға рұқсат алу: Аллаһтың Елшісі ﷺ сахабаларына Мәдинаға қоныс аударуға рұқсат берді. Сахабалар Меккеден шағын топтармен және жасырын түрде көше бастады. Бірінші болып Мәдинаға Абу Сәләма ибн Абд әл-Асад әл-Махзуми немесе Мусғаб ибн Умайр келді. Олар ансарларға келгенде, ансарлар оларға баспана беріп, көмектесті. Мәдинада Ислам осылай тарады.

Кейін Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне хижра жасауға рұқсат берді. Ол Меккеден рабиғ әл-әууәл айының дүйсенбісінде шықты және ол кезде оның жасы 53-те еді. Онымен бірге Абу Бакр мен оның азат еткен құлы Амир ибн Фухайра болған еді. Олардың жол көрсетушісі АбдуЛлаһ ибн Урайқит әл-Ләйси болды. Аллаһтың Елшісі ﷺ және Абу Бакр Саур тауындағы үңгірде үш күн жасырынды, кейін олар теңіз жағасымен өтетін жолмен Мәдинаға қарай жол тартты.

Пайғамбарымыздың ﷺ Мәдинаға кіруі: Пайғамбарымыз ﷺ өзінің серігімен Мәдинаға рабиғ әл-әууәл айының 12-ші күні, дүйсенбіде кірді. Ол Мәдинаның жоғары жағындағы Құба елді мекенінде Амр ибн Ауфтың тайпасында қонақ болып он торт күн тұрды.

Исламдағы алғашқы мешіт: Пайғамбарымыз ﷺ Құбада ең алдымен мешіт соқты. Ибн Умар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Пайғамбарымыз ﷺ әр сенбі сайын Құба мешітіне жаяу немесе жануарын мініп баратын».* Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: ***«Құба мешітіндегі намаз умра жасағанмен бірдей».***

Пайғамбарымыздың ﷺ мешітінің соғылуы: Кейін Пайғамбарымыз ﷺ інгеніне мініп, жолға шықты. Жолда оны адамдар кездестіріп, інгенінің тізгінінен ұстап, қонаққа шақырды. Пайғамбарымыз ﷺ: ***«Ол өтсін, өйткені ол жоғарыдан бұйрық алуда»***, — деді. Сосын оның інгені қазіргі кезде Пайғамбар ﷺ Мешіті орналасқан жерге тоқтап, тізерлеп отырды. Бұл Бану Нәжар әулетінен Сәһл және Суһайл атты екі жетім балаға тиесілі жер еді. Інген Абу Айюб әл-Ансаридің үйіне тоқтады. Содан кейін осы жерде Пайғамбар ﷺ мешітінің құрылысы басталып, оның өзі де бұл құрылысқа сахабаларымен бірге қатысты. Мешіт балшық пен құрма ағашының діңгектері және бұтақтарынан салынды. Содан кейін Пайғамбар ﷺ мешітінің қабырғаларына Пайғамбарымыздың ﷺ өзі және оның әйелдері үшін бөлмелер қосылды. Оның мешітіне ең жақын орналасқан Айшаның бөлмесі болатын. Жеті айдан кейін ол отбасымен Абу Айюбтың үйінен өз үйіне көшті.

Бауырласу: Мешіт салынғаннан кейін Пайғамбарымыз ﷺ 90 адамнан тұратын мухажирлер мен ансарларды өзара бауырластырды. Бұл мал-мүлкінен айырылған мухажирлерге жұбаныш болуы керек еді, өйткені аталған бауырлардың бірі қайтыс болған жағдайда да, екіншісі оны қандас туыстарымен бірге мұрагер етіп алатын еді. Бұл жағдай Бадр шайқасына дейін жалғасты.

Яһудилер: Пайғамбарымыз ﷺ Мәдинаға келіп, яһудилер оны көргенде, бұл олардың Тәураттарында жазылған Аллаһ Тағаланың шынайы елшісі екенін түсінді. Бірақ соған қарамастан, олардың арасындағы бірнеше ғұламалары мен Кітапты білетін ғалымы АбдуЛлаһ ибн Сәләмадан басқалары Исламды қабылдамады. Пайғамбарымыз ﷺ яһудилердің бану қайнуқағ, бану надир және бану қурайза тайпаларын өзара татуластырды.

Қыбыланы өзгерту: Миғраж түнінен кейін Аллаһ Тағала бес уақыт намазды парыз еткенде, Пайғамбарымыз ﷺ әл-Құдсқа (Иерусалимге) қарап намаз оқитын еді. Ол Ал-

лаһ Тағаланың құлшылық бағытын Қағбаға қарай өзгертуін қалап, үміт етіп, жиі көкке қарайтын. Ал хижраның екінші жылында Аллаһ Тағала мына аятты түсірді:

﴿قَدْ نَرَىٰ تَقَلُّبَ وَجْهِكَ فِي ٱلسَّمَآءِ ۖ فَلَنُوَلِّيَنَّكَ قِبْلَةً تَرْضَىٰهَا ۚ فَوَلِّ وَجْهَكَ شَطْرَ ٱلْمَسْجِدِ ٱلْحَرَامِ ۚ وَحَيْثُ مَا كُنتُمْ فَوَلُّوا۟ وُجُوهَكُمْ شَطْرَهُۥ ۗ وَإِنَّ ٱلَّذِينَ أُوتُوا۟ ٱلْكِتَٰبَ لَيَعْلَمُونَ أَنَّهُ ٱلْحَقُّ مِن رَّبِّهِمْ ۗ وَمَا ٱللَّهُ بِغَٰفِلٍ عَمَّا يَعْمَلُونَ﴾ [البقرة: ١٤٤]

«Жүзіңнің көкке жөнелгенін көреміз. Сондықтан сені өзің разы болған қыбылаға қаратамыз. Енді жүзіңді «Харам мешітіне» бұр. (Әй мүминдер,) қай жерде болсаңдар да, жүздеріңді сол (Қағба) жаққа жөнелтіңдер. Расында, өздеріне Кітап берілгендер, негізінен қыбланың ауысуын Раббыларынан бір шындық екенін біледі. Аллаһ олардың істегендерінен ғапыл емес» («әл-Бақара» сүресі, 144-аят). Сонда Қыбыла Қағбаға қарай өзгертілді.

Жиһадтың рұқсат етілуі: Пайғамбарымыз ﷺ Мәдинаға көшіп, ансарлар оны дұшпандарынан қорғаған соң, Аллаһ Тағала мына аятты түсірді:

﴿أُذِنَ لِلَّذِينَ يُقَٰتَلُونَ بِأَنَّهُمْ ظُلِمُوا۟ ۚ وَإِنَّ ٱللَّهَ عَلَىٰ نَصْرِهِمْ لَقَدِيرٌ ﴿٣٩﴾ ٱلَّذِينَ أُخْرِجُوا۟ مِن دِيَٰرِهِم بِغَيْرِ حَقٍّ إِلَّآ أَن يَقُولُوا۟ رَبُّنَا ٱللَّهُ ۗ وَلَوْلَا دَفْعُ ٱللَّهِ ٱلنَّاسَ بَعْضَهُم بِبَعْضٍ لَّهُدِّمَتْ صَوَٰمِعُ وَبِيَعٌ وَصَلَوَٰتٌ وَمَسَٰجِدُ يُذْكَرُ فِيهَا ٱسْمُ ٱللَّهِ كَثِيرًا ۗ وَلَيَنصُرَنَّ ٱللَّهُ مَن يَنصُرُهُۥٓ ۗ إِنَّ ٱللَّهَ لَقَوِىٌّ عَزِيزٌ ﴿٤٠﴾﴾ [الحج: ٣٩-٤٠]

«Шынында, өздеріне шабуыл жасалып, зұлымдыққа ұшырағандарға соғысуға рұқсат берілді. Күдіксіз Аллаһтың оларға жәрдем етуге күші толық жетеді. Олар — қақысыз, тек: “Раббымыз Аллаһ”, — дегендері үшін ғана

жұрттарынан қуып шығарылғандар. Егер Аллаһ адамдарды бірін-бірі арқылы тойтармаса, монастырлар, шіркеулер, яһудилердің құлшылық орындары және олардa Аллаһтың аты көп зікір етілетін мешіттер құлатылар еді. Кім Аллаһтың жолына жәрдем етсе, Аллаһ оған жәрдем етеді. Шәксіз Аллаһ, аса Күшті, тым Үстем» («әл-Хаж» сүресі, 39-40-аяттар), — және Аллаһ Тағала мүминдерге мүшріктермен соғысуға рұқсат етті.

Алғашқы әскери жорықтар Абуа, Буат, әл-Ғушайра және басқа да кейбір жорықтар болды.

Бадр шайқасы: Хижраның екінші жылының Рамазан айында Аллаһтың Елшісі ﷺ мүминдерден үш жүз оннан астам жауынгер жасақпен Шамнан қайтып келе жатқан құрайыш керуенін іздеп, Мәдинадан шықты. Керуен басшысы Абу Суфиян Аллаһ Елшісінің ﷺ жоспарын біліп қойып, мұсылмандардың жасағын кездестірмеу үшін, өзінің жолын өзгертті. Ал Меккеде шайтан құрайыштарды мұсылмандарға қарсы жорыққа шығуға шақырды. Екі әскер Яумул-Фурқан (Ажырату Күні) күні осы ұлы шайқас болған Бадр жерінде кездесті. Екі әскер кездескен кезде Аллаһтың Елшісі ﷺ Раббысына Оның көмегіне мұқтаж екенін мінажат етіп, ұзақ дұға етті, Аллаһ Тағала мұсылмандарды олармен бірге мүшриктерге қарсы соғысқан періштелермен қуаттады. Аллаһ мүминдерді жеңіске жеткізіп, Өзінің Сөзін жоғарылатты. Бадр шайқасында жетпіс мүшрик өліп, он төрт мүмин шәһид болды.

Бану қайнуқағ тайпасына қарсы жорық: Хижраның үшінші жылында бану қайнуқағ тайпасы бітім келісімін бұзды. Пайғамбар ﷺ мен оның әскері оларды қоршауға алды, қоршау 15 күнге созылды. Осыдан кейін бану қайнуқағ тайпасы Пайғамбарымызға ﷺ берілді. Пайғамбарымыз ﷺ оларды босатуға шешім қабылдады. Олардың саны жеті жүз болған еді.

Ухуд шайқасы: Сол жылы шәууәл айында Ухуд тауында шайқас орын алды. Құрайыштықтар Бадр шайқасында қаза

болғандары үшін кек алуға шешім қабылдады. Сөйтіп Мәдинаға саны үш мыңға жуық құрайыш әскері келді.

Пайғамбарымыз ﷺ мың адамдық әскермен Мәдинадан Ухуд тауына қарай шықты. Сол кезде үш жүз адамнан тұратын екіжүзділер мұсылман әскерін тастап кетті әрі мұсылмандардың әскерінің саны шайқастың басында жеті жүздей болды. Күннің басында шайқастағы басымдық мұсылмандарда болды, алайда кейін Аллаһ Тағала мүминдерді сынап, соғыстағы артықшылық мүшріктерге өтті. Олар тіпті Аллаһ Елшісін ﷺ қуып жетіп, оның басын жаралап, тісін сындырды. Бұл күні де мұсылмандар жағында шайқасқа періштелер қатысты. Бұл шайқаста жетпіс сахаба қаза тапты, олардың ішінде Хамза бин Абдул-Мутталиб, Мусғаб ибн Ғумайр, Әнас ибн ан-Надр, Ханзала әл-Ғасил және басқалар болды. Бұл шайқаста Тальха ибн УбайдуЛлаһ аса ерекше ерлік пен табандылық танытты. Аллаһтың Елшісі ﷺ ол жайлы: ***«Жәннат Тальха үшін парыз болды»***, — деген болатын.

Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ мұсылмандардың аз ғана тобымен бірге Ухуд тауына қарай шегінді де, Аллаһ Тағала мүшріктердің оларға зиян тигізулеріне тосқауыл қойды.

Ухуд соғысы күні мүминдер сыналған, екіжүзділер әшкереленген, шәһид болған мүминдер Аллаһтың ұлы сыйқұрметіне бөленген сынақ күніне айналды.

Ухуд шайқасынан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ құрайыштардың мұсылмандарды жою үшін қайтып оралуды көздегенін естіп, өз әскерімен оларды қарсы алуға аттануды ұйғарды. Мұсылмандар Хамра әл-Асад деп аталатын аймаққа жеткенде, құрайыштықтар бұл жайлы естіді. Осыдан кейін меккелік мүшриктердің сарбаздары жігерлерін жоғалтып, жүректерін қорқыныш билеп, өз жандарын сақтап қалулары үшін, өздерінің кері сапарын жалғастырып, Меккеге оралу керек деп шешті.

Хижраның төртінші жылы

Хижраның төртінші жылында Бир Мағунада қайғылы оқиға орын алып, Құранды жатқа білетін жетпіс сахаба опасыздықпен өлтірілді.

Бұл жылы сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ яһудилердің бану надир тайпасына қарсы жорық жасап, оларды қоршауға алды. Сонда Аллаһ олардың жүректеріне үрей салып, Пайғамбарымыз ﷺ оларды Мәдинадан қуып жіберді. Олар туралы «Хашр» сүресі түсірілді.

Хижраның бесінші жылы

Әл-Мурайсиғ жорығы: Хижраның бесінші жылында Пайғамбарымыз ﷺ яһудилердің бану әл-мусталиқ тайпасына қарсы жорыққа шығып, жеңіспен оралды. Осы жорыққа аттанған сапарда топырақпен тазару рәсімі — таяммум бекітілді. Дәл осы жорықта екіжүзділер мүминдердің анасы Айшаны (Аллаһ оған разы болсын) ол олардан пәктаза болған нәрселерде айыптады. Бұл айыптар оның өзін де, Аллаһ Елшісін де ﷺ қатты ренжітті. Аллаһ Тағала «Нур» сүресінде оның бұл күнәға қатыссыз екені туралы аяттарды түсірді, ал оған жалған жала жапқандар шариғат жазасы — дүре соғуға ұшырады.

Ор шайқасы: Хижраның бесінші жылы шәууәл айында яһудилер, құрайыштықтар және басқа көпқұдайшыл тайпаларынан болған олардың одақтастары Пайғамбармен ﷺ және оның сахабаларымен соғысуға бел буып, Ор (Хандақ) шайқасы орын алды. Құрайыш, бану суләйм, бану асад, фазар, әшжәғ және басқа тайпалардан құралған он мыңға жуық әскер Мәдинаға қарай бет алды.

Сәлман әл-Фариси деген сахаба Пайғамбарымызға ﷺ өздеріне қарсы жиналған дұшпандардан қорғанатын ор қазуға кеңес берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ үш мың сарбазымен шығып, бекініс ретінде Сал тауын таңдады және оның алдынан ор қазылды. Осы оқиғалардың алдында Пайғамбарымыз ﷺ яһудилердің бану қурайза тайпасымен қауіпсіздік келісімін жасасқан болатын, бірақ олар бұл келісімді бұзып, Пайғамбарымызға ﷺ қарсы соғыспен келген жасаққа қосылды. Содан кейін Пайғамбар ﷺ Нуғайм ибн Масғудты бану қурайза тайпасының яһудилеріне, кейін құрайыштықтарға жіберді. Ол айла жасап, олардың арасындағы қарым-қатынасты бұзды. Сонда Аллаһ оларға қатты жел жіберіп, шатырларын құлатып, қазандарын төңкеріп жіберді. Жел оларды дүр сілкіндірді, жүректеріне үрей ұялатып, соғысуға деген ынтасын жойып тастады. Пайғамбарымызға ﷺ қарсы жиналған жасақтар мақсатына жете алмай, Мәдинадан шегініп, бытырап қайтып кетті.

Содан соң Пайғамбарымыз ﷺ бану қурайзаға қарсы жорыққа шықты және Сағд ибн Муаз олардың жазасы туралы шешім қабылдады. Ор шайқасы туралы «әл-Әхзаб» сүресі түсірілді.

Хижраның алтыншы жылы

Әл-Худайбия келісімі: Хижраның алтыншы жылында Пайғамбарымыз ﷺ 1400 сахабасымен бірге умра жасау үшін Мәдинадан Меккеге қарай шықты. Олар әл-Худайбияға жеткенде, құрайыштықтар оларды Меккеге кіргізуге қарсы болды. Пайғамбарымыз ﷺ олармен он жылдық бітімге қол қойды және бұл мұсылмандардың жеңісі болды, өйткені бұл туралы Аллаһ Тағала былай деді:

﴿إِنَّا فَتَحْنَا لَكَ فَتْحًا مُّبِينًا﴾ [الفتح: ١]

«Расында, Біз саған (уа Елші) анық жеңіс сыйладық» («әл-Фатх» сүресі, 1-аят).

Және бұл келісімде құрайыштардың келесі жылы мұсылмандарға умра жасауға рұқсат беретіні де жазылды. Ал хижраның жетінші жылы Зул-қағда айында қаза умрасы («Умра әл-қадо») жасалынды.

Хайбар жорығы: Пайғамбарымыз ﷺ Худайбиядан оралғаннан кейін жиырма күн өткенде Мәдинаның солтүстігінде орналасқан Хайбарға жорыққа шықты. Мұсылмандар яһудилерді Хайбарда жиырма күндей қоршауда ұстап, бұл шайқаста үлкен құлшыныс танытты. Яһудилер өздерінің жойылу қаупі бар екеніне сенімді болған кезде, олармен бітімге келуді өтініп, Пайғамбарымызға ﷺ жүгінді. Ал Пайғамбарымыз ﷺ олармен өмірлері кепіл болатыны туралы бітімгершілік келісімін жасады, бірақ сонымен бірге олар Хайбардан, өзерінің барлық мал-мүлкін тастап, тек киімдерімен ғана алып кетуі керек еді. Сосын Пайғамбарымыз ﷺ оларға өздерінің еккен егіндерінің жартысын мұсылмандарға беру шартымен өз жерлерін пайдаланып қала беруіне рұқсат етті.

Жағфардың келуі: Пайғамбарымыз ﷺ Хайбарда болған кезде Мәдинаға Абу Хурайра мұсылман болып келді. Сондай-ақ бұрын Эфиопияда қалған мұсылмандар Пайғамбардың ﷺ немере інісі Жәғфар ибн Абу Талибпен бірге Мәдинаға келді. Олар Хайбарда Аллаһтың Елшісіне ﷺ қосылды. Сондай-ақ олармен бірге Мәдинаға Абу Муса және оның бану әшғар тайпасы да келді.

Хижраның сегізінші жылы

Мута шайқасы: Хижраның сегізінші жылында Мута шайқасы орын алды. Оның себебі Аллаһ Елшісінің ﷺ Византия императорына жіберген елшісін Шурахбил ибн Амр әл-

Ғасанидің адамдарының өлтіруі болды. Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға қарсы сахабалардан үш мың әскерді жіберіп, оның басына өзінің сүйіктісі Зәйд ибн Харисаны тағайындап: «***Егер Зәйд өлтірілсе, қолбасшылықты Жәғфар алсын, ал егер Жәғфар өлтірілсе, қолбасшылықты АбдуЛлаһ ибн Рауаха алсын***», — деді. Ираклий мұсылмандарға қарсы өз әскерімен және оны қолдаған кейбір араб тайпаларымен бірге екі жүз мың әскермен шықты. Шайқас Мута мекенінде орын алды. Пайғамбарымыз ﷺ тағайындаған қолбасшылар шәһид болған соң, Халид ибн әл-Уәлид туды өз қолына алып, әскерді шебер басқарып, оларды Аллаһтың және өздерінің дұшпандарынан алыстатты.

Меккенің ұлы ашылуы: Сол жылы құрайыштармен одақтас болған бану бакр тайпасы Пайғамбарымыздың ﷺ одақтасы болған хузаға тайпасына шабуыл жасады және құрайыштықтар өздерінің одақтастарына жасырын түрде көмектесті. Бұл хабар Пайғамбарға ﷺ жеткенде, ол Меккені жаулап алуды ұйғарды. Абу Суфиян құрайштықтар тарапынан бұзылған бітімгершілікті жаңарту үшін Мәдинаға келеді. Ол Пайғамбармен ﷺ сөйлескісі келді, бірақ Пайғамбар ﷺ олардың сөздерін тыңдауды қаламады. Сонда олар Пайғамбармен ﷺ сөйлесуі үшін Абу Бакрге, Умарға, сосын Алиге барды, бірақ олар да оған ара түсуден бас тартты. Пайғамбарымыз ﷺ құрайыштықтардың оларға қарсы жорық жасап жатқанын білмеулері үшін Аллаһтан оларды (осыған қатысты) соқыр етуін сұрады. Аллаһ Тағала оның дұғасына жауап берді. Сөйтіп Пайғамбарымыз ﷺ он мыңдық әскерімен Меккеге қарай бет алды. Осы жолда оның көкесі әл-Аббас ибн Абд әл-Муталлиб Меккеден Исламды қабылдап, Пайғамбарымызға ﷺ келді. Пайғамбарымыздың ﷺ Меккені ашқан кезінде айтқан сөздерінің бірі: «***Кімде-кім Абу Суфиянның үйіне кірсе, қауіпсіздікте болады, кімде-кім (әл-Харам) мешітін паналаса, сол қауіпсіздікте болады. Кімде-кім есіктерін жауып, үйінде қалса, сол қауіпсіздікте болады***». Пайғамбарымыз ﷺ Меккеге кіргеннен кейін тек өзіне

қарсы соғыса бастағандармен және оны мен мұсылмандарға көп азап шектіргендермен ғана соғысып, олардың қанын төгуді рұқсат деп жариялады. Пайғамбарымыз ﷺ Меккеге кірген кезде Қағбаны ихрамсыз тауаф етті. Кейін ол Усман ибн Талханы шақырып алып, одан Қағбаның кілттерін алып, ішіндегі және сыртындағы барлық пұттарды сындырды, ал содан кейін кілттерді Усман ибн Талхаға қайтарды.

Меккені жаулап алғаннан кейін көптеген адамдар Исламға кіре бастады. Араб тайпалары топ-топ болып Пайғамбарымызға ﷺ келіп, Исламды қабылдады.

Пұттарды сындыру: Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ Меккені ашқан соң, ол ﷺ өз сахабаларын Мекке маңындағы пұттарды сындырып, жою үшін, жорыққа жіберді. Амр бин әл-Ас Сууағ атты пұтты, Сағд ибн Зәйд Манатты, Халид бин әл-Уәлид әл-Ғуззаны, әт-Туфайль Зул-Каффайнды, ал Али Тай пұтын жою үшін жіберілді.

Хунайн шайқасы: Хауазин тайпасы Меккенің жаулап алынғанын естіп, бүкіл мал-мүлкін, әйелдері мен балаларын өздерімен бірге алып, Аллаһтың Елшісіне ﷺ қарсы шықты. Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға қарсы 12 мың жауынгерімен шықты. Кейбір мұсылмандар өз әскерінің мұндай көптігіне таң қалды. Мұсылман әскері Хунайн аңғарына жеткенде Хауазин жауынгерлері бірігіп мұсылмандарға күтпеген жерден шабуыл жасады, сондықтан мұсылман жауынгерлері қорқып Пайғамбарымыздың ﷺ жанынан қаша жөнелді, оның қасында муһажирлердің аз ғана тобы мен оның отбасы мүшелері қалды. Сонда Аллаһ Тағала мүминдерді қуаттап, Пайғамбардың ﷺ жанына жинады. Мүминдер Пайғамбармен ﷺ бірге соғыса бастады, көп ұзамай Аллаһ Тағала оларға жеңіс нәсіп етті. Жеңілгеннен кейін Хауазин тайпасы Тоифқа қашты.

Кейін Хауазин тайпасынан ислам дінін қабылдаған он төрт адам Пайғамбарымызға ﷺ келіп, соғыста тұтқынға алынған туыстарын босатуды сұрады. Пайғамбарымыз ﷺ өз тұтқындарын босатты әрі басқалар да солай істеді.

Әт-Тоиф жорығы: Пайғамбарымыз ﷺ Хауазин тайпасын жеңгеннен кейін Тоифқа жорық жасауды ұйғарды. Пайғамбар Тоифқа жетіп, Тоиф бекінісін 18 күн қоршауда ұстады, содан кейін тікелей шайқасқа тап болмай қайтты.

Тәбук жорығы: Хижраның тоғызыншы жылы Тәбук жорығы орын алды. Ол ауа райының өте ыстық, жемістер піскен әрі адамдар көлеңкеден шыққысы келмейтін кезде орын алды, сондықтан адамдардың бұл жорыққа шығуы өте қиын болды. Пайғамбарымыз ﷺ осы жорыққа шығуды шешкенде, мүминдерді осы жорыққа өз қаражаттарын жұмсауға шақырды. Сол кезде Усман бин Аффан үш жүз түйені ер тұрмандары және жабуларымен қоса беріп, бұған тағы мың динар қосты. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Осы күннен кейін Усманға ол не істесе де зиян тигізбейді***», — деп айтты. Басқа сахабалар да өз шама-мүмкіндіктеріне қарай бұл жорыққа мал-мүлік жұмсады.

Екіжүзділердің көбі бұл жорыққа шықпады. Сондай-ақ одан үш ізгі сахаба да себепсіз қалып қойды, олар: Қағб ибн Мәлик, Хилəл ибн Умайя және Мирора ибн ар-Рабиғ. Пайғамбарымыз ﷺ жорықтан қайтып оралған кезде бұл үш сахаба Пайғамбардан кешірім сұрауға асықты, олар туралы:

﴿وَعَلَى ٱلثَّلَٰثَةِ ٱلَّذِينَ خُلِّفُواْ حَتَّىٰٓ إِذَا ضَاقَتۡ عَلَيۡهِمُ ٱلۡأَرۡضُ بِمَا رَحُبَتۡ وَضَاقَتۡ عَلَيۡهِمۡ أَنفُسُهُمۡ وَظَنُّوٓاْ أَن لَّا مَلۡجَأَ مِنَ ٱللَّهِ إِلَّآ إِلَيۡهِ ثُمَّ تَابَ عَلَيۡهِمۡ لِيَتُوبُوٓاْۚ إِنَّ ٱللَّهَ هُوَ ٱلتَّوَّابُ ٱلرَّحِيمُ﴾ [التوبة: ١١٨]

«(Аллаһ) соғыстан қалып қалған үшеуінің де (тәубесін қабыл етті). Тіпті оларға жер өзінің кеңдігіне қарамастан тар болған еді. Олардың жандары қысылып (тарылып), Аллаһтан басқа ешбір пана жоқтығын аңғарды. Содан кейін Аллаһ оларға тәубе нәсіп етті. Шынында Ол Аллаһ, тым тәубені Қабыл етуші, өте Мейірімді...», — деген аят түсті («әт-Тауба» сүресі, 118-аят). Аллаһ Тағала бұл үш сахабаның шыншылдығын біліп, олардың тәубесін қабыл етті.

Аллаһ Тағала дәл осы сүреде екіжүзділерді айыптап, олардың жүректеріне мөр басты. Бұл сүре екіжүзділерді әшкерелейтіндіктен «Әшкерелеуші» деп те аталады.

Осы әскери жорық кезінде Пайғамбарымызға ﷺ Айла мекенінің билеушісі Юханна ибн Рауба келіп, онымен бітімгершілік келісімін жасап, жизия төледі. Жәрба мен Азрухтың өкілдері де дәл солай істеп, Пайғамбарымызға ﷺ жизия төледі. Аллаһтың Елшісі ﷺ олардың әрқайсысына жарлық жазып берді. Пайғамбарымыз ﷺ Думат тайпасынан болған Укайдирмен бітім шартын жасасты, әрі олар да жизия төлеуге келісті. Пайғамбарымыз ﷺ Тәбукта екі аптаға жуық болды, әрі қайтар жолында ешбір шайқасқа қатыспай Мәдинаға оралды.

Мәдинаға қайтып келгенде, Аллаһ Тағала оған екіжүзділер құрған «Зиян тигізу» мешітін (Мәсжид әд-Дырар) қиратуды бұйырды.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَٱلَّذِينَ ٱتَّخَذُواْ مَسۡجِدٗا ضِرَارٗا وَكُفۡرٗا وَتَفۡرِيقَۢا بَيۡنَ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ وَإِرۡصَادٗا لِّمَنۡ حَارَبَ ٱللَّهَ وَرَسُولَهُۥ مِن قَبۡلُۚ وَلَيَحۡلِفُنَّ إِنۡ أَرَدۡنَآ إِلَّا ٱلۡحُسۡنَىٰۖ وَٱللَّهُ يَشۡهَدُ إِنَّهُمۡ لَكَٰذِبُونَ﴾ [التوبة: ١٠٧]

«**Сондай (муминдерге) зиян тигізу, күпірлікті (қолдау) және муминдердің арасына бөлінушілік салу және бұрыннан Аллаһ пен Елшісіне қарсы соғысқан біреу оны торуыл ретінде пайдалану үшін мешіт жасап алғандар: «Біз тек игілікті ғана қалап едік», — деп әлбетте ант ішеді. Сондай-ақ Аллаһ олардың асқан өтірікшілер екендігіне куәлік етеді**…» («әт-Тәуба» сүресі, 107-аят). Пайғамбарымыз ﷺ мешітті қиратты. Тәбук жорығы оның өзі тікелей қатысқан соңғы әскери жорығы болды.

Хижраның тоғызыншы жылы

Делегациялардың келуі: Тәбук жорығынан кейін сақиф тайпасы Исламды қабылдады. Хижраның тоғызыншы жылы «Делегациялар жылы» деп те аталады. Пайғамбарымызға ﷺ көптеген тайпалар келіп, Исламды қабылдағандарын жариялады. Мұндай делегациялардың ішінде: Ғатарид ибн Хәжиб әт-Тәмимидің басшылығындағы бану тамим делегациясы; Зәйд әл-Хәйлдің басшылығындағы Таидан келген делегация; әл-Жәруд әл-Ғабдимен келген абд әл-қайс делегациясы; бану ханифаның делегациясы, олардың арасында кейін өзін пайғамбар деп жариялаған өтірікші Мусайлима да болды.

Абу Бакрдың қажылығы: Хижраның тоғызыншы жылы Пайғамбарымыз ﷺ Абу Бакрды қажылыққа басшы етіп жіберіп, ол мұсылмандармен бірге барлық қажетті рәсімдерді орындады. Пайғамбарымыз ﷺ Абу Бакрдың соңынан Алиді ол адамдарға «әт-Тауба» сүресінің басын оқып, көпқұдайшылдармен келісімдердің бұзылғанын және осы жылдан кейін мүшриктердің қажылық жасап, бұл жаһилиет дәуіріндегіндей Қағбаны жалаңаш тауаф етуге тыйым салынатынын хабарлау үшін жіберді.

Хижраның оныншы жылы

Пайғамбарымыздың ﷺ қажылығы: Хижраның оныншы жылы Аллаһтың Елшісі ﷺ қоштасу қажылығын жасады. Қажылық парызын өтеу үшін оған әртүрлі тайпалар мен қалалардан адамдар қосылып, олардың саны жүз мыңнан асты. Пайғамбарымыз ﷺ оларға қажылық рәсімдерін үйретіп, Арафа күні уағыз айтып, оларға Аллаһ Тағаланың мына сөздерін оқып берді:

﴿ٱلۡيَوۡمَ أَكۡمَلۡتُ لَكُمۡ دِينَكُمۡ وَأَتۡمَمۡتُ عَلَيۡكُمۡ نِعۡمَتِي وَرَضِيتُ لَكُمُ ٱلۡإِسۡلَٰمَ دِينٗاۚ﴾ [المائدة: ٣]

«**Бүгін мен сендер үшін діндеріңді толық еттім, сендерге берген нығметімді тамамдадым, сондай-ақ сендерге Ислам дінін қоштап ұнаттым**» («әл-Мәида» сүресі, 3-аят).

Пайғамбарымыз ﷺ діннің толық болғанын жеткізіп, Құран мен Сүннетті ұстануды бұйырды және мүминдерге бір-бірінің қанын, мал-мүлік пен ар-намысын харам етті. Бұл оның қоштасу құтпасы болды.

Хижраның он бірінші жылы

Усаманы жорыққа аттандыру: Хижраның он бірінші жылы сафар айында Пайғамбарымыз ﷺ византиялықтармен соғысу үшін әскер дайындап жіберіп, оның басшысы етіп Усама бин Зайдты тағайындады. Әскер әл-Журф қаласына жеткенде, оларға Пайғамбардың ﷺ ауырып қалғаны туралы хабар жетті.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЖОРЫҚТАРЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ



Пайғамбарымыздың ﷺ әскери жорықтары, әскер жіберуі және жасақтары жайлы қысқаша:

Пайғамбардың ﷺ барлық әскери жорықтары, шайқастары және әскери әрекеттері хижрадан кейінгі он жыл ішінде орын алды. Пайғамбардың ﷺ өзі қатыспаған әскери операциялар саны алпысқа жуық. Пайғамбардың ﷺ көзі тірісінде орын алған әскери жорықтардың саны — 27. Пайғамбарымыз ﷺ тоғыз шайқасқа қатысқан, олар: Бадр, Ухуд, Хандак (Ор шайқасы), Құрайза, әл-Мусталиқ, Хайбар, Меккенің алынуы, Хунайн және Тоиф. Кейбір жорықтарға қатысты мына аяттар түсірілді:

Бадр шайқасы: Бұл шайқас жайлы «әл-Әнфәл» сүресінің аяттары түсірілген, бұл сүре сондай-ақ «Бадр» деп те аталады.

Ухуд шайқасы: Бұл шайқас жайлы «Әли Имран» сүресінің екінші бөлігінде айтылған. Бұл жайлы мына аяттан басталып:

﴿وَإِذۡ غَدَوۡتَ مِنۡ أَهۡلِكَ تُبَوِّئُ ٱلۡمُؤۡمِنِينَ مَقَٰعِدَ لِلۡقِتَالِۗ وَٱللَّهُ سَمِيعٌ عَلِيمٌ﴾ [آل عمران: ١٢١]

«**(Мухаммад Ухуд соғысы кезінде) үйіңнен ерте шығып, мүминдерді соғыс үшін орындарға орналастыруда едің. Аллаһ әр нәрсені естіп, Білуші**», — сүренің аяғына дейін баяндалады («Әли Имран» сүресі, 121-аят).

Ор шайқасы, Бану қурайза және Хайбар жорықтары: Бұл оқиғалар жайлы «әл-Әхзаб» сүресінің аяттары түсірілген.

Бану ән-Надирге қарсы жорық: Бұл жорық жайлы «әл-Хашр» сүресінің аяттары түсірілген.

Худайбия келісімі және Хайбар жорығы: Бұл жорықтар жайлы «әл-Фатх» сүресінде хабарланған. Бұл сүреде сондай-ақ Меккенің ашылуына нұсқау бар, бірақ бұл жайлы анық «ән-Наср» сүресінде айтылған.

Тәбук жорығы: Бұл жорық жайлы «ат-Тәуба» сүресінде хабарланған.

Пайғамбарымыз ﷺ бір ғана шайқаста — Ухуд шайқасында жараланған.

Мүминдерге көмектесетін періштелер үш шайқасқа қатысты: Бадр, Ухуд және Хунайн шайқастары. Сондай-ақ періштелер мүшріктерді сілкіген Ор шайқасында да түсті. Пайғамбарымыз ﷺ мүшріктердің беттеріне қарай топырақ шашып, олар қақтығыс орынын тастап кетті.

Ұлы жеңістерге екі шайқаста: Бадр және Хунайн шайқастарында, — қол жеткізілді.

Катапульта тек бір шайқаста — Тоифте қолданылған.

Ор тек бір шайқаста, әртүрлі тайпалар мұсылмандарға қарсы әскер жинап келіп, Сәлман әл-Фариси Пайғамбарымызға ﷺ ор қорғанысын қазуды кеңес берген кезде пайдаланған болатын.

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ АУЫРУЫ ЖӘНЕ ҚАЙТЫС БОЛУЫ



Кейін Аллаһ Тағала Өз Пайғамбарына ﷺ осы дүниеде қала беру мен Аллаһпен кездесіп, Жәннатқа кірудің арасында таңдау берді. Пайғамбарымыз ﷺ Аллаһпен кездесуді және Жәннатты таңдады. Осыдан кейін ол қатты ауырып, әйелдерінен Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) үйінде қала беруге рұқсат сұрады әрі олар оған рұқсат берді. Пайғамбарымыз ﷺ мешітте намаз оқи алмаған кезде, Абу Бакрге (Аллаһ оған разы болсын) жамағат намазын оқуды бұйырды, бұл оның өзінен кейін халифа болуға басқалардан артық лайық екеніне нұсқады. Хижраның он бірінші жылы рабиғ әл-әууәл айының 12-сінде, дүйсенбі күні адамдар мешітте таң намазын оқып жатқанда, Пайғамбарымыз ﷺ кенет Айша анамыздың бөлмесінің пердесін көтеріп, намаз оқып тұрған адамдарға біршама қарап тұрды да, кейін күлімсіреді. Кейін ол адамдарға намаздарын жалғастыруларына ыммен белгі беріп, пердені түсірді.

Таңертең күн көтеріліп, дұха намазының уақыты кіргенде, Пайғамбарымыз ﷺ дүниеден өтті.

Пайғамбарымыздың ﷺ қайтыс болуы мұсылмандардың басына түскен ең үлкен қиындық болды және олар оған қатты қайғырды.

Кейін Пайғамбарымыз ﷺ жуындырылып, үш ақ кебінге оралды. Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болған жерінде — мүминдердің анасы Айша анамыздың бөлмесінде жерленді.

Бұл Аллаһ Тағаланың пайғамбарларын қайтыс болған жерлерінде жерлеу туралы бұйрығына сәйкес жасалды.

Адамдар мен жындар әлемі Аллаһ Тағаладан Мухаммад Пайғамбар үшін игілік пен сәлем сұрайды. Біз де Пайғамбарымыздың ﷺ өз міндетін өтегеніне, үмметіне шынайы ықылас танытып, Аллаһтың разылығы үшін барынша ынта-жігер салғанына куәлік етеміз. Сондықтан Аллаһ оны өз үмметі үшін пайғамбарлар алуы мүмкін болған ең жақсы сыйлықпен марапаттасын.

Әрі бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән!

ҚОРЫТЫНДЫ



Аллаһ Елшісінің ﷺ ақыны Хассан ибн Сәбит былай деген екен:

يَــا رَبِّ فَاجْمَعْنَا مَعًـا وَنَبِيَّنَـا فِـي جَنَّةٍ تُثْنِـي عُيُـونَ الْحُـسَّدِ
فِي جَنَّةِ الْفِرْدَوْسِ وَاكْتُبْهَا لَنَا يَا ذَا الْجَلَالِ وَذَا الْعُـلَا وَالسُّؤْدَدِ
صَلَّـى الْإِلَهُ وَمَنْ يَحُفُّ بِعَرْشِهِ وَالطَّيِّبُـونَ عَلَى الْمُبَـارَكِ أَحْـمَدِ

Уа Раббымыз! Бізді Пайғамбарымызбен бірге Жәннат бақтарында күншілдердің көз алдында мадақталған кейіпте жинай гөр! Фирдаус бақтарында! Оны біздің тағдырымызға жаз! Уа ұлылық, жоғарылық және даңқ Иесі! Берекелі Ахмадқа Аллаһ Тағаланың және Оның аршысының айналасында болғандардың игілігі мен сәлемі болсын!

ҮШІНШІ ЕМТИХАН

1) Пайғамбарымыз ﷺ кезінде қой баққан, бұл оның сабырлылығына және әлсіздерге деген мейірімділігі мен қамқорлығына себеп болған.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

2) Қырық жасында оған пайғамбарлық нәсіп етілді және жұма күні Аллаһ Тағала оны елшілік міндетімен құрметтеді.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

3) Құрайыштықтар Аллаһтың Елшісіне ﷺ қысым көрсетуге тырысып, оны және оның отбасын Абу Талибтың шатқалында қоршауды ұйымдастырды, бұл қоршау үш жылға созылды. Қоршауда болу Пайғамбар үшін ﷺ ауыр сынақ болды. Қоршау аяқталған кезде ол 49 жаста болатын.

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

4) Пайғамбарымыз ﷺ Мекке қаласында қай жылы туылған?

☐ Піл жылы;

☐ Хижрадан бұрын 53 жылы;

☐ Екі жауап та дұрыс.

5) Уахидің түсірілуі неден басталды?

☐ Пайғамбарымыз ﷺ оңашалануды жақсы көретін болды;

☐ Игі түстерден;

☐ Екі жауап та дұрыс.

6) Уахи дәрежелерінің саны:

☐ Бес;

☐ Жеті;

☐ Үш.

7) Пайғамбарымыздың ﷺ шақыруының сатылары:

☐ Екі;

☐ Үш;

☐ Бес.

8) Пайғамбарымыз ﷺ бір түнде рухы және тәнімен Иерусалимдегі әл-Ақса мешітіне алып барылды және сол жерден көктердің үстіне, Аллаһ Тағалаға көтерілді, сонда Аллаһ онымен сөйлесіп, намаз орындауды парыз етті.

☐ Пайғамбарымыз ﷺ тек денесімен көтерілді;

☐ Тек рухымен көтерілді;

☐ Пайғамбарымыз ﷺ денесімен де, рухымен де көтерілді.

9) Исламдағы ең алғашқы болып салынған мешіт:

☐ Әл-Харам мешіті;

☐ Пайғамбарымыздың ﷺ мешіті;

☐ Әл-Ақса мешіті;

☐ Құба мешіті.

10) Қыбыла қай кезде өзгерді?

☐ Хижрадан бұрын Мекке қаласында;

☐ Хижраның екінші жылы;

☐ Хижраның үшінші жылы.

11) Бадр шайқасы қай жылдың рамазан айында орын алды?

☐ Хижраның екінші жылы;

☐ Хижраның үшінші жылы.

12) Аллаһ Елшісіне ﷺ иман келтірген алғашқы адамдарды ретретімен жазыңыз:

(Али ибн Абу Талиб; Биләл ибн Рабах; Зәйд ибн Хариса; Абу Бакр)

Ерлерден: _____

Балалардан: _____

Азат етілген құлдардан: _____

Құлдардан: _____

13) Пайғамбарымыздың ﷺ анасы қайтыс болғанда, оны өз қамқорлығына атасы _____ алған.

— Оның ﷺ атасы Абдул-Мутоллиб ол _____ жасында болғанда қайтыс болды.

— Кейін Пайғамбарымызды ﷺ өзінің қамқорлығына көкесі _____ алды.

— Аллаһтың Елшісі ﷺ анасының құрсағында болған кезінде оның _____ қайтыс болған.

— Пайғамбарымыздың ﷺ анасы қайтыс болғанда ол әлі _____ жасқа жетпеген еді.

14) Пайғамбарымыздың ﷺ шайқастары мен әскери жорықтары:

— Барлық шайқастар мен әскери жорықтар Мәдинаға хижра жасалынғаннан кейін орын алған және _____ жыл жалғасқан.

— Оның шайқастары мен әскери жорықтарының саны _____ .

— Пайғамбарымыздың ﷺ өзі қатысқан шайқастардың саны _____ .

— Пайғамбарымыз ﷺ _____ шайқаста жарақат алған.

КІТАПТЫҢ МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3

БІРІНШІ ТАРАУ. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІ МЕН БАСШЫЛЫҒЫ 5

Пайғамбарымыздың ﷺ жеке қасиеттері 5

Пайғамбарымыздың ﷺ есімдері 6

Пайғамбарымыздың ﷺ жалпы сипаттамасы 8

Оның сыртқы бейнесі 9

Оның ұлы адамгершілік қасиеттері 10

БІРІНШІ ЕМТИХАН 16

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ БАСШЫЛЫҒЫ 20

Пайғамбарымыз ﷺ қалай киінген және қалай жеп-ішкен 20

Пайғамбарымыздың ﷺ тамақ жеу әдебі 21

Пайғамбарымыздың ﷺ сусын ішу әдебі 21

Пайғамбарымыздың ﷺ үйленуі және әйелдеріне деген қарым-қатынасы 21

Пайғамбарымыздың ﷺ ұйықтау және ұйқыдан тұру әдебі 23

Пайғамбарымыздың ﷺ адамдармен қарым-қатынасы..... 24

Пайғамбарымыздың ﷺ жүру әдебі 25

Пайғамбарымыздың ﷺ Аллаһты зікір етуі 25

Адамның тума болмысының (фитра) сүннеттері және осыған ілесетін нәрселер..... 26

Пайғамбарымыздың ﷺ сөйлеу әдебі 27

Пайғамбарымыздың ﷺ сөйлеуі, күлуі, жылауы және адамдарға құтпа айтуы 27

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЕРЕКШЕ ҚАСИЕТТЕРІ..... 29

ОНЫҢ ﷺ АҒАЙЫН-ТУЫСТАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІ 35

ЕКІНШІ ЕМТИХАН.....41

ЕКІНШІ ТАРАУ. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ӨМІРБАЯНЫ 46

УАХИДІҢ ТҮСЕ БАСТАУЫ..... 50

Оның ﷺ пайғамбарлық миссиясы 50

Уахидің дәрежелері 53

Пайғамбарымызға ﷺ түсірілген алғашқы уахи 54

Пайғамбарымыздың ﷺ шақыруының реттілік тәртібі 54

Оның шақыруының сатылары 55

Пайғамбарымызға ﷺ иман келтірген алғашқы адамдар 55

Пайғамбарымыздың ﷺ шақыруына жауап беруде өзгелерден озғандардың кейбірі 56

МЕККЕЛІК КЕЗЕҢ 57

Көпқұдайшылдардың Пайғамбарымызға ﷺ және оның сахабаларына көрсеткен зәбірлері мен қысымдары 57

Эфиопия жеріне көшу 58

Ансарлар және әл-Ғақабадағы ант беру 61

МӘДИНАЛЫҚ КЕЗЕҢ 62

Хижраның төртінші жылы 67

Хижраның бесінші жылы 67

Хижраның алтыншы жылы 68

Хижраның сегізінші жылы 69

Хижраның тоғызыншы жылы 74

Хижраның оныншы жылы 74

Хижраның он бірінші жылы..... 75

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ ЖОРЫҚТАРЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ 76

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ﷺ АУЫРУЫ ЖӘНЕ ҚАЙТЫС БОЛУЫ 78

ҚОРЫТЫНДЫ 80

ҮШІНШІ ЕМТИХАН..... 81

الْمُخْتَصَرُ الْمُفِيدُ
لِسِيرَةِ النَّبِيِّ الْمُصْطَفَى ﷺ وَشَمَائِلِهِ
بللغة القازاقية

هيثم بن محمَّد سرحان

المدرِّس بمعهد الحرم بالمسجد النَّبويِّ سابقًا، والمشرف على موقع

التَّأصيل العلميِّ

غفر الله له ولوالديه ولمن أعانه على إخراج هذا الكتاب

http://www.alsarhaan.com

islamtorrent@gmail.com

المترجم بللغة القازاقية طلعت أبو علي

الطَّبعة الأولى

جميع الحقوق محفوظةٌ إلَّا من أراد طبعه أو ترجمته لتوزيعه مجَّانًا بعد مراجعة المؤلِّف

Шейх, имам Абдул-Азиз ибн Баздың
(Аллаһ оны рахым етсін)

«Бүкіл мұсылман үмметіне арналған маңызды сабақтарының» түсіндірмесі

Бірінші басылым

түсідірмені жасаған:
«Сунна» институтының жетекшісі
шейх Хайсам ибн Мухаммад Жәмил Сархан
Аллаһ оны, оның ата-анасын және осы кітапты шығаруға көмектескен барлық адамдарды кешіріміне бөлесін

وقف الله تعالى لا يجوز بيعه

Бұл кітап уақфтық мүлік болып табылады және ол тек ақысыз таратылуға ғана арналған

اللغة القازاقية

شرح الدُّروس المهمَّة لعامَّة الأمَّة

للشيخ الإمام عبد العزيز بن باز رحمه الله

شرح فضيلة الشيخ هيثم بن محمد جميل سرحان
غفر الله له ولوالديه وللمسلمين

Барлық құқықтар қорғалған

Егер біреу кітапты ақысыз тарату үшін басып шығаруды немесе аударуды қаласа, бұл тек автордың тексеруінен кейін ғана жүзеге аса алады.

Автормен байланысу үшін келесі электронды мекенжайға жазыңыз: **islamtorrent@gmail.com**

АВТОРДЫҢ КІРІСПЕСІ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен бастаймын

Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы — Аллаһқа тән, әрі тек тақуалардың ғана соңы игі болмақ. Аллаһтың құлы әрі елшісі — Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және барлық сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Ал содан соң:

Бұл жолдау — әрбір адам Ислам дініне қатысты білуге тиісті нәрселерді түсіндіруге арналған шағын баяндама, әрі мен оны «Бүкіл Ислам үмметіне арналған маңызды сабақтар» деп атадым.

Мен Аллаһтан осы еңбекті мұсылмандар үшін пайдалы етуін және оны менен қабыл алуын сұраймын, расында, Ол — Кеңшілік Иесі (*әл-Жәууад*), Аса Жомарт (*әл-Кәрим*).

Абдул-Азиз ибн Баз

Біз осы «Маңызды сабақтарды» не үшін оқып үйренеміз?

Өйткені олар, бұны кітаптың авторы атап өткендей, маңызды болып табылады, әрі ғұламалар да бізге оларды оқып зерттеуді кеңес етеді. Егер де біреу: «Иә, олар маңызды, алайда тек қарапайым адамдар үшін. Ал мен жайлы айтар болсақ, онда мен білімгермін ғой әрі менің деңгейім қарапайым мұсылмандардың деңгейінен жоғары…», — деп айтса, біз одан бұл жолдауда не жайлы айтылғанын сұраймыз. Егер ол бұған жауап бере алмаса, онда жалпы мұсылмандардан болған қарапайым адам одан жақсырақ болғаны. Бұған қоса білім талап етуші адам сыпайылық танытуы қажет, ол өзін-өзі білім мен білім иелерінен жоғары қоюына болмайды, керісінше ол тақуа ғұламалардың жолына ілесуі керек.

«Маңызды сабақтар» өзінің құрамына не нәрселерді қамтиды?

1. Салиқалы сәләфтардың Құранға, оны оқуға, жаттауға, оның мағынасы жайлы ой жүгіртуге және оған сәйкес амал жасауға деген ерекше көзқарасы;

2. Исламның, Иманның, Ихсанның, Таухидтің мән-мағынасының және Ширктің түрлерінің түсіндірмесі;

3. Намазға қатысты мәселелерді талдау;

4. Тазаруға (тахаратқа) қатысты мәселелерді талдау;

5. Көркем мінез-құлыққа ие болу және Ислам әдептерін сақтау;

6. Ширк пен күнәлардан сақтандыру;

7. Қайтыс болған адамды жерлеуге дайындау және жаназа намазын оқу.

Ғұламалар өз еңбектерін не себепті «Бәсмәләмен» бастайды?

1) Аллаһтың Кітабына, сондай-ақ пайғамбарлар мен елшілерге (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) ілесу үшін;

2) Сәләфтардан болған ғалымдарға ілесу үшін;

3) Бұл сөздер арқылы Аллаһ Тағаладан береке тілеу үшін;

4) ***«Аллаһтың атымен басталмаған кез-келген амал кемісті»*** деген хадиске амал ету үшін. Бірақ бұл хадис сенімді емес.

БІРІНШІ САБАҚ

«Әл-Фәтиха» сүресі және кейбір қысқа сүрелер

Бірінші сабақ «әл-Фәтиха» сүресін, сондай-ақ мүмкіндігінше басқа да, «әз-Зәлзәлә» сүресінен «ән-Нәс» сүресіне дейінгі қысқа сүрелерді үйретуден, оларды дұрыс оқудан, жаттаудан және мағынасын ұстазбен бірге үйренуден тұрады.

ТҮСІНДІРМЕ

Құранды жаттауда сәләфтардың (әуелгі ізгілердің) жолына ілесу қажет. Ол күнделікті он аятты олардың мағынасы жайлы ойланып жаттаумен жүзеге асады. Бұған шейх Абдур-Рахман әс-Сиғди жазған Құранның қысқаша тәпсірі жәрдем болады. Кейін Аллаһтан Құранға сәйкес амалдар жасауға көмек сұрау қажет.

Білім талап етуші адам Құран тәпсірін оқуды қай кітаптан бастағаны жөн?

Бұны шейх Абдур-Рахман ибн Насыр әс-Сиғдидің Құран Кәрімге жазған тәпсірінен бастағаны жөн.

Неліктен?

1) Ғалымдардың кеңесіне еру үшін, сондай-ақ олардың оған ерекше нұсқағаны үшін;	**2)** Ол шағын болғандықтан, білім ізденуді бастаған адам үшін өте ыңғайлы;	**3)** Өйткені оның мағынасы жеңіл әрі түсінікті;	**4)** Өйткені ол, Аллаһ қаласа, Құранға сәйкес амалдар жасауға көмектеседі;	**5)** Өйткені автор онда бірқұдайшылыққа (таухидке) ерекше көңіл бөледі.

Адамдар Құранға қатысты үш топқа бөлінеді: екеуі шектен шыққан, ал біреуі орташыл, дұрыс жолды ұстанатын топ

1) Оны тұрақты түрде оқитын, жаттайтын және мағынасы жайлы ой жүгіртіп, Аллаһ Тағаладан оған сәйкес амал жасауда көмек сұрайтындар. Міне, осы адамдар — салиқалы сәләфтар және соларға ергендер;
2) Оны оқып жаттайтындар, алайда оның мағынасы жайлы ойланбай, соған сәйкес амал жасамайтындар;
3) Құранды тастап қойғандар. Ал бұл келесі нәрселерде көрініс табады:
— Оны оқуды тастау;
— Оны жаттауды тастау;
— Оның мағыналары жайлы ой-пікір жасауды тастау;
— Оған сәйкес амалдар жасауды тастау;
— Ол арқылы емделуді тастау.

Аллаһ Тағала былай деген:

وَقَالَ ٱلرَّسُولُ يَٰرَبِّ إِنَّ قَوْمِى ٱتَّخَذُوا۟ هَٰذَا ٱلْقُرْءَانَ مَهْجُورًا ﴿٣٠﴾

«Пайғамбар: «Раббым! Рас, менің елім бұл Құранды тастап қойды», — деді» («әл-Фурқан сүресі, 30-аят).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бір адам туралы былай деген: «***Оның ұрпағынан Құранды оқитын, алайда ол олардың кеңірдектерінен төмен түспейтін адамдар шығады. Олар мұсылмандарды өлтіріп, пұтқа табынушыларды қалдыратын болады. Олар Исламнан садақтан атылып шыққан жебедей ұшып шығып кетеді. Егер мен оларды көріп үлгеретін болсам, онда оларды Ғад қауымы жойылғандай етіп жоятын боламын***».

ШЕЙХ АБДУР-РАХМАН ИБН НАСЫР ӘС-СИҒДИДІҢ ҚҰРАН ТӘПСІРІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

«ӘЛ-ФӘТИХА» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ ﴿١﴾

ٱلْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ ٱلْعَٰلَمِينَ ﴿٢﴾ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ ﴿٣﴾ مَٰلِكِ يَوْمِ ٱلدِّينِ ﴿٤﴾ إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ﴿٥﴾ ٱهْدِنَا ٱلصِّرَٰطَ ٱلْمُسْتَقِيمَ ﴿٦﴾ صِرَٰطَ ٱلَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ ٱلْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا ٱلضَّآلِّينَ ﴿٧﴾

1) Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен! 2) Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы — Аллаһқа тән. 3) Аса Мейірімді, ерекше Рахымдыға. 4) Қиямет күнінің Иесіне! 5) Саған ғана құлшылық қыламыз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз! 6) Бізді тура жолға сала гөр. 7) Сен нығметке бөлегендердің жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ ﴿١﴾

«Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымen».

بِسْمِ اللهِ — Яғни Аллаһтың атымен бастаймын. Бұл тіркеске (араб тілі ережелеріне сәйкес) лексикалық талдау жасағанда, онда Ұлы Раббымыздың барлық көркем есімдері меңзеліп тұрғанын аңғаруға болады. Ал Аллаһ — осы есімдердің бірі болып табылады, оның мағынасы — Раббы деп танылатын, Оған құлшылық етілетін әрі Өзінің құдайлық кемелдік пен мінсіздік сипаттарына сәйкес құлшылыққа лайық жалғыз Құдай.

الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ — Аса Мейірімді және ерекше Рахымды деген көркем есімдер Оның (яғни Аллаһтың) әрбір нәрсені, әрбір жаратылысты қамтитын ұлы мейіріміне нұсқайды. Аллаһтың рахымына толықтай Оның пайғамбарлары мен елшілерінің жолын ұстанған, Аллаһтың тақуа құлдары ие болады. Ал қалған барлық жаратылыстар Аллаһтың мейірімінің бір бөлігін ғана алады. Барлық ислам ғалымдары Аллаһқа және Оның Иләһи-Құдайлық сипаттарына иман келтірудің міндетті екені туралы бірауыздан айтқанын білу қажет. Раббымыз — «*әр-Рахман*» (аса Мейірімді) және «*әр-Рахийм*» (ерекше Рахымды), яғни Ол

Өзінің құлдарында көрініс табатын мейірімділікке ие. Барлық нығметтер — Оның мейірімі мен рахымдылығының сансыз көп көріністерінің бірі. Аллаһтың басқа есімдері туралы да осыны айтуға болады. Ол барлық нәрсені Білуші. Ол — Аса Құдіретті, яғни Ол (шексіз) құдіретке ие және Оның билігі барлық жаратылыстарды қамтиды.

الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ

«Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы — Аллаһқа тән».

Бұл — Аллаһ Тағаланың кемел сипаттары және Оның мейірімімен немесе әділдігімен жасалатын істері үшін айтылатын мақтау сөздері. Бүкіл мақтау Оған тән және Ол ғана оған толығымен лайық. Ол жалғыз Өзі бүкіл әлемдерге билік етеді. Ал әлемдер дегенге Аллаһтың Өзінен басқа барлық болмыс кіреді. Ол ғаламды жаратты, онда тіршілік етушілерді түгел күнкөріспен қамтамасыз етті және оларға өте ұлы нығметтер берді, әрі олар осы нығметтерден айырылса, тіршілік ете алмайды. Жаратылыстарға берілген барлық нығметтер — Ұлы Раббымыздың сыйлары.

Аллаһ Тағаланың Раббылығы жалпы және жеке болып екіге бөлінеді. Жалпы раббылық — Оның жаратылыстарды жаратып, оларға ризық түсіріп, оларға тура жолды көрсетуінде әрі соның арқасында олар дүниедегі өмір тіршіліктерін реттей алуында көрінеді. Жеке раббылық — Аллаһ Тағаланың Өз сүйікті құлдарын тақуалық рухында тәрбиелеп, оларға иманға қол жеткізіп, оны кемелдеуге көмектесуінде, оларды тура жолдан адастырып, алыстатуы мүмкін болған нәрселерден қорғауында көрініс табады. Бұл раббылықтың мәні — Аллаһ Тағаланың өз құлдарына жақсылыққа апаратын барлық жолдарды жеңілдетіп, оларды кез-келген жамандықтан сақтауында. Пайғамбарлардың өз дұғаларында Аллаһ Тағаланы өздерінің Раббысы деп өте жиі атағаны да дәл сондықтан болар. Әрі бұл адамдардың ұмтылыстары да тек Аллаһ Тағаланың жеке раббылығымен байланысты болды ғой. Бұл аятта Аллаһ Тағала Өзін әлемдердің Раббысы деп атады әрі сонысымен Ол ғана жарататынын, басқаратынын және нығметтерді беретінін баса айтты. Ол бай-мұңсыз әрі өзінің жаратылыстарына мұқтаж емес. Ал барлық жаратылыс, керісінше, Оған мұқтаж және толығымен Оған тәуелді.

مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ

«Қиямет күнінің Патшасына!»

«*Мәлик*» деп патшалық пен билікке ие әрі сондықтан да бұйрық беруге және тыйым салуға, марапаттауға және жазалауға ерікті және өз

иелігіндегілерді басқарудың барлық түрін қамтитындай басқаруға құзыреті бар патша аталады. Ал шынайы билік кімге тиесілі екені Қиямет күні айқын болады. Бұл — адамдардың жасаған жақсылықтары мен жамандықтарының жазасын алатын күннің бір атауы. Сол күні Аллаһтың жаратылыстары Оның құдіретінің, әділдігі мен даналығының кемелдігін айқын көреді. Олар бұрын иелік еткен барлық нәрселерін жоғалтады. Патшалар мен қол астындағылар, құлдар мен азат адамдар — бәрі де Аллаһ Тағаланың алдында тең болады, Оның ұлылығына мойынсұнып, Оның құдіретінің алдында өте кішірейген халде тұрады. Олар Оның үкімін күтіп, сауабын қалап, жазасынан қорқады. Сондықтан Раббымыз өзін مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ «*Мәлик яуми-д-дин*», яғни сый әрі жаза берілетін күннің Патшасы деп атады, десе де Оның билігі бүкіл замандар мен уақытқа таралады.

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ

«Саған ғана құлшылық етеміз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз!»

Араб тілінің грамматикалық ережелеріне сәйкес егер (сөйлем құрылымында) есімдік етістіктен бұрын келсе, онда бұл іс-әрекеттің басқа ешкімге емес, тек аталған тұлғаға ғана қатысты болатынын білдіреді. Сондықтан біз талқылап отырған аят мынадай мағынаға ие: إِيَّاكَ — біз Саған ғана نَعْبُدُ — құлшылық етеміз әрі басқа ешкімге құлшылық етпейміз, إِيَّاكَ — Сенен ғана نَسْتَعِينُ — көмек сұрап, жалбарынамыз және басқа ешкімге көмек сұрап жалбарынбаймыз. Бұл аятта құлшылық көмек сұраудан бұрын аталып келген, және мұндай сөз құрылымы жекенің жалпыға қосылуының мысалы болып табылады, өйткені әлдебір нәрселер тізбектеп айтылғанда, әдетте жалпы жекеден бұрын айтылады. Осымен қатар мұндай сөздер тізбегі Аллаһ Тағаланың қақысының құлдарының қақыларынан жоғары екенін көрсетеді. Ғибадат — бұл өзінің құрамына Аллаһ жақсы көретін және разы болатын, жүрекпен және дене мүшелерімен орындалатын барлық сөздер мен амалдарды қамтитын жалпы ұғым. Ал көмек сұрап дұға ету — бұл Аллаһ Тағалаға бағытталған әрі міндетті түрде орындалады деген сенімге негізделген жақсылық сұрау және жамандықтан қорғау өтініші. Мәңгілік бақытқа жетудің және барлық жамандықтан құтылудың дұрыс жолы — Аллаһқа ғибадат ету және Одан көмек сұрап дұға ету. Бұдан бөлек құтылудың жолы жоқ. Сол себепті де ғибадат тек Аллаһтың разылығы үшін және Оның Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өсиеттеріне толық сәйкес орындалғанда ғана шынайы мағынаға ие болатынын білу өте маңызды болып табылады. Осы екі шарт орындалмай, ешқан-

дай ғибадат болмайды. Көмек сұрау ғибадаттың бір түрі болғанымен, бұл аятта Аллаһ Тағала оны бөлек атап өтті, өйткені Аллаһтың құлы кез келген рәсімді орындаған кезде Раббысының көмегіне мұқтаж болады. Оның көмегінсіз адам ешқашан Аллаһтың әмірлерін дұрыс орындап, күнәлардан аулақ бола алмайды.

اهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ

«Бізді тура жолға сала гөр».

Бұл мынадай мағынаны білдіреді: бізге тура жолды көрсет, бізді соған бағытта және соған ілесуде жәрдем бер. Бұл тура жол Аллаһқа апарып, Жәннатта аяқталады. Ал онымен тек ақиқатты біліп, өз амалдарында соны басшылыққа алғандар ғана жүріп өте алады. Сондай-ақ бұл мынадай мағынаны да білдіреді: бізді тура жолға салып, бізді осы жолмен жүргіз. Біріншісі Исламды қабылдап, басқа діндердің барлығынан бас тартуды көздесе, екіншісі — дін заң-ережелерін оқып үйреніп, оларды іс жүзінде жүзеге асыруды білдіреді. Бұл дұға Исламдағы ең пайдалы, терең және жан-жақты дұғалардың бірі болып табылады. Аллаһ Тағала адамдарға намаздың әрбір ракағатында осы сөздермен дұға етуді міндеттейді, өйткені әрбір адам Аллаһ Тағаланың көмегіне мұқтаж.

صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلا الضَّالِّينَ

«Сен нығметке бөлегендердің жолына! Ашуға ұшырағандардың және адасқандардың жолына емес!»

Тура жол — пайғамбарлардың, шыншыл мүминдердің, шаһидтер мен Аллаһ Тағала жарылқаған салиқалы адамдардың жолы. Бұл шындықты көріп, одан бас тартқандары үшін Оның ашуына ұшырағандардың жолы емес. Яһудилер мен соларға ұқсастар дәл осыған ұшырады. Бұл христиандар және басқалар сияқты білімсіздік пен адасу салдарынан ақиқаттан бас тартқан адасқандардың жолы емес.

Бұл сүре қысқа болса да, өз құрамына Құранның басқа ешбір сүресінде қамтылмаған нәрселерді қамтиды. Онда таухидтің (бірқұдайшылықтың) үш құрамдас бөлігі көрініс тапқан. Жалғыз Аллаһтың раббылығына деген сенім **«Әлемдердің Раббысына»** деген сөздерде қамтылған. Құлшылыққа тек Аллаһ қана лайық деген сенім «Аллаһ» есімінің өзі мен **«Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз»** деген сөздерде келген. Ал Құдайлық көркем есімдер мен кемел сипаттар тек Аллаһқа ғана тән деген сенім, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, **«Бүкіл мақтау Аллаһқа тән»** деген сөздерден туындайды. Бірқұдайшылықтың бұл құрамдас бөлігі Аллаһ Тағаланың Өзін-Өзі

сипаттаған және Оны Мухаммад пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сипаттаған барлық есімдері мен сипаттарына иман келтіруді білдіреді. Сонымен бірге, Құдайлық-Иләһи сипаттарды олардың шынайы мағынасынан айыруға (яғни олардың мағынасын теріске шығаруға) және жаратылыстардың сипаттарына теңеуге де болмайды.

Бұл сүреде Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлық миссиясының ақиқат екендігіне де дәлел бар, ол **«Бізді тура жолмен жүргіз»** деген сөздерде қамтылған. Өйткені, расында да, пайғамбарлық хабар болмағанда, бұл мүмкін болмас еді.

«Қиямет күнінің Патшасына» деген сөздерде адамдардың өз жасаған амалдары үшін міндетті түрде сый-сауап немесе жаза алатындығына нұсқау бар. Бұл жаза әділ болады, өйткені «әд-дин» сөзі әділ жаза дегенді білдіреді.

Бұл сүре сондай-ақ (тағдырды теріске шығаратын) қадарилер мен (пенде барлық амалдарында Аллаһ тарапынан мәжбүрлі дейтін) жәбәрилердің көзқарастарының қателігін көрсетеді, өйткені онда адамдардың таңдау құқығы бар болуымен қоса, барлық нәрсе Аллаһ Тағаланың тағдырына сәйкес болатыны айтылған.

Оның үстіне, бұл сүре діндегі жаңалықтардың (*бидғаттар*) және адасушы ағымдардың барлық жақтастарының пікірлерін жоққа шығарады, өйткені **«Бізді тура жолмен жүргізе гөр»** деген сөздер мұсылмандарды ақиқатты білуге және өз істерінде соны басшылыққа алуға шақырады. Ал бүлік, бидғат пен адасушылықтарды ұстанушыларға келсек, олардың әрқайсысы тура жолдан бас тартатыны сөзсіз.

Сонымен бірге бұл сүреде Аллаһ Тағалаға шын ықыласпен құлшылық етуге және Одан ғана жәрдем сұрауға үндеу бар. **«Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз»** деген сөздердің мағынасы осы.

Әрі бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы — Аллаһқа тән!

«АЯТ ӘЛ-КУРСИДІҢ» ТӘПСІРІ

ٱللَّهُ لَآ إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ ٱلْحَىُّ ٱلْقَيُّومُ ۚ لَا تَأْخُذُهُۥ سِنَةٌ وَلَا نَوْمٌ ۚ لَّهُۥ مَا فِى ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَمَا فِى ٱلْأَرْضِ ۗ مَن ذَا ٱلَّذِى يَشْفَعُ عِندَهُۥٓ إِلَّا بِإِذْنِهِۦ ۚ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ ۖ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَىْءٍ مِّنْ عِلْمِهِۦٓ إِلَّا بِمَا شَآءَ ۚ وَسِعَ كُرْسِيُّهُ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلْأَرْضَ ۖ وَلَا يَـُٔودُهُۥ حِفْظُهُمَا ۚ وَهُوَ ٱلْعَلِىُّ ٱلْعَظِيمُ ﴿٢٥٥﴾

«Аллаһ — Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Ол Тірі, толық Меңгеріп Тұрушы. Ол қалғымайды да, ұйықтамайды. Көктердегі және жердегі нәрселер Оның иелігінде. Оның алдында Оның рұқсатынсыз кім шапағат етеді? Ол оларға дейін болғанды да, олардан кейін не болатынын да біледі, ал олар оның білімінен Оның қалауынан басқа еш нәрсені қамти алмайды. Оның Күрсиі көктер мен жерді қамтиды. Оған оларды қорғау ауыр келмейді және Ол — Өте Биік, Аса Зор» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтқандай, бұл Құран аяттарының ішіндегі ең ұлысы, өйткені ол өзіне бірқұдайшылықтың, сондай-ақ Жаратушы Иеміздің сипаттарының ұлылығы мен шексіздігінің куәлігін қамтыған.

ٱللَّهُ لَآ إِلَٰهَ إِلَّا هُوَ

«Аллаһ, Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ».

Аллаһ Тағала барлық құдайлық сипаттарға ие және Жалғыз Ол ғана құдайлық пен құлшылыққа лайық, сондықтан басқа жаратылыстарды құдай етіп дәріптеу әділетсіз және пайдасыз болып табылады.

ٱلْحَيُّ (*әл-Хайю* — Тірі) — Аллаһ Тағаланың аса көркем есімдерінің бірі. Ол Аллаһ Тағала Өзінің болмысына тірі болудың ең көркем сипаттарын, соның ішінде (барлық нәрсені) есту, көру, (барлық нәрсеге деген) құдірет, ерік және Оның болмысына қатысты басқа да сипаттарды бірік-тіретінін білдіреді.

ٱلْقَيُّومُ (*әл-Қайюм* — Толық Меңгеруші) — бұл Аллаһ Тағаланың тағы бір көркем есімі. Бұл есім Оның ең кемел істерді жасайтынын білдіреді. Ол Өз-Өзіне жеткілікті, басқа ешкімді қажет етпейтін Толық билеуші Патша болып табылады, ол жаратылыстарына мұқтаж емес, керісінше Ол оларды жаратып, олардың тіршілігін сақтап, оларды қажетті нәрселердің барлығымен қамтамасыз етеді.

لَا تَأْخُذُهُۥ سِنَةٌ وَلَا نَوْمٌ ۚ

«Ол қалғымайды да, ұйықтамайды».

Аллаһ Тағаланың кемел өмірі мен ешкімге және ешнәрсеге мұқтажсыз Өз-Өзіне жеткілікті болуы Оның қалғуға да, ұйқыға да ұшырамайтындығында көрініс табады. Бұл құбылыстар жаратылыстарға тән, өйткені олар шаршаумен, әлсіздікпен және күшсіздікпен сипатталады. Алайда бұл (қалғу және ұйықтау деген сипаттар) ұлылық, құдірет және көркемдік Иесі Аллаһ Тағалаға мүлде жат.

لَّهُۥ مَا فِي ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَمَا فِي ٱلْأَرْضِ ۗ

«Көктердегі және жердегі нәрселер Оның иелігінде».

Аллаһ Тағала көктер мен жердің билігі Оған тән екендігін хабарлаған. Барлық жаратылыстар — Аллаһтың құлдары, олардың ешқайсысы бұл тәуелділіктен құтыла алмайды. Аллаһ Тағала былай деген:

إِن كُلُّ مَن فِي ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلْأَرْضِ إِلَّآ ءَاتِي ٱلرَّحْمَٰنِ عَبْدًا ﴿٩٣﴾

«**Көктер мен жердегі әркім Аса Мейірімдіге тек құл болып келеді**» («Мәриям» сүресі, 93-аят). Аллаһ Тағала құлдарына иелік етеді және Раббы мен Патшаға тән билікке, құдіретке, ұлылыққа және басқа да сипаттарға ие.

مَن ذَا ٱلَّذِي يَشْفَعُ عِندَهُۥٓ إِلَّا بِإِذْنِهِۦ ۚ

«Оның құзырында Өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді?»

Оның билігінің кемелдігі ешкімнің Оның алдында Оның рұқсатынсыз шапағат ете алмайтындығынан көрініс табады. Барлық даңқты-шарапатты жаратылыстар мен шапағатшылар Оның құлдары болып табылады және Аллаһ оларға рұқсат бермейінше басқаларға шапағат ете алмайды. Аллаһ Тағала былай деген:

قُل لِّلَّهِ ٱلشَّفَٰعَةُ جَمِيعًا ۖ لَّهُۥ مُلْكُ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلْأَرْضِ ۖ ثُمَّ إِلَيْهِ تُرْجَعُونَ ﴿٤٤﴾

«(Мухаммад, оларға)**: «Шапағат толығымен тек Аллаһтың иелігінде. Көктер мен жердің билігі тек Оныкі әрі сендер Соған қайтарыласыңдар», — деп айт**» («әз-Зүмәр» сүресі, 44-аят).

Аллаһ Тағала Өзі разы болған пенделеріне ғана шағат жасалуына рұқсат етеді. Ал Ол тек бірқұдайшылықты ұстанып, Оның елшілерінің жолын ұстанушыларға ғана разы болады, бірақ егер адам осы сипаттарға ие болмаса, онда оған шапағаттан ешбір үлес жоқ.

يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ ۖ وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِّنْ عِلْمِهِۦٓ إِلَّا بِمَا شَآءَ

«Ол олардың алдарындағыны (болашағын) **да, арттарындағыны** (өткен шақта болғанды) **да біледі. Олар Оның білімінен Оның қалауынан басқа еш нәрсені біліммен қамти алмайды».**

Кейін Аллаһ Тағала Өзінің шексіз және барлық болмысты қамтитын білімі туралы хабарлады. Ол сол (білімі) арқылы болашақта жаратылысты күтіп тұрған нәрселерді, олар қаншалықты алыс елестетілсе де, және өткендегі нәрселерді, олар қаншалықты алыс болса да, біледі. Тіпті көздің не нәрсеге жасырын ұрланып қарайтынын әрі жүректе не нәрсе жасырылғанын білетін Аллаһтан ешнәрсені жасыру мүмкін емес. Ал жаратылыстарға келетін болсақ, олар Аллаһтың білімінің тереңдігінен Аллаһ қалаған нәрсеге ғана жете алады. Ол оларға діни нұсқаулар мен әлемиет заңдарын үйретті, бірақ бұл таным — Ұлы Жаратушының құдайлық білімінің мұхитында жоғалып кететін оның өте кішкентай бөлшегі ғана. Сол себепті Аллаһ туралы барлық жаратылыстардан жақсырақ хабардар болған елшілер мен періштелер:

سُبْحَٰنَكَ لَا عِلْمَ لَنَآ إِلَّا مَا عَلَّمْتَنَآ ۖ إِنَّكَ أَنتَ ٱلْعَلِيمُ ٱلْحَكِيمُ

«**Сен Пәксің! Біз Сенің бізге үйреткеніңді ғана білеміз. Расында, Сен барлық нәрсені Білуші, Аса Данасың**», — деп айтатын («әл-Бақара» сүресі, 32-аят).

وَسِعَ كُرْسِيُّهُ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلْأَرْضَ ۖ وَلَا يَـُٔودُهُۥ حِفْظُهُمَا ۚ وَهُوَ ٱلْعَلِيُّ ٱلْعَظِيمُ

«Оның Курсиі көктер мен жерді сыйдырады. Әрі Оған ол екеуін қорғау ауыр келмейді. Әрі Ол — аса Жоғары, тым Зор».

Содан соң Аллаһ Тағала Өзінің құдіреті мен ұлылығы әрі оның дәлелі ретінде көктер мен жерді қамтитын Курсиі туралы хабарлады. Аллаһ көктер мен жерді, сондай-ақ оларды мекендейтін жаратылыстарды Өзі орнатқан әлемиеттік тәртіп әрі олар солар арқылы өмір сүретін белгілі заңдар арқылы қорғайды. Алайда, Оның құдіреті кемел, билігі шексіз, нұсқаулары даналыққа толы болғандықтан, бұл Оған еш ауыртпалық түсірмейді.

Оның көркем есімдерінің бірі — الْعَلِيّ (*әл-Ғалийю* — Аса Жоғары). Ол өзінің болмысымен жаратылыстардан жоғары, Оның сипаттары ұлылыққа толы, барлық жаратылыстар мен жәндіктер Оның құдіретіне мойынсұнған, барлық құлдар Оған мойынсұнады әрі бағынады.

Оның тағы бір есімі — الْعَظِيمُ (*әл-Ғазыйм* — Тым Зор). Ол өзінің болмысына ұлылық, абырой мен даңқтың барлық сипаттарын біріктіреді, соның арқасында жүректер Оған деген сүйіспеншілікке және жандар Оған деген тағзымға толы. Шынайы білім иелері кез келген жаратылыстың, тіпті ең даңқты және ең ұлық жаратылыстың ұлылығы, Ұлы Раббысының ұлылығымен салыстырғанда елеусіз екенін өте жақсы біледі.

Бұл аят шынымен де ұлы әрі өте көркем мағынаға ие, және Құран аяттарының ең ұлысы деп аталуға лайық. Ал егер адам оны оқып, ол жайлы ой жүгіртіп, мағынасын түсінсе, оның жүрегі нық сенімге, білім мен иманға толы болады, соның арқасында ол өзін шайтанның арам пиғылынан сақтайды.

«ӘЗ-ЗӘЛЗӘЛӘ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(сүре Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِذَا زُلْزِلَتِ ٱلْأَرْضُ زِلْزَالَهَا ﴿١﴾ وَأَخْرَجَتِ ٱلْأَرْضُ أَثْقَالَهَا ﴿٢﴾ وَقَالَ ٱلْإِنسَٰنُ مَا لَهَا ﴿٣﴾ يَوْمَئِذٍ تُحَدِّثُ أَخْبَارَهَا ﴿٤﴾ بِأَنَّ رَبَّكَ أَوْحَىٰ لَهَا ﴿٥﴾ يَوْمَئِذٍ يَصْدُرُ ٱلنَّاسُ أَشْتَاتًا لِّيُرَوْا۟ أَعْمَٰلَهُمْ ﴿٦﴾ فَمَن يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُۥ ﴿٧﴾ وَمَن يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُۥ ﴿٨﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) (Қиямет Күні басталғанда) **жер өзінің сілкінуімен сілкінген сәтте. 2) Және** (екінші рет Сұр үрленген соң өзінің) **ішіндегі жүгін** (қазыналар мен өлілерді) **шығарған кезде. 3) Әрі адам баласы: «Онымен не болды?», — деген сәтте. 4) Ол** (Қиямет есеп соты болатын) **күні жер** (Аллаһтың құлдары оның бетінде не істегендері туралы) **өзінің хабарларын айтып береді. 5) Өйткені Раббың оған осыны уахи етеді. 6) Сол** (Есеп беру Қиямет Күні) **күні, адамдар, оларға істеген амалдары көрсетілуі үшін,** (есеп айырысу орнына наным-сенімдеріне және істеген істеріне сәйкес) **топ-топ болып келеді. 7) Сонда кім** (өз өмір сүру кезінде) **тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, соны** (өз амал кітабында жазылғанын) **көреді** (әрі соған қуанады)**. 8) Ал кім** (өз өмір сүру кезінде) **тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істеген болса, соны көреді.**

إِذَا زُلۡزِلَتِ ٱلۡأَرۡضُ زِلۡزَالَهَا ١

1) (Қиямет Күні басталғанда) **жер өзінің сілкінуімен сілкінген сәтте.**

وَأَخۡرَجَتِ ٱلۡأَرۡضُ أَثۡقَالَهَا ٢

2) Және (екінші рет Сұр үрленген соң өзінің) **ішіндегі жүгін** (қазыналар мен өлілерді) **шығарған кезде.**

وَقَالَ ٱلۡإِنسَٰنُ مَا لَهَا ٣

3) Әрі адам баласы: «Онымен не болды?», — деген сәтте.

Бұл алғашқы үш аятта Аллаһ Тағала жер оның бетіндегі барлық нәрсе қирап, жойылғанға дейін сілкінетін Қиямет күні орын алатын оқиғаларды хабарлаған. Сол күні таулар талқандалып, төбелер жермен жексен болады. Бүкіл жер бірде-бір қисықтығы мен ойпаты жоқ теп-тегіс жазыққа айналады. Ол өзінің қойнауындағы барлық қайтыс болғандардың денелері мен көмілген қазыналарды атқылап шығарады, әрі сонда адамдар бұл ұлы сілкіністерді көріп: «Жерге не болды?» — дейді.

يَوۡمَئِذٖ تُحَدِّثُ أَخۡبَارَهَا ٤

4) Ол (Қиямет есеп соты болатын) **күні жер** (Аллаһтың құлдары оның бетінде не істегендері туралы) **өзінің хабарларын айтып береді.**

بِأَنَّ رَبَّكَ أَوۡحَىٰ لَهَا ٥

5) Өйткені Раббың оған осыны уахи етеді.

يَوۡمَئِذٖ يَصۡدُرُ ٱلنَّاسُ أَشۡتَاتٗا لِّيُرَوۡاْ أَعۡمَٰلَهُمۡ ٦

6) Сол (Есеп беру Қиямет Күні) **күні, адамдар, оларға істеген амалдары көрсетілуі үшін,** (есеп айырысу орнына наным-сенімдеріне және істеген істеріне сәйкес) **топ-топ болып келеді.**

Бұл аяттарда жер әлем тұрғындарының барлық жақсылықтары мен жамандықтарына куә болатыны туралы айтылған. Яғни ол адам баласының істері туралы айқын баяндап беретін куәгердің бірі болады. Аллаһ Тағала жерге оның бетінде болған барлық нәрселерді хабарлауды бұйырады және ол Аллаһтың бұйрығына қарсы шығуға қақысы болмайды. Сол күні адамдар бөлек-бөлек топтарға бөлініп, (Махшар) жиналу алаңына шығады. Сонда Аллаһ Тағала оларға қандай күнәлар мен жақсылықтар жасағандарын көрсетеді және оларға толық сыйын не жазасын береді.

فَمَن يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُۥ ﴿٧﴾

7) Сонда кім (өз өмір сүру кезінде) **тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, соны** (өз амал кітабында жазылғанын) **көреді** (әрі соған қуанады).

وَمَن يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُۥ ﴿٨﴾

8) Ал кім (өз өмір сүру кезінде) **тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істеген болса, соны көреді.**

Бұл жақсылық пен жамандықтың бәріне (яғни үлкендеріне де, кішілеріне де) толықтай қатысты, өйткені егер адам жасаған ісінің ең кішкентайын, яғни тіпті тозаңның түйіріндейін көретін болса, онда, демек, ол одан үлкен амалдарды тіпті көреді. Аллаһ Тағала былай деді:

يَوْمَ تَجِدُ كُلُّ نَفْسٍ مَّا عَمِلَتْ مِنْ خَيْرٍ مُّحْضَرًا وَمَا عَمِلَتْ مِن سُوٓءٍ تَوَدُّ لَوْ أَنَّ بَيْنَهَا وَبَيْنَهُۥٓ أَمَدًۢا بَعِيدًا ۗ وَيُحَذِّرُكُمُ ٱللَّهُ نَفْسَهُۥ ۗ وَٱللَّهُ رَءُوفٌۢ بِٱلْعِبَادِ ﴿٣٠﴾

«**Сол** (Қиямет) **күні әрбір жан** (дүниелік өмірде) **істеген игілігі мен істеген жамандығын әзір табады** (әрі осының сыйын не жазасын күтеді). **Әрі ол өзі мен осы** (жаман істерінің) **арасы ұзақ қашықтықта болуын қалайды. Аллаһ сендерді Өзінен сақтандырады** (Оның қаһарынан қорқыңдар). (Бірақ, сонымен бірге) **Аллаһ құлдарына тым Жұмсақ** (екенін де біліңдер)» («Әли Имран» сүресі, 30-аят).

(Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:)

وَوُضِعَ ٱلْكِتَٰبُ فَتَرَى ٱلْمُجْرِمِينَ مُشْفِقِينَ مِمَّا فِيهِ وَيَقُولُونَ يَٰوَيْلَتَنَا مَالِ هَٰذَا ٱلْكِتَٰبِ لَا يُغَادِرُ صَغِيرَةً وَلَا كَبِيرَةً إِلَّآ أَحْصَىٰهَا ۚ وَوَجَدُوا۟ مَا عَمِلُوا۟ حَاضِرًا ۗ وَلَا يَظْلِمُ رَبُّكَ أَحَدًا ﴿٤٩﴾

«**Әрі кітап** (әрбір адамның амалдары жазылған кітабы оның қолына) **қойылады. Сонда күнәһарладың одан** (яғни онда жазылғаннан) **шошынып қорыққанын көресің. Олар: «Қасірет бізге! Бізге нендей өкініш! Мына кітапта кішкенені де, үлкенді де тастамай-ақ түгендепті», — дейді. Сондай-ақ олар** (дүниелік өмірінде) **істегендерін өздеріне ұсынылған түрде табады. Раббың ешкімге әділетсіздік** (зұлымдық) **қылмайды**» («әл-Кәһф» сүресі, 49-аят).

Жоғарыда айтылғандардың бәрі адамдарды тіпті кішкентай болса да жақсылық жасауға және елеусіз болса да жамандық жасаудан аулақ болуға үндейді.

«ӘЛ-ҒАДИЯТ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَٱلْعَٰدِيَٰتِ ضَبْحًا ﴿١﴾ فَٱلْمُورِيَٰتِ قَدْحًا ﴿٢﴾ فَٱلْمُغِيرَٰتِ صُبْحًا ﴿٣﴾ فَأَثَرْنَ بِهِۦ نَقْعًا ﴿٤﴾
فَوَسَطْنَ بِهِۦ جَمْعًا ﴿٥﴾ إِنَّ ٱلْإِنسَٰنَ لِرَبِّهِۦ لَكَنُودٌ ﴿٦﴾ وَإِنَّهُۥ عَلَىٰ ذَٰلِكَ لَشَهِيدٌ ﴿٧﴾ وَإِنَّهُۥ لِحُبِّ
ٱلْخَيْرِ لَشَدِيدٌ ﴿٨﴾ * أَفَلَا يَعْلَمُ إِذَا بُعْثِرَ مَا فِى ٱلْقُبُورِ ﴿٩﴾ وَحُصِّلَ مَا فِى ٱلصُّدُورِ ﴿١٠﴾ إِنَّ
رَبَّهُم بِهِمْ يَوْمَئِذٍ لَّخَبِيرٌۢ ﴿١١﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Қатты ентігіп, шапқан; 2) (Тұяқтарынан) **ұшқын шығарған; 3) Таң сәріден** (дұшпандарға) **шабуыл жасаған; 4) Тозаңдатып, шаңдатқан; 5) Сөйтіп жаудың ортасына жарып кірген аттармен ант. 6) Шын мәнінде адам баласы Раббысына тым шүкірсіз. 7) Өйткені ол өзі де** (немесе Аллаһ та) **оған куә. 8) Сондай-ақ ол байлықты өте жақсы көреді. 9) Ал олар** (яғни адамдар) **білмейді ме? Қабірдегілер** (өлгендер) **қопарылып шығарылған кезде. 10) Көкіректегілер** (адамдардың жүректеріндегілері) **ашыққа шығарылатын** (өлшенген және көрсетілген) **сәтте. 11) Сол** (Қиямет) **күні** (олардың барлығын қайта тірілтетін) **Раббылары** (олар туралы барлық нәрседен) **хабардар.**

Аллаһ Тағала:

وَٱلْعَٰدِيَٰتِ ضَبْحًا ﴿١﴾ فَٱلْمُورِيَٰتِ قَدْحًا ﴿٢﴾

«Қатты ентігіп, шапқан. (Тұяқтарынан) **ұшқын шығарған»,** — деп, жылқылармен ант етті, өйткені бұл жануарлар Аллаһтың керемет аят-белгілерінің бір көрінісі болып табылады және адамдарға үлкен пайда әкеледі. Осы орайда Аллаһ Тағала жылқының басқа барлық жануарлардан жоғары тұратын сипаттарын да ерекше атап өтті. Олар тынысы тым ентіккенге дейін өте тез, жүйрік жүгіреді, әрі соның нәтижесінде кеуделерінен таңғажайып дыбыс шығады. Олардың тұяқтарының қатты, ал соққыларының күшіті болғаны сонша, олар сол тұяқтарымен шақпақ шағып, ұшқындар шашыратады.

فَٱلْمُغِيرَٰتِ صُبْحًا ﴿٣﴾ فَأَثَرْنَ بِهِۦ نَقْعًا ﴿٤﴾ فَوَسَطْنَ بِهِۦ جَمْعًا ﴿٥﴾

3) Таң сәріден (дұшпандарға) **шабуыл жасаған; 4) Тозаңдатып, шаңдатқан; 5) Сөйтіп жаудың ортасына жарып кірген аттармен ант.**

Бұл сөздерден шабуыл әдетте ерте, таң уақытында басталатыны түсінікті болады.

Аллаһ Тағала бұл анттарды адамдар (көп жағдайда) Аллаһ Тағаланың әмірлерін орындаудан және жақсылық жасаудан бас тартатынын бекітіп айту үшін келтіріп:

إِنَّ ٱلْإِنسَٰنَ لِرَبِّهِۦ لَكَنُودٌ ﴿٦﴾

«Шын мәнінде адам баласы Раббына тым шүкірсіз», — деді.

Адамның жаратылысы сондай, нәпсі адамды өз міндеттерін дұрыс атқарудан үнемі тежеп отырады. Адам жалқау және көбінесе өзінің материалдық және физикалық міндеттерін орындаудан бас тартады. Бұл жаман сипаттан Аллаһ тура жолға салған адамдар ғана құтыла алады. Мұндай адамдар өз міндеттерін адал атқарып, нағыз әрі шынайы ұлылыққа қол жеткізеді.

وَإِنَّهُۥ عَلَىٰ ذَٰلِكَ لَشَهِيدٌ ﴿٧﴾

«Өйткені ол өзі де (немесе Аллаһ та) **оған куә».**

Адам өзінің ашкөздігі мен шүкірсіздігінің куәгері болып табылады. Әрі ол бұл жайлы тартыспайды да, немесе бұны теріске шығаруға да тырыспайды, өйткені бұл сипаттар айқын және түсінікті. Кейбір тәпсірші ғалымдар бұл аяттағы «Ол» деген үшінші жақ есімдігі Аллаһқа қатысты деген пікір айтқан. Ал бұл тәпсірден адамның Раббысына шүкірлік етпейтіні әрі Аллаһ бұған куә екендігі шығады. Демек, бұл сөздерде пенденің әрбір іс-әрекетіне куә болған Аллаһ Тағалаға шүкіршілік етуден бас тартатын адамдарға қатты қорқыту бар.

وَإِنَّهُۥ لِحُبِّ ٱلْخَيْرِ لَشَدِيدٌ ﴿٨﴾ ✻

«Сондай-ақ ол байлықты өте жақсы көреді».

Осылайша, пенденің мал-мүлікке деген сүйіспеншілігінің дәл өзі оның Аллаһ оған бұйырған парыздарын орындаудан бас тартуына себеп болады да, ол өз нәпсісінің төмен әуес-құмарлықтарын қанағаттандыруды Жаратқан Иесінің разылығына ие болудан артық көреді. Ал мұның себебі — Ол Ақыретті мүлде ұмытып, өз дүниетанымы мен көзқарастарын осы дүниелік өмірмен ғана шектегенінде.

أَفَلَا يَعْلَمُ إِذَا بُعْثِرَ مَا فِي ٱلْقُبُورِ ﴿٩﴾ وَحُصِّلَ مَا فِي ٱلصُّدُورِ ﴿١٠﴾ إِنَّ رَبَّهُم بِهِمْ يَوْمَئِذٍ لَّخَبِيرٌ ﴿١١﴾

Ал олар (яғни адамдар) **білмейді ме? Қабірдегілер** (өлгендер) **қопарылып шығарылған кезде. 10) Көкіректегілер** (адамдардың жүректеріндегілері) **ашыққа шығарылатын (өлшенген және көрсетілген) сәтте. 11) Сол** (Қиямет) **күні** (олардың барлығын қайта тірілтетін) **Раббылары (олар туралы барлық нәрседен) хабардар.**

Бұл сөздерімен Раббымыз адамдарды Қиямет күнінен қорқуға шақырады. Бұл өте қорқынышты күні Аллаһ Тағала өлгендерді тірілтеді және барлық адамдарды әділ сот жасау үшін жинайды. Сол күні адамның жүрегінде жасырылған жақсылық пен жамандықтың бәрі анық болады. Сырлар ашылып, адамдардың істеген істері олардың жүздерінен көрінетін болады. Аллаһ Тағалаға бұл істердің әрбірі белгілі болады әрі Ол адамдарға олар жасаған әрбір ісінің сауабын немесе жазасын міндетті түрде береді. Аллаһ Тағала Өзінің жаратылыстарының амалдарынан әрдайым, үнемі хабардар, бірақ Ол Өзінің Қиямет күніндегі бұл туралы хабардарлығын ерекше атап айтқанының себебі — (Сол Күні) әділ жаза Оның бүкіл нәрсені қамтитын білімі негізінде жасалатын болады.

«ӘЛ-ҚОРИҒА» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

ٱلْقَارِعَةُ ﴿١﴾ مَا ٱلْقَارِعَةُ ﴿٢﴾ وَمَآ أَدْرَىٰكَ مَا ٱلْقَارِعَةُ ﴿٣﴾ يَوْمَ يَكُونُ ٱلنَّاسُ كَٱلْفَرَاشِ ٱلْمَبْثُوثِ ﴿٤﴾ وَتَكُونُ ٱلْجِبَالُ كَٱلْعِهْنِ ٱلْمَنفُوشِ ﴿٥﴾ فَأَمَّا مَن ثَقُلَتْ مَوَٰزِينُهُۥ ﴿٦﴾ فَهُوَ فِي عِيشَةٍ رَّاضِيَةٍ ﴿٧﴾ وَأَمَّا مَنْ خَفَّتْ مَوَٰزِينُهُۥ ﴿٨﴾ فَأُمُّهُۥ هَاوِيَةٌ ﴿٩﴾ وَمَآ أَدْرَىٰكَ مَا هِيَهْ ﴿١٠﴾ نَارٌ حَامِيَةٌۢ ﴿١١﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Ұлы Қорқытушы (Апат)**. 2) Ол Қорқытушы** (Апат) **не нәрсе? 3) Сен Ол Ұлы Қорқытушы** (Апаттың) **не екенін қайдан білер едің? 4) Ол күні** (ұлы қорқыныштан) **адамдар (Махшар (Жиналу) орнына жиналғандарына дейін), таралған ұсақ көбелектер сияқты, ретсіз,**

тәртіпсіз қозғалатын болады. 5) Әрі таулар (тозаң болып жан-жаққа ұшып кететіні себепті) түтілген жүндей болады. 6) Міне, сонда (Қиямет күні) **кімнің таразысы** (игі амалдарымен) **ауыр тартса, 7) Сол разы болатын бір тіршілікте** (Жәннатта) **болады. 8) Ал енді кімнің таразысы жеңіл тартса** (яғни таразысындағы жаман амалдары жақсы амалдарын басып тастаса)**, 9) Соның қайтар орны Һауия болады. 10) Сен** (уа Пайғамбар) **Һауияның не екенін қайдан білер едің? 11) Ол —** (ыстығы мен күштілігі шегіне дейін жеткен) **жалындаған от.**

ٱلْقَارِعَةُ ﴿١﴾

«Ұлы Қорқытушы (Апат)**».**

Бұл Қиямет күнінің атауларының бірі. Ол сол күні орын алатын және адамдардың жүрегіне өте ұлы қорқыныш салатын ұлы оқиғалармен байланысты (осылай аталады). Раббымыз бұл күннің маңыздылығын атап, әрі қарай былай деді:

مَا ٱلْقَارِعَةُ ﴿٢﴾ وَمَآ أَدْرَىٰكَ مَا ٱلْقَارِعَةُ ﴿٣﴾ يَوْمَ يَكُونُ ٱلنَّاسُ كَٱلْفَرَاشِ ٱلْمَبْثُوثِ ﴿٤﴾ وَتَكُونُ ٱلْجِبَالُ كَٱلْعِهْنِ ٱلْمَنفُوشِ ﴿٥﴾

«Ол Қорқытушы (Апат) **не нәрсе? Сен Ол Қорқытушы** (Апаттың) **не екенін қайдан білер едің? Ол күні** (ұлы қорқыныштан) **адамдар** (Махшар (Жиналу) орнына жиналғандарына дейін)**, таралған ұсақ көбелектер сияқты, ретсіз, тәртіпсіз қозғалатын болады. Әрі таулар** (тозаң болып жан-жаққа ұшып кететіні себепті) **түтілген жүндей болады».**

(Сол Қиямет күні орын алатын) қатты қорқыныш пен үрейдің салдарынан адамдар жер бетінде шашылған рет-тәртіпсіз қозғалатын тынышсыз шатырқанаттар немесе шегірткелер сияқты болады. Шатырқанат — түнде ұшатын және басқа да шатырқанаттардың қалың тығыз арасында ретсіз қозғалатын жәндік. Ақылдарының жеткіліксіздігінен олар отты көргенде оған қарай бас салады. Адамдар ақылға ие болса да, бірақ Қиямет күні келгенде дәл осы ақылсыз жаратылыстардың жағдайында болады.

Асқар әрі алпауыт тауларға келсек, олар да таралған жүн сияқты жұмсақ әрі жеп-жеңіл болады. Тіпті ең жеңіл жел де оларды алып кете алады, сондықтан Аллаһ Тағала:

وَتَرَى ٱلْجِبَالَ تَحْسَبُهَا جَامِدَةً وَهِىَ تَمُرُّ مَرَّ ٱلسَّحَابِ ۚ صُنْعَ ٱللَّهِ ٱلَّذِىٓ أَتْقَنَ كُلَّ شَىْءٍ ۚ إِنَّهُۥ خَبِيرٌۢ بِمَا تَفْعَلُونَ ﴿٨٨﴾

«**Әрі сен қозғалыссыз деп санаған таулардың бұлттай қозғала бастайтынын көресің**», — деп айтқан («ән-Нәмл» сүресі, 88-аят). Кейін таулар шашылған шаң-тозаңға айналып, із-түзсіз жоқ болып жоғалып кетеді. Міне сонда таразылар орнатылады, ал адамдар бақыттылар мен бақытсыздар болып екіге бөлінеді.

فَأَمَّا مَن ثَقُلَتْ مَوَٰزِينُهُۥ ۝٦ فَهُوَ فِي عِيشَةٍ رَّاضِيَةٍ ۝٧ وَأَمَّا مَنْ خَفَّتْ مَوَٰزِينُهُۥ ۝٨ فَأُمُّهُۥ هَاوِيَةٌ ۝٩

6) Міне, сонда (Қиямет кіні) **кімнің таразысы** (игі амалдарымен) **ауыр тартса, 7) Сол разы болатын бір тіршілікте** (Жәннатта) **болады. 8) Ал енді кімнің таразысы жеңіл тартса** (яғни таразысындағы жаман амалдары жақсы амалдарын басып тастаса), **9) Соның қайтар орны Һауия болады.**

Егер адамның сол таразыдағы жақсы амалдарының табағы күнәлары салынған табағынан ауыр болса, онда ол Жәннәт бақтарындағы рахат өмірге ие болады. Ал егер пенденің жасаған игі істері күнәларының табағынан асып түсуге жетпей қалса, онда оның «анасы», яғни барып тоқтар жері Тозақ шыңырауы болады. Бұл Жалынды Тозақтың атауларының бірі. Бұл аяттағы «барып тоқтар жер» сөзін білдіру үшін араб тіліндегі «*умм*» («ана») сөзі қолданылған. Өйткені ананың қамқорлығы — адам өмірінің ажырамас бөлігі болғаны сияқты, Тозақ азабы да күнәһарлардың өмір сүруінің ажырамас бөлігіне айналады деген сөз. Міне, сол себепті де Аса Мейірімдінің (әр-Рахманның) шынайы құлдары:

وَٱلَّذِينَ يَقُولُونَ رَبَّنَا ٱصْرِفْ عَنَّا عَذَابَ جَهَنَّمَ ۖ إِنَّ عَذَابَهَا كَانَ غَرَامًا ۝٦٥

«**Раббымыз! Бізден Тозақ азабын аулақ қыл! Рас оның азабы тұрақты**», — деп айтады (25:65).

Алайда бұл сөз «мидың қабығы» дегенді де білдіреді, сондықтан кейбір Құран тәпсіршілері күнәһарлардың Тозақ шыңырауына бастарымен төмен төңкеріліп тасталатынын айтқан.

وَمَآ أَدْرَىٰكَ مَا هِيَهْ ۝١٠

«Сен (уа Пайғамбар) **Һауияның не екенін қайдан білер едің?»**

Аллаһ Тағала Тозақ шыңырауының өте үлкен екеніне ерекше көңіл аударып, оны келесі аятта:

نَارٌ حَامِيَةٌ ﴿١١﴾

«Ол — (ыстығы мен күштілігі шегіне дейін жеткен) **жалындаған от»,** — деп баяндаған.

Яғни оның қызуы мына дүниедегі жалынды оттың қызуынан жетпіс есе асып түседі. Аллаһ бізді мұндай азаптан сақтасын!

«ӘТ-ТӘКӘСУР» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

أَلْهَىٰكُمُ ٱلتَّكَاثُرُ ﴿١﴾ حَتَّىٰ زُرْتُمُ ٱلْمَقَابِرَ ﴿٢﴾ كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ ﴿٣﴾ ثُمَّ كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ ﴿٤﴾ كَلَّا لَوْ تَعْلَمُونَ عِلْمَ ٱلْيَقِينِ ﴿٥﴾ لَتَرَوُنَّ ٱلْجَحِيمَ ﴿٦﴾ ثُمَّ لَتَرَوُنَّهَا عَيْنَ ٱلْيَقِينِ ﴿٧﴾ ثُمَّ لَتُسْـَٔلُنَّ يَوْمَئِذٍ عَنِ ٱلنَّعِيمِ ﴿٨﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Сендерді (уа адамдар, бұл дүниенің игіліктерін) **көбейтуде бәсекелесу** (Аллаһқа мойынсұдан алаңдатып) **айналдырды. 2) Тіпті қабірлеріңе барғандарыңа** (яғни сендерге өлім келіп жеткенге) **дейін. 3) Жоқ, олай емес** (бұдан тыйылыңдар)**. Сендер** (уа адамдар, Қиямет күні осы көбейтудің соңы не болатынын) **білесіңдер. 4) Тағы да олай емес** (бұдан тыйылыңдар)**. Сендер** (уа адамдар, Қиямет күні осы көбейтудің соңы не болатынын) **білесіңдер. 5) Жоқ, олай емес. Сендер** (Қиямет Соты болатын күні қандай жағдайда болатындарыңды) **айқын біліммен білгендеріңде ғой,** (бұл дүниенің игіліктерін көбейтуді қойып, Ақырет өмірі үшін ынта-ыждағат танытар едіңдер)**. 6) Сендер** (уа адамдар, Қиямет Күнінде) **әлбетте Тозақты көресіңдер. 7) Содан кейін әрине** (уа адамдар, сендер Тозақты өз көздеріңмен) **айқын көресіңдер. 8) Кейін сол күні** (Аллаһ сендерге бұл дүниеде берген әрі олар сендерді Ақырет өмірі үшін жасалатын амалдар жасаудан алаңдатып тосқан) **нығметтер үшін әлбетте сұраласыңдар.**

أَلْهَىٰكُمُ ٱلتَّكَاثُرُ ۝١ حَتَّىٰ زُرْتُمُ ٱلْمَقَابِرَ ۝٢

1) Сендерді (уа адамдар, бұл дүниенің игіліктерін) **көбейтуде бәсекелесу** (Аллаһқа мойынсұдан алаңдатып) **айналдырды. 2) Тіпті қабірлеріңе барғандарыңа** (яғни сендерге өлім келіп жеткенге) **дейін.**

Аллаһ Тағала Өзінің құлдарын олар жалғыз Аллаһқа құлшылық етуден бас тартып, Аллаһты ғана жақсы көру керек болатындай жақсы көретін серіктерін Аллаһқа серік қоса бастағаны үшін айыптады. (Дүние игіліктерін) көбейтуге деген құштарлық адамдарды әлемдердің Раббысына шынайы ықыласты түрде құлшылық етуден алыстатады. Аллаһ Тағала адамдардың нені көбейтетінін нақты айтпады, сондықтан да бұл аят байлық іздеушілер құмар болып, соларымен өзгелер алдында масаттанып, мақтанатын ақшаны, балаларды, абырой-ықпалды, әскерді, қызметшілерді, мәртебелі лауазымдарды — яғни, жалпы алғанда, шын ықыласты (яғни Аллаһ үшін жасалатын) ізгі іс-амалдардан басқаның бәрін меңзейді. Алайда дүниелік ойын-сауық пен мәз-мейрамды қызықтар ұзаққа бармайды. Адам өліп, қабірге түседі. Міне, сол жерде одан (Ақыретке деген ғапылдық пен) ұмытылу пердесі алынады, әрі ол қолдан жіберіп алғанын қайтаруға дәрменсіз болады. Бұл аят дүние мен Соңғы (*Ақырет*) өмірінің арасында, яғни Барзахта өмір бар екеніне нұсқайды. Бұл — ақырет өмірінің кіре берісі (табалдырығы), сондықтан да Аллаһ Тағала адамдардың қабірлерге баратынын, бірақ онда мәңгі қалмайтынын хабарлады. Ал қайта тірілуден кейін адамдар жазаларын алып, олар одан ешқашан кетпейтін, әрі ол ешқашан жойылмайтын мәңгілік әлемде қалады.

كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ ۝٣ ثُمَّ كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ ۝٤ كَلَّا لَوْ تَعْلَمُونَ عِلْمَ ٱلْيَقِينِ ۝٥

3) Жоқ, олай емес (бұдан тыйылыңдар)**. Сендер** (уа адамдар, Қиямет күні осы көбейтудің соңы не болатынын) **білесіңдер. 4) Тағы да олай емес** (бұдан тыйылыңдар)**. Сендер** (уа адамдар, Қиямет күні осы көбейтудің соңы не болатынын) **білесіңдер. 5) Жоқ, олай емес. Сендер** (Қиямет Соты болатын күні қандай жағдайда болатындарыңды) **айқын біліммен білгендеріңде ғой,** (бұл дүниенің игіліктерін көбейтуді қойып, Ақырет өмірі үшін ынта-ыждағат танытар едіңдер)**.**

Яғни, егер сендер Ақыретте өздеріңді не күтіп тұрғанын білсеңдер ғой, жүректерің оянар еді! Мал-дүние көбейтуге деген құмарлыққа бой алдырмай, игі істерге асығар едіңдер. Нық білімнің жоқтығы сендерді жазаға әкеп соқтырады әрі сендер сол жазаны өз көздеріңмен көретін боласыңдар.

لَتَرَوُنَّ ٱلۡجَحِيمَ ٦

6) Сендер (уа адамдар, Қиямет Күнінде) **әлбетте Тозақты көресіңдер.**

Яғни сендер қайта тірілудің куәсі боласыңдар және кәпірлер мен құдайсыздар үшін әзірленіп қойылған Тозақты көресіңдер.

ثُمَّ لَتَرَوُنَّهَا عَيۡنَ ٱلۡيَقِينِ ٧

7) Содан кейін әрине (уа адамдар, сендер Тозақты өз көздеріңмен) **айқын көресіңдер.**

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деді:

وَرَءَا ٱلۡمُجۡرِمُونَ ٱلنَّارَ فَظَنُّوٓاْ أَنَّهُم مُّوَاقِعُوهَا وَلَمۡ يَجِدُواْ عَنۡهَا مَصۡرِفٗا ٥٣

«**Күнәһарлар Тозақ отын көріп, сонда өздерінің оған түсетіндіктерін сезеді. Бірақ одан бұрылар жер таба алмайды!**» («әл-Кәһф» сүресі, 53-аят).

ثُمَّ لَتُسۡـَٔلُنَّ يَوۡمَئِذٍ عَنِ ٱلنَّعِيمِ ٨

8) Кейін сол күні (Аллаһ сендерге бұл дүниеде берген әрі солар сендерді Ақырет өмірі үшін жасалатын амалдар жасаудан алаңдатып тосқан) **нығметтер үшін әлбетте сұраласыңдар.**

Яғни кейін сендер дүние тіршілігінде сендерге берілген нығметтер жайлы сұраласыңдар. Егер сендер оларға шүкіршілік етіп, Аллаһтың алдындағы парыздарыңды орындаған болсаңдар, онда Ол сендерге сендер өлгеннен кейін жоғалтқан нәрселеріңнен жақсырағын береді. Ал егер дүниелік ләззаттармен алданып, Раббыларыңның көрсеткен нығметтеріне шүкіршілік етпей, тіпті Оның сыйларын Оған қарсы күнә жасау үшін пайдаланған болсаңдар, онда Аллаһ Тағала сендерді бұл үшін қатаң жазаға тартады. Аллаһ Тағала былай деді:

وَيَوۡمَ يُعۡرَضُ ٱلَّذِينَ كَفَرُواْ عَلَى ٱلنَّارِ أَذۡهَبۡتُمۡ طَيِّبَٰتِكُمۡ فِي حَيَاتِكُمُ ٱلدُّنۡيَا وَٱسۡتَمۡتَعۡتُم بِهَا فَٱلۡيَوۡمَ تُجۡزَوۡنَ عَذَابَ ٱلۡهُونِ بِمَا كُنتُمۡ تَسۡتَكۡبِرُونَ فِي ٱلۡأَرۡضِ بِغَيۡرِ ٱلۡحَقِّ وَبِمَا كُنتُمۡ تَفۡسُقُونَ ٢٠

«**Сондай кәпірлер Отқа төндірілген күні: «Сендер дүние тіршіліктеріңнің игіліктерін көріп, одан пайдаландыңдар. Ал енді бүгін жер жүзінде орынсыз менменсіп, бұзақылық қылғандықтарың себепті қорлаушы азаппен жазаланасыңдар»** (— делінеді)» («әл-Ахқаф» сүресі, 20-аят).

«ӘЛ-АСР» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَٱلْعَصْرِ ﴿١﴾ إِنَّ ٱلْإِنسَٰنَ لَفِى خُسْرٍ ﴿٢﴾ إِلَّا ٱلَّذِينَ ءَامَنُوا۟ وَعَمِلُوا۟ ٱلصَّٰلِحَٰتِ وَتَوَاصَوْا۟ بِٱلْحَقِّ وَتَوَاصَوْا۟ بِٱلصَّبْرِ ﴿٣﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Заманмен (уақытпен) **ант! 2) Негізінен адам баласы** (бұл дүниеде де, Ақыретте де өте үлкен) **зиянда. 3) Бірақ** (Аллаһқа) **иман келтіріп, ізгі іс істегендер** (яғни Аллаһтың әмірлерін орындап, Оның тыйымдарынан тыйылғандар)**, бір-біріне хақты** (яғни ақиқатты ұстануды және Аллаһқа мойынсынуды) **үгіттесіп, сабырды** (яғни осыда сабырлық етуді) **үгіттескендерден басқа** (яғни мұндайлар зиянға ұшырамайды)**.**

Араб тіліндегі «*аср*» сөзі күн мен түнді білдіру үшін қолданылады. Бұдан Аллаһ Тағаланың жалпы уақытпен ант еткені шығады. Уақыт — бұл адамдар оның барысында әртүрлі іс-амалдар жасауға мүмкіндігі болатын өлшем. Міне, сол себепті Аллаһ Тағала адамдардың зиянға ұшырап, табыс пен берекеден мақұрым болатынын хабарлады. Бұл зияндардың ауыртпалық дәрежесі әртүрлі болады. Біреулер толық зиянға ұшырап, жер бетінде өмір сүргенде де, өлгеннен кейін де игіліктен жұрдай болады. Мұндай күнәһарлар Жәннат бақтарына кірмейді әрі Тозаққа тасталады. Басқалары ішінара зиянға ұшырайды. Сондықтан да Аллаһ Тағала мына төрт сипатқа ие болған салиқалы адамдардан басқа барлық адамдар зардап пен зиян шегетінін хабарлады:

Біріншіден, олар Аллаһ түсірген барлық нәрсеге иман келтіреді. Алайда, иманның білімсіз болуы мүмкін емес. Білім иманның маңызды құрамдас бөлігі болып табылады, әрі онсыз иман кемел бола алмайды.

Екіншіден, олар ізгі амалдар жасайды. Бұл адамның Аллаһтың алдындағы және адамдар алдындағы міндеттеріне қатысты тәнмен және жанмен (жүрекпен) орындалатын барлық міндетті және ерікті амалдарға қатысты.

Үшіншіден, бұндай (ізгі адамдар) басқаларды дұрыс иманға, салиқалы істерге шақырып, оларды жақсылыққа шабыттандырып, ынталандырады.

Төртіншіден, олар Аллаһ Тағаланың әмірлерін сабырмен орындауға, күнәлардан аулақ болуға және кейде басқа түсетін тағдырдың ащылығына төзе білуге шақырады.

Алғашқы екі нұсқауды (яғни иман келтіру мен салиқалы іс-амалдар жасауды) орындау арқылы адам өзін-өзі тәрбиелейді. Ал соңғы екеуін (яғни адамдарды ақиқатқа және сабырға шақыруды) орындау арқылы ол басқаларды тәрбиелейді. Аллаһтың құлы өз бойында осы төрт қасиетті түгел жетілдірсе ғана зардап шегуден құтылып, ұлы игілікке қол жеткізе алады.

«ӘЛ-ҺУМӘЗА» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

وَيْلٌ لِّكُلِّ هُمَزَةٍ لُّمَزَةٍ ﴿١﴾ ٱلَّذِى جَمَعَ مَالًا وَعَدَّدَهُۥ ﴿٢﴾ يَحْسَبُ أَنَّ مَالَهُۥٓ أَخْلَدَهُۥ ﴿٣﴾ كَلَّا ۖ
لَيُنۢبَذَنَّ فِى ٱلْحُطَمَةِ ﴿٤﴾ وَمَآ أَدْرَىٰكَ مَا ٱلْحُطَمَةُ ﴿٥﴾ نَارُ ٱللَّهِ ٱلْمُوقَدَةُ ﴿٦﴾ ٱلَّتِى تَطَّلِعُ عَلَى
ٱلْأَفْـِٔدَةِ ﴿٧﴾ إِنَّهَا عَلَيْهِم مُّؤْصَدَةٌ ﴿٨﴾ فِى عَمَدٍ مُّمَدَّدَةٍ ﴿٩﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!
1) Бүкіл қорлаушы мен өсекшіге қасірет! 2) Сондай мал-мүлік жиып, оны санағандарға. 3) Негізінен ол мал-мүлкі оны мәңгі өмір сүргізеді деп санайды. 4) Әсте олай емес, әлбетте ол әл-Хутомаға (Тозаққа) **тасталады. 5) Сен әл-Хутоманың не екенін қайдан білесің? 6) Ол — Аллаһтың жағылған оты. 7) Сондай жүректерді шалатын. 8) Расында, сол** (от) **олардың төбелерінен жабылады. 9) Ұзын діңгектерге байланады.**

وَيْلٌ لِّكُلِّ هُمَزَةٍ لُّمَزَةٍ ﴿١﴾

1) (Адамды көзінше сөгетін) **бүкіл қорлаушы мен** (оның артынан ғайбат пен жаман сөздер айтатын) **өсекшіге қасірет** (яғни өте ауыр жаза немесе қорлық, немесе опат болу уәде етілген)!

ٱلَّذِى جَمَعَ مَالًا وَعَدَّدَهُۥ ﴿٢﴾

2) Сондай мал-мүлік жиып, оны санағандарға (яғни оның адам туралы жаман сөз таратып, оны кемсітіп қорлауына оның мал-мүлікті жиып, осынысы оған өзгелерден артықшылық береді деп санауында. Өйткені ол кедейлерді кемісті жарымжандар деп санайды).

يَحْسَبُ أَنَّ مَالَهُۥٓ أَخْلَدَهُۥ ﴿٣﴾

3) Негізінен ол мал-мүлкі оны мәңгі өмір сүргізеді деп ойлайды (яғни мал-мүлкімен масаттанған ол өлімнен кейін не болатыны туралы тіпті ойлағысы да келмейді).

Раббымыз (бұл ардақты аяттарда) Өз пенделерін адамдарды сөзімен де, ісімен де ренжіткендердің басына үлкен бақытсыздық пен азапты жаза түсетіні туралы ескертті. Араб тіліндегі «*әл-һумәзә*» («тіл тигізуші») сөзі адамдарды іс-әрекетімен жамандайтын немесе саусақпен сілтеп келемеждейтін адамды білдіреді. Ал «*люмаза*» («сөгуші») сөзі басқаларды ғайбаттап, жаман сөзбен сөгетіндерді білдіреді. Аллаһ Тағала мұндай адамдардың әдетте байлыққа ұмтылатынын және оны өз нәпсісінің рахаттануы үшін санауды жақсы көретінін баса айтты. Бұл олардың осы дүниедегі жалғыз уайымы мен қамы. Олар кедей-кепшіктерге, туғантуыстарға көмектесуді қаламайтыны сияқты, оны садақа мен игі мақсаттарға жұмсауға да ұмтылмайды. Олардың күш-жігері мен ұмтылысы тек байлығын арттыруға бағытталған, өйткені олар осының олардың өмірін ұзартуға көмектесетініне сенеді. Олар ашкөздік пен сараңдықтың адам өмірін, оның отбасын бұзатынын, ал игі істер Аллаһтың Өз құлдарының өмірін ұзартуына себеп болатынын білмейді.

كَلَّا لَيُنۢبَذَنَّ فِى ٱلْحُطَمَةِ ﴿٤﴾

4) Олай емес, әлбетте ол әл-Хутомаға (Тозаққа) **тасталады.**

وَمَآ أَدْرَىٰكَ مَا ٱلْحُطَمَةُ ﴿٥﴾

5) Сен әл-Хутоманың не екенін қайдан білесің?

نَارُ ٱللَّهِ ٱلْمُوقَدَةُ ﴿٦﴾

6) Ол — Аллаһтың (бұйрығымен) **жағылған оты** (Тозақ)**.**

ٱلَّتِى تَطَّلِعُ عَلَى ٱلْأَفْـِٔدَةِ ﴿٧﴾

7) Сондай (өртеуімен тіпті) **жүректерді шалатын.**

Тозақ қорқынышты және үрейлі. Оның отыны адамдар мен тастар болады, ал жалыны адам денесіне еніп, жүректерді күйдіреді. Кәпірлер мәңгілік өрт орнаған Тозаққа қамалып, одан шығудан тіпті болмашы үміттен айырылады.

إِنَّهَا عَلَيْهِم مُّؤْصَدَةٌ ﴿٨﴾

8) Расында, сол (от) **олардың (қорлаушы мен өсекшінің) төбелерінен жабылады.**

فِى عَمَدٍ مُّمَدَّدَةٍ ﴿٩﴾

9) Ұзын діңгектерге байланады.

Тозақтың қақпалары құлыпталып, азапталушылар сол жерден шыға алмаулары үшін, биік бағаналармен бекітіледі. Аллаһ Тағала былай деген:

وَأَمَّا ٱلَّذِينَ فَسَقُواْ فَمَأْوَىٰهُمُ ٱلنَّارُ ۖ كُلَّمَآ أَرَادُوٓاْ أَن يَخْرُجُواْ مِنْهَآ أُعِيدُواْ فِيهَا وَقِيلَ لَهُمْ ذُوقُواْ عَذَابَ ٱلنَّارِ ٱلَّذِى كُنتُم بِهِۦ تُكَذِّبُونَ ﴿٢٠﴾

«Әрқашан олар одан шығуды қаласа, оған қайтарылады да, оларға: «Өздерің өтірікке шығарған оттың азабын татыңдар», — делінеді» («әс-Сәжда» сүресі, 20-аят).

Уа Раббымыз, бізді мұндай азаптан сақтай гөр, кешіріп, құтқара гөр!

«ӘЛ-ФИЛ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصْحَٰبِ ٱلْفِيلِ ﴿١﴾ أَلَمْ يَجْعَلْ كَيْدَهُمْ فِى تَضْلِيلٍ ﴿٢﴾ وَأَرْسَلَ عَلَيْهِمْ طَيْرًا أَبَابِيلَ ﴿٣﴾ تَرْمِيهِم بِحِجَارَةٍ مِّن سِجِّيلٍ ﴿٤﴾ فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَّأْكُولٍ ﴿٥﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) (Мухаммад,) **Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе? 2) Ол** (Аллаһ) **олардың (эфиопиялық әскердің) айлакерліктерін босқа жібермеді ме?! 3)** (Аллаһ) **оларға** (әскерге) **топ-топ құс жіберді. 4) Құстар оларға күйдірілген балшықтан жасалған тастар атты. 5) Сонда** (Аллаһ) **оларды** (сарбаздарды) **желінген топан** (сабан) **тәрізді қылды.**

Бұл Құран қиссасы Аллаһтың құдіретінің айқын дәлелі. Ол ұлы істер жасап, құлдарына жанашырлық танытады және бірқұдайшылықтың ақиқаттығы мен Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі бол-

сын) шыншылдығына бұлтартпас дәлелдер келтіреді. Қағбаны қиратуға аттанған піл әскеріне не болғаны жайлы ойланыңыз! Шабуылшылар бұл жорыққа өте жақсы дайындалған еді. Қасиетті орынды жою үшін олар үлкен бір пілді жабдықтап, йемендіктер мен эфиопиялықтардан құралған үлкен әскерін жинады. Бұл әскердің күшті болғаны сонша, арабтар оларға қарсы тұра алмады. Олар (Аллаһтың) қасиетті (Мекке) қаласына жақындаған кезде меккеліктер оларға қарсылық көрсетпеді. Олар ілгерілеп келе жатқан әскерден қорқып, Меккеден шығып кетті. Сонда Аллаһ Тағала оларға қарсы күйдірілген балшықтан жасалған қызыл-ыстық тастарды көтерген құстардың тобын жіберді.

Олар әскерге тас лақтырып, олардың барлығын жойып жіберді. Кенеттен бәрі тынышталып, соққыға жығылған жауынгерлер шайналған жарма тәрізді нәрсеге айналды. Осылайша Аллаһ Тағала әлемді олардың зұлымдығынан құтқарып, айлаларын өздеріне қайтарды.

Бұл оқиға көпшілікке жақсы белгілі. Пілді әскер Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туылған жылы жеңіліс тапты. Бұл оқиға Исламның келуінің алғашқы жаршысы әрі Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығының ақиқаттығына куәлік болды.

«ҚҰРАЙШ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

لِإِيلَٰفِ قُرَيْشٍ ﴿١﴾ إِۦلَٰفِهِمْ رِحْلَةَ ٱلشِّتَآءِ وَٱلصَّيْفِ ﴿٢﴾ فَلْيَعْبُدُوا۟ رَبَّ هَٰذَا ٱلْبَيْتِ ﴿٣﴾
ٱلَّذِىٓ أَطْعَمَهُم مِّن جُوعٍ وَءَامَنَهُم مِّنْ خَوْفٍۢ ﴿٤﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!
1) (Пайғамбар Мухаммад солардан шыққан) **құрайыштықтардың біріккеніне** (қызығып тамсаныңдар)**. 2) Олардың** (сауда керуендерімен) **қыста** (Йеменге) **әрі жазда** (Шамға) **жол жүру кезінде бірлікте болғанына. 3) Ендеше олар осы үйдің** (Қағбаның) **Раббысына құлшылық қылсын. 4) Ол оларды** (яғни құрайштықтарды) **аштықтан кейін тамақтандырып, қауіп-қатерден аман қылды.**

لِإِيلَٰفِ قُرَيْشٍ ١

1) (Пайғамбар Мухаммад солардан шыққан) **құрайыштықтардың біріккеніне** (қызығып тамсаныңдар)**.**

إِۦلَٰفِهِمْ رِحْلَةَ ٱلشِّتَآءِ وَٱلصَّيْفِ ٢

2) Олардың (сауда керуендерімен**) қыста** (Йеменге) **әрі жазда** (Шамға) **жол жүру кезінде бірлікте болғанына.**

Көптеген тәпсіршілердің пікірінше, бұл сүре өзінен алдынғы сүренің мағыналық жалғасы болып табылады. Демек, Аллаһ құрайыштықтардың амандығы үшін піл әскерін жазалады. Сонымен бірге Аллаһ Тағала меккеліктерге қыста Йеменге, жазда Шамға тиімді сауда сапарларын ұйымдастыруға көмектесті. Оларға қарсы зұлымдық жоспарлағандарды жойып, сол арқылы Қағба мен меккеліктерді арабтардың алдында жоғарылатты. Арабтар оларды қатты құрметтеп, сауда керуендеріне кедергі келтірмейтін. Сол себепті Аллаһ Тағала әрі қарай оларға Раббылары өздеріне көрсеткен нығметтеріне шүкір етуді бұйырып былай деді:

فَلْيَعْبُدُوا۟ رَبَّ هَٰذَا ٱلْبَيْتِ ٣

3) Ендеше олар осы үйдің (Қағбаның) **Раббысына құлшылық қылсын.**

ٱلَّذِىٓ أَطْعَمَهُم مِّن جُوعٍ وَءَامَنَهُم مِّنْ خَوْفٍۢ ٤

4) Ол оларды (яғни құрайштықтарды) **аштықтан кейін тамақтандырып, қауіп-қатерден аман қылды.**

Яғни Қағбаның Раббысына ешкімді серік қоспаңдар және Оған ғана құлшылық етіңдер. Ол сендерге дүниелік нығметтердің ең үлкенін — ризық пен қауіпсіздікті берді. Осының өзі ғана сендерді шүкіршілік пен ризашылық танытумен міндеттейді. Аллаһ бүкіл болмыстың Раббысы, бірақ бұл сүреде Қағба басқа жаратылыстардан өзінің қадір-қасиеті мен ұлылығы себепті ерекше аталып айтылған.

Раббымыз, бізге сыйлаған барлық нығметтерің үшін Саған мақтаулар болсын!

«ӘЛ-МӘҒУН» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

أَرَءَيْتَ ٱلَّذِى يُكَذِّبُ بِٱلدِّينِ ﴿١﴾ فَذَٰلِكَ ٱلَّذِى يَدُعُّ ٱلْيَتِيمَ ﴿٢﴾ وَلَا يَحُضُّ عَلَىٰ طَعَامِ ٱلْمِسْكِينِ ﴿٣﴾ فَوَيْلٌ لِّلْمُصَلِّينَ ﴿٤﴾ ٱلَّذِينَ هُمْ عَن صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ ﴿٥﴾ ٱلَّذِينَ هُمْ يُرَآءُونَ ﴿٦﴾ وَيَمْنَعُونَ ٱلْمَاعُونَ ﴿٧﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!
1) (Уа Пайғамбар,) **сондай** (Қияметтегі) **сый-жазаны өтіріксінгенді көрдің бе? 2) Міне, сол жетімді қақпалап қуады. 3) Әрі** (тамақтанатын ешнәрсесі жоқ) **міскінді** (өзі де тамақтындармайды әрі өзгені де оны) **тамақтандыруға қызықтырмайды. 4)** (Мұндай) **намаз оқушыларға** (Қиямет Күнгі болатын қатты азаптан) **нендей өкініш! 5) Олар намаздарына қатысты немқұрайлы** (оларды өз уақыттарында дұрыс орындамайды)**. 6) Олар** (игі істерін өзгелерге) **көрсету үшін** (рия етіп) **жасайды. 7) Әрі тіпті ұсақ** (шелек, ыдыс, тіпті су мен тұз сияқты тұтыну) **заттарын бермей қояды.**

أَرَءَيْتَ ٱلَّذِى يُكَذِّبُ بِٱلدِّينِ ﴿١﴾
1) (Уа Пайғамбар,) **сондай** (Қияметтегі) **сый-жазаны өтіріксінгенді көрдің бе?**

فَذَٰلِكَ ٱلَّذِى يَدُعُّ ٱلْيَتِيمَ ﴿٢﴾
2) Міне, сол жетімді қақпалап қуады.

وَلَا يَحُضُّ عَلَىٰ طَعَامِ ٱلْمِسْكِينِ ﴿٣﴾
3) Әрі (тамақтанатын ешнәрсесі жоқ) **міскінді** (өзі де тамақтындармайды әрі өзгені де оны) **тамақтандыруға қызықтырмайды.**

Қайта тірілу мен азапты жоққа шығаратын және Аллаһтың Елшілерінің шындығына сенбейтіндер туралы ойланып көр. Олар жүректерінің қаталдығынан жетімдерді қуады және оларға жанашырлық танытпайды. Олар Аллаһтың сауабын алудан үміттенбейді және Оның қатал азапты жазасынан қорықпайды. Олар адамдарды кедейлерді тамақтандыруға ынталандырмайды әрі өздері де мұны жасамайды.

فَوَيۡلٞ لِّلۡمُصَلِّينَ ٤ ٱلَّذِينَ هُمۡ عَن صَلَاتِهِمۡ سَاهُونَ ٥

4) (Мұндай) **намаз оқушыларға** (Қиямет Күнгі болатын қатты азаптан) **нендей өкініш! 5) Олар намаздарына қатысты немқұрайлы** (оларды өз уақыттарында дұрыс орындамайды)**.**

Бұл жерде намаз оқитын, бірақ оған салғырт қарайтын адамдар жайлы айтылып тұр. Олар өз намаздарын өз уақытында оқымағандары және оның барлық міндетті талаптарын орындамағаны себепті оларды жойып жібереді. Мұның себебі — олардың Аллаһтың әмірлеріне немқұрайлы қарауы. Егер олай болмағанда, олар құлшылық рәсімдерінің ең маңыздысы болған намаздарының жойылып кетуіне жол бермес еді. Дәл сол намазға немқұрайлы қарағаны үшін олар сөгіс пен айыптауға лайық. Ал енді намазды орындау кезіндегі қателіктерге келсек, онда әрбір адам қателеседі. Бұл кейде тіпті Пайғамбарымыз Мухаммадпен де (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) орын алатын.

ٱلَّذِينَ هُمۡ يُرَآءُونَ ٦ وَيَمۡنَعُونَ ٱلۡمَاعُونَ ٧

6) Олар (игі істерін өзгелерге) **көрсету үшін** (рия етіп) **жасайды. 7) Әрі тіпті ұсақ** (шелек, ыдыс, тіпті су мен тұз сияқты тұтыну) **заттарын бермей қояды.**

Намазға салғырт қарайтындардың жүректері өзгелерге жанашырлық танытудан жұрдай әрі *рия* (көзбояушылық) пен екіжүзділікке бейім болады. Олар жақсы істерді басқалардың мақтауына ие болу үшін ғана жасайды. Олар адамдарға тіпті әлдебір кішкентай ғана нәрсе де бергісі келмейді. Олар тіпті тостаған, шелек, балта сияқты, әдетте адамдар бір-біріне қолдана тұруға тегін беретін нәрсенің өзін де бергісі келмейді. Өздерінің шектен тыс ашкөздіктерінен олар тіпті мардымсыз мөлшердегі садақадан да бас тартады. Ендеше әлдебір құндылығы бар заттар туралы не айтуға болмақ?!

Бұл сүреде Раббымыз мұсылмандарды жетімдер мен кедейлерді тамақтандыруға, басқаларды да соған үндеп ынталандыруға, намазды дұрыс әрі тұрақты оқуға, әрі намаз оқығанда да, басқа ғибадаттарды орындағанда да Аллаһтың алдында шынайы ықыласты болуға (яғни бүкіл құлшылықтарын тек Аллаһ үшін және Сүннетке сәйкес орындауға) шақырған. Сондай-ақ Раббымыз адамдарды жақсылық жасауға, басқаларға тегін көмектесуге, әсіресе ыдыс, шелек, кітап және басқа да осы сияқты аса қажетті нәрселерді қолданып тұруға беруге ынталандырған. Жақсылық жасауға сараң болған кез-келген адам ең ауыр сөгіске лайық. Ал Аллаһ Тағала бұл туралы жақсырақ біледі.



«ӘЛ-КӘУСӘР» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِنَّآ أَعْطَيْنَٰكَ ٱلْكَوْثَرَ ﴿١﴾ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَٱنْحَرْ ﴿٢﴾ إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ ٱلْأَبْتَرُ ﴿٣﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) Шын мәнінде Біз саған (уа Пайғамбар) **Кәусарды бердік. 2) Ендеше Раббың үшін намаз оқы,** (әрі Ол үшін) **құрбан шал. 3) Расында, дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады.**

Аллаһ Тағала бұл сүреде:

إِنَّآ أَعْطَيْنَٰكَ ٱلْكَوْثَرَ ﴿١﴾

«Шын мәнінде Біз саған (уа Пайғамбар) **Кәусарды бердік»,** — деді.

Яғни Біз саған ұлы нығмет пен жомарт сыйлар бердік, әрі солардың бірі — Жәннатың Кәусар өзені. Біз сондай-ақ саған ұзындығы мен ені бір айлық жолға тең Су Айдынын да (әл-Хаудты) бердік. Оның суы сүттен ақ, балдан тәтті. Оның айналасына санымен де, жарқырауымен де аспандағы жұлдыздардан кем түспейтін ыдыстар қойылған. Бұл су қоймасынан бір жұтым дәм татуға рұқсат етілген адам ешқашан шөлдемейді.

Кейін Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осы нығметтерге шүкір етуді бұйырып:

فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَٱنْحَرْ ﴿٢﴾

«Ендеше Раббың үшін намаз оқы, (әрі Ол үшін) **құрбан шал»,** — деді.

Намаз бен құрбандық құлшылық пен Аллаһқа жақындаудың ең керемет және маңызды екі рәсімі болғандықтан, Аллаһ Тағала оларға ерекше мән берген. Намаз оқу арқылы адам жан және тәнімен Раббысының алдында тағзыммен кішірейіп, Оған құлшылыққа толықтай енеді. Құрбан шалу арқылы адам өзінің таңдаулы және құнды дүниесі арқылы Аллаһқа жақындайды. Өйткені адамның нәпсісі байлықты қаншалықты жақсы көрсе де, одан айырылғысы келмесе де, ол өзінің мал-мүлкін Аллаһтың разылығы үшін жұмсап, құрбандық шалады.

إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ ٱلْأَبْتَرُ ۝٣

«Расында, дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады».

Кімде-кім Мухаммад Пайғамбарды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жек көріп, оған жала жауып, абыройын түсіруге әрекеттенсе, сол әлбетте зиянға ұшырайды. Оның бүкіл жасаған істері зая болады әрі адамдардың жүрегінен ол туралы жақсы естелік мәңгілікке жоқ болып жойылады. Ал Мухаммад пайғамбарға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келсек, тек ол ғана Аллаһтың жаратылысы жете алатын шынайы кемелдікке қол жеткізді. Ал ол туралы ең жақсы естеліктің сақталып қалуы және қолдаушылары мен ізбасарларының көптігі мұның бұлтартпас дәлелі болып табылады.

«ӘЛ-КӘФИРУН» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

قُلْ يَٰٓأَيُّهَا ٱلْكَٰفِرُونَ ۝١ لَآ أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ ۝٢ وَلَآ أَنتُمْ عَٰبِدُونَ مَآ أَعْبُدُ ۝٣ وَلَآ أَنَا۠ عَابِدٌ مَّا عَبَدتُّمْ ۝٤ وَلَآ أَنتُمْ عَٰبِدُونَ مَآ أَعْبُدُ ۝٥ لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ ۝٦

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) (Құрайш кәпірлері: «Әй Мухаммад! Бір жыл Аллаһқа, бір жыл пұттарға табынайық», — дегенде, Аллаһ Өзінің пайғамбарына оларға былай деп айтуды бұйырды:) «(Уа Мухаммад, оларға:) **«Әй кәпірлер! 2) Мен сендердің табынғандарыңа табынбаймын. 3) Әрі сендер де** (Аллаһқа пұттарыңды серік қосқандықтарыңнан) **менің құлшылық қылғаныма құлшылық етпейсіңдер. 4) Сірә, мен сендердің құлшылық еткен** (пұттарыңа ешқашан) **құлшылық етпеймін. 5) Сондай-ақ сендер де мен құлшылық қылғаныма, құлшық қылушы емессіңдер** (өйткені сендер пұттарыңа құлшылық етулеріңді қоймағандарыңа дейін, Аллаһқа құлшылық қылуларың жарамсыз)**. 6) Сендерде — өз діндерің** (мен заңдарың)**, менде өз дінім** (және Шариғат)**», — деп айт».**

قُلْ يَٰٓأَيُّهَا ٱلْكَٰفِرُونَ ﴿١﴾

1) (Құрайш кәпірлері: «Әй Мухаммад! Бір жыл Аллаһқа, бір жыл пұттарға табынайық», — дегенде, Аллаһ Өзінің пайғамбарына оларға былай деп айтуды бұйырды:) «(Уа Мухаммад, оларға:) **«Әй кәпірлер!**

لَآ أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ ﴿٢﴾

2) Мен сендердің табынғандарыңа табынбаймын.

وَلَآ أَنتُمْ عَٰبِدُونَ مَآ أَعْبُدُ ﴿٣﴾

3) Әрі сендер де (Аллаһқа пұттарыңды серік қосқандықтарыңнан) **менің құлшылық қылғаныма құлшылық етпейсіңдер.**

Бұл — Аллаһтан басқаларға құлшылық етуден жанмен және тәнмен бас тартуға деген бұйрық. «Әй кәпірлер! Аллаһқа ғана ықыласпен құлшылық ету сендерге жат. Сендер жасайтын рәсімдер көпқұдайшылық болып табылады және сондықтан да оларды ғибадат деп атауға болмайды.

وَلَآ أَنَا۠ عَابِدٌ مَّا عَبَدتُّمْ ﴿٤﴾

4) Сірә, мен сендердің құлшылық еткен (пұттарыңа ешқашан) **құлшылық етпеймін.**

وَلَآ أَنتُمْ عَٰبِدُونَ مَآ أَعْبُدُ ﴿٥﴾

5) Сондай-ақ сендер де мен құлшылық қылғаныма, құлшық қылушы емессіңдер (өйткені сендер пұттарыңа құлшылық етулеріңді қоймағандарыңа дейін, Аллаһқа құлшылық қылуларың жарамсыз).

Аллаһ Тағала бұл бұйрықты осы сүреде екі рет қайталады. Бірінше ретте ол ол Өзінің Пайғамбарына көпқұдайшылықты кері қайтарып тастап қабыл алмауды, ал екінші ретте бірқұдайшылық бұл Аллаһ Елшісінің және мүминдердің ажырамас сипаты және бұлжымас өмір сүру салты екенін баса сызып айтты. Содан кейін Аллаһ мүминдер мен кәпірлердің арасын нақты ажыратын аражікті белгілеп, былай деді:

لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ ﴿٦﴾

6) Сендерде — өз діндерің (мен заңдарың)**, менде өз дінім** (және Шариғат)**», — деп айт».**

Аллаһ Тағала сондай-ақ Өзінің Елшісіне мына сөздерді де айтуды бұйырды:

أَنتُم بَرِيٓـُٔونَ مِمَّآ أَعۡمَلُ وَأَنَا۠ بَرِيٓءٞ مِّمَّا تَعۡمَلُونَ ﴿٤١﴾

«Сендер менің істегенімнен аулақсыңдар, мен де сендердің істегендеріңнен аулақпын» («Юнус» сүресі, 41-аят).

«ӘН-НӘСР» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Мәдиналық кезеңде түсірілген)

بِسۡمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

إِذَا جَآءَ نَصۡرُ ٱللَّهِ وَٱلۡفَتۡحُ ﴿١﴾ وَرَأَيۡتَ ٱلنَّاسَ يَدۡخُلُونَ فِي دِينِ ٱللَّهِ أَفۡوَاجٗا ﴿٢﴾ فَسَبِّحۡ بِحَمۡدِ رَبِّكَ وَٱسۡتَغۡفِرۡهُۚ إِنَّهُۥ كَانَ تَوَّابَۢا ﴿٣﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!
1) Аллаһтың жәрдемі және жеңіс келген кезде; 2) Адамдардың Аллаһтың дініне топ-тобымен кіргенін көресің. 3) Ендеше Раббыңды мақтай дәріптеп, Одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ тәубені өте қабыл етуші.

(Бұл ардақты) сүреде Аллаһ Тағала өз Елшісін (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жақсы хабармен сүйіншілеп, Раббысының уәдесі орындалғанда не істеу керек екендігін үйретті. Сонымен бірге Аллаһ Тағала мұсылмандардың назарын бұл уәденің қандай нәтижесі болатынына аударды. Бұл сүреде айтылған сүйінші — Аллаһ Тағаланың Өз Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көмектесуі және Меккенің алынуы туралы хабар. Осы оқиғадан кейін адамдар топ-тобымен ислам дінін қабылдай бастады. Аллаһ Тағаланың уәдесі орындалды және кезінде Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жаулары болған көптеген адамдар енді оның жақтаушылары мен көмекшілеріне айналды. Сондықтан Аллаһ Тағала Оған шүкір етіп дәріптеуді, Оны бүкіл мақтаумен мақтауды және Одан кешірім сұрауды бұйырды.

Бұл сүреде болашақ туралы екі белгі бар еді. Біріншіден, Аллаһ Тағала жеңістің Оның дінімен үнемі бірге болатынын, ал Аллаһты мақтап-мадақтау мен Одан кешірім сұрау бұл жеңістің келіп жетуін жеңілдететінін уәде етті. Мүминдер өздерінің Раббысына деген шүкіршілігін тек осылай ғана білдіре алады, бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

لَئِن شَكَرْتُمْ لَأَزِيدَنَّكُمْ وَلَئِن كَفَرْتُمْ إِنَّ عَذَابِي لَشَدِيدٌ ﴿٧﴾

«**Егер шүкір етсеңдер, арттыра беремін. Ал егер күпірлік етсеңдер, онда азабым тым қатты**» («Ибраһим» сүресі, 7-аят).

Муминдер Раббысының уәдесінің хақтығына әділетті ізгі халифалар тұсында да, одан кейін де куә болды. Ислам көптеген діндердің бірі ғана; бірақ осы жалғыз хақ дінге Аллаһтың жәрдемі ешқашан кешіккен емес. Бүкіл әлемде адамдар Исламды қабылдады және қабылдап жатыр, ал мұсылмандардың күш-қуаттылығы олар Аллаһтың әмірлеріне қарсылық көрсете бастағанға дейін мызғымас болатын. Міне, олар Аллаһтың әмірлеріне қарсы келе бастағанда олардың арасында келіспеушіліктер мен қайшылықтар пайда болды. Алайда, болып өткен барлық жағдайға қарамастан, мұсылман үмметі мен Аллаһтың діні Оның мейірімінің астында, ал Оның мейірімінің шексіздігін біздің қиялымыз да елестете алмайды. Екіншіден, Аллаһ Тағала Өзінің Елшісіне оның жердегі өмір сүру мерзімі біткенін хабарлады. Сөйтіп, Ол Пайғамбарымыздың даңқты ғұмыр кешкенін баса айтты. Өйткені, Аллаһ Тағаланың өзі оған:

لَعَمْرُكَ إِنَّهُمْ لَفِي سَكْرَتِهِمْ يَعْمَهُونَ ﴿٧٢﴾

«**Өміріңмен серт! Олар, расында мастықтарында дел-сал еді**», — деді («әл-Хижр» сүресі, 72-аят).

Раббымыз барлық мүминдерге өздерінің бұл дүниедегі өмірлерін намаз, үлкен қажылық және басқа да ғибадатты жасау кезінде кешірім дұғасымен аяқтауды бұйырды. Міне, сол себепті де Аллаһтың өз Пайғамбарына Аллаһқа мақтау-мадақ айту және одан кешірім сұрау туралы әмірі оның жақын арада қайтыс болатынын меңзеген еді. (Осылайша) Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Раббысымен кездесуге және өмірін ең жақсы жолмен аяқтауға дайындалу тапсырмасын алды. Ол түсірілген уахиға мойынсұнып, жан тапсырғанға дейін намаздарында:

سُبْحانك ربَّنَا وبِحمْدِكَ اللَّهُمَّ اغْفِرْ لى

«Раббымыз Сен Пәксің әрі бүкіл мақтаулар саған болсын! Уа Аллаһ, мені кешір!», — деп, бұл сөздерді рукуғ пен сәждеде жиі қайталайтын», — деп айтатын.

«ӘЛ-МӘСӘД» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

تَبَّتْ يَدَآ أَبِى لَهَبٍ وَتَبَّ ﴿١﴾ مَآ أَغْنَىٰ عَنْهُ مَالُهُۥ وَمَا كَسَبَ ﴿٢﴾ سَيَصْلَىٰ نَارًا ذَاتَ لَهَبٍ ﴿٣﴾
وَٱمْرَأَتُهُۥ حَمَّالَةَ ٱلْحَطَبِ ﴿٤﴾ فِى جِيدِهَا حَبْلٌ مِّن مَّسَدٍ ﴿٥﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!
1) Абу Ләһабтың екі қолы құрысын! Құрыды да. 2) Оның малы да, кәсібі де өзіне пайда бермеді. 3) Ол жалындаған отқа кіреді. 4) Әйелі отын көтеріп кіреді. 5) Оның мойнында есілген арқан болады.

Абу Ләһәб Мухаммад пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көкесі болған. Ол пайғамбарды қатты жек көріп, оған өте көп зәбір тигізетін. Абу Ләһәб мүшрик-көпқұдайшыл болатын және туыстық байланыстарды сақтауға ұмтылмайтын еді. Аллаһ Тағала оны осы әрекеті үшін қатты айыптап, оған Қиямет күніне дейін абыройсыздық қамытын жүктеді. Абу Ләһәбтың екі қолы да құрысын! Ол нағыз бақытсыз, және оған ештеңе пайда әкелмейді. Байлық оны бұзды, бірақ жазадан құтқармады. Оған ауыр, азапты жаза келіп төгілген кезде оны ешнәрсе құтқара алмайды. Тозақ оты оны жан-жақтан орайды, ал оның әйелі Тозақ оты үшін отын таситын болады. Оның әйелі де Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ауыр зәбірлеулер тигізетін және күйеуінің күнә жасауына, Аллаһ пен Оның дініне дұшпан болуына көмектесетін. Ол адамдар арасында Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туралы жалалы сөздер таратып, әрі бар күш-жігерімен оған зиян тигізгісі келетін. Адамдар желкелеріне отын будаларын көтеріп жүретіні сияқты, ол да Тозақта өз күнәларының ауыртпалығын көтеріп жүреді. Басқа тәпсір бойынша, ол мойнына құрма ағашының талшықтарынан өрілген арқан байлап алып, күйеуінің азапталуы үшін отын жинайтын болады. Бұл сүреде Аллаһ Тағаланың болашақ туралы ең ұлы хабарларының бірі бар. Аллаһ Тағала бұл сүрені Абу Ләһәб пен оның әйелі қайтыс болғандарына дейін (яғни олар тірі кезінде) түсірген. Аллаһ Тағала олардың міндетті түрде Тозаққа тасталатынын хабарлады. Осылайша Аллаһ олардың ешқашан Исламды қабылдамайтынын алдын ала айтып қойды. Әрі, расында да, барлығы көмес-ғайып пен көрнеуді Білуші Аллаһтың хабарлағанындай болды.



«Әл-Ихләс» сүресінің тәпсірі
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

قُلْ هُوَ ٱللَّهُ أَحَدٌ ﴿١﴾ ٱللَّهُ ٱلصَّمَدُ ﴿٢﴾ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ﴿٣﴾

وَلَمْ يَكُن لَّهُۥ كُفُوًا أَحَدٌۢ ﴿٤﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!
1) Айт: «Ол — Аллаһ Жалғыз. 2) Аллаһ Мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж)**. 3) Ол тумады да, туылмады. 4) Әрі оған ешкім тең емес».**

Аллаһ Тағала бұл сөздерді олардың ақиқаттығына нық және кемелтолық сеніммен айтуды бұйырды. Ал бұл үшін адам олардың шынайы мағынасын білуі керек. Аллаһ — жалғыз Құдай. Оның көркем есімдері мен сипаттары кемел, іс-амалдары киелі әрі ешбір кемістік-кіршіксіз, Оған ұқсайтын және оған теңдес ешкім жоқ. Ол Өз-Өзіне жеткілікті (ешнәрсеге мұқтажсыз), жер мен көктегі барлық тіршілік етушілер Оған аса ұлы, толық мұқтаждықпен мұқтаж әрі Одан жәрдем тілейді, өйткені Оның барлық сипаттары кемел. Ол бүкіл нәрсені Білуші және Оның білімі шексіз. Ол Сабырлы әрі оның сабыры шексіз. Ол Мейірімді, Оның мейірімі әрбір нәрсені қамтиды. Дәл осы Оның барлық құдайлық сипаттарына қатысты. Аллаһтың кемелдігі Оның тумайтын және туылмаған болғанында да көрініс табады, сондықтан Ол ешкімге әрі еш нәрсеге мұқтаж емес. Оның есімдері, сипаттары мен істері жаратылыстың есімдерінен, сипаттарынан және істерінен салыстыруға келмейтіндей жоғары тұрады. Ол Аса Ұлы әрі Игі-Пәк! Демек, бұл сүре тұтастай алғанда құдайлық есімдер мен сипаттар тек Аллаһқа ғана тән деген наным-сенімді (*ақиданы*) білдіреді.



«ӘЛ-ФӘЛӘҚ» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ
(Меккелік кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ ٱلْفَلَقِ ﴿١﴾ مِن شَرِّ مَا خَلَقَ ﴿٢﴾ وَمِن شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ ﴿٣﴾ وَمِن شَرِّ ٱلنَّفَّٰثَٰتِ فِى ٱلْعُقَدِ ﴿٤﴾ وَمِن شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ ﴿٥﴾

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!
1) «(Кез-келген жамандықты жоя алатын және жаратылыстардан қауіп-қатерді кетіре алатын) **Таңның Раббысы** (Аллаһқа) **сиынамын. 2) Оның жаратқан нәрселерінің** (барлығының) **кесірінен. 3) Қараңғылық басқан сәттегі түннің кесірінен** (өйткені түнде жаман жырт-қыштар, жәндіктер және жаман адамдар шығады)**. 4)** (Сиқырлау кезде пайдаланатын жіптерінде байлайтын) **түйіншіктерге дем салушы** (сиқыршы әйелдердің) **кесірінен. 5) Күншілдердің, олар күндеген сәттегі кесірінен», — деп айт».**

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ ٱلْفَلَقِ ﴿١﴾ مِن شَرِّ مَا خَلَقَ ﴿٢﴾ وَمِن شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ ﴿٣﴾

1) (Кез-келген жамандықты жоя алатын және жаратылыстардан қауіп-қатерді кетіре алатын) **Таңның Раббысы** (Аллаһқа) **сиынамын. 2) Оның жаратқан нәрселерінің** (барлығының) **кесірінен. 3) Қараңғылық басқан сәттегі түннің кесірінен** (өйткені түнде жаман жырт-қыштар, жәндіктер және жаман адамдар шығады)**.**

Араб тіліндегі «*фәләқа*» («бөлу, «қақ айыру») етістігі таң атқанда түннің қараңғылығын қақ айырып бөлетін де, бүршік жарып шыққан дәнді де қақ айырып жаратын да — Ұлы Аллаһ екенін атап көрсетеді. Құлдарын адамдардың, жын-шайтандардың, хайуандардың және басқа да жаратылыстардың жамандығынанан тек Ол ғана қорғай алады. Аллаһ Тағала бұл сүреде кейбір жаратылыстардың ерекше көп жамандық әкелетінін баса айтты. Түнде адамдар ұйқыға кетеді, ал жер бетінде залым рухтар мен зиянды жаратылыстар кезіп жүреді.

وَمِن شَرِّ ٱلنَّفَّٰثَٰتِ فِى ٱلْعُقَدِ ﴿٤﴾

4) (Сиқырлау кезде пайдаланатын жіптерінде байлайтын) **түйіншіктерге дем салушы** (сиқыршы әйелдердің) **кесірінен.**

Бақсылар мен сиқыршылар адамдарды сиқырлау үшін түйіндерге үрлейді.

وَمِن شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ ۝٥

5) Күншілдердің, олар күндеген сәттегі кесірінен», — деп айт».

Көреалмаушы — бұл өзі күндеген адамдардың әлдебір нығметтерден айырылғанын қалайтын адам, әрі ол осыған жету үшін тіпті шамасы жеткенше күш жұмсайды әрі себептерін жасауға тырысады. Адамдарды пасықтардың зұлымдықтарынан тек Аллаһ ғана қорғап, олардың айлаларын жоя алады. Сондықтан әрбір адам Оның қорғауына пана тілеп жүгінуге мұқтаж. Күншілдердің қатарына жаман көзі бар адамдар да жатады, өйткені көздің өтуі тек мінезі нашар, жаны жауыз адамнан ғана орын алады. Олай болса, бұл сүре мұсылмандарды Аллаһтан жалпы жамандықтан да, жамандықтың кейбір көріністерінен пана және құтқару сұраудың үлгісіне үйретеді. Ол сондай-ақ сиқырдың шынымен де бар екендігін және оның зиянынан Аллаһ Тағаладан сиқыршылардың айлаларынан қорғау сұрау арқылы қорғану керектігін дәлелдейді.

«ӘН-НӘС» СҮРЕСІНІҢ ТӘПСІРІ

(Мәдиналық кезеңде түсірілген)

بِسْمِ ٱللَّهِ ٱلرَّحْمَٰنِ ٱلرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ ٱلنَّاسِ ۝١ مَلِكِ ٱلنَّاسِ ۝٢ إِلَٰهِ ٱلنَّاسِ ۝٣ مِن شَرِّ ٱلْوَسْوَاسِ ٱلْخَنَّاسِ ۝٤
ٱلَّذِى يُوَسْوِسُ فِى صُدُورِ ٱلنَّاسِ ۝٥ مِنَ ٱلْجِنَّةِ وَٱلنَّاسِ ۝٦

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

1) «Адамдардың Раббысына; 2) Адамдардың Иесіне; 3) Адамдардың Құдайына; 4) Сыбырлап азғырушының кесірінен; 5) Сондай адамдардың көкейлеріне салатын; 6) Мейлі жыннан, мейлі адамдардан болсын (бүкіл азғырушылардың кесірінен Аллаһқа) **сиынамын», — деп айт.**

Бұл сүреде мұсылмандарға барлық жамандықтардың бастаушысы шайтанның кесірінен бүкіл адамдардың Патшасы, Құдайы, Раббысы болған Аллаһқа пана сұрап жүгіну бұйырылған. Шайтан адамдарды азғырады, олардың көздеріне жамандықты әшекейлеп, күнә жасауға деген құмарлықты қоздырады. Сонымен бірге ол адамдарды жақсылық жасаудан тыйып, оны жаман етіп көрсетеді. Шайтан адамдарды үнемі

азғырады, бірақ Аллаһтың құлы Раббысын еске алып, осы дұшпанмен күресуде Одан көмек сұраған кезде ол шегініп, ғайып болады. Сондықтан мүминдер адамдар мен бүкіл жаратылыстардың үстінен шексіз билікке ие және олар Соған ғана құлшылық ету үшін жаратылған Аллаһқа көмек сұрап жүгінуі керек. Адамдар өздерін бүкіл нығметтерден ажыратуды, олардың арасында бөгет болып тұруды, оларды өзінің қызметшілеріне айналдырып, Тозақ тұрғындарынан етуді өте ынталы түрде көздейтін дұшпаны болған шайтаннан құтылмайынша бақыт таба алмайды. Бірақ адам шайтанның ықпалымен ғана емес, бәлкім адамдардың әсерімен де азғырылуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн.

Әлемдердің Раббысы Жалғыз Аллаһқа басында да, соңында да, жасырын да, жария да бүкіл мақтаулар болсын!

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1) Осы «Маңызды сабақтардың» авторы кім?

☐ Шейх Абдул-Азиз ибн Баз (Аллаһ оны рахымына бөлесін);

☐ Шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймин (Аллаһ оны рахымына бөлесін);

☐ Шейх Хайсам ибн Мухаммад Жәмил Сархан (Аллаһ оған есендік берсін).

2) Біз осы «Маңызды сабақтарды» не себепті оқып үйренуіміз қажет?

☐ Өйткені олар маңызды;

☐ Ғұламалар бұл ктіптаты оқуға кеңес береді;

☐ Бұл кітапта әр мұсылман адам үшін маңызды білім бар;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

3) «Маңызды сабақтар» өзіне не нәрселерді қамтиды?

☐ Мұсылмандардың Құран мен Таухидке деген қарым-қатынасы;

☐ Намаз және дәретке қатысты сұрақтар;

☐ Көркем мінез бен Ислами әдепке ие болу;

☐ Көпқұдайшылық пен күнәлардан сақтану;

☐ Қайтыс болған адамның денесін жерлеуге дайындау;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

4) Мұсылман адам білім алуды қай сүреден бастап, оны дұрыс оқып, жаттап, мағынасын білуі қажет?

☐ «Әл-Ғаләқ» сүресі;

☐ «Әл-Фәтиха» сүресі;

☐ «Әл-Ихләс» сүресі.

5) Білім талап етуші Құранның қай тәпсірінен бастауы қажет?

☐ Ибн Кәсирдің тәпсірінен;

☐ Әл-Қуртубидің тәпсірінен;

☐ Абдур-Рахман әс-Сағдидің тәпсірінен.

6) Адамдар Құранға қатысты екі шектен шыққан және бір орта (дұрыс) жолды ұстанатын топқа бөлінді.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

7) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Құранды оның мағынасы жайлы ойланбай, оған сәйкес амалдар жасамай оқудан сақтандырған.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

1. «Әл-Фәтиха» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

8) «Әл-Фәтиха» («Ашушы») сүресінің осылай аталуының себебі неде?

9) «Әл-Фәтиха» сүресінің атауларының бірі:

☐ Умму-ль-Китаб (Құранның Анасы);
☐ Сабға мәсәни (Жеті аят);
☐ Руқия;
☐ Әс-Соләт (Намаз);
☐ Барлық жауаптар дұрыс.

10) Аллаһ Тағаланың «Аллаһ» деген есімі қандай мағынаны білдіреді?

☐ Оны құдай ретінде тағзыммен дәріптеп және Оған ғана құлшылық етілетін жалғыз құдай;
☐ Өзінің құдайлық сипаттарына байланысты құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай;
☐ Екі жауап та дұрыс.

11) Аллаһ Тағаланың раббылығы келесідей болады:

☐ Жалпыға ортақ;
☐ Жеке;
☐ Екі жауап та дұрыс.

12) Пайғамбарлар өздерінің дұғаларында Аллаһ Тағалаға қалай жүгінетін?

☐ Уа Аллаһ!
☐ Уа Раббым!

13) Араб тілінің грамматикалық ережелеріне сәйкес, егер есімдік етістің алдында тұрса, бұл мынаны білдіреді:

☐ Бұл амал тек аталған жаққа қатысты ғана жасалады;
☐ Бұл амал кез-келген жаққа қатысты жасалады.

14) **«Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем тілейміз»** деген аятта ғибадаттың жәрдем сұраудан бұрын аталуы нені білдіреді?

☐ Бұл жекенің жалпыға қосылуының мысалы;
☐ Аллаһ Тағаланың құқығы Оның құлдарының құқығынан жоғары екендігін білдіреді;
☐ Кейде бірінші жауап, кейде екінші жауап меңзеледі.

15) Құлшылық деген бұл:

☐ Аллаһ жақсы көретін және разы болатын, жан және тәнмен орындалатын барлық сөздер мен амалдарды қамтитын жалпы ұғым;

☐ Аллаһ Тағалаға Оның бұйрықтарын орындау және тыйым салған нәрселерден алыстау арқылы және Оған деген сүйіспеншілікпен және Оны ұлықтаумен қоса болатын толық бағыну;

☐ Кейде бірінші жауап, кейде екінші жауап меңзеледі.

16) «Жаза берілетін күн» (Яуму-д-дин) деген:

☐ Қиямет күні;

☐ Адамдарға олардың амалдары үшін сауап немесе жаза берілетін күн;

☐ Екі жауап та дұрыс.

17) «Бізді тура жолмен жүргіз» деген дұға мағынасы бойынша Исламдағы ең терең, ең пайдалы және жан-жақты дұғалардың бірі.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

18) Аллаһ Тағаланың **«Бізді тура жолмен жүргіз»** деген сөздеріндегі «тура жол» деген не?

☐ Пайғамбарлардың, шыншыл мүминдердің, шәһидтер мен салиқалы адамдардың жолы;

☐ Барлық иман келтіргендердің жолы.

19) Қай сүре өзіне Құранның басқа ешбір сүресінде және ешбір аятында келмейтін мағынаны қамтыған?

☐ «Әл-Фәтиха» сүресі;

☐ «Аят әл-Курси»;

☐ «Әл-Ихләс» сүресі.

«Аят әл-Курсидің» тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

20) Бұл аяттың осылай аталуының себебі — онда Курси аталатындығында.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

21) Құранның қай аяты ең ұлы?

☐ Он парыз жайлы аят;

☐ Аят әл-Курси.

22) Бұл аятта Аллаһ Тағаланың қанша көркем есімдері қамтылған?

☐ Бес;

☐ Алты;

☐ Жеті.

23) Аллаһ Тағала Өзіне қатысты Өзі және Оның Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Оған қатысты теріске шығарған сипаттарға келер болсақ, олар теріске шығарылған кезде, біз міндетті түрде Аллаһ Тағаланы оларға қарама-қарсы ең кемел сипаттармен танып, сипаттауымыз қажет. Бұл, мысалы, Аллаһ Тағала өзінен «ұйқы» және «қалғу» сияқты сипаттарды теріске шығарып, өзін «Тірі» және «Құдіретті» деп сипаттағаны секілді, әрі бұл кемелдік сипаттары теріске шығарылған кемістік сипаттардың қарама-қарсысы болып табылады.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

24) Аллаһ Тағала Өзі разы болған адамдардан басқа ешкімге шапағат етуге рұқсат бермейді, ал ол тек мына адамдарға ғана разы:

☐ Бірқұдайшылықты ұстанатындарға;
☐ Оның Елшісінің жолына ілескендерге;
☐ Барлық жауаптар дұрыс.

25) Аллаһ Тағаланың жаратқандарына жеткізген бұйрықтары мен ережелері (жалпы ғаламдық заңдар) туралы білім:

☐ Аз;
☐ Көп.

26) Аллаһ Тағаланың әл-Ғалий (аса Жоғары) деген есімі қандай мағынаны білдіреді?

☐ Ол Өзінің болмысымен жаратылыстарынан жоғары;
☐ Оның сипаттары ұлылыққа толы;
☐ Барлық жаратылыстар мен бүкіл нәрсе Оның құдіретіне бағынышты;
☐ Барлық жауаптар дұрыс.

27) «Аят әл-Курси» қай кезде оқылады?

☐ Әр парыз намазынан кейін;
☐ Ұйқыдан бұрын;
☐ Азанда және кешке;
☐ Барлық жауаптар дұрыс.

«Әз-Зәлзәлә» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

28) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;
☐ Мәдиналық.

29) «Әз-Зәлзәлә» сүресі өзіне нені қамтиды?

- ☐ Жақсы істерді жасауға ынталандыруды;
- ☐ Жаман істерді жасаудан аулақ болуға ынталандыруды;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

30) Аллаһ Тағаланың **«Жер сілкіндіріп қозғалған сәтте»** деген сөздері Оның **«Оны теп-тегіс жазық қылады»** деген сөздері секілді ме?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

31) Аллаһ Тағаланың **«Жер ішіндегі жүгін шығарған кезде»** деген сөздерінде не айтылған?

- ☐ Таулар мен төбелер;
- ☐ Мәйіттер мен көмілген қазыналар.

32) Жер адамдардың жақсы және жаман істері жайлы куәлік етеді ме?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

33) Аллаһ Тағаланың **«Сол күні адам баласы, амалдары көрсетілуі үшін, топ-топ болып келеді»** деген нені білдіреді?

- ☐ Әрбір адам жиналу орнына жалғыз баратын болады;
- ☐ Адамдар топтарға бөлініп, жиналу орнына топ-топ болып келеді.

34) Аллаһ Тағаланың **«Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Ал кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, оны көреді»** деген сөздері Оның **«Олар істеген амалдарының барлығын өздерінің алдарында көреді»** деген сөздеріндей ме?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

«Әл-Ғадият» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

35) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

36) «Әл-Ғадият» сүресі өзінде парыздарды орындамаудан сақтандыруды қамтиды.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

37) Келесі сөздердің мағынасын түсіндір:
«Қатты ентігіп, шапқан» —
«(Тұяғынан) от шығарған» —
«Раббысына тым шүкірсіздік етеді» —

«Әл-Қориға» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

38) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?
☐ Меккелік;
☐ Мәдиналық.

39) «Әл-Қориға» сүресінің мағынасында не нәрседен сақтандыру келген?
☐ Қиямет күнінің сұмдығынан;
☐ Өмірлік сынақтардан.

40) «Әл-Қориға» («Зор оқиға») деген не мағынаны білдіреді?
☐ Қиямет күні;
☐ Қауіп-қатер.

41) Келесі сөздердің мағынасын түсіндір:
«Таралған паруанадай» —
«Түтілген жүндей» —

42) Бұл сүреде аталған Таразы:
☐ Анық мағынадағы шын таразы;
☐ «Таразы» деп әділдік жайлы айтылған.

43) **«Разы болатын бір тіршілікте болады»**:
☐ Осы өмірде;
☐ Жәннат бақтарында.

44) Аллаһ Тағаланың **«Оның орны (анасы) «Һәуия» болады»** деген сөздердің мағынасы қандай?
☐ Ана қамқорлығы адам өмірінің ажырамас бөлігі болғаны сияқты, Тозақ азабы да күнәһарлардың тіршілігінің ажырамас бөлігіне айналады;
☐ Күнәһарлар Тозақ шұңқырына бастары төменге қарай тасталады;
☐ Екі жауап та дұрыс.

45) Аллаһ Тағала **«Ол «Һәуияның» не екенін білесің бе?»** деген сөздерін қандай мағынада айтты?
☐ Тозақ шұңқырының ұлылығын көрсету үшін;
☐ Ол жайлы сұрау үшін.

46) Тозақтың (Оттың) аттары:

- ☐ Шұңқыр;
- ☐ Тозақ Оты;
- ☐ Жаһаннам;
- ☐ Тамұқ;
- ☐ Жоқ қылатын жалын;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

47) Тозақ отының (Аллаһтан одан пана тілейміз) ыстығы бұл әлемнің ыстығынан неше есе күштірек?

- ☐ Жетпіс есе;
- ☐ Тоқсан есе;
- ☐ Тоқсан тоғыз есе.

«Әт-Тәкәсур» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

48) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

49) Бұл сүре өзіне не нәрселерді қамтиды?

- ☐ Адамдардың қал-кейіптері жайлы хабарды;
- ☐ Адамдарды олар сол үшін жаратылмаған нәрселерге құмар болғаны үшін кінәлауды.

50) Бұл сүреде барлық нәрсені, тіпті жақсылық пен Аллаһтың Дидарына ұмтылуды да, көбейтуге деген құштарлыққа тыйым салынған.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

51) Аллаһ Тағала неліктен: **«Сендер қабірлеріңде мәңгі қалмағандарыңа дейін»,** — деп емес, оның орнына: **«Қабірлеріңе барғандарыңа дейін»,** — деп айтты?

- ☐ Өйткені «Барзах» адам сол арқылы мәңгі әрі соңғы өмірге аттанатын уақытша мекен;
- ☐ Өйткені қайтыс болған адамдар өздерінің үйлерінен олардың иеліктерінде болмаған қабірлерге көшті.

«Әл-Аср» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

52) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;

☐ Мәдиналық.

53) «Әл-Аср» сүресінде төрт мәселеге дәлел бар: білім, амал, дағуат және сабыр.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

54) Аллаһтың атымен болмаған анттарға қатысты келтірілген сөздердің қайсысы дұрыс?

☐ Аллаһ Тағала қалаған жаратылысымен ант ете алады;

☐ Аллаһтың құлдарына Аллаһтан басқа ешкіммен және ешнәрсемен ант етуге болмайды;

☐ Аллаһтың құлдары Аллаһтан басқа нәрселермен ант ете алады;

☐ Бірінші және екінші жауаптар ғана дұрыс.

55) Сабыр қанша түрге бөлінеді?

☐ Екі түрге;

☐ Үш түрге;

☐ Төрт түрге.

56) Бұл сүреде төрт бұйрық бар. Адам алғашқы екеуін орындаса өзін, ал кейінгі екеуін орындаса басқаларды тәрбиелейді.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

«Әл-Һумәзә» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

57) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;

☐ Мәдиналық.

58) Жамандаушы (*һумәзә*) — адамдарды іс-әрекеттерімен жамандайтын немесе басқаларға саусағымен сілтеп, ғайбаттап, жаман сөздермен балағаттап, келеке етуші.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

59) Жақсы амалдарды жасау Аллаһ Тағаланың Өз салиқалы құлдарының өмірлерін ұзартуына себеп болады ма?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

60) Тозақтың отыны:

- ☐ Адамдар болады;
- ☐ Тастар болады;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.

61) Аллаһ Тағаланың **«Сондай жүректерді шалатын жалын»** деген сөзі жалынның адам денесіне еніп, жүректерді күйдіретінін білдіреді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

«Әл-Фил» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

62) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

63) Бұл сүредегі ғибратты сабақтардан, келесі тұжырымды келтіруге болады: «Егер алып жануар Аллаһтың үйлерінің бірінің шекарасынан өтуден қорықса, адамдар бұдан бірінші кезекте қорқулары қажет».

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

64) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қай жылы туылған?

- ☐ Піл жылы;
- ☐ Қайғы жылы;
- ☐ Түтін жылы.

65) Бұл оқиға Исламның келуін білдіріп, Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлығының ақиқаттығын растады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

«Құрайыш» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

66) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?
- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

67) Бұл сүре қай сүремен байланысты?
- ☐ «Әл-Фил» сүресімен;
- ☐ «Әл-Кәфирун» сүресімен;
- ☐ «Ән-Нәс» сүресімен.

68) Құрайыштықтар қыста Шамға, ал жазда Йеменге сауда сапарларына шығатын.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

69) Аллаһ Тағала Қағба мен Харам мешітін, сондай-ақ оның тұрғындарын (құрайыштықтарды) басқа арабтардың алдында жоғарылатқаны соншалық, басқалар оларға құрмет көрсетіп, оларға шабуыл жасауға батылы бармайтын:
- ☐ Меккеде;
- ☐ Меккеде де, одан тыс жерде де.

70) Аллаһ Тағала — бүкіл нәрсенің Раббысы, алайда Қағба оның артықшылығы мен ұлылығы үшін ерекшеленген.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

71) **«Олар осы Үйдің Раббысына құлшылық етсін»** деген аятта осы жаратылыстардың қадір-қасиетін көрсету үшін жаратылыс Жаратушыға тиісті етіледі.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

«Әл-Мәғун» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

72) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?
- ☐ Меккеде;
- ☐ Мәдинада.

73) Аллаһ Тағаланың: **«Сондай дінді өтіріксінгенді көрдің бе?»** деген сөздеріндегі «дін» сөзі қайта тірілу деген мағынаны білдіреді.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

74) Жетім («ятим») деген —
- ☐ Әкесінен айырылған адам;
- ☐ Анасынан айырылған адам.

75) Әлдебіреу жетім деп қай уақытқа дейін аталады?
- ☐ Ол жыныстық балиғат жасына жеткенге дейін;
- ☐ Ол жыныстық балиғат жасына жетсе де.

76) Намазға немқұрайлы қарау — бұл сөгіске лайық нәрсе, ал намаз кезіндегі қателіктерге келетін болсақ, әр адам мұндай қателіктерді жіберуі мүмкін.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

77) Жасанды салиқалылық таныту:
- ☐ Рұқсат етілген;
- ☐ Кіші ширк;
- ☐ Сөгіске лайық;
- ☐ Үлкен ширк;
- ☐ Тыйым салынған амал.

78) Бұл сүреде ізгі-салиқалы амалдарды жасауға ынталандыру бар.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

«Әл-Кәусәр» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

79) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?
- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

80) Әл-Кәусәр деген:
- ☐ Өзен;
- ☐ Мол жақсылық.

81) Аллаһ Тағала намаз бен құрбан шалуды ерекше атап өтті, өйткені олар бізді Аллаһқа жақындататын ең көркем және ең маңызды екі ғибадат рәсімі.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

82) Аллаһ Тағаланың **«Расында, дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады»** деген сөздері пайғамбарды жақсы көрген адам туралы жақсы жады сақталатынына нұсқайды.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

83) Бұл сүреде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жақтастары мен көмекшілерінің көптігіне нұсқау бар.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

«Әл-Кәфирун» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

84) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;
☐ Мәдиналық.

85) «Әл-Кәфирун» сүресін қай намаздың бірінші ракағатында «әл-Фәтихә» сүресінен кейін оқу жөн?

☐ Таң намазының сүннеттінде;
☐ Мағриб намазынан кейінгі сүннет намазында;
☐ Қағбаны тауаф етуден кейінгі намазда;
☐ Үтір намазында;
☐ Барлық жауаптар дұрыс.

86) Орындау барысында көпқұдайшылықтың көріністері бар ғибадат:

☐ Толық емес ғибадат;
☐ Ғибадат деп аталмайды.

87) Аллаһ Тағаланың **«айт»** деген сөзі:

☐ Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын);
☐ Оған және бұл сөздер бағытталуы мүмкін барлық адамға бағытталған.

88) Кәпірлер деген —

☐ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) шақыруы жеткен, алайда олар оған иман келтірмегендер;
☐ Пайғамбарға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) иман келтірмеген Мекке тұрғындары.

89) Бұл сүреде жүректе, тілде және дене мүшелерінде көрінетін көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдарға қатыссыз болуға үндеу бар.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

«Ән-Нәср» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

90) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;

☐ Мәдиналық.

91) Бұл сүреде сүйінші хабар, жаңалық, әмір және назар аудару бар.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

92) Аллаһ Тағаланың бұл дін мен үмметке деген мейірімі соншалық, біз оны елестете де алмаймыз.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

93) Бұл сүреде Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игіліг мен сәлемі болсын) жақын арада қайтыс болатыны туралы хабар бар.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

«Әл-Мәсәд» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

94) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген:

☐ Меккелік;

☐ Мәдиналық;

95) Абу Ләһәб —

☐ Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көкесі;

☐ Оның Пайғамбармен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туыстық байланысы жоқ.

96) Кімнің абыройы Қиямет күніне дейін төгілген?

☐ Абу Ләһәбтың;

☐ Пайғамбарымызбен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дұшпандық жасаған кез-келген адамның.

97) Бұл сүреде Аллаһ Тағала Абу Ләһәб пен оның әйелі ешқашан Исламды қабылдамайтынына нұсқады.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

«Әл-Ихләс» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

98) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;

☐ Мәдиналық.

99) «Әл-Ихләс» сүресі неліктен осылай аталған?

☐ Өйткені ол толықтай Аллаһ Тағаланы сипаттауға арналған;

☐ Оны оқитын адамдар көпқұдайшылықтан тазарады;

☐ Екі жауап та дұрыс.

100) Бұл сүрені оқыған мұсылманның сауабы Құранның қай бөлігін оқығанның сауабына тең?

☐ Құранның жартысын;

☐ Төрттен бір бөлігін;

☐ Үштен бір бөлігін.

101) Қай намазда екінші ракағатта «әл-Фәтихә» сүресінен кейін «әл-Ихлас» сүресін оқыған жөн?

☐ Таң намазынан бұрын оқылатын сүннет намазында;

☐ Мағриб намазынан кейінгі сүннет намазында;

☐ Қағбаны тауаф еткеннен кейін оқылатын намазда;

☐ Үтір намазында;

☐ Ұйқыдан бұрын;

☐ Парыз намаздарынан кейін;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

102) «Әл-Кәфирун» және «әл-Ихләс» сүрелері күндіз және түнде оқылады, өйткені олар бірқұдайшылықтың барлық үш түрін қамтиды.

☐ Дұрыс;

☐ Бұрыс.

103) «Әл-Ихләс» сүресінде не қамтылған?

☐ Құлшылықтағы бірқұдайшылық;

☐ Раббылықтағы, сондай-ақ есімдер мен сипаттардағы бірқұдайшылық.

104) Аллаһ Тағаланың: **«Айт»,** — деген сөзі қандай мағынаны білдіреді?

☐ Тіліңмен айт;

☐ Тіліңмен айт, жүрегіңмен айқын сен және соған сәйкес амал жаса.

105) Аллаһ Тағаланың «**Ол Аллаһ — Жалғыз**» деген сөздерінде Аллаһты Оның раббылығында, құлшылыққа лайықты құдайлығында, сондай-ақ есімдері мен сипаттарда жалғыз ету бар.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

106) Аллаһ Тағаланың «**Ол — әс-Сомәд (Өз-өзіне жеткілікті)**» деген сипаты келесідей мағынаны білдіреді:

☐ Ол — қажеттілік кезінде Оған жүгінетін және жалбарынатын объект;

☐ Ол Өздігінше өмір сүреді, ал қалған нәрселердің өмір сүруі Оған байланысты;

☐ Ол — құдайлығы, есімдер мен сипаттары сияқты раббылығы кемел әрі толық болған Раббы;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

107) Аллаһ Тағалаға бала немесе ата-ана телу күпірлік болып табылады.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

«Әл-Фәләқ» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

108) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

☐ Меккелік;
☐ Мәдиналық.

109) «Әл-Фәләқ» сүресін қай уақытта оқу абзал?

☐ Ұйқыдан бұрын;
☐ Парыз намаздарынан кейін;
☐ Барлық жауаптар дұрыс.

110) Келесі сөздердің мағынасын түсіндір:

«Қорғауына жүгінемін» —
«Фәләқа» (қақ айырып жару)—
«Түйіншіктерге дем салушылар» —

111) Бұл сүре өзіне не нәрсені қамтыған?

☐ Мұсылмандар жалпы зұлымдықтан және оның кейбір көріністерінен де Аллаһтан пана және құтқару сұрауы керек;

☐ Сиқыр шынымен де бар;
☐ Екі жауап та дұрыс.

«Ән-Нәс» сүресінің тәпсіріне қатысты тексеріс сұрақтары

112) Бұл сүре қай кезеңде түсірілген?

- ☐ Меккелік;
- ☐ Мәдиналық.

113) «Ән-Нәс» сүресін қай уақытта оқу абзал?

- ☐ Ұйқыдан бұрын;
- ☐ Парыз намаздарынан кейін;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

114) «Ән-Нәс» сүресіндегі **«Сыбырлап азғырушының кесірінен…»** деген сөздер нені білдіреді?

ЕКІНШІ САБАҚ

ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІ (РҮКІНДЕРІ)

Исламның бес тірегін түсіндіру.

Олардың ең біріншісі және ең ұлысы لا إله إلا الله محمد رسول الله — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ әрі Мухаммад — Аллаһтың елшісі» куәлігі. (Адамның) لا إله إلا الله — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деп берген куәлігінің жарамды (яғни күшке ие) болуының шарттарын түсіндіру.

«لا إله» (сөздерінің) мағынасы — Аллаһтан басқа кім (яки не) болсын құлшылыққа лайықты екенін теріске шығару, ал «إلا الله» (сөздерінің) мағынасы — құлшылыққа тек серігі жоқ жалғыз Аллаһ қана лайықты екенін растау екенін түсіндіру.

Ал адамның «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деп айтқан куәлігі (Аллаһтың алдында) жарамды болуының шарттарына келер болсақ, олар төмендегідей:

— Надандықпен үйлеспейтін білім;

— Күмәнмен үйлеспейтін сенім;

— Ширкпен үйлеспейтін ықылас;

— Өтірікшілікпен үйлеспейтін шыншылдық;

— Жек көрушілікпен үйлеспейтін жақсы көру;

— Бас тартумен үйлеспейтін мойынсұну;

— Теріске шығарумен үйлеспейтін мойындау;

— Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын барлық жалған құдайларға иман келтірмеу (күпірлік жасау).

Бұл шарттар келесі шумақта біріктірілген:

«Білім, айқын сенім, ықылас және шыншылдығың,
Махаббат, бойынсұну және оны қабылдауың,
әрі сегізіншісі — Аллаһтан басқа құлшылық жасалатындарға күпірлігің».

«مُحمدٌ رَسُولُ الله» — «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» деген куәліктің мағынасы оның (салләЛлаһу аләйһи уә сәлләм) бұйрықтарына мойынсұну, ол хабарлаған нәрсенің ақиқат екеніне мығым сену,

ол тыйым салған және қайтарған нәрселерден аулақ болу, және Аллаһқа тек Ұлы және Құдіретті Аллаһ пен Оның Елшісі бекіткендей ғана құлшылық ету екенін түсіндіру.

Ал содан соң Исламның қалған (келесі) рүкіндерін түсіндіру:

— Намаз;
— Зекет төлеу;
— Рамазан айында ораза ұстау;
— Мүмкіндігі бар адамға қажылық жасау.

ТҮСІНДІРМЕ

«Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің тіректері:

1) Теріске шығару («Лә иләһә»)
Яғни, осы ислам куәлігін беретін адам Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін барлық нәрселерді теріске шығаруы (яғни Тағутқа күпірлік танытуы) міндетті, (әрі мұнсыз оның куәлігі жарамсыз болады, яғни қабылданбайды).

2) Бекіту («иллә-Ллаһ»)
Яғни бұл куәлікті беретін адам құлшылық-ғибадат тек Аллаһқа ғана жасалу керек дегенді (яғни Аллаһқа деген иманды) бекітуге міндетті (әрі мұнсыз да оның куәлігі жарамсыз болады).

Демек «*Кәлимәтул-ихләс*» («Ықылас куәлігі») деп аталатын бұл куәліктің (оларсыз бұл куәлік оны айтатын адамға еш пайда бермейтін) екі рүкіні бар екен: Аллаһтан басқа құлшылық етілетін нәрселердің барлығын теріске шығару әрі Аллаһты ғана құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай деп бекіту, ендеше оларды толығымен біліп ал.

«АЛЛАҺТАН БАСҚА ҚҰЛШЫЛЫҚҚА ЛАЙЫҚТЫ ЕШБІР ҚҰДАЙ ЖОҚ» КУӘЛІГІНІҢ ШАРТТАРЫ

Бұл куәліктің шарттары кілттің тістері сияқты, өйткені «Лә иләһә иллә-Ллаһ» сөздері Жәннаттың кілті болып табылады, ал кілттің тістері дұрыс болмаса, ол құлыпты ашпайды. Демек, осыны ескерсек, онда «Лә иләһә иллә-Ллаһ» деп (өзінің мұсылман екеніне) куәлік ететін адам осынысы үшін Құран мен Сүннетте уәде етілген ұлы сауаптардың бәрін алуы үшін мына сегіз шартты орындауы керек:

1. Бұл куәліктің мағынасын білмеумен сәйкес келмейтін білім. Оның мағынасын білмеген адам одан пайда көрмейді, сондықтан Исламды қабылдағысы келген адамға ең алдымен оның мағынасын білу

керек. Имам Муслим риуаят еткен хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «***Кімде-кім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екенін біліп қайтыс болса, сол Жәннатқа кіреді***», — деген (Муслим).

2. Осы куәліктің ақиқаттығына толық (айқын) сенімділік. Егер адам оған жүзден бір пайыз болса да күмәнданса, ол бірқұдайшыл (мұсылман) болып саналмайды. Бұған сондай-ақ Аллаһ Тағала оларды (Өзінің Кітабында немесе Пайғамбарының сүннетінде) кәпір деп атағандарды (мысалы, Кітап иелері болған яһудилер мен христиандарды, Аллаһқа серік қосушыларды, басқа да кәпір деп аталғандарды) кәпір деп санамайтын адам да кіреді (яғни мұндай адам да бірқұдайшыл-мұсылман болмайды). Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «***Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне және мен Аллаһтың Елшісі екеніме куәлік етемін. Егер Аллаһтың құлы осы екі куәлікке ешбір күмәнданбаған күйде Аллаһқа жолықса, онда Жәннатқа кіреді***» (Муслим).

3. Шын ықыластылық. Кімде-кім бұл куәлікті рия жасап (яғни өзгелерге өзінің мұсылман екенін көрсету үшін ғана) айтса немесе (Аллаһтан басқаға құлшылық етушілер сияқты) үлкен ширк-көпқұдайшылық жасаса, ол оған еш пайда бермейді. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «***Қиямет күніндегі ең бақытты адамдар — «Лә иләһә иллә-Ллаһ» деп шын ықыласымен немесе бар жан-тәнімен айтқан адамдар болады***» (әл-Бухари).

4. Шыншылдық. Бұл куәлікті екіжүзді секілді жалған (өтірік) айтқан адам одан еш пайда алмайды. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «***Кімде-кім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ екеніне және Мухаммадтың Оның құлы әрі елшісі екендігіне шын жүрегімен куәлік етсе, Аллаһ Тағала оған Отты харам етеді***», — деген (әл-Бухари және Муслим).

5. Махаббат. Бұл куәлікті берген адам Аллаһты (құдайды жақсы көру талап ететіндей тағзым-итағат әрі ұлықтаумен) жақсы көруі керек, әрі Онымен бірге Оны жақсы көргендей ешкімді жақсы көрмеуі керек. Сонымен қатар, ол Аллаһ Тағала жақсы көруді бұйырған әрбір адамды (мысалы, пайғамбарларды, сахабаларды, мұсылмандарды) жақсы көру керек. Сүйіспеншілікке қарама-қарсы нәрсе — жек көру (ұнатпау) болып табылады, сондықтан да **«Адамның Исламын (яғни мұсылманшылығын) жарамсыз ететін амалдар» («Науақиду-л-Ислəм»)** жолдауында: *«Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһың салауаты мен сәлемі болсын) әкелген нәрселердің әлдебіреуін болса да жек көрген адам кәпір болады,*

тіпті оның өзі соны істесе де», — деп айтылған. Аллаһ Тағала былай деді:

وَمِنَ ٱلنَّاسِ مَن يَتَّخِذُ مِن دُونِ ٱللَّهِ أَندَادًا يُحِبُّونَهُمْ كَحُبِّ ٱللَّهِ ۖ وَٱلَّذِينَ ءَامَنُوٓا۟ أَشَدُّ حُبًّا لِّلَّهِ ۗ

«**Адамдардың арасында Аллаһқа серік қосып, оларды Аллаһты жақсы көргендей жақсы көретіндер де бар, ал муминдер Аллаһты** (барлығынан) **көбірек жақсы көреді**» («әл-Бақара» сүресі, 165-аят).

Махаббаттың түрлері келесідей болып бөлінеді:

1) Аллаһпен бірге басқа біреуге деген тағзым-итағатпен және ұлықтаумен жасалатын махаббат;

Аллаһ Тағаланың келесі сөздеріне сәйкес, махаббаттың бұл түрі үлкен, яғни исламнан шығарып жіберетін көпқұдайшылық-ширк болып табылады:

وَمِنَ ٱلنَّاسِ مَن يَتَّخِذُ مِن دُونِ ٱللَّهِ أَندَادًا يُحِبُّونَهُمْ كَحُبِّ ٱللَّهِ ۖ

«**Адамдардың кейбіреулері Аллаһқа өзгені теңдес етеді де, оларды Аллаһты сүйгендей сүйеді**».

2) Аллаһқа деген махаббат;

Аллаһқа деген махаббат міндетті, парыз және бұған қоса, ол иманның ең маңызды белгілерінің бірі болып табылады. Аллаһ Тағала былай деген:

مُّحَمَّدٌ رَّسُولُ ٱللَّهِ ۚ وَٱلَّذِينَ مَعَهُۥٓ أَشِدَّآءُ عَلَى ٱلْكُفَّارِ رُحَمَآءُ بَيْنَهُمْ ۖ

«**Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге қатал, бірақ өзара тым мейірімді**» («әл-Фатх» сүресі, 29-аят).

Аллаһқа деген махаббаттан Аллаһ үшін әлдебір нәрселерді жақсы көру де жатады, мысалы:

2.1. Аллаһ жақсы көретін белгілі жерлерді жақсы көру, мысалы: Мекке және Мәдинаны, мешіттерді;

2.2. Аллаһ жақсы көретін белгілі уақыттарды жақсы көру, мысалы: Қадір түнін немесе түннің соңғы үштен бір бөлігін, жұма күнін;

2.3. Аллаһ разы болатын барлық іс-амалдарды жақсы көру. Бұған шариғатта орнатылған барлық амалдар жатады, мысалы, таухид, намаз, ораза, садақа, қажылық, т. б.;

2.4. Осы амалдарды жасайтын, Аллаһ жақсы көретін адамдар мен жаратылыстарды жақсы көру. Мысалы: пайғамбарларды, елшілерді, періштелерді, сахабаларды, білім иелерін, Сүннет пен таухидті ұстанушыларды, мұсылмандарды.

3) Табиғи махаббат.

Махабаттың бұл түрі рұқсат етілген, бірақ ол Аллаһқа деген махаббаттан артық болмау шартымен рұқсат етілген. Мұндай махаббаттың мысалы — әйелге немесе балаға деген махаббат. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «***Сендерден ешкім мен ол үшін өз баласынан, ата-анасынан және барлық адамдардан сүйіктірек болмағаныма дейін иман келтірмейді***» (әл-Бухари).

Демек, адамның берген «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің бесінші шарты — бұл куәлікті берген адамның Аллаһты (құдайды жақсы көру талап ететіндей тағзым-итағат әрі ұлықтаумен) жақсы көруін, әрі Онымен бірге Оны жақсы көргендей етіп ешкімді жақсы көрмеуін, сонымен қатар, Аллаһ Тағала жақсы көруді бұйырған барлық нәрселерді жақсы көруін білдіреді екен.

6. Бойұсыну. Бұл шарттың мағынасы — ақиқат куәлігін айтқан адам соған сәйкес амал етуі керек (яғни осы ислам куәлігі бұйыратын намаз оқу, ораза ұстау, жағдайы бар адамдардың зекет беруі және шамасы жететін адамның қажылыққа баруы сияқты әрі басқа да міндетті амалдарды жасап, ислам тыйым салатын, мысалы, Аллаһқа серік қосу, өсімқорлық, зинақорлық, мас ететін заттарды ішіп-шегу сияқты және басқа да харам нәрселерден тыйылу). Кімде-кім осылай әрекет етпесе, бұл куәлік оған пайда әкелмейді. Аллаһ Тағала былай деген:

فَلَا وَرَبِّكَ لَا يُؤْمِنُونَ حَتَّىٰ يُحَكِّمُوكَ فِيمَا شَجَرَ بَيْنَهُمْ ثُمَّ لَا يَجِدُوا۟ فِىٓ أَنفُسِهِمْ حَرَجًا مِّمَّا قَضَيْتَ وَيُسَلِّمُوا۟ تَسْلِيمًا ﴿٦٥﴾

«**Раббыңа серт! Олар өзара таласқан нәрселерінде сені би қылып, сонсоң берген билігіңнен көңілдерінде ақау таппай толық бой ұсынғанға дейін мүмин бола алмайды**» («ән-Ниса» сүресі, 65-аят).

7. Қабылдау. Адам бұл куәлікке қатысты ештеңені, мейлі сөзімен, мейлі ісімен, мейлі сенімімен болсын теріске шығармауы керек. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّهُمْ كَانُوٓا۟ إِذَا قِيلَ لَهُمْ لَآ إِلَٰهَ إِلَّا ٱللَّهُ يَسْتَكْبِرُونَ ﴿٣٥﴾ وَيَقُولُونَ أَئِنَّا لَتَارِكُوٓا۟ ءَالِهَتِنَا لِشَاعِرٍ مَّجْنُونٍ ﴿٣٦﴾

«**Оларға: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», — деп айтылғанда, олар тәкаппарлықпен: «Жынды бір ақын үшін тәңірлерімізді тастайық па?», — дейді**» («әс-Соффат» сүресі, 35–36 — аяттар).

8. Аллаһтан басқа құлшылық етілетін құдайлардың ешқайсысына сенбеу. Яғни бұл куәлікті айтқан адам, оның куәлігі рас әрі жарамды болуы үшін, Аллаһтан басқаға бағышталған кез-келген ғибадат жарамсыз, қақысыз, өтірік екеніне және құлшылыққа тек Аллаһ қана лайық екеніне сенімді болуы керек.

Маңызды

Бұл ақиқат куәлігі сөздер, амалдар және сенім арқылы көрініс табуы қажет.

«مُحَمَّدٌ رَسُولُ اللهِ» — «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» деген куәліктің мағынасы оның (салләЛлаһу аләйһи уә сәлләм) бұйрықтарына мойынсұну, ол хабарлаған нәрсенің ақиқат екеніне мығым сену, ол тыйым салған және қайтарған нәрселерден аулақ болу, және Аллаһқа тек Ұлы және Құдіретті Аллаһ пен Оның Елшісі бекіткендей ғана құлшылық ету екенін түсіндіру.

ТҮСІНДІРМЕ

«Мухаммад — Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы — құрайш тайпасының хашим руынан шыққан Мухаммад бин Абдуллаһ аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһтың бүкіл жындар мен адамзатқа жіберген елшісі екенін тілмен және жүрекпен растау. Әрі Аллаһ Тағалаға тек Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алып келген уахилардың негізінде ғана құлшылық ету керек. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп айтқан:

تَبَارَكَ ٱلَّذِى نَزَّلَ ٱلْفُرْقَانَ عَلَىٰ عَبْدِهِۦ لِيَكُونَ لِلْعَٰلَمِينَ نَذِيرًا ۝١

«Бүкіл әлемдерге бір ескертуші болуы үшін Өзінің құлына (ақиқатпен жалғанды) **ажырататын Құранды түсірген Аллаһ — өте Жоғары»** («әл-Фурқан» сүресі, 1-аят).

«Мухаммад — Аллаһтың құлы» деген сөздер келесідей мағынаны білдіреді:

1) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһқа ең жақсы және дұрыс құлшылық еткенін;

2) Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ғибадат жасаудың рұқсат етілмейтіндігін және оның бойында құдайлық пен үстемдік қасиеттерінің жоқтығын.

Аллаһқа құл болудың («әл-ғубудия») үш түрі бар

1. Жалпы мағынадағы құлдық (бойсыну);

Бұл құлдық (бойұсыну) Аллаһ Тағаланың Раббылығына негізделген. Оны «мәжбүрлі құлдық» («*ғубудияту әл-кахр*») деп атауға да болады. Аллаһ Тағала былай деген:

بَل لَّهُۥ مَا فِى ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلْأَرْضِ ۖ كُلٌّ لَّهُۥ قَٰنِتُونَ ۝١١٦

«Керісінше, көктер мен жердегі барлық нәрселер түгелімен Оныкі. Олар түгел Оған бойсұнады (өйткені толығымен Оның иелігі мен басқаруында)» («әл-Бақара» сүресі, 116-аят). Яғни, жер мен көктегі барлық нәрселер Оның болмыстық әмірлеріне еріксіз, мәжбүрлі түрде бойсұнып, құлдық етеді. Құлдықтың бұл түрі мүминге де, кәпірге де қатысты.

2. Ерекше мағынадағы құлдық (бойсұну);

Бұл құлдық Аллаһ Тағалаға (Оның түсірген шариғатын орындау арқылы) мойынсұну негізінде орын алады. Аллаһ Тағала былай деген:

وَعِبَادُ ٱلرَّحۡمَٰنِ ٱلَّذِينَ يَمۡشُونَ عَلَى ٱلۡأَرۡضِ هَوۡنٗا

«Рахманның құлдары — жер бетінде кішіпейілділікпен жүретіндер», — деген («әл-Фурқан» сүресі, 63-аят). Құлдықтың бұл түріне Аллаһ Тағалаға құлшылық ететін, Оның дінін мойындайтын әрбір адам жатады.

3. Аса ерекше мағынадағы құлдық (бойсұну);

Бұл елшілер мен пайғамбарлардың қызметі. Аллаһ Тағала былай деген:

سُبۡحَٰنَ ٱلَّذِيٓ أَسۡرَىٰ بِعَبۡدِهِۦ لَيۡلٗا مِّنَ ٱلۡمَسۡجِدِ ٱلۡحَرَامِ إِلَى ٱلۡمَسۡجِدِ ٱلۡأَقۡصَا ٱلَّذِي بَٰرَكۡنَا حَوۡلَهُۥ لِنُرِيَهُۥ مِنۡ ءَايَٰتِنَآۚ إِنَّهُۥ هُوَ ٱلسَّمِيعُ ٱلۡبَصِيرُ ١

«Өзінің құлын (яғни Мухаммадты) **бір түнде, оған** (Аллаһтың шексіз құдіреті мен Оның жалғыздығына куәлік болатын) **аят-белгілерімізді** (яғни муғжизаларымызды) **көрсету үшін,** (Меккедегі) **Харам** (Қорықты) **мешіттен Біз оның айналасын берекелі еткен Ақса мешітіне апарған Аллаһ кез келген кемшіліктен пәк. Шәксіз, Ол — барлық нәрсені Естуші** (әрі) **Білуші»** («әл-Исра» сүресі, 1-аят).

Әрі осы сүренің үшінші аятында Аллаһ Тағала Өзінің елшісі Нух туралы да:

إِنَّهُۥ كَانَ عَبۡدٗا شَكُورٗا ٣

«Расында, ол шүкір етуші құл еді», — деп айтқан. Бұндай аса мәртебелі құлдыққа тек Аллаһтың пайғамбарлары мен елшілері ғана жатады, өйткені Аллаһқа құлшылықта олармен ешкім тең бола алмайды.

ПАЙҒАМБАРДЫҢ (ОҒАН АЛЛАҺТЫҢ САЛАУАТТАРЫ МЕН СӘЛЕМІ БОЛСЫН) ӨМІРБАЯНЫНАН ҮЗІНДІЛЕР

1) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) аты мен тегі:

Ол — Мухаммад Ибн Абди-Ллəһ ибн Абд əл-Мутталиб ибн Хашим. Хашим — құрайыш тайпасынан, ал құрайыштықтар — Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмаилдың ұрпағынан болған арабтар.

2) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) туылуы:

Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Піл оқиғасы орын алған жылдың рабиғ əл-əууəл айында Меккеде дүниеге келген. Ол алпыс үш жыл өмір сүрді, оның қырық жылын пайғамбарлықтан бұрын, жиырма үш жылын Аллаһтың пайғамбары және елшісі ретінде өмір сүрді. Ол жетім болған: оның əкесі ол туылмай жатып қайтыс болды, алғашында оны атасы Абдул-Мутталиб қарап бақты, ал ол да қайтыс болғаннан кейін оны əкесі жағынан болған көкесі Абу Талиб қамқорлығына алды.

3) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) елшілігі:

Ол барлық жындар мен адамдар нəсіліне жіберілді. Кімге оның шақыруы жетіп, ол оны қабылдамаса, ондай адам кəпір болады.

4) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дағуаты:

Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге (таухидке), көркем мінез-құлық пен ізгі амалдар жасауға шақырған, сондай-ақ Аллаһқа серік қосудан (көпқұдайшылықширктен), жаман мінез-құлық пен қиянатшылдықтан сақтандырған.

5) Исра және Миғраж:

Ол бір түнде Меккеден əл-Құдсқа (яғни Иерусалимге) көшірілді, содан кейін (миғраж оқиғасының барысында) жетінші аспанға көтерілді, сонда Аллаһ Тағала онымен сөйлесіп, бес уақыт намазды парыз етіп бекітті.

6) Хижра (көшуі) және қайтыс болуы:

Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеден Мәдинаға көшіп, сол жерде қайтыс болып, мүминдердің анасы Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) бөлмесіне жерленді.

7) Адамдарға уахиді жеткізу:

Аллаһ Тағала Өз Елшісі арқылы дінді кемелдікке жеткізді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) уахиды толық жеткізіп, өзіне жүктелген міндетті ең кемел үлгіде орындап, үмметіне ықыластылық танытып, ақиқатты толық жеткізді және Аллаһтың жо-

лында шынайы құлшыныс танытты, сондықтан да одан кейін ешкімнің бұл дінге үлес қосуға құқығы жоқ.

8) Ең маңызды шайқыстары:

Олардың саны жетеу: Бадр, Ухуд, Ор шайқасы, Хайбардың алынуы, Табук және Хунайн шайқастары.

9) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жеті баласы болған:

Олардың үшеуі ұл: әл-Қасим, Ибраһим және АбдуЛлаһ, ол сондай-ақ әт-Тоййиб (Жақсы) және әт-Тохир (Таза) деп аталған еді. Пайғамбарымыздың төрт қызы болған, олар: Фатыма, Зәйнаб, Руқайя және Умм Күлсум. Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Фатымадан басқа барлық балалары оның көзі тірісінде қайтыс болған. Фатыма ол дүниеден өткеннен алты ай кейін қайтыс болды.

10) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) он екі әйелі болған, олар:

Хадижа, Айша, Сауда, Хафса, Зәйнаб әл-Хиләлия, Хинд Умм Сәләма, Зәйнаб бин Жәһш, Жууәйрия бинт әл-Харис, Софийя, Ромля Умм Хабиба, Райхана бинт Зәйд, Маймуна бинт әл-Харис, Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын.

11) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) анасы және емізген сүт аналары:

Оның анасы — Әмина (آمِنَةُ) бинт Уахб; Оны емізген сүт аналары — Суәйба (оның көкесі Абу Ләһәбтың азат еткен күңі) және Халийма (حَلِيمَةُ) бинт Аби Зағб әс-Сиғдия (Аллаһ оған разы болсын).

12) Оған (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) түсірілген бірінші аят:

Аллаһ Тағаланың «әл-Ғәлақ» сүресіндегі мына сөздері:

ٱقۡرَأۡ بِٱسۡمِ رَبِّكَ ٱلَّذِي خَلَقَ ۝١ خَلَقَ ٱلۡإِنسَٰنَ مِنۡ عَلَقٍ ۝٢ ٱقۡرَأۡ وَرَبُّكَ ٱلۡأَكۡرَمُ ۝٣ ٱلَّذِي عَلَّمَ بِٱلۡقَلَمِ ۝٤ عَلَّمَ ٱلۡإِنسَٰنَ مَا لَمۡ يَعۡلَمۡ ۝٥

«**Сондай жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Ол Раббың аса Жомарт. Сондай қаламмен үйреткен. Ол, адамзатқа білмеген нәрселерін үйреткен**».

13) Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) иман келтірген алғашқы адамдар:

Ересек ерлерден — Әбу Бәкр әс-Сыддық, әйелдерден — мүминдердің анасы Хәдижа бинт Хуайлид, жасөспірімдерден — Әли ибн Әбу Талиб, азат етілген құлдардан — Зәйд ибн Хариса, құлдардан — Билəл ибн Рабах. Аллаһ Тағала олардың барлығына разы болсын.

14) Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жасаған қажылықтар:

Ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) төрт кіші қажылық (умра) жасады және олардың барлығы Зүл-қағда айында болды. Сондай-ақ ол һижраның онынші жылы бір рет үлкен қажылық жасады. Бұл қажылық «Қоштасу қажылығы» деп аталады.

15) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мінез-құлқы:

Аллаһ Тағала:

وَإِنَّكَ لَعَلَىٰ خُلُقٍ عَظِيمٍ ۝٤

«**Шын мәнінде, сен әлбетте ұлы мінезге иесің**», — деген, сондай-ақ мүминдердің анасы Айша (Аллаһ оған разы болсын): «*Оның мінез-құлқы Құран еді*», — деген.

16) Оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаянын оқып-білудің маңыздылығы:

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: «*Егер пенденің екі дүниедегі бақыты Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) басшылығына байланысты болса, онда өзіне-өзі игілік пен құтылуды, бақыт пен оның ілесушілерінен болуды қалаған әрбір адам оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) басшылығы мен өмірбаянын оқып білуге әрі осының ешқайсын білмейтін адам секілді болмауға міндетті. Адамдар оның басшылығына байланысты: білімі аз, білімі көп және білімнен мақұрым қалғандар болып үшке бөлінеді. Ал игілік тек Аллаһтың қолында, Ол оны қалаған пендесіне нәсіп етеді, өйткені Ол — ұлы мейірім Иесі*».

ҮШІНШІ САБАҚ

ИМАННЫҢ ТІРЕКТЕРІ

Иманның тіректері алтау:
— Аллаһқа иман келтіру;
— Періштелерге иман келтіру;
— Кітаптарға иман келтіру;
— Елшілерге иман келтіру;
— Қиямет Күніне иман келтіру;
— Тағдырға, оның жақсылығы және жамандығымен иман келтіру.

ТҮСІНДІРМЕ

Иманның шариғи мағынасы:

Тілдің сөздері, жүректің сенімдері және дене мүшелері мен жүректің іс-амалдары. Ол Аллаһқа мойынсұну арқылы артады әрі мойынсұнбау себебінен азаяды.

1) Сөздердің иманнан екеніне Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері нұсқайды: «***Иман тармақтарының ең жоғарғысы — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» сөзі***» (Муслим).

2) Іс-амалдардың иманнан екеніне Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері нұсқайды: «***Иманның ең төменгі тармағы — жолдан адамдарға зиян тигізетін нәрселерді алып тастау***» (Муслим).

3) Жүректің іс-амалдары иманнан екеніне Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері нұсқайды: «***Ұялу — иманның бір тармағы***» (Муслим).

4) Иманның артып-көбейетініне Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

إِنَّمَا ٱلْمُؤْمِنُونَ ٱلَّذِينَ إِذَا ذُكِرَ ٱللَّهُ وَجِلَتْ قُلُوبُهُمْ وَإِذَا تُلِيَتْ عَلَيْهِمْ ءَايَٰتُهُۥ زَادَتْهُمْ إِيمَٰنًا وَعَلَىٰ رَبِّهِمْ يَتَوَكَّلُونَ ۝٢

«Сөзсіз мүминдер, егер Аллаһ зікір етілсе, жүректері қобалжиды, әрі егер оларға Аллаһтың аяттары оқылса, имандары артып, Раббыларына тәуекел етеді» («әл-Әнфал» сүресі, 2-аят).

5) Иманның азаятынына Ханзаля әл-Усайдиден жеткізілетін онда сахабалардың Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қасында болған кездерінде тіпті Жәннат пен Тозақты өз көздерімен көріп тұрғандай иманға толатыны, ал оның қасынан кеткендерінде, көңілдері әйел-балаларына және дүние-мүліктеріне бұрылып, Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларға уағыз-насихат етіп айтқан нәрселердің көбін ұмытатыны, әрі имандары әлсірейтіні туралы баяндайтын хадис дәлел болады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мұны естігенде, оларға былай деп айтты: «***Жаным Қолында болған (Аллаһпен) ант етемін. Егер сендер менің қасымда болған кейіптеріңде әрі зікір етулерінде қала беретін болғандарыңда, онда періштелер сендермен төсектеріңде және жолдарыңда қол алысып амандасатын болар еді. Алайда, уа Ханзаля! (Бұл) мерзім-мерзімімен ғана (болады)»,*** — деп үш рет қайталады (Муслим).

Иманның артуының себептері:

1) Бірқұдайшылықты, әсіресе Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы бірқұдайшылықты оқып, зерттеу;

2) Ізгі-салиқалы іс-амалдарды көп жасау;

3) Күнәлардан бас тарту;

4) Аллаһ Тағаланың жаратылыстары жайлы ой шолу.

Иманның азаюының себептері:

1) Бірқұдайшылықты, әсіресе Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы бірқұдайшылықты білмеу;

2) Ізгі-салиқалы іс-амалдар жасамау;

3) Күнә жасау;

4) Аллаһ Тағаланың жаратылыстары жайлы ойланбау.

Иманның алты тірегі:

1) Аллаһқа иман келтіру;

2) Періштелерге иман келтіру;

3) Кітаптарға иман келтіру;
4) Елшілерге иман келтіру;
5) Қиямет күніне иман келтіру;
6) Жақсы мен жаманның тағдырға жазылғандығына иман келтіру.

Бірінші тірек: Аллаһқа иман келтіру

1) Аллаһқа иман келтіру. Ол төрт нәрсемен бекітіледі:

1.1. Сау ақыл-сана. Сау ақыл жаратылыстың Жаратушысыз өмір сүруін қабылдамайды. Аллаһ Тағала былай деген:

أَمْ خُلِقُوا۟ مِنْ غَيْرِ شَىْءٍ أَمْ هُمُ ٱلْخَٰلِقُونَ ﴿٣٥﴾

«**Немесе олар еш нәрсесіз** (өзінен-өзі) **жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме?**» («ат-Тур» сүресі, 35-аят).

1.2. Физикалық құбылыстар. Адамның басына қайғы мен қасірет түскенде, ол екі қолын көтеріп: «Уа Раббым! Уа Раббым!» — деп жалбарынғанда, бұл қиындықтар, Аллаһтың қалауымен, күтпеген жерден өтіп кетеді.

1.3. *Фитра* (адамның тума дарытылған болмысы). Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «***Әрбір нәресте Исламға табиғи бейімділікпен*** *(фитрамен)* ***туады, содан кейін ата-анасы оны не яһуди, не христиан, не отқа табынушы етеді…***» (әл-Бухари және Муслим).

1.4. Шариғат. Ибн әл-Қайим былай деген: «*Құранның әрбір аяты өзінің құрамына бірқұдайшылыққа нұсқау мен оның дәлелін қамтиды*».

2) Аллаһтың раббылығына иман келтіру;

3) Аллаһтың құлшылыққа лайық жалғыз құдай екеніне иман келтіру;

4) Аллаһтың есімдері мен сипаттарына иман келтіру.

Екінші тірек: періштелерге иман келтіру

Періштелерді Аллаһ Тағала нұрдан жаратқан. Олар Аллаһ Тағалаға мойынсұнып, Оған әрдайым бағынатын ғайып дүниенің бір бөлігі. Олардың жандары бар, бұған Аллаһтың Жәбірейіл періштені **Қасиетті Рух** деп атағаны нұсқайды.

Олардың денелері бар, бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

ٱلْحَمْدُ لِلَّهِ فَاطِرِ ٱلسَّمَٰوَٰتِ وَٱلْأَرْضِ جَاعِلِ ٱلْمَلَٰٓئِكَةِ رُسُلًا أُو۟لِىٓ أَجْنِحَةٍ مَّثْنَىٰ وَثُلَٰثَ وَرُبَٰعَ ۚ يَزِيدُ فِى ٱلْخَلْقِ مَا يَشَآءُ ۚ إِنَّ ٱللَّهَ عَلَىٰ كُلِّ شَىْءٍ قَدِيرٌ ﴿١﴾

«**Көктерді және жерді жоқтан бар етіп жаратқан, сондай-ақ екі, үш және төрт қанатты періштелерді елші қылған Аллаһқа бүкіл мақтау**» («Фатыр» сүресі, 1-аят).

Олардың ақылдары мен жүректері бар, бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

حَتَّىٰٓ إِذَا فُزِّعَ عَن قُلُوبِهِمْ قَالُوا۟ مَاذَا قَالَ رَبُّكُمْ ۖ قَالُوا۟ ٱلْحَقَّ ۖ وَهُوَ ٱلْعَلِىُّ ٱلْكَبِيرُ ﴿٢٣﴾

«**Ақыр** (періштелердің) **жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар өзара: «Раббың не айтты?», — деп сұрасқанда: «Хақты айтты», — деседі**» («әс-Саба» сүресі, 23-аят).

Біз барлық періштелерге жалпы және Аллаһ Тағала олар туралы хабарлаған есімдеріне (мысалы, Жәбірейіл, Микаил, Исрафил), олардың сипаттарына (**«Өздеріне не бұйырылса, соны орындайды»**) және орындайтын іс-амалдарына иман келтіреміз.

Періштелер жайлы біз білетін кейбір нәрселер:

Олардың ішінде Аршыны көтеретін сегіз періште, уахи жеткізуге міндетті Жәбірейіл, жаңбырға жауапты Микаил. Біз барлық періштелерге және олар туралы жалпы және кейбір мәліметтер қамтылған барлық хабарларға иман келтіруге міндеттіміз.

Үшінші тірек: Кітаптарға иман келтіру

Біз бұл Кітаптардың шынайы мағынада Аллаһтың сөзі екендігіне, олардың көктен түсірілгеніне, жаратылыс емес екеніне және Аллаһ Тағала әр пайғамбармен бірге Кітап түсіргеніне иман келтіріп сенуіміз қажет. Біз барлық Қасиетті Кітаптарға және олардың кейбірінің есімдері мен олардағы хабарларға қатысты Аллаһтың бізге айтқандарына иман келтіреміз, сондай-ақ егер олардың күші жойылмаған болса, онда олардағы түсірілген жалпы және егжей-тегжейлі қағидаларға сенеміз. Құран өзінен бұрынғы барлық қасиетті Кітаптардың: Тәураттың, Інжілдің, әз-Забурдың, сондай-ақ Ибраһим мен Мусаның жазбаларының — күшін жойды деп иман келтіреміз.

Төртінші тірек: елшілерге иман келтіру

Біз елшілердің Аллаһ Тағала оларға құлшылық етуге тыйым салған Оның құлдары және оларды өтірікке шығаруға және күмән келтіруге тыйым салынған Аллаһтың елшілері екендігіне сенеміз. Біз елшілердің жәй ғана адамдар екендігіне және олар Раббыға ғана тиесілі болған құдайлық сипаттар мен ерекшеліктердің ешбіріне ие еместігіне сенеміз. Аллаһ Тағала оларды жіберіп, оларға уахи түсіріп, оларды түрлі мұғжизалармен мығым етті, ал олар өздеріне жүктелген міндетті кемел орындап, үмметтеріне ықыластылық танытып, ақиқатты толық жеткізді де, Аллаһтың жолында шынайы ыждағат көрсетті. Біз олардың барлығына жалпылама әрі Аллаһ Тағала бізге хабарлаған жеке есімдеріне, сипаттарына және мұғжизаларына сенеміз. Біз пайғамбарлардың алғашқысы — Адам (ғаләйһи-с-сәләм), елшілердің алғашқысы — Нух (ғаләйһи-с-сәләм), ал елшілер мен пайғамбарлардың соңғысы Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) екендігіне иман келтіреміз. Бұрын келген шариғаттардың барлығы Мухаммадтың шариғатымен өшірілді. Елшілердің арасындағы бесеуі «Табандылық иелері (*улуль-ғазм*)» деп аталады, олар: Мухаммад, Нух, Ибраһим, Муса және Иса, — олардың барлығына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

Бесінші тірек: Қиямет күніне иман келтіру

Бұған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге хабарлаған өлімнен кейін орын алатын нәрселердің барлығына сену кіреді. Олардан — қабірдегі сынақ, сүр үрлеу, адамдардың қабірлерінен тұрғызылуы, олардың қайта тірілуі, жаза мен сауап, Мизан таразысы, амалдар жазылатын дәптерлер, әс-Сырат (көпірі), Жәннат, Тозақ, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) және бірқұдайшылдардың шапағаты, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Су айдыны, мүминдердің Өз Раббысын Қиямет күні және Жәннатта көруі және басқа да ғайып оқиғалар.

Алтыншы тірек: жақсы мен жаманның тағдырға жазылғандығына иман келтіру

Бұл — тағдырдың төрт кезеңіне иман келтіру, олар: білім, жазу, қалау мен жарату: «Раббымыздың білімі мен жазуы, сондай-ақ қалауы мен жаратуы».

1) Білім. Аллаһ Тағала барлық нәрсе жайлы жалпы және егжей-тегжейлі білімге ие екендігіне иман келтіру. Бұл Аллаһ Тағаланың мына сөздеріне сәйкес:

يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ

«**Ол олардың болашағы мен бұрынғысын біледі**» («Та Ха» сүресі, 110-аят).

2) Жазу. Аллаһ Тағала Қиямет күніне дейінгі барлық жаратылыстың тағдырын жазып қойғанына иман келтіру. Бұл Аллаһ Тағаланың мына сөздеріне сәйкес:

وَمَا مِنْ غَآئِبَةٍ فِى ٱلسَّمَآءِ وَٱلْأَرْضِ إِلَّا فِى كِتَٰبٍ مُّبِينٍ ﴿٧٥﴾

«**Жер-көкте ашық Кітапта болмаған ешбір көмес нәрсе жоқ**» («ән-Нәмл» сүресі, 75-аят).

3) Қалау. Аллаһ Тағаланың қалаған нәрсесі ғана болатындығына, ал Ол қаламаған нәрсе ешқашан болмайтындығына иман келтіру. Адамның өз қалауы бар, алайда ол Аллаһ Тағаланың қалауына бағынады. Аллаһ Тағала былай деген:

وَمَا تَشَآءُونَ إِلَّآ أَن يَشَآءَ ٱللَّهُ رَبُّ ٱلْعَٰلَمِينَ ﴿٢٩﴾

«**Әлемдердің Раббысы Аллаһ қаламайынша сендер қаламайсыңдар**» («ат-Тәкуир» сүресі, 29-аят).

4) Жарату. Аллаһтың құлы өзінің де, амалдарының да және басқа да бүкіл нәрсенің жаратылғандығына иман келтіруі. Аллаһ Тағала былай деген:

ٱللَّهُ خَٰلِقُ كُلِّ شَىْءٍ ۖ وَهُوَ عَلَىٰ كُلِّ شَىْءٍ وَكِيلٌ ﴿٦٢﴾

«**Аллаһ — әрбір нәрсенің Жаратушысы**» («әз-Зүмәр» сүресі, 62-аят);

وَٱللَّهُ خَلَقَكُمْ وَمَا تَعْمَلُونَ ﴿٩٦﴾

«**Аллаһ сендерді де, жасаған нәрселеріңді де жаратты**» («әс-Соффат» сүресі, 96-аят).

ТӨРТІНШІ САБАҚ

ТАУХИДТЫҢ ЖӘНЕ ШИРКТІҢ ТҮРЛЕРІ

Таухид (бірқұдайшылық) үш құрамдас бөліктен тұрады:

1. Аллаһтың Раббылығындағы таухид (*таухид әр-рубубия*);

2. Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етудегі таухид (*таухид әл-улуһия*);

3. Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы таухид (*таухид әл-әсма уә әс-сыфат*).

Раббылықтағы таухидке қатысты айтар болсақ, ол Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһтың әрбір нәрсенің Жаратушысы және бүкіл болмыстың Басқарушысы екеніне, әрі осыда Оның серігі жоқ екеніне иман келтіруді меңзейді.

Құдайлықтағы таухидке келер болсақ, бұл тек Пәк әрі Аса Жоғары Аллаһ қана құлшылық етуге лайықты әрі осыда Оның серігі жоқ екеніне иман келтіру. Міне, дәл осы тұжырымдама — لا إله إلا الله (*лә иллаһә иллә-Ллаһ*), яғни «Аллаһтан басқа құдай деп тануға және құлшылық етуге лайықты ешкім жоқ» деген сөздердің мағынасы. Сондықтан да кез-келген ғибадат, мейлі ол намаз, ораза, немесе басқасы болсын, тек жалғыз Аллаһқа ғана ықыласты түрде арналуы керек, әрі ғибадаттың ешқандай түрін Одан өзге әлдебіреуге арнауға болмайды.

Ал ең көркем есімдер мен ең кемел құдайлық сипаттарға ие болудағы таухид — бұл Аллаһтың Құран Кәрім мен сахих хадистерде келген барлық есімдері мен сипаттарына иман келтіру және тек Аллаһ қана осындай есімдер мен құдайлық сипаттарға ие екендігіне иман келтіру. Бұл сондай-ақ Аллаһтың есім сипаттарын Аса Пәк әрі Жоғары болған Оған тән болғандай етіп, оларды бұрмаламай, олардың шынайы мәнін теріске шығармай, оларды бейнелеп елестетпей және Оның сипаттарына қатысты «Қандай?» деген сұрақты қоймай, және оларды жаратылыстардың сипаттарына ұқсатпастан мойындау. Міне, осы «әл-Ихләс» сүресіндегі Аллаһ Тағаланың:

قُلْ هُوَ ٱللَّهُ أَحَدٌ ۝١ ٱللَّهُ ٱلصَّمَدُ ۝٢ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ۝٣ وَلَمْ يَكُن لَّهُۥ كُفُوًا أَحَدٌۢ ۝٤

«Айт: «Ол Аллаһ Жалғыз. Аллаһ Мұңсыз. Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»», — деген сөздерінің іс жүзіндегі көрініс табуы болады.

Сондай-ақ Ұлы және Құдіретті Аллаһтың мына сөздері де соған дәлел болады:

لَيْسَ كَمِثْلِهِۦ شَىْءٌ ۖ وَهُوَ ٱلسَّمِيعُ ٱلْبَصِيرُ ﴿١١﴾

«Оған ұқсас ешнәрсе жоқ, әрі Ол — Естуші, Көруші» («әш-Шура» сүресі, 42:11)**.**

Ал басқа ғалымдар бірқұдайшылықты Аллаһты жалғыз Раббы деп танудағы таухид (*таухид әл-ғилм уәл-мәғрифа*) және Аллаһқа құлшылық етудегі таухид (*таухид әл-қосд уәл-ғәмәл*) деп екі құрамдас бөлікке бөлді де, құдайлық есімдер мен сипаттарға ие болудағы таухидты Раббылықтағы таухидтың құрамына енгізді. Әрі мұндай жіктеумен дауласудың қажеті жоқ, өйткені екі жағдайда да Аллаһ қана құдайлық ең жоғары әрі ең кемел сипаттарға және ең көркем есімдерге ие жалғыз Раббы және сондықтан да Ол ғана құлшылық етуге лайықты жалғыз хақ құдай деген мағына айқын болады.

Ширк (көпқұдайшылық, Аллаһқа серік қосу) үшке бөлінеді:

— Үлкен ширк;

— Кіші ширк;

— Жасырын ширк.

Үлкен ширк адамның бүкіл амалдарын зая етеді, бұл туралы Аллаһ Тағала былай деп хабарлайды:

وَلَوْ أَشْرَكُوا۟ لَحَبِطَ عَنْهُم مَّا كَانُوا۟ يَعْمَلُونَ ﴿٨٨﴾

«Егер олар ортақ қосса еді, әрине, олардың істеген амалдары жойылып кетер еді» («әл-Әнғам» сүресі, 88-аят)**.**

Әрі егер адам (жасаған) көпқұдайшылығына тәубе етпей дүниеден өтетін болса, онда ол мәңгілікке Отқа түседі. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады:

مَا كَانَ لِلْمُشْرِكِينَ أَن يَعْمُرُوا۟ مَسَٰجِدَ ٱللَّهِ شَٰهِدِينَ عَلَىٰٓ أَنفُسِهِم بِٱلْكُفْرِ ۚ أُو۟لَٰٓئِكَ حَبِطَتْ أَعْمَٰلُهُمْ وَفِى ٱلنَّارِ هُمْ خَٰلِدُونَ ﴿١٧﴾

«Мүшриктер өздерінің күпірліктеріне куә бола тұра (кәпір халінде тұрып) Аллаһтың мешіттерін жасауларына болмайды. Олардың амалдары жойылған. Олар Тозақта мәңгі қалады» («әт-Тәуба» сүресі, 17-аят)**, және кім осындай халде қайтыс болса, оған оның көпқұдайшылығы кешірілмейді әрі ол үшін Жәннат харам болады. Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ былай деді:**

إِنَّ ٱللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَن يُشْرَكَ بِهِۦ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَٰلِكَ لِمَن يَشَآءُ ۚ وَمَن يُشْرِكْ بِٱللَّهِ فَقَدِ ٱفْتَرَىٰٓ إِثْمًا عَظِيمًا ﴿٤٨﴾

«Аллаһ Өзіне серік қосылуды кешірмейді, бұдан өзгені қалаған кісісіне кешіреді. Сондай-ақ кім Аллаһқа серік қосса, сол, расында, жала қойып, зор күнәлі болды» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят)**.**

مَن يُشۡرِكۡ بِٱللَّهِ فَقَدۡ حَرَّمَ ٱللَّهُ عَلَيۡهِ ٱلۡجَنَّةَ وَمَأۡوَىٰهُ ٱلنَّارُۖ وَمَا لِلظَّٰلِمِينَ مِنۡ أَنصَارٖ ٧٢

«Кім Аллаһқа серік қосса, расында, Аллаһ оған Жәннатты харам етеді. Оның орны Тозақ оты. Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ» («әл-Мәида» сүресі, 72-аят)**.**

Ширктің мұндай түріне әруақтардан, пұттардан дұға етіп тілеу, оларға пана сұрап сиыну, оларға нәзір беру, оларға арнап құрбан шалу, т. б. амалдар мен сөздер жатады.

Кіші ширк — бұл Құранда немесе Сүннетте ширк деп аталған, бірақ үлкен ширктің дәрежесіне дейін жетпейтін іс-амалдар, мысалы, кейбір амалдарды өзгелердің көруі үшін істеу, Аллаһтан басқамен ант ету, «Аллаһ пен сен қаласаң» деп айту, т. с. с.. Бұған Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері дәлел болады: «*Мен сендер үшін қауіптенетін ең қорқыныштысы нәрсе — бұл кіші ширк*». Одан бұл не екендігі туралы сұрағанда, ол: «*Көзбояушылық (рия)*» (яғни Аллаһ үшін ғана істелетін ғибадат амалдарын өзгелерге көрсету үшін істеу), — деп жауап берді. Бұл хадисті хасан (жақсы) иснадпен имам Ахмад, әт-Табарани, әл-Байһақи Махмуд бин Ләбид әл-Ансоридің (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен жеткізген. Сондай-ақ әт-Табарани де оны Махмуд бин Ләбидтің сөздерінен жеткізген, ал ол оны Рафиға бин Хадижтен (немесе Худайжтан), ол болса оны Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) атынан баяндайтын. Сондай-ақ бұған Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) басқа да: «*Кім Аллаһтан басқа бір нәрсемен немесе әлдебіреумен ант етсе, сол ширк жасады*», — деп айтқан сөздері де айғақ болады. Хадисті имам Ахмад Умар бин әл-Хаттабтан (Аллаһ оған разы болсын) сахих иснадпен жеткізген.

Сондай-ақ Абу Дауд пен әт-Тирмизи сахих иснадпен Ибн Умардың (оған және әкесіне Аллаһ разы болсын) хадисінен жеткізген Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «*Аллаһтан өзгемен ант еткен — күпірлікке немесе ширкке түсті*», — деп айтқан сөздері, сондай-ақ оның (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): ««*Аллаһ және пәлен қаласа», — деп айтпаңдар. Алайда: «Аллаһ қаласа, сосын пәлен қаласа», — деп айтыңдар*», — деген хадисі де (осыған айғақ болады).

Бұл хадисті Хузайфа бин Яманнан (Аллаһ оған разы болсын) сенімді иснадпен Абу Дауд жеткізген.

Ширктің бұл түрін жасау адамды Исламнан шығармайды, әрі ол осы үшін Тозақта мәңгі қалмайды, бірақ осы амалдар (әрбір мүмин адам ұстануға міндетті болған) таухидтің кемелдігіне үйлеспейді.

Ширктің үшінші түрі — бұл жасырын ширк. Ширктің осындай түрінің бар екеніне Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келесі сөздері нұсқайды: (Бірде ол:) «*Мен сендер үшін әл-Масих әд-Дажжәлдан да қауіптірек және қорқыныштырақ нәрсе туралы хабарлайын ба?*» (— деп айтты). Адамдар: «*Әрине, уа Аллаһтың елшісі*», — деп жауап берді. (Сонда) ол: «*Бұл — адамның намазға тұрып, сосын оған біреу қарап тұрғанын көргенде, оны көрер көзге көркем етіп көрсететіндегі жасырын ширк*», — деді. Бұл хадисті имам Ахмад өзінің «әл-Муснад» жинағында Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) жеткізеді.

Ширкті, сондай-ақ, тек үлкен және кіші ширк деп, тек екі түрге де бөлуге болады, өйткені жасырын ширк бұл екі түрді де қамтиды, әрі үлкен ширк түрінде де көрініс табуы мүмкін, бұған екіжүзділер мысал бола алады. Олар өздерінің адасқан сенімдерін жасырады әрі өздерінің өмірі үшін қорқып, сырттай Исламды ұстанатындарын көрсетеді. Сол сияқты (ол) амалдарды өзгелерге көрсету үшін жасау сияқты кіші ширк түрінде де көрініс табуы мүмкін, бұл жоғарыда айтылған Махмуд бин Ләбид әл-Ансори мен Абу Сағид әл-Худридің хадистерінде келтірілгендей.

ТҮСІНДІРМЕ

Тыйым салынған іс-амалдардың түрлері

1) Үлкен көпқұдайшылық (ширк);

Бұған ең қатаң түрде тыйым салынған.

2) Кіші көпқұдайшылық (ширк);

Кіші көпқұдайшылықтың күнәсі үлкен көпқұдайшылыққа қарағанда жеңіл, алайда үлкен күнәлардан ауыр.

3) Үлкен күнәлар;

Үлкен күнәларға оны істеген адамға қатысты лағынет, немесе «бізден емес» деген сөздермен білдірілген қатыссыздық, немесе оның кәпір, әлде көпқұдайшыл немесе мүминдерден емес деп, не болмаса адамды

ең төмен жануарлармен теңеп сипаттау секілді олар үшін жаза болатындығымен ескертілген кез-келген амал.

4) Кіші күнәлар;

Бұл — Аллаһ Тағала тыйым салған, алайда оған жаза тағайындамаған барлық амалдар.

Үлкен күнәлар

1) Үлкен күнәларға қатысты үкім:

Үлкен күнә жасаған адамның бұл күнәлары кешірілуі үшін, ол міндетті түрде тәубе қылуы қажет, өйткені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «***Егер жоқтау айтушы әйел қайтыс болғанға дейін тәубе етпесе…***», — ал басқа хадисте: «***…егер үлкен күнәлардан аулақ болса…***», — деп айтқан.

2) Олардың сатылары бар ма?

Иә, олар сатыларына қатысты әртүрлі болады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «***Сендерге үлкен күнәлардың ішіндегі ең үлкендеріне нұсқайын ба?…***».

3) Үлкен күнәларды жасаушы адамға қатысты үкімдер:

3.1. Ол иманы толық емес мумин болып табылады. Яғни иманына қатысты ол — мумин, ал күнәсына қатысты — күнәһар болады.

3.2. Ондай адамды иманы үшін жақсы көріп, күнәсы үшін жек көру қажет.

3.3. Ол үлкен күнә жасап жатқан кезде онымен бірге болмау қажет.

4) Үлкен күнәлардың саны:

Олар нақты белгілі санмен шектелмеген, алайда жоғарыда айтылған сипаттармен шектелген.

Үлкен көпқұдайшылық пен кіші көпқұдайшылықтың айырмашылығы:

Үлкен көпқұдайшылық:

1) Адамды Ислам дінінен шығарады;

2) Адамның бүкіл амалдарын жоқ қылып жойып жібереді;

3) Адамды мәңгілік Тозаққа кіргізеді;

4) Оның қаны мен мал-мүлкін әмірші үшін халал етеді;

5) Көпқұдайшылық «үлкен» деп, тек осыған дәлел бар болса ғана саналады;

6) Адамның әлдебір себепті (құралды) болмыста (Аллаһтан басқа) өздігінше жасырын түрде әлдебір нәрсені басқару күшіне не билікке ие екендігіне сенуі;

7) Егер адам үлкен көпқұдайшылық жасап, қайтыс болса, бұл оған кешірілмейді;

8) Егер адам үлкен көпқұдайшылығы үшін тәубе істесе, Аллаһ Тағала оның тәубесін екі жағдайдан басқа кезде қабыл алады. Егер адам күн батыстан шыққаннан кейін немесе өлім алды қырылы келгенде ғана тәубе етсе, оның тәубесі қабыл болмайды.

Кіші көпқұдайшылық:

1) Адамды діннен шығармайды;

2) Ол өзі араласқан амалдан басқа істерді жоқ қылып жоймайды;

3) Адамды Тозаққа мәңгілікке кіргізбейді;

4) Адамның қаны мен мал-мүлкін әмірші үшін халал етпейді;

5) Көпқұдайшылық «кіші» деп, тек осыған дәлел бар болса ғана саналады;

6) Бұл адамның Аллаһ Тағала оны себеп (құрал) етпеген әлдебір нәрселерді себеп (құрал) деп санауы;

7) Үлкен көпқұдайшылыққа алып баратын кез-келген құрал кіші көпқұдайшылық болып табылады;

8) Егер шариғатта әлдебір іс немесе сөз туралы «*ширк*» немесе «*куфр*» деген сөздерімен «әл» деген белгілілік артиклі келмесе, әрі егер басқа дәлелдер бұған қайшы келсе, онда ол кіші көпқұдайшылық болып саналады.

БЕСІНШІ САБАҚ

ИХСАН

Ихсан — Аллаһқа Оны көріп тұрғаныңдай құлшылық ету, өйткені сен Оны көрмегеніңмен, Ол сені көріп тұр.

ТҮСІНДІРМЕ

Ихсанның тірегі біреу, алайда оның екі сатысы бар:

1) Аллаһқа Оны көріп тұрғандай құлшылық ету (ғибадатул-мушаһада).

Бұл Аллаһқа деген махаббат пен сағынышқа және Оның сый ретінде дайындаған нәрселеріне ұмтылуға негізделген ғибадат. Бұл — пайғамбарлар мен елшілердің ғибадаттары. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «***Неліктен маған шүкір етуші құл болмасқа***» (әл-Бухари). Мұндай ғибадаттың себебі: Аллаһқа деген махаббат, сағыныш және Оның сый ретінде дайындаған нәрселерге ұмтылу, алайда осы орайда Оның алдында қорқуды сезіну.

2) Аллаһтың бақылауын сезініп құлшылық ету (ғибадатул-мурақоба).

Бұл Аллаһтан қорқу мен Оның жазасынан құтылуды қалауға негізделген ғибадат. Мұндай ғибадат — әрбір мұсылманда міндетті түрде болуы керек ең кіші деңгей.

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1) Діннің қанша сатысы бар?

- ☐ Бір;
- ☐ Екі;
- ☐ Үш.

2) Исламның қанша тірегі бар?

- ☐ Бес;
- ☐ Алты;
- ☐ Жеті.

3) Исламның сатысы Иманның сатысынан жоғары.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

4) Ақиқат куәлігінің (шаһада кәлимасының) қанша тірегі бар?

- ☐ Жеті;
- ☐ Сегіз;
- ☐ Екі.

5) «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің қанша шарты бар?

- ☐ Сегіз;
- ☐ Жеті;
- ☐ Бес.

6) «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің «білім» шартының мағынасы қандай?

- ☐ Әлдебір нәрсені, ол қандай болса, солай танып білу;
- ☐ Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ деген куәліктің мағынасын және ол нені талап ететінін білу.

7) Егер адам Ислам шақыруы жеткен, алайда ол оған иман келтірмеген әлдебір адамның кәпір екеніне күмәнданса, оның үкімі қандай?

- ☐ Ол үлкен күпірлікке түсті;
- ☐ Ол кіші күпірлікке түсті.

8) «Қабылдау» — «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің шарттарының бірі, және ол өзіне мына нәрсені қамтиды:

- ☐ Сөз;
- ☐ Амал;
- ☐ Сенім;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

9) «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігін көрер көз (*рия*) үшін айту садақадағы рия секілді және кіші көпқұдайшылық болып табылады.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

10) Кімде-кім «Лә иләһә иллә-Ллаһ» кәлимасын тілімен айтып, алайда жүрегінде бұл сенімге ие болмаса, ол:

☐ Бірқұдайшыл;
☐ Мұсылман, алайда мүмин емес (яғни иман сатысына жетпеген, алайда исламдағы адам);
☐ Үлкен көпқұдайшылыққа түскен кәпір;
☐ Иманы аз адам.

11) Егер адам Мухаммад Пайғамбарды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланы жақсы көргендей жақсы көрсе, мұндай адам:

☐ Үлкен көпқұдайшылыққа түсті;
☐ Кіші көпқұдайшылыққа түсті;
☐ Үлкен күнә жасады.

12) Махаббаттың қанша түрі бар?

☐ Төрт;
☐ Үш;
☐ Екі.

13) Аллаһ үшін жақсы көру келесі нәрселерге деген махаббатта көрінеді: белгілі амалдарға, адамдарға және жерлер мен уақыттарға.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

14) Аллаһпен бірге басқа біреуді тағзым-ұлықтаумен құлдық ұрып жақсы көру:

☐ Кіші көпқұдайшылық;
☐ Міндетті амал;
☐ Үлкен көпқұдайшылық.

15) Аллаһ үшін жақсы көру:

☐ Рұқсат етілген;
☐ Міндетті;
☐ Үлкен көпқұдайшылық болып саналатын амал.

16) Аллаһқа (құл болып) бойсұнудың қанша түрі бар?

☐ Екі;
☐ Үш;
☐ Төрт.

17) Аллаһ Тағаланың барлық жаратылыстары, тіпті кәпірлер де Оған мәжбүрлі құлдық арқылы бағынышты.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

18) Егер де адам «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігін айтса, алайда ешбір ізгі амал және ғибадат, соның ішінде намазды да қоса жасамаса, оған бұл куәлік:

☐ Пайда әкеледі;
☐ Пайда әкелмейді.

19) «Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — Аллаһтың құлы және елшісі», деген куәліктің мағынасы: «Ол — оған құлшылық етуге болмайтын құл және оны өтірікте айыптауға болмайтын елші».

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

20) «Елші (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұйырған нәрседе оған бағыну; ол тыйым салған нәрседен тыйылу…», деген:

☐ «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы;
☐ «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» куәлігі өзіне қамтитын нәрсе.

21) Кімде-кім Пайғамбарға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) құдайлық пен раббылық сипаттарын телісе, мұндай адам «Мухаммад — Аллаһтың елшісі» екендігіне куәлік етпеген болып табылады.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

22) Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ең жоғары сипаты, оның:

☐ Аллаһтың елшісі болуында;
☐ Аллаһтың құлы әрі елшісі болуында;
☐ Соңғы пайғамбар (пайғамбарлардың мөрі) болуында.

23) *«Кімде-кім Исламға жаңалық енгізіп, оны жақсы деп санаса, сол Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге елшілікті толық жеткізбеді деп санаған болады. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген:* «**Бүгін мен діндеріңді толықтастырдым**» («Әл-Мәида» сүресі, 3-аят). *Сол (осы аят түскен) күні діннен болмаған нәрсе, бүгін де діннен болмайды»* деген сөздерді кім айтқан?

☐ Шейхул-Ислам Ибн Тәймия;
☐ Имам Мәлик;
☐ Имам Ибн Баз.

24) Мухаммад Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қай пайғамбардың ұрпағынан?

- ☐ Исхақ Пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын);
- ☐ Исмаил Пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын).

25) Бос жерлерді толтыр:

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) _____ жылы, _____ қаласында туылған. Ол ___ жыл өмір сүрді, олардан ___ жылын пайғамбарлықтан бұрын, ал ___ жылын пайғамбар және елші ретінде өмір сүрді. Ол _____ сүресі түскеннен кейін пайғамбар болды, ал _____ сүресі түскеннен кейін елші болды.

26) Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) кімдерге жіберілді?

- ☐ Өзінің қауымына;
- ☐ Адамзатқа;
- ☐ Бүкіл адамдар мен жындарға.

27) Миғраж дегеніміз — Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдинадан Иерусалимге саяхаты.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

28) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қай жерге қоныс аударды?

- ☐ Тоифке;
- ☐ Эфиопияға;
- ☐ Мәдинаға;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

29) Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қанша маңызды шайқастарға қатысқан?

- ☐ Бір;
- ☐ Екі;
- ☐ Үш;
- ☐ Төрт;
- ☐ Бес;
- ☐ Алты;
- ☐ Жеті.

30) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қанша баласы болған?

- ☐ Үш;
- ☐ Төрт;
- ☐ Жеті.

31) Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) «Қоштасу қажылығын» жасауы, оның бұдан бұрын қажылық жасағандығына нұсқайды.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

32) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаянын оқып үйрену:

- ☐ Міндетті;
- ☐ Мұстахаб;
- ☐ Рұқсат етілген амал.

33) Бос жерлерді толтыр:

Иман — _____ сөздері, _____ сенімі және _____ амалдары. Ол _____арқылы артады және _____себебімен азаяды.

34) Иманның қанша тірегі бар?

- ☐ Алты;
- ☐ Бес;
- ☐ Төрт.

35) Аллаһқа иман келтіру өзіне белгілі қосымша нәрселерге иман келтіруді біріктіреді, олар қанша?

- ☐ Төрт;
- ☐ Үш;
- ☐ Екі;
- ☐ Бір.

36) Аллаһтың бар екендігіне нұсқайтын жалпы дәлелдер қанша?

- ☐ Төрт;
- ☐ Оларды санау мүмкін емес.

37) Микаил — жаңбырға жауапты періште.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

38) Жүрек тек адамдарда ғана бар, ал періштелердің жүректері жоқ.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

39) Аттары бізге белгілі қанша қасиетті Кітаптар бар?

- ☐ Алты;
- ☐ Төрт;
- ☐ Жеті;
- ☐ Көп.

40) Аллаһ Тағала барлық пайғамбарларға Кітап түсірген.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

41) Адам ата (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһтың елшілерінің алғашқысы.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

42) Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) — Аллаһтың Елшісі, алайда пайғамбар емес.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

43) Қанша пайғамбар «Берік табандылық иелері (*улул-ғазм*)» болып табылады?
- ☐ Бес;
- ☐ Төрт;
- ☐ Үш;
- ☐ Ондай пайғамбарлар көп.

44) Қиямет күніне деген иман өзіне өлімнен кейін барлық нәрселерге, тіпті адамдардың қабірлерінен шығуына дейін иман келтіруді қамтиды.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

45) Тағдырға иман келтірудің бірнеше сатысы бар. Олар қанша?
- ☐ Үш;
- ☐ Төрт;
- ☐ Бес;
- ☐ Алты.

46) Аллаһ Тағала белгілі бір нәрсе жайлы, ол нәрсе орын алғаннан бұрын біледі ме?
- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ,

47) Аллаһ Тағала адамдар жасайтын барлық нәрселер жайлы біледі ме?
- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

48) Аллаһ Тағала адамдар жасап жатқан барлық нәрселерді жазып қойған ба?
- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

49) Адам ерік пен қалауға ие, сондықтан да қалаған нәрсесін жасауына ерікті.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

50) Аллаһтың құлдарының іс-амалдары жаратылған ба?
☐ Иә;
☐ Жоқ.

51) Таухид қанша түрге бөлінеді?
☐ Екі түрге;
☐ Үш түрге;
☐ Екі жауап та дұрыс және бұл бөлуде тартысудың қажеті жоқ.

52) Үлкен және кіші көпқұдайшылықтың арасындағы бес айырмашылықты есіңе түсіріп, жаз:
1) _____;
2) _____;
3) _____;
4) _____;
5) _____;

53) Үлкен және кіші көпқұдайшылыққа бес мысал келтір:
☐ Үлкен көпқұдайшылық:
☐ Кіші көпқұдайшылық:

54) Сенімдегі екіжүзділік (*нифақ*) — діннен шығармайтын кіші көпқұдайшылық.
☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

55) Ихсанның қанша тірегі бар?
☐ Бір;
☐ Екі.

АЛТЫНШЫ САБАҚ

НАМАЗДЫҢ ШАРТТАРЫ

Намаздың шарттары тоғыз:
— Исламды ұстану (мұсылман болу);
— Ақыл-есті болу;
— «Ажырату» («*тамйиз*») жасына жету;
— Ластанудан (дәретсіздіктен) тазалану;
— Нәжістен тазалану;
— Дененің көрінуге тыйым салынған әуретті жерлерін жабу;
— Намаздың уақытының кіруі;
— Жүзді (бетті) Қыблаға қарату;
— Ниет.

ТҮСІНДІРМЕ

Бірінші шарт: Исламды ұстану (мұсылман болу)

Бұның қарама-қайшысы — күпірлік болып табылады. Егер, мысалы, Аллаһты (немесе оның дінін) балағаттайтын (немесе мысқыл-мазақ) ететін, немесе әлдебір ғибадатын Аллаһтан басқаға арнайтын адам намаз оқыса, ол Аллаһтың алдында тәубе етпейінше, оның намазы жарамсыз болады.

Екінші шарт: Ақыл-есті болу

Бұның қарама-қайшысы — ақылдан азу, ал бұдан да жаман нәрсе — мастық.

Үшінші шарт: «Ажырату» («тамйиз») жасына жету

«Ажырату» (*тамйиз*) жасы — бұл балиғат жасы емес, алайда бұл баланың заттардың арасын ажырата бастайтын, өзіне қойылған сұрақты түсініп, оған жауап бере алатын жас. Көбінесе бала жеті жасқа толғанда мұндай дәрежеге жетеді.

Баланың намазы қашан жарамды болады?

Бала заттардың арасын ажырата алатын, өзіне қойылған сұрақты түсініп, оған жауап бере алатын, мысалы, су мен отты т. с. с. нәрселерді ажырата алатын кезде. Егер бала бұл жасқа жетпесе, оның намазы жарамсыз болады.

Төртінші шарт: Ластанудан (дәретсіздіктен) тазалану

Бұған екі нәрсе кіреді:

1) Үлкен ластану:

(Оған, мысалы, жыныстық қатынастан немесе шәуеттің шығуынан жүніп болу, діннен шығумен үлкен ластану т. б. жатады.) Ол үлкен тахарат (ғұсыл) алумен жойылады.

2) Кіші ластану:

(Бұған, мысалы, адамның үлкен немесе кіші әжетін өтейтін жолдарынан белгілі ластықтардың және желдің шығуымен орын алатын кіші ластану-дәретсіздік жатады). Бұл кіші тахарат (дәрет) алумен жойылады.

(Бұл екі ластанумен ластанған әрі ғұсылсыз немесе дәретсіз намаз оқыған адамның намазы жарамсыз болады).

Бесінші нәрсе: Нәжіс нәрселерді жою (алып тастау)

Адамның денесіндегі, киіміндегі және намаз оқитын орнындағы нәжіс нәрселер жойылуы (алып тасталуы) керек. Егер адамның денесінде әлдебір нәжіс нәрсе болса және ол бұл нәжіс жайлы біліп, оны тазалай алатын бола тұра, алайда тазаламай намаз оқыса, онда оның намазы жарамсыз болады. Нәжіс нәрселерді жоюдың (алып тастаудың) үш түрі бар:

1) Ауыр (муғолләза)

Бұл иттің нәжісінен тазалану. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ит ішкен ыдысты жеті рет жууды және бірінші жуу кезінде ыдысты топырақпен тазалауды бұйырған (Муслим).

2) Жеңіл (мухоффафа)

Бұл сығусыз және ысқылаусыз, жәй сулаумен ғана жойлатын ластықтар. Осылайша сүтпен ғана тамақтанатын әрі әдеттегі тамақты әлі жемейтін ұл нәрестенің зәрінен, (қозу кезінде шығатын) мәзиден, сондай-ақ ердің шәуетінен тазару қажет. Өйткені шәует өз негізінде таза, алайда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оның киімге тиген іздері ылғал болса, оған су себетін, ал ол кеуіп қалған болса, онда оны үйкеп, қырып кетіретін.

3) Орташа (мутауассыта)

Бұл лас нәрселерді сумен ысқылап жуып, оны сығу арқылы тазарту. Бұған ересек адамның зәрі және басқа да лас нәрселер кіреді.

Нәжіс нәрселердің түрлері:

Адамның зәрі, оның қиы, жеуге тыйым салынған жануарлардың зәрі мен қиы, еті.

Мысық, қашыр, есек тәрізді олардан аулақ болу қиынға соғатын жануарлардан басқа барлық жыртқыш аңдар.

Сою кезінде ағатын қан, екі жолдан (жыныс мүшесі мен артқы жақтан) шығатын қан.

Адамның мәйітінен және қаны ақпайтын жәндіктердің (шыбын, маса және басқа да жәндіктер), теңізде өмір сүретін жануарлардың өлекселері мен шегіртке өлексесінен басқа барлық өлекселер нәжіс болып табылады.

Алтыншы шарт: Дененің көруге тыйым салынған әуретті жерлерін жабу

Әуреттің үш түрі бар:

1) Жеңіл әурет (мухоффафа)

Бұл жеті мен он жастың арасындағы ұл баланың әуреті, бірақ ол жыныс мүшесі мен артқы жағын жабуы міндетті.

2) Ауыр әурет (муғолләза)

Бұл еркін (яғни күң емес), балиғат жасына жеткен әйелдің әуреті. Ол намаз уақытында жүзінен басқа барлық жерін жабуға міндетті, ал

оған жақын туысқан («махарим») болмаған бөгде ерлердің арасында жүзін де жабуы қажет.

3) Орташа әурет (мутауассыта)

Бұл аталған адамдардан басқа барлық адамдардың әуреті. Олар кіндіктен тізеге дейінгі жерлерін жабулары қажет. Бұған қоса, олар иықтарын жауып, әдемі киінгені жөн.

Жетінші шарт: Намаз уақытының кіруі

Өз уақытынан бұрын оқылған намаз жарамсыз болып табылады. Сондай-ақ намазды, оның уақыты өтіп кеткенге дейін кешіктіріп қалдыруға да болмайды. Бұл тек намазды белгілі себептермен (мысалы, сапарда) қосуға болатын жағдайда ғана рұқсат етілген. Намазды оның уақыты өтіп кеткенге дейін әдейі кейінге қалдыру күнә болып табылады.

Сегізінші шарт: Жүзді (бетті) Қыблаға қарату

Бұдан сапарда нәпіл намаздарды оқу тыс шығарылады, өйткені оларды көлік үстінде жүріп бара жатқан бағытқа қарап оқу рұқсат етілген. Бұндай жағдайға, сондай-ақ, бүгінгі таңдағы ұшақтағы намаз да кіреді. Бұл шарттан тыс шығарылатын тағы бір ерекше жағдайға адамның Қағбаға бетін бұруға мүмкіндігі жоқ немесе дұшпаннан қорқып, сақтанған жағдай да жатады. Ал қалған жағдайларда намаздың жарамды болуы үшін бетті Қыблаға қарату міндетті шарт болады.

Тоғызыншы шарт: Ниет

Ниеттің орны — жүректе және оны тілмен айту бидғат (дінге енгізілген дүнбұзар жаңалық) болып табылады. Егер ниет намазға тұрғанға дейін жасалып қойылған болса, немесе адам сол уақыттағы парыз намазды оқуды (яғни оның атауын нақтыламай-ақ) ниеттенсе, бұл оның ниетінің және намазының дұрыс болуына жеткілікті болады.

Маңызды ескертпелер

1) Бұл шарттарды орындамаған адамның білмегендікпен, ұмытшақтықпен ақталуы және оларды әдейі қалдыру да қабылданбайды. Бұ-

дан тыс шығарылатын бір-ақ жағдай — бұл адамның денесінде, немесе киімінде, немесе намаз оқыған орнында нәжістің болғанын белмеген, немесе ұмытып кеткен әрі сондай күйде намаз оқыған адамның намазы ғана, бұндай оқылған намаз жарамды болып табылады;

2) Шарттар ғибадатқа дейін орындалады және оның құрамынан тыс болады, алайда бұл шарттар ғибадаттың басынан аяғына дейін сақталуы қажет.

ЖЕТІНШІ САБАҚ

НАМАЗДЫҢ ТІРЕКТЕРІ (РҮКІНДЕРІ)

Намаздың рүкіндері он төрт:
— Қиямда тұру, егер түрегеп тұруға мүмкіндік болса;
— «Такбиратуль-ихрам» — намазды ашатын алғашқы тәкбір;
— «Әл-Фәтиха» сүресін оқу;
— Рукуғ;
— Рукуғтан бой түзеп тік тұру;
— Дененің жеті бөлігіне (сүйеніп) сәжде жасау (маңдай мен мұрын, екі қол, екі тізе және екі табан);
— Бірінші сәждеден кейін (отырып) кеудені түзеу;
— Екі сәжденің арасында отыру;
— Осы іс-әрекеттердің барлығын орындау кезінде тыныштық (байсалдылық) сақтау;
— Рүкіндердің реттілігін сақтау;
— Соңғы тәшаһһудты айту;
— Соңғы тәшаһһудта отыру;
— «Әс-соләту ғәлә-н-Нәбий» — Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) салауат айту;
— Екі жаққа сәлем беру.

ТҮСІНДІРМЕ

Бірінші тірек: Қиямда тұру, егер түрегеп тұруға мүмкіндік болса

1) Парыз намаздар:

Қиямда тұру — парыз намаздардың тіректерінің бірі болып табылады. Бұл тірек адам мүлде тұрып намаз оқи алмайтын жағдайда немесе қиямда тұру (ауру болуы себепті) оның намаздағы ықыласының жойылуына келтіретін кезде ғана адамның мойнынан түседі. Егер адам кішкене болса да, тұруға шамасы болса, ол бұны жасауы қажет.

2) Нәпіл намаздар:

Нәпіл намаздарды отырып оқуға рұқсат етілген, алайда оның сауабы намазды тұрып оқыған адамның сауабының жартысындай болады, сондай-ақ жатып намаз оқыған адамның сауабы да, отырып оқыған адамның сауабының жартысындай болады.

Екінші тірек: Тәкбир әл-ихрамды айту

Тәкбир әл-Ихрам — бұл «Аллаһу Әкбар» (Аллаһ ең Ұлы) деп айтылатын намазды ашушы сөздер. «Аллаһу Әкбар» сөздерінен басқа сөздерді айтуға рұқсат етілмейді.

Үшінші тірек: «әл-Фәтиха» сүресін оқу

«Әл-Фәтиха» сүресін әр намазда, дауыстап оқылатын ракағаттарда да, сыбырлап оқылатын ракағаттарда да оқу міндетті. Оның оқылуы толық болуы әрі бірде-бір аят қалдырылмай, әріптері, дыбыстары және сөздері дұрыс оқылуы қажет. «Әл-Фатиха» сүресін оқу міндеті тек бір ғана жағдайда, яғни намазға келген адам имамды рукуғта көріп үлгерген кезде ғана түсіріледі. Бұл жағдайда ол намазға қосылады және ол «әл-Фатиха» сүресін оқымаса да, оған ракағат есептеледі.

Тоғызыншы тірек: Осы іс-әрекеттердің барлығын орындау кезінде тыныштық сақтау

Бұл тыныштық әрбір тіректегі бекітілген зікірлерді айтуда және дене қимылдарын жасауда сақталуы керек. (Яғни намаздағы адам намаздың сөздерінде де, қимылдарында да асығыстық, аласабырлық танытпай, рукуғ пен сәжде жасағанда, екі сәжде арасында отырғанда, рукуғтан тұрғанда дене мүшелерінің тиісті кейіпке толық келтіріп ұстауы керек.)

Маңызды ескертпе!

Осы тіректер намаздың мәні болып табылады. Ғибадаттың әлдебір тірегін істемей қалдыру, бұл әдейі болса да, білместіктен немесе ұмытшақтықпен болса да, ғибадатты жарамсыз етеді. Сондай-ақ қалдырылған тіректі әс-сәһу сәждесімен өтеуге де болмайды. Әлдебір тірек-

ті қалдырған адам уақыты өтпеген намазды қайта өтеуі қажет. Ал уақыты өтіп кеткен және онда қандай-да бір тірек қалдырылған намаз жайлы айтсақ, онда адам бұған қатысты ақталған (яғни үзірлі) болады. Өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) намазды қате оқыған адамға, ол осыдан бұрын оқыған барлық намаздарды қайта өтеуді бұйырмады және әлгі адам намазды жылдамасығыстықпен оқып, намаздың тірегі болған тыныштық-байсалдылық сақтау рүкінін қалдырса да, ол оған тек осы, яғни Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) алдында оқыған намазды ғана өтеуді бұйырды. Әрі Аллаһ Тағала бұл жайлы жақсырақ біледі.

СЕГІЗІНШІ САБАҚ

НАМАЗДЫҢ МІНДЕТТІ (УӘЖІП) ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ

– Намазды ашатын ең бірінші тәкбірден басқа барлық тәкбірлер;
– (Рукуғтан бой түзеу барысында) «سَمِعَ اللهُ لِمَنْ حَمِدَه (Аллаh оны мақтағанды естісін)» сөздерін айту;
– (Рукуғтан кейін бойды түзеп, тік тұрған соң) «رَبَّنا وَلَكَ الحَمْدُ (Раббымыз, әрі Саған мақтау болсын)» сөздерін айту;
– (Рукуғта тұрғанда) «سُبْحانَ رَبِّيَ الْعَظيم (Менің Ұлы Раббым Пәк) сөздерін айту;
– (Сәждеде) «سُبْحانَ رَبِّيَ الأَعْلى (Менің Аса Жоғары Раббым Пәк)» сөздерін айту;
– Екі сәжденің арасында: «رَبِّ اغْفِرْ لي (Раббым, мені кешір)», — деп айту;
– Бірінші тәшаhhудты айту;
– Бірінші тәшаhhудта отыру.

ТҮСІНДІРМЕ

(Рүкін мен уәжіптің айырмашылығы — рүкінді ұмытшақтықпен де, қасақана да қалдырған адамның намазы жарамсыз болады және ол саhy сәждесімен өтелмейді, ал уәжібті ұмытшақтықпен қалдыру намазды бұзбайды, бірақ оны ұмытқан адам оны намаздың соңында сәhy сәждесін жасаумен өтейді. Уәжіп амалды қасақана қалдыруға келсек, бұл намазды жарамсыз етеді).

Маңызды ескерту

Рукуғ барысында «Субхана Робби әл-Ғазыйм» сөздерін тым болмаса бір рет айту міндетті, кейін басқа да зікірлерді айтуға болады. Тура сол секілді, сәжде барысында «Субхана Робби әл-Әғлә» сөздерін бір рет болса да айту міндетті, кейін басқа да зікірлерді айтуға болады.

ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ

ТӘШАҺҺУДТЫ ОРЫНДАУ ҮЛГІСІ

Тәшаһһудты орындау үлгісі келесідей:

التَّحِيَّاتُ لِلَّهِ وَالصَّلَواتُ والطَّيِّبات * السَّلامُ عَلَيْكَ أَيُّها النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللَّهِ وَبَرَكاتُه * السَّلامُ عَلَيْنا وَعَلى عِبادِ اللَّهِ الصَّالِحين * أَشْهَدُ أَنْ لا إِلهَ إِلاّ اللَّه * وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّداً عَبْدُهُ وَرَسُولُه

/Сәлемдер, салауаттар және (барлық) игі сөздер Аллаһқа тән! Сәлем саған, уа Пайғамбар, және Аллаһтың рахметі мен берекесі болсын! Аллаһтың сәлемі бізге және Оның ізгі салиқалы құлдарына болсын! Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік беремін және Мухаммад — Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін/.

Кейін Пайғамбар үшін салауат оқылады:

اللّهُمَّ صَلِّ عَلى مُحمَّد وَعَلى آلِ مُحمَّد كَما صَلَّيتَ عَلى إِبْراهيمَ وَعَلى آلِ إِبْراهيم إِنَّكَ حَميدٌ مَجيد ▯ اللّهُمَّ بارِكْ عَلى مُحمَّد وَعَلى آلِ مُحمَّد كَما بارَكْتَ عَلى إِبْراهيمَ وَعَلى آلِ إِبْراهيم إِنَّكَ حَميدٌ مَجيد

/Уа Аллаһ! Сен Ибраһимге және оның отбасына игілік еткеніңдей, Мухаммадқа және оның отбасына да игілік ет, шын мәнінде, Сен — Аса Мақтаулы, Даңқтысың! Уа Аллаһ! Сен Ибраһимге және оның отбасына береке бергеніңдей Мухаммадқа және Мухаммадтың отбасына береке бер; шын мәнінде, Сен — Аса Мақтаулы, Даңқтысың!/

Кейін тек соңғы тәшаһһудта Аллаһқа Тозақтың азабынан, қабір азабынан, өмір мен өлімнің бүлігінен (фитнасынан) және әл-Мәсих әд-Дәжжәлдің бүлігінен (фитнасынан) пана сұрап жалбарыну керек. (Бұл дұғаның сөздері келесідей:)

اللَّهُمَّ إِنِّ أَعُوذُ بكَ مِنْ عَذابِ جَهَنَّمَ وَ مِنْ عَذابِ القَبْرِ وَ مِنْ فِتْنَةِ المَحْيا وَ المَماتِ وَ مِنْ فِتْنَةِ المَسِيحِ الدَّجَّال

/Уа Аллаһ, мен Сағана Тозақ азабынан, қабір азабынан, өмір мен

өлім бүлігінен және Дәжжәлдің бүлгінен пана сұрап жалбарынамын/.

Бұл төрт нәрседен пана сұрау сөздерін айту міндетті емес, бірақ мустахаб.

Кейін ол өзі қалаған дұғаларымен, әсіресе, Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтқан дұғалармен жалбарынуы керек. Мысалы, мына (дұғалармен):

اللّهُمَّ أَعِنِّي عَلى ذِكْرِكَ وَشُكْرِك ، وَحُسْنِ عِبادَتِك

/Уа Аллаһ, маған Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге және Өзіңе көркем түрде ғибадат етуге көмектесе гөр! /

اللّهُمَّ إِنِّي ظَلَمْتُ نَفْسي ظُلْماً كَثيراً وَلا يَغْفِرُ الذُّنوبَ إِلاّ أَنْت ، فَاغْفِر لي مَغْفِرَةً مِنْ عِنْدِك وَارْحَمْني، إِنَّكَ أَنْتَ الغَفورُ الرَّحيم

/Уа Аллаһ, ақиқатында, мен өзіме аса көп зұлымдық жасадым. Күнәларымды кешіретін Өзіңнен басқа ешкім жоқ! Өз жарылқауыңмен мені кешір әрі маған рахым ет. Расында, Сен — Аса Жарылқаушы, Ерекше Мейірімдісің!/

Ал зухр (бесін), аср (екінті), мағриб (ақшам), иша (құптан) намаздарындағы бірінші тәшаһһудқа келер болсақ, (оларда) намаз орындаушы «әт-тахийят» дұғасының соңындағы أَشْهَدُ أَنْ لا إِلٰهَ إِلاّ اللهُ ، وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمّداً عَبْدُهُ وَرَسولُه **деп екі куәлікті айтқан соң үшінші рәкағатты орындау үшін орнынан тұрады. Алайда егер ол үшінші ракағатқа тұрудан бұрын «әт-тахийят» дұғасынан кейін Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтса, бұл жақсырақ әрі сауаптырақ болады, өйткені осы мәселедегі хадистер мұның артықшылығына нұсқаған.**

ОНЫНШЫ САБАҚ

НАМАЗДАҒЫ ҚҰПТАЛАТЫН (МУСТАХАБ) ІС-АМАЛДАР

Намаздың (міндетті емес, алайда) құпталатын (сауапты, мустахаб) құрамдас бөліктері келесідей:

– Намаздың басында Аллаһқа дұға етіп жалбарынатын сөздер (дуға әл-истифтах);

– Рукуғқа дейінгі қиямда тұру кезінде және рукуғтан бой түзеп тік тұрғанда оң қолды сол қолдың үстіне қойып, оларды көкірекке (кеудеге) қою;

– (Тәкбірлерді айтқан кезде) саусақтарды бір-біріне біріктіріп ұстаған күйде екі қолды иық тұсына дейін немесе құлақ тұсына дейін көтеру. Мұны намазды ашатын бірінші тәкбірде, рукуғқа барғанда, рукуғтан бой түзегенде және бірінші тәшаһһудтан соң үшінші ракағатты орындау үшін тұрғанда істеу керек;

– Рукуғта «سُبْحانَ رَبِّيَ الْعَظِيم» («Субхана Роббиял-Ғазыйм») және сәждеде «سُبْحانَ رَبِّيَ الأَعْلى» («Субхана Роббиял-Әғлә») сөздерін бір реттен көбірек айту;

– Рукуғтан кейін бой түзеп тұрғанда «رَبَّنا وَلَكَ الحَمْدُ» («Роббана уә ләкәл хамд») сөздеріне қосымша дұғалар айту. Сондай-ақ екі сәжденің арасында да «رَبِّ اغْفِرْ لي» («Робби-ғфирли») сөздерін бір реттен көбірек айту;

– Рукуғ кезінде басты арқаның деңгейімен бірдей етіп ұстау;

– Сәжде жасау кезінде екі қолды бүйірден алшақ ұстау (яғни оларды денеге жабыстырып ұстамау), сондай-ақ қарынды сандардан, ал сандарды балтырлардан көтеріп ұстау;

– Сәжде жасау кезінде шынтақтарды жерден көтеріп ұстау;

– Намаз орындаушы бірінші тәшаһһудта және екі сәжде арасында сол аяғын астына бүгіп алып, оны жерге төсеген күйде үстіне отыратын, ал оның оң аяғының табаны жерге тігінен тұрып, башпайлары Қыбла тарапқа қарай бағытталатын күйдегі отырыспен отыру;

– «Тауаррук» үлгісімен отыру — намаз орындаушының намаздың үшінші немесе төртінші ракағатында соңғы тәшаһһуд сөздерін айту кезінде сол жақ санының жоғары бөлігінің үстінде отыратын және сонымен бірге сол аяғын оң аяғының балтырының астынан өткізіп, оң аяғының табанын тік ұстап отыратын отыру үлгісі;

– Бірінші және екінші тәшаһһудтарда намаз орындаушы адам отырған кезінен бастап тәшаһһудты айтып болғанға дейін, соның ішінде Аллаһқа дұға етіп жалбарынатын кезде де, оң қолдың сұқ саусағын қимылдатып отыру;

– Аллаһқа Пайғамбар үшін (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту әрі оған және оның отбасына игілік пен береке тілеу, сондай-ақ Ибраһим мен оның отбасына да игілік пен береке тілеу;

– Соңғы тәшаһһудта сәлем беру сөздерін айтудан бұрын дұға ету;

– Фәжр (таң), жұма, (екі) айт, сондай-ақ жаңбыр сұрау намаздарын дауыстап оқу. Мағриб (ақшам) және иша (құптан) намаздарының алғашқы екі ракағаттарын дауыстап оқу;

– Зухр (бесін) және аср (екінті) намаздарын іштей (дауыс шығармай) оқу, сондай-ақ мағриб (ақшам) намазының үшінші ракағатын және иша (құптан) намазының соңғы екі ракағатын іштей оқу;

– «Әл-Фәтихә» сүресінен бөлек Құраннан тағы да аяттар немесе сүрелер оқу және де біз (жоғарыда) айтып кеткеннен басқа да қосымша құпталатын амалдарды істеу, мысалы, рукуғтан бой түзеп тік тұрған кезде «رَبَّنا وَلَكَ الحَمْدُ» («Роббана уә ләкәл хамд») сөздеріне басқа дұғаларды қосымша ету. Бұл іс-амал әрбір намаз орындаушыға, әрбір имамға және имамға ұйып намаз оқушыға да, жалғыз өзі намаз оқушыға да қатысты сүннет болып табылады.

Сондай-ақ рукуғ жасау кезінде саусақтардың арасын ашық етіп ұстаған күйде екі қолдың алақандарын екі тізеге қою.

ТҮСІНДІРМЕ

Намаздың басында оқылатын дұға (дуға әл-истифтәх)

Бұл дұға намазды ашатын тәкбірден кейін бірден оқылады. Ол Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жеткен үлгілердің біріндей оқылады, мысалы:

اللَّهُمَّ بَاعِدْ بَيْنِي وَبَيْنَ خَطَايَايَ كَمَا بَاعَدْتَ بَيْنَ الْمَشْرِقِ وَالْمَغْرِبِ * اللَّهُمَّ نَقِّنِي مِنْ خَطَايَايَ كَمَا يُنَقَّى الثَّوْبُ الْأَبْيَضُ مِنَ الدَّنَسِ * اللَّهُمَّ اغْسِلْنِي مِنْ خَطَايَايَ * بِالثَّلْجِ وَالْمَاءِ وَالْبَرَدِ

Аллаһуммә бәғид бәйни уә бәйнә хотоя-я кәмә бәғәдтә бәйнәлмәшриқи уәл-мағриб. Аллаһуммә наққини мин хотоя-я кәмә юнаққо-ссәубуль-әбияду минәд-дәнәс. Аллаһуммә-ғсилни мин хотоя-я бил-мә-и уәс-сәлжи уәл-бәрад.

Мағынасы: «Уа Аллаһ! Мені мен күнәларымның арасын шығыс пен батыстың арасын алыстатқаныңдай алыстат. Уа Аллаһ! Мені күнәларымнан ақ киім кірден тазаратындай етіп тазарт. Уа Аллаһ! Менің күнәларымды сумен, қармен және бұршақпен жуып жібер».

Немесе Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына сөздері:

«سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ! وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالَى جَدُّكَ * وَلاَ إِلَهَ غَيْرُكَ».

Субхәнәкә Аллаһуммә, уә бихәмдикә, уә тәбәрокә-смукә уә тәғәлә жәддукә уә лә иләһә ғойрук.

Мағынасы: «Сені пәктеп дәріптеймін, уа Аллаһ, және Саған мақтаулар болсын, Сенің Есімің құтты, Сенің Ұлылығың бәрінен ұлы және Сенен басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!»

ОН БІРІНШІ САБАҚ

НАМАЗДЫ БҰЗАТЫН ІС-АМАЛДАР

Намазды бұзатын амалдар саны сегіз:

1) Тыйым жайлы біліп, ұмытшақтықпен емес, әдейі сөйлеу. Ал намаз барысында ұмытшақтықпен немесе білімсіздікпен сөйлеп қойған адам жайлы айтар болсақ, бұл жағдайда намаз жарамсыз болмайды.

2) Күлкі;

3) Бірдеңе жеу;

4) Бірдеңе ішу;

5) Әуреттің ашылуы;

6) Қыбладан шектен тыс ауытқу;

7) Ұзаққа созылатын көп, керексіз қимылдар;

8) Дәреттің бұзылуы.

ТҮСІНДІРМЕ


Бірінші амал: Тыйым жайлы біліп, әдейі сөйлеу

Бұл жағдайдан тыс шығарылатын ерекшелік — имам қателескен кезде оны түзету.

Бесінші амал: Әуреттің ашылуы

Ер адамның денесі намазда екі иығынан тізесіне дейін жабық болуы тиіс.

Әйел кісінің намаздағы әуреті, екі алақаны мен жүзінен басқа барлық жері, жабық болу керек.



Маңызды ескертпе!

Намаздың шартының, тірегінің, намаздың міндетті бөліктері мен ондағы мұстахаб амалдардың арасында қандай айырмашылық бар?

Шарт — намаздан тыс болады және ғибадаттың басынан аяғына дейін оны сақтап отыру міндетті.

Шарт бұзылғаны үшін намаздағы қателіктерді түзейтін (*әс-сәһу сужуд*) жасау бекітілмеген.

Шарт пен тіректі (яғни рүкінді) қалдыруға, мейлі бұл әдейі, ұмытшақтықпен немесе білімсіздікпен жасалса да, үзір жасалмайды (яғни шарт пен тіректі орындамай қалдыру намазды бұзады).

Намаздың тірегін (рүкінін) қалдыру «әс-сәһу сәждесімен» өтелмейді.

Намаздың тірегі (рүкіні), оның міндетті және мұстахаб амалдары — ғибадаттың құрамдас бөліктері болып табылады, яғни оның ішінде (құрамында) болады.

Намаздың міндетті амалы (уәжіптері) білімсіздікпен немесе ұмытшақтықпен қалдырылса, үзір жасалады (яғни бұдан намаз бұзылмайды), алайда ол «әс-сәһу сәждесімен» өтеледі. Намаздың әлдебір міндетті (уәжіп) амалын әдейі қалдыруға болмайды, яғни оны әдейі қалдыру намазды жарамсыз етеді.

Намаздың мұстахаб амалын қалдыруға, бұл әдейі, ұмытшақтықпен немесе білімсіздікпен жасалса да, үзір жасалады.

Сужуд әс-сәһу (сәһу сәждесі)

Намазда жіберілген қателіктерді дұрыстау сәждесі (яғни сужуд әс-сәһу) үш себеппен жасалады:

1) Артық іс-қимылдар;

Мысалы, егер намаздағы адам артық ракағат немесе сәжде жасаса.

2) Намаздағы іс-амалдарды қалдырып кету;

Мысалы, егер адам намаздың міндетті бөліктерінің бірін өткізіп, басқасына өтіп кетсе. Мысалы, бірінші ташаһһудта отыруды ұмытып, үшінші ракағатқа тұрып кетсе.

3) Күмән;

Мысалы, егер намаздағы адам қанша ракағат оқығанын ұмытып, үш әлде төрт пе деп күмәнданса.

Бұл жағдайда күмәнның екі түрі болады:

I. Намаздан кейін пайда болған күмән. Мұндай күмәндарға, намазда күмәнсіз қате жіберілгендігіне айқын көз жетпегенше мән бермеу қажет.

II. Намаз барысындағы күмәндар. Мұндай күмәндар жиі болса, онда оларға назар аудармау қажет. Егер олар сирек болса, онда адам не нәрседе көбірек сенімдірек болса, сол нәрсені негіз етіп алады. Ал егер ол еш пікірге иілмесе, ол ең аз санға негізделеді.

Ескертпелер:

— Егер намаздағы адам «сәһу сәждесінде» қателік жіберсе, қосымша сәжделерді жасаудың қажеті жоқ, оның намазы жарамды болады.


— Егер адам намаздың бір тірегін орындамай қалдырып қойса, онда ол сол тіректі және одан кейін келетін барлық амалдарды жасамайынша, намазы қабыл болмайды. Кейін ол намаздың соңында сужуд әс-сәһу жасауы қажет.

— Егер адам міндетті (уәжіп) амалдардың бірін ұмытшақтықпен қалдырып кетіп, кейін келесі амалға өтсе, оған намаздың соңында сужуд әс-сәһу жасауы жеткілікті болады.

Намаздың қысқаша бейнелі сипаттамасы

— Бірінші кезекте адам өзінің үйінде дәрет алып, ең жақсы киімін киюі қажет.

— Кейін ол мешітке баруы қажет. Ол мешітке байсалды түрде, лайықты кейіпте баруы қажет. Яғни, асықпай, жүгірмей, артқа және жанжаққа көп қарай бермей, дауысын көтермеуі керек.



— Мешітке жеткенде адам аяқ киімін шешіп, оны аяқ киімге арналған арнайы орынға қойып, аяқ киіміне қоса бүкіл дүниелік істерін де мешіттің сыртында қалдыруы керек. Мешіттің ішінде сауда-саттықпен айналысуға, сондай-ақ жоғалған затты дауыс шығарып іздеуге болмайды.

— Адам мешітке оң аяғымен кіріп: «***БисмиЛләһи, уә-с-соләту уә-с-сәләму ғалә расули-Лләһи. Аллаһуммә-фтәх ли әбуәбә рохмәтик***»[1], — деп айтады. Ал шыққан кезде: «***БисмиЛләһи, уә-с-соләту уә-с-сәләму ғалә расули-Лләһи. Аллаһумә инни әс-әлукә мин фадлик***»[2], — деп айтуы қажет.

— Ер адамдар бірінші сапқа, ал әйел адамдар соңғы сапқа ұмтылулары қажет.

— Егер намаз басталып кеткен болса, онда намазға кешіккен адам тәкбір («Аллаһу Әкбар» сөздерін) айтып, имам қай хәлде тұрса да намазға қосылуы әрі имам намазда не жасап жатқан болса, дәл сол амалды жасауы қажет. Егер адам намазға имам қай ракағатта болса да «әл-Фатиха» сүресін оқып тұрғанда немесе рукуғ жасап тұрған кезінде кірсе, оның сол ракағаты оқылған болып саналады. Имам намазды аяқтағаннан кейін, адам (намаздан шықпай) орнынан тұрып, үлгермеген ракағаттарын жалғастырып оқуы қажет.

---

[1] Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне салауаттар мен сәлем болсын. Уа Аллаһ, маған мейіріміңнің есіктерін аша гөр!»

[2] Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне салауаттар мен сәлем болсын. Уа Аллаһ, мен Өзіңнен кеңдігіңнен сұраймын!»


— Егер адам мешітке кірсе, ал намаз әлі басталмаған болса, онда ол парыз намазынан бұрын оқылатын қосымша бекітілген сүннет намаздарын оқиды. Егер мұндай намаз болмаса, онда адам отырмай жатып, мешітке сәлем беру намазын оқиды.

— Ол мешіттің қасиеттілігін сағатқа жиі қарау, имам намазды тезірек бастау үшін жөтеліп, белгі беру немесе кейіс білдіру сөздерін айту секілді амалдармен бұзбауы қажет.


— Имамның және намазды жалғыз оқыған адамның алдында бөгет (*сутра*) болуы қажет. Имамға ұйып намаз оқыған адамның сутрасы имамның сутрасы болып табылады.




— Намаз оқитын адам аяқтарын иықтарының деңгейіне қойып, оларды сыртқы жағынан түзейді.




— Адам намаздың барлық шарттарын орындап болғаннан кейін «Тәкбир әл-ихрам» сөздерін, яғни: «Аллаһу Әкбар», — деп айтып, осы орайда екі алақанын, саусақтарының арасын біріктірген күйде, Қыблаға қаратып, құлақ немесе иық деңгейіне дейін көтереді.



— Содан соң ол оң қолының алақанын, сол қолдың білегінің немесе білезігінің сыртқы жағының үстіне қояды. Немесе оң қолымен сол қолының білегін ұстайды.



— Намаздағы адам көзін сәжде жасалатын жерге қаратады және намаз барысында еш жаққа бұрылмайды.



— Тәкбір айтқан соң ол намаздың басында оқылатын дұғаларды (дуға әл-истифтах) айтуы жөн. Осы орайда адамның Сүннетте келген әртүрлі дұғаларды оқығаны жақсырақ.

— Бұдан кейін Аллаһқа шайтаннан пана-қорғау тілеп жүгініп: «***Әғуузу би-Лләһи минәш-шайто-ни-р-рожийм***»[1], — деп айтады.

— Кейін: ***«БисмиЛләһи -р-Рохмә-ни-р-Рохийм»,*** — деп айтады.

— Кейін ол «Әл-Фәтиха» сүресін толықтай, бірде-бір аятты қалдырмай, оларды тәртіп-ретімен, әр әріпті және әр сөзді дұрыс дыбыстап айтып оқиды.


— «Әл-Фәтихә» сүресінен кейін Құранның тағы бір сүресін «истиғазасыз» (***«Әғуузу би-Лләһи минәш-шәйто-ни-р-рожийм***» сөздерін айтпай) оқуы жөн. Егер ол сүрені басынан бастап оқыса: ***«БисмиЛләһи-р-Рохмә-ни-р-Рохийм»***, — деп айтады.

— Кейін намаздағы адам екі қолын бірінші тәкбірде көтергендей үлгіде көтеріп: ***«Аллаһу Әкбар»***, — деп айтып, рукуғ жасайды.

— Рукуғта адам қолдарымен тізелерін ұстайды әрі осы орайда қолдарын шынтағынан бүкпейді. Оның арқасына келер болсақ, ол баспен бір деңгейде болуы қажет.

— Ол ***«Субхә-нә Робби-әл-Ғазыйм»*** сөздерін бір рет болса да айтуы қажет, кейін ол Сүннетте жеткізілген басқа да дұғаларды қоса алады.

[1] Мағынасы: «Аллаһқа таспен ұрылған шайтанның кесірінен сиынамын».




— Кейін намаздағы адам рукуғтан көтерілгенде, толық бой түзеп тұрғанға дейін: «***СәмиғаЛлаһу лимән хәмидәһ***», — деп айтып, екі алақанын Қыблаға қаратқан күйде иық немесе құлақ деңгейіне дейін көтереді.

— Кейін ол толық бой түзеп тұрғаннан кейін: «***Роббәнә уә ләкәл-хәмд***», — сөздерін айтады. Содан соң оған Сүннетте келген басқа да дұғаларды айту жөн.


— Бұдан кейін адам: «***Аллаһу Әкбар***», — деп айтып, қолын көтермей, денесінің жеті бөлігімен сәжде жасайды, олар: маңдай мен мұрын, қос алақан, екі тізе мен екі аяқ саусақтарының астыңғы жағы.

— Сәжде кезінде адам қолдарын бүйірлерінен, қарынын санынан алыстатып, шынтақтарын жерден көтереді.

— Адам сәждеде бір рет болса да: «***Субхәнә Робби-әл-Әғлә***», — сөздерін айтуға міндетті. Бұдан кейін ол Сүннетте келген, сондай-ақ қалаған дұғасын айта алады, алайда адамның Аллаһ Тағалаға Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келген дұғалармен жүгінуі жақсырақ.



— Кейін адам: *«Аллаһу Әкбар»,* — деп айтып, сол аяғын бүгіп жерге төсеген күйде оның үстіне отырады, ал оң аяғының табанын тік қойып, саусақтарының ұштарын жерге тіреп, оларды Қыблаға қаратқан күйде шамалы бүгеді. Ол қолын санының үстіне (тізеге жақын) қояды. Осылайша үшінші және төртінші ракағаттардан басқа барлық ракағаттарда отыру қажет, ал үш немесе төрт ракағаттық намаздардың соңғы ташаһһудында ол»тәуәррук» үлгісінде, яғни сол аяқты оң аяқтың тобығының астына қойып отырғаны дұрыс. Осы отырысында ол ең азы: ***«Робби-ғфирли»,*** — деп айтуы керек.




— Кейін ол: ***«Аллаһу Әкбар»,*** — деп айтып, бірінші реттегі үлгідегідей екінші сәждесін жасайды.

— Кейін ол: ***«Аллаһу Әкбар»,*** — деп, екінші ракағатқа тұрады. Адам екінші ракағатты да бірінші ракағатты оқығандай етіп оқиды, алайда онда «тәкбир әл-ихрам» мен «дуға әл-истифтах» айтпайды.

— Әрі екінші ракағатта ол екінші сәждеден кейін «ташаһһуд» жасау үшін отырады.

— Ташаһһудта ол оң қолының сұқ саусағын Қыблаға қаратып, ташаһһудта айтылатын дұғаларымен Аллаһқа жалбарынып, оны қозғалтады, ал ортаңғы және бас бармағын шеңбер тәрізді етіп, қалған саусақтарын жұдырыққа біріктіріп ұстайды.



— Осы отырыста ол міндетті түрде ташаһһуд сөздерін айтуы керек.


— Егер намаз екі ракағаттан тұрса, намаздағы адам міндетті түрде Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтады.

— Кейін адам Аллаһ Тағаладан төрт бүліктен қорғаныш сұрайды, олар: Тозақ азабы, қабір азабы, өмір мен өлімнің бүлігі және Дәжжалдың бүлігі ***(Аллаһуммә инни ағу-зу бикә мин ғәзә-би Жәһәннәм, уә мин ғәзә-бил-қобр, уә мин фитнәтил-мәхия уә әл-мәмәти, уә мин шәрри фитнәтил-мәсихи-дәжжәл)***[1].

— Бұдан кейін адам Аллаһ Тағалаға қалаған дұға сөздерімен жалбарына алады, алайда Сүннетте келген сөздерді айту жақсырақ. Мысалы, мына сөздер: «Уа Аллаһ! Маған Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге және Өзіңе жақсы құлшылық етуіме көмектесе гөр» ***(Аллаһуммә, әғинни ғәлә зикрикә, уә шукрикә, уә хусни ғибә-дәтик)***.

[1] Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне салауаттар мен сәлем болсын. Уа Аллаһ, маған мейіріміңнің есіктерін аша гөр!»

— Кейін ол оң және сол жағына сәлем береді. Сәлем берген кезде адам иықтарын көтермей, басын көтермей және түсірмей, екі жаққа қол созбай, тек қалыпты үлгіде басын ғана бұрады.



— Егер намаз үш немесе төрт ракағаттан тұрса, намаз оқыған адам бірінші ташаһһудты оқып болған соң үшінші ракағатты орындау үшін орнынан тұрудан бұрын Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтқаны жөн.

— Сосын ол тәкбір айтып, үшінші ракағатты оқуға тұрады. Егер намаз үш ракағаттан тұрса, онда ол үшінші ракағатты оқып болған соң ташаһһудқа отырады. Намаз төрт ракағаттан тұрса, ол үшінші ракағаттағы сәжделерді орындап болған соң төртінші ракағатқа тұрып кетеді де, төртінші ракағаттың сәжделерінен кейін ғана соңғы ташаһһудты оқу үшін отырады.

— Ташаһһудты оқып болғаннан кейін адам Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айтып, содан соң Аллаһтан төрт бүліктен қорғаныш сұрап: «***Аллаһуммә инни ағу-зу бикә мин ғәзә-би Жәһәннәм, уә мин ғәзә-бил-қобр, уә мин фитнәтил-мәхия уә әл-мәмәти, уә мин шәрри фитнәти-л-мәсихи-дәжжәл***», — деп айтады. Бұдан кейін адам Аллаһ Тағалаға қалаған дұға сөздерімен жалбарына алады, алайда Сүннетте келген сөздерді айту жақсырақ. Мысалы, мына сөздер: ***«Аллаһуммә, әғинни ғәлә зикрикә, уә шукрикә,***

уә хусни ғибә-дәтик» («Уа Аллаһ! Маған Өзіңді зікір етуге, Өзіңе шүкір етуге және Өзіңе жақсы құлшылық етуіме көмектесе гөр).

— Егер оқылған намаз парыз намазы болса, намаздан кейін айтылуы бекітілген сөздерді айту абзал.

— Ол: ***«Әстағфируллаһ»,*** — деп үш рет қайталап, кейін: ***«Аллаһуммә, Әнтә-с-Сәләәму уә мин-кә-с-сәләәм, тәбәәроктә, я Зәл-Жәләәли уә-л-икроом»,*** — деп айтады.

— Кейін ол 33 рет: ***«СубхәнәлЛаһ»,*** ***«Әлхәмду ли-Лләһ»*** және ***«Аллаһу Әкбар»*** сөздерін айтады, бұл 99 зікір болады, кейін ол 100-ші ретте: ***«Лә иләһә иллә Ллаһу уәхдәһу лә шәрийкә ләһ, ләһул-мулку, уә ләһул-хәмду, уә һуә ғәлә кулли шәй-и қодийр»,*** — деп айтады.

— Кейін оған «аят әл-Курси» мен «әл-Ихләс», «әл-Фәләқ» және «ән-Нәс» сүрелерін оқу мұстахаб.

Маңызды ескертпелер

— Жоғарыда айтылғандай, намаздың жарамды болуының шарттарының бірі — көрсетуге болмайтын дене бөліктерінің (әуреттің) жабық болуы, сондықтан да намаздағы адам олардың намаз уақытында ашылып қалуынан сақтануы қажет. Өйткені бұл оның намазының жарамсыз болып қалуының себебі болуы мүмкін.



— Егер адам намазды имамның дәл жанында оқыса, онда ол имамның оң жағына тұрып, өкшесін имамның өкшелерінің деңгейіне қойып, имамнан ілгері де, кейін де шықпайды. Дәл сол секілді адам жамағат намаздарында да адамдармен сапта осы үлгіде тұрады.



НАМАЗДАР ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША

Жұма намазы

Үкімі: парыз;

Уақыты: зухр (бесін) намазының уақыты;

Ракағаттар саны: екі;

Сипаты: жұма намазы үш және одан да көп адамнан тұратын жамағатта дауыстап оқылады.

Кусуф (Күн тұтылу) намазы

Үкімі: ұжымдық парыз (фард кифая);

Уақыты: күн тұтылу кезінде;

Ракағаттар саны: екі;

Сипаты: кусуф намазы дауысталып оқылады және әр ракағатта екі рукуғ жасалады.

Үтір намазы

Үкімі: өте құпталатын сүннет амалы (сунна муаккада);

Уақыты: оның уақыты құптан намазынын кейін кіріп, таң намазына дейін жалғасады.

Ракағаттар саны: 1-ден 11 ракағатқа дейін;

Сипаты: бір ракағат.

Үш ракағат оқылғанда тәшаһһуд бір рет, үшінші ракағатта оқылады. Сондай-ақ екі ракағат оқып, намазды сәлеммен аяқтап, кейін тағы бір ракағат оқуға болады.

Бес ракағат оқылғанда ташаһһуд бір рет, яғни бесінші ракағатта оқылады.

Жеті ракағат оқылғанда ташаһһуд бір рет, жетінші ракағатта оқылады.

Тоғыз ракағат оқылғанда ташаһһуд сегізінші ракағатта оқылады, алайда намаз аяқталмай, тоғызыншы ракағат оқылады. Тоғызыншы ракағаттан ташаһһуд оқылып, сәлем беріледі.

Сондай-ақ екі ракағаттық намаздар оқылып, онда тәшаһһуд пен сәлем айтылады. Кейін бір тақ ракағат оқылады.

Таң (фәжр) намазының сүннеті

Үкімі: өте құпталатын сүннет амалы (сунна муаккада);
Уақыты: таң намазынан бұрын;
Ракағаттар саны: екі;
Сипаты: бірінші ракағатта: «әл-Кәфирун» сүресін, ал екінші ракағатта «әл-Ихләс» сүресін оқу мұстахаб.

Бесін (зухр) намазының сүннеті

Үкімі: мұстахаб амал;
Уақыты: бесін намазынан бұрын 4 ракағат, бесін намазынан кейін 2 ракағат;
Ракағаттар саны: 4/2;
Сипаты: бесін намазынан бұрын төрт ракағат, яғни екі ракағаттан тұратын екі намаз оқылады және олардың арасында сәлем беріледі.

Ақшам (мағриб) намазының сүннеті

Үкімі: мұстахаб амал;
Уақыты: ақшам намазынан кейін;
Ракағаттар саны: екі;
Сипаты: бірінші ракағатта «әл-Кәфирун» сүресін, ал екінші ракағатта «әл-Ихләс» сүресін оқу жөн.

Құптан (иша) намазының сүннеті

Үкімі: мұстахаб амал;
Уақыты: құптан намазынан кейін;
Ракағаттар саны: екі.

Тарауих намазы

Үкімі: мұстахаб амал;

Уақыты: тарауих намазының уақыты құптан намазынан кейін кіріп, таң намазына дейін жалғасады.

Ракағаттар саны: 2–10.

Мешітпен сәлемдесу намазы

Үкімі: өте құпталатын амал (сунна муаккада);

Уақыты: мешітке кірген кезде, отырудан бұрын оқылады.

Ракағаттар саны: екі.

Дұха намазы

Үкімі: мұстахаб амал;

Уақыты: дұха намазының уақыты күн көкжиектен найзаның биіктігіне дейін көтерілгенде басталып, күн тастөбеге жетуіне кішкене қалғанға дейін жалғасады.

Ракағаттар саны: 2–8.

Истихара намазы

Үкімі: мұстахаб амал;

Уақыты: истихара намазын кез-келген уақытта оқуға болады;

Ракағаттар саны: екі;

Сипаты: «әл-Истихара» дұғасын сәлем беруден бұрын айту қажет.

Истисқа (жаңбырды сұрау) намазы

Үкімі: мұқтаждық кезінде мұстахаб;

Уақыты: намаз уақыты күн көкжиектен найзаның қашықтығына дейін көтерілгенде кіреді;

Ракағаттар саны: екі;

Сипаты: бірінші ракағатта намазға кіру тәкбірімен қоса жеті рет тәкбір айту қажет. Екінші ракағатта келесі ракағатта өткенде айтылатын тәкбірмен (тәкбир әл-интиқоль) қоса бес тәкбір айтылады.

Екі айт намазы

Үкімі: парыз;

Уақыты: намаз уақыты күн көкжиектен найзаның биіктігіне дейін көтерілгенде кіреді;

Ракағаттар саны: екі ракағат және екі құтпа;

Сипаты: бірінші ракағатта намазға кіру тәкбірімен қоса жеті рет тәкбір айту қажет. Екінші ракағатта келесі ракағатта өткенде айтылатын тәкбірден (тәкбир әл-интиқоль) кейін бес тәкбір айтылады.

Белгіленбеген (әлдебір себепке байланысты емес) нәпіл намаздарды оқуға тыйым салынған уақыттар

1) Таң намазынан күн көкжиектен найзаның биіктігіне көтерілгенге дейін;

2) Аср намазынан ақшам намазына дейін;

3) Күн тастөбеде болғаннан бастап, батысқа қарай түскенге дейін.

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1) Намаздың қанша шарты бар?

- ☐ Сегіз;
- ☐ Он бір;
- ☐ Тоғыз.

2) Намаздың «ислам» деген шартын атау қате болып табылады, өйткені намазды мұсылмандар ғана оқиды.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

3) Тамйиз — балиғат жасына жету жасы.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

4) Ластық-нәжісті келесі нәрселерден кетіру қажет: денеден, киімнен және намаз оқылатын жерден.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

5) Шошқаның нәжісінің деңгейі қандай?

- ☐ Ауыр;
- ☐ Орташа.

6) Ердің шәуеті нәжіс болып табылады, өйткені ол шыққаннан кейін ғұсыл алу міндетті.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

7) Сулау мен жуудың арасында айырмашылық жоқ.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

8) Кез-келген өлексе нәжіс болып табылады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

9) Иттің нәжісін топырақтың орнына заманауи химиялық заттармен тазартуға болады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

10) Одардан сақтану қиын болған жануарлар — адамдардың арасында көп араласып өмір сүретін жануарлар. Осылайша, бір адамдар үшін мысық таза, ал басқалар үшін лас болып саналады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

11) Мал сойылған соң оның тамырларында қалған қан:

- ☐ Таза;
- ☐ Нәжіс.

12) Намаздың қанша тірегі бар?

- ☐ Он төрт;
- ☐ Тоғыз;
- ☐ Сегіз.

13) «Тақбиратул-ихрам» — бұл намазда қолды көтеру.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

14) Егер адам ұмытшақтығымен намаздың бір тірегін орындамаса, ол екі сәһу сәждесін жасауы қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

15) Намаздағы міндетті амалдар қанша?

- ☐ Он төрт;
- ☐ Тоғыз;
- ☐ Сегіз.

16) Егер адам сәждеде «Субхәнә Робби әл-Әғлә» сөздерін ең аз дегенде бір рет айту міндетті екендігін біле тұра, оны айтпай, басқа зікірлерді айтса, оның намазы жарамсыз болады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

17) Намаз оқыған адам қиямда оң алақанын сол алақанының сыртына, сондай-ақ білек пен шынтаққа қояды.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

18) Құран түнгі уақытта оқылатын намаздардың алғашқы екі ракағатында және екі айт намазы секілді адамдар жиналып оқуы міндетті болған намаздарда дауыстап оқылады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

19) Намазды жарамсыз қылатын амалдардың саны қанша?

- ☐ Он төрт;
- ☐ Тоғыз;
- ☐ Сегіз.

20) Намаз оқып жатқан адам «тауаррук» хәліне қай кезде отырады.

- ☐ Бірінші ташаһһудта;
- ☐ Екінші ташаһһудта;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.

21) «Роббәнә уә ләкәл-хәмд» сөздерінен кейін «уә-ш-шукр» (және алғыс) деген сөздерді айту:

- ☐ Рұқсат етілген;
- ☐ Тыйым салынған;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.

22) Сәжде барысында шынтақтарды жерге қою:

- ☐ Тыйым салынған;
- ☐ Рұқсат етілген;
- ☐ Сөгіске лайық амал.

23) Сужуд әс-сәһу қанша себеппен жасалады?

- ☐ Екі;
- ☐ Үш;
- ☐ Төрт.

24) Намаздан кейін пайда болатын күмәндар қанша көп болса да, олар еш нәрсеге ықпал етпейді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

25) Таң намазының сүннеті басқа сүннеттерден келесі нәрселермен ерекшеленеді: қадір-қасиетімен, жеңілдігімен (қысқа болуымен), кей-бір ерекше сүрелерді оқумен, сапарда да тасталмай оқылуымен және адам үйде болса, оны оқып болғаннан соң кішкене жатуымен.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

26) Келесі жағдайлардағы шариғи үкімді түсіндір:

1) Дінді қорлап келеке ететін адамның намазы —
2) Мас адамның намазы —
3) Альцгеймер ауруымен ауыратын адамның намазы —
4) Кішкентай баланың намазы —
5) Адам дәрет алуды ұмытып, намазды дәретсіз оқуы —
6) Адамның намазды оның киімінде нәжіс бар екендігін ұмытып оқуы —

7) Сиырдың зәрі —
8) Қарғаның зәрі —
9) Намазды ашық санмен оқу —
10) Адамның ұмытшақтығымен намазды уақыты кіргеннен бұрын оқуы —
11) Ұшақта намаз оқу —
12) Адам белгілі уақыттағы парыз намазды оқуға ниеттеніп, оның қай намаз екендігін белгілемеді —
13) Адамның намазды отырып оқуы —
14) «Әл-Фатиха» сүресін оқуды ұмыту —
15) Адамның имамды рукуғ хәлінде көруі —
16) Намазда асығу —
17) Намаздан кейін туындайтын көп күмәндар —
18) Адам дәреті бар екендігіне намаз уақытында күмәндануы —
19) Адамның ұмытшақтығымен артық рукуғ жасауы —
20) «Такбиратул-ихрамды» (намазды ашатын тәкбірді) айтпау —
21) Бірінші ташаһһудты орындамау —
22) Соңғы ташаһһудты орындамау —
23) Адам үш әлде төрт ракағат оқығанында күмәндануы —
24) Адам намазын оқып болғаннан кейін күмәнданды —
25) Намаз барысындағы күмәндар —
26) Сужуд әс-сәһу барысында қателік жіберу —
27) Намазда ұмытшақтықпен сөйлеу —
28) Адамның намазды ашық әуретпен оқуы, алайда бұл жайлы тек намаздан кейін ғана білуі —
29) Мешітке шығудан бұрын дәретті үйде алу —
30) Мешітте сауда-саттық әрекеттерін жасау —
31) Мешітте ақша айырбастау —
32) Имамды соңғы «ташаһһудта» көру —
33) Намаздағы бөгет (*сутра*) —
34) Намазда кішігірім бұрылу —
35) Намазда қатты бұрылу —
36) Намазды асығып, тауық жем шоқығандай оқу —
37) Ташаһһудта Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) салауат айту —
38) Намазда сөйлеу —
39) Намазда қимылдау —
40) Жұма намазы —
41) Үтір намазы —

42) Мешітпен сәлемдесу намазы —

27) Шарттың, тіректің, сондай-ақ намаздағы міндетті және мұстахаб істердің арасында қандай айырмашылық бар?



ОН ЕКІНШІ САБАҚ

КІШІ ТАХАРАТТЫҢ ШАРТТАРЫ

1) Ислам;
2) Ақыл-есті болу;
3) Ажырату (тамйиз) жасына жету;
4) Ниет;
5) Тахарат алу барысында ниетті сақтау. Яғни, тахарат алушы адам оны толық бітірмейінше тоқтатуға ниеттенбеуі қажет;
6) Тахаратты қайта алуға міндеттейтін нәрселерді тоқтату;
7) Тахарат алудан бұрын нәжістен тазалану (астын жуу немесе сүртіну);
8) Судың таза және жарамды болуы;
9) Судың теріге тиюіне бөгет болатын барлық нәрселерді алып тастау;
10) Әрдайым тахаратсыз хәлде болған адам үшін намаз уақытының кіруі.

Кейбір шарттардың түсіндірмесі

«**Тахарат алу барысында ниетті сақтау. Яғни, тахарат алушы адам оны толық бітірмейінше тоқтатуға ниеттенбеу қажет**» — бұл тахарат алу ниеті оның басынан аяғына дейін сақталуын білдіреді. Яғни, мысалы, адам тахаратты алып жатып, тахаратты кейін аламын деп шешіп, кейін ниетін өзгертіп қайтадан дәрет аламын деп ниеттенсе, ол тахаратты алуды жаңадан бастайды.

«**Тахаратты қайта алуға міндеттейтін нәрселерді тоқтату**» — яғни адам түйе етін жеп жатқан кезде, немесе кіші әжетін өтеп жатқанда тахарат алмау керек. Тахарат алып жатқанда жел шығаратын адам да тахаратын жаңадан бастайды. Яғни бірінші кезекте тахаратты бұзатын амалды тоқтатып, кейін оны алу қажет.

«**Тахарат алудан бұрын денедегі нәжісті кетіру, мысалы кіші немесе үлкен әжетті өтеп болған соң астыны жуу немесе сүртіну**» — бұдан тыс жағдайлар: тахараттың жел шығу, ұйқы немесе түйе етін жеу себебінен алынуы.

«**Судың тазалығы мен жарамдылығы**» — тахарат алынатын су лас және тартып алынған (ұрланған) болмауы қажет.

«**Судың теріге тиюіне бөгет болатын барлық нәрселерді алып тастау**» — мысалы, қамыр немесе тырнаққа жағылатын лак секілді нәрселерді алып тастау, өйткені олар дәрет алу барысында жуу керек жерлерге судың тиюіне бөгет болады.

ОН ҮШІНШІ САБАҚ

ТАХАРАТТЫҢ МІНДЕТТІ БӨЛІКТЕРІ

Тахараттың міндетті амалдары алтау:
1) Бетті жуу, бұған ауыз бен мұрынды шаю кіреді;
2) Қолдарды шынтақты қоса жуу;
3) Басты толығымен сүртіп, құлақты тазалау;
4) Аяқты тобықпен қоса жуу;
5) Тәртіпті садақ;
6) Үздіксіздік.

Бетті, қолдарды және аяқты үш рет, сондай-ақ ауызды және мұрынды да үш рет шаю қажет. Мұндағы міндетті минимум — мұның бәрін бір рет жасау. Басты сүрту жайлы айтсақ, оны бір реттен көп сүртуге болмайды, бұған сенімді хадистер нұсқайды.

Үздіксіздік

Үздіксіздік — дене мүшелерін жууды, одан бұрын жуылған мүше құрғап қалғанға дейін қалдырмауда көрініс табады.

ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ

ТАХАРАТТЫ БҰЗАТЫН ІС-АМАЛДАР

Тахаратты жарамсыз қылатын амалдар алтау:

1. Жыныстық мүшеден немесе артқы жақтан шығатын бөліністер;

2. Денеден жаман нәрселердің шығуы;

3. Адамның есін жоғалтуы, бұған ұйқы және сол секілді нәрселер кіреді;

4. Жыныстық мүшеге немесе артқы тесікке (киімнің сыртынан емес) бөгетсіз қол тигізу;

5. Түйе етін жеу;

6. Діннен безу.

Маңызды ескерту: Қайтыс болған адамды жууға қатысты ең дұрыс пікір — бұл әрекет дәретті бұзбайды, бұл дәлелдің жоқ болуының себебінен көптеген білім иелерінің пікірі. Алайда қайтыс болған адамды жуып жатқан адамның қолы қайтыс болған адамның жыныстық мүшесіне тиіп кетсе, оның дәреті бұзылады. Бірақ адамға оның жыныстық мүшесіне бөгетсіз қол тигізуге болмайды.

Сол секілді, дұрыс пікір бойынша, әйелге қол тигізу тахаратты, бұл шахуатпен болса да, шахуатсыз болса да адамның тахаратын бұзбайды, алайда мұндағы шарт — адамнан ешқандай бөлініс шықпауы қажет. Бұған дәлел, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) әйелдерінің бірін сүйіп, кейін тахарат алмай, намаз оқығаны.

Аллаһ Тағаланың: «Ал егер сендер әйелдеріңе тисеңдер» деген сөздеріне келсек, мұнда ғұламалардың дұрыс пікірі бойынша жыныстық қатынас жайлы айтылған. Бұл Ибн Аббастың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын), сондай-ақ бір топ сәләфтар мен кейінгі ғұламалардың пікірі.

ТҮСІНДІРМЕ

«Жыныстық мүшеден немесе артқы жақтан шығатын бөліністер» — бұған барлық нәрсе: зәр, үлкен нәжіс, жел, шәует, мәзи (шахуат кезінде шығатын жылбысқы бөлініс), уәди (зәр шыққаннан кейін шығатын сұйықтық), тастар, қан, еттеккір және босанғаннан кейін шығатын қан кіреді.

«Денеден лас-нәжіс нәрселердің шығуы» — бұл тек, зәр немесе үлкен нәжістен болған ластық болса ғана.

«Адамның есін жоғалтуы, бұған ұйқы және сол секілді нәрселер кіреді» — ұйқының өзі дәретті бұзбайды, алайда ол желдің шығуының мүмкіндігі үлкен болатын жағдай. Егер адам терең ұйқыға түспей, одан жел шықпағанын сезінсе, мұндай ұйқы дәретті бұзбайды.

«Жыныстық мүшеге немесе артқы тесікке (киімнің сыртынан емес) бөгетсіз қол тигізу» — шейх әл-Ислам Ибн әт-Тәймия, жыныстық мүшеге қол тигізу дәретті бұзбайтын, алайда тахарат алуды мұстахаб қылатын амалдардан деген пікірді дұрыс деп санаған.

Тахарат алудың қысқаша суреттелген сипаты


— Адам тахарат алу үшін ниеттенгеннен кейін Аллаһтың атын атап: ***«Бисми-Лләһ»***, — деп айтады;

— Кейін үш рет қолдарын білекке дейін жуады;

— Кейін оң алақанына су құйып, оның бір бөлігін аузына алып, шайып, суды түкіреді; судың қалған бөлігін мұрнына алып, кейін оны сіңбіріп тастап, мұрнын оң қолының сұқ саусағымен және бас бармағымен ұстайды. Адам мұны үш рет қайталайды;

— Кейін адам үш рет бетін жуады. Беттің шекарасы — шаш өсетін жерден иекке дейін, ал ені бойынша бір құлақтан екінші құлаққа дейін.

— Кейін қолдарын (саусақтарынан білегіне дейін) шынтағына дейін жуып, оң қолынан бастап, сол қолына өтуі қажет.





— Кейін ол екі сулы алақанымен басынан желкесіне дейін, кейін желкесінен маңдайына дейін өткізіп, масих жасайды.

— Кейін екі сұқ саусағын құлағына кіргізіп, тазалайды.

— Кейін аяғын тобықтарымен бірге үш рет жуады.

— Тахарат алып болғаннан кейін адамға келесі дұғаны айту жөн: ***«Әшһәду әллә иләһә иллә-Ллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһ, уә әшһәду әннә Мухәммәдән ғабдуһу, уә расулуһ»,*** имам әт-Тирмизи, сондай-ақ келесі сөздерді келтіреді: «***Аллаһуммә-жғәлни мин әт-тәууәбинә уә-жғәлни мин әл-мутәтоххирийн***»[1].

[1] Мағынасы: «Уа Аллаһ, мені тәубе тешілерден және тазаланушылардан ете гөр».

Шариғаттың тахарат алуда шектен шығуға қатысты үкімі

Адам тахарат алу барысында оның шегінен шығатын өздігінен шығарылған іс-амалдарды қосуына тыйым салынған, мысалы, егер адам дене бөліктерін үш реттен көп жуса, немесе қолдарын шынтақтан немесе аяғын тобықтан жоғары жуса, немесе мойнын сүртсе.



ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НӘРСЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ


БІРІНШІСІ: ТАЗАРУ

Таяммум (топырақпен тазару)


Егер адамда дене бөліктерін жуу үшін қолданатын су болмаса, немесе суды қолдану ол үшін қауіпті болса, онда сумен тазарудың орнын таяммум жасау басады.

Таяммум жасау тәртібі

Адам таяммум жасауға ниеттеніп, кейін: ***«Бисми-Лләһ»,*** — деп, екі қолын жерге бір рет ұрып, бетін және қолдың сыртқы жағын сүртуі қажет.



Жерді ұрған кезде саусақтардың арасын ашу, қолдың сыртқы жағын сүрткенде олардың арасын да сүрту шариғатта бекітілмеген.



Ғұсыл (денені толық жуу)

Ғұсылдағы міндетті амалдар

Ғұсыл алып, тазаруға ниеттену қажет. Кейін: ***«Бисми-Лләһ»***, — деп айтып, бүкіл денені, сонымен қатар жұқа және қалың шаштың астындағы теріні жуып, ауыз бен мұрынды шаю қажет.

Ғұсылдағы мұстахаб амалдар

Жыныс мүшелері мен артқы жақты жуу, кейін қолды жуып, намаздан бұрын алынатын тахарат амалдарын жасау, кейін шашты сулап, басты жуу қажет. Кейін дененің оң жағын, содан соң сол жағын және соңында аяқты жуу керек.

Ғұсыл алуды міндетті қылатын іс-амалдар:

1) Жыныстық қатынас немесе басқа себеппен орын алатын жыныстық ластану, бұған сондай-ақ шәуеттің шығуынсыз болған жыныстық қатынас да жатады;

2) Етеккер немесе босанғаннан кейін қан шығудың басталуы;

3) Шәһидтен (шайқас алаңында қаза тапқан адамнан) басқа адамның қайтыс болуы;

4) Кәпір адамның Исламды қабылдауы.

Хуффтарға (мәсі, шұлыққа) масих тарту

Мәсі, шұлыққа масих тартудың шарттары

1) Хуффтар немесе шұлықтардың ластықтардан таза болуы;

2) Оларды сумен тазаланудан кейін кию қажет (ал бұл өз кезегінде аяқты жууды қамтуы қажет);

3) Ол үлкен ластанудан кейін емес, кіші ластанудан кейін тартылуы қажет;

4) Хуфф немесе шұлық дәрет алған кезде жуылатын аяқ бөлігінің басым бөлігін жауып тұруы қажет.

5) Масих белгілі уақыт ішінде: тұрғылықты жерінде болған адам үшін бір тәулік (24 сағат) және сапардағы адам үшін үш тәулік (72 сағат) арасында болуы қажет. Кері санақ бірінші масих жасалған сәттен бастап жүргізілуі қажет.

Мәсі, шұлыққа масих тартудың әдісі

Ылғал алақандармен аяқтың үстіңгі жағын, саусақтардан жіліншіктерге дейін сүрту қажет. Екі аяқты екі құлақты сүрткендей бір уақытта, оң қолмен оң аяқты, сол қолмен сол аяқты сүрту қажет. Сүннет масих тартудың осы әдісіне нұсқайды.

Масих тартуға қатысты кейбір мәселелер:

1) Масихтың бекітілген уақыты бітсе немесе шұлықтар шешілсе, дәрет бұзылмайды;

2) Тесіктері бар шұлықтарға, сондай-ақ жұқа материалдан тігілген себепті астынан тері көрінетін шұлықтарға масих тартуға болады.

Фитралық сүннеттер

Фитралық (адамның оларды жасауы табиғи болып табылатын амалдар) сүннеттердің кейбір көріністері:

1. Сүндеттеу — ол ерлер үшін міндетті, әйелдер үшін мұқтаждық болса, құпталатын амал болып табылады.

2–5. Мұртты қысқарту, тырнақты алу, қолтық жүнін жұлу мен шат жүнін қыру. Әнас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «*Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге қырық күнде кем дегенде бір рет мұртты қысқартуды, тырнақ алуды, қолтық жүнін жұлуды және шат жүнін қыруды бұйырды*» (Муслим).

6. Сақал өсіру — міндетті болып табылады, ал оны қыру — үлкен күнәға жатады.

7. Мисуак (сиуак) қолдану. Сиуак дегеніміз — Арак немесе сол секілді тал тамырының тіс тазалау үшін қолданылатын кесіндісі. Оны

қолдану сүннет. Ал сиуакты намаздың, дәреттің алдында, үйге кірген кезде, Құран оқығанда, ұйқыдан тұрғанда және ауыз иісі өзгергенде қолдану қаттырақ құпталады.

Әжет өтеудің әдебі

Әжет өтелген кезде келесі амалдарды жасау мұстахаб:

— Әжетханаға сол аяқпен кіріп, мына дұғаны айту қажет: «***БисмиЛлəһ. Аллаһуммə инни ағузу бикə мин əл-хубси уə əл-хобə-ис***»[1];

— Әжетханадан шыққанда: ***«Ғуфранə-кə»*** («(Уа Аллаһ,) кешіре гөр»), — деп айту қажет;

— Әжетін өтегісі келген адам міндетті түрде қабырғаның артына тұрып немесе басқа да жолмен адамдардың көзінен жасырылуы қажет. Егер ол ашық кеңістікте болса, онда бұл жағдайда ол басқалардан алыс жерге баруы керек.

Әжетін өтейтін адамға келесі істерді жасауға тыйым салынған:

— Әжетті адамдар өтетін жолдарда, жұрт көп жиналатын жерде, жеміс ағаштарының астында, тұрып тұрған судың үстіне және адамдарға қолайсыздық тудыратын кез-келген жерде өтеуге болмайды;

— Қағбаға жүзбен немесе артпен тұруға болмайды;

— Жыныс мүшелерін ол қолмен ұстауға болмайды;

— Аллаһ Тағаланың есімін атауға болмайды.

Әжетті өтегеннен кейін астын жуу немесе сүртіну қажет.

Сүртінудің үш шарты бар:

1) Үш немесе одан көп рет сүртіну қажет.

2) Толық тазарғанға дейін сүртіну қажет. Егер сүртілгеннен кейін қағаз таза (құрғақ) болса, бұл тазарудың толық болғанын білдіреді;

3) Лас нәрселермен және тамақ секілді жақсы нәрселермен сүртінуге болмайды. Сондай-ақ сүйектермен және құрғап қалған тезекпен сүртінуге болмайды.

Ер адамдардың киімі мен денесі зәр тиюден, сондай-ақ бөтен көздерден қауіпсіздікте болса, оларға әжетті тұрып өтеулеріне болады. *«Ал-*

[1] Мағынасы: «Уа Аллаһ, мен Саған ер және әйел шайтандардың кесірінен пана сұрап сиынамын».

лаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қоқыс орнына барып, әжетін тұрып өтеді» (әл-Бухари және Муслим).



ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1. Тахараттың қанша шарты бар?
- ☐ Сегіз;
- ☐ Он;
- ☐ Тоғыз.

2. Тахараттың міндетті амалдары:
- ☐ Дененің төрт бөлігін жуу;
- ☐ Дененің төрт бөлігін жуу және жуу барысында реттілікті сақтау.

3. Тахаратты бұзатын амалдар қанша?
- ☐ Сегіз;
- ☐ Алты;
- ☐ Бес.

4. Төменде келтірілген қай нәрсе тахаратты бұзады?
- ☐ Қарақұйрықтың еті;
- ☐ Түйенің еті;
- ☐ Ұйқыға қалғу;
- ☐ Жел шығару;
- ☐ Іштен шығатын дыбыстар;
- ☐ Қайтыс болған адамды жуу;
- ☐ Әйел адамға қол тигізу.

5. Таяммум жасаудың тәртібін келтір:

_____

_____

_____

6. Ғұсыл жасаудың тәртібін келтір:

_____

_____

_____

7. Келесі жағдайлардағы шариғи үкімді түсіндір:

1) Ниетті тілмен айту —
2) Бір намазды оқу үшін тахарат алып, одан көп намаз оқу —
3) Құран оқу үшін тахарат алып, кейін намаз оқу —
4) Тахарат алып жатқан кезде ниетті тоқтату —
5) Тахарат алып болғаннан кейін ниетті тоқтату —
6) Жіліншікте қамырдың бөлігі бола тұра тахарат алу —

7) Тахарат алып жатып, түйенің етін жеу —
8) Ұрланған сумен тахарат жасау —
9) Астын сүртуден немесе жуудан бұрын тахарат алу —
10) Тахарат алып жатқан уақытта құлақты сүрту үшін қолды арнайы сулау —
11) Басты үш рет сүрту —
12) Тахарат алып жатқанда дене бөліктерін бір реттен жуу —
13) Дене бөліктерін үш реттен жуу —
14) Тахарат алып жатқанда алақандарды жуу —
15) Сақалды суланған саусақтармен тарау —
16) Тахарат алу барысында басты сулы қолдармен сүрту —
17) Жуу керек болған жерлерді сүрту —
18) Басты жуу —
19) Қолды жумай жатып су құйылған ыдысқа батыру —
20) Тахарат алған кезде дененің оң жақ бөліктерін бірінші жуу —
21) Дене бөліктерін үш реттен көп жуу —
22) Тахарат алу кезінде жіліншіктерді жуу —
23) Жүзуді дәреттің орнына есептеп намаз оқу —
24) Ғұсыл алып болғаннан кейін тахарат алмай намаз оқу —

ЕКІНШІСІ: ЗЕКЕТ

Зекет (тазартатын міндетті зекет) екі түрлі болады:

1) Мал-мүліктен берілетін зекет:

Зекет Исламның үшінші тірегі болып табылады. Ол нисабқа (зекет міндетті болатын ең аз мөлшердегі мал-мүлікке) ие болған әрбір еркін (құл емес) мұсылман үшін парыз. Мал-мүліктен берілетін зекет, ол алынғаннан кейін ай күнтізбесі бойынша бір жыл өткен соң ғана парыз болады, алайда жерден өсіп шығатын өнімге немесе өз негізіне ілесетін мал-мүлікке, мысалы, нисабтың өсуіне, саудадан түсетін пайдаға қатысты бұл (мерзім) шарт болып табылмайды, олардың зекет есептелетін мерзімі өз негіздеріндегі мал мүліктің мерзіміне қайтады.

Мал-мүліктен берілетін зекет төрт түрге беріледі:

1.1. Саудаға арналған тауарлар: бұған адам сауда-саттыққа дайындаған барлық нәрсе жатады.

1.2. Жерден өсіп шығатын өнім: дәнді дақылдар мен жемістер.

1.3. Өрістегі мал: бұған жылдың көп бөлігін немесе жыл бойы ешкімге тиесілі болмаған жайылымда еркін жайылып бағылған түйе, ірі және ұсақ мал жатады;

1.4. Бағалы заттар: алтын, күміс және олардың орнын басатын ақша бірлігі. Алтынның нисабы — 85 гр., ал күмістің нисабы — 595 гр.

2) Адам басынан берілетін зекет:

Бұл жерде Рамазан айының соңында берілетін пітір садақасы жайлы айтылған.

Бұл мұсылман болған әрбір сәбиге және ересекке, ер және әйелге, құлға және еркін адамға парыз етілген зекет.

Зекет берілетін адамдардың санаттары

— **Пақыр адамдар (фуқара)**. Бұл түгі жоқ немесе адамның өмір сүруіне керекті ақшаның аз ғана бөлігі болған адамдар.

— **Кедейлер (мәсәкин)**. Бұл адамның өмір сүруіне қажетті ең аз соманың көп бөлігіне немесе жартысына ие адамдар. Мысалы, адам-

ның өмір сүруіне қажетті бір жылдық ақша 12000 болса, пақыр адам деп 6000-нан кем ақшаға ие, ал кедей деп 6000 немесе одан көп, алайда 12000-нан аз ақшасы бар адам аталады.

— **Зекетті жинайтын, сақтайтын және бөлетін адамдар**. Оларды мұсылман елбасшысы тағайындайды және олардың пақырлардан болулары шарт емес, керісінше — олар бай болса да, зекетті жинауға құқықты.

— **Жүректерін Исламға иілдіру қажет болған адамдар**. Бұл оларды Исламды қабылдауларына үміт бар болған адамдар. Бұл санатқа, сондай-ақ, зекет беру арқылы олардың зұлымдықтарын азайту немесе олардың иманын нығайту қажет болған адамдар да жатады.

— **Құлдарды босату:**

А) Мукатаб-мұсылманға көмек (бұл қожайынымен өз-өзін сатып алу келісімін жасасқан құл);

Ә) Мұсылман құлдарды босату;

Б) Тұтқындалған мұсылмандарды босату.

Бұған қожайынының зекет беру қарызын өтеу үшін өзінің құлын босатқан жағдай жатпайды, мұндай амал тыйым салынған.

— **Борышкерлер:**

А) Жанжалдасқан тараптарды татуластыру үшін қарыз алған адам;

Ә) Өзі үшін қарыз алған адам.

Адам зекетті төлеу ниетімен өзіне борышкер (қарыздар) болған басқа кісінің қарызын кешуіне болмайды.

— **Аллаһтың жолында ақша жарату**. Бұған шайқастарға дайындық жатады.

— **Жол-сапарда ұсталып қалғандар**. Бұл өз қоныстарынан алыс болған жерлерде қаражатсыз қалған адамдар. Оларға зекет өз қоныстарына жетулері үшін беріледі.

Ескертпелер:

Зекетті жоғарыда аталған санаттарға жататын адамдардың біреуіне ғана берумен шектелуге болады.

Зекетті бай адамға немесе ақша табуға шама-қуаты жететін адамға беруге болмайды. Сондай-ақ зекет Мухаммад Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) отбасына жататын әулетіне берілмейді. Оларға Хашим тайпасы мен олардың азат етілген құлдары жатады. Зекет кәпірлерге берілмейді. Сондай-ақ, егер адам зекетті өзі оларды асырауы міндетті болған адамдарға берсе, бұл зекет жарамсыз болады.

Ал ерікті түрде берілетін садақа жайлы айтсақ, оларды аталған адамдардың барлығына беруге болады, алайда садақа қаншалықты пайдалы болса, соншалықты кемелдеу болады.

Әртүрлі мал-мүліктен берілетін зекеттің мөлшері

1) Өрістегі мал

Оның нисаб мөлшеріндегі бас санының бір жыл бойы сақталуы шарт болып табылады.

Өрістегі малдан берілетін зекет

Ұсақ мал:

Егер адам 40–120 ұсақ малға ие болса, бұдан бір қой беріледі;

Егер адам 121–200 ұсақ малға ие болса, бұдан екі қой беріледі;

Егер адам 201–300 ұсақ малға ие болса, бұдан үш қой беріледі;

Кейін әр жүз малдан, бір қой беріледі. Зекет ешкілермен, кәрі малмен, айқын кемшіліктері бар малмен, ең нашар және ең жақсы малмен, жүдеу, буаз малмен, тамақ ретінде жеу үшін бағылған малмен берілмейді.

Нарлар мен түйелер:

Егер адам 5–9 түйеге ие болса, бұдан бір қой беріледі;

Егер адам 10–14 түйеге ие болса, бұдан екі қой беріледі;

Егер адам 15–19 түйеге ие болса, бұдан үш қой беріледі;

Егер адам 20–24 түйеге ие болса, бұдан төрт қой беріледі;

Егер адам 25–35 түйеге ие болса, бұдан бір жасар інген беріледі;

Егер адам 36–45 түйеге ие болса, бұдан екі жасар інген беріледі;

Егер адам 46–60 түйеге ие болса, бұдан үш жасар інген беріледі;

Егер адам 61–75 түйеге ие болса, бұдан төрт жасар інген беріледі;

Егер адам 76–90 түйеге ие болса, бұдан екі жасар інгеннен екеу беріледі;

Егер адам 91–120 түйеге ие болса, бұдан үш жасар інгеннен екеу беріледі;

Егер адам 121–129 түйеге ие болса, бұдан екі жасар інгеннен үшеу беріледі.

Кейін әрбір 40 түйеден бір екі жасар, ал 50-ден бір үш жасар інген беріледі. Қалдық тоғыздан аспауы қажет.

Ірі мал:

Егер адам 30–39 ірі малға ие болса, бұдан бір жасар сиыр беріледі;

Егер адам 40–59 ірі малға ие болса, бұдан екі жасар сиыр беріледі;

Егер адам 60–69 ірі малға ие болса, бұдан бір жасар сиырдан екеу беріледі.

Кейін әр 30 малдан бір жасар, ал әр 40 малдан екі жасар сиыр беріледі.

2) Жерден өндірілетін дақылдар мен жемістер

Оның бір жыл бойы сақталуы шарт емес. Нисабы — 300 сағ (бір сағ — жақсы бидай дәнінің 2.4 келісіне тең). Егін табиғи жолмен суарылса, онда зекет ретінде алынған өнімнің оннан бір бөлігі беріледі. Ал егер егін жасанды жолмен суарылса, онда алынған өнімнің жиырмадан бір бөлігі беріледі. Егер екі жол да қолданылса, қырықтан үш бөлік (7.5%) беріледі.

3) Бағалы заттар

Олардың нисабы бір жыл бойы сақталуы шарт болып табылады. Алтынның нисабы — 85 г., күмістің нисабы — 595 г.. Бұл мал-мүліктен зекет ретінде 1/40 бөлік беріледі.

4) Сауда-саттық үшін дайындалған тауарлар

Олардың бір жыл бойы сақталуы шарт болып табылады. Олар пақырларға байланысты алтынның немесе күмістің бағасымен есептеледі. Бұл мал-мүліктен зекет ретінде 1/40 бөлік беріледі.

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1) Мұсылман адамның мал-мүлкінен зекет төленуге тиісті нисаб мөлшері қай күнтізбе бойынша бір жыл сақталса одан зекет төлеу парыз болады?

- ☐ Ай (хижра) күнтізбесі бойынша;
- ☐ Күн (грегориан) күнтізбесі бойынша;
- ☐ Бұл маңызды емес.

2) Адамның зекет төлеуі үшін оның иелігіндегі нисабтың мөлшері бір жыл бойы сақталуы қажет деген шарт қандай мал-мүлікке қатысты емес?

- ☐ Тауып алған мүлік;
- ☐ Жерден өсетін дақылдар мен жемістер.

3) Алтынның нисабы:

- ☐ 85 гр;
- ☐ 595 гр;
- ☐ 95 гр.

4) Күмістің нисабы:

- ☐ 200 дирхам;
- ☐ 595 гр;
- ☐ Екі жауап та дұрыс.

5) Олардан зекет төлеу парыз болатын малға: түйе, сиыр-бұқа және ұсақ мал жатады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

6) Зекет жемістерден берілмейді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

7) Жайылып бағылатын малға не жатады?

- ☐ Бағасы өсетін мал;
- ☐ Жылдың көп бөлігінде немесе бір жыл бойы өрісте еркін жайылып жүретін мал.

8) Шариғи мәтіндерде кедейлер (*масакин*) аталғанда олармен бірге пақырлар (*фуқара*) да меңзеледі.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

9) Пақырларға берілетін зекеттің мөлшері — оларға қай мерзім бойы өмір сүруіне жеткілікті болуы қажет?

- ☐ Бір жыл;
- ☐ Бір ай.

10) Зекетті жинайтын адам дегенде кім меңзеледі?

- ☐ Осымен айналысатын әрбір адам;
- ☐ Осы қызметке әмірші тағайындаған адам.

11) Келесі заттардан төленуге тиіс зекеттің мөлшерін анықта:

Мал-мүлік:	Зекет мөлшері:	Қалдық:
100 дирхам		
200 динар		
400 дирхам		
80 грамм алтын		
500 грамм күміс		
30 қой		
60 қой		
100 дирхам		
200 динар		
400 дирхам		
80 грамм алтын		
500 грамм күміс		
30 қой		
60 қой		
565 қой		
4 інген		
17 інген		
449 інген		
30 сиыр		
49 сиыр		
77 сиыр		
99 сиыр		
20 млн. доллар		
40 доллар		
45.679 доллар		
255 сағ бидай		

12) «Жүректерін исламға жұмсарту мүмкін» болған адамдарға олардың Исламды қабылдауына үміт жоқ болған кәпірлер де кіреді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

13) Егер адам өз құлын босатса, ол үшін зекет төлеуі қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

14) Кедей адам бай адамға белгілі бір сомма қарыз. Кейін бай адам бұл ол үшін зекет болады деген ниетпен кедей адамның қарызын кешірді. Мұндай зекет жарамды болады ма?

- ☐ Иә;
- ☐ Жоқ.

15) «Аллаһтың жолына» деген санатқа кез-келген жақсылыққа, мысалы, мешіт соғуға ақша жұмсау жатады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

16) Бағалы заттардан берілетін зекет мөлшерін анықтау үшін оны қырыққа бөлу қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

17) Зекетті өрісте еркін жайылған малдан беру парыз және жұмыс үшін қолданылатын немесе иесі оны бағуға күш-қуат салған малдан беру мұстахаб.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

18) Жасанды түрде суарылған дақылдар мен жемістерден 20-дан бір бөлік төленеді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

19) Зекет төлеу міндетті болған мал-мүліктің астын сызып көрсет:

- ☐ Тауықтар;
- ☐ Азық-түлік дүкені;
- ☐ Құрма өндіретін ферма;
- ☐ 85 грамм алтын;
- ☐ Еркін жайылған түйелер;
- ☐ Жем беріп, бағуға күш жұмсалған қойлар.

20) Ақшадан берілетін зекеттің мөлшері:

- ☐ 2.5%;
- ☐ 5%.

21) 80 грамм алтыннан берілетін зекет мөлшері:
- ☐ Екі грамм;
- ☐ Төрт грамм;
- ☐ Мұндай мөлшердегі алтыннан зекет берілмейді.

22) Тұрмыс үшін қолданылатын үйлерден зекет төленеді.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

23) Кез-келген сапардағы адам зекет алуға құқылы.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

ҮШІНШІСІ: ОРАЗА

Ораза (сыям) араб тілінде тыйылу (*имсак*) деген мағынаны білдіреді. Оразаның шариғи мағынасы — таңсәріден күн батқанға дейін жеп-ішуден және оразаны бұзатын басқа да амалдардан тыйылу арқылы Аллаһ Тағалаға құлшылық ету.

Оразаның тіректері

1) Ниет ету, ол екі түрге бөлінеді:

1.1. Парыз оразаны ұстауға ниет ету. Бұл жағдайда адам ораза ұстауға түннен бастап, яғни таңсәріден бұрын ниет етуі қажет. Рамазан айында ораза ұстауға айдың басында ниет ету жеткілікті. Ниеттің орны — жүрек, ал оны тілмен айту бидғат болып табылады.

1.2. Нәпіл ораза ұстауға ниет ету. Мұндай жағдайда адам оразаны бұзатын амал жасағанға дейін күннің кез-келген уақытында ниет ете алады. Алайда ораза үшін сауап адам ниет еткен сәттен есептеле бастайды.

2) Оразаны бұзатын кез-келген нәрседен тыйылу.

Оразаның түрлері

1) Міндетті ораза. Бұған Рамазан айындағы ораза, өтем немесе нәзір оразасы жатады.

2) Нәпіл ораза.

Адамға ораза ұстау парыз болатын шарттар

1) Исламды ұстану;

2) Ақыл-есті болу;

3) Шариғат тұрғысынан балиғат жасына жету. Ал есі кірген (тамйиз жасына жеткен) балаға келсек, онда оның асыраушысы оны ораза ұстауға ынталандырады.

4) Адамның өзінің тұрғылықты мекенінде болуы. Яғни сапардағы адамға ораза ұстау міндетті емес. Алайда ораза ұстау ол үшін қиын болмаса, онда оның ораза ұстауы жақсырақ. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дәл осылай жасаған. Сондай-ақ, бұл адамның өз мойнындағы міндеттіліктен тезірек құтылу жағынан да жақсырақ әрі адам үшін көпшілікпен бірге құлшылық ету жеңіл және осылайша ол осы айдың артықшылықтарына қол жеткізе алады.

5) Денсаулық;

6) Әйелдер үшін етеккірден және босанудан кейінгі қансыраудан таза болуы.

Ораза кезіндегі науқастану жағдайы екі түрге бөлінеді

1) Жазылмайтын науқастық

Бұған ораза ұстай алмайтын қарт адам да кіреді. Мұндай адамға ораза ұстамауға болады, алайда ол оразаның әр күні үшін бір кедейді немесе саны Рамазан айының күндеріне сәйкес келейтіндей кедейлерді жинап, бір рет тамақтандыруы қажет. Ол сондай-ақ әр кедей адамға 0.25 сағ көлеміндегі тамақ таратса да болады (бұл сапасы жақсы бидайдың 510 граммына тең). Әрі тамақтың құрамында еттің болуы жақсырақ.

2) Жазылатын, алайда ораза ұстауды қиын ететін науқастық

Бұған сондай-ақ етеккірі келген, босанғаннан кейінгі қаны тоқтамаған, емізетін әйелдер және сапардағы адамдар да жатады. Мұндай адам емделгеннен кейін өткізіп алған күндерін басқа кезде өтеп, ораза ұстайды. Ал науқасынан жазылып кетуінен бұрын қайтыс болса, онда оның мойнынан ораза ұстау міндеті түседі.

Рамазан айының басталуы қалай бекітіледі?

Рамазан айының басталуы жаңа айдың шығуымен немесе шағбан айының отызыншы күнінің бітуімен бекітіледі.

Оразаны бұзатын амалдар

1) Әдейі тамақ жеу немесе сусын ішу. Ал кім бұны ұмытшақтықпен жасаса, оның оразасы жарамды бола береді.

2) Ораза ұстау міндетті болған күндізгі уақытта жыныстық қатынас жасау. Мұндай жағдайда адам ауыр өтем жасауға міндеттеледі. Ол құлды азат етуі қажет, егер оның мұндай мүмкіндігі жоқ болса, онда ол екі ай бойы арасын үзбей ораза ұстайды. Егер ол мұны да жасай алмаса, онда 60 кедейді тамақтандырады.

3) Сүйісудің, құшақтасудың немесе қол тигізіп аймалаудың және сол секілді басқа да себептермен шәуеттің шығуы (алайда еріксіз поллюция оразаны бұзбайды).

4) Тамақтың немесе судың орнын басатын нәрселерді қабылдау, мысалы нәрлендіретін екпе салу, ал егер олар нәрлендірмесе, онда оларды салуға болады.

5) Хижама жасау арқылы қан шығару. Ал мысылы, анализ тапсыру үшін азғантай мөлшерде қан шығару жайлы айтсақ, бұл жағдайда ораза бұзылмайды.

6) Әдейі құсу;

7) Етеккірдің немесе босанудың басталуы.

Ораза ұстайтын адамға келесі амалдарды жасауға болады (мубах)

1) Түкірікті жұту;

2) Қажеттілік кезінде тамақтың дәмін тексеру (алайда оны еш жағдайда жұтуға болмайды);

3) Шомылу;

4) Мисуак қолдану;

5) Әтір қолдану;

6) Салқындау үшін ауызды шаю.

Ораза уақытындағы сауапты қосымша (мұстахаб) амалдар

1) Сухур (таңсәріден бұрын тамақ ішу);

2) Сухурды таңсәріге қарай жақын жылжыту;

3) Ауызды ашуға асығу (ауызды күн батқан бойда бірден ашу);

4) Ауызды тақ санды жаңа піскен құрмалармен, егер олар болмаса, құрғақ құрмалармен, ал егер ол да болмаса, онда сумен ашу. Егер ауыз-

ды ашуға болатын ешнәрсе табылмаса, онда жүрекпен оразаны тоқтатуға ниет ету жеткілікті болады.

5) Ауыз ашқан кезде және ораза уақытында көп дұға ету;

6) Жиі садақа беру;

7) Түнгі намаздарды оқуға тырысу;

8) Құран оқу;

9) Умра жасау;

10) Сенімен ұрысып жатқан адамға: «Расында, мен оразамын», — деп айту;

11) Қадір түнін табуға тырысу;

12) Рамазан айының соңғы он күндері мен түндерін мешітте құлшылық үшін оңашаланумен (иғтикаф жасаумен) өткізу.

Ораза уақытында құпталмайтын (мәкруһ) амалдар

1) Ауызды және мұрынды терең шаю;

2) Тамақтың дәмін қажетсіз тексеру.

Ораза уақытында келесі амалдарды жасауға тыйым салынған (харам)

1) Қақырықты жұту (алайда бұл оразаны бұзбайды);

2) Сүйісу. Бұл сүйісу себебінен оразасы бұзылуы мүмкін болған адамдар үшін тыйым салынған.

3) Өтірікпен амал ету (бұған кез келген тыйым салынған амалдарды жасау кіреді);

4) Надандық іс әрекеттер мен сөздер (ақымақтық пен дөрекілік);

5) Уисоль (оразаны екі күн бойы ауызды ашпай ұстау).

Нәпіл (мұстахаб) ораза

1) Рамазан айының оразасын толық ұстаған адам үшін шәууәл айының алты күн оразасы. Бұл оразаны шәууәлдің екінші күнінен бастап арасын үзбей ұстау абзалырақ.

2) Қажылықтағы адамдардан басқалар үшін Арафа күнгі ораза.

3) Ашура (Мухаррам айының оныншы күні) және оған қоса тоғызыншы әрі он бірінші күндерінде ораза ұстау.

4) Дүйсенбі және бейсенбі күндеріндегі ораза. Дүйсенбі күнгі ораза абзалырақ болып табылады.

5) Әр айда үш күн ораза ұстау. Бұл «ақ (яғни ай толатын) күндер» болса жақсырақ, олар хижра күнтізбесі бойынша әр айдың 13, 14, 15 күндері.

6) Күнәра ораза ұстау.

7) Аллаһтың айы — әл-Мухаррамдағы ораза.

8) Зул-хижжә айының алғашқы тоғыз күніндегі ораза.

9) Шағбан айындағы ораза, алайда бүкіл ай бойы ораза ұстамау керек.

Құпталмайтын (мәкруһ) ораза

Жұма, сенбі және жексенбі күндерін жекелеп, ерекшелеп, оларды ораза ұстау үшін арнау құпталмайды. Алайда осы күндерден болған әлдебір күнде Арафа секілді белгілі себептерге байланысты ораза ұстауға болады.

Тыйым салынған (харам) ораза

1) Рәжәб айын ораза ұстаумен ерекшелеп, таңдау;

2) Рамазан айының басталуы немесе аяқталуына байланысты күмәнді күндегі ораза. Алайда нәпіл ораза ұстаған адамға мұның оқасы жоқ;

3) Екі айт күнінде ораза ұстау;

4) Әт-ташриқ (құрбан айтынан кейінгі үш күн) күндеріндегі ораза, алайда адам құрбан шала алмаса, онда бұл рұқсат етілген;

5) Жыл бойы үзбей ораза ұстау.

Оразаның өтемі

Оразаны өтеу кезінде оны үздіксіз ұстау абзал болып табылады, бұған қоса, оразаны өтеуге айт күнінен кейін бірден кірісу қажет. Сондай-ақ, оразаны өтеуді келесі Рамазан айына дейін қалдыруға болмай-

ды. Егер адам оны келесі Рамазан айына дейін қалдырса, оған тек жіберіп алған күндерін ғана өтеу қажет, алайда оразаны өтеуді кейінге қалдыруымен ол күнә жасайды.

Пітір садақасы (Зәкәт әл-фитр)

Зәкәт әл-фитр Рамазан айының соңғы күнінің батуын мұсылман болған күйінде көріп үлгерген және өз қажеттілігінен әрі айт күнінде және түнінде өзіне және өз қарамағындағыларына жеткілікті болатын азық-түліктен бір сағ көлемінде артық қалдығы бар болған әрбір адамға парыз.

Пітір садақасының мақсаты (даналығы):

1) Ораза кезінде жасалған кемшіліктерден тазалану;

2) Кедей адамдарды мерекелі айт күнінде тіленшілік жасау қажеттілігінен босату.

Пітір садақасы берілетін уақыт:

1) Рұқсат етілген уақыт: айт күніне бірнеше күн қалғанда;

2) Абзал (мұстахаб уақыт): айт күнінде таң намазынан кейін және мерекелі айт намаздан бұрын;

3) Тыйым салынған уақыт: айт намазынан кейін.

Пітір садақасының көлемі

Адамдардық қолданысындағы азық-түліктен бір сағ (ол жақсы бидайдың 2.4 келісіне тең). Егер зәкәт әл-фитр ақшамен берілсе, ол жарамсыз болады.

Айт намазы

Айт намазы барлық мұсылман адамдар үшін міндетті болып табылады. Оның уақыты күн көкжиектен найзаның биіктігіне көтерілгеннен бастап, күннің тас төбеге көтерілгеніне дейін жалғасады. Егер адам айт намазын өткізіп алса, ол оны өтемейді.

Айт намазын елді мекеннің шетінде орналасқан кең алаңда оқу сүннет болып табылады, алайда оны мешітте де оқуға болады. Үйден айт намазына шығудан бұрын тақ санды құрма жеу мустахаб. Сондай-ақ, айт намазына тазаланып, жуынып, әтір қолданып, бір жолмен барып әрі басқа жолмен қайту дұрыс. Сондай-ақ, адамдардың бір-бірін: «Аллаһ

бізден де, сіздерден де қабыл алсын» ***(Тәқоббәлә-Ллаһу миннә уә минкум)***, — деп құттықтауларына болады.

Сондай-ақ, мерекенің қарсаңындағы түннен бастап айт күнгі күн батқанға дейін әр намаздан кейін тәкбір айту мустахаб болып табылады. Тәкбір келесі үлгіде айтылады: «Аллаһ Ұлы, Аллаһ Ұлы! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Аллаһ Ұлы! Аллаһ Ұлы! Және Аллаһқа бүкіл мақтау-мадақ болсын!» (***Аллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар, лә иләһә иллә-Ллаһу, уа-Ллаһу Әкбар, Аллаһу Әкбар, уә ли-Лләһи-л-хамд***).

Айт намазын орындау тәртібі:

Айт намазы мерекелі құтпадан бұрын оқылатын екі ракағаттан тұрады. Бірінші ракағатта алғашқы тәкбірден кейін алты тәкбір айту қажет. Екінші ракағатта бірінші ракағаттан екінші ракағатқа көшуде айтылатын тәкбірден кейін бес тәкбір айтылып, кейін Құран оқылады.

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1) Оразаның қанша тірегі бар?

- ☐ Екі;
- ☐ Үш;
- ☐ Төрт.

2) Ораза кімдер үшін парыз?

1) _____
2) _____
3) _____
4) _____

3) Кез-келген науқас адамға ораза ұстауға тыйым салынған.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

4) Мына жағдайлардың әрбіріне қатысты шариғи үкімді түсіндір:

1) Таң намазынын кейін парыз ораза ұстауға ниет ету —
2) Ниетсіз ораза ұстау —
3) Кішкентай баланың оразасы —
4) Сапардағы адамның оразасы —
5) Босанғаннан кейінгі қаны келіп жатқан әйелдің оразасы —
6) Әлсіз (науқас) адамның оразасы —
7) Ораза кезінде тамақ жеу —
8) Ораза уақытында нәрлендіретін екпелер салу —
9) Көзге тамызатын тамшылар —
10) Ауырсынуды басатын дәрі егу —
11) Хижама (қан шығару) —
12) Қасақана құсу —
13) Түкірікті жұту —
14) Тамақтың дәмін көру —
15) Ұйқы —
16) Шомылу —
17) Ауызды шайып салқындау —
18) Сиуак (мисуак) қолдану —
19) Бахур қолдану —
20) Сухурдың уақытын барынша таңға жақын жылжыту —
21) Сухур кезінде не жеу абзал —
22) Ауызды немен ашу қажет —
23) Тарауих намазы —

24) Рамазан айында умра жасау —
25) Ауызды және мұрынды терең шаю —
26) Сүйісу —
27) Екі немесе одан көп күн тоқтамай ораза ұстау —
28) Шәууәл айының алты күнінде ораза ұстау —
29) Арафа күнінде ораза ұстау —
30) Күмәнді күні ораза ұстау —
31) Айт күні ораза ұстау —
32) Әт-тәшриқ күні ораза ұстау —
33) Мухаррам айында ораза ұстау —
34) Рожәб айында ораза ұстау —
35) Бір жыл бойы үздіксіз ораза ұстау —
36) Жұма күні ораза ұстау —
37) Оразаны өтеуді келесі Рамазанға дейін қалдыру —

ТӨРТІНШІСІ: ҚАЖЫЛЫҚ

Қажылық — Исламның бесінші тірегі. Ол келесі шарттармен парыз болады: Исламды ұстану, ақыл-есті болу, кәмілет жасына жету, қажылық жасауға мүмкіндігі болу, қажылық жасайтын әйелдің жанында махрамының болуы.

Қажылықтың төрт тірегі (рүкіні) бар

1) Ихрам. Бұл қажылық жасаушы хәліне кіруге ниет ету.

2) Арафат тауында тұру. Қажылықтағы адам онда зул-хижжә айының тоғызыншы күнінде күн тастөбеден ауғаннан бастап, айт күнінің таңына дейін болады. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «***Қажылықтың мәні — Арафатта тұру***» (Тирмизи, Ибн Хиббан).

3) Тауаф әл-ифадо. Бұл Арафатта тұрудан кейін жасалатын Қағбаны тауаф жасап айналу.

4) Сағьи. Сафа мен Маруа төбелерінің арасында айналып жүру рәсімі. Аллаһ Тағала былай деген:

إِنَّ الصَّفَا وَالْمَرْوَةَ مِنْ شَعَائِرِ اللَّهِ

«**Расында, Сафа мен Маруа Аллаһтың рәсімдік белгілерінен**» («әл-Бақара» сүресі, 158-аят).

Қажылықтың түрлері

1) Ифрад. Бұл адамның умрасыз тек қажылықтың өзін жасауы.

2) Қиран. Бұл адамның қажылықты умрамен қоса жасауына ниеттеніп, ихрам хәліне бір рет кіріп, одан керекті рәсімдерді жасап бітірмей шықпауы. Бұдан бөлек, адам құрбан шалуы қажет.

3) Таматтуғ. Бұл адамның қажылық айларында умра жасауы үшін Ихрамға кіріп, кейін ихрамнан шығып, қажылық жасауы. Мұндай адам құрбан шалуы қажет.

Қажылықтың міндетті амалдары (уәжибаттары)

Егер адам бұл амалдардың бірін жасамай қалдырса, ол осы ісін қан шығарумен өтеуі қажет. Нақтылап айтсақ, ол Харам маңайында құрбандыққа қой сойып, оны Меккенің кедей тұрғындарының арасында таратуы қажет. Қажының өзі бұл еттен жей алмайды. Ендеше, қажылықтың міндетті амалдары:

- Миқатта ихрам хәліне кіру;
- Арафатқа күндіз келген адамның онда кешке дейін тұруы;
- Айт күнінен бұрынғы түнді Муздалифа алқабында өткізу;
- Әт-Тәшриқ түндерін Мина алқабында өткізу;
- Жамараттарға тас лақтыру;
- Шашты қыру немесе қысқарту;
- Меккеден кетейін деп жатқан барлық адамға, тіпті олар бірнеше айдан кейін кетсе де, Қағбаны соңғы рет айналу. Алайда, етеккірі немесе босанғаннан кейін қаны келіп жатқан әйел мұны жасамайды.

Қажылық пен умраның миқаттары

Уақытпен байланысты:

Қажылық айлары: Шәууәл, Зул-қағда, Зул-хижжә. Қажылық тек осы айларда ғана жасалады, ал умраға қатысты уақытқа қатысты ешқандай шектеулер жоқ.

Мекендерге байланысты (қажылық жасаушы адам ихрам хәліне кіретін мекендер)**:**

— Мәдинаның тұрғындары және Мәдинадан келетін адамдар үшін — Зул-Хуләйфа;

— Шам, Мысыр және Марокко тұрғындары үшін — Әл-Жухфа;

— Йемен тұрғындары үшін — Яләмләм;

— Ирақ тұрғындары үшін — Зат Ирқ.

Қажылықтың мұстахаб амалдары

- Ихрам хәліне кіруден бұрын ғұсыл алып, хош иісті әтірлерді қолдану;
- Ер адамдар үшін екі ақ мата кию (иыққа тағылатын жамылғы (*рида*) мен белге киілетін (*изар*) белдемше);

- Шашты және тырнақтарды ихрамнан бұрын қысқартып, алу;
- Ихрам хәліне кіргеннен бастап Жамараттарға тас лақтырғанға дейін тәлбия сөздерін айту;
- Хәжж-Ифрад және Хәжж-Қиран жасайтын адамдар үшін Меккеге келгенде тауаф жасау (Тауәф әл-Қудум);
- Қағбаны бірінші рет тауаф еткенде алғашқы үш айналымда тезірек жүру;
- Қағбаны бірінші рет тауаф еткенде оң иықты ашу;
- Муздалифа мекеніне келгенде ақшам намазының уақытында ақшам мен құптан намаздарын біріктіріп оқу;
- Арафат тауында тұрудан бұрынғы түнді Минада өткізу;
- Қара тасты сүю;
- Муздалифада таңнан күн шыққанша болу. Адам бүкіл алқап маңайында бола алады.

Ихрам хәлінде жасау тыйым салынған амалдар

Мұндай амалдар саны тоғыз: дененің кез-келген бөлігіндегі шашты (түкті) алу, тырнақтарды қысқарту, ер адамға басын жабатын бас киім кию, дене пішініне немесе дененің бір бөлігіне сай тігілген киім кию, әйел адамға ниқаб және қолғап кию, хош иісті әтірледі қолдану (бұған иісі бар сабынды қолдану да жатады), құрлық аңын аулау, некелесу немесе басқа біреудің некесін қиюы, жыныстық қатынас, өзге жынысты адамды шақуатпен ұстау.

Кімде-кім осы әрекеттердің бірін ұмытшақтықпен, білместікпен немесе мәжбүрленген түрде жасаса, ол бұны өтемейді. Ал кімде-кім құрлықта аң ауласа, ол бұл амалын өтейді. Бұл әрекеттерді қасақана жасауға келсек, бұл жағдайда олар төрт топқа бөлінеді:

1) Оларды істеген адам үшін өтем жоқ амалдар:

Нақтылай айтсақ — неке қию. Сондай-ақ шақуатпен ұстау, алайда бұда ұрықтың шығуы болмауы қажет. Бұл амалдарды істеген адам оларды өтемейді, алайда тәубе етеді.

2) Олар үшін жасалатын өтем амалдың өзіне тең амалдар:

Мысалы, құрлықта аң аулау. Аң аулау кезінде жануарды өлтірген адам, кез-келген жағдайда бұл әрекетін соған ұқсас жануарды құрбан шалумен өтеуі қажет. Бұл шешімді екі салиқалы және сенімді адам қабылдайды.

3) Оларды жасаған адам ауыр өтеммен міндеттелетін амалдар.

Яғни жыныстық қатынас. Кімде-кім ихрамнан бірінші (толық емес) шыққанға дейін жыныстық қатынасқа түскен болса, оның қажылығы жарамсыз болады, алайда ол оны аяқтап, кейіннен қайта жасауы қажет. Сонымен қатар ол өтем ретінде сиыр немесе түйені құрбандыққа шалады.

4) Оларды істегені үшін адам ауру кезінде өтем жасалатын нәрселер:

Яғни, қалған тыйым салынған амалдар. Қажы өтем ретінде келесі амалдардың бірін таңдай алады: үш күн ораза ұстау, алты кедей адамды тамақтандыру (олардың әрқайсына жарты сағ тамақ беріледі), қой сойып, оның етін Меккенің кедей тұрғындарының арасында тарату.

Қажылық күндерінің атаулары

1) Әт-Тәруия күні. Бұл Зул-хижжә айының 8-ші күні. Бұл күні Мина алқабына су алып келінетін еді;

2) Арафат күні. Зул-Хижжә айының 9-шы күні.

3) Айт немесе Құрбан шалу күні, бұл Зул-хижжә айының 10-шы күні.

4) Тыныштық (Қарр) күні. Зул-хижжә айының 11-ші күні.

5) Кетудің бірінші күні (Нафр). Зул-хижжә айының 12-ші күні.

6) Кетудің екінші күні. Зул-хижжә айының 13-ші күні.

Айт күні алдындағы түн «Жиналу түні» деп аталады. Ол осылайша адамдар Арафат тауында тұрғаннан кейін жиналатындығына байланысты аталған, өйткені Исламнан бұрын Мекке тұрғындары Арафатта тұрмайтын.

Қажылық кезінде Аллаһ Тағалаға жалбарынып, дұға ету абзал болған жерлер:

1) Арафат тауында айдың тоғызыншы күні түстен бастап кешке дейін;

2) Муздалифа алқабында 10-шы күні таң намазынан кейін күн шыққанға дейін;

3) Әт-Тәшрик күндерінде кіші және ортаншы Жамараттарға тас лақтырған кезде;

4) Қағбаны айналып тауаф жасайтын кезде;

5) Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүргенде.

Умра мен Қажылықты бірге жасаудың сипаты

Шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймин (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген:

«Миқатқа жеткенде ғұсыл алып, денеңізді (бас пен сақалыңызды) хош иісті әтірмен майлаңыз, содан кейін «таматтуғ» қажылығын жасау үшін умра жасау ниетімен ихрамға кіріп, тәлбия сөздерін айтып Меккеге жол алыңыз. Харам мешітіне жеткенде Қағбаны жеті рет айналыңыз, бұл умра тауафы болады. Қағба жақын болсын, алыс болсын, бүкіл мешіт тауаф орны екенін білу маңызды, бірақ адамдардың көптігіне байланысты қиындықтар болмаса, адамның Қағбаға жақын болуы жақсырақ, алайда адамдардың көптігінен қиындықтар мен қысылысу болып жатса, Қағбадан алыстауыңызға да болады, Аллаһқа бүкіл мақтау болсын, бұл мәселеде таңдау бар. Тауафтан кейін Ибраһимнің орны (Мақаму Ибраһим) артында екі ракағат намаз оқыңыз. Мүмкіндік болса, оған жақын тұрыңыз, мұндай мүмкіндік болмаса, одан алыстау тұруға да болады, ең бастысы ол сіз бен Қағбаның арасында болуы қажет. Кейін Сафа және Маруа төбелерінің арасында жүріңіз, бұл умраға жатады, жүрісті Сафа төбесінен бастау қажет. Төбелер арасында жеті рет жүріп өткеннен кейн шашыңызды алыңыз. Шашты бастың бір бөлігінде ғана қию жеткіліксіз — көптеген адамдар жасайтын нәрсеге алданып қалмаңыз.

Зул-хижжә айының сегізінші күні басталғанда, ғұсыл алып, хош иісті әтірлерді қолданып, қажылық жасау ниетімен өзіңіз тұрған жерден ихрамға кіріңіз. Кейін Мина алқабына аттанып, онда бесін, аср, ақшам, құптан және таң намаздарын, төрт ракағатты намаздарды қысқартып оқыңыз. Алайда оларды қосып оқымаңыз, өйткені Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларды қысқартатын, алайда қосып оқымайтын. Тоғызыншы күні (Арафат күні) күн шыққанда, Арафатқа барып, Аллаһтың алдында кішірейіп тағзым-итағат танытып, тәлбия айтыңыз. Ол жерде бесін намазының уақытында, бесін және аср намазын біріктіріп, екі ракағаттан етіп оқыңыз. Кейін өзіңізді Аллаһ Тағалаға дұға қылуға бағыштаңыз. Дәретті күйде болуға тырысып, тіпті тау артыңызда қалатын болса да, жүзіңізді Қағбаға қаратыңыз, өйткені жүзді дәл Қағбаға қарату бекітілген. Арафат тауының шекараларына мән беріп, бекітілген белгілерге қараңыз, өйткені көптеген қажылар таудың шекарасынан шығып кетіп тұрады, ал Арафатта тұрмаған адамның қажылығы жарамсыз болады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың исалауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

«***Қажылықтың мәні — Арафат тауында тұру***». Урана алқабынан басқа Арафатқа тиісті барлық мекендер: оның шығыс, батыс, солтүстік және оңтүстік бөліктері — оларда тұруға болатын жерлер болып табылады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «***Мен мұнда тұрдым, алайда Арафаттың барлық аумағы — тұруға болатын жер***».

Күн батқанына сенімді болған кезде Муздалифаға тәлбия сөздерін айтып, кішірейіп тағзым-итағатпен және асықпай байсалды түрде баруға тырысыңыз, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілгі мен сәлемі болсын) осыны бұйырған. Ол Арафаттан қайтқанда інгенінің тізгінін қатты тартқаны соншалықты, түйесінің басы ер-тұрманның деңгейіне дейін қайырылған болатын. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сол кезде: «***Тыныш! Уа адамдар! Тыныш (жүріңдер)***», — деп айтқан еді.

Муздалифаға жеткенде, онда ақшам және құптан намаздарын оқып, сол жерде таңсәріге дейін болыңыз. Әлсіз адамдар жайлы айтсақ, олар алқаптан түннің ортасында кете алады. Таң намазын оқып болғаннан кейін жүзіңізді Қағбаға қаратып, Аллаһты ұлықтап, Оған мақтау айтып, күн шыққанша Оған жалбарынып, дұға қылыңыз. Кейін, күн шыққан кезде, Мина алқабына барыңыз. Содан соң, жеті кішігірім тас жинап, Меккеге ең жақын болған соңғы Жамаратқа барыңыз. Күн шыққанда жеті тасты бірінен кейін бірін жамаратқа тастап, әр тасты тастағанда, Аллаһ Тағаланы ұлықтап: «Аллаһу Әкбар» сөздерін айтып, оны мадақтап, бойсұнған хәлде болыңыз.

Есіңізде болсын, тас лақтырудың негізгі мақсаты — Аллаһ Тағаланы ұлықтау және Оны еске алу. Тастың жамаратқа тиуі талап емес, алайда оның айналасындағы мекенге түсуі талап етіледі. Тасты лақтырып болғаннан кейін, малды союға кірісіңіз. Бұл союдың шарттары мереке күні құрбандық шалумен бірдей. Сіз үшін малды басқа біреу сойса, бұда еш айып жоқ. Малды сойғаннан кейін шашыңызды толық қырыңыз. Бүкіл бастағы шашты қыру міндетті болып табылады және оның бір бөлігін ғана қыруға рұқсат етілмейді. Әйел адам шашын саусақтың бір бөлігіне дейін қысқартуға міндетті. Осылайша, сіз ихрам хәлінен бірінші (толық емес) шығуды жасадыңыз әрі енді сізге келесі амалдарды жасауға рұқсат етіледі: әдеттегі киім кию, тырнақтарды қысқарту, әтір қолдану. Алайда сізге әйелмен жыныстық қатынас әлі де рұқсат етілмейді. Осыдан кейін, бесін намазына дейін Меккеге барып, қажылық үшін Қағбаны айналып, Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүріңіз, кейін Минаға қайтыңыз. Қағбаны тауаф етіп, Сафа мен Маруаның ара-

сында жүріп, тас лақтырып және шашыңызды қырғаннан кейін сіз ихрам хәлінен толық шығасыз және жыныстық қатынаспен қоса сізге ихрамнан бұрын рұқсат етілген барлық нәрсе рұқсат етіледі.

Уа адамдар! Айт күні қажы төрт рәсімді орындайды: Жамаратқа тас лақтырады, кейін мал сояды, шашын қырып, Қағбаны айналып, Сафа мен Маруаның арасында жүреді. Дәл осындай тәртіп дұрыс болып табылады. Алайда, егер тәртіп бұзылса, мысалы, шаш құрбан шалудан бұрын қырылса, бұда қиындық жоқ. Сондай-ақ, Минадан шыққанша Қағбаны айналып, Сафа мен Маруаның арасында жүруді кейінге қалдырсаңыз, бұда еш айып жоқ. Осыған қоса, сіз мал шалуды он үшінші күнге дейін қалдырып, мұны Меккеде жасасаңыз, бұл мәселеде де ешбір айып жоқ, әсіресе бұда пайда мен қажеттілік болса. Айдың он бірінші күнінің алдындағы түнді Минада өткізіңіз. Түстен кейін барлық үш жамаратқа кезек-кезек, басында алғашқысына, кейін орта жамаратқа, кейін соңғы жамаратқа тас лақтырыңыз. Олардың әрқайсына жеті тастан лақтырыңыз және әр тасты лақтырғаныңызда Аллаһты ұлықтап: «Аллаһу Әкбар!», — деп айтыңыз. Айт күні тастарды лақтыру уақыты, егер адам шамасы келсе, күн шыққаннан күн батқанға дейін. Егер адам әлсіз болса, онда ол үшін бұл уақыт айт күніне дейінгі түннің соңынан басталады. Басқа күндері тас лақтыру уақыты түстен кейін басталып, күн батқанда аяқталады және бұл рәсімді түске дейін жасауға болмайды. Кімде-кім жасына, кәрілігіне немесе ауруына байланысты бұл рәсімді өзі орындай алмаса, онда ол тас лақтыруды басқа біреуге тапсыра алады. Он екінші күні тас лақтырудан кейін қажылық рәсімдері аяқталған болып саналады және сіздің алдыңызда таңдау бар, қаласаңыз Минадан осы күні кете аласыз, ал қаласаңыз он үшінші күннен бұрынғы түнді Минада өткізіп, түстен кейін қайтадан Жамараттарға тас лақтыру рәсімін тағы да жасай аласыз. Екінші таңдау абзалырақ, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осылай жасаған.

Меккеден кеткіңіз келсе, Қағбаны айналып, қоштасу тауафын жасаңыз, алайда бұл босанғаннан кейін немесе етеккір қаны келген әйелдерге қатысты емес, оларға сондай-ақ (Харам) мешіті есігіне жақындау немесе олардың қасында тұру рұқсат етілмейді».

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ

1) Адам үшін қажылық жасауды парыз ететін шарттарды келтір:

1) _____
2) _____
3) _____
4) _____
5) Тек әйелдерге қатысты: _____

2) Қажылықтың қанша тірегі бар?

☐ Екі;
☐ Үш;
☐ Төрт.

3) Ихрам — қажылық тіректерінің бірі, оның мағынасы — иыққа жамылғы (*рида*) жауып, белдемше (изар) кию.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

4) Тауаф әл-Ифадо және Тауаф әл-Құдум — бір нәрсе емес. Бірінші тауаф — рүкін, ал екінші тауаф мұстахаб амал болып табылады.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

5) Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үш рет қажылық жасаған.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

6) Қажылықты оның парыз болуының шарттары толық болған сәттен кейінге қалдырмай жасау қажет.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

7) Мәдина тұрғындары ихрам хәліне Яләмләм миқатынан киреді.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

8) Умраның уақыттық миқаты — Рамазан айы.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

9) Бос жерлерді толтыр: Қажылық және Умра өмірде бір рет _____. Кімде-кім қажылық жасаса және _____, анасынан туылған күндегідей таза болып оралады. Ал кіршіксіз қажылық үшін _____ басқа сый-сауап жоқ.

10) Мекке тұрғындары Меккеден сырқа шығып, ихрам хәліне кіреді.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

11) Әйел адамға ихрам уақытында ақ киімге оралу қажет.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

12) Ихрамға кірейін деп жатқан адамға хош иісті әтірлерді _____ жағу мұстахаб, алайда _____ оларды жақпау керек.

13) Әйел адамға ихрам хәлінде тігілген киім киюіне болмайды.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

14) Оң иықты қай уақытта ашу қажет?
- ☐ Умра тауафында;
- ☐ Тауәф әл-Құдум уақытында;
- ☐ Меккеге келгендегі тауаф;
- ☐ Бірінші және екінші жауаптар;
- ☐ Барлық жауаптар дұрыс.

15) Сафа және Маруа төбелерінің арасында жүру жылдам болу қажет.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

16) Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүруде Маруа төбесінен бастау қажет.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

17) Қажылар Арафат тауынан күн батқаннан бұрын кетулері қажет.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

18) Арафат тауында тұру — қажылықтың міндетті амалдарынан.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

19) Қажылықтың рәсімдері _____ күні басталып, _____ күні бітеді.

20) Арафат тауының өзіне көтерілу шариғатта бекітілмеген.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

21) Таматтуғ және Қиран қажылықтарын жасайтын адам үшін мал сою (*хади*) міндетті болып табылады.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

22) Тәлбия сөздерін айту Айт күні Жамараттарға тас лақтырумен аяқталады.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

23) Тастардың Жамараттардың қасындағы мекенге жетуі жеткілікті.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

24) Әт-Тәшриқ күндеріндегі тас лақтыру рәсімі түстен кейін басталады.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

25) Соңғы Жамаратқа тас лақтырғаннан кейін Аллаһқа дұға етіп жалбарыну қажет.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

26) Ифрад және Қиран қажылығын жасайтын адам Сафа мен Маруаны _____, ал Таматтуғ қажылығында Сафа мен Маруаны _____ айналып жүреді.

27) Келесі жағдайлардағы шариғи үкімдерді баяндап бер:

1) Кішкентай баланың қажылығы —
2) Әйел адамның махрамсыз қажылық жасауы —
3) Қарызы бар адамның қажылығы —

ОН БЕСІНШІ САБАҚ

ӘРБІР МҰСЫЛМАННЫҢ БОЙЫНДА БОЛУЫ МІНДЕТТІ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕР

Бұл сабақ әрбір мұсылманның бойында болуы тиіс адамгершілік қасиеттерге арналған. Олардың арасында келесі қасиеттерді атап өтуге болады: шыншылдық, сенімділік, арлылық, ұяттылық, ержүректілік, жомарттық, уәдеге берік болу, Аллаһ Тағала тыйым салған нәрселерден аулақ болу, тату көршілестік, адамдарға шама жеткенше көмектесу және басқа да Құран мен Сүннет нұсқайтын адамгершілік қасиеттер.

ТҮСІНДІРМЕ

Маңызды ескертпелер:

— **Шыншылдық** — бұл адамның өз сөздерінде, іс-әрекеттерінде, сенімінде Аллаһ Тағаланың алдында шыншыл болуы. Сондай-ақ ол Аллаһ Тағаланың құлдарымен де шыншыл болуы қажет. Мұның қарама-қарсысы — өтірікшілік.

— **Сенімділік (аманатшылдық)** — бұл адамның мойнына жүктелген ұлы жауапкершілік. Бұған қарама-қарсы нәрсе — опасыздық (сатқындық).

— **Арлылық** — тыйым салынған нәрселерден сақтану;

— **Ұялшақтық** — әрбір сауапты амалды орындауды және әрбір жамандықты тастауды қамтитын қасиет;

— **Тату көршілестік** — бұның құрамына кіретін сипаттардың бірі — көзді төмен түсіріп, көршілердің бөгде көзден жасырғысы келетін кез-келген нәрселерін байқамау.

— **Көмекті қажет ететін адамдарға жәрдем беру** — Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «***Кімде-кім бұл дүниеде мұмин адамның мұңын сейілтсе, Аллаһ Тағала Қиямет күні оның қайғысын сейілтеді. Егер адам мұқтаж жанның (өмірін) жеңілдетсе, Аллаһ Тағала оның дүниеде де, Ақырет-***

те де (өмірін) жеңілдетеді. Кімде-кім мұсылман адамның (жамандығын) жасырса, Аллаһ Тағала оның (жамандығын) бұл дүниеде де, Ақыретте де жасырады. Пенде өз бауырына көмектескен сайын Аллаһ Тағала да оған көмектесуді жалғастыра береді» (Муслим).



ОН АЛТЫНШЫ САБАҚ

ИСЛАМ ӘДЕБІ

Бұл сабақ Ислами әдепке арналған, оған келесі нәрселерді жатқызуға болады: сәлемдесу, жылы лебіз таныту, оң қолмен жеп-ішу, тамақ ішуден бұрын Аллаһ Тағаланың атын атау, тамақтан кейін Оған мақтау-мадақ айту, түшкірген адамның Аллаһты мақтап-мадақтауы, түшкірген адамға, егер ол Аллаһты мақтап-мадақтаса, «Ярхамука-Ллаһ» деп айту, науқасты зиярат етіп бару, жаназа намазын оқып, қайтыс болған адамды жерлеуге көмектесу, мешітке немесе үйге кірген немесе шыққан, сондай-ақ сапарға аттанған кезде шариғат бекіткен ережелерді сақтау, ата-анамен, туысқандармен, көршілермен, үлкендер және балалармен әдепті ұстану, көңіл айту және басқа да Ислами нормалар, оларға аяққиімді киіп-шешу әдебін да жатқызуға болады.

ТҮСІНДІРМЕ

Маңызды ескертпелер:

— Сәлемдесу. Сәлемдесудің ең жақсы нұсқасы: ***«Әс-сәләму алейкум уә рахмәтуЛлаһи уә бәрокәтух».*** Барлық мұсылмандармен, олар таныс болса да, болмаса да осы сөздермен сәлемдесу абзал. Сәлемге жауап беру міндетті болып табылады.

— Оң қолмен жеп-ішу. Бұл парыз амал болып табылады. Сондай-ақ, үш саусақпен жеу абзал. Бұған қоса, біреуге бірдеңе беру немесе басқа адамнан бірдеңе алу да оң қолмен жасалуы қажет.

— Тамақ ішудің алдында Аллаһтың атын атап, «БисмиЛләһ» деп айту.

— Тамақтан кейін, бұл сүннетте келгендей, Аллаһ Тағалаға мақтаумадақ айтып: ***«Әл-хәмду ли-Лләһи-л-ләзи әтъғамәни уә розәқони мин ғойри хәулин минни уә лә қууәһ»*** деген сөздерді қолдану[1].

— Тамақтың өзіңізге жақын болған жағынан жеу және тамақты сөкпеу.

— Түшкірген адамның Аллаһты мақтап-мадақтап: «Әл-хәмду ли-Лләһ», — деп айтуы.

— Түшкірген адам Аллаһты мадақтаса, оған: ***«ЯрхәмукаЛлаһ»***, — деп айту[2], түшкірген адам бұған: ***«Яһдикуму-Лаһу уә юслиху бәләкум»,*** — деп жауап береді[3].

— Науқасты зиярат ету — науқасты жиі зиярат қажеттілікке қарай жасалады. Науқастың қасында көп отырмау және оның Аллаһтың рахымынан үмітін үзбеу керек.

— Қайтыс болған адамды соңғы сапарына шығарып салу, әрі бұл тек ерлерге қатысты үндеу.

— Мешітке немесе үйге кіргенде және шыққанда шариғат ережелерін сақтау. Мешітке: ***«Бисми-Лләһ, уә-с-соләту уә-с-сәләму ғалә расули-Лләһ. Аллаһуммә-фтәх ли әбуәбә рохмәтик»,*** — деп[4], оң аяқпен кіру. Мешіттен сол аяқпен шығып: ***«Бисми-Лләһ. Уә-с-соләту уә-с-сәләму ғалә расули-Лләһ. Аллаһуммә инни әс-әлукә мин фадъликә»,*** — деп айту[5]. Үйге оң аяқпен кіріп, оң аяқпен шығу қажет. Шыққан кезде: ***«Бисми-Лләһ. Тәууәккәлту ғалә-Лләһ. Лә хәулә уә лә қууәтә иллә би-Лләһ, Аллаһуммә инни ағузу бикә ән адыллә әу удоллә, ау әзиллә, әу узәллә, әу әзълимә, әу узъләмә, әу әжһәлә, әу южһәлә ғаләйя»,*** — деп айту[6]. Ал кірген кезде: ***«Аллаһуммә инни әс-әлукә***

---

[1] Мағынасы: «Мен өзім ешқандай күш-қуатқа ие болмасам да, мені тамақтандырып, ризықтандырған Аллаһқа мақтаулар болсын».

[2] Мағынасы: «Аллаһ сені рахымына бөлесін».

[3] Мағынасы: «Аллаһ сені тура жолмен жүргізіп, істеріңді түзетсін».

[4] Мағынасы: “Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне игілік пен сәлем болсын! Уа Аллаһ! Маған рахымыңның есіктерін аша гөр!»

[5] Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһтың Елшісіне игілік пен сәлем болсын! Уа Аллаһ! Шынында, мен Сенің кеңшілігінді сұраймын».

[6] Мағынасы: «Аллаһтың атымен, Аллаһқа тәуекел еттім. Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ. Уа Аллаһ! Мен адасуымнан немесе адастырылуымнан, өзімнің қателесуімнен не қателік жасауға мәжбүрленуімнен, зұлымдық жасауымнан немесе зұлымдыққа ұшырауымнан және надан болуымнан немесе надандық жасалуынан Өзіңе сиынамын».

хойрәл-мәулижи уә хойрәл-мәхәжи. Бисми-Ллаһи уәләжнә, бисми-Ллаһи харожнә, уә ғалә-Ллаһи Роббинә тәуәккәлнә», — деп айтып[1], кейін отбасы мүшелеріне сәлем беру қажет.

— Некеге қатысты құттықтау сөздерін айту, яғни жас жұбайларға: ***«Бәрока-Ллаһу ләкумә уә бәрока-Ллаһу ғаләйкумә, уә жәмәғә бәйнәкумә фи хойрин***», — деп айту[2].

— Көңіл айту. Көңілді үш күн өтпей айту қажет.

[1] Мағынасы: «Аллаһтың атымен кірдік, Аллаһтың атымен шықтық және Раббымыз Аллаһқа тәуекел еттік».

[2] Мағынасы: «Аллаһ саған береке берсін және саған береке жаудырсын, әрі сендерді жақсылықта біріктірсін!»

ОН ЖЕТІНШІ САБАҚ

КӨПҚҰДАЙШЫЛЫҚТАН САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ КҮНӘЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ

Бұл сабақ көпқұдайшылық пен әртүрлі күнәлардан аулақ болуға және олардан сақтандыруға арналған. Оларға жеті опат етуші күнәлар жатады. Олар:

1) Аллаһ Тағалаға серік қосу (ширк);

2) Сиқырмен айналысу;

3) Аллаһ Тағала өлтіруді тыйым салған жанды қақысыз өлтіру;

4) Өсімқорлық (*риба*);

5) Жетімнің малын жеу;

6) Шайқас алаңынан қашу;

7) Күнә жайлы тіпті ойламайтын, арлы, мүмин әйелдерді зинақорлықта айыптау.

Үлкен күнәларға келесі амалдарды жатқызуға болады:

1) Ата-анаға бағынбау;

2) Туыстық қарым-қатынастарды үзу;

3) Жалған куәлік беру;

4) Көршілерге зиян тигізу;

5) Адамдардың өміріне және мал-мүлкіне қол сұғу және оларға қысым көрсету;

6) Мас ететін нәрселерді қолдану;

7) Құмар ойындар;

8) Жала жабу және өсек айту және басқа да Аллаһ Тағала және Оның Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тыйым салған амалдар.

ТҮСІНДІРМЕ

Маңызды ескертпелер:

— Аллаһқа серік қосу (ширк жасау). Бұл өзіне үлкен көпқұдайшылықты да, кіші көпқұдайшылықты да қамтиды.

— Сиқырмен айналысу. Бұған сиқырлық әрекеттер жатады. Кімде-кім бақсылықпен және сиқырмен айналысса немесе осындайды істейтіндерге сенсе, кәпір болады. Сиқыршыларға баруға, олардың сайттарына кіруге, олардың теле-бағдармаларын көруге, жұлдыз жорамал бар газет-журналарды оқуға тыйым салынған. Сиқырды басқа сиқырмен жоюға болмайды. Алайда оны шариғи руқиямен, дұғалармен және хижама секілді бекітілген ем түрлерімен жоюға болады.

— Аллаһ Тағала қанын төгуге және қол сұғуға тыйым салған адамды өлтіру. Бұған мұсылман адам да, мұсылман елімен өзара келісім бар кәпір елінде және мұсылман жерінде тұратын кәпір адам да, сондай-ақ мұсылман жеріне қауіпсіздік кепілдігімен кірген кәпірлер де жатады.

— «Тек шариғат қақысы бойынша өлтірілетін адам» — бұл жерде кісі өлтірген адамды, некеде болып зина жасаған адамды және діннен безген адамды мемлекеттік шариғи сот өлім жазасына кесу туралы айтылған;

— Жетімің (ятим) малын қақысыз жеу — яғни балиғат жасына жетпей әкесінен айырылып қалған баланың мал-мүлкінен қақысыз жеу;

— Шайқас алаңынан қашу — бұл жерде Аллаһ Тағаланың жолында шайқасқан әскер жайлы айтылған;

— Пәк арлы әйелдерді айыптау — бұл жерде күңдер жайлы емес, еркін әйелдер жайлы айтылған;

— Жалған куәлік — бұған Аллаһтың атымен болмаған куәлік те кіреді. Мысалы, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлем болсын) атымен, біреудің өмірімен, арымен, қабірмен немесе ақ шашпен куәлік ету;

— Құмар ойындар (*мәйсир*) — жүлде ұтып алуға немесе мал-мүлікті ұттырып жоғалтуға негізделген кез-келген мәміле (ойын әрі мәміле);

— Ғайбат — Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұны былай түсіндірген: «***Бауырың жайлы сыртынан оған ұнамсыз сөздерді айту***» (Муслим).

— Өсек (нәмима) — адамдардың арасын бұзу үшін олардың арасында сөздер мен түрлі өсектер тарату.

Исламда жарыстар келесідей үш түрге бөлінеді

1) Қатысушылар тарапынан жүлдеге үлес қосқанда да, салымсыз да **рұқсат етілген жарыстар**. Мысалы, түйе және жылқы жарысы, садақ ату жарыстары.

2) Кез-келген жағдайда **тыйым салынған жарыстар**. Мысалы, нард және шахмат ойындары бойынша жарыстар.

3) Жүлдеге **жарнамен кіруге тыйым салынған, бірақ жарнасыз рұқсат етілген жарыстар**. Аталмаған жарыстардың барлығы.

ОН СЕГІЗІНШІ САБАҚ

ҚАЙТЫС БОЛҒАН АДАМДЫ ЖЕРЛЕУГЕ ДАЙЫНДАУ, ОЛ ҮШІН ЖАНАЗА НАМАЗЫН ОҚУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕРЛЕУ

Бұл тақырып бойынша білу қажет болған негізгі мәліметтер:

Біріншіден: өлім аузында жатқан адамға «Лә иләһә иллә-Аллаһ» сөздерін айтуын еске салу қажет. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Өлім тұсындағы адамдарға «Лә иләһә иллә-Аллаһ» сөздерін еске салыңдар»* (Муслим). Мұндағы *«Өлім тұсындағы адамдар»* дегеніміз — өлімнің жақындағанының белгілері көрінген адамдар.

Екіншіден: егер адамның қайтыс болғаны анық және оған күмән жоқ болса, сүннет бойынша оның көзін жұмып, жағын байлау қажет.

Үшіншіден: мұсылманның денесін, тек егер ол шайқас алаңында қайтыс болған шәһид болмаса, міндетті түрде жуу қажет. Себебі, шайқас кезінде шәһид болғандардың денесі жуылмайды және оларға жаназа намазы оқылмайды. Оларды өз киімдерімен жерлейді. Бұған дәлел ретінде Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Ухуд шайқасында қаза тапқан шәһидтерді жуындырмағаны және олардың жаназасын оқымағаны туралы хабар келтіріледі.

Төртіншіден: мәйітті жуындыру тәртібінің сипаттамасы:

Ең алдымен, мәйіттің әуретті жерлерін жабу керек. Содан кейін денесінің кеуде жағын сәл көтеріп, ішін жұмсақ қимылмен басып шығу қажет, бұл ішектегі қалдықтардың сыртқа шығуы үшін жасалады. Жуындырушы адам қолына шүберек немесе матаның бір бөлігін орап, сол арқылы мәйіттің әжет өтейтін әурет жерлерін тазалауы тиіс. Осыдан кейін мәйітті намаз алдында алынатын кіші дәрет (тахаратпен) жуындыру қажет.

Содан кейін мәйітті жуатын суға Ююба ағашының жапырақтарының қайнатпасын немесе соған ұқсас хош иісті нәрсені қосып,

оның басы мен сақалын, содан соң мәйіттің денесінің оң жағын, содан кейін сол жағын жуу қажет.

Бұны екі, үш рет қайталау дұрыс. Әр ретте мәйіттің ішін қолмен ақырын басып, қолды төмен қарай түсіру қажет. Егер осыдан кейін де ішектерінен бөліністер шығуы тоқтамаса, онда мәйітті жуындырып, әжет шығатын жерді шүберекпен немесе соған ұқсас нәрсемен жабу қажет. Егер бұл да көмектеспесе, ол жерді саз балшықпен немесе қазіргі заманғы медициналық құралдармен, мысалы, пластырьмен жабу керек. Осыдан соң мәйітті кіші дәретті (тахаратты) алумен қайта жуындыру қажет.

Егер дене үш рет жуындырылғаннан кейін де толық тазаланбаса, оны бес немесе жеті рет жуындыру керек, әрі денені құрғатып сүрту қажет.

Қол жеткізу қиын жерлерге (мысалы, қолтық асты, санның ішкі жағы) және сәжде жасалатын мүшелерге хош иісті май жағу керек. Мәйіттің бүкіл денесіне хош иіс жағу абзал болып табылады. Сондай-ақ, кебінді бахурмен хош иістендіру де мұстахаб болып табылады.

Егер мәйіттің мұрты немесе тырнағы ұзын болса, оларды қысқарту керек. Алайда, олар сол кейіпте қалдырылса да, бұда ешқандай айып жоқ. Мәйіттің шашын тараудың, оның шат түгін қырудың немесе оны сүндеттеудің қажеті жоқ, өйткені шариғатта мұндай әрекеттерге нұсқау келмеген. Әйелдің шашын үш бұрым етіп өріп, арқасына қарай тастау қажет.

Бесіншіден: мәйітті кебінге орау.

Ер адамды үш бөлек ақ матамен орау абзал. Бұл киімге көйлекпен сәлде кірмейді, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осылай оралған. Алайда, егер денеге көйлек, белге орайтын таңғыш және жамылғы киілсе, бұда еш айып жоқ.

Әйел адамды бес түрлі киіммен кебіндеу қажет: кең көйлек, химар (бастан төмен түсетін жабылғы), белге орайтын таңғыш пен екі жамылғы.

Кішкентай ұл баланы бір, екі немесе үш бөлек матамен орауға болады. Қыз баланы көйлекпен және екі матамен орайды.

Барлық адамдар үшін кебіндегі ең аз талап — тым болмағанда денені толық жабатын бір матаның болуы.

Егер ер адам ихрам хәлінде қайтыс болса, оны ююба жапырақтарының қайнатпасымен жуып, оған үстінде болған рида (иыққа жабатын мата) мен изар (белге орайтын мата) кигізу қажет. Қа-

жылықта ихрам хәлінде қайтыс болған адамның басы мен бетін жабуға болмайды. Сондай-ақ оны әтірмен хош иістендіру де қажет емес, өйткені ол, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахих хадисінде айтылғандай, Қиямет күні «тәлбия» сөздерін айтып қайта тіріледі.

Егер әйел адам ихрам хәлінде қайтыс болса, оны әйелдерді орайтын кебінмен орау керек. Бірақ оны хош иістендіруге, бетперде (ниқаб) пен қолғап кигізуге болмайды. Оның беті мен қолдарын бұған дейін айтылған тәртіпке сәйкес кебін матасымен ғана жабу қажет.

Алтыншыдан: ер адамды жуындыру, оған жаназа намазын оқу және жерлеу құқығы ең алдымен оның қайтыс болар алдында өсиет еткен адамына тиесілі. Содан кейін бұл құқық әкесіне, содан соң атасына, және одан кейін жақындық дәрежесіне қарай басқа туыстарына беріледі.

Әйел адамды жуындыру құқығы ең бірінші кезекте оның өзі қайтыс болар алдында өсиет еткен әйелге тиесілі. Содан кейін бұл құқық оның анасына, одан кейін әжесіне, әрі қарай туыстық дәрежесіне қарай басқа әйелдерге беріледі.

Ерлі-зайыптылар бір-бірін жуындыруға құқылы. Бұған Әбу Бакрдың денесін оның әйелі жуындырғаны және Алидің өз әйелі Фатыманы жуындырғаны дәлел болады. Аллаһ олардың барлығына разы болсын.

Жетіншіден: жаназа намазының оқылу тәртібі:

Жаназа намазы төрт тәкбірден тұрады. Бірінші тәкбірден кейін «әл-Фатиха» сүресін оқу қажет. Егер одан кейін қысқа сүре немесе бір-екі аят оқылса, бұл жақсы. Мұндай істеу шариғи түрде заңдыстырылғаны туралы Ибн Аббас жеткізген сахих хадис бар.

Екінші тәкбірден кейін Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ташаһһудта айтылатындай үлгіде салауат айту керек.

Үшінші тәкбірден кейін мәйіт үшін келесі дұғалар оқылады:

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لِحَيِّنَا وَمَيِّتِنَا وَشَاهِدِنَا وَغَائِبِنَا وَصَغِيرِنَا وَكَبِيرِنَا وَذَكَرِنَا وَأُنْثَانَا ۞ اللَّهُمَّ مَنْ أَحْيَيْتَهُ مِنَّا فَأَحْيِهِ عَلَى الْإِسْلَامِ وَمَنْ تَوَفَّيْتَهُ مِنَّا فَتَوَفَّهُ عَلَى الْإِيمَانِ ۞ اللَّهُمَّ لَا تَحْرِمْنَا أَجْرَهُ وَ لَا تُضِلَّنَا بَعْدَهُ

(«Аллаһуммә-ғфир ли-хәйи-инә, уә мәйитинә, уә шә-һидинә, уә ғо-ибинә, уә соғийринә уә кәбийринә уә зәкәринә уә унсә-нә! Аллаһуммә, мән әхияйтәһу миннә фә-әхйи-һи ғаләл-Исләми, уә мән

тәуәффәйтәһу миннә фәтәуәффә-һу ғалә-л-имәни, Аллаһуммә, лә тәхрим-нә әжро-һу уә лә тудыллә-нә бәғдәһу!»)

«Уа Аллаһ! Тірілерімізді де, өлілерімізді де, осы жерде болғандарымызды да, болмағандарымызды да, жастарымызды да, қарттарымызды да, ерлерімізді де, әйелдерімізді де кешіре гөр! Уа Аллаһ! Біздің қайсымызға өмір сыйласаң, оны Исламда өмір сүргіз, ал бізден қайтыс болғандарды иманмен дүниеден өткіз! Уа Аллаһ! Бізді бұл мәйіттің артынан сауаптан айырма және одан кейін тура жолдан тайдырма!» (Абу Дауд; әт-Тирмизи**).**

اللَّهُمَّ اغْفِرْ لَهُ وَارْحَمْهُ وَعَافِهِ وَاعْفُ عَنْهُ وَأَكْرِمْ نُزُلَهُ وَوَسِّعْ مُدْخَلَهُ وَاغْسِلْهُ بِالْمَاءِ وَالثَّلْجِ وَالْبَرَدِ وَنَقِّهِ مِنَ الْخَطَايَا كَمَا نَقَّيْتَ الثَّوْبَ الأَبْيَضَ مِنَ الدَّنَسِ وَأَبْدِلْهُ دَاراً خَيْراً مِنْ دَارِهِ وَأَهْلاً خَيْراً مِنْ أَهْلِهِ وَزَوْجاً خَيْراً مِنْ زَوْجِهِ وَأَدْخِلْهُ الْجَنَّةَ وَأَعِذْهُ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ وَعَذَابِ النَّارِ

(*«Аллаһуммә-ғфир лә-һу(–һә), уә-рхәм-һу(–һә), уә ғафи-һи(–һә), уәғфу ғанһу(–һә), уә әкрим нузу-ләһу(–һә), уә уәссиғ мудхоләһу(–һә), уәғсилһу(–һә) би-л-мә-и уәс-сәлжи уә-л-бәроди, уә нәққиһи(–һә) минәл-хотоя кәмә нәққойтә-с-сәубә-л-әбйядо минәд-дәнәси, уә әбдилһу(–һә) дәрон хойрон мин дә-риһи(–һә), уә әһлән хойрон мин әһлиһи(–һә), уә зәужән хойрон мин зәужиһи(–һә), уә әдхилһу(–һә)-л-жәннәтә уә әғизһу(–һә) мин ғазә-би-л-қобри уа ғазә-би-н-нәр!»*)

«Уа Аллаһ! Оны кешіре гөр, оны рахымыңа ала гөр, оны (жамандықтан) құтқара гөр, оған жақсы қабылдау жаса, оның қабірін кең ет және оны сумен, қармен және бұршақпен жу. Оны күнәлардан ақ киімді кірден тазартқандай тазарт. Оған үйінің орнына одан да жақсы үй, отбасынан жақсырақ отбасы және әйелінен жақсырақ әйел бер. Оны Жәннатқа кіргізіп, қабір азабынан және Тозақ азабынан сақта» (Муслим).

Осыдан кейін төртінші тәкбір айтылады, содан соң оң жаққа бұрылып «Әс-сәләму ғалейкум уа рахмату-Ллаһ», — деп таслим беріледі. Әр тәкбірде қол көтеру мұстахаб болады.

Егер жаназа намазы әйел адам үшін оқылса, онда «Уа Аллаһ! Оны кешіре гөр…» (*Аллаһуммә-ғфир ләһә*), — деп айту қажет. Егер екі адамға жаназа оқылса, онда: «Уа Аллаһ! Екеуін кешіре гөр…» (*Аллахуммә-ғфир ләһумә*), — делінеді. Ал егер үш немесе одан да көп адамға оқылса, «Уа Аллаһ! Оларды кешіре гөр…» (*Аллахуммә-ғфир ләһум*), — деп айтылады.

Егер қайтыс болған адам кішкентай бала болса, онда кешірім тілеудің орнына келесі дұға оқылады:

اللَّهُمَّ اجْعَلْهُ فَرَطاً و ذُخْراً لِوَالِدَيْهِ وَ شَفِيعاً مُجَاباً * اللَّهُمَّ ثَقِّلْ بِهِ مَوَازِينَهُمَا وَ أَعْظِمْ بِهِ أُجُورَهُمَا وَ أَلْحِقْهُ بِصَالِحِ سَلَفِ الْمُؤْمِنِينَ وَ اجْعَلْهُ فِي كَفَالَةِ إِبْرَاهِيمَ عَلَيْهِ الصَّلَاةُ وَ السَّلَامُ وَ قِهِ بِرَحْمَتِكَ عَذَابَ الجَحِيمِ

(*«Аллаһуммә-жғәлһу фәротон уә зухрон ли-уә-лидәйһи, уә шәфийған мужә-бән. Аллаһуммә, сәққил биһи мәуә-зинәһумә уә әғзым биһи ужу-роһумә, уәл-хиқ-һу би-со-лихи сәләфил-муъминин, уәжғал-һу фи кәфә-ләти Иброһим, ғаләйһис-соләту уәс-сәләм уә қиһи би-рохмәтикә ғазә-бә-л-жәхийми»*).

«Уа Аллаһ! Оның ата-анасының алдында Жәннатқа кіруін нәсіп ет және оны олар үшін алдын ала дайындалған сауап әрі оны олар үшін жасаған шапағаты қабыл болатын шапағатшы ет. Уа Аллаһ! Олардың амал таразысын ауырлат, оның арқасында сауабын көбейт және оны ізгі мұсылмандардың қатарына қос. Оны Ибраһим пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі мен игілігі болсын) қамқорлығының астында болуын нәсіп ет және оны Өз мейіріміңмен Тозақ азабынан сақта!» (Ибн Қудама «әл-Муғни»).

Жаназа намазындағы имамның орны:

Сүннет бойынша, егер мәйіт ер адам болса, имам оның басының тұсында тұруы керек. Ал егер әйел болса, имам оның денесінің орта тұсында тұрады. Егер бірнеше мәйіт болса, ер адамдардың денесі имамға жақынырақ, ал әйелдердің денесі қыблаға жақынырақ жатқызылады. Балаларға келетін болсақ, ұл балалар әйелдерден бұрын, ал қыз балалар әйелдерден кейін қойылады. Ұл баланың басы ер адамның басымен бір деңгейде болуы керек, ал әйелдің денесінің ортасы ер адамның басына сәйкес болуы керек. Қыз бала да солай: оның басы әйелдің басымен бір деңгейде, ал денесінің ортасы ер адамның басына сәйкес болуы қажет. Барлық намаз оқушылар имамның артында тұруы керек. Егер артта орын жетпесе, онда олар имамның оң жағында тұрады.

Сегізіншіден: жерлеу рәсімінің тәртібі:

Мәйітке қабір қазу қажет, оның тереңдігі ер адамның бойының жартысындай болуы керек. Қыбла жағынан «ләхд» деп аталатын ойық жасалып, мәйіттің денесі оған оң жақ қырымен жатқызылады. Одан кейін кебінді байлап тұрған жіптердің түйіндерін шешу қажет, бірақ жіпті толықтай алмай, орнында қалдыру керек. Мәйіттің беті, мейлі ол ер адам болсын, мейлі әйел адам болсын, ашылмауы тиіс. Ойықты тақтайлармен жауып, үстіне саз балшықпен бекіту қажет, сонда топырақ қабірге түсіп кетпейді. Егер тақтайлар болмаса, ағаш, тас немесе басқа материалдармен жабуға болады. Одан кейін

қабір толығымен топырақпен жабылады. Топырақ себілген кезде келесі сөздерді айту абзал: *«Бисми-Ллəһ, уə ғалə милләти расули-Ллəһи — Аллаһтың атымен əрі Аллаһ Елшісінің дініне сəйкес».*

Қабірді бір сүйемдей көтеруге рұқсат етіледі. Егер мүмкіндік болса, қабірді ұсақ таспен жабу және оны сумен себелеу абзал.

Қабір басында тұрған адамдар мәйіт үшін дұға жасап, Аллаһ Тағаладан ол үшін кешірім сұрап бір шама уақыт тұруларына болады, себебі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жерлеу рәсімі аяқталғаннан кейін қабір басында тұрып: *«Бауырларың үшін кешірім сұраңдар және Аллаһтан оларға беріктік тілендер, өйткені дəл қазір олар сұралып жатыр», —* деген.

Тоғызыншыдан: егер кімде-кім мәйіттің жаназа намазына қатыса алмаса, ол оны жерлеу рәсімінен кейін қабір басында оқи алады, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) осылай жасаған. Алайда бұл намаз бір айдың ішінде оқылуы тиіс. Егер бір айдан көп уақыт өтсе, онда қабір басында жаназа намазын оқу шариғатта рұқсат етілмейді. Себебі Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бір айдан кейін қабір басында намаз оқыды деген дерек жоқ.

Оныншыдан: мәйіттің отбасы адамдарды тамаққа шақырып, оларды қонақ қылуына болмайды. Бұл туралы сахаба Жәрир ибн АбдуЛлаһ əл-Бəжəлиден (Аллаһ оған разы болсын) мынадай сөздер жеткізіледі: *«Біз мәйіттің үйінде тамақ дайындалып, адамдардың жиналуын тыйым салынған жоқтау ретінде есептейтінбіз».* Мәйіттің отбасы үшін көршілер мен жақындары тамақ дайындап беруіне рұқсат етіледі. Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Жəғфар ибн Абу Талибтың Шам жерінде қайтыс болғаны туралы хабар жеткенде ол өзінің отбасына Жағфардың отбасы үшн тамақ дайындауын бұйырып: *«Олардың бастарына оларды басқа нəрселерден алаңдататын нəрсе түсті», —* деген еді. Егер мәйіттің отбасы көршілерін немесе жақындарын өздеріне дайындалған тағамнан дəм татуға шақырса, бұда айып жоқ. Бұл іске біз білетін шариғат нақты бекіткен уақыт жоқ.

Он бірінші: əйел адамға үш күннен артық аза тұтуға рұқсат етілмейді, тек күйеуі қайтыс болған жағдайда ғана оған төрт ай он күн аза тұту парыз. Егер əйел жүкті болса, оның аза тұту мерзімі баланы босанғаннан кейін аяқталады. Бұл Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сенімді сүннетінде

бекітілген. Ал ер адамдарға туысының немесе басқа біреудің қайтыс болуына байланысты аза тұтуға рұқсат етілмейді.

Он екінші: ер адамдарға қабірді кейде зиярат етіп, жерленгендер үшін Аллаһтан рахым сұрауға, сондай-ақ өлім мен одан кейінгі жағдайларды еске алуға болады. Бұл Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына хадисіне сәйкес: *«Қабірлерді зиярат етіңдер, себебі олар сендерге Ақыретті естеріңе салады».* Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларын қабірді зиярат еткенде мына сөздерді айтуды үйреткен:

السَّلاَمُ عَلَيْكُمْ أَهْلَ الدِّيَارِ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ وَالْمُسْلِمِينَ وَإِنَّا إِنْ شَاءَ اللَّهُ بِكُمْ لاَحِقُونَ وَ يَرْحَمُ اللَّهُ الْمُسْتَقْدِمِينَ مَنَّا وَالْمُسْتَأْخِرِينَ أَسْأَلُ اللَّهَ لَنَا وَلَكُمُ الْعَافِيَةَ

(«Әссәләму ғаләйкум, әһләд-дия-ри минәл-муъминийнә уә-л-муслимийнә, уә иннә ин шә-ә-Ллаһу бикум ләхиқу-на, (уә ярхаму-Ллаһул-мустәқдимийнә мәннә уә-л-мустәъхирийнә), әс-әлу-Ллаһә ләнә уә ләкуму-л-ғафияһ».)

«Сендерге сәлем болсын, уа мүминдер мен мұсылмандардан болған бұл мекеннің тұрғындары! Ақиқатында, біз де Аллаһтың қалауымен сендерге қосыламыз. Аллаһ бізден бұрын кеткендерді де, кейінгілерді де рахымына бөлесін. Мен Аллаһтан бізге және сендерге есендік беруін сұраймын» (Муслим, Ибн Мәжәһ).

Әйелдерге қабірлерді зиярат етуге рұқсат етілмейді, себебі қабірлерге баратын әйелдер Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) лағынетіне ұшараған. Сондай-ақ, әйелдерге мәйітті жерлеу орнына дейін алып жүру рәсіміне қатысуға болмайды, өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларға мұны тыйым салған.

Мешітте немесе намаз оқуға арнайы бөлінген басқа жерде жаназа намазын оқу ерлерге де, әйелдерге де рұқсат етілген.

Бұл мен жинақтаған мәліметтердің соңғысы. Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын.

ТҮСІНДІРМЕ

Қабірлерді зиярат етудің түрлері:

1) Рұқсат етілетін зиярат (*әз-зияра әш-шәрғия*): адам зиратқа Ақыретті еске алу үшін немесе қайтыс болған адамдар үшін бұл Сүннет-

те сипатталғандай етіп дұға ету үшін келсе. Осы орайда ол шариғатқа қайша келетін нәрселер істемеуі керек.

2) Діндегі дінбұзар жаңалық (*бидғат*) болып табылатын зиярат (әз-зияра әл-бидғия): адам зиратқа қабірдің жанында Аллаһқа дұға ету үшін келсе.

3) Көпқұдайшылық (*ширк*) болып табылатын зиярат: адам қабірге сол жерде жатқан өлген адамнан әлдебір нәрсені дұға етіп сұрау үшін келсе.

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАР

1) Мұсылман адам шариғат бекіткен тәртіпке және Ислам әдебіне ілесуі қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

2) Менің дінім маған жаман адамдармен қарым-қатынас орнатып, жақсы адамдардан аулақ болуы үйретеді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

3) Ислам діні бізге қызметшілерге, жұмысшыларға және басқа да адамдарға жақсы қарым-қатынас жасауды үйретеді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

4) Мен басқа адамдарға тілімен немесе қолымен зиян тигізетін адаммен дос болып, дұрыс әрекет жасаймын.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

5) Егер мені біреу ұрысып, балағаттаса және мен оған жауап берсем, бұл маған рахат әкеледі.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

6) Ислам маған әлсіздерге және мұқтаждарға көмек беруді үйретеді.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

7) Мұсылман адам науқас мұсылман адамды зиярат етіп, оның денсаулығы үшін дұға етуі қажет.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

8) Көршілерді аңду — мүмин адамда болуы қажет қасиет болып табылады.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

9) Аллаһтың алдындағы ең жақсы адамдар, басқаларға ең көп пайда әкелетіндер.

- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

10) Үйден шыққанда айтылатын дұға: ***«Бисми-Ллəһи уəләжнə, уə бисми-Ллəһи хорожнə, уə ғалə-Ллаһи Роббинə тəуəккəлнə».***

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

11) Мен түшкіргенімнен кейін Аллаһ Тағаладан мен үшін мейірім тілеген адамға: ***«Яхдикуму-Ллаһу уə юслиху бəләкум», —*** деп жауап беремін.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

12) Аллаһ Тағаланы зікір ету мұсылман адамды қорғап, оны Аллаһ Тағалаға жақындатады.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

13) Мұсылман адамның өз дініндегі бауырына деген сүйіспеншілігінің көріністері:

_____

_____

14) Әлсіз иманның белгілерінің бірі — мұсылмандарды көреалмау.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

15) Махаббаттың пайда болуының себебі:

_____

_____

16) Тыйым салынған ішімдіктерге тек шарап (хамр) ғана жатады.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

17) Тамаққа немесе сусынға үрлеу — құпталмайтын, нашар әрекет.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

18) Тамақтан кейін, қолды жуудан бұрын саусақтарды жалау абзал.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

19) Тамақта, киімде және әшекейлерде кішіпейілділік пен ұстамдылық таныту қажет.

☐ Дұрыс;
☐ Бұрыс.

20) Қайтыс болған еркекті жууға, оған жаназа намазын оқуға, жерлеуге, басқалардан бұрын _____, кейін _____, кейін _____, кейін _____ құқықты.

21) Қайтыс болған адамның қарызын төлеу:
- ☐ Парыз;
- ☐ Мұстахаб;
- ☐ Рұқсат етілген (мубах) амал.

22) Қайтыс болған адамды жерлеу:
- ☐ Мұстахаб амал;
- ☐ Ұжымдық парыз (фард кифая).

23) Жан тапсырып жатқан адамға «***Лә иләһә иллә-Ллаһ***» сөздерін еске салу:
- ☐ Міндетті амал;
- ☐ Мұстахаб амал;
- ☐ Тыйым салынған амал.

24) Қайтыс болған адамды жуып жатқанда көмекші адамдардан басқа біреудің болуы:
- ☐ Тыйым салынған амал;
- ☐ Құпталмайтын амал;
- ☐ Рұқсат етілген амал.

25) Қайтыс болған адамды қабірге жатқызғанда оның кебіндерінің жіптерін босату қажет.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

26) Ер адам әйелінің денесін жуа алмайды, өйткені олардың ерлі-зайыпты өмірлері біреуінің өлімімен тоқтаған болып есептеледі.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

27) Жаназа намазына қатыса алмаған адам оны _____ кейін, _____ уақытта ғана оқи алады.

28) Қайтыс болған адамды кез-келген түрде жоқтап, жылауға болады.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

29) Қайтыс болған адамның денесін қабірдің текшесіне жүзін Қыблаға қаратып жатқызу қажет.
- ☐ Дұрыс;
- ☐ Бұрыс.

ДЕРЕККӨЗДЕР

1) Қасиетті Құран;

2) Имам Мухаммад ибн Исмаил әл-Бухаридің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «Сахих» хадистер жинағы;

3) Имам Муслим ибн Хәжжәждің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «Сахих» хадистер жинағы;

4) «Әш-Шарх әл-мумтиғ ғалә зәдил-мустақниғ» — шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймин (Аллаһ оны рахымына бөлесін);

5) «Әл-Қауль әл-муфид ғалә Китаб әт-Таухид» — шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймин (Аллаһ оны рахымына бөлесін);

6) Шейх Абд әр-Рахман ибн Насыр әс-Сағдидің Құран тәпсірі.

МАЗМҰНЫ

АВТОРДЫҢ КІРІСПЕСІ 3

БІРІНШІ САБАҚ 5

ШЕЙХ АБДУР-РАХМАН ИБН НАСЫР ӘС–СИҒДИДІҢ ҚҰРАН ТӘПСІРІНЕН ҮЗІНДІЛЕР 7

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ 44

ЕКІНШІ САБАҚ 60

ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІ (РҮКІНДЕРІ) 60

ҮШІНШІ САБАҚ 70

ИМАННЫҢ ТІРЕКТЕРІ 70

ТӨРТІНШІ САБАҚ 76

ТАУХИДТЫҢ ЖӘНЕ ШИРКТІҢ ТҮРЛЕРІ 76

БЕСІНШІ САБАҚ 82

ИХСАН 82

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ 83

АЛТЫНШЫ САБАҚ 90

НАМАЗДЫҢ ШАРТТАРЫ 90

ЖЕТІНШІ САБАҚ 95

НАМАЗДЫҢ ТІРЕКТЕРІ (РҮКІНДЕРІ) 95

СЕГІЗІНШІ САБАҚ 98

НАМАЗДЫҢ МІНДЕТТІ (УӘЖІП) ҚҰРАМДАС БӨЛІКТЕРІ 98

ТОҒЫЗЫНШЫ САБАҚ 99

ТӘШАҺҺУДТЫ ОРЫНДАУ ҮЛГІСІ 99

ОНЫНШЫ САБАҚ 101

НАМАЗДАҒЫ ҚҰПТАЛАТЫН (МУСТАХАБ) ІС-АМАЛДАР 101

ОН БІРІНШІ САБАҚ..... 104
НАМАЗДЫ БҰЗАТЫН ІС-АМАЛДАР..... 104
НАМАЗДАР ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША 117
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ..... 121
ОН ЕКІНШІ САБАҚ..... 126
КІШІ ТАХАРАТТЫҢ ШАРТТАРЫ..... 126
ОН ҮШІНШІ САБАҚ 128
ТАХАРАТТЫҢ МІНДЕТТІ БӨЛІКТЕРІ..... 128
ОН ТӨРТІНШІ САБАҚ..... 129
ТАХАРАТТЫ БҰЗАТЫН ІС-АМАЛДАР..... 129
ИСЛАМНЫҢ ТІРЕКТЕРІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ НӘРСЕЛЕРДІҢ СИПАТТАМАСЫ 133
БІРІНШІСІ: ТАЗАРУ 133
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ..... 138
ЕКІНШІСІ: ЗЕКЕТ 140
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ..... 144
ҮШІНШІСІ: ОРАЗА..... 148
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ..... 155
ТӨРТІНШІСІ: ҚАЖЫЛЫҚ 157
ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАРЫ..... 164
ОН БЕСІНШІ САБАҚ.....167
ӘРБІР МҰСЫЛМАННЫҢ БОЙЫНДА БОЛУЫ МІНДЕТТІ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕР.....167
ОН АЛТЫНШЫ САБАҚ 169
ИСЛАМ ӘДЕБІ 169
ОН ЖЕТІНШІ САБАҚ 172

КӨПҚҰДАЙШЫЛЫҚТАН САҚТАНДЫРУ ЖӘНЕ КҮНӘЛАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ....172

ОН СЕГІЗІНШІ САБАҚ....175

ҚАЙТЫС БОЛҒАН АДАМДЫ ЖЕРЛЕУГЕ ДАЙЫНДАУ, ОЛ ҮШІН ЖАНАЗА НАМАЗЫН ОҚУ ЖӘНЕ ОНЫ ЖЕРЛЕУ....175

ТЕКСЕРІС СҰРАҚТАР.... 183

ДЕРЕККӨЗДЕР 186

Жазбалар үшін

Жазбалар үшін

ИСЛАМ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ.
ДОКТОР ХАЙСАМ САРХАННЫҢ БАСШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
«СУННА» ИНСТИТУТЫ

YouTube

Facebook

Telegram

Whatsapp

Website

Хайсам Сархан

ИСЛАМ



МІНЕ ОСЫ

هذا هو الإسلام

اللغة الكازاخية

المترجم باللغة الكازاخية:

طلحة زارقون وقف لله تعالى

Сатуға болмайды

شرح
أسئلة القبر الثلاثة والقواعد الأربع ونواقض الإسلام
باللغة الروسية

لفضيلة الشيخ
هيثم بن محمد جميل سرحان

غفر الله له ولوالديه
ولمن أعانه على إخراج هذا الكتاب

«Қабірдегі сұрақтар» «Исламдағы төрт ереже», «Мұсылмандарды Исламнан шығаратын амалдардан сақтандыру» жолдауларының түсіндірмесі

Түсіндермені әзірлеген құрметті шейх
Хайсам бин Мухаммад Жәмил Сархан

Пайғамбар Мешітінің жанындағы Институттың бұрыңғы оқытушысы, Сүннет институтының әрі http://ALSARHAAN.COM және http://MAHADSUNNAH.COM сайттарының жетекшісі

Аллаһ оны, оның ата-анасын, әрі осы кітапты әзірлеп шығаруға қатысқандардың барлығын Аллаһ жарылқасын

وقف الله تعالى
لا يباع

Мұсылмандардың ортақ мүлкі
Сатуға болмайды

الطَّبعة الأولى

Бірінші басылым

جميع الحقوق محفوظةٌ

Барлық құқықтар қорғалған

إلَّا من أراد طبعه أو ترجمته لتوزيعه مجَّانًا بعد مراجعة المؤلِّف

Егер әлдебіреу осы кітапты тегін тарату мақсатында басып шығаруды, немесе аударуды қаласа, мұны тек кітап авторының тексеруінен кейін ғана жасауға болады.

الرَّجاء التَّواصل على:

Автормен байланысу үшін келесі электрондық пошта адресіне жазуыңызды сұраймыз:

islamtorrent@gmail.com

"Қабірдегі сұрақтар" жолдауының түсіндірмесі

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Расында, бүкіл мақтау-мадақ Жалғыз Аллаһқа тән. Біз Оны ғана мақтаймыз әрі Одан ғана көмек пен кешірім тілейміз. Өзіміздің нәпсіміздің және жаман істеріміздің кесірінен Аллаһтан пана тілейміз. Кімді Аллаһ тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, ал кімді Ол басшылықсыз қалдырса, оны тура жолға салар ешкім жоқ. Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне, әрі Мухаммад - Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік беремін.
Ал содан соң:

Қолыңыздағы кітапқа кіріспе

Біз не үшін бірқұдайшылықты оқып үйренеміз:

Аллаһ **Бірқұдайшылықсыз** ешбір амалды қабыл етпейді

Аллаһ бізді **Бірқұдайшылық** үшін жаратты

Бірқұдайшылық - игі амалдардың көбеюінің себебі

Жәннатқа **бірқұдайшылдардан** басқа ешкім кірмейді

Бірқұдайшылық - тура жолмен жүрудің әрі қауіпсіздіктің себебі

Бірқұдайшылық - күнәлардың кешіріліп өшірілунің себебі

Бірқұдайшылық - Пайғамбардың ﷺ шапағатына ие болудың себебі

Бірқұдайшылық - жан тыныштығы мен жайлылығының себебі

Діни білім оқып-үйренуді не себептен осы кітаптан бастау керек?

Біздің әуелгі ізгі ұрпақтарымыз әрі Сүннет пен біртұтас жамағатты ұстанушы ғалымдар үнемі осы берекелі кітапты оқып-үйренуге қамқорлық жасайтын әрі кәзір де қамқорлық жасауын жалғастыруда, өйткені оның құрамында білім ізденушілерге арналған ережелер ретінде берілген көптеген шариғи пайдалар мен үлкен игіліктер қамтылған. Ал шариғи білімге қол жеткізу өз кезегінде сол ережелерге негізделіп құрылады. Сондықтан біз де сол әуелгі ізгілердің өнегесіне ілесіп, осы білім іздену жолымен жүріп келеміз. Сондай-ақ адамдардың негізгі бөлігі де, имандарының кез келген күмән-шүбәлардан таза әрі бекем болуы үшін, осы кітапты әрі ондағы қамтылған негіздерді оқып-үйренуге мұқтаж.

Бұл кітап әрі ***шейх Мухаммад әд-Тамимидің***, رَحِمَهُ ٱللَّهُ, басқа да кітаптары келесі сипаттармен ерекшеленеді :

- Олар қарапайым әрі түсінікті
- Олардағы қаралатын мәселелер дәлелелдерімен келтіріледі
- Олардағы мәселелер біріктіріліп жүйеленеді, әрі ізінен олардың түсіндірмесі жасалады
- Оларда оқырмандар мен тыңдармандарға арналған көптеген дұға үлгілері бар.

«Қабірдегі сұрақтар» дегеніміз не?

Бұл, қысқаша айтқанда, – қабірде қойылатын келесі үш сұрақ:

- Раббың кім?
- Пайғамбарың кім?
- Дінің не?

Біз осы үш негізді үйренуіміздің жемісі не болмақ?

Егер сіз:
- осы үш негізді **оқып-үйренсеңіз**,
- содан соң (осы біліміңізге сәйкес) **амал етсеңіз**,
- содан соң (осы білім мен амалдарды) өзгелерге **насихаттасаңыз**,
- әрі осы жолда **сабырлық танытсаңыз**,

Онда, *Аллаһтың қалауымен*, қабірде қойылатын үш сұраққа жауап бере аласыз.

«Қабірдегі сұрақтар» кітабының мазмұндамасы

Бұл кітап бес тараудан тұрады :

1. Төрт мәселе.

(«әл-Аср») сүресі

2. Үш мәселе.

(Таухидтің түрлері)

3. Таухидті оқып-үйренудің маңыздылығы.

4. Үш негіз

(Қабірде қойылатын сұрақтар)

5. Қорытынды.

1. Төрт мәселе.

1. Білім.
2. Осы білімдерге сәйкес амал ету
3. Шақыру.
4. Осы жолда сабыр ету.

Осы төрт мәселе **«әл-Аср»** сүресінде аталады

2. Үш мәселе

1. Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарындағы бірқұдайшылық
2. Аллаһқа құлшылық етудегі бірқұдайшылық
3. Көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдардан бас тарту.

3. Бірқұдайшылықты оқып-білудің маңызы

«***Біз не үшін бірқұдайшылықты оқып-үйренеміз?***»
деген сұраққа жауап

4. Үш негіз

«**Үш негіз**» - бұл қабірде қойылатын келесі үш сұрақ:

Раббың кім?

Пайғамбарың кім?

Дінің не?

5. Қорытынды

Автордың, رَحِمَهُ ٱللَّهُ : «***Адамдар өлгеннен кейін қайта тіріледі...***» деген сөздерінен бастап кітаптың соңына дейін.

1. Төрт мәселе.

Аса Мейірімді, ерекше рахымды Аллаһтың атымен [1].

Біздің әрбіріміз төрт мәселені оқып-білуіміз міндетті болып табылатынын біл, Аллаһ сені рахым етсін [2] :

Біріншісі: **Білім**.

Ал ол:
- Аллаһты танып білу,
- Оның Пайғамбарын танып білу,
- және Ислам дінін дәлелдер негізінде танып-білу.

Екіншісі: осы (білімге) сәйкес **Амал ету** [3].

[1] **Автор**, رَحِمَهُ ٱللَّهُ, өз кітабын Аллаһтың атымен бастауының себептері келесідей:

1. Аллаһтың Кітабының әрі елшілер мен пайғамбарлар عَلَيْهِمُ ٱلسَّلَامُ. өнегесіне ілесу үшін.

2. Өз жолдауларын әдетте Аллаһтың атымен бастайтын ғалымдар мен әуелгі ізгілердің үлгісіне ілесу үшін.

3. Аллаһтың атымен басталатын іс берекелі болатындығы.

[2] Біз бұрын да атап өткеніміздей, автордың, Аллаһ оны рахымына бөлесін, әдетінен - ол осы кітапты білім ізденуші үшін дұға етумен әрі ол үшін Аллаһтан рахым тілеумен бастауы. Әрі бұл келесі нәрселерге нұсқайды:

1. Әһлу-Сунна уәл-жәмаға ғалымдарының өз білімгерлеріне деген мейірімділігі

2.Ислам дінінің мейірімділікке негізделгендігі

Білім – дәлелдер негізінде ақиқатты тану. Оның қарама-қарсысы - **Білімсіздік**.

[3]Әуелгі ізгілер білім мен амалдың арасындағы байланысты түсіндіріп: **«Білім амалды шақырады, ал амал оның шақыруына келмесе, білім кетеді»**, - дейтін. Әрі амалдармен расталмайтын білімнен пайда жоқ. Ал егер сен білім алған болсаң, онда (сол білімнің) негізінде амал жасауың міндетті болады, кері жағдайда сен яһудилер сияқты боласың, өйткені яһудилерде білім бар, бірақ (сол білімдерге сәй кес) амал ету жоқ.
«Олар оны (Мухаммадты немесе Кағбаны) өз балаларын білгендей біледі» ("әл-Бақара" сүресі, 146-аят).
Әрі Отқа ең бірінші болып тасталатын адамдардың үш санатының бірі - бұл білім беретін, бірақ өзі сол (білімге) амал жасамайтын білімді адам. Бұл туралы былай деп айтылғандай :

«Біліміне сәйкес амал жасамайтын білімді адам пұтқа табынушылардан бұрын жазаланатын болады.

ДІНГЕ ШАҚЫРУ ІСІ НЕГІЗДЕЛЕТІН БЕЛГІЛІ ШАРТТАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР БАР, ОЛАРДЫҢ ЕҢ МАҢЫЗДЫЛАРЫНА КЕЛЕСІЛЕР ЖАТАДЫ:

1. Дінге шақыру тек Аллаһтың Дидары үшін, яғни ықыласты болуы керек
2. Дінге шақыру шариғи білімге негізделуі қажет.
3. Дінге шақыру даналықпен және сабырлықпен іске асырылу керек.
4. Дінге шақыруда шақырылып жатқан адамның жағдайы ерекше ескерілуі қажет

Үшінші: осыған **Шақыру**

Осы шарттардың дәлелдері:

Аса Жоғары Аллаһтың мына сөздері:

قُلْ هَٰذِهِۦ سَبِيلِىٓ أَدْعُوٓا۟ إِلَى ٱللَّهِ ۚ عَلَىٰ بَصِيرَةٍ أَنَا۠ وَمَنِ ٱتَّبَعَنِى ۖ وَسُبْحَٰنَ ٱللَّهِ وَمَآ أَنَا۠ مِنَ ٱلْمُشْرِكِينَ ﴿١٠٨﴾

«Айт: «Менің жолым осы. Мен және маған ілескендер Аллаһқа айқын білімнің негізінде шақырамыз. Аллаһ Пәк, әрі мен көпқұдайшылдардан емеспін» ("Юсуф" сүресі, 108-аят).

«Айт: "Менің жолым осы"...» - бұл Елшінің алып келген шариғаты.

«Аллаһқа ... шақырамыз...» - яғни Аллаһқа *ықыласты* түрде шақырушы, адамдарды Аллаһ Тағалаға келтіруді қалай тын адам.

«айқын білімнің...» – бұл өзіне төмендегі аталғандарды қамтыған білім:

1. Шариғатты білу
2. Шақырылатын адамның жағдайын білу
3. Мақсатқа жеткізер жолды білу

Автор, رَحِمَهُ ٱللَّهُ, бей не саған былай деп ай тып тұрғандай :
«Егер білсең , содан соң осы білімге сәйкес амал етсең - онда сен Пайғамбар мен оның сахабалары нені ұстанған болса, соны ұстануға міндеттісің. Ал бұл Аллаһтың мына сөздері:

«Айт: «Менің жолым осы. Мен және маған ілескендер Аллаһқа айқын білімнің негізінде шақырамыз. Аллаһ Пәк, әрі мен көпқұдайшылдардан емеспін» ("Юсуф" сүресі, 108-аят).

Яғни міндетті түрде дінге шақыру болуы керек.

Төртіншісі: осы жолдағы қиындықтарға **Сабыр ету**.[1]

Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады:

«Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен бастаймын. Заманмен ант. Негізінен адам баласы зиянда. Бірақ иман келтіріп, ізгі іс істегендерден, бір-біріне хақты үгіттесіп, сабырды үгіттескендерден басқа» ("әл-Аср" сүресі, 1-3 - аяттар).[2]

[1] **Әрі автор**, رَحِمَهُ ٱللَّهُ, дағуаттан кейін **сабырды** атап айтты·

Бейне ол саған:
«Расында, кім осы жолмен жүрсе, оған Пайғамбарлар мен елшілерге тиген нәрселер келіп тиеді. Әрі міндетті түрде осыған сабыр ету керек», - деп айтып тұрғандай.

Сабыр

1. *(тілдік мағынасы)* Ұстау, тыю.

2. *(шариғи мағынасы)* Нәпсіні белгілі бір нәрседе ұстау немесе белгілі бір нәрседен тыю.

Имам Ибн Қайим әл-Жәузия, رَحِمَهُ ٱللَّهُ, сабырды үшке бөлді:

1. Аллаһқа мойынсұнуда сабырлық таныту.

2. Аллаһқа мойынсұнбаушылық танытпауда сабыр ету.

3. Тағдырға жазылғанға сабыр ету

[2] Автор, Аллаһ оны рахым етсін, төрт мәселені атап айтқан соң, оларға дәлел ретінде **"әл-Аср"** сүресін келтірді.

Әрі автор әлдебір нәрсені атаса, үнемі соған дәлел келтіреді. Не үшін?

1. Білімгерді дәлелге ілесуге және соқыр ілесушіліктен (тақлидтен) алшақ болуға тәрбиелеу үшін

2. Білімгерде тартыс кезінде пайдалана алатын дәлел болу үшін.

3. Білімгер дұрыс тұрғыдан шариғи үкімдерді шығара білуі үшін

[1] **Имам әш-Шафиғидің,** رَحِمَهُ ٱللَّهُ ,

жаратылыстарға осы төрт мәселеге нұсқау үшін осы сүренің өзі-ақ жеткілікті болар еді деген сөздерінің мағынасы, міне -осы, яғни олар:

- білім алуы үшін,

- амал істеуі үшін,

- осыған шақыруы үшін,

- осы жолда сабырлық танытуы үшін.

Ал түгел Құран туралы айтар болсақ, онда Құран түгелімен дәлел болып табылады .

[2] **Мүминдердің имамдарының бірі** имам әл-Бухари , رَحِمَهُ ٱللَّهُ, өзінің **«Сахих»** жинағында: *«Білім сөздер мен амалдардан бұрын»* тарауында хадистерді келтіреді,

Әрі білім сөздер мен істерден бұрын болуы керектігіне нұсқайды.

Әрі білімсіз амал жасау дұрыс болмайды, өйткені бұл христиандарға ұқсау болады.

Имам әш-Шәфиғи (Аллаһ оны рахым етсін): *"Егер Аллаһ жаратылыстарына бұл сүреден өзге ешбір дәлел түсірмегенде, осының өзі жеткілікті болар еді"*, - деген. [1]

Имам әл-Бухари (Аллаһ оны рахым етсін) былай деді: *«"Білім – сөздер мен амалдардан бұрын!" - тарауы. Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері:* **«Біл, Аллаһтан өзге құлшылыққа лайықты құдай жоқ, кейін күнәларың үшін жарылқау тіле!»** («Мухаммад» сүресі, 19-аят).

(Аллаһ) білімді сөздер мен амалдардан бұрын атады».[2].

2. Үш мәселе

Әрбір мұсылман ер және әйел келісі үш мәселені біліп түсінуге, әрі соларға сәйкес өмір сүруге міндетті екенін біл, Аллаһ сені рахымына бөлесін.(1)

[1] **Автор,** رَحِمَهُ اللَّهُ, кітабының осы бөлігін білім талап етушіге дұға етумен бастады.

Автор осы кітаптың үш жерінде білім талап етуші үшін дұға етеді:

- «*Төрт мәселе*» тарауының басында;

- кейін осы «*Үш мәселе*» тарауының басында;

- ол: «**Біл, Аллаһ сені Өзіне бағынушылық жолына салсын, Ибраһимнің діні болған «*әл-ханифийя*» ...**» деген сөздерінде

«ҮШ МӘСЕЛЕНІ» ТҮСІНДІРУДЕН БҰРЫНҒЫ КІРІСПЕ

БІРҚҰДАЙШЫЛЫҚ «әт-Таухид»

1. *(тілдік мағынасы)* – бұл «жалғыз ету» мағынасын білдіретін «**уаххада**» етістігінен туандаған есім

2. *(шариғи мағынасы)* - бұл **Аллаһты** Оған ғана тән болған Раббылығында, құлшылыққа лайықты Құдайлылығында және Оның Есімдері мен Сипаттарында жалғыз ету.

Бірқұдайшылық үш құрамдас бөліктен тұрады:

1. **Раббылықтағы Бірқұдайшылық**

- бұл Аллаһты Оның істерінде жалғыз ету басқаша айтқанда - бұл Аллаһты бүкіл болмыстың Жаратушысы, Иесі әрі Басқарушысы ретінде жалғыз деп мойындау.

2. **Құдайлықтағы бірқұдайшылық**

- бұл Аллаһты құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай деп мойындау

3. **Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарындағы бірқұдайшылық.**

– бұл Аллаһты Ол Өзін Өзі Құранда сипаттаған әрі Оны Пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сипаттаған Есімдері мен Сипаттарында жалғыз деп мойындау.

Ал бұл, өз кезегінде, Аллаһ Өзі туралы бекіткен нәрселерді *жаратылыстарға ұқсатусыз, белгілі кейіп берусіз, бұрмалаусыз және теріске шығарусыз* бекіту, әрі Ол Өзіне қатысты теріске шығарған нәрселерді теріске шығару арқылы жасалады.

Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарына қатысты мәселелер «*тауқыфия*» болып табылады, яғни олар туралы тек Құран мен Сүннетте қалай келген болса, дәл солай, аяттар мен хадистерден ауытқымай:

- Аллаһ Өзі туралы Өзінің Кітабында не айтқып бекіткен болса, және Оның Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол туралы нені айтып бекіткен болса, соны растау;

- Аллаһ Өзі туралы Өзінің Кітабында нені Өзінен теріске шығарған болса, және Оның Пайғамбары ﷺ Одан нені теріске шығарған болса, соны теріске шығару.

Бұған мысал - Аллаһтың мына сөздері: **«Ол ұйықтамайды, әрі қалғымайды да» (2:2 56)** немесе **«әрі Бізде шаршау болған емес» (50:38)**

1. Біріншісі: Аллаһ бізді жаратты, ризықтандырды, әрі бізді өздерімізге тапсырып тастап қойған жоқ. Керісінше, бізге елші жіберді. Кім оған бағынса, сол Жәннатқа кіреді, ал кім оған мойынсұнбаса – Отқа түседі.

Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Расында, Біз Перғауынға елші жібергендей, сендерге де қарсы куә ретінде елші жібердік. Сонда Перғауын елшіге қарсы келді. Сондықтан оны қатты қинаумен қолға алдық[1]» ("әл-Музаммил" сүресі,15-16 - аяттар).

2. Үш мәселе қысқаша:

Бірінші мәселе: Аллаһтың Раббылығындағы және Есімдері мен Сипаттарындағы бірқұдайшылық.

Екінші мәселе: Аллаһтың құлшылыққа лайықты Құдайлығындағы бірқұдайшылық.

Үшінші мәселе: Әһлу-Суннаның мұсылман еместермен қарым-қатынасындағы орташылдығы.

[1] **Бірінші мәселеде** автор, رَحِمَهُ ٱللَّهُ, Аллаһтың Раббылығындағы және Есімдері мен Сипаттарындағы бірқұдайшылықты атап: **"Аллаһ бізді жаратты",** - деді, яғни Ол - Жаратушы, **"бізді ризықтандырды,** - деді, яғни Ол - Ризық Беруші, **"әрі бізді өздерімізге тастап қалдырып қойған жоқ",** - деді, яғни бұйрықтар мен тыйымдарсыз қалдырып қойған жоқ, алайда **"Ол бізге Елшіні жіберді"**, - деді.

Аллаһ барлық елшілерді жіберуінің мақсаты:

1. Жаратылыстарға дәлелді жеткізу:

«Біз адамдарға елшілерді жібермей оларды жазалаған емеспіз»
("әл-Исра" сүресі, 15-аят).

2. Мейірім ретінде:

«Біз сені әлемдерге мейірім ретінде ғана жібердік»
("әл-Әнбия" сүресі, 107-аят).

2. Аллаһ Өзіне кімнің (ненің) болсын серік қосылуына разы болмайды, мейлі ол (Аллаһқа) жақын етілген періште, не пайғамбар болса да.

Бұған дәлел Аса Жоғары Аллаһтың мына сөздері:

«Расында, мешіттер Аллаһқа тән. Ендеше, Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер» ("әл-Жинн" сүресі, 18-аят).

Екінші мәселеде Аллаһ Тағаланың құлшылыққа лайықты жалғыз шынайы Құдай екенін бекіту келеді.

Автор, رَحِمَهُ ٱللَّهُ: **«Аллаһ Өзіне кімнің (ненің) болсын серік қосылуына разы болмайды»,** - деді. Әрі «**кімнің (ненің) болсын**» (арабша «*ахад*») белгісіздік райында келген(арабша «*накира*»), әрі сондықтан да өзіне Аллаһтан басқа құлшылық етілетін әрбір нәрсені қамтиды, мейлі ол пайғамбар, әулие, жын, періште, салиқалы кісі, т.с.с. не әлде кім болса да.

Бұған дәлел Аса Жоғары Аллаһтың: **«Расында, мешіттер Аллаһқа тән. Ендеше Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер»,** - деген сөздері ("әл-Жинн" сүресі, 18-аят).

Аяттағы «мешіттер» сөзіне байланысты үш пікір бар және олардың барлығы дұрыс болып саналады:

- Оларда Аллаһқа құлшылық ету үшін **соғылған мешіттер.**
- Адам солар арқылы сәжде (арабша «сәжда») жасайтын **дене мүшелері.**
- **Бүкіл жер:** «Мен үшін бүкіл жер таза және құлшылық орыны (арабша «мәсжид») етілді» (Хадис).

وَأَنَّ ٱلْمَسَٰجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا۟ مَعَ ٱللَّهِ أَحَدًا ﴿١٨﴾

«Расында, барлық мешіттер Аллаһқа тән. Ендеше, Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер!» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят).

«Ешкімге» (арабша «ахадан») сөзі тыйым салу аясында келген және Аллаһтан басқа құлшылық етілетін кез-келген нәрсені қамтиды. Сондықтан автор (Аллаһ оны рахым етсін) екінші мәселенің басында: «Аллаһ Өзіне кімнің (ненің) болсын серік қосылуына разы болмайды», - деп айтып жатыр, яғни ол өзіне кез-келген нәрсені немесе кез-келген жан иесін біріктіреді, мейлі ол пайғамбар, жақындатылған періште, жын немесе салиқалы адам болса да.

Үшінші мәселеде автор (Аллаһ оны рахым етсін) әһлу-Суннаның мұсылман еместермен қарым-қатынас жасаудағы орташылдығына нұсқаған.

Адамдар мұсылман еместерге деген қарым-қатынастарында үш топқа бөлінеді. Олардың екеуі шектен шыққандар, және біреуі орта, дұрыс жолды ұстанатындар:

Мұсылман еместермен бірге олардың мейрамдарына, мерекелелері мен рәсімдеріне қатысатындар.

Мұсылман еместермен қарым-қатынаста қантөгіс, ұрлық, алаяқтық және басқа да осы сияқты істермен шектен шығатындар.

Орта жолды ұстанатындар. Сүннетке ілесушілер осыда. Бұл мұсылман адамның олардың рәсімдері мен салтанаттарына қатыспауын, бірақ оларға қатысты шектен шықпауын, әрі осы орайда олармен жасасқан келісімдерді сақтауын меңзейді. Бізге сондай-ақ олармен сауда-саттық қатынастарда ынтымақтастық жасасуға рұқсат етілген, және біз оларды бірқұдайшылыққа шақыруымыз керек.

3. Елшіге бағынатын және құлшылығын жалғыз Аллаһқа ықыласты түрде арнаған адамның Аллаһ пен Оның Елшісіне дұшпандық көрсететіндерге достық пен сүйіспеншілік танытуына тыйым салынған, тіпті олар ең жақын туыстары болса да.
Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады: **«Аллаһқа және Ақырет Күніне иман келтіргендердің Аллаһқа және Оның Елшісіне қарсы шыққандармен достасқанын көрмейсің, тіпті олар әкелері, балалары, бауырлары немесе туысқандары болса да. Міне, солардың жүректеріне Аллаһ иманды бекітіп қойды, әрі оларды Өз тарапынан бір рухпен (біліммен) қуаттады. Сондай-ақ оларды астарынан өзендер ағатын әрі олар онда мәңгі қалатын Жәннат бақтарына кіргізеді. Аллаһ оларға разы, олар да Аллаһқа разы. Олар – Аллаһтың тобы. Біліңдер! Расында, Аллаһтың тобы – табысқа жетушілер»** («әл-Мужәдәлә» сүресі, 22-аят).

3. Бірқұдайшылықты оқып үйренудің маңыздылығы

Біліңіз, Аллаһ сізге Өзіне мойынсұнуды нәсіп етсін, Ибраһим ұстанған бірқұдайшылық діні (арабша «әл-ханифия») – бұл дініңді Жалғыз Аллаһқа ғана ықыласты түрде арнап, Оған ғана құлшылық ету. Аллаһ барлық адамдарға осыны бұйырды және Ол оларды осы үшін жаратты. Аллаһ Тағала бұл туралы: **«Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым»,** - деп айтқанындай («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).(1)

Әрі **«құлшылық етулері»** деген сөздердің мағынасы «таухидті ұстанулары» дегенді білдіреді. (2)

Аллаһтың ең ұлы бұйырығы - бірқұдайшылықты (таухидті) ұстану, ал ол тек Аллаһқа ғана құлшылық етуді білдіреді(3). Аллаһ тыйым салған ең ұлы нәрсе – ширк, яғни Аллаһпен бірге басқаларға да құлшылық жасау.

Бұған дәлел - Аллаһтың келесі сөздері: **«Аллаһқа ғана құлшылық етіңдер, әрі Оған ешкімді серік қоспаңдар»** («ән-Ниса» сүресі, 36-аят).

«әл-Ханифия»(1)

1. *(Тілдік мағынада):* «әл-ханф» сөзінен туындаған, оның мағынасы: «бір нәрседен теріс бұрылу, немесе әлдебір нәрсеге қарай ауып кету, иілу».

2. *(Шариғи мағынада):* бұл ширктен аулақ болып, ықыластылыққа, таухидке және иманға ұмтылу діні. **«Ол (Ибраһим) Аллаһқа нағыз бойсұнушы және ханиф болған еді»** («ән-Нәхл» сүресі, 120-аят). Бұл: «Аллаһқа ұмтылушы және ширктен теріс бұрылушы», - деген мағынаны білдіреді.

«Ханиф» - әрдайым таухидке оралып, ширктен алыстайтын адам.

(2) Бұл жерде автор (Аллаһ оны рахым етсін) біз не үшін таухидті оқып үйренуіміз керек екенін баяндап жатыр. Жоғарыда біз мұның маңыздылығын атап өткен болатынбыз.

Біз кіріспеде атап өткеніміздей, **«Бірқұдайшылық»** сөзінің анықтамасы келесідей.

1. (Тілдік мағынасында) – бұл «وَحَّدَ» («жалғыз, біреу ету») етістігінен туындаған зат есім.

2. (Шариғи мағынасында) - Аллаһты тек Оған ғана тән нәрселерде, яғни Раббылықта, құлшылыққа лайықты Құдай екендігінде және құдайлық Есімдері мен Сипаттарында жалғыз деп мойындау.

(3) Автор (Аллаһ оны рахым етсін): "**«Құлшылық етулері»** *деген сөздердің мағынасы – таухидті ұстанулары",* - деді. Әрі бұл Абдуллаһ ибн Аббастың (Аллаһ оларға разы болсын): *«Құрандағы әрбір «ғибадат» сөзі таухид мағынасында (айтылады)»,* - деген сөздеріне негізделеді. «Аллаһқа құлшылық етіңдер», яғни Аллаһты ғибадатта Жалғыз қылыңдар. **«Уа адамдар, Раббыларыңа құлшылық қылыңдар»,** яғни, уа адамдар, Раббыларыңды ғибадатта Жалғыз қылыңдар.

4. Үш негіз

[1] **Автор (Аллаһ оны рахым етсін)** қабірдегі сұрақтар болып табылатын үш негізден бастап, оқырмандардың назарын оларға «сұрақ-жауап» әдісімен шоғырландырды.

[2] **Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін)** бірінші негізде: Пәк әрі Ұлы Аллаһ – Раббы және құлшылыққа лайықты жалғыз (Құдай) екендігін түсіндірді. Сондай-ақ бұған дәлел болатын Аллаһ Тағаланың мына сөздерін атап өтті: **«Барлық мақтау әлемдердің Раббысы – Аллаһқа тән»** («әл-Фатиха» сүресі, 2-аят).

Раббы – ол Оған құлшылық жасалатын Құдай (Мағбуд).

Егер сізден: *«Адам білуі парыз болған үш негіз қандай?»* - деп сұраса, онда: *«Пенденің өз Раббысын, дінін және пайғамбары Мухаммадты (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) тануы»*, - деп айтыңыз. [1]

Егер сізден: *«Раббың кім?»* - деп сұраса, сіз: *«Менің Раббым – Аллаһ. Ол мені де, және бүкіл әлемдерді де Өзінің нығметтерімен тәрбиелеп-өсірді. Мен Оған ғана құлшылық етемін және мен үшін Одан басқа құлшылық етер ешбір құдай жоқ!»* - деп айтыңыз.

Бұған дәлел - Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:
«Барлық мақтау әлемдердің Раббысы – Аллаһқа тән» («әл-Фатиха» сүресі, 2-аят). [2]

Аллаһтан өзге барлық нәрсе - әлемдер, әрі мен де сол әлемдердің бірімін. [3]

«Барлық мақтау әлемдердің Раббысы – Аллаһқа тән»
(«әл-Фатиха» сүресі, 2-аят).

Бұл аятта бірқұдайшылықтың үш түрінің барлығы біріккен:

«Барлық мақтау»

Бұл сөздер құлшылыққа лайықты құдайлықтағы бірқұдайшылықтың бекітілуін қамтиды.

«әлемдердің Раббысы»

Бұл сөздер Раббылықтағы бірқұдайшылықтың бекітілуін қамтиды.

«Аллаһқа»

Бұл сөздер Есімдер мен Сипаттардағы бірқұдайшылықтың бекітілуін қамтиды.

[3] **Яғни Аллаһтан басқа әрбір нәрсе – жаратылыс.** Әрі сіз жаратылған болғандықтан, міндетті түрде өзіңізді нығметтеріне бөлеген Пәк және Ұлы Жаратушыға шүкіршілігіңізді білдіруіңіз керек.

Егер сізге: *«Сен Раббыңды не арқылы таныдың?»* - деген сұрақ қойылса, сіз: *«Оның аят-белгілері мен жаратылыстары арқылы таныдым»,* - деп жауап беріңіз.
Түн мен күндіз, күн мен ай Оның аят-белгілерінен. Ал жеті қабат аспан мен жеті қабат жер және ондағылар мен олардың арасындағылар - Аллаһтың жаратылыстары болып табылады. Бұған дәлел - Аллаһтың мына сөздері:
«Түн мен күндіз, Күн мен Ай - Оның аят-белгілерінен. Күнге де, айға да сәжде қылмаңдар, бірақ оларды жаратқан Аллаһқа ғана сәжде қылыңдар, егер Оған құлшылық етпек болсаңдар» («Фуссыләт» сүресі, 37-аят).
Сондай-ақ Оның мына сөздері де:
«Күдіксіз, Раббыларың - көктер мен жерді алты күнде жаратқан содан кейін Аршыға көтерілген Аллаһ. Ол күндізді соңынан асыққан түнмен бүркеді. Күн мен айды және жұлдыздарды да әміріне бағындырған. Күдіксіз, жарату және әмір тек Оған тән. Өте жоғары Аллаһ - бүкіл әлемдердің Раббысы» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят).[1]
Кім Раббы болса, сол ғана құлшылыққа лайықты Құдай (Мағбуд) болып табылады.
Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері:
«Әй адамдар! Сендерді және сендерден бұрыңғыларды жаратқан Раббыларыңа құлшылық етіңдер, - бәлкім сақтанған боларсыңдар. Ол сендер үшін жерді төсеніш, көкті шатыр етіп жаратты. Көктен жаңбыр жаудырып, сол арқылы сендерге әртүрлі өсімдіктерден ризық шығарды. Ендеше, біле тұра Аллаһқа ешкімді теңемеңдер!» («әл-Бақара» сүресі, 21-22 - аяттар).[2]
Ибн Кәсир (Аллаһ оны рахым етсін): *«Осылардың барлығының Жаратушысы – тек Сол ғана құлшылыққа лайықты!»* - деп айтқан.[3]

[1] **Автор** Аллаһтың бар екендігіне нұсқайтын әрі Аллаһтан басқа Раббы, Жаратушы және құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігін дәлелдейтін Ғаламдағы және жаратылыстардағы кейбір мұғжизаларды атаудан бастады әрі бұған осы кітаптағы Құраннан алынған дәлелдерді келтірді.

Әрбір жаратылыс – Пәк әрі Ұлы Аллаһтың бар екендігіне нұсқайтын мұғжиза. Бірақ шейх әл-Ислам Мухаммад ибн Абдул-Уаһһаб (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «мұғжиза» және «жаратылыс» ұғымдарының арасын бөлді, өйткені «мұғжиза» - өзгеріске тән нәрсе, мысалы түн мен күндіз. Әрі өзгеріп тұратын нәрсе өзіне өзгермейтінге қарағанда күштірек дәлелді қамтиды.

[2] Бұл - **«әл-Бақара» сүресінің** аяты. Кейбір ғұламалардың айтуынша, бұл аятта Құрандағы ең алғашқы:
«Әй адамдар!»
деген үндеу қамтылған.

Сондай-ақ онда Құрандағы ең алғашқы:
«Құлшылық етіңдер»,
яғни бірқұдайшылықты ұстаныңдар деген бұйрық келеді.

Онда сондай-ақ Құрандағы ең алғашқы:
«Ендеше, біле тұра Аллаһқа ешкімді теңемеңдер!»,
яғни ширк жасауға деген тыйым да келген.

[3] Яғни **Раббылықта Жалғыз (Құдай)** деп мойындағанды құлшылықта да Жалғыз (Құдай) деп мойындау қажет.

[1] **Ибн Кәсирдің сөздерінен кейін автор** жүрекпен де, денемен де жасалатын құшылықтардың кейбір түрлерін атап, әр амалға Құраннан дәлел келтіреді.

Дұға («әд-дуға»)

мына түрлерге бөлінеді:

Ғибадат дұғасы:

Бұл амал арқылы жасалатын дұға, мысалы, ораза немесе қажылық.

Сұрау (өтініш) дұғасы

Бұл сөздер арқылы айтылатын дұға, мысалы: «Уа Аллаһ! Мені кешір және рахымына бөле», - деген сөздер.

Бұны Аллаһтан басқа біреуге арнау ***үлкен ширк*** *болып табылады*

(Дұғаның) бұл түрі жайлы үкім, бұл кейінірек келетіндей, толығырақ түсіндірмені талап етеді.

Аллаһ бұйырған құлшылықтардың түрлеріне[1], Ислам, Иман, Ихсан және солардың ішінде:
дұға, қауіптеніп қорқу, үміт, тәуекел, сауап күту (роғбәт), азапталудан қорқу (рохбәт), үрейлену (хошийят), мойынсұну (хушуғ), күнәлардан бойұсынушылыққа қайту (инәбә), көмек тілеу (истиғана), пана тілеу (истиғаза), қиын жағдайда құтқару тілеп жалбарыну (истиғаса), мал (құрбан) шалу, нәзір және Аллаһ бұйырған басқа да құлшылық түрлері кіреді.
Осылардың барлығы тек Аллаһ Тағала үшін орындалуы міндетті.

Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:
«Расында, мешіттер Аллаһтікі. Сондықтан Аллаһпен бірге ешкімге дұға (құлшылық) етпеңдер» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят).

Егер адам осылардың қайсысын болса да Аллаһтан басқа біреуге арнайтын болса, ол мушрик (Аллаһқа серік қосушы) және кәпір болады.

Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына сөздері:
«Кім ешбір дәлелсіз Аллаһпен бірге басқа құдайға дұға (құлшылық) етсе, рас, оның есебі Раббысының қасында. Расында, кәпірлер құтылмайды!» («әл-Муъминун» сүресі, 117-аят).

Хадистердің бірінде:
«Дұға – құлшылықтың өзегі», - деп айтылады (әт-Тирмизи, Абу Дауд).

Бұған дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:
«Раббыларың: «Маған дұға етіңдер, (тілектеріңе) жауап беремін. Ал маған құлшылық етуге менменсінгендер Тозаққа қор болған күйде кіреді», - деді» («Ғафир» сүресі, 60-аят).

Сұрау (өтініш) дұғасы

екі түрге бөлінеді:

Аллаһтан басқа ешкім істей алмайтын нәрселерді сұрау.

Сұрау-өтініштің осы түрінен әлдебір нәрсені Аллаһтан басқа әлдебіреуге арнау **үлкен көпқұдайшылық болып табылады.**

Пенде істей алатын нәрсені сұрау.

Бұл келесі **шарттармен** рұқсат етілген:

Сұрау (өтініш) бағытталған адам тірі болуы керек.

Бұл шартпен **өлілерге** өтінішпен жүгінуге жол берілмейді.

Сұрау (өтініш) бағытталған адам (сол жерде) болуы керек.

Бұл шартпен (сол жерде) **жоқ біреуге** өтінішпен жүгінуге жол берілмейді.

Сұрау (өтініш) бағытталған адам, сұралып жатқан нәрсені жасауға құдіретті болуы керек.

Бұл шарт өтінішке **жауап бере алмайтын** адамға жүгінуге жол бермейді.

Сұрау (өтініш) бағытталған адамның тек себеп екендігіне сенімді болу керек.

Ал енді сұрау (өтініш) бағытталған адам Ғаламды құпия түрде әрі өз бетінше басқара алады, пай да келтіреді немесе зиянды болдырмайды деген сенімге келетін болсақ, бұл **көпқұдайшылық** болып табылады.

Ескерту:

Біз іс-амалдарға байланысты үкімдерді оқып-үйреніп жатырмыз, ал іс-амалды жасаушы адамға байланысты үкімге келсек, бұл оған дәлелді жеткізуді және одан күмәнді жоюды қажет етеді.

Белгілі бір адамға қатысты, оның мұсылман немесе кәпір екендігі туралы үкімді тек ғалымдар ғана шығара алады.

Адамдар себептерге байлыныcты сенімдерінде үш топқа бөлінеді:

Аллаһ себеп еткен нәрсені себеп деп санайтындар.

Бұл дұрыс пікір болып табылады.

Аллаһ себеп етпеген нәрсені себеп деп санайтындар.

Бұл **кіші көпқұдайшылық** болып табылады.

Себеп өздігінше амалға ықпал етеді және өздігінше пайда тигізіп, зиянды кетіреді деп сенетіндер.

Бұл **үлкен көпқұдайшылық** болып табылады.

Шариғи себеп

Мысалы, Аллаһ ауруды кетірудің шариғи себебі еткен дем салу - **«әр-руқия»**.

Физикалық себеп

Мысалы, Аллаһ емделудің себебі еткен дәрі-дәрмек.

«Дұға – құлшылықтың өзегі», - деген хадис әлсіз болып табылады. Алайда Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздері сенімді болып саналады:

«Дұға – құлшылықтың нағыз өзі».

Дұға қалайша ғибадат болады?

Бұған келесі аят нұсқайды**:** ::

وَقَالَ رَبُّكُمُ ٱدْعُونِىٓ أَسْتَجِبْ لَكُمْ ۚ إِنَّ ٱلَّذِينَ يَسْتَكْبِرُونَ عَنْ عِبَادَتِى سَيَدْخُلُونَ جَهَنَّمَ دَاخِرِينَ ﴿٦٠﴾

«Раббыларың: «Маған дұға етіңдер, (тілектеріңе) жауап беремін. Ал маған құлшылық етуге менменсінгендер Тозаққа қор болған күйде кіреді», - деді» («Ғафир» сүресі, 60-аят).

Аллаһ Тағаланың: **«Маған құлшылық етуге менменсінгендер»,** - деген сөздері дұға құлшылықтың нағыз өзі екендігіне нұсқайды.

Қорқу (әл-хоуф) құлшылық екеніне Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

«Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мумин болсаңдар!» («Әли Имран» сүресі, 175-аят).(1)

Үміттің (әр-рожаның құлшылық екеніне) дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Ал кім өз Раббысына жолығуды үміт етсе, ізгі амал жасап, құлшылығында Раббысына ешкімді серік қоспасын» («әл-Кәһф» сүресі, 110-аят). (2)

(1) Қауіптеніп қорқу – бұл өлім, зиян немесе қасірет әкеле алатын нәрсені күту барысында пайда болатын уайым.

Пәк әрі Ұлы Аллаһ шайтанның көмекшілерінен қорқуға тыйым салып, Жалғыз Одан ғана қорқуды бұйырды.

Қорқудың үш түрі болады:

1. Құлшылық болып саналатын, ұлықтаумен бірге болатын жасырын қорқу.

Бұл құлдың өзінің құлшылық етіп жатқан (құдайына) қатысты сезінетін өзін-өзі кемсітумен, тағзым-итағатпен және оны ұлықтаумен болатын қорқу. Қорқудың бұл түрі Аллаһқа қатысты міндетті. Оны Аллаһтан басқаға арнау үлкен көпқұдайшылық болып табылады.

2. Табиғи қорқу.

Бұл адамның оттан, жаудан, жыртқыш аңнан және басқа да сол сияқты нәрселерден қорқуы. Бұл рұқсат етілген қорқу.

3. Тыйым салынған қорқу.

Бұл Аллаһтың мейірімінен үміт үзуге немесе Жаратушыға бағынбауда жаратылысқа бағынуға әкелетін қорқу.

(2) Үміт – бұл адамның қолжетімді нәрсеге ие болуды қалауы, немесе қол жеткізу қиын нәрсенің ол үшін оңай қолжетімді болуын қалауы.

Бағынушылық пен тағзым-итағатқа негізделген үміт тек Пәк әрі Ұлы Аллаһқа ғана арналуы керек. Оны Аллаһтан басқаға арнау үлкен ширк болып саналады.

Мақтауға лайықты үміт тек:
- Аллаһқа бағынып, Оның сыйына үміт ететін адамда;
- немесе күнәларына тәубе етіп, тәубесінің қабыл болатынын үміт ететін адамда ғана бола алады.

Ал ізгі амалдарсыз үмітке келсек, бұл бос үміт және сөгіске лайықты қалау.

Тәуекелдің анықтамасы

(«әт-тәуәккул»):

Тілдік мағынасы: **«Әлдебір нәрсеге тәуекел ету»** - яғни оған сүйену.

Шариғи мағынасы: Адамның Аллаһқа шынайы сенім артуы, Оған өзін-өзі тапсыруы, әрі осы үшін шариғи шараларды жасауы.

Тәуекел үш міндетті бөліктен тұрады:

1. Сіз Пәк әрі Ұлы Аллаһқа **шынайы сенім артасыз.**

2. Аллаһ өзінің уәдесін бұзбайтынына сенген түрде, Оған **өзіңізді тапсырасыз**.

3. Бекітілген **себептерді** жасайсыз.

Тәуекелге дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер!» («әл-Мәида» сүресі, 23-аят).[1]

Аллаһ сондай-ақ былай деді:

«Кім Аллаһқа тәукел етсе, Ол оған жетіп асады» («әт-Таләқ» сүресі, 3-аят).

Қызығу (қалау) (әр-роғба), азапталудан қорқу (әр-роһба) және мойынсұнушылықпен тағзым-ият ету (әл-хушуғ) (құлшылық екеніне) дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Расында, олар игі істерді істеуге асығатын әрі Бізге қызығу және қорқумен дұға етіп жалбарынатын, және Бізге (мойынсұнушылықпен) тағзым-итағат етуші еді» («әл-Әнбия» сүресі, 90-аят).[2]

[2] **Қалау** *(«әр-роғба»)* – қалаған нәрсеге қол жеткізуге бағытталған ұмтылыс.

Азапталудан қорқу *(«әр-роһба»)* – қорқыныш нысанынан алыстауға әкелетін қорқу. Бұл амалмен жасалатын қорқу («әл-хоуф»).

Мойынсұнушылықпен тағзым-иғат ету *(«әл-хушуғ»)* – Аллаһтың Болмыстағы және Шариғаттағы да қаулыларына бағыну арқылы Оның Ұлылығына бойсұну және тағзым-итағат ету.

✔ Пәк әрі Ұлы Аллаһқа ұмтылатын адам өзінің бойында ***қорқуды да, үмітті де*** бірдей алып жүруі керек. Егер осы екі сезімнің бірі басқасынан үстем болса, бұл опат болуға әкеледі.

Сондықтан қорқу пен үміт құстың екі қанатындай болуы қажет.

Біліммен болатын қорқуға *(әл-хошия)* дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Олардан қорқпаңдар да, Менен қорқыңдар!» («әл-Маида» сүресі, 3-аят; «әл-Бақара» сүресі, 150-аят). [1]

Аллаһқа (тәубе етіп) қайтудың *(әл-инәбә)* дәлелі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Раббыларыңа қайтыңдар және Оған бойсұныңдар» («әз-Зүмәр» сүресі, 54-аят). [2]

Көмек сұрауға *(әл-истиғана)* Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды:

«Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем сұраймыз» («әл-Фатиха» сүресі, 4-аят).

(Имам Тирмизи жеткізген хадисте) Аллаһтың Пайғамбары (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Егер көмек сұрайтын болсаң, Аллаһтан сұра!»*** - деп айтқан.

Пана сұрауға *(әл-истиғаза)* дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«**Таңның Раббысынан пана сұраймын», - деп айт!»** («әл-Фәләқ» сүресі, 1-аят).

«Адамдардың Раббысынан пана сұраймын», - деп айт!» («ән-Нәс» сүресі, 1-аят). [4]

Қиын жағдайда құтқаруды сұрап жалбарынудың *(әл-истиғасаның)* дәлелі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Сол уақытта Раббыларыңа жалбарынған едіңдер, Ол сендерге жауап берді» («әл-Әнфәл» сүресі, 9-аят). [5]

Құрбандық шалудың *(әз-зәбх)* дәлелі – Аллаһ Тағаланың мына сөзі:

«Расында, намазым және құрбандығым, өмірім және өлімім әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін! Оның серігі жоқ. Мен осыған бұйырылғанмын және мен - мұсылмандардың алғашқысымын», - деп айт» («әл-Әнғам» сүресі, 161-163-аяттар).

Ал Сүннеттен дәлел: ***«Аллаһтан өзгеге (арнап) құрбандық шалғанға Аллаһтың лағнеті болсын!»*** *(Муслим, 1978)».* [6]

[1] **Біліммен болатын қорқу** *(«әл-хошия»)* – қорқыныш нысанасының ұлылығы мен билігінің толықтығы жайлы білімге негізделген қорқу.

[2] **Аллаһқа (тәубе етіп) қайту («әл-инәбә»)** – Аллаһ Тағалаға мойынсұну арқылы және Оған мойынсұнбаудан алшақтау арқылы Оған оралу. «**Раббыларыңа қайтыңдар»**, яғни оралыңдар, **«және оған бойсұныңдар»,** яғни Аллаһ бұйырған нәрсеге бағын, өйткені сен құлсың, ал құл Раббысына бағынуы міндетті, Раббы – бұл Аллаһ, бұл жайлы Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Раббы – бұл Аллаһ»,* - деген.

[3] **Көмек сұрау («әл-истиғана»)** – жәрдем және көмек сұрау. **«Саған ғана құлшылық етеміз, Сенен ғана жәрдем сұраймыз»** - бұл аятта сөйлемнің соңында келу керек болған сөз (араб тілінде бұл «Саған» деген есімдік) оның басында келген, ал бұл шектеуге (яғни «Жалғыз Саған ғана») дегенге нұсқайды, яғни *«Біз Сенен басқа ешкімге құлшылық етпейміз және Сенен басқа ешкімнен көмек сұрамаймыз».*

[4] **Пана сұрау («әл-истиғаза»)** – жамандықтан қорғау және пана, яғни қамқорлық сұрау. «**Пана сұраймын»,** яғни «мен пана және қорғау іздеймін».

[5] **Құтқару сұрау («әл-истиғаса»)** – апаттан және опат болудан құтқаруды сұрап жалбарыну.

[6] **Құрбандық шалу («әз-забх»)** – бұл (малды) ерекше тәсілмен қан шығару арқылы өлтіру.

Құрбандық шалудың («әз-забх») үш түрі бар:

1. Аллаһқа арнап шалынатын құрбандық.

Бұл, мысалы, *Құрбан айт* күні, *қажылық жасау уақытында*, немесе *садақа* ретінде құрбандық шалу.

2. Аллаһтан басқаға махаббат және ұлықтаумен шалынатын құрбандық.

Мысалы, жындар немесе өлілерге арнап шалынған құрбандық. Бұл **үлкен көпқұдайшылық** болып саналады.

3. Рұқсат етілген құрбандық.

Мысалы, тағам ретінде жеу үшін, қонақтарды тамақтандыру үшін немесе сауда үшін шалынатын құрбандық.

Ескертпе: құрбандық шалу мәселесінің толық талдауы, Аллаһ қаласа, *«Бірқұдайшылық кітабында» келеді.*

Көмек сұрау («әл-истиғана»), пана сұрау («әл-истиғаза»), құтқару сұрау («әл-истиғаса») және **шапағат жасау («әш-шафаға»)** жаратылысқа қатысты ол жасай алатын нәрседе төрт шартпен рұқсат етілген. Ол **тірі, (сол жерде) бар болуы және сол істі жасай алатын болуы керек,** әрі оны тек себеп ретінде ғана қарастыру қажет.

[1]Нәзірдің анықтамасы:

Тілдік мағынасы: міндет етіп алу.

Шариғи мағынасы: Адамның өз мойнына оған парыз болмаған нәрсені міндет етіп алуы.

Ескертпе: Нәзірдің түрлері, шарттары, өтеулері бар, олардың барлығы, Аллаһ қаласа, *«Бірқұдайшылық кітабында»* толық талдауымен келеді.

Нәзірге («ән-нәзр») Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады:

«Олар нәзірлерін орындайды әрі апаты етек алатын күннен қорқады» («әл-Инсан» сүресі, 7-аят).[1]

Нәзірдің түрлері:

Аллаһқа арналған нәзір

Аллаһтан басқаға арналған нәзір.

❖ **Автор** ғибаттардың бұл түрлерін шектеу ретінде емес, жәй мысал ретінде келтірді. Яғни аталмаған басқа да ғибадаттардың түрлері бар.

Әрі кім ғибадаттың осы немесе басқа кез-келген түрін Аллаһтан басқаға арнаса, сол **үлкен көпқұдайшылық** жасайды.

Екінші негіз: Ислам дінін дәлелдермен тану.
Яғни бірқұдайшылықты ұстану арқылы Аллаһқа берілу, Оған бағыну арқылы мойынсұну және көпқұдайшылық пен көпқұдайшылдарға қатыссыс болу..

Оның (Ислам дінінің) үш дәрежесі бар: Ислам, Иман және Ихсан.. Әр дәреже өз тіректеріне ие..

Бірінші дәреже: Ислам.[1]

Исламның тірегі бесеу:

1) «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты шынайы құдай жоқ және Мухаммад - Оның Елшісі», - деп куәлік беру; [2]
2) намазды орындау (әс-соләт);
3) зекет беру (әз-зәкат); 4
4) Рамазан айында ораза ұстау (әс-соум);
5) Қағбаға қажылық жасау (әл-хәжж).


[1] **Автор екінші негізге кірісті**, ал бұл пенденің өз дінін тануы. Ол Исламның анықтамасынан бастап, былай деді:

Бірінші дәреже: Ислам

Ал бұл **бірқұдайшылықты** ұстану арқылы Аллаһқа берілу, Оған бағыну арқылы **мойынсұну** және көпқұдайшылық пен оны жасайтындарға **қатыссыз** болу.

Бұл Исламның анықтамасы: яғни сенің Пәк әрі Ұлы Аллаһтың қалауына берілуің, өйткені сен құлсың (пендесің), ал құл Раббысының қалауына берілуге міндетті. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі ен сәлемі болсын) айтқандай, Раббы – ол Аллаһ.

Кейін ол діннің үш дәрежесіне нұсқады:




[2] **Исламның тірегі бесеу.** Олардың біріншісі:

Куәлік беру - «*Шахада*».

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігіне дәлел келтіріп, оның мағынасын түсіндірді. Бұл:

Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ.



«Құлшылыққа лайықты құдай жоқ» деген сөздерде жоққа шығару бар.
«Аллаһтан басқа» деген сөздерде бекіту бар.

Бұл формула өзінің құрамына *шектеу* мен *бекітуді* біріктірген, өйткені ол құлшылықты Жалғыз Аллаһқа арнап шектейді және бекітеді, сондай-ақ Одан басқа кімге (неге) болсын құлшылық етуді жоққа шығарады.

Сондықтан автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді:

"Осы (куәліктің) мағынасын Аллаһтың мына сөздері толық ашып береді:

«Сол кезде Ибраһим өз әкесіне және еліне: «Расында, мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен аулақпын, тек мені жаратқаннан (Аллаһтан) басқа. Расында, ол мені тура жолға салады», - деді. Ол осыны кейінгі үрпақтарына, олар осыған қайта оралулары үшін, мұра сөз етіп қалдырды» («әз-Зухруф» сүресі, 26-27-аяттар).

«Мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен аулақпын» *деген сөздер «құлшылыққа лайықты құдай жоқ» сөздерінің дәл мағынасы".*

(*«Лә иләһә иллә-Ллаһ»*) куәлігіне дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Аллаһ (әділетпен үкім етіп) Өзінен басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне куәлік берді, сондай-ақ періштелер және білім иелері де. Тым Үстем, аса Дана Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ!» («Әли Имран» сүресі, 18-аят)».

«Лә иләһа иллә-Ллаһ» куәлігінің мағынасы - «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ.
«Лә иләһа» («Құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ») сөздері Аллаһтан өзге құлшылық етілетін бүкіл құдайларды жоққа шығарады (нәфи). *«Иллә-Ллаһ»* («Аллаһтан басқа») сөздері құлшылық етуге тек Аллаһ ғана лайықты екенін растау (исбат) болып табылады. Аллаһтың раббылығында ешқандай серігі болмағанындай, құлшылық етуде де Оның ешқандай серігі жоқ.

Осы сөздердің мағынасын Аллаһ Тағаланың мына сөздері толық ашып береді:
«Сол кезде Ибраһим өз әкесіне және еліне: «Расында, мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен аулақпын, тек мені жаратқаннан (Аллаһтан) басқа. Расында, ол мені тура жолға салады», - деді. Ол осыны кейінгі үрпақтарына, олар осыған қайта оралулары үшін, мұра сөз етіп қалдырды» («әз-Зухруф» сүресі, 26-27 - аяттар).

Сондай-ақ Оның мына сөздері де:

«Айт: «Әй Кітап иелері! Біздің арамыз бен сендердің араларыңда ортақ бір сөзге келейік. Жалғыз Аллаһқа құлшылық қылайық, Оған еш нәрсені серік қоспайық. Сондай-ақ Аллаһтан өзге бір-бірімізді раббы тұтпайық». Егер олар бет бұрса: «Куә болыңдар, расында біз мұсылманбыз!» – деңдер» («Әли Имран» сүресі, 64-аят).[1]

✓ **Егер де біреу:**

««Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінің мағынасы – Аллаһтан басқа құдай жоқ», - деп айтса,

біз оған бұл сөздер бұрыс екендігін айтамыз. Өйткені бұл сөздермен Аллаһтан басқа құлшылық етіліп жатқан барлық нәрселерге ғибадат етудің дұрыстығы расталады.

Алайда егер ол: *«құлшылыққа лайықты»,* - десе, онда ол осынысымен Аллаһтан басқа құлшылық етіліп жатқан барлық нәрсені жоққа шығаруын және **«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ»** екендігін жариялаған болады.

✓ **Егер де біреу:**

««Лә иләһә иллəЛлаһ» куәлігінің мағынасы – Аллаһтан басқа раббы жоқ», - десе,

біз: «Бұл сөздер дұрыс, алайда олар «лә иләһа иллəЛлаһ» сөздерінің түсіндірмесі емес, алайда бұл Раббылықтағы таухид. Бұны Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соларға жіберілген мүшриктер де мойындаған еді, алайда бұл оларды Исламға кіргізбеді», - деп айтамыз.

[1] **«Айт: «Әй Кітап иелері! Біздің арамыз бен сендердің араларыңда ортақ бір сөзге келейік».** Бұл аят діндерді жақындастырудың жалғандығына нұсқайды.

[1] Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл аятты *«Мухаммад – Аллаһтың Елшісі»* куәлігіне дәлел ретінде атап өтті. Онда Аллаһ куәлікке (араб тіліндегі) үш күшейткіш сөздік орамды қолданды: тұспалды ант, *«ләм»* әріпі және *«қад»* демеулік шылауы.

[2] Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) *«Мухаммад – Аллаһтың Елшісі»* куәлігінің мағынасын түсіндірді.
Ол әр мұсылман ер мен әйелге бұл куәлікті жүзеге асыру үшін келесі нәрселерді міндетті етеді:

- Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол бұйырған нәрселерде бойұсыну;
- Ол хабарлаған нәрселерге айқын сену;
- Ол тыйған және қайтарған нәрселерден тыйылу;
- Аллаһқа тек ол бекіткендей және баяндағандай үлгіде құлшылық ету.

«Мухаммад – Аллаһтың Елшісі» куәлігінің дәлелі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Сендерге өздеріңнің араларыңнан ардақты елші келді. Оған сендердің бастарына түскен қиыншылықтар ауыр тиеді, ол сендерге өте ынтық, мүминдерге өте жұмсақ, рахымды» («әт-Тәуба» сүресі, 128-аят).[1]

«Мухаммад – Аллаһтың елшісі» куәлігінің мағынасы: оның бұйрықтарына бойсұну; ол хабарлаған нәрселерге айқын сену; ол тыйған және қайтарған нәрселерден тыйылу; сондай-ақ Аллаһқа тек ол бекіткендей құлшылық ету.[2]

«Мухаммад – Аллаһтың Елшісі» куәлігінің мағынасы – «ол – оған құлшылық етуге рұқсат етілмейтін құл, әрі оған өтірік жапсыруға болмайтын Елші», яғни:

Біз оған ол бұйырған барлық нәрседе бағынамыз.

Өйткені ол бізге Аллаһтың әмірін жеткізді.

Біз оның хабарлаған нәрселерінің барлығы ақиқат екендігіне сенеміз.

Өйткені ол – оған тек шындық уахи етілген шыншыл.

Ол тыйған және қайтарған нәрселереден тыйыламыз.

Яғни Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тыйым салған нәрсе бір жақта, ал сіз басқа жақта болуыңыз керек.

Аллаһқа тек Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткендей үлгіде құлшылық етуіміз керек. Әрі осыда бидғатшыларды теріске шығару бар.

«Намаз бен зекеттің парыз екендігіне дәлел әрі бірқұдайшылықтың түсіндірмесі - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Оларға тек Аллаһқа ғана ханиф (бірқұдайшыл) болған күйде ықыласпен құлшылық ету, намазды орындау және зекет беру бұйырылған еді. Міне, осы тура дін» («әл-Бәйина» сүресі, 5-аят).(1)

(Рамазан айында) ораза ұстаудың міндетті екеніне дәлел – Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

«Әй иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға (ораза) парыз етілгендей, сендерге де ораза парыз етілді. Бәлкім тақуалық етерсіңдер!» («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).(2)

Қажылықтың (парыз екендігіне) дәлел – Аллаһ Тағаланың келесі сөздері:

«Аллаһтың жолына шамасы келген адамдарға Аллаһ үшін Қағбаға қажылық жасау міндетті. Ал кім күпірлік етсе, Аллаһ бүкіл әлемдерден бай!» («Әли Имран» сүресі, 97-аят).(3)

(1) Екінші тірек – намаз:

Бұл Аллаһқа белгілі амалдар және «тәкбірден» («Аллаһу Акбар» сөздерінен) басталып, сәлем берумен («тәслиммен») аяқталатын сөздер арқылы жасалатын ғибадат. Намаз діннің тірегі болып табылады. Аллаһ оны Өзінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ол көктерге көтерілген бойдан парыз етті.

Үшінші тірек – бұл міндетті зекет:

Оның тілдік мағынасы – көбею мен тазару.

Оның екі түрі болады: денемен берілетін зекет және мал-мүлікпен берілетін зекет.

(2) Төртінші тірек – ораза:

Оның тілдік мағынасы – өзін-өзі ұстау (тыйылу).

Шариғи мағынасы – Аллаһқа құлшылық ету ниетімен, таң сәріден күн батқанға дейін оразаны бұзатын нәрселердің барлығынан тыйылу арқылы жасалатын ғибадат. Ораза құлшылықтың ең жақсы түрлерінің бірі болып табылады, өйткені ол өзіне сабырлықтың үш түрінің барлығын қамтыған. Сондай-ақ оның ұлылығынан – Аллаһ Тағала ораза үшін сый-сауапты Өзі беретіндігін уәде еткені.

(3) Бесінші тірек – қажылық («хәжж»):

Оның тілдік мағынасы – мақсат, ұмтылыс.

Шариғи мағынасы – Ардақты Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Сүннетінде келген рәсімдерді жасау арқылы Аллаһқа ғибадат ету.

Екінші дәреже: Иман.

Тілдік мағынасы – айқын бұлжымас сенім.

Шариғи мағынасы – бұл тілмен айтылатын сөздер, жүрекпен сену және дене мүшелерімен жасалатын амалдар. Иман Аллаһқа мойынсұну арқылы көбейіп, Оған мойынсұнбаушылық таныту арқылы азаяды.

Шариғи мағынадағы **Иман** өзіне міндетті түрде бес нәрсені біріктіруі керек. Егер олардың әлдебіреуі жоқ болса, онда бұл *Әһлу-Сунна уәл-Жамағада* **Иман** деп аталмайды

Бұл бес нәрсеге не дәлел болып саналады?

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

«Олардың ең жоғарғысы: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», - деген сөздер».

Бұл – сөздердің иманнан екеніне дәлел.

«Ең төменгісі – жолдан адамдарға зиян тигізетін нәрсені алып тастау».

Бұл дене мүшелерімен жасалатын амалдар иманнан екеніне дәлел.

Екінші дәреже: Иман.

Оның жетпістен астам тармағы бар. Олардың ең жоғарғысы - «Лә иләһә иллəЛлаһ» куәлігі. Ал ең төменгісі - жолдан адамдарға зиян тигізуі мүмкін болған нәрселерді алып тастау. Сондай-ақ ұялу да – иманның бір тармағы.

Иманның алты тірегі бар:
1) Аллаһқа иман келтіру;
2) Оның періштелеріне иман келтіру;
3) Оның Кітаптарына иман келтіру;
4) Оның елшілеріне иман келтіру;
5) Ақырет күніне иман келтіру;
6) Тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына - иман келтіру.

Осы алты тірекке дәлел - Аллаһ Тағаланың мына сөздері:
«Игілік тек жүздеріңді шығыс пен батысқа қаратуларында емес, бірақ (нағыз) игілік – кім Аллаһқа, Ақырет күніне, періштелеріне, Кітаптарына және елшілеріне иман келтірсе...» («әл-Бақара» сүресі, 177-аят).

Тағдырға (иман келтірудің) дәлелі - Аллаһтың (келесі) сөздері:
«Расында, біз әрбір нәрсені тағдырмен жараттық» («әл-Қамар» сүресі, 49-аят).

«Әрі ұялу - иманнан» - бұл жүректің амалдары иманнан екеніне дәлел.

Ал Аллаһ Тағаланың: **«Бұл қайсыларыңның иманын арттырады?»** («әт-Тауба» сүресі, 124-аят), - деген сөздері иманның артатындығына дәлел болады. Ал егер ол артса, міндетті түрде азаяды. Сондай-ақ Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздерінде: ***«Ақыл мен діндарлықтың кемістігіне ие болғандардан сендерден ..... көрмедім»,*** - діндарлықтың жеткіліксіздігіне айқын дәлел келген.

Демек, діндарлық азая алады.

Иманның тірегі алтау:

- Аллаһқа иман келтіру
- Періштелерге иман келтіру
- Кітаптарға иман келтіру
- Елшілерге иман келтіру
- Ақырет күніне иман келтіру
- Тағдырға: жақсылығы мен жамандығына - иман келтіру

Бірінші тірек – Аллаһқа иман келтіру өзіне міндетті түрде төрт нәрсені қамтиды:

- **Аллаһтың бар екеніне иман келтіру.** Бұл келесі нәрселермен расталады:
  - **АҚЫЛМЕН**

    Адамның ақылы жаратылыстың Жаратушысыз өмір сүруі мүмкін емес деп санайды.

    «Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме?!» («ят-Тур» сүресі, 35-аят)
  - **ТҮЙСІКПЕН**

    Сіздің басыңызға қайғы мен күйініш түскенде, сіз қолдарыңызды аспанға көтеріп: «Уа Раббым!», - деп айтасыз, және Аллаһтың қалауымен қайғының кететінін байқайсыз.
  - **ТУМА БОЛМЫСПЕН**

    «Әр нәресте (исламға деген) табиғи бейіммен туылады, кейін оның ата-анасы оны яһуди, христиан немесе отқа табынушы қылады».
  - **ШАРИҒАТПЕН**

    Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: *«Аллаһтың Кітабында бірқұдайшылыққа дәлел болмаған бірде-бір аят жоқ».*
- **Раббылықтағы бірқұдайшылыққа иман**
- **Құлшылыққа лайықты құдайлықтағы бірқұдайшылыққа иман**
- **Құдайлық Есімдер мен Сипаттардағы бірқұдайшылыққа иман**

Екінші тірек: Періштелерге иман келтіру

Періштелер – ғайып әлемнің жаратылыстары. Аллаһ оларды нұрдан жаратты. Олар Аллаһқа бағынады және Оған мойынсұнбаушылық жасамайды. Олардың рухтары бар. **«Ардақты Рух (яғни Жәбірейіл періште)»** («әл-Бақара» сүресі, 87-аят). Сондай-ақ олардың денелері де бар. **«Екі, үш және төрт қанатты періштелерді елші қылған Аллаһ барлық мақтауға лайық»** («әл-Фатыр» сүресі, 1-аят). Олар ақыл-ой мен жүрекке де ие. **«Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар өзара: «Раббың не айтты?», - десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ – аса Жоғары, тым Үлкен», - деседі»** («әс-Саба» сүресі, 23-аят). Біз оларға және Аллаһ бізге олар туралы хабарлаған нәрселерге, мысалы: аттарына (Жәбірейіл, Микәил, Исрафил); сипаттарына: **«Олар Аллаһтың әмірлеріне қарсы келмейді. Өздеріне не бұйрылса, соны орындайды»** («әт-Тахрим» сүресі, 6-аят); істейтін істеріне (мысалы, Аршыны көтеруші періштелер секілді) иман келтіреміз.

Үшінші тірек: Кітаптарға иман келтіру

Біз олардың – астарлы мағынадағы емес, шынымен де Аллаһтың сөзі екендігіне және олардың жаратылмағанына әрі Аллаһтан түсірілгеніне, сондай-ақ Аллаһ әрбір Елшіге Кітап түсіргеніне иман келтіруге міндеттіміз. Біз олардың өздеріне және Аллаһ бізге баяндаған олардың аттарына, хабарларына, заңдарына жалпы және жеке түрде иман келтіреміз. Біз Құранның одан бұрын түсірілген барлық Кітаптардың күшін жойғандығына иман келтіреміз, ал олар: Таурат, Інжіл, Ибраһимнің және Мусаның (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) сухуфтары.

Төртінші тірек: Елшілерге иман келтіру

Біз олардың – адамдар екеніне және оларда Раббылыққа тән ешбір ерекшеліктер жоқ екеніне, пайғамбарлар мен елшілер – оларға құлшылық етілуге рұқсат етілмеген құлдар екеніне, және Аллаһ оларды Өзінен елшілер етіп жібергеніне, оларға уахи түсіргеніне, оларды мұғжизалармен қуаттағанына, әрі олар өздеріне жүктелген міндеттерді толық орындап, үмметтеріне қатысты ықыластық танытып, ақиқатты жеткізіп, Аллаһтың жолында шынайы ыждағаттылық көрсеткендеріне иман келтіруіміз керек. Біз олардың өздеріне және Аллаһ бізге баяндаған олардың арттарына, сипаттарына, олар жайлы жалпы және жеке хабарларына сенеміз. Біз алғашқы пайғамбар - Адам, алғашқы елші – Нух және соңғы пайғамбар әрі елші – Мухаммад болғандығына (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), алдынғы шариғаттардың барлығының күші Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шариғатымен жойылғандығына иман келтіреміз. *«Әш-Шура» мен «әл-Әхзаб»* сүрелерінде аталған берік жігер иелері *«улюл-ғазм»* бесеу: Мухаммад, Нух, Ибраһим, Муса және Иса (олардың барлығына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын).

Бесінші тірек: Ақыретке иман келтіру

Бұл иман өзінің құрамына Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізге олар туралы хабарлаған өлімнен кейін болатын: қабірдегі сынақ, Сүрдің үрленуі, адамдардың қабірлерінен шығуы, Таразы, Су айдыны (әл-Хауд), шапағат ету, Жәннат пен Тозақ, иман келтіргендердің өздерінің Раббысын Қиямет күні Жәннатта көруі және басқа да ғайып нәрселерді қамтиды.

Алтыншы тірек: Тағдырға: оның жақсылығы және жамандығымен иман

Иманның бұл тірегі өзінің құрамына келесі төрт мәндетті нәрсені қамтиды:

Білу

Пәк әрі Ұлы Аллаһтың барлық нәрсе жайлы жалпы және жеке білгендігіне иман келтіру.

Жазу

Аллаһ Қиямет күніне дейін әр нәрсенің тағдырын жазып қойғанына иман келтіру.

Қалау

Әрі құлдың да қалауы бар екеніне, алайда ол Пәк әрі Ұлы Аллаһтың қалауының астында екеніне иман келтіру.

Жарату

Пенденің, оның амалдарының және барлық болмыстың жаратылғанына иман келтіру.
«Әр нәрсенің жаратушысы Аллаһ».
(«әр-Рағд», 16)
«Аллаһ сендерді де, істеріңді де жаратты».
(«әс-Саффат», 96).

Бұл төрт саты ақынның келесі сөздерінде жинақталған:

Білім, Қамқоршымыздың Жазуы және Оның Ерік-қалауы

Сондай-ақ Жаратуы, ал бұл Оның жоқтан бар етуі және кейіп беруі.

Үшінші дәреже: Ихсан.

Бұл діннің ең жоғарғы дәрежесі, ол екі түрге бөлінетін бір ғана тіректен тұрады:

Көру ғибадаты

«ғибадату әл-мушахада»

Бұл махаббатқа және Аллаһтың алдында дайындалған ұлы нығметтерге деген ұмтылыс пен сағынышқа негізделген ғибадат. Бұл пайғамбарлар мен елшілердің (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) ғибадаты, алайда басқалар да бұл сатыға жете алады.

Бақылау ғибадаты

«ғибадату әл-мурақаба»

Бұл Аллаһтың алдында қорқуға және Оның жазасынан құтылуды қалауға негізделген ғибадат. Бұл кез-келген мұсылман адамда болуы қажет ең кем дәреже.

Үшінші дәреже: Ихсан.
Оның тірегі біреу*: Аллаһқа, оны көріп тұрғандай құлшылық ету, немесе сен Оны көре алмасаң (да), Аллаһ сені көріп тұр деген оймен құлшылық ету.*
Оған дәлел - Аллаһтың келесі сөздері:
«Расында, Аллаһ тақуалармен және ихсан (жақсылық) жасаушылармен бірге» («ән-Нәхл» сүресі, 128-аят).

Сондай-ақ мына аят та:
«Өте Үстем, ерекше Рахымды (Аллаһқа) тәуекел ет! Ол сені (намазда) тік тұрғаныңда көреді және сәжде етушілердің арасында жасаған қимылдарыңды да (көреді). Ақиқатында, Ол – (барлық нәрсені) Естуші, Білуші» («әш-Шуғара» сүресі, 217-220 аяттар).

Мына аят та:
«Қандай жағдайда болсаң да, Құраннан нені оқысаң да, және қандай амал істесеңдер де, оған кіріскендеріңде сендердің үстілеріңнен куәгерміз» («Юнус» сүресі, 61-аят).

Ескертпе:

Ғибадаттың бұл түріне ие болған адамда тек Аллаһқа деген махаббат бар әрі Одан қорқу жоқ дегенді білдірмейді, алайда мұнымен пендені құлшылыққа Пәк әрі Ұлы Аллаһқа деген махаббат итермейлейтіні меңзеледі. Бұл, мысалы, Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын):
«Мен шүкір етуші құл болуым керек емес пе?!» - деген сөздеріндей.

Бұған Сүннеттен дәлел - Жәбірейілдің белгілі хадисі.
Умар (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндаған: «Бірде біз Пайғамбармен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге отырған кезімізде, әппақ киімді, шаштары қап-қара бір кісі кіріп келді. Оның сырт келбетінен сапар іздері бай қалмады, бірақ біздің арамыздан ешкім оны танымады. Ол Пайғамбардың алдына жақындап келіп, тізесін оның тізесіне тигізіп, екі алақанын сандарына қойып, оған бетпе-бет отырды. Сосын: *«Уа Мухаммад, маған Ислам туралы айтып бер»*, - деді. (Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын)): «Бұл - сенің Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне және Мухаммад - Оның елшісі екеніне куәлік беруің, намазды орындауың, зекет беруің, рамазан айында ораза ұстауың және шамаң келсе (Қағбаға) қажылық жасауың», - деді. Ол: *«Рас айттың!»*, - деді. Біз оның өзі сұрап, өзі растап жатқанына таң қалдық. Кейін ол: *«Маған Иман туралы айтып бер»*, - деп сұрады. Пайғамбар (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын): «Ол - сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне, Ақырет күніне және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына - иман келтіруің», - деді. Ол: *«Рас айттың!»* - деді. Содан соң ол: «*Маған Ихсан туралы айтып бер!»*, - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын): «(Бұл -) Сенің Аллаһқа оны көріп тұрғаныңдай құлшылық етуің. Ал сен Оны көре алмасаң да, Ол сені көріп тұр деген ой мен құлшылық етуің», - деді. Ол кісі: *«Маған Қиямет туралы айтып бер»*, - деді. Пайғамбар (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын): «Сұралушы сұраушыдан артық білмей ді», - деп жауап берді. Сонда (әлгі кісі): *«Онда маған оның белгілерін атап бер»*, - деді. Пай ғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Күң өзінің қожайынын туатынын; жалаңаяқ, жалаңаш босқын қойшылардың биік ғимараттар көтеруде бір-бірімен жарысатынын көресің», - деді. Содан соң әлгі кісі шығып кетті, ал біз сол жерде біраз уақыт қалдық. Сонда Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) менен: «Уа Умар, сұраушының кім екенін білесің бе?», - деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», - деп жауап бердім. Сонда ол: «Бұл – Жәбірейіл, сендерге діндеріңді үйрету үшін келді», - деді» (Муслим).

Бұл хадис Исламның, Иманның және Ихсанның тіректеріне дәлел болып табылады.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ***«Сұралушы сұраушыдан артық білмейді»*** деген сөздері, ол Қиямет күнінің уақытын білмегеніне нұсқайды.

Елшінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Күң өзінің қожайынын туады»,*** - деген сөздері

Тілазарлықтың көбеетініне,

құлдықтың көбеетініне,

хәл-ахуалдың өзгеретініне,

билеушінің өз күңіне үйленіп, ол оған ұл туатынына және сол ұл әкесінің өлімінен кейін барлық адамдардың үстінен қожайын болатынына нұсқайды.

«Сен жалаңаяқ, жалаңаш бейшара ... көресің»

«бейшара» - яғни кедей.

«Бейшара қойшылардың биік ғимараттар көтеруде бір-бірімен жарысатынын көресің», яғни олардың хәлі өзгереді де, бұрыңғы кедейлер тым байларға айналады.

Жәбірейілдің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) хадисінен алынатын пайдалар:

1. Білім талап етуші адам келесі алты құқықтарды орындауы керек: *өзінің және өз нәпсісінің, өзінің шейхының, білім алып жатқан орнының, өзінің білімгер жолдастарының, кітабының және алып жатқан білімінің құқықтары.*

- Өзінің және өз нәпсісінің құқығы: білім – бұл құлшылық (Аллаһқа қатысты ықыластық пен Сүннетке ілесу). Өз жолында Аллаһтан қорқып, Ол сені көріп тұрғанын есінде сақтап, салиқалы әуелгі буын өкілдерінің, яғни «сәләфтардың» жолымен жүруші бол. «Бойсұну қанатыңды» түсір және масаттанушылығыңды таста.

Сондай-ақ бұл аз нәрсеге шүкір етуді, дүние игіліктеріне қатысты ұстамды болуды және өз-өзіңді білімнің көркемдігімен безендіруді, ерлік сипаттарға қол жеткізуге ұмтылуды, сән-салтанатты тұрмыс-тіршілікті тастауды, бос сөз таралатын жерлерден аулақ болуды, аққөңілділікті, беріктікті және алынып жатқан білімнің сенімділігіне көз жеткізуді қалауды да меңзейді.

Білімді талап етуге, оны іздеуге және жазуға қам жеу және тойымсыз болу. Білімді жаттауға көңіл бөлу, өзіңді жаттауға міндеттеу, негіздер мен бөлімдерді жәктеудегі түсінікке ие болу, Аллаһтан пана сұрау, білімге байланысты аманатты сақтау, шыншыл болу.

Білім талап етуші адамның қалқаны – «білмеймін» деген сөз. Ол ең қатты бағалайтын нәрсе - уақыт. Оның тынығу сәттері – «жалпы өздігінше білім алу», түзетулерді, анықтамаларды және поэмаларды (қасыдаларды) оқу.

Сұрақ қоюда салиқалылық таныту, жауапты мұқият тыңдау, түсіну және оған сәйкес амал ету, әрі осы орайда таласқа түспеу. Бұл сондай-ақ алынған білімді қайталау. Құран мен Сүннеттің, оларға қатысты ғылымдардың ортасында болып, әр саладағы пәнді толық зерттеу.

Билік пен атақ құмарлықтан, дүниелік өмірге деген махабаттан аулақ болу.

Өзіңе қатысты сыншыл, ал адамдарға қатысты жақсы пікірде болу.

Ақиқатқа бағыну, жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтару, пайда мен зиянды өлшеу, білімді тарату, өзіңді аямай ақиқатқа көмектесуді қалау, ақиқатты қорғау барысында мұсылмандарға ең көркем тәсілмен жақтасу арқылы білімді тазарту.

Білімді жағымпаздықсыз және жалбақтаусыз қорғап, өзіңді ғалым ретінде көрсетпеу.

Оңашаланусыз және топшылдықсыз, әрі достасу мен қатыссыз болуды солардың үстіне құрусыз, күмәндардан аулақ болу.

- Өзінің шейхының (ұстазының) құқығы: бұл мәселеде адамдар екі шектен шығатын және бір орташыл, яғни дұрыстықты ұстанатын топтарға бөлінді. Кітаптың алдағы парақтарында жер бетінде жасалған ең бірінші көпқұдайшылық салиқалы адамдарға қатысты шектен шығушылықтың себебімен пайда болғандығының түсіндірмесі әлі келеді. Әрі біз салиқалы адамдарға қатысты шектен шығушылық және салғырттық танытпай, орташыл жолда болуымыз керек.

– Білім алып жатқан орынның құқығы;

- Білімгер жолдастарының құқығы: ол Аллаһ Тағала айтқандай: **«Сендер адам баласы үшін игілікті әмір етіп, жамандықтан тыятын .... ең қайырлы үммет болып шығарылдыңдар...»** («Әли Имран» сүресі, 110-аят). Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Сендерден ешкім өзіне қалаған нәрсені бауырына қаламайынша иман келтірмейді».***

- Кітаптың құқығы: оны жаттау. Өйкені Пәк әрі Ұлы Аллаһ бізді осы кітаптармен игілікке бөледі, сондықтан біз оларды оқып-үйренуіміз керек.

– Білімнің құқығы: білімді бекіту, оны міндетті түрде үнемі қайталау және сол білімдердің негізінде амал жасау. Өйткені білуші адам сол білімге сәйкес амал жасап, кейін – білімге шақыруы керек, өйткені ол мейірім болып табылады, әрі осы мейірімге алғыс білдіру қажет.

2. Сұрақ қоюдың әдептерінен – бірінші кезекте өзінің құрамына пайда мен жақсылықты біріктіретін сұраққа артықшылық беру.

3. Білім талап етуші адам өзін көркем әрі көрікті кейіпте ұстауы керек.

4. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қайтыс болғанынан кейін: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», - деп айтылмайды, бірақ: *«Аллаһ жақсырақ біледі»,* - деп айтылады.

Үшінші негіз:
Пайғамбарымыз Мухаммадты (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тану.
Оның аты – Мухаммад ибн Абдуллаһ ибн Абдул-Мутталиб ибн Һашим. Һашим – құрайш тайпасынан, ал құрайш – араб тайпаларының бірі. Арабтар – Исмаилдің ұрпағы, ал Исмаилдің әкесі – Аллаһтың сүйіктісі Ибраһим (оған және Пайғамбарымызға Аллаһтың ең ұлы және ең жақсы игілігі мен сәлемі болсын).
Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алпыс үш жыл өмір сүрді: пайғамбарлықтан бұрын қырық жыл, ал Пайғамбар және Елші болып жиырма үш жыл. «Әл-Ғаләқ» сүресінің алғашқы аяттарының түсуімен ол пайғамбар (нәби) болды. «Әл-Муддассир» сүресінің алғашқы аяттарының түсуімен ол елші (расуль) болды.
Туылған жері – Мекке. Ол Мәдинаға көшті («хижра» жасады).

Бұл тарау Пайғамбарымыз Мухаммад жайлы (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), оның атын, тегін, өмірбаяны мен дағуатының бір бөлігін қамтыған кішігірім мағлұматты қамтиды.

Біз Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жайлы келесі нәрселерді білуіміз керек:

Оның аты мен шыққан тегі.

Ол – Мухаммад ибн Абдуллаһ ибн Абдул-Мутталиб ибн Һашим. Һашим – құрайш тайпасынан, ал құрайш – араб тайпаларының бірі. Арабтар – Исмаилдің ұрпағы, Исмаилдің әкесі – Аллаһтың сүйіктісі Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын).

Оның өмірі.

Оның өмірі алпыс үш жыл жалғасты, оның қырық жылы пайғамбарлықтан бұрын өтті, ал қалған жиырма үш жылды ол пайғамбарлықтан кейін өмір сүрді.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбарлығы басталғаннан кейінгі өмірі екі дәуірге бөлінеді:

Меккелік дәуір.

Он үш жыл жалғасты.

Мәдиналық дәуір

Он жыл жалғасты.

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) пайғамбар ма әлде елші ме?

Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әрі пайғамбар, әрі елші. Ол **«Оқы!»** деген аяттың түсіуімен пайғамбар болды және **«Әй оранушы!»** деген аяттың түсуімен елші болды.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаянынан үзінді.

Меккелік дәуірдегі дағуат бірқұдайшылықтың төңірегіне және көпқұдайшылықты тастауға, құлшылықты тазартып, оны Жалғыз Аллаһқа арнауға шоғырланды. Бұл дәуір он үш жыл жалғасты.

Кейін Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Мәдинаға «һижра» жасау бұйырылды. Ол жерде бірқұдайшылыққа шақыру тұрақты жалғасып отырды, әрі бұған қоса құлшылыққа, қарым-қатынас әрекеттеріне және дүниелік өмірге қатысты қаулылар да түсіріліп тұрды.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмірбаяны мен оның шақыруына назар салып қараған адам, Аллаһ оны өзіне қайтарғанға дейін онымен бірге үнемі бірқұдайшылыққа шақыру болғанына көз жеткізе алады. Әрі бұл бірқұдайшылықты оқып үйренуден тыятын әрі оны оқып білу белгілі мерзімнен басқа кезеңдерде қажет емес дейтіндерге қарсы айқын дәлел болып табылады.

Аллаһ оны адамдарға оларды көпқұдайшылықтан сақтандыру және бірқұдайшылыққа шақыру үшін жіберді. Бұған дәлел Аллаһтың келесі сөздері:

«Әй оранушы! Тұр да, ескерт! Раббыңды ұлықта! Киіміңді тазала! Әр түрлі лас нәрселерден аулақ бол! (Қылған ісіңді) міндет қылма. Раббың үшін сабыр ет» («әл-Муддәссир» сүресі, 1-7-аяттар).

«Тұр да, ескерт!» сөздерінің мағынасы: көпқұдайшылықтан сақтандырып (қайтарып), таухидке шақыру.

«Раббыңды ұлықта!», яғни Оны жалғыздау (бірқұдайшылық) арқылы ұлықтау.

«Киіміңді тазала!», яғни амалдарыңды көпқұдайшылықтан таза етіп ұста.

«Лас нәрселерден аулақ бол!» яғни пұттарды таста, пұттарға құлшылық етуден және оларға құлшылық ететіндерден аулақ бол!

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осыған кірісті де, он жыл бойы бірқұдайшылыққа шақырды. Ал он жылдан соң ол көкке көтерілді. Сонда оған бес уақыт намаз парыз етілді, әрі осыдан кейінгі ол Меккеде үш жыл намазды орындап, содан соң Мәдина қаласына қоныс аударуға (һижра жасауға) бұйырылды.

Автордың (Аллаһ оны рахымына бөлесін): *«Көкке көтерілді»,* - деген сөздерінен біз келесі пайдаларды шығарамыз:

1. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғайып білімнен не хабарлаған болса, біз соған: «Біз бұған иман келтіреміз, оның ақиқаттығын растаймыз және бағынамыз», - деп айтамыз.

2. Парыз намаздардың маңыздылығы, өйткені Пәк әрі Ұлы Аллаһ оларды көктерде парыз етті.

Көпқұдайшылық елінен Ислам еліне көшу осы ұмметке парыз, әрі ол Қиямет Күніне дейін жалғасады. Бұған дәлел – Аллаһтың мына сөздері:

«Періштелер өздеріне зұлымдық еткендердің (бұлар Меккеден көшпей қалғандар) жандарын алғанда: «Қандай жағдайда едіңдер?», - дейді. Олар: «Біздер бұл жерде шамасыз едік», - дейді. (Періштелер): «Аллаһтың жері сендер онда көшулерің үшін кең емес пе?», - дейді. Міне, бұлардың орны Тозақ болады. Бұл барар орын нендей жаман! Бұл тек шара қолдана алмайтын және тура жол таба алмайтын шамасыз еркектерге, әйелдерге және балаларға қатысты емес. Осындайларды Аллаһ кешіруі мүмкін, өйткені Аллаһ – өте Кешірімді, ерекше Рахымды» («ән-Ниса» сүресі, 97-99 аяттар).

Сондай-ақ Оның мына сөздері де: **«Әй Менің иман келтірген құлдарым! Расында, Менің жерім кең, сондықтан Маған ғана құлшылық етіңдер!»** («әл-Анкабут» сүресі, 56-аят).

Имам әл-Бағауи (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: *«Бұл аят һижра жасамай Меккеде қалған мұсылмандарға қатысты түскен. Аллаһ оларды «иман келтіргендер» деген есіммен атады».*

Һижраға Сүннеттен дәлел – Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын): ***«Тәубе қабыл етілгенге дейін һижра үзілмейді, және Күн батыстан шыққанға дейін тәубенің қабыл етілуі тоқтамайды»***, - деген хадисі. (Ахмад және Абу Дауд, хадис сахих).

Һижра үш бөлікке бөлінеді:

Күпір елінен Ислам еліне һижра жасау

Оның үкімі - міндетті.

Меккеден Мәдинаға һижра

Мекке ашылғаннан кейін бұның күші жойылды

«Һижра», яғни Аллаһ тастауды бұйырған барлық нәрсені тастау.

Яғни амалдардан, адамдардан, уақыт аралықтары мен мекендерден.

Амалдар – Пәк әрі Ұлы Аллаһ тыйым салған барлық нәрсе және бірінші кезекте – ширк. **Адамдар** – кәпірлер, екіжүзділер және басқалар. **Уақыт** – кәпірлер өз мейрамдарын тойлайтын уақыт аралықтарын тастау. **Мекендер** – кәпірлер өз мейрамдарын тойлайтын мекендерді тастау.

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ***«(Мекке) ашылғаннан кейін һижра жоқ»*** деген сөздері Меккеден Мәдинаға жасалатын һижраны білдіреді. Бұл сөздерде сондай-ақ Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) күпірлік енді Меккеге қайтып оралмайтынына нұсқағаны қамтылған.

Екі нәрсе орын алғаннан бастап тәубе қабыл етілмейді:

1. Күннің батыстан шығуы.

2. Өлімнің келуі.

«Ал жамандықты өздеріне өлім келгенге дейін істеп: «Енді шынайы тәубе қылдым», - деген және кәпір күйінде өлгендердің тәубесі қабыл емес» («ән-Ниса» сүресі, 18-аят).

(1) ***Шейх ибн Усаймин*** *(Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Зекет алғашында Меккеде парыз етілген еді, алайда нисабтың (яғни зекет берілетін мал-мүліктің ең кем мөлшері) және одан төленуге тиіс бөліктің мөлшері анықталмаған болатын. Ал Мәдинада нисабтың және міндетті бөліктің мөлшері анық болды».*

(2) Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) һижрадан кейін онынші жылы қайтыс болды және Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) бөлмесінде жерленді.

(3) *«Ол ешбір игілікті қалдырмастан үмметтіне толық жеткізді. Ешбір жамандықты қалдырмастан үмметін одан тыйды».*

Ал ол Мәдина қаласына келіп орналасқан соң, оған Исламның басқа да құлшылықтары бұйырылды. Мысалы: ораза, зекет, (1) қажылық, азан, жиһад, жақсылыққа бұйыру мен жамандықтан қайтару және басқалары.


Осыларды орындап, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) он жыл өмір сүрді, кейін қайтыс болды. (2)


Бірақ оның діні қалды! Міне, осы – оның діні!

Ал оның діні қалды! Міне, осы – оның діні! Ол ешбір игілікті қалдырмастан үмметтіне толық жеткізді. Ешбір жамандықты қалдырмастан үмметін одан тыйды. Ол жеткізген игілік – бұл бірқұдайшылық пен Аллаһ жақсы көріп, разы болатын барлық нәрсе.

Ол қайтарған жамандық – бұл көпқұдайшылық пен Аллаһ жек көретін барлық нәрсе.(3)

Әрі біз Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзіне тапсырылған аманатты толық орындағанына, Жолдауды жеткізгеніне, үмметіне ықыласты болғанына және Аллаһ үшін шынайы жиһад жүргізгеніне куәлік етуіміз қажет. Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бізді түні күндіздей болған анық жолда қалдырды. Ал одан опат болғаннан басқа ешкім бұрылып кетпейді.





(«әл-Әғраф» сүресі, 158-аят).[1]

Аллаһ ол арқылы Өзінің дінін толықтырды (кәміл етті).

Бұған дәлел – Аллаһ Тағаланың мына аяттары: **«Бүгін діндеріңді толықтырдым, Өз нығметімді тәмамдадым және сендерге Ислам дінімен разы болдым»** («әл-Мәида» сүресі, 3-аят)». [2]

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дүниеден өткеніне дәлел – Аллаһтың мына сөздері: **«(Уа Мухаммад!) Расында, сен өлесің, олар да өледі. Сосын Қиямет Күні сендер Раббыларыңның алдында тартысасыңдар»** («әз-Зүмәр» сүресі, 30-31 аяттар).

[1] Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық адамдарға жіберілді және бұнымен одан бұрынғы шариғаттардың барлығының күші жойылды. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмір сүру кезіндегі және біздің заманымыздағы яһудилер мен христиандарға Ислам шақыруы жетіп, олар дінді қабылдамаса, онда кәпірлер болып табылады. Тіпті олар өздерін Мусаның және Исаның (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) діниндеміз деп айтса да. Бұған дәлелдерден:

1. Аллаһ Тағаланың мына сөздері: **«Айт: «Ей Кітап иелері! Біздің арамыз бен сендердің араларында ортақ бір сөзге келейік. Жалғыз Аллаһқа құлшылық етейік, Оған еш нәрсені серік қоспайық. Сондай-ақ Аллаһтан өзге бір-бірімізді раббы тұтпайық»** («Әли Имран» сүресі, 64-аят).

2. Аллаһ Тағаланың мына сөздері: **«Аллаһқа және Ақырет Күніне иман келтірмейтін, Аллаһ және Оның пайғамбары харам еткенді «харам» деп санамайтын әрі хақ дінді ұстанбайтын Кітап иелерімен олар қор болған күйде өз қолдарымен жизия салығын төлемейінше соғысыңдар!»** («әт-Тәуба» сүресі, 29-аят).

3. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздері:

«Жаным Соның қолында болғанмен ант етемін, мен жайлы естіп, маған иман келтірмей қайтыс болған кез-келген яһуди немесе христиан адам, міндетті түрде Отты мекендеушілерден болады!»

[2] Бұл аят бидғатты ұстанушыларға қарсы дәлел болып табылады.

5. Қорытынды

[1] Күмәнсіз барлық адам өлімнің дәмін татады және Ұлы күні қайта тіріледі, ал бұл - Қиямет Күні, кейін адамдар есеп береді және жасаған әр амалы үшін толығымен сый не жазасын алады.

[2] Қайта тірілу мен есепке тартылуды жоққа шығарған адам, күпірлік танытқан болады, өйткені ол *Иманның* тіректерінен болған тіректі жоққа шығарды.

Нух (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бірінші елші. Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Біз Нухқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік» («ән-Ниса» сүресі, 163-аят).

Бірінші пайғамбар Адам болған (оған Аллаһтың сәлемі болсын).

Бұған дәлел: Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *«Адам пайғамбар болып саналады ма?»*, - деп сұралғанда, ол: ***«Иә, ол онымен (Аллаһ) сөйлескен Пайғамбар»,*** - деп жауап берді.

Соңғы пайғамбар және елші – Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын). Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері:

«Мухаммад сендерден ешбір еркектің әкесі емес. Бірақ Аллаһтың Елшісі және пайғамбарлардың соңы. Аллаһ әр нәрсені Толық Білуші» («әл-Әхзаб» сүресі, 40-аят).

Пайғамбарлыққа немесе елшілікке талаптанған әркім – өтірікші және кәпір. Оған сенген әр адам да кәпір болады.

Адамдар өлген соң қайта тіріледі. Бұған дәлел – Аллаһтың келесі сөздері: **«Одан сендерді жараттық. Оған сендерді қайтарамыз, әрі екінші рет одан шығарамыз»** («Та-Ха» сүресі, 55-аят). Сондай -ақ Оның келесі сөздері: **«Аллаһ сендерді жерден өсіріп өндірді. Сосын сендер оған қайтарыласыңдар да, кейін қайта шығарыласыңдар»** («Нух» сүресі, 17-18 - аяттар).

Адамдар тірілгеннен кейін, істеген амалдары үшін есепке алынады. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел: **«Көктердегі және жердегі барлық нәрсеге Аллаһ ие. (Бұл) – жамандық істегендерді істегендерімен жазалау үшін, ал жақсылық жасағандарға одан да артығымен қайтару үшін»** («ән-Нәжм» сүресі, 31-аят). [1]

Кім қайта тірілуді жоққа шығарса, кәпір болады. Бұған дәлел Аллаһтың мына сөздері: **«Кәпірлер: «Қайта тірілмейміз», - деп ойлайды. (Оларға) айт: «Раббыммен ант етемін! Сендер өлгеннен кейін әлбетте тірілесіңдер, кейін істегендерің жайлы хабар аласыңдар. Бұл Аллаһқа оңай!»** («әт-Тағабун» сүресі, 7-аят) [2]

Аллаһ барлық елшілерді қуандырушы әрі ескертуші етіп жіберді. Бұған Аллаһтың келесі сөздері дәлел: **«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа ешқандай сылтауы болмас үшін, Аллаһ елшілерді қуантушы және ескертуші етіп жіберді»** («ән-Ниса» сүресі, 165-аят). Олардың алғашқысы – Нух (оған Аллаһтың сәлемі болсын), ал ең соңғысы әрі пайғамбарлардың мөрі – Мухаммад (оған Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) еді. Олардың ең алғашқысы Нух болғанына дәлел - Аллаһтың мына сөздері: **«Біз Нухқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей, саған да уахи еттік»** («ән-Ниса» сүресі, 163-аят). [3]

Аллаһ Нухтан бастап, Мухаммадқа дейін (оларға Аллаһтың иігілігі мен сәлемі болсын) әрбір үмметке оларды Өзіне ғана құлшылық етіп, тағутқа құлшылық етуден қайтару үшін елшілер жіберді. Бұған дәлел Аллаһтың келесі Сөздері: **«Расында, әр үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, тағуттардан аулақ болыңдар», - дейтін елші жібердік»** («ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

Аллаһ барлық құлдарына тағутқа күпірлік етіп, Өзіне ғана иман келтіруді парыз етті. Шейх Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деген: *«Тағут сөзінің мағынасы пенде сол арқылы ғибадатта, ілесуде, бағынуда өзіне рұқсат етілгеннің шегін бұзатын кез-келген нәрсені қамтиды».*

Тағуттар көп, бірақ олардың бастылары бесеу: Ібіліс (Аллаһ оны лағынет етсін); өзіне құлшылық етілуіне разы болушы; адамдарды өзіне құлшылық етуге шақырушы, ғайыпты (көместі) білетіні туралы жариялаушы, Аллаһ түсірген (шариғаттан) басқа заңдармен үкім етуші.

Бұған дәлел – Аллаһтың мына сөздері: **«Дінде зорлық жоқ. Расында, тура жол адасудан ажыратылды. Сонда кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе, сол үзілмейтін берік тұтқадан ұстап алды. Аллаһ – Естуші, Білуші»** («әл-Бақара» сүресі, 256-аят). Міне, осы «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің мағынасы.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Бұл істің (діннің) негізі – Ислам, тірегі – намаз, ал шыңы – Аллаһтың жолындағы жиһад»,*** - деді.

[1] Аллаһ елшілер мен пайғамбарларды жақсы хабаршылар мен насихатшылар ретінде жіберді. Олардың барлығы бірқұдайшылыққа шақыруда және тағуттарға және көпқұдайшылықтың барлық түріне қарсы соғысуда біртұтас еді. Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, әр үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар, тағуттардан аулақ болыңдар», - дейтін елші жібердік».**

«Әр үмметке», яғни әр халыққа. Яғни тағуттарды бір жаққа қалдырыңдар, өздерің басқа жақта болыңдар, бұл қалдыру мен алыстаудың ең жоғарғы сатысы. Көпқұдайшылыққа және оны ұстанушыларға қатыссыз болудың (олардан аулақ болудың) көрінісі дәл осыда.

Аллаһ Өзінің барлық құлдарына тағутқа күпірлік танытып, Аллаһқа иман келтіруді бұйырды. Бірінші кезекте Аллаһқа иман келтіруден бұрын, міндетті түрде тағутқа күпірлік ету қажет: **«Кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе».**

Тағут - бұл пенде сол арқылы рұқсат етілгеннің шегін бұзып құлшылық ететін (мысалы тастар мен талдар), ізінен ілесетін (зұлымдық ғалымдары секілді) немесе бағынатын (Аллаһқа бағынушылықтан шыққан билеушілер секілді) кез-келген нәрсені қамтиды.

Тағуттар көп, бірақ олардың бастылары бесеу: Ібіліс (Аллаһ оны лағынет етсін); өзіне құлшылық етілуіне разы болушы; адамдарды өзіне құлшылық етуге шақырушы, ғайыпты (көместі) білетіні туралы жариялаушы, Аллаһ түсірген (шариғаттан) басқа заңдармен үкім ететін адам.



ҚОРЫТЫНДЫ:

Әрбір ақыл-парасатты адам бұл кітаптағы баяндалған маңызды мәселелер жайлы ойланып, осыған ерекше ұқыптылықпен қарауы қажет, өйткені бұлкітап өзіне әрбір адам қабірде мұқтаж болатын ұлы негіздерді қамтиды.

Ал Аллаһ жақсырақ біледі. Әрі пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Білім – бұл Аллаһты, Оның Пайғамбарын және дінін дәлелдер негізінде танып-білу (яғни «Үш негізді» білу).	Білім	[illegible]	«**Үш негіз** (яғни қабірдегі сұрақтар) **және оның дәлелдері**»: біз не үшін бірқұдайшылықты, осы үш негізді оқып үйренеміз? Бұны оқып үйренуіміздің пайдасы неде?
Білімге сәйкес амал ету – «Білім амалды шақырады, ал амал оның шақыруына келмесе, онда білім кетеді». Біліміне сәйкес амал жасамайтын білімді адам пұтқа табынушылардан бұрын жазаланатын болады.	Білімге сәйкес амал ету		
Шақырудың шарттары: ықыластық, шариғи білім, шақырылып жатқан адамның жағдайының ескерілуі, даналық және сабырлық.	Осыған шақыру		
Бірінші кезекте соған шақыру керек болған нәрсе – бірқұдайшылық. Барлық пайғамбарлар мен елшілер осыған шақырған. Бірқұдайшылыққа шақыру мен ширкті теріске шығару – дағуаттың ең жоғарғы сатысы.			
Аллаһқа мойынсұнуда сабырлық таныту (мысалы: намаз), тыйым салынған нәрселерден бас тартудағы сабырлық (мысалы: өсімқорлық (риба)) және Аллаһ тағдырға жазған бақытсыздықтарға сабырлық таныту (мысалы: кедейлік).	Осы жолдағы қиындық-тарға сабыр ету		
Яғни шариғи білім алу жолындағы сабырлық, содан соң оған сәйкес амал жасаудағы сабырлық және, үшіншіден, соған шақыру жолындағы сабырлық.			
Аллаһтың Раббылығындағы (яғни Раббылықта Жалғыз болған Аллаһ, Құдайлықта да Жалғыз болуы керек) және Есімдері мен Сипаттарындағы бірқұдайшылық.		**Үш мәселе**	
Аллаһтың құлшылыққа лайықты Құдайлығындағы бірқұдайшылық (Ықыластық). Аллаһ Өзіне кімнің болсын серік қосылуына разы болмайды, мейлі ол (Аллаһқа) жақын періште немесе жіберілген пайғамбар болса да.			

Көпқұдайшылық пен оны ұстанушылардан бас тарту. Ол жүрекпен (кәпірлерге деген жек көрушілік түрінде), тілмен («Мен сендердің құлшылық етіп жүргендеріңнен аулақпын» деп айтумен) және денемен (олардың мерекелерінде, діни рәсімдерінде қатысудан және оларға ұқсаудан бас тарту арқылы) жүзеге асады.		

Ханифия – бұл ширктен алыстап, ықылыстықка және бірқұдайшылыққа ұмтылу діні.	**Бірқұдайшылықты оқып үйрену қажеттілігінің себебі:**	**«Уш негіз** (яғни қабірдегі сұрақтар) **және оның дәлелдері»**: біз не үшін бірқұдайшылықты, осы үш негізді оқып үйренеміз? Бұны оқып үйренуіміздің пайдасы неде?
Бірқұдайшылық (таухид) – (*тілдік мағынасы*) бұл «وَحَّدَ» етістігінен туындаған зат есім, оның мағынасы «жалғыздау, бір қылу»; (*шариғи мағынасы*) Аллаһты тек Оған ғана тән нәрселерде: Раббылықта, құлшылыққа лайықты Құдайлықта және құдайлық Есімдер мен Сипаттарда жалғыз деп мойындау.		
Раббылықтағы бірқұдайшылық – Аллаһты Оның істерінде Жалғыз екендігін мойындау, яғни – бұл Аллаһтың жаратуда, билік етуде және басқаруда Жалғыз екендігін растау. **Құдайлықтағы бірқұдайшылық** – Аллаһтың құлшылық етуге лайықты Жалғыз Құдай екендігін мойындау. **Есімдер мен Сипаттардағы бірқұдайшылық** – Аллаһ Өзін Өз Кітабында және Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тілімен сипаттаған Есімдер мен Сипаттардағы Жалғыздығын, Аллаһ Өзі жайлы Өзі бекіткен нәрселерді растау және жоққа шығарған нәрселерді жоққа шығару арқылы, бұрмалаусыз, жоққа шығарусыз, бейне-кейіп бермеусіз және ұқсатусыз мойындау.		
Көпқұдайшылық (ширк) – Аллаһпен бірге басқа біреуге дұғамен жалбарыну. Бұл Жер бетіндегі ең ұлы күнә.		
Аллаһты тану: Раббың кім? Сен Раббыңды не арқылы таныдың? Раббы – бұл құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай; құлшылықтың түрлері: қандай да бір құлшылық түрін Аллаһтан басқа біреуге немесе бір нәрсеге арнаған адамның үкімі және бұның дәлелдері.	**Уш негіз**	

Ислам дінін дәлелдермен тану: Исламның анықтамасы; діннің дәрежелері; Исламның тіректері; («шаһада») Ислам куәлігінің анықтамасы; Иманның тіректері мен оның тармақтары; Ихсан; діннің дәрежелеріне дәлел; Қиямет күнінің белгілері.		
Пайғамбарды (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тану: оның шығу тегі, өмірі, пайғамбар және елші ретіндегі міндеті, оның қаласы, елшілігінің даналығы, Бірқұдайшылыққа шақыру кезеңі, түнгі көшірілу («әл-исра») мен көкетерге көтерілу («әл-миғраж»); намаз қайда және қашан парыз етілді. Көшу «һижра», оның үкімі мен уақыты; шариғаттың қалған бұйрықтары қай уақытта бекітілді; Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шақыруының ұзақтығы; оның қайтыс болуы; Ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) діннен немен келді? Оның пайғамбарлық міндетінің барлық жындар мен адамдарды қамтуы; діннің толықтығы (кемелдігі) және Аллаһтың Өз мейірімін толыққанды жеткізуі.		

«Қабірде қойылатын үш сұрақ» еңбегіне қатысты емтихан сынақтамасы

Жақшалар ішіндегі жауаптардан дұрысын таңда:

1. Біз не себепті бірқұдайшылықты оқып үйренеміз? *(Аллаһ бірқұдайшылықсыз бірде-бір амалды қабыл етпейді – Аллаһ бізді бірқұдайшылық үшін жаратты – Бірқұдайшылық тыныштық пен татулықтың себебі – барлық жауаптар).*

2. «Үш негіз» - бұл қысқаша қабір сұрақтары: *(дұрыс – бұрыс)*

3. Автор «Үш негіз» кітабында оқырмандар үшін *(екі жерде – үш жерде)* дұға жасайды.

4. Автордың кітаптары мына нәрсемен ерекшеленеді: *(баяндалуының жеңілдігі – жалпы баяндаудан кейін кейін түсіндірме жасау – Құран мен Сүннеттен дәлелдер – білім талап етуші үшін дұға ету – замандастардың күмәндарын жоққа шығару – ғалымдардың оның кітаптарына жасаған түсіндірмелерінің көптігі – маңызды сұрақтар қою және оларға жауап беру – Аллаһ оның кітаптарын үммет тарапынан қабыл алатындай етті – барлық жауаптар)*

5. «Үш негіз» кітабын *(бес – алты)* тарауға бөлуге болады.

6. Бірқұдайшылықты оқып үйрену: *(жалпы міндет – жеке міндет)*

7. «Төрт мәселеге» дәлел *(«әл-Аср» - «әл-Ихләс»)* сүресі.

8. Оқып үйреніп, бірақ алған біліміне сәйкес амал етпеген адам *(яһудилер – христиандар – екі жауап)* секілді.

9. Сабырлық *(екі түрге – үш түрге)* бөлінеді.

10. Әш-Шафиғидің «әл-Аср» сүресіне байланысты сөздерінің мағынасы: *(ол дәлел ретінді келтіру үшін жеткілікті – оның өзі басқа сүрелерсіз де жеткілікті).*

11. Бірқұдайшылықтың (таухидтің) бір түріне иман келтіріп, басқа түрлеріне иман келтірмеген адам - бірқұдайшыл емес: *(дұрыс – бұрыс).*

12. Көпқұдайшылық пен оны ұстанатындардан аулақ болу *(жүрекпен, тілмен және дене мүшелерімен – амалдар мен амал жасап жатқандардан аулақ болумен – екі жауап)* жүзеге асады.

13. Аллаһ Тағаланың: **«Барлық мешіттер Аллаһқа тиесілі»** сөздеріндегі «мешіттер» сөзінің мағынасы: *(құрылыс түріндегі мешіттер – сәжде жасалатын дене мүшелері – сәжде жасалатын жер – барлық жауаптар).*

14. Салиқалы сәләфтардың жолы: *(дәлелдерді қарастару, кейін иман келтіру – иман келтіру, кейін дәлелдерді қарастыру).*

15. Біздің ғалымдарымыздың адасқандары *(яһудилер – христиандар)* секілді.

16. Біздің құлшылық етушілеріміздің адасқандары *(яһудилер – христиандар)* секілді.

17. «Үш мәселе» - бұл «Үш негіз»: *(дұрыс – бұрыс).*

18. Дұға мына түрлерге бөлінеді: *(ғибадат дұғасы және өтініш дұғасы – сөзбен айтылатын дұға және амалмен жасалатын дұға).*

19. Өтініш дұғасы *(екі түрге – төрт түрге)* бөлінеді.

20. Адамдар себептерге деген қатынастарында *(екі шектен шығушы және бір орта топқа – үлкен ширк, кіші ширк және рұқсат етілгенге)* бөлінеді.

21. Жаратылыстардан құтқару сұрау өтініші «әл-истиғаса» *(кез-келген жағдайда – ол жасай алатын нәрседе, төрт шартпен)* рұқсат етілген.

22. «Лә иләһа иллəЛлаһ» сөздерінің мағынасы *(Ол ғана жарата алады - Аллаһтан басқа құдай жоқ – Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ – барлық жауаптар).*

23. Діндердің жақындасуы: *(рұқсат етілген – үлкен күнә – күпірлік).*

24. Аллаһтың бар екендігіне жалпы дәлелдер: *(көп – төрт).*

25. Періштелердің жүректері бар ма? *(иә – жоқ).*

26. Иман мен Таухидтің арасындағы байланыс, Иман – жалпы түсінік, ал Таухид – оның бөлігі: *(дұрыс – бұрыс).*

27. Иманның тіректері: *(5-6-7).*

28. Көпқұдайшылдарда Аллаһқа құлшылық етуден кейбір амалдар болған: *(дұрыс – бұрыс).*

29. Аллаһқа серік етіліп құлшылық етілетін, бірақ оның өзі бұған разы болмаған біреу: *(Тағут болып саналады – Тағут болып саналмайды).*

30. Аллаһты болмысты басқаруда және жаңбырды жіберуде жалғыздау – бұл *(құлшылыққа лайықты Құдайлықтағы – Раббылықтағы – Есімдер мен сипаттардағы) бірқұдайшылық (таухид)*.

31. Бірқұдайшылықты бұзатын нәрсе: *(үлкен ширк – кіші ширк – бидғат).*

32. Міндеттердің ең алғашқысы – ата-анаға жақсы қарым-қатынас жасау: *(дұрыс – бұрыс).*

33. Тыйым салынған нәрселердің ең ұлысы – зина және кісіні қақысыз өлтіру: *(дұрыс – бұрыс)*.

34. «Әл-Миғраж» деген Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Меккеден Иерусалимнің киелі жерлеріне саяхаты: *(дұрыс – бұрыс)*.

35. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) *(белгілігі бір қауымға – бүкіл адамдар мен жындарға)* жіберілді.

36. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *(қайтыс болды – пайғамбарлар қайтыс болмайды)*.

37. Қайта тірілуді жалған деп санаған адам *(үлкен күпірлік – кіші күпірлік)* жасады.

38. Пайғамбарлардың діні: *(бір – әр пайғамбардың өзінің діні бар)*.

39. «Әл-Һижра»: *(Мекке алынғаннан кейін тоқтады – Қиямет күніне дейін қалды)*.

40. «Әл-Һижра» деген: *(күпір елінен Ислам еліне көшу – Аллаһ тыйым салған нәрселерді тастау)*.

41. Ислам діні толық, бірақ салиқалы адамдардың түстерімен толықтырылуы мүмкін: *(дұрыс – бұрыс)*.

42. Құлшылықтарды Аллаһтан басқа біреуге арнау – *(үлкен – кіші)* көпқұдайшылық.

43. Амал және амал жасаушы жайлы үкімдердің араларын бөлу қажет: *(дұрыс – бұрыс)*.

44. Алғашқы пайғамбар: *(Нух (оған Аллаһтың сәлемі болсын) - Адам (оған Аллаһтың сәлемі болсын)*.

45. Біздің Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): *(пайғамбар – елші)*.

Бірінші қатардан екінші қатарға сәйкес келетін тармақтарды таңдаңдар.

Бірінші қатар	№	№	**Екінші қатар**
Бірқұдайшылықтың тілдік мағынасы	1		Ахмадтың мына сөздері: *«Мен кәпірді көргенімде, Аллаһтың жауын көруден қорқып, көзімді жұмамын».*
Бірқұдайшылықтың шариғи мағынасы	2		Өзінің құрамына өлімнен кейін орын алатын барлық нәрсеге иман келтіруді қамтиды.
Құлшылыққа лайықты Құдайлықтағы бірқұдайшылық	3		Бұл тілдің сөздері, жүректің сенімі және дененің амалдары. Ол Аллаһқа бағынудан артып, Оған бағынбаудан азаяды.
Раббылықтағы бірқұдайшылық	4		Ислам, Иман, Ихсан.
Есімдер мен Сипаттардағы бірқұдайшылық	5		Аллаһқа арналған және Аллаһқа арналмаған.
Ханифия	6		Міндетті, рұқсат етілген, тыйым салынған.
Құрандағы бірінші үндеу және бұйрық	7		Шариғаттық және физикалық тұрғыдағы.
«ән-Нидд»	8		Қабірде қойылатын сұрақтар.
Тәуекел ету «әт-Тәуаккул»	9		Білім, амал, шақыру және сабырлық.
Ғибадаттың қабыл болуының екі шарты	10		Ықылас және ілесу.

Ғибадаттың қабыл болуының екі шарты	11		Адамның Аллаһқа шынайы сенім артуы, Оған өзін-өзі тапсыруы, әрі осы үшін шариғи шараларды жасауы.
Төрт мәселе қысқаша	12		Бұл қорқу нысанының ұлылығы мен билігінің кәмілдігі жайлы білімге незізделген қорқыныш.
Үш мәселе қысқаша	13		Бұл ұқсайтын, тең, қатысушы, тәрізді.
Үш негіз қысқаша	14		«Әл-Бақара» сүресінде.
Себептер мына бөліктерге бөлінеді	15		Бұл көпқұдайшылықтан теріс бұрылған және ықыластылық пен бірқұдайшылыққа негізделген дін.
Нәзір «ән-назр» мына бөліктерге бөлінеді	16		Аллаһтың Ол Өзін өз Кітабында және Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тілі арқылы сипаттаған Есімдері мен Сипаттарындағы Жалғыздығын, Аллаһ Өзі жайлы бекіткенді растау және Ол Өзі жайлы жоққа шығарғанды жоққа шығару арқылы, бұрмалаусыз, жоққа шығарусыз, кейіп-бейне бермеусіз және ұқсатусыз мойындау.
Құрбан шалу «әз-забх» мына түрлерге бөлінеді	17		Аллаһты құлшылықта жалғыз ету.
Қауіптеніп қорқу «әл-Хауф» мына түрлерге бөлінеді	18		Аллаһты жаратуда, билікте және басқаруда Жалғыз ету.
Ислам	19		Аллаһты оған ғана тән болған нәрседе жалғыз ету.
Діннің тіректері	20		«Уаххада» етістігінен туындаған зат есім, оның мағынасы «жалғыз ету, бір қылу»;

Иман	21		Күннің батыстан шығуы және өлімнің келуі.
Қиямет күніне иман келтіру мына нәрселерді қамтиды	22		Пенде сол арқылы құлшылықта, ілесуде және бағынуда өзіне рұқсат етілгеннің шегін бұзатын кез-келген нәрсе.
Көпқұдайшылықтан (ширктен) алыстаудың көріністерінен	23		Бұл Есімдер мен Сипаттардағы бірқұдайшылық, Раббылықтағы бірқұдайшылық, құлшылыққа лайықты Құдайлықтағы бікұдайшылық және көпқұдайшылық (ширк) пен оны ұстанушыларға қатыссыз болу.
Тәубе уақыты бітетін кез	24		Аллаһқа бірқұдайшылық арқылы берілу, Оған бағыну арқылы бойсыну, және көпқұдайшылық пен оны ұстанушыларға қатыссыз болу.
Тағут	25		Белгілі бір кейіп ретінде, оған құлшылық етілінетін объект

"Исламдағы төрт ереже" жолдауының түсіндірмесі

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен.

Расында, бүкіл мақтау біз Оны ғана мақтап-мадақтайтын және Оған ғана көмек пен кешірім тілеп жалбарынатын Жалғыз Аллаһқа ғана тиесілі. Біз Аллаһтан нәпсіміз бен жаман істеріміздің кесірінен пана тілейміз. Аллаһ тура жолмен жүргізген адамды ешкім адастыра алмайды, ал Ол тастап қойған адамды ешкім тура жолға сала алмайды.

Мен Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екендігіне куәлік етемін және **Мухаммад** – Оның құлы және елшісі екендігіне куәлік етемін.

Ал содан соң:

Кітапқа алғысөз

«Төрт ереже» - білім іздеген адам оқып үйренуі қажет болған екінші кітап. Бұл жолдауды оқып үйрену қажеттілігінің себептері көп. Олардан:

- Ғұламаларымыздың өсиеті мен кеңесі
- Салиқалы сәләфтардан болған ғұламаларға ілесу
- Онда қазіргі заман көпқұдайшылдарының жалған болжалдарын теріске шығару бар
- Ол **«Күмәндарды алшақтату»** кітабының қысқаша мазмұндамасы

Біз бұл кітапты **«Күмәндарды алшақтату»** кітабынан бұрын, білім іздеуші қандай да бір болжамдарға (күмәндарға) ілесіп кетпеуі үшін, зерттейміз.



«Исламдағы төрт ереже» кітабының мазмұны

Бұл кітап үш тармаққа бөлінеді:

1. Кіріспе (бақыт белгілері)
2. Таухидті оқып үйренудің маңызы
3. «Төрт ереже»



1. Кіріспе (бақыт белгілері)

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен.(1)

Ұлы Аршының Рабысы - Аллаһ Тағаладан саған бұл өмірде де, болашақ өмірде де пана болуын сұраймын (2), Ол сені, қайда жүрсең де, игілігіне бөлесін (3).

[1] **Автор** кітапты Аллаһтың атымен бастағанының себептері:

1. Аллаһтың Кітабына, елшілер мен пайғамбарларға (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) ілесу

2. Әдетте өздерінің кітаптарын Аллаһтың атымен бастаған ғұламалар мен салиқалы алғашқы буын өкілдерінің (сәләфтардың) үлгісіне ілесу.

3. Аллаһтан Оның Есімі арқылы береке тілеу.

(2) Шейх әл-Ислам ибн Тәймия (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: *"Кім мүмин және тақуа болса, сол Аллаһтың әулиесі болып саналады. Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері:*

«Біліңдер! Расында, Аллаһтың әулиелеріне қауіп-қатер жоқ, әрі олар қайғырмайды. Олар – иман келтіргендер және тақуа болғандар» («Юнус» сүресі, 62-аят)".

Баракат (береке): өсіп-өну және көбейіп арту.

Табаррук (береке тілеу): көбейіп артуды тілеу (сұрау).

Мубарак (берекелі): Қай жерде болса да, пайда әкелетін адам.

Табаррук (береке тілеу) екі түрлі болады

Тыйым салынған. Бұл шариғатпен немесе физикалық түйсікпен **бекітілмеген** әдіс арқылы береке тілеу. Бұл кіші көпқұдайшылық (ширк) болып саналады

Шариғатпен заңды деп **бекітілген**

Шариғатпен бекітілген.

Мысалы: намазды әл-Харам мешітінде немесе Пайғамбардың мешітінде оқу

Физикалық түйсікпен бекітілген.
Бұл білім, немесе дұға секілді. Адам берекені білімімен, жақсылыққа шақыруымен тілейді. Осылайша бұл берекеге айналады, өйткені басқа адамдар одан көп пайда алады. Бұл, мысалы, шейх әл-Исламның және Аллаһ Тағала оларды берекелі, ізгі және үммет үшін пайдалы еткен басқа да ғұламалардың кітаптары секілді.

...және сені сый алса, алғыс айтушылардан (етсін) (1)

(1) Аллаһтың бізге берген нығметтері біз үшін сынақ болып табылады, бұған көптеген дәлелдер бар, олардан келесілерді келтіруге болады: **«Сендерді сынап; жаман-жақсы күйге саламыз»** («әл-Әнбия» сүресі, 35-аят), **«Оның (тақтың), өзінің алдына келтіріліп қойылғанын көрген сәтте ол: «Бұл - Раббымның маған жасаған кеңшілігі. Шүкірлік қылам ба, нәшүкірлік қылам ба - мені сынау үшін. Кім шүкірлік етсе, әрине өзі үшін. Ал кім нәшүкірлік етсе, Раббым Бай (оның шүкірлігіне мұқтаж емес) әрі өте Жомарт», - деді»** («ән-Нәмл» сүресі, 40-аят).

Берілген нығметтерге шүкірлік таныту керектігіне дәлел – Аллаһ Тағала сынаған, Исраил ұрпақтарынан болған үш (соқыр, таз және алапес) адам жайлы хадис.

Нығметтер құлшылықтағы және Раббылықтағы бірқұдайшылықпен байланысты. Нығметтер үшін шүкірлік ету екі түрге бөлінеді:

Игілік (нығмет) берілгеннен кейін жасалатын шүкірлік

Адамға игілік (нығмет) берілуден бұрын оның Аллаһпен байланысы

Жүрекпен

Тілмен

Денемен

Шынайы иманда, дұрыс сенімде, Аллаһ Тағала ғана ризық және жақсылық беретіндігін, сондай-ақ пенде ие болған кез-келген жақсылық Аллаһ Тағаладан берілгендігін толық мойындауда көрініс табады.

Аллаһ берген игіліктер жайлы хабарлауда, Оған осы үшін мақтау-мадақ айтуда көрініс табады. Бұл Аллаһтың мына сөздеріне сәйкес: **«Раббыңның нығметі туралы хабарла»** («әд-Духа» сүресі, 11-аят).

Аллаһ берген игіліктер мен нығметтерді Ол разы болатын амалдарды жасауда қолдануда, бұдан бөлек Оған бағынуда және Ол тыйым салған нәрселерден аулақ болуда көрініс табады.

Бұл байланыс адамнан игілікті беруші тек Аллаһ Тағала екендігіне берік сенуді талап етеді. Сондықтан оның жүрегі Аллаһтан басқа ешкіммен байланбауы керек және ол Аллаһтан басқа ешкімнен игілікті сұрамауы керек. Біз Жәннат бақтарын тек Аллаһтан, Ол оның Иесі болғандықтан, сұрайтынымыздай, ризықты да Аллаһтан басқа ешкімнен сұрамауымыз керек.

«Тірі, еш өлмейтін Аллаһқа тәуекел ет» («әл-Фурқан» сүресі, 58-аят).

«Аллаһтан өзге табынғандарың сендерге ризық бере алмайды. Ендеше ризықты Аллаһтан іздеңдер. Оған құлшылық қылыңдар да, Оған шүкір етіңдер. Соған қайтарыласыңдар» («әл-Анкабут» сүресі, 17-аят).

(1) Өйткені осы үмметтің ұламаларының бірауызды пікірі бойынша сабырлық міндетті (уәжіп) болып саналады.

...сынақ көрсе, сабыр етушілерден (1), күнә жасаса, кешірім сұраушылардан етсін, өйткені осы үш сипат бақыттың белгісі болып табылады!

Адамдар сынақ және бақытсыздық кезінде төрт түрге бөлінеді:

- Наразы болатындар
- Сабырлық танытатындар
- Разылық танытатындар
- Шүкір етушілер

1. Наразылық тыйым салынған және ол үлкен күнә. Ол келесі нәрселерде көрініс табады.

- Жүректе
- Тілде
- Амалдарда

Жүректегі наразылық: Имам ибн Қайим әл-Жәузи келесі мағынадағы сөздерді айтқан: *«Кейбір адамдардың бұл наразылықты тілдерімен айтуға батылдығы жетпейді, алайда олардың кеуделеріндегі жүректері, олардың Раббылары жайлы ең нашар түрде ойлайтындарына куәлік етеді. Олар жүректерінде «Раббым маған әділетсіз болды», «Ол маған пәлен нәрсені бермеді» деген сияқты сөздерді жасырып жүреді».*

Тілдегі наразылық: адам зарлап айқалағанда, лағнеттегенде, «Қасірет маған!», - деп айқай салғанда және басқа да кейіс білдіру сөздерде орын алады.

Амалдарда болатын наразылық: адам өзін-өзі бетінен ұрғанда, киімінің жағасын жыртып, шашын жұлып, кейбір нәрселерді сындырғанда және басқа да нәрселерде орын алады.

2. Сабырлық: Бақытсыздық кезінде сабырлық таныту осы үмметтің ұламаларының бірауызды пікірі бойынша міндетті болып табылады. Сабырлық та жүректе, тілде және амалдарда көрініс табады. Имам Ахмад былай деген: *«Сабырлық Құранда тоқсан рет аталған және ол ұламалардың бірауызды пікірі бойынша уәжіп болып саналады, сондай-ақ ол иманның жартысы. Өйткені иман екі жартыдан тұрады, біріншісі – сабырлық, екіншісі – шүкірлік»* (Қ-з «Мәдәриж әс-саликин»).

3. Разылық: бұл мұстахаб (құпталатын) амал және оның дәрежесі сабырлықтың дәрежесінен жоғары.

4. Шүкірлік: сабырлық пен разылықтан кейін ең жоғары және кемел дәреже болып саналады.

Төрт ереже

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَٰنِ الرَّحِيمِ

Аса Мейірімді, ерекеше Рахымды Аллаһтың атымен.

Сені Аллаһ Өзіне бағыну жолына салсын, ендеше Ибраһимнің Аллаһқа шынайы берілгендік («әл-ханифия») жолы – Аллаһтың алдында дінді тазартып, Бір Оған ғана құлшылық ету екенін біл.

Аллаһ Тағала былай деді: **«Мен адамдар мен жындарды тек Өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым»** («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят). [1]

Ал Аллаһ сені құлшылық қылу үшін жаратқанын білген соң, сен намаздың тазалықсыз (дәретсіз) намаз деп аталмайтыны сияқты, құлшылықтың да таухидсіз (бірқұдайшылықсыз) құлшылық деп аталмайтынын біліп ал. Егер құлшылыққа ширк (Аллаһқа серік қосу, көпқұдайшылық) араласып кетсе, ол бұзылады, сол сияқты дәрет те нәжіспен ластанудан бұзылады.

Ал егер сен ширктің құлшылыққа араласса, оны бұзатынын, амалдарды жоятынын, пендені мәңгілік Отта тұрақтануға дұшар ететінін білген болсаң, онда сен үшін мұны оқып-үйрену ең маңызды міндетің екені айқын болды, - әрі, бәлкім, Аллаһ сені ширк атты батпақтан құтқаратын шығар. Аллаһ Тағала былай деп айтты: **«Ақиқатында, Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмей ді, бірақ осыдан кішілеу болғанын қалағанына кешіреді»** («ән-Ниса» сүресі, 48 және 116 - аяттар).

Ал сен ширктен аман қалуың үшін Аллаһ Тағала Өзінің Кітабында атап өткен төрт ережені білуге тиістісің.

Бірінші ереже: Сен Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соғысқан кәпірлер Аллаһ Тағаланың Жаратушы, Ризық беруші, Басқарушы екенін мойындағанын білуің керек. Бірақ солай бола тұра, бұл оларды Исламға кіргізбеді. Мұны Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлелдейді: **«(Мухаммад, оларға): «Сендерге аспаннан, жерден кім ризық жібереді? Есту мен көруге ие кім? Өліден тіріні, тіріден өліні кім шығарады? Әр істі кім басқарады?» - де. Олар: «Аллаһ!» - дей ді. «Ендеше, қорықпай сыңдар ма?» - де»** («Юнус» сүресі, 31-аят). [2]

[1] Автор біз бірқұдайшылықты (таухидті) не себепті оқып үйренуіміз қажет екенін баяндады.

[2] Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соларға жіберілген кәпірлер Аллаһтың Раббылықтағы Жалғыздығын мойындаған, алайда бұған қарамастан Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олармен соғысты. Бұл олардың араларындағы келіспеушіліктің Аллаһтың құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай екендігінде болғандығына нұсқайды. Әрі Аллаһтан басқа әлде біреуге қандай да бір құлшылықты арнаған әрбір адам көпқұдайшыл кәпір болады.

Екінші ереже: Олар былай дейтін: «Біз оларға тек өзімізді Аллаһқа жақындатуды және Оның алдында бізге шапағатшы болуды сұрап жалбарынамыз және жүгінеміз. Әрі біз (қажеттеріміздің өтелуін) олардан емес, Аллаһтан, алайда солардың шапағат етуі және солар арқылы Аллаһқа жақындау арқылы, сұраймыз».
Көпқұдайшылдардың (мүшриктердің) Аллаһқа жақындау мақсатымен дұға жасайтынын Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлелдейді: **«Сондай Аллаһтан өзгені өздеріне көмекші еткендер: "Біз бұларға Аллаһқа жақындастырсын деп қана табынамыз" (- дейді). Күдіксіз, олардың араларындағы таласқан нәрселеріне Аллаһ үкім береді. Расында, Аллаһ өтірікші, кәпір болғанды тура жолға салмайды!»** («әз-Зүмәр» сүресі, 3-аят). [1]
Олардың шапағатқа ие болу мақсатында дұға жасайтынына Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: «Олар, Аллаһтан өзге, өздеріне зиян, не пайда бермейтін нәрселерге құлшылық қылып: **«Бұлар - біздің Аллаһтың алдындағы шапағатшыларымыз!» - дейді»** («Юнус» сүресі, 18-аят).
Ал шапағат ету екі түрге бөлінеді: (шариғатпен) қайтарылатын шапағат және (шариғатпен) бекітілген шапағат. [2]
(Шариғатпен) қайтарылатын шапағат – Аллаһ қана беруге құдіретті нәрселерге қатысты Аллаһтан басқа өзгелерден сұралатын шапағат. Аллаһ Тағала былай деді: **«Әй иман келтіргендер! Сендерге берген несібемізден саудаласу да, жақсы көру де, шапағат та болмайтын бір күннің келуінен бұрын Аллаһ жолында жұмсаңдар. Ал кәпірлер - олар залымдар»** («әл-Бақара» сүресі, 254-аят).
(Шариғатпен) бекітілген шапағат – ол Аллаһ қана құдіретті нәрсеге қатысты Аллаһтан сұралатын шапағат, әрі шапағатшы Аллаһ кімді шапағат ету құқығымен құрметтеген болса, сол болып табылады, ал шапағат Аллаһ рұқсат бергеннен кейін сөздері мен амалдарына Аллаһ разы болғандарға ғана жасалады. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала: **«Оның құзырында Оның рұқсатынсыз кім шапағат етеді?» -** деді («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

[1] Көпқұдайшылдар өздерінің заңсыз құлшылық ететін объектілеріне, солар арқылы Аллаһқа жақындау үшін және олардан Аллаһтың алдында шапағат етуін сұрау үшін ғана жүгінетіндерімен ақталады. Бұл істерімен олар Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тарапынан күпірлікте айыпталуға және оған қатысты дұшпан болуға лайық болды.

[2] Шапағаттың «әш-шәфаға» тілдік мағынасында - «қосылу», «бір нәрсенің екеуге айналуы» дегенді білдіреді.

Шариғи мағынасында – басқа біреу үшін, оған жақсылық әкелу немесе одан зиянды алыстату мақсатымен дәнекер ретінде сөз сөйлеу.

Шапағаттың түрлері:

(Шариғатпен) теріске шығарылатын шапағат

Ол Құранмен қайтарылған шапағат. Бұл Аллаһ қана жасай алатын нәрселерде Аллаһтан басқадан сұралатын шапағат. Шапағаттың бұл тірі үлкен көпқұдайшылық (үлкен ширк) болып саналады.

Адамның қабілетінде болған нәрселерде болатын шапағат.

Ол төрт шарт жиналғанда дұрыс болады:

1. Шапағат етуші тірі болуы керек.
2. Ол (сол жерде) болуы керек.
3. Оның шапағат етуге мүмкіндігі болуы керек.
4. Ол тек себеп екендігі жайлы сенім болу керек.

(Шариғатпен) бекітілген шапағат

Бұл Аллаһтан сұралатын және келесі шарттарды қамтитын шапағат:

1. Аллаһтың рұқсат етуі.
2. Аллаһтың шапағат ететін адамға разы болуы.
3. Аллаһтың шапағат етілетін адамға разы болуы.

Пайғамбарлар, періштелер, бірқұдайшылдар, ата-анасынан бұрын қайтыс болған кішкентай балалар жасайтын *жалпы шапағат:*

Бірқұдай-шылдардың Жәннаттағы дәрежелерін көтеру жайлы (шапағат).

Тозаққа (лайық болған) бірқұдай-шылдарды оған кіруден құтқару жайлы (шапағат).

Тозаққа кірген бірқұдай-шылдарды одан шығару жайлы (шапағат).

Пайғамбарға ғана (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) *тән шапағат:*

Ұлы шапағат

Өзінің көкесі үшін, оның Тозақтағы жазасын жеңілдету үшін жасалатын шапағат.

Жәннат қақпасының ашылуы жайлы өтініш.

<u>Үшінші ереже</u> [1]: Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түрлі құдайларға құлшылық ететін адамдардың үстінен жеңіске жетті. Олардың арасында періштелерге құлшылық ететіндер, пайғамбарлар мен әулиелерге құлшылық ететіндер, ағаштар мен тастарға құлшылық ететіндер және күн мен айға құлшылық ететіндер бар еді. Әрі Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың барлығына қарсы соғысып, олардың арасында айырмашылық жасаған жоқ. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: **«Олармен ешбір бүлік қалмағанға дейін және дін бүтіндей Аллаһқа тән болғанға дейін соғысыңдар»** («әл-Әнфал» сүресі, 39-аят).

Күн мен айға құлшылық қылатын көпқұдайшылар туралы Аллаһ Тағала былай деді: **«Түн мен күндіз және Күн мен Ай - Аллаһтың аят-белгілерінен. Күнге де, айға да сәжде қылмаңдар. Оларды жаратқан Аллаһқа сәжде қылыңдар; егер Оған құлшылық қылатын болсаңдар»** («Фуссиләт» сүресі, 37-аят).

Періштелерге құлшылық қылатындар туралы Аллаһ Тағала былай деп айтты: **«Ол сендерге: «Періштелер мен пайғамбарларды құдай жасап алыңдар!» - деп бұйырмайды»** («Әли Имран» сүресі, 80-аят).

[1] Бұл ережеде "көпқұдайшылық тек пұттарға құлшылық етілгенде ғана болады" деп айтатындарға қарсы анық дәлел бар. Алайда шариғат дәлелдері пұттарға құлшылық ету жайлы да, сол заманда құлшылық етілген басқа да заңсыз құлшылық объектілері жайлы да баяндайды. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) олардың арасында айырмашылық жасамады, керісінше бұның бәрін «Тағутқа» құлшылық ету деп санады және дін толық Аллаһқа ғана арналуы үшін Аллаһтан басқаға құлшылық еткендердің барлығымен соғысты.

Пайғамбарларға құлшылық қылатын көпқұдайшылар болғанына Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: **«(Сол уақытта) Аллаһ: «Әй Мәриям ұлы Иса! Адамдарға: «Аллаһтан бөлек мені әрі анамды екі құдай етіп алыңдар!» - деп айттың ба?» - дейді. (Иса): «(Уа Аллаһ!) Сені пәктеймін! Айтуыма қақым болмағанды мен қалай айтамын? Егер айтқан болсам, Сен оны анық білесің. Сондай-ақ сен менің ішімдегіні білесің, ал мен Сендегіні білмеймін. Өйткені Сен - шынайы түрде көместерді толық білушісің», - дейді»** («әл-Мәида» сүресі, 116-аят).

Ізгілерге (әулиелерге) құлшылық қылатын көпқұдайшылар туралы Аллаһ Тағаланың былай деп айтқаны нұсқайды: **«Олардың сиынғандары Раббыларына қайсылары жақын боламыз деп, басқаларды озуға тырысады. Олар Оның рахметінен үміт етіп, азабынан қорқады»** («әл-Исра» сүресі, 57-аят).

Ағаштар мен тастарға құлшылық қылатын көпқұдайшылдарға Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: **«Ләт пен Уззаны көрмедіңдер ме, және үшінші басқа – Мәнәтты ше?»** («ән-Нәжм» сүресі, 19 – 20-аяттар).

Әбу Уақид әл-Ләйси, оған Аллаһ разы болсын, былай деп баяндайтын: *«Бірде біз Аллаһтың Елшісімен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бірге Хунайнға жорыққа шықтық. Сол кезде біз жуырда ғана күпірліктен бас тартқан, енді дінге келген мұсылмандар болатынбыз, ал мушриктерде бір ағаш бар еді. Олар оған өздерінің қаруларын іліп қойып, оның алдында өз (діни) рәсімдерін өткізу үшін жиналатын, және оны Зат Әнуат деп атайтын. Міне, сонда біз әлгі ағаштың жанынан өтіп бара жатқан кезімізде: «Уа Аллаһтың Елшісі, бізге де олардағыдай Зат Әнуат жасап бер», - дедік...»* (хадистен үзінді).

Төртінші ереже: Қазіргі замандағы құпқұдайшылық Исламға дейінгі көпқұдайшылықтан қорқыныштырақ. Өйткені ерте замандағы көпқұдайшылдар аман-есен кездерінде Аллаһқа теңдес (серік) қосатын, бірақ бақытсыздық (қайғы) кезінде олар Оның алдында өз діндерін тазартатын. Біздің кезіміздің көпқұдайшылдары үнемі: есендікте де, бақытсыздықта да – Аллаһқа теңдес (серік) қосады. Бұл жөнінде Аллаһ Тағала былай деп айтты: **«Қашан олар кемеге отырса, Аллаһтың алдында дінін тазартып, Оған жалбарынады, ал Ол оларды құтқарып, құрлыққа шығарса, - сол уақытта олар Аллаһқа серік қосады»** («әл-Анкабут» сүресі, 65-аят).[1] Аллаһ Тағала барлық нәрсе жайлы жақсырақ біледі. Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

[1] Бұл ережеде автор қазіргі замандағы көпқұдайшылар жасайтын көпқұдайшылықтың (ширктің) қауіп-қатерін баяндады. Қазіргі замандағы көпқұдайшылдардың көпқұдайшылығы, олардан бұрын болғандардың көпқұдайшылығынан қорқыныштырақ (жаманырақ). Өйткені бүгінгі көпқұдайшылдар өздерінің көпқұдайшылығын есендікте де, қиын жағдайлар да жасайды. Ал ерте замандардағы көпқұдайшылдарға келсек, олар Аллаһқа тек есендікте ғана теңдес (серік) қосатын, ал қиын жағдайларда Аллаһ Тағаланың Жалғыздығын мойындайтын. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) соларға жіберілген ерте замандағы көпқұдайшылардың көпқұдайшылығы жеңілірек болса да, олар кәпірлер деп аталған болса, онда Аллаһқа үнемі: есендікте де, қиындықта да - серік қосатындар жайлы не айтуға болады?! Бұндай адамдар кәпірлер деп айтылуға көбірек лайықты.

Жәннатты тек Аллаһтан ғана сұрауға болады, өй ткені Жәннатқа тек Ол ғана иелік етеді. Дәл осылай молшылықты да тек Аллаһтан ғана сұрауға болады. Аллаһтан басқаға емес, Оған ғана байлану қажет.	Раббылықтағы бірқұдайшылықпен байланысты	Берілген игіліктер үшін шүкірлік ету	Игіліктер – бұл сынақ: **«Сендерді сынап; жаманжақсы күйге саламыз»** («әл-Әнбия» сүресі, 35-аят)	Ол өзіне ігілік берілгенде шүкірлік етеді:	Бақытты құрайтын нәрселер.	**Бақыттың құрамдас бөліктері аталатын кіріспе.**	**«Төрт ереже»** - бұл **«Күмәндарды алшақтату»** («Кәшф әш-шубухат») кітабының қысқаша мазмұндамасы.
Жүрекпен жасалатын шүкірлік. Ол барлық игіліктер мен нығметтердің басқалардан емес, тек Аллаһтан ғана келетіндігін жүрекпен мойындаумен көрініс табады.	Құлшылықтағы бірқұдайшылықпен байланысты						
Тілмен жасалатын шүкірлік: **«Бұл Раббымның маған берген кеңшілігі. Шүкірлік қылам ба, нәшүкірлік қылам ба, мені сынау үшін»** («ән-Нәмл» сүресі, 40-аят).							
Дене мүшелерімен жасалатын шүкірлік. Бұл игіліктерді оларды сыйлаған Аллаһқа шүкірлік білдіру түрінде қолданумен болады. Осы орайда әрбір нығмет өзіне лайық түрде қолданылуы керек. Мысалы, материалдық молшылық Аллаһқа ұнамды мақсаттарға мал-мүлік жұмсау үшін қолданылады; білім үшін шүкіршілік, оны сұраушыларға сөздермен немесе хәлімен сұрағанға беру арқылы көрініс табады.							
Жүректерімен, тілдерімен және дене мүшелерімен наразылық білдіретіндер. Бұндай мінез-құлық үлкен күнә болып саналады және кіші ширктің дәрежесіні жетуі мүмкін.	Адамдар бақытсыздық тұсында танытатын мінез-құлықтары бойынша төрт топқа бөлінеді.			Басына сынақ түскенде сабырлық танытады:			
Сабырлық танытатындар. Ислам ғұламаларының бірауызды пікірі бойынша бұл амал міндетті (уәжіп) болып табылады. Сабырлықтың дәмі ашты, алай да ол тәтті нәтижелерге алып келеді.							
Разылық танытатындар. Бұндай амал мустахаб (құпталатын) болып саналады. Оның толық көрінісі, біздің басымызға түскен әр нәрсе Аллаһтан келетіндігіне және Оның Өз құлының тағдырына жазған әр нәрсесі жақсылық екендігіне сенуінде көрініс табады.							

Шүкірлік танытатындар. Бұндай амал Аллаһтың шүкір етуші құлдарына тән ең жоғарғы дәреже болып табылады.					
Күнә жасағанда кешірім сұрайды (тәубе етеді)					
«Әл-Ханифия» - Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуден тұратын Ибраһимнің діні. Ол сені осы үшін жаратты. Құлшылық «құлшылық» деп тек бірқұдайшылық (таухид) бар кезде ғана аталады. Көпқұдайшылық (ширк) құлшылықпен араласса, оны бұзады, ғибаддатарды жоққа шығарады және оны жасаған пендені Тозақта мәңгі қалуға душар етеді. Сондықтан бұны білу - сенің ең маңызды міндетің.	Бірқұдайшылықты оқып үйрену қажеттілігің себебі және көпқұдайшылықтың қауіп-қатері.				
Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) солармен күрескен оның заманындағы кәпірлер Аллаһтың Раббылықта Жалғыз екендігін (таухид әр-рубубия) растайтын, алайда бұл растау оларды мұсылман етпеді, өйткені олар Аллаһтың құлшылыққа лайықты жалғыз Құдай *екендігін (таухид әл-улуһия)* жоққа шығаратын.				**Төрт ереже**	
Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) солармен күрескен кәпірлер пұттарға, солар оларды Аллаһқа жақындатулары және олар үшін Аллаһтың алдында шапағат етулері үшін құлшылық ететін.					
Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) түрлі нәрселерге құлшылық еткен адамдарға келді, алайда ол көпқұдайшылықтың барлық көріністерімен, олардың араларында айырмашылық жасамай күрескен.					
Қазіргі мүшриктердің көпқұдайшылығы, ерте мүшриктердің көпқұдайшылығына қарағанда қорқынышты.					

Емтихан сұрақтары

Аты-жөні .....

«Бірқұдайшылық (таухид) кітабынан» жатталған тараулардың саны.....
Сіз «Төрт ереже» жолдауын толық жаттадыңыз ба? .....

	Құран және Сүннеттен дәлелдер
Берілген игіліктер - сынақ	
Кәпірлер Раббылықтағы бірқұдайшылықты мойындайтын	
Аллаһтан басқаға құлшылық ету арқылы Аллаһқа жақындауды қалау	
Қайтарылатын шапағат	
Көпқұдайшылдардың бір бөлігі күн және айға құлшылық еткендеріне дәлел	
Көпқұдайшылдардың бір бөлігі періштелерге құлшылық еткендеріне дәлел	
Көпқұдайшылдардың бір бөлігі пайғамбарларға құлшылық еткендеріне дәлел	
Көпқұдайшылдардың бір бөлігі әулиелерге құлшылық еткендеріне дәлел	
Көпқұдайшылдардың бір бөлігі тастар мен талдарға құлшылық еткендеріне дәлел	
Көпқұдайшылдар Аллаһқа бақытсыздықта шынайы құлшылық етіп, ал есендікте оған серік қосқан	
Көпқұдайшылық жайлы дәлел	

Келесі сұрақтарға жауап бер:

Біз не үшін Бірқұдайшылықты *«Таухид»* оқып үйренеміз?	1	2	3	4
5	6	7	8	9
Біз не үшін **«Төрт ережені»**? оқып үйренеміз	1	2		
3	4			
«Төрт ереже» кітабы келесі бөліктерге бөлінеді:	1	2	3	
«Төрт ереже» - қай кітабының қысқаша мазмұндамасы.				
Біз не себепті **«Құмәндарды алшақтату»** кітабынан бастамаймыз?				
Бақыттың құрамдас бөліктері	1	2	3	

«Әл-Ханифия» - бұл ...			
«Төрт ереже» еңбегін оқып үйренудің жемістері:			
Аллаһтың әулиелері деген –	Шейх әл-Ислам былай деген:		
Бұған дәлел**:**			
Берілген Игіліктерге шүкір етудің түрлері (мысалдармен) –	1		
2			
3			
Пенденің Аллаһпен байланысы қандай болу керек?			
Адамдардың бақытсыздық тұсында көрсететін мінез-құлықтары және Исламның бұл жайлы үкімі	1		
	2		
3	4		
Шапағаттың («әш-шәфаға») шариғи мағынасы			
Шапағат («әш-шәфаға») мына түрлерге бөлінеді:	1	2	3
Бекітілген шапағаттың шарттары	1 2 3		
Бекітілген шапағат мына түрлерге бөлінеді:			
1 Ол мына түрлерге бөлінеді:		2 Ол мына түрлерге бөлінеді:	
1	2	3	1	2	3
Бірінші ереже:					
Екінші ереже:					
Үшінші ереже:					
Төртінші ереже:					
Көпқұдайшылық (ширк) араласқан амалдың үкімі:		Бұған дәлел:			

«Мұсылмандарды Исламнан шығаратын амалдардан сақтандыру» жолдауының түсіндірмесі

Исламнан шығаратын амалдар

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!
Исламды бұзатын амалдар он екендігін біл:

Біріншіден: Аллаһқа құлшылықта серік қосу (ширк). Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, Аллаһ Өзіне серік қосылуды жарылқамайды да, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды»** («ән-Ниса» сүресі, 48-аят). Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген: **«Кім Аллаһқа ортақ қосса, расында, Аллаһ оған Жәннатты харам етеді. Оның орны - От (Тозақ). Сондай-ақ залымдар үшін жәрдемші жоқ!»** («әл-Мәида» сүресі, 72-аят). Бұған мысал ретінде Аллаһтан басқаға, мысалы, жынға немесе қабірге (өліге) арнап құрбан шалуды келтіруге болады.

Екіншіден: Ғұламалардың бірауызды пікірі бойынша өзі мен Аллаһтың арасында біреуді дәнекер қылатын, оларға жалбарынатын, олардан шапағат сұрайтан, тәуекел ететін адам күпірлікке түседі.

Үшіншіден: Көпқұдайшылдарды кәпір деп санамайтын, олардың күпірлігіне күмәнданатын немесе олардың жолын дұрыс санайтын адам кәпір болады.

Төртіншіден: Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басшылығынан басқа әлдебір басшылықты кәмілдеу деп санайтын, немесе тағуттың үкімдерін Аллаһ Елшісінің үкімдерінен артық көретіндер секілді, басқа үкімдерді Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үкімдерінен жақсырақ деп сенетін адам кәпір болады.

Бесіншіден: Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген қандай да бір нәрсені жек көретін адам, тіпті өзі соған сәйкес амал жасаса да, кәпір болады.

Алтыншыдан: Кім Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дінінен болған әлдебір нәрсені немесе Аллаһтың беретін сауабы мен Оның жазасын келемеждеп, қорлап, кемсітсе, сол күпірлікке түседі. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: **«Оларға: «Сендер Аллаһты, Оның аяттарын әрі Оның Елшісін мазақ еттіңдер ме? Сылтауратпаңдар! Иман келтіргеннен кейін кәпір болдыңдар», - деп айт»** («әт-Тәуба» сүресі, 65-66-аят).

Жетіншіден: Сиқыр, әрі бұған дуалап ажырастыру немесе тарту да жатады. Бұны жасайтын немесе бұған разы болатын адам күпірлікке түседі. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: **«Сонда ол екеуі (Харут пен Марут): «Біз – бар болғаны сынақпыз, ендеше, сиқырды үйреніп, шайтандарға бойсұнып кәпір болма!», - деп ескертпейінше, оған ешкімді үйретпейтін»** («әл-Бақара» сүресі, 102-аят).

Сегізіншіден: Мұсылмандарға қарсы көпқұдайшылдарға көмек пен қолдау көрсету. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады: **«Сендерден кім оларды дос тұтса, сонда, күдіксіз, ол солардан. Расында, Аллаһ залым елді тура жолға салмайды»** («әл-Мәида» сүресі, 51-аят).

Тоғызыншыдан: Хызыр Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) шариғатының шегінен шыққандай, кейбір адамдар да Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шариғатының шегінен шыға алады деген сенімге ие болған адам кәпір болады.

Оныншыдан: Аллаһтың дінінен, оны үйренуден және соған сәйкес амал жасаудан бас тарту. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: **«Раббыңның аяттары арқылы үгіт берілгеннен кейін олардан бет бұрғаннан кім залымырақ? Әрине күнәхарлардың лайықты жазасын береміз»** («әс-Сәждә» сүресі, 22-аят).

Бұл амалдардың барлығында, мейлі олар қалжың ретінде жасалса да, немесе шынымен жасалса да, немесе қорқу себебімен жасалса да - айырмашылық жоқ. Тек егер адам мұны істеуге мәжбүрленген жағдай дан бөлек. Бұл амалдардың барлығы ең қауіпті және жиі жасалатындар болып табылады. Сондықтан мұсылман адам олардан аулақ болып, оларды жасаудан өзі үшін қауіптенуі керек. Аллаһтан, Оның ашуы мен азапты жазасына алып әкелетін нәрселерден қорғаныш сұраймыз. Аллаһтың жаратылыстарының ең жақсысы болған Мухаммадқа, оған ергендерге және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

ТҮСІНДІРМЕ

Автордың алғысөзі

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!
Исламды бұзатын амалдар он екендігін біл.

Ғалымдар не себепті өз еңбектерін «бәсмәләмен» бастайды?

- Аллаһтың Кітабына, сондай-ақ пайғамбарлар мен елшілерге (оларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ілесу үшін.
- Сондай-ақ сәләфтардан болған ұламаларға ілесу үшін.
- Бұл сөздер арқылы Аллаһ Тағаладан береке тілеу үшін.
- «***Аллаһтың атымен басталмаған әр маңызды іс ...»*** деген хадиске ілесу үшін, алайда бұл хадис сенімді емес.

Құран мен Сүннеттегі амалдар белгілі аталған санмен шекетеледі ме?

- Егер Құран мен Сүннеттің басқа жерлерінде бұл санның шегінен шыққан амалдар келсе (яғни бар санды толықтырса), бұндай жағдайда бұл амалдар осы бірінші аталған санмен шектелмейді, мысалы, Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздері: ***«Жеті опат етуші күнәлардан сақтаныңдар...».***
- Егер Құран мен Сүннеттің басқа жерлерінде бұл санның шегінен шыққан амалдар аталмаса, бұл жағдайда амалдар осы бар санмен шектеледі, мысалы, Жәбірейілдің хадисінде келген Ислам мен Иманның тіректерінің саны.

Не себепті кейде амалдар шектелмеген санмен келеді?

Бұда Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өз сахабаларын ең жақсы үлгіде оқып үйрету қабілеті көрініс табады. Өйткені бұндай сандарды атау сахабалардың оларды жаттап алуына әрі уақыт өте келе естеріне түсіруіне тиімді ықпал ететін. Бұл Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздеріндей: ***«Мен қазір сендерге үш нәрсеге қатысты ант беремін және сендерге бірдеңе айтамын, ал сендер бұны естеріңде сақтаңдар! Садақа пенденің мүлкін азайтпайды...».*** Жолдаудың авторы да осылайша жасады.

Біз не себепті Исламды бұзатын амалдарды оқып үйренуіміз қажет?

Олардан сақтанып, оларға түспеу үшін. Сондықтан оларды оқып-үйренуде үлкен пайда бар. Бұған қоса, оның пайдасы ең маңызды пайдалардың бірі болып табылады. Өйткені біз дәреттің қай жағдайда бұзылатынын білуіміз үшін, дәретті бұзатын амалдарды оқып үйренеміз, сондай-ақ намазды бұзатын амалдарды да, оны бұзып алмауымыз үшін оқып үйренеміз. Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: *«Адамдар Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жақсы нәрселер жайлы сұрайтын, ал мен одан жамандық жайлы, ол менің басыма түсетінінен сақтанып сұрайтынмын».*

«Науақид әл-Ислам» деген не?

Бұл Исламды бұзып, адамды Исламнан үлкен күпірлікке шығаратын істер. Ислам – өзіңді Аллаһқа таухид арқылы тапсыру, оған бағыну арқылы бойсұну және көпқұдайшылық пен оны ұстанатындардан бас тарту.

Оның мағынасы:

Мұсылман адамды Исламнан үлкен күпірлікке шығаратын амалдар.

Аллаһтан бұдан есендік тілейміз.

Ғұламалардың бұл амалдарға сәйкес пікірі бірауызды ма?

Иә.

Ғұламалар не себепті кейде «...бұзатын амалдар», ал басқа уақытта «... жарамсыз ететін амалдар» деп айтады?

Ғұламалар бұны білім үйреніп жатқан адамның зерікпеуі үшін жасайды, ал, шын мәнісінде, бұл сөздердің мағынасы бір.

Бұл амалдар белгілі санмен шектеледі ме?

Жоқ.

Ендеше не себепті автор олардың саны он деп айтты?

Ол олардың ең қорқынышты-ларына нұсқағысы келді; сондай-ақ оларды жаттау жеңіл болу үшін осылай етті.

Ислам дінінен шығыратын амалдарды белгілі бір түрлерге бөлуге болады ма?

Сөз	Іс-әрекет	Сенім	Күмән
Мысалы, Аллаһты немесе Оның Елшісінін (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын), немесе дінді сөгу (тіл тигізу, келемеждеу).	Мысалы, сиқыр жасау	Мысалы, Аллаһтан басқа біреу пайда не зиян әкеле алады деген сенім.	Мысалы, оларға Елшінің дағуаты жетсе де, оған иман келтірмегендердің күпірлігіне күмәндану.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл он амалды атаған ба? Бұған қандай дәлел бар?

Иә, Аллаһтың Елшісі оларды атаған. Сондай-ақ әр амалға Құран мен Сүннеттен дәлел бар. Аллаһ Тағала былай деген: **«Осылайша күнәхарлардың жолы анықталуы үшін, аяттарымызды ашық баян етеміз»** («әл-Әнғам», 55).

Бұл амалдардың әлдебірін жасаған адамның күпірлігі жайлы үкімді кез-келген адам шығара алады ма?

Жоқ, керісінше жеке адамның (тұлғаның) күпірлігі жайлы шешім шығаруда діндар ғұламалар мен шариғи соттарға жүгіну керек. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Қайсыбір адам өз бауырына: «Әй кәпір!», - десе, бұл (сөз) олардың біріне қайтады».***

Исламнан шығаратын амалдар жайлы еңбектерді кім жазған?

Фикһ мәселесінде еңбектерді жазғандардың барлығы бұл амалдарды діннен шығу («әр-ридда») жайлы тарауда атап айтқан. Алайда бұл жолдаудың авторы бұл амалдар жайлы бөлек еңбек жазған алғашқы адам.

Біз амал мен амалды жасаған адамның арасын бөлуіміз керек пе?

Иә, бұл лазым. Өйткені күпірлік амалын жасағанның әрбірі оған түсе бермейді (яғни кәпір бола бермейді). Белгілі бір адамды күпірлікте айыптау үшін дәлелді жеткізу және күмәнді (шүбәні) жою қажет. Автордың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) мақсаты белгілі бір адамдарды күпірлікте айыптау емес, оның мақсаты – адамдарды Исламнан шығаратын амалдардан сақтандыру еді, және осыда үммет үшін өсиет қамтылған.

Бұл амалдарды білген мұсылманның міндеті қандай?

Мұсылман адам олардан аулақ болып, бұл амалдарды жасаудан қорқып, өзгелерді де олардан сақтандыруы керек. Ал белгілі бір адамдардың күпірлігіне байланысты үкімге келсек, бұнда үлкен ғұламалар мен шариғи соттарға оралу керек. Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, сендерге іштеріңнен ардақты бір Пайғамбар келді. Оған қиналуларың ауыр тиеді. Сендерге өте ынтық, мүминдерге өте жұмсақ, ерекше мейірімді. (Мухаммад) сонда, егер олар сенен жалтайса: «Маған Аллаһ жетіп асады, Одан басқа ешбір құдай жоқ, Оған тәуекел еттім. Сондай-ақ Ол ұлы Аршының Раббысы», - де»** («әт-Тәуба» сүресі, 128 – 129 – аяттар).

Бірінші амал

Аллаһқа құлшылықта серік қосу (ширк). Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, Аллаһ Өзіне серік қосылуды жарылқамайды да, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды»** («ән-Ниса» сүресі, 48-аят). Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген: **«Кім Аллаһқа серік қосса, онда Аллаһ оған Жәннатты анық харам етеді. Оның барар орны Тозақ»** («әл-Мәида» сүресі, 72-аят). Бұған мысал ретінде Аллаһтан басқаға құрбан шалуды келтіруге болады, бұл біреудің жынға немесе қабірге арнап құрбан шалғаны секілді.

Көпқұдайшылықтың түрлері

Үлкен (ширк) – автор ширктің дәл осы түрін меңзеген болатын.	Кіші
Оның мәні - Аллаһтан басқа біреу әлемді жасырын басқара алады, немесе пайда әкелу мен зиянды болдырмау оның қолында деген сенім.	Оның мәні Аллаһ Тағала себеп етпеген нәрсені себеп деп санауда. Үлкен ширкке келтіруі мүмкін болған кез келген нәрсе – кіші ширк болып табылады.
• Адамды діннен шығарады; • Оның амалдарының барлығын жарамсыз етеді; • Оның қаны мен мал-мүлкін билеушіге хәлал қылады; • Адамды Отқа мәңгілікке кіргізеді; • Шариғи мәтіндерде «үлкен» деп аталуы мүмкін; • Егер шариғатта «ширк» немесе «куфр» сөздері «әл» деген белгілілік артиклімен келсе, бұл оның үлкен ширк не үлкен күпірлік екеніне нұсқайды.	• Адамды діннен шығармайды; • Ол қай амалға қосылса, соны жарамсыз қылады; • Оның қаны мен мал-мүлкін хәлал қылмайды; • Адамды Тозаққа мәңгілікке кіргізбейді; • Шариғи мәтіндерді «кіші» деп аталуы мүмкін. • Егер шариғатта «ширк» немесе «куфр» деген сөздері «әл» деген белгілілік артиклісіз келсе, бұл оның кіші ширк немесе кіші күпір екеніне нұсқайды.

Үлкен көпқұдайшылық (ширк) кешіріледі ме?

Егер адам оны жасап, тәубесіз қайтыс болса, онда кешерілмейді. Бұған дәлел Аллаһ Тағаланың мына сөздері: **«Расында, Аллаһ Өзіне серік қосылуды жарылқамайды да, бұдан өзге қалаған кісісін жарылқайды»** («ән-Ниса» сүресі, 48-аят). Егер адам өмір барысында тәубе етсе, онда бұл оған кешіріледі, өйткені Аллаһ Тағала былай деген: **««Әй өздеріне зиян қылған құлдарым! Аллаһтың рахметінен күдер үзбеңдер. Аллаһ біртұтас күнәларды жарылқайды. Өйткені Ол тым Жарылқаушы, аса Мейірімді» - де»** («әз-Зүмәр» сүресі, 53-аят). Алайда бұл адамның Күн батыстан шығуынан бұрын тәубе етуі керек шартымен ғана орын алады. Бұл Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мына сөздеріне сәйкес: ***«Хижра (көшу) тәубенің уақыты аяқталмағанша тоқтамайды; әрі тәубенің уақыты Күн батыстан шыққанша бітпейді».*** Сондай-ақ тәубе өлім алды қырылдан бұрын жасалуы керек, өйткені Аллаһ Тағала былай деген: **«Ал жамандықты өздеріне өлім келгенге дейін істеп: «Енді шынайы тәубе қылдым», - деген және кәпір болған күйде өлгендердің тәубесі қабыл емес»** («ән-Ниса» сүресі, 18-аят).

Тыйым салынған іс-амалдардың түрлері

Кіші күнәлар

Бұл Аллаһ Тағала тыйым салған, бірақ олар үшін жаза белгілемеген барлық амалдар.

Үлкен күнәлар.

Бұл белгілі жаза уәде етілген кез-келген амал. Мысалы, қарғыс немесе осы күнәні жасаған адамға деген қатыссыздық. Немесе бұл әрекетті жасаған адамның кәпірлерден немесе көпқұдайшылдардан деп, немесе муминдерден емес деп сипатталуы, немесе оны жаман хайуанға теңеу.

Кіші ширк

Бұның күнәсі үлкен ширктен жеңіл, алайда үлкен күнәлардан ауыр.

Үлкен ширк

Ең қатаң тыйыммен тыйым салынған.

Үлкен күнәларға қатысты үкім

Олардың кешірілуі үшін тәубе ету міндетті, өйткені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Жоқтаушы әйел өліміне дейін тәубе етпесе...»,*** - сондай -ақ басқа хадисте: «..егер үлкен күнәлардан аулақ болса...».

Олардың дәрежелері бар ма?


Иә, олар бір-бірінен дәрежелерімен ерекшеленеді. Бұл Пайғамбардың мына сөздеріне сәйкес: ***«Үлкен күнәлардың ең ұлылары...»***.

Үлкен күнәларды жасайтын адам жайлы үкім

- Ол - иманы толыққанды емес мүмин. Яғни иманы бойынша мүмин, күнәсі бойынша пасық;
- Оны иманына сәйкес жақсы көру көру, ал күнәсына сәйкес жек көру керек;
- Ол үлкен күнә жасап жатқанда, онымен бірге болмау керек.

Үлкен күнәлардың саны:

Олар белгілі санмен шектелмеген, бірақ жоғарыда айтылған сипаттамамен шектелген.


Рұқсат етілген
Мысалы, қойды оның етін жеу үшін, қонақты тамақтандыру үшін немесе етті сату үшін сою.
Бұл үлкен көпқұдайшылық (ширк) болып сыналады. Мысалы, жынға немесе қабірге арнап құрбан шалу.

Екінші амал

Ғұламалардың бірауызды пікірі бойынша өзі мен Аллаһтың арасында біреуді дәнекер қылатын, оларға жалбарынатын, олардан шапағат сұрайтын, оларға тәуекел ететін адам күпірлікке түседі.

Шапағаттың түрлері:

Аллаһтан басқа ешкім жасай алмайтын істердегі шапағат:

Қайтарылатын шапағат (автор шапағаттың осы түрін меңзеген).

Бұл Құранмен қайтарылған шапағат; бұл Аллаһ қана жасай алатын нәрседе, Аллаһтан басқадан сұралатын шапағат және (шапағаттың) дәл осы түрі үлкен көпқұдайшылық болып саналады.

Бекітілген шапағат

Бұл Аллаһ Өзіне ғана қатысты бекіткен шапағат және оны Одан басқа ешкімнен сұрауға болмайды. Оның үш шарты бар:

- Аллаһтың рұқсаты;
- Оның шапағат етушіге разылығы;
- Оның шапағат етіліп жатқанға разылығы.

Жаратылыстардан олар жасай алатын нәрселерде шапағат сұрау.

Ол төрт шарт жиналғанда рұқсат етіледі:

- Шапағат етуші тірі болуы керек;
- Ол (сол жерде) бар болуы керек.
- Оның сұралған нәрсені жасауға мүмкіндігі болуы керек.
- Ол тек себеп екендігі жайлы сенім болу керек.

Елшілерге, пайғамбарларға, періштелерге және бірқұдайшылдарға тән жалпы шапағат:

- Бірқұдайшылдардың Жәннаттағы дәрежесінің көтерілуі үшін жасалатын шапағат.
- Тозаққа лай ық болған бірқұдай шылдарды оған кіруден құтқару үшін жасалатын шапағат.
- Тозаққа түскен бірқұдайшылдарды одан шығару үшін жасалатын шапағат.

Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ғана тән жеке шапағат:

- Ұлы шапағат;
- Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) көкесі (Абу Талиб) үшін, оның Тозақтағы жазасын жеңілдету үшін жасалатын шапағат.
- Жәннат қақпасының ашылуы жайлы өтініш.

Адам бауырына: «Мен үшін Аллаһқа дұға етші!», - деп айтуына болады ма?

Егер ол бұны тірі, сол жерде болған, бұны жасай алатын адамнан сұраса және ол жәй ғана себеп екендігіне сенсе, бұл рұқсат етілген, алайда бұны жасамаған жақсырақ. Ал егер бұл өтініште оның осы адамға деген мұқтаждығы көрінсе, онда бұл кіші көпқұдайшылықтың түрлерінің бірі болады.

Тәуекел (тәуәккул)

Адамның Аллаһқа шынайы сенім артуы, Оған өзін-өзі тапсыруы, әрі сонымен бірге шариғи тұрғыдан рұқсат етілген шараларды жасауы.

Рұқсат етілген түрі

Бұл адамның басқа бір тірі адамға өзі оған басқаруға өкілет етіп берген нәрсесінде оған мұқтаждық сезінусіз сенім артуы. Бұл адамның басқа біреуге өзінің әлдебір нәрсесін сатуға өкілдік бергені секілді.

Тәуекел етудегі кіші көпқұдайшылық

Бұл адамның тірі жанға мұқтаждық танытып әрі оған деген қажеттілік сезініп сенім артуы. Бұл, мысалы, адамның басқа бір тірі адамға өзіне ризық беруде жәй ғана себеп деп қарамай, оған сенім артуы сияқты.

Аллаһтан басқаға арналса, үлкен көпқұдайшылық (ширк) болатын тәуекелдің түрі (автор тәуекелдің осы түрін меңзеген)

Бұл – оның мәні құлшылық пен бойұсыну болған тәуекел. Бұл адамның тәуекел етіп жатқан нысанына сөзсіз сенім артып, пайда келтіру мен зиянды болдырмау тек соның қолында екендігіне сенуі. Бұл, мысалы, адамның қайтыс болған адамдарға (әруақтарға) тәуекел етуі секілді.

«Мен пәленге тәуекел етемін» немесе «мен Аллаһқа, кейін пәленге тәуекел етемін» , - деп айтуға рұқсат етілген бе, әрі бұл мәселеде не нәрсе ақиқат болып саналады?

«Мен пәленге тәуекел етемін», - деп айтуға рұқсат етілмейді, дәл сол сияқты: «мен Аллаһқа, кейін пәленге тәуекел етемін», - деп айтуға да рұқсат етілмейді, өйткені тәуекел ету – оны Аллаһтан басқаға арнауға болмайтын жүректің іс-амалы. Алайда: «Мен пәлен адамды уәкіл еттім», - деп айтуға болады. Өйткені Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кейбір сахабаларға жеке және қоғамдық амалдарды жасауды міндеттеп тапсырған болатын.

Үшінші амал

Көпқұдайшылдарды кәпір деп санамайтын, олардың күпірлігіне күмәнданатын, немесе олардың жолын дұрыс деп санайтын адам кәпір болады.

Көпқұдайшылдардың Исламдағы үкімі

Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шақыруы жеткеннен кейін, оған иман келтірмеген әрбір адам үлкен күпірлікпен кәпір болады. Өйткені Аллаһ Тағала былай деді: **«Исламнан басқа дінді іздеген адамнан, бұл ешқашан қабыл болмайды және Соңғы өмірде ол зиянға ұшырағандардың қатарында болады».**

«Кітап иелері» көпқұдайшылдарға жатады ма?

Иә, Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) иман келтірмеген Кітап иелері көпқұдайшылдарға жатады, бұл Аллаһ Тағаланың Құрандағы мына сөздеріне сәйкес: **«Кітап берілгендерден, Аллаһқа, Ақырет күніне иман келтірмеген және Аллаһтың әрі Елшісінің арам еткен нәрселерін арам деп санамаған және де хақ дінді (Исламды) дін деп мойындамағандармен, олар сүмірейіп, өз қолдарынан жизия бергенге дейін соғысыңдар»** («әт-Тәуба» сүресі, 29-аят). Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Жаным қолында болған (Аллаһпен) ант етемін, мен жайлы естіген осы үмметтегі кез-келген яһуди немесе христиан мен жіберілген нәрсеге иман келтірмей өлсе, Отты (Тозақты) мекендеушілерден болады!»***

Бұл біздің олармен жасасқан арамыздағы келісімшарттарды орындамуымыз керек дегенді білдіре ме?

Жоқ, біз Аллаһтың махаббатына қол жеткізуіміз үшін, бізбен келісімшартта болған кәпірлермен жасасқан келісімшарттарымызды орындауымыз қажет, өйткені Аллаһ Тағала былай деген: **«Олар сендермен (жасасқан келісімдерін) орындаса, сендер де оны орындаңдар. Аллаһ тақуаларды жақсы көреді»** («әт-Тәуба» сүресі, 7-аят). Адамдар кәпірлерге қатысты қарым-қатынастарында мынадай түрлерге бөлінеді:

Мұсылман еместермен бірге олардың мейрам-мерекелері мен рәсімдеріне қатысатындар.	Мұсылман еместермен қарым-қатынаста қантөгіс, ұрлық, алаяқтық және басқа нәрселер арқылы шектен шығатындар.	Орта жолды ұстанатындар. Сүннетке ілескендер осыда. Бұл олардың рәсімдері мен мейрамдарына қатыспауды, бірақ олармен жасасқан келісімшарттарды орындап, оларға қатысты шектен шықпауды меңзейді. Сондай-ақ бізге олармен сауда-саттықта ынтымақтасуға рұқсат етілген, және оларды таухидке (бірқұдайшылыққа) шақыру керек.

Төртінші амал

Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) басшылығынан басқа әлдебір басшылықты кәмілдеу деп санайтын, немесе тағуттың үкімдерін Аллаһ Елшісінің үкімдерінен артық көретіндер секілді, басқа үкімдерді Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үкімдерінен жақсырақ деп сенетін адам кәпір болады.

Аллаһтың түсіргенімен (шариғатпен) үкім етпеудің түрлері:

Тағуттардың үкімдерін және ойдан шығарылған заңдарды Аллаһтың үкімдері мен заңдарынан артық немесе тең көретін, немесе Аллаһтың заңдары мен үкімдері жарамсыз деп санайтын адам, діннен шығаратын үлкен күпірлік жасаған болады. Аллаһ Тағала былай деген: **«Олар (яһуди, христиандар) ғалымдары мен машайыхтарын Аллаһтан өзге раббылар қылып алды»** («ат-Тәуба» сүресі, 31-аят).

Егер де ол Аллаһтың заңдарымен үкім ету міндетті екендігіне және олар мемлекет пен Аллаһтың құлдары үшін жақсырақ деп сенсе, алайда өзі осы орайда құштарлығына еріп, немесе басқарушы орнында қалуды қалап, тағуттың заңдарымен үкім етсе, бұл кіші күпірлік (куфр дуна куфр) және пасықтық болады. Егер ол осы жасанды заңдарды негізге алып, мұсылмандардың құқықтарын бұзса, онда ол кіші күпірлігі мен пасықтығына қоса залым болады. Әрі бұндай адам діннен шығаратын үлкен күпірліктің ернеуінде тұрады.

Бесінші амал


Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген қандай да бір нәрсені жек көретін адам, тіпті ол соған сәйкес амал жасаса да, кәпір болады.

Бұл іс адамды Исламнан шығаратындығына дәлел:
Аллаһ Тағала былай деген: **««Өйткені олар Аллаһтың түсірген дінін жек көрді. Сондықтан Аллаһ олардың амалдарын жойып жіберді»** («Мухаммад» сүресі, 9-аят). Ол сондай-ақ былай деген: **«Жоқ, Раббыңа ант! Олар өз араларында туындаған нәрседе сені төреші етпейінше, кейін сенің шығарған шешіміңнен нәпсілерін күмәнсіз күйде таппайынша және анық бағынған күйде бойсұнбайынша, иман келтірмейді»** («ән-Ниса» сүресі, 65-аят). Және де: **«Сонда Аллаһ кімді тура жолға салуды қаласа, Ислам үшін оның көкірегін кең етеді. Және біреуді адастырғысы келсе, оның көкірегін көкке шығарып бара жатқандай өте тарайтады. Өстіп Аллаһ, иман келтірмегендерді қорлайды»** («әл-Әнғам» сүресі, 125-аят).

Аллаһ үшін жақсы көру және жек көру
Аллаһ үшін жақсы көру және жек көру міндетті болып табылады, оның үстіне бұл иманның берік тұтқаларынан.

Аллаһ үшін нені жақсы көру керек?

- Аллаһ Тағала разы болған амалдарды. Бұған шариғатта келген барлық амалдар жатады, мысалы, Таухид (бірқұдайшылық).
- Осы амалдарды жасайтын адамдарды. Мысалы, пайғамбарларды, елшілерді, періштелерді, сахабаларды және барлық бірқұдайшылдарды.
- Аллаһ жақсы көретін белгілі уақыттарды. Мысалы, Қадір түнін немесе түннің соңғы үштен бір бөлігін.
- Аллаһ жақсы көретін белгілі мекендерді. Мысалы, Меккені, Мәдинаны және басқа да осы сияқты жерлерді.



Әйел көп некелілікті жақтырмағаны үшін күпірлікке түседі ме?

Шындығында, егер әйел көп әйел алу туралы шариғат үкімін жоққа шығармаса, бірақ (сүйгендігінен немесе қызғанышпен) күйеуінің өзінен басқа ешкімге үйленгенін қаламаса, онда бұл оны бұл үшін айыптауға болмайтын (табиғи) әрекет.

Алтыншы амал

Кім Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дінінен болған әлдебір нәрсені немесе Аллаһтың беретін сауабы мен Оның жазасын масқаралап кемсітсе, келемеждесе, сол күпірлікке түседі. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: **«Оларға: «Сендер Аллаһты, Оның аяттарын әрі Оның Елшісін мазақ еттіңдер ме? Сылтауратпаңдар! Иман келтіргеннен кейін кәпір болдыңдар», - деп айт»** («әт-Тәуба» сүресі, 65-66-аят).

Масқаралап-кемсіту (қорлау)

Оның мағынасы, әрі дінді масқаралап-кемсітуші адамға қатысты үкім:

Аталған жағдайдағы масқаралаудың мағынасы – кемсітіп келемеждеу. (Діннен болған бірдеңені) масқарлайтын немесе сөгетін адамға қатысты үкім – ол өзінің құрамына (Исламға қарсы) күресуді қамтитын және оны діннен шығаратын үлкен күпірлікпен кәпір болатындығы. Бұндай адам Тозақ тұрғындарының бірі болады, әрі онда мәңгі қалады. Аллаһтан бұндай хәлден пана сұраймыз. Ал дінді қорлайтын сөздерді естіген адамға келсек, ол бұған сөгіс білдіруге немесе сол жерден кетуге міндетті. Бұндай үкімге сондай-ақ дінге тіл тигізуді көріп тұрып, немесе ол туралы басқаларға айтып жатып, бірақ осы орайды мұндайға сөгіс білдірмейтін адам да жатады. Аллаһ Тағала былай деген: **«Расында, Ол сендерге Кітапта: «Аллаһтың аяттарына қарсы келіп, келеке еткенін естігенде; олар бұдан басқа сөзге ауыспайынша, олармен бірге отырмаңдар; әйтпесе сендер де солар сияқты боласыңдар», - деп үкім түсірді. Шәксіз Аллаһ мунафиқтар мен кәпірлерді біртұтас Тозаққа жинаушы»** («ән-Ниса» сүресі, 140-аят).

(Дінді) масқаралаған адамның тәубесі келесі шарттармен ғана қабылданады:

- Ол Аллаһты Оның Ұлылығына сәйкес мақтап-мадақтауы керек.
- Ол келемеждеу кезінде айтқан сөздерінен бас тартуы керек.
- Ол адамда тәубе белгілері көрінуі керек және біз оның шыншылдығы жайлы білуіміз керек.

Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіл тигізген адамға келсек, оның тәубесі шыншыл болса, онда Аллаһтың алдында қабыл болады, алайда билеуші оны бұл әрекеті үшін өлім жазасымен жазалауға міндетті.

Егер адамның сөздері қорлауды білдіретін сияқты болса (яғни басқаша да түсінетіндей түсініксіз болса), бұл адам күпірлікке түседі ме?

Бұндай адамға (бұл сөздердің харам екендігін) жеткізу және түсіндіру керек, егер ол бұл сөздері үшін тәубе етсе, оған күнә жоқ; ал егер олай жасамаса, онда шариғи соттар мен үлкен ғалымдарға жүгіну керек.

Жетінші амал

Сиқыр, әрі оған әйел мен еркекті бір-бірінен алыстату немесе оларды бір-біріне дуалап жақындату сиқырлары да жатады. Бұны жасайтын немесе бұған разы болатын адам күпірлікке түседі. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: **«Сонда ол екеуі (Харут пен Марут): «Біз – бар болғаны сынақпыз, ендеше, сиқырды үйреніп, шайтандарға бойсұнып кәпір болма!» - деп ескертпейінше, оған ешкімді үйретпейтін»** («әл-Бақара» сүресі, 102-аят).

Сиқыр

Сиқыршының белгілері:

- Шариғат рұқсат еткен дұғаның (руқияның) шарттарын бұзады, яғни оларға қайшы келеді;
- Бөлек-бөлек әріптерді жазады және түсініксіз сөздерді айтады;
- Астрологиямен айналысады, адамның алақандары мен кофе қоюы арқылы жорамалдайды;
- Түйіндерді байлайды, оларға түкіреді;
- Дуалау арқылы жақындату және алыстату сиқырларын жасайды;
- Науқасқа шариғатқа қайшы келетін нәрселерді жасауды, мысалы, харам нәрсені істеуді, намазды тастауды, малды құрбандық ретінде шалғанда Аллаһтың атын атамауды бұйырады;
- Анаңның атын сұрайды;
- Өзіне ғайыпты білуді телиді.

Сиқырдың үкімі

Сиқыр Аллаһтың келесі сөздеріне сәйкес үлкен күпірлік болып саналады: **«Сонда ол екеуі (Харут пен Марут): «Біз – бар болғаны сынақпыз, ендеше, сиқырды үйреніп, шайтандарға бойсұнып кәпір болма!» - деп ескертпейінше, оған ешкімді үйретпейтін»** («әл-Бақара» сүресі, 102-аят).

Сиқыршыға баратын адамның үкімі

Бұл жерде онымен бірге отыратын, оған әлдебіреуді жіберетін, оған хабар жолдайтын, жұлдызнама немесе алақан, немесе кофе қоюуы арқылы жорамалдау жасалатын телехабарларды, сайттар мен журналдарды оқып, қарайтын адам меңзеледі. Ондай адамның үкімі, хадисте келгендей: оның намазы қырық күн қабыл болмайды. Ал сиқыршының айтқанына сенетін адамға келсек, бұндай адам жайлы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Кім көріпкелге келіп, оған сенсе, Мухаммадқа түсірілгенге қатысты күпірлік етті».*** Бұған тыс бір-ақ жағдай – адамның сиқыршыға, оған сөгіс білдіру үшін келуі, егер ол осыған құзыретті болса.

Нушра

Бұл сиқырланған адамнан сиқырды (дуалауды) кетіру. Нушра екі түрге бөлінеді:

Шариғат тарапынан бекітілген

Бұл дуалауды (сиқырды) шариғи дем салу (руқия), рұқсат етілген дәрілер және дұғалар арқылы кетіру.

Тыйым салынған.

Дуалауды (сиқырды) кетіруде басқа сиқырды қолдану. Нушраның бұл түрі жайлы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Расында, ол шайтанның амалдарынан».***

Дуалауды (сиқырды) басқа сиқырмен кетіруге рұқсат етіледі дейтін адамды теріске шығару.

- Дуалауды сиқырмен кетіру Құранға, Сүннетке, сондай-ақ сахабалар мен бұл үмметтің сәләфтары ұстанған жолға қайшы келеді;
- Сондай-ақ осыда Құран мен Сүннетте жеткізілген дұғалармен емделуді тастау бар;
- Бұған қоса, бұда сиқыр мен сиқыршыларға қолдау жасау және олардың мұсылмандардың арасында тарауына көмек бар;
- Бұда сенімді түрде белгілі нәрселерді, атап айтқанда Құран мен Сүннетте жеткізілген дұғалар арқылы емделуді тастап, оның орнына күмәнді нәрселерге, атап айтқанда, сиқыр арқылы емделуге артықшылық беру бар;
- Дуалауды сиқырмен кетіру үшін, оны кетіретін адам да, дуаланған адам да шайтан жақсы көретін іс-әрекеттерді жасау арқылы оған жақындаулары керек болады;
- Егер сиқырланған адам сабырлық танытса, ол Пайғамбардан (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жеткізілгендей, Жәннатпен сыйланады;
- Дуалауды сиқырмен кетіру сиқырланған адамның бойындағы сиқырды көбейте түседі;
- Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өмір сүру барысында сиқырланған болатын, алайда ол сол сиқырдан басқа сиқырмен емделмеді, керісінше шариғи дұғалармен ем жасады.

Сегізінші амал

Мұсылмандарға қарсы көпқұдайшылдарға көмек пен қолдау көрсету. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері дәлел болады: **«Сендерден кім оларды дос тұтса, сонда, күдіксіз, ол солардан. Расында, Аллаһ залым елді тура жолға салмайды»** («әл-Мәида» сүресі, 51-аят).

Мұсылмандарға қарсы көпқұдайшылдарға көмек көрсету:
Мұсылман адам көпқұдайшылдар мен олардың дініне қатыссыздық пен күпірлік танытуға және бірқұдайшылықты (таухидті) ұстанушылармен достық қарым-қатынаста болып, олардың дініне сүйіспеншілік танытуға міндетті. Кімде-кім күпірлікті жақсы көрсе немесе оған разы болса, немесе күпірлік пен кәпірлерге (көпқұдайшылдарға) көмектессе, мұндай адам діннен шығаратын күпірлікке түскен кәпір болады.

Көпқұдайшылдарға көмек көрсету екі түрге бөлінеді:

Күпірлік пен діннен шығу

Бұл көпқұдайшылдарға сүйіспеншілік әрі мұсылмандарға жек көрушілік танытып, кәпірлердің мұсылмандардың үстінен жеңіске жетуін қалап оларға көмектесу.

Діннен шығаратын күпірлік болып саналмайтын көмектесу.

Егер де кәпірлерге мұсылмандарға қарсы көмектесу көпқұдайшылдарға деген сүйіспеншілік пен мұсылмандарға қатысты жек көрушіліктен емес, дүниелік пайда үшін жасалса (бұл діннен шығаратын күпірлік болып саналмай ды, бірақ үлкен күнә болып табылады).

Тоғызыншы амал

Кім кейбір адамдардың Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шариғатынан, Хыдыр Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) шариғатының шегінен шыққандай, шыға алатындығына сенсе, сол кәпір болады.

Кейбір адамдар Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шариғаты мен дінінің шегінен шыға алатындығына сенген адам білім иелерінің бірауызды пікіріне сәйкес, адамды Исламнан шығаратын үлкен күпірлікке түскен кәпір болады.

Бұндай адамға дәлелдерді түсіндіріп, оны тәубеге шақыру керек. Егер ол тәубе етпесе, билеуші оны өлім жазасына тартады. Аллаһ Тағала былай деген: **««Әй адам баласы! Мен барлығынға Аллаһтың Елшісімін...», - деп айт»** («әл-Әғраф» сүресі, 158-аят).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Егер менің бауырым Муса тірі болғанда, оған маған ілесуден басқа ешнәрсе қалмас еді».***

Бұл үкімге Ислам дағуаты жеткен Кітап иелері де кіреді, өйткені олар, бұл туралы жоғарыда айтылғандай, көпқұдайшылдар болып табылады. Хыдыр Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) шариғатының шегінен шықты ма? Хыдырдың Мусаның шариғатының шегінен шыққандығына нұсқайтын ешбір сенімді хабар жоқ, болса да, ол Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ұмметінен болмаған. Өйткені бұрын әр пайғамбар тек өз халқына ғана жіберілген еді, ал біздің пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) барлық адамдарға жіберілді және оның шариғатының шегінен шығуға ешкімнің құқығы жоқ.

Оныншы амал

Аллаһтың дінінен, оны оқып-үйренуден және оған сәйкес амал жасаудан бас тарту. Бұған Аллаһ Тағаланың мына сөздері нұсқайды: **«Раббыңның аяттары арқылы үгіт берілгеннен кейін олардан бет бұрғаннан кім залымырақ? Әрине күнәхарлардың лайықты жазасын береміз»** («әс-Сәждә» сүресі, 22-аят).

Аллаһ Тағаланың дінінен бас тарту:

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген: ***«Аллаһ кімге жақсылықты қаласа, оған дінде дұрыс түсінік береді»,*** - ал Аллаһ кімге жақсылықты қаламаса, оны Аллаһтың дінін оқып-үйренуден бет бұрғызады. Аллаһ Тағала былай деген: **««Раббыңның аяттары арқылы үгіт берілгеннен кейін олардан бет бұрғаннан кім залымырақ? Әрине күнәхарлардың лайықты жазасын береміз»** («әс-Сәждә» сүресі, 22-аят). Күнәхарлар – От (Тозақ) тұрғындары, Аллаһ бізді бұдан сақтасын.

Діннен бас тартатын адамның үкімі

Егер адам естуі мен жүрегін Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұрып, оған иман да келтірмей, оны жалған деп те санамай, оны жақсы да, жаман да көрмей , ол алып келген (шариғат пен діннен) әлдебір нәрселерге үзілді-кесілді иілмесе, онда бұндай адам діннен шығаратын үлкен күпірлікке түсті. Аллаһ Тағала былай деген: **«Ал қашан оларға: «Аллаһ түсірген Құранға және Пайғамбарға келіңдер», - делінсе, екіжүзділердің сенен жылдам бет бұрғандарын көресің»** («ән-Ниса» сүресі, 61-аят). Сондай-ақ Ол былай деді: **«Кім Раббының зікірінен жалтарса, Раббы оны барған сайын арта түсетін азапқа үшыратады»** («әл-Жин» сүресі, 17-аят).

Автордың қорытындысы

Бұл амалдардың барлығында, мейлі олар қалжың ретінде жасалса да, немесе шынымен жасалса да, немесе қорқу себебімен жасалса да - айырмашылық жоқ. Тек егер адам мұны істеуге мәжбүрленген жағдайдан бөлек. Бұл амалдардың барлығы ең қауіпті және жиі жасалатындар болып табылады. Сондықтан мұсылман адам олардан аулақ болып, оларды жасаудан өзі үшін қауіптенуі керек. Аллаһтан, Оның ашуы мен азапты жазасына алып әкелетін нәрселерден қорғаныш сұраймыз. Аллаһтың жаратылыстарының ең жақсысы болған Мухаммадқа, оған ергендерге және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Бұл амалдарды келесі жағдайларда жасаудың арасында айырмашылық жоқ:

Қорқу

Яғни, біреу өзінің мал-мүлкіне немесе лауазымына нұқсан келуінен қауіптен қорқып, осы әрекеттерді жасадым деп жалған мәлімдесе, бірақ, шын мәнісінде, ол осы әрекеттердің ешқайсысын жасауға мәжбүрленбеген болса. Аллаһ Тағала былай деген: **«Адамдардың кейбірі: «Аллаһқа иман келтірдік», - дейді, бірақ Аллаһ жолында жапа тартса, адамдардың кесірін, Аллаһтың азабындай көреді. Ал егер Раббыңнан бір жеңіс келетін болса: «Әрине, біз сендермен бірге едік», - дейді. Аллаһ әлемдегілердің іштеріндегіні жақсы біледі емес пе?»** («әл-Анкабут» сүресі, 10-аят).

Шынымен

Яғни, егер адам бұл амалдардың бірін ниеттеніп жасаса, әрі осы орайда ода ешқандай ақтауы жоқ болса.

Қалжың ретінде

Егер адам бұл амалдардың бірін жасап, кейін өзінің бұны қалжың ретінде жасағанын айтса.

Мәжбүрлену:

Діннен шығаратын амалдардың бірін жасауға мәжбүрленген адам күпірлікке түспейді. Адам мәжбүрленгенімен ақтала алатын келесі шарттар бар:

- Адам шынымен де осыған мәжбүрленген болуы керек. Сондықтан мәжбүрленген адамнан басқа, бұл амалдарды, мысалы, қауіптенгенінен немесе сыпайылық танытып жасаған адам ақталмайды;
- Ол қажеттілік шегінен шықпауы керек. Мысалы, егер адам сөгуі күпірлік болып табылатын нәрсені сөгуге мәжбүрленсе, ал ол осыны сылтауратып бір реттен көп тіл тигізсе, онда бұл күпірлік болады, өйткені ол бір-ақ рет тіл тигізуге мәжбүрленген болатын;
- Ол айқын күпірлік болатын нәрсені айтудан шамасы жеткенше аулақ болуы керек;
- Оның жүрегінде берік сенім шайқалмай тұруы керек, яғни, ол тілімен күпір сөздерін айтуға мәжбүр болса да, алайда оның жүрегіндегі иманы берік болады;
- Оның істеуге мәжбүрленген ісі басқаларға зиян тигізбеуі немесе адамдардың адасуларына себеп болмауы керек.

Маңызды ескертулер

Біріншіден: Бұл кітапты жазу барысында, автор үметті күпірлікте айыптауды мақсат етпеді, алайда оның мақсаты адамдарды, олар бұл амалдарды оқып-біліп, олардан сақтанып, оларға түсуден қорқулары үшін, үйрету еді. Егер олар бұл амалдардан сақтанса, онда имандары жарамды болады және олар ауыр азаптан құтылады. Мұсылмандар басқаларды бұл амалдарды жасаудан сақтандырулары қажет, өйткені олар аса қауіпті, сондықтан оларды біліп, олардан сақтану керек.

Екіншіден: Мұсылман адам көпқұдайшылықтан лайықты түрде қорқу үшін, діни білімді меңгеруі керек. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): ***«Аллаһ кімге жақсылық қаласа, оған дінде дұрыс түсінік береді»,*** - деген, ал дінді дұрыс түсіну – ең маңызды әрі ұлы парыздардың бірі, өйткені бұл түсіну арқылы адам өзін көпқұдайшылықтан, бидғаттардан және күнәлардан сақтап қорғайды. Адам Раббысын қаншалықты жақсы білсе, соншалықты оның іс-әрекеттері мен күйлерінде мурақаба (яғни Аллаһ Тағаланың оны бақылап тұрғанын сезу) соғұрлым күштірек сезіледі. Адамның білімі қаншалықты жоғары болса, соғұрлым оның Аллаһтың алдындағы ықыластылығы артып, иманы кемел болады. Кейбір білім иелері былай деген: *«(Кезінде) біз білімді Аллаһ разылығы үшін алған жоқ едік, алайда ол бізге (біз оны) тек Аллаһтың разылығы үшін (алғанымызда) берілді».*

Үшіншіден: Белгілі бір адамның діннен шығаратын іс-әрекетті шынымен де жасағаны расталып, сондай-ақ оған дәлел келтіріп, оның діннен шығатынына бөгет болатын кедергілерді жой ылған жағдай дан басқа, оған қатысты кәпір деп үкім шығаруға болмай ды. Бұндай үкім шығаруға құқығы бар адам – мұсылмандар арасындағы билік иелері, сондай -ақ олардың орнын басатын шариғи соттар, және олардың дәрежесіне жеткендер. Ал қарапайым мұсылмандарға келетін болсақ, олар мұндай мәселелерді талқылауға кіріспеуі керек.

Төртіншіден: Автордың өз еңбегін "Аллаһтан, Оның ашуы мен азапты жазасына алып әкелетін нәрселерден қорғаныш сұраймыз» деген сөздермен аяқтауы оның ізгі ниеті мен оқырманға игілік тілейтініне нұсқайды. Әрі бұл автордың барлық еңбектеріндегі әдеті, Аллаһ оны рахымына алсын, оны кешіріп, мол сауабын нәсіп етсін.

Өзіңді тексер

Келесі сұрақтардың барлығына арнайы белгіленген орындарда жауап жаз.

1. Автор еңбектерін не себепті «бәсмәләмен» бастайды?

1) .....
2) .....
3) .....
4) .....

2. «Исламнан шығаратын амалдар» деген не?

.....
.....

3. Ғұламалар не себепті кейде: «Исламды бұзатын амалдар», - ал кейде: «Исламның күшін жоятын амалдар» деп айтады?

.....
.....

4. Бұл амалдарға қатысты ғұламалардың пікірлері бірауызды ма?

.....
.....

5. Бұл істер шектеулі ме?

- шектеулі
- шектеусіз
- белгілі санмен шектелмейді, алайда жалпы белгілі түрлерге бөлінеді

6. Автор не себепті олар он деп айтқан?

.....
.....

7. **Егер Құран мен Сүннетте амал белгілі санмен шектеліп айтылса, бұл амалдар шын мәнісінде де сол санмен шектеледі ме, әлде ол одан көбірек болуы мүмкін бе?**

……

……

8. **Не себепті кейде амалдар белгілі санмен айтылса да, бірақ сол санмен шектелмейді**

……

……

9. **Белгілі санмен айтылып әрі сонымен шектелген амалдарға мысал келтір.**

……

……

10. **Белгілі санмен айтылған, алайда сол санмен шеткелмейтін амалдарға мысал келтір.**

……

……

11. **Автор Исламнан шығаратын амалдардың саны оннан көп деп санайды ма?**

……

……

12. **Бұндай қорытындыны автордың қандай сөздерінен шығаруға болады?**

……

……

13. **Бұл амалдарды қандай да бір жолмен шектеу мүмкін бе?**

……

……

14. Жалпы бұл амалдарды қандай түрлерге бөлуге болады?

1) ……
2) ……
3) ……
4) ……

15. Біз «Исламнан шығаратын амалдарды» не себепті оқып-үйренуіміз қажет?

……
……

16. Автордан басқа біреу бұл тақырыпқа байланысты еңбектер жазған ба?

……
……

17. Біз амал мен сол амалды жасаған адамның арасын ажыратуымыз керек пе?

……
……

18. Бұндай ажыратудың себебі неде?

……
……

19. Автордың мақсаты үмметті күпірлікте айыптау болды ма?

……
……

20. Бұл амалдар жайлы білген мұсылманның міндеті қандай?

……
……

21. Автор бұл жолдауда көпқұдайшылықтың қандай түрін меңзеген?

……
……

22. Үлкен және кіші көпқұшалықтың арасында қандай айырмашылықтар бар?

……
……
……
……
……
……

23. Үлкен көпқұдайшылық жасаған адамның тәубесі қабыл алынады ма? (Және де) ол қай кезде қабыл болмайды?

……
……

24. Қандай күнә ауырырақ: кіші көпқұдайшылық па, әлде үлкен күнәлар ма?

……
……

25. Белгілі амал үлкен күнә екендігіне нұсқайтын қандай белгілер бар?

……
……

26. Үлкен күнәлар белгілі бір санмен шектеледі ме?

……
……

27. Үлкен күнә жасаған адамға қатысты үкім қандай? Оны жақсы көру немесе жек көру керек пе?

……
……
……
……

28. Үлкен күнә жасап жатқан адамның қасында отыруға болады ма?

……
……

29. Үлкен күнәлардың әртүрлі дәрежелері бар ма? Бұған қандай дәлел бар?

……
……

30. Үлкен күнәлар жақсы амалдар жасалғанда кешіріледі ме, әлде олардың кешірілуі үшін тәубе міндетті ме?

……
……

31. Тыйым салынған амалдардың қанша түрі бар?

……
……

32. Мал союдың түрлерін атап шық.

1) ……
2) ……
3) ……

33. Малды шалу қай жағдайда үлкен көпқұдайшылық болады?

……
……

34. Шапағаттың түрлерін атап шық.

1) .....
2) .....
3) .....

35. Тәуекел (тәуәккул) деген не?

.....
.....

36. Тәукелдің түрлерін атап шық.

1) .....
2) .....
3) .....

37. «Мен пәленге тәуекел етемін» немесе «Мен Аллаһқа, кейін пәленге тәуекел етемін» деп айту рұқсат етілген бе?

- рұқсат етілген

- рұқсат етілмеген

38. Бұл жағдайда қалай айтуға болады?

.....
.....

39. Көпқұдайшылдардың күпірлігіне нұсқайтын дәлел келтір. Кітап иелері олардың қатарларына жатады ма?

.....
.....

40. Бұл біздің олармен жасаған келісімшарттар мен міндеттемелерді орындауға міндетті емес екендігімізді меңзейді ме?

.....
.....

41. Адамдар келісімшартта болған кәпірлермен қарым-қатынастарында үш түрге бөлінеді:

1) .....
2) .....
3) .....

42. Аллаһ түсірмеген нәрсемен үкім шығарудың қандай түрлері бар?

.....
.....

43. Аллаһ үшін нені жақсы көріп, нені жек көру керек?

.....
.....

44. Аллаһ үшін жақсы көрудің үкімі қандай?

.....
.....

45. (Аллаһтың дінінен бірдеңені) келемеждеген адам күпірліктің қандай түрін жасаған болады?

.....
.....

46. (Дінді) мазақ қылып, қорлайтын адамның тәубесі қабыл алынады ма? (Жауап) иә болса, қандай шарттармен?

1) .....
2) .....
3) .....

47. Аллаһ Елшісіне (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) тіл тигізген адамға қатысты үкім қандай?

.....
.....

48. Осындай қорлау сөздерін естіген адамның жағдайы қандай?

……
……

49. Сиқыршылардың күпірлігіне нұсқайтын дәлел қандай?

……
……

50. Сиқыршының қандай белгілері бар?

……
……

51. Сиқыршыға баратын адамның жағдайы қандай?

……
……

52. «Сиқыршыға баратын» деген сөздерге тағы не нәрселерді жатқызуға болады?

……
……

53. Нушраның (дуалауды, сиқырды кетірудің) түрлері қандай

1) ……
2) ……

54. Дуалауды (сиқырды) басқа сиқыр арқылы кетіруді рұқсат ететін адамды қалай теріске шығаруға болады?

1) ……
2) ……
3) ……
4) ……
5) ……
6) ……
7) ……
8) ……

55. Көпқұдайшылдарға мұсылмандарға қарсы көмек көрсетуге қатысты үкім қандай?

……

……

56. Әлдебір адам Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) шариғатының шегінен шыға алады ма?

……

……

57. Хыдыр Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) шариғатының шегінен шыққан еді ме?

……

……

58. Діннен бет бұрудың үкімі қандай?

……

……

59. Автор «қорыққанын» деген сөздерімен нені меңзеген? Ол оны «мәжбүр болған» мағынасында меңзеді ме?

……

……

60. Адам мәжбүрлену себебімен ақтала алатын шарттарды келтір.

1) ……
2) ……
3) ……
4) ……
5) ……

61. Автор не себепті еңбегін дұғамен аяқтады?

……

……

62. Мұсылман адам көпқұдайшылықтан қалай қорқуы және сақтануы керек?

……

……

СІЛТЕМЕЛЕР

- http://ALSARHAAN.COM – шейх Хайсам Сарханның ресми сайты
- http://MAHADSUNNAH.COM - шейх Хайсам Сархан басшылығындағы "Сунна" институты
- facebook.com/hsarhan – «Facebook» желісіндегі қауымдастық
- vk.com/haytham_sarhan – «ВКонтакте»-дегі қазақ тілді қауымдастық
- https://t.me/sarhan98 – «Telegram»-дағы қазақ тіліндегі арна.
- https://youtube.com/playlist?list=PLBFEt29we81TJNd5C2HL_3XuOOC_Rp7r4 шейх Хайсам Сарханның Ютуб желісіндегі қазақ тіліндегі ресми арнасы

Қателер тапқан жағдай да, бізге қатеге нұсқап, электрондық поштаға жазуыңызды сұраймыз:
islamtorrent@gmail.com

Кітаптың мазмұны:

1. **«Қабірдегі сұрақтардың»** түсіндірмесі..... 1
2. **«Қабірдегі сұрақтарға»** қатысты емтихан сұрақтары..... 48
3. **«Исламдағы төрт ереже»** жолдауының түсіндірмесі..... 54
4. **«Төрт ережеге»** қатысты емтихан сұрақтары.....69
5. **«Исламның шығаратын амалдар»** жолдауының түсіндірмесі.....71
6. **«Исламнан шығаратын амалдарға»** емтихан сұрақтары.....95

Бұл шағын кітап өзінің құрамына Пайғамбар Мешіті жанындағы институттың бұрыңғы ұстазы, қазіргі кезде "Сүннет" институтының жетекшісі, шейх Хайсам Сарханның (Аллаһ оған есендік берсін) мұсылман қауымдастығына танымалы "Қабірдегі сұрақтар", "Исламдағы төрт ереже", "Мұсылмандарды Исламнан шығаратын амалдардан сақтандыру" жолдауларына жасаған түсіндірмелерін қамтыған. Кітап қалың мұсылман ортасына арналғандықтан өте жеңіл және түсінікті тәсілмен жазылған. Бұған қоса кітап онда қарастырылған мәселелерді түсінуді жеңілдететін кестелер мен схемаларға бай.

ALSARHAAN.COM
MAHADSUNNAH.COM

Шейх
Хайсам Сархан

التقسيم والتقعيد للقول المفيد

Шейх Ибн Усаймининің

«ПАЙДАЛЫ СӨЗ»

кітабынан алынған
маңызды ескертпелер

هيثم خان

Шейх Ибн Усаймининнің «Пайдалы сөз» кітабынан алынған маңызды ескертпелер

Кітапты дайындаған — Раббысының кешіріміне мұқтаж
шейх Хайсам ибн Мухаммад Сархан

Пайғамбар ﷺ мешітінің бұрынғы ұстазы, қазіргі танда —
«Сунна» институтының жетекшісі
mahadsunnah.com

Бірінші басылым

Мекка
2026

Сархан, Хайсам ибн Мухаммад

Шейх Ибн Усайминнің «Пайдалы сөз» кітабынан маңызды ескертпелер // «Пайдалы сөз» кітабына арналған кестелер мен диаграммалар. — 1-басылым. Жинақтап дайындаған: Хайсам ибн Мухаммад Сархан. Қазақ тіліне аудармасы. — Мекке: «Таухид» баспасы, 2026. — 400 б.



Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

Біз мадақтап, жәрдем мен кешірім сұрайтын Аллаһқа бүкіл мақтау-мадақтар болсын. Нәпсілеріміздің және жаман істеріміздің кесірінен Аллаһтан пана тілейміз. Аллаһ кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, ал кімді адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Мен жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екеніне және Мухаммад Аллаһтың құлы әрі Елшісі екеніне куәлік етемін, ал содан соң:

Кітапты оқудан бұрын, мына нәрселерді біліп алыңыз

1) Кітапты оқудан бұрын оның негізгі мәтінін игеру (оны жаттап алыңыз, өйткені әрбір жаттаушы — *имам*).
2) Кітапта келтірілетін әр аяттың қай жағынан тиісті тараудың тақырыбына дәлел болып табылатынын зерттеп, оның осы тарауда келтірілген себептерін білу.
3) Әрбір тараудың «Таухид кітабына» сәйкестігін, сондай-ақ оның келтірілу себебін зерттеп, кітапты жүйелей білу.
4) Назарды белгілі бір *шархқа* (түсіндірмеге) шоғырландыру, әрі біздің осыдағы негізіміз шейх Ибн Усайминнің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) «әл-Қауль әл-Муфид» еңбегі болып табылады. Әрі алған білімдеріміз бір-бірімен шатыспауы үшін, біз бір *шархты* аяқтағаннан кейін ғана басқа *шархты* зерттеуге кірісеміз.

Біз не себепті осы кітапты оқып үйренеміз?

1) Өйткені *раббани* (тәрбиеші) ғалымдар оны оқуға кеңес берген.

2) Өйткені бұл осы тақырыпта жазылған ең жақсы кітап.
3) Өйткені автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) өзіне қайшы келетін-дердің дәйектерді өте керемет үлгіде теріске шығарып, күмәндарды дәлелдермен жоққа шығарады.
4) Аллаһ Тағала бұл кітапты адамдардың арасында танымал әрі сый-лы етті.
5) Ғалымдар оны оқып зерттеуді әрі жаттап алуды насихат ететін.
6) Кітап өте жақсы реттелген және тарауларға бөлінген.
7) Ғалымдар бұл кітапты оқытуға ерекше көңіл бөлген және оған көп-теген шархтар (түсіндірмелер) жазған.
8) Кітап Құран мен Сүннеттен келтірілген дәлелдерге толы.
9) Кітап қарапайым және жеңіл үлгіде жазылған.

«Бірқұдайшылық кітабы» тарауларының қысқаша түсіндірмесі (кітапта жалпы 67 тарау бар)

Кез-келген кітапты оқудан бұрын оның кіріспесін және тарауларының атауларын оқыған жөн, бұл кітаптың мазмұнын, оның жазылу әдісін білу әрі кітап жайлы толық түсінікке ие болу үшін қажет. Сондықтан біз осы кітабымызды 10 бөлікке бөле аламыз:

Бірінші бөлім Кіріспе (5 тарау)

1. Автор бұл тараудың атын қоймады, алайда біз оны «Бірқұдайшылықтың міндеттілігі жайлы тарау» деп атай аламыз.

Автор бұл тарауды бірқұдайшылықтың (таухидтың) — ең алғашқы және ең басты міндет екеніне әрі ол барлық пайғамбарлардың шақыруы, дағуаты болғанына нұсқау үшін келтірді.

2. Бірқұдайшылықтың артықшылығы әрі ол күнәлардың өтемі екендігі жайлы тарау.

Автор бұл тарауды адамдарды [бірқұдайшылыққа] үгіттеу және әлдебір нәрсенің артықшылығын айту оның парыз еместігін көрсетпейтінін түсіндіру үшін келтірді, өйткені адамдарды бірқұдайшылықты үйренуден және оны үйретуден тыйып, қайтаратындар бар.

3. Бірқұдайшылықты лайықты түрде ұстанған адам Жәннатқа есеп-хисапсыз кіретіндігі жайлы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшылықты ширктен (көпқұдайшылықтан), бидғаттардан (дінбұзар жаңалықтардан) және күнәлардан тазарту үшін келтірді, әрі бұл тарау бірқұдайшылықтың міндеттілігі туралы тараулардан кейін келтірілу керек еді.

4. Көпқұдайшылықтан қорқу керектігі жайлы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшылықты іс жүзінде ұстанғысы келетін әрбір адам өзі үшін де, басқалар үшін де көпқұдайшылықтан қорқуы керек болғандықтан, сондай-ақ кейбір адамдар өздерін бірқұдайшылықты ұстанамыз деп ойласа да, алайда бұл ондай емес болғандықтан келтірген.

Осы тараудан кейінгі әрбір тарау да бірқұдайшылықты жүзеге асыру тақырыбына қатысты, мысалы: көпқұдайшылықтан сақ болу керектігі туралы тарауда бірқұдайшылықтың жүзеге асуы қарастырылады.

5. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ куәлігіне шақыру тарауы.

Автор бұл тарауды екі себеппен келтірді, ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі:

- Өйткені бірқұдайшылықты жүзеге асырғысы келетін әрбір адам Пайғамбарымыз ﷺ сияқты оған шақыруы қажет.
- Ең бірінші кезекте шақырылатын нәрсе — бұл намаз дейтіндерді теріске шығару үшін.

Екінші бөлім
Бірқұдайшылықты түсіндіру (9 тарау)

6. Бірқұдайшылықты және Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ куәлігін түсіндіру жайлы тарау.

Шейх бізге бірқұдайшылықтың парыздығын айтып, бізді соған үндеп, оның міндеттілігіне және оған қайшы келетін нәрселерден қорқу қажеттігіне нұсқап (ал бұл *ширк* — көпқұдайшылық), оған шақыру жайлы айтқан соң, бізге бірқұдайшылықтың мәнін түсіндіру орынды. Сондықтан да оны түсіндіру осы тараудан бастап, кітаптың соңына дейін жалғасады.

7. Бәле-жаладан құтылу немесе оның алдын алу үшін сақина (білезік), бау және соған ұқсас нәрселерді тағудың көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау.

Бұл тарау бірқұдайшылықты оған қайшы келетін нәрселерді зерттеу арқылы түсіндіру жайында.

8. Дем салу мен тұмарлар туралы не айтылғандығы туралы тарау.

Автор бұл тарауды құрамында Аллаһқа серік қосу бар және шариғатқа қайшы келетін руқия (дем салу) мен тұмарлар туралы түсіндіру үшін келтірген.

9. Талдардан, тастардан және соған ұқсас нәрселерден береке сұрайтын адамдар жайлы тарау.

Бұл тарау бірқұдайшылыққа қайшы келетін, тыйым салынған табаррукты түсіндіру үшін келтірілген.

10. Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалу (*забх*) жайлы тарау.

Бұл тарауда автор Аллаһтан басқаға махаббат және тағзыммен шалынған құрбандықтың бірқұдайшылыққа қайшы келетіндігіне нұсқады.

11. Аллаһтан басқа үшін құрбан шалынатын жерде Аллаһқа құрбандық шалуға тыйым салынғандығы туралы тарау.

Бұл тарауда Аллаһқа серік қосушы мүшриктерге ұқсап еліктейтін кейбір білімсіз адамдардың солардың мейрамдарына қатысу және олардың ғибадат орындарына бару секілді бірқұдайшылыққа қайшы келетін істері баяндалады.

12. Аллаһтан басқаға нәзір беру — көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау.

Бұл тарауда бірқұдайшылыққа қайшы келетін тыйым салынған нәзірлер жайлы айтылған.

13. Аллаһтан басқа біреуден қорғау (пана) сұраудың көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау.

Шейх Аллаһтан басқа ешкімнің шама-құдіреті жетпейтін нәрседе Аллаһтан басқаға пана сұрап жалбарыну бірқұдайшылыққа қайшы келетінін түсіндірді.

14. Аллаһтан басқадан құтқаруды тілеу немесе Аллаһтан басқаға дұға етіп жалбарыну көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі жайлы тарау.

Шейх қиын жағдайда Аллаһ қана құдіретті болаған нәрселерде Аллаһтан басқа біреуден көмек сұраудың бірқұдайшылыққа қайшы келетінін түсіндіргісі келді.

Үшінші бөлім

Аллаһтан басқа кімге болсын құлшылық етудің жарамсыздығы (4 тарау)

15. Аллаһ Тағаланың «Олар ешнәрсе жаратпайтын әрі өздері де жаратылған болып табылатын біреулерді Аллаһқа серік етіп қосады ма?» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау Аллаһтан басқа ешкімнің, мейлі ол пайғамбарлар, пұттар және басқалар болсын, құлшылыққа лайықты емес екеніне нұсқау үшін келтірілген.

16. Аллаһ Тағаланың «Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар (періштелер) өзара: «Раббыларың не айтты?» — десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ — аса Жоғары, тым Үлкен», — деседі», — деген сөздері туралы тарау.

Шейх бұл тарауда періштелер құлшылыққа лайықты емес екендігіне нұсқады.

17. Шапағат (шәфаға) жайлы тарау.

Бұл тарауда кәпірлердің өз құдайларының шапағатына сүйенуінің бос-жарамсыз екенін түсіндіреді.

18. Аллаһ Тағаланың «(Мухаммад,) расында, сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың», — деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарауда Аллаһ Тағаладан басқа ешкім тура жолға сала алмайтындығына нұсқалады.

Төртінші бөлім
Адам баласының күпірлігінің себебі (4 тарау)

Автор бірқұдайшылықтың мәнін түсіндіріп, Аллаһтан басқаға құлшылық етудің жарамсыздығына нұсқағаннан кейін, күпірліктің себептерін көрсеткісі келді әрі осыдағы мақсат — біздің олардан сақтануымыз үшін.

19. Адамдардың күпірлігі мен олардың діннен шығуының себебі ізгі-салиқалы адамдарды шектен тыс ұлықтау екендігі туралы тарау.

Бұл адамдардың күпірлікке түсуінің ең қауіпті себебі болып табылады әрі жер бетінде жасалған алғашқы көпқұдайшылықтың көрінісі де дәл осы болған.

20. Ізгі адамдардың өздеріне құлшылық ету ғана емес, тіпті олардың қабірлерінде Аллаһқа құлшылық етудің қатты сөгіске лайық амал екендігі жайлы тарау.

Көпқұдайшылықтың себептеріне мүсіндер, бейнелер және қабірлерді ғибадат орындарына (мешітке) айналдыру жатады.

21. Ізгі-салиқалы адамдардың қабірлеріне шектен тыс құрмет көрсету оларды Аллаһтан басқа құлшылық етілетін пұттарға айналдыратыны туралы тарау.

Күпірліктің себептерінің бірі — ізгі-салиқалы кісілердің қабірлерін шектен тыс қастерлеу.

22. Ардақты Пайғамбарымыздың ﷺ бірқұдайшылықтың тазалығын қалай қорғағаны және көпқұдайшылыққа апаратын кез келген жолды жапқаны туралы тарау.

Пайғамбарымыз ﷺ ақида және амал мәселелерінде көпқұдайшылыққа апаратын жолдарды толық жапқан. Сондай-ақ, кейінірек келетін тарауларда Пайғамбарымыздың ﷺ күпірлікке апаратын сөздерден сақтандырғаны туралы айтылатын болады.

Бесінші бөлім

Бұл үмметте немесе Араб түбегінде бұдан кейін көпқұдайшылықтың көріністері орын алмайды дейтіндердің дәлелдерін теріске шығару (бір тарау)

23. Осы үмметтің кейбір мүшелері пұттарға табынатыны туралы тарау.

Алтыншы бөлім

Шайтани амалдар (7 тарау)

24. Сиқыр жайлы тарау.

Бұл тарау сиқыр Аллаһқа күпірлік ету (сенбеу) арқылы ғана жасалатындығынан және ол ширкке апаратын ең үлкен жолдардың бірі болғандықтан келтіріледі.

25. Сиқырдың кейбір түрлері жайлы тарау.

[Әлдебір нәрсе жайлы шешендік өнермен баяндап беру де сиқырдың бір түрі болып табылады]. Бұл тарауда біз аулақ болу керек болған сиқырдың түрі жайлы баяндалады.

26. Көріпкелдер, балгер-сәуегейлер және соларға ұқсас адамдар жайлы тарау.

Тарауда олар туралы баяндалады әрі оларға сенудің шариғи үкімі және оның түрлері түсіндіріледі.

27. Сиқырды кетіру жайлы тарау.

Бұл тарау сиқырды кетірудің аталған тыйымына қатысты анықсыздықты түсіндіру және оның рұқсат етілген түрлерін баяндау мақсатында келтірілген.

28. Ырымдар жайлы тарау.

Бұл тарау исламнан бұрынғы надандық (жәһилия) кезіндегі адамдардың жаман ырымдар жайлы көзқарастарының жалған екендігін түсіндіреді.

29. Жұлдыздар жайлы ғылым (тәнжийм) туралы тарау.

Бұл тарауда жұлдызнаманың (астрологияның) жалғандығы жайлы айтылады.

30. Жұлдыздардан жаңбыр сұрау жайлы тарау.

Бұл тарауда Аллаһқа серік қосу (ширк) болып табылатын себептерге сүйенуден сақтандыру бар.

Жетінші бөлім
Жүрек амалдары (9 тарау)

31. Аллаһ Тағаланың «Адамдардың арасында Аллаһқа басқаларды тедес етіп алып, оларды Аллаһты сүйетіндей жақсы көретіндер бар» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарауда әлдебір жаратылысты Аллаһты жақсы көргендей немесе Одан да қатты жақсы көретін адамның бірқұдайшылығының жарамсыздығына нұсқалады.

32. Аллаһ Тағаланың «Бұл сендерді өзінің көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана. Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мүмин болсаңдар», — деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау әлдебір жаратылысқа Аллаһқа тәуекел еткендей немесе одан күштірек тәуекел еткен адамның бірқұдайшылығының жарамсыздығына нұсқайды.

33. Аллаһ Тағаланың «Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау жаратылысқа Аллаһқа тәуекел еткендей немесе одан күштірек тәуекел еткен адамның бірқұдайшылығының жарамсыздығына нұсқайды.

34. Аллаһ Тағаланың «Олар Аллаһтың мәкірінен аман бола алады ма?» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау бірқұдайшыл адам жүрегінде Аллаһқа деген сүйіспеншілік пен қорқынышты біріктіріп, Оған қарай ұмтылуы қажетекендігіе нұсқайды.

35. Аллаһ Тағаланың жазған тағдырына сабыр ету — Аллаһқа деген иманның көрінісі екендігі туралы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшыл (муаххид) адам қайғы-қақтығыстарға қалай төзім көрсету керектігіне нұсқау үшін келтірді.

36. Рия (көзбояушылық) жайлы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшыл адам үшін рияның үлкен қаупін көрсету үшін келтірген және рия Пайғамбарымыздың ﷺ өз сахабалары үшін қорыққан ең үлкен нәрсесі екендігіне назар аударған.

37. Адамның ізгі амалдарды дүние игілігіне қол жеткізу үшін жасауға ұмтылуы ширктің көрінісі екендігі туралы тарау.

Бұл тарауда дүниені (дүние тіршілігін) қалап, Ақырет амалдарын жасаған адамның көпқұдайшылық жасайтыны түсіндіріледі. Бұның өлшемі — адамның дүниелік нәрселердің себебінен разы болуы немесе ашулануы.

38. Ғалымдар мен билеушілерге олар Аллаһтың халал еткен нәрселерін харам еткенде, немесе харам еткен нәрселерін халал еткенде бағынатын адамдар соларды (өздеріне) Раббы ететіні туралы тарау.

Автор бұл тарауда үкім үшін Аллаһтан басқаға жүгінудің бірқұдайшылыққа қайшы келетініне нұсқаған.

39. Аллаһ Тағаланың: «Олар үкім үшін тағутқа жүгінгісі келеді» деген сөздері туралы тарау.

Автор бұл тарауды бірқұдайшылдарға тағутқа күпірлік таныту ұғымының мағынасын түсінуге көмектесу, сондай-ақ ақиқат пен жалған сенімнің айырмашылығын түсіндіру үшін келтірген.

Сегізінші бөлім
Есім-сипаттардағы бірқұдайшылық (1 тарау)

40. Аллаһ Тағаланың қандай да бір есімін немесе сипатын жоққа шығаратын адам жайлы тарау.

Автор бұл тарауды Аллаһтың есімдері мен сипаттарының кез келгенін жоққа шығаратын адамның таухидінің жоқтығын көрсету үшін айтқан.

Тоғызыншы бөлім
Сөздер мен ширкке қатысты тыйымдар (26 тарау)

41. Аллаһ Тағаланың: «Олар Аллаһтың нығметтерін танып, кейін оның теріске шығарады» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамның Аллаһ оған берген нығметтерін қалай қабыл алуы керектігін түсіндірді.

42. Аллаһ Тағаланың «Сондықтан біле тұра Аллаһқа ешкімді теңдес етпеңдер» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамның Аллаһтан басқамен берілген антқа деген көзқарасы жайлы айтып, сондай-ақ «және» жалғауы мен «кейін» үстеуінің айырмашылығын түсіндірді.

43. Аллаһтың атымен берілген антқа қанағаттанбайтын адам жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамның алдында біреу Аллаһтың атымен ант еткенде, ол жүрегінде Аллаһты қалай ұлықтау керектігін түсіндіреді.

44. «Аллаһ қалады және Сен қаладың» деген сөздер жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адам қалауы бойынша біреуді Аллаһқа теңеуден аулақ болу керек деп атап көрсеткен.

45. Уақытты сөгетін адам Аллаһқа тіл тигізген болатыны жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамның Аллаһ өзіне бағынышты еткен әлдебір нәрсені сөгуден аулақ болуы керектігін түсіндірді. Өйткені олай сөгу сол нәрсені бағындырғанға (яғни Аллаһқа) тіл тигізу болып есептеледі.

46.«Билердің биі» немесе сол сияқты атақтар жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адам Аллаһ Тағаланың раббылығына қол сұғудан сақтануы керектігін түсіндірді.

47. Аллаһ Тағаланың есімдерін қадірлеп құрметтеу мндетті екендігі және осы үшін атты ауыстыру жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамның Аллаһтың есімдеріне, сипаттарына, дініне және пайғамбарларына құрмет көрсетіп, ұлықтау керектігін баяндайды.

48. Аллаһ Тағала, Құран Кәрім немесе Аллаһтың Елшісі ﷺ жайлы қалжыңдау туралы тарау.

Автор кімде-кім (Аллаһтың дінін) мазақ етсе, таухид (иман) негіздерінен айырылатындығын түсіндірді; ол сондай-ақ мұсылмандардың бұған қалай қарау керектігін және тілдерін [тыйым салынған сөздерді айтудан] сақтау керектігін баяндады.

49. Аллаһ Тағаланың «Ал егер Біз оған ол шалдыққан бейнеттен кейін мәрхаметімізден таттырсақ, ол: «Бұл менің ақым...», — дейді» деген сөздері туралы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамның оған нығметтер келгенге дейін және келгеннен кейін өзін қалай ұстауы керектігін түсіндірді.

50. Аллаһ Тағаланың «Ал Аллаһ оларға салиқалы бала берген кезде, олар өздеріне берілген балаға қатысты Аллаһқа серік қоса бастады. Аллаһ олардың қосқан серіктерінен жоғары (Пәк)» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамға әлдебір нығмет берілгеннен кейін ол өзін қалай ұстауы керектігін, сондай-ақ Аллаһтан басқа біреуге құлдықты білдіретін есіммен ат қоюға болмайтынын түсіндірді.

51. Аллаһ Тағаланың «Аллаһтың ең көркем есімдері бар. Сондықтан Оған солар арқылы дұға етіңдер» деген сөздері туралы тарау.

Бұл тарау бірқұдайшыл адамды Аллаһ Тағаланың көркем есімдерін бұрмалаудан сақтандырады.

52. «Аллаһқа әс-сәләм («әс-сәләму ғалә Аллаһ»)» деген сөздердің тыйым салынғандығы жайлы тарау.

Бұл тарауда автор бірқұдайшыл адамды Аллаһ Тағалаға деген орынсыз көзқарасты білдіретін сөздер айтудан сақтандырған.

53. «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені кешіре гөр!» деген сөздер жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамды дұға ету кезінде «егер бұны Аллаһ қаласа» («ин ша Аллаһ») сөздерін қолданудан сақтандырған.

54. «Менің құлым» және «менің күңім» деген сөздердің тыйым салынғандығы жайлы тарау.

Бұл тарауда автор бірқұдайшыл адамның сөз тіркестерін дұрыс таңдауы керектігін көрсетеді.

55. Аллаһтың атымен сұраған адамдамның өтінішін қабылдаудан бас тартуға болмайтындығы жайлы тарау.

Автор бұл тарауда егер бірқұдайшыл адамнан Аллаһтың атымен бір нәрсе сұралса, одан бас тартпау керектігін, сол арқылы Аллаһ Тағаланы ұлықтау керектігін көрсетеді.

56. Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрау рұқсат етілгендігі жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адам Аллаһ Тағаланы ұлықтауы және Оған қатысты орынсыз қарым-қатынас жасамау керектігін көрсетеді.

57. «Егер…» деген сөз жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адам сөйлегенде дұрыс сөздер таңдап, үкімдер мен тағдырға наразылық көрсетпеу керектігін көрсетеді.

58. Желді сөгудің тыйым салынғандығы жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамға ұнамсыз нәрсені көргенде жақсы сөздерді қолдану қажеттігін көрсетеді.

59. Аллаһ Тағаланың «Олар надандық дәуіріндегідей Аллаһ туралы әділетсіз ойлады…» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшылдарды надандық дәуіріндегідей Аллаһ туралы жаман ойлаудан сақтандырады.

60. Тағдырды жоққа шығарушылар жайлы тарау.

Автор бұл тарауда бірқұдайшыл адамның тағдырға дұрыс сенуге міндетті екенін көрсетеді.

61. Сурет-бейнелер салатын адамдар жайлы тарау.

Автор бұл тарау бірқұдайшыл адам раббылық сипаттарға қол сұғудан сақ болуы керек екенін көрсетеді.

62. Көп ант беру жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адам адамдармен қарым-қатынасында өз антында тұрып, Аллаһты ұлықтауы керектігін атап көрсетеді.

63. Аллаһ Тағаланың және Оның Пайғамбарының құқықтарын қорғау жайлы тарау.

Автор бірқұдайшылықты ұстанушы адамның қуанышта да, қайғыда да Аллаһ пен Оның Елшісін ﷺ ұлықтауы керектігіне назар аударған.

64. Аллаһтың атынан берілген ант жайлы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамның раббылық қасиеттерге қол сұғудан және Аллаһтың Өз құлдарына деген мейірімін шектеуден сақтану керектігін атап көрсетеді.

65. Аллаһтан Ол Өз құлдарының алдында шапағат етуін сұрауға болмайтындығы туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамды қандай да бір жаратылысты Жаратушыдан жоғары қоюдан сақтандырды.

66. Пайғамбардың ﷺ бірқұдайшылықтың қолсұғылмашылығын қорғауы және көпқұдайшылыққа апаратын жолдарды жабуы туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамды көпқұдайшылыққа апаратын кез келген сөзден сақтандырды.

Оныншы бөлім
Қорытынды (1 тарау)

67. Аллаһ Тағаланың «Олар Аллаһты шын мәнінде қадірлей алмады» деген сөздері туралы тарау.

Автор бірқұдайшыл адамды Аллаһты лайықты түрде ұлықтамаған көпқұдайшылдардың ізімен жүруден сақтандырады.

Бірінші бөлім
Кіріспе (5 тарау)

Автор не себепті кіріспе сөзді келтірмеді?

1) Кейбір көшірмешілер оны жіберіп алған, өйткені кейбір қолжазбаларда «бәсмәлә», Аллаһқа мақтау-мадақ сөздері және Пайғамбарға ﷺ салауат айту бар.
2) Автор кітаптың атымен ғана шектелді, өйткені оның өзі-ақ кітаптың мән-мағынасы мен негізіне нұсқайды, ал бұл — бірқұдайшылық (таухид).
3) Автор осынысымен өзінің «Сахих» кітабына кіріспе жазбаған имам әл-Бухаридің үлгісін ұстанды, осылайша ол жүректерді Құран мен Сүннетке тікелей байланыстырғысы келді.
4) Кітаптың алғашқы бес тарауы кіріспенің орнын толыққанды алмастыра алады.

Бірқұдайшылықтың (таухидтың) анықтамасы

Шариғи мағынасы: Бұл Аллаһты тек Оған ғана тән нәрселерде жалғыз ету, ал бұл оның раббылығында, құлшылыққа лайықты құдайлығында және есімдері мен сипаттарында көрініс табады.

Тілдік мағынасы: «Бір нәрсені жалғыздау» дегенді білдіретін «уәххәдә» етістігінен туындайтын есім.

↳ ***Таухид әр-рубубия*** (раббылықтағы бірқұдайшылық) — бұл Аллаһ Тағаланың жалғыз Жаратушы, барлық нәрсенің Иесі және Билеушісі екеніне деген немесе Оның барлық іс-әрекеттерінде Теңдессіз әрі Жалғыз екендігі жайлы сенім.

↳ ***Таухид әл-улюһия*** (құлшылыққа лайықты құдайлықтағы бірқұдайшылық) — Аллаһ Тағаланың құлшылыққа лайықты құдайлығында не-

месе құлдарының (ғибадат) амалдарына қатысты Жалғыздығы жайлы сенім.

↳ ***Таухид әсмә уәс-сыфат*** (Есімдер мен Сипаттардағы бірқұдайшылық) — бұл Аллаһ Тағаланың Өз Кітабында немесе Өзінің Елшісінің ﷺ сөздері арқылы Өзін атаған есімдері мен сипаттаған сипаттарында Жалғыз әрі Теңдессіз екендігі жайлы сенім. Бұл сенім Аллаһқа қатысты Ол Өзіне қатысты бекіткен нәрселерді бұрмалаусыз, терiске шығарусыз, «Қандай?» деген сұрақ қоюсыз және жаратылыстарына ұқсатусыз жүзеге асады.

Пенделердің амалдары тек бірқұдайшылық сақталған жағдайда ғана қабылданады. Біз бірқұдайшылық үшін жаратылдық; Жәннатқа тек бірқұдайшылдар ғана кіреді. Бірқұдайшылық — барлық пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) шақыруының негізі. Оны дұрыс ұстану адамды көпқұдайшылыққа түсуден сақтайды. Бірқұдайшылық — игі істердің еселеп артуының себебі.

Құлшылық дегеніміз не?

Ғибадат етушінің тарапынан қарағанда: бұл — Аллаһтың бұйырғандарын орындау және тыйым салғандарынан аулақ болу арқылы Оған бойсұну әрі осы орайда Оған деген махаббат пен ұлықтауды сезіну.

Ғибадаттың өзіне қатысты қарағанда: бұл — Аллаһ жақсы көретін және разы болатын барлық ашық және жасырын сөздер мен амалдардың жалпы атауы.

1. Бірқұдайшылықтың міндеттілігі жайлы тарау

Автор бұл тарауға атау бермеген, себебі ол адамдардың жүректерін Құран мен Сүннетке байлауды қалаған. Алайда, осы тарауда келтірілген дәлелдер бірқұдайшылықтың (яғни жалғыз Аллаһқа құлшылық етудің) міндеттілігін көрсетеді. Сондықтан, біз бұл тарауға шартты түрде «Бірқұдайшылықтың міндеттілігі жайлы тарау» деген атау бере аламыз.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Мен жындар мен адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін ғана жараттым**» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

- «**Маған құлшылық етулері**» — бұл құлшылықты тек Маған арнап, Мен бұйырған нәрселерді орындау және Мен тыйым салған нәрселерден бас тарту арқылы бойсұнуды білдіреді. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын): «Құранда айтылған барлық құлшылықтың мәні — таухид (Аллаһты жалғыз ету)», — деген.
- Аяттың мағынасы: Мен жындар мен адамдарды құлшылықтан басқа еш нәрсе үшін жаратқан жоқпын.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Расында, Біз әрбір үмметке: «Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар әрі тағуттан аулақ болыңдар» дейтін елші жібер**дік» («ән-Нәһл» сүресі, 36-аят).

- Бұл аятта мағынаны күшейтетін үш грамматикалық күшейту бар: 1) жасырын ант; 2) «ләм» демеулік шылауы; 3) «қод» демеулік шылауы;
- Бұл аят барлық Пайғамбарлардың (оларға Аллаһтың сәлемі болсын) бірқұдайшылыққа шақырғанын және Аллаһтың оларды дәл осы мақсатта жібергенін көрсетеді.

«Умма» сөзі Құранда төрт мағынада келеді:

Үммет → «Үммет» мағынасы біз оқыған аятта келді;

Имам (жетекші) → «**Расында, Ибраһим Аллаһқа бойсұнушы имам (умма) және ханиф болған**».

Дін → «**Расында, біз әкелерімізді осы дінде (уммада) таптық**».

Уақыт кезеңі → «**Расында, біз әкелерімізді осы дінде (уммада) тапқан едік**».

- «**Тағуттан аулақ болыңдар**» — ол бір жақта, ал сендер басқа жақта болатындай аулақ болыңдар.
- Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) «**тағут**» ұғымына ең үздік анықтама берген: «Тағут — құл сол арқылы шектен шығатын барлық нәрсе, мейлі ол ілесу нысаны, құлшылық нысаны немесе бағыну нысаны болсын». Әрине, егер адам өзіне деген осындай қатынасты өзіне ұнамды деп тапса ғана, ол тағут деп аталады.
- **Ілесу нысаны**: мысалы, сиқыршылар, балгерлер және жамандықтың ғалымдары. **Құлшылық нысаны**: мысалы, пұттар. **Бағыну нысаны**: мысалы, Аллаһқа бағынудан шыққан билеушілерге бағыну.
- **Бірқұдайшылықтың толық болуы екі тірекке негізделеді**: Жоққа шығару (Аллаһтан басқаға құлшылық етуді жоққа шығару) және растау (тек Аллаһ қана құлшылыққа лайық екендігін бекіту). Себебі растаусыз болған жоққа шығару кез келген құлшылықты толық жоққа шығарады. Ал жоққа шығарусыз растау серіктестікке жол ашады. Мысалы, егер біз: «Зәйд тұр», — десек, бұл тек оның қазіргі уақытта тұрғанын көрсетеді, бірақ оның жалғыз өзі тұрғанын білдірмейді. Егер біз: «Ешкім тұрған жоқ», — десек, бұл ешкімнің, соның ішінде Зәйдтің де тұрмағанын білдіреді. Ал егер біз: «Зәйдтен басқа ешкім тұрған жоқ», — десек, бұл жерде Зәйдтің жалғыз өзі ғана тұрғаны анықталады. Бұл мысал растауды (Зәйдтің тұрғанын) және жоққа шығаруды (басқалардың тұрмағанын) қамтиды.

Елшілердің жіберілу себебі

Дәлел жеткізу.

«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін Пайғамбарларды қуантушы әрі ескертуші етіп жібердік».

Мейірім ретінде:

«Біз сені әлемдер үшін тек мейірім етіп жібердік».

Олар адамдарға Аллаһқа апаратын жолды баяндап, түсіндірулері үшін.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді, әке-шешеге жақсылық қылуларыңды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарыңда кәрілікке жетсе, оларға: "Тьһ", — деме (кейіс білдірме). Сондай-ақ, ол екеуін зекіме де, әрі ол екеуіне сыпайы сөз сөйле**» («әл-Исра» сүресі, 23-аят).

- «**Раббың Өзіне ғана ғибадат етулеріңді... әмір етті**» — міне осы, өз құрамына (Аллаһтан басқа барлық құдайларды) жоққа шығару мен (Аллаһты ғана құлшылыққа лайықты деп) растауды қамтыған шынайы таухид.

Аллаһтың тағдыры екіге бөлінеді:

Шариғат бойынша белгіленген нәрселер:

- Тек Аллаһ жақсы көретін нәрселерге қатысты болады;
- Болуы да, болмауы да мүмкін;
- «**Раббың сендерге Өзінен басқаға құлшылық етпеуді бұйырды». Бұл жерде «бұйрық**» деп шариғаттағы бұйрық түсініледі.

Болмыста алдын ала белгіленген нәрселер (әлемдік заңдар):

- Аллаһ жақсы көретін нәрселерге де, жақсы көрмейтін нәрселерге де қатысты болуы мүмкін;
- Міндетті түрде орындалады. «Кітапта Исраил ұлдарына: "**Әрине жер бетінде екі рет бұзықшылық қылып, өте тәкаппарланасыңдар**", — деп ескерттік». Аллаһ бұзақылықты бұйырмайды және оны жақсы көрмейді.

Аллаһ Тағала қалайша Өзі сүймейтін нәрсені алдын ала тағдырға белгілейді?

Сүйікті болуы әлдебір сыртқы себептерге байланысты болған нәрсе өз негізінде сүйкімсіз болуы мүмкін. Алайда ол нәрсе өзінің құрамындағы белгілі бір пайдаға байланысты сүйікті болуы мүмкін. Бұл жағдайда ол бір қырынан сүйікті, ал басқа қырынан сүйкімсіз болады. Мысалы, Исраил ұрпақтарының жасайтын бұзақылығы өз негізінде бойынша Аллаһқа жек көрінішті, өйткені Аллаһ бұзақылықты да, оны жасаушыларды да сүймейді. Алайда бұл әрекет басқа тұрғыдан қарағанда, оның ішіндегі даналық пен пайдасына байланысты Аллаһтың қалауына сай болуы мүмкін.Құрғақшылық, аурулар, кедейлік секілді құбылыстар да осылай түсіндіріледі. Олар өздігінен жағымсыз болғанымен, белгілі бір хикмет пен пайдалары үшін Аллаһтың қалауымен орын алады.

Сүйікті (қалаулы) нәрселер екіге бөлінеді:

Өз негізінде сүйікті. Әрі бұл — Аллаһқа деген махаббат.	Басқа себептерге байланысты сүйікті нәрселер. Мысалы, сауығу үшін ішілетіндіктен ұнамды дәрілер.

Құлдық (*губудия*) үшке бөлінеді:

Жалпы: Бұл — Аллаһ Тағаланың раббылығына негізделген құлшылық. Мұны «мәжбүрлі құлдық» (ғубудияту әл-қахр) деп атауға болады. Аллаһ Тағала: «**Көк пен жердегі әркім Аллаһқа тек құл болған күйде келеді**», — деген («Мәриям», — сүресі», 93-аят). Бұл құлдық түріне иман келтіргендер де, кәпірлер де жатады.	**Ерекше**: Бұл — Аллаһқа бағынуға негізделген құлдық. Аллаһ Тағала былай дейді: «**Ал Мейірімдінің құлдары жер бетінде сыпайы түрде жүреді**» («әл-Фурқан сүресі», 63-аят). Бұл құлшылық түріне Аллаһқа құлшылық етіп, Оның дінін ұстанғандар жатады.	**Аса ерекше**: Бұл — пайғамбарлар мен елшілердің құлдығы. Аллаһ Тағала: «**Шынында, ол (Ибраһим) шүкір етуші құл болды**», — деп айтқан» («ән-Нәхл» сүресі, 121-аят). Бұл құлдық түріне тек Аллаһтың елшілері мен пайғамбарлары жатады, өйткеніАллаһқа құл болуда олардан ешкім оза алмайды.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Аллаһқа құлшылық қылыңдар және Оған еш нәрсені серік етпеңдер**» («ән-Ниса» сүресі, 36-аят).

«**Еш нәрсені**» — тыйым салу контекстіндегі белгісіздік райында келген сөз жалпыны қамтуға нұсқайды. Яғни Оған ешкімді және ешнәрсені серік қоспаңдар: мейлі ол пайғамбар, періште, әулие немесе дүниелік нәрсе болсын. Дүниелік нәрсені Аллаһқа серік етпе.

БЕСІНШІ ЖӘНЕ АЛТЫНШЫ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деді: «**Оларға былай деп айт: «Келіңдер, сендерге Раббыларыңның харам еткенін оқып берейін: Оған еш нәрсені серік қоспаңдар**…» («әл-Әнғам» сүресі, 151-153 аятының соңына дейін).

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): «Кім Мухаммадтың ﷺ мөрі қойылған өсиетін көргісі келсе, онда Аллаһтың «**Оларға былай деп айт: “Келіңдер, сендерге Раббыларыңның харам еткенін оқып берейін. Оған еш нәрсені серік қоспаңдар**...”» деген сөздерінен бастап, «**Міне, осы Менің тура жолым. Соған еріңдер**...» деген сөздеріне дейін оқысын», — деген (әт-Тирмизи, 3080).

«**Тура жол**» деген сөз әдетте Құранда келесі нәрселермен байланысты:

1. **Аллаһпен**, өйткені Ол ғана тура жолмен жүргізеді және Оны жаратқан да Ол: «**Міне, осы Менің тура жолым**».

2. **Сол тура жолмен жүретін адаммен**. Құтылу жолы жалғыз, басқа жолдардың бәрі адасушылыққа алып барады. Аллаһ Тағала былай деген: «**Сен нығметке бөлегендердің жолымен**».

Бұл аяттар өз құрамына он өсиетті қамтиды:

Бірінші аят (5 өсиет):

- Аллаһты жалғыздау (таухид);
- Әке-шешеге деген ізгі қарым қатынас;
- Балаларды өлтіруге тыйым;
- Барлық лас нәрседен аулақ болу;
- Адамды хақысыз өлтіруге тыйым.

Екінші аят (4 өсиет):

- Жетім баланың пайдасынан өзге мақсатпен оның мүлкіне жақындауға тыйым салу. Жетім (ятим) — балиғат жасына толмаған және әкесі қайтыс болған бала;
- Сөйлегенде әділ болу;
- Таразы мен өлшеу құралдарын әділдікпен толтыру;
- Аллаһпен болған келісімге берік болу.

Үшініші аят (1 өсиет):

«**Міне, осы Менің тура жолым**». Пайғамбарымыз Мухаммад ﷺ бір ғана түзу сызық сызып: «**Бұл — Аллаһтың жолы**», — деді. Кейін оның оң және сол жағынан бірнеше сызықтар сызып: «**Бұл — басқа жолдар. Әр жолдың басында оған шақыратын шайтан бар**», — деді де, ізінен Аллаһтың мына сөздерін оқыды: «**Расында, бұл — Менің тура жолым. Соған еріңдер және өзге жолдарға ермеңдер. Олар сендерді Оның жолынан адастырады**».

Пайдалы ескертпелер

- «**Аллаһ өлтіруді тыйым салған жан**» (қол сұғылмайтын жан):

– мұсылмандар;

– *зиммий* (мұсылман жерінде өмір сүретін кәпір адам);

– *муғахад* (мұсылмандармен бітімгершілік келісімін жасасқан кәпір адам);

– *мустаъман* (қауіпсіздік кепілдігі уәде етілген кәпір адам);

- «**Тек қақылы түрде ғана**»:

– Адам өлтірген адамды өлім жазасына тарту;

– Тұрмыста бола тұра зина жасаған ер немесе әйелге қатысты өлім жазасы;

– Діннен безген (муртадд) адамды өлім жазасына тарту;

Ескертпе: Өлім жазасы жайлы шешімді тек мұсылмандардың әміршісі ғана шығара алады.

- «**Біз сендерді де, оларды да қоректендіреміз**»: бұл аятта Аллаһ әке-шешені бірінші кезекте атады, өйткені олар кедей; ал «Әли Имран» сүресіндегі «Біз оларды да, сендерді де қоректендіреміз» деген аятта Аллаһ бірінші балаларды айтты, өйткені әке-шешенің жағдайы қазіргі таңда жақсы, алайда олар кедейліктен қорқады.

Адамдарға міндеттер жүктелетін кәмілет жасына жету:

– он бес жасқа толу;

– жыныс мүшесінің айналасында түктің өсуі;

– түнгі поллюциялардың пайда болуы;

– қыз балаларда етеккір келуінің басталуы.

- «**Өсиетхат**» — келісімшарт. Егер қандай да бір келісімшарт өсиет деп аталса, бұл оның ерекше маңызды екенін білдіреді.

Ибн Масғуд Пайғамбарымыздың ﷺ өсиетхат қалдырмағанын біле тұра не себепті оны өсиет деді?

Ол бұл аяттар бүкіл діннің негізін қамтиды деп есептеді, әрі, сөзсіз, бұл ұлы аяттар;

Өйткені, бұл Аллаһтың өсиеті: «Бұл нәрсені Аллаһ сендерге өсиет етті», — ал Пайғамбарымыз ﷺ осы өсиетті жеткізген адам.

ЖЕТІНШІ ДӘЛЕЛ

Муғаз ибн Жәбәлдің былай деп баяндағаны жеткізіледі: «Бірде мен Пайғамбардың ﷺ артында отырып, есектің үстінде кетіп бара жатқанымызда ол менен: “***Әй Муғаз! Аллаһтың құлдарындағы қақысы және құлдардың Аллаһтағы қақысы туралы білесің бе?***“, — деп сұрады. Мен: «Аллаһ және Оның Елшісі жақсырақ біледі», — деп жауап бердім. Ол: “***Аллаһтың құлдарындағы қақысы — құлдардың тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Оған ешкімді серік қоспауы. Ал құлдардың Аллаһтағы қақысы — кімде-кім Аллаһқа серік қоспаса, (Аллаһ) сол адамды азаптамауы***“, — деді. Мен: «Осы сүйінші хабарды адамдарға жеткізейін бе?», — деп сұрадым. Ол: “***Жоқ, өйткені***

олар осыған ғана сүйеніп, амал етуді тоқтатып қояды", — деді» (әл-Бухари 13/300 және Муслим 2856).

- «***Білесің бе?***» деген сұрақ Муғазды қызықтырып, ол естігенін жақсырақ ұғып алуы үшін қойылды. Бұл оқытудың керемет әдісіне нұсқайды.
- «***және құлдардың Аллаһтағы қақысы туралы білесің бе?***» — адамдар Аллаһқа ешнәрсе міндеттей алмайды, алайда бұл жерде Аллаһ Өзінің құлдарына деген мейірімімен мұны Өзіне Өзі міндет етіп қойды.
- «Осы сүйінші хабарды адамдарға жеткізейін бе?». Бұл сөз тіркесі адам біреуге жақсы, қуанышты хабар жеткізгісі келгенде қолданылады. Алайда бұл сөз кейде жаман хабарды жеткізу үшін де қолданылады.
- Хадисте бірқұдайшылықтың артықшылығы және оның Аллаһтың жазасынан қорғанудың себебі екендігі туралы айтылған.
- Сондай-ақ, бұл хадисте Аллаһ Тағала Өзінің серіктері жоқ деп таныған және оған серік қоспаған адамдарды азаптамайтыны туралы дәлел бар. Бірқұдайшылықты дұрыс ұстану — күнәлардың кешірілуінің себебі. Аллаһтың Елшісі ﷺ бұл қуанышты хабарды айтуға тыйым салды, себебі адамдар тек осыны біліп алып, бірқұдайшылықты толыққанды орындамай, оған ғана сүйеніп қояды деп қауіптенді. Өйткені бірқұдайшылықты дұрыс ұстану адамды Аллаһқа мойынсұнбау амалдарынан алыс болуға міндеттейді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл мәселелер «Бірқұдайшылық кітабының» бөлігі болып табылмайды, бірақ автор оларды өзінің кітабын түсіндіру үшін келтірген, өйткені ол өз еңбегін басқаларға қарағанда жақсырақ түсіндіре алады. Автор ғана белгілі бір тараудың мәнін және не үшін оны енгізгенін тереңірек біледі. Осыған байланысты, бұл сұрақтарды зерттеуге ерекше назар аудару қажет.

Бірінші. Адамдар мен жындарды жарату мақсаты. (Мақсат — жеп-ішу, ләззат алу емес, бірқұдайшылық).

Екінші. Құлшылықтың мәні — таухид, дұшпандық та дәл осы себеппен пайда болған (Бұл жерде Пайғамбар ﷺ мен құрайыштықтардың арасындағы дұшпандық меңзеледі. Себебі бірқұдайшылыққа негізделмеген кез келген құлшылық жарамсыз).

Үшінші. Бірқұдайшылықты жүзеге асырмаған адам Аллаһқа құлшылық етуші болып саналмайды. Мұның мәні Аллаһтың мына сөздерінде айтылған: «**Сендер Мен құлшылық еткенге құлшылық етпейсіндер**».

Төртінші. Бұл елшілердің адамдарға жіберілу мақсаты. (Мақсат — Жалғыз Аллаһқа құлшылық ету және Тағутқа құлшылық етуден аулақ болу).

Бесінші. Пайғамбарлық миссия барлық үмметтерді қамтыды. (Яғни барлық адамзатты).

Алтыншы. Барлық пайғамбарлардың діні бір. (Діннің негізі бір, бірақ тыйымдар мен шариғи заңдарға келетін болсақ, олар қауымдарға, мекенге, уақытқа байланысты әртүрлі болып ерекшеленді).

Жетінші. Маңызды мәселе: Аллаһқа құлшылық ету Тағутты жоққа шығармайынша дұрыс болмайды. Бұл Аллаһтың: **«Кімде-кім тағутқа күпірлік етіп, Аллаһқа иман келтірсе…»** деген сөздерінің мағынасы.

Автор бұл мәселені маңызды деп атады, себебі көптеген адамдар бұл жайында білімсіз. Белгілі бір адамды күпірлікпен айыптау немесе оны лағнеттеу рұқсат етілмейді, тіпті ол мұны істеуге лайық болса да. Себебі оған қатысты жеке үкім шығару белгілі шарттардың орындалуын әрі осыған бөгет жасайтын белгілі кедергілердің жойылуын қажет етеді.

Сегізінші. Тағут — Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін барлық нәрсе.

Тоғызыншы. «Әл-Әнғам» сүресіндегі үш аяттың әуелгі ізгі буындар (салиқалы сәлафтар) үшін үлкен маңызы бар. Бұл аяттар өзіне он өсиетті қамтиды, олардың біріншісі — Аллаһқа серік қосудың тыйым салынғандығы.

Оныншы. «Әл-Исра» сүресіндегі аяттардың маңыздылығы. Бұл аяттарда он сегіз мәселе қарастырылған. Аллаһ оларды: «**Аллаһқа басқа құдайды тең қойма, әйтпесе сөгіс естіп, тасталған боласың!**» деп бастайды және: «**Аллаһқа басқа құдайды тең қойма, әйтпесе қорланып, қарғысқа ұшырап, Тозаққа тасталасың!**» деген сөздермен аяқтайды. Сондай-ақ, Аллаһ бұл мәселелердің маңыздылығын: «**Бұл — Раббың саған даналық ретінде жеткізген нәрселер**» деп атап көрсетті.

Он бірінші. «ән-Ниса» сүресіндегі «он құқық» деп аталатын аят. Бұл аятты Аллаһ: «**Аллаһқа құлшылық етіңдер және Оған ештеңені серік етпеңдер**» деп бастайды. Ең маңызды құқық — Аллаһтың құқығы. (Ең басты құқық — Аллаһтың құқығы).

Он екінші. Аллаһ Елшісінің ﷺ соңғы өсиетіне нұсқау. (Ол тікелей мағынада өсиет қалдырмаған, бірақ егер біз Аллаһтың Кітабына берік болсақ, адаспайтынымызды меңзеген).

Он үшінші. Біз орындауымыз міндетті болған Аллаһ Тағаланың құқығын тану. (Яғни біздің Аллаһқа құлшылық етіп, Оған ешкімді серік қоспауымыз).

Он төртінші. Аллаһтың құқығын орындаған жағдайда, Оның құлдарына не сыйлайтынын білу. (Бұл Аллаһтың құлдарына жасайтын рахымына қатысты).

Он бесінші. Көптеген сахабалар бұл жайлы білмеген (Өйткені Муғаз бұл білімді өзінің қайтыс болуы қарсаңында, көптеген сахабалар қайтыс болғаннан кейін жеткізді. Ол білімді жасырған күнәні алудан қорқып, бұл жайлы хабарлады. Ал Аллаһтың Елшісі ﷺ адамдар бұл білімге сүйеніп, амал жасауды тастап кетеді деп қауіптенді. Алайда бұл білімді ешкім білмей қалуын да қаламады. Егер Ол ﷺ бұл білімді мүлде жеткізгісі келмесе, Муғазға да, басқа біреуге де айтпас еді).

Он алтыншы. Егер бұда пайда бар болса кейбір білімді жасырудың рұқсат етілгендігі. (Алайда білімді толықтай, шектеусіз және барлық адамдардан жасырған дұрыс емес).

Он жетінші. Мұсылман адамға оны қуантатын хабарларды айту мұстахаб амал болып табылады. (Бұл ең жақсы қорытындылардың бірі).

Он сегізінші. Ізгі-салиқалы амалдарды қалдырып) Аллаһ Тағаланың рахымының кеңдігіне сүйенудің қауіптілігі. (Сондай-ақ, Аллаһтың рахымынан үміт үзу де қауіпті).

Он тоғызыншы. Егер бір нәрсе жайлы сұралатын адам жауапты білмесе, ол: «Аллаһ пен Оның Елшісі бұл жайлы жақсырақ біледі» деп айтуы қажет» (Бұл Аллаһ Елшісінің ﷺ көзі тірісінде және ол білген шариғат мәселелерінде айтылуы керек еді).

Жиырмасыншы. Білімді тек белгілі бір адамдарға берудің рұқсат етілгендігі.

Жиырма бірінші. Есекке мініп, өз серігіне артына отыруға рұқсат берген Пайғамбардың ﷺ қарапайымдылығы.

Жиырма екінші. Салтты жануардың үстіне өзіңіздің артыңызға серігіңізді отырғызуыңызға болады. (Алайда бұл жануарға қиындық туғызбауы қажет).

Жиырма үшінші. Муғаз ибн Жәбәлдың артықшылығы.

Жиырма төртінші. Бірқұдайшылықтың ұлы маңыздылығы.

2. Бірқұдайшылықтың артықшылығы және ол күнәларды өтейтіні туралы тарау

Бұл тараудың мақсаты — адамдар шайтанның азғыруларына бой алдырмауы үшін оларды бірқұдайшылыққа шақыру. Әлдебір амалдың артықшылығын айту оның міндетті еместігін көрсетпейді, алайда бұл амалдар үшін берілетін сауап пен оның артықшылығы олардың жемісті салдары болып табылады. Мысалы, парыз намаздарын жамағатпен оқу.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Сондай иман келтіріп, имандарын зұлымдықпен былғамағандар, міне соларға қауіпсіздік болады және олар тура жолға түсірілгендер**» («әл-Әнғам» сүресі, 82-аят).

- «**Имандарын зұлымдықпен былғамағандар**»: яғни оны «әділетсіздікпен» араластырмағандар. Бұл жерде иманға қайшы келетін нәрсе — көпқұдайшылық жайлы айтылған;
- «**Олар тура жолға түсірілгендер**»: 1) Олар бұл дүниеде білімге сүйенген күйде ізгі амалдар жасап, Аллаһтың жолымен жүреді,; 2) Ақыретте Жәннатқа қарай жол тартады.
- Бірқұдайшылықтың артықшылықтарының бірі — бұл дүниеде де, Ақыретте де қауіпсіздікке ие болу.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Убада ибн Самиттен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Кімде-кім Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ екеніне, Оның жалғыз екеніне және Оның серігі жоқ екеніне, Мухаммад Оның құлы әрі елшісі екеніне, сондай-ақ Иса Оның құлы, елшісі және Мәриямға жеткізген Сөзі, әрі Оның жаратқан рухы екеніне, Жәннаттың хақ екеніне және Тозақтың хақ екеніне куәлік етсе, Аллаһ оны амалдарына сай Жәннат бақшаларына кіргізеді***» (әл-Бухари 3435, Муслим 28, әт-Тирмизи 2640).

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Сондай-ақ әл-Бухари мен Муслим Итбаннан мына хадисті жеткізген: «***Расында, кімде-кім Аллаһтың Дидарын қалап: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», — деп айтса, Аллаһ оны Отқа харам етеді***» (Ахмад 44/4, әл-Бухари 425, Муслим 33).

- Араб тіліндегі «шәһида» («***куәлік етсе***») сөзі тілмен мойындауды, жүрекпен сенуді және дене мүшелерімен [амалдар арқылы] растауды білдіреді.
- «***Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ***» деген сөйлемнің мағынасы: Аллаһтан өзге құлшылық етуге лайық ешкім де, ештеңе де жоқ, құлшылыққа тек Аллаһ қана лайық.
- «Уахдаһу» (***Ол Жалғыз*** немесе ***Ол Біреу***) сөзі растауды күшейту үшін айтылған, ал «***және Оның серігі жоқ***» деген тіркес жоққа шығаруды күшейту үшін қолданылған. Әрқайсысы өз мағынасында ерекше орын алады.
- «***Мухаммад***» — Абдуллаһ ибн Абдулмутталибтің ұлы, құрайыш тайпасының хашим әулетінен шыққан, пайғамбарлардың соңғысы.
- «***Иса — Оның құлы***» — 1) Ол Аллаһтың серігі емес; 2) Ол Аллаһқа ең кемел түрде құлшылық еткен адам болған.
- «***және Оның елшісі***» — Ол өзіне уахи етілгенді жеткізу үшін жіберілген. Ол Аллаһқа қатысты жалған сөз айтпаған.
- Бұл куәлікті бұзатын немесе толықсыз ететін нәрселер: 1) Аллаһқа мойынсұнбау; 2) дінге жаңалық (бидғат) енгізу.

Аллаһқа мойынсұнбауды жалпы мағынада көпқұдайшылықтың бір түрі деп атауға болады. Ал оның түрлерін егжей-тегжейлі талдағанда келесі түрлерге жіктеуге болады: 1) үлкен көпқұдайшылық; 2) кіші көпқұдайшылық; 3) үлкен күнәлар; 4) кіші күнәлар.

- «***Иса — Аллаһтың құлы***» — деген сөздерде христиандарды теріске шығару; «және Оның Елшісі» — деген сөздерде яһудилерді теріске шығару бар. Біз оның елшілік миссиясына иман келтіреміз, бірақ біздің шариғатымызға қайшы келген жағдайда оған еруіміз міндетті емес. Бізден бұрын өмір сүргендердің шариғаттарына ілесу мәселесінде бірнеше нұсқа бар:

1) Егер бұл біздің шариғатымызға қайшы келсе, біз тек өзіміздің шариғатымызға еремiз;

2) Егер бұл біздің шариғатқа сәйкес келсе, біз бұны қабылдаймыз;

3) Егер біздің шариғат бұл туралы үндемесе, онда ол ереже біз үшін де шариғат болып саналады.

Адамдар Исаға қатысты екі шектен шыққан және бір орташыл топқа бөлінеді:

1) Яһудилер секілді жүректері қатайғандар, олар оны (Исаны) өтірікке шығарды, оны және оның анасының ар-намысын қорлады, оның пайғамбарлық миссиясын жоққа шығарып, оны өлім жазасына кесу туралы шешім қабылдады;

2) Христиандар секілді шектен шыққандар — олар оны Аллаһтың ұлы деп жариялады, оны Үштіктің (Троицаның) бірі деп санады және оны құдайға теңестірді;

3) Орта жолды ұстанушылар — мұсылмандар: біз оның Аллаһтың құлы және Оның елшісі екеніне, оның анасы — шыншыл әйел, әрі ол ары тап-таза болғандығына куәлік етеміз. Иса Аллаһтың алдында Адам пайғамбар сияқты, Аллаһ оны топырақтан жаратты, сосын оған: «Бол!» — деді, сонда ол жаратылды.

- «***Оның Сөзі***» — өйткені Аллаһ оны «Бол!» деген сөзі арқылы жаратты. Иса Аллаһтың бір бөлігі емес, өйткені сөз — Оның сипаттарының бірі;
- «***Оның (жаратқан) рухы***» — Оның жаратылыстарының бірі, Аллаһ оның құрметті мәртебесін көрсету үшін Өзіне тиісті етті.
- «***Аллаһ оны Жәннат бақшаларына кіргізеді***» — Жәннатқа кіру екі түрлі болады:

  1) Оған кіруден бұрын жазалау болмаған толыққанды кіру. Бұған амалдары толыққанды болған бірқұдайшыл адам лайық болады.

  2) Оған кіруден бұрын жазалау болған толықсыздықпен кіру. Бұған амалдарында кемшілік болған бірқұдайшыл адам лайық болады.
- «***Кім: "Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ", — десе» — яғни мұны шынайы түрде, хадистің басында айтылғандай: «Аллаһтың Дидарын қалап» айтқан адам.***
- Бұл хадис екі адасқан ағымды теріске шығарады:

1) Муржия ағымы, олар ислам куәлік сөзін айтудың өзі жеткілікті, ізгі амалдар жасаудың және ықыластылықтың қажеті жоқ деп есептейді;

2) Хауариждер, олар үлкен күнә жасаған адам мәңгілік Отта қалады деп санайды.

Аллаһ Тағала Өзіне (изафет тіркесінде) теліген нәрселер екіге бөлінеді:

Дербес түрде өздігінше бар болуы мүмкін жаратылыстарды Аллаһқа телу, мысалы: «**Аллаһтың түйесі**». Бұл — жаратылысты Жаратушыға телу. Өздігінше дербес күйде болуы мүмкін кез келген зат немесе тіршілік иесі немесе тұлға жаратылған болып табылады.

Жалпы жаратылысты Аллаһқа телу, мысалы, Аллаһтың мына сөздері: «**Расында, Менің жерім кең**».

Жаратылысты оның құрметті орнын көрсету үшін Аллаһқа телу, мысалы, Аллаһтың мына сөздері: «**Одан болған бір Рух**».

Белгілі сипаттарды телу. Бұл Аллаһ Тағаланың мына сөздерінде: «**Мен екі қолыммен жаратқанға**». Бұл жерде әлдебір сипаттарды оның иесіне телу жайлы сөз етіледі.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Сағид әл-Худриден (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: “***Муса: «Раббым, маған мен Өзіңді солар арқылы зікір ететін және Өзіңе солар арқылы дұға ететін сөздерді үйретші!», — деді. Ол: «Әй Муса! «Лә иләһа илләЛлаһ» («Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ!»), — деп айт!», — деді. Муса: «Бірақ Сенің құлдарыңның барлығы осыны айтады ғой!», — деді. Ол: «Әй Муса! Егер жеті көк пен оның Менен басқа мекендеушілері, сондай-ақ жеті қабат жер (Таразының (Мизанның))***

бір табағында болса, ал «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай (ешкім) жоқ» сөздері (оның) басқа табағында болса, осы сөздер қойылған табақ ауыр түседі», — деп айтты" (Ибн Хиббан (2324), Хаким (528/1), хадис әлсіз, бірақ мағынасы дұрыс).

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Әнас (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естігенін жеткізді: «***Ұлы Аллаһ Тағала былай деді: «Әй Адам баласы, егер сен Маған Жердің көлеміндей күнәлармен келсең, әрі Менің алдыма Маған ешкімді серік қоспаған күйде тұрсаң, онда Мен саған тура сонша кешірім сыйлаймын»***". Бұл хадисті әт-Тирмизи риуаят еткен және оны сахих деп санаған (Ахмад 172, әт-Тирмизи 3534, әд-Дарими 2791).

- «**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ**» — бұл Аллаһты зікір ету сөздері, әрі бұл сөздер дұғаны (Аллаһқа жалбарынуды) да қамтиды. Өйткені Аллаһты зікір етуші Оның разылығына жетуді қалайды. Бұл — Жәннаттың кілті, алайда кім тістері жоқ кілтпен есікті ашқысы келсе, ол есік оған ашылмайды. Ал бұл куәліктің тістері — оның шарттары.
- «**онда Мен саған сонша кешірім сыйлаймын**» — бірқұдайшылықтың артықшылығының ұлылығы соншалықты, егер адам Аллаһтың алдына Оған ешнәрсені серік қоспаған күйде келсе, онда осы арқылы оның көптеген әрі үлкен күнәлары кешірілетін болады. Сол кезде ол күнәсінің жасырылуына және кешірілуіне лайық болады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһ Тағаланың рахымының кеңдігі.

Екінші. Аллаһ Тағаланың бірқұдайшылықты ұстанған адамға уәде еткен сыйының ұлылығы.

Үшінші. Осыған қоса, бірқұдайшылық — күнәлардың кешірілуінің себебі.

Төртінші. «Әл-Әнғам» сүресіндегі аятының «Сондай иман келтіріп, имандарын зұлымдықпен былғамағандар...» аятының түсіндірмесі.

Бесінші. Убаданың хадисінде келітірілген бес нәрсенің түсіндірмесі.

Алтыншы. Осы хадис пен Итбанның хадисін және одан кейінгі хадисті біріктірсеңіз, «Лә иләһә иллә-Ллаһ» сөздерінің мағынасын және

осы мәселеде алданғандардың қателерін түсінесіз. Өйткені, адам осы сөздер арқылы Аллаһтың Жүзіне ұмтылуы керек, егер ол осылай әрекет етсе, бұл оны игі-салиқалы амалдар жасауға ынталандыруы керек.

Жетінші. Итбанның хадисінде аталған шартқа нұсқау. Яғни бұл сөздерді тілмен ғана айту жеткіліксіз.

Сегізінші. Пайғамбарлар да оларға «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» куәлігінің артықшылығын еске салуға мұқтаж болғандарына нұсқау. Ал басқа адамдарға бұл жайлы айту одан да маңыздырақ.

Тоғызыншы. Осы куәлік салынған таразы табағы (Қиямет күні) барлық жаратылған нәрселерден ауыр басатынына нұсқау, бірақ осыған қарамастан, бұл куәлікті берушілердің көбісінің таразылары жеңіл болып қалады. Әрі бұның себебі куәліктің өзінде емес, алайда проблема оны айтатын адамда: өйткені ол осы куәліктің шарттарын орындамаған болуы, не онда осы куәлігінің қабыл болуына әлдебір кедергі болуы мүмкін.

Оныншы. Жеті аспан бар секілді, жеті жер де бар. Бұл ұқсастық тек сан бойынша.

Он бірінші. Оларды жандандыратын (мекендейтіндер) бар. Яғни аспандарды мекендейтіндер, әрі бұл жерде періштелер жайлы айтылған.

Он екінші. Бұда, әшғарилерден ерекше, Аллаһтың сипаттарын бекіту бар. Яғни Аллаһтың сипаттарын жоққа шығаратындар немесе бұрмалап тәпсірлейтіндерден ерекше. Бұл жерде Аллаһтың Жүзін растау туралы айтылған.

Он үшінші. Егер сіз Әнастың хадисін түсінсеңіз, онда Итбанның хадисінде айтылған «**Расында, кімде-кім Аллаһтың Дидарын қалап: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», — деп айтса, Аллаһ оны Отқа харам етеді**» деген сөздер көпқұдайшылықтан тек сөзбен ғана бас тарту жеткілікті емес екеніне нұсқайтынын білесіз.

Он төртінші. Иса және Мухаммад (олардың екеуіне де Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) Аллаһтың құлдары мен елшілері екендері жайлы ойлан.

Он бесінші. Исаның ерекшелігін түсіну, өйткені ол Аллаһтың («Бол!» деген) сөзімен жаратылды. (Сондай-ақ ол әкесіз жаратылды.)

Он алтыншы. Оның Аллаһтан болған рух (жан) екендігін түсіну. (Яғни ол Аллаһ жаратқан жандардың бірі.)

Он жетінші. Жәннат пен Тозаққа сенудің артықшылықтары. (Бұл Жәннатқа кірудің себептерінің бірі).

Он сегізінші. «…**амалдарына сәйкес**…» сөздерін түсіндіру.

Он тоғызыншы. Қияметтегі Таразының екі табағы бар екендігін білу.

Жиырмасыншы. Аллаһтың Жүзі бар екенін білу. (Әрі бұл Аллаһтың сипаттарының бірі.)

3. Таухидты лайықты түрде ұстанған адам Жәннатқа есеп-хисапсыз кіретіндігі жайлы тарау

Бұл тараудың мақсаты — адамдарды бізге парыз болған бірқұдайшылықты дұрыс ұстануға шақыру. Мұның мәні бірқұдайшылықты ширк, бидғат және күнәлардың қоспаларынан тазарту болып табылады. Ал бұл білім, иман және (Аллаһтың әмірлерін) орындау арқылы жүзеге асады. Жалпы айтқанда, бірқұдайшылықты жүзеге асыру осы тарауды оқып, түсінумен, ал егжей-тегжейлі түрде айтсақ, келесі нәрселер арқылы жүзеге асады:

1) Ибраһим пайғамбарға ﷺ еру;

2) Ізгілердің имамдарына (сахабаларға) ілесу;

3) Адам жалғыз қалса да бірқұдайшылықта бекем болу;

4) Аллаһқа тәуекел ету және дем салу мен күйдіруді сұрауды және ырымдарды тастау арқылы.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Расында, Ибраһим нағыз Аллаһқа бойсұнушы, ханиф басшы еді әрі ол көпқұдайшылардан болмады**» («ән-Нәхл» сүресі, 120-аят).

Бұл аятта Ибраһим пайғамбарды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) мақтау бар. Біз оны жақсы көріп, соңынан еруге міндеттіміз. Олай болса, оның соңынан ергенімізге сәйкес мақтауға да лайық боламыз. Өйткені ол осы аятта айтылған алты амал арқылы бірқұдайшылықты өз өмірінде жүзеге асырды:

- «**Басшы**» — ісімен, ыждағаттылығымен және Аллаһқа тәуекел етуімен үлгі алуға лайық адам.
- «**Бойұсынушы**» — үнемі Аллаһқа құлшылық пен мойынсұнушылық күйінде болған адам.
- «**Аллаһқа**» — ықыластыққа нұсқау.
- «Ханиф» — көпқұдайшылықтан және Аллаһқа мойынсұнушылыққа қайшы келетін барлық нәрселерден аулақ болып, Аллаһқа қарай ұмтылған адам.

- «**Ол көпқұдайшылдардан болмады**» — көпқұдайшылдықтан және көпқұдайшылдардан (жүрекпен, тілмен және денемен) аулақ болу.
- «**Ол Аллаһқа нығметтер үшін шүкір етуші еді**» — өйткені Аллаһ берген нығметтер сынақ болып табылады және бұған міндетті түрде шүкіршілік таныту қажет.

МАҢЫЗДЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР:

— Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) әкесі Азар кәпір болып қайтыс болды, өйткені Аллаһ Тағала былай деді: «**Оған әкесінің Аллаһтың дұшпаны екені белгілі болған кезде, одан бас тартты**»;

— Нухтың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) әкесі мүмин болған, Құранда оның: «**Раббым! Мені және ата-анамды кешір**» деп айқаны баяндалған.

— Имам Ахмад былай деген: «Үш санаттағы қиссалардың жиі жағдайларда жеткізушілер тізбегі (иснады) болмайды: жекпе-жектер туралы, бүлік туралы және кейбір аяттардың түсіндірмесі туралы». Сондықтан мұндай қиссалар көп жағдайда иснадсыз айтылады. Бірақ Аллаһтың сөздері мен Оның Елшісінің ﷺ сүннетіндегі уахилардан басқа ешкім бұрынғы қауымдар туралы нақты ештеңе біле алмайды.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар Раббыларына серік қоспайды**» («әл-Муминун» сүресі, 59-аят).

- «...**серік қоспайды**» — бұл жерде көпқұдайшылықтың жалпы мағынасы жайлы айтылған, өйткені бірқұдайшылықты бұдан өзгеше тәсілмен жүзеге асыру мүмкін емес. Бұл мүминдердің ешбір күнә жасамайтынын білдірмейді, өйткені әрбір адам күнә жасауы мүмкін және ол одан қорғалмаған. Алайда, мүминдер күнә жасаса, ізінен тәубе етіп, одан әрі оны жалғастырмайды.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Хусайн ибн Абд әр-Рахманның былай деп баяндағаны жеткізіледі: “Бірде мен Сағид ибн Жубәйрдің жанында болғанымда, ол: «Қайсыларың

түнде ағып түскен жұлдызды көрдіңдер?» — деп сұрады. Мен: «Мен көрдім», — дедім. Содан соң мен: «Бірақ мен намазда емес едім, мені (бір нәрсе) шаққан болатын», — деп айттым. Ол: «Ал сен (оған) не (ем) істедің?» — деп сұрады. Мен: «Дем салдым», — дедім. Ол: «Бұған сені не итермеледі?» — деп сұрады. Мен: «Әш-Шәғбидің бізге баяндағаны», — деп жауап бердім. Ол: «Ол сендерге нені баяндаған еді?» — деп сұрады. Мен: «Ол бізге Бурайда ибн әл-Хусайбтың: «Дем салуды тек көз тигенге және жыланның немесе шаянның шағуына қарсы оқуға болады», — деп айтқанын баяндаған болатын», — деп жауап бердім. Ол: «Естігенін ұғып алған кісі нендей жақсы! Алайда Ибн Аббас бізге Пайғамбардың ﷺ: «***Маған үмметтер көрсетілді. Мен жанында азғантай топ адам болған пайғамбарды, әрі жанында бір-екі адам болған пайғамбарды, және қасында ешкім болмаған пайғамбарды көрдім. Кенет менің алдымда өте көпшілік болған адамдар пайда болды да, мен оларды үмметім деп ойлап қалдым. Бірақ маған: «Бұл — Муса мен оның қауымы» деп айтылды. Кейін мен тағы да өте көпшілік адамдарды көрдім, әрі маған: «Міне, осы — сенің үмметің. Олардың жетпіс мыңы Жәннатқа есеп-хисапсыз және азапталмай кіреді***», — деп айтылды». Кейін ол орнынан тұрып, үйіне кіріп кетті. Адамдар осы Жәннаттың тұрғындары туралы талқылауға түсіп кетті де, олардың кейбіреулері: «Олар — Аллаһ Елшісінің ﷺ сахабалары болатын шығар», — деді. Басқалары: «Бәлкім, бұл Исламның кезінде туылып, Аллаһқа еш нәрсені серік қоспағандар болатын шығар», — деді. Басқа да пікірлер айтылып жатты. Ал олардың алдына Аллаһтың Елшісі ﷺ шығып, олар оған осы туралы хабарлаған кезде, ол: «***Бұл өздеріне дем салуды және күйдіріп ем жасауды сұрамайтындар, ырым жасамайтындар және Раббыларына ғана тәуекел ететіндер***", — деді. Сол кезде Уккаша ибн Михсан орнынан тұрды да: «Аллаһқа дұға етіңізші, мен де солардың біреуі болайыншы», — деді. Пайғамбар ﷺ: «***Сен солардың ішінде боласың***», — деді. Содан соң басқа бір ер кісі де орнынан тұрып: «Аллаһқа дұға етіңізші, мен де солардың біреуі болайыншы», — деді. Сонда ол: «***Уккаша бұда сенен озды***», — деп жауап берді»" (әл-Бухари 3410, Муслим 220, әт-Тирмизи 2448, әд-Дәрими 2810, Ахмад 271/1).

- «***Көз тию***» — көреалмаушылығы бар адамның қарауының салдары.
- «***Сені бұған не итермеледі?***» — әдептілік ережелерін ескере отырып, дәлелді талап етудің рұқсат етілгендігі.
- «***Руқияны жаман көзге немесе әлдебір жәндік шаққанға қарсы***

оқуға болады», яғни бұндай жағдайларда шариғатпен заңдастырылған дем салудың шарттарын сақтай отырып оны оқудан артық ем жоқ. Алайда бұл оларды басқа жағдайларда оқуға болмайды дегенді білдірмейді.

- «***Азғантай топ адам***» — яғни үштен тоғызға дейін.
- «***Өздеріне руқия оқылуын сұрамайтындар***» — бұл келесі себептермен:

  1) Аллаһқа деген тәуекелдің күштілігі;

  2) Аллаһтан басқа ешкімнің алдында өзін төмен етпеу;

  3) Аллаһтан басқа ешкіммен жүректі байламау.
- Хадистің «***Олар руқия оқымайды***» деген нұсқасына келсек, бұл нұсқа қате, өйткені шейх әл-Ислам айтқандай: «Пайғамбарымыз ﷺ руқия оқыған, Жәбірейіл мен Айша да оған руқия оқыған, бұған қоса сахабалар да руқия оқыған».
- Руқия оқуды сұрауға қатысты адамдар келесі топтарға бөлінеді:

  1) Өздеріне руқия оқуды сұрайтын адамдар. Мұндай адамдар жетпіс мың адамның бірі болу мүмкіндігінен айырылады;

  2) Оны оқитындарға қарсылық жасамайтындар. Мұндай адамдар жетпіс мың адамның бірі болу мүмкіндігінен айырылмайды, өйткені олар оны оқуды сұрамайды.

  3) Оны оқуға қарсылық жасайтындар. Мұндай әрекет сүннетке қайшы келеді, өйткен Пайғамбарымыз ﷺ Айша анамызға, ол оған руқия оқығанда қарсылық жасамаған.
- «***Өздеріне күйдіру жасауды сұрамайтындар***» — яғни әлдебіреуден өздеріне мұны жасауды сұрамайтындар.
- «***Ырым жасамайтындар***»: ырым (татойюр) — бұл адамдардың белгілі бір жерге немесе уақыт кезеңіне қатысты көрген, естіген немесе білген нәрселері себепті жаман белгі жасауы. Бұл кіші көпқұдайшылықтың көрінісі.
- Осы үш амалдан басқа ешбір нәрсе адамның Жәннатқа есепсіз және жазасыз кіретіндерден болуына кедергі болмайды. Өйткені, емдеудің рұқсат етілгендігін көрсететін діни мәтіндер бар, сонымен қатар бал мен қара зере сияқты кейбір дәрі-дәрмектерді қолдану бойынша да шариғи ұсыныстар бар.

Үмметтер екіге бөлінеді:

Жауап берген үммет (Уммату-ль-ижәба).

Аллаһтың және Оның Елшісінің ﷺ шақыруына жауап бергендер.

Шақыру бағытталған үммет (Уммату-д-дағуа).

Ол өзінің құрамына шақыруға жауап бергендерді де, жауап бермегендерді (кәпірлерді) де қамтиды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Адамдардың бірқұдайшылыққа қатысты дәрежелерінің айырмашылығы.

Екінші. «Бірқұдайшылықты жүзеге асыру» не мағынаны білдіреді? (Оны көпқұдайшылықтан, бидғаттар мен күнәлардан тазарту.)

Үшінші. Аллаһтың Ибраһимді мақтауы, өйткені ол көпқұдайшылдардан болмаған.

Төртінші. Аллаһ Тағаланың ізгілердің басшыларын, олар көпқұдайшылықтан сақталғандары үшін мақтауы.

Бесінші. Руқия мен күйдіруді тастау — бірқұдайшылықты жүзеге асырудың көрінісі. (Бұл жерде адамның өзгеден өзіне руқия оқуды немесе күйдіру жасауды сұрауы жайлы айтылған.)

Алтыншы. Бұл сипаттарға ие болу Аллаһқа тәуекел етудің көрінісі болып табылады. (Өйткені адам бұл амалдарды Аллаһқа тәуекел еткендігі үшін тастайды.)

Жетінші. Сахабалардың мұндай дәрежеге тек жақсы амалдар жасау арқылы ғана жетуге болатындығына қатысты терең түсінігі. (Яғни ықыласты).

Сегізінші. Олардың жақсылыққа ұмтылуы. (Өйткені олар бұл нәтижеге жетуді қалайды.)

Тоғызыншы. Бұл үмметтің санына және сапалығына қатысты артықшылықтары. (Бұл жерде бұл үмметтегі адамдардың саны мен олардың ізгі амалдары жайлы айтылған.)

Оныншы. Мусаға ерген оның сахабаларының артықшылықтары.

Он бірінші. Пайғамбарымызға ﷺ үметтер келесі нәрселер үшін көрсе-

тілді: (1) Оның көңілін жұбату үшін; 2) Оның артықшылығы мен құрметті орнын көрсету үшін.)

Он екінші. Барлық үмметтер бөлек-бөлек болып, өз пайғамбарларымен қайта тірілтіледі.

Он үшінші. Пайғамбарлардың шақыруына жауап беретін адамдардың аз екендігі.

Он төртінші. Шақыруларына ешкім жауап бермеген пайғамбаралар Қиямет күні жалғыз келеді.

Он бесінші. Бұл білімнің жемістері: 1) көпшілікпен алдануға болмайды. (Өйткені адам солармен бірге жойылып кетілуі мүмкін); 2) азшылық топтың қадір-қасиетін менсінбеуге болмайды. (Өйткені азшылық болған адамдар көпшілік болған адамдардан жақсырақ болуы мүмкін.)

Он алтыншы. Жаман көз тигенде және әлдебір жәндік шаққанда (шариғат бекіткен) руқияны оқудың рұқсат етілгендігі. (Оларды басқа кездер де оқуға болады.)

Он жетінші. Салиқалы сәләфтардың білімінің тереңдігі. Бұл: «Естігенді түсінген жақсы, алайда...» деген сөздерде көрініс тапты. Осылайша бірінші хадис екінші хадиске қайшы келмейтіндігі түсінікті болады.

Он сегізінші. Салиқалы сәләфтар жасамаған істері үшін өздерін мақтаудан алыс болған.

Он тоғызыншы. «Сен олардың бірі боласың» деген сөздер пайғамбарлық миссияның ақиқаттығының белгісі.

Жиырмасыншы. Уккашаның артықшылығы. (Өйткені ол Жәннатқа есепсіз және жазасыз кіретін болады.)

Жиырма бірінші. Сұранысқа жауап бермеу үшін сөз тіркестерін пайдалану. (Пайғамбарымыз ﷺ мұны келесі себептермен жасаған болуы мүмкін: 1) өйткені сұрақ қойған адам екіжүзділерден болған; 2) немесе Пайғамбарымыз ﷺ бұл дәреже мен артықшылықты оған лайық емес адамдар сұрайтындары үшін, бұл есіктерді ашуға қорықты.)

Жиырма екінші. Пайғамбарымыздың ﷺ көркем мінез-құлқы.

4. Көпқұдайшылықтан қорқу қажет екендігі жайлы тарау

Не себепті автор бұл тарауды бірқұдайшылықты лайықты түрде ұстанған адам Жәннатқа есеп-хисапсыз кіретіндігі туралы тараудан кейін келтірілді?


1) Үшінші тараудан кейінгі әрбір тарауда бірқұдайшылықты қалай лайықты түрде ұстану керектігі баяндалады, яғни кітаптың соңына дейін кім осыны қаласа, сол ширктен қорқуы, бірқұдайшылыққа шақыруы керек деген және сол секілді тараулар келтіріледі.

2) Адам өзін бірқұдайшылықты лайықты түрде ұстанамын деп есептеуі, бірақ бұл шын мәнінде олай емес болуы мүмкін. Сондықтан ол өз-өзімен сүйсініп алданбауы қажет.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді, бірақ одан өзге күнәларды қалағанына кешіреді**» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят).

Аллаһтың сүйіктісі Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) былай деген: «**Мені және балаларымды пұттарға құлшылық етуден аулақ қыл**» («Ибраһим» сүресі, 35-аят).



- Егер адам көпқұдайшылықта [тәубе етпей] қайтыс болса, Аллаһ Тағала бұл күнәны ешқашан кешірмейді. Өйткені, бұл Аллаһтың ерекше құқығы — бірқұдайшылыққа қарсы қылмыс. Сондықтан кім үлкен ширк жасап жүрген күйінде қайтыс болса, сол Тозақта мәңгі қалады. Ал егер ол кіші көпқұдайшылық жасаған болса, сол осы көпқұдайшылықтың мөлшеріне сай жазаланып, тек содан соң Жәннатқа кіреді. Мұндай адам Тозақта мәңгі қалмайды, өйткені ол мүминдерден.
- «**аулақ қыл**», яғни пұтқа табынушыларды менен мүмкіндігінше алыстат, мен оларға мүлде қарама-қарсы жақта болайын.
- «**пұттарға**» — пұт («*сонам*») — Аллаһтан басқа ғибадат етілетін және белгілі бір бейнесі (мүсіні) бар нәрсе. «Уәсән» — Аллаһтан басқа оның қандай да бір суреті бар-жоғына қарамастан құлшылық етілетін нәрсе. «Уәсән» «сонамға» қарағанда жалпылама ұғым.
- Ибраһим пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһтың сүйіктісі, бірқұдайшылдардың басшысы (имамы) бола тұра өзі үшін ширктен қорықты. Сонда біз туралы не айта аламыз?! Сондықтан ширк пен екіжүзділіктен аманмын деп ойламау керек. Өйткені, екіжүзділер ғана екіжүзділіктен аманмын деп ойлайды.

ҮШІНШІ, ТӨРТІНШІ ЖӘНЕ БЕСІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Хадистердің бірінде былай деп айтылған: «***Мен бәрінен де көбірек сендер кіші ширк жасайсыңдар ма деп қорқамын***». Одан: «Бұл не?», — деп сұраған кезде, ол (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***(Амалдардағы) көзбояушылық (рия)***», — деп жауап берді (имам Ахмад 429, 428/5, әт-Табарани «Мулжам әл-Кабир» 253/4 және 4301).

Ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Кімде-кім Аллаһқа теңдес қосып қайтыс болса,***

Тозаққа кіреді». Хадисті әл-Бухари жеткізген (Бухари 4497, Муслим 92).

Муслимде Жәбирден (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Кімде-кім Аллаһты Оған ешкімді серік қоспай кездестірсе, Жәннатқа кіреді, ал кім Оны Оған әлдебіреуді серік қосып кездестірсе, Тозаққа кіреді***» (Муслим 93, Ахмад 345/3).

- ***Амалдардағы көзбояушылық (рия)*** — бұл құлшылық етушінің Аллаһқа адамдар көретін немесе еститіндей, сөйтіп оны жасаған құлшылықтары үшін мақтайтындай етіп ғибадат етуі. Яғни ол құлшылықты адамдарға арнамайды, әйтпесе бұл үлкен көпқұдайшылық болар еді. Ал егер ол өз ғибадат амалдарын адамдар одан үлгі алсын деген ниетпен көрнекі етіп жасаса, бұл рия болмайды. Керісінше, бұл Аллаһқа шақыру. Адам келесі нәрселерді орындау арқылы риядан сәлемет бола алады:

  1) Бірқұдайшылықты оқып-білу. Өйткені, оны оқып-үйрену адамның жүрегінде Аллаһты ұлықтайды, ал содан кейін ол әлдебір іс Аллаһтың дініне қатысты болса, ешкімге мән бермейтін болады.

  2) Аллаһқа дұға етіп, жалбарыну.


  3) Ғибадатты, ол адам мен Раббысының арасында ғана болуы үшін, оңаша (құпия) жасау.

  4) Риядан қорқып, игі амалдарды жасауды тастамау.

  5) Ақыретті еске салатын амалдарды көп жасау, мысалы, қабірлерді шариғатқа сай зиярат ету.

Пайғамбарымыз ﷺ риядан Дәжжалдан да қаттырақ сақтандырған?


1) Өйткені Дәжжалға қатысты үмметке түсетін сынақ — анық, ал рия — жасырын;	2) Дәжжалдың бүлігі белгілі белгі бір уақытта ғана (Қиямет күнінің қарсаңында) орын алады, ал рияның бүлігі әрдайым болады.



- «***Теңдес***» — ұқсас.
- «***Тозаққа кіреді***» — бұл Аллаһқа теңдес қосқандардың жазасы.
- «***Қандай да бір***» — бұл кез келген серік қосуды қамтиды, тіпті серік етіп ең ардақты жаратылыс қойылса да.
- «***Ал кім Оны Оған әлдебіреуді серік қосып кездестірсе, Тозаққа кіреді***» — егер кіші ширк туралы айтатын болсақ, онда адам Отта мәңгі қалмайды, ал егер ол үлкен көпқұдайшылық болса, онда ол Тозақта мәңгі қалады.
- Көпқұдайшылық — расында, ең ұлы күнә, алайда Аллаһ Тағала адамдар үшін құлшылықтағы ықыластылықты жеңілдетті.

Адам өзінің ғибадаты арқылы Аллаһтың Жүзіне ұмтылуы, адамдардың мақтауына да, олардың сөгіс пен сын айтуына мән бермеуі керек. Өйткені, адамдар оған ешқандай пайда әкелмейді.

- Сондай-ақ, адамдар оның айтқан сөзіне құлап салып, қабылдаса, ол бұны өзінің айтқандығы себептен орын алды деп масаттанып, қуанбауы керек. Алайда, адамдар оның сөздерін олар шындыққа сай болғандығы себепті қабылдағанына қуануы керек. Керісінше болған жағдайда да дәл солай болуы тиіс. Ықылас — оңайлықпен қол жете бермейтін мақсат, бірақ адам тура жолды ұстанып, Аллаһқа шынайы әрі дұрыс бет бұрса, Аллаһ Тағала оған жәрдем етіп, бұл мақсатына жетуді жеңілдетеді.



Үлкен және кіші көпқұдайшылықтың айырмашылығы

Үлкен көпқұдайшылық:

– Діннен шығарады;

– Бүкіл амалдарды жойып жібереді;

– Адамды мәңгілікке Тозаққа кіргізеді;

– Әмірші үшін мұны жасаған адамның қаны мен мал-мүлкін халәл қылады;

– Бұл үлкен көпқұдайшылық екендігіне дәлелдер бар;

– Адамның әлдебір себептің (құралдың) Ғаламда өздігінше (Аллаһтың қалауынан) тыс пайда келтіретіндігіне немесе зиянды кетіретіндігіне сенуі үлкен көпқұдайшылық болып табылады.

Кіші көпқұдайшылық:

– Діннен шығармайды;

– Барлық амалдарды емес, тек құрамында кіші көпқұдайшылық бар амалдарды жойып жібереді;

– Оны жасаған адам Тозаққа мәңгілікке кірмейді;

– Оны жасаған адамның қаны мен мүлкі халәл болмайды;

– Бұл кіші көпқұдайшылық екендігіне дәлелдер бар;

– Кіші көпқұдайшылықты жасаған адам Аллаһ себеп қылмаған нәрселерді себеп қылады;

– Үлкен көпқұдайшылыққа апаратын кез-келген нәрсе кіші көпқұдайшылық болып табылады;

– Егер «көпқұдайшылық» немесе «күпірлік» сөзі шариғат мәтіндерінде белгісіздік райында (яғни «әл» деген артиклсіз) келсе, әдетте, бұл кіші көпқұдайшылық болады.

ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Көпқұдайшылық жасаудан қорқу.

Екінші. Ізгі амалдарды көрер көз үшін жасау (рия) — көпқұдайшылықтың көрінісі.

Үшінші. Ол дәл (тек) кіші көпқұдайшылықтың көрінісі болып табылады. Яғни бұл жерде оның азғантай мөлшерде жасалуы туралы айтылуда.

Төртінші. Рия — салиқалы адам үшін ең үлкен қауіп. (Өйткені, ол

адамның жүрегіне еніп кетуі, ал ол мұны сезбей қалуы мүмкін, себебі ол өте жасырын. Сондай-ақ, көптеген адамдардың нәпсілерінің болмысы басқалардың оны мақтағанына ұмтылады).

Бесінші. Жәннат пен Тозақтың жақындығы.

Алтыншы. Олардың жақындығына бір хадисте нұсқау.

Жетінші. Егер біреу Аллаһты Оған серік қосқан күйінде кездестірсе, ол қанша көп құлшылық қылғандардан болса да, Тозаққа кіреді. (Егер ол үлкен көпқұдайшылық жасаған болса, ол ешқашан Жәннатқа кірмейді; егер ол кіші көпқұдайшылық жасаған болса, онда ол көпқұдайшылық пен күнәға батқанына сәйкес азапқа ұшырайды да, содан кейін Жәннатқа кіре алады).

Сегізінші. Маңызды мәселе: Аллаһтың сүйіктісі (Ибраһим пайғамбар) Аллаһтан өзі және балалары үшін пұттарға құлшылық етуден қорғаныш сұраған.

Тоғызыншы. Ол көптеген адамдардың хәлін көріп, тұжырым шығарды, бұл оның мына сөздерінен белгілі болады: «**Раббым! Олар көптеген адамдарды адастырды**».

Оныншы. «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» куәлігінің имам әл-Бухари келтірген түсіндірмесі.

Он бірінші. Көпқұдайшылықтан сақтанған адамның артықшылығы. (Ол Жәннатқа кіреді).

5. «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» куәлігіне шақыру жайлы тарау

Автор бұл тарауды не себепті келтірді?

1. Автор бірқұдайшылықты ұстану қажеттігін көрсеткеннен кейін, басқаларды да оған шақыру қажеттігін көрсеткен. Өйткені, адам бірқұдайшылыққа шақырмаса, оның иманы толық болмайды.
2. «Адамдар ең бірінші шақырылатын нәрсе — бес уақыт намаз оқу» дегендерді теріске шығару.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Менің жолым — осы. Мен және маған ергендер Аллаһқа айқын дәлел үстінде шақырамыз...**» («Юсуф» сүресі, 108-аят).

- «**Менің жолым**»: Пайғамбардың ﷺ алып келген шариғаты мен Аллаһқа шақыруына байланысты нәрселер.
- «**Аллаһқа**»: шақырушылар екіге бөлінеді:
    1) Аллаһқа шақыратындар;
    2) Басқа нәрсеге шақыратындар.
- «**Айқын дәлел үстінде**»: бұл келесі нәрселерді қамтиды:
    1) діни білім;
    2) шақырылатын адамның хәлі жайлы хабардар болу;
    3) даналық.
- Шақыру шарттары:
    1) шын ықыластылық;
    2) діни білім;
    3) даналық;
    4) шақырылатын адамның хәлі жайлы хабардар болу;
    5) сабырлық.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) риуаят еткен хадисте айтылғандай, Аллаһтың Елшісі ﷺ Муғазды Йеменге жіберген кезде оған былай деді: «***Расында, сен Кітап иелерінен болған қауымға барасың. Ендеше, оларды ең бірінші шақыратын нәрсең «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» деген куәлік болсын*** (басқа риуаятта: «***Оларды жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақыр***», — деп келеді). ***Егер олар осыда саған бағынса, оларға Аллаһ оларды күніне бес уақыт намазбен міндеттегенін білдір. Егер олар осыда да саған бағынса, онда оларға Аллаһ олардың байларын кедейлеріне зекет берумен міндеттегенін мәлімде. Егер олар осыда да саған бағынса, онда олардың таңдаулы мал-мүлкіне қол сұғушы болма, әрі жәбірленушінің дұғасынан қорық, өйткені оны мен Аллаһтың арасында бөгет жоқ***» (әл-Бухари 1395, Муслим 19, әт-Тирмизи 625, Абу Дауд 1584, Ахмад 233/1).

Хадисте келесі нәрселерге нұсқау бар:

1. Аллаһқа шақырушыларды жіберудің шариғи заңдылығы және оларды оқытып, үйретудің маңыздылығы.
2. Аллаһтың Елшісі ﷺ тек бір адамды жіберді, ал бұл өз кезегінде, егер мәселе тіпті наным-сенімге қатысты болса да, жалғыз жеткізушіден келген хабарды (хабар әл-уахид) қабылдау қажеттігін көрсетеді.
3. Пайғамбар ﷺ дағуат жасау үшін белгілі бір күн санын белгілемеді, алайда шақырушы сол жерде қажетті уақытқа дейін қалуы тиіс.
4. Ақиқатқа қайшы келетіндерді шақыру әдісіне нұсқау бар. Ең жақсы әдіс — пікірталас-талқылау жүргізу емес, бірқұдайшылыққа шақыру.
5. Исламға ғана шақырудың өзі жеткіліксіз, алайда адамдарға олардың міндеттерін де түсіндіру қажет, сонда ғана олар бұған мойынсұнады. Дегенмен, хадисте көрсетілген тәртіпті сақтау қажет.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Сәхл ибн Сағдтан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Аллаһтың Елшісі ﷺ Хайбар шайқасы кезінде былай дегені айтылады: «***Ертең мен Аллаһ пен Оның Елшісін жақсы көретін әрі Аллаһ пен Оның Елшісі оны жақсы көретін адамға ту ұстатамын, және Аллаһ ол арқылы жеңіс нәсіп етеді***». Адамдар бұл тудың кімге бе-

рілетінін талқылап, түнді үлкен толқу үстінде өткізді. Таңертең олар Аллаһтың Елшісіне ﷺ келді, әрі әрқайсысы туды алуға үміттенді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Али ибн Абу Талиб қайда?***» — деп сұрады. Олар: «Ол көзінің ауруына шағымданып жатыр», — деп жауап берді. Пайғамбар ﷺ оны шақыртты. Али келген соң, Пайғамбар ﷺ оның көзіне түкіріп, ол үшін Аллаһқа дұға жасады. Сол сәтте-ақ Алидің көзі дерттен айығып, ешқашан ауырмағандай болды. Содан кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ оған туды беріп: «***Олардың қонысына жеткенше бірте-бірте жылжып отыр. Оларға Исламға кіруді ұсынып, Аллаһ алдындағы міндеттерін түсіндір. Себебі, Аллаһпен ант етемін, егер Аллаһ сен арқылы бір адамды болса да тура жолға салса, бұл сен үшін қызыл түйелерге ие болудан да қайырлы***», — деді (әл-Бухари 2942, Муслим 2406).

- Аллаһтың жақсы көру деген сипатқа иесі екендігіне, Оның жақсы көретініне және Оны құлдары жақсы көретініне нұсқау бар. Алайда Аллаһтың жақсы көруі құлдарының Оны жақсы көруіне ұқсамайды.
- Адамның белгілі бір нәрседегі артықшылығы оның барлық жақтан абсолютті артықшылыққа те екенін білдірмейді. Мысалы, Пайғамбар ﷺ Абу Убайданы (Аллаһ оған разы болсын) «Бұл үмметтің сенімдісі» деп атағаны, оның ең абзал сахаба екенін білдірмейді. Бұл Муазға да қатысты.
- «***Қызыл түйелер***»: арабтар оларды иеленуді қатты қалағандықтан, дәл осы түйелер аталған.

Әдеттен тыс құбылыстардың төрт түрі бар.

Сөз адамның табиғи әдеттілікке қайшы келетін (ғажайып) нәрселер жасауы туралы болуда, мысалы, адамның судың үстін басып жүруі.

Аят (белгілер): олар тек пайғамбарларға ғана тән. Олар мұғжиза деп аталмайды, өйткені олар Құранда осылай сипатталған. Пайғамбарлардан басқа адамдардан да мұғжизалар орын алуы мүмкін. Ал аят-белгілерге келсек, Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін олар ешкімнің тарапынан орын алуы мүмкін емес.	**Карома (кереметтер):** Аса Мейірімді Аллаһтың әулиелеріне тән. Олар иман мен тақуалық сияқты қасиеттерді бойына жинағандар. Мұндай керемет Үңгір Иелері деп аталған жігіттердің басынан өткен оқиға мысал бола алады.	**Бүлік-фитна болған мұғжизалар:** бұл шайтанның әулилеріне тән, біз мұндай адамдарды бірден, оның хәліне қарап тани аламыз: оның бойында иман мен тақуалық жоқ. Мұндай нәрселерге Дәжжал жасайтын керемет құбылыстар мен амалдарды жатқызуға болады.	**Фадыха (масқара):** Кімде-кім Аллаһқа жала жапса, Аллаһ оны Ақыреттен бұрын-ақ бұл өмірдің өзінде масқара етеді. Бұған мысал ретінде өтірікші Мусайлиманың науқас адамның көзіне түкіріп, оның мүлде соқыр болып калғанын келтіруге болады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһқа шақыру — бұл Аллаһ Елшісінің ﷺ және оған ілесушілердің жолы. (Бұл — елшілер мен олардың ізбасарларының жолы).

Екінші. Ихласқа (шын ықыласқа) ерекше мән беру, өйткені көптеген адамдар ақиқатқа шақырып жүргенімен, шын мәнінде өздеріне ілесуге үндейді.

Үшінші. Істің мән-жайын терең түсіну (басыйра) — дағуаттың міндетті шарттарының бірі. (Дінге шақыру міндет болғандықтан, оған қажетті білім де міндетті).

Төртінші. Таухидтың (бірқұдайшылықтың) көркемдігінің куәсі — Ұлы Аллаһты барлық кемшіліктерден пәктеп дәріптеу.

Бесінші. Ширктің (көпқұдайшылықтың) жиіркеніштігіне дәлел — оның Аллаһты кемшіліктермен сипаттауы. (Таухид ұстанушысы Аллаһта ешбір кемшілік жоқ екеніне нық сенеді).

Алтыншы. Ең маңызды мәселелердің бірі — мұсылманның көпқұдайшылдардан (мушриктерден) алыс болуының қажеттілігі. Себебі, егер ол олардың арасында болса, тіпті Аллаһқа серік қоспаса да, сырттай солардың бірі болып көрінеді, ал бұл — қауіпті нәрсе.

Жетінші. Таухид (бірқұдайшылық) — мұсылманға ең бірінші парыз болған міндет.

Сегізінші. Шақыру ең алдымен бірқұдайшылықтан басталуы керек, тіпті намазға шақырудан да бұрын.

Тоғызыншы. «**Оларды жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақыр**» деген сөздің мағынасы — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ» деген куәлікті түсіндіру.

Оныншы. Адам Кітап иелерінің жолын ұстанушы болуы, бірақ осы орайды сол кітапты білмеуі немесе соған сай амал етпеуі мүмкін.

Он бірінші. Ілім беруде біртіндеп үйрету қағидасының маңыздылығына нұсқау.

Он екінші. Ең маңызды нәрседен бастап, содан кейін ғана басқасына көшу керек. (Алдымен таухид, содан кейін намаз, содан кейін зекет).

Он үшінші. Зекетті алуға лайықты адамдардың кейбір санаттарын атау. (Жалпы саны — сегіз санат).

Он төртінші. Ұстаз шәкіртінің күмәнін және қате түсініктерін жоюы тиіс. (Бұл — білім беру және білімсіздікті жою арқылы жүзеге асатын іс).

Он бесінші. Зекетке мал-мүліктің ең жақсысын алуға тыйым салынады.

Он алтыншы. Зұлымдыққа ұшыраған адамның дұғасынан сақтану керек.

Он жетінші. Зұлымдыққа ұшыраған адамның дұғасы мен Аллаһтың арасында ешбір бөгет жоқ екеніне дәлел. (Бұл — ескерту әрі еске салу).

Он сегізінші. Бірқұдайшылықтың айқын белгілерінің бірі — барлық пайғамбарлардың ең абзалы әрі Аллаһқа ең жақын құлдың (яғни Мухаммадтың ﷺ басынан өткен қиыншылықтар, ауыртпалықтар, ауырулар мен аштық. (Бұл — Хайбардың алынуы кезінде болған оқиғаларға қатысты).

Он тоғызыншы. «**Расында, ертең мен туды.... беремін**» деген сөздер — пайғамбарлықтың белгісі.

Жиырмасыншы. Пайғамбарымыздың ﷺ Алидің көзіне түкіруі — оның пайғамбарлық белгісі екеніне дәлел.

Жиырма бірінші. Алидің (Аллаһ оған разы болсын) артықшылығы. (Бұл — мүминдердің әміршісінің дәрежесінің жоғарылығының дәлелі).

Жиырма екінші. Сол түні тудың кімге берілетіні туралы талқылаған сахабалардың қадір-қасиеті.

Жиырма үшінші. Тағдырға иман: туды оған ұмтылмаған адам алды, ал оған қол жеткізуге ұмтылған адам оны ала алмады.

Жиырма төртінші. «**Бірте-бірте жылжып отыр**» деген сөздердегі әдепке үйрету. (Бұл — асықпай, байыппен жүруге бұйрық).

Жиырма бесінші. Соғысудан бұрын исламға шақыру міндетті.

Жиырма алтыншы. Бұл үкім бұрын исламға шақырылған әрі олармен соғыс жүргізілгендерге де қатысты.

Жиырма жетінші. Дағуатты даналықпен жүргізу, бұл «**Оларға міндеттерін түсіндір**» деген сөздерде көрініс тапқан. (Өйткені адам ислам үкімдерін орындауы да орындамауы да мүмкін. Сондықтан онымен оның міндеттері туралы сөйлесу керек, осылайша оның күпірлікке қайтып оралуына жол бермеу қажет).

Жиырма сегізінші. Исламдағы Аллаһтың құқықтарын білудің маңыздылығы.

Жиырма тоғызыншы. Тіпті бір адамды тура жолға салуға себепші болған адам үшін зор сауап бар. (Бұл оның ең қымбат дүние-мүлкінен де қайырлы).

Отызыншы. Пәтуа берген кезде ант ішуге рұқсат етіледі. (Алайда, бұл тек айқын пайдалы болған жағдайда ғана жасалуы керек).

Бірінші бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (5 тарау)

Бірінші тапсырма: «Бірқұдайшылық кітабының» алғашқы бес тарауын және олардың кітаппен байланысын атап жазыңыз.

Тараудың атауы	Тараудың келтірілу себебі:
1	.....
2	.....
3	.....
4	.....
5	.....

Екінші тапсырма: сөйлемді аяқта.

1. Біздің «Бірқұдайшылық кітабын» оқуымыздың көптеген себептері бар, олардың арасында:

1. ..... 2. .....

3. ..... 4. ..... 5. .....

2. Кітаптың авторы кіріспені келесі себептермен келтірмеді:

1. .....

2. ..... 3. .....

3. «Бірқұдайшылық кітабын» келесі бөліктерге бөлуге болады:

1. ..... 2. .....

3. ..... 4. .....

5. ..... 6. .....

7. ..... 8. .....

9. ..... 10. .....

4. Бірқұдайшылық кітабында Аллаһтың құлшылыққа лайықты құдайлықтағы (ғибадат ету құқығындағы) бірегей (жалғыз) екіндігінің ғана түсіндірмесі бар дейтіндерді кітапта келесі тараулардың болуымен жоққа шығарамыз:

.....

.....

.....

5. Құлшылықтың үш түрі бар:

1. ..... Оның мағынасы: .....

Дәлел: .....

2. ..... Оның мағынасы: .....

Дәлел: .....

3. ..... Оның мағынасы: .....

Дәлел: .....

6. Қол сұғылмайтын жандар: .....,

....., ...

7. Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) Құран аяттарын Пайғамбарымыздың ﷺ өсиеті деп неліктен атады?

....., ..., ...

8. «Умма» сөзі Құранда келесі мағынада келуі мүмкін: .....

....., ..., ...

9. Бірқұдайшылықты дұрыс ұстанудың мәні оны келесі нәрселерден тазартуда көрініс табуы керек: ....., ... , ...

10. Бұл үмметтің екі нәрседе артықшылығы бар, олар: .... және .....

11. Белгілі бір нәрседегі артықшылықты атап көрсету ..... толық мағынадағы қадір-қасиетке ие болуын білдірмейді.

12. «Руқияны көз тиюге қарсы оқуға болады» деген сөздер не мағынаны білдіреді? ....

13. Шариғат келесі себептерге байланысты басқалардан руқия оқуды (дем салуды) немесе күйдіруді сұраған адамды құптамайды:

.....

14. «Расында, Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді», яғни ...., «алайда қалған күнәларды қалағанына кешіреді», яғни .....

15. «Одан болған Рух», яғни ....., «Оның Сөзі», яғни .....

16. Аллаһ Тағала Өзіне теліген нәрселер екіге бөлінеді, олар:

.....

17. Пайғамбарымыз ﷺ: «Уккаша бұда сенен озды», — деп не себептермен айтты?

..... немесе ....

18. Аллаһ Тағаланың: «**былғамағандар...**» деген сөзі не мағынаны білдереді ....., «**әділетсіздікпен**», яғни ....

19. Көпқұдайшылықтан аулақ болу үшін келесі нәрселерді жасау қажет:

1. .....
2. .....
3. .....
4. .....

20. «**Расында, кімде-кім Аллаһтың Дидарын қалап**» деген сөздер не нәрсеге нұсқайды? .... Бұл сөздерде Аллаһ Тағаланың қандай сипаты бекітілген? .....

21. Аллаһқа шақырудың шарттары: 1. .....
2. ..... 3. .....
4. ..... 5. .....

22. Әдеттен тыс құбылыстардың төрт түрі бар
1. ....., олар ..... тән.
2. ....., олар ..... тән.
3. ....., олар ..... тән.
4. ....., олар ..... тән.

23. «Руқия мен күйдіруді қалдыру — бұл бірқұдайшылықтың өмірдегі жүзеге асуы», бірақ ол «ырымдарды қалдыру» деп айтпады, өйткені ырымдар ..... — ....

Үшінші тапсырма: Кестені толтыр.

Рияның түрлері:

1) **Егер өз негізінде амал адамдар көру үшін жасалса**, бұл .....

2) **Егер рия амал барысында пайда болса**, ...

2.1) ....., онда амал жарамды болады;

2.2) ....., бұл жағдайда келесі нұсқалар бар: ....., оның үкімі: ..... .

Екінші нұсқа: ....., оның үкімі: ....

3) **Егер рия амалдан кейін болса**, онда амал .....

Төртінші тапсырма: дұрыс жауаптың сол жағына белгі қойыңыз, сонымен қатар бос жерлерді толтырыңыз.

1. «Таухид кітабының» авторы кім?

☐ Мухаммад әт-Тамими ☐ Ибн Усаймин

2. Ғалымдар білім алуда не нәрсені кеңес етеді:

☐ Материалды өтерден бұрын оны жаттап алу.

☐ Жаттау пайдасыз, ең бастысы — түсіну.

3. «**Біз өздеріне Кітап бергендер, оны шынайы оқиды, міне солар иман келтіргендер**» деген аяттан мынадай қорытынды шығаруға болады: оқушы қандай да бір білімді толық меңгермей тұрып, оны тастамауы керек.

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

4. Ғалымдар «Таухид кітабын» зерттеп, бұл кітапта әлсіз хадистер жоқ деген қорытындыға келді:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

5. Ғалымдардың білімі терең болғанымен, бұл олардың қателеспейтінін білдірмейді:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

6. Мухаммад әт-Тамими еңбектерінің қатарына мыналар кіреді:

☐ «Кашф әш-Шубухат»

☐ «Мәсәил әл-Жәһилия»

☐ «Мухтасар әс-Сира»

☐ «Усул әл-Иман»

☐ Барлық жауаптар дұрыс

7. «Таухид кітабы» неше тараудан тұрады?

☐ 67 ☐ 76 ☐ 10

8. Егер сен кітап сатып алсаң, оны кітапханаңа қоюдан бұрын кіріспесімен, мазмұнымен және кейбір бөлімдерімен танысып шығуың керек:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

9. «Таухид кітабын» қанша бөлімге бөлуге болады?

☐ 11 ☐ 9 ☐ 10

10. Ең пайдалы кітаптар — үкімдердің дәлелдері көрсетілген кітаптар, өйткені бұл арқылы оқушы үкімдердің негізін түсінеді. Мұндай кітаптың үлгісі — «Бірқұдайшылық кітабы»:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

11. Білім — бұл (пайдалы материалды) жинақтап, содан кейін оны жіктеп, жүйелеу:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

12. Ғалымдар қолданатын терминдермен және олардың жасаған жіктеулерімен танысу қажет:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

13. «Бірқұдайшылық кітабының» бірінші бөлімі қандай?

☐ Кіріспе

☐ Бірқұдайшылықтың міндеттілігі

☐ Бірқұдайшылықты түсіндіру

14. Автор кіріспе мен қорытындыда әл-Бухариге ілескен:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

15. Автор бірінші тарауға атау бермеген, бірақ біз оны «Кіріспе тарауы» деп атай аламыз:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

16. Бірінші бөлімде қанша тарау бар?

☐ 5 ☐ 6 ☐ 7

17. Таухид мынадай түрлерге бөлінеді:

☐ Аллаһтың раббылығында, Оған құлшылық ету құқығында, есімдері мен сипаттарында жалғыз болуы

☐ Бекіту және тану таухиді, мақсат пен ұмтылыс (құлшылық) таухиді

☐ Екі нұсқа да дұрыс

18. Егер адам бірқұдайшылықтың бір түрін қабылдап, қалғандарын тәрк етсе, ол бірқұдайшыл болып саналмайды:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

19. Бірқұдайшылықты түрлерге (немесе құрамдас бөліктерге) бөлу — бидғат, өйткені бұған дәлел жоқ:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

20. Иман (сенім) — жалпы ұғым, ал таухид — оның бір бөлігі:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

21. «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір хақ құдай жоқ» деген куәліктің қанша тірегі (рүкіні) бар?

☐ 2 ☐ 8 ☐ 7

22. Әлемдердіі басқару және жаңбыр жаудыру ісіндегі Аллаһтың жалғыздығы қай таухид түріне жатады?

☐ Құлшылыққа лайықты болу құқығында

☐ Раббылығында

☐ Есімдері мен сипаттарында

23. Бірқұдайшылықтың негізін (іргетасын) не жояды?

☐ Үлкен ширк

☐ Кіші ширк

☐ Бидғаттар

24. Ең басты міндет (парыз) — ата-анаға жақсылық жасау:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

25. Ең үлкен күнәлар — зинақорлық және Аллаһ өлтіруге тыйым салған адамды өлтіру:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

26. «Құлшылық-ғибадат» ұғымы екі мағынаны қамтиды:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

27. «Құлшылық-ғибадат — бұл жалпы атау...» деген сөз кімге тиесілі?

☐ Ибн әл-Қайим ☐ Ибн Таймия

28. Аллаһтың есімдері мен сипаттары жайлы дұрыс сенім қандай?

☐ «Қалай?» деп сұрамау және ұқсатпау

☐ «Қалай?» деп сұрамау және салыстырмау

☐ Екі нұсқа да дұрыс

29. Құранның әрбір аяты бірқұдайшылықты қамтиды:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

30. Жындар мен адамдардың жаратылу мақсаты жануарларды жаратудың мақсатына ұқсас:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

31. Аллаһтың: «**Мен жындар және адамдарды тек Өзіме құлшылық етулері үшін жараттым**» деген сөздеріне қатысты адамдар не нәрседе қателеседі:

☐ Аяттың мағынасын түсінуде

☐ Оған сәйкес амалдар жасау кезінде

32. Жындар міндетті түрде:

☐ Тек иман келтіруі керек

☐ Иман келтіріп, ғибадаттар мен міндеттерді орындауы керек

33. Шариғи мәтіндерде «Умма» деп не аталады?

☐ Имам (көшбасшы)

☐ Дін

☐ Уақыт кезеңі

☐ Қоғам

☐ Барлық жауаптар дұрыс

34. «Әрбір қауымға Біз елші жібердік» деген сөздер Адамнан бастап:

☐ Адам

☐ Нұх

☐ ‘Иса

☐ Мухаммадқа дейін

Ал олардың жіберілу мақсаты:

☐ Дәлелді орнату

☐ Дін

☐ Рахымдық

☐ Аллаһқа апаратын жолды түсіндіру

☐ Барлық жауаптар дұрыс

35. Пұттар — Аллаһтан басқаға құлшылық ететін тағуттардың бірі:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

36. Аллаһқа бағынудың шегінен шыққан билеушілер де тағуттарға жататын ілесу объектісі:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

37. Оны өзгелер Аллаһқа серік қылып оған құлшылық ететін және оның өзі бұған ризашылық білдіретін адам:

☐ Тағут ☐ Тағут емес

38. «Бірқұдайшылық кітабындағы» екінші аят барлық елшілердің бірқұдайшылыққа шақыруда бірлікте болғанын көрсетеді:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

39. «Кейбір аяттарды атап өткеннен кейін, автор «аят» немесе «аяттар» дейді, бұл сізге осы аяттарды соңына дейін өздіңіз оқуыңыз керек екенін білдіреді

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

40. Аллаһ Тағаланың тағдырмен белгілегені немесе Оның шешімі екі түрге бөлінеді — шариғатта орындалуы белгіленген және болмыста (ғаламдық заңдарда) алдын ала белгіленген:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

41. Егер Аллаһ бір нәрсені бір жағынан сүйсе, ал екінші жағынан жек көрсе, бұл осының:

☐ Шариғатта белгіленгенінің көрінісі болады

☐ Болмыста алдын ала белгіленгенінің көрінісі болады

42. «**Біз Исраил ұрпақтарына Кітапта: "Сендер жер бетінде екі рет бұзықшылық жасайсыңдар…**", — деп алдын ала белгіледік» аятында қандай алдын ала белгілеу түрі туралы айтылған?

☐ Шариғатта белгіленген

☐ Болмыста алдын ала белгіленген

43. Кесірткеден басқа барлық жануарлар Аллаһты дәріптейді:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

44. «Құлдық» (убудия) қанша түрге бөлінеді?

☐ Екі түрге

☐ Үш түрге

Ал құстардың Аллаһты дәріптеуіне келетін болсақ, бұл құлшылық:

☐ Мәжбүрлі

☐ Ерікті

45. Көпқұдайшылдарда Аллаһқа құлшылықтың кейбір көріністері бар:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

46. Ғибадат тек тіл мен дене мүшелері қатысқанда ғана болады:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

47. «**Оған ешнәрсені серік қоспаңдар**» — бұл жалпы барлық нәрсені (пайғамбарларды, періштелерді, әулиелерді және басқаларды) түгел қамтиды:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

48. «Қуанту» («бишаро») сөзі тек жақсы хабарды жеткізу үшін қолданылады, ол жамандық туралы хабар жеткізу үшін қолданылмайды:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

49. Аллаһ Тағала тыйым салған (құқықтарына қол сұғылмайтын) жандар:

☐ Мұсылман

☐ Зиммий

☐ Муғахад

☐ Мустаъман

☐ Барлық жауаптар дұрыс

50. Пайғамбар ﷺ өсиет (уасыя) қалдырды ма?

☐ Иә ☐ Жоқ

51. Неліктен Ибн Масғуд оны өсиет деп атады?

☐ Себебі осы аяттар бүкіл діннің негіздерін қамтиды

☐ Себебі бұл Аллаһтың өсиеті

52. «**Құлдардың Аллаһтағы қақысы...**» — бұл құқық:

☐ Міндет болып табылады

☐ Аллаһтың рахметі мен кеңшілігі болып табылады

53. «Аллаһ және Оның Елшісі ﷺ жақсырақ біледі» деп қай кезде айтуға болады?

☐ Пайғамбар ﷺ тірі болған кезде

☐ Әрқашан

54. Пайғамбар ﷺ Муазға айтқан сүйінші хабарды адамдарға жеткізуге не себепті тыйым салды?

☐ Бір-бірімен бәсекелес болатындықтан

☐ Тек осыған ғана сеніп қалатындықтан

Муаз осыны өлім алдында хабарлап, мойынсұнбаушылық танытты ма?

☐ Иә

☐ Жоқ, себебі білімді жасыруға әрқашан тыйым салынған:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

55. Бұл жағдай тек Муазға қатысты ма?

☐ Иә ☐ Жоқ

56. Егер әлдебір амалдың артықшылығы туралы айтылса, бұл осы амалдың міндетті емес екенін көрсетеді:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

57. «**Қашан Аллаһ зікір етілсе, Ақыретке иман келтірмегендердің жүректері жиренеді. Ал Аллаһтан өзгелер зікір етілген кезде, олар қуанады**» — бұл аят келесі тарауға қатысты:

☐ 2 ☐ 5 ☐ 4

58. Аллаһ Тағала Өзіне теліген нәрсе қаншаға бөлінеді:

☐ 2 түрге ☐ 3 түрге

59. Адамның басқа біреудің өміріне, мал-мүлкіне немесе ар-намысына қол сұғуы — ең үлкен зұлымдық:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

60. Егер адам өмірінде ширк жасамай, бірақ белгілі бір күнәда табанды болса, оның жағдайы қандай болады?

☐ Міндетті түрде азапқа тартылады

☐ Аллаһ қаласа, оны кешіреді, қаласа — азаптайды

61. «**Лә иләһа иллә-Ллаһ**» — зікір болып табылады, бірақ ол дұға емес:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

62. Кей адамдар «**Лә иләһа иллә-Ллаһ**» деп айтады, алайда олардың бұл сөздерінің Аллаһтың алдында еш салмағы болмайды:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

63. «**Мухаммад — Аллаһтың Елшісі**» деген куәлік нені жоққа шығарады?

☐ Пайғамбарға мойынсұнбауды

☐ Бидғатты (дінге енгізілген жаңалықтарды)

☐ Екі жауап та дұрыс

64. «**Иса — Аллаһтың құлы**» деген сөз яһудилердің сенімін теріске шығарады, ал «және Оның Елшісі» деген сөз христиандардың сенімін теріске шығарады:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

65. «**Ол Одан (Аллаһтан) болған Рух**» деген сөз нені білдіреді?

☐ Жаратылған нәрсені ☐ Белгілі бір сипаттарды

66. «**Аллаһ оны Жәннат бақтарына кіргізеді**» дегенде, қандай кіру меңзеліп тұр?

☐ Толық

☐ Толық емес

☐ Екі жауап та дұрыс

67. Бірқұдайшылықты лайықты түрде ұстанудың мәні келесі нәрселерден тазалануды білдіреді:

☐ Көпқұдайшылықтан

☐ Бидғаттардан (діни жаңалықтардан)

☐ Күнәлардан

☐ Барлық жауаптар дұрыс

68. «**Расында, Ибраһим Аллаһқа бойсұнушы умма және ханиф еді**» деген аяттағы, «**умма**» сөзі не мағынаны білдіреді:

☐ Үлгі тұтар тұлға

☐ Имам (басшы, жетекші)

☐ Жақсылыққа үйретуші

☐ Барлық жауаптар дұрыс

69. Руқия тек адамды бір нәрсе шақса немесе көз тиген жағдайда ғана пайдалы, басқа жағдайларда ол әсер етпейді:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

70. Имам Муслим жеткізген хадисте «**олар өздеріне руқия оқуды сұрамайды**» деп жазылған, бірақ оған қосымша ретінде «руқия оқымайды» деген сөздер де бар. Бұл қосымша:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

71. Үлкен көпқұдайшылық адамның өмірі мен мал-мүлкін билеушіге халәл етеді. Егер тек адам «зиммий» немесе «муғахад» болмаса:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

72. Руқия оқу мен оны оқуды сұрау арасындағы айырмашылық мынада: бірінші адам — жақсылық жасайды, екіншісі — сұрайды, оның жүрегі Аллаһқа емес, басқа біреуге бағытталады:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

73. Аллаһтың құдіретінде болған нәрселерде басқаны Оған теңестіру — бұл көпқұдайшылықтың:

☐ Үлкені ☐ Кішісі

74. Тірі жанның бейнесі ретінде жасалған пұт — бұл:

☐ Сонам

☐ Уәсан

☐ Екі жауап та дұрыс

75. Муғаздың хадисіндегі «**таңдаулы мүлік**» дегеніміз:

☐ Ең құнды мүлік

☐ Орташа бағалы мүлік

☐ Арзан мүлік

76. Адам білім алып, жақсы амалдар істей отырып өзін тәрбиелеп жетілдіреді, ал адамдарды Аллаһқа шақырып, сабырлы болу арқылы басқаларды тәрбиелеп жетілдіреді:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

77. Пайғамбар ﷺ өз үмметі үшін Дәжжалдан гөрі риядан көбірек қауіптенді. Себебі рия — бар болғаны кіші ширк болып табылады:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

78. Егер адам сенімінде ықыласты және шыншыл болса, ол міндетті түрде сол сенімге шақыратын болады:

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

79. «**Аллаһқа айқын білім үстінде шақырамыз**». Аятта қай білім туралы айтылуда?

☐ Діни білім

☐ Шақырылатын адамның жағдайынан хабардар болу

☐ Даналық

☐ Дұрыс жауап жоқ

☐ Барлық жауап дұрыс

80. Дінге шақырудың (дағуаттың) қанша шарты бар?

☐ 5

☐ 4

☐ 3

81. Үлкен және кіші ширк арасындағы айырмашылық неде?

....

....

....

....

....

Бесінші тапсырма: «А» тізіміндегі терминді «Б» тізіміндегі оның анықтамасымен сәйкестендіріңіз.

А	Б
1) Улуһия	• Аллаһ Тағалаға деген сүйіспеншілік және ұлықтаумен Оның бұйырғанын орындап, тыйым салғанынан тыйылу арқылы бойұсыну;.
2) Құлшылық	• Олар бұл жерде аталуының себебі арабтартың оларды иелік етуге қатты құштар болғандығында.
3) Тағут	• Көрген, естіген немесе білген нәрселерге байланысты қандай да бір орынға немесе уақыт кезеңіне қатысты жаман ырым.
4) Рия	• Ұқсастық;
5) Ырымшылдық (татайюр)	• Аллаһтан басқа ғибадат етілетін және белгілі бір бейнесі (мүсіні) бар нәрсе.
6) Серік	• Аллаһтан басқа оның қандай да бір суреті баржоғына қарамастан құлшылық етілетін нәрсе.
7) Сонам	• Пенде сол арқылы шектен шығатын барлық нәрсе, мейлі ол ілесу нысаны, құлшылық нысаны немесе бағыну нысаны болсын.
8) Бірқұдайшылық	• Адамның Аллаһ Тағалаға адамдар оны көріп немесе ол туралы естіп, оны жасаған құлшылығына байланысты мақтауы үшін құлшылық етуі;
9) Құлшылық	• Аллаһ Тағаланың Оның істерінде, басқаша айтқанда, әлемді жаратудағы, оған елік етудеді, оны басқарудады және реттеудегі жалғыздығын мойындау.
10) Харижилер	• Аллаһ Тағаланың құлшылық етілуге деген ерекше құқығын немесе, басқаша айтқанда, құлдардың діни амалдарына Оның ғана құқылы екендігін мойындау.
12) Уасан	• Аллаһ жақсы көретін және Ол разы болатын барлық ашық және жасырын сөздер мен амалдар.
13) Әр-Рубубия	• Үлкен күнә жасаған адам Тозақта мәңгі қалады деп айтатын топ.
14) Қызыл түйелер	• Ширк пен Аллаһ Тағалаға бағынуға қайшы келетін барлық нәрседен алыстап, Аллаһқа қарай ұмтылған адам.
	• Аллаһқа ғана тән болған нәрселерде: Раббылықта, Құдайлықта (құлшылыққа лайықты болуында) немесе есімдері мен сипаттарында Оның жалғыздығын мойындау.

ЕКІНШІ БӨЛІМ
Бірқұдайшылықтың түсіндірмесі (9 тарау)

6. Бірқұдайшылықты (таухидті) және Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ куәлігін түсіндіру жайлы тарау

Автор, бірқұдайшылықтың міндеттілігін көрсеткеннен кейін, оқырман оның мағынасын білуді қалайды. Себебі алдыңғы тарауларда автор бірқұдайшылықтың міндеттілігі, оның артықшылықтары, оны жүзеге асыру жолдары, ширк пен оның түрлерінен сақтану және бірқұдайшылыққа шақыру қажеттілігі туралы баяндаған еді. Сондықтан осы тарауда ол бірқұдайшылықтың мәнін түсіндіруге кіріседі және кітаптың соңына дейін осы түсіндіруді жалғастырады.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Олардың дұға етіп жалбарынғандары өздері Раббыларына қалай жақын боламыз деп ізденеді...**» («әл-Исра» сүресі, 57-аят).

«**Олардың дұға етіп жалбарынғандары**»: олардың жалбарынатындарының өздері Аллаһқа жақындаудың жолын іздейді және осыған өзгелерден бұрын жетуге тырысады. Егер олардың өздері мұқтаж әрі мұқтаждықтарын қанағаттандыруға дәрменсіз болса, онда оларға қалайша жалбарынуға болады?! Бұл аятта дұға жасауда Аллаһқа серік қосу туралы қатаң ескерту бар.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Сол уақытта Ибраһим әкесіне және еліне: «Шын мәнінде, мені жаратқан (Аллаһтан) басқа, сендердің табынған нәрселеріңе қатысым жоқ. Ол мені тура жолға салады**», — деді» («әз-Зухруф» сүресі, 26-27 аят).

- «**Мені жаратқан Аллаһтан басқа**» — бұл сөзде әрі теріске шығару, әрі растау бар. Неліктен ол жай «Аллаһтан өзге» деп айтпады? Бұған екі себеп бар:

  1) Не себепті жалғыз Аллаһ Тағала ғана құлшылыққа лайық екенін түсіндіру. Егер Ол бүкіл жаратылыстың жалғыз Жаратушысы болса, онда құлшылық та тек жалғыз Оған ғана арналуы керек.

  2) Пұттарға құлшылық етудің негізсіздігін көрсету. Өйткені олар еш нәрсе жаратпады, демек, оларға құлшылық ету — дұрыс емес.
- Егер адам Аллаһпен бірге өзгелерге де құлшылық ететін болса, оның бірқұдайшылығы жүзеге аспайды. Құлшылықтың барлық түрлері тек Аллаһқа арналуы тиіс. Біз кейбір мұсылман елдерінде адамдар намаз оқып, зекет беріп, ораза ұстап, қажылық жасайтынын, бірақ сонымен бірге қабірлердің алдында сәжде ететінін көре аламыз.

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар кітапшылдары мен монахтарын Аллаһтан өзге құдай етіп алды...**» («әт-Тәуба» сүресі, 31-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген: «**Адамдардың кейбіреулері Аллаһқа өзгелерді теңдес етеді де, оларды Аллаһты сүйгендей сүйеді**» («әл-Бақара» сүресі, 165-аят).

- «**Кітапшылар**» — ғалымдар; «монахтар» — құлшылыққа берілгендер.
- «**Аллаһтан өзге құдай етіп алды**»: олар ғалымдарға Аллаһқа мойынсұнбауда бағынды және монахтарға құлшылық етті. Бұл аятта адамдардың Аллаһқа мойынсұнбауда Оған өзгелерді серік етіп, соларға бағынуының қауіптілігі көрсетілген.
- «**Оларды Аллаһты сүйгендей сүйеді**»: яғни олардың бұл адамдарға деген сүйіспеншілігі Аллаһқа деген сүйіспеншілігімен тең дәрежеде болды.

Махаббаттың түрлері:

1) **Табиғи махаббат:** Мысалы, балаға деген махаббат рұқсат етілген, алайда ол Аллаһқа деген махаббатан асып түспеуі қажет;

2) **Аллаһқа деген және Аллаһ үшін болған махаббат:** Махаббаттың бұл түрі уәжіп болып табылады. Иманның ең күшті тұтқасы — Аллаһ үшін болған махаббат;

3) **Аллаһпен бірге басқа біреуге болған махаббат:** Бұл үлкен көпқұдайшылық болып табылады әрі Аллаһқа деген махаббатпен мүлдем сыйыспайды.

Аллаһ үшін махаббат іс-амалдарға, сол амалдарды орындайтын адамға, белгілі бір мекендер мен уақыт кезеңдеріне болуы мүмкін.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

«Әс-Сахихада» Пайғамбарымыздың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***“Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ” сөздерін айтқан және Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін барлық нәрсеге күпірлік танытқан адамның мал-мүлкі мен қаны қолсұғылмас болады, ал оның есебі Аллаһтың құзырында***» (Муслим 23, Ахмад «Муснадта» 472/3).

Кітаптың қалған тарауларының барлығы осы тарауды түсіндіруге арналады.

- «**Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін барлық нәрсеге күпірлік таныту**»: адам Аллаһтан басқа құлшылық етілетіннің барлығын әрі күпірліктің барлық түрін теріске шығарып, одан бас тартуы керек. Егер адам ақиқат куәлігін (шаһаданы) айтқанымен, сонымен қатар өзге дін өкілдерінің сенімі дұрыс деп есептесе, онда ол мұсылман болып табылмайды. Сол сияқты, егер адам діндерді жай ғана идеологиялар деп санап, әркім олардан қалағанын таңдай алады деп есептесе, онда ол да мұсылман болып табылмайды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бұл тарау ең маңызды нәрсені — яғни бірқұдайшылық пен ақиқат куә-

лігін түсіндіруді қамтиды әрі оларды өте қарапайым түрде баяндайды. (Жоққа шығару мен бекітудің маңыздылығы).

«Әл-Исра» сүресінің аятында әулиелерге жалбарынатын көпқұдайшылдарды теріске шығару бар. Ал бұл осы амалдың үлкен көпқұдайшылық болып табылатынына нұсқайды. (Аллаһқа дұғада серік қосу).

«әт-Тәуба» сүресіндегі аятта Кітап иелерінің Аллаһтан өзге өздерінің кітапшылары мен монахтарын раббы етіп алғандығы түсіндірілген, ал шындығында, оларға жалғыз Ұлы Аллаһқа ғана құлшылық ету бұйырылған болатын. Бұл аятта сөз олардың кітапшылары мен монахтарына Аллаһқа қарсы келуде бағынғаны туралы болуда, бірақ соларға дұға еткені туралы емес. (Аллаһқа мойынсұнуда әлдебіреуді серік қосу — ширк).

Ибраһим пайғамбардың кәпірлерге қарата айтқан «**...мені жаратқан (Аллаһтан) басқа, сендердің табынған нәрселеріңе қатысым жоқ**» деген сөздері, оның өз Раббысын өзгелерден ерекшелендіріп көрсеткенін білдіреді. Бұл — күпірліктен бас тарту және иманды сүюдің көрінісі, әрі бұл — «**Лә иләһә иллә Аллаһ» куәлігінің түсіндірмесі. Аллаһ Тағала: «Ибраһим бұл (Аллаһты жалғыздау) сөзін кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Әрине олар осыған қайта оралар**», — деді.

«Әл-Бақара» сүресінің аятында Аллаһ олар туралы: «**Олар Тозақтан шықпайды**», — деп айтқан адамдар туралы сөз қозғалады. Бұл аятта Аллаһқа серік қосып, Оны өзге нәрселермен тең сүйгендер туралы айтылған. Яғни олар Аллаһты қатты жақсы көрді, алайда бұл олардың мұсылман болуына жеткіліксіз болды. Егер Аллаһты өзгелермен тең сүйгендер мұсылман саналмаса, онда әлде біреуді Аллаһтан да артық жақсы көретіндер туралы не айтуға болады?! Ал тек өз табынатын нәрселерін ғана жақсы көріп, Аллаһты мүлде жақсы көрмейтіндер жайлы не айтуға болады?! (Бұл — Аллаһқа махаббатта серік қосу (ширк)).

Мұндай сүйіспеншіліктің төрт дәрежесі бар:

1. Адам Аллаһты бәрінен артық жақсы көреді — бұл таза таухид.

2. Аллаһты және басқа біреуді бірдей жақсы көреді — бұл ширк.

3. Басқа біреуді Аллаһтан да артық жақсы көреді — бұл алдыңғысынан да жаман.

4. Тек өз табынатын нәрселерін сүйіп, Аллаһты мүлде жақсы көрмейді — бұл ең ауыр дәрежедегі күпірлік.

Пайғамбарымыздың ﷺ: «**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты**

хақ құдай жоқ» сөздерін айтқан және Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін барлық нәрсеге күпірлік танытқан адамның мал-мүлкі мен қаны қолсұғылмас болады, ал оның есебі Аллаһтың құзырында», — деген сөздері жайлы айтсақ, бұл сөздерде Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ екендігінің ең анық түсіндірмесі бар. Өйткені адамның бұл сөздерді тілмен ғана айту ыжеткіліксіз, тіпті ол осы сөздердің мағынасын біліп, түсініп, мойындап, Аллаһтан басқа ешкімге құлшылық қылмаса да. Алайда ол бұлардың барлығына қоса Аллаһтан басқа құлшылық жасалатын нәрселердің барлығына күпірлік танытуы қажет. Егер адам бұда күмәнданса немесе бұны егжей-тегжейлі түсінбесе, оның мал-мүлкі мен қаны қол сұғылмас болмайды. Көріп отырғанымыздай, бұл ең маңызды мәселелердің бірі, ол керемет үлгіде түсінідірілген және бұл оған қарсы болған кез келген адамға айқын дәлел болып табылады.

7. Бәле-жаладан құтылу немесе оның алдын алу үшін жүзік, бау және соған ұқсас нәрселерді тағудың көпқұдайшылықтың (ширктің) көрінісі екендігі туралы тарау.

- **«Ширктің көріністері»:** олардың кейбірі үлкен ширкке, ал кейбірі кіші ширкке жатады.
- **«Бәледен құтылу үшін»:** бақытсыздық, қиыншылық орын алғаннан кейін.
- **«Оны болдырмау үшін»:** бәле-жала орын алмай жатып.

Жүзік, бау және соған ұқсас нәрселерді тағу үлкен көпқұдайшылық болып табылады ма әлде кіші ме?

Үлкен ширк. Егер адам қандай да бір заттардың немесе құбылыстардың өздігінен әсер ете алатынына, пайда келтіріп немесе зиянды жоя алатынына сенсе, бұл үлкен көпқұдайшылық болады.

Кіші ширк. Егер адам қандай да бір нәрселерді тек себеп деп санаса, бірақ Аллаһ ол нәрселерді шариғат тұрғысынан да, физикалық тұрғыдан да себеп қылмаған болса, бұл кіші көпқұдайшылық болады.

Адамдар себептерге (құралдарға) қатысты үш топқа топқа бөлінеді

Дұрыс көзқарас. Адамның себеп деп тек Аллаһтың себеп еткен нәрсесін есептеуі (бұл жерде дұғаларды оқу секілді шариғи себептер немесе дәрі-дәрмектер секілді физикалық себептер жайлы айтылған).

Кіші ширк. Адамның Аллаһ себеп қылмаған нәрсені себеп деп санауы. Мысалы, көз тимеуден сақтау үшін көзмоншақ тағып алу. Ал шын мәнінде, Аллаһ оны көз тиюден қорғау себебі етіп бекітпеген.

Үлкен ширк. Адамның қандай да бір себептің (құралдың) өздігінен әсер ететініне және оның пайда беру немесе зиянды жою құдіретіне ие екеніне сенуі.

Адамдар себептерді (құралдарды) қолданудың рұқсат етілгендігіне қатысты үш топқа бөлінеді

Себептерді жоққа шығаратындар. Бұл арқылы олар Аллаһтың даналығын кемітеді. Бұған жәбәрилер мен әшғарилер жатады.

Себептерге қатысты шектен шығу. Адам себеп емес нәрселерді себеп деп санайды. Бұған мысал ретінде сопыларды айтуға болады.

Орта жол. Тек физикалық немесе шариғат тұрғысынан дәлелденген себептерге ғана жүгіну.

Жүзік, бау және сол секілді нәрселерді тағатын адамның үкімі

→ Егер адам бұл тыйым салынған нәрсе екенін білмесе:

↳ оған түсіндіру керек.

→ Егер адам Аллаһ себеп қылмаған нәрсені себеп деп есептесе:

↳ бұл — кіші ширк.

→ Егер адам себептің өздігінен әсер ете алатынына, пайда немесе зиян тигізе алатынына сенсе:

↳ бұл — үлкен ширк.

→ Егер адам бұл бойтұмарларды ешбір сенімсіз, тек сәндік үшін тақса (мысалы, кейбір жастардың бауларды немесе сол секілді әшекейлерді киуі). Өйткені адамдар оны көріп, оны рұқсат етілген нәрсе деп ойлауы мүмкін, осылайша ол өзгелер үшін күнәға апаратын жол ашады. Бұдан бөлек, бұл әйелдерге ұқсау болып табылады. Аллаһ бізді және оларды тура жолға бастасын.

↳ Бұл — үлкен күнәлардың бірі.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деді: «“**Аллаһ маған бір игілік қаласа, олар (Аллаһтан басқа дұға ететіндерің) Оның игілігін тоса алады ма? Маған Аллаһ жеткілікті”, — деп айт**» («әз-Зүмәр» сүресі, 38-аят).

- Бұл пұттар оларға құлшылық ететін адамдарға ешқандай әсер ет-

пейді, яғни оларға пайда да келтірмейді әрі зиянды да тойтара алмайды. Олар бұған себеп те емес. Осыған сәйкес, кімде-кім тұрмыста да, шариғатта да себеп болып табылмайтын нәрсені себеп деп санап, соған жүгінсе, ол Аллаһқа серік қосқан болады.

- «**“Маған Аллаһ жеткілікті”, — деп айт**», яғни мен өзімді Аллаһқа тапсырамын, маған Ол жеткілікті, маған жалған себептер (құралдар) қажет емес.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Имран ибн Хусойннан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте, бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ бір ер адамның қолында сары (мыс) жүзікті (білезікті) көріп, одан: «***Бұл не?***» — деп сұрағаны жеткізіледі. Әлгі адам: «Мен мұны аяқ-қолымның әлсіздігінен сақтану үшін тағып жүрмін», — деп жауап берді. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «***Оны дереу шеш! Себебі ол сенің әлсіздігіңді одан сайын арттырады. Егер сен осы білезікпен қайтыс болсаң, ешқашан құтылмайсың***», — деді (Ахмад «Муснад» 445/4, Ибн Хиббан 1410, 1411, Ибн Мәжаһ 3531, әл-Хаким «Мустадрак» 216/4).

- «Сары жүзік (білезік)»: яғни мыс білезік. Алайда оның қандай материалдан жасалғаны маңызды емес — тіпті темірден жасалса да немесе жай ғана бау болса да.
- «***Бұл не?***»: Бір нәрсені айыптамас бұрын, оның мән-жайына көз жеткізу қажет. Себебі адам қандай да бір нәрсені харам деп ойлауы мүмкін, бірақ шындығында ол харам болмауы да мүмкін.
- «Аяқ-қолдың әлсіздігі»: мысалы, ревматизм. Ол адам бұл білезік оны осы аурудан қорғайды және емдейді деп ойлаған.
- «***Ол сенің әлсіздігіңді арттырады***»: яғни бұл әлсіздік тек денеде ғана емес, сенімде де күшейе түседі. Себебі адамның амалдарына берілетін жаза сол амалдың өзіне сай болады.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ахмад сондай-ақ Уқба ибн Ғамирден жеткен хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: «***Кімде-кім тұмар тақса, Аллаһ оның ақырын қайырлы етпесін. Кім өзіне бақалшық тақса, Аллаһ оған тыныштық бермесін***» (Ахмад 4/154, Ибн Хиббан (1443), әл-Хаким 4/417).

Басқа риуаятта: «***Кімде-кім өзіне тұмар тақса, сол Аллаһқа серік қосты***», — деп айтылған (Ахмад 4/156, әл-Хаким 4/417).

- «***Кімде-кім ... тақса...***»: яғни оны мойнына тағып, жүрегін соған байлаған. Сондықтан да мұнда арабтың «тәғалләқа» (бір нәрсеге байлану) деген сөзі қолданылған.
- «***Аллаһ оның ақырын қайырлы етпесін***»: бұл сол адамға қарсы дұға немесе оның соңы жақсы болмайтындығы жайлы хабар болып табылады.
- «***Аллаһ оған тыныштық бермесін***»: ол бақалшықты тыныштық алу үшін тақты, алайда ол қалаған нәрсесіне қол жеткізбеді, бұның нәтижесі — оның мақсатының қарама-қарсысы.
- «***Аллаһқа серік қосты***»: егер адам бұл нәрселердің Аллаһтың қалауынсыз, өздігінше әсер ететіндігіне сенсе, бұл үлкен көпқұдайшылық болып табылады. Ал егер ол бұл нәрселер өздігінше әсер ететіндігіне сенбесе, бұл кіші көпқұдайшылық болады.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аби Хатим жеткізген хадисте Хузайфа (Аллаһ оған разы болсын) бір адамның қолында безгекке қарсы таққан жіп бар екенін көріп, оны жұлып тастады да, мына аятты оқыды: **«Олардың көпшілігі Аллаһқа серік қосқан күйлерінде Оған иман келтіреді»** («Юсуф» сүресі, 106-аят).

- «Безгекке қарсы»: яғни ыстығы түсіп, одан айығу үшін.
- «Оны жұлып тастады»: яғни айыпты нәрсені қолымен өзгертті. Бұл салиқалы сәләфтардың күштілігі мен жамандықты түзетуге деген қабілеттілігін көрсетеді.
- Түрлі тұмарлардың үкімі қандай? Барлық тұмарлар харам болып табылады. Мұның ешқандай айырмашылығы жоқ — мейлі, ол білезік, жіп, теңіз бақалшығы, тұмар, қасқырдың көзі, таға, ескі аяқ киім, көзмоншақ, түйреуіш, алақан бейнесі, бұқаның басы, кейбір ағаштардың бөліктері, үкі, тырнақ немесе жай ғана мата болсын — бұлардың барлығына тыйым салынған.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Әртүрлі білезіктер мен жіптерді осындай мақсаттармен тағуға қатаң тыйым салынған.

Екінші. Егер тіпті сахаба да осындай білезікпен қайтыс болса, ол ешқашан құтылмас еді. Бұл сахабалардың «Кіші ширк үлкен күнәлардан да қауіпті» деген сөздерін қуаттайды. (Себебі ширк ешқашан кешірілмейді, тіпті ол кіші ширк болса да, ал үлкен күнәлар кешірілуі мүмкін).

Үшінші. Бұл адамға «білместік» арқылы ақтау жасалмады. (Яғни Пайғамбар ﷺ оған бұл істің үкімін түсіндіргеннен кейін, ол ақталу құқығынан айырылады.

Білместіктіктің (надандықтың) екі түрі бар:

1. Ақталмайтын білместік. Бұл — адамның білім алуға мүмкіндігі бола тұра, осыған салғырттық пен немқұрайлық жасауы себепті орын алған білімсіздігі. Мұндай жағдайда адам білімсіздікпен ақталмайды, мейлі ол күпірлікке, мейлі күнәға қатысты болсын.
2. Ақталатын білімсіздік. Бірінші жағдайға қарама-қайшы, яғни адам ешбір немқұрайлық жасамаса да, бұл ісітің тыйым салынғаны тіпті оның ойына да келмеген жағдай. Егер ол өзін мұсылман деп санаса, онда мұндай білімсіздік оған зиян келтірмейді. Егер ол кәпір болса, онда бұл өмірде оған кәпір ретінде үкім шығарылады. Ал Ақыретте оның есебі Аллаһта болады.)

Төртінші. Бұл тұмарлар тіпті осы өмірде де көмектеспейді. Керісінше, олар зиян тигізеді, өйткені хадисте: «**Ол сенің әлсіздігіңді арттырады**», — делінген.

Бесінші. Мұндай нәрселерді істеген адамды қатаң айыптау.

Алтыншы. Кімде-кім тұмар тақса, сол соған тапсырылатынына айқын дәлел.

Жетінші. Кімде-кім тұмар тақса, сол Аллаһқа серік қосатынына айқын дәлел.

Сегізінші. Безгекке қарсы жіп (бау) тағу да осыған жатады.

Тоғызыншы. Хузайфаның осы аятты оқуы сахабалардың кіші ширкті харам деп дәлелдеу үшін, үлкен ширк туралы аяттарды келтіргенін көрсетеді. Бұл туралы Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) «әл-Бақара» сүресіндегі аятқа қатысты айтқанындай. (Яғни пұттарға деген махаббат туралы айтылған аят).

Оныншы. Көз тиюден қорғау үшін теңіз бақалшығын тағу да осыған

жатады. (Яғни бұл да құрамында Аллаһқа серік қосу (ширк) бар тұмарлардың қатарына кіреді).

Он бірінші. Тұмар таққан адамға қарсы: «Аллаһ оның ақырын қайырлы етпесін», — деп, ал бақалшық таққан адамға қарсы: «Аллаһ оған тыныштық бермесін», — деп дұға етуге нұсқау. (Алайда, мұндай адамға тікелей бетіне дұға етіп айту дұрыс емес! Яғни оған: «Аллаһ сенің ақырыңды қайырлы етпесін», — деп айту дұрыс болмайды. Себебі бұл адамды шошытып, оны діннен алыстатуы мүмкін. Оның орнына, оған тұмар мен бауларды тағуды тастауды айтып, осы туралы хадисті оқып беру керек).

8. Руқия (дем салу) мен тұмарлар жайлы не айтылғандығы туралы тарау

Неге автор тарауды: «Руқия мен тұмарлар — көпқұдайшылық», — деп емес, «Руқия мен тұмарлар жайлы не айтылғандығы туралы тарау» деп атады»?

1) Себебі руқия (дем салу) шариғатта рұқсат етілген және рұқсат етілмеген болып екіге бөлінеді.

2) Ал тұмарларға келсек, олардың барлығы ширк болып саналады, бірақ егер оларда тек Құран аяттары жазылған болса, мұндай жағдайда олар ширк болып есептелмейді, бірақ харам саналады, бірақ.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Қос «әс-Сахих» жинақтарында Абу Башир әл-Ансариден (Аллаһ оған разы болсын) келтірілген хадисте бірде ол Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге сапарда болғанын, әрі адамдар түнеуге жайғасып қойған кезде, Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға: «***Ешбір түйенің мойнында бірде-бір сіңірден (не тозған адырнадан) жасалған алқа қалмасын***», — деген сөздерін жеткізу үшін шабарман жібергені жеткізілген (Ахмад 5/216, әл-Бухари 6/98, Муслим (2115), Абу Дауд (2552), Мәлик 2/937).

- «Шабарман жіберіп...»: бұл үмметтің жағдайына шариғат үкімдеріне сай қамқорлық жасау.
- «***Алқа***»: адамдар мұны түйені көз тиюден қорғайды деп есептеген. Алайда, күмәнсіз, бұл сенім дұрыс емес.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) ол Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естігені жеткізілген: «***Расында, руқия (үшкіру), тұмарлар және дуалау — ширк болып табылады***» (Ахмад 381/1, Абу Дауд 3883, Ибн Мәжаһ 3530, Хаким «Мустадрак» 418/4).

Абдуллаһ ибн Ғукаймнен жеткен және Пайғамбарымызға ﷺ дейін көтерілетін хадисте былай деп айтылады: «***Кімде-кім өзіне бір нәрсені***

тақса, сол нәрсеге тапсырылады» (Ахмад «Муснад» 211/4, әт-Тирмизи, 2073).

- ***«Шындығында, руқия (үшкіру)...»:*** сахабалар бұл жерде «рукия» дегенде шариғат руқсат еткен дем салу емес, құрамында Аллаһқа серік қосу бар үшкірулер меңзелетінін түсінген, ал шариғат рұқсат еткен дем салу бұған кірмейді.
- ***«Кімде-кім өзіне бір нәрсені тақса...»:*** бұл хадисте араб тіліндегі ***«тағалләқа»*** сөзі қолданылған, себебі мұнда адам бір затты тағып, оған жүрегін байлап қоятыны туралы айтылған. Кімде-кімнің жүрегі Аллаһқа байланса әрі Оған ғана тәуекел етсе, Аллаһ оған жеткілікті болады. Ал кімде-кімнің жүрегі басқа нәрсеге байланса, онда ол Аллаһтың жәрдемінсіз қалады.
- Адам жүрегін себепке (құралға) емес, Аллаһқа байлауы керек. Егер бір адамның жүрегі толықтай жалақысына байланса және ол Аллаһты, Оның қалауын, ризықты беруші екенін ұмытса, онда ол ширктің бір түріне түседі. Ал егер ол жалақы — тек себеп, ал барлығы тек Аллаһтың қалауымен болатынын білсе, онда бұл сенім тәуекелге қайшы келмейді.

Шариғат рұқсат еткен руқияның (дем салудың) шарттары:

1) Оның құрамында сөздер Құраннан, Сүннеттен немесе Аллаһқа Оның есімдері мен сипаттары арқылы жүгінетін дұғалардан тұру қажет.

2) Оның сөздері түсінікті, анық естілетін және араб тілінде болуы керек.

3) Адамның бұл тек шариғат рұқсат еткен себеп екенін және ол тек Аллаһтың қалауымен әсер ететінін білу керек.

Егер осы аталған шарттардың бірі орындалмаса, онда ол шариғатқа сай руқия (дем салу) болып саналмайды. Руқияны араб тілінен басқа тілде оқуға тек Аллаһқа дұға етіп жалбарынғанда ғана рұқсат етіледі. Бірақ Аллаһқа дұға ету кезінде Аллаһтың есімдерін бұрмалауға (басқа тілге аударып, мысалы: «Уа аса Мейірімді», — деп айтуға болмайды, өйткені бұл Аллаһтың есімдері емес, олардың мағынасы ғана).

Тұмарлар (*тамима, тамаим*) — балаларды көз тиюден қорғау үшін

тағылатын заттар. Алайда егер тұмарда тек Құран аяттары жазылған болса, кейбір сәләфтар оны рұқсат деп санаған. Бірақ Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) және басқа ғалымдар оны тыйым салынған деп есептеген.

Дем салу (*руқия, руқа*) — белгілі бір сөздерді айту арқылы ем жасау.

Дәлелдер көрсеткендей, егер руқияда ширктің көріністері болмаса, ол рұқсат етілген. Себебі Пайғамбарымыз ﷺ руқияны көз тиюге және жәндік шаққан кезде пайдалануға рұқсат берген.

Дуалау (*тиуәлә*) — кейбір адамдардың әйелді күйеуіне немесе күйеуді әйеліне ғашық етеміз деген оймен істейтін нәрселері.

Неке сақинасы да дуалаудың бір түрі болып табылады.

Үлкен ширк. Егер адам оның әлдебір нәрсеге өздігінен әсер етуге немесе пайда әкелуге, немесе зиянды тойтаруға қабілетті екеніне сенетін болса.

Кіші ширк. Егер ол бұл сақинаны тек ерлі-зайыптылар арасындағы қарым-қатынасты сақтау үшін себеп деп есептесе.

Тыйым салынған (харам). Себебі оны тағу — христиандардың дәстүрі, олар бұл арқылы өздерінің Үштік (Троица) сенімін растайды. Сондай-ақ, егер ол алтыннан жасалған болса, оны ер адамдарға тағу екі есе харам болады.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Имам Ахмад Руайфиғтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Уа Руайфиғ! Сен ұзақ өмір сүруің мүмкін. Сол себепті адамдарға мына нәрсені жеткіз: кімде-кім сақалын өріп байлайтын болса, немесе ескі адырнадан жасалған алқа тақса, немесе кіші немесе үлкен әжетін өтеген соң (нәжістен) малдың тезегімен не сүйектермен сүртініп тазаланатын болса, онда Мухаммад ﷺ ондай адамдардан бас тартты***» (Ахмад 109, 108, Абу Дарда 36).

- «***Сақалды өру (байлау)***»: бұл не тәкаппарлықтан, не көз тиюден қорғану үшін себеп деп сенуден жасалады.

- «***Ескі адырнадан жасалған алқа***»: мұнда қойдың сіңірінен алқа секілді жасалған бойтұмар меңзеліп отыр, арабтар оны көз тиюден қорғану үшін тағатын.
- «***Малдың тезегімен ... сүртініп тазаланатын болса***»: яғни екі жолдан шыққан нәжісті малдың қиымен тазалау.
- «***Не сүйектермен***»: сүйектер жындардың, ал тезек олардың малдарының қорегі болып табылады.

БЕСІНШІ ЖӘНЕ АЛТЫНШЫ ДӘЛЕЛДЕР

Ибн Жубайрдің былай дегені жеткізіледі: «Адамнан тұмарын жұлып тастаған адам, құлды босатқан адам секілді». Бұл хабарды Уәқиғ жеткізген. Ол сондай-ақ, Ибраһимнің былай дегенін жеткізген: «Олар кезкелген тұмарларға, олардың ішінде Құран аяттары болса да, болмаса да тыйым салатын».

- «Құлды босатқан адам секілді», өйткені ол әлгі тұмар таққан адамды шайтанға бағыну мен оған құл болудан босатты, ал бұл көпқұдайшылықтың көрінісі. Әрине, бұл адамды жәй құлдықтан босатудан едәуір жақсы. Алайда, бұндай тұмарды ең көркем үлгіде жұлып тастау қажет.

Біз неліктен Құран аяттары бар тұмарлар тыйым салынған деп айтамыз?

1) Кейбір саликалы сәләфтар бұған сөгіспен қарайтын, алайда, сәләфтардың түсініктеріндегі сөгістің мәні — тыйым салынғандық.

2) Біз мына хадиске амал жасаймыз: «**Руқиялар, тұмарлар мен дуалау — көпқұдайшылық**».

3) Бұл жамандықтың себебі болуы мүмкін. Өйткені, біреу бұл тұмарды көріп, барлық тұмарлар, тіпті ішінде Құран аяттары жоқ тұмарлар да рұқсат етілген деп ойлап қалуы мүмкін.

4) Бұл Құранға деген немқұрайлы қарым-қатынас, өйткені адам бұл тұмармен таза емес жерлерге кіруі, немесе оған нәжіс тиіп кетуі мүмкін.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Дем салу (руқия)» мен «тұмарлар» деген нәрселердің мәнін түсіндіру.

Екінші. «Дуалау» не екендігін түсіндіру.

Үшінші. Бұл үш нәрсенің барлығы — көпқұдайшылық.

Төртінші. Көз өткенде немесе адамды жәндік шаққанда руқия оқуға тыйым салынбаған. (Бұған, мысалы, сиқырға қарсы руқия оқу секілді басқа да жағдайлар жатады).

Бесінші. Егер тұмарда Құран аяттары болса, ғалымдар оның тыйым салынғандығына немесе рұқсат етілгендігіне қатысты келіспеушілікке түскен. (Ибн Масғудтың (Аллаһ оған разы болсын) пікірі ең қауіпсіз, өйткені бұл нәрселердегі негіз — тыйым салынғандық).

Алтыншы. Жануарларға көз тиюге қарсы ескі адырнадан жасалған алқа тағу көпқұдайшылықтың көрінісі болып табылады.

Жетінші. Адырнадан жасалған алқаны таққанға қатысты ескерту.

Сегізінші. Адамнан тұмарды жұлып тастаған адамның артықшылығы.

Тоғызыншы. Ибраһимнің сөздері өзінен бұрын айтылған бұл мәселеде келіспеушілік болғанына қайшы келмейді, өйткені ол Ибн Масғудтың жақтастарын меңзеген. (Ол барлық сахабаларды, оларға Аллаһ разы болсын және олардың барлық ізбасарларын (табиғиндерді) меңзеген жоқ).

9. Талдардан, тастардан және соған ұқсас нәрселерден береке тілейтін адамдар туралы тарау.

Табаррук — береке тілеу екіге бөлінеді:

Тыйым салынған. Шариғатпен де, физикалық тұрғыдан да бекітілмеген нәрсе арқылы береке тілеу. Мысалы, Пайғамбарымыздың ﷺ бөлмесінің қабырғаларын сипау.

Бекітілген табаррук:

Шариғатпен бекітілген: мысалы, Әл-Харам мешітінде намаз оқу немесе Құран оқу.

Физикалық түйсікпен бекітілген: мысалы, шейхул-Ислам Ибн Теймия секілді Сүннетті ұстанушы ғұламалардың кітаптарын оқып, үйрену.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Әл-Ләт пен Ғуззаны көрдіңдер ме? Үшінші басқа Манатты ше?**» («ән-Нәжм» сүресі, 19-20 — аяттар).

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Әбу Уақид әл-Ләйсиден оның былай дегені жеткізіледі: “Бірде біз Аллаһтың Елшісімен ﷺ бірге Хунайнға жорыққа шықтық. Сол кезде біз жуырда ғана күпірліктен бас тартқан әрі енді ғана дінге келген мұсылмандар едік, ал мүшриктерде олар оған өздерінің қаруларын соған ілетін әрі оның алдында өз (діни) рәсімдерін өткізу үшін жиналатын және оны Зәт Әнуат деп атайтын бір ағаштары бар болатын. Міне, сонда біз әлгі ағаштың жанынан өтіп бара жатқан кезімізде: «Уа Аллаһтың елшісі, бізге де олардағыдай бір «Зәт Әнуат» жасап беріңізші», — дедік. Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «***Аллаһ Ұлы! Мұның барлығы — бұрынғылардың жолы! Жаным Қолында болғанмен ант ете-***

мін, сендер (менен) Исраил ұрпақтары Мусадан:* «Бізге де олардағыдай құдай жасап бер!»*, — деп сұраған нәрсесін сұрадыңдар. Ол: «Ақиқатында, сендер — надан халықсыңдар!» — деп жауап берді. Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өткендердің жолына ілесесіңдер!", — деді"» (әт-Тирмизи 2181, Ахмад «Муснад» 218/5).

- «**әл-Ләт пен әл-Ғуззаны көрдіңдер ме?**»: яғни сендер ұлықтап жүрген пұттарың қандай нәрсе екенін айтыңдаршы? Олар Аллаһтың ұлы аят-белгілерімен, мысалы, (Пайғамбардың ﷺ) миғражымен салыстыруға келе ме? Мүшриктер бұл пұттар оларға зиян тигізуі немесе пайда беруі мүмкін деп сенетін, сондықтан да оларға жалбарынып, құрбандық шалып, жақындауға тырысатын.
- «**Әл-Ләт**» — егер екі «т» әрпімен оқылса (әл-Ләтт), қажыларды құрма мен жарма араласқан ботқамен тамақтандыратын бір салиқалы адамның есімі. Егер бір «т» әрпімен оқылса, онда бұл — Аллаһтың есімін бұрмалау.
- «**Әл-Ғузза**» — Аллаһтың «әл-Ғазиз» есімінің бұрмаланған түрі.
- «**Манат**» — бұл не Аллаһтың «әл-Маннан» есімінің бұрмаланған нұсқасы, не Мина аймағының атауынан шыққан. Өйткені мүшриктер осы пұттың алдында көп мөлшерде құрбандық қанын төгетін.
- «Сол кезде біз жуырда ғана күпірліктен бас тартқан әрі енді ғана дінге келген мұсылмандар едік»: бұл олардың жасаған өтінішіне белгілі бір дәрежеде ақтау ретінде айтылған.
- «Қаруларын соған ілетін»: олар бұны сол ағаштан береке алу мақсатымен істейтін.
- «Зәту Әнуәт»: яғни "ілінген нәрселері бар ағаш", өйткені олар оған қаруларын іліп, одан береке іздейтін.
- «Бізге де олардағыдай бір Зәт Әнуат жасап беріңізші»: олар құлшылықтың тек Аллаһ пен Оның Елшісінің ﷺ бұйрығымен ғана рұқсат етілетінін түсінетін, сондықтан бұл өтінішпен тікелей Пайғамбардың ﷺ өзіне жүгінді. Бірақ Аллаһтың Елшісі ﷺ оларды қатаң түрде жазғырды, және олар бұл көпқұдайшылыққа (Аллаға серік қосуға) түспеді.
- «***Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өткендердің жолына ілесесіңдер***»: яғни олар не істесе, сендер де соны істейсіңдер, олар не айтса, сендер де соны айтасыңдар. Бұл ескертуде әрі болашақта орын алатын жағдай туралы хабар, әрі одан сақтандыру бар.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «ән-Нәжм» сүресінің («**Сендер әл-Ләт пен әл-Ғуззаны көрдіңдер ме? Әрі үшінші — Манатты ше?**» деген) аятының тәпсірі.

Екінші. Олар не сұрады? (Олар осы ағаштан тек береке алуды қалады, бірақ оған құлшылық жасау ниеті болмаған).

Үшінші. Олар бұны жасамады.

Төртінші. Олар бұл әрекет арқылы Аллаһқа жақындауды қалады, өйткені Аллаһ осыны жақсы көреді деп есептеді.

Бесінші. Егер олар мұны білмеген болса, онда олардан басқа біреу бұл жайында тіпті бейхабар болуы мүмкін. (Сондықтан адамдардың амалдарымен алданып қалмауымыз керек).

Алтыншы. Сахабалардың басқа ешкімде болмаған игі амалдары және Аллаһтың оларды кешіруіне уәде бергені бар еді. (Сондықтан оларды тек жақсылы сөзбен еске ал, өйткені оларды қорлау — Аллаһты, Оның Елшісін ﷺ және олардың өздерін қорлау болып табылады).

Жетінші. Пайғамбар ﷺ оларды ақтамады, керісінше, қатаң түрде жазғырып: «**Аллаһ Ұлы! Мұның барлығы — бұрынғылардың жолы! Жаным Қолында болғанмен ант етемін, ... Сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өткендердің жолына ілесесіңдер!**» — деп, осы үш сөйлемімен олардың талап еткен нәрселерінің ауырлығын көрсетті.

Сегізінші. Хадистің осы тарауда келтірілуінің басты себебі — Пайғамбар ﷺ олардың өтінішінің Исраил ұрпақтарының Мұсаға: «Бізге де олардағыдай құдай жасап бер», — деген сөздеріне ұқсас екенін хабарлады. (Бұл жерде, сондай-ақ, кәпірлерге сөздер мен сөйлемдерде ұқсауға тыйым салынғанын көреміз).

Тоғызыншы. Мұндай табарруктың (береке іздеудің) тыйым салынғандығы «Лә иләһә иллә-Ллаһ» сөзінің мағынасын жүзеге асырады, тіпті олар бұл нәзік мағынадан бейхабар болса да. (Бұл куәлік Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір хақ құдай жоқ екенін білдіреді, әрі береке мен игілікті Аллаһтан өзгеден сұрауға болмайды).

Оныншы. Пайғамбарымыз ﷺ үкім шығарып, шешім қабылдамас бұрын ант етті, және ол мұндайды осыда белгілі бір пайда болған кезде жасайтын. (Немесе қандай да бір зиянның алдын алу үшін).

Он бірінші. Ширк үлкен және кіші болуы мүмкін, өйткені олар бұл өтініштерінің себебінен діннен шыққан жоқ.

Он екінші. Олардың «Біз жақында ғана күпірліктен бас тартқан қауым едік» деген сөздері басқа сахабалардың бұл мәселелерді білетінін көр-

сетеді. (Ал олар бұл жайында жақында ғана күпірліктен бас тартқаны үшін білмеген болатын).

Он үшінші. Кейбір адамдар мұны айыптағанымен, «**Аллаһу акбар**» сөзін айтуға рұқсат етілгені.

Он төртінші. Тыйым салынған нәрсеге алып баратын жолдарды жабу. (Егер бір жол жақсылыққа апарса, оны ашып, сол жолмен жүру қажет. Ал егер бір жол жамандыққа жетелесе, оны жауып, тосқауыл қою қажет).

Он бесінші. Надан адамдарға ұқсауға тыйым салынған. (Бұл ақиқаттан бейхабар болып, надандықпен әрекет ететіндердің барлығына қатысты).

Он алтыншы. Оқыту барысында қаталдық таныту.

Он жетінші. «**Бұл — сендерден алдыңғы қауымдардың жолы**» деген сөздерде айтылған ұлы әрі негізгі қағида. (Бұл ескерту мақсатында айтылды).

Он сегізінші. Бұл — пайғамбарлықтың ақиқаттығын дәлелдейтін белгілердің бірі, өйткені бәрі дәл Ол ﷺ айтқандай болды.

Он тоғызыншы. Аллаһ Тағала Құранда яһудилер мен христиандарды сол үшін сөккен нәрселер бізге де қатысты.

Жиырмасыншы. Олар құлшылықтың тек әмірге негізделетінін түсініп, білген еді. Мұнда қабірдегі сұрақтарға нұсқау бар. «Раббың кім?» деген сұраққа жауап айқын. Ал «Пайғамбарың кім?» деген сұраққа келсек, пайғамбар белгісіз (жасырын) нәрселер туралы хабар бергендіктен «пайғамбар» деп аталған, ал бұл хадисте осындай бір хабар бар. Ал «Дінің қандай?» деген сұраққа келсек, бұл олардың «Бізге де олардағыдай бір Зәт Әнуат жасап беріңізші» деген сөздерінде қамтылған.

Жиырма бірінші. Кітап иелерінің жолы — дәл мүшриктердің жолы сияқты айыпталатын әрі бұрыс жол.

Жиырма екінші. Жақында ғана адасушылықтан бас тартқан адамның жүрегінде сол сенімдердің қалдықтары сақталуы мүмкін. Сондықтан ол: «Біз жақында ғана күпірліктен бас тартқан қауым едік», — деді. (Осы себепті зина жасаған адамға дүре соғылғаннан кейін оны сол қылмыс жасаған жерінен, ол күнәсына оралмауы үшін, бір жылға жер аудару керек. Адам күпірлік, ширк және күнә кең тараған жерлерден алыс болуға тиіс. Сүннет ұстанушыларының жолы — тақуа ғалымдардан ілім алу. Ал адасушылық жолын ұстанып, кейін одан бас тартып, Сүннетке ерген адамның ілімінен ғалымдар оның сенімінің түзелгеніне және онда адасушылықтың ешқандай қалдығы қалмағанына куәлік бермейінше, білім алу рұқсат етілмейді).

10. Аллаһтан басқа біреу немесе бір нәрсе үшін құрбан шалу жайлы тарау.

Не себепті втор бұл тарауды «Аллаһтан басқаға құрбан шалу — үлкен көпқұдайшылық» деп атамады?

1. Ол оқырманды дәлелден үкім шығаруға тәрбиелегісі келді, өйткені бұл ғылыми тәрбие.

2. Не болмаса Аллаһтан басқа біреуге мал шалу не рұқсат етілген, не үлкен көпқұдайшылық болуы мүмкін болғандықтан.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Намазым, құрбандығым, өмірім және өлімім бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін», — деп айт. Оның серігі жоқ. Мен осыған бұйырылдым және мен мұсылмандардың алғашқысымын», — де**» («әл-Әнғам» сүресі, 162-163 аяттар).

Аллаһ Тағала былай деген: «**Сондықтан Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал**» («әл-Кәусар» сүресі, 2-аят).

- «**Айт**»: мүшриктерге ең таза бірқұдайшылыққа толықтай берілгеніңді жарияла.
- «**Намазым**»: денемен жасалатын құлшылықтар туралы айтылуда, олардың ең абзалы — парыз немесе нәпіл намазы.
- «**Құрбандығым**»: мал-мүлік жұмсаумен байланысты құлшылықтар. Олардың ең абзалы — Аллаһ үшін құрбан шалу.
- «**Өмірім және өлімім**»: менің тіршілігіме де, өлімімнен кейінгі жағдайыма да тек Ұлы Аллаһ қожайын.
- «**Мұсылмандардың алғашқысымын**»: бұл сөздердің екі тәпсірі бар:

  1) Мен — осы үмметтегі (ақиқатқа мойынсұнған) ең алғашқы мұсылманмын.

  2) Ислам үкімдерін ең кемел түрде орындайтын адам.
- «**Құрбан шал**»: құрбан шалуды да, намаз сияқты, тек Аллаһқа арна. Құрбандық шалу — құлшылық түрлерінің бірі.



ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Али ибн Абу Талибтен (Аллаһ оған разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ маған мына төрт сөзді айтты: “***Аллаһтан басқа біреу үшін құрбан шалған адамға Аллаһтың лағынеті болсын. Өзінің ата-анасын лағынеттеген адамға Аллаһтың лағынеті болсын. Бидғатшыл адамға пана берген адамға Аллаһтың лағынеті болсын. Бөлінген жердің шекарасын өзгерткен адамға Аллаһтың лағынеті болсын***”» (Муслим 1978).

- «***Лағынет***»: Аллаһтың рахымынан алыстатылу. Бұл хадисте Пайғамбар ﷺ ондай адамдардың Аллаһ тарапынан қарғысқа ұшырағанын хабарлап тұр немесе Аллаһқа оларды қарғысқа ұшыратуын сұрап дұға жасауда.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Торик ибн Шиһабтан Аллаһ Елшісінің ﷺбылай дегені жеткізіледі: «***Бір шыбынның себебімен бір адам Жәннатқа ал екіншісі Тозаққа түсті***». Адамдар: «Бұл қалай, уа Аллаһтың елшісі?» — деп сұрады. Пайғамбар ﷺ: «***Бірде екі адам пұтқа табынатын әрі ешкімді сол пұтқа әлдебір нәрсені құрбан шалғызбай өткізбейтін қауымның жанынан өтіп бара жатады. Олар жолаушылардың біреуіне: «Бірдеңені құрбан шал!» — дейді. Ол: «Менде құрбан шалатын еш нәрсе жоқ қой!», — деп жауап береді. Сонда олар: «Ендеше, шыбынды болса да құрбан шал!» — дейді. Сонда ол шыбынды құрбан шалады да, оған сапарын жалғастыруға рұқсат етіледі, ал содан соң***

ол Тозаққа түседі. Содан кейін олар екіншісіне: «Бірдеңені құрбан шал!» — дейді. Ол: «Мен Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтан басқа ешкімге және еш нәрсеге құрбан шалмаймын!», — дейді. Сонда (олар) оның басын шауып тастайды да, ол Жәннатқа кіреді»», — деген еді (Ахмад «әз-Зуһд» кітабында 22, Ибн Аби Шәйба «Муснадта» 33028, 377/2).

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың: «**Намазым, құрбандығым, өмірім және өлімім бүкіл әлемдердің Раббысы Аллаһ үшін**» деген сөздерінің тәпсірі.

Екінші. Аллаһтың: «**Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал**» деген сөздерінің тәпсірі.

Үшінші. Хадистегі алғашқы лағнет — Аллаһтан өзгеге арнап құрбан шалған адамға арналған. (Өйткені бұл — ширк, ал Аллаһтың құқығы барлығынан жоғары).

Төртінші. Ата-анасына лағынет айтқан адамға лағынет. Бұған сен біреудің ата-анасын лағынеттеп, ол жауап ретінде сенің ата-анаңды лағынеттейтін жағдай да жатады. (Өйткені бұндай жағдайда бұл сенің ата-анаңның лағнеттелуіне себеп болады, әрі бұл сенің өз ата-анаңа лағынет айтқаныңмен тең).

Бесінші. Бидғатшыға пана берген адамға лағынет. Бұл — Аллаһтың құқығын бұзған адамның жазадан құтылу үшін біреуге жүгінуі. (Ал оған қолдау көрсеткен адам оны жасырғаннан да жаман. Бидғат екі түрлі болады:

1. Дінде: Жәһмилер, муғтазилилер, рафидилер және басқа топтар енгізген жаңалықтар.
2. Үмметтің қоғамдық мәселелерінде: Ұрылар мен қарақшылардың қылмыстары секілді.)

Алтыншы. Жер бөлігінің шекарасын өзгерткен адамға лағнет. Бұл жерде біреудің жерін заңсыз иемдену үшін шекаралық белгілерді жылжыту туралы айтылуда.

Жетінші. Белгілі бір адамға лағынет айту мен күнәһарларға жалпылама лағынет айтудың арасындағы айырмашылық. (Белгілі бір адамға лағынет болмайды, ал күнәһарларға жалпы лағынет айтуға рұқсат).

Сегізінші. Шыбын оқиғасының ұлылығы. (Егер ол сахих болса).

Тоғызыншы. Адамның шыбын үшін Тозаққа кіруі. Ол Аллаһқа серік қосуды ниет етпесе де, өзін жайына қалдыруын қалады. (Алдыңғы

үмметтер үшін күпірлік жасауға мәжбүрлеу (икрах) ақтау себебі болмаған).

Онынші. Мүминдер ширк күнәсінің қаншалықты ауыр екенін біледі. Себебі әлгі мүмин адам олардың талабын қабылдамады, сабыр етті және соның салдарынан қайтыс болды. Ал олар одан бұл істі тек сырттай ғана (жүрекпен қабылдамай) орындауын талап еткен еді. (Егер адам осындай талапқа көніп, сабырлық танытпаса және бұл Исламға зиян тигізетін болса, онда ол сабыр етуі керек. Тіпті кейбір жағдайларда сабыр ету оған міндетті болуы мүмкін).

Он бірінші. Тозаққа кірген адам бұған дейін мұсылман болған. Олай болмағанда, хадисте оның Тозаққа кіруінің себебі — «шыбын» деп айтылмас еді. (Оның жасаған құрбандығы Тозаққа кіруіне себеп болды).

Он екінші. Бұл хадистің мәні «Жәннат пен Тозақ сендерге аяқ киімдеріңнің бауынан да жақын» деген хадисте көрсетілген. (Мұндай хадистердің мақсаты — жақсылық жасауға ынталандыру және күнә жасаудан сақтандыру).

Он үшінші. Ең ұлы амал — жүректің амалы, тіпті пұтқа табынушылар үшін де. (Жүрек дерттерінің емі Құран мен Сүннетте бар, сондықтан жүрегіңді дүниелік нәрселермен алаңдатпа).

Егер адам күпірлікке мәжбүрленсе, ол үшін қайсысы жақсы: сабыр етіп, тіпті өлтірілсе де көнбеу ме, әлде олардың талабын орындау ма?

1. Егер ол жүрекпен де, сырттай да келіскен болса, бұл — діннен шығу.
2. Егер ол тек сырттай келісіп, жүрегінде иманын сақтаса және тек өзін олардың зұлымдығынан құтқаруды көздесе, бұл — рұқсат етілген.
3. Егер ол олардың талабын әрі жүрекпен, әрі сырттай жоққа шығарып, соның салдарынан өлтірілсе, бұл — рұқсат етілген амал және сабырлықтың көрінісі. Егер күпірлікке мәжбүрлеуге көну мұсылман үмметі үшін дін жағынан зиян мен адасушылық әкелетін болса, онда сабыр ету және өлтірілсе де көнбеу — міндетті. Ал егер мұндай қауіп болмаса, онда адам тек сырттай келісіп, жүрегінде иманын сақтайды.

11. Аллаһтан басқа үшін құрбан шалатын жерде Аллаһқа құрбан шалуға болмайтындығы туралы тарау.

Автор (Аллаһ оны рахым етсін) Аллаһтан басқаға арнап құрбан шалу туралы өткеннен кейін, белгілі бір орындарда тіпті Аллаһ үшін құрбан шалудың да тыйым салынғанын түсіндірді. Бұл тараулардың осындай ретпен орналасуы бұл кітаптың керемет реттеліп жинақталғанын көрсетеді.

Мұндай әрекеттің тыйым салыну себептері келесідей:

1. Бұл кәпірлерге ұқсап-еліктеуге алып келеді.
2. Бұл басқа адамдардың осы іс-әрекетпен алданып, мүшриктердің істейтін істері рұқсат етілген деп пайымдауына мүмкін.
3. Бұл көпқұдайшылдардың өз адасушылығында бекемделуіне себеп болады, ал бұл — тыйым салынған нәрсе.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: **(Мухаммад) ол мешітте әсте намаз оқыма**» («әт-Тәуба» сүресі, 108-аят).

Автордың бұл тарауды келтіру себебі:

«Зиян келтіру мешіті» (Мәсжид әд-дырор) Аллаһқа бойсұнбау, күпірлікті тарату және мұсылмандар арасында алауыздық тудыру мақсатында салынған болатын. Сондықтан Аллаһ Өзінің Елшісіне ﷺ онда намаз оқуға тыйым салды, тіпті намаз тек Аллаһқа арналса да. Бұл тыйым Аллаһқа мойынсұнбаушылық жасалған жерлерде ғибадат етуге болмайтынын көрсетеді, тіпті кейін ол жерлерден күнәлі істер жойылған болса да.

Намаз — құлшылықтың бір түрі, сол сияқты құрбандық шалу да құлшылық болып табылады. Күн шығып және батып жатқанда намаз оқуға деген тыйым да дәл осы секілді, өйткенді кәпірлер осы екі уақытта күнге табынады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Сәбит ибн Даххақтан (Аллаһ оған разы болсын) жеткен хадисте бір

адамның Буана деп аталатын жерде түйе шалуға нәзір бергені туралы айтылады. Ол бұл туралы Аллаһтың Елшісінен ﷺ сұрағанда, Пайғамбарымыз ﷺ: «***Ол жерде (Исламға дейінгі) надандық дәуірінде (мүшриктер қалшылық ететін) пұт бар ма еді?***» — деген сұрақ қойды. Адамдар: «Жоқ», — деп жауап берді. Ол ﷺ: «***Сол жерде көпқұдайшылдардың әлдебір мейрамдары (діни жиындары) өткізілетін бе еді?***» — деп сұрады. Адамдар: «Жоқ», — деп жауап берді. Сондай Пайғамбарымыз ﷺ: «***Онда нәзіріңді орында. Өйткені, Аллаһқа мойынсұнбау болып табылатын нәзірді, сондай-ақ адамның иелігінде болмаған нәрсеге қатысты нәзірді орындауға болмайды***» — деді. (хадисті Абу Дауд (13313) риуаят еткен, ол әл-Бухари мен Муслимнің шарттарына сәйкес сахих болып табылады).

Нәзір — ақыл-есі дұрыс, балиғатқа жеткен адамның (мукалләфтың) өзін өзі міндетті емес нәрсені орындаумен міндеттеуі. Оның екі түрі бар:

Аллаһ үшін жасалған нәзір.

Аллаһтан басқаларға жасалған нәзір (бұл үлкен көпқұдайшылық): Бұл, мәні жағынан, Аллаһтан өзгемен ант етуге ұқсас. Мұндай нәзір бастапқыдан жарамсыз болып саналады. Оны орындауға да, кәффәрат-өтемін жасауға да болмайды. Оның жалғыз өтеуі — шынайы тәубеге ету.

Арнайы нәзір: бұл адамның бір нәрсені өзіне міндет қылып алуы.

Жалпы нәзір: бұл барлық мұсылмандарға таралады, Аллаһ Тағала былай деген: «Олар нәзірлерін орындайды». Өйткені мұсылман адам Аллаһ бұйырған нәрселерді істеуге және тыйым салынған нәрселерді тастауға нәзір берген.

Айтылып қойылған нәзір: Оны орындау немесе ант секілді өтеу қажет.

Айтылудан бұрын: бұл Пайғамбарымыздың ﷺ тыйымына байланысты тыйым салынған амал. Егер бұда жақсылық бар болса, ол ﷺ нәзір беретін еді.

Жақсылық жасау нәзірі — мұндай нәзірлерді орындау міндетті. Егер нәзір орындалмаса, оны өтеу қажет.

Мысал: нәпіл намаз оқу туралы нәзір беру.

Күнә жасау нәзірі — мұндай нәзірлерді орындау тыйым салынған, оларды міндетті түрде бұзу керек және дәл ант сияқты өтемін жасау қажет. Мысал: өсек айтуға нәзір жасау.

Мубах (рұқсат етілген) істерге нәзір жасау — оны орындау мен өтеудің арасында таңдау еркі бар, бірақ орындау абзал.

Мысал: белгілі бір киімді киюге нәзір жасау.

Ашу мен дау кезінде жасалған нәзір — рұқсат етілген істерге нәзір жасаумен бірдей үкімде. Мысал: «Мен осы қаладан кетемін» деп нәзір айту.

Мәкрүһ (құпталмайтын) істерге нәзір жасау — орындау құпталмайды, сондықтан нәзірді бұзып, оны өтеу абзал.

Мысал: намазда басын бұруға нәзір жасау.

Белгісіз нәзір — нақты аталмаған нәзір, оны өтеу қажет.

Мысал: «Аллаһтың алдында нәзір айтамын», — деп, бірақ нақты не екендігін атамау.

- Егер нәзір Аллаһқа жасалса, ол жарамды болады. Оны орындау немесе өтеуін жасау міндетті.
- Егер нәзір Аллаһтан басқаға арналса, ол жарамсыз. Оны орындауға болмайды, оған өтем жоқ. Бірақ адам тәубе етуі керек, өйткені бұл үлкен ширкке жатады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың мына сөзінің тәпсірі: «**Онда (Зиян тигізу Мешітінде) ешқашан намаз оқыма...**».

Екінші. Мойынсұнбаушылық (күнәлар) кейбір мекендерге қатысты үкімдерге әсер етуі мүмкін, Аллаһқа мойынсынушылық та дәл осы сияқты. (Ширк жасалатын жерде соған ұқсас әрекетті істеуге тыйым салынады, өйткені бұл мүшриктерге ұқсау болып есептеледі).

Үшінші. Күрделі мәселелерді, олардағы түсінбеушілікті жою, үшін, Құран мен Сүннеттің айқын дәлелдері арқылы түсіндіру.

Төртінші. Муфти, егер бұл қажет болса, мәселенің егжей-тегжейін сұрауы керек. (Немесе жауап бергенде әртүрлі ықтимал жағдайларды ескеруі қажет).

Бесінші. Нәзір жасау үшін белгілі бір орынды белгілеуге рұқсат етіледі, тек егер ол жерде оны орындауға кедергі болатын нәрсе болмаса.

(Бірақ егер адамдар бұл орынды ерекше деп санай бастаса, онда бұлай істеуге болмайды).

Алтыншы. Бұрын әлдебір пұт орналасқан жерде, тіпті ол жойылғаннан кейін де, нәзір жасауға тыйым салынады.

Жетінші. Бұрын мүшриктердің мейрамдары тойланған жерде, олар тоқтатылғаннан кейін де, нәзір жасауға болмайды.

Сегізінші. Осындай жерде нәзірді орындау да тыйым салынған. (Бұл күнәға негізделген нәзір болады).

Тоғызыншы. Мүшриктердің мейрамдарына еліктеуге тыйым салынады, тіпті егер адамның мұндай ниеті болмаса да. (Шейхул-Исламның айтуынша, кәпірлерге ұқсау ниетке байланысты емес, бірақ егер ниет болса, күнә одан да ауыр болады).

Оныншы. Күнә жасауға нәзір беруге болмайды. (Мұндай нәзір жарамды болып есептеледі, бірақ оны орындауға болмайды).

Он бірінші. Адам өзі иелік етпейтін нәрсеге қатысты нәзір жасауына болмайды. (Мұндай нәзір орындалмайды. Бұған екі жағдай жатады:

- Шариғат бойынша иелік етпейтін нәрсе: (Мысалы, басқа біреудің құлын азат етуге нәзір жасау).
- Орындалуы мүмкін емес нәрсе: (Мысалы, қолын қағып, ұшуға нәзір жасау, өйткені ол оған қабілетті емес).

НӘЗІР ҮШІН ӨТЕМ АНТТЫҢ ӨТЕМІНЕ ҰҚСАС:

1. Адам үш нәрсенің бірін таңдауға құқылы:

- Мұсылман құлды азат ету.
- Он кедейді тамақтандыру.
- Он кедейді киіндіру.

2. Егер бұған шамасы жетпесе, үздіксіз үш күн ораза ұстауы қажет.

12. Аллаһтан басқаға нәзір беру — көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі жайлы тарау

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар нәзірлерін орындайды**» («әл-Инсан» сүресі, 7-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген: «**Аллаһтың жолында не жұмсасаңдар да, қандай нәзір берсеңдер де, күдіксіз, Аллаһ оны біледі**» («әл-Бақара» сүресі, 270-аят).

Автор бұл аяттарды осы бапта келтіру арқылы нәзірдің салиқалы адамдардың Жәннатқа кіруіне себеп болатын амалдардың бірі екенін көрсетуді көздеді. Нәзір — ғибадат, сондықтан оны Аллаһтан басқаға арнау көпқұдайшылықтың (ширктің) көрінісі болып табылады. Сондай-ақ бұл аятта Аллаһтың әрбір нәрсені білетіні және соған сәйкес сауап, не жаза беретіндігі меңзелген.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

«Әс-Сахиха» жинағында Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Кімде-кім Аллаһқа бағынуға нәзір берсе, Оған бағынсын. Ал кімде-кім Аллаһқа мойынсұнбауға нәзір берсе, нәзірін бұзсын***» (әл-Бухари 6696, Абу Дауд 3289, әт-Тирмизи 1526, Ибн Мәжаһ 2126, Ахмад «Муснадта» 41, 36/6).

Бағыну, мойынсұнбау және Аллаһтан өзгеге берілген нәзірлердің арасындағы айырмашылық

Аллаһқа бағыну нәзірі: Аллаһқа бағынуға Аллаһпен ант ету сияқты, жарамды (оны не орындау, не өтемін жасау керек). Орындау міндетті.	**Аллаһқа мойынсұнбау нәзірі:** Аллаһқа мойынсұнбауға Аллаһпен ант ету сияқты. Орындау тыйым салынған, оның өтемін жасау міндетті.	**Аллаһтан басқаға нәзір:** Аллаһтан басқамен ант ету сияқты, бастапқыдан-ақ жарамсыз. Бұдан тәубе ету міндетті. Үлкен ширк болып табылады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Нәзірді орындау міндетті. (Бірақ бұл тек Аллаһқа бағыну нәзіріне қатысты).

Екінші. Егер әлдебір іс-амалдың ғибадат болып саналатынына нұсқау болса, онда ны Аллаһтан басқаға арнау — ширк болып табылады.

Үшінші. Мойысұнбау (күнә) жасау нәзірін орындауға болмайды. (Бұдан тыс оны бұзу әрі анттың өтемін жасау сияқты өтеу керек).

Ескерту:

Нәзір мен антқа байланысты үкімдер бір-біріне ұқсас болғандықтан, фиқһ ғалымдары бұл мәселелерді көбінесе анттар мен нәзірлер туралы тарауларда бірге қарастырады.

13. Аллаһтан басқа біреуден қорғау (пана) тілеу көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Расында, адамдардың арасындағы кейбір ерлер жындардың арасындағы кейбір ерлерге пана тілеп сиынатын еді, бірақ олар олардың үрейін одан сайын арттыратын**» («әл-Жинн» сүресі, 6-аят).

- «**Пана тілеп сиынатын еді**»: қорқатын нәрселерінен қорғаныс пен баспана сұрайтын.
- «**Олардың үрейін одан сайын арттыратын**»: жүректеріндегі қорқынышты күшейтіп, денелерін дірілге салатын. Аллаһтан басқадан пана тілеу адамға еш пайда әкелмейді, керісінше, оның үрейін арттырады. Мұндай әрекет үлкен ширк болып табылады, сондықтан да адам бастапқыда қол жеткізгісі келген нәрсесінің қарама-қайшысына тап болады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Хауля бинт Хакимнен (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Кімде-кім бір жерге тоқтап: "Аллаһтың кемел сөздеріне Оның жаратқан нәрселерінің жамандығынан сиынамын"***, — десе, ол сол жерден кеткенге дейін оған еш нәрсе зиян тигізбейді» (Муслим 2708, әт-Тирмизи 3433, Ибн Мәжаһ 3547, Ахмад «Муснадта» 309, 388/6).

- «***Бір жерге тоқтаса***»: бұл адам сол жерде тұру үшін немесе уақытша тоқтаған кез келген орынға қатысты.
- «***Аллаһтың сөздері***»: шариғи үкімдерге де, тағдырға да байланысты болуы мүмкін.
- «***Кемел***»: бұл сөздер өз құрамына екі ұғымды қамтиды: 1) хабарларындағы шыншылдық; 2) үкімдеріндегі кемелдік пен әділеттілік.
- «***Жаратқан нәрселерінің жамандығынан***»: жамандық тікелей

Аллаһқа таңылмайды, өйткені жамандық Оның даналығымен жаратылған. Бұл тұрғыдан жаратылыстар келесідей жіктеледі: 1) абсолютті жақсылық (Жәннат, періштелер, пайғамбарлар); 2) Абсолютті жамандық (Тозақ, Ібіліс — бұлар болмысы бойынша жаман, бірақ олардың жаратылуындағы Аллаһтың даналығына қарайтын болсақ, онда олардың жаратылуында жақсылық бар); 3) өздеріне жақсылықты да, жамандықты да біріктірген жаратылыстар (адамдар, жындар, жануарлар).

- «***Оған еш нәрсе зиян тигізбейді***» — бұл уәдесін ешқашан бұзбайтынның сөзі, өйткені олар ең шыншылдың сөздері. Ал егер бұл нәрсе орындалмай жатса, онда бұл бұл аталған дұғаның кемістікті екеніне емес, осыған кедергі болатын әлдебір нәрселердің себебебінен. Бұл «әл-Фатиха» сүресін оқудың шипа болып табылатындығы секілді, алайда кейбір адамдар оны оқыса да шипа ала алмай жатады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әл-Жинн» сүресіндегі аятты түсіндіру. **(Адамдардың жындардан пана іздеуі олардың үрейін арттырды).**

Екінші. Бұл үлкен ширк болып табылады. (Яғни тек Аллаһ қана қорғау мен пана бере алатын жағдайларда Аллаһтан басқаға пана тілеп жүгіну үлкен көпқұдайшылық болып табылады).

Үшінші. Бұған дәлел — осы хадис. Ғалымдардың айтуынша, Аллаһтың сөздері жаратылмаған, өйткені жаратылысқа пана тілеп сиыну — ширк. (Бұл жағдайда ол үлкен көпқұдайшылық болатын еді. Сондықтан да Аллаһтың сөздері жаратылған болғанда, Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге оларға қорғау пана тілеп жүгінуді айтпас еді).

Төртінші. Бұл дұғаның қысқа болғанымен, ұлы артықшылығы. (Оны айтқан адамға сол жерде ешнәрсе зиян тигізе алмайды).

Бесінші. Егер әлдебір нәрсе жамандықты қайтарып әрі жақсылықты келтіру арқылы дүниелік пайда алып келсе, бұл оның ширк емес екеніне кәлік болып табылмайды. (Пайдаға қол жеткізу бұл істің ширк болуы мүмкін екеніне кедергі болмайды).

БАСҚА ПАЙДАЛАР:

Хадисте әдетте шариғат әлдебір көпқұдайшыл әдет-ғұрыптардың күшін жойса, оларды жақсырақ нәрселермен алмастыратынына нұсқау бар. Өйткені Исламға дейінгі надандық дәуірінде адамдар жындар-

дан қорғау мен пана сұрайтын, ал шариғат оны осы дұға сөздерімен алмастырды. Ақиқатқа шақыратын адамның ұстанатын жолы да дәл осы болуға тиіс: егер ол адамдар үшін жамандықтың әлдебір есіктерін жапса, онда бірден олар үшін жақсылыққа бастайтын басқа есіктерді ашуы керек. Бұған Құран мен Сүннетте көптеген мысалдар бар.

14. Аллаһтан басқадан құтқаруды тілеу немесе Аллаһтан басқаға дұғамен жалбарыну ширктің көрінісі екендігі жайлы тарау.

БІРІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Және де Аллаһтан өзге саған пайда да, зиян да келтіре алмайтын нәрселерге жалбарынба. Егер олай істесең, онда, күдіксіз, сен залымдардың бірі боларсың. (Мухаммад) егер Аллаһ саған бір зиян тигізсе, одан сені Аллаһтан басқа ешкім құтқара алмайды. Ал егер Аллаһ саған бір жақсылық қаласа, Оның кеңшілігін ешкім қайтара алмайды. Аллаһ оны (Өз кеңшілігін) қалаған құлына нәсіп етеді. Ол — өте Кешірімді, ерекше Рахымды**» («Юнус» сүресі, 106-107 аяттар).

Аллаһ Тағала былай деген: «**Ендеше ризықты Аллаһтың қасынан іздеңдер. Оған құлшылық қылыңдар да, Оған шүкір етіңдер. Сол жаққа қайтарыласыңдар**» («әл-Ғанкабут» сүресі, 17-аят).

Аллаһ Тағала басқа аятта былай деген: «**Аллаһтан өзге Қияметке дейін өзіне жауап бере алмайтын біреуге дұға етіп жалбарынғандардан кім көбірек адасушы? Әрине табынғандары олардың жалбаруларынан хабарсыз**» («әл-Әхқаф» сүресі, 5-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген: «**Немесе қиналғандар Өзіне жалбарынғанда дұғаларына жауап беріп, қиыншылықты айықтыратын және сендерді жер жүзіне орынбасар қылатын кім? Аллаһпен бірге басқа құдай бар ма? Өте аз еске аласыңдар**» («ән-Нәмл» сүресі, 62-аят).

Әт-Табарани өз тізбегімен (иснадымен) жеткізген хабарда, Пайғамбарымыздың ﷺ заманында мүминдерге зиян тигізетін екіжүзді болғаны айтылған. Сонда олардың кейбіреулері: «Жүріңдер, Аллаһтың Елшісіне ﷺ барып, бұл екіжүздінің кесірінен құтқаруын сұрайық», — деді. Сонда Пайғамбар ﷺ: «***Құтқаруды менен сұрамаңдар, құтқаруды***

Аллаһ Тағаладан сұраңдар», — деп жауап берді (әт-Табарани, әл-Хайсами өзінің «Зауаид» жинағында 159/10, хадис сенімді емес, бірақ мағынасы сенімді).

- «**Жалбарынба**»: бұған кез келген құлшылық-ғибадат та (өйткені ғибадат бұл іс-амал арқылы жасалатын дұға), Аллаһ қана шамасы келетін нәрседе Аллаһтан өзге біреуге жүгіну де кіреді.
- «**Аллаһтың қасынан іздеңдер**»: яғни ризықты тек Аллаһтан іздеңдер, өйткені оған тек Ол ғана иелік етеді. Көпқұдайшылар пұттарға табынады, алайда олар ешқандай ризық бере алмайды.
- «**Оған құлшылық етіңдер**»: құлшылық-ғибадат ризық берілуінің себептерінің бірі екеніне нұсқау.
- «**Және Оған шүкір етіңдер**»: әрбір нығмет сол нығметті берген Аллаһқа жүрекпен, тілмен және іс-амалмен шүкір етуді талап ететін сынақ болып табылады.
- «**Жауап беретін**»: зиянды кетіруді немесе жамандықтан құтқаруды оған шамасы келмейтін біреуден сұрау — рұқсат етілмейтін іс.
- «Екіжүзді (мунафиқ)»: сырттай өзін мұсылман етіп көрсеткенімен, іште күпірлікті жасыратын адам. Ол мүминдерге зиян тигізуді әдетке айналдырған.

Ризықтың түрлері

Жалпы: барлық жаратылысқа беріледі. Бұл — не адал, не харам болуы мүмкін.

Мүминдерге арналған арнайы ризық: иман, тақуалық және ізгі амалдар.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Құтқаруды сұраудан кейін дұғаның айтылуы — жалпыдан кейін жекені атап өтуді болып табылады.

Екінші. Аллаһтың «**Аллаһтан өзге саған пайда да, зиян да тигізе алмайтын нәрсеге жалбарынба**» деген сөзінің тәпсірі.

Үшінші. Бұл істің үлкен ширк екеніне дәлел.

Төртінші. Егер тіпті ең салиқалы адамдардың өзі мұны біреудің разылығын іздеп жасайтын болса, залымдардың қатарына қосылады.

(Бастапқыда бұл тыйым оны жасауы мүмкін емес адамдарға қатысты айтылған, демек оны жасауы мүмкін адамдарға ол тіпті қаттырақ күшке ие).

Бесінші. Келесі аяттың тәпсірі: «**Егер Аллаһ саған бір зиян тигізсе, одан сені Аллаһтан басқа ешкім құтқара алмайды**» — ал егер зиянды Аллаһтан өзге ешкім кетіре алмаса, онда адам құлшылықты да, жәрдем сұрауды да тек Аллаһқа ғана арнауы керек.

Алтыншы. Бұл оған тіпті дүние тіршілігінде де пайда әкелмейді, ал бұған қоса бұл күпірлік болып табылады. (Яғни ол дүние тіршілігінде де, Ақыретте де зиянға ұшырайды).

Жетінші. Үшінші аяттың тәпсірі. **(«Ендеше ризықты Аллаһтың қасынан іздеңдер. Оған құлшылық етіңдер…»).**

Сегізінші. Ризықты Аллаһтан өзге біреуден сұрамау керек, дәл сол секілді, Жәннатты да тек Аллаһтан ғана сұрау қажет.

Тоғызыншы. Төртінші аяттың тәпсірі. **(«Аллаһтан өзге Қияметке дейін өзіне жауап бере алмайтын біреуге дұға етіп жалбарынғандардан кім көбірек адасушы?»).**

Оныншы. Аллаһтан өзге біреуге жалбарынғаннан асқан адасушы жоқ. (Себебі аяттағы сұрақтың мағынасы — теріске шығару).

Он бірінші. Адамдамдардың Аллаһтан өзге соларға дұға етіп жалбарынатындары өздеріне жасалатын бұл дұғалардан бейхабар.

Он екінші. Мұндай дұға — өзіне дұға етілетіннің оған жалбарынатын адамдарды жек көруінің және олардың арасында дұшпандық орнауының себебі.

Он үшінші. Мұндай дұға — Аллаһтан өзгеге жасалатын құлшылық деп аталған.

Он төртінші. Құлшылықтың бұл түрін Аллаһтан өзге біреуге арнаған адамның күпірлікке түскеніне нұсқау.

Он бесінші. Бұл оның ең адасқан адамға айналуына себеп болады:

1) Өйткені ол Аллаһтан өзге өзіне жауап бере алмайтын біреуге жалбарынады;

2) Өйткені олар бұл дұға туралы мүлдем бейхабар;

3) Өйткені олар өздеріне жасалған құлшылықтан бас тартады.

Он алтыншы. Бесінші аяттың тәпсірі. (**«Немесе қиналғандар Өзіне жалбарынғанда дұғаларына жауап беріп, қиыншылықты айықтыратын және сендерді жер жүзіне орынбасар қылатын кім?**).

Он жетінші. Пұтқа табынушылардың қиын кезде жалбарынатын дұ-

ғасына тек Аллаһ қана жауап беретінін мойындағаны таңғаларлық жайт. Сондықтан қиыншылық кезінде олар басқа біреуге емес, ықыласты түрде Аллаһқа жалбарынады.

Он сегізінші. Аллаһтың Елшісі ﷺ таухид шекараларын ерекше қорғайтын әрі Аллаһқа қатысты әдепті үйретететін. (Ол үмметіне қиындыққа тап болғанда тек Аллаһқа жалбарынуды, құтқаруды Аллаһтан өзге ешкімнен сұрамауды үйретті).

Екінші бөлімге байланысты тексеріс сұрақтар (9 тарау)

Бірінші тапсырма: Нәзірдің келесі түрлерінің арасындағы айырмашылықтарды атаңыз

Аллаһтан басқаға берілген нәзір

.....

.....

.....

Күнә жасау туралы берілген нәзір

.....

.....

.....

Құлшылық жасау туралы берілген нәзір

.....

.....

.....

Екінші тапсырма: Әрбір тұжырымның қасына үкімнің (хукмның) нөмірін жаз.

(1) Рұқсат етілген; (2) Құпталмайтын (мәкрүһ); (3) Кіші күнә; (4) Үлкен күнә; (5) Кіші ширк; (6) Үлкен ширк; (7) Толығырақ түсіндіру қажет (яғни жауабы біржақты емес); (8) Міндетті (уәжіп/парыз); (9) Құпталатын (мұстахаб).

Әйеліңе деген махаббат.

Пайғамбарымызға ﷺ деген махаббат.

Аллаһпен қатар біреуді жақсы көру.

Кітап иелерінің күпірлігінде күмәндану.

Көз тиюден сақтау үшін Құранды сақтау.

Өзіне тұмар таққан адамға қарсы дұға ету.

Белгілі бір адамды лағынеттеу.

Неке жүзігін тағу.

Тұмарлар тағу.

Пайғамбардың ﷺ бөлмесіне қол тигізіп, береке сұрау.

Әжетті өтеген соң мал тезегімен немесе сүйектермен сүртіну.

Нәзір беру үшін белгілі бір орынды таңдау.

Құран оқу арқылы береке сұрау.

Кәпірлердің мейрамдарына қатысу.

Адамдардан көмек сұрау.

Жындардан қорқу.

Аллаһтан өзгеге нәзір беру.

Құран аяттарын іліп қою.

Күнә істеуге нәзір беру.

Құраннан жасалған тұмар.

Тұмар ретінде таға іліп қою.

Арабша емес тілде дұға оқу.

Әшекей ретінде жіп (бау) тағу.

Аллаһтың есімдерін арабша емес тілде айту.

Қара тасқа (Хәжар әл-Әсуадқа) қол тигізу.

Шипа табу үшін Зәмзам суын ішу.

Әлдебір пайда үшін мүлікті жою.

«Зиян тигізу мешітінің» қай жерде болғанын білу.

«Біз Пайғамбардан ﷺ пана сұраймыз» деп айту

Үшінші тапсырма: Дұрыс жауаптың қасына белгі қойыңыз.

1. «Бірқұдайшылықты түсіндіру» — бұл...

☐ Екінші бөлім ☐ Алтыншы тарау

☐ Барлық жауап дұрыс

2. «Бұл тараудан кейінгі тараулар осы тақырыпты түсіндіреді»:

☐ Кітаптың соңына дейін ☐ Бөлімнің соңына дейін

3. Автор бірқұдайшылықты қалай түсіндірді?

☐ Оған қарама-қайшы нәрселерді түсіндіру арқылы

☐ Ашық түрде түсіндіру арқылы

☐ Барлық жауап дұрыс

4. Екінші бөлімде қанша тарау бар?

☐ 5 ☐ 9 ☐ 8

5. «**Оларды Аллаһты сүйгендей жақсы көреді**» дегеніміз: .....

.....

6. Махаббаттың түрлері:

…..... және оның үкімі: …..... .....

…..... және оның үкімі: …..... .....

…..... және оның үкімі: …..... .....

7. Аллаһ үшін кімді және нені жақсы көру керек?

…..... және …..... .....

…..... және …..... .....

8. Құраннан жасалған тұмарлардың тыйым салыну себептері:

1 .....

2 .....

3 .....

4 .....

9. Руқияның (дем салудың) рұқсат етілу шарттары:

1 .....

2 .....

3 .....

4 .....

10. «**Зиян тигізу мешіті**» жайлы аят не үшін «Аллаһтан басқа үшін құрбан шалатын жерде Аллаһқа құрбан шалуға болмайтындығы туралы» тарауында келтірілген?

…..... .....

11. «**Олар нәзірлерін орындайды**» аяты не үшін «Аллаһтан өзгеге нәзір беру — ширк» тарауында келтірілген?

….....
.....

12. Нәзірдің шариғи анықтамасы:

.....

13. «Нәзір жарамды» дегеніміз не?

.....

14. «...адам баласының иелігінде болмаған нәрсеге қатысты» деген сөздер нені білдіреді?

.....

15. «Буана» деген не?

.....

16. «Зиян тигізу» мешіті не үшін салынды?

.....

17. Аллаһқа арналған құрбандықты ширк жасалатын жерде шалуға болмайды, өйткені:

1 .....
2 .....
3 .....

18. Пайғамбар ﷺ не үшін: «***Құтқаруды менен сұрамаңдар***» деді?

.....

19. Бидғат екі түрге бөлінеді:

1) .....
2) .....

20. «***Ата-анасын лағынеттеді***» дегеніміз:

.....

немесе ….....

21. «**Мен — мұсылмандардың алғашқысымын**» дегеніміз:

.....

немесе .....

22. Аллаһтың мүшиктердің пұттары жайлы айтқан келесі сөздері сөздері нені білдіреді:

«**Көрдіңдер ме...**» — ….....

«**әл-Ләт**» — .....

23. «Әл-Ғузза» — бұл ….....

«Мәнат» — бұл ….....немесе ….....

.....

24. «**Мен Аллаһтың кемел сөздеріне .... сыйынамын**» — Аллаһтың сөздерінің түрлері қандай?

…

25. Таббаррук (береке сұрау) келесідей екі түрге бөлінеді:

1).....…

2).....…

Олардың араларындағы айырмашылық келесіде: ….....

.....

26. Адамдардың білімсіздікке байланысты ақталу мәселесіндегі түрлері:

1) .....

2) .....

27. Егер адам намаз оқып, зекет беріп, ораза ұстаса, бірақ қабірлерге барып, оларға сәжде етсе, онда бұл:

☐ Үлкен күпірлік

☐ Кіші күпірлік

☐ Үлкен күнә

☐ Екіжүзділік

28. Көпқұдайшылық (ширк) қанша түрге бөлінеді?

☐ 3 ☐ 4 ☐ 2

29. Мал союдің түрлері қанша?

☐ 3 ☐ 4

30. «**Шын мәнінде менің сендер табынған нәрселеріге қатысым жоқ. Бірақ мені жаратқан Аллаһтан басқа. Өйткені Ол мені тура жолға салады**» аятында неге сілтеме бар?

☐ «Лә иләһә иллә Аллаһ» куәлігіне

☐ Тек Жаратушыға ғана ғибадат ету керектігіне

☐ Пұттардың әлдебір нәрсені істеуге дәрменсіздігі

☐ Барлық жауаптар дұрыс

31. «Кітапшылар» —

☐ Ғалымдар ☐ Құлшылық етушілер

32. «Монахтар» —

☐ Құлшылық етушілер ☐ Ғалымдар

33. «**Олар Аллаһтан өзге өздерінің ғалымдары мен монахтарын раббы етіп алды...**» деген аят көпқұдайшылықтың қай түріне нұсқайды?

☐ Махаббаттағы ☐ Бойсұнушылықтағы

34. Адамдар себептерге (құралдарға) қатысты келесі топтарға бөлінеді:

☐ Адамдардың екі шектен шыққан тобы және бір ортаңғы топ.

☐ Дұрыс ұстаным, кіші ширк және үлкен ширк.

35. Құрбандық шалу — денемен жасалатын ең ұлы ғибадаттардың бірі:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

36. Күнәһарларды лағынеттеуге тек жалпы түрде рұқсат етіледі, ал нақты бір жеке адамдарды лағнеттеуге болмайды:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

37. Мұсылман өз тілін лағынет сөздерін айтудан сақтау керек. Шариғи мәтіндерде лағынетке лайық екені айқын көрсетілген адамдардан басқаны лағынеттеуге болмайды:

☐ Жалпы (кәпірлерге қатысты)

☐ Арнайы (өсімқорларға қатысты)

38. Мешіттерден басқа, Аллаһ пен Оның Елшісіне ﷺ дұшпандық жасалатын жерлерде намаз оқуға болмайды:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

39. Егер ондай орындарды өзгертіп, оларды Аллаһқа құлшылық және бағыну орындарына айналдыру мүмкіндігі болса, онда солай істеу керек:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

40. Құба мешітіне барып, онда намаз оқу үшін сапарға шығуға рұқсат етілген:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

41. Бұрын көпқұдайшылық жасалған жерлерге үгіт-насихат мақсатында баруға болады:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

42. Хира үңгіріне барып, Пайғамбар ﷺ қалай және қай жерде құлшылық еткенін білу үшін сапарға шығуға рұқсат етілген:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

43. «Миғраж» деген сөз Пайғамбардың ﷺ Меккеден Иерусалимге алып барылғанын білдіреді:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

44. Жолда адаспас үшін қойылған белгілерді өзгерткен адам:

☐ Лағынеттелген ☐ Күнәһар

45. Ізгі-салиқалы адамдардың қадір-қасиетін кемітіп, олардың қателіктерін іздейтіндер:

☐ Шектен шығушылар.

☐ Кемшіліктерге мән беріп, қорлаушылар.

☐ Орта жолды ұстанушылар.

Төртінші тапсырма: Нәзірдің үкімі жайлы толық жазыңыз.

Бесінші тапсырма:

«А» тізіміндегі терминдерді «Б» тізіміндегі анықтамалармен сәйкестендіріңіз

А	Б
1. Нәзір	• Белгілі бір сөздерді айту. Дәлелдер сиқыр элементтері жоқ болған жағдайда оның рұқсат етілетіндігін көрсетеді.
2. Мунафиқ	• Кейбір адамдардың ойынша, әйелді күйеуге немесе күйеуді әйелге ғашық ету мақсатында қолданылатын нәрсе.
3. Руқия	• Балаларға жаман көзден қорғау үшін кигізілетін нәрсе.
4. Дуалау	• Аллаһтың рахымынан алыстату.
5. Тұмарлар	• Ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен адамның өзіне өзі парыз болмаған нәрсені парыз қылуы.
6. Лағынет	• Сырттай исламды ұстанып, іштей күпірлікті жасыратын, әдетте мұсылмандарға зиян келтіретін адам.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Аллаһтан басқа кімге болсын құлшылық етудің негізсіздігі (4 тарау)

Тауһид түсіндірілгеннен кейін шейх Аллаһтан басқаға ғибадат етудің негізсіздігіне нұсқайтын дәйектерді келесі төрт тарауда атап өтті:

- Пұттарға және Аллаһтан өзге әлдебіреуге, сондай-ақ Пайғамбарға ﷺ құлшылық етудің негізсіздігі;
- Періштелерге құлшылық етудің негізсіздігі, олар Адам баласының кейбір таңдаулы болғандарынан басқа Аллаһқа ең жақын жаратылыстар болса да;
- Аллаһтан өзгеден шапағат сұраудың негізсіздігі және шапағат — тек Аллаһтың ғана ерекше құқығы екендігі туралы;
- Адамды тура жолға салуға тек Аллаһ қана құдіретті екендігі және Одан басқа ешкім мұны істей алмайтындығы туралы тарау.

15. Аллаһ Тағаланың «Олар ешнәрсе жаратпайтын әрі өздері де жаратылған болып табылатын біреулерді Аллаһқа серік етіп қосады ма? (Аллаһқа қосқан серіктері) оларға көмектесе алмайды, әрі тіпті өздеріне де көмектесе ете алмайды» деген сөздері туралы тарау.

Аллаһ бұл пұттардың әлсіздігін және оларға құлшылық етуге лайық емес екендігін төрт тұрғыдан көрсеткен:

1) Олар ештеңені жаратпайды, ал жаратпайтын нәрсе құлшылық етуге лайық емес;

2) Олар өздері жоқтан жаратылған, сондықтан өздерінің пайда болуы мен өмір сүруі үшін өзге нәрселерге мұқтаж;

3) Олар өздеріне жалбарынған адамға көмектесе алмайды;

4) Олар өз-өздеріне де көмектесе алмайды.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Ал сендердің Одан өзге жалбарынғандарың құрма дәнінің қабығына да иелік ете алмайды**» («әл-Фатыр» сүресі, 13-аят)

- «**Құрма дәнінің қабығы**»: құрма дәнінің үстіндегі өте жұқа қабық.
- Аллаһ Өзінен өзге әлдебіреуге құлшылық етудің негізсіздігін келесі себептермен көрсеткен:

  1) Олар билікке ие емес;

  2) Олар естімейді;

  3) Егер олар естиді күннің өзінде, жауап бере алмайды, өйткені бұған қабілетті емес;

  4) Қиямет күні Аллаһ Одан басқа құлшылық жасалған нәрселерді алып келеді, сонда олар өздеріне табынған адамдардың көпқұдайшылықтарынан бас тартатын болады.

ҮШІНШІДЕН АЛТЫНШЫҒА ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Имам әл-Бухаридің «Сахих» жинағында Әнастың келесі хадисі келтірілген: «Ухуд шайқасында Пайғамбардың ﷺ маңдайы жараланып, алдыңғы тісі сындырылған кезде, ол: «***Өз Пайғамбарын жарақаттаған қауым қалайша құтылады?***» — деп айтты. Сол кезде оған «**(Мухаммад!) Ешбір іс сенің еркіңде емес...**» деген аят түсірілді» («Сахих» әл-Бухари, 772).

Әл-Бухари Ибн Умардың «Пайғамбар ﷺ таң намазының соңғы ракағатында рукуғтан басын көтергенде: «***Аллаһ өзін мадақтағанның сөзін естіді. Раббымыз, Саған мақтау!***» — деп айтқан соң: «***Уа Аллаһ! Пәленшені және пәленшені лағынетте!***» — деп дұға етті. Сол кезде Аллаһ «**(Мухаммад!) Сен еш нәрсені шешпейсің...**» деген аятты түсірді» деген хадисін келтірген.

Басқа риуаятта: «Ол Аллаһтан Сафуан ибн Умайяға, Суһайл ибн Амрға және әл-Харис ибн Хишамға лағынет тіледі. Сонда Аллаһ «**(Мухаммад!) Сен еш нәрсені шешпейсің...**» деген аятты түсірді», — деп айтылған (әл-Бухари 4069, 4070).

Абу Хурайрадан былай деп баяндалған: «Аллаһтың Елшісіне ﷺ «**Жақын туыстарыңды ескерт...**» деген аяты түскен кезде, ол орнынан

тұрды да: «***Уа құрайыштықтар! Өз жандарыңды құтқарыңдар, өйткені мен сендерге Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын! Ей Абдулмутталибтің ұрпақтары! Мен сендерге Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын! Ей Аббас ибн Абдулмутталиб! Мен саған Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын! Ей Пайғамбардың апасы Софийя! Мен саған Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын! Ей Пайғамбардың қызы Фатыма! Менен қалағаныңды сұра, бірақ мен саған Аллаһтың алдында көмектесе алмаймын!***» (әл-Бухари 2753, Муслим 206, әт-Тирмизи 3184).

- «Маңдайы жараланды»: маңдайы мен беті жарақаттанды.
- «Алдыңғы тісі сындырылды»: ортадағы екі тіс «сәнәйя» деп, ал олардың жанындағы тістер «рубағийя» аталады.
- Бұл хадистер Пайғамбардың ﷺ адам екенін және оны да басқа адамдар сияқты ауыртпашылықтар басатынын көрсетеді.
- Бұл оқиғалардан ғибрат алатындар үшін насихат бар: Аллаһтың рахымынан ешкімді алыстатпау керек.
- «Сафуан ибн Умайя, Суһайл ибн Амр және әл-Харис ибн Хишам»: бұл үшеуі кейін исламды қабылдап, оны көркем түрде ұстанды. Бұл жағдай дұшпандықтың махаббатқа айналуы мүмкін екенін көрсетеді.
- Тыйым салынған нәрселер:

  1) Кәпірлердің арасынан біреуді нақтылап лағынеттеу. Алайда түрде лағынетуге рұқсат бар, мысалы: «Уа Аллаһ! Мұсылмандарды олардан құтқар!» — деп айту.

  2) Барлық кәпірлердің жойылуын сұрау. Өйткені Пайғамбар ﷺ мұндай дұға жасамаған, ал Аллаһ олардың өмір сүретінін алдын ала белгілеп қойған.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Ағраф» сүресінің 191-192-аяттары мен «Фатыр» сүресінің 13-14-аяттарының тәпсірі. (Оларда пұттарға және Аллаһтан басқаға құлшылық етудің негізсіздігі көрсетілген).

Екінші. Ухуд шайқасында орын алған оқиға. (Ол Пайғамбарға ﷺ және одан басқаға құлшылық етудің негізсіздігін көрсетеді).

Үшінші. Елшілердің ең ардақтысы ﷺ және оның артында тұрып, «Әмин» деп айтқан ізгі сахабалары оқыған құнұт дұғасы. (Бұл үммет-

те Аллаһқа олардан жақын ешкім болмаған, алайда осыған қарамастан, олар Аллаһтан көмек сұраған, ендеше олардан басқалар Аллаһқ дұға жасап, Одан көмек сұрауға тіпті мұқтаж).

Төртінші. Лағынеттелгендердің барлығы кәпірлер болатын. (Алайда Пайғамбар ﷺ оларға қатысты еш нәрсеге ие емес еді).

Бесінші. Олар кәпірлердің басым бөлігі жасамайтын нәрселерді істеді, соның ішінде: Пайғамбардың ﷺ бетін жаралау, оны өлтіруге ұмтылу, өлтірілгендер олардың жақын туыстары болғанына қарамастан олардың денелерін қорлау.

Алтыншы. Аллаһ бұл туралы келесі аятты түсірді: «**(Мухаммад!) Ешбір іс сенің еркіңде емес...**» (Шешім Аллаһқа ғана тиесілі).

Жетінші. Содан кейін «**Аллаһ не олардың тәубесін қабыл етеді, не оларды азаптайды...**» деген аят түсірілді («Әли Имран» сүресі, 128-аят). Әрі расында да, Аллаһ оларға рахым етіп, олардың тәубесін қабыл алды, әрі олар иман келтірді.

Сегізінші. Қайғы-қасіреттерге тап болған кезде құнұт дұғасын оқу. (Бұл тек Аллаһ түсірген нәрселерде, мысалы, жер сілкінісі кезінде, заңдастырылған).

Тоғызыншы. Лағынеттеу дұғасында нақты адамдардың есімдері және олардың әкелерінің есімдері аталды. (Бұл рұқсат етілген).

Оныншы. Белгілі бір адамға қатысты құнұт дұғасында лағынет айту. (Бұл орын алды, содан кейін тыйым салынды).

Он бірінші. Пайғамбардың ﷺ жақын және алыс туыстарына: «Мен сендерге Аллаһтың алдында еш нәрсемен көмектесе алмаймын!» деп айтқан сөздері. Ол тіпті: «Ей Мухаммадтың қызы Фатыма! Мен саған Аллаһтың алдында еш нәрсемен көмектесе алмаймын!» — деді. Егер Елшілердің ең ардақтысы ﷺ әлемдер әйелдерінің ханымы болған өзінің қызына Аллаһтың алдында ешнәрсемен көмектесе алмайтынын айтқан болса әрі егер адам Пайғамбардың ﷺ тек шындықты айтатынына иман келтіріп, содан соң қазіргі таңда атақ-мәртебелі адамдардың жүректерін не толтырып жатқанына назар салса, адамдардың бірқұдайшылықты тастағанын әрі діннің бөгде болғанын түсінеді. (Пайғамбарға ﷺ қатысты бізге пайда әкелетін нәрсе — бұл оған иман келтіріп, ізінен ілесу. Оған деген сүйіспеншілік сезіну айыпты емес, бірақ адам өз сезімдерін үкім шығарушы етпеуі керек — ол Құран мен Сүннетке және күмәндар мен нәпсі қалаулынан сау, айқын ақылға ілесуі қажет).

16. Аллаһ Тағаланың «Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар (періштелер) өзара: «Раббыларың не айтты?» — десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ — аса Жоғары, тым Үлкен», — деседі», — деген сөздері туралы тарау.

- Ешбір жаратылыс, тіпті Аллаһқа ең жақын болған періштелер де, Оған серік болуға лайық емес. Өйткені олар Аллаһтың сөзін естіген кезде қорқынышқа түседі.

Періштелерге деген иман нені қамтиды?

- Олар ғайып әлеміне жататын жаратылыстар, Аллаһ оларды нұрдан жаратқан. Олар Аллаһқа толық бағынады және Оған қарсы келмейді. Олардың жаны, ақылы, денелері және жүректері бар. Біз олардың бар екеніне әрі Аллаһ бізге хабарлаған олардың істейтін істеріне, сипаттарына, есімдеріне және олар туралы хабарларға иман келтіреміз.
- «**Шошыну кеткен кезде**»: олардың жүректеріндегі үрей сейілген сәт.
- «**Ол — Жоғары**»: әһлю сунна ғалымдары Аллаһ өзінің бүкіл жаратылыстарынан:

  1) Өзінің болмысымен жоғары;

  2) Өзінің сипаттарымен жоғары;

  3) Өзінің билік-үстемдігімен жоғары екенін растайды.

Аяттан алынатын пайдалар

- Періштелер Аллаһтан қорқады. Аллаһ: «**Олар өздерінің үстіндегі Раббыларынан қорқады**», — деді.
- Періштелердің жүректері бар, өйткені Аллаһ: «**Ақыр жүректерінені шошыну кеткен кезде...**», — деп айтты.
- Олар — тәні бар жаратылыстар, өйткені Аллаһ: «**Бүкіл мақтау Аллаһқа тән, Ол көктер мен жердің Жаратушысы, періштелерді екі, үш, төрт қанатты елшілер еткен**», — деді.
- Олардың ақылы бар, өйткені ақылдың орны — жүрек.

- Аллаһтың сөйлеу сипаты бар және Ол қалаған кезде сөйлейді.
- Аллаһтың сөздері ақиқат екендігіне нұсқау, бұл екі нәрседе көрінеді:

  1) Хабарлардың ақиқаттылығы;

  2) Шешімдердің әділеттілігі. Аллаһ: «**Раббыңның сөзі шындық және әділдікпен толық орындалды**», — деді.



ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Имам әл-Бухаридің «әс-Сахих» жинағында Абу Хурайрадан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Аллаһ көктердің үстінен бір іс-ті үкім еткен кезде, періштелер Оның сөздерінің алдында бойсұнушылық-тағзым танытып, қанаттарын жинайды. Бұл олар үшін темір шынжырмен тасты соққандағы күркіреген дауыс сияқты қатты тиеді.*** **«Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар (періштелер) өзара: «Раббыларың не айтты?» — десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ — аса Жоғары, тым Үлкен», — деседі**», («әс-Сәба» сүресі, 23-аят). ***Ал шайтандар (Суфиян ибн Уайна мұны саусақтарының арасын ашып қолымен көрсетті), бір-бірінің үстіне шығып, бұл сөздерді ұрланып (періштелерден) тыңдайды. Олар естіген сөзді төменгісіне жеткізіп, ең соңында ол сықыршы не сәуегейге жетеді. Бірақ кейде жалындап жанған жұлдыз бұл шайтанды ол естігенін жеткізіп үлгермей-ақ қағып түсіреді. Алайда жұлдыз кейде үлгермей де қалуы мүмкін, сонда ол бұл шындыққа жүз өтірік қосады. Адамдар: «Ол (көріпкел-сәуегей немесе сықыршы) бізге пәлен күні пәлен нәрселер айтпады ма?» — деп айтады және көктерден естілген ақиқат сөз адамдарды оған сенуге мәжбүр етеді***» (Бухари 4701).

- «***Бұл оларға темір шынжырмен тасты соққандағы күркіреген дауыс сияқты***» — Мұндағы ұқсатып мысал келтіру (Аллаһтың Сөздеріне емес) періштелердің Аллаһтың сөздерін естіген кездегі қорқыныштарына қатысты. Бұл олардың Аллаһтың сөздерін естіген кездегі өте қатты қорқыныш пен құрметін көрсетеді.
- «***...тиеді***»: яғни бұл дауыс оларды ес-түссіз құлатады.

Хадистен алынатын пайдалар

- Аллаһтың «сөйлеу» сипатының расталуы және Аллаһтың ұлылығының айқындалуы. Аллаһтан тек ақиқат қана түседі.
- Хадисте періштелердің қанаттары, сөйлеу қабілеті, ақылы, қорқынышы және Аллаһқа бойсұнуы бар екені расталады.
- Аллаһ жындарға аспанға көтерілуге мүмкіндік берген, әрі бұл адамдар үшін сынақ (фитна) олу үшін жасалған.
- Жындардың саны өте көп, олардың денелері жеңіл және олар ұша алады.
- Балгерлер — адамдардың арасындағы ең өтірікшілері, өйткені олар естіген шындыққа жүз өтірікті қосады.
- Сиқыршылар — адамдарға жоқ нәрсені бар етіп көрсетушілер, сондықтан олардан сақтану міндетті.
- Жындардың көктердегі сөздерді тыңдау кезеңдері:

  1. Пайғамбарлыққа дейін олар жиі тыңдай алатын.

  2. Мухаммад ﷺ пайғамбар болып жіберілген кезде, бұл оларға тыйым салынды.

  3. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін, олар қайтадан тыңдай бастады, бірақ аз мөлшерде.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Нәууас ибн Самған Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын баяндағаны туралы жеткізіледі: «***Аллаһ әлдебір әмірді уахи етуді қалап, айтқан кезде көктер Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың алдындағы ұлы қорқынышынан дірілдеп-сілкінеді (немесе: «күркірей түседі»). Мұны естіген көктің бүкіл мекендеушілері Аллаһтың алдында сәждеге құлай түседі де, естерінен танады. Содан кейін ең бірінші болып басын Жәбірейіл көтереді, әрі Аллаһ оған Өзі қалаған уахиін хабарлайды. Кейін Жәбірейіл періштелердің арасынан өтеді. Ол***


әрбір аспаннан өткен кезінде, сол аспанның періштелері одан: «Уа Жәбірейіл, Раббымыз не айтты?» — деп сұрайды. Жәбірейіл: "Ол ақиқатты айтты, өйткені Ол — аса Жоғары, тым Үлкен!», — дейді. Әрі олардың барлығы Жәбірейілдің айтқанын қайталайды. Осылайша, Жәбірейіл уахиді Ұлы және Құдіретті Аллаһ жеткізуді бұйырған (көктердегі және жердегі) орынға жеткізеді» (Ибн Хазм «Таухидте» 206, Ибн Аби Асим «Сунанда» 515).

Хадистен алынатын пайдалар

- Аллаһтың «қалау» (ирада) сипатын растау, ол екіге бөлінеді:

  1) Шариғи қалау — Аллаһтың шариғаттағы әмірлері мен тыйымдары.

  2) Болмыстық қалау — Аллаһтың қалауымен жаратылған барлық нәрсе.
- Жаратылыстар, тіпті жансыз заттар да, Аллаһтың ұлылығын сезінеді.
- Көктердің көптігін және әр аспанның өз періштелері бар екенін растау.
- Жәбірейілдің артықшылығы, өйткені ол уахиді жеткізуші сенімді елші.
- Аллаһтың ұлылығы мен шексіз құдіретіне нұсқау.



ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әс-Сәба» сүресінің 23-аятын тәпсірлеу: **(«Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар (періштелер) өзара: «Раббың не айтты?» — десе: «Хақты айтты», — деседі...»).**

Екінші. Бұл аятта көпқұдайшылықтың, әсіресе, ізгі-салиқалы кісілердің әруқтарына қатысты болған түрінің негізсіздігіне дәлел бар. Бұл аят жүректен ширктің тамырларын түбірімен шауып алып тастайтын аят деп айтылған.

Үшінші. Аллаһтың: «Олар: "**Ақиқатты айтты, өйткені Ол — Аса Жоғары, Тым Үлкен** "» — деген сөзін тәпсірлеу.

Төртінші. Олардың бұл сұрақты қою себебі — Аллаһтан қатты қорқуы.

Бесінші. Жәбірейіл оларға осыдан кейін: «Ол былай деді...», — деп жауап береді.

Алтыншы. Жәбірейіл бірінші болып басын көтереді деп айтылған. (Бұл — оның артықшылығына дәлел).

Жетінші. Ол көктің барлық тұрғындарына сөйлейді, өйткені олар одан сұрайды. (Бұл — оның (Жәбірейілдің) олардың арасындағы ұлылығына дәлел).

Сегізінші. Барлық аспан тұрғындары естерінен танып құлайды.

Тоғызыншы. Көктер Аллаһтың сөзін естігенде, Оны ұлықтап, теңселіп кетеді.

Оныншы. Жәбірейіл уахиді Аллаһ бұйырған жерге жеткізеді. (Өйткені ол — сенімге лайық елші).

Он бірінші. Шайтандардың көктердегі ақиқатты ұрлап естітіндігі туралы айтылуы.

Он екінші. Олардың бірінің үстіне екіншісінің орналасуы сипатталған.

Он үшінші. Жұлдыздардың атқылауы. (Олар тыңшылық жасаған шайтанды өртеп жібереді).

Он төртінші. Кейде ағып түскен жұлдыз шайтанды атып түсіріп, ол уахиді төменге жеткізе алмайды. Ал кейде шайтан жұлдыз оған тимей тұрып, оны сиқыршының құлағына сыбырлап үлгереді.

Он бесінші. Сиқыршы кейде шындықты айта алады.

Он алтыншы. Ол шындықпен бірге жүз өтірік таратады. (Бұл — нақты сандық көрсеткіш емес, тек өтіріктің көптігіне мысал).

Он жетінші. Өтірік тек көкте естілген бір сөз ақиқат себебімен қабылданады.

Он сегізінші. Адамның жаны өтірікті қабылдауы: өйткені олар бір шындыққа жармасып, жүз өтірікті елемейді.

Он тоғызыншы. Біреуі тыңшылықпен естіген сөзді басқасына жеткізеді, жаттап алады және оны дәлел ретінде қолданады. (Өйткені бұл — олардың саудасы, ал егер олардың тауары толықтай өтірік болғанда, ол өтпейтін еді).

Жиырмасыншы. Аллаһтың сипаттарын жоққа шығарушы әшаримуғаттылә (сектасының) сенімдеріне қарсы Аллаһтың сипаттары бар екенін растау.

Жиырма бірінші. Олардың есінен тануы мен қорқыныштарының себебі — Аллаһтан қорқу, өйткені Ол — Шексіз Құдіретті және аса Ұлы.

Жиырма екінші. Олар Оны ұлықтап, қорыққан нәрселерінен пана сұрап, сәждеге жығылады.

17. Шапағат туралы тарау

Автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл тарауды не үшін келтірді?

- Пұттардың шапағат етуі мүмкін емес екенін көрсету үшін, өйткені кәпірлер олардың шапағат ететініне сенеді.
- Аллаһ — Өзінің білімінде, күш-құдіретінде және билігінде кемел болғандықтан, ол мына дүниелік патшаларға ұқсамайды. Өйткені бұндай патшалардың білімі, билігі мен күші шектеулі болғандықтан, олар шапағатшыларға мұқтаж болады, ал шапағатшылардың олардың алдында олардың рұқсатынсыз шапағат етуге батылдықтары жетеді.

БІРІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ Тағала былай деген: «**Раббыларының алдына жиналудан қорыққандарға ол (Құран) арқылы ескерт. Олар үшін Аллаһтан өзге бір қамқоршы да, шапағатшы да жоқ. Бәлкім олар тақуалық танытар**» («әл-Әнғам» сүресі, 51-аят).

Аллаһ Тағала тағы былай деген: «(Мухаммад): «**Шапағат тұтасымен Аллаһтың иелігінд**» — де» («әз-Зүмәр» сүресі, 44-аят).

Ол сондай-ақ былай деген: «**Оның құзырында Оның рұқсатынсыз кім шапағат ете алады?**» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

Басқа аятта: «**Көктерде қаншалаған періште бар. Аллаһ қалап, разы болған (құлына) рұқсат бермейінше, олардың шапағаты еш нәрсеге жарамайды**», — деп айтылған («ән-Нәжм» сүресі, 26-аят).

Аллаһ Тағала былай деген: «**(Мухаммад) Оларға: «Аллаһтан өзге, көктерде де жерде де тозаңның салмағындай ешнәрсеге ие бола алмайтын, екеуінде де бір ортақтығы жоқ, сондай-ақ Аллаһқа олардың ешбіреуі көмекші де емес Құдай деп ойлағандарыңды шақырыңдар», — де. Аллаһтың қасында, рұқсат берілген біреуден басқаның шапағаты пайда бермейді. Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар өзара: «Раббың не айтты?» — десе: «Хақты айт-**

ты», — деседі. Ол Аллаһ, аса Жоғары, тым Үлкен» («әс-Сәба» сүресі, 22-23 — аяттар).

- «**Ескерт**»: ескерту дегеніміз — қорқыту мағынасын қамтитын хабар жеткізу. Аяттың мағынасы — Құран арқылы ескерт.
- «**Қаншалаған періште...**»: яғни көктерде қанша періште болса да, олардың шапағаты, тек Аллаһ рұқсат бергеннен әрі Ол шапағат жасаушығы да, шапағат шасалушыға да разы болғаннан кейін ғана болмаса, еш пайда бермейді.
- «**Шақырыңдар**»: олар (мүшриктер) мұны істеуге шамасыз екенін атап, шақыру немесе нұсқау. Аяттың мағынасы — оларды алып келіңдер немесе өтініштерің арқылы шақырыңдар.
- «**Серіктестер емес**» : олар ештеңені дербес те иеленбейді және серіктес те емес.
- «**Көмекші емес**»: яғни пұттардың көмекші болу сипаты жоқ.
- Бұл аят пұттарға табынушылар үміт артқан нәрселердің барлығын теріске шығарады: олар өздігінен еш нәрсеге иелік етпейді, олар ешқандай серік те емес, көмекші де емес. Өйткені біреу саған серік болмаса да, бірақ көмектессе, одан саған бір пайда тиер еді де, әрі сен, бәлкім, оған оның қалаған нәрсесін беріп, оған жақсылық жасар едің. Ал егер осының барлығы теріске шығарылса, онда тек шапағат қана қалады. Ал Аллаһ оның да жарамсыз екенін білдірді. Сондықтан олардың шапағаты оларға еш пайда бермейді.
- Ибн әл-Қаййим бұл аят жайлы: «Бұл — жүректен ширктің тамырын түбірімен шауып алып тастайтын аят», — деп айтқан.

Шапағаттың (яғни әлдебіреудің алдында пайда келтіретін нәрсеге қол жеткізуге немесе жамандықты тойтаруға бағытталған ара түсудің (дәнекерлік) жасаудың) түрлері:

1) **Құлдардың өзара жасауға шамасы жететін шапағаты.** Егер шапағат жасаушы тірі болса, оның бұған шамасы жетсе, ол дәл сол жерде болса және ол тек себеп болып саналса, онда рұқсат етіледі.

2) **Шариғат тыйым салған шапағат:**

- Бұл — Құранда теріске шығарылған шапағат.
- Бұл — Аллаһтан өзгеден сұралатын және тек Аллаһ қана жасай алатын нәрсе.
- Бұл — үлкен ширк болып табылады.

3) **Шариғат бекіткен шапағат:**

Аллаһ оны Өзіне ғана қатысты бекіткен, әрі оның шарттары келесідей:

- Аллаһ шапағат етуге рұқсат беруі керек;
- Шапағат етушіге Аллаһ разы болуы керек;
- Шапағат етілетін адамға да Аллаһ разы болуы керек.

«Көктерде қаншалаған періште бар. Аллаһ қалап, разы болған (құлына) рұқсат бермейінше, олардың шапағаты еш нәрсеге жарамайды»

Пайғамбарға ﷺ, барлық пайғамбарларға, періштелерге, мұсылмандарға және кішкентай балаларға тиесілі жалпы шапағат:

- Жәннаттағы дәрежелерді көтеру үшін жасалатын шапағат;
- Тозаққа лайықты болған мұсылмандардың Тозаққа кірмеуі үшін жасалатын шапағат;
- Тозаққа кірген мұсылмандар одан шығуы үшін жасалатын шапағат.

Тек Пайғамбарға ﷺ ғана тән шапағат:

- Ұлы шапағат — бұл Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ уәде еткен «Мақтаулы орын» (Мақам Махмуд);
- Пайғамбардың ﷺ көкесі Абу Талибтың азабы жеңілдетілуі үшін жасайтын шапағаты;
- Пайғамбардың ﷺ Жәннаттың есіктерінің ашылуы үшін жасайтын шапағаты.

Абу әл-Аббас (Ибн Таймия) былай деген: «Аллаһ көпқұдайшылардың үміт ететін барлық нәрсесін теріске шығарды. Ол Өзінен басқа ешкімнің әлдебір нәрсеге иелік етпейтінін, ешкімнің Оның ісіне серік те емес екенін және Аллаһта көмекшілердің де жоқ екенін хабар етті. Осылайша, тек шапағат қана қалды, алайда ол да тек Аллаһтың рұқсатымен ғана мүмкін болады. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген: “**... Олар, Аллаһтың разы болған пендесінен басқаға шапағат жасамайды** ” («әл-Әнбия» сүресі, 28-аят).

Көпқұдайшылар үміт еткен мұндай шапағат Қиямет күнінде болмайды, өйткені оны Құран теріске шығарды. Пайғамбар ﷺ Қиямет күні келіп, Раббысының алдында сәжде жасап, Оны мақтап-мадақтап, шапағатты бірден сұрмайтынын айтқан. Сол кезде оған: “**Басыңды көтер, сөйле, сенің сөзің естулі болады, сұра, сұрағаныңды аласың, шапағат ет, шапағатың қабыл етіледі**” — делінеді” (хадисті әл-Бухари мен Муслим жеткізген, бұл — “Шапағат хадисі” деп аталатын хадистің бөлігі).

Бірде Абу Хурайра Пайғамбардан ﷺ: «Сіздің шапағатыңызға лайықты болатын ең бақытты адамдар кімдер?» — деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ: «Бұл — шын жүрекпен: “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ”, — деп айтқандар», — деп жауап берді (хадисті әл-Бухари, ән-Нәсаи және Ахмад риуаят еткен). Мұндай шапағат Аллаһтың рұқсатымен тек Аллаһқа құлшылық еткендерге ғана беріледі, ал көпқұдайшылық (ширк) жасағандар оны ала алмайды.

Шапағаттың мәні — Ұлы Аллаһ Өзінің ықыласты құлдарына мейірімін төгіп, шапағат етуге рұқсат етілген адамның дұғасы арқылы олардың күнәларын кешіретіні. Бұл Пайғамбардың ﷺ дәрежесін көтеру әрі оған «Мақтаулы орын» беру үшін жасалады.

Алайда құрамында көпқұдайшылық араласқан шапағатты Құран теріске шығарды, әрі сондықтан да көптеген жерлерде тек Аллаһтың рұқсатымен жасалатын шапағат аталады. Пайғамбар ﷺ сондай-ақ шапағат тек жалғыз Аллаһқа ықыласты түрде құлшылық еткен бірқұдайшылықты ұстанушыларға ғана жасалатынын түсіндіріп берді» (Ибн Таймияның сөзінің соңы).

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Келесі аяттардың тәпсірі: («әл-Әнғам» сүресі, 51-аят, «әз-Зүмәр» сүресі, 44-аят, «әл-Бақара» сүресі, 255-аят, «ән-Нәжм» сүресі 26-аят, «әс-Сәба» сүресі, 22–23-аяттары).

Екінші. Теріске шығарылған шапағаттың сүреттемесі. (Бұл құрамына көпқұдайшылық араласқан шапағат).

Үшінші. Шариғат рұқсат етіп бекіткен шапағаттың сипаты. (Бұл бірқұдайшыл мұсылмандарға Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың рұқсатымен және Оның шапағат жасаушылар мен шапағат жасалатындарға разылығымен жасалатын шапағат).

Төртінші. Аллаһтың алдындағы «Мақтаулы орынмен» марапатталған Пайғамбардың ﷺ ұлы шапағатының аталуы. (Бұл Махшар алаңында жиналып, есеп-хисапты күтіп тұрған адамзат үшін болады).

Бесінші. Пайғамбардың ﷺ әрекеттерінің сипаты: ол шапағат етуден бұрын сәжде жасайды, әрі тек содан кейін оған рұқсат етілген соң ғана шапағат етеді. (Бұл Аллаһ Тағаланың ұлылығына және Пайғамбардың ﷺ кемел мінезіне нұсқайды).

Алтыншы. Пайғамбардың ﷺ шапағатына лайықты болған ең бақытты адамдар. (Бұл — бірқұдайшылық пен ықыластылықты ұстанатындар).

Жетінші. Көпқұдайшылық (ширк) жасайтындарға қатысты шапағаттың болуы мүмкін емес.

Сегізінші. Шапағаттың шынайы мәнін түсіндіру. (Аллаһ Тағала — жалғыз Ол ғана Өзінің ықыласты құлдарына мейірімін төгіп, Өзі оларға шапағат етуге рұқсат еткен адамның дұғасы арқылы олардың күнәларын кешіреді. Бұл — шапағат етуге рұқсат етілген пенденің дәрежесін көтеру әрі оған мақтаулы орын беру үшін жасалады).


18. Аллаһ Тағаланың «(Мухаммад,) расында, сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың» деген сөздері туралы тарау.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Сәғид ибн әл-Мусайибтен (Аллаһ оған разы болсын) оның әкесі (әл-Мусайиб ибн Хазнның (Аллаһ оған разы болсын)) былай дегені жеткізіледі: «Абу Талиб өлім тұсында жатқан кезінде оған Аллаһтың Елшісі ﷺ келді. Ол оның жанында Абу Жәһл ибн Һишам мен Абдуллаһ ибн Абу Умайя ибн әл-Муғираның тұрғанын көрді. Сонда Аллаһтың Елшісі ﷺ Абу Талибке: ***«Уа көкем! “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ” деп айт! Осы сөзді Аллаһтың алдында сен үшін дәлел ретінде қолдануға тырысамын***», — деді. Сол кезде Абу Жәһл мен Абдуллаһ ибн Абу Умайя: “Ей Абу Талиб! Сен шынымен-ақ Абдул-Мутталибтің дінінен бас тартпақсың ба?” — деп бір дауыспен айтты. Пайғамбар ﷺ өз көкесінен қайта-қайта осы сөзді айтуын сұрап жатты, ал олар өз сөздерін қайталап тұрды. Абу Талиб өзінің соңғы сөздерін айтпады және осы әрекетімен ол Абдул-Мутталибтің дінінен бас тартпайтынын және «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» деп айтудан бас тартқанын растады. Сол кезде Пайғамбарымыз ﷺ: “***Аллаһпен ант етемін! Маған тыйым салынғанға дейін сен үшін міндетті түрде кешірім сұрай беремін!***” — деді.

Сонда Аллаһ Тағала былай деп айтылған аяттарды түсірді: «**Пайғамбарға және мүминдерге мүшриктер үшін олар Тозақтық екендігі өздеріне белгілі болғанна кейін жарылқау тілеулеріне болмайды, тіпті олар жақындары болса да**» («әт-Тәубә» сүресі, 113-аят).

Ал Абу Талибке қатысты Аллаһ Тағала (Пайғамбарымызға ﷺ) мына аятты түсірді: «**Расында, сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың. Бірақ Аллаһ кімді қаласа, соны тура жолға салады. Сондай-ақ Ол тура жолмен жүрушілерді жақсы біледі**» («әл-Қасас» сүресі, 56-аят).



- Шейх (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл тарауды (Аллаһтан басқа) ешкімнің тура жолға сала алмайтынын және Аллаһ бұйырған нәрселерге бағыттай алмайтынын түсіндіру үшін келтірген.
- Түсініксіздік: Пайғамбар ﷺ қалайша Абу Талибты жақсы көрді, ол кәпір еді ғой?. Бұл аятта: (1) «Сен (олардың тура жолға түсуін) жақсы көргендеріңді» деген мағына меңзеледі, әрі бұл — ең дұрыс пікір; (2) бұл жерде «Сен (табиғи сүйіспеншілікпен) жақсы көргендеріңді» деген мағына айтылып тұр, ал бұл рұқсат етілген жақсы көру; (3) «Сен (кәпірлерді жақсы көруге тыйым салынғанға дейін) жақсы көргендеріңді» деген мағына айтылған.
- «Оған Аллаһтың Елшісі ﷺ келді» — бұл мұсылмандықты қабылдайды деген үміт болған жағдайда кәпірлерді зиярат етудің мұстахаб екендігіне дәлел.
- «***Уа көкем***» — мұндай жүгіну жақсы көруге нұсқайды. Бұл — шақырудағы даналықтың белгісі.
- Қалайша бұл хадисті ғалымдардың «Өлім аузында жатқандарға «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» деген куәлікті, оларға тікелей: «Айт!», — демей, еске салу керек» деген сөздерімен үйлестіруге болады?

Жауап: Абу Талиб кәпір еді. Егер оған «Айт!» деп бұйырылып, ол одан бас тартса, ол өз күпірлігінде қала берер еді, әрі сондықтан да бұл сөздерді айтуға тікелей нұсқау оған еш зиян келтірмейтін. Ал мұсылманға келер болсақ, оған бұлай, яғни тікелей: «Айт!», — деу зиянын тигізуі мүмкін.

- «Өлім тұсында болғанда» — яғни онда өлім белгілері көрініс тапқан, бірақ өзі әлі өлмеген. Бұл жағдайда тәубесі қабыл етіле ме?

Дұрыс пікір: Ол қабыл етілмейді, себебі:

1. «Ал жамандықты өздеріне өлім келгенге дейін істеп: «**Енді шы-**

найы тәубе қылдым» деген және кәпір болған халде өлгендердің тәубесі қабыл емес...» («ән-Ниса» сүресі, 18-аят).

2. Пайғамбар ﷺ: «***...сен үшін дәлел ретінде қолдануға тырысамын***» — деді, бірақ бұл сөздер оған көмектеседі деп айтқан жоқ.

- Тек Пайғамбарға ﷺ ғана өз көкесі үшін, ол кәпір болса да, шапағат етуге рұқсат берілген.
- Әл-Мусайиб пен Абдуллаһ ибн Абу Умайя (Аллаһ оларға разы болсын) Исламды қабылдады, ал Абу Талиб пен Абу Жәһл қабылдамады.
- Хадисті жеткізушілердің «Ол (Абу Талиб) өзінің дінінде...» деп, деп оның сөздерін «мен» деген есімдігі арқылы жеткізбеуі, олардың таухидке деген беріктігін көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «**Ақиқатында, сен қалағаныңды тура жолға сала алмайсың...**» деген аяттың тәпсірі («әл-Қасас» сүресі, 56-аят).

Екінші. «**Пайғамбарға және мүминдерге мүшриктер үшін олар Тозақтық екендігі өздеріне белгілі болғанна кейін жарылқау тілеулеріне болмайды, тіпті олар жақындары болса да**» деген аяттың тәпсірі («әт-Тәуба» сүресі, 113-аят). (Күпірлікте өлгендерге қайғырып, оларға көңіл айту тыйым салынған).

Үшінші. Бұл өте маңызды мәселе. Пайғамбардың ﷺ: «“**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ**», — деп айт» деген сөздерін түсіндіру әрі бұл жайлы білеміз (әрі оны мағынасы «Аллаһтан басқа жаратушы жоқ», немесе «Аллаһтан басқа құдай жоқ») дейтін адамдардың пікірлерін жоққа шығару. (Абу Талиб бұл куәліктің дұрыс мағынасы: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» екенін білгендіктен оны айтудан бас тартты, керісінше болғанда, ол Аллаһтың Жаратушы әрі басты Құдай деп сенгендіктен осы куәлікті айта салатын.)

Төртінші. Абу Жәһл және оның жанындағылар Пайғамбардың ﷺ өлім тұсындағы адамға: ««**Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ», — деп айт**», — деп не айтқысы келгенін білді, сондықтан бұл сөздерді айтқызуға кедергі жасады. Аллаһ Діннің негіздерінен Абу Жәхл түсінген нәрселерді түсінбеген адамдарды масқараласын.

Бесінші. Пайғамбардың ﷺ өз көкесін Исламға шақыруда көрсеткен ыждағаттылығы:

1) Туысқандық байланысы үшін;

2) Ол Пайғамбарға ﷺ және Исламға белгілі бір деңгейде көмектескендіктен (бұл үшін оған алғыс білдіру қажет болса да, бірақ ол өз күпірлігі үшін айыпталады).

Алтыншы. Кейбіреулердің Абу Талиб пен оның ата-бабалары мұсылман болған деп жалған айтуын теріске шығару. (Олардың діні — күпірлік еді).

Жетінші. Пайғамбар ﷺ оған кешірім сұрағанымен, бұл оған көмектеспеді, ол кешірілмеді, ал Пайғамбарымызға ﷺ бұл тыйым салынды. (Шешім Аллаһтың қолында).

Сегізінші. Жаман ортаның адамға тигізетін зияны.

Тоғызыншы. Ата-бабалар мен атақты кісілерді шектен тыс ұлықтаудың зияны.

Оныншы. Өтірікшілердің бұл мәселедегі келтіретін күмәндары, өйткені Абу Жәһл де мұны дәлел ретінде келтірді.

Он бірінші. Адамның амалдары соңы бойынша бағаланатынына нұсқау. Егер Абу Талиб ислам куәлігі сөздерін айтқанда, бұл оған пайда әкелер еді.

Он екінші. Күмәнға берілушілердің жүрегіндегі бұл (ата-бабалардың жолын ғана ұстану керек деген) күмәннің қаншалықты күшті екеніне ой салу. Себебі бұл аталған оқиғада олар Пайғамбармен ﷺ ол ислам куәлігін тоқтамай жеткізіп, өз шақыруын қайталай берсе де, олар онымен тек осыны алға тарту арқылы тартысқан еді. Бұл күмәннің үлкендігі әрі күштілігі себебінен олар тек сонымен ғана шектелген еді (Бұл күмән — өткендер мен ата-бабаларды тым қатты дәріптеу).

Үшінші бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (4 тарау)

Бірінші тапсырма: бұл бөлімде келтірілген тарауларды және олардың осы кітапта келтірілу себебін жазыңыз:

Тараудың аты:	Автор оны келтіруінің себебі:
1.	
2.	
3.	
4.	

Екінші тапсырма: Төмендегі амалдардың үкімін анықтаңыз:

(1) Рұқсат етілген. (2) Рұқсат етілмеген. (3) Үлкен ширк. (4) Мұстахаб/сунна.

Өлгендерден (әруақтардан) шапағат сұрау — (...)

Аллаһқа Пайғамбардың ﷺ дәрежесі арқылы жақындау (тәуәссул жасау) — (...)

Көпқұдайшыл науқасты зиярат ету — (...)

Өлім аузында жатқан адамға ислам кәлимасын еске салу — (...)

Белгілі бір адамдарды лағынеттеу — (...)

Кәпірлердің барлығын лағынеттеу — (...)

Үшінші тапсырма: Дұрыс жауаптың қасына тиісті белгіні қойып, сөйлемді толықтырыңыз:

1) «Таухид кітабының» үшінші бөлімі — бұл:

☐ Таухидті түсіндіру

☐ Аллаһтан басқаға құлшылық етудің негізсіздігін түсіндіру

2) Үшінші бөлімнің тараулар саны:

☐ 5 ☐ 4 ☐ 6

3) «**Олар ешнәрсе жаратпайтын әрі өздері де жаратылған болып табылатын біреулерді Аллаһқа серік етіп қосады ма?**» деген аяттағы сұрақ айыптауды білдіре ме?

☐ Иә ☐ Жоқ

4) Аллаһ Тағала жоғарыдағы аятты пұттарға құлшылық етудің әлсіздігін қанша жақтан түсіндірді?

☐ 4 жақтан ☐ 3 жақтан

5) «**Ал сендердің Одан өзге жалбарынғандарың**» деген аяттағы «дұға» сөзі не мағынаны білдіреді?

☐ Тілеп сұрау мағынасындағы дұға

☐ Құлшылық мағынасындағы дұға

☐ Екеуі де

6) Біз кәпірлердің жетекшілерінен басқа ешбір адамды Аллаһтың рахымынан алыстатпаймыз:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

7) Автордың «лағынеттелгендер кәпір еді» деген сөздері олардың күпірлігін жариялау мағынасын білдіреді:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

8) Автордың «Елшілердің мырзасы жасаған құнұт дұғасы» деген сөздері нені білдіреді?

☐ Құнұт дұғасының рұқсат етілгенін

☐ Бұл үммет ішінде Аллаһқа ең жақын болған адам — Пайғамбар ﷺ және оның сахабалары еді, бірақ олар да Аллаһтан көмек сұрайтын

9) Біз Аллаһқа кәпірлерге қарсы қалай дұға етеміз?.....

.....

10) «**Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде**» деген сөз олардың жүрегінен кететін:

☐ Кенеттен пайда болатын қорқынышты меңзейді

☐ Тұрақты қорқынышты меңзейді

11) «**Ол осы ақиқатқа жүз өтірік қосады**» деген сөз:

☐ Артық сілтеуді білдіреді ☐ Нақты санды білдіреді

12) «**Және көктерде қаншама періште бар...**» деген аят шапағаттың үш шартын білдіреді:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

13) Ішінде ширк араласқан кез келген шапағат:

☐ Шариғат бойынша теріске шығарылады

☐ Ширк болып саналады

☐ Екі жауап та дұрыс

14) Шапағат — бұл Аллаһқа шапағат етілген адамға қатысты көмек беру деген емес, өйткені бұл мүмкін емес:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

Алайда Аллаһ тағала шапағатты келесі нәрселер үшін орнатты:

☐ Шапағатшыға құрмет көрсету

☐ Шапағат жасалған адамға пайда беру

☐ Екі жауап та дұрыс

15) Ширктің тамырын жүректен шауып тастайтын аят: .....

.....

16) Тура жолға салудың (хидая) түрлері:

Орнатылған: .....

Жоққа шығарылған: .....

17) «**Ақиқатында, сен қалағаныңды тура жолға сала алмайсың...**» деген аяттың мағынасы:

☐ Сен олар үшін тура жолды жақсы көрген (қалаған) кісілерге

☐ Табиғи сүйіспеншілік

☐ Аят кәпірлерге деген сүйіспеншілікке тыйым салынғанға дейін түсті

☐ Барлық жауап дұрыс

18) «Абу Талиб өлім ауызында болғанда...» яғни:

..... немесе .....
.....

19) Абдул-Мутталибтің діні:

☐ Ширк және пұттарға құлшылық ету

☐ Христиандық

☐ Отқа табынушылық

20) «**Осы сөзді сен үшін Аллаһтың алдында дәлел ретінде қолдануға тырысамын**» деген сөздің мағынасы:

☐ Аллаһтың алдында сен үшін дәлел ретінде келтіремін

☐ Аллаһтың алдында сен үшін тартысып, дауласып тұрамын

21) Өлім аузында жатқан адамға «Лә иләһә иллә Аллаһ» деп шәһадатты еске салу сүннет болып табылады, өйткені Пайғамбар ﷺ өз көкесіне осылай айтқан:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

22) Ал ғалымдардың «Өлім аузында жатқан адамға шәһада сөздерін еске салу шариғатта бар, бірақ оған «айт» деп тікелей айту жоқ» деген сөздерімен бұл қалай үйлеседі? .....
.....

.....

23) Хадис риуаят етуші «Ол (өз дінінде) қалды» деп айтты, бірақ «Ол: «Мен (өз дінім бойынша) қалдым», — деді», — деп неге айтпады?

.....
.....

24) Пайғамбарымыздың ﷺ көкесі Абу Талибты Исламға шақыруға не себеп болды?

☐ Туыстық жақындығы

☐ Оның Пайғамбарға ﷺ және Исламға көмектескені

☐ Екі жауап та дұрыс

25) Ата-бабалар мен атақты адамдарды ұлықтау қашан айыпталады?

☐ Кез келген жағдайда

☐ Егер олар жалған жолда болса

Төртінші тапсырма: сызбаны толтыр

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ.
Адам баласының күпірлігінің себебі (4 тарау)

Шейх бұл бөлімді біз ширктен сақтануымыз үшін оның шығу себептерін түсіндіруге арнады. Сондай-ақ, бұл бөлім «Неліктен кейбір қауымдарда күпірлік пайда болады?» деген сұраққа жауап беру үшін де жазылды.

Шейх бұл сұраққа үш тарауда жауап берді, ал төртінші тарау (осы кітаптың осы бөлімінде) Пайғамбардың ﷺ ширкке апаратын барлық жолдарды жапқандығы туралы баяндайды.

19. Адамдардың күпірлігі мен олардың діннен шығуының себебі ізгі-салиқалы адамдарды шектен тыс ұлықтау екендігі туралы тарау.

Бұл себептердің ең үлкені әрі ең қауіптісі болып табылады. Адамзат тарихында орын алған алғашқы ширктің себебі де ізгі-салиқалы адамдарға қатысты артық кетушілік еді.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аса Жоғары әрі Құдіретті Аллаһ Тағала былай деді: «**Ей Кітап иелері! Діндеріңде шектен шықпаңдар әрі Аллаһқа қатысты тек шындықты айтыңдар**» («ән-Ниса» сүресі, 171-аят).

Имам әл-Бухари өзінің «Сахих» жинағында Аллаһ Тағаланың: «**Және олар: «Құдайларыңды тастамаңдар; Уад, Суағ, Яғус, Яғуқ және Насырды әсте тастамаңдар**», — деді. Расында олар көпшілікті адастырды» деген сөздеріне Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) тәпсірін келтіреді. Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Бұл — Нух пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымындағы ізгі-салиқалы адамдардың есімдері еді. Олар қайтыс болғанда, шайтан олардың қауымына өздерінің жиналатын орындарында оларға ескерткіштер орнатып, оларды солардың есімдерімен атауға иландырды.

Олар осыны істеді, алайда алғашында олар осы ескерткіштерге табынбайтын, бірақ сол мүсіндерді қойған адамдар қайтыс болып, білім ұмытылғаннан кейін, адамдар оларға табына бастады» (әл-Бухари 4920).

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деді: «Кейбір ізгі сәләфтарымыз былай баяндаған: “Олар (ізгілер) қайтыс болған соң, адамдар олардың қабірлерін ұлықтай бастады, кейін олардың мүсіндерін жасады, ал уақыт өте келе оларға табынатын болды”».

- «**Ей Кітап иелері!**»: яһудилер мен христиандар. Яһудилерге Таурат, ал христиандарға Інжіл түскен.
- «**Діндеріңде шектен шықпаңдар**»: әлдебіреуді мақтап-мадақтауда да, қаралап-айыптауда да шектен шықпаңдар. Христиандар Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қатысты шектен шығып: «Ол — Аллаһтың ұлы», «Үштіктің үшіншісі», — деді. Яһудилер керісінше, оған қатысты шектен шығып, оны зинадан туылған деп қаралады.
- «Шайтан оларды... иландырды»: оларға сыбырлап уәс-уәстады.
- «Оларға ескерткіштер орнатып...»: ағаштан немесе тастан жасалған кез келген мүсіндер меңзелген. Шайтан оларды алдап: «Оларға қарап, ғибадаттарыңдағы құлшыныстарыңды арттырасыңдар», — деді. Бірақ олардың іс-әрекеттері шариғатқа қайшы болды. Өйткені іс-амалдың дұрыс болуына тек дұрыс ниет жеткіліксіз, амал да шариғатқа сәйкес болуы керек. Олардың мақсаттары дұрыс, алайда амалдары бұрыс болды.
- «Олар қайтыс болған соң»:яғни бұл мүсіндерді тұрғызған адамдар қайтыс болған соң.
- Нухтан (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бұрын өмір сүрген қауымдар (шариғатқа қайшы келетін) үш амал жасайтын:

  — «Оларға мүсіндер тұрғызды»: бұл сурет салудың және мүсін жасаудың қаншалықты қауіпті екенін көрсетеді.

  — «Қабірлерін ұлықтады».
- «Ұзақ уақыт өткенде»: пайғамбарлықтың уақыты алыстап, білім ұмытылып кеткеннен кейін үлкен ширк пайда болды. Сондықтан дұрыс білім мен соған сәйкес амал жасау қатар жүрмесе, осындай жағдайлар қайталана береді.

ШЕКТЕН ШЫҒУДЫҢ ЗИЯНДАРЫ

- Шектен тыс ұлықтау ұлықталған адамды шынайы орнынан жоғары көтеріп жібереді, ал шектен тыс сөгу сөгіс білдірілетінді лайықты орнынан төмендетіп жібереді.
- Бұл шектен тыс ұлықталатынға табынуға алып келеді.
- Бұл адамдарды Аллаһты ұлықтаудан алыстатады, өйткені жүрек не ақиқатқа, не жалғанға толады.
- Егер адам оның көзінше ұлықталатын болса, бұл оның өзімен сүйсінуіне келтіреді. Егер адам оның көзінше шектен тыс датталатын болса, бұл дұшпандық пен жамандыққа әкеледі.

Адамдар ізгі-салиқалы адамдарға деген қарым-қатынасы бойынша келесі түрлерге бөлінеді:

Орта жолды ұстанушылар — олар артық кетушілікке де, кемсітуге де жол бермейді. Бұл — Сүннетті ұстанушылар.

Сөгіс білдіруде шектен шығушылар — мысалы, яһудилердің Исаны (оған Аллаһтың сәлемі болсын) шектен тыс қаралауы.

Шектен тыс мақтап-мадақтаушылар — мысалы, христиандардың Исаны (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Аллаһтың ұлы деп шектен тыс ұлықтаулары.

ҮШІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Умар (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: «***Мені христиандар Мариямның ұлын ұлықтайтындай ұлықтамаңдар, өйткені мен құлмын. Сондықтан: «Аллаһтың құлы әрі Елшісі», — деп айтыңдар***» (Бухари 3445, Ахмад 55, 47, 24, 23/1).

Ибн Аббастан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Діндеріңде шектен шығудан сақтаныңдар, өйткені, сендерден бұрынғыларды дінде шектен шығулары опат етті!***» (Ахмад «Муснадта» 347 215/1, Ибн Мәжаһ 4029, Ибн Хазм 2867, Хаким 466/1).

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деген хадисін жеткізген: «***Шектен шығушылар құрыды!***». (Ол бұл сөзді үш рет қайталады) (Муслим 2680, Абу Дауд 4608, Ахмад 386/1).

- «***Мені ... ұлықтамаңдар***». ұлықтау дегеніміз мақтауда шектен шығу, ол христиандардың өз пайғамбарларын жоғарылатқандай немесе одан азырақ болуы мүмкін.
- «***Аллаһтың құлы әрі Оның елшісі***»: бұл екі сипат Пайғамбар ﷺ үшін ең шынайы әрі ең құрметті сипаттар болып табылады.
- «***Шектен шығу***»: бұл мадақтауда, құлшылықта немесе амалдарда шектен шығу, шекарадан асып кету.
- Не нәрседегі шектен шығу оларды опат қылды?

  — Дінде.

  — Денеде.
- Шектен шығудың көптеген түрлері бар: ақидада, құлшылықта, қарым-қатынастарда, дәстүрлерде. Бірақ Аллаһтың діні — шектен шығу мен салғырттықтың арасындағы орта жол.
- «***Шектен шығушылар***»: бұл өз сөздері мен амалдарында шамадан тыс тереңдеп, даңғойлыққа ұрынғандар. Діндегі шектен шығу — асыра сілтеу болып табылады және бұл — опат болудың себептерінің бірі.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Кімде-кім осы және келесі екі тарауды түсінсе, соған Исламның адамдар арасында қаншалықты бөгде болып қалғаны айқын болады, сондай-ақ ол Аллаһтың Құдіреті мен Оның жүректерді қалай бұратынының ғажайыптығын көреді.

Екінші. Жер бетіндегі алғашқы ширк ізгі-салиқалы кісілерді лерді шектен тыс ұлықтау салдарынан пайда болды.

Үшінші. Пайғамбарлардың дініндегі ең бірінші бұрмаланған нәрсені (ал бұл ширктің пайда болуы) әрі оның себебін (ал бұл ізгі-салиқалы кісілерді шектен тыс ұлықтау), сондай-ақ Аллаһ Өз пайғамбарларын дінін тазарту үшін жібергенін білу.

Төртінші. Адамдар дінге жаңалықтар енгізеді, ал шариғат пен адамның табиғаты мұны жоққа шығарады.

Бесінші. Бұл [ширктің және бидғаттардың] пайда болу себебі — ақиқат пен жалғанның араласуы. Алдымен ізгілерге деген сүйіспеншілік

пайда болды. Кейін ғалымдар осыда игілік болады деп ойлаған нәрселерді істеді, бірақ кейінгі ұрпақтар олар басқа нәрсені меңзеген деп санай бастады. (Кімде-кім дінді бидғат арқылы күшейткісі келсе, оның зияны пайдасынан көп болады).

Алтыншы. «Нух» сүресінің 23-аятының тәпсірі. (Онда олардың бір-біріне жалған нәрсені өсиет еткені айтылған.)

Жетінші. Адамның табиғаты — жүрегінде ақиқаттың азайып, жалғанның күшейе беруінде, тек Аллаһ мейірім еткендерден басқа.

Сегізінші. Кейбір салиқалы сәләфтардың бидғаттар күпірлікке апаратынын туралы айтқан сөздері осыған дәлел болады. (Бірақ күпірліктің басқа да себептері бар.).

Тоғызыншы. Шайтан бидғаттың қандай салдарға апаратынын біледі, тіпті бидғат жасаушы жақсылықты көздесе де.

Оныншы. Жаратылыстарды ұлықтауға тыйым салатын жалпы қағиданы білу және оның зиянды салдары қандай болатынын түсіну.

Он бірінші. Қабірлердің басына барып, изгі амалдарды орындаудың зияны. (Бұл оларды құлшылық нысанына айналдыруға әкеледі).

Он екінші. Мүсін жасау тыйым салынған амал екендігін білу және оларды жоюдың даналығын түсіну. (Бұл ширкке апаратын жолдарды жабу үшін жасалады).

Он үшінші. Нух пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қауымындағы ізгі-салиқалы адамдар туралы бұл оқиғаның маңыздылығы және адамдардың оған немқұрайлы қарауы.

Он төртінші. Ең таңғаларлық нәрсе — бидғатшылар бұл оқиғаны Құран мен хадистерден оқып, оның мәнін түсінгенімен, Аллаһ олардың жүректерін бұрып жібергені соншалық, олар Нух қауымының амалдарын ең жақсы құлшылық деп санады. Олар Аллаһ пен Оның Елшісі ﷺ тыйым салған және адамның жаны мен мал-мүлкін хәлал қылатын күпірлікті қабылдады.

Он бесінші. Олардың тек шапағат сұрауды қалағандығына, (бірақ соның өзінде ширкке түсті).

Он алтыншы. Олар ғалымдар ізгі-салиқалы адамдардың бейне-мүсіндерін жасатқанда, олар мұны (шапағат сұрау үшін) жасады деп ойлады. (Кейінгі ұрпақ та осындай және тіпті бұдан да зор адасушылыққа түсті.)

Он жетінші. Пайғамбарымыздың ﷺ «**Мені христиандар Мариям ұлын ұлықтағандай ұлықтамаңдар...**» деген сөзі — ең үлкен ескерту. Бізге анық хабар мен үгіт алып келген Пайғамбарымызға Аллаһтың

иглігі мен сәлемі болсын! (Пайғамбарымыз ﷺ шектен шығуға қатаң тыйым салды, бірақ соған қарамастан, бұл үмметтің кейбір бөлігі шектен шығып, тіпті одан да ауыр адасушылыққа түсті.)

Он сегізінші. Пайғамбар ﷺ шектен шығушылардың опат болатынын (біз бұдан сақтануымыз үшін) ескерткен.

Он тоғызыншы. Бұл хикаяда олардың мүсіндерге білім жоғалғаннан бұрын табынбағандарына нұсқау бар. (Осыдан білімнің маңыздылығы және оның жоғалуының қауіптілігі айқын көрінеді.)

Жиырмасыншы. Білімнің жоғалуына себеп — ғалымдардың қайтыс болуы. (Бұл ең үлкен себептердің бірі. Сонымен қатар, немқұрайлылық, дүние істеріне берілу және білімге көңіл бөлмеу де осыған әкеледі.)

20. Ізгі адамдардың өздеріне құлшылық ету ғана емес, тіпті олардың қабірлерінде Аллаһқа құлшылық етудің қатты сөгіске лайық амал екендігі жайлы тарау.

- Шейх бұл тарауды адамдар үшін діннің жат болғандығын және олардың бірқұдайшылықтан алшақтағанын, сондай-ақ ізгі-салиқалы адамдардың қабірлерінде Аллаһ Тағалаға құлшылық ету Аллаһқа серік қосуға алып баратын себепке айналмауы үшін, бұған тыйым салынғандығын саған баяндап беру үшін келтірді.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Имам әл-Бухари мен имам Муслимнің «әс-Сахих» жинақтарында Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) келген хадисте Умму Сәләманың (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың Елшісіне ﷺ өзінің Эфиопияда бір шіркеу мен ондағы суреттерді көргені туралы айтып бергені туралы жеткізіледі. Сонда Пайғамбарымыз ﷺ оған былай деген еді: «***Олардың ішінен бір салиқалы адам немесе Аллаһтың ізгі құлы қайтыс болса, олар оның қабірінің үстіне ғибадатхана тұрғызып, онда осы суреттерді салады. Олар — Аллаһтың алдындағы жаратылыстардың ең жамандары***». Олар екі бүлікті біріктірді: қабірлердің бүлігі және бейнелердің бүлігі (әл-Бухари 427, Муслим 528, Ахмад 51/2).

- «Олар екі бүлікті біріктірді» — бұл Ибн Таймияның (Аллаһ оны рахымына бөлесін) сөзі. Бұл нәрсе бүлік (фитна) деп аталған, өйткені ол — адамдардың діннен алыстауына себеп болатын нәрсе.
- Қабірлерге қатысты негізгі үкім — оларды құрылыстардың ішінде емес, ашық жерде жасау, өйткені бұл оларды ширкке апаратын жолға айналудан сақтайды.
- Қабірлердің бүлігі мүсін-бейнелерден де қауіпті, себебі:

  – Қабірлер барлық жерде бар, ал мүсін-бейнелер барлық жерде бола бермейді.

  – Қабірлердің жанында адамды ерекше сезімдер билейді, мысалы, үрей мен қорқыныш.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Имам әл-Бухари мен Муслим, Айша (анамыздың) және Абдуллаһ ибн Аббастың, Аллаһ оларға разы болсын, сөздерінен былай деп жеткізілген: «Аллаһтың Елшісінің ﷺ жан тапсыруы жеткен кезде жамылғысын бетіне жаба бастады да, ал (дем алуы) қиындаған соң, оны бетінен алып тастады, әрі ол осындай күйінде: «***Өз пайғамбарларының қабірлерін ғибадат орындарына айналдырған яһудилер мен христиандарды Аллаһ лағынеттесін***!», — деп, (мұсылмандарды осы адамдар) істеген нәрселерді қайталаудан сақтандырып ескертті. Әрі егер осы болмағанда, оның қабірі ашық жерге жасалатын еді. Алайда (адамдар) оның қабірін мешітке айналдырады деген қауіптен бұл жасалмады» (әл-Бухари 435, Муслим 531).

Имам Муслим Жундуб ибн Абдуллаһтың (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндағанын жеткізген: «Мен Пайғамбардың ﷺ қайтыс болуынан бес күн бұрын былай деп айтқанын естідім: “***Мен Аллаһтың алдында сендердің араларыңнан сүйіктім болуынан тазамын. Аллаһ Ибраһимді Өзінің сүйіктісі еткеніндей, мені де Өзінің сүйіктісі етті. Егер мен үмметімнің ішінен өзіме сүйікті дос таңдап алғанымда, онда Абу Бакрды таңдар едім.***

Расында, сендерден бұрыңғылар өз пайғамбарларының қабірлерін мешіттерге (ғибадатханаларға) айналдырды. Бірақ сендер қабірлерді мешіттерге айналдырмаңдар, өйткені мен сендерге мұны тыйым саламын”» (Муслим 532).

Бұл хадистер көрсеткендей, Пайғамбар ﷺ өмірінің соңында бұл іске қатаң түрде тыйым салды және мұндайды жасайтындарға тіпті лағынет айтты. Ал қабірлердің жанында намаз оқу да осыған жатады, тіпті қабірдің үстіне мешіт құрылмаған болса да. Әрі Айшаның (Аллаһ оған разы болсын): «Алайда (адамдар) оның қабірін мешітке айналдырады деген қауіптен бұл жасалмады» сөздерінің мән-мағынасы да дәл осыда. Әрине, сахабалар оның қабірінің айналысына мешіт құрған емес. Әрі әлдебір орын онда намаз оқу үшін мақсат етіп алынса, сол оның мешіт етіп алынғаны болып саналады. Бұдан қалса, намаз орындалатын кез-келген орын мешіт (масжид, сәжде жасалатын орын) деп аталады, бұл туралы Пайғамбар ﷺ: «***...Жер мен үшін масжид (мешіт, намаз оқылатын орын), таза әрі тазартушы етілді***», — деп айтты (әл-Бухари 1/369, 370 және 444, Муслим (521).

- «Аллаһтың Елшісі ﷺ ажал аузында жатқанда»: яғни өлім періштесі оның жанын алуға келген кезде.
- «Жамылғысын бетіне жапты»: бұл өрнектелген киім болатын.
- «***Аллаһтың лағынеті***»: яғни Оның рахымынан қуылу және мақұрым қалу. Бұл Аллаһ жайлы хабар, алайда Пайғамбарымыз ﷺ оларға қарсы дұға еткендігі де болуы мүмкін.
- «***Қабірлерін ғибадат орындарына айналдырған***»: бұл жерде не оларға сәжде ету арқылы, не олардың үстінде мешіт салу арқылы ғибадат орындарға айналдыру меңзелген.
- «Ашық жерге жерлейтін еді»: яғни оның ﷺ қабірі оның үйінен тыс жерге, мысалы, әл-Бақиғ зиратына қойылар еді.

Неліктен Пайғамбар ﷺ бөлменің ішінде жерленді, бірақ ешкім бөлмені қабірден артық деп санамайды?

- Оның ﷺ мына сөздеріне байланысты: «**Пайғамбарлар қайтыс болған орындарында жерленеді**».
- «Ол қорықты» (خَشِي — хашия, الخاء әрпінің үстінде фатха): Яғни Пайғамбар ﷺ адамдардың оның қабірін мешітке айналдырып жіберуінен қорықты.
- «Олар қорықты» (خُشِيَ — хушия, الخاء әрпінің үстінде дамма): Яғни сахабалар адамдардың Пайғамбар ﷺ қабірін пұтқа айналдырып жіберулерінен қорықты. Осылайша, олар бірқұдайшылықты жүзеге асыруға тырысты.

Біз Пайғамбарымыздың ﷺ қабірі мешіттің ішінде деп айтатын адамдардың сөздерін қалай теріске шығарамыз?

1) **Жалпы теріске шығару:** бұл нәрсе муташабих (анық емес) болып табылады, ал біз Құран мен Сүннеттен мухкам (анық) нәрселерді алуымыз қажет. Біз мұндай адамға: «Сен мухкам нәрсені қалдырып, муташабихке ілесетін адамсың, біз сені тыңдамаймыз», — деп айтамыз.
2) **Егжей-тегжейлі теріске шығару:**

- Мешіт қабірдің үстіне салынған жоқ, алайда мешіт Пайғамбарымыз ﷺ тірі кезінде салынған болатын.
- Пайғамбарымыз ﷺ мешітте жерленген жоқ, алайда ол мешіттен тыс орналасқан өзінің үйінде жерленді.
- Сахабалар оның ﷺ жерленген бөлмесін мешіттің ішіне енгізуге

қарсы болды, бірақ бұл олардың көбісі қайтыс болғаннан кейін жасалды.

- Қабір мешіттің ішінде емес, ол жеке бөлмеде орналасқан, әрі мешіт оның үстіне салынбады. Сондай-ақ қабір үш қабырғамен қоршалған, әрі олар намаз оқушы адамдар өздері мен қыбланың арасында Пайғамбардың ﷺ қабірін қоя алмайтындай етіп салынған.
- Пайғамбарымыздың ﷺ мешітінің басқа мешіттерге қарағанда ерекшелігі бар — онда намаз оқудың артықшылығы бар, оған сапар жасау рұқсат етілген.

Ескерту: الخُلَّة (әл-хуллә) — махаббаттың ең жоғары дәрежесі. Ол Аллаһтың жаратылыстарынан тек екі адамға ғана нәсіп етілді — Ибраһимге (оған Аллаһтың сәлемі болсын) және Мухаммадқа ﷺ. Сондықтан көпшілік адамдардың Ибраһим «халилу-Ллаһ» (махаббаттың ең жоғары дәрежесі), ал Мухаммад ﷺ «хабибу-Ллаһ» (махаббаттың әдеттегі дәрежесі) деп атайтын сөздері ұлы надандық пен қателік болып табылады, өйткені олар осы сөздерімен оны Ибраһимнен төмен қойып, Пайғамбар ﷺ мен басқа адамдардың арасын бөлмегендей болады. Мысалы, Аллаһ ізгі амал жасаушыларды жақсы көреді. Сондықтан Пайғамбарымызды ﷺ «хабибу-Ллаһ» деп атаған адам қателеседі.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Ахмад жеткізушілердің жақсы тізбегімен Ибн Масғудтан Пайғамбардың ﷺ: «***Адамдардың ішіндегі ең жамандары — солардың өмір сүру кезінде Қиямет басталатын (адамдар) және қабірлерді мешіттерге айналдыратындар***», — деп айтқаны туралы хадисін жеткізген. Бұл хадисті сондай-ақ Абу Хатим де “әс-Сахихта” жеткізген (Ахмад «Муснадта» 435/1, Ибн Хиббан өзінің жинағында 340).

- «***Адамдардың ішіндегі ең жамандары***»: бұл адамдардың дәрежелері әртүрлі екенін және олардың кейбірі басқаларға қарағанда жамандығы көбірек екенін көрсетеді.

Тараудың қорытындысы

Көпқұдайшылықтан және оған апаратын барлық жолдардан аулақ болып сақтану, ізгі-салиқалы адамдардың қабірлерінің жанында Аллаһқа ғибадат ететіндерге сөгіс білдіру керек, әрі бұл намазды да, басқа құлшылық түрлерін де қамтиды. Кімде-кім әлдебір қабірдің жанында

берілген садақа басқа жердегі садақадан артық деп санаса, онда ол бұл қабірді мешітке айналдырғанмен тең болады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһ Елшісінің ﷺ қабірлердің үстіне мешіт салып, сол жерлерде Аллаһқа ғибадат ететіндер туралы айтқан сөздері, тіпті олар бұл істі жақсылық ниетімен жасаса да. (Бұл іс ниетке тәуелді емес, өйткені оның тыйым салынуы тікелей іс-әрекеттің өзімен байланысты. Көпқұдайшылдарға ұқсап-еліктеу мәселесі де дәл осындай).

Екінші. Мүсін жасауға тыйым салу және оны істейтіндерді айыптау. (Әсіресе, егер олар адамдар арасында құрметке ие тұлғалардың, мысалы, билеушілердің, ата-бабалардың немесе шариғатта қадірлі саналатын әулиелер мен ізгілердің бейнелері болса).

Үшінші. Пайғамбарымыздың ﷺ бұл мәселеге қатысты нұсқауынан алынатын маңызды сабақ. Ол алдымен сахабаларына бұл істің қауіптілігін түсіндірді, содан кейін қайтыс болуына бес күн қалғанда оларға айтқан нәрселерін айтып, қайта ескертті. Тіпті өлім арпалысы кезінде де бұл мәселеге тоқталды.

Төртінші. Пайғамбарымыз ﷺ өзінің қабірі пайда болмай-ақ, оның үстінде осындай нәрселердің жасалуына тыйым салған болатын.

Бесінші. Бұл яһудилер мен христиандардың өз пайғамбарларының қабірлеріне қатысты салты мен әдеттері болып табылады.

Алтыншы. Пайғамбар ﷺ оларды бұл істері үшін лағынеттеді.

Жетінші. Осынысымен ол ﷺ бізді өз қабіріне қатысты алдын ала ескертті.

Сегізінші. Пайғамбардың ﷺ жабық жерде жерленуінің себебі. (Адамдардың оған құлшылық етіп кетуінен қорқу, сондай-ақ әрбір пайғамбар қайтыс болған жерінде жерленуі).

Тоғызыншы. Қабірді мешітке айналдырудың мәні. (Оның үстіне мешіт тұрғызу немесе оның үстінде намаз оқу, немесе басқа да ғибадат түрлерін орындау).

Оныншы. Ол ﷺ қабірлерді мешіттерге айналдыратындарды Қиямет күнін тірі күйде қарсы алатын (ең жаман) адамдармен бірге атап, көпқұдайшылыққа апаратын жолды ол әлі пайда болмай тұрып-ақ нұсқады және оның ақырғы салдарын да көрсетті.

Он бірінші. Аллаһқа қайтуынан бес күн бұрынғы құтпасында Пайғамбар ﷺ ең адасқан бидғатшылардың екі ағымын жоққа шығарды. Кейбір ғалымдар тіпті оларды (исламдағы) 72 адасқан топтың қата-

рына қоспаған. Бұл — жәһмилер мен рафидилер. Дәл осы рафидилердің кесірінен мұсылмандар арасында көпқұдайшылық пен қабірлерге табыну пайда болды, әрі олар алғашқылардың бірі болып қабірлердің үстіне мешіттер сала бастады.

Он екінші. Пайғамбарымыздың ﷺ жан тапсыру кезіндегі қиналуы.

Он үшінші. Пайғамбарымызға ﷺ көрсетілген ұлы құрмет — Аллаһтың сүйіктісі (холилі) болу мәртебесі.

Он төртінші. Хуллә (сүйіспеншіліктің ең жоғары дәрежесі) махаббаттан (жай ғана сүюден) жоғары екендігі туралы түсіндірме.

Он бесінші. Абу Бакр әс-Сыддықтың (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбарымыздың ﷺ ең абзал сахабасы екендігіне нұсқау. (Иман мен ізгі амалдардағы артықшылық нәсілдік артықшылықтан жоғары. Егер нәсілдік артықшылық басым болғанда, онда Али Абу Бакрден жоғары болар еді).

Он алтыншы. Оның (Абу Бакрдің Пайғамбарымыздың ﷺ қайтыс болғанынан кейінгі) халифалығының дәлелі.

21. Ізгі-салиқалы адамдардың қабірлеріне шектен тыс құрмет көрсету оларды Аллаһтан басқа құлшылық етілетін пұттарға айналдыратыны туралы тарау.

- Бұл — көпқұдайшылықтың (ширктің) пайда болуының үшінші себебі, өйткені мұндай шектен шығу ақыр соңында осы қабірлерге немесе сол жерде жерленгендерге ғибадат етуге алып келеді. Шектен шығу — бұл мақтау немесе айыптауда шектен асып кету.
- Адамдар қабірлерге деген қатынасында екі шектен шыққан және бір ортаңғы топқа бөлінеді: бір топ оларды құлшылық ету нысанына айналдырып, үстіне құрылыстар салып шектен шығады; екіншісі — қабірлерге құрмет көрсетуде немқұрайлылық танытып, олардың үстіне отырады немесе оларды қазып тастайды. Ал ақиқат осы екі ұстанымның ортасында — қабірлерге лайықты құрмет көрсету, бірақ оларға ғибадат жасауға алып келетіндей етіп ұлықтамау.

БІРІНШІДЕН ТӨРТІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Имам Мәлик өзінің «әл-Муатта» жинағында мына хадисті келтіреді: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: “***Уа Аллаһ! Менің қабірімді құлшылық жасалатын пұтқа айналдырма! Ақиқатында, өз пайғамбарларының қабірлерін ғибадат орындарына (мешіттерге) айналдырған қауымдарға Аллаһтың қаһары қатты***”» (Мәлик «Мууатта» 85, Ахмад «Муснад» 246/2).

Ибн Жәрир ат-Тобари (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Мансурдан Мужаһидтің Аллаһ Тағаланың: «**Ләт пен Уззаны көрдіңдер ме?**» («ән-Нәжм» сүресі, 19-аят), — деген сөздері туралы: «Ол (Ләт) оларға жармадан «сиуиқ» (деп аталатын ботқа) жасап беретін еді, ал ол өлген соң адамдар оның қабіріне қарап, үнемі соған келіп, оңашаланып, яғни сонда құлшылық жасайтын болды», — деп айтқандығы туралы Суфиянның хадисін жеткізді. Тура осыны Абу Жәуза да Ибн Аббастан оның: «Ол қажыларға жармадан «сауиқ» пісіріп беретін еді», — деп айтқанын жеткізген.

Ибн Аббас сондай-ақ былай деген: «Аллаһ Елшісі ﷺ қабірлерді зиярат ететін әйелдерді, олардың үстіне мешіт тұрғызатындарды және қабірлерге шырақ жағатындарды лағынеттеді». Бұл хадис «әс-Сунан» жи-

нақтарында келтірілген (Абу Дауд 3236, әт-Тирмизи 320, Ибн Мәжаһ 1575, Ахмад «Муснадта» 337, 324, 287, 229/1).

- «***Аллаһтың қаһары...***»: бұл Аллаһтың шынайы сипаты, бірақ ол жаратылыстардың қаһарына ұқсамайды.
- «***Пайғамбарларының қабірлерін мешітке айналдырғандар...***»: яғни олардың үстінде сәжде жасау немесе сол жерге мешіт салу арқылы.
- Пайғамбар ﷺ қабірін табыну нысанына айналдырмау туралы дұғасы қабыл болды ма, әлде Аллаһтың даналығымен басқаша шешілді ме?

Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деген: «Ақиқатында, Аллаһ оның дұғасын қабыл етті, және оның қабірін пұтқа айналдырғандар туралы ешбір дерек жоқ. Керісінше, оның қабірі үш қабырғамен қоршалған».

«Жаратушы Раббымыз оның дұғасын қабыл етті

Және оның қабірін үш қабырғамен қоршады».

Шынымен де, Пайғамбарымыздың ﷺ қабіріне қатысты шектен шыққандар да бар, алайда олар оның қабірінен пұт жасауға дейін жетпеді.

- «**Ләт пен Ғуззаны көрдіңдер ме?**»: яғни олар Пайғамбардың ﷺ Миғраж түні көрген ұлы аят-белгілерімен салыстырғанда түк емес.
- «Сауық ботқасы»: қажыларға әзірленетін қуырылған, ұнтақталған арпа жармасы мен құрма араласқан тағам.
- «Шырақ жағушыларды»: Қабірлерге күндіз-түні шам-шырақ жағу — оларды ұлықтаудың бір түрі.
- Әйелдердің қабірлерді зиярат етуі — қабірлердің үстіне мешіт салу және онда шырақ жағу секілді үлкен күнәлар қатарына жатады. Бұндайды істегендер Аллаһтың лағынетіне ұшырайды.
- Қабірлерді зиярат ету түрлері:

  1) Шариғатқа сай зиярат — қабірді зиярат ету мақсатында арнайы сапарға шықпау; зиярат жасаған кезде Ақыретті еске алып, қайтыс болған адам үшін және басқа қайтыс болғандар үшін Аллаһтан кешірім-жарылқау тілеу.

  2) Егер адам өлгендерден әлдебір нәрсе сұраса, бұл — көпқұдайшылық (ширк) болады.

3) Егер ол Аллаһтан қабірдің қасында тұрып сұраса, бұл — бидғат (дінге енгізілен жаңалық) болады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Не нәрсе пұт екендігін түсіндіру. (Аллаһтан басқаға құлшылық етілетін нәрселердің барлығы, мейлі ол қабірлер, не басқалар болсын, пұттар болып саналады).

Екінші. «Құлшылық-ғибадат» ұғымының анықтамасы. (Құлшылық ету — құлшылық етілетін нәрсеге қорқынышпен, үмітпен, махаббатпен және тағзым-ұлықтаумен кішірейіп, мойынсұну).

Үшінші. Пайғамбар ﷺ тек шын мәнінде орын алуы мүмкін нәрселерден ғана Аллаһқа пана сұрап сиынған.

Төртінші. Сондай-ақ, ол ﷺ өз дұғасында пайғамбарлардың қабірлерін мешітке айналдыру туралы айтқан.

Бесінші. Аллаһтың қаһарының қатты екендігі туралы ескерту.

Алтыншы. Ең маңызды мәселелердің бірі — (ежелгі) арабтардың ең үлкен пұттарының бірі болған әл-Ләтқа құлшылық етудің себебін білу.

Жетінші. Бұл пұттың шын мәнінде ізгі-салиқалы адамның қабірі болғанын білу.

Сегізінші. Әл-Ләт — сол қабірде жатқан адамның есімі, әрі бұл есімнің мағынасын түсіндіру.

Тоғызыншы. Қабірлерді үнемі әрі тұрақты түрде зиярат ететін әйелдерге айтылған лағынет.

Оныншы. Қабірлерде шырақтар жағып, оларды жарықтандыратындарға айтылған лағынет.

Маңызды мәселе: Ізгі-салиқалы кісіледірдің қабірлеріне қатысты шектен тыс құрмет оларды әл-Ләттің қабірі секілді пұтқа айналдырады.

Мәселе: Егер әйел Мәдинадағы Пайғамбар ﷺ мешітіндегі Раудаға барып, намаз оқыса және қабір оған жақын болса, ол тоқтап, сәлем беруіне болады — бұған тыйым салынбаған. Алайда, ер адамдар арасында тар жерде болудан аулақ болу жақсырақ, өйткені оны көрген адамдар әйелдерге қабірді зиярат етуді мақсат ету рұқсат етілген деп ойлап қалмауы үшін.

22. Ардақты Пайғамбарымыздың ﷺ бірқұдайшылықтың қолсұғылмаушылығын қалай қорғағаны және көпқұдайшылыққа апаратын кез келген жолды жапқаны туралы тарау.

Шейх бұл тарауды Пайғамбар ﷺ бірқұдайшылықты мықты қорғау үшін, оның шекараларын бұзуға апаратын барлық жолдарға бөгет қойғандығын әрі ширкке бастайтын ешбір есікті ашық қалдырмағанын, керісінше, күпірлікке (көпқұдайшылыққа) жетелейтін барлық жолдарды мүлде жауып тастағанын түсіндіру үшін келтірді.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Расында сендерге өз араларыңнан шыққан бір Елші келді. Оған сендердің қиналғандарың ауыр тиеді. Ол сендерге өте ынтық, мүминдерге өте жұмсақ, рахымды. (Мухаммад) сонда, егер олар сенен теріс бұрылса: «Маған Аллаһ жеткілікті, Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ, мен тек Оған ғана тәуекел етемін, өйткені Ол — ұлы Аршының Раббысы**», — де» («әт-Тәуба» сүресі, 128-129).

Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: «***Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар және менің қабірімді адамдар оған әрдайым келіп жаналатын орын етпеңдер. Маған салауат айтыңдар, өйткені сендер қай жерде болсаңдар да, сендердің салауаттарың маған келіп жетеді***» (Абу Дауд 3422, имам Ахмад «Муснадта» 367/2, шейх әл-Әлбани «Сахих әл-жәмиғ» еңбегінде (7226) хадистің сахихтығын растаған).

- «**Расында сендерге өз араларыңнан бір Елші келді**»: бұл сөйлем үш түрлі тәсілмен күшейтілген: жасырын антпен; «ләм» демеулігімен; «қод» демеулігімен.
- «**Өз араларыңнан шыққан**»: яғни: 1) ол — сендер сияқты адам, бірақ ол сендерден оған Уахи түсірілгендігімен ерекшеленеді; 2)

басқа бір қырағатта «мин әнфасикум» деген тіркес «сендердің араларыңдағы ең құрметті және ең тақуа адам» деген мағына береді.

- «**Оған сендердің қиналғандарың ауыр тиеді**»: сендерге ауыр тиген нәрсе ол үшін де ауыр, сондықтан да ол адамдарға жеңіл ханифия дінімен жіберілді.
- «**Ол сендерге өте ынтық**»: Ол сендерге пайда келтіру үшін бар күшін салады.
- «**Мүминдерге өте жұмсақ, рахымды**»: бұл аятта (Құраннан тыс жағдайда) сөйлем сөңыңында келуге тиіс болған «мүминдерге» сөзі сөйлемнің басында келтірілген, ал бұл шектеуді, яғни ол мүминдерге жұмсақ, рахымды, ал кәпірлерге қатал деген мағынаны білдіреді. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген: «**Мухаммад — Аллаһтың Елшісі. Онымен бірге болғандар кәпірлерге қатал, бірақ өзара мейірімді**».
- «**Егер олар сенен теріс бұрылса**»: Бұл аятта: «Егер сен олардан теріс бұрылсаң», — деп айтылмауының екі себебі бар: 1) мұндай жағдайда бұл құпталмайтын амал болар еді; 2) есімдіктің ауысуы арқылы тыңдаушының назарын қарату үшін.
- «**Маған Аллаһ жеткілікті**»: олардың сенен теріс бұрылуы сені қайғыртып-мұңайтпасын, жүрегіңмен және тіліңмен: «Маған Аллаһ жеткілікті», — деп айт.
- «Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар», яғни: 1) үйлеріңде намаз оқуды тастамаңдар; 2) үйлеріңе мәйіттерді жерлемеңдер.
- «***Менің қабірімді адамдар оған әрдайым келіп жаналатын орын етпеңдер***»: яғни оны үнемі жыл сайын, ай сайын немесе апта сайын зиярат ететін орынға айналдырмаңдар. Алайда қабірлер белгілі бір себептермен ғана зиярат етіледі, мысалы, сапардан оралғанда немесе Ақырет өмірін еске алу үшін.
- «***Маған салауат айтыңдар***» — الصالة «Соләт» — Аллаһтың өз құлына деген салауаты — бұл Аллаһтың оны ең жоғары қоғамда мақтауы.
- «***Сендердің салауаттарың маған келіп жетеді***»: Себебі Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Расында, Аллаһтың жер бетінде кезіп жүретін періштелері бар, олар менің үмметімнің сәлемдерін (салауаттарын) маған жеткізіп тұрады***». Сондықтан да оның ﷺ қабірінің алдына шектен тыс шоғырланып, өзара сығылысудың еш қажеті жоқ.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Али ибн әл-Хусайн (Аллаһ оған разы болсын) бірде Пайғамбардың ﷺ қабіріне жиі келіп, сол жерде Аллаһқа дұға ететін бір кісіні көрді. Ол оған мұны жасауға тыйым салып: «Саған менің әкем (әл-Хусайн ибн Али) өз әкесінен (Али ибн Абу Талибтен) естіген нәрсені айтып берейін бе? Ол Пайғамбардың ﷺ былай дегенін естіген: “***Менің қабірімді адамдар оған әрдайым келіп жаналатын орын етпеңдер және үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар. Маған салауат айтыңдар, өйткені сендер қай жерде болсаңдар да, сендердің салауаттарың маған жетеді***” — деді» (Бұл хадисті әл-Мақдиси “әл-Мухтарда” келтіреді).

- «Ол жерде Аллаһқа дұға ететін»: ол қабірдің жанында Аллаһқа жасалған дұғаның ерекше артықшылығы бар деп ойлап, осылайша ширктің есігін ашты.
- «***Қай жерде болсаңдар да***»: маған қай жерде болсаңдар да салауаттарыңды айтыңдар әрі сендердің салауаттарың маған жетеді. Сондықтан маған салауат айту немесе мен үшін дұға ету үшін менің қабіріме барудың қажеті жоқ.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әт-Тәуба» сүресінің 128-ші және 129-аяттарының тәпсірі. («**Расында, сендерге өз араларыңнан шыққан бір Елші келді...**»).

Екінші. Пайғамбар ﷺ өзінің үмметін бірқұдайшылықтың шекараларын бұзудан сақтандырды. («**Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар...**», — деді).

Үшінші. Пайғамбарымыздың ﷺ бізге деген қамқорлығы, жанашырлығы және мейірімділігіне нұсқау. (Бұл «әт-Тәуба» сүресіндегі аяттан алынған).

Төртінші. Пайғамбардың ﷺ қабірін зиярат ету — ең ізгі амалдардың бірі (өйткені осы арқылы оған сәлем беру жасалады, ал оған сәлем беру — үмметінің оған қатысты міндеті болып табылады, әрі ол басқа адамдардың алдындағы міндеттерден жоғары) болуына қарамастан, Ол өзінің қабірін зиярат ету үшін арнайы сапарға шығуға тыйым салды.

Бесінші. Қабірлерге жиі барудың тыйым салынғандығы.

Алтыншы. Пайғамбарымыздың ﷺ нәпіл (сүннет) намаздарын үйлерде орындауға үндеуі.

Жетінші. Олар (сахабалар) қабір жанында намаз оқуға болмайтынын жақсы білетін.

Сегізінші. Бұған себеп — оған жасалған дұғалар мен сәлемдер қай жерде айтылса да, тіпті алыстан болса да, оған жететіндігі. Сондықтан оған жақындауды көздейтін адамдар ойдан шығарған амалдарға қажеттілік жоқ (Али ибн әл-Хусайн әлгі адамға былай деген: «Сен де, Андалусиядағы адам да тең дәрежедесіңдер»).

Тоғызыншы. Пайғамбар ﷺ барзах өмірінде өз үмметінің амалдарынан хабардар болады — оған айтылған салауаттар мен сәлемдер оған жеткізіледі.

БЕСІНШІ БӨЛІМ.
Бұл үмметте ширк болмайды деп айтқандардың дәйектерін теріске шығару (1 тарау).

23. Бұл үмметтің бір бөлігі пұттарға табынатындығы жайлы тарау

- Шейх бұл тарауды «Бұл үмметте ширк болмайды, өйткені ол одан қорғалған» дегендерге қарсы дәлел ретінде келтірді. Олар осы сөздерінде Пайғамбарымыздың ﷺ мына сөздеріне сүйенеді: «***Ақиқатында, шайтан Араб түбегіндегі намаз оқушылардың оған құлшылық етуінен күдер үзді***».
- Олардың күмәніне жалпы жауап: бұл — муташабих (мағынасы анық емес) дәлелге сүйеніп, мухкамды (мағынасы анық нәрсені) тастау.
- Толық жауап:

1) Шайтан үмітін үзді деген хабар мұның болмайтынын білдірмейді.
2) Ол намаз оқушылардан үмітін үзді, бірақ намаз оқымағандардан үмітін үзген жоқ. Ал намаз оқушы — бірқұдайшыл адам.
3) Бұл түсінік Құран мен Сүннеттің көптеген мәтіндеріне қайшы келеді.
4) Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) Араб түбегіндегі діннен безген (муртадтармен) олардың ширктері үшін соғысты.
5) Қалыптасқан өмірлік тәжірибе бұған керісінше куәлік етеді. Мысалы, Араб түбегінде Аллаһтан басқаға құрбандық шалыну фактілерін көруге болады.
6) Бұл — шайтанның жүрегінде орын алған нәрсе, бірақ ол Адам ұрпағын адастыруын тоқтатпады.
7) Бұл жағдай көптеген жеңістерден кейін орын алды, сол кезде адамдар Аллаһтың дініне топ-топ болып кірді.

8) Ғалымдар адамның діннен шығуына себеп болатын амалдарды атап өткен, әрі бұл амалдарды жасау адамды, тіпті ол Араб түбегінде болса да, діннен шығарады.

- Егер біреу Мусайлима пайғамбар деп айтса, ол күпірлікке түседі. Әрі оған, осы орайда, ислам куәлігі көмектеспейді. Ал ендеше біреу әт-Тижәниді немесе басқаларды Аллаһтың дәрежесіне дейін көтерсе, ол қалайша кәпір болмайды? Бұл, расында, таңқаларлық жағдай!

Неліктен шейх бұл тарауда оның айтқанына дәлел емес секілді көрінген екі аятты келтірді?

- Шейхтің көздегенін Абу Сағидтің хадисі арқылы ғана түсінуге болады. Осы кезде аяттар тараудың мазмұнына толықтай сәйкес келеді.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**(Мухаммад) сондай өздеріне Кітаптан үлес берілгендерге қарамайсың ба? Олар жибт пен тағутқа иман келтіреді де, кәпірлерді: «Бұлар мүминдерге қарағанда дұрысырақ жолда», — дейді» (Яһудилердің бір тобы, кәпірлерді мұсылмандарға қайрап салу үшін Меккеге барып: «Сендердің жолдарың Мухаммадтың жолынан тура**», — деген болатын) («ән-Ниса» сүресі, 51-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген: «**(Мухамммад, оларға) былай деп айт: «Сендерге Аллаһтың қасында жаза тұрғысынан бұдан да жаманын хабарлайын ба? Олар — Аллаһ оларды лағынеттеп, оларға ашуланған және оларды маймылдар мен доңыздарға айналдырғандар және тағұтқа табынғандар. Міне солар — орны жаман және тура жолдан мүлде адасқандар**» («әл-Мәида» сүресі, 60-аят).

- «**Өздеріне Кітаптан үлес берілгендерге**»: Оларға Кітап түгел берілмеді, өйткені олар күнәларының себебінен одан айырылды.
- «**Қарамайсың ба**»: осы сөз бағытталатынның әрбіріне растауды әрі таң қалуды білдіретін сұрақ.
- «**Олар жибт пен тағұтқа иман келтірді**»: яғни оларды шындық деп санап, мойындап, жоққа шығармайды.

Бірінші аяттан алынатын пайдалар:

- Кітаптан бір бөлігі берілген адамдардың, кейін жибт пен тағұтқа иман келтіруі таңқаларлық нәрсе.
- Білім адамды күнәдан қорғамайды.
- Жибт пен тағұттан бас тарту міндетті, оларды шындық деп қабылдау рұқсат етілмейді.
- Бұл үмметтің ішінде жибт пен тағутқа иман келтіргендер бар, бұл Исраил ұрпақтарындағы жағдайға ұқсас.

Екінші аяттан алынатын пайдалар:

- Пікірталас жүргізудің әрі бұлтартпас дәлел келтірудің рұқсат етілгендігі. Яһудилер өздерінің арасында Аллаһтың қаһары мен лағынетіне ұшырап, маймыл мен доңыздарға айналдырылған адамдар болғанын білетін. Әрі егер олар осыны мойындай тұра мұсылмандарды мазақ еткен болса, онда біз оларға: «**Нағыз мазаққа лайықтылар — бұл сендердің араларыңдағы Аллаһтың азабына ұшырағандар**», — деп жауап береміз.
- Адамдардың Аллаһ алдындағы дәрежесі олардың иманына, оның артуына немесе кемуіне әрі осыдан туындайтын нәрселерге байланысты болады.
- Яһудилердің жағдайының мүшкілдігі. Олар Аллаһтың лағынетіне ұшырады. Оларға Аллаһтың қаһары түсті. Олардың кейбірі маймылдар мен доңыздарға айналдырылды. Олар тағутқа құлшылық етті.
- Аллаһтың Өз қалауымен жасайтын іс-амалдарын, мысалы, Оның лағынеттейтінін және қарһарланатынын әрі қалағанын жасауға құдіреттілігін растау.
- Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Ақиқатында, Аллаһ хайуанға айналғандардың ұрпағын қалдырмаған***», — ал маймылдар бұдан бұрын да болған.
- Жаза істелген күнәға сәйкес болады. Яһудилер сырттай рұқсат етілген болып көрінетін, бірақ шын мәнінде харам болған істі істеді. Аллаһ оларды осы күнәларына сай жазалады, (өйткені маймылдар да сырттай адамға ұқсағанымен, бірақ шын мәнінде хайуан болып табылады).
- Яһудилер тағутқа құлшылық етті, және олардың әлі күнге дейін оған табынатындығына күмән жоқ.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Олардың (Кітап иелерінен болған сол қауымның) іс басындағылары: “Біз міндетті түрде олардың үстіне мешіт (ғибадатхана) тұрғызамыз” — деді**» («әл-Кәһф» сүресі, 21-аят).

- Үңгір адамдарының оқиғасында Аллаһтың құдіретін дәлелдейтін аят-белгілер туралы хикая бар.
- Қабірлердің үстіне мешіттер салынуының себептерінің бірі — соларда жерленгені адамдарға деген шектен тыс құрмет көрсету.
- Қабірлерге қатысты шектен шығу, тіпті аз мөлшерде болса да, одан да үлкеніне алып келуі мүмкін.

ТӨРТІНШІ ЖӘНЕ БЕСІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Абу Сағидтың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен оның былай деп айтқаны жеткізіледі: “(Бірде) Пайғамбар ﷺ былай деді: «***Ақиқатында, ант етемін, сендер міндетті түрде өздеріңнен бұрын өмір сүргендердің жолдарына ізбе-із және шынтақ-шынтақпен ілесетін боласыңдар. Тіпті егер олар кесірткенің ініне кіріп кетсе де, сендер де міндетті түрде солардың ізінен еріп кететін боласыңдар!***» Біз: «Уа Аллаһтың Елшісі, сіз яһудилер мен христиандарды меңзеп тұрсыз ба?» — деп сұрадық, ал ол: «***Басқа кімді?!***» — деп жауап берді” (әл-Бухари, 3456; Муслим, 2669).

Муслим сондай-ақ Саубаннан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқаны жеткізеді: “***Ақиқатында, Аллаһ менің алдыма жерді жайып тастады да, мен оны шығыстан батысқа дейін (түгел) көрдім. Әрі шындығында да, менің ұмметім маған көрсетілген нәрсенің үстінен билік алады. Және маған екі: ақ және қызыл қазына берілді. Мен Раббымнан Ол менің ұмметіме құрғақшылық жіберіп, оларды опат етпеуін және өз қатарларынан болған дұшпаннан өзге ешкім олардың үстінен жеңіске жетпеуін және олардың жерін иемденбеуін сұрадым. Және Раббым: «Уа Мухаммад! Ақиқатында, егер Мен бір нәрсені шешсем, ол міндетті түрде болады. Ақиқатында, Мен сенің ұмметіңе құрғақшылық жіберіп опат етпейтінімді сыйладым. Әрі олар бірін-бірі өлтіріп және тұтқындай бастамайынша, Мен олардың өздерінің ішіндегі дұшпандарынан өзге дұшпандарына ұмметіңнің үстінен билік***

алуына жол бермеймін, тіпті оларға қарсы жердің барлық бөлігінен әскер жиналса да!» — деп жауап берді" (Муслим 2889).

Әл-Баркани өзінің жинағында келтіретін нұсқада былай деп қосылған: «***Расында, мен ұмметімде адасушылыққа салатын имамдардың пайда болуынан қауіптенемін. Егер олардың төбесінен қылыш түссе, онда ол Қияметке дейін көтерілмейді (қайта алынбайды). Әрі менің ұмметімнің бір тайпасы көпқұдайшылдарға қосылмайынша және олардың бір бөлігі пұттарға құлшылық ете бастамайынша (Қиямет) Сағаты келмейді. Әрі менің ұмметімде отыз өтірікші дүниеге келеді. Олардың әрқайсысы өзін пайғамбармын деп жариялайды, ал (шындығында) мен — пайғамбарлардың соңғысымын, әрі менен кейін пайғамбар болмайды. Бірақ менің ұмметімде үнемі ақиқатты ұстанатын әрі жеңіске жететін бір топ адамдар болады, және оларды көмексіз қалдырғандар оларға Аллаһтың әмірі келмейінше зиян тигізе алмайды***».

- «***Жолдарына***»: «Санан» (سَنَن) сөзі «син» әрібінің үстінен фатха (ә) харакаты арқылы келсе, «жол» деген мағынаны білдіреді, ал дамммамен, яғни «сунан» (سُنَن) болып келсе, онда ол «тариқат» (яғни діни жол, дәстүр) дегенді білдіреді.
- «***бұрын өмір сүргендердің жолдарына ізбе-із және шынтақшынтақпен ілесетін боласыңдар***»: арабшада «жебенің қауырсынын түзету» деп айтылған: القذة — жебенің қауырсыны. Бұл тіркес дәлме-дәл ұқсастықты білдіретін метафора ретінде қолданылған.

  1) Бұл ұмметтің бір бөлігі пұттарға табынатын болады, өйткені бұл — бұрыңғы қауымдардың жолы, ал мұсылмандар оларға еріп кетеді.

  2) Бізге дейін өткен нәрселерді білу керек, өйткені олардан сақтану міндетті. Оның көп бөлігі Құран мен Сүннетте бар, және біз Аллаһқа мойынсұнбауда бұрыңғы ұмметтерге ермейміз.

  3) Сахабалар бізге тура жол келгеннен кейін, біз өзімізден бұрын өткендердің жолына түсіп кетеміз бе деп қорыққан.

  4) Адамдар мен пайғамбарлықтың арасы алыстаған сайын, олар ақиқаттан да алшақтай береді.
- «***жайып тастады***» — бір жерге топтастырып қою деген мағына береді. «***Қызыл және ақ қазына***» — алтын мен күміс, яғни Хосрой

(деп аталатын парсы патшалары) мен Қайсар (деп аталатын Византия патшаларының) қазыналары.

- «***Мен Раббымнан сұрадым***» — Пайғамбар ﷺ үш нәрсе сұрады, олардың екеуі оған беріліп, біреуі берілмеді:

  1) Аллаһ бұл үмметті оларға табиғи апат жіберіп, тұтастай жоқ етпеуін, әрі оларды құрғақшылық пен өнімсіздік толық қамтымауын сұрады.

  2) Кәпірлер ислам үмметінің үстінен толығымен билік құрмауын сұрады.

  3) Үммет өзара соғыспауын сұрады — бірақ бұл сұрағаны оған берілмеді.

- «***Адасушылыққа салатын имамдар***» — мұнда адасушылыққа салатын имамдардың қауптілігі ғана айтылған. Жалпы имамдар (басшылар) екі түрлі болады:

  1) Жақсылыққа бастаушы: «**Әрі олар сабыр етіп, аяттарымызға нақ сенген кезде, өз араларынан әмірімізбен тура жол көрсететін басшылар жасадық**».

  2) Жамандыққа бастаушы: «**Оларды тозаққа шақыратын басшылар еттік. Сондай-ақ оларға Қиямет күні көмек берілмеймейді**» («әл-Қасас» сүресі, 24-аят).

- «***Әрі егер олардың төбесінен қылыш түссе, онда ол Қияметке дейін көтерілмейді (қайта алынбайды)***»: бұл Усманның (оған Аллаһ разы болсын) өлтірілуінен басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді.

- «***Және олардың бір бөлігі пұттарға құлшылық ете бастамайынша***»: яғни менің үмметімнен кейбір топтар пұттарға табынғанға дейін.

- «***Отыз өтірікші***» — бұл не олардың көптігін білдіреді, не олардың санының отызбен шектелетінін көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «ән-Ниса» сүресінің 51-аятын тәпсірлеу. («Олар жибт пен тағутқа иман келтіреді…»).

Екінші. «әл-Мәида» сүресінің 60-аятын тәпсірлеу. («Олар тағутқа табына бастады…»).

Үшінші. «әл-Кәһф» сүресінің 21-аятын тәпсірлеу. («Біз олардың үстінен

мешіт тұрғызамыз», және бұрынғы қауымдар пұттарға табынғандықтан, біздің үммет те солай жасайды).

Төртінші. «Жибт пен тағутқа иман келтіру деген не?» деген маңызды сұрақ. Бұл жүректегі сенім бе? Әлде оларға тек сырттай еліктеп, бұны жек көріп, оның жарамсыздығын білу ме? (1. Егер адам олармен келісіп, осыны ақиқат деп санаса, онда ол кәпір болады. 2. Егер тек сырттай ұқсап, бірақ ақиқат деп санамаса, кәпір болмайды).

Бесінші. Олардың күпірлігі белгілі болған кіпірлерді мұсылмандарға қарағанда тура жолда деп айтуы. (Бұндай сөздерді айту күпірлік және діннен шығу (ридда) болып табылады. Өйткені бұл күпірлікті иманнан жоғары қою болып саналады).

Алтыншы. Бұл тараудың мақсаты: Аллаһқа серік қосу бұл үмметте сөзсіз пайда болады, бұған Абу Сағид жеткізген хадис дәлел болады. (Бұл сақтандырып ескерту ретінде айтылған).

Жетінші. Оның бұл нәрсе орын алады деп айтуы бұл үмметтің үлкен бір бөлігі пұттарға табынатынын білдіреді.

Сегізінші. Ең таңғаларлық нәрсе — өздерін пайғамбар деп жариялаған адамдардың пайда болуы. Мысалы, әл-Мухтар екі куәлікті (ислам шаһадасын) айтқан, өзін осы үмметтенмін деген, Мухаммад ﷺ — Аллаһтың шынайы елшісі деп мойындаған, Құран — ақиқат деген, тіпті Мухаммад ﷺ пайғамбарлардың соңғысы екенін мойындаған. Бірақ мұның барлығы үлкен қарама-қайшылық болды. Әл-Мухтар (Ибн Абу Убайда әс-Сақафи) сахабалар дәуірінің соңында шықты, және оған көп адам ерді.

Тоғызыншы. Бұрынғы қауымдарда ақиқат толықтай жоғалып кетсе де, бұл үмметте ол ешқашан толығымен жойылмайды, өйткені Қияметке дейін ақиқатты ұстанатын бір топ үнемі болады деген жақсы хабар.

Оныншы. Жеңісті топтың саны аз болса да, оларға қарсы шыққандар мен оларды қолдаусыз қалдырғандардың оларға зиян тигізе алмайтындығында көрініс табатын ұлы аят-белгі.

Он бірінші. Бұл — Қиямет күнінің (жақындағанының) белгісі.

Он екінші. Бұл тарауда ұлы аят-белгілер айтылған, олардың ішінде:

– Пайғамбарымыздың ﷺ Аллаһтың оған шығыстан батысқа дейінгі жерді көрсеткені жайлы хабар әрі оның ﷺ мұны түсіндіргені. Бұл шынымен де орын алды, осы орайда бұл жерде оңтүстік пен солтүстік жайлы ештеңе айтылмаған.

– Оған ﷺ екі қазына берілгені туралы хабар.

– Аллаһ оның ﷺ өз үмметі үшін жасаған екі дұғасын қабыл етіп, үшіншісін қабылдамағаны туралы хабар.

– Қылыштың үмметке түсіп, қайта көтерілмейтіні туралы хабар.

– Мұсылмандардың бір-бірін өлтіріп, тұтқынға алатыны туралы хабар.

– Оның өз үмметі үшін адастыратын имамдардың пайда болуынан қорқуы.

– Бұл үмметте жалған пайғамбарлардың пайда болатыны туралы хабар.

– Бұл үмметте жеңімпаз топтың әрдайым болатыны туралы хабар.

Бұл айтылғанның барлығы дәл осылай орын алды, ал бастапқыда ешкім мұны тіпті елестете де алмайтын еді.

Он үшінші. Пайғамбардың ﷺ өз үмметі үшін қорыққан нәрсесі — адастыратын имамдардың пайда болуы.

Он төртінші. Пұттарға табынудың мәніне нұсқау. (Бұл тек оларға рукуғ пен сәжде жасаумен шектелмейді, алайда, сонымен қатар, адасқандарға еруді де қамтиды).

Төртінші және бесінші бөлімдерге қатысты тексеріс сұрақтар (5 тарау)

Бірінші тапсырма: бірын және олардың кітапқа сәйкестігін көрсетіңіз.

Тараудың атауы Тараудың келтірілу себебі

1 ....

2 ....

3 ....

4 ....

5 ....

Екінші тапсырма: дұрыс жауапты белгілеңіз немесе сөйлемді толықтырыңыз.

1) Ізгі-салиқалы адамдарға шектен тыс құрмет көрсету — ежелгі және жаңа ширктің негізі.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

2) Шектен шығу — бұл .....

Оның зиянды салдарларының бірі: .....

3) Қабірлердің бүлігі (фитнасы) пұттар бүлігі (фитнасы) сияқты немесе одан да ауыр.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

4) Қабірлерді сәндеу, оларға шырақтар жағу, оларды сылақтау, оларға жазулар жазу, күмбездер салу, оларды жапқыштармен жабу, оларды аралап жүрушілерге көмектесу, қабір қызметшілеріне (мысалы, шырақшыларға) ақы төлеу — мұның бәрі:

☐ міндетті ☐ тыйым салынған

5) Автор Пайғамбарымыздың ﷺ қабірін зиярат ету ең ізгі амалдардың бірі деп айтты.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

6) Пайғамбарымыздан ﷺ қалған естелік заттарды іздеу:

☐ мұстахаб

☐ харам

☐ бұған қатысты әртүрлі үкімдер бар

7) Пайғамбардың ﷺ өз үмметі үшін қорқуы тек ..... қатысты болды.

8) Автордың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) бұл үмметтің бір бөлігі пұттарға табынатыны туралы тарауда үш аятты келтіруінің себебі:

☐ олардың бұл тарауға қатысы жоқ;

☐ бұл тек хадис арқылы анықталады;

☐ кейбір кітап нұсқаларында қателік бар.

9) Адамдар ізгі-салиқалы адамдарға деген қарым-қатынастарында келесі топтарға бөлінеді:

☐ екі шектен шыққан топ және орта жолды ұстанушылар

☐ шектен шыққандар және немқұрайлық танытқандар

10) Ізгі-салиқалы адамдарға деген сүйіспеншілік олар үшін дұға ету, оларды қорғау және олардан білім алу арқылы көрінуге тиіс.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

11) Ізгі-салиқалы адамдарға деген шектен тыс құрмет көрсету — күпірліктің жалғыз себебі емес, бірақ ол ең қауіптілерінің бірі.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

12) Ғибадатта шектен шығу болуы мүмкін бе?

☐ Иә ☐ Жоқ

13) Егер адам Аллаһқа құлшылық етуді тек салиқалы адамдардың үлгі-өнегесін көргенде ғана есіне алатын болса, онда оның ғибадаты кемшілікке ие немесе мүлде жарамсыз.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

14) «**Аллаһтың құлы және Оның Елшісі**» — Пайғамбардың ﷺ ең шынайы және ең құрметті сипаттамасы.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

15) Шектен тыс дәріптеу — бұл ……

Оның мысалдары: ……

16) «**Мені шектен тыс жоғарылатпаңдар**» — бұл христиандардың шектен тыс құрмет көрсетуін де, сонымен қатар, одан төмен дәрежедегі әрекеттерді де қамтиды.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

17) Шектен шығу келесі нәрселерде болуы мүмкін:

☐ мақтауда ☐ ғибадатта

☐ амалдарда ☐ аталғандардың барлығында

18) «Шектен шыққандар» деген кімдер? ……

19) «Опат болды» деген сөздер қандай мағынада келген?

☐ дінде опат болу

☐ дененің опат болуы

☐ екі жауап та дұрыс

20) Аллаһтың діні — шектен шығу мен немқұрайлықтың ортасында.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

21) Шектен шығу келесі нәрселерде болуы мүмкін:

☐ сөздерде ☐ сөйлемдерде ☐ екеуінде де

22) Үммет бірауыздан Хусайннің (Аллаһ оған разы болсын) бір басы бар екенін біледі, бірақ шын мәнінде (адамдар арасында) оған қатысты етілетін бестен астам бастар бар.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

23) Жер бетіндегі алғашқы ширк пайда болған қауым қай пайғамбарға қатысты?

☐ Адам ☐ Нух ☐ Ибраһим

24) Пайғамбарлардың діндерінде ең бірінші өзгерген нәрсе — ширк, және оның себебі — әулиелерге деген шектен тыс құрмет.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

25) Егер кімде-кім бидғаттар арқылы дінді қолдағысы келсе, оның зияны пайдасынан көбірек болады.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

26) Адамдар белгілі бір уақыттарда (апта сайын немесе жыл сайын) қайталанатын, бірақ шариғатқа сәйкес келмейтін нәрсені «ид» деп қабылдауы:

☐ бидғат ☐ рұқсат етілген ☐ сүннет

27) Бидғаттар — ширктің себебі.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

28) Білімнің жоғалу себебі:

☐ ғалымдардың қайтыс болуы

☐ немқұрайлылық

☐ одан бас тарту

☐ қате

29) Қабірлерге бару келесідей болуы мүмкін:

☐ шариғатқа сай ☐ бидғат

☐ көпқұдайшылық ☐ жоғарыда аталған барлық жауап дұрыс.

30) Қайтыс болған адамға (дұға еті арқылы) пайда тигізу және (өлімнен) ғибрат алу мақсатымен қабірлерге бару бидғат болып табылады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

Ал қайтыс болғандардан пайда алу үшін қабірлерге бару шариғатқа сәйкес келеді:

☐ дұрыс ☐ қате

31) Адамдарды діннен бет бұрғызатын нәрселердің барлығының ортақ атауы:

☐ фитна (бүлік) ☐ бидғат ☐ бұрмалау

32) «Яһудилерге Аллаһтың лағынеті» деген сөздер:

☐ оларға қарсы дұға

☐ Аллаһтың оларды лағынеттегені туралы хабар

☐ екеуі де болуы мүмкін

33) Қабірлерді мешіттерге айналдыру келесідей орын алады:

☐ олардың үстінде сәжде жасау арқылы

☐ олардың үстіне мешіт салу арқылы

☐ екі жауап та дұрыс

34) Хадисте خشي (қорқыныш) сөзі айтылған нұсқа нені білдіреді:

☐ Пайғамбардың ﷺ қорқынышын

☐ Сахабалардың қорқынышын

35) Пайғамбарымыздың ﷺ қабірі не себепті ашық жерде орналаспаған:

☐ сахабалардың қорқынышынан

☐ оның (адамдар қабірді мешітке айналдырады деген) қорқынышынан

☐ әрбір пайғамбар қайтыс болған жерінде жерленеді

☐ жауаптардың барлығы дұрыс

36) «أبرز» (ашық жерде емес) деген сөздің мағынасы: .....

37) Пайғамбарымыз ﷺ — Аллаһтың сүйіктісі (хабибі) деген сөздің үкімі:

☐ рұқсат етілген

☐ бұл сөздер — оның дәрежесін төмендету

☐ бұл құпталады

38) «Ибраһим — Аллаһтың холилі, ал Мухаммад ﷺ — Аллаһтың хабибі» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген

☐ мұстахаб

☐ рұқсат етілмеген

39) Аллаһтың ең жоғарғы дәрежедегі махаббаты (хулля) тек кімге қатысты бекітілген:

☐ Ибраһим пайғамбарға

☐ Ибраһим мен Мухаммадқа ﷺ

☐ оларға және басқаларға

40) Қабірдің үстіне мешіт салған адам:

☐ қабірді басқа жерге көшіруі керек

☐ мешітті бұзып, қабірді сол жерде қалдыруы керек

41) Намазды ..... оқуға болмайды: (бұл жерде қабір жайлы айтылған)

☐ оған қарап

☐ оның үстінде

☐ оның ішінде

☐ барлық жауаптар дұрыс

42) Адамдар не нәрседе ерекшеленеді:

☐ жақсылықта

☐ жамандықта

☐ екі жауап та дұрыс

43) Ең жаман адамдар:

☐ Қиямет сағаты олар тірі кезде басталатын адамдар

☐ қабірлерді мешіттер еткендер

☐ екі жауап та дұрыс

44) Адам не нәрседен алыстау қажет:

☐ көпқұдайшылықтан

☐ оған апаратын жолдардан

☐ екеуінен де алыс болу қажет

45) Қабірлердің жанында садақа берудің ешқандай зияны жоқ, өйткені тыйым тек намазға қатысты:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

46) Көпқұдайшылдарға ұқсау қай жағдайда үлкен күнә болады?

☐ егер адам оларға ұқсағысы келсе

☐ ол ұқсағысы келсе де, келмесе де, кез-келген жағдайда

47) Пайғамбарымыз ﷺ қай кезде қабірлерді мешіттерге айналдырудан сақтандырған?

☐ өмір барысында

☐ қайтыс болуына бес күн қалғанда

☐ жан тапсырып жатқан кезде

☐ барлық жауаптар дұрыс

48) Иман және салиқалы амалдардағы артықшылық туыстық артықшылықтан жоғары:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

49) «**Менің қабірімді табынатын пұт қылма**»:

☐ Пайғамбарымыздың ﷺ дұғасына жауап берілді

☐ Аллаһ Өзінің даналығымен тағдырға басқа нәрсені жазды

50) Әйелдердің қабірлерді зиярат етулері — үлкен күнә:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

51) Пайғамбарымыз ﷺ:

☐ бірқұдайшылықтың шекараларын қорғаған

☐ көпқұдайшылыққа апаратын жолдарды жапқан

☐ екі жауап та дұрыс

52) «**Үйлеріңді қабірлерге айналдырмаңдар**», яғни:

☐ адамдарды онда жерлемеңдер

☐ онда (нәпіл) намаз оқуды қалдырмаңдар

☐ екі жауап та дұрыс

53) Пайғамбарымыздың ﷺ қабірін зиярат ету үшін арнайы сапарға шығуға болмайды және біз оны үнемі зиярат етпеуіміз қажет:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

54) Пайғамбарымызға ﷺ салауат қай жерде жасалады?

☐ оның қабірінің жанында, сондай-ақ Мәдинаға келгендерге оған сәлем беру бекітілген

☐ кез-келген жерде (сен және Андалусияда болған адамның арасында айырмашылық жоқ).

55) «**Мені қабірімді жиі жиналатын орынға айналдырмаңдар**», яғни ……

56) Бұл үмметте көпқұдайшылық пайда болмайды, және ол одан қорғалған:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

57) «**Кітаптың бір бөлігі берілгендердерге қарамайсыңба...**»: оларға бүкіл Кітап берілген жоқ, өйткені олар күнәларының себебінен бұдан мақұрым болды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

58) Білімнің өзі ғана оның иесін күнәлардан сақтамайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

59) Қазіргі кездегі маймылдар мен доңыздар бұрын адам кейпінде болып, кейін өзгертілгендерден тараған ба?

☐ иә ☐ жоқ

60) Қабірлерге қатысты шектен шығу, тіпті аз мөлшерде болса да, одан да үлкен нәрсеге апаруы мүмкін.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

61) Біздің үмметіміздегі күнә атаулының бәрінің алдыңғы үммет-терде негізі болған.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

62) Егер үммет бөлініп, бір-бірімен соғыса бастаса, Аллаһ олардың үстінен кәпірлерді билеуші етеді.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

63) Имамдар (басшылар) келесі топтарға бөлінеді:

☐ тек жақсылықта ғана

☐ әрі жақсылықта, әрі жамандықта

64) Үммет үшін ең үлкен қауіп — бұл:

☐ жамандықтағы имамдар

☐ яһудилер мен христиандардың жолымен жүру

65) Аллаһ Елшісінің ﷺ мына нәрселерге қатысты дұғасы қабыл болды:

……

……

Ал мына нәрсеге қатысты қабыл болмады: ……

Алтыншы бөлім
Шайтани амалдар (7 тарау)

24. Сиқыр жайлы тарау

- Сиқыр жасау тек көпқұдайшылық арқылы ғана мүмкін болады, өйткені шайтандар адамға тек өздеріне пайда әкелетін нәрсе үшін қызмет етеді, ал бұл — адамдарды тура жолдан адастыру, оларды көпқұдайшылық пен күнәларға жетелеу.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Расында, олар осыны иемденгендерге (Аллаһтың Кітабының орнына сиқыр үйренгендерге) Ақыретте несібе жоқтығын білді**» («әл-Бақара» сүресі, 102-аят).

Ол сондай-ақ былай деген: «Олар жибт пен тағутқа иман келтіреді» («ән-Ниса» сүресі, 51-аят).

Умар (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «**Жибт — бұл сиқыр. Тағут — бұл шайтан**».

Жәбир (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Тағуттар — бұл оларға шайтан түсетін сәуегей-көріпкелдер, әрі әр (тайпада) бір-бір көріпкелден бар болатын».

- «**Осыны иемденгендерге**», яғни осыны оқып-үйренгендерге.
- «**Тағут — шайтан**» — бұл нақты мысалдар арқылы берілген түсіндірме, өйткені «тағут» ұғымы шайтаннан да кең мағынаны қамтиды.

«Ақыретте үлес жоқ» деген сөз толықтай жоққа шығаруды білдіре ме, әлде жартылай ма?

Бірінші пікір: Құрандағы «қорқытып ескерту» аяттары дәл сол күйінде қалдырылуы керек. Оларды кешірім туралы аяттармен біріктіруге тырыспау керек, өйткені бұл адамдарды қорқыту келген аяттардың мән-мағызына жеңіл-желпі қарамауы үшін. Әрі бұған Аллаһтың мына сөзі дәлел болады: «**Біз аяттарымызды тек қорқытып-ескерту үшін ғана жібереміз**» («Исра» сүресі, 59-аят).

Екінші пікір: «Қорқытып-ескерту» аяттарын «кешірім» аяттарымен біріктіру керек. Мұндай жағдайда «Ақыретте үлесі жоқ» деген сөздің мағынасы келесідей болады:

- **Жартылай жоққа шығару:** Егер адам дәрілер мен эликсирлер қолданса.
- **Толық жоққа шығару:** Егер адам сиқыр жасау кезінде шайтанды қолданса.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Хурайраның (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың ﷺ: «***Жеті опат етуші күнәны (жасаудан) аулақ болыңдар***», — деп айтқаны жеткізіледі. (Адамдар): «Уа Аллаһтың елшісі, олар не (күнәлар)?» — деп сұрады. Ол былай деді: «***Аллаһпен бірге басқаларға құлшылық ету (ширк), сиқыр, Аллаһ қақысыз өлтіруге тыйым салған адамды өлтіру, өсімқорлықпен тапқанды жеу, жетімнің малын жеу, шайқас майданынан қашу және зинақорлық ойына да кіріп шықпайтын мүмин әйелдерді зинақорлықта айыптау***» (Бухари 2766, Муслим 89, Абу Дауд 2874). 22222

- «***Аулақ болыңдар***», яғни оларды тастап, олар бір жақта, ал біз басқа жақта болатындай алыстаңдар.
- «***Жеті***»: бұл шектеу емес, өйткені басқа да опат етуші күнәлар бар.
- «***Өсімқорлықпен табылғанды жеу***», яғни өсімқорлықпен табылған ақшаны тамақ үшін де, басқа нәрсе үшін де алмаңдар. Риба

(өсімқорлық, пайыздық өсім) — айырбас негізінде тең болуы тиіс нәрселердегі (мысалы, алтын мен күмістегі) айырмашылық, немесе өзара айырбас келісіміндегі белгілі бір мерзімге кейінге шегеру үшін қосымша пайда алу. Риба екі түрге бөлінеді: «риба әл-фадль» (үстеме қосу) және «риба ән-нәсия» (кейінге шегеру үшін пайыз қосу).

- «***Жетімнің малын жеу***»: жетім деп әкесі қайтыс болған, балиғатқа толмаған бала аталады, мейлі ол ұл, мейлі қыз болсын.
- «***Шайқас майданынан қашу***»: екі әскери жасақ кездесіп, кәпірлермен шайқасқан кезде шайқас майданынан қашу.
- «***Пәк мүмин әйелдерге зина жасады деп жала жабу***» — азат (күң емес), арлы мұсылман әйелдерін зина жасады деп айыптау.

«Аллаһ тыйым салған жанды өлтіру» — мұндай жандар төрт топқа бөлінеді:

1. **Қауіпсіздік кепілдігі берілгендер** — мұсылмандар мен олардың арасында сауда немесе оларға Исламды түсіндіру мақсатында жасалған қауіпсіздік келісімі бар адамдар.
2. **Келісім жасалғандар** — мұсылмандар мен олардың арасында бір-бірімізге шабуыл жасамау туралы келісім бар адамдар.
3. **Зиммий** — мұсылман еліне жизия төлеу шартымен келісім жасаған адамдар.
4. **Мүмин адам** — оның иманы себепті.

«Ислам қасымен ғана (өлім жазасына кесілетіндер)» — олар үш түрлі болады

1. Дінінен бас тартып, жамағаттан бөлініп кеткен адам.
2. Үйленген зинақор.
3. Жанға жан (кісіні қасақана өлтірген адам өлім жазасына кесіледі).

Соғыс майданынан шегінуге рұқсат етілетін үш жағдай:

Егер кәпірлердің саны мұсылмандардан екі есе көп болса: бұл жағдайда қашуға рұқсат етіледі.	**«Жасаққа қосылу үшін»:** қажеттілік себебінен басқа жасаққа қосылу, алайда бұл әскерге зиян келтірмеуі шарт.	**«Шабуыл жасау үшін кері бұрылу»:** мысалы, әскери жағдайды реттеу, қару-жарақты әзірлеу немесе дұшпанға басқа жақтан шабуыл жасау үшін кері бұрылу.

ТӨРТІНШІДЕН ЖЕТІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Жундубтың хадисінде Аллаһ Елшісінің ﷺ: «***Сиқыршы қылыштың соққысымен жазаланады***», — деп айтқандығы жеткізіледі. Бұл хадисті әт-Тирмизи жеткізіп, шындығында бұл Жундубтың өзінің сөздері деп айтқан (әт-Тирмизи 1460, әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада» 136/8, Хаким «Мустадракта» 360/4).

Әл-Бухаридің «Сахихында» Бәжәлә ибн Абаданың былай деп айтқан хадисі келтіріледі: «Умар ибн әл-Хаттаб (оған Аллаһ разы болсын): «Әрбір еркек немесе әйел сиқыршыны өлтіріңдер», — деп жарлық шығарды, әрі біз олардың үшеуін өлтірдік» (әл-Бухари 3156, Ахмад «Муснад» 190/1).

Хафса оны сиқырлаған өзінің күңін өлтіруді бұйырды, әрі ол өлтірілді. Тура осы Жундубтың атынан да жеткізілген (Мәлик «Мууатта» 872/2).

Ахмад осы сияқты (хабарлар) Пайғамбардың ﷺ үш сахабасынан жеткізілгенін айтқан.

Сиқыршының үкімі қандай?

Бірінші пікір (Мухаммад ибн Абдул-Уаххабтың пікірі, Аллаһ оны рахымына бөлесін):

Барлық сиқыршылар — кәпірлер, олар міндетті түрде өлтіріледі, ал олардың тәубесі — Аллаһтың алдында болады.

Екінші пікір (имам әш-Шәфиғидің пікірі, Аллаһ оны рахымына бөлесін):

Егер сиқыр дәрілер және шөптер арқылы жасалса: оны жасаған адамның үкімі қарақшыға тең, шариғаттық жаза ретінде өлтіріледі, бірақ ол мұсылман болып саналады.

Егер сиқыр шайтан арқылы жасалса: оны жасаған адам муртад (діннен шыққан) болады, одан тәубе талап етіледі. Егер тәубе етсе — мұсылман ретінде шариғат жазасы бойынша өлтіріледі. Егер тәубе етпесе — кәпір ретінде өлтіріледі.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әл-Бақара» сүресінің 102-аятының тәпсірі. («Расында, олар осыны иемденгендерге (Аллаһтың Кітабының орнына сиқыр үйренгендерге) Ақыретте несібе жоқтығын білді»).

Екінші. «ән-Ниса» сүресінің 51-аятының тәпсірі. («Олар «жибт» пен «тағутқа» сенеді»).

Үшінші. «Жибт» пен «тағут» сөздерінің мағынасы және олардың айырмашылығы. (Жибт — әлдебір игіліктен жұрдай нәрсе, мысалы, сиқыр және с.с.. Тағут — оған қатысты пенде құлшылықта, ілесуде немесе бағынуда шектен шығатын барлық нәрсе).

Төртінші. Тағут жын да, адам да болуы мүмкін. (Егер «тағут» сөзі ешнәрсемен нақтыланбаған болса, онда ол жындардан болған шайтанды білдіреді, ал балгер — адамдардан болған шайтан).

Бесінші. Жеті ерекше тыйым салынған күнәларды білу.

Алтыншы. Сиқыршы — кәпір болып табылады.

Жетінші. Ол тәубеге шақырылмай-ақ өлім жазасымен жазалады.

(Егер елбасшыға ол туралы хабар жетсе, онда ол тәубе талап етілмей өлтіріледі. Ал егер ол кәпір болса, одан тәубе (Исламға кіру) талап етіледі).

Сегізінші. Егер бұл нәрселер Умардың (Аллаһ оған разы болсын) заманында мұсылмандар арасында орын алған болса, онда одан кейінгі заман туралы не айтуға болмақ?!

Елбасшы сиқыршыларды өлім жазасымен жазалайды деген сөз — шариғи ерелерге сәйкес болып табылады, өйткені олар жер бетінде бұзақылық таратады әрі олардың бұзақылығы — ең жаман бұзақылықтардың бірі. Әмірші оларды өлтіруге міндетті және оған бұдан бас тартуға рұқсат етілмейді, өйткені егер мұндайлар тірі қалдырылса, олардың бұзақылығы өз елдерінде де және басқа жерлерде де таралады. Ал егер олар өлтірілсе, онда адамдар олардың жамандықтарынан аман болады және сиқыршыларға жүгінбейтін болады.

25. Сиқырдың кейбір түрлері жайлы тарау

Шейх сиқыр туралы айтқаннан кейін, сіз оның әр түрлі болатынын біліп, олардан сақтануыңыз үшін, сиқырдың кейбір түрлерін түсіндірді.

БІРІНШІДЕН БЕСІНШІГЕДЕЙІН ДӘЛЕЛДЕР

Ахмад: «Бізге Мухаммад ибн Жәфар, ал ол Ғауфтан [ибн Абу Жәмийля], (ол) Хайян ибн әл-Ғаләдан, (ол өз кезегінде) Қатон ибн Қабийсодан, ал ол өзінің әкесінен [Қабийсо ибн Мухориқтан], ол Пайғамбардың ﷺ былай дегенін естінені туралы жеткізген: «***Ғияфа, торқ және ырым (тыяра) жибтке (сиқырға) жатады***» (Ахмад «Муснадта» 477/3, Абу Дауд 3907, Ибн Хиббан 1426).

Ғауф былай деді: «Ғияфа — бұл құстарды үркітіп (олардың қай жаққа қарай ұшуының бағытына қарап әлдебір істің сәтті немесе сәтсіз болуын жору), ал торқ — бұл жерге сызықтар сызу (арқылы жору)».

Әл-Хасан әл-Басри: «Жибт — шайтанның жаңғырығы (шақыруы, уәсуәсі)», — деген (бұл хабардың жеткізушілер тізбегі жақсы, Абу Дауд, ән-Нәсаи және Ибн Хиббан оны «Сахихтарында» тура осы риуаятшылар арқылы жеткізеді)

Ибн Аббастан (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) оның былай дегені жеткізіледі: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: “***Кімде-кім жұлдызнаманың (астрологияның) әлдебір тармағын үйренсе, сол сиқырдың бір тармағын үйренді. Әрі ол жұлдызнаманы (астрологияны) қаншалықты көп үйренсе, сиқырды да соншалықты көп үйренеді***”» (Абу Дауд 3905, Ибн Мәжаһ 3726, Ахмад «Муснад» 277/1, 311. Абу Дауд хадистің жеткізушілер тізбегін сенімді деген).

Имам ән-Нәсаи Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) мына хадисті келтіреді: «Кімде-кім түйін байлап, оған түкірсе немесе үрлесе, сол сиқыр жасады. Ал кімде-кім сиқыр жасаса, сол көпқұдайшылық

жасаған болады. Әрі кімде-кім өзіне әлдебір нәрсені іліп алса, соған тапсырылады» (әт-Тирмизи 2073, Ахмад 310, 311/4, Хаким 216/4).

Ибн Масғудтан (оған Аллаһ разы болсын) жеткізілетін хадис: “Пайғамбар ﷺ былай деді: «***Сендерге сиқырға не жататыны туралы айтып берейін бе? Бұл адамдар арасында өсек тарату***»” (Муслим 2606).

Әл-Бухари мен Муслим Ибн Умардан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Расында, шешендік өнерде сиқыр бар***» (Бухари 5146, Муслим 869).

- «***Ғияфа***»: [Арабтар бал ашып,] құстарды үркітіп, [олардың қай бағытқа ұшқанына қарай] оны жақсы немесе жаман белгі деп санаған. Ал бұл — іс-әрекеттердегі ырымшылдықтың көрінісі.
- «***Торқ***»: сиқыр мен бал ашу үшін жерде сызықтар сызу.
- «***Тыяра***»: адамның көрген немесе естіген нәрсесіне қатысты, мейлі ол уақытпен немесе орынмен байланысты болсын, ырымдауы (мұны жамандық белгісі деп жоруы).
- «***Шайтанның жаңғырығы***», яғни шайтанның азғыруы. Бұл — шайтанның жүрекке салатын ойлары мен сыбыры.
- «***Сиқыр***» (العضه): адамдарды араздастыру және бөлу дегенді білдіреді. Бұл хадис сиқыр жайлы тарауда келтірілгенінің себебі — әрбір өсекшінің және сиқыршының мақсаты дәл осы, ал өсекшінің зияны сиқыршының зиянынан да үлкен.

Жұлдыздар туралы білім екіге бөлінеді:

Астрология (жұлдызнама): жұлдыздар Жердегі әлдебір нәрселерге әсер етеді деп сену. Ол екі түрге бөлінеді:

1. Кіші ширк — адамның жұлдыздарды себеп деп санап, Аллаһ оларды ғайыпты білудің себебі еткен деп сенуі.

2. Үлкен ширк — адамның жұлдыздар әлдебір нәрселерге өздігінен әсер етеді әрі пайда немесе зиян келтіреді деп сенуі.

Астрономия — жұлдыздардың орналасуын немесе қозғалуын бағыттар мен уақытты, мысалы, қыбыла бағытын анықтау үшін қолдану. Ол екіге бөлінеді:

1. Рұқсат етілген — оны уақыт пен орынды анықтау үшін қолдану: «Ол белгілерді жаратты. Ал жұлдыздар арқылы олар тура жолды табады».

2. Міндетті — онсыз парызды орындау мүмкін болмаған жағдай, мысалы, шөл далада болып, қыбыла бағытын анықтау қажеттігі.

- «***Шешендік***»: ақылды шатастырып немесе ойды өзгерте алатын шешендік екіге бөлінеді:

  1. мақталатын — шындықты бекіту және жалғандықтың негізсіздігін көрсету мақсатында қолданатын;

  2. айыпталатын — ақықатты теріске шығарып, жалғанды бекіту мақсатында қолданатын.
- Шешендік пен сиқырдың қандай байланысы бар? Жалғанды шешендік пен сиқыр — екеуі де заттардың мәнін өзгертеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Ғияфа [құстарды үркітіп бал ашу], торқ [жерге сызық сызу] және тыяра [ырымшылдық] — жибт [шайтанның азғыруы].

Екінші. Ғияфа» [құстарды үркітіп бал ашу] және «торқ» [жерге сызық сызу] ұғымдарының мағынасы.

Үшінші. Жұлдызнама — сиқырдың бір түрі болып табылады.

Төртінші. Түйін түю және түйінге түкіру де осыған жатады.

Бесінші. Адамдар арасындағы өсек те осыған кіреді. (Себебі өсекшілер адамдарды дәл сиқыршылар секілді ажыратады).

Алтыншы. Шешендіктің кейбір түрлері де осыған жатады. (Себебі шешен адам біреуді райынан қайтаруы немесе оның құмарлығын қоздыруы мүмкін).

26. Көріпкел-балгерлер және соларға ұқсас адамдар жайлы тарау.

Бұл (тарау) — тарауларды реттеудің ең жақсы тәсілі: шейх сізге сиқырды және оның кейбір түрлерін түсіндірген соң, енді жердегі сызықтарға қарап (басқа да тәсілдермен) бал ашатын көріпкел-балгерлер мен жұлдызнамашылар туралы баяндап, оларға жүгінудің үкімін және бұл қалай жүзеге асатынын түсіндіруге кірісті.

БІРІНШІДЕН ТӨРТІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Муслим Пайғамбардың ﷺ әйелдерінің бірінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені туралы хадисін жеткізеді: «***Кімде-кім балгерге келіп, одан әлдебір нәрсе туралы сұраса, оның қырық күн намазы қабыл болмайды***» (Муслим 2230, Ахмад «Муснадта» 68/4, 380/5).

Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ келесі айтқандарын жеткізді: «***Кімде-кім сәуегейге (кәхин) келіп, оның айтқандарына сенсе, ол сонысымен Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты***» (Ахмад, 2/408, 476; Исхақ ибн Рахауайх «Муснадта», 482; әл-Бухари «әт-Тарих әл-Кабирде», 3/16; әд-Дарими, 1/275; Абу Дауд, 3904; әт-Тирмизи, 135; ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубрада», 9016, 9017; Ибн Мәжаһ, 639).

Әл-Хаким Абу Хурайрадан Бухари мен Муслимнің талаптарына сәйкес келетін, онда Пайғамбар ﷺ: «***Кімде-кім балгерге (ғарроф) немесе сәуегейге (кәхин) келіп, оның айтқанына сенсе, ол сонысымен Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты***», — деп айтқан хадисін келтіреді. Әл-Хаким мен төртеуі жеткізген («төртеуі» дегенде — Абу Дауд, ән-Нәсаи, әт-Тирмизи және Ибн Мәжаһ меңзеледі).

Абу Яғлә осыған ұқсас мауқуф хадисті жақсы иснадпен Ибн Масғудтан келтіреді.

- «***Кімде-кім балгерге келіп, одан әлдебір нәрсе туралы сұраса***»: яғни онымен бір мәжіліске қатысса, оған біреуді жіберсе, оған хат жолдаса, оның арналарына кірсе немесе олардың ішінде жұлдыз жорамалдары бар журналдарын сатып алса, не олар айтқан нәрселерді тыңдаса, — мұның барлығында ұлы зиян бар.
- «***...оның қырық күн намазы қабыл болмайды***»: егер адам балгерге барып, оған тіпті сенбесе де, жасаған күнәсінің себебінен намаздан сауап алмайды.
- «***Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты***»: яғни Құранға күпірлік танытты, өйткені онда былай делінген: ««**Көктер мен жердегі көместі Аллаһтан басқа ешкім білмейді. Олар қашан тірілтілетінін білмейді**», — деп айт» («ән-Нәмл» сүресі, 65-аят). Балгер-сәуегей ғайыпты біледі деп сенген адам діннен шығаратын үлкен күпірлікпен кәпір болады. Егер ол бұл туралы білімсіз болып, бірақ Құранда жалған нәрсе жоқ екеніне айқын сенсе, онда оның күпірлігі кіші күпірлік болады. Әдетте адамдар балшыларға сенбейді, бірақ бастарына әлдебір нәрселер түсіп жатса, сенеді.
- «***Балгерге (ғарроф)***»: бұл атау бал ашатындарға, жұлдызнамашыларға, жерде сызықтар сызу арқылы бал ашатындарға және әртүрлі әдістермен ғайыпты білеміз деп айтатын осындай адамдарға қатысты.

БЕСІНШІ ЖӘНЕ АЛТЫНШЫ ДӘЛЕЛДЕР

Имран ибн Хусойн Пайғамбардың ﷺ келесі сөздерін жеткізген: «***Әлдебір нәрсені жаман ырым деп санайтын немесе сол ырымдарға сенетін, балгерлікпен айналысатын немесе соларды тыңдайтын, сиқыршылық жасайтын немесе сиқырдың көмегіне жүгінетін адам — бізден емес. Ал сәуегейге келіп, оның айтқандарына сенген адам, сонысымен Мухаммадқа түсірілгенге күпірлік танытты***» (әл-Баззар, 3578 және ат-Табарани «әл-Кабирде», 18/162).

Тура осындай хадисті ат-Тобарани де «әл-Әусатта» Ибн Аббастан жақсы иснадпен келтіреді, бірақ онда «***Ал сәуегейге келіп...***» деген сөздерден басталатын оның аяқ жағы жоқ (ат-Тобарани «әл-Әусат», 4262. Ибн Ғади «әл-Кәмилде», 3/339 және басқалар).

Әл-Бағауи былай деді: «Балгер (ғарраф) — бұл белгілі бір белгілер арқылы шынайы фактілерді білетінін және ұрланған, жоғалған, т.с.с. зат-

тың қайда екенін көрсете алатынын мәлемдейтін адам». Сондай-ақ: «Бұл — сәуегей», — деп те айтылған. Сәуегей (кәхин) деп болашақта не болатынын хабарлайтын адам аталады. «Ол адамның ойындағы құпия ойлар туралы хабарлайтын адам», — деп те айтылған.

Абу әл-Аббас ибн Таймия былай деді: «Балгер (ғарраф) — бұл сәуегейді (кәхин), жұлдызнамашыны (мунәжжим), топырақпен бал ашатынды (роммәл), яғни осындай жолдармен (ғайып) нәрселерді білемін деп айтатынның әрбірін біріктіретін атау» (Қз.: «Мәжмуғ әл-Фатауа», 35/173, 193).

- «***Әлдебір нәрсені жаман ырым деп санайтын***»: бұл осыны өзі немесе басқалар үшін жасайтын адамдарға қатысты.
- «***сол ырымдарға сенетін***»: яғни ол осыны өзіне әмір ететін әрі өзі шін осыған разы болатын адам.
- «***Сиқырдың көмегіне жүгінетін адам***»: өйткені кейбір адамдар өздерінің жұбайларына шағымдан кісілерге: «Мен маған сиқыр жасап беремін, ал сен ештеңе істемейсің», — деп айтады, әрі әлгі шағымданушылар өздеріне бұл үшін күнә болмайды деп ойлайды.


ЖЕТІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас әріптер (сандар) арқылы сәуегейлік жасайтын және жұлдыздарға қарайтындар (бал ашатындар) туралы: «Мен осы нәрселермен айналысатындардың біреуі болса да Аллаһтың алдында жақсы үлеске ие бола алады деп ойламаймын», — деп айтқан (Ибн Уахб «әл-Жәмиғ», 690; Абду-р-Раззақ, 19805; әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубра», 8/139 және басқалар).

- Нумерологияны оқып-үйрену екіге бөлінеді:

  1. Рұқсат етілген — әріптік-сандық есептеулер үшін қолдану және осыған ұқсас мақсаттарда пайдалану. Ғалымдар әрдайым күндерді осылай жазып отырған.

  2. Тыйым салынған — оны жұлдыздардың қозғалысымен, олардың шығуы және батуымен байланыстыру.



СИҚЫРШЫЛАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

1) Шариғатқа сай дем салуға (руқияға) қайшы келетін әрекеттер жасау.

2) Түйіндер түйіп, оларға үшкіру.

3) Жеке-жеке әріптер мен түсініксіз сөздер жазу.

4) Әйелді немесе еркекті жақсы көргізу немесе жек көргізу үшін дауалау.

5) Жұлдыздарға қарап болжам айту.

6) Алақан немесе кесеге қарап бал ашу.

7) Анасының есімі туралы сұрау секілді сұрақтар қою.

8) Ғайыпты білемін деп мәлімдеу.

9) Ауырған адамға шариғатқа қайшы нәрселерді бұйыру, мысалы, намазды тастау немесе құрбандық шалғанда Аллаһты еске алмау.

10) Аурудың емделуін Аллаһтың емес, өзінің ықпалымен байланыстыру.

11) Оның шайтанның жақындарынан болуы.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Балгердіңсөзіне сену Құранға деген иманмен сыйыспайды. (Бұл күпірліктің ең үлкен түрлерінің бірі).

Екінші. Мұның күпірлік екендігін түсіндіру.

Үшінші. Балгерле бал ашқызатын адамдар туралы. (Олар да балгерсәуегейлер секілді, өйткені Пайғамбарымыз ﷺ олардан бас тартқан).

Төртінші. Ырым жасататын адамдар туралы.

Бесінші. Сиқыр жасататын адамдар туралы. (Өйткені олар да жазалануында сиқыршылармен бірдей).

Алтыншы. Нумерологияны оқып-үренетіндер туралы. (Бұл мәселені түсіндіру қажет).

Жетінші. Сәуегей (кәхин) мен балгер (ғарроф) арасындағы айырмашылық.

27. Сиқырды кетіру жайлы тарау

Кітаптың тараулары өте жүйелі түрде орналасқан. Шейх сиқыр туралы баяндағаннан кейін одан құтылу жолдарын да айтып өтуді жөн көрді. Сиқырдан шариғатқа сай әдістермен құтылуда Аллаһтың Дидарын қалаған адам үшін үлкен игілік бары сөзсіз.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Жәбир (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндайтын: “Аллаһтың Елшісінен ﷺ нушра (сиқырды басқа бір сиқырдың көмегімен кетіру) туралы сұрағанда, ол: «***Бұл шайтанның істерінің бірі***», — деп жауап берді” (Ахмад, 3/294; Абу Дауд, 3868).

Абу Дауд былай деді: “Бұл туралы Ахмадтан сұрағанда, ол: «Ибн Масғуд бұған толығымен тыйым салатын», — деп жауап берген”.

- **Нушра** (сиқырды басқа сиқыр арқылы кетіру): исламға дейінгі жаһилиет дәуірінде белгілі болған және қолданылған.
- «***Бұл шайтанның істерінің бірі***»: мұны шайтанға телу оның жиіркенішті әрі тыйым салынған іс екенін айқындай түседі.
- «...тыйым салатын»: саләфтардың (алғашқы мұсылмандардың) тілінде «كره» (кәриһа) сөзі тыйым салынғандыққа нұсқайтын.
- «Толығымен тыйым салатын»: яғни шайтанның істеріне жататын және басқа сиқырдың көмегімен жасалатын нушраға тыйым салатын.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Әл-Бухари Қатаданың мына хадисін жеткізген: «Мен Ибн әл-Мусайябтан: «Сиқырланған әрі (сондықтан да) әйеліне жақындай алмайтын адамды емдеумен айналысуға болады ма, әлде бұған тыйым салынған ба?» — деп сұрадым. Ол: «Бұда әлдебір айыпты нәрсе жоқ, өйткені ол осынысымен игілік жасауды қалап жатыр, ал пайдалы нәрсеге тыйым салынбайды», — деп жауап берді».

- طب «Тыбб» — сиқырдың бір атауы. Араб тілінде طب «тыбб» сөзі науқасты емдеуді де білдіреді, алайда бұл жерде сиқыр «жақсы нәтижеге үміттену» мағынасында солай аталған, мысалы, араб тілінде кейде әлдебір нәрсе шағып алған адамды «сау», ал сынған нәрсені «бүтін» деп те айтып жатады.
- «...әйеліне жақындай алмайтын адамды» — яғни ол ешқандай ауруға шалдықпаған болса да, бірақ сиқырдың әсерінен әйелімен жақындасуға қауқарсыз болып қалады. Бұл сиқырдың бір түрі.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Сондай-ақ әл Хасан әл-Басридің: «Сиқырды тек сиқыршы ғана кетіреді», — деп айтқаны жеткізіледі (Ибн әл-Жәузи «Жәмиғ әл-Масанид»).

Ибн әл-Қаййим былай деді: «Сиқырланған адамнан сиқырды алып тастау екі түрлі болады: біріншісі — (сиқырды) өзі сияқты сиқырмен (кетіру). Бұл шайтанның амалдарының бірі болып табылады, әрі әл-Хасанның сөздерінде (дәл осы) меңзеледі. Мұнымен сиқырды кетіруші де, сиқырланған адам да шайтанға оған сүйікті болған іс арқылы жақындайды, әрі сиқыр осылайша кетіріледі; екіншісі — сиқырды (шариғи) дем салумен (руқиямен), Аллаһқа дұға етумен әрі басқа да рұқсат етілген тәсілдермен кетіру».

«Сиқыр басқа сиқырмен емделеді ғой» дейтін адамға не айтамыз?

1) Бұл Құранға, Сүннетке және сахабалар мен ізгі салəфтардың (Аллаһ оларға разы болсын) ұстанған жолына қайшы келеді.
2) Бұда Құранмен және пайғамбарлық Сүннетте белгіленген дұғалармен емдеуге немқұрайлы қарау бар.
3) Бұл — сиқыр мен сиқыршыларды қолдау және олардың адамдар арасында таралуына жәрдемдесу.
4) Бұл — нақты бекітілген, яғни Құранмен және Сүннетте келген дұғалармен емдеудің орнына, негізсіз болған сиқырмен емделуге жүгіну.
5) Кімде-кім сиқырды басқа сиқыр арқылы емдесе немесе сондай жолмен емделсе, ол сиқырдан құтылу үшін міндетті түрде шайтанға ұнамды істерді жасау арқылы оған жақындауы қажет болады.

6) Егер сиқырланған адам сабыр етсе, оған Жәннат нәсіп етіледі, бұл туралы Пайғамбар ﷺ хабарлаған.

7) Сиқырды басқа сиқырмен кетіру — тек сиқырланған адамға жаңа сиқырды қосу болады.

8) Пайғамбарымызға ﷺ сиқыр жасалған болатын, бірақ ол сиқырмен емделмеген, керісінше, шариғатқа сай тәсілдермен емделген.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Сиқырды басқа сиқырмен емдеуге тыйым салынғандығы.

Екінші. Түсінбеушілікті жою үшін тыйым салынған нәрсемен мен рұқсат етілгеннің арасындағы айырмашылықты түсіндіру.

(Нушраны — сиқырды кетіруді — рұқсат еткендердің сөздері оның дұғалар, Аллаһқа жалбарыну және дәрілер арқылы жасалатын түріне қатысты. Ал тыйым салғандардың сөздері оның басқа сиқырмен емделуіне қатысты. Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі).

28. Ырымдарға қатысты (шариғатта) не келгендігі жайлы тарау

- Ырымдарға сену бірқұдайшылыққа қайшы келеді:

  1. Өйткені оған сенген адам Аллаһқа тәуекел етпейді, керісінше, Одан басқаға сүйенеді.

  2. Өйткені ол болмыста жоқ нәрсеге сүйенеді, ал бұл — адасу және елес, ал таухид — құлшылық және Аллаһтан көмек сұрау.
- «Ырымшылдық» (*татаййур*) — адамның көргеніне, естігеніне немесе білгеніне сүйене отырып, белгілі бір орынға немесе уақытқа қатысты оны жаман белгі деп санау:

  1. Көргеніне қатысты: мысалы, қара түсті құсты (немесе мысықты) көруді жаман белгі деп санау.

  2. Естігеніне қатысты: мәселен, бір адам маңызды іс жайлы ойлап отырғанда, басқа біреудің: «Әттең-ай, бәле ғой!...» — дегенін естіп, мұны жаман белгі деп қабылдауы.

  3. Білгеніне қатысты: мысалы, белгілі бір күндерді, айларды, жылдарды немесе жерлерді жаман белгі деп санау.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Ақиқатында, олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан. Бірақ олардың көбі білмейді**» («әл-Әғраф» сүресі, 131-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген: «(Елшілер оларға): «**Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз істегендеріңнен). Өздеріңе жасалған ескертуді жаман ырым деп санайсыңдар ма? Олай емес. Сендер шектен шығушы қауымсыңдар**”, — деді» («Я Син» сүресі, 19-аят).

- «**...олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан**», яғни олардың бастарына құрғақшылық пен аштық келуі — Аллаһтың қалауымен болған нәрсе, және Ол — мұны алдын ала тағдырға белгілеп қойған. Әрі бұл Муса мен (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оның қауы-

мына байланысты емес, керісінше, олар (яғни мұсылмандар) береке мен жақсылықтың себебі болып табылады.

- «**Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз істегендеріңнен)**», яғни сендермен бірге қоса жүреді. Әрі бастарыңа келіп тиген нәрселер — өз істеріңнің нәтижесі мен салдары, әрі оның себебі — өздерің.
- Бұл аяттар арасында қарама-қайшылық жоқ: біріншісі — мұның барлығы Аллаһтың тағдыры екенін көрсетсе, екіншісі — мұның себебі олардың өздерінде екенін және, шын мәнінде, олардың жаман ырымдары олармен бірге, яғни оларға қабаттасып жүретінін көрсетеді.

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Абу Хурайра Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Індет өздігінше тарамайды, жаман ырымдар (ешбір нәрсеге) ықпал етпейді, жапалақтың жылауы — өтірік, сапар айының сәтсіз екені де — өтірік***» (әл-Бухари, 5757, Муслим, 2220, 102). Муслимнің келтіретін нұсқасында келесідей қосымша бар: «***...Жұлдыздар (әлдебір нәрсеге) әсер етпейді әрі жауыз рухтар да (тылсым күштер де еш нәрсеге) әсер ете алмайды***» (Муслим 2220, 102).

Әнастан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Індет өзінен-өзі тарамайды, жаман ырымдар әлдебір нәрселерге ықпал етпейді, әрі маған жақсы белгі (нышан) ұнайды». Одан: «Ал жақсы белгі (нышан) деген не?***» — деп сұрағанда, ол: «***Жақсы сөз***», — деп жауап берді (әл-Бухари, 5756. Муслим, 2224).

- «***Індет өздігінше тарамайды***»: Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) надандық дәуіріндегі адамдардың аурулардың өздігінен жұғады деген сенімдерін жоққа шығарды. Яғни ауру — тек Аллаһтың қалауымен ғана жұғады.
- «***...жапалақтың жылауы — өтірік***»: яғни арабтар белгілі бір құсты көргенде, сапарға шықпайтын немесе басқа да істерінен бас тартатын.
- «***...сапар айының сәтсіз екені де — өтірік***»: мұнда үш мағына бар:

  1. Арабтар сапар айын сәтсіз деп санап, некелесуден немесе маңызды істерден бас тартатын.

2. Сапар деп олар түйелердің іш ауруын атайтын әрі оны жұқпалы деп санайтын.

3. Олар харам айлар мен сапар айының орындарын өзара ауыстырып, харам айларда соғысуға рұқсат беретін.

- «***Жұлдыздар (әлдебір нәрсеге) әсер етпейді***»: Кейбір арабтар Айдың және оған қатысты жұлдыздардың орналасуына қарап, белгілі бір жұлдыздарға қатысты: «Біз бұл жұлдызда жақсылық жоқ деп ойлаймыз», — ал басқалары болса керісінше: «Бұл бақыт пен жақсылықтың жұлдызы», — дейтін.
- «***....әрі жауыз рухтар да (тылсым күштер де еш нәрсеге) әсер ете алмайды***»: арабтар сапарға шыққанда олардың алдыларынан шайтандар шығып, жүректеріне үрей салатын, сонда олар сапарларынан бас тартатын.
- Пайғамбар ﷺ теріске шығарған нәрсе — бұл нәрселердің өздігінше болуы емес, алайда олардың әлдебір нәрсеге әсер етуі. Пенде өзінің қалаған нәрселеріне сеніммен ұмтылып, жүрегінде күмәнсіз Аллаһқа тәуекел етуі және Ол туралы жаман ойда болмауы тиіс.
- Бұл мәтіндер мен Пайғамбардың ﷺ: «***Егер бір нәрседе жаман ырым бар болса...***» деген хадисінің арасында қайшылық жоқ, өйткені:

1) Бұл хадис — мағынасы анық емес (муташабих), ал жаман ырымды айыптайтын және оны ширк деп көрсететін мәтіндер — мағынасы айқын (мухкам).

2) Кез келген жаман ырым — айыпталатын нәрсе, ал шынайы түрде пайда беретін де, зиянды қайтаратын да — жалғыз Аллаһ.

3) Пендеге Аллаһтың тағдырының бірінен екіншісіне қашу рұқсат етілген, яғни себептерге сүйеніп әрекет ету бекітілген, бірақ ырымға сенуге болмайды.

4) Хадистегі жаман ырым оған сенетінге байланысты айтылған, ал Аллаһқа тәуекел етіп, ырымға сенбейтіндерге оның қатысы жоқ.

5) Кімде-кім Аллаһтан өзге нәрседен қорықса, ол соған бағынышты болады. Дәл сол секілді, кімде-кім Аллаһтан басқа біреуді жақсы көрсе, сонымен сыналады, ал кімде-кім Аллаһтан басқаға үміт етсе, ол соның көмегінсіз қалады. Мұны Ибн әл-Қаййим (Аллаһ оны рахым етсін) айтқан.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ


Абу Дауд, Аллаһ оны рахым етсін, сенімді иснадпен Уқба ибн Амирдің (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндаған хадисін келтіреді: «(Бірде адамдар) Аллаһ Елшісінің ﷺ қасында жаман ырымдар туралы әңгіме қозғағанда, ол былай деді: “***Оның ең жақсысы — игі нышан әрі ол мұсылманды (ойлаған істерінен) кері бұрмайды. Ал егер әлдебіреуің өзіне ұнамайтын қандай да бір нәрсені көрсе: «Уа Аллаһ, Сенен басқа ешкім жақсылық келтірмейді, әрі Сенен басқа ешкім жамандықты қайтармайды! Әрі Сенен басқа ешкімнен күш те, қуат та жоқ!***» — деп айтсын” (Абу Дауд, 3719).

ЖАҚСЫЛЫҚ НЫШАНЫ МЕН ЫРЫМ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

ЖАҚСЫЛЫҚ НЫШАНЫ	ЫРЫМ
Бұл — адамның еститін немесе көретін, оны жақсы іске ынталандыратын сөздер мен әрекеттер.	Бұл — адамның көргені, естігені немесе білгені негізінде қандай да бір жерге немесе уақыт кезеңіне қатысты жаман ырым деп сенуі.
Аллаһқа деген тәуекелді күшейтеді.	Аллаһқа деген тәуекелді азайтады.
Мұстахаб болып табылады.	Егер адам оны себеп деп санаса, бұл — кіші ширк (көпқұдайшылық). Егер оның өздігінен әсер ететініне сенсе, бұл — үлкен ширк болып саналады.
Бұл Аллаһ жайлы жақсы ой.	Бұл Аллаһ жайлы жаман ой.
Бұл — таза бірқұдайшылықты жүзеге асырған мұсылманға тән сипат.	Бұл екіжүзділер мен кәпірлерге тән сипат.

Олар адамның осыған күш салып немесе арнайы ұмтылыс жасауынсыз-ақ орын алады.	Адам оған саналы түрде ұмтылуы мүмкін, мысалы, құстардың ұшу бағытына қарап бал ашу сияқты.
Көргенің немесе естігенің — қандай да бір істі бастауға немесе тоқтатуға себеп болмады, ол тек қуаныш пен жігер береді.	Бұл — көргеніңе немесе естігеніңе сүйеніп, қандай да бір істі орындауыңа немесе оны тастауыңа себеп болатын нәрсе.
Адамның Аллаһқа тәуекел етуіне әкеледі.	Адамды Аллаһқа емес, ырым-жырымдарға тәуекел етуге итермелейді.

- Бірінші мысал: Бір адам үйленгісі келіп, қыздың есімін сұрайды. Егер оған қыздың аты «Һана» (هناء), яғни «жеңілдік» деп айтылса, ол үйленеді. Басқа біреу де қыздың атын сұрайды, егер оған «Сохра» (صخرة), яғни «жартас» деп айтылса, ол үйленуден бас тартады. Бұл екі жағдай да ырымшылдыққа жатады, өйткені ырымның қандай да бір істі істеуге немесе бас тартуға себеп болуы.
- Екінші мысал: Бір адам үйленуге нақты шешім қабылдаған соң, қыздың атын сұрайды. Егер оның аты «Суғад» (سعاد), яғни «бақыт» болса, ол қуанады. Бұл — жақсы нышанға жатады, өйткені ол шешіміне әсер етпейді, тек қуаныш сыйлайды.
- Кейбір адамдар Құран Кәрімді ашып, одан жорамал жасайды: егер онда Тозақ туралы аят көрсе, оны жаман белгі деп есептейді; ал егер Жәннат туралы аят көрсе, оны жақсылыққа жориды. Бұл — исламға дейінгі надандық дәуіріндегі адамдардың жебемен бал ашқаны секілді.
- «‘Уқба ибн Амир»: Кейбір деректерге сәйкес, дұрысы — ‘Уруа ибн Амир.
- “**Мұсылманды ісінен қайтармайды**” деген сөзден түсінетініміз: кімде-кім ырымшылдықтың кесірінен өз ісінен бас тартса, ол шынайы мұсылман болмайды.
- **“Күш-қуат тек Сенде**” деген сөздегі “би-” (الباء) бөлшегі үш түрлі мағына береді: 1) “фи-” (في) мағынасында, яғни ішінде; 2) жәрдем сұрау мағынасында; 3) себепке нұсқайды.



АЛТЫНШЫДАН СЕГІЗІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ келесі хадисін баяндайтын: «***Ырымдарға сену — ширк! Ырымдарға сену — ширк! Ырымдарға сену — ширк!***» Содан соң ол (Ибн Масғуд): «***Ал біздің әрбіріміздe... Алайда оны Аллаһқа тәуекел кетіреді***», — деп қосты. Абу Дауд пен әт-Тирмизи жеткізген сенімді хадис. Соңғы сөздерді Ибн Масғуд айтқан (Абу Дауд 3910, әт-Тирмизи 1614).

Ахмад (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Ибн Амрдың (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардан ﷺ жеткізген мына хадисін келтіреді: «***Кімдекім әлдебір істі жаман ырымның себебімен тастаса, сол көпқұдайшылық жасады***». Адамдар: «Ал мұның өтемі қандай, уа Аллаһтың елшісі?», — деп сұрады. (Сонда) ол: «Сендер: «***Уа Аллаһ! Сенің жақсылығыңнан басқа жақсылық жоқ, әрі Сенің жамандығыңнан басқа жамандық жоқ, және Сенен басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ», — деп айтуларың керек***», — деп жауап берді (Ахмад 220/2).

Ол сондай-ақ әл-Фәдл ибн әл-Аббастан мына хадисті де келтіреді: «Ырым — бұл сені әлбір іс-әрекетке итермелейтін немесе одан бет бұрғызатын нәрсе» (Ахмад 213/1).

- «***Ал біздің әрбіріміздe...***», яғни әрбір адам белгілі бір белгілерге мән беруі мүмкін. Бұл — жаман нәрселерді елемеу, құрамында ширк бар сөздерді тастау және сөйлеген сөздерде таухидті (бірқұдайшылықты) жүзеге асыру. Тіпті күпірлік сөзін айтқанның әрбірі осынысымен кәпір бола бермесе де..

- «***Алайда оны Аллаһқа тәуекел ету кетіреді***» — бұл Аллаһқа шынайы тәуекел ету, яғни пайдалы нәрсеге қол жеткізуде және зиянды нәрседен сақтануда Оған ғана сенім арту, сондай-ақ Аллаһ себеп еткен себептерді орындау.

Ырымшылдықтан қалай құтылуға болады?

1) Бірқұдайшылықты шынайы түрде ұстану, өйткені Аллаһқа тәуекел ету арқылы адам ырымшылдықтан арылады және жүрегі тыныштық табады.
2) Пайғамбар ﷺ үйреткен дұғаны оқу: «***Уа Аллаһ! Сенің жақсылығыңнан басқа жақсылық жоқ, әрі Сенің жамандығыңнан басқа жамандық жоқ, және Сенен басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ***».
3) Жаман ырымдарға сенбеу әрі әлдебір жаман белгілерге көңіл бөлмеу, әлдебір нәрсені жақсы ырым деп емес, жақсылық нышаны деп көру.
4) Алғашқы қиындыққа тап болғанда істі бірден тастамай, оны Аллаһ жолды ашқанға дейін қайталап талпыну.

ЖЕРЕБЕ МЕН ЖЕБЕ АРҚЫЛЫ БОЛЖАУ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

ЖЕРЕБЕ	ЖЕБЕ АРҚЫЛЫ БОЛЖАУ
Рұқсат етілген.	Үлкен күнә болып табылады, құмар ойындарының бір түрі.
Ол арқылы шариғат мақсаттарына қол жеткізіледі.	Ол арқылы шариғат мақсаттарына қол жеткізілмейді.
Құқықты кім иеленетінін анықтау үшін қолданылады, алайда егер онсыз шешілсе, әркімнің оған құқығы болар еді.	Жақсы мен жаманды айыру үшін қолданылады және ғайыпты (жасырын білімді) білуге талпынуға ұқсас, өйткені мұнда сәттілікке сүйену бар.
Бірқұдайшылдарға тән.	Көпқұдайшылдарға тән.

Бұған мысал ретінде бірінші сапта намаз оқу немесе азан айту құқығын анықтау үшін жеребе тартуды келтіруге болады.	Бұған мысал — тиын лақтырып, істеу не істемеу арасында таңдау жасау.
Егер құқықты теңдей бөлісу мүмкін болмаса, жеребе тарту арқылы кімге тиесілі екенін анықталады.	Егер құқықты теңдей бөлісу мүмкін болса, оны осындай жолмен анықтау — харам.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың келесі сөздеріне нұсқау: «**Ақиқатында, олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан. Бірақ олардың көбі білмейді**» («**әл-Ағраф**» сүресі, 131-аят) және «(Елшілер оларға): «**Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз істегендеріңнен). Өздеріңе жасалған ескертуді жаман ырым деп санайсыңдар ма? Олай емес. Сендер шектен шығушы қауымсыңдар**», — деді» («Я Син» сүресі, 19-аят). (Бұл аяттар арасында қарама-қайшылық жоқ).

Екінші. Үндетті теріске шығару. (Яғни олардың өздігінше (Аллаһтың қалауынсыз-ақ, таралуын терсіке шығару, өйткені олар себеп қана).

Үшінші. Ырымдарды жоққа шығару. (Бұл жерде аталған нәрселердің (мысалы, жапалақтың дауысы) өзі емес, олардың әсері жоққа шығарылады).

Төртінші. Жапалаққа қатысты ырымдардың жоққа шығарылуы. (Арабтар оны жаман белгі санаған).

Бесінші. Сапар айының жамандық әкелетініне сенудің жоққа шығарылуы (Уақыт кезеңдері Аллаһтың тағдырына әсер етпейді. Сапар айы да басқа уақыттар сияқты — онда игілік те, жамандық та алдын ала белгіленген. Алайда кейбір адамдар өз ісі сапар айында аяқталса: «Ісім игі айда бітті», — деп айтады. Бұл — бидғатты бидғатпен, надандарды басқа надандықпен «емдеу», өйткені бұл ай — қайырлы немесе жаман ай болып табылмайды).

Алтыншы. Жақсы нышан жоғарыда айтылғандарға жатпайды, керісінше, ол құпталатын амал болып табылады.

Жетінші. «Жақсы нышан» ұғымының түсіндірмесі. (Бұл адамның мақтаулы іс жасауына жігер беретін нәрсе).

Сегізінші. Егер осыдан (ырымдардан) болған әлдебір нәрсе адам жү-

регіне келіп қалса да, бірақ адам оны айыптаса, бұл оған зиян тигізбейді, керісінше, Аллаһ оған тәуекел ету арқылы одан құтылуды нәсіп етеді.

Тоғызыншы. Осы нәрсені өзінен байқаған адам айтатын сөзге нұсқау. («Уа Аллаһ, Сенің жақсылығыңнан өзге жақсылық жоқ...»).

Оныншы. Жаман ырымға сенудің ширк (Аллаһқа серік қосу) екенін түсіндіру. (Егер адам оның өзі өздігінше әсер етеді деп сенсе — бұл үлкен ширк, ал егер оны тек себеп деп білсе — бұл кіші ширк).

Он бірінші. «Айыпталатын жаман ырым» ұғымының түсіндірмесі. (Бұл сізді бір нәрсені жасауға немесе одан бас тартуға мәжбүрлейтін нәрсе).

29. Жұлдыздар жайлы білім (тәнжим) туралы тарау.

Жұлдыздар туралы білімдер астрология да (жұлдыздардың әсері) және астрономия да (жұлдыздардың қозғалысы) туралы болғандықтан, шейх мұны көпқұдайшылық деп айтпады.

БІРІНШІДЕН ҮШІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Әл-Бухаридің «әс-Сахихында» келесі хадис келтіріледі: «Қатада (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «Аллаһ осы жұлдыздарды үш себеппен жаратты: олармен аспанды безендіру үшін, олармен шайтандарды ұрып түсіру үшін, сондай-ақ олар адамдар үшін бағыт нұсқаушы белгі болуы үшін. Ал кімде-кім олар тағы да басқа нәрселер үшін жаратылған деп сенсе, ол қателесті, (діндегі) өз үлесінінен айырылды, әрі өз мойнына өзінде ол туралы білімі болмаған нәрсені жүктеді»» (әл-Бухари (муғалләқ түрінде) 614).

Қатада (оған Аллаһ разы болсын) айдың жұлдыздарға қатысты орналасуын (айдың фазаларын) зерттеуге тыйым салатын. Мұны, сондай-ақ, бұл туралы Харб (Аллаһ оны рахымына бөлесін) жеткізгендей, Ибн Ғуяйна да рұқсат етпейтін.

Бірақ Ахмад пен Исхақ мұны рұқсат ететін.

- Салиқалы сәләфтардың жұлдыздардың орналасуын зерттеуге тыйым салу туралы сөздері астрологияға қатысты.
- Жұлдыздардың орналасуын зерттеудің рұқсат етілгендігі туралы салиқалы сәләфтардың айтылғанның бәрі астрономияға қатысты.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Муса (әл-Әшғари) (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндайтын: «Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деді: «***Үш топ адам Жәннатқа кірмейді: маскүнемдер, туысқандық қатынастарды үзетіндер және сиқырға сенетіндер***»» (Ахмад 399/4, Ибн Хиббан 1380, 1381).

- «***Жәннатқа кірмейді***»: бұл қорқытып-ескерту хадистерінің қатарына жатады. Біз оларды өз күйінде қалдырамыз және (кешірім мен Жәннат) уәде етілген басқа мәтіндермен қарама-қарсы қоймаймыз, өйткені бұл тыйым салынған нәрселерден тыюда әсерлірек.
- «***Маскүнем***»: мас қылатын сусындарды (хамр) көп ішетін адам. Хамр — ақыл-ойды тұмандатып, қуаныш пен қозу сезімдерін әкелетін кез келген ішімдік.
- «***Туыстық байланыстарды үзуші***»: «әр-рохим» (الرحم) — туыстық байланыс. Шариғатта оның шекарасы нақты анықталмағандықтан, ол шариғатқа қайшы келмейтін әдет-ғұрыпқа қайтады.
- «***Сиқырға (астрологияға) сенуші***»: бұл хадистің осы бапта келтірілуінің мақсаты, яғни астрология сиқырдың бір түрі. Болып табылатынында.

ҮЛКЕН КҮНӘЛАР (КӘБӘИР) ЖАЙЛЫ

- «Кәбәир» (үлкен күнәлар) ұғымының анықтамасы. Шейхул-ислам (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді: «Үлкен күнәлар — олар үшін Аллаһ тарапынан арнайы жаза бекітілген барлық істер». Бұл жаза — лағынет, ашу, (Аллаһтың рахымынан) алыстату, мұндай әрекетті жасаған адамнан бас тарту, олардың кәпір немесе мушрик екеніне, мұсылман емес екеніне немесе олардың нашар жануарларға теңелгеніне нұсқау жасау.
- Оларды жасаушының үкімі. Ол өзінің иманының себебінен мұсылман, ал жасаған күнәсінің себебінен пасық болып табылады әрі — Аллаһтың қалауының астында болады: Ол қаласа — оны кешіреді, ал қаласа — азаптайды.
- Үлкен күнәлар белгілі бір санмен шектеле ме, жоқ па? Олар нақты санмен емес, жоғарыда аталған анықтамамен шектеледі.
- Қайсысы ауыр: үлкен күнәлар ма, әлде кіші ширк па? Күнәлар (ауырлық дәрежесіне қарай) бөлінеді: алдымен — кіші күнәлар, содан кейін — үлкен күнәлар, содан кейін — кіші ширк, ал ең соңында — үлкен ширк. Аллаһ Тағала былай деді: «Аллаһ өзіне серік қосылуды кешірмейді де, бұдан өзге (күнәларды) қалаған кісісіне кешіреді» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят). Сондай-ақ Ибн Масғуд та (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «Мен үшін Аллаһпен жалған ант ету — шындықты айтып болса да, бірақ Одан өзге нәрсемен ант етуден жақсырақ», — деген.

- Үлкен күнәлар ізгі-салиқалы амалдар жасау себебімен кешіріле ме? Жоқ, олардан арылу үшін міндетті түрде тәубе жасау қажет. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: ««Егер жоқтау айтатын әйел қайтыс болғанға дейін тәубе етпесе, Қиямет Күні қара шайырдан киім киген және үстін қатпар (қышыма-қотыр) қаптаған күйінде қайта тіріледі», — әрі ол сондай-ақ былай деген: «Жұма (намазына қатысу) одан бұрыңғы жұма арасындағы күнәларды өшіреді..., егер адам үлкен күнәлардан аулақ болса».
- Егер адам кейбір күнәлары үшін тәубе етіп, басқаларын тастамаса, оның тәубесі қабыл бола ма? Иә, тек кейбір күнәларға жасалған тәубе қабыл болады, бірақ адам барлық күнәларын тастауға міндетті.
- Үлкен күнәларды жасаған адамдарды жақсы көру керек пе, әлде жек көру керек пе? Біз оларға қатысты имандарының дәрежесіне сәйкес жақсы көру және күнәларының дәрежесіне сәйкес жек көру танытуымыз керек әрі үлкен күнәларды жасап жатқан адамдармен бірге болмауымыз қажет.
- Үлкен күнәлардың дәрежелері әртүрлі ме? Иә, әртүрлі. Өйткені Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: «Сендерге үлкен күнәлардың ең үлкендері туралы хабарлайын ба?»
- Үлкен күнәлар жасаушы адамды қалай атаймыз?

  Ол — иманы себебінен мүмин (мұсылман), ал күнәларының себебінен пасық (бұзақы-күнәхар) болады. Ол — иманы толықсыз, кемістікті мүмин (мұсылман). Біз мұржилер сияқты: «Ол — толық иман иесі», — деп айтпаймыз және хауриждер сияқты: «Ол — кәпір», — деп те айтпаймыз.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Жұлдыздардың жаратылу даналығы. (Аспанды көркемдеу, шайтандарды ұрыптүсіру және жолаушыларға бағыт көрсету).

Екінші. Жұлдыздарға бұдан басқа мағына беретіндерді теріске шығару. (Астрология).

Үшінші. Аспан денелерінің орны туралы білімге қатысты ғалымдардың пікірлері әртүрлі болғанын атап өту.

Төртінші. Сиқырдың негізсіз (дұрыс емес) екенін білсе де, алайда сиқырға жататын әлдебір нәрселерге сенетін адамға қатысты келген қорқыту.

30. Жұлдыздардан жаңбыр тілеу туралы тарау

1) Үлкен ширк — егер адам жаңбыр сұрап жұлдыздарға жалбарынса немесе олардың адамдардың қажетін өтейтіндігіне сенсе.

2) Кіші ширк — егер ол жұлдыздарды тек себеп деп санап, ал жаңбырды жарататын және жаудыратын Аллаһ деп сенсе.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**(Ақиқатты) жасынға шығаруларыңды өздеріңе ризық-несібе етесіңдер ме?**» («әл-Уақиға» сүресі, 82-аят).

Абу Мәлик әл-Әшғари (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: «***Менің үмметімде адамдар соларды тастамай ұстанатын төрт нәрсе (Исламға дейінгі) надандықтың (жаһилиеттің) істерінен болып табылады: шыққан текпен мақтану (немесе ата-бабаларының ұстанғанымен тәкаппарлану), өзгенің шыққан тегін қаралап-кемсіту, жаңбырдың жауын жұлдыздармен байланыстыру және өлілерге жоқтау айту». Содан соң ол: «Егер жоқтау айтатын әйел қайтыс болғанға дейін тәубе етпесе, Қиямет Күні қара шайырдан (немесе балқытылған мыстан) киім киген және үстін қатпар (қышыма-қотыр) қаптаған күйінде қайта тіріледі***», — деп қосты (Муслим, 934).

- «**(Ақиқатты) жасынға шығаруларыңды**»: бұның Аллаһтан екенін теріске шығарып, оны басқаға телитіндеріңді.
- «***Төрт нәрсе***»: бұл сан шектеуді білдірмейді, өйткені бұған ұқсас көптеген нәрселер бар, бірақ Пайғамбарымыз ﷺ білімді жинақтап, оны түсінуді және есте сақтауды жеңілдету үшін осылай атады.
- «***Жаһилиет***»: Пайғамбар ﷺ жіберілгенге дейінгі надандық дәуірі. Бұл термин осы сипаттардан жирендіру үшін қолданылған, өйткені олардың әрқайсысы надандық пен азғындықтың белгісі.
- «***...тастамай ұстанатын***»: бұл оларды рұқсат ету емес, керісінше, ескерту және сақтандыру.

- «***...шыққан текпен мақтану***»: өзінің абыройы мен үстемдігі себебінен өзін өзгелерден жоғары қою. Алайда әлдебір нәрсені мақтаныш ету тәкәппарлыққа алып келмейтін және басқаларды кемсітіп-менсінбеуге жол бермейтін тақуалықпен бірге болуы да мүмкін. Мысалы, Аллаһ Тағала өз пендесіне игіліктерін арттырған сайын, бұл оның бойында ақиқат алдында кішірейіп басқа адамдарға қатысты кішіпейіл болуды тек арттыра беретін жағдай.
- «***өзгенің шыққан тегін қаралап-кемсіту***»: мысалы: «Сен тері илеушінің баласысың», — деп біреудің шыққан тегін қорлау.
- «***жаңбырдың жауын жұлдыздармен байланыстыру***»: бұл осы хадистің осы бапта келтірілуінің себебі. Бұл сөз тіркесінің мағынасы — жаңбырдың жауын жұлдыздармен байланыстыру.
- «***Жоқтау айтушы әйел***»: қайтыс болған адамды дауыстап жылап жоқтайтын әйел.
- «***Тіріледі***»: қабірінен тірілтіліп тұрады. «**Киім**»: ұзын киім. «**Қара шайыр**»:шайыр немесе балқыған мыс деген мағынаны білдіреді.
- «***...үстін қатпар (қышыма-қотыр) қаптаған күйінде қайта тіріледі***»: адамның денесінің кез келген жанасуға қатты қышумен әсер ететін тері ауруы. Бұл сөздің мағынасы — оның бүкіл денесін қышыма қаптайтыны. Егер шайыр (немесе балқыған мыс) пен қышыма қосылса, бұл жағдай азапты одан сайын күшейтеді. Бұл — оның басына түскен қайғы-қасіретке сабыр етпегені үшін берілетін жаза, өйткені жаза амалға сәйкес болады.

Қиямет күні (Яуму-л-Қияма) осылай аталу себептері:

1) Онда Таразы орнатылады («туқому»): «**Қиямет күні әділ таразылар орнатылады**».	2) Куәлар келтіріледі (юқому): «**Куәлар келтірілетін сол күн**».	3) Адамдар қайта тіріледі («юқому»): «**Сол күні адамдар әлемдердің Раббысының алдына тұру үшін тіріледі....**».

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Зәйд ибн Холид (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ жаңбыр жауып болған бойда олармен бірге Худайбияда таң намазын оқығанын хабарлаған. Намаздан соң ол адамдарға бұрылды да: «***Раббыла-***

рың не дегенін білесіңдер ме?» — деді. Адамдар: «Аллаһ пен Оның Елшісі жақсырақ біледі», — деді. Сонда Пайғамбар ﷺ былай деп айтты: «Ол: «***Менің құлдарымның арасынан Маған иман келтіргендер және иман келтірмегендер айқын болды. Егер адам жаңбыр Аллаһтан және Оның рахымымен жауады десе, ол Маған иман келтіреді де, жұлдыздарға иман келтірмейді. Ал егер адам жаңбыр әлдебір жұлдыздың себебімен жауады десе, онда ол Маған иман келтірмейді де, жұлдыздарға иман келтіреді***», — деді» (әл-Бухари 846, Муслим 71).

Муслим (Аллаһ оны рахымына бөлесін) осыған ұқсас хадисті Ибн Аббастан (оған Аллаһ разы болсын) жеткізген, әрі онда кейбір адамдардың: «Пәлен жұлдыз үмітті ақтады», — деп айтқаны, әрі сол кезде Аллаһ Тағала мына аяттарды түсіргені хабарланады: «**Жұлдыздардың орындарымен ант етемін. Егер білсеңдер, бұл — ұлы ант. Шын мәнінде, ол Сақтаулы Кітаптағы (Ләух әл-Махфуздағы) Ардақты Құран. Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды. Ол әлемдердің Раббысынан түсірілген. Сендер осы сөздерді құр көресіңдер ме? Әрі (ақиқатты) жасынға шығаруларыңды өздеріне ризық-несібе етесіңдер ме?**» («әл-Уақиға» сүресі, 75-82 аяттар). Муслим (73).

- «فَلَا» (Фә-лә) — араб тіліндегі «әл» демеулігі осында ерекше назар аудару үшін, яғни «Мынаған мән бер! (Аллаһ) жұлдыздардың орындарымен ант етті» деген мағынада қолданылған.
- Аллаһ шыншыл болғандықтан, Ол ант етуге мұқтаж емес, бірақ Оның ант етінің қандай пайдасы бар?

  1) Бұл — арабтардың сөйлеу мәнері, яғни олар маңызды нәрсені антпен бекітетін.

  2) Бұл — мүминдердің сенімін арттыру үшін қажет. Ал пенденің сенімін арттыратын бекіту демеуліктерін қолдануға еш нәрсе кедергі болмайды.

  3) Аллаһ Оның құдіреті мен шексіз біліміне нұсқайтын ұлы нәрселермен ғана ант етеді.

  4) Ант етілген нәрсесінің мәртебесіне нұсқау үшін, өйткені Аллаһ тек ұлы нәрселермен ант етеді.

  5) Ант кімге берілсе, соның маңыздылығын әрі оның ант беруге лайық екендігін көрсету.
- «**Ардақты Құран**»: яғни 1) ғажайып, ең керемет Кітап, әрі Құраннан асқан көркем ештеңе жоқ; 2) мол сыйлар беруші, яғни ол Құ-

ран адамдарына (әһлю-л-Қуръан) дүниелік әрі діни, материалдық әрі рухани игіліктер нәсіп етеді.

- «**Сақтаулы Кітаптағы**»: бұл «әл-Ләухул-Махфуз» немесе перштелердің қолдарындағы жазбалар.
- «**Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды**»: перштелер. Әрі осыда күнәлардан тазаланған жүрек Құранды жақсырақ түсінетініне нұсқау бар.
- «**Түсірілген**»: бұл бірнеше нәрсеге нұсқайды:

  1) Құран барлық жаратылыстарға түсірілген және Пайғамбарымыздың ﷺ пайғамбарлық миссиясы баршаға ортақ;

  2) Ол олардың Раббысынан түсірілген. Егер солай болса, онда ол олардың арасында үкім етуші Заң болып табылады;

  3) Құранның түсірілуі — Аллаһтың Раббылығының кемелдігінің әрі Оның өз құлдарына деген мейірімінің дәлелі;

  4) Құран — Аллаһтың сөзі, ол Аллаһтан түсірілген және жаратылмаған.
- «**Сендер осы сөздерді құр көресіңдер ме?**»: Сендер оны өтірік санайсыңдар, алайда сендердің осылай істеулерің дұрыс емес, өйткені Құранмен келген адамның сөзіне сену тиіс.
- «**(Ақиқатты) жасынға шығаруларыңды өздеріңе ризық-несібе етесіңдер ме?**»: Аллаһқа деген шүкіршіліктеріңді күпірлік жасау арқылы білдіресіңдер ме, бұл — ақымақтық емей не?

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әл-Уақиға» сүресінің 82-аятын тәпсірлеу: «**(Ақиқатты) жасынға шығаруларыңды өздеріңе ризық-несібе етесіңдер ме?**».

Екінші. Надандық (жәһилия) дәуірінен қалған төрт сипаттың аталуы. (Тектілікпен мақтану, басқа адамдардың шыққан тегін қорлап-кемсіту, жаңбырдың жауын жұлдыздарға телу, өлгендерді жоқтап жылау).

Үшінші. Бұл сипаттардың кейбіреуі күпірлікке жатады. (Жаңбырдың жауын жұлдыздарға телу және өлгендерді жоқтап жылау).

Төртінші. Кейде күпірлік деп мұсылман адамды діннен шығармайтын нәрселер де аталады. (Мысалы, жаңбырды жұлдыздарға телу: кейде бұл діннен шығаратын күпірлік, ал кейде кіші күпірлік болуы мүмкін).

Бесінші. Аллаһ Тағаланың ««**Менің құлдарымның арасынан Маған иман келтіргендер және иман келтірмегендер айқын болды...**» деген сөздері Аллаһтың нығметтерін мойындау мен оларды жоққа

шығаруға қатысты. (Егер адамға нығметтер сый етілсе, ол оны тек себептерге емес, Аллаһқа телуі тиіс).

Алтыншы. Осы жағдайда көрініс табатын иманның түсіндірмесі. (Өйткені ол бұл нығметті Аллаһтың жомарттығы мен мейіріміне жатқызды).

Жетінші. Осы жағдайда көрініс табатын күпірліктің түсіндірмесі. (Өйткені ол бұл нығметті жұлдыздарға теліді).

Сегізінші. «**Мына жұлдыз біздің үмітімізді ақтады**» деген сөздің мәні. (Яғни бұл нәрсе осы жұлдыздың себебінен орын алды).

Тоғызыншы. Ғалымның өз шәкірттерінің назарын аудару үшін сұрақ қоюы. Бұған мысал — Пайғамбардың ﷺ «**Сендердің Раббыларың не айтқанын білесіңдер ме?**» деген сұрағы. (Бұл жүректердің сергек болуына себепші болады, әрі бұл — оның ﷺ керемет оқыту әдістерінің бірі).

Оныншы. Жылап жоқтаушыны қатал жазамен қорқыту. (Ол Қиямет күні шайырдан (немесе балқыған мыстан) жасалған киім киіп, денесін қышыма басқан күйде тіріледі).

Алтыншы бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (7 тарау)

Бірінші тапсырма: Келесі нәрселердің арасындағы айырмашылық қандай?

Жақсы нышан Ырым

1 …… ……

2 …… ……

3 …… ……

Жеребе Жебелермен бал ашу

1 …… ……

2 …… ……

3 …… ……

Екінші тапсырма: Дұрыс жауаптың тұсына белгі қой немесе сөйлемді толықтыр.

1) Сиқырдың белгілері:

1……

2……

3……

4……

5……

2) Умардың тағутты шайтан деп түсіндіруі мысалмен тәпсірлеу болып табылады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

3) «**Бұны (астрологияны) иемденгенге**» деген сөздің мағынасы: ……

«**Несібе жоқ**» деген сөздің мағынасы: ……

4) «**Аулақ болыңдар**» сөзі «тастаңдар» сөзінен шешендік тұрғыдан күштірек, себебі: «Аулақ болыңдар» сөзі тек тастауды ғана емес, сонымен бірге одан барынша алыс болуды да білдіреді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

5) «**Жеті опат етуші күнәдан**» деген сөздер опат етуші күнәлар тек жетеу екенін білдірмейді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

6) Шариғат мәтіндерінде әлдебір санның аталуында ерекше мағына бар ма?

.....

7) Егер оның ешқандай мағынасы болмаса, ол не үшін айтылады?

.....

8) Өлтіруге тыйым салынған адамдардың санаттары саны:

☐ 3 ☐ 4

9) Өсімді:

☐ жеу ғана тыйым салынған

☐ тек жеу ғана емес, пайдалану да тыйым салынған

10) Жетім деген бұл, мейлі ол ұл болса да, қыз болса да, балиғат жасқа жетпеген әрі:

☐ әкесі қайтыс болған бала ☐ анасы қайтыс болған бала

11) Арлы әйелдер дегеніміз:

☐ Азат әйелдер

☐ Зина жасамайтындар әйелдер

12) Басшы сиқыршыны өлім жазасына кесуі тиіс:

☐ Оның тәубесіне қарамастан

☐ Тәубесінен кейін

12) «Жибт» сөзі нені білдіреді?

☐ Сиқыр

☐ Кез келген пайдасыз нәрсе, оған сиқыр және соған ұқсас нәрселер жатады

13) «Тағут» сөзі нені білдіреді?

☐ Шайтан

☐ Пенде оған қатысты құлшылықта, бағынуда және ілесуде шектен шығатын кезкелген нәрсе

14) Құстың ұшу бағытына қарап бал ашу — жаман ырым (*татайүр*).

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

15) Астрологияның кейбір түрін үйренген адам сиқырдың бір бөлігін үйренген болып есептеледі.

☐ Дұрыс ☐ Дұрыс емес

16) Аспан денелері:

☐ Жердегі жағдайларға әсер етеді

☐ Әсер етпейді

17) Жұлдыздар туралы ғылымның түрлері:

..... оның үкімі .....

..... оның үкімі .....

18) Өсек пен ғайбаттың сиқыр тарауында келу себебі:

☐ Кейбір кітаптардың көшірмесінде кеткен қате

☐ Адамдардың арасын бөліп-ажыратуда сиқырмен ұқсастығы бар

19) «**Шын мәнінде, шешендікте сиқыр бар**»:

☐ Бұл мақтау ☐ Бұл айыптау

☐ Бұл шындықты түсіндіру, ал оның үкімі оның әсеріне байланысты

20) Балгер (ғарраф) деген кім?

☐ Тек балгер ☐ Бұл жалпы атау

21) Шейх балгерлер туралы тарауды қандай мақсатпен келтірген?

☐ Олардың кім екенін түсіндіру үшін

☐ Адамдар оларға қалай жүгінетінін көрсету үшін

☐ Олардың шариғаттағы үкімін түсіндіру үшін

☐ Барлық жауап дұрыс

22) Нумерологияны (сан арқылы болжауды) үйрену:

☐ Екі түрге бөлінеді

☐ Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) айтқандай, оның тек бір түрі бар

23) Біреу балгерге сенсе және осы орайда жасырын-ғайып нәрсені тек Аллаһ қана білетінін білсе, ол:

☐ Кіші күпірлікке түседі

☐ Үлкен күпірлікке түседі

24) Егер бір әйел басқа әйелге: «Мен сенің күйеуіңе сиқыр жасап беремін, бірақ бұдан саған күнә болмайды» десе, онда:

☐ Екеуі де сиқыр күнәсіне тең дәрежеде батады

☐ Екінші әйелге күнә болмайды

25) Тыбб [емшілік] дегеніміз:

☐ Сиқыр, және ол емделу үмітімен жасалатындықтан, осылай

☐ Ауруды емдеу

26) Шариғат мәтіндері және салиқалы саләфтардың сөздері сиқырмен емдеудің үкімін қалай көрсетеді?

☐ Рұқсат етіледі ☐ Рұқсат етілмейді

27) Сиқырдан емделу жолдары:

☐ Хижама жасау

☐ «Аятул-Курси» аятын оқу

☐ «Уа адамдардың Раббысы, ауруды кетір...» деген дұғаны оқу

☐ Жоғарыда аталғандардың бәрі

28) Нушра (сиқырды қайтару) екіге бөлінеді, оларды ата

.....

.....

29) Перғауын әулетінің жаман ырымдарының негізсіз екендігін дәлелдейтін аяттар:

☐ «**...олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан**»

☐ «**Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз қылықтарыңнан)**»

30) Ырымдар бірқұдайшылыққа қайшы келеді, өйткені олар:

☐ Адамды Аллаһқа тәуекел етуден айырып, өзге нәрсеге үміт артуға итермелейді

☐ Адамды бар нәрсеге емес, жоқ нәрсеге арқа сүйеуге итермелейді

☐ Жоғарыда аталғандардың бәрі

31) «**Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз қылықтарыңнан)**» деген сөзді кім айтты?

☐ Құранда аталған елді мекеннің тұрғындары

☐ Соларға жіберілген айғамбарлар

32) «**олардың сәтсіздіктері тек Аллаһ тарапынан» деген сөздің мағынасы:** ....

«**Сәтсіздіктерің өздеріңмен бірге (өз қылықтарыңнан)» деген сөздің мағынасы:** ....

33) Аурулардың Аллаһтың рұқсатымен тарайтыны:

☐ Дене ауруларына қатысты

☐ Жан ауруларына қатысты

☐ Жоғарыда аталғандардың бәріне қатысты

34) «**Індет жоқ, жаман ырымдар жоқ, жапалақтың жылауы жоқ, сапар (айы) жоқ**» деген сөздерде не нәрсе теріске шығарылған:

☐ олардың бар болуы ☐ олардың әсері

35) «**Індет жоқ**», яғни:

.....

Аталған хадис «**Алапеспен ауырған адамнан қаш**» деген хадиске қайшы келе ме?

.....

36) «**Жаман ырымдар жоқ» деген сөз бен «Егер бір нәрседе сәтсіздік болса...**» деген сөзді қалай біріктіруге болады?

.....

37) «**жапалақтың жылауы жоқ**», яғни:

.....

«**сапар айы жоқ**», яғни:

.....

38) «**Бірақ әрқайсымызда...**», яғни:

.....

және бұл .....

39) «**...Жұлдыздар жоқ**», яғни:

.....

«**жауыз рухтар да жоқ**», яғни:

.....

40) «Сафар айында қайыр бар» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ жақсы нышан

☐ бидғатты бидғатпен емдеу

41) Құстарды үркіту оларға зиян тигізуді білдіреді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

22 Арабтар ырым, құстардың ұшуына қарап бал ашу және дуалау сияқты ойдан шығарылған білімдерді қабылдап, оларды халық арасында таратты. Мысалы, олар жындардың өз сапарларына кедергі кел-

тіретініне, өлген адамның қанынан хама (жапалақ) деп аталатын құстың пайда болатынына әрі жындармен сөйлесуге болатынына сенді.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

43) Адам иттің немесе есектің дауысын естігенде «Аллаһ қаласа, қайыр болады» деп айтуы:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

44) «Бұл — сәтті жұлдыз» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

45) Жақсы нышан — бұл:

☐ хадисте келгендей, тек жақсы сөз

☐ адамның жақсылық жасауына жігерлендіретін кез келген сөз немесе іс, ол естіген немесе көрген нәрсе болуы мүмкін

46) Егер адам жаман ырымды көргенде жүрегінде қорқыныш пен қысылу сезінсе, бірақ бәрібір өз ойластырған ісін жалғастырса, онда бұл:

☐ рұқсат етілген

☐ кіші ширк

☐ күнә

Егер ол өз жоспарынан ырымға байланысты бас тартса, онда бұл:

☐ кіші ширк

☐ үлкен күнә

47) «Айыпталатын ырым» деген тіркестің болуы ырымдардың ішінде жақсысы да бар екенін білдіреді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

48) Кейбір сандарға, жерлерге немесе жолдарға жек көрушілік таныту:

☐ рұқсат етілген ☐ бұл ырым

49) Егер адам үйленгісі келіп, бір қағазға «үйленемін», екіншісіне «үйленбеймін» деп жазып, таңдауын соларды алып шешетін болса, бұл:

☐ жақсы нышан (тафауль) ☐ жаман ырым

50) Егер адам сапарға шығу-шықпау жөнінде күмәнданса, сосын Құранды ашып, Аллаһтың рақымы туралы аяттарды оқып, сапарға шықса, бұл:

☐ жақсы нышан (тафауль) ☐ жаман ырым

51) Егер адам сапарға шығып, жолда бір адамның екіншісіне «Бақытты бол!» деген сөзін естіп, жігерленсе, бұл:

☐ жақсы нышан (тафауль) ☐ жаман ырым

52) Егер адамның жүрегіне ырымшылдықтан әлдебір нәрсе пайда болып, бірақ бұл оны ойластырған ісінен тоқтатпаған және оған қорқыныш сезімін ұялатпаған болса, онда ол:

☐ күнә жасады ☐ оған күнә жазылмайды

53) Егер адамда қандай да бір ырымшылдық сезімі пайда болып, бірақ ол өзінің бастамасын жалғастырып, оған мән бермесе, онда ол:

☐ ширк жасады ☐ ширк жасамады

54) Аллаһ аурулардың таралуы жұқпалы инфекциялар себебімен жүзеге асатын етіп жасады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

55) Кімде-кім Аллаһтан өзгеден қорықса, сол қорыққан нәрсесінің билігіне түседі. Бұл — ырымшыл адамдарға берілген жазалардың бірі.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

56) (Тым көп күлгеннен кейін): «Аллаһ күлкінің жамандығынан сақтасын» деп айту

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

57) Егер адам истихара намазын оқып, содан кейін түс көріп, ойлаған ісін жасамаса, онда бұл:

☐ ырымшылдық ☐ истихараның нәтижесі

58) Егер адам екі істің бірін таңдау жөнінде күмәнданса, онда ол:

☐ Аллаһқа дұға етеді ☐ ақылдасады

☐ истихара намазын оқиды ☐ жеребе арқылы таңдайды

☐ алдымен алғашқы екі тәсілді қолданады, содан кейін екі істің біреуін таңдап, истихара намазын оқиды

☐ жоғарыда аталғандардың барлығын қолданады

59) Истихара намазын оқығаннан кейін жолға шығып, бірақ киімі жыртылғандықтан кері қайтқан адам:

☐ ырымшылдыққа түсті

☐ бұл — игілік тілеудің (истихараның) нәтижесі

60) Пайғамбардың ﷺ «**...осы істе**» деген сөзіне сәйкес, намаз белгілі бір істі істеуге ниет еткеннен кейін оқылады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

61) Истихарадан кейін адам өз шешімі бойынша әрекет еткенде, ол табиғи немесе шариғаттық себептерге жүгінеді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

62) «Жұлдыздар жаңбырдың себебі, ал жаңбырды жіберуші — Аллаһ» деп сену:

☐ дұрыс сенім ☐ кіші ширк

63) Адам күнге қарап: «Менің жылдарымды ал да, келіннің жылдарын бер» деп айтуы:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

64) Ғалымдардың жұлдыздар туралы ілімі жайлы қарама-қайшы пікірлерін, сиқырды кетіру (нушра) жайлы тараудағыдай етіп, бір-бірімен үйлестіруге болады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

66) Жолаушыларға арналған бағдарлар мен белгілер:

☐ жерде болады ☐ аспанда болады

☐ екі жауап та дұрыс

67) الرحم (рахим) дегеніміз:

☐ туыстық байланыс ☐ ерлі-зайыптылардың туыстары

68) Сиқыр заттардың шынайы мәнін өзгертіп, мысалы, адамға ағаш тақтайды алтын етіп көрсетуі мүмкін:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

69) Азаппен (жазамен) қорқытатын хадистер қалай келген болса, дәл сол күйінде қалдырылады және кешірімді уәде ететін хадистермен тәпсірленген күйде жеткізілмейді, өйткені бұл қорқытуда ықпалдырақ болып табылады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

70) Кейде шариғат мәтіндерінде бір нәрсенің санын айту ақпарат көлемін азайтып, оны санаттарға бөліп, түсінуді және жаттауды жеңілдету үшін қолданылады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

71) Бір нәрсенің жәһилияға (надандық дәуіріне) телінуінің мақсаты:

☐ одан алыстату үшін

☐ оның надандық әрі ақымақтық екенін көрсету үшін

☐ жоғарыда айтылғандардың барлығы дұрыс

72) Пайғамбар ﷺ болашақта болатын кейбір нәрселерді, мысалы, бұл оның «**Сендер бұдан бас тартпайсыңдар...**» деген сөздерін

айтылғандай, хабарлады, бірақ ол бұл туралы адамдар оны істеуі үшін айтпады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

73) Үлкен күнәлар ізгі амалдар істеу арқылы өшірілмейді, үлкен күнәларға тәубе жасау міндетті:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

74) Құранның «Кәрим» деп аталуының себебі:

☐ ол көп нәрсе сыйлайды

☐ ол көркем болғандықтан

☐ екі жауап та дұрыс

75) «**Оны тап-таза болғандар ғана ұстайды**», яғни:

☐ періштелер

☐ Құранға тек дәрет алғандар ғана қол тигізеді

Үшінші тапсырма: А бағанасындағы ұғымдарды Б бағанасындағы сәйкес анықтамалармен байланыстырыңыз.

А	Б
1. Келісім жасалған мұсылман емес адам «муғаһад» (المعاهَد)	• Сауда жасау немесе Исламды түсіндіру үшін қауіпсіздік келісімі жасалған мұсылман емес адам.
2. Зиммий (الذِمِّيُّ)	• Сиқыр немесе сәуегейлік жасау үшін топыраққа сызықтар сызу.
3. Жибт (الجبت)	
4. Қауіпсіздік кепілдігі берілген мұсылман емес адам (المستأمَن)	• Мұсылмандармен шабуыл жасамау туралы келісім жасаған мұсылман емес адам.
5. Ырымшылдық (التطيُّرُ)	• Мұсылмандарға жизия төлеу шартымен қауіпсіздік келісімін жасаған мұсылман емес адам.
6. Сиқыр (العَضهُ)	• Адамдар арасындағы араздық пен бөлінушілік.
7. Үлкен күнә (الكَبِيرَةُ)	• Ақылды тұмандатып, ойды өзгертетін нәрсе.
8. Шешендік (البيان)	• Көріпкелдерді, жұлдызнамашыларды және балгерлерді қатитын жалпы атау.
9. Жерге сызықтар сызу (الطَّرقُ)	• Шариғатта оларды жасайтындарға арнайы жаза қарастырылған нәрсенің барлығы.
10. Ғарраф (العَرَّافُ)	• Құс бағытын қарап, оның ұшуы жақсы немесе жаман белгі деп есептеу.
11. Құстың ұшуына қарап сәуегейлік жасау (العِيافَةُ)	• Белгілі бір орын немесе уақыт жайлы естігенге немесе көргенге сүйеніп, жаман болжам жасау. • Сиқыршылар мен соларға ұқсас адамдар сияқты, ешқандай жақсылық жоқ нәрсе.

Жетінші бөлім
Жүрек амалдары (9 тарау)

31. Аллаһ Тағаланың «Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес ететіндер әрі оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар...», — деген сөздері туралы



ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «(Мухаммад! Мүминдерге:) «**Егер әкелерің, балаларың, бауырларың, жұбайларың, туыстарың, сондайақ, тапқан малдарың және сендер пайдасыз болуынан қорқатын сауда, өздерің ұнатқан тұрғын-баспаналар сендер үшін Аллаһ пен Оның Елшісінен, Оның жолында күресуден гөрі сүйіктірек болса, онда Аллаһ (сендерді жазалау туралы) әмірін келтіргенге дейін күте тұрыңдар! Аллаһ шектен шығушы қауымды тура жолға салмайды**», — деп айт!» («ат-Тәуба» сүресі, 24-аят).

Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Сендердің ешқайсың мені өз әкесінен, баласынан және барлық адамдардан артық жақсы көрмейінше шынайы иман келтірген болмайды***» (әл-Бухари 15, Муслим 44).

- «**Егер әкелерің, балаларың...**»: оларға деген махаббат құлшылық емес, алайда адам оларды Аллаһтан артық жақсы көрсе, бұл — оларға құлшылық қылуға себеп болады.
- «**...шынайы иман келтірген болмайды...**»: бұл иманның міндетті кемелдігінің жоқтығын білдіреді (күнә). Ал егер махаббат мүлде болмаса, онда бұл иманның өзін жоққа шығарады (күпір).

Әлдебір нәрсені жоққа шығарудың түрлері

↓

Оның бар болуын жоққа шығару. Бұл — (шариғи мәтіндердегі) негізгі мағына болып табылады. Мысалы: «Пұттарға құлшылық қылған адамның иманы жоқ». Егер бұл мағынаны қолдана алмасақ, онда былай түсіндіреміз:

↓

Жарамдылығын жоққа шығару. Мысалы, «Дәретсіз намаз жоқ». Егер бұл мағынаны да қолдана алмасақ, онда былай түсіндіреміз:

↓

Толықтығын (кемелдігін) жоққа шығару. Мысалы: «Ас тартылғанда намаз жоқ».

- Бұл хадистің тарауға сәйкестігі айқын:

  Егер Пайғамбарға ﷺ деген махаббат Аллаһқа деген махаббаттың көрінісі болса, онда Пайғамбарды ﷺ жақсы көру келесі себептермен болады:

1. Ол — Аллаһтың Елшісі, ал егер Аллаһ сен үшін бәрінен сүйікті болса, онда Оның Елшісі де барлық жаратылыстан сүйікті болады.
2. Оның Аллаһқа құлшылық қылғаны және Оның өз елшілігін жеткізгені үшін.
3. Аллаһ оған ең көркем мінез бенең ізгі амалдарды нәсіп еткені үшін.
4. Ол ﷺ сенің тура жолға түсіп, білім алып, дұрыс бағыт табуыңа себепші болғаны үшін.
5. Оның ﷺ елшілікті жеткізуде кездескен қиындықтарға сабыр қылғаны үшін.
6. Ол ﷺ Аллаһтың сөзі жоғарылау үшін өз малы және жаны арқылы бүкіл күш-жігерін жұмсағаны үшін.

Пайғамбарға ﷺ деген махаббат оның қайтыс болғанынан кейін қалай көрініс табады?

1) Оның Сүннетін оқып үйрену,
2) Соған сәйкес амал ету,
3) Соған шақыру және оны қорғау,
4) Пайғамбар ﷺ сөздерін кез келген адамның сөзінен артық көру және оның ﷺ жолында бекем болу арқылы.

Аллаһқа деген махаббат мәселесінде адамдар төрт түрге бөлінеді:

1. Тек Аллаһты жақсы көреді және Одан басқаны жақсы көрмейді. Бұл — шынайы ықыластылық.	**2. Біреуді Аллаһпен тең жақсы көреді.** Бұл — үлкен ширк.	**3. Біреуді Аллаһтан да артық жақсы көреді.** Бұл — үлкен ширк.	**4. Аллаһты мүлде жақсы көрмейді, әрі Одан басқаны жақсы көреді.** Бұл — ең ұлы ширк.

ТӨРТІНШІДЕН АЛТЫНШЫҒА ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Олардансондай-ақ Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Иманның тәтілігін (мына) үш (сипатпен) ерекшеленетін кісі сезінеді: ол Аллаһ пен Оның Елшісін барлық нәрседен артық жақсы көреді; кімді жақсы көрсе де, тек Аллаһ үшін жақсы көреді; әрі күпірлікке оралуды Отқа тасталуды қаламайтынындай қаламайды***» (әл-Бухари, 16; Муслим, 43).

Басқа бір хадисте: «***Үш сипатқа ие болмай, ешкім иманның ләззатын сезіне алмайды...***», — деп айтылады. Әрі қарай мәтін осыдан алдыңғы (хадистегідей) келеді (әл-Бухари 5694).

Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) былай деп жеткізген: «Кімде-кім Аллаһ үшін жақсы көрсе, Аллаһ үшін жек көрсе, Аллаһ үшін достасса және Аллаһ үшін жауласса, сонысымен Аллаһтың қамқорлығына қол жеткізеді. Дәл осылай болмайынша Аллаһтың құлы иманның ләззатын сезіне алмайды, әрі оған ұзақ оқылған намаздары мен ұстаған оразалары да көмектеспейді. Ал қазір адамдар арасындағы бауырластық дүние тіршілігі үшін ғана болды, әрі бұл оларға ешқандай пайда бермейді» (Ибн Мубәрак «әз-Зуһд» 353).

Ал Аллаһ Тағаланың: «**...Әрі олардың өзара байланыстары үзіледі...**» («әл-Бақара» сүресі, 166-аят) сөздері туралы Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «Яғни олардың арасындағы өзара сүйіспеншілікі пен ынтық» (Хаким «әл-Мустадрак» 272/2).

Ғибадатқа қатысты махаббат

1) **Өзі ғибадат болып табылатын махаббат:**

- Мұндай махаббат-ғибадат тек Аллаһқа ғана арналуы тиіс. Ол Аллаһтың алдында өзін төмендетуді, Оны тағзыммен ұлықтауды қамтиды, бұл өз кезегінде Оның әмірлеріне бойсұнуды және тыйымдарынан тыйылуды талап етеді.

2) **Өзі ғибадат болып табылмайтын махаббат:**

- Аллаһ үшін болған махаббат — пайғамбарлар мен елшілерге деген махаббат сияқты.

- Мейірімділіктен туған махаббат — балаларға деген махаббат сияқты.
- Құрмет пен іздеттен туған махаббат — ата-анаға немесе ұстазға деген махаббат сияқты.
- Табиғи (жаратылысынан берілген) махаббат — тамақ пен сусынға деген махаббат сияқты.
- Махаббаттың ең жоғары дәрежесі — Аллаһ үшін болған махаббат. Қалған махаббат түрлері өздігінен рұқсат етілген, бірақ егер олар ғибадатқа айналса, онда олар ғибадатқа қатысты үкімге ие болады.
- ***«Иманның тәттілігі»***: Бұл — адамның өз жүрегінде тыныштық, жайлылық және кеңдік сезінуі.
- «Аллаһ үшін жақсы көретін»: Аллаһ кімді жақсы көрсе, соны жақсы көреді, Аллаһ кімді жек көрсе, соны жек көреді.
- «**...байланыстары үзіледі**»: көпқұдайшылдардың (мүшриктердің) өзара байланыстары, сондай-ақ олардың пұттарға деген махаббаты.

Қамқорлық (уәләя)

1. Құлдың Аллаһқа қатысты қамқорлығы: бұл — шариғат жүктеген міндет. Аллаһ Тағала былай деді: «**Егер олар Аллаһты, Оның Елшісін және мүминдерді өздерінің қамқоршысы әрі көмекшісі деп санаса...**»

2. Аллаһтың құлдарына деген қамқорлығы:

1. Жалпы қамқорлық — жаратылысты басқаруға қатысты қамқорлық, ол мүминдерді де, кәпірлерді де қамтиды.

2. Арнайы қамқорлық — көмек пен тура жолға салу түріндегі қамқорлық, бұл тек мүминдерге қатысты.

ҚАРАСТЫРЫЛАТЫН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әл-Бақара» сүресінің 165-аятын түсіндіру. («Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес ететіндер әрі оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар...»)

Екінші. «әт-Тәуба» сүресінің 24-аятын түсіндіру: **(«(Мухаммад, мүминдерге) айт: “Егер әкелерің, балаларың...»).**

Үшінші. Адамның Пайғамбарға ﷺ деген махаббаты оның өзіне, отбасына және мал-мүлкіне деген махаббатынан күшті болуы тиіс.

Төртінші. Иманды жоққа шығару адамның Исламнан шығуына нұсқай бермейді. (Тек егер жүректе Пайғамбарға ﷺ деген махаббат мүлде болмаса, онда бұл жағдайда иманның негізі (өзі толығымен) жоққа шығарылады).

Бесінші. Иманның тәттілігі бар, адам оны сезінуі де, сезінбеуі де мүмкін.

Алтыншы. Аллаһтың қамқорлығына жету және иманның тәттілігін сезіну үшін жүректің төрт амалы қажет. (Аллаһ үшін жақсы көру, Аллаһ үшін жек көру, Аллаһ үшін дос болу, Аллаһ үшін дұшпан болу).

Жетінші. Сахабалардың адамдар арасындағы бауырластық көбіне дүние пайдасы үшін болатынынтүсінуі. (Егер ол сол кездің өзінде солай болған болса, онда қазіргі жағдай жайлы не айтуға болмақ?!)

Сегізінші. Аллаһ Тағаланың «**...олардың байланыстары үзіледі**» деген сөздерінің мағынасы («әл-Бақара» сүресі, 166-аят). (Мысалы, өзара махаббаттарының және басқа да байланыстарының үзілуін білдіреді).

Тоғызыншы. Көпқұдайшылдардың арасында да Аллаһты қатты жақсы көретіндер бар, бірақ мүминдер Аллаһты олардан да қаттырақ жақсы көреді.

Оныншы. (Аллаһ атап айтқан мал-мүлік пен байлықтың) сегіз (түрі) діннен сүйіктірек болған адамға айтылған қорқыту.

Он бірінші. Кімде-кім әлдебір нәрсені Аллаһты жақсы көргендей қатты жақсы көрсе, сол көпқұдайшылыққа түсті.

32. Аллаһ Тағаланың «Бұл сендерді өзінің көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана. Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мүмин болсаңдар», — деген сөздері туралы

- Шейх бұл тарауды махаббат жайлы тараудан кейін келтірді, өйткені Аса Ұы әрі Құдіретті Аллаһқа құлшылық ету екі нәрсеге негізделеді: махаббат — оған негізделіп әмірлер орындалады, және қорқу — оған негізделіп харамнан тыйылу іске асады.

Қорқудың түрлері:

Адамның болмысына салынған табиғи қорқу (рұқсат етілген): «**...ол (Муса) қаладан қорқып, жан-жағына қарап шықты...**» («әл-Қасас» сүресі, 21-аят). Егер бұл қорқыныш адамды парыздарды орындауды тастауға немесе тыйым салынған істерді істеуге алып барса, онда ол харам болады.

Құлшылық ретінде тағзым-ұлықтаумен және кішірейіп бойсыну арқылы жасалатын (жасырын) қорқу: бұны Аллаһтан өзге біреуге арнау — үлкен ширк болып табылады. Адамдар бұл мәселеде екі шектен шыққан және бір орташыл топтарға бөлінеді.

- «**...сендерді өз достарымен қорқытады...**»: шайтан (ібіліс) діндегі парыз болған амалдарды орындағысы келгеннің әрбірін қорқытады.
- «**Олардан қорықпаңдар**»: керісінше, Мен сендерге бұйырған және сендерге парыз еткен жиһад секілді әмірлерді орындауды жалғастырыңдар да, олардан қорықпаңдар. Өйткені егер Аллаһ адаммен бірге болса, оны ешкім жеңе алмайды.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Аллаһтың мешіттерін шынайы түрде Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген, намазды толық орындайтын, зекет беретін және Аллаһтан ғана қорыққан адам-**

дар жандандырады. Міне, бәлкім, солар тура жолмен жүрушілерден болады» («ат-Тәуба» сүресі, 18-аят).

- «***Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген***»: Аллаһ Өзіне және Ақыретке иман келтіруді жиі қосып айтады, өйткені Аллаһқа иман — үмітті оятады, ал Ақырет күніне иман — қорқыныш тудырады.
- «**Намазды толық орындайтын**» — яғни намазды лайықты түрде кемшіліксіз орындады. Бұл екі түрге бөлінеді:

  1) Міндетті нәрселерді орындау: намаздың шарттарын, тіректерін және уәжіптерін орындаумен шектелу.

  2) Намаздың міндетті амалдарына қоса мустаһаб амалдарды да орындау.
- «**Аллаһтан ғана қорыққан адамдар жандандырады...**»: (арабша) «хошия» — бұл адамның біреудің ұлылығы мен құдіреттілігі туралы білімінен туындайтын қорқыныш. «Хошия» мен «хоуф» арасындағы айырмашылық:

  1) Хошия — адамның қорқатын объектісі жайлы біліміне негізделген, ал хоуф ол туралы білімсіз адамда да болуы мүмкін.

  2) Хошия — адамның қорқатын объектісінің ұлы болуынан, ал хоуф — қорқушының әлсіз болуынан туындайды.
- «**Міне, бәлкім, солар тура жолмен жүрушілерден болады**»: Ибн Аббас: «Құранда Аллаһтың عَسَى «бәлкім» деген сөзі «міндетті түрде» деген мағынада келеді», — деді. Аяттағы бұл сөз үміт райында келетінінің себебі — өйткені адам өз амалдарымен сүйсініп, алданып, осы («тура жолмен жүруші» деген) сипатпен сипатталып кетпеуі үшін.

Мешіттерді жандандыру мен бұзудың түрлері:

«Аллаһтың мешіттерінде Оның есімін зікір етуге тыйым салып, оларды қиратуға ұмтылған адамнан өткен залым кім бар?»

1) Рухани тұрғыдан жандандыру — оларда намаз оқу, зікір айту, Құран оқу. Бұған қарама-қайшы нәрсе — рухани бұзып-қырату, яғни мешіттерде ширк пен бидғаттарды тарату.

2) Материалдық тұрғыдан жандандыру — мешіттер салу, оларды тазалау, жөндеу. Бұған қарама-қайшы нәрсе — физикалық тұрғыдан бұзып-қырату.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деді: «**Адамдардың кейбірі: «Аллаһқа иман келтірдік», — дейді де, бірақ Аллаһ жолында жапа тартса, адамдар жағынан келетін сынақтарды Аллаһтың азабындай көреді. Әлбетте, Раббыңнан бір нұсырат (жеңіс) келетін болса: «Әрине, біз сендермен бірге едік», — дейді. Аллаһ әлемдегілердің көңілдеріндегіні жақсы біледі емес пе?...**» («әл-Ғанкабут» сүресі, 10-аят).

- Негізінде, адам Аллаһтың азабынан қашып, Оның әміріне мойынсұнуы қажет екені белгілі нәрсе. Бірақ кейбіреулер адамдар жағынан келетін сынақтарды Аллаһтың азабымен теңеп, адамдардың қалауларына сай амал етеді. Кейде олар адамдардан Аллаһтан қорыққандай қорқып, олардың зұлымдығын Аллаһтың жазасына теңейді де, бұдан олардың әмірлерін орындау арқылы қашады.
- Бұл аят адамның сөздері мен жүрегіндегі сенімі арасында қайшылық болмауы керектігіне ескерту жасайды.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Саид (оған Аллаһ разы болсын) бірде Аллаһтың Елшісі ﷺ оған былай деп айтқанын баяндаған: «***Расында, Аллаһты ашуландыру арқылы адамдардың ризашылығын іздеуің, Аллаһ саған берген ризық үшін оларды мадақтауын, сондай-ақ Аллаһ саған бермеген нәрсе үшін оларды сөгуің — айқын сенімнің әлсіздігінен. Көксеушінің қатты дәметуі Аллаһтың ризығын алып келмейді, тура сол сияқты қаламаушының жек көруі де оны (ризықты) кері қайтара алмайды***» (Абу Нуғайм «әл-Хилияда» 106/5, 41/10. Әл-Бәйһақи «Шуғабу-л-Иманда» 203).

- «***адамдардың ризашылығын іздеуің***»: олардан Аллаһтан артық қорқып және оларға шынайы ықыластылық танытпау арқылы.
- «***оларды мадақтауың***»: барлық мақтау-мадақты адамдарға арнап, осының себебшісі — Аллаһ Тағаланы ұмыту.
- «***оларды сөгуің***»: егер Аллаһ осыны тағдырға жазған болса, онда

оған жеткізетін себептер де болар еді, сондықтан разылық таныту міндетті болып табылды.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Айша (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: «***Кімде-кім адамдарды ызаландырып болса да, Аллаһтың разылығын іздесе, Аллаһ оған Өзінің разылығын әрі адамдардың да разылығын сыйлайды. Ал кімде-кім Аллаһты ашуландырып, адамдардың разылығын іздесе, Аллаһ оған Өзінің ашуын төгеді әрі адамдардың да ызасын бағыттайды***» (Ибн Хиббан 1542, 1541, әт-Тирмизи 2416).

- «***Ал кімде-кім Аллаһты ашуландырып, адамдардың разылығын іздесе...***»: сол адамдардан Аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтан да көбірек қорққан болады.

Хадистен алынатын пайдалар:

1) Аллаһтың разы болатын нәрселерге ұмтылу міндетті болып табылады, тіпті адамдар бұған наразы болса да, өйткені пайданы да, зиянды да тек Аллаһ келтіреді.
2) Аллаһ разы болмайтын нәрсені адамдардың разылығын алу үшін істеуге болмайды, олар кім болса да.
3) Аллаһ Тағаланың Разылық деген сипатын жаратылыстарға ұқсатпай, шынайы мағынасында бекіту.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әли-Имран» сүресінің 175-аятын тәпсірлеу. ***(«Бұл сендерді өзінің көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана»).***

Екінші. «әт-Тәуба» сүресінің 18-аятын тәпсірлеу. **(«Аллаһтың мешіттерін шынайы түрде Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірген...»).**

Үшінші. «әл-Ғанкабут» сүресінің 10-аятын тәпсірлеу. **(«Адамдардың кейбірі: «Аллаһқа иман келтірдік», — дейді де, бірақ Аллаһ жолында жапа тартса, адамдар жағынан келетін сынақты Аллаһтың азабындай көреді»).**

Төртінші. Адамның айқын сенімі әлсіреуі де, күшеюі де мүмкін.

Бесінші. Сенім әлсіздігінің белгілері, әрі олардың үшеуі Абу Сағидтың: хадисінде қамтылған (Аллаһтың ашуын келтіре отырып, адамдардың разылығын іздеу; Аллаһтың саған берген рызығы үшін адамдарға мақтау-мадақ айту; Аллаһтың саған бермегені үшін адамдарды).

Алтыншы. (Құлшылық ретіндегі) қорқуды тек Аллаһқа арнау діндегі міндетті амалдардың бірі болып табылады.

Жетінші. Бұны істейтін адамға берілетін сауап жайлы ескерту. (Аллаһ оған Өзінің разылығын да, адамдардың разылығын да береді).

Сегізінші. Бұны істемейтін адамның жазасы жайлы ескерту. (Аллаһ оған Өзінің ашуын түсіреді және оған қарсы адамдардың да ашуын бағыттайды).

33. Аллаһ Тағаланың «Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер» деген сөздері туралы тарау.

- Шейх (Аллаһ оны рахымына бөлесін) махаббат пен қорқуды түсіндіргеннен кейін, (адамның) қалаған нәрсесіне қол жеткізуі және жаман нәрсені кетіруі тек тәуекел ету арқылы ғана іске асатынын әрі (Аллаһқа толыққанды) құлшылық етуді де тәуекелсіз жүзегеасыру мүмкін емес екенін баяндады. Бұл — құлшылықтың ең жоғары дәрежесі, және әрбір адам барлық ісінде тек Аллаһқа тәуекел етуге міндетті.
- «**Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер**»: араб тілінің грамматикасы бойынша, етістікке түсетін мүбәда (әсер қабылдаушы сөз) етістіктен бұрын айтылса, онда бұл шектеуді білдіреді. Яғни тек Аллаһқа ғана тәуекел ету керек. Сонымен қатар, аятта Аллаһқа тәуекел етпейтін адамның иманы толық болмайтыны айтылған. Егер адам толығымен Аллаһтан басқаға тәуекел етсе, бұл үлкен ширк болады.

Тәуекел ету дегеніміз — Аллаһқа шынайы сенім артып, сонымен бірге шариғат белгілеген себептерді орындау. Сенімді шыншыл болған күйде артып, шариғат рұқсат еткен себептерді орындау керек.

Тәуекелдің түрлері:

1) Өкіл ету: «Мен пәленшеге тәуекел еттім, — немесе, — Мен Аллаһқа, кейін саған тәуекел еттім», — деп айтуға болмайды. Алайда: «Мен пәленшеге бір нәрсені тапсырдым», — деп айту, өйткені Пайғамбар ﷺ өзінің кейбір жалпы жәнежеке істерін басқаларға тапсыратын.

2) Тірі адамға толық сенім арту, оған мұқтаждық сезіну, (ол жәй ғана себеп қана емес, одан жоғары екендігіне сену). Бұл кіші ширкке жатады. Мысалы, адамның ризығы (күнкөрісі) белгілі бір адамға байланысты деп сеніп, соған деген қажеттілігін көрсету.

3) Барлық нәрседе тек Аллаһқа сенім арту, әрі осы орайда бүкіл пайда мен зиян тек Аллаһтың Қолында екеніне айқын сену. Мұны Аллаһтан басқа әлдебіреуге арнау үлкен ширк болады.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Сөзсіз, мүминдер — бұл Аллаһ еске алынған кезде жүректері қорқыныш сезетіндер, Оның аяттары оқылса, имандары артатындар әрі Раббыларына тәуекел ететіндер**» («әл-Әнфал» сүресі, 2-аят).

Аллаһ Тағала былай деген: «**Уа пайғамбар! Саған және саған ілескен мүминдерге Аллаһ жеткілікті**» («әл-Әнфал» сүресі, 64-аят).

- Адам бұл сипаттармен сипатталмаса да, ол бәрібір мүмин болып табылады. Алайда оның иманы тек негізімен ғана шектеледі (толыққанды болмайды).
- **«Уа пайғамбар! Саған және саған ілескен мүминдерге Аллаһ жеткілікті»**: яғни саған Аллаһтан басқа ешкім жеткілікті болмайды және иман келтірген мүминдердің ішінен саған ілескендеріне де тек Аллаһ жеткілікті. Сондықтан сен және сенің ілесушілерің Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер.

Аллаһ бұл аяттарда толыққанды иманның бес сипатын атап өтті:

1) «**Аллаһ еске алынған кезде жүректері қорқыныш сезетіндер**» — олар Аллаһты ұлықтағандықтан қорқады. Аллаһ еске алынғанда қорқу — иманның белгісі.

2) «**Оның аяттары оқылса, имандары артатындар**»: имандарының күшеюі мен бойсұнуының артуы себепті. Кейде адам басқа біреудің Құран оқуынан өз оқуына қарағанда көбірек пайда алады.

3) «**әрі Раббыларына тәуекел ететіндер**»: яғни олар Аллаһқа ғана тәуекел етеді әрі Одан басқа ешкімге тәуекелетпейді, әрі осы орайда тиісті себептерді орындайды. Бұл аяттың келтірілу мақсаты да осы.

4) «**Олар намазды толық орындайтындар**»: яғни оны толыққанды түрде орындайды. Бұл жерде парыз және нәпіл намаздар меңзелген.

5) «**Және Біз оларды ризықтандырған нәрселерден жұмсайтындар**»: бұл мақтау барлық мал-мүлкін немесе оның бір бөлігін жұмсайтындарға қатысты айтылған. Барлық мал-мүлкін толық жұмсаушы — егер ол Аллаһқа тәуекел етсе — мақтауға лайық.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Ал кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жетіп асады**» («әт-Толақ» сүресі, 3-аят).

- Яғни Ол оны мазалайтын бүкіл нәрседе оған жетіп асады, әрі Ол оның істерін жеңілдетеді. Егер оның басына қиындықтар келіп түссе, оған Аллаһ жеткілікті. Пайғамбар ﷺ — елшілердің мырзасы болса да, қиындықтарды кезіктіретін, алайда бұл қиындықтар оған зиян келтірген жоқ.
- Бұл аяттан Аллаһтан өзгеге тәуекел еткен адам жәрдемсіз қалатынын түсініледі, өйткені Аллаһ оған көмек жасамайды.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас, Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын, былай деді: “«**Бізге Аллаһ жеткілікті, Ол нендей жақсы Қамқоршы Ие**» — бұл сөздерді Ибраһим пайғамбар ﷺ отқа тасталған кезінде айтқан еді. Тура осыны Мухаммад Пайғамбар да ﷺ адамдар оларға: «**Сендерге қарсы ел жиналды, сондықтан олардан қорқыңдар», — дегенде айтқан болатын. Алайда бұл тек олардың иманын арттырды**” (әл-Бухари, 4563).

Бұл оқиға Құранда баяндалған. Абу Суфиян Ухудтан қайтып келе жатып, Пайғамбар ﷺ мен оның сахабаларын жою үшін қайта оралғысы келді. Ол жолда бір керуенге тап болып: «Қайда барасыңдар?» — деп сұрады. Олар: «Біз Мәдинаға бара жатырмыз», — деп жауап берді. Сонда Абу Суфиян: «Мухаммад пен оның сахабаларына біздің оларға қайта оралып, оларды жойғалы жатқанымызды жеткізіңдер!» — деді. Керуен Мәдинаға жетіп, бұл хабарды жеткізді. Бірақ Пайғамбарымыз ﷺ бен оның сахабалары: «**Бізге Аллаһ жеткілікті, Ол нендей жақсы Қамқоршы Ие!**» — деп жауап берді. Олар жетпіс атты әскермен шығып, Хамра әл-Асад деген жерге дейін жүріп отырды. Алайда Абу Суфиян өз жоспарын өзгертіп, Меккеге қарай кетті. Осылайша, Аллаһ Өзінің Елшісі ﷺ мен мүминдерді шайқастан құтқарды. Себебі олар Оған тәуекел еткен еді.

Ескерту

Ибн Аббас (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Бану Исраилден риуаят ететіндердің бірі болған әрі бұл ғалымдарға белгілі. Бірақ бұған күмән бар, себебі Ибн Аббас Бану Исраилден риуаят етуді сөгетіндердің бірі еді.

Біз Бану Исраилден жеткен риуаяттарға сенуімізге болады ма?

1) Егер біздің шариғатымыз олардың шындығын растаса, сенеміз.

2) Егер біздің шариғатымыз оларды жалған деп тапса, сенбейміз.

3) Егер шариғат оларды не растамаса, не теріске шығармаса, онда біз де оларды растамаймыз әрі жоққа да шығармаймыз.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. ету міндетті болып табылады. (Өйткені Аллаһ адамда иманның болуын Оған деген тәуекелмен байланыстырды).

Екінші. Бұл — иманның шарттарының бірі.

Үшінші. «әл-Әнфәл» сүресінің 2-аятын тәпсірлеу. **(«Сөзсіз, мүминдер — бұл Аллаһ еске алынған кезде жүректері қорқыныш сезетіндер...»).**

Төртінші. «әл-Әнфәл» сүресінің 64-аятын тәпсірлеу. **(«Уа пайғамбар! Саған және саған ілескен мүминдерге Аллаһ жеткілікті »).**

Бесінші. «әт-Толақ» сүресінің 3-аятын тәпсірлеу. **(«Ал кім Аллаһқа тәуекел етсе, Ол оған жетіп асады»).**

Алтыншы. (Бұл тарауда иманның артуына, қиындыққа тап болғанда Аллаһқа тәуекел етіп, қажетті себептерді орындауға, Пайғамбарға ﷺ ілесіп, иман ету арқылы Аллаһтың құлына жеткілікті болатынына нұсқау бар).

34. Аллаһ Тағаланың: «Сонда олар Аллаһтың мәкірінен қорықпады ма? Аллаһтың мәкірінен зиянға ұшырайтын ел ғана қорықпайды», — деген, сондай-ақ Оның: «Раббысының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!» — деген сөздері туралы.

- Бұл тарауда Аллаһтың мәкірінен толық қауіпсіздік сезіну және Оның мейірімінен үмітсіздікке түсу мәселелері қарастырылады. Бұл — екі шектен шығушылық, ал Аллаһқа ұмтылған адам қорқыныш пен үмітті қатар ұстануы керек. Бұл аяттан төмендегідей пайдалар алынады:

  1) Аллаһ құлына беріп жатқан нығметтер оны (тура жолдан адастыратын) сынақ (истидраж) болып қалмауынан ескерту.

  2) Аллаһтың мәкірінен толық қауіпсіздік сезінуге тыйым салынуы.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Раббысының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!**» («әл-Хижр» сүресі, 56-аят).

- Бұл аятта Аллаһтың мейірімінен тек тура жолдан тайғандар мен адасқандар ғана үміт үзетіндігіне нұсқау бар. Олар Аллаһтың сипаттарын білмейді әрі Оның құлының жағдайын кез келген сәтте өзгертуге құдіретті екенін ұмытқан. Үмітсіздікке түсуге тыйым салынады, өйткені бұл Аллаһқа қатысты жаман ойда болуды білдіреді. Себебі:

  1) Бұл — Оның Құдіретін кемсіту, өйткені Аллаһтың барлық нәрсеге күші жететініне сенген адам Ол үшін мүмкін емес бір нәрсе бар деп ойламайды.

  2) Бұл — Оның Мейірімін кемсіту, өйткені Аллаһтың мейірімді екенін білген адам Оның мейірімі одан алыс деп ойламайды.

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас, Аллаһ ол екеуіне разы болсын, бірде (адамдар) Аллаһ Елшісінен ﷺ опат етуші күнәлар туралы сұрағандығын, әрі ол оларға былай деп жауап бергендігі туралы баяндады: «***Бұл — Аллаһқа серік қосу, Аллаһтың рахымынан (көмегінен) үміт үзу және өзіңді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну***» (әл-Бәззар 106, және Ибн Аби Хатим өзінің тәпсірінде 5201).

Ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «Опат етуші күнәлардың ең қорқыныштылары — бұл Аллаһқа серік қосу, өзіңді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну және Аллаһтың рахымынан (көмегінен) үміт үзу» (Абдур-Раззақ 10/459, Хайсами 104/1).

- «***Аллаһқа серік қосу***»: бұл үлкен және кіші ширк. Кіші ширк үлкен күнәлардан да ауыр.
- «***Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну***»: адам Аллаһтың оған беріп жатқан нығметтеріне алданып, Оған мойынсұнбаушылығын жалғастыруы.
- «***Аллаһтың рахымынан (көмегінен) үміт үзу***»: Басқа түскен қиындықтардан шығу өте алыс деп ойлау.

Қорытынды

Аллаһқа ұмтылатын адам өзін Раббысынан алыстататын екі сипаттан аулақ болуы керек: өзін Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезіну және Оның мейірімінен үміт үзу. Егер адамға бір қиындық келсе немесе ол әлдебір сүйген нәрсесінен айырылса, сен оның үмітсіздікке түсіп, олардан құтылу мүмкін емес деп ойлап, құтылуға жетелейтін себептерді жасауға ұмтылмайтынын көресің, тек Аллаһ оны тұражолға салмаса ғана.

Ал енді, өзіңді Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезінуге келсек, кей адамдардың Аллаһтан тұрақты түрде нығметтер алып жатқанына қоса, үнемі күнәлар жасайтынын көресің. Әрі осы орайда ол өзін ақиқат жолында жүрмін деп есептейді, алайда шын мәнінде, ол адасуда. Ал бұл адамды сынау үшін берілген сынақ (истидраж) екенінде күмән жоқ.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР


Бірінші. «Әл-Әғраф» сүресінің 99-аятын түсіндіру. **(«Сонда олар Аллаһтың мәкірінен қорықпады ма?»)**

Екінші. «Әл-Хижр» сүресінің 56-аятын түсіндіру. **(«Раббысының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!»)**

Үшінші. Өздерін Аллаһтың мәкірінен қауіпсіз сезінгендерге қатал ескерту. (Бұл ауыр күнә екенін көрсету).

Төртінші. Аллаһтың мейірімінен үміт үзгендерге қатал ескерту. (Оның ауыр күнә екенін көрсету).

35. Аллаһ Тағаланың жазған тағдырына сабыр ету Оған деген иманның бір бөлігі екендігі туралы тарау.



Аллаһқа мойынсынудағы сабырлық сабырдың басқа түрлерінен бұрын айтылған, өйткені ол өзінің құрамына бағынуды әрі амал жасауды қамтиды. Кейін күнәлардан тыйылудағы сабыр айтылды, себебі бұл — бір нәрседен бас тартуды білдіреді. Ал Аллаһтағдырға жазған қиыншылықтарға сабыр етуге келсек, мұның себебтері адамның қолында емес. Әрі күнәлардан тыйылудағы сабыр адам үшін кейде бұйырылған амалдарды орындауда сабыр етуден ауыр болуы мүмкін.

Қиыншылыққа тап болған адамдардың төрт түрі бар

1. Шүкір етуші (ең жоғары дәреже): бұл адам қиындықты — күнәларының кешірілуіне, сауабы мен иманының артуына себеп деп біледі әрі бұдан да ауыр сынақтардың бар екенін түсінеді.	2. Разылық танытушы (мұстахаб): бұндай адамның Аллаһқа деген разылығы кемел болғандықтан, оған нығмет пен қиыншылық бірдей көрінеді және ол мұның бәрін Раббысының тағдыры ретінде қабылдайды.	3. Сабыр етуші (бірауызды келісім бойынша парыз): бұл адамға қиындық ауыр тисе де, ол оны жүрегімен, тілімен және денесімен сабыр етіп көтереді.	4. Ашуланушы (күпірлікке жетелейтін үлкен күнә): мұндай адам жүрегімен (ашуланады), тілімен (өз басына қайғы мен қасіретке шақырады), ал дене мүшелерімен (өз бетін ұрады, киімін жыртады).

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Кім Аллаһқа иман келтірсе, Ол оның жүрегін тура жолға салады. Аллаһ барлық нәрсені толық Білуші**» («әт-Тағабун» сүресі, 11-аят).

Ғәлқома (Аллаһ оны рахымына бөлесін) осы аятқа қатысты былай деді: «Бұл басына бақытсыздық келіп түскен кезде, мұның Аллаһтан екенін білетін, әрі сондықтан да разы болатын әрі мойынсұнатын адам туралы айтылған».

- «**...Ол оның жүрегін тура жолға салады**»: яғни оған тыныштық пен сабыр береді. Егер Аллаһ оның жүрегін тура жолға салған болса, онда дене мүшелерін де тура жолға салады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Муслимнің «Сахихында» Абу Хурайрадан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені келтірілген: «***Адамдардағы екі сипат күпірліктің көрінісі бо-***

лып табылады: шыққан текті сөгу және өлген адамды жоқтау» (Муслим, 67).

- «***шыққан текті сөгу***»: шыққан текті жамандау немесе оны мойындамау. Бұл — күпірлік амалдарынан.
- «***өлген адамды жоқтау***»: хадистің осы бапта келтірілгенінің себебі осы. Себебі, жоқтау — Аллаһтың тағдырына наразылықтың бір көрінісі.

ҮШІНШІ ЖӘНЕ ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Абдуллаһ ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай дегені туралы баяндағаны жеткізіледі: «***Өзінің бетінен шапалақтап ұратын, үстіндегі киімін жыртатын және жаһилиет кезіндегі сөздерді айтатын адам бізден емес!***» (әл-Бухари 1294, Муслим 103).

Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Егер Аллаһ Өз құлына жақсылық қаласа, Ол оның осы дүниеде жазалануын тездетеді. Ал егер Аллаһ Тағала Өзінің құлына жамандық қаласа, Ол оны істеген күнәсы үшін жазалауын Қиямет Күні басталғанға дейін шегеріп қояды***» (әт-Тирмизи 2398, Ибн Мәжаһ 4021).

- «***жаһилиет кезіндегі сөздерді айтатын адам***»: бұл надандық дәуірінен келген кез-келген сөздер. Мысалы, адамның басына қайғы түскенде үйді қиратып, ыдыстарды сындыру, тамақты бүлдіру сияқты әрекеттері.
- «***Егер Аллаһ Өз құлына жамандық қаласа***»: бұл жерде құлға тағдыр еткен жамандықтың те өздігінен ғана жамандық екендігі айтылған. Ал Аллаһтың іс-амалдарында жамандық болуы мүмкін емес. Себебі, Пайғамбар ﷺ: «Жамандық Сенен емес», — деді. Алайда Аллаһ мұны өз құлына белгілі бір даналықпен тағдыр етеді, әрі бұл жамандық оның құрамындағы даналықтың себебімен ол үшін жақсылыққа айналады.
- Хадистің мақсаты — қиындыққа тап болған адамды, ол қайғы мен уайымға салынбауы үшін, жұбату. Бұл — игілік, өйткені дүние азабы Ақырет азабынан жеңіл. Сондықтан адам Аллаһ оның жазасын

Қиямет күніне дейін кешіктірмегені үшін Оған мақтау-мадақ айтады.

БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Әнастың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Расында, сынақ үлкен болған сайын сыйсауап та үлкен болады. Әрі егер Аллаһ Тағала әлдебір қауымды жақсы көрсе, оларды сынайды. Сонда кім разылық танытса, соған разылық болады, ал кім наразы болса, соған (Аллаһтан) наразылық болады***» (әт-Тирмизи 2398, Ибн Мәжаһ 4021).

- Хадистен алынатын пайдалар:

  1) Адам сабырлықпен көтеретін сынақ үлкен болған сайын, осы үшін берілетін сауап та үлкен болады.

  2) Егер Аллаһ бір қауымды жақсы көрсе, оларға сынақ жібереді — бұл сынақтарды Аллаһ не дүниелік нәрселерде, не не шариғатта тағдыр етеді.

  3) Аса Жоғары әріҚұдіретті Аллаһтың махаббаты мен ашуы бар екендігін бекіту, алайда Аллаһты жаратылысқа ұқсатудан немесе оған кейіп беруден сақ болу керек.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әт-Тағабун» сүресінің 11-аятын тәпсірлеу. («**Кім Аллаһқа иман келтірсе, Ол оның жүрегін тура жолға салады. Аллаһ барлық нәрсені толық Білуші**»)

Екінші. Сабыр — Аллаһқа иман келтірудің бір бөлігі. (Аллаһтың тағдырына сабыр ету).

Үшінші. Шыққан текті жамандау күпірлік болып табылады. (Яғни шыққан текті жамандау немесе оны мойындамау, жоққа шығару — кіші күпірлік).

Төртінші. Өзінің бетінен ұратын, киімін жыртатын және жаһилиет дәуірінің сөздерін айтатын адамға қатысты қатал қорқыту. (Себебі Пайғамбарымыз ﷺ ондай адамға қатыссыздығын білдірді).

Бесінші. Аллаһтың Өз құлына жақсылық қалағанының белгісі. (Оған жазасының осы дүниеде тездетіліп берілуі).

Алтыншы. Аллаһтың құлына жамандық қалағанының белгісі. (Оның күнәлары үшін жазасын Қиямет күніне дейін кешіктіруі).

Жетінші. Аллаһтың өз құлын жақсы көретінінің белгісі. (Оған сынақтар жіберуі).

Сегізінші. Сынаққа ашулануға тыйым салынғандығы.

Тоғызыншы. Сынаққа разылық танытқан адамның сыйы. (Аллаһ Тағаланың мұндай құлына разы болуы).

36. Рия (амалдардағы көзбояушылық) жайлы тарау.

БІРІНШІДЕН ҮШІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «(Мухаммад, оларға:) «**Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған Құдайларың Жалғыз Құдай екендігі уахи етілуде. Кімде-кім Раббысына жолығуды үміт етсе, түзу іс істеп, Раббысына жасаған құлшылығында Оған ешкімді ортақ етпесін**», — де» («әл-Кәһф» сүресі, 110-аят).

Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Аллаһ Тағала былай деді: «Мен серіктердің барлығынан ширкке мұқтаж болудан баймын, әрі кімде кім өз амалында Маған әлдебіреуді серік қосса, Мен оны оның қосқан серігімен бірге тәрк етемін***» (Муслим 2985, Ахмад 435, 301/2, Ибн Мәжаһ 4202, Ибн Хазм 938).

Абу Сағид (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ келесі сөздерін жеткізген: «***Сендерге әл-Масих әд-Дәжжалдан да қауіптірек әрі қорқынышты болған нәрсе туралы хабарлайын ба?***». Адамдар: «Хабарлаңыз, уа Аллаһтың Елшісі», — деді. (Сонда) ол былай деді: «***Бұл — адамның намазға тұрып, оған әлдебіреудің қарап жатқанын көріп, оны арнайы әдемілеп (оқуы)***» (Ахмад, 3/30, Ибн Мәжаһ, 4204).

- «(Мухаммад, оларға:) «**Шынында мен де сендер сияқты адаммын...**»: Аллаһ Тағала Пайғамбарымызға ﷺ адамдарға өзінің адам екенін жеткізуді бұйырды әрі мұны «**сендер сияқты**» деген сөзбен бекітті. Оның басқалардан ерекшелігі — оған уахидің түсірілуі. Сол себепті оған бойсұну парыз болып табылады, алайда оған табынуға (құлшылықтың әлдебір түрін арнауға) тыйым салынған.
- «**...Раббысына жолығуды үміт етсе**»: Аллаһпен разылық пен жақсылық күйінде кездесу тек мүминдерге тән нәрсе әрі бұл өзінің құрамына Ақыретте Аллаһты көруді де қамтиды.

- «**...түзу іс**»: (Аллаһқа ғана арналған) ықыласты және (Сүннетке сай) дұрыс амал.
- «***Мен серіктердің барлығынан ширкке мұқтаж болудан баймын***»: мұның екі мағынасы бар:

  1) Риямен жасалған амалдардың жарамсыздығы және рияның харам екендігі.


  2) Аллаһтың шексіз байлығы мен ұлылығына нұсқау және Оған серік қосудың тыйым салынғандығы.
- «***әл-Масих әд-Дәжжал***»: оң көзі зақымданған (мамсух), ол Адам ұрпақтарынан болған өтірікші адам.

Не үшін Пайғамбар ﷺ өз үмметті үшін риядан әл-Масих әд-Дәжжалдан да артық қорықты?

1) Өйткені әд-Дәжжал — анық көрінетін, ал рия — жасырын бүлік. Одан арылу өте қиын.
2) Әд-Дәжжалдың бүлігі тек Қиямет күніне жақын кезде орын алады, ал рия барлық уақытта бар.

Ширктің екі түрі бар:

1) Жасырын ширк — жүректе орын алатын амалдар, мысалы, рия. Бұл жасырын ширк деп аталады.
2) Ашық ширк — сөздерде және амалдарда көрінетін ширк. Мысалы, Аллаһтың атымен емес, басқа біреудің атымен ант ету немесе Аллаһтан басқаға сәжде қылу.



Риядан қалай құтылуға болады?

1) Бірқұдайшылықты үйрену және амалдарды соған сай орындау арқылы Аллаһты ұлықтау, өйткені адам Аллаһты ұлықтаса, ол басқаға назар аудармайды.

2) Риядан қорқып амалдан бас тартпау: себебі шайтан не рияға итермелейді, не Аллаһтан өзгеден қорқуға душар етеді.

3) Аллаһқа дұға етіп, жалбарыну.

4) Рияға түсіп қалудан қорқып, амалдарды жасырын орындау.

5) Шариғатқа сай түрде қабірлерді зиярат ету: өйткені бұл Ақырет өмірін еске түсіреді, ал рия адамды дүние тіршілігіне байлап қояды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «әл-Кәһф» сүресінің 110-аятын тәпсірлеу. («(Мухаммад, оларға:) «**Шынында мен де сендер сияқты адаммын. Маған Құдайларың Жалғыз Құдай екендігі уахи етілуде**»)..

Екінші. Бұл — өте ұлы мәселе: қандай да бір игі амалға рия араласса, ол Аллаһ Тағала тарапынан қабыл етілмейді.

Үшінші. Мұның себебін атап айту — ал бұл Аллаһтың ешкімге мұқтаж еместігі.

Төртінші. Тағы бір себеп: Аллаһ — Өзіне серік қосылғандардың барлығынан Ұлы.

Бесінші. Пайғамбардың ﷺ өз сахабалары үшін риядан қауіптенуі. (Ал олардан кейінгілер бұл тіпті қауіптірек).

Алтыншы. Ол бұл мәселені адамның намаз оқып жатқанда, басқа адамдар қарап тұрғанын біліп, оны көркемдеуінің мысалы арқылы түсіндірді. (Адам намазын көркемдеуін ондағы сөздер арқылы жасауы да мүмкін).

37. Адамның ізгі амалдарды дүние игілігіне қол жеткізу үшін жасауға ұмтылуы ширктің көрінісі екендігі туралы тарау.

- Бұл тарау мадақталуды немесе рияқорлықты қаламайтын, керісінше, Аллаһқа ықыласпен құлшылық ететін, бірақ сонымен бірге дүниелік нәрселерді, яғни байлық, мансап, денсаулық және т.б. қалаған адамдар туралы. Олар құлшылықты дүниелік пайда үшін орындайды әрі осы орайда Мәңгі өмір туралы ойланбайды.
- Намазда Аллаһтан дүние игіліктерін сұрауда ешқандай айып жоқ, бірақ намазды сол үшін оқу дұрыс емес, әрі Ақырет амалдары арқылы дүние игіліктерін көздеу — бұл (адамдықтың) төмен дәрежесі.
- **Ескерту:** Кейбір адамдар құлшылықтың пайдасы туралы айтқанда, оларды тек дүниелік игіліктермен шектейді. Бірақ негізінде біз құлшылықтың дүниелік пайдасына емес, Ақыретке бағытталуына мән беруіміз керек.
- Бұл тарау — рияға қатысты ең қауіпті тараулардың бірі. Өйткені рия кейде тек намазға ғана кірсе, ал құлшылық арқылы дүние игіліктерін қалау адамның бүкіл құлшылығымен байланысты болады.

Адамдардың бұл тарауға қатысты бес түрі бар:

Дүниені дүние арқылы қалайды	Бұл рұқсат етілген, мысалы, адам сауда жасап, баспана алу үшін ақша табады.
Ақыретті дүние арқылы қалайды	Бұл құптарлық іс, мысалы, егін егіп, кейін оны садақаға береді.
Ақыретті құлшылық арқылы қалайды	Бұл ең жоғары дәреже, ондай адамға «Туба» (Жәннаттың ағашы) уәде етілген.
Дүниені де, Ақыретті де құлшылық арқылы қалайды	Егер Ақыретті қалау басым болса, бұл рұқсат етіледі: «Раббымыз, бізге бұл дүниеде де, Ақыретте де жақсылық бер».

Дүниені құлшылық арқылы қалайды	Бұл кіші ширк, мысалы, адамның намазды байлық үшін оқуы.

- Адам дүниелік нәрсені, әлде Ақыретті қалағанын қалай білуге болады? «***Егер оған бірдеңе берілсе, ол разы болады, ал берілмесе — ашуланады***».
- **Ескерту:** Кейбір адамдар емтихан (сыналу) кезінде ықыласпен құлшылық етіп, ал емтихан (сынақ) өткен соң, құлшылықты қалдырады.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Кімде-кім осы дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа, Біз осы дүниеде олардың еңбектерінің (сыйын) толық береміз; сондай-ақ олар кемістікке ұшыратылмайды. Оларға Ақыретте (Тозақ) отынан басқа еш нәрсе жоқ, олардың бұл дүниеде жасағандары зая кетеді әрі амалдары жарамсыз болады**» («Худ» сүресі, 15-16 — аяттар).

Бұл аят «Исра» сүресіндегі мына аятпен нақтыланады: «**Кімде-кім осы дүниені қаласа, онда Біз қалағанымызға бұл дүниеде қалағанымызды береміз. Сонан соң оны Тозаққа тастаймыз. Ол оған қор болып, мәрхаметке зар болған түрде кіреді...**» — Аллаһ тек Өзінің қалағанына ғана береді.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Хурайраның сөздерінен (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Динардың құлына қасірет болсын, дирхамның құлына қасірет болсын, киімнің құлына қасірет болсын әрі әшекей-бұйымның құлына қасірет болсын. Оған (осы нәрселер) берілсе — риза болып жүреді, ал берілмесе — наразылық білдіреді. Оған қасірет болсын, әрі бүкіл істері басынан аяғына төнкерілсін, (тінті) денесіне тікен кіретін болса, соны шығарып алатын ешкім таппасын! Аллаһтың жолында атының жүгенінен ұстайтын, әрі егер оны барлаушылыққа (қойса), барлаушылыққа шығатын, ал (әскердің) арт жағына қойылса, арт жаққа баратын, әрі егер әлденені сұраса, сұрағаны рұқсат етілмейтіндей (өте көнгіш), ал біреу үшін өтініш жасаса, өтініші қабылданбай-***

тын, шашы ұйпа-тұйпа, аяғы шаң-шаң Аллаһтың құлына Туба (Жәннат) болсын» (әл-Бухари, 2887).

- «***қасірет болсын***»: ол сәтсіздік пен зиянға ұшырасын.
- «***динардың***»: алтын тиынның «***құлы***»: оны осылай атаудың себебі оның да динарға деген тәуелділігі құлдың қожайынына деген тәуелділігі секілді екенінде. Бұл оның негізгі қамына айналды әрі ал осыны Раббысына мойынсұнудан жоғары қойды.
- «***дирхам***»: күміс тиын.
- «***қиімнің құлы***», «***әшекей-жасаудың құлы***»: сыртқы келбет пен сән-салтанатқа аса көп көңіл бөлетін адам.
- «***Оған (бұл нәрселер) берілсе — риза болып жүреді***»: ол дүниемүліктен басқа ешнәрсеге разы болмайды және тек сол үшін ғана ашуланады.
- «***бүкіл істері басынан аяғына төнкерілсін***»: оның бүкіл істері ол осыны қаламайтындай кейіпте төнкерілсін әрі оған жеңілдетілмесін.
- «***(тіпті) денесіне тікен кіретін болса, соны шығарып алатын ешкім табылмасын!***»: Бұл оғанқарсы дұға немесе ол туралы айтылған хабар болуы мүмкін.
- «***Туба***»: бұл адамның (Жәннаттағы) ең жақсы жағдайда болуы. Сондай-ақ бұл Жәннаттағы ағаштың атауы деп айтылады, бірақ бірінші пікір екіншісіне қарағанда жалпы болып табылады.
- «***Аллаһтың жолында***» — яғни мұның шарты адамның рулық фанатизм және ұлтшылдық үшін емес, Аллаһтың сөзін ұлықтау үшін соғысуы.
- «***аяғы шаң-шаң Аллаһтың құлына Туба (Жәннат) болсын***»: Аллаһтың жолында жүргендіктен, ол өзінің сырт келбеті мен денесінің жағдайына мән бермейді. Оның аяқтары Аллаһтың жолында жүргендіктен шаң-тозаңға толған. Құлдың ғибадат кезінде табиғи түрде пайда болатын, яғни жасанды емес іздері үшін Аллаһ оны марапаттайды. Мысалы, Пайғамбардың ﷺ: «***Ораза ұстаушының аузынан шығатын жағымсыз иіс...***» —деген сөздері сияқты.
- «***ал (әскердің) арт жағына қойылса***» — әскердің соңғы шебінде. Бұл екі сөйлемнен екі мағынаны түсінуге болады:

  1) Ол қай жерге тағайындалса да, разы болады және әскердің алдыңғы шебіне шығуды сұрамайды.

  2) Егер оны шекараға күзетке қойса, ол қызметін лайықты түрде

орындайды, әрі артқы жаққа (тылға) тағайындалса да, өз міндетін адал атқарады.

- «***Ол әлдебір нәрсе сұрағанда***»: оның адамдар арасында беделі де, мәртебесі де жоқ, бірақ Аллаһ алдында оның дәрежесі биік.
- Хадис адамдардың арасында дүние үшін құлшылық ететіндер және сол үшін ашуланатындары бар екеніне нұсқайды, әрі осы тұрғыдан хадис адамдарды келесі екі топқа бөледі:
- Дүниеден басқа қамы жоқтар. Олар үшін байлыққа жету немесе жайлылықты арттыру — басты мақсат. Дүниенің қамы олардың жүректерін құлдыққа салып, оларды Аллаһты еске алудан және Оған құлшылық етуден алыстатады. Алайда олардың ісі басынан аяғына төңкеріледі (теріс айналады), әрі олар тіпті ең кіші азаптан да құтыла алмайды.
- Бүкіл армандары Ақыреттегі мәңгілік өмір болғандар. Олар соған тіпті ең ауыр жолмен болса да жетуге ұмтылады, ал бұл Аллаһтың жолындағы жиһад, әрі олар өздеріне жүктелген міндеттерді толық орындайды. Олар игіліке ұмтылады, сондықтан адамдар үшін араша түседі.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Адамның Ақырет өміріне арналған амалдар арқылы дүниелік игіліктерді қалауы (деген ұғымына түсініктеме).

Екінші. «Худ» сүресінің 15–16-аяттарын тәпсірлеу (**«Кімде-кім осы дүние тіршілігін әрі оның зейнетін қаласа...»**)

Үшінші. Мұсылманды «**динардың құлы**», «**дирхамнің құлы**» және «**әшекей-бұйымның құлы**» деп атаудың мәні.

Төртінші. Мұның түсіндірмесі: «**Оған осылар берілсе, ол риза болады, ал берілмесе — ол ашуланады**».

Бесінші. Пайғамбарымыздың ﷺ келесі сөздері: «***Оған қасірет болсын, әрі бүкіл істері басынан аяғына төңкерілсін***». (Бұл дұға да, ол туралы айтылған хабар да болуы мүмкін).

Алтыншысы. Оның ﷺ келесі сөздері: «***әрі оның денесіне қадалған тікенді суырып алатын ешкім табылмасын!***» (Бұл да дұға, немесе ол туралы айтылған хабар болуы мүмкін).

Жетіншісі. Аталған сипаттарға ие мужаһидті мақтау. (Мақтауға лайық — дирхам мен динардың иесі немесе жоғары лауазым мен мәртебеге ие адам емес, дәл осындай мужаһид болып табылады).

38. Ғалымдар мен билеушілерге олар Аллаһтың халал еткен нәрселерін харам еткенде, немесе харам еткен нәрселерін халал еткенде бағынатын адамдар соларды (өздеріне) Раббы ететіні туралы тарау.

Ғалымдар мен билеушілерге Аллаһқа мойынсұнбаушылықта бағынудың түрлері:

Егер адам олардың үкіміне өзінің білімсіздігі себебінен еріп, оны Аллаһтың үкімі деп санаса:

1. Егер ол ақиқатты білуге мүмкіндігі бола тұра, осыған немқұрайлық танытса, онда күнәхар болады.

2. Егер оның білім алуға мүмкіндігі жоқ болса және ақиқатты біле алмай, соларға соқыр түрде еріп, осыны шындық деп ойласа, онда оған күнә жоқ, өйткені бұл жағдайда оның үзірі бар.

Кіші күпірлік және үлкен күпірлікке түсудің өте үлкен қаупі:

Аллаһтың үкіміне разы болған және ол пенделер мен елдер үшін ең жақсы үкім екенін білген күйінде, бірақ өзінің нәпсісінің қалауы үшін, мысалы, мансап пен лауазымға жетуді көздеп, соларға ілесіп, бағынса, онда бұл кіші күпірлік. Ал егер ол осынысы арқылы адамдардың құқығын бұзса, онда әділетсіздік-залым болады.

Үлкен күпірлік: Егер адам олардың үкіміне разы болып, оларды артық көрсе әрі Аллаһтың үкімін жек көрсе — бұл үлкен күпірлік. Сондай-ақ егер ол олардың үкімін Аллаһтың үкіміне тең немесе одан жақсы деп санаса да, бұл күпірлікке жатады.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: “Мен сендердің бастарыңа дәл қазір аспаннан тастар келіп түседі ме деп қорқамын! Мен: «Аллаһтың Елшісі ﷺ айтты», — десем, сендер: «Абу Бакр мен Умар айтты», — дейсіңдер”.

Ахмад ибн Ханбәл (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді: “Хадис-

тің иснады әрі сенімділігі туралы біле тұра, әрі Аллаһтың: «**Сондықтан оның (Елшінің) әміріне қарсы келгендер өздеріне бір бүлік-фитна жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын**», — деп айтқанына қарамастан, Суфиянның (әс-Сәури) пікіріне (соқыр түрде) ілесетіндер таң қалдырады.

Ал сен бүліктің не екенін білесің бе? Бүлік (фитна) — бұл ширк. Егер әлдебіреу Пайғамбардың ﷺ кейбір айтқан сөздерін қабылдамаса, оның жүрегіне адасушылық кіреді де, ол опат болады».

- «Абу Бакр мен Умар айтты...» — Абу Бакр мен Умардың шариғат мәтіндеріне өз пікірлерін қарсы қойып, қайшы келгендері белгісіз.
- «**Оның (Елшінің) әміріне қарсы келгендер**» — яғни олар Оның бұйрықтарына қажеттілік сезінбей және тіпті олар жайлы ойланбастан бет бұрады.

Ғалымдарға соқыр түрде ілесу мәселесіндегі үш пікір:

1) Рұқсат етілген (дұрысырақ пікір): егер адам осыған мұқтаж болып, оның үкімдерді білуге мүмкіндігі болмаса. Мұндай жағдайда адам діни білімі мен тақуалығына сенімді болған ғалымға ереді, бірақ оның әлдебір мәселедегі үкімдерінің ішіндегі өзі үшін жеңілдерін ғана алып, нәпсісіне ұнамайтын үкімінде басқа ғалымның пәтуасын іздеу дұрыс емес.

2) Бұл толықтай харам: себебі бұда сөзі дәлел болып табылмайтын адамдардың сөзін дәлел ретінде қабылдау бар.

3) Бұл міндетті: өйткені төрт имам қайтыс болғаннан кейін иждиһад есігі жабылды.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ғадий ибн Хатим (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: “Мен Пайғамбардың ﷺ: «**Олар өздерінің кітапшылдары мен монахтарын Аллаһ-**

тан өзге раббылар етіп алды», — деген аятты оқығанын естідім. Мен оған: «Бірақ біз оларға құлшылық етпейтінбіз ғой!» — дедім. Сонда ол: «***Олар Аллаһтың халәл еткен нәрселерін харам етпейді ме, әрі сендер осыны харам деп санамайсындар ма, әрі егер олар Аллаһ харам еткен нәрселерді халәл етсе, сендер де соны өздеріңе халәл етесіңдер ғой!?***» — деп сұрады. Мен: «Иә, солай», — деп жауап бердім. (Ал) ол (бұған): «***Міне, дәл осы — оларға құлшылық ету***», — деді" (әт-Тирмизи 3104, Ибн Касир «Тафсирде» 485/2).

- «**Кітапшылары**»: діни білімі терең ғалымдары.
- «**Монахтар**»: дүниелік істерден оқшауланып, құлшылыққа берілген адам.
- «Бірақ біз оларға құлшылық етпейтінбіз ғой!»: яғни оларға сәжде жасап, олар үшін құрбандық шалмады немесе нәзір бермеді. Алайда Пайғамбар ﷺ оған құлшылықтың мәнінің бірі бойсұну және ол құлдықтың шартталған түрі екенін түсіндірді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «ән-Нур» сүресінің 63-аятының тәпсірі. («**Сондықтан оның әміріне қарсы келгендер өздеріне бір бүлік-фитна жетуінен немесе жан түршігерлік азап келуінен сақтансын**»).

Екінші. «ат-Тәуба» сүресінің 31-аятының тәпсірі. («**Олар өздерінің кітапшылары мен монахтарын Аллаһтан өзге раббылар етіп мойындады...**»)

Үшінші. Ғадий ибн Хатим теріске шығарған құлшылықтың мәніне нұсқау. (Яғни бойсұну арқылы орындалатын құлшылық).

Төртінші. Ибн Аббас мысал ретінде Абу Бакр мен Умарды, ал Ахмад Суфиан әс-Сәуриді келтірген.

Бесінші. Жағдайдың нашарлағаны соншалық, көпшілік үшін монахтарға құлшылық ету — ең маңызды іске айналып, оған "әулиелік" (әл-уиләя) деген атау берілді. Ал кітапшыларға бойсұну "ғылым" және "фиқһ" деп аталды. Кейін жағдай одан сайын нашарлап, адамдар пасықтар мен надарға бойсұну арқылы Аллаһпен қатар соларға құлшылық ететін болды. (Біз адамдарды мұндайдан сақтандыруымыз әрі Аллаһтың шариғатын қорғауға әрі ешкімге оның Аллаһ харам еткен нәрсені халал етуінде де, Аллаһ халал еткен нәрсені харам етуінде де бағынбауға міндеттіміз).

39. «(Мухаммад,) саған түсірілген (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп, құр өршеленгендерді көрмейсің бе?! Олар үкім іздеп тағутқа жүгінуді қалайды. Негізінде, оларға оған күпірлік ету әмір етілген болатын. Өйткені шайтан оларды ұзақ адасумен адастыруды қалайды. Ал оларға: «Аллаһ түсірген Құранға және Елшіге келіңдер», — делінсе, екіжүзділердің сенен жылдам бет бұратындарын көресің. Сонда олар өз қолдары істегендерінің салдарынан бастарына бір күйзеліс келген кезде қалай болмақ, содан соң олар саған келіп: «Біз тек жақсылықты және үйлестіруді қалап едік», — деп, Аллаһтың атымен ант етеді».

- Бұл тарау алдыңғы тараумен тығыз байланысты, себебі алдыңғы тарауда Аллаһ тыйым салғанды рұқсат етіп, рұқсат етілгенге тыйым салатын ғалымдар мен билеушілерге бағынған адамның үкімі туралы айтылған болатын. Ал бұл тарауда Аллаһтан басқаға төрелік сұраған адамның үкімі баяндалады.
- «**…көрмейсің бе?**»: бұл сұрақ Пайғамбарға ﷺ бағытталған болсада, онымен олардың жағдайын растау әрі оған таңдану меңзеледі.
- «**…сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп**»: Аллаһ олар туралы «иман келтірді» деп айтқан жоқ, өйткені олар иман келтірмеді, бірақ өздерін солай деп ойлайды және өтірік айтады.
- «**шайтан**»: бұл жерде адамдар мен жындардан шыққан барлық шайтандар меңзелген.
- «**…оларды ұзақ адасумен адастыруды қалайды**»: оларды алдап еліктіру арқылы ақиқаттан өте алыс адасушылыққа салуды қалайды.
- «**екіжүзділердің сенен жылдам бет бұратындықтарын көресің**»: бұл жерде «олар» деген есімдіктің орнына «екіжүзділер» деген зат есімнің қолданылуының үш себебі бар:

  1) Өздерінің иман келтіргенін алға тартатын бұл адамдардың екіжүзділер екеніне нұсқау.

2) Бұндай әрекет тек екіжүздіден ғана шығады, өйткені нағыз иман келтірген адам Аллаһтың үкіміне күмәнсіз бағынады.

3) Тыңдаушының назарын аудару, өйткені бір мәнерде айтылатын сөздер зейінді әлсіретеді, ал сөйлеу мәнері өзгергенде, бұл тыңдаушының назарын өзіне қаратады.

- Шейхул-Ислам Ибн Тәймия (Аллаһ оны рахымына алсын) былай деген: «Бұл аяттар Аллаһ Тағаланың сипаттарын бұрмалап түсіндіретіндерге де қатысты. Олар өздерін Аллаһ пен Оның Елшісіне ﷺ иман келтірдік дейді. Бірақ оларға: «Аллаһ түсіргенге және Оның Елшісіне келіңдер!» делінсе, олар теріс бұрылып: «Біз пәленше мен түгеншеге жүгінеміз», — дейді. Ал оларға осы істегендері үшін сөгіс айтылса, олар: «Біз тек жақсылық пен тура жолды қалаймыз және ақыл дәлелдері мен шариғат дәлелдерін үйлестіргіміз келеді», — деп жауап береді».

ЕКІНШІДЕН ТӨРТІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «Оларға: «**Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар!», — делінсе, олар: «Біздер түзеуші ғанамыз**», — дейді» («әл-Бақара» сүресі, 11-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген: «**Жер беті түзетілген соң онда бұзақылық жасамаңдар…**» («әл-Әғраф» сүресі, 56-аят).

Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар жаһилиет дәуірінің үкімін іздейді ме? Анық нанған ел үшін Аллаһтан жақсы үкім беруші кім бар?**» («әл-Мәида сүресі, 50-аят)

- «**Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар!**», — делінсе»: жер бетінде бұзақылық жасаудың екі түрі бар:

  Материалдық бұзақылық: үйлерді қирату және жолдарды бүлдіру сияқты.

  Рухани бұзақылық: күнәлар арқылы жасалатын бұзақылық. Бұл — жер бетіндегі ең жаман бұзақылық.
- «**Біздер түзеуші ғанамыз**»: бұл сөз ең үлкен өтіріктердің бірі. Аллаһ олардың бұл сөзін теріске шығарып, олардың шынында бұзақылар екенін және өздерін түзетушіміз деп айтуы жалған екенін айтты.

- «**Жер беті түзетілген соң**»: бұл түзету тәртіп орнатушылар тарапынан жүзеге асады. Осы бұзақылықтың бірі — білім иелерінің, ізгі алдыңғы буынның және шариғатқа сай төрелік етушілердің шақыруына қарсы шығу.
- «**Олар жаһилиет дәуірінің үкімін іздейді ме?**»: бұл сұрақ сөгіс түрінде айтылған. Яғни олар тек надандық дәуірінің үкімін қалай ма? Надандықтың екі мағынасы бар: Пайғамбарлық келгенге дейінгі надандық дәуірі және надандыққа негізделген кез келген нәрсе.
- «**Аллаһтан жақсы үкім беруші кім?**»: Аллаһтың үкімінен артық ешкімнің үкімі жоқ. Бұл — бірқұдайшылықтың мағынасы.

БЕСІНШІ ЖӘНЕ АЛТЫНШЫ ДӘЛЕЛДЕР

Абдуллаһ ибн Умар (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін баяндаған: «***Сендердің ешқайсыларың өз қалауларыңды мен алып келген нәрсеге бағындырмайынша иман келтірген болмайсыңдар***» («әл-Арбағун» ән-Нәуауи, 47-аят).

Ән-Нәуауи былай деді: «Бұл — сенімді хадис. Біз оны «әл-Хужжә» кітабында сенімді иснадпен келтіргенбіз».

Әш-Шәғби (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деп баяндайтын: “Бірде екіжүзділердің біреуі яһудимен тартысып қалады да, яһуди оған: «Жүр, Мухаммадқа жүгінейік», — дейді, өйткені оған оның пара алмайтыны мәлім еді. Ал екіжүзді болса: «Жүр, одан да яһудилердің үкіміне жүгінейік», — деп (ұсыныс) айтады, өйткені ол олардың пара алатынын білетін еді. Тартысқан екеуі арасын шешу үшін Жухайнадағы бір көріпкелге баруға келіседі. Әрі сол кезде «***(Мухаммад,) саған түсірілген (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп, құр өршелегендерді көрмейсің бе?! Олар үкім іздеп тағутқа жүгінуді қалайды...***» деген аяттар түсірілді»”.

Басқа бір хадисте осы аяттың түсуінің себебі туралы былай деп айтылған: «Бірде екі адам өзара тартысып қалады да, бірі екіншісіне: «Жүр, ендеше, Пайғамбарға ﷺ, ол біздің арамызды шешуі үшін, жүгінейік», — деп ұсынады. Екіншісі болса: «Кағб ибн Әшрафқа барайық», — деді. Ең соңында олар Умарға жүгінді де, тартысқандардың біреуі оған болған тірліктің барлығын айтып береді. Умар Пайғамбарға жүгінгісі келмеген кісіден: «Осылай болғаны рас па?», — деп сұрады. Әлгі адам:

«Иә, осылай болды», — деп жауап береді. Сонда Умар қылышын шығарып, оны шауып тастайды» (Ибн Хажәр «Фатх әл-Бари» 5/29 кітабында асарды әлсіз деді).

- «***иман келтірген болмайсындар***»: яғни оның иманы толыққанды болмайды. Егер ол нәпсісіне толықтай ерсе, онда оның иманы толығымен жойылады.
- Хадисті кейбір ғалымдар әлсіз деп санағанымен, оның мағынасы дұрыс.
- «екіжүзділердің біреуі»: олар сырттай Исламды көрсетіп, жүрегінде күпірлікті жасыратын адамдар.
- «Яһудилер»: өздерін Муса пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) дініне жатқызатындар. Олар «яһуди» деп келесі себептермен аталады:

  1) Олар: «Біз саған қайта оралдық (هدنا — һудна)» деген.

  2) Немесе олар өздерінің арғы атасы — Яхузға телінеді.
- «Мухаммадқа жүгінейік»: әлгі яһуди оны пайғамбар деп атамады, себебі олар оның пайғамбарлығына сенбеген.
- «Пара». адамның бір нәрсені алу үшін әлдебірлауазым иесіне беретін мал-мүлік.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Ән-Ниса» сүресінің 60–62 аяттарының тәпсірі әрі тағут ұғымының мәнін түсіндіру («**(Мухаммад) саған түсірілген (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп, құр өршелегендерді көрмейсің бе?**»).

Екінші. «Әл-Бақара» сүресінің 11-аятының тәпсірі: «**Оларға: «Жер жүзінде бұзақылық қылмаңдар!**», — делінсе, олар: «Біздер түзеуші ғанамыз», — дейді». (Бұл аят екіжүзділік жер бетіндегі бұзақылық болып есептеледі, өйткені бұл аят екіжүзділер туралы. Бұзақылық ұғымы сондай-ақ барлық күнәларды да қамтиды).

Үшінші. «әл-Әғраф» сүресінің 56-аятының тәпсірі: «**Жер беті түзетілген соң онда бұзақылық жасамаңдар**»

Төртінші. «Әл-Мәида» сүресінің 50-аятының тәпсірі: «**Олар жаһилиет дәуірінің үкімін іздейді ме? Анық нанған ел үшін Аллаһтан жақсы үкім беруші кім бар?**» (Надандық (жәһилиет) — бұл шариғатқа қайшы келетін кез-келген нәрсе. Оның «надандық» деп аталғанының

себебі — адамдарды одан сақтандыру және оларға оның жиіркенішті-лігін, сонымен бірге, жәһилиет дәуірінің үкімі надандық пен адасушы-лыққа негізделгенін түсіндіру үшін).

Бесінші. Әш-Шәғбидің бірінші келтірілген аяттың түсу себебі жайлы сөздері.

Алтыншы. Шынайы және жалған иманның мәні. (Шынайы иман — Аллаһ пен Оның Елшісінің ﷺ үкімдеріне толық мойынсұнуға, оларды қабылдауға және оларға бағынуға әкеледі, ал жалған иман — бұған қайшы келеді).

Жетінші. Умар мен екіжүздінің оқиғасы.

Сегізінші. Адам өз нәпсісін Аллаһ Елшісі ﷺ алып келген нәрсеге бағындырмайынша, иман келтірген болып саналмайды.

Жетінші бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (9 тарау)

Бірінші тапсырма: Дұрыс жауаптың қасына белгі қой немесе бос орынды толтыр

1) Бұл бөлімдегі алғашқы тарау — махаббат жайлы тарау.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

2) Кейбір ғибадат етушілер кейбір қабірлерді немесе әулиелерді Аллаһты жақсы көргендей немесе Одан да артық жақсы көреді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

3) Егер жүректе Пайғамбарға ﷺ деген махаббат болмаса, не нәрсе жоққа шығарылады:

☐ иманның толықтығы ☐ иманның болуы

4) Пайғамбарды ﷺ бала-шағадан, ата-анадан және барлық адамдардан артық жақсы көру қажет:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

5) Иманның тәттілігін сезінудің себептерінің бірі:

☐ Аллаһ үшін болған махаббат

☐ туыстарға деген махаббат

6) Негізінде бір нәрсені жоққа шығару: ..... жоққа шығаруды, содан кейін ..... жоққа шығаруды, содан кейін ..... жоққа шығаруды білдіреді.

7) Әһлу-с-Сунна (Сүннетті ұстанушылар) қорқыту мағынасында келген шариғат мәтіндеріне қатысты былай дейді: .... Әрі бұл біздің олардың мағынасын түсінбейтінімізді білдіреді ме?

☐ иә ☐ жоқ

8) Егер кімде-кім Пайғамбар ﷺ жіберілгеннен кейін Аллаһ Тағала христиандардың немесе яһудилердің дініне разы және қабыл етеді деп санаса, сол Құранды жоққа шығарып, Исламнан шығады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

9) Мұсылман адам кәпірлерді алдамайды әрі оларға шындықпен олардың адасуда екенін және олар Муса мен Исаға берілген бұйрықтарға қайшы келетінін түсіндіреді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

10) Аллаһтың дұшпандарына деген жеккөрушілік пен оларды дұшпан санау олармен жасалған келісімдерді орындамауды білдірмейді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

11) «Егер мен христиан көрсем, көзімді жұмамын, өткені Аллаһтың дұшпанын көзіммен көргім келмейді», — деген кім?

☐ Имам Ахмад ☐ Шейхул-ислам Ибн Тәймия

12) «Кімде-кім мүмин әрі тақуа болса, сол Аллаһтың жақсы көретін жақын құлы (әулиесі) болады» деген кім?

☐ Ибн Тәймия ☐ Ибн әл-Қаййим

13) Аллаһтың жаратылыстарға деген жалпы қамқорлығы мүминдерді де, кәпірлерді де және бүкіл жаратылысты қамтиды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

14) Намаз оқып, ораза ұстайтын, бірақ Аллаһтың дұшпандарына жағымпазданатын (оларға сүйіспеншілік пен достық танытатын) адам Аллаһтың жақсы көретін жақын құлы (әулиесі) болмайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

15) Автор махаббат туралы тарауды қорқу туралы тарауынан кейін келтірді, өйткені ғибадат осыларға негізделеді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

16) Аллаһтан қорқу мәселесінде адамдар екі шектен шыққан және бір орта (дұрыс) жолды ұстанатын топқа бөлінеді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

17) Дұрыс қорқу — бұл адамға ол Аллаһ тыйым салған нәрселерді істеуіне бөгет болатын қорқу ғана, ал егер осы анықтамаға әлдебір нәрсе қосылса, бұл Аллаһтың рахымынан үміт үзуге алып келеді:

☐ дұрыс ☐ дұрыс емес

18) Кімде-кім арсыздық пен шариғат айыптайтын нәрселерге көмектессе, сол шайтанның жақсы көретін жақын адамдарының (яғни шайтанның әулиелерінің) бірі болады:

☐ дұрыс ☐ дұрыс емес

19) Кімде-кім Аллаһтан қорықса (خاف) және Оның алдында тақуа болса (اتقى), одан бәрі қорқады. Ал кімде-кім Аллаһтан өзге біреуден қорықса, ондай адам барлық нәрседен қорқатын болады.

☐ дұрыс ☐ дұрыс емес

20) Мешіттерді жандандыру дегеніміз –

☐ физикалық жандандыру

☐ рухани жандандыру

☐ екі жауап та дұрыс

21) Аллаһқа және Қиямет күніне иман жиі бірге айтылады, өйткені бұл мойынсұнуға жетелейді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

22) Біз Пайғамбарымызды ﷺ не үшін жақсы көреміз?

1) .....

2) .....

3) .....

4) .....

23) Пайғамбарымыз ﷺ қайтыс болғаннан кейін оған деген махаббат қалай көрініс табуға тиіс?

1) .....

2) .....

24) Намазды орындау (إقام الصلاة) дегеніміз бұл:

☐ оның парыздарын орындау

☐ оның мұстахабтарын орындау

☐ екі жауап та дұрыс

25) Тәуекел — діннің жартысы:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

Қандай сөздерді айтуға болады?

☐ саған сенім арттым

☐ саған тапсырдым

☐ Аллаһқа, содан кейін саған сенім арттым

☐ бірінші сөзден басқа бәрі

26) Тәуекел дегеніміз — .....
.....

Ол қанша түрге бөлінеді?

☐ 3 ☐ 4 ☐ 5 түрге

27) Өлгендерге немесе қасында жоқ салиқалы адамдарға тәуекел ету –

☐ кіші ширк ☐ үлкен ширк

28) Біреуге ризық немесе күнкөріс мәселесінде мұқтаждық сезінген күйде сенім арту ету –

☐ рұқсат етіледі ☐ кіші ширк

29) Аллаһтың Елшісі ﷺ — тәуекел етушілердің мырзасы еді, бірақ осыған қарамастан ол ☐ қиындықтарға ұшырайтын ☐ ұшырамайтын, бірақ бұл оған ☐ зиян тигізді ☐ тигізген жоқ

30) Қайғыға түскенде не айтылады? ....

31) Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) бану Исраилден

☐ хабар жеткізетіндерден еді

☐ хабаржеткізуді құптамайтын

32) Аллаһтың рахымынан үміт үзу —

☐ адасу

☐ тура жолды ауытқу

☐ Аллаһтың лайықты сипаттарын білмей адасу

☐ барлық жауаптар дұрыс

33) Аллаһтың мәкірінен қауіпсіздік сезіну —

☐ Аллаһтан қорқуда кемшілік жіберу

☐ Аллаһтан үміт етуде кемшілік жіберу

Ал Оның рахымынан үміт үзу —

☐ Одан қорқуда кемшілік жіберу

☐ Оған үміт етуде кемшілік жіберу

34) Үлкен күнәлардың саны ☐ шектеулі ☐ шектеусіз; олардың барлығыны дәрежесі ☐ бірдей ☐ бірдей емес. Үлкен күнә жасаушының үкімі: ☐ ол иманы толық емес мүмин ☐ иманы үшін мүмин, күнәсі үшін күнәһар ☐ мүмин ☐ кәпір ☐ бірінші және екінші жауап дұрыс. Үлкен күнә жасаушыны біз: ☐ жақсы көреміз ☐ жек көреміз ☐ оның иманы үшін жақсы көреміз, күнәсі үшін жек көреміз. Үлкен күнәлар ізгі амалдардың себебімен кешіріле ме? ☐ иә ☐ жоқ.

Үлкен күнә жасап жатқан адаммен ол соны жасапжатқан кезде бірге отыруға бола ма? ☐ иә ☐ жоқ. Егер ол күнәларының бір бөлігіне тәубе етсе, ол қабыл болады ма? ☐ иә ☐ жоқ.

35) Сабырдың қанша түрі бар?

☐ 3 ☐ 4 ☐ 5

Аллаһтың құлына деген сүйіспеншілігінің белгісі — оны сынаққа алуы:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

36) Сабырдың ең жоғары дәрежесі — күнәлардан бас тартуда сабырлық таныту:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

37) Сабыр туралы тарауға ұқыптытылық танытудың жемісі — оны қиындықтарға тап болған кезде еске алу және қиындыққа сабыр еткен адамның есіне салу:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

38) Егер мүминнің бойында екі кәпірлік сипат жиналса, ол кәпірге айналады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

39) Егер кәпірде мұсылманға тән әлдебір сипат, мысалы ұялшақтық болса, бұл оның мүмин екенін білдірмейді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

40) Егер шариғи мәтіндерде «күпірлік» (كفر) сөзі белгісіздік райында келсе, ол Исламнан шығуды білдіреді ме?

☐ иә ☐ жоқ

41) Адамдар қайғы-қасіреттерге қатысты қанша топқа бөлінеді:

☐ 3 ☐ 4 ☐ 5

42) Тағдырға кейіс-наразылық білдіру күпірлікке апарады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

43) Тағадырға кейіс-наразылық білдірудің түрлері:

☐ жүректе, тілде және іс-әрекетте болуы мүмкін

☐ тек тілде және іс-әрекетте ғана болады

44) Басқа түскен қиыншылықтарға сабыр ету мен разы болудың айырмашылығы — олардың үкімінде әрі адамның қиындықтарды қалай көтеретінінде:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

45) Кейде адамның иманы күнәлардың себебінен артады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

46) Аллаһ Өз даналығымен жамандықтың орын алуын қалайды, бірақ бұл жамандық соның құрамындағы даналықтың арқасында кейін жақсылыққа айналады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

47) Қайта тірілу күні (يوم القيامة) «Қиямет күні» деп аталуының себебі келесіде:

☐ адамдар қабірлерінен тіріліп шығады

☐ куәлар шақырылады

☐ әділ үкім шығарылады

☐ жоғарыда аталғандардың барлығы дұрыс

48) Адамның бұл дүниеде жазаға тартылуы, оның жазасының Қияметке дейін кейінге шегерілуінен жақсырақ:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

49) Адамға қадалған тікен үшін берілетін сауап, сынған сүйек үшін берілетін сауаптай:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

50) Аллаһтың кез келген сипаттарына қатысты біздің ұстанымымыз қандай болу керек?

☐ біз оларды растаймыз

☐ оларды әлдебір нәрсеге ұқсатудан және «қалай?» деп сұраудан сақтанамыз

☐ екі жауап та дұрыс

51) Шыққан текті сөгу дегеніміз:

☐ балағаттау

☐ жоққа шығару

☐ екі жауап та дұрыс

52) Рия (көзбояушылық) — бұл ширк (Аллаһқа серік қосу) (☐ кіші ширк ☐ кіші ширк, бірақ ол үлкен ширкке алып баруы мүмкін).

Рия — адамдар көрсін деп құлшылық ету, ал «адамдар естісін» деп жасау оған кірмейді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

53) Риядан құтылудың жолдарының бірі — өлімді және оның азабын еске алу:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

54) Адам өзінің құлшылығы туралы адамдардың білетініне қуанса, бұл:

☐ рия ☐ рия емес

55) Адам құлшылық еткені үшін қуанса, бұл:

☐ рия ☐ рия емес

56) Адам Аллаһ разылығы үшін садақа берді, ал кейін Аллаһ мұсылмандардың жүрегіне оған деген махаббат пен мақтауды салды:

☐ ол рия жасаушы болып есептеледі

☐ ол ықыласты (яғни Аллаһ үшін жасаған) болып есептеледі

57) Адам Аллаһ разылығы үшін садақа берді, бірақ оның мақсаты дүние байлығын арттыру болса, онда ол:

☐ құлшылық арқылы дүниелік нәрсені қалады

☐ құлшылық арқылы мәңгілік өмірді (Ақыретті) қалады

58) Егер мұсылман адам рияға түсіп қаламын деп қорықса, онда ол бұл құлшылықты тастауы керек:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

59) Адамның «динардың құлы» деп аталуының себебі:

☐ оған құлшылық етуі

☐ ол тек ақша берілгенде разы болып, берілмегенде ашулануы, бұл оны құлға айналдырады

60) «Туба» дегеніміз:

☐ бұл адам ең жоғары дәрежеге жетеді

☐ Жәннаттағы бір ағаш

61) Дүние пайдасын көздеп құлшылық ету — рияның ең қауіпті түрлерінің бірі:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

62) Даугерлердің бір тарапының қазыға берген сыйы:

☐ қызметкерлердің сыйақысы

☐ пара

☐ екі жауап та дұрыс

63) «Лә иләһә иллә-Ллаһ» куәлігінде рия жасау мен садақа беру кезінде рия жасаудың арасында айырмашылық жоқ:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

64) Дирхам — бұл:

☐ алтын тиын ☐ күміс тиын

65) Мал-мүлік пен жоғары дәрежеге ие адамдар мақтауға лайық:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

66) Адамға дүние берілгенде разы болып, берілмегенде ашулануы — оның дүниені қалағанының белгісі:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

67) Ғалымдар — (☐ адамдарды мәжбүрлейді және заңды орындатады ☐ бағыт көрсетеді және үйретеді), ал билеушілер — (☐ адамдарды мәжбүрлейді және заңды орындатады ☐ бағыт көрсетеді және үйретеді).

68) Абу Бакр мен Умар өз пікіріне сүйене отырып, шариғатқа қайшы әрекет етті деген дерек жоқ.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

69) Аллаһқа мойынсұнбау тұрғысынан ғалымдар мен билеушілерге бағынудың түрлері:

..... және оның үкімі .....

..... және оның үкімі .....

..... және оның үкімі .....

70) Қарапайым халықтың мазһабқа соқыр еріп, мазһаб үшін достық және дұшпандық таныту:

☐ мақтаулы ☐ айыптаулы амал

71) Кітап иелерінің «рохиб» (الراهب) деген адамдары кім?

☐ кең көлемді білімі бар ғалым

☐ құлшылыққа берілген аскет

Ал «хибр» (الحبر):

☐ кең көлемді білімі бар ғалым

☐ құлшылыққа берілген аскет

72) Ғадий ибн Хатимнің хадисінде (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ халал еткен нәрсені харам етудің біріншіболып аталуының себебі — өйткені бұл харамды халал етуден де ауыр:

☐ дұрыс ☐ бұл

73) Ал ғалымдар мен билеушілерге еріп, шариғатқа (☐ қайшы келетін ☐ сәйкес келетін ☐ екі жауап та дұрыс) нәрселерде оларға еру — оларды Аллаһтан өзге раббы етіп алу болып табылады.

73) Кімде-кім Аллаһ түсірген үкімге жеккөрушілік танытса, сол кәпір болады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

74) Аллаһтың түсірген шариғатымен үкім етпеуді рұқсат деп сену — күпірлік:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

75) Аллаһтың шариғатынан басқа нәрсемен үкім ету Аллаһтың шариғатымен үкім етумен тең немесе одан да жақсы деп сену –

☐ үлкен күпірлік ☐ кіші күпірлік

76) Аллаһтың үкімінің ең жақсы әрі ең даналыққа толы екеніне сенгенімен, сотталушыға деген жеккөрушілігі себепті Аллаһ түсірген үкіммен үкім етпеу — бұл:

☐ күпірлік

☐ әділетсіздік

☐ бұзақылық

77) «**Шайтан қалайды...**» дегенде мұнда шайтандардың қай түрі меңзелген?

☐ адамдар арасындағы

☐ жындар арасындағы

☐ екі жауап та дұрыс

78) «**иман келтірдік деп, құр өршеленгендерді**»:

☐ олар өздерін мүмин деп санады, бірақ олар — өтірікшілер

☐ олардың іс-әрекеттері сөздеріне қайшы келеді

☐ екі жауап та дұрыс

79) Күйзелістер:

☐ шариғи

☐ дүниелік

☐ екі жауап та дұрыс

80) Аллаһ пен Оның Елшісінің ﷺ әміріне бойсұнбай, олардан теріс бұрылған адам:

☐ мүмин ☐ екіжүзді

81) Жер бетіндегі ең үлкен бұзақылық — бұл:

☐ физикалық бұзақылық ☐ рухани бұзақылық

82) Тәртіп орнатылғаннан кейін бұзақылық — тартіп орнатылғанна бұрыңғы бұзақылықтан жаман, тіпті екеуі де түзетуді қажет етсе де:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

83) Надандық (жәһилиет) — бұл:

☐ пайғамбарлықтан бұрынғы дәуір

☐ білімге негізделмеген надандық

☐ екі жауап та дұрыс

84) Адам өзіне тиесілі нәрсені алуы немесе өзіне зиян келетін зияннан құтылу үшін пара беру (алу) харам болып табылады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ
Есім-сипаттардағы бірқұдайшылық (1 тарау)

40. Аллаһ Тағаланың қандай да бір есімін немесе сипатын жоққа шығаратын адам жайлы тарау.

Жухуд — бұл жоққа шығару, ол екі түрге бөлінеді:

1) Өтірік санап, жоққа шығару — бұл, ешбір күмәнсіз, күпірлік болып табылады. Кімде-кім Құранда немесе Сүннетте бекітілген Аллаһтың әлдебір есімін немесе сипаттын жоққа шығарса, бұл — мұсылмандардың бірауызды келісілген пікірі бойынша, күпірлік, себебі Аллаһ пен Оның Елшісін ﷺ өтірікте айыптау — діннен шығаратын күпірлік екеніне бүкіл үммет ғалымдары бірауыздан келіскеен.

2) Оны өзгеше түсіндіру арқылы жоққа шығару: яғни тікелей жоққа шығармай, мағынасын бұрмалау:

- Егер бұл тілдік тұрғыдан негізсіз болса, бұл күпірлік болып саналады. Мысалы, Аллаһтың Қолы — бұл көктер дегендер. Бұл — күпірлік, себебі бұған тілдік негіз жоқ әрі бұған шариғи мағына да нұсқамайды. Сондықтан да бұндай адам сипаттарды жоққа шығарған әрі күпірлік түскен болады.

- Егер бұған тілдік тұрғыдан негіз болса, онда бұл күпірлік болмайды, бірақ адам үлкен қауіпке ұшырайды, және біз оны теріске шығарамыз. Мысалы, «Оның екі Қолы кең жайылған» деген аятта «Қол» дегенде мейірімділік меңзеледі», — дейтін адам. Бұл адам кәпір болмайды, себебі араб тілінде «اليد» («яд» — қол) сөзі осындай мағынаны да

білдіреді. Бірақ біз оған келесідей жауап береміз:

1) Бұл шариғи мәтіннің тікелей мағынасына және салиқалы сәләфтардың бірауыздан келісілген пікіріне қайшы келеді, әрі бұған дәлел жоқ.

2) «Қол» сөзі екілік және көптік түрінде, «қамту», «жайылу» сипаттарымен сипатталып келген, ал мейірім немесе құдірет мұндай сипаттармен сипатталмайды.

3) Аллаһ Адамды өзінің екі Қолымен жаратқанын ерекше атап өтті, ал егер мұндағы «Қол» мейірім немесе құдірет деген мағынаны меңзейтін болғанда, онда Адам мен басқа жаратылыстар арасында айырмашылық болмас еді.

- Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы таухид бұл — Аллаһты Ол Өзін-Өзі Өз Кітабында және Өз Елшісінің ﷺ тілімен сипаттаған есімдер мен сипаттарға жалғыз Өзі ие деп сену. Бұл сенім Аллаһ Өзіне қатысты бекіткен нәрселерді ешбір бұрмалаусыз, теріске шығарусыз, бейне-кейіп берусіз (яғни «қалай?» деген сұрақ қоймай) және ешбір нәрсеге ұқсатусыз растау арқылы көрініс табады.

Неліктен автор «бұрмалау (تحريف)» деді, бірақ «тәъуил (تأويل)» деп айтпады?

1) Өйткені бұл Құранда келген және біз одан ауытқымаймыз.
2) Бұл шындыққа жақынырақ: олар, шындығында, тәпсірлеп-түсіндіруші (тәъуил жасаушылар) емес, бұрмалаушылар болып табылады.
3) Бұл адамдарды олардан алыстату үшін: егер біз оларды «тәъуил жасаушылар» десек, олар қуанар еді.
4) Себебі тәпсірлеп-түсіндіру (тәъуил) толығымен айыпталмайды: егер оған шариғи дәлелдер нұсқаса, онда ол дұрыс және қабылданады, ал егер оған дәлелдер нұсқамаса, ол теріске шығарылады. Ал бұрмалау — толығымен айыпталатын нәрсе.

Неліктен жартылай ұқсату («әт-тәшбих» (التشبيه)) емес толық ұқсату («әт-тәмсил» (التمثيل)) теріске шығарылады?

1) Өйткені Құранда «التمثيل» (тәмсил — толық ұқсату) сөзі қолданылған, және ол толықтай теріске шығарылады, ал «التشبيه» (ташбих — ұқсастық) сөзі Құранда жоқ.

2) Себебі ұқсастықтың толықтай жоқтығын растау дұрыс емес: кез келген екі нәрсе арасында белгілі бір дәрежеде ұқсастық бар, бірақ олардың әрқайсысы өзіне тән сипаттарымен ерекшеленеді.
3) Адамдар «тәшбих» қатысты келіспеушілікте болған: кейбіреулер Аллаһтың сипаттарын растауды да «тәшбих» деп атайды.

«Есім» (اسم) сөзі қайдан шыққан?

1) «السمو» (әс-сумуу) — жоғары болу. Әлдебір есіммен аталушы өзінің есімімен ерекшеленеді, жоғары тұрады әрі көрініс табады.
2) Немесе «السمة» (әс-симату) — белгі, ерекшелік. Есім онымен аталғанның ерекше белгісі болып табылады.

Есімдер мен сипаттардың айырмашылығы

Есім — Аллаһтың аттары.

Сипат — Аллаһтың сипаттары.

Неліктен біз Аллаһтың есімдері мен сипаттарындағы бірқұдайшылықты зерттейміз?

1) Бірқұдайшылықты жүзеге асыру үшін, әрі тіпті адам таухидтің үш түрінде Аллаһтың жалғыздығына сенбейінше бірқұдайшыл болмайды.
2) Бұл жүректің тірі болуының басты себебі және Аллаһты танудың ең ардақты ілімі.
3) Жәннатқа кіру үшін. Пайғамбар ﷺ: «***Аллаһтың 99 есімі бар, кімде-кім оларды түгендеп айтса (жаттап, мағынасын біліп, соларға сәйкес амал етсе), Жәннатқа кіреді***», — деген.
4) Себебі бұл — салиқалы сәләфтардың ұстанған негізі.
5) Аллаһты жаратылысқа ұқсататын және Оның сипаттарын жоққа шығаратын адасқан топтар түскен нәрселерге түспеу үшін.
6) Аллаһқа Оның есімдері арқылы дұға ету үшін. Аллаһ Тағала: «**Аллаһтың көркем есімдері бар, сондықтан Оған солар арқылы дұға етіңдер...**», — деген.

Тахриф — Аллаһқа қатысты расталуға тиісті нәрсені бұрмалау:

1. Айтылуында (дыбысталуында) бұрмалау — Аллаһ Тағаланың: «...Аллаһ Мусамен сөзбен сөйлесті» деген сөздерін бұрмалап, «Муса Аллаһқа сөз сөйледі» деп есептеп, Аллаһтың «Сөйлеу» сипатын теріске шығарғандар. Бірақ олардың бұл пікірлерін Аллаһтың «Онымен (Мусамен) Раббысы сөйлесті» деген аятындағы айқын дәлел теріске шығарды, әрі олар оған жауап бере алмай, дәлелдері таусылды.

2. Мағынасын бұрмалау — Аллаһтың «қолы» деген сипатын «мейірім» деп айтатындар секілді.

Тағтыль (сипаттарды жоққа шығару) — Аллаһқа тән деп расталуға тиіс нәрсені жоққа шығару екі түрге бөлінеді:

1. Толық жоққа шығару — Жәхмийлер секілді, олар Аллаһтың барлық сипаттарын жоққа шығарған.


2. Жартылай жоққа шығару — Әшғарилер секілді, олар кейбір сипаттарды растап, кейбірін жоққа шығарады.

Аллаһтың сипаттарына кейіп беру («қандай?» деп сұрау):

1. Жүрекпен: бір нәрсенің бейнесін жүрекпен елестету.

2. Қолмен: қимылмен бір нәрсені көрсету.

3. Тілмен: сөзбен сипаттап айту.



Мұның мысалы: «الخالق /әл-Холиқ/» (Жаратушы) есімі, біріншіден, Аллаһтың Жалғыздығына нұсқайды, өйткені бұл есім тек Оған ғана лайық. Екіншіден, ол Аллаһтың Жарату деген сипатына нұсқайды, өйткені өзіне осы мағынаны қамтиды. Үшіншіден, бұл есім Аллаһтың білімі мен құдіретіне нұсқайды, өйткені бұл осы есімнен міндетті түрде туындайды. Бұл туралы Аллаһ Тағала:

«**Ол Аллаһ, жеті көкті және жерді де сол секілді жаратқан. Оның (шариғи және болмыстық) әмірлері олардың арасында түсіп тұрады. Бұл сендердің Аллаһтың әр нәрсеге құдіретті екенін және Аллаһтың әрбір нәрсені білімімен қамтитынын білулерің үшін...**» («әт-Толақ» сүресі, 12-аят).

Біз есімдер мен сипаттар ғылымын қалай үйренеміз?

1. Білім алу — бұл ғибадат, сондықтан да біз міндетті түрде Пайғамбар ﷺ мен оның сахабалары жүрген жолмен жүруіміз керек.
2. Үйренудің мақсаты Аллаһты ұлықтау болу қажет. Имам Мәликке Аллаһтың жоғарыда болуы туралы сұрақ қойылғанда, оның басы төмен иіліп, жүзіне тер шығып кетті. Себебі ол ұлы нәрсе жайлы сұралған болатын.
3. Сахабалар сұрамаған нәрсені біз де сұрамауымыз керек.
4. Алдымен дәлел келтіріп, содан кейін соның үстінде сенім қалыптастыру керек. Сүннетті ұстанушыларға қайшы келетін адасқандар керісінше жасайды: олар әуелі сенім құрып алып, содан кейін соған сәйкес келетін дәлел іздейді, бірақ оларды таппай, адасушылық жолын таңдап, бидғаттарға түсіп кетеді.
5. Біз имам әш-Шәфиғидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) жолын ұстанамыз: «Иман келтір, сонда тура жолда боласың». Яғни сіз Аллаһқа және Оның жіберген нәрсесіне, Аллаһ қалай қаласа, дәл солай иман келтіруіңіз керек. Сондай-ақ Аллаһтың Елшісіне ﷺ және

оның алып келген нәрсесіне, ол қалай қаласа, дәл солай иман келтіруіңіз керек.

Аллаһтың сипаттарына байланысты кейбір мәселелер

1) Аллаһтың есімдері белгілі бір санмен шектелмейді. Бұған дәлел — Пайғамбарымыздың ﷺ мына сөзі: «***...немесе Сен Өзіңнің ғайып біліміңде жасырған есімдер***». Ал Пайғамбарымыздың ﷺ «***Расында, Аллаһтың 99 есімі бар***» деген сөзі, Оның бұлардан басқа есімдері жоқ дегенді білдірмейді. Алайда бұл, мысалы, бір адамның: «Менде садақа беру үшін жүз жылқы бар», — деуі сияқты.
2) Аллаһтың есімдері әрі жалқы есімдер, әрі сипаттар болып табылады. Олар Аллаһтың болмысына нұсқайтыны тарапынан — есімдер, ал өздерінің ішіндегі мағыналары Аллаһтың сипаттарын білдіретіндіктен, олар сипаттар болып табылады. Бұл біздің есімдеріміздің өзгеше: өйткені кейде адамның аты — Ғалий (Жоғары) болып, бірақ шын мәнісінде ол ең төмен адамдардың бірі болуы мүмкін.
3) Аллаһтың есімдері бәрі синоним ретінде бір Аллаһқа нұсқайды, бірақ әртүрлі мағынаға ие: олардың барлығы Аллаһтың болмысына нұсқайды, өйткені олардыңбарлығы осы есімдермен аталатын Аллаһқа нұсқайды. Мысалы, «Естуші» (السميع), «Көруші» (البصير), «Дана» (الحكيم) — бұлардың барлығы осы есімдермен аталатынға нұсқайды, ал ол — Аллаһ, алайда олар мағыналары бойынша бір бірінен ерекшеленеді. Мысалы, «Дана» (الحكيم) есімінің мағынасы «Естуші» (السميع) есімінің мағынасынан өзгеше.
4) Әрбір есім Аллаһтың болмысына және белгілі бір сипатқа нұсқайды. Сондықтан біз осы есімдердің барлығына және олардың білдіретін сипаттарына иман келтіруіміз қажет. Біз, сондай-ақ, бұл сипаттың, егер ол сабақты-өтпелі болса, әсерлері мен үкімдеріне де иман келтіреміз. Мысалы, «Естуші» (السميع), біз Аллаһтың «Естуші» (السميع) деген Есімі бар екеніне, ол Оның Есту деген Сипаты бар екеніне, әрі Ол барлық нәрсені — Есту бар екенін білдіреді, әрі бұл есімнің Аллаһ барлық нәрсені естиді деген әсері мен үкімі бар екенін иман келтіреміз. Бірақ егер есім сабақты-өтпелі болмаса, мысалы, «Ұлы» (العظيم) немесе «Тірі» (الحي), онда біз бұл есімдерді және олардың құрамындағы сипаттарды растаймыз, бірақ олар жаратылыстарға өтпейді.
5) Сипаттар есімдерге қарағанда кеңірек ұғым болып табылады: өй-

ткені әрбір есім белгілі бір сипатқа нұсқайды, бірақ әрбір сипат есімге нұсқай бермейді. Аллаһтың сөйлеу және қалау сипаттары бар, бірақ Ол «Сөйлеуші» немесе «Қалаушы» деп аталмайды.

6) Аллаһ Өзін сипаттаған барлық сипаттар тікелей мағынада қабылданады (олар астарлы мағынада айтылмаған). Бірақ біз Оны жаратылысқа ұқсатудан және қандай да бір кейіп-бейне беруден аулақ болуымыз керек.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деді: «**...бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахманға) иман келтірмеді**» («әр-Рағд» сүресі, 30-аят)

- Құрайыш мүшриктері бұл есім есімімен аталған Аллаһқа емес, осы есімнің өзіне күпірлік танытты, өйткені олар Аллаһқа сенетін.
- Бұл аятта Аллаһтың тіпті бір ғана есімін жоққа шығару күпірлік болып табылатынына нұсқау бар.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Әл-Бухаридің «Сахихында» Алидің (оған Аллаһ разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «Адамдарға олар түсінетін нәрселерді айтыңдар. Сендер Аллаһ пен Оның Елшісінің ﷺ өтірікші атануын қалайсыңдар ма?» («әс-Сахих әл-Бухари», 127)».

- Дінге шақырушы адам шақырылатын адамдардың түсіну деңгейін ескеріп, әр адамға жағдайына қарай үндеу айту қажет. Адамдардың ақыл-санасын ескеріп, соған байланысты жеткізу қажет. Бұл олардың хадисті қабылдап, көңілдері жай тапқанға дейін біртіндеп жеткізуімізде көрініс табады, әрі біз оларды ақыл-саналары түсінбейтін нәрсеге шақырмаймыз.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдур-Раззақ Мағмар ибн Рошидтен, ол Ибн Тоуустың өз әкесінен Ибн Аббастың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай деп баяндағанын жеткізген: «Мен Пайғамбардың ﷺ Аллаһтың сипаттарына қатысты хадисін естіген кезде наразылығынан селк ете түскен адамды көрдім. Мен: «Оларды қорқытатын не? Олар (мағынасы) ай-

қын аяттарды қабылдайды да, ал астарлы мағыналы (аяттардан) құриды», — деп сұрадым».

- «Оларды қорқытатын не?» — яғни не үшін олар өздеріне оқылып, жеткізілген сипаттарды растаудан қорқады? Не үшін олар Аллаһ Өз-Өзіне қатысты растаған және Оның Елшісі ﷺ Оған қатысты растаған сипаттарды Аллаһқа қатысты растаудан бас тартады?



1. Құран, астарлы-ұқсас мағыналы аяттары бар екені аталмай-ақ, анық (мухкам) деп аталады. Бұл Құранда ешқандай кемшілік, хабарларында өтірік, ал үкімдерінде әділетсіздік жоқ екенін білдіреді. Аллаһ Тағала былай деді: «**Раббыңның сөзі шындықпен әрі әділеттілікпен тұрғысынан толық орындалды**» («әл-Әнғам» сүресі, 115-аят).
2. Құран туралы, оның анық мағыналы аяттары бар екені аталмай-ақ, ол толықтай ұқсас мағыналы (мутәшәбиһ) деп те айтылады. Бұл оның барлық бөліктері көркемдік пен кемелдікте өзара ұқсас және бірін-бірі қуаттап, растайтынын білдіреді.

   Аллаһ Тағала былай деді: «**Аллаһ аяттары бір-біріне ұқсас әрі**

қайталанып отыратын сөздіңең ең көркемін Кітап түрінде түсірді» («әз-Зүмәр» сүресі, 23-аят).

3. Құранда анық және анық емес аяттар бар деп те айтылған.

- Анық аяттар — мағынасы ашық әрі түсінікті.
- Анық емес аяттар — мағынасы жасырын болып табылатындары. Анық емес аяттардың екі түрі бар:
- Толықтай анық емес аяттар: олардың шынайы мәнін тек Аллаһ қана біледі. Мысалы, Аллаһтың сипаттарының шынайы кейіп-болмысы немесе Жәннаттағы нәрселердің шынайы сипаты.
- Салыстырмалы түрде анық емес аяттар: олардың мағынасын терең білім иелері біледі, бірақ кейбір адамдар үшін олар түсініксіз болуы мүмкін.

  Құранда бүкіл адамдар үшін мағынасы мүлде түсініксіз болып қалған ешбір нәрсе жоқ, алайда олар оны түсінуде қателесуі мүмкін. Сондықтан Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деген екен: «Мен оның тәпсірін білетін терең білім иелерінің бірімін». Ол мұны өзін мадақтау үшін емес, адамдар Аллаһтың Кітабында мағынасы мүлде белгісіз болып қалған ешбір нәрсе жоқ екенін білсін деп айтты. Сондықтан Аллаһ Елшісінен ﷺ бастап осы үмметтің соңына дейінгі бүкіл адамдар үшін Құранның мағынасы түсініксіз болуы мүмкін емес. Олар Аллаһтың сипаттары туралы аяттарды оқып, олардың мағынасын мүлде түсінбейді деу дұрыс емес.

ТӨРТІНШІ ДӘЛЕЛ

Құрайштықтар Аллаһ Елшісінің ﷺ әр-Рахман (аса Мейірімді) туралы айтқанын естігенде, мұны қабылдамай қойды. Сонда Аллаһ оларға қатысты келесі (аятты) түсірді: «**Бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахманға) иман келтірмеді. Оларға: "Ол — менің Раббым, Одан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ. Оған тәуекел еттім, әрі Оған тәубе етіп ораламын**", — де» («әр-Рағд», 30-аят).

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың есімдері мен сипаттарының кез келгенін жоққа шығару күпірлік болып табылады. (Яғни мұндай адамның иманы жоққа шығарылады).

Екінші. «әр-Рағд» сүресінің 30-аятын тәпсірлеу. («**Бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахманға) иман келтірмеді**»).

Үшінші. Тыңдаушыға ол түсінбейтін нәрсені айтуға деген тыйым. (Біз оларға түсініктеріне сәйкес жеткізуіміз керек).

Төртінші. Мұның себебі — түсініксіз нәрсе Аллаһ пен Оның Елшісін ﷺ жоққа шығаруға әкелуі мүмкін, тіпті жоққа жұғарушы мұны қасақана істемесе де.

Бесінші. Ибн Аббастың (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһтың есімдері мен сипаттарының әлдебіреуін жоққа шығаратын адам туралы бұл оны опат етеді деп айтқан сөзі.

Сегізінші бөлімге қатысты тексеріс сұрақтары (бір тарау)

Бірінші тапсырма: Дұрыс жауаптың қасына белгі қойыңыз немесе бос орынды толтырыңыз.

1) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын жоққа шығару (☐ 2 ☐ 3) түрге бөлінеді, ал есімдер мен сипаттардың айырмашылығы мынада: есім — Аллаһ Өзін қалай атағаны, ал сипат — Ол Өзін қалай сипаттағаны.

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

2) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын жоққа шығару Құран мен Сүннетте қандай күпірлік деп аталады?

☐ үлкен ☐ кіші.

3) «الاسم» (есім) сөзі мынадан туындаған:

☐ السمو (биіктік)

☐ السمة (белгі)

☐ екі жауап та дұрыс

4) Ұлы және Құдіретті Аллаһтың есімдері ол:

☐ мағынаға нұсқайтын есімдер

☐ сипаттар

☐ екі жауап та дұрыс

5) Аллаһтың құлдарының есімдері:

☐ тек жалқы есімдер

☐ сипаттар

☐ жоғарыда көрсетілгендердің барлығы.

6) Аллаһтың Есімдері келесі нәрселерге нұсқайды:

☐ өздері нұсқайтын мағынаға

☐ өздігінше өз құрамына қамтитын мағынаға

☐ олардан туындайтын мағынаға

☐ жоғарыда көрсетілгендердің барлығы.

7) Аллаһтың есімдері:

☐ Жалғыз Оған ғана нұсқайды

☐ әртүрлі мағыналарға ие

☐ екі жауап та дұрыс

8) Аллаһтың есімдері белгілі бір саны бойынша:

☐ шектеулі ☐ шектеулі емес

9) Сипаттар есімдерден көп, өйткені әрбір есім өз құрамына сипатты да қамтиды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

10) Аллаһ сипатталған көптеген сипаттар бар, бірақ олардың барлығы есімдер болып табылмайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

11) Ұқсастықты жоққа шығару туралы айтқанда, «тәшбих» «التشبيه» емес, «тәмсиль» «التمثيل» сөзін қолданған жөн.

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

12) Біз не үшін Аллаһтың есімдері мен сипаттарын оқып білуіміз керек?

1) .....

2) .....

3) .....

4) .....

5).....

13) Оларды оқып үйренудің жолдары:

1) .....

2).....

3).....

4).....

14) Адамдарға ақылдары қабылдамайтын нәрсені жеткізбейміз, тіпті егер оларға ол қажет болса да:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

15) «**Бірақ олар аса Мейірімдіге (әр-Рахманға) иман келтірмеді**» деген аяттың мағынасы:

.....

.....

16) Аллаһтың сипаттары туралы шариғи мәтіндер түсінікті, себебі біз олардың мағынасын түсінеміз, ал олардың болмысы бізге белгісіз, оны тек Аллаһ біледі.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

17) Егер «айқын» (المحكم) сөзі жалғыз айтылса, ол нені білдіреді?

☐ мағынасы түсінікті нәрсені

☐ кемшіліксіз нәрсені.

18) Егер «күмәнді» (المتشابه) сөзі жалғыз айтылса, ол өзара ұқсас, кемел және көркем нәрсені білдіреді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

19) Салыстырмалы түсініссіздік — барлығынан жасырылған нәрсе, ал толық түсініссіздік — тек кейбір адамдардан жасырылған нәрсе.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

20) Құранда мағынасы түсініксіз ештеңе жоқ.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

21) Дінге шақырушы шақырылатын адамдардың жағдайына (ақыл-ой деңгейіне) қарап, соған сәйкес оларға үндеу жасауы керек.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

22) Құранда мағынасы барлық адамдар үшін түсініксіз болып қалған ештеңе жоқ.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

23) Ибн Аббас не себепті: «Расында, мен Құран тәпсірін терең білетіндерденмін» деп айтқан?

……

24) Бидғат иелерінің ең жаман сөздерінің бірі — Аллаһтың сипаттары жайлы аяттардың мағынасы түсініксіз деуі. Себебі бұл Пайғамбарды ﷺ және оның сахабаларын (Аллаһ олардан разы болсын) білімсіз деп айыптау, Құранды жалған деп санау әрі философтарға болысу болып табылады.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

25) Өтірікшілердің белгілерінің бірі — олардың анық аяттарды қабылдап, түсініксіз аяттарды тастап қоюы.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

26) Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарына қатысты қағидалар:

1) .....

2) .....

3) .....

Екінші тапсырма: екі бағандағы өзара сәйкес келетін сөздерді белгілеңіз.

А	Б
1. Бұрмалау (тахриф)	• Қабылдамау, және ол екі түрге бөлінеді: өтірікке шығару және мағынасын бұрмалап түсіндіру.
2. Тәпсірлеу (түсіндіру)	• Тілмен айту, қолмен ишарат етіп көрсету, жүрекпен елестету арқылы болады.

А	Б
3. Мағынасын теріске шығару (тағтыль)	• Көркемдігі мен кемелділігі жағынан бір-бірімен ұқсас және бірін-бірі растайды.
4. Айқын (мухкам)	• Аллаһқа қатысты міндетті түрде растау керек нәрсені айтылуында немесе мағынасында бұрмалау.
5. Ұқсас мағыналы (мутәшәбиһ)	• Аллаһтың есімдері мен сипаттарына қатысты міндетті түрде растау керек нәрсені жоққа шығару (толық немесе ішінара).
6. Кейіп-бейне беру (тәкйиф)	• Онда ешбір кемшілік, хабарларында өтірік және үкімдерінде әділетсіздік жоқ.
7. Жоққа шығару (жухуд)	• Дәлел нұсқайтын нәрсе дұрыс және қабылданады, ал керісінше болса — дұрыс емес және қабылданбайды.

ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ
Сөздер мен ширкке қатысты тыйымдар (26 тарау)

- Бұл кітаптағы ең ұзын бөлімі, өйткені автордың әдеті — бір нәрсені қысқаша айтып, кейін оны егжей-тегжейлі түсіндіру.
- Бұл тарауда тыйым салынған сөздер мен құрамында ширк бар сөздер, сондай-ақ көпқұдайшылықтың кейбір көріністері баяндалады. Шейх әсіресе кіші ширкке тоқталады, өйткені ол жасырын болады, сондай-ақ Аллаһтың нығметтерін теріске шығарудың көріністеріне ерекше мән береді, өйткені бұл жиі кездесетін құбылыс болып табылады.

41. Аллаһ Тағаланың: «Олар Аллаһтың нығметтерін мойындайды да, кейін оны теріске шығарады» деген сөздері туралы тарау.

Мужәһид бұл (аяттың) мағынасы — адамның: «Бұл — менің ата-бабаларымнан мирас етіп алған дүние-мүлкім», — деп айтатынында деген.

Ғаун ибн Абдуллаһ бұл сөздер: «Пәлен болмағанда, бұлай болмайтын еді», — деп айтатындарға қатысты деген.

Ибн Кутайба: «Олар: «Біз бұған құдайларымыздың шапағаты арқылы қол жеткіздік», — деп айтады", — деді.

- Нығметтер сынақ болып табылады, бұған дәлел — Аллаһтың мына сөзі: «**Біз сендерді жақсылықпен де, жамандықпен де сынаймыз**» («әл-Әнбия» сүресі, 35-аят).
- Аллаһтың нығметтерін басқаға телу — бірқұдайшылықтың екі түріндегі кемістік болып табылады: 1) раббылықтағы бірқұдайшылықта, өйткені адам Раббысынан келген нығметті себептерге те-

ліп, оған жеткізген солар деп санады. 2) ғибадаттағы бірқұдайшылықта, өйткені ол өзіне берілген нығметтер үшін Раббысына шүкіршілік етуді тастады.

- «“Пәлен болмағанда, бұлай болмайтын еді”, — деп айтатындар»: егер ол бұл сөзбен тек орын алған нәрсені хабарлап тұрған болса және ол шындыққа сай келсе, онда бұда ешқандай айып жоқ.

Нығметтер — бұл сынақ. Қалай құтылуға болады?

1) Нығметтер келмей тұрып: Оларды тек Аллаһтан сұрап, Оған ғана тәуекел ету керек. Кейбір адамдар, егер билеуші оны білсе, ол оған нығметтер сыйлайды деп ойлайды. Жәннат тек Аллаһтан, дәл сол сияқты ризық та тек Аллаһтан сұралады.

2) Нығметтер келгеннен кейін: Оны саған берген Аллаһқа жүрекпен, тілмен және іс-амалдармен шүкір ету керек.

Адамдардың нығметтерді біреуге телуіндегі түрлері:

1) Үлкен ширк — егер теліп отырған себебі жасырын әрі әсер етуге ешқандай қабілетті болмаса.

2) Кіші ширк — егер адам оларды айқын болса, бірақ шариғатта да, болмыста да орнатылмаған себептерге телісе.

3) Дұрыс телу — егер ол нығметтерді шариғатта және өмірде орнатылған дұрыс себепке телсе, онда бұл рұқсат етіледі, бірақ бұның екі шарты бар:

- Саған осы нығметті сыйлаған Аллаһқа шүкір етуді ұмытпау.
- Себептің өздігінен әсер етпейтініне сенімді болу.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Зәйд ибн Холидтан жеткізілетін, әрі онда Аллаһ Тағала: «**Менің құлдарымның ішінен Маған иман келтіргендер және маған күпірлік еткендер айқын болды...**» деп айтатын хадисінен кейін Абу әл-Аббас былай деген: «Аллаһтың Кітабында және Сүннетте Оның нығметтерін өзгелерге телитіндерді әрі осылайша Оған серік қосатындарды айыптайтын көптеген мәтіндер келтірілген» (Қз.: «Мәжмуғ әл-Фатауа», 8/23).

Кейбір салиқалы сәләфтар бұл сәттілік кездерде «жел оңымыздан соқты, ал жол көрсетуші шебер-ақ болды» деген сияқты қазіргі кезде көптің ауызында жүретін сөздерді айтатын адамдарға қатысты деп айтқан.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР:

Бірінші. Аллаһтың нығметтерін мойындау мен жоққа шығарудың мәнін түсіндіру. (Яғни олар бұл нығметтердің Аллаһтан екенін түсінеді, бірақ оны басқаға теліп, теріске шығарады).

Екінші. Мұндай сөздердің көпшіліктің арасында таралғанын түсіндіру. (Мысалы, олардың ұшақ қонған кезде істейтін амалдары сияқты).

Үшінші. Мұндай сөздер «Аллаһтың нығметтерін теріске шығару» деп аталады. (Бұл — нығметтердің өзін емес, оларды Аллаһ бергенін теріске шығару болып табылады, өйткені олар нығметтердің бар екенін біледі).

Төртінші. Адамның жүрегінде бір уақытта екі өзара қарама-қайшы нәрсе болуы мүмкін. (Мойындау және жоққа шығару).

42. Аллаһ Тағаланың «Сондықтан біле тұра Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер» деген сөздері туралы тарау.

- Оның Раббылығында ешбір теңдесі жоқ екенін біле тұра, оған құлшылықы етуде серік қоспаңдар. Бұл аятта Құрандағы бірқұдайшылыққа деген ең бірінші бұйрық және ширкке деген ең бірінші тыйым болып табылады.

Бұл аятқа қатысты Ибн Аббас былай деді: “Аллаһқа теңдес қосу — бұл ширк, ол түннің тас қараңғы түнегінде қап-қара тастың үстінен өрмелеп бара жатқан құмырсқаның ізінен де жасырын болып табылады. Әрі бұл сенің: «Сенің өміріңмен және өзімнің өміріммен ант етемін, уа пәлен!» — деуің, немесе: «Егер мына күшік болмағанда, немесе қорадағы үйректер болмағанда, үйімізге ұры түсетін еді», — деп айтуың, немесе әлдебір адамның өз жолдасына: «Аллаһ және сен қаласаң», — немесе әлдебір кісінің: «Аллаһ және пәлен болмағанда», — деп айтуы. Нығметті Аллаһтан басқа ешкімге теліме. Бұл сөздердің барлығында Оған (Аллаһқа) серік қосу бар” (Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 1/62).

- «ол түннің тас қараңғы түнегінде қап-қара тастың үстінен өрмелеп бара жатқан құмырсқаның ізінен де жасырын...» — бұл жасырын болудың ең үлкен дәрежесі. Егер адамдардың жүрегіндегі ширк бұдан да жасырын болса, онда біз Аллаһтан бізді одан құтқаруын сұраймыз.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдуллаһ ибн Умар ибн әл-Хаттаб, Аллаһ ол екеуіне разы болсын, Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын жеткізген: «***Аллаһтан өзгемен ант еткен адам күпірлікке түсті немесе Аллаһқа серік қосты***» (әт-Тирмизи, 1535. Абу Дауд, 3251, әл-Хаким 297/4).

Абдуллаһ Ибн Масғуд (оған Аллаһ разы болсын) былай деді: «Мен

үшін Аллаһтан өзгемен шынайы түрде ант етуден, өтірік болса да Аллаһпен ант еткен абзалырақ» (Абдур-Раззақ, 15929. Ибн Аби Шәйба, 12281. Әт-Табарани «әл-Кабирде», 8902).

- «***күпірлікке түсті немесе Аллаһқа серік қосты***»: егер адам өзі сонымен ант еткен нәрсенің ұлылықта Аллаһпен тең екеніне сенімді болса, онда бұл үлкен күпірлік немесе үлкен ширк болады. Ал егер олай сенбесе, онда бұл кіші күпірлік немесе кіші ширк болып саналады.
- Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) екі алмалдың ешқайсысын да қаламаған, бірақ ширк жасау өтірік айтудан едәуір ауыр күнә екенін көрсеткісі келді, өйткені ширк кешірілмейді.

ТӨРТІНШІ ЖӘНЕ БЕСІНШІ ДӘЛЕЛ

Хузайфа Пайғамбардың ﷺ былай дегенін баяндаған: ««***Аллаһ және пәлен қаласа», — деп айтпаңдар. Сендер: «Аллаһ қаласа, сосын барып пәлен қаласа», — деп айтуларың керек***” (әт-Тойялиси, 430. Ибн Мубарак өзінің «Муснадында», 180; Ахмад, 5/384; Ибн Аби Шәйба, 26690; Абу Дауд, 4980; ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубрада», 10821).

Ибраһим ән-Нәхоғи (Аллаһ оны рахым етсін) «Аллаһтың қорғауына және сенің қорғауыңа пана тілеп жалбарынамын» деп айтуға тыйым салатын әрі «Аллаһтың қорғауына пана тілеп жалбарынамын, ал содан соң сенен қорғау сұраймын» деп айтуға рұқсат ететін. Ол сондай-ақ: ««Егер Аллаһ, ал содан соң пәлен болмаса...», — деп айтуға да болады, бірақ: «Егер Аллаһ және пәлен болмаса...», — деп айтпаңдар», — дейтін.

- «***...деп айтуларың керек...***» — шариғат әлдебір тыйым салынған нәрсеге алып баратын жолды жабатын болса, онда, тыйым салынған нәрсені тастауды жеңілдету және біз шариғаттың ұлылығын білуіміз үшін, оның орнына рұқсат етілген нәрселерге жол ашады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Бақара» сүресінің 22-аятындағы Аллаһқа серік қосу туралы сөздердің тәпсірі.

Екінші. Сахабалар (Аллаһ оларға разы болсын) бұл үлкен ширк тура-

лы түсірілген аят кіші ширкті де қамтитынын түсіндірген. (Өйткені теңдес деп толық немесе кейбір нәрседе тең болған нәрселер меңзеледі).

Үшінші. Аллаһтан басқамен ант ету ширкке жатады. (Мысалы: «Сенің өміріңмен ант етемін!», «Өз өміріммен ант етемін!», «Ар-намысыммен ант етемін!», «Сақалыммен ант етемін!», «Қағбамен ант етемін!», «Пайғамбармен ант етемін!», «Оразаммен ант етемін!», «Ата-анаммен ант етемін!», «Нанмен етемін!» деген сөздер. Кейде адамдар: «Егер мен мұны жасасам, христиан болайын!» немесе «....яһуди болайын!» деп те айтады).

Төртінші. Аллаһтан басқамен ант ету, Оның атымен, бірақ жалған берілген анттан жаман. (Аллаһпен жасалатын өтірік анттың мысалы — басқа мұсылманның мал-мүлкіне қол сұғу мақсатында айтылған ант).

Бесінші. Сөйлемдегі «және» мен «содан кейін» сөздерінің айырмашылығы. (Өйткені «және» (وَ) — теңдік мағынасын береді, сондықтан оны қолдану ширк (Аллаһқа серік қосу) болады. Мысалы: «Мен Аллаһқа және саған тәуелдімін»; «Маған Аллаһ және сен жеткіліктісің»; «Мен Аллаһқа және саған тәуекел етемін»; «Маған Аллаһ және сен көмектестің»; «Бұл Аллаһтан және сенен келді»; «Мен үшін көкте Аллаһ, ал жерде сен»; «Мен саған және Аллаһқа тәубе етемін» деген сөздер сияқты. Ал «содан кейін»» (ثُمَّ) — реттілікті білдіреді, сондықтан ол ширк болып табылмайды).

43. Аллаһтың атымен жасалған антқа қанағаттанбайтын адам туралы тарау.

Ант беру — адамның өз сөзін растауы, ал ант етілгеннің ұлықталуын білдіреді. Егер біреу Аллаһтың атымен айтылған антқа разы болмаса, бұл оның жүрегінде Аллаһқа деген ұлықтаудың кемшілігі бар екенін көрсетеді және бұл толыққанды бірқұдайшылыққа қайшы келеді.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдуллаһ Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені туралы баяндаған: «***Әкелеріңмен ант етпеңдер! Аллаһпен ант еткен кісі тек шындықты айтсын. Ал кімге Аллаһтың атымен ант келтірілген болса, сол (осымен) қанағаттансын! Ал кім (Аллаһпен жасалған антқа) қанағаттанбаса, сол Аллаһтан емес***» (Ибн Мәжаһ, 2101).

Аллаһтың атымен айтылған антқа қанағаттанудың түрлері:

Тұрмыстық жағдайда: Ант жасалатын адам бес түрлі жағдайда болуы мүмкін:

1) Егер ол ант етушінің өтірік айтып тұрғанын білсе, онда оған сенуге міндетті емес.

2) Егер оның өтірік айту ықтималы көбірек болса, сенуге міндетті емес. 3) Егер шындық пен өтіріктің ықтималдығы тең болса, онда сенуге міндетті. 4) Егер ант етушінің шыншылдығы басымырақ болса, онда сенуге міндетті. 5) Егер оның шыншылдығы анық белгілі болса, сенуге міндетті.

Шариғаттық жағдайда: Даулы мәселе бойынша талап қойылған адам Аллаһтың атымен ант етсе, онда шариғат үкіміне сәйкес оның антына қанағаттану керек.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Әкелердің атымен ант етуге тыйым салынған. (Бұл — күнә).

Екінші. Аллаһтың атымен айтылған антқа қанағаттану (разы болу) бұйрығы.

Үшінші. Аллаһпен берілген антқа қанағаттанбайтын адамға қатысты қатаң ескерту.

(Төртінші. Ант беретін адамға шындықты айту бұйырылған, өйткені шыншылдық тіпті антсыз да міндетті болып табылады, ал антта ол тіпті міндеттірек).

44. «Аллаһ қалады және Сен қаладың» деген сөздер жайлы тарау.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Қутәйлә (оған Аллаһ разы болсын) былай деп баяндайтын: «Бірде Пайғамбарға ﷺ бір яһуди келді де: «Сендер Аллаһқа серік қосасыңдар, өйткені: «Егер Аллаһ және сен қаласаң», — деп айтасыңдар, сондай-ақ Қағбамен ант етесіңдер», — деді. Осыдан кейін Пайғамбар ﷺ адамдар ант еткенде: «Қағбаның Раббысымен ант етемін», — деп, сондай-ақ: «Егер Аллаһ қаласа, сосын сен қаласаң», — деп айтуды бұйырды» (ән-Нәсаи «Ғамәл әл-яум уәл-ләйлә», 986; Ахмад, 6/371; әт-Тирмизи «Ғиләл әл-Кабир», 457; әт-Табарани «Муғжәм әл-Кабир», 25/14; әл-Хаким, 7815. Ибн Хәжар хадисті сахих деді. Қз:. «әл-Исоба», 8/79).

Ибн Аббастан (оған Аллаһ разы болсын) бірде бір кісі Пайғамбарға ﷺ: «Егер Аллаһ және сен қаласаң», — деп айтқанын жеткізген. Сонда Пайғамбар ﷺ оған: «***Сен сонда мені Аллаһқа теңестіріп тұрсың ба? Егер Жалғыз Аллаһ қаласа (деп айт)!***» — деді (ән-Нәсаи «Ғамәл әл-яум уәл-ләйлә», 988).

- Яһудилер (اليهود) не себепті осылай аталған?

  1. Өйткені олар: «Біз саған оралдық (إليك هدنا)», — деп айтқан;

  2. Өйткені олардың бабаларының аты Яхуз ибн Яғқуб болған.

- Бірінші хадистен алынатын кейбір пайдалар:

  1) Пайғамбарымыз ﷺ яһудиді, оның мақсаты нашар болса да, сөккен жоқ, өйткені оның сөзі шындық еді.

  2) Ақиқатқа нұқсаған адамның өзі ақиқатты ұстанушылардан болмасада, ақиқатқа оралу заңды болып табылады.

  3) Бір нәрсені өзгерткенде (тыйым салғанда), оған жақын (рұқсат етілген) нәрсеге нұсқау керек.


- Неге бұған яһудиден басқа ешкім нұсқамады? Себебі бұл яһудилерге жасалған сынақ болды. Олар мұсылмандарды айыптайтын, бірақ өздері үлкен ширк жасайтын әрі осыны айып деп көрмейтін.

- «***Жалғыз Аллаһ қаласа***»: ол ﷺ әлгі кісіге көпқұдайшылықтан таза нәрсеге нұсқады әрі, көпқұдайшылыққа апаратын барлық жолдарды жабу және Аллаһқа деген әдептілікті ұстанып, оның шекарасынан алыстату үшін, тіпті «Аллаһ қаласа, содан кейін сен қаласаң» деген сөздерге де нұсқамады.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Мәжаһ (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Айшаның бір анадан туылған ағасы Туфайлдан (Аллаһ ол екеуіне разы болсын) оның былай деп айтқанын жеткізген: «Бірде мен түсімде бір топ яһудилерге келіп, оларға: «Расында, егер сендер: «Узайр — Аллаһтың баласы», — деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», — деп айтқанымды көрдім. Олар: «Сендер де егер: «Егер Аллаһ және Мухаммад қаласа» деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», — деп жауап берді. Содан соң мен бір топ христиандарға барып, оларға: «Расында, егер сендер: «Иса — Аллаһтың баласы деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», — дедім, ал олар болса маған: «Сендер де, егер: «Аллаһ және Мухаммад қаласа», — деп айтпағандарыңда, өте жақсы қауым болар едіңдер», — деп жауап берді. Таңертең тұрып, мен осыны кейбір адамдарға айттым да, сосын Пайғамбарға ﷺ барып, өз түсімді баяндап бердім. Ол менен: «Сен бұл туралы біреулерге айттың ба?», — деп сұрады. Мен: «Иә», — деп жауап бердім. Сонда Пайғамбар ﷺ Аллаһқа мақтау-мадақ айтып, Оған шүкіршілік білдірді де, кейін былай деді: «***Туфәйл сендердің кейбіреулеріңе айтып берген түс көрді. Сендер мен сендерге бұрынырақ кейбір жағдаяттарға байланысты тыйым сала алмаған кейбір сөздерді айтасыңдар. Енді бұдан былай: «Аллаһ және Мухаммад қаласа***», — деп айтпаңдар да, «Жалғыз Аллаһ қаласа», — деп айтыңдар” (Ахмад, 5/72; әд-Дарими, 2699; әл-Бухари «Тарих әл-Кабир», 4/363; Абу Яғлә, 4655; әд-Дыйа «әл-Мухтара», 154-155 және басқалар).

- «***...мен сендерге бұрынырақ кейбір жағдаяттарға байланысты тыйым сала алмаған***»: оған ﷺ ұялу бөгет болды, бірақ бұл өтірікті тыйым салуға емес, оны Аллаһ бұйырмай тұрып тыйым салуға қатысты еді. Дәл сол сияқты, ол шарапты да Аллаһ тыйым салмай тұрып тыйым салмаған.



ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Яһудилердің кіші ширкті білетіні.

Екінші. Адам өзінің нәпсісіне ұнаған нәрсені ғана тез түсінетіні.

Үшінші. Пайғамбардың ﷺ: “Сен мені Аллаһқа теңестіріп тұрсың ба?” деген сөзі. Олай болса, кейбір адамдардың “Уа адамзаттың асылы! (яғни ﷺ), сенен басқа менің пана сұрайтын ешкімім жоқ…” деген сөздері не болмақ? (Бұл — ең ауыр күпірлік және шектен шығушылық).

Төртінші. Бұл («Аллаһ және Мухаммад ﷺ қаласа» деген) сөздер үлкен ширк емес, өйткені Пайғамбарымыз ﷺ: “Сендер мен сендерге бұрынырақ кейбір жағдаяттарға байланысты тыйым сала алмаған кейбір сөздерді айтасыңдар”, — деген еді.

Бесінші. Шыншыл түс — Аллаһтың уахиінің бір бөлігі.

Алтыншы. Кейде түстер үкімдер шығару үшін негіз болған. (Бұл тек пайғамбарлық дәуірде орын алған).

45. Уақытты сөгетін адам Аллаһты ренжіткен болатыны туралы тарау.

- «Аллаһты ренжіткен болатыны»: бұл әлдебіреудің Аллаһқа зиян тигізе алады дегенді білдірмейді, өйткені тіпті адамға айтылған жаман сөз оны ренжітуі, бірақ сонымен бірге оған ешқандай зиян тигізбеуі де мүмкін. (Ал Аллаһ Тағала оған әлдебіреу зиян тигізе алатын болудан Пәк әрі Жоғары.) Сондықтан Аллаһ Құранда Оны әлдебір нәрселер ренжітетінін растайды, бірақ Оған бірдеңенің зиян келтіре алатынын жоққа шығарады.

Уақыт туралы сөгіс іспеттес сөздердің түрлері:

Рұқсат етілген: егер бұл тек хабарлау болып, сөгіс болмаса. Мысалы: «Бүгінгі күннің ыстығынан шаршадық». Бұл Аллаһ Тағаланың «Бұл — ауыр күн» деген сөзіне ұқсайды.	**Тыйым салынған:** егер уақытты сөккен адам оның өздігінен әсер етпейтініне, алайда онда орын алған нәрселер Аллаһтың қалауымен болатынына сенсе, бірақ өзіне ұнамаған нәрсе осы уақытпен байланысты болғандығы себепті уақытты сөксе.	**Үлкен күпірлік:** егер адам уақыттың өздігінше әлдебір нәрселерге әсер ететініне, мысалы, уақыт бір нәрсені жақсы не жаман етеді деп сенсе.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар: «Тіршілігіміз осы дүниедегі ғана. Біз өлеміз және туыламыз. Бізді тек уақыт қана өлтіреді», — дейді. Негізінде, олардың бұған байланысты ешқандай білімі жоқ. Олар тек жорамалдайды**» («әл-Жәсия» сүресі, 24-аят).

Абу Хурайраның (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісі-

нің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Аса Құдіретті және Ұлы Аллаһ былай деді: "Адам баласы уақытты (дахр) сөгуімен Мені ренжітеді, өйткені Мен уақыттың өзімін (яғни уақыт және онда орын алатын барлық нәрсе Менім билігімде) әрі Мен ғана күн түнді ауыстырамын!"***» (әл-Бухари, 4826).

- «**Тіршілігіміз осы дүниедегі ғана. Өлеміз және туыламыз**» — яғни олар бұл өмірден басқа мәңгілік өмір жоқ деп сенді.
- «**Тіршілігіміз дүниедегі ғана**», яғни олар өлім Аллаһтың қалауымен емес, тек уақыттың өтуімен ғана болады деп санады. Ұзақ өмір сүргендер — қарттықтың әсерінен, ал қысқа өмір сүргендер — ауру, қайғы және мұң салдарынан қайтыс болады деп есептеді.
- «**Мені ренжітеді**», яғни маған тіл тигізіп ренжітеді. Бұл Аллаһ Өзін сипаттаған нәрсе болғандықтан, біз оны қабылдаймыз. Біз Аллаһты Өзінен артық білмейміз. Бірақ бұл реніш жаратылыстарға қатысты реніш секілді емес.
- «**уақытты (дахр) сөгуімен**», яғни оны балағаттау, айыптау, лағынеттеу арқылы.
- «**Мен уақыттың өзімін**», яғни Аллаһ уақытқа билік жүргізеді және оны басқарады, бұл Аллаһтың желдер мен басқа да құбылыстарды басқарғандығы секілді.

Уақыт («әд-дәһр») — Аллаһтың есімдерінің бірі ме?

Уақыт — Аллаһтың есімдерінен емес, себебі:

1) Аят мұны жоққа шығарады. Егер уақыт Аллаһтың есімдерінің бірі болғанда, жәһилиет дәуіріндегі адамдардың сенімі дұрыс болар еді.
2) Бұл хадис арқылы да теріске шығарылады.
3) Егер біреу Аллаһ — уақыт деп санаса, онда ол жаратылғанды Жаратушы еткен болады.
4) Аллаһтың барлық есімдері кемел және ең жоғары дәрежеде көркем. Ал уақыт мұндай сипатқа ие емес.
5) Аллаһтың барлық есімдері белгілі бір түбірден шыққан, ал «уақыт» (الدهر) сөзі мұндай емес.
6) Жануарды, желді және безгекті сөгуге тыйым салынған.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Уақытты сөгуге тыйым салынуы. (Мысалы: «Әй, үмітсіздік әкелетін заман», «Жаман уақыт», «Опасыз заман» деген сөздер.)

Екінші. Уақытты сөгу — Аллаһқа тіл тигізу.

Үшінші. «**Мен уақыттың өзімін**» деген сөздің мағынасы. (Яғни уақытты басқаратын — Ол).

Төртінші. Уақытты сөккен адам, жүрегімен ниет етпесе де, Аллаһқа тіл тигізген болады.

(Бесінші. «әл-Жәсия» сүресінің «**Бізді тек уақыт қана өлтіреді...**» деген аятының тәпсірі.)

46. «Билердің биі» деген және сол сияқты атақтар (яғни бұның тыйым салынғандығы) туралы тарау

- Яғни егер адам өзін осылай атаса немесе басқалардан осындай атауға разы болса.

Адам өзін өзі «Билердің биі» деп атауының үкімі қандай?

- Егер ол өзін осылай атауды ғана қаласа, бұл — үлкен күнә.
- Егер ол өзін барлық билердің биі, тіпті Аллаһтың үстінен билік етуші деп сенсе, бұл — үлкен ширк.
- Егер бұл белгілі бір халықтың, мемлекеттің немесе кезеңнің билерінғана меңзесе, бұл рұқсат етілген, бірақ мұны істемеу абзал.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Әл-Бухари мен Муслимнің екі «Сахихында» Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай деген хадисі келтіріледі: “Аллаһтың алдындағы ең төмен адам «***Патшалардың Патшасы» деп аталған адам болып табылады, өйткені Аллаһтан басқа Патша жоқ***” (әл-Бухари, 6206; Муслим, 2143).

Суфиян ибн Ғуяйна былай деді: «Бұл «шахин-шах» дегенмен бірдей».

Хадистің басқа нұсқасында: «***Бұл адам Аллаһтың ең қатты қаһарын туғызады әрі Қиямет Күні Аллаһтың алдында ең нашар адам болады***», — деп айтылады (Муслим, 2143).

- «***Ең төмен адам***»: оның мақсат-мүддесіне тікелей қарама-қайшы келетін нәрсемен жазалануы. Бұл тәкәппарлыққа, билікке және өзін жоғары қоюға байланысты барлық нәрсеге қатысты.
- «***ең қатты қаһарын туғызады***»: бұл хадисте Аллаһтың ашуы сипат етілген, және бұл — Оған лайық сипат. Хадистің сыртқы мәні бұл ашудың өте күшті екенін көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Патшалардың патшасы» деп аталуға тыйым салынғандығы.

Екінші. Суфиан айтқандай, мағынасы осыған ұқсас барлық сөздер де

тыйым салынған (мысалы, «төрешілердің төрешісі», «патшалардың патшасы» деген сөздер).

Үшінші. Адам бұл сөздерді жүрегінде арнайы ниет етпесе де, олар бәрібір тыйым салынғанын түсіндіру.

Төртінші. Адам бұдан Аллаһ үшін бас тартуы керек екенін түсіну.

47. Аллаһ Тағаланың есімдерін қастерлеу және бұл үшін адамның атын өзгертуі жайлы тарау.

Ұлы әрі Құдіретті Аллаһтың есімдерінің түрлері:

Тек Оған ғана тән емес есімдер — яғни басқа біреуге де қоюға болатын есімдер. Мысалы: Рахим (Мейірімді), Естуші, Көруші. Егер бұл есімдер Аллаһтың сипаттарын меңзеп тұрса, оларды басқаға қоюға болмайды. Ал егер ондай мағынасы болмаса, онда тек жалқы есім ретінде қолдануға рұқсат етіледі.

Тек Аллаһқа ғана тән есімдер — яғни ешкімге қоюға болмайтын есімдер. Егер біреуге осындай есім қойылса, оны өзгерту керек. Мұндай есімдерге Аллаһ, ар-Рахман, Әлемдердің Раббысы және басқа да осы секілді есімдер жатады.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Абу Шурайх (адамдардың) оған Абу әл-Хакам («Ең мықты би», сөзбе-сөз «Бидің әкесі») деген атақ бергендігі туралы және бірде Пайғамбар ﷺ оған: ***«Расында, тек Аллаһ қана Би әрі тек Оған ғана бүкіл билік тән»***, — деп айтқанын хабарлаған. Абу Шурайх сонда: «Менің руластарымның арасында дау-тартыс туындап қалған кезде, олар маған келеді, әрі мен олардың арасында екі жақ та разы болытындай етіп билік жасап беремін», — деп түсіндіріп береді. Пайғамбар ﷺ: «***Бұл өте жақсы! Ал сенің ұлдарың бар ма?***» — деді. Ол: «Шурайх, Муслим және Абдуллаһ», — деді. (Пайғамбар ﷺ): «***Олардың қайсысы үлкен?***», — деп сұрады. Ол: «Шурайх», — деп жауап берді. (Сонда Пайғамбар ﷺ): «***Онда сен — Абу Шурайхсың (“Шурайхтың әкесі”)***», — деді (әл-Бухари «Тарих әл-Кәбир», 8/227-228 және «Адаб әл-Муфрадта», 811; Абу Дауд, 4955; әт-Табарани «әл-Кабирде», 22/179; Ибн Хиббан, 405; әл-Хаким, 62; әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада», 10/145).

- Куния «Абу» (әке), «Умм» (ана), «Ах» (аға, бауыр), «’Ғам» (көке — әке жағынан), «Холь» (нағашы көке) сөздері арқылы, мысалы, Абу Мухаммад үлгісімен, құрылады. Бұл адамның Абу әл-Хакам деп аталуы оның шешім қабылдайтын төреші екенін меңзейтін сипат болды. Яғни бұл есім Аллаһтың есімімен сәйкес келіп қалды. Оған бұл есім жәй ғана жалқы есім ретінде емес, оның сипаттарын сипаттау мақсатында берілді. Сол себепті ол Аллаһтың есімінде Оған серік қосудың бір түріне түсті. Осы себепті Пайғамбарымыз ﷺ оған лайықты куния беріп, есімін өзгертті, бірақ ол оған тағы бір рет ақиқа шалуды бұйырған жоқ.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың есімдері мен сипаттарына құрмет көрсету қажеттілігі және Оған ғана тән есімдерді адамдарға қоюдың тыйым салынғандығы. (Егер бұл тек Аллаһқа ғана қатысты болса және онымен тек Аллаһ сипатталса).

Екінші. Осы себеппен есімді өзгерту міндеттілігі. (Лайықсыз жағдайды жою үшін).

Үшінші. Куния беру үшін ең үлкен ұлдың есімін таңдау. (Куния беру рұқсат, алайда оны көпқұдайшыл адамға беруге болмайды).

48. Ішінде Аллаһтың аты аталатын нәрсенің, Құранның немесе Аллаһтың Елшісінің ﷺ үстінен қалжыңдаушының үкімі туралы

- Кімде-кім Аллаһты, Оның болмыстағы немесе шариғаттағы аят-белгілерін, сондай-ақ Оның елшілерін мысқыл не мазақ етсе, сол (адамды кәпір ететін) үлкен күпірлік жасаған болады, өйткені мұндай мазақ ету — күпірліктің ең жаман түрлерінің бірі.

Күпірлік екі түрлі болады:

Бас тарту күпірлігі: адам Аллаһтың дініне кірмейді, бірақ оған қарсыластық көрсетпейді, оған қарсы әскери қимылдар жүргізбейді әрі тұзақ құрмайды.

Қарсылас күпірлігі: Бұл күпірліктің ең жаман әрі ең қауіпті түрі. Бұл — Абу Жәһл мен Абу Ләһәбтің күпірлігі сияқты.

- Дінді мазақ ететін адам өзінің осы ісімен қарсылас күпірлігін көрсеткен болады, сондықтан ол жай пұттарға сәжде ететін, бірақ Ислам адамнан да жаман. Бұл — өте қауіпті мәселе, өйткені адам кейде мән бермей қандай да бір сөзді айтады, бірақ сол сөзі ол үшін қасіретке немесе опат болуға айналуы мүмкін. Кейде адам ойланбастан Аллаһтың ашуын келтіретін сөз айтып қояды да, сол себепті Тозаққа түседі.
- Кімде-кім намазды, тіпті нәпіл намазды, зекетті, оразаны немесе қажылықты мазақ етсе, сол бүкіл мұсылмандардың бірауызды пікірі бойынша, кәпір болады. Сол сияқты Аллаһтың болмыстағы аят-белгілерін келемеждеп мазақ ету де күпірлікке жатады. Мысалы, «Қыста ыстық күндердің болуы — ақымақтық» немесе «Жазда суық күндердің болуы — ақымақтық» деген сөздер — діннен шығаратын күпірлік. Өйткені Ұлы Раббының барлық істері даналыққа негізделген, ал біз оны толықтай түсіне алмауымыз мүмкін, тіпті кейбірін мүлде түсінбеуіміз мүмкін.
- Аллаһты, Оның елшісін немесе Кітабын балағаттаған адамның тәубесі қабыл етіле ме? Ғалымдар Аллаһты, Оның Елшісін ﷺ неме-

се Оның Кітабын балағаттаған,немесе келемеждеген адамның тәубесі қабыл етіле ме, жоқ па деген мәселеде пікір таласқан:

1-пікір: Оның тәубесі келесі шарттармен қабыл етіледі: 1) оның тәубесінің шынайы екенін білсек; 2) ол Аллаһты мақтап-мадақтай бастаса; 3) ол айтқанынан бас тартса.

Бірақ Пайғамбарды ﷺ балағаттаған адамның тәубесі қабыл етілгенімен, билеуші оған қатысты Пайғамбардың ﷺ хақысы үшін міндетті түрде өлім жазасын орындауы керек. Бірақ, егер ол тәубе еткен күйінде өлім жазасымен жазалансада, ол мұсылман ретінде жуылады, кебінденеді және оған жаназа намазы оқылып, мұсылмандардың қабіріне жерленеді.

2-пікір: Оның тәубесі қабыл етілмейді және билеуші оны өлім жазасына кеседі: Оған жаназа намазы оқылмайды; Ол үшін Аллаһтан жарылқау сұрауға болмайды; Оны мұсылмандардың қабірлерінен алыс жерге жерлейді, тіпті ол тәубесіне келгенін айтса да, өйткені бұл — діннен шығаратын ең үлкен қылмыс, тәубе оған көмектеспейді.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «Аллаһпен ент, егер олардан сұрасаң, олар міндетті түрде: «Әрине, біз әшейін сөзге кірісіп, ойнап едік», — дейді. Оларға: «**Сонда сендер Аллаһпен, Оның аяттарымен және Елшісімен қалжақтаған болдыңдар ма? Ақталмаңдар! Сендер иман келтіргеннен кейін кәпір болдыңдар**», — де» («әт-Тәуба» сүресі, 65-66 аяттар).

Ибн Умар, Мухаммад ибн Кағб, Зәйд ибн Асләм және Қатада былай деп баяндайтын: “Табук жорығы кезінде бір адам Аллаһтың Елшісін ﷺ және оның Құранды жатқа оқитын сахабаларын меңзеп: «Біз мына қарилардан артығырақ қомағай, өтірікші және шайқаста қорқақ ешкімді көрмеппіз», — деді. Ауф ибн Мәлик оған: «Сен тек өтірікші ғана емес, екіжүздісің! Мен міндетті түрде бұл туралы Аллаһтың Елшісіне хабарлаймын», — деп наразылық білдірді. Осыдан кейін Ауф Пайғамбарға ﷺ болған нәрсенің барлығын айту үшін бет алды. Алайда келген бойда ол (Пайғамбарға ﷺ) осыған қатысты уахи одан бұрын жетіп қойғанын көрді. Ал әлгі адам Аллаһтың Елшісіне ﷺ кешірім сұрау үшін келгенде, Пайғамбар ﷺ жол жүруге дайын күйінде түйесінің үстінде отырған болатын. Ол (адам): «Уа Аллаһтың елшісі, біз жолдың ауыртпалығын көркейту үшін әшейін сөйлескен болатынбыз...», — деді”.

Ибн Умар былай баяндайтын: ”Ол Пайғамбардың ﷺ түйесінің ертұрманына байланған сияқты көрінетін, ал аяқтары тастарға ұрылып жатты, әрі ол: «Біз әшейін әңгіме құрып қалжыңдасқан болатынбыз...», — деп қайталай берді. Аллаһтың Елшісі ﷺ оған тек: «***Аллаһпен, Оның аяттарымен және Елшісімен қалжақтаған болдыңдар ма?***», — деп айтты да, оған назар бұрмады, әрі айтқанына ешнәрсе қоспады”.

- «мына қарилардан»: бұл жерде Пайғамбар ﷺ және оның сахабалары меңзеліп тұр, бірақ Аллаһпен ант етемін, бұл — жалған сөз.
- «Сен тек өтірікші ғана емес, екіжүздісің!»: бұдан Аллаһтың сахабаларын балағаттаған адам кәпір болатыны түсініледі, өйткені оларды балағаттау — Аллаһты, Оның дінін және Оның Елшісін ﷺ балағаттау болып саналады.
- «ертұрман» — бұл жерде түйенің ерін бекітетін қайыс бау меңзеліп тұр.

Хадистен алынатын кейбір пайдалар:

1) Аллаһтың болашақты білетініне дәлел. Аллаһ өткенді де, болашақты да біледі.
2) Пайғамбар ﷺ өзіненемес, Аллаһтың түсіргені бойынша үкім шығаратын.
3) Аллаһты, Оның аяттарын және Оның Пайғамбарын ﷺ мазақ ету — күпірліктің ең ауыр түрлерінің бірі.
4) Аллаһты мазақ еткен адам күпірлік жасайды.
5) Қаталдық таныту қажет әрі орынды болған жағдайда оны қолдану.
6) Дінді мазақ еткен адамның тәубесі белгілі шарттармен қабылданады.

Ескертпе:

1) Біреудің дінді сөгіп не мазақ етіп жатқан кезінде оның қасында болған адам, егер оны ашық айыптап, сөгісін білдірмесе немесе олжерден кетіп қалмаса, солсөккен не мазақ еткен адаммен бірдей болады. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген: «Сендерге Кітапта: “**Егер сендер Аллаһтың аяттарына күпірлік келтірілгенін немесе оларды мазақ етілгенін естісеңдер, онда олар басқа әңгімеге көшкенше олармен бірге отырмаңдар**”, — деп түсірілді» («ән-Ниса» сүресі, 140-аят).

2) Адамдарды күлдіру үшін Құран немесе хадистерді келтірме, әрі оларды айтқанда жүрегіңде қорқыныш болсын.

3) Егер айтылған сөз сөгу не мазақтау болып саналса, оны айтқан адамға бұл туралы ескерту қажет. Егер ол тәубе етсе — жақсы, етпесе, ол дінді мазақ етуші (сөгуші) болып есептеледі.

4) Өзіңмен өзін сүйсініп, алданып қалудан сақтану керек, өйткені ізгі амалдар адамды Жәннатқа кіргізуі мүмкін, ал жаман амалдар Тозаққа түсіруі мүмкін. Өйткені бұл адам Пайғамбармен ﷺ бірге Тәбукке жорыққа шыққан еді, бірақ кейін онымен орын алған нәрсе (күпірлік) орын алды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Өте маңызды мәселе: осылай мазақ еткен кез келген адам кәпір болады. (Яғни Аллаһқа, Оның аяттарына және Оның Пайғамбарына ﷺ иман келтірмеген кәпір болады).

Екінші. Бұл аяттың түсіндірмесі — бұл әрекетті істеген кез келген адамға қатысты, ол кім болса да. (Яғни ол мунафиқ болсын, немесе басқа біреу болсын).

Үшінші. Өсек пен Аллаһқа және Оның Пайғамбарына ﷺ шынайы ықылас танытудың арасында айырмашылық жасау.

Төртінші. Аллаһ разы болатын (әрі тәртіпке келтіретін) мейірімділік пен Аллаһтың дұшпандарына қаталдық танытудың айырмашылығы (алайда кейде үгіт-насихатта жұмсақтық танытқан дұрыс болады).

Бесінші. Кез келген ақталуды қабылдай беруге болмайды. (Егер оның ақталуының негізсіз екені белгілі болса).

49. Аллаһ Тағаланың «Ал егер оған шалдыққан бейнеттен кейін өзімізден мәрхаметтен таттырсақ: «Бұл менің ақым. Сондай-ақ мен Қиямет сағаты болады деп ойламаймын...», — дейді» деген сөздері туралы тарау.

Мужәһид бұл аят: «Мен мұны өз еңбегіммен таптым әрі осыған лайықпын», — деп айтатындарға қатысты түскенін айтқан болатын.

Ибн Аббас: “Мұндай адам: «Мен өзімді өзім осы нығметпен қамтамасыз еттім», — деп айтады”, — деді.

Егер адам өзіне берілген нығметтерді өзінің әрекеттеріне немесе еңбегіне телитін болса, онда бұл — Аллаһтың раббылығында Оған серік қосудың бір түрі болып саналады. Ал егер ол бұл нығметтерді Аллаһқа телісе, бірақ өзін оған лайықпын деп есептесе және өзіне берілген нәрсе — Аллаһтың рақымы болғанымен, оны алуға өзі лайықты деп ойласа, онда бұл — ғибадат тұрғысынан тәкаппарлықтың бір түрі.

ЕКІНШІ ЖӘНЕ ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деді: «Ол: «**Мұның барлығы маған білімімнің арқасында берілді**», — деп айтты» («әл-Қасас» сүресі, 78-аят).

Қатада бұл сөздер «**менің қалай табыс табуым туралы білімімнің арқасында**» дегенді білдіретінін айтады (Ибн Аби Хатим өзінің тәпсірінде, 17123).

Басқа кейбір тәпсіршілер бұл сөздер: «Бұл Аллаһ мені осыған лайықты адам екенімді білгендігінің арқасында», — дейтіндер туралы екенін айтқан, ал бұл мағынасы бойынша Мужәһидтің бұл сөздер: «Бұл маған құрмет ретінде берілді», — деген адам туралы айтылған деген сөздерімен бірдей (Ибн Аби Хатим, 17125 және Ибн Жәрир «Тафсирде», 12/24).

Абу Хурайра (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін естігені туралы баяндаған: “Бір заманда исраил ұрпақтарынан үш кісі: алапес, қасқа бас таз және соқыр өмір сүрген болатын. Аллаһ Та-

ғала оларды сынауды қалап, оларға періште жіберді. Періште алапеске келіп: «Сен бәрінен артық нені қалар едің?», — деп сұрайды. Алапес: «Жағымды түсті таза терімнің болуын әрі адамдар маған танытатын жиіркенішінің кетуін», — деп жауап береді. Періште оның денесін сипады, әрі оның терісі тазарып, әппақ және ұнамды түсті болды. Осыдан соң періште одан: «Ал сенде қандай мал-мүліктің болуын қалар едің?», — деп сұрайды. Ол: «Түйелердің, не болмаса сиырлардың», — деп жауап береді. Әрі оған буаз түйе сый етіледі де, періште: «Аллаһ оны саған берекелі етсін», — дейді.

Періште қасқа бас тазға келіп, одан: «Сен бәрінен артық өзіңде ненің болуын қалар едің?», — деп сұрайды. Қасқа бас таз: «Әдемі шашымның болуын әрі адамдар маған танытатын жиіркенішінің кетуін», — дейді. Періште оның басын сипалайды да, оның ауруы жоқ болады, әрі оған өте әдемі шаш сый етіледі. Кейін ол одан: «Ал сенде қандай мал-мүліктің болуын қалар едің?», — деп сұрайды. Ол: «Сиырлардың», — деп жауап береді. Оған буаз сиыр сыйға тартылады әрі періште оған: «Аллаһ оны саған берекелі етсін», — дейді.

Зағип кісіге келіп періште одан: «Ал сен бәрінен артық нені қалар едің?», — деп сұрайды. Зағип: «Аллаһ маған көру қабілетін қайтып беруін, және мен адамдарды көре алуымды», — деп жауап береді. Періште оны сипайды да, Аллаһ оған көру қабілетін қайта сыйлайды. Кейін періште одан: «Ал сенде қандай мал-мүліктің болуын қалар едің?», — деп сұрайды. Ол: «Қойлардың», — деп жауап береді. Оған буаз қой сыйға тартылады.

Кейіннен жануарлар төлдейді де, олардың біреуінде бір үйір түйе, екіншісінде бір табын сиыр, және үшіншісінде бір отар қой пайда болады.

Кейін періште олардың біріншісіне алапестің кейпінде келеді де: «Мен — бейшара мүсәпірмін. Жолда азық-түлігім бітіп қалды, әрі маған бүгін Аллаһтан басқа және содан соң сенен басқа ешкім көмектесе алмайды. Саған көрікті тұла-бой және таза тері, сондай-ақ осы мал-мүлікті бергеннің (Аллаһтың) атымен маған сапарымды жалғастыруым үшін бір түйе беруіңді сұраймын», — дейді. Ол: «Бірақ мұның барлығы тек маған ғана тиесілі емес қой...», — деп жауап береді. Сонда періште оған: «Мен сені танығаң сияқтымын! Кезінде алапес әрі адамдарға жеккөрінішті кедей болған, әрі кейіннен аса Құдіретті әрі Ұлы Аллаһ саған осы байлықты берген сен емес пе едің?», — деді. Ол: «Жоқ, мен бұны мирас етіп алдым», — деп жауап берді. Сонда періште: «Егер өтірік айтып тұрған болсаң, Аллаһ сені бұрынғы кейпіңе қайтарсын!», — деді.

Кейін ол екінші адамға қасқа бас таз кейпінде келді де, оған бірінші адамға айтқан сөздерін айтты, әрі ол өзінен бұрынғы жауап бергендей жауап берді. Періште оған (да): «Егер өтірік айтып тұрған болсаң, Аллаһ сені бұрынғы кейіпіңе қайтарсын!», — деді.

Кейін періште олардың үшіншісіне зағип адамның кейіпінде келді де: «Мен — бейшара мүсәпірмін. Жолда азық-түлігім бітіп қалды, әрі маған бүгін Аллаһтан және содан соң сенен басқа ешкім көмектесе алмайды. Саған көру қабілетін қайта бергеннің (Аллаһтың) атымен маған сапарымды жалғастыруым үшін бір қой беруіңді сұраймын», — дейді. Ол: «Мен соқыр едім, бірақ Аллаһ маған көру қабілетімді қайта сыйлады. Сондықтан да қалағаныңды ал да, қалағаныңды қалдыр. Аллаһпен ант етемін, мен Аллаһ үшін сенің қалағаныңды алуыңа кедергі жасамаймын», — деді. Сонда періште оған: «Байлығыңды өзіңе қалдыр, өйткені сендерге сынақ жіберілген болатын. Аллаһ саған разы болды, ал екі жолдасыңа ашуланды», — деді" (әл-Бухари, 3464. Муслим, 2964).

Бұл хадистен алынатын көптеген пайдалар бар, олардың кейбірі мыналар:

1. Құран мен Сүннетте оқиғалардың келтірілуі — назар аудару және ғибрат алу үшін.
2. Аса Құдіретті Аллаһтың күш-қуатына нұсқау: Ол алапесті, тазды және зағипты періштенің бір ғана жанасуы арқылы сауықтырды.
3. Періштелердің адам кейпіне айналуы мүмкін, бірақ бұл тек Аллаһтың әмірімен орындалады.
4. Періштелердің нақты денелері бар, олар жай ғана рухтар немесе абстрактілі нәрсе емес.
5. Хадис риуаятшыларының хадисті сөзбе-сөз жеткізуге деген ұмтылысы.
6. Адам өзінің басына тағдырмен түскен нәрсеге, мысалы, аурудың немесе қамауда болудың өзіне, разы болуы міндетті емес, бірақ Аллаһтың осыны тағдырға жазғанына разы болуға міндетті. Осы тұрғыдан Аллаһтың істері мен тағдырға жазылған нәрселердің арасында айырмашылық тағдырға жазылған нәрселердің екі түрге бөлінетіндігі:

   – Тағдырға жазылған қайғы-қасіреттер: олардың өзіне адам разы болмауы мүмкін.

   – Шариғат үкімдері:оларға адам разы болуға міндетті.

7. Жағдайға байланысты дұға етудің рұқсат етілетіндігі.
8. Егер дауда келісімге келу мүмкін болмаса, қарсыластың сөзін тоқтату үшін, онымен кейде ымыражасасу рұқсат етіледі.
9. Аллаһтан берілетін берекенің шегі жоқ, сондықтан ол адам бір түйеден тұтас бір аңғар түйеге ие болды.
10. Әрбір нығметке лайықты түрде шүкір ету қажет екендігін түсіндіру.
11. Адамға кейде өзінің шынайы болмысынан өзгеше түрде көріну рұқсат етіледі.
12. Кейде сынақ баршаға ортақ және айқын болуы, әрі олардың қиссасы белгілі болуы мүмкін.
13. Тақуалық пен дүниеге қызықпаудың артықшылығы, әрі кейде бұл, зағип адамның мысалындағыдай, мақтаулы нәтижеге жеткізеді.
14. Бізден бұрыңғы үмметтерде де мұрагерлік болғанына нұсқау.
15. Аллаһтың сипаттарынан — Разылық, Ашулану және Қалау. Біз оларды Аллаһқа Оның ұлылығына лайық түрде растаймыз.
16. «الصاحب» (жолдас, серік) сөзі адамдардың бір нәрседе ұқсастығын білдіру үшін де қолданылады, бірақ міндетті түрде олардың жақындығын білдірмейді.
17. Аллаһ адамдарды оларға берген нәрселерімен сынайды.
18. Еске салу кейде сөзбен, іспен немесе сыртқы бейнемен жүзеге асады.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН СҰРАҚТАР

Бірінші. «Фуссилəт» сүресіндегі аяттың тәпсірі: («**Егер Біз оған қасірет тигеннен кейін Өз жағымыздан бір рақым таттырсақ…**»)

Екінші. «…Олар, әлбетте: “**Бұл — менің (өз еңбегіммен) тапқаным**” дейді» деген сөздің мағынасы. (Яғни мен оған лайықпын, оны иеленуге құқылымын).

Үшінші. «әл-Қасас» сүресіндегі «**Бұл маған менің білімімнің арқасында берілді**» деген сөздердің мағынасы.

Төртінші. Бұл ғажап қиссаның ішінде көптеген ғибраттар бар екендігі. (Олардың бірі — алапес, таз және зағип арасындағы айырмашылық. Алапес пен таз адам Аллаһтың нығметтерін алғаннан кейін оны жоққа шығарды, әрі оларды алмай тұрып Аллаһқа тәуекел етпеді. Ал соқыр болса, нығметті алғаннан кейін Аллаһтың өзіне деген рақымын мойындады және оған дейін Оған тәуекел етті. Ибн әл-Қаййим былай

деген: ««Мен», «менікі», «менің арқамда» деген сөздерден өте сақ болу керек. Бұл — олармен Ібіліс, Перғауын және Қарун сыналған сөздер.

· “Мен одан артықпын” — бұл Ібілістің сөзі.

· “Маған Мысырдың патшалығы тиесілі” — бұл Перғауынның сөзі.

· “Бұл маған менің білімімнің арқасында берілді” — бұл Қарунның сөзі.

«Мен» деген сөздің ең жақсы қолданылуы: «Мен — күнәһар пендемін, қателесушімін», «Мен кешірім сұраймын», «Мен күнәларымды мойындаймын» және осыған ұқсас басқа да сөздер.

«Менің» деген сөздің ең жақсы қолданылуы: «Менің күнәларым», «Менің қателігім», «Менің мұқтаждығым», «Менің кедейлігім мен дәрменсіздігім».

«Менен болған» деген сөздің ең жақсы қолданылуы: «Мен байқаусызда немесе әдейі істеген нәрселерімді, шындап немесе әзілдеп жасаған қателіктерімді кешір, бұның бәрі менен»».

50. Аллаһ Тағаланың «Ал Аллаһ ол екеуіне дұрыс бала берген кезде, олар өздеріне берген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады. Аллаһ олардың қосқан серіктерінен жоғары (Пәк)» деген сөздері туралы тарау.

Аятта меңзелетін ширктің түрлері:

Құлшылықтағы кіші ширк — оған деген сүйіспеншілікті Аллаһқа деген сүйіспеншіліктен артық көріп, Аллаһқа мойынсұнуды тәрк ету. Біз қалайша бұл баланы Аллаһқа деген махаббатта Оған тең етеміз?

Кіші ширк — баланың саулығы мен қорғалуын дәрігерлерден немесе соларға ұқсас адамдардан деп білу. Өйткені мұндай адам нығметтерді себепке теліп, сол себептерді жаратып, орнатқан Аллаһты ұмытты.

Үлкен ширк — баланы белгілі бір әулие берді деп сену және соған ұқсас нәрселер. Бұл — жаратуды Аллаһқа емес, өзгеге телу болғандықтан, үлкен ширкке жатады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Хазм (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді: «Олар (салиқалы сәләфтар) мағынасы Аллаһтан басқа кімге болсын құлшылық етуді қамтыған, мысалы, Абду Амр («Амрдың құлы»), Абдул-Қағба («Қағбаның құлы») сияқты аттардың тыйым салынғанына келіскен» («Маратиб әл-Ижмағ», 154-бет).

- Аллаһтан басқаның құлы деп аталуға болмайды. Бұл мәселеде Пайғамбардың ﷺ «Мен — Абдульмутталибтің ұлымын» деген хадисін дәлел келтіргендерге біз мынандай жауап береміз:

  1) Бұл хадистер — муташабих (мағынасы ашық емес), ал бізде оларды теріске шығаратын нақты дәлелдер бар.

  2) Бұл хадисте бұйрық немесе бекітілімдер емес, хабар қамтылған.

3) Пайғамбарымыз ﷺ ешкімге мұндай есімді қоймаған, мұны мақұлдамаған және сахабаларының ешқайсысына рұқсат етпеген.

4) Бұл — Пайғамбардың ﷺ сол кездегі адамдарға танымал болған аты еді. Егер ол өзін «Абдуллаһтың ұлымын» деп айтқанда, оны ешкім танымас еді.

5) Пайғамбарымыз ﷺ бұрын болып өтіп кеткен және аяқталған нәрсені баяндады, әрі атасы Абдульмутталиб ол кезде қайтыс болған еді.

6) Абдулмутталиб — есім емес, лақап ат. Оның шын есімі — Шәйба әл-Хамд, ал әкесі — Һашим еді. Һашим оны бала кезінде Мәдинаға, нағашылары Бәну Нәжжарға білім алу және тәрбиелену үшін жіберген болатын. Кейіннен оның көкесі — әл-Мутталиб Мәдинаға барып, Шәйба әл-Хамдты өзімен бірге алып кетті. Олар Меккеге кіріп келгенде, ұзақ жолдан Шәйбаның терісінің түсі өзгеріп кеткен еді. Сонда адамдар: «Бұл кімнің құлы?» — деп сұрады. Сонда олар: «Бұл — әл-Мутталибтің құлы (‘Абду әл-Мутталиб)», — деп жауап берді. (Ал құлдың құл болуында күм жоқ). Осылайша, бұл лақап ат оған жармасып қалды. Міне, осылайша, күмәндар сейіледі.

ҮШІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Аббас (оған Аллаһ разы болсын) жоғарыда келтірілген аятқа түсіндірме жасап, былай деді: “Адам онымен (Хауамен) қосылды да, ол одан бала көтерді. Сонда оларға Ібіліс келді де: «Мен сендерді Жәннаттан шығартқан жекжаттарыңмын. Ендеше, маған бағыныңдар, әйтпесе мен балаларыңды тау ешкісінің мүйізіндей мүйізді етемін де, ол сенің қарныңды жыртып жібереді», — деді. Ол оларды қорқытуын тоқтатпастан, олар оны Абд әл-Харис деп атауын талап ете берді (әл-Харис — сөзбе-сөз «жер жыртушы дихан» — Ібілістің аты). Сөйтіп, Абд әл-Харис «Ібілістің құлы» дегенді білдіреді. Алайда олар оған бойсұнудан бас тартты, әрі бала өлі болып туылды. Кейін ол екінші рет бала көтерді, Ібіліс тағы да оларға келіп, тура осыны қайталап айтты. Бұл жолы да олар оған бойсұнудан бас тартты, және бала тағы да өлі болып туылды. Ол үшінші рет бала көтерді. Ібіліс тағы да келіп, екі рет орын алған жағдайды естеріне салды. Бұл жолы балаға деген махаббат оларды билеп алды да, олар оны Абд әл-Харис деп атады. Сондықтан да: «**Олар өздеріне берілген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады**», — деп айтылды” (Сағид ибн Мансур «әс-Сунанда», 973; Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 8654).

Қатада (Аллаһ оны рахымына бөлесін) былай деді: «Серік қосу Оған (Аллаһқа) ғибадатта емес, бағынушылықта орын алды» (Ибн Жәрир «Тафсирде», 9/149. Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 8659).

Ал Аллаһ Тағаланың: «**Егер Сен бізге сау перзент берсең, біз міндетті түрде шүкір етушілерден боламыз**» («әл-Әғраф» сүресі, 189-аят) деген сөздері туралы Мужәһид, Аллаһ оны рахымына бөлесін: «Олар ол адам болмайды ма деп қорықты», — деді (Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 8648. Бұл туралы сондай-ақ әл-Хасан әл-Басри, Саид ибн Жубейр және басқалар айтқан).

- «Тау ешкісінің мүйізіндей»: أيل — тау ешкісінің аталығы.
- « Абд әл-Харис»: Ібіліс бұл есімді таңдады, өйткені бұл — оның есімі еді, әрі ол адамдардың өзіне құлшылық етуін қалады.
- Бұл оқиға сенімді емес, себебі:

  1) Пайғамбарымыздан ﷺ бұл жайлы сенімді хабар жетпеген. Ибн Хазм: «Бұл оқиға — жалған және ойдан құрастырылған», — деп айтқан.

  2) Олардың күнәсі айтылып, бірақ тәубесі айтылмауы мүмкін емес.

  3) Пайғамбарлар ширк жасамайды — бұл ғалымдардың бір ауыздан келіскен пікірі.

  4) Қиямет күні адамдар Адам пайғамбарға келеді, алайда ол шапағат етуден бас тартады, өйткені ағаштан жегенін және бұл күнә болғанын айтады. Егер ол ширк жасаған болса, онда бұл одан да ауыр күнә болар еді, әрі ол өзін сол арқылы ақтауға тырысар еді.

  5) Шайтан оларға: «Мен — сендерді Жәннаттан шығарған жолдастарыңмын», — деді. Алайда алдауды көздеген адам бұлай демейді.

  6) Олардың шайтанның оған тау ешкісінің мүйізін жаратуға күші жетеді деп сенуі мүмкін емес, өйткені бұл — Аллаһтың раббылығында (рубубияда) ширк жасау болып табылады.

  7) Аятта «يشركون» («Олар серік қосты») деген етістік көпше есімдігімен келді. Егер сөз Адам мен Хауа туралы болса, онда екілік есімдік қолданылатын еді.

  8) Сондықтан аяттың тәпсірі Адамның ұрпақтарына оралады, өйткені олар шынымен де ширк жасаған. Олардың ішінде таухид иелері де, мүшриктер де бар еді.

ҚАРАЛАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтан өзгеге құл болуды, бағыныштылықты немесе табынуды білдіретін барлық есімдерді қолдануға тыйым салынған. (оның ішінде Абдульмутталиб есімі де бар).

Екіншісі. «Әл-Әғраф» сүресінің 190-аятының тәпсірі: («**Ал Аллаһ ол екеуіне дұрыс бала берген кезде, олар өздеріне берген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады**»).

Үшіншісі. Бұл — есім қоюдағы ширк, бірақ толық ширк емес (дұрысы — бұл нағыз ширк, әрі аятта Адам мен Хауа емес, олардың ұрпақтары меңзеліп тұр).

Төртіншісі. Аллаһтың адамға сау қыз беруі — Оның нығметтерінің бірі. (Өйткені кейбіреулер қызды болуды жаза деп санайды. Дені сау ұлдың берілуі де — нығмет).

Бесіншісі. Салиқалы сәләфтар бағынудағы ширк пен құлшылықтағы ширк арасында айырмашылық жасаған. (Егер бұл оқиға сенімді деп есептелсе, Адам мен Хауа шайтанға бағынды, бірақ оған құлшылық етпеді).

51. Аллаһ Тағаланың « «Аллаһқа ғана ең көркем есімдер тән. Сондықтан Оған солар арқылы дұға етіңдер» деген сөздері туралы тарау

Ибн Аби Хатим Ибн Аббастың Аллаһтың «Оның Есімдерінде ақиқаттан ауытқитындарды» деген сөздеріне жасаған тәпсірін келтіреді. Ибн Аббас: «Бұл — Аллаһқа серік қосатындар», — деді. Біз мұны Ибн Аби Хатимнен таппадық. Ал Аллаһ жақсырақ біледі!

Ибн Аббас, сондай-ақ, былай деді: «“әл-Ләт” деген атау “әл-Иләһ” (Құдай) деген атаудан, ал “әл-Ғузза” —”әл-Ғазиз” (Құдіретті) деген атаудан шыққан» (Ибн Жәрир «Тафсирде», 9/133; Ибн Аби Хатим «Тафсирде», 5/1623).

Әл-Әғмаш былай деді: «Ақиқаттан ауытқитындар Аллаһтың есімдеріне оларға қатысты емес нәрселерді енгізеді».

- Бұл тарауда «Таухид кітабы» тек құлшылықтағы бірқұдайшылыққа ғана қатысты дегендерді жоққа шығару бар.
- «**Аллаһқа ғана ... тән**» («لِلَّهِ») деген сөз тіркесінде таухид әдістемесі көрініс тапқан. Себебі («لِلَّهِ» — «Аллаһқа» деген) баяндауыш (хабар) («الأَسْمَاءُ» — «есімдер» деген) бастауыштан бұрын айтылған, ал бұл (ең көркем құдайлық есімдердің тек Аллаһқа ғана тән екенін) ерекшелеп шектеуді білдіреді.
- «**Ең көркем**» деген — ең жоғары дәрежедегі көркемдікті, барлық жағынан кемелдікті және барлық кемшіліктен ада дегенді білдіреді.
- «**Оған солар арқылы дұға етіңдер**» деген сөздің екі мағынасы бар:

Дуға-толаб (дұға-тілек) — Аллаһтың есімдерін Оған жақындау себебі ретінде айтып, содан кейін Одан бір нәрсе сұрау. Мысалы: «Мені Өзіңнің кешіріміңмен кешіре гөр, әрі маған рахым ет, расында, Сен — Кешірімдісің, Рахымдысың».

Дуға-ғибада (дұға-құлшылық) — Аллаһтың есімдерінің мағынасын ескере отырып, Оған лайықты түрде құлшылық ету. Мысалы, «Әл-Басыйр» (Көруші) есімі Аллаһтың бәрін көретінін білдіреді. Сондықтан сен Оған ұнамсыз істерді істеуден сақтануың керек.

Ақиқаттан ауытқудың түрлері

Аяттарды бұрмалау:

1) Шариғи аяттарды бұрмалау: Мысалы, «Құран жаратылған» дейтіндер.
2) Болмыстық аяттарды бұрмалау: Мысалы, табиғат жаратады деп айтатындар.

Аллаһтың есімдері мен сипаттарын бұрмалау:

1) Барлық есімдерді немесе кейбірін жоққа шығару, бұл — жәхмилердің сенімі.
2) Есімдерді мойындап, бірақ сипаттарды жоққа шығару, мысалы: «Ол — Естуші, бірақ Оның есту сипаты жоқ» деу.
3) Аллаһтың сипаттарын жаратылыстарға ұқсату.
4) Аллаһтың есімдерінен пұттардың есімдерін шығару. Мысалы, «әл-Ғазиз» есімінен «әл-Ғузза» есімін жасау.
5) Аллаһты Ол Өзін атамаған есімдермен атау. Мысалы: «Аллаһ — үштіктің бірі» деу немесе «Ол жаңа нәрселерді ойлап таба алады» деп айту.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың есімдерін растау. (Жәхмилер мен шектен шыққан муғтазилилерге қарама-қарсы).

Екінші. Оның есімдерінің ең көркем. (Яғни олар ең жоғарғы дәрежеде көркем және кемел).

Үшінші. Аллаһқа Оның есімдері арқылы дұға ету әмірі. (Дұға-құлшылық және дұға-тілек — Аллаһқа Оның есімдері арқылы дұға ету осы екі түрге де қатысты).

Төртінші. Аллаһтың есімдерін бұрмалаушылар мен жоққа шығарушыларды тастау әмірі. (Яғни олардың жолын ұстанбау. Бірақ оларды шақыру және оларға түсіндіру керек, сондай-ақ, бұл аятта оларға ескерту бар).

Бесінші. Аллаһтың есімдеріне қатысты «**Ақиқаттан ауытқу**» ұғымын түсіндіру.

Алтыншы. Ақиқаттан ауытқушыларға қатаң ескерту.

Тоғызыншы бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (11 тарау)

Бірінші тапсырма: дұрыс жауаптың жанына белгі қой немесе бос орынды толтыр.

1) Тоғызыншы бөлім — кітаптағы ең ұзын бөлім.

☐ дұрыс ☐ бұрыс

2) Автор кіші ширкке ол жасырын болғандықтан назар аударды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

3) «**Аллаһтың нығметі**»:

☐ жекеше түрде берілген, бірақ көптік мағына білдіреді

☐ бір ғана рахым

4) Рахым (мейірім) дегеніміз:

☐ қалаған нәрсеге қол жеткізу

☐ қиындықтан құтылу

☐ екі жауап та дұрыс

5) «Содан кейін оны жоққа шығарады»:

☐ бар екенін жоққа шығарады

☐ оны Аллаһқа телімейді

6) Ұшақ қонғаннан кейін ұшқышқа алғыс ретінде қол шапалақ соғу:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

7) Нығметтерді Аллаһқа телімеу күпірліктің қандай түрі?

☐ үлкен ☐ кіші

8) Адамдардың жүрегіндегі ширк:

☐ қараңғы түнде қара тас үстіндегі құмырсқа ізінен де жасырын

☐ айқын

9) Аллаһпен өтірік ант ету:

☐ кіші ширк

☐ үлкен күнә

☐ тыйым салынған

☐ егжей-тегжейлі түсіндіру керек

10) Аллаһтан басқаға шындыққа негізделген ант беру:

☐ кіші ширк

☐ үлкен күнә

☐ тыйым салынған

☐ егжей-тегжейлі түсіндіру керек

11) Аллаһ тіпті кіші ширкті де кешірмейді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

12) Ибн Масғудтың пікірінше, Аллаһпен өтірік ант ету Аллаһтан басқамен шындыққа негізделген ант етуден жеңілірек күнә болып саналады (☐ дұрыс ☐ бұрыс), бірақ Ибн Масғуд ешқайсысын да қаламаған (☐ дұрыс ☐ бұрыс).

13) «Саған кез келген нәрсемен ант етейін, тек маған сенсең болды» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

14) Егер біреу: «Бұл Аллаһтың және сенің қалауыңмен болды», — деп, оны Аллаһтан ұлы немесе Оған тең деп есептесе, онда бұл ширктің қандай түрі болады?

☐ үлкен ☐ кіші

Егер ол оны Аллаһтан төмен деп санаса, онда бұл:

☐ үлкен ширк ☐ кіші ширк

15) «Ар-намысыммен ант етемін» деген сөздер:

☐ кіші ширк

☐ үлкен күнә

☐ рұқсат етілген

16) Ширктен сақтану үшін оны үйрену қажет:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

17) Сахабалар, Аллаһ оларға разы болсын, үлкен ширк туралы түскен аяттарды кіші ширкке де қатысты қолданған:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

18) «Батыратын ант» — бұл Аллаһпен ант ету:

☐ жалған ☐ мал-мүлікке қол сұғуға себеп болатын

19) «Және» жалғаулығы (☐ реттілікті ☐ теңдікті) білдіреді, және Аллаһтың атынан кейін қосылса, бұл:

☐ ширк болады ☐ рұқсат етіледі

20) Егер Аллаһпен ант еткен адам шыншыл болмаса, онда сен оның антына (☐ сенуге міндеттісің ☐ сенбеуге құқығың бар).

21) Пайғамбармен ﷺ, ананың өмірімен, абыроймен, «Адал сөз!» «Басымды кесуге беремін!» деп ант ету — бұл:

☐ Қайғы-қасіреттің таралуына себеп болған нәрсе

☐ Кіші ширк

22) «**Сендерге бұрын тыйым сала алмаған себебім...**» — бұл:

.....

23) Бұл анттың тыйым салынғанына неге осы яһудиден басқа ешкім нұсқамады?

.....

24) Яһудилер — бұл өздерін (☐ Исаның, оған Аллаһтың сәлемі болсын ☐ Мусаның, оған Аллаһтың сәлемі болсын) шариғатына жатқызатындар. Олардың осылай аталуларының себебі:

☐ «Біз Саған қайта оралдық (هدنا)» деген сөздері үшін

☐ Олардың атасы Яһуздың есімі үшін

☐ Келтірілген екі жауап та дұрыс

25) Пайғамбар ﷺ кіші ширкке дәлел ретінде «Сен мені Аллаһқа теңестірдің бе?» деген сөзді келтірді:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

26) Егер біреу сенімен сәлемдескенде сені иіліп қарсы алса:

☐ Бұл айыпталатын іс

☐ Мұнда ешқандай айып жоқ

☐ Егер саған бұны тоқтатуға ұялшақтық кедергі келтірсе, онда мұнда ешқандай айып жоқ

Егер сен бұны айыптамасаң, онда сен:

☐ Тағутсың ☐ Бірқұдайшылсың

27) Пайғамбарды ﷺ сөзбен ұлықтау оны Жаратушыға теңестіру болып табылады:

☐ Ширк

☐ Ниетке байланысты, егер адам құрмет көрсетуді мақсат етсе, онда мұнда ешқандай айып жоқ

28) Яһудилерде көптеген кемшіліктер бар, бірақ олар «Узайр — Аллаһтың ұлы» деген сөздерімен ерекше көрінеді, өйткені бұл олардың ең үлкен және әйгілі кемшіліктерінің бірі:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

29) Пайғамбарымыздың ﷺ: «**Сендерге бұрын тыйым сала алмаған себебім...**» деген сөздерінің мәні:

☐ Тыйым салынған нәрсені айыптаудағы ұялшақтық

☐ Бұған Аллаһтың әмірінсіз тыйым салуға болмайды

30) Не нәрсе дұрыс?

☐ Дәлелдерді зерттеп, содан кейін сенім қалыптастыру

☐ Алдымен сенім қалыптастырып, содан кейін оған дәлел іздеу

31) Пайғамбарымыздың ﷺ белгілі болған есімі:

☐ Аллаһтың құлы және Оның Елшісі

☐ Мухаммад ибн Абдуллаһ

32) Ізгі түс дегеніміз:

☐ Онда игілік бар түс

☐ Байланысты түс

☐ Екі жауап та дұрыс

33) Егер түс байланыссыз болса, онда бұл — أضغاث أحلام (аралас түстер):

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

34) Жаман түстер — шайтаннан:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

Не нәрсе сүннет болып табылады?

☐ Оларды түс жорушыға айту

☐ Сол жағына үш рет түкіріп, шайтаннан Аллаһқа сыйыну

35) Егер түс шариғатқа қайшы келетінін көрсетсе, онда:

☐ Оны жору керек

☐ Оған көңіл бөлмеу керек

36) Ер адамның әйеліне «Менің өмірімдегі ең қаралы күн — сенімен үйленген күнім» деп айту:

☐ Рұқсат етілген ☐ Рұқсат етілмеген

37) Дұрыс пікір:

☐ Тіл тигізу әрдайым зиян келтірмейді

☐ Тіл тигізу зиян келтіреді

38) Аллаһтың есімдері — ең көркем, ал «уақыт» (الدهر) сөзі басқа түрбірден құралмаған және тек уақыттың жалқы атауы болып табылады:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

Ал Аллаһтың «Мен — уақытпын» деген сөзі келесі мағынаны білдіреді:

.....

39) «Опасыз уақыт» деген тіркес:

☐ Тыйым салынған

☐ Рұқсат етілген, өйткені бұл хабарлама

40) «Пәленше адам аштық заманында дүниеге келді» деген сөз:

☐ Тыйым салынған

☐ Рұқсат етілген, өйткені бұл тек хабарлама

41) «Уа жер, мені өзіңнен сақта!» деген сөз:

☐ Аллаһтан басқаға дұға ету (ширк)

☐ Рұқсат етілген

42) Уақытты жамандаудың түрлері:

..... . Оның үкімі: .....

..... . Оның үкімі: .....

..... . Оның үкімі: .....

43) «Табиғаттың кереметтері мен құпиялары бар» және «Бұл — табиғаттың ісі» деген сөздер:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

44) Қазы — бұл үкім шығаратын және пәтуа беретін адам:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

45) «Жетінші ғасырдың қазыларының қазысы» деген тіркес:

☐ Рұқсат етілген

☐ Мұндай сөздерді қолданбаған дұрыс

46) Шейхул-Ислам — бұл:

☐ Ислам мәселелерінде өзіне жүгінетін ғалым

☐ Дінді жандандыратын, Исламды қорғауда із қалдырған ғалым

47) Сипатталып отырған нәрсенің жағдайына оны ұнатып кетпеу үшін мұқият болу (☐ қажет ☐ қажет емес)

48) Аллаһ үшін ең сүйікті есім — бұл кішіпейілділік пен мойынсұнуды білдіретін есімдер, мысалы:

☐ Шахтардың шахы ☐ Абдур-Рахман

Ал ең төмен есім — бұл (☐ менмендік ☐ билік ☐ ұлықтау ☐ барлық жауаптар дұрыс) білдіретін есімдер, сондықтан оның мақсатына сай жазаланады және қор болады:

☐ Дұрыс ☐ Бұрыс

49) «Патшалардың патшасы» және «қазылардың қазысы» деген есімдер:

☐ Рұқсат етілген

☐ Тыйым салынған

☐ Үлкен күнә болып табылады

50) Куния — бұл «Абу» (әке), «Умм» (ана), «Ах» (аға), «Ғам» (көке), «Халь» (нағашы көке) сөздері қолданылып жасалған есім, және олар мыналарды білдіреді:

☐ мақтау

☐ айыптау

☐ бір нәрсемен бірге болу немесе оны тұрақты түрде серік ету

☐ жалқы есім

☐ жоғарыда айтылғандардың барлығы

51) Сахабалардың арасында «Хаким» немесе «әл-Хакам» (төреші) есімділер болған, бірақ Пайғамбар ﷺ олардың есімдерін өзгертпеген, өйткені олар бұл есімдерді сот қызметіне байланысты емес, жай ғана жеке есім ретінде алған:

(☐ дұрыс ☐ бұрыс).

Аллаһтың есімдерімен аталуға қатысты тыйым келесі жағдайларға қатысты:

☐ Тек Аллаһқа ғана тән есімдер

☐ Оның сипаттарын білдіретін есімдер

☐ жоғарыда айтылғандардың барлығы

52) Лақап ат қоюдың шариғаттағы үкімі қандай?

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

53) «Кімде-кім Аллаһты зікір етуде, Құранға немесе Елшіге қатысты немқұрайлы қараса»: мұндағы Елші деп кім меңзелген:

☐ Мухаммад ﷺ ☐ барлық елшілер

54) Дінге қатысты әлдебір нәрсені мазақ ету — иманды жарамсыз ететін ең үлкен себептердің бірі, әрі мұны мұсылман адамның білмеуі мүмкін емес:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

55) Дінді мазақ еткен адамның тәубесінің шарттары:

.....

.....

.....

56) Бұл мәселеде қатаңдық танытып, жұмсақтық жасамау қажет:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

57) Кейбір адамдар Раббысын балағаттағандарды қорғайды, бірақ өздерін немесе аналары балағатталғанда ашуланады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

58) Адамдарға бұл мәселенің қауіптілігін түсіндіру және оның діннен шығаратын күпірлік екенін айту міндетті болып табылады, әрі олардың балағат пен мазаққа түсуін күтпестен, алдын алу қажет:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

59) Кейбіреулер: «Біз балағаттаған немесе мазақ еткен адамдардың шын мәнінде солай етуді ниет еткен-етпегенін анықтап алуымыз керек» дейді. Бұл сөздер:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

60) Жаратушының құл алдындағы құқығын төмендететін сөздердің қатарына «Ашумен балағаттаған адам ақталады» деген сөздер жатады, бірақ олар, мысалы, президентті, әкені балағаттаған немесе ақшаны жыртып тастаған адам ақтамайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

61) Бұл мәселеде қатаңдық таныту кейбір елдерде нәтижесін берді, ал немқұрайлылық таныту басқа елдерде үлкен-кіші демей балағаттаудың кең таралуына әкеліп соғады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

62) Дінді мазақ етуші пұтқа сәжде еткен адамнан да жаман:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

63) Кейде яһудилер мен христиандардың Раббысын, Мусаны, Исаны немесе дінін балағаттағанын естімейсің, бірақ кейде өзін мұсылман санайтындардан осындайды естисің:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

64) Нағыз мүмин адам Құранды немесе хадистерді естігенде қорқады, әрі оның иманы артады. Ал екіжүзді адам дінді мазақ етіп, ойынға айналдырып, адамдарды күлдіру үшін әңгімелер айтып отырады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

65) Мұсылман адамға анасына қатысты балағат сөздері бар жазбаларды таратуға немесе тыңдауға рұқсат етіле ме?

(☐ иә ☐ жоқ).

Ендеше, мүминдердің анасын балағаттаған адамға қатысты не айтуға болады?

66) Егер сахабаларды балағаттау немесе сахабаларға қарғыс бар жазбалар пайда болса, онда не нәрсе міндетті болады:

☐ оны тыңдау және тарату

☐ дереу одан құтылу

67) Дінді, сахабаларды, мұсылмандарды балағаттау мен мазақ бар жазбаларды жинау — бұл:

☐ салиқалы сәләфтардың жолы

☐ екіжүзділердің жолы

68) Қорлау немесе мазақтау арқылы діннен шығу — ұлы және қорқынышты іс, кейбір ғалымдар мұндай адамның тәубесі қабыл болмайтынын, билеуші оны міндетті түрде өлім жазасына кесуі керектігін, оған жаназа намазы оқылмайтынын, оған рахым тілеуге болмайтынын және оны мұсылмандар зиратына жерлемейтінін айтқан:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

69) Егер діні балағаттаушы адам тәубе еттім деп, кейін қайта осы ісіне оралса, бұл оның өтірікші екеніне дәлел болады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

70) Екіжүзді адам қорлық жасағанда: «Мен бұны мақсат етпедім», — дейді, алайда бұл тек тілмен айтылған сөз ғана:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

71) Дінді мазақтаған адамның тәубесінің шынайылығына дәлел болатын нәрсе — қорлау мен мазақтау күпірлік екенін және ол мұны Аллаһ үшін тәрк еткенін айтуы:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

72) Егер біреу дінді не Пайғамбарды ﷺ қорлау мен мазақтауды естіп, бірақ оны айыптамаса және ол жерден кетпесе, оның жағдайы солармен бірдей болады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

73) Кейде шайтан адамды күпірлікке түсіру үшін жақсылық есіктерін ашады. Оған қатысты мазақтау туралы аят түсірілген адам Табук жорығында Пайғамбармен ﷺ бірге болған еді:

☐ дұрыс ☐ дұрыс емес

74) Мазақтаушы туралы хадисте сахабаларды мазақтаудың күпірлік екеніне дәлел бар:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

Өйткені бұда кімді мазақ ету бар?

☐ Аллаһты ☐ Оның Елшісін ﷺ ☐ дінді ☐ сахабаларды ☐ барлық жауап дұрыс).

75) Егер біреуді кешіру нәтижесінде бүлік одан сайын артып, тәртіп орнына бұзақылық келсе, онда оны кешірген адам осы кешірімі үшін

☐ күнәға батады ☐ күнәға батпайды

76) Егер адам нығметті өз еңбегі мен табыс көзіне телитін болса, ол (☐ раббылықтағы ☐ ғибадаттағы) ширк жасаған болады. Ал егер оны Аллаһқа телісе, бірақ өзін соған лайық деп есептесе, бұл тәкәппарлық пен менмендіктің түріне жатады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

77) Аллаһтың істерін тағдыр ретінде разылықпен қабылдау:

☐ міндетті ☐ міндетті емес

Ал ауыр сынақтардың өзіне разы болу міндетті болып табылмайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

78) Хадистегі зағиптың, алапестің және таздың мал-дүние сұрауларында ешқандай айырмашылық жоқ еді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

79) «Абдульмутталиб» есімімен аталу:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді

80) Өсімдік түрін «Ғаббад әш-шамс» («Күннің құлы», қазақша — күнбағыс) деп атау:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді

81) Төмендегі есімдердің қайсысымен аталу рұқсат етілмейді?

(☐ Абдульмутталиб ☐ Абдулькағба ☐ Абдуманаф ☐ Абдульхусейн ☐ Абдуннабий ☐ Абдульхарис ☐ Перғауын ☐ Хынзиб ☐ Ғасыя ☐ Сұлтандардың сұлтаны ☐ Адамдардың мырзасы ☐ Алидің баласы ☐ Әлемдердің Раббысы ☐ әр-Рахман ☐ Жаратушы (әл-Халик) ☐ АбдуСаттар ☐ Абдуннур ☐ Бутрус ☐ Джордж ☐ Мырзалардың мырзасы ☐ Барлық әйелдердің ханымы ☐ Абдуннасыр).

82) Мұсылмандар арасында рафидилердің шектен шығуының таралу себебі — олардың «Алидің құлы» немесе «Абду Ғали» сияқты сөздермен шектен шығуына разы болуы. Бұл — Аллаһтан басқаға табыну және көпқұдайшылық:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

83) Мал-мүлікті басқаруға қабілеті жоқ адамның: «Мен — бұйрық алатын құлмын», — деп айтуына рұқсат етіледі ме?

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді

84) Адам мен Хауа туралы оқиға:

☐ сенімді ☐ сенімді емес

85) Шайтан «Абдульхарис» есімін таңдады, өйткені бұл:

☐ оның есімі ☐ бұл сенімді емес, себебі «Харис» — ең шынайы есімдердің бірі).

86) «Харис» есімімен аталу:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді

87) Барлық ғалымдардың бірауызды пікірі бойынша, пайғамбарлар ешқашан ширк жасамайды. Ал кімде-кім олар туралы жаман сөз айтып, олардың кемшіліктерін іздесе, ол:

☐ екіжүзді ☐ муаххид (бірқұдайшылықты ұстанушы)

88) Аллаһтың есімдері арқылы Оған жалбарыну — бұл:

☐ дұға-ғибадат ☐ дұға-тілек ☐ екі жауап та дұрыс

89) «Таухид кітабы» («Китаб ат-Таухид»):

☐ бірқұдайшылықтың барлық үш түрі туралы

☐ тек ғибадаттағы таухид туралы

90) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын бұрмалау (ильхад — الإلحاد) неше түрге бөлінеді?

☐ екі ☐ бес

91) «**…Бұрмалаушыларды (ильхад жасаушыларды) тастаңдар-дар…**», яғни:

☐ оларды шақырмау және түсіндірмеу

☐ олардың жолынан бас тарту

92) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын бұрмалау (ильхад) келесі түрлерге бөлінеді:

.....

.....

.....

.....

.....

52. «Әс-сәләму ғәлә-Ллаһ» (Аллаһқа амандық-бейбітшілік (әс-Сәләм) болсын) деген сөздердің тыйым салынғандығы туралы тарау.

Неліктен?

1) Өйткені мұндай дұғалар Аллаһтың құқығына қатысты кемшілік бардай көрініс береді. Себебі, тек кемшілікке ұшырайтындарға ғана қатысты амандық тіленеді, ал Аллаһ барша кемшіліктен Пәк.

2) Өйткені бұл шындыққа қайшы келеді. Адам Аллаһтан сұрайды, бірақ Аллаһ үшін дұға сұрамайды, өйткені Ол бізге мұқтаж емес. Алайда Ол Өзінің кемел сипаттары үшін мақтапмадақталады.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Әл-Бухаридің «әс-Сахихында» Ибн Масғудтың (оған Аллаһ разы болсын) мына хадисі келтіріледі: «Біз Пайғамбармен ﷺ бірге намазда тұратын кезімізде: «Аллаһқа Оның құлдарынан сәлем, пәленге және пәленге сәлем...», — деп айтатынбыз. Пайғамбар ﷺ мұны естіп, бізге: ««***Әс-сәләму ғалә Аллаһ» (Аллаһқа әс-сәләм), — деп айтпаңдар, өйткені Аллаһтың Өзі — әс-Сәләм***», — деп айтты» (әл-Бухари, 835; Муслим, 402).

«Әс-Сәләм» бекітетін әрі теріске шығаратын есім болып табылады, яғни ол адамның ойына келуі мүмкін болған барлық кемшіліктер мен ақауларды терістейді. Аллаһтың Өзіндік болмысында да, сипаттарында да, істері мен үкімдерінде де ешбір кемшілік жоқ. Сондай-ақ бұл есім Оған қатысты өз мағынасына қамтитын кемшіліксіз сипаттарды бекітеді. Оның бірнеше мағынасы бар:

1) Әс-Сәләм (السلام) — Аллаһтың ең көркем есімдерінің бірі.

2) Кемшіліктер мен кемістіктерден пәк-таза болу. Мысалы, біздің «Саған сәлем болсын, уа Пайғамбар!» деген сөздеріміздегідей.

3) Сәлемдесу мағынасында. Мысалы, «Пәленшеге сәлем бер (сәллим)» деген сөздердегідей.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Біріншісі. «әс-Сәләм» сөзінің тәпсірі. (Яғни Аллаһтың кемшіліктер мен кемістіктерден таза екенін білдіретін есімі).

Екіншісі. Оның сәлемдесу мағынасы.

Үшіншісі. Бұл сәлемдесуді Аллаһқа қатысты қолдануға болмайтыны. (Ал егер оны қолдану дұрыс болмаса, онда ол күнәлі әрекетке жатады).

Төртіншісі. Оның себебіне нұсқау. (Өйткені Аллаһтың Өзі — Әс-Сәләм).

Бесіншісі. Аллаһқа қалай сәлем беру керектігін үйрету. (Яғни ташаххудта, ал жаратылысқа: «Тахиййати (менің сәлемім)» деп айтуға болмайды).

53. «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені кешіре гөр!» деген сөздер туралы тарау.

Бұл тарауда Аллаһтың билігінің кемел толықтығы және Оның мейірімінің кеңдігі түсіндіріледі, сондай-ақ дұғада мұндай шарт қоюдың не үшін тыйым салынғаны баяндалады.

1) Бұлай айту адамның Аллаһқа мұқтаж еместігін білдіретіндей көрінеді, ал бұл мүминге жараспайтын әрі әдепсіз нәрсе.

2) Бұл Аллаһ үшін бір нәрсе қиын немесе күрделі болуы мүмкін дегенді білдіретіндей көрінеді, ал Ол бұдан Пәк.

3) Бұл Аллаһты бір нәрсені жасауға мәжбүрлеу мүмкін дегенді білдіретіндей көрінеді, алайда бұл шындыққа жанаспайды.

ДӘЛЕЛ

Әл-Бухаридің «Сахихында» Абу Хурайраның (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені туралы хадисі жеткізіледі: “***Сендердің ешқайсыларың: «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені кешір», — немесе: «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені рахым ет», — деп айтпасын. Қалаған нәрсеңді табанды түрде сұрау керек, өйткені ешнәрсе Аллаһты әлдебір нәрсеге мәжбүрлей алмайды***” (әл-Бухари, 6339; Муслим, 2679).

Муслимнің риуаятында Пайғамбардың ﷺ: «***Қалаған нәрселеріңді табанды түрде сұраңдар, өйткені Ол беретін нәрсенің барлығы Ол үшін ешнәрсе тұрмайды***», — деп айтқаны келтірілген.

- Ал истихара дұғасындағы шарт қою сұрағаныңды Аллаһтың қалауына байланыстыру етуді білдірмейді, керісінше, дұға жасаушының өзі үшін қай нәрсе қайырлы екенін білмейтіндігін білдіреді. Сол сияқты «***Егер өмір сүру мен үшін қайырлы болса, мені тірі қалдыр***» деген хадис те осы мағынада келеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Дұғада: «Егер қаласаң...», — деп айтудың тыйым салынғандығы.

Екінші. Бұл тыйымның себебін түсіндіру.

Үшінші. Пайғамбарымыздың ﷺ «**Қалаған нәрсеңді табанды түрде сұрау керек...**» деген сөздері. (Яғни сұрағанда табанды бол, күмәнданба).

Төртінші. Дұға жасаушының ынтасын арттырудың маңыздылығы. (Яғни не сұрағысы келсе, соны сұрасын, өйткені Аллаһ үшін ешнәрсе қиын емес).

Бесінші. Бұл тыйымның себептері: (1. Шариғаттың ұлылығына нұсқау 2. Адамның тыныштығын арттыру 3. Қиястың (ұқсастық бойынша салыстыру — аналогия) рұқсат етілгендігі).

54. «Құлым» және «Күңім» деген сөздердің тыйым салынғандығы туралы тарау.

«Құлым» және «Күңім» сөздерінің үкімі:

Басқаға телу: Мысалы, «Пәленшенің құлы», «Пәленшенің күңі» деген сөздер. Бұл — рұқсат етілген.

Өзіңе телу: Бұл екі түрге бөлінеді:

Дауыстап шақыру (қаратпа сөз) түрінде айту, мысалы: «Әй құлым!» Бұл — тыйым салынған.

Хабар түрінде айту, мысалы: «Мен құлымды тамақтандырдым», «Мен құлымды азат еттім». Бұл екі жағдайға бөлінеді:

Егер ол құлдың немесе күңнің көзінше айтылса, онда құлға немесе оның иесіне зиян келтіруі мүмкін бе, соған қаралады: егер зиян болса — бұл тыйым салынады, егер зиян болмаса — рұқсат етіледі.

Егер ол құлдың жоқ кезінде айтылса, онда бұл — рұқсат етілген.

ДӘЛЕЛ

Әл-Бухари мен Муслимнің екі «Сахихында» Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деген хадисі келтіріледі: “Сендердің ешқайсыларың (қызметшісіне): «***Иеңді (раббыңды) тамақтандыр», — немесе: «Иеңе (раббыңа) дәрет алуға көмектес», — деп айтпасын. «... мырзаңды...», немесе: «... қожайыңды...» деп айту керек. Сендердің ешқайсыларың: «Құлым», — не-***

месе: «Күңім», — деп айтпасын, (бірақ): «Менің жасөспірімім», немесе: «Менің қызым» немесе: «Менің ер балам» деп айтсын" (әл-Бухари, 2552; Муслим, 2249).

- «Сендердің ешқайсыларың (қызметшісіне): «***Иеңді (раббыңды) тамақтандыр», — немесе: «Иеңе (раббыңа) дәрет алуға көмектес», — деп айтпасын***», себебі бұл — Аллаһтың Раббы ретіндегі ерекшелігін (тәухид ар-рубубияны) бұзады.
- ««***... мырзаңды...», — немесе: «... қожайыныңды...», — деп айту керек***»: Бұл — құлға бағытталған сөз. Бұл бұйрық емес, рұқсат беру және нұсқау болып табылады. Ғалымдар: «Егер бұйрық қандай да бір харам нәрсенің қарама-қарсысына келсе, онда ол мубах (рұқсат етілген) болып есептеледі», — деген. Бұған дәлел — Аллаһтың мына сөзі: «Ихрамнан шыққанда, аң аулауларыңа болады» («әл-Мәида» сүресі, 2-аят).
- «***Сендердің ешқайсыларың: "Құлым", — немесе: "Күңім***", — деп айтпасын»: Бұл — харам немесе мәкрүһ (жағымсыз) екенін білдіреді. Бұл тыйымның себебі — раббылықты тек Аллаһқа ғана тән ету.
- «***Менің жасөспірімім», — немесе: «Менің қызым***», — немесе: «Менің ер балам», — деп айтсын»: Бұл — қожайынға бағытталған сөз. Мұнда шариғат харамға бастайтын жолды жабатын болса, рұқсат етілген нәрсеге жол ашатыны көрсетілген. Сондай-ақ бұл тіпті сөздерде де бірқұдайшылықты жүзеге асыру қажеттігін көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Құлым» және «Күңім» сөздерінің тыйым салынуы.

Екінші. Қызметші өз иесіне «Раббым» деп айтпауы керек, ал қожайын қызметшісіне «Раббыңа тамақ әкел» деп айтпауы қажет.

Үшінші. Қожайын қызметшісіне: «Менің жас жігітім», «Менің бойжеткенім» немесе «Менің балам», — деп айтуы керек.

Төртінші. Қызметші өз иесіне: «Менің мырзам», — немесе: «Менің қожайыным», — деп айтуы тиіс.

Бесінші. Бұл үкімнің мақсаты — бірқұдайшылықты тіпті сөздерде де жүзеге асыру.

55. Аллаһтың атымен сұрағанның өтінішін қайтаруға болмайтындығы туралы тарау.

Аллаһтың атымен сұраудың түрлері:

Аллаһтың шариғатымен сұрау — бұл шариғат рұқсат еткен сұрау, мысалы, кедейдің садақа сұрауы.

Тікелей Аллаһтың атымен сұрау — мысалы, «Сенен Аллаһтың атымен сұраймын» деп айту.

Сұрау — өздігінен мәкрүһ (жағымсыз) немесе харам болып табылады, ол тек қажеттілік немесе мәжбүрлік жағдайында ғана рұқсат етіледі. Сондықтан Пайғамбарымыз ﷺ сахабаларынан ешкімнен ештеңе сұрамауға ант қабылдаған. Ал сұраушы екі жолмен сұрайды:

Аллаһтың атымен: Оған жауап беру керек, тіпті оның оған құқығы болмаса да, өйткені ол Ұлы Аллаһтың атымен сұрады, ал оған жауап беру — осы Ұлы Аллаһты ұлықтау. Бірақ егер ол күнәлі нәрсе сұраса немесе оған жауап беру адамның өзіне зиян келтіретін болса, онда оған жауап берілмейді.

Жай сұрау: Мысалы: «Әй пәленше, маған берші», — десе. Егер сұраған нәрсе шариғат бойынша рұқсат етілген болса, онда оған беру керек.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдуллаһ Ибн Умар (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Егер әлдебіреу сендерден Аллаһтың атымен пана сұраса, оған пана беріңдер. Егер әлдебіреу сендерден Аллаһтың атымен бір нәрсе сұраса, оған сұрағанын беріңдер. Егер сендерді біреу шақырса, оның шақыруына жауап беріңдер. Егер біреу сендерге жақсылық істесе, оған теңімен қайырыңдар, ал немен қайыруды таппасаңдар, онда оған теңімен қайырдым деп санаған-***

дарыңа дейін ол үшін дұға етіңдер» (әт-Тоялиси, 1895; Ахмад, 2/68; әл-Бухари «Адаб әл-Муфрадта», 216; Абу Дауд, 1672; ән-Нәсаи, 5/82; Ибн Хиббан, 3408; әл-Хаким, 1/412).

- «***Егер біреу сендерден Аллаһтың атымен пана сұраса, оған пана беріңдер***»: тек егер ол өз міндетінен қашып немесе күнә мен дұшпандыққа көмектесу үшін пана сұрап тұрған болмаса ғана.
- Шақыруға жауап беру — Аллаһтың қақысы ма, әлде адамның қақысы ма? Бұл — адамның қақысы. Егер шақырылған адам барудан бас тартып, шақырушы оны қабыл алса, онда оған күнә жоқ. Бірақ шақыруға жауап беру — Аллаһтың бұйрығымен уәжіп етілді. Егер шақырушы ұялғандықтан немесе қысылғандықтан ғана бас тартуды қабыл алса, онда шақыруға бармаған дұрыс емес.
- «***оған жауап беріңдер***»: бұл жерде шақыру дегеніміз — құрмет көрсету үшін шақыру, бірақ үгіттеу немесе насихаттау емес. Көптеген ғалымдар шақыруға жауап беру мұстахаб (құптаулы) деп санаған, тек үйлену тойына шақыру — алты шарт орындалған жағдайда уәжіп:

  1) Шақырушы — онымен қарым-қатынасты тоқтату уәжіп немесе құптаулы болған адам болмауы керек.

  2) Шақырылған жерде харам нәрселер болмауы керек. Егер оны өзгертуге шамасы келсе, онда шақыруға бару әрі харам нәрсені тыю — уәжіп.

  3) Шақырушы мұсылман болуы керек. Егер олай болмаса, жауап беру уәжіп емес.

  4) Оның табысы харам болмауы керек.

  5) Шақыруға жауап беру парызды немесе одан да маңызды бір нәрсені орындауға кедергі болмауы керек.

  6) Жауап беру шақырылған адамға зиян келтірмеуі керек, мысалы, алыс жол жүру немесе оған мұқтаж болған отбасын қараусыз қалдыру.
- Хат арқылы жіберілген шақыру ауызша шақырумен теңесе ме? Егер шақырылған адам шақырудың нақты өзіне арналғанын білсе, онда бұл ауызша шақырумен тең болады.
- «***оған теңімен қайырыңдар***»: мұнда екі пайда бар:

  1) Жақсылық жасаушыларды игі істерге ынталандыру.

  2) Адам өзіне жасалған жақсылыққа қатысты өзгенің алдында сезінетін тәуелділіктен арылу.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың атымен пана сұраған адамға пана беру қажеттілігі. (Егер ол өзіне міндетті болған нәрседен қашып немесе тастамауы тиіс нәрсені тастау үшін пана сұрап тұрмаса, өйткені бұл жағдайда оған пана берілмейді).

Екінші. Аллаһтың атымен сұраған адамның өтінішін қанағаттандыру қажеттілігі.

Үшінші. Шақыруға жауап беру қажеттілігі.

Төртінші. Жақсылық жасаған адамға теңімен қайыру қажеттілігі.

Бесінші. Егер адам теңімен қайыруға мүмкіндігі болмаса, онда ол сол адам үшін дұға етуі керек. (Өйткені бұл — алғыс білдірудің бір жолы және егер мұндай жақсылық жасаушылар әдетте алғыс алмаса, бұл олардың қақысына қайтарым болады).

Алтыншы. Пайғамбарымыздың ﷺ: «**...оған теңімен қайырдым деп санағанға дейін ол үшін дұға етіңдер**», — деген сөздері. (Яғни дұғаң қысқа болмауы керек, керісінше, сен оны жеткілікті деп сезінгенше жалғастыруың қажет).

56. Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрау рұқсат етілгендігі жайлы тарау.

Тараудың аталуының мағынасы:

1) Егер сен Аллаһтың Дидарымен сұрайтын болсаң, тек Жәннат сұра және дүние істерін сұрама.

2) Аллаһтың Дидары арқылы жаратылыстардан сұрауға болмайды, өйткені олар Жәннатты сыйлай алмайды.

Бұл — Аллаһтың Жүзін ұлықтау, өйткені Оның Қасиетті Дидары арқылы тек Жәннат немесе оған апаратын амалдар сұралады.

ДӘЛЕЛ

Жәбир ибн Абдуллаһ (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегенін жеткізген: «***Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрауға болады***» (Абу Дауд, 1671; әл-Бәйһақи, 4/199 және басқалар, хадис әлсіз).

- «***Аллаһтың Дидарымен***» — бұл Аллаһтың сипаттарының бірі. Ол Құран, Сүннет және ижмағ (ғалымдардың бірауыздан келісуі) арқылы бекітілген. Бұл — шынайы сипат және ол жаратылыстардың жүзіне ұқсамайды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың Жүзі арқылы Одан тек ең ұлы мақсат — Жәннат сұралады (Әдеп талаптарына сай, Аллаһтың Жүзі арқылы тек Ақыретке қатысты нәрселер, мысалы, Жәннатқа кіру немесе Тозақтан құтылу сұралуы керек).

Екінші. Аллаһқа қатысты «Дидар» сипатын бекіту.

Аллаһтың сипаттарына дұға етуге болады ма?

Аллаһтың сипаттарына дұға етуге болмайды, мысалы: «Уа Аллаһтың мейірімі!», «Уа Аллаһтың Жүзі!», «Уа Аллаһтың Құдіреті!» деп айту. Мұндай дұға — бидғат, өйткені ол шариғат мәтіндерінде кездеспейді және алғашқы мұсылмандардан (сәләфтардан) жетпеген. Шейхул-Ислам ибн Таймия, Аллаһ оған рахым етсін, былай деді: «Бұл — күпірлік».

57. «Егер…» деген сөз туралы тарау.

«Егер» сөзінің қолданылу түрлері мен үкімдері:

1. Тыйым салынған және күпірлікке әкелуі мүмкін: Бұл — шариғатқа қайшы келу мақсатында қолдану.

Екіжүзділер: «**Егер іс біздің еркімізде болғанда, осы жерде өлтірілмес едік**», — деген сөздерімен Пайғамбардың ﷺ үкіміне қарсы шықты. Олар: «Егер олар бізге құлақ асып, біз сияқты шайқасқа шықпай қойғанда, өлтірілмес еді, демек біздің пікіріміз шариғаттан жақсырақ», — деп айтты.

2. Тыйым салынған: Бұл — тағдырға қайшы келу мақсатында қолдану.

Екіжүзділер: «**Егер олар бізге бағынғанда, өлтірілмес еді**», — яғни: «Егер олар қалып қойғанында, өлтірілмес еді», — деп айтып, осынысымен Аллаһтың тағдырына қарсы шықты.

3. Тыйым салынған: Өкініш пен қайғыны білдіру үшін қолдану.

«***Егер былай істегенімде ғой, былай болмас еді***»: өйткені өкініш адам жанына мұң мен күйзеліс алып келеді, ал Аллаһ біздің қуанышты болуымызды қалайды.

4. Тыйым салынған: Тағдырды күнәларды ақтау үшін қолдану.

«**Егер Аллаһ қаласа, біз ширк жасамас едік**»: бұл — жалған сөз. Бірақ күнәларға қатысты емес, бақытсыздықтарға (яғни адамның еркінен тыс болған нәрселерге) қатысты тағдырмен ақталуға рұқсат етіледі. Бұны күнә жасаған адамның тәубеге келіп, оны тастауынан түсінуге болады.

5. Егер бұл жақсылық болса, ол жақсылық, ал жамандық болса, ол жамандық: Бұл — «егер» сөзін ниет-қалауды қолдану

«***Егер менде байлық болса, мен пәлен нәрсе жасар едім***»: бұл — жақсылықты армандау. Ал Пайғамбар ﷺ: «***Оған ниетіне сай беріледі, сондықтан олардың сауабы тең***», — деді. Сондай-ақ, жамандықты армандағандар туралы: «***Оған ниетіне сай беріледі, сондықтан олардың күнәсі тең***», — деп айтты.

6. Рұқсат етілген: Бұл — «егер» сөзін хабар ретінде қолдану.

«***Егер мен кейінрек білгенімді бұрын білгенімде, құрбандыққа мал айдап келмеген болар едім***»: бұл — хабарлау. Себебі, Пайғамбар ﷺ бұл жерде Аллаһтың тағдырына қайшы еш нәрсе қаламады. «Егер мен сабақта болғанымда, пайда алар едім» деген сөз де осыған ұқсас.

БІРІНШІДЕН ҮШІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар сондай-ақ: «Егер іс біздің еркімізде болғанда, осы жерде өлтірілмес едік», — дейді. (Мухаммад) оларға: «Егер сендер үйлеріңде болсаңдар да, өлтірілуі (тағдырларына) жазылғандар, әрине, өлтірілетін жерлерінде болар еді. Аллаһ көкіректеріңдегіні сынау және жүректеріңдегіні тазарту үшін өстіді. Сондай-ақ Аллаһ жүректеріңдегіні толық Білуші**», — деп айт» («Әли Имран» сүресі, 154-аят).

Аллаһ Тағала сондай-ақ былай деген: «(Мухаммад,) өздері үйлерінде қалып, бауырларына: «**Егер олар тілімізді алғанда, өлтірілмес еді», — дегендерге: «Сөздерің шын болса, өлімді өз бастарыңнан тойтарыңдар», — деп айт**» («Әли Имран» сүресі, 168-аят)

Муслимнің «әс-Сахихында» Абу Хурайрадан (оған Аллаһ разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ оған былай деп айтқан хадисі жеткізіледі: “***Өзіңе пайда келтіретін нәрсеге ұмтыл да, Аллаһтан көмек сұра, әрі осалдыққа салынба, ал егер басыңа (сәтсіздіктер мен бақытсыздықтардан) бір нәрселер түсіп жатса: «Егер мен былай істегенімде, былай болар еді», — деп айтпа! Алайда: «Бұл Аллаһтың тағдыры, әрі Ол қалағанын істеді», — деп айт, өйткені (бұл) «егер» (деп айтуың) шайтанның азғыруына жол ашады***” (Муслим, 2664).

- «**Олар сондай-ақ: «Егер іс біздің еркімізде болғанда, осы жерде өлтірілмес едік», — дейді...**»: бұл — екіжүзділердің шариғатқа қарсы шығуы. Өйткені олар Пайғамбарды ﷺ өздерінің келісімінсіз жорыққа шыққаны үшін кінәлады.
- Сондай-ақ бұл Аллаһтың тағдырына қарсы шығу мағынасында да болуы мүмкін. Яғни «Біз өлтірілу үшін шықпадық» деген сөздерімен олар тағдырға қарсы шықты.
- «**өздері үйлерінде отырып, бауырларына: «Егер олар тілімізді алғанда, өлтірілмес еді», — дегендерге»...**» — бұл мұсылман-

дарға және Аллаһтың тағдырына қарсы шығу, сондай-ақ жиһадтан қорқудың белгісі.

- Тағдырға қарсы шыққан адам Аллаһқа Раббысы ретінде разы болмады және таухид ар-рубубияны (Аллаһтың раббылықтағы жалғыздығын) жүзеге асырмады.

1) Осы хадистен алынатын пайдалар: 1) пайдалы нәрселерге талпыну және зиянды нәрселерден аулақ болу; 2) Аллаһтан жәрдем сұрау; 3) істерде тұрақтылық таныту және әлсіздіктен аулақ болу, әрі бұл сен үшін артықшылық болып табылады; 4) егер сен қалаған нәрсе орындалмаса, онда ол сенің үлесің болмағаныс, сондықтан бұл істі Аллаһқа тапсыр.

ҚАРАЛАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әли Имран» сүресінің 154 және 168-аяттарының тәпсірі. (154-аят — шариғатқа қарсы шығу туралы, ал 168-аят — тағдырға қарсы шығу туралы).

Екінші. Кез келген қиыншылыққа ұшырағанда «егер...» деп айтудың анық тыйым салынуы.

Үшінші. Бұл тыйымның себебі — бұл сөз шайтанның амалдарына жол ашады. (Және адамды күйзеліске, қайғыға түсіреді).

Төртінші. Осындай жағдайларда айту қажет болған көркем сөздер. («Бұны Аллаһ тағдыр етті, әрі Ол қалағанын жасайды»).

Бесінші. Пайдалы нәрсеге талпыну және сол жолда Аллаһтан жәрдем сұрау бұйырылған.

Алтыншы. Бұған қарсы нәрсеге — әлсіздік танытуға тыйым салынған. (Яғни адам әрекет етуден бас тартып, жалқаулыққа салынбауы тиіс, өйткені ол бұған қабілетті).

58. Желді сөгудің тыйым салынғандығы туралы тарау.

ДӘЛЕЛ

Убайй ибн Кағб (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын баяндайтын: “***Желді сөкпеңдер. Егер сендер одан өздеріңе ұнамайтын нәрсе көрсеңдер: «Уа Аллаһ, біз Сенен осы желдің игілігін және ол өзімен алып келетін игілікті, әрі оған жасау бұйырылған игілікті сұраймыз, және Өзіңе осы желдің жамандығынан және ол алып келетін жамандықтан, әрі оған жасау бұйырылған жамандықтан пана тілеп сиынамыз», — деп айтыңдар***” (Ахмад, 5/123; Ибн Аби Шәйба, 6/27; әл-Бухари «Адаб әл-Муфрадта», 719; әт-Тирмизи, 2252; ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубрада», 6/231-232; әл-Хаким, 2/298).

- Желді сөгуге қатысты үкім, уақытты сөгу үкімі секілді, әртүрлі болуы мүмкін. Алайда, желді сөгу жиі кездесетіндіктен, автор мұның тыйым салынғанын ғана атап өтті. Сондай-ақ әлдебір нәрсені қарғауға және сөгуге де жалпы түрде тыйым салынған, өйткені Пайғамбар ﷺ былай деді: «***Мүмин адам сөгуші, лағнеттеуші, арсыз және боғауыз сөздер айтатушы болмайды***». Сондай-ақ Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: «***Лағнеттеушілер Қиямет күні шапағатшы да, куәгер де болмайды***».
- Мұсылмандарды сөгу туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деді: «***Мұсылманды сөгу — пасықтық, ал онымен соғысу — күпірлік***».
- Қайтыс болған адамдарды сөгу туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Өлілерді сөкпеңдер, өйткені олар өз істерінің нәтижесіне жетті***».
- Жануарларды сөгу туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Лағынеттелген түйе бізбен бірге жүрмесін***».
- Қызбаны (безгекті) сөгу туралы Пайғамбарымыз ﷺ былай деген: «***Безгекті сөкпеңдер***».

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Желді сөгуге тыйым салынған. (Бұл — харам (тыйым салынған), өйткені ол желді жаратқан әрі жіберген Аллаһты сөгу болып табылады).

Екінші. Адам өзіне ұнамсыз нәрсені көргенде, пайдалы сөз айтуға нұсқау. (Осының бір мысалы — осы хадисте келтірілген «Уа Аллаһ! Сенен ... сұраймын» деген дұға және желдің жамандығынан қорғану үшін қандай да бір әрекет жасау, мысалы, қабырға артында жасырыну).

Үшінші. Жел Аллаһтың қалауына бағынатынын білдіру.

Төртінші. Желге жақсылықты да, жамандықты да алып жүру бұйырылуы мүмкін. (Осылайша, адам Аллаһтың тағдырын мойындап, оны сөкпей, керісінше, Оған бойсұнуы қажет. Себебі бұл жаратылыстар тек Аллаһтың әмірімен әрекет етеді, дәл сол сияқты адам да шариғи әмірлерге бағынуға міндетті).

59. Аллаһ Тағаланың «Олар жәһилиет кезінде істегендеріндей, Аллаһ туралы орынсыз ой ойлады. Олар: «Бұл істе бізде не ерік бар?» — десті» деген сөздері туралы тарау.

- «**Олар жәһилиет кезінде істегендеріндей, Аллаһ туралы орынсыз ой ойлады**»: бұл надандық дәуіріндегі адамдар (екіжүзділер) ойлаған нәрсе. Олар Аллаһтың ұлылығы туралы білмей, Оны лайықты түрде ұлықтамады. Бұл надандыққа негізделген жалған ойлар еді. Аллаһ туралы ойлар екі түрлі болады:

1) Аллаһ туралы жақсы ойлау, және бұл екі мәселеге байланысты:

А. Аллаһтың саған қатысты істейтіні: бұл мәселеде Аллаһ туралы жақсы ойлау — міндетті.

Б. Аллаһтың саған не үшін осылай істейтіні: Аллаһ туралы ең жақсы ойда болу міндетті, бірақ бұл үшін адамның жүрегінде ол Аллаһ туралы жақсы ойлуға себеп болатын ықыластылықтың және Сүннетке ілесудің болуы шарт етіледі.

2) Аллаһ туралы жаман ойлау: мысалы, Оның істерінде даналық жоқ деп, әділетсіздік бар деп ойлау. Бұл — ең үлкен тыйымдардың және ең үлкен күнәлардың бірі болып табылады. Бұндай ойлар екіжүзділердің және соларға ұқсас басқа адамдардың Аллаһ туралы шындыққа жанаспайтын нәрселер ойлағаны сияқты болады.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**Аллаһқа байланысты жаман ой ойлаған екіжүзді ерлер мен екіжүзді әйелдерді, мүшрик ерлер мен мүшрик әйелдерді азапқа ұшыратады әрі жамандық өздеріне оралады. Аллаһ оларға ашуланды, оларды лағынеттеді әрі оларға Тозақты әзірледі. Ол нендей жаман барар жер!**» («әл-Фатх» сүресі, 6-аят).

- Бұл аятта екіжүзділер мен мүшриктер меңзелген. Оларды барлық жағынан жамандық қоршайды.

Бірінші аят турасында Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) былай деді: «Құран тәпсіршілерінің пікірі бойынша, мүшриктердің бұл жаман ойлары Аллаһ Тағала бейне бір Өзінің Елшісіне ﷺ көмектеспейді,

әрі оның ісі жойылады дегенді қамтитын. Басқа тәпсіршілер бұл ойлар орын алып жатқан нәрсенің барлығы Аллаһтың тағдыры мен Оның даналығының салдары болып табылмайды деген (пікірді) қамтиды деп есептейді. Сондай-ақ оларды Аллаһтың даналығы мен Оның тағдырын жоққа шығару деп, Аллаһ Өзінің ісін соңына дейін жеткізетінін және Исламды барлық діндерден үстем ететінін жоққа шығару деп тәпсірлеген. Бұл «әл-Фатх» сүресінде айтылатын екіжүзділер мен мүшриктерде болған жаман ойлар, міне, осылар.

Әрі бұл, расында да, жауыз ойлар болатын, өйткені Пәк Аллаһ туралы, Оның даналығы, даңқы әрі адал уәдесі туралы бұлай ойлауға мүлде болмайды. Ал кімде-кім әлдебіреуді ақиқат үстінен жеңіске жете алады деп білсе; орын алып жатқан нәрселердің барлығы Оның алдын ала бекіткен жазмышы мен тағдыры бойынша орын алып жатқанын әрі Оның (бекіткен) тағдыры Оның мақтауға лайықты терең даналығымен байланысты екенін жоққа шығарса; әрі барлық нәрсені жағдаяттардың жай ғана өрбуі бойынша орын алып жатыр деп айтатын болса, сол кәпірлердегі дәла сондай жаман ойларға ие болған болады. Иман келтірмейтін адамдарға қасірет болсын, сол себепті олар Отқа түседі емес пе?!

Көпшілік адамдар өздерінің өмірінде немесе басқа адамдардың өмірінде орын алатын (жағдайлардың) әсерімен Аллаһ туралы жаман ойға ие. Мұндай ойлардан тек Аллаһты, Оның есімдері мен сипаттарын таныған адамдар ғана, Оның даналығы мен Оны мақтап-дәріптеудің себебі мен қажеттілігін білетін адамдар ғана құтыла алады. Өзіне жақсылық қалайтын әрбір адам осы жайында ойланып, Аллаһтың алдында тәубе етсін және Аллаһтан өзінің жаман ойлары үшін оны кешіруін сұрап-жалбарынсын...

Кімнен сұрасаң да, (олардың) тағдырдан мезі болғандарын әрі оның атына сөгіс-шағымдар (айтатындарын) көресің. Барлықтары осылай-осылай болу керек еді, бірақ осылай болды деп айтып жатады. Әрбір адам үлкен немесе кіші дәрежеде тағдырға шағымданып жатады. Өзөзіңді тексеріп көр, сен осындай наразылықтан алыссың ба?»

Ал сосын ибн әл-Қайим мына өлең жолдарын келтірді:

«Арылып азат болсаң сен осыдан,

Боларсың үлкен бәледен құтылған.

Әрі сен үшін осыдан басқа құтылар жол жоқ

Мен көріп тұрған» («Зад әл-Миғад», 3/228-235).

- Бұл сөздерді Ибн әл-Қайим (Аллаһ оны рахым етсін) өз еңбегі «Зад әл-Миғад» кітабында Ухуд шайқасы жайлы баяндаған соң келтіреді. Ол осы оқиғадан алынатын даналықтар мен мақтауға лайықты нәтижелер туралы айтқан. Оның жаман ойлар жайлы айтқан сөздерінің мәні:

  1) Аллаһ өтірікті ақиқатқа үнемі үстем етуге рұқсат береді әрі соның нәтижесінде ақиқат жоғалып кетеді деп деп ойлау.

  2) Болған оқиғалар Аллаһтың тағдыры екенін теріске шығару, ал қалайша Оның билігінің астында Ол қаламайтын нәрсе болуы мүмкін.

  3) Оның тағдыры Оның кемелмақтау-мадаққа лайық даналығына негізделгенін жоққа шығару.

- Оның жаман ойлардан арылу жолдары жайлы айтқан сөздерінің мәні:

  1) Аллаһтың есімдері мен сипаттарын дұрыс және бұрмаламай түсіну.

  2) Ақылды адам бұл мәселеге ой салып, Аллаһ туралы дұрыс ой түюі керек әрі жәһилиет адамдары сияқты жаман ойламауы керек.

  3) Күнәлардан арылып, Аллаһқа мойынсұнуға бет бұрып, Одан кешірім тілеу.

  4) Адам өз-өзі туралы жаман ойда болуы керек, өйткені оның кемшіліктері мен күнәлары бар.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. «Әли Имран» сүресінің 154-аятының тәпсірі. («**Олар жәһилиет кезінде істегендеріндей, Аллаһ туралы орынсыз ой ойлады...**», мұнда «олар» деген сөз екіжүзділерге қатысты).

Екінші. «Әл-Фатх» сүресінің 6-аятының тәпсірі. («**Аллаһқа байланысты жаман ой ойлаған екіжүзді ерлер мен екіжүзді әйелдерді...**», мұнда «олар» деген сөз екіжүзділерге қатысты).

Үшінші. Аллаһ туралы жаман ойлардың түрлері шектеулі емес. (Яғни оның шегі — Аллаһқа лайықсыз нәрсені ойлау).

Төртінші. Мұндай жаман ойлардан тек Аллаһтың есімдері мен сипаттарын біліп, өзін таныған адам ғана арыла алады. (Әрі өзіне назар салатынадам. Өйткені, адам, шын мәнінде, кемшіліктерге толы. Ал Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ болса, барлық жағынан кемел, ешбір кемшілігі жоқ).

60. Тағдырды жоққа шығарушылар жайлы (бұл үлкен күпірлік екендігі) туралы тарау

- Қадар (тағдыр) — Аллаһтың жаратылыстарындағы құпиясы. Тағдырға жазылған нәрсе орындалғанға дейін бізге ол жайлы білу қажет емес. Бұл мәселе негізінен Раббылықтағы бірқұдайшылыққа (тәухид әр-рубубия) қатысты, алайда Есімдер мен сипаттардағы бірқұдайшылықты да (тәухид әл-әсма уа-с-сыфат) қамтиды. Тағдыр мәселесінде адамдар үш топқа бөлінеді:

1. Жәбария тобы. Олар тағдырға сенеді, бірақ онда шектен шығады. Олар адамның іс-әрекет жасаудағы таңдау еркі мен күш-құдіретін толық жоққа шығарады да: «Адамда іс-әрекет жасауда таңдау еркі де, күш-құдірет те жоқ», — дейді.
2. Қадария-муғтазилилер тобы. Адамның іс-әрекетті жасауға таңдау еркі мен күш-құдіреті бар екенін мойындайды, бірақ онда шектен шығып: «Аллаһ құлдарының әлдебір іс-амалдарын қаламайды және жаратпайды», — дейді.
3. Үшінші топ — Әхлю-сунна уәл-жәмаға. Олар тағдыр мәселесіндегі, адамныңіс-әрекет жасаудағы таңдау еркі және күш-құдіреті туралы барлық дәлелдерді бір-біріне үйлестіріп, ең жақсы үмметтің жолына ілесті. Олар Аллаһтың тағдыры мен Құдіретіне иман келтіреді, әрі адамның да қалауы (таңдау еркі) бар екенін, бірақ ол Аллаһтың қалауына бағынышты екенін растайды.

Қадарға (тағдырға) иман келтірудің көптеген пайдасы бар, олардың ішінде:

1) Бұл — Раббылықтағы бірқұдайшылықты толыққанды жүзеге асырудың біз бөлігі.
2) Бұл Аллаһқа шынайы тәуекел етуге әкеледі.
3) Бұл жүрекке тыныштық сыйлайды: егер сен «саған келген нәрсе сенен айналып өтпес еді, ал сенен айналып өткен нәрсе саған келмес еді» дегенді білсең, онда пайдалы себептерді жасағаннан кейін, өзіңмен орын алған нәрсеге қатысты тыныш боласың.
4) Бұл адамды өз амалдарымен сүйсініп алданудан сақтайды: Ол бір

амал жасаса, Аллаһқа шүкір етеді, өйткені оны оған Аллаһ нәсіп етті.

5) Ол басына түскен қиындықтарға бола қайғырмайды: өйткені мұның аса Ұлы әрі Құдіретті Раббысынан екенін, сондықтан да бұл Оның мейірімі әрі даналығымен орын алып жатқанын біледі.

6) Адам себептерді жасайды, өйткені ол Аллаһтың даналығына және Аллаһ бір нәрсені тек оған апаратын себептермен алдын ала белгілейтініне сенеді.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Абдуллаһ ибн Умар (Аллаһ оған және әкесіне разы болсын) былай деді: «Ибн Умардың жаны Қолында болған (Аллаһтың) атымен ант етемін, егер олардың әлдебіреуінде Ухуд тауындай бір тау алтыны болып, ол осы байлықтың бәрін Аллаһ жолында жұмсаса да, бұл адам тағдырға иман келтірмейінше, Аллаһ мұны қабыл алмас еді». Сосын ол өз сөздеріне дәлел ретінде Пайғамбардың ﷺ: «***Иман дегеніміз — сенің Аллаһқа, Оның періштелеріне, Оның Кітаптарына, Оның елшілеріне, Ақырет Күніне иман келтіруіңді, сондай-ақ тағдырға оның жақсылығымен және жамандығымен иман келтіруіңді білдіреді***» деп айтқан сөздерін келтірді (Муслим, 8; Абу Дауд, 4695; әт-Тирмизи 2613; Ибн Мәжаһ 63).

- ***Иман дегеніміз***: тілмен айту, жүрекпен растау және дене мүшелерімен амал жасау. Иман мойынсұнумен артады, күнә жасаумен азаяды. Иманда алты негіз бар:

  (1) Аллаһқа иман, (2) Оның періштелеріне иман, (3) Оның Кітаптарына иман, (4) Оның пайғамбарларына иман, (5) Ақырет күніне иман, (6) Тағдырға — оның жақсылығы мен жамандығына иман.



- «***Оның періштелеріне***»: Бұл — көзге көрінбейтін әлем, Аллаһ оларды нұрдан жаратты, олар Аллаһқа бойсұнады және Оған қарсы келмейді. Олардың жаны бар: «**Қасиетті Рух**», және денелері бар: «**...Періштелерді екі, үш және төрт қанатты елшілер еткен Аллаһқа бүкіл мақтау-мадақ. Ол жаратуда қалағанынша арттырады». Олардың ақыл-ойы мен жүректері бар: «Олардың жүректерінен үрей сейілген кезде, олар: "Раббыларың не айтты?"** — деседі».

  Біз періштелерге және Аллаһ бізге олардың есімдері туралы хабар бергендеріне (Жәбірейіл, Микаил, Исрафил) иман келтіреміз. Сондай-ақ олардың сипаттарына: «**Олар Аллаһқа Оның бұйырған нәрселерінде қарсы келмейді және өздеріне бұйырылғанды орындайды**», және олардың амалдарына (Аршыны көтеруші періштелері секілді) сенеміз.
- «***Оның Кітаптарына***»: Біз Аллаһтың Кітаптарының Оның астар-

лы мағынадағы емес, шын мәніндегі Сөзі екендігіне шынайы иман келтіруіміз қажет. Олар жаратылмаған, Аллаһтан түсірілген Кітаптар болып табылады және Аллаһ әрбір елшіге Кітап түсірген. Біз оларға, олардың атауларына, олардағы хабарлар мен күші жойылмаған үкімдерге жалпы және жеке түрде иман келтіреміз. Біз Құранның өзіне дейінгі барлық Кітаптардың (Тәурат, Інжіл, Забур, Ибраһим мен Мусаның, оларға Аллаһтың сәлемі болсын, парақтары) күшін жойғанына иман келтіреміз.

- «***Оның елшілеріне***»: Біз олардың адамдар екеніне, оларда ешқандай құдайлық сипат жоқ екеніне, олардың Аллаһтың құлдары екеніне және оларға құлшылық жасауға болмайтынына сенеміз. Аллаһ оларды жіберіп, оларға уахи етті және оларды аяттарымен қолдады. Олар өздеріне тапсырылған міндетті толық орындады, қауымдарына шынайы ықыласты болды, Аллаһтың дінін толық жеткізді және Аллаһ жолында шынайы жиһад жасады. Біз оларға, олардың есімдеріне, сипаттарына және Аллаһ олартуралы хабар берген нәрселердіңбарлығына иман келтіреміз. Алғашқы пайғамбар — Адам (оған Аллаһтың сәлемі болсын), алғашқы елші — Нух (оған Аллаһтың сәлемі болсын), ал барлық пайғамбарлар мен елшілердің соңғысы — Мухаммад ﷺ. Олардың ішіндегі бесеуі — Ұлы Табандылық Иелері, «әш-Шура» және «әл-Әхзаб» сүрелерінде аталған: Мухаммад, Нух, Ибраһим, Муса және Иса (оларға Аллаһтың игілі мен сәлемі болсын).
- «***Ақырет күніне***»: Оған иман келтіру өзінің құрамына Пайғамбар ﷺ хабарлаған өлімнен кейін орыналатын, мысалы, қабір сынағы, Сүрге үрлеу, қабірден қайта тірілу, Таразы, амал дәптерлері, Сырат көпірі, Хауыз, шапағат, Жәннат, Тозақ, мүминдердің Қиямет күні және Жәннатта өздерінің Раббысын көруі сияқты оқиғаларға және осыған ұқсас ғайып нәрселердің барлығына иман келтіруді қамтиды..
- «***Тағдырға, оның жақсылығы мен жамандығына иман келтіру***» Бұл жерде «***иман келтіру***» етістігі қайта айтылды, себебі тағдырға сену — аса маңызды мәселе. Тағдырдың төрт дәрежесі бар:

  – Аллаһтың білімі — Ол барлық нәрсені, жалпы және жекеше түрде, толық білетіндігіне иман келтіру. Бұған дәлел: «**Ол олардың өткенін де, болашағын да біледі**» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

  – Жазмыш — Аллаһ Қиямет күніне дейін болатын барлық нәрсені жазып қойғанына иман келтіру. Бұған дәлел: «**Жерде де, көкте де Айқын Кітапта жазылмаған жасырын ештеңе жоқ**» («ән-Нәмл» сүресі, 75-аят).

– Қалау — Аллаһ қалаған нәрсе міндетті түрде орындалады, ал Ол қаламаған нәрсе болмайды. Егер Аллаһ қаламаса, пенде ештеңе қалай алмайды: «**Бірақ сендер Аллаһ қаламайынша ешнәрсе қаламайсыңдар**» («әл-Инсан» сүресі, 30-аят).

– Жарату — Барлық нәрсені Аллаһ жаратқан және басқарады, құлдардың амалдары да жаратылған. Бұған дәлел: «**Аллаһ сендерді де, сендердің жасаған амалдарыңды да жаратты**» («әс-Саффат» сүресі, 96-аят) .

ЕКІНШІДЕН ТӨРТІНШІГЕДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Убада ибн әс-Сомит (Аллаһ оған разы болсын) өзінің ұлына былай деді: «Балам, сен иманның ләззатын өзіңмен орын алған бақытсыздықтың сені айналып өтуі мүмкін емес болғанын, ал өзіңді айналып өткен нәрсе саған келіп тиюі мүмкін емес болғанын түсініп-білгеніңде ғана сезінесің. Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естігенмін: «***Аллаһ Қаламды жарата салысымен оған: "Жаз!" — деді. Қалам: "Уа Раббым, не жазайын?" — деп сұрады. Аллаһ Тағала: «Қиямет Сағаты басталғанға дейін тағдыр етіп бекітілген нәрсенің барлығын жаз», — деді***». Балам, мен сондай-ақ Аллаһ Елшісінің ﷺ: "***Кімде-кім осындай сенімі болмай қайтыс болса, сол менен емес", — деп айтқанын естідім***» (Абу Дауд, 4700; әт-Табарани «Муснад әш-Шамийинде», 59; әл-Бәйһақи «Сунан әл-Кубрада», 10/204 т.б.).

Ахмадтың нұсқасында былай делінеді: "***Аллаһ Қаламды жарата салысымен оған: «Жаз!» — деді. Әрі сол сағатта Қиямет Күніне дейінгі барлық нәрселер жазылып қойылды***" (Ахмад, 5/317).

Ибн Уаһбтың нұсқасында былай делінеді: "Аллаһ Елшісі ﷺ***: «Тағдырға оның жақсылығы мен жамандығымен иман келтірмейтін адамды Аллаһ Отта өртейді***», — деді" (Ибн Уаһб «Китаб әл-Қадарда», 26 т.б.).

Ахмад «әл-Муснадта» және Ибн Мәжаһ «әс-Сунанда» Ибн әд-Дайләмидің былай деп айтқан хадисін келтіреді: «Мен Убай ибн Кағбқа келіп: "Менің ішімде тағдырға күмәндануға итермелейтін бір нәрсе бар. Маған бірдеме айтшы, мүмкін, Аллаһ мұны менің жүрегімнен алып тастар", — дедім. Ол: "Егер сен Аллаһ жолында Ухуд тауындай алтын жұмсасаң да, Ол сенен мұны тағдырға иман келтірмейінше әрі өзіңмен болған сәтсіздік сені айналып өтпеуі керек болғанын, ал сені айналып өткен нәрсе саған келіп жетуі мүмкін емес болғанын ұқпайыңша, қабыл алмайды. Егер сен осындай сенімге ие болмай қайтыс

болсаң, От тұрғындарының арасынан (бір-ақ) шығасың", — деді. Осыдан кейін мен Абдуллаһ ибн Масғудқа, Хузайфа ибн әл-Яманға және Зәйд ибн Сабитке (Аллаһ оларға разы болсын) кіріп шықтым, әрі олардың әрқайсысы Пайғамбарға ﷺ сілтей отырып, тура осыны айтып берді» (Ахмад, 5/185-189; Абу Дауд, 4699; Ибн Мәжаһ, 77; әт-Табарани «әл-Кабирде», 4940; Ибн Хиббан, 1817).

- «***...түсініп-білгеніңде ғана***»: Аллаһ Тағала бұған Өзінің мына сөздерінде нұсқады: «**Жер бетінде, сондай-ақ сендердің өздеріңмен орын алатын кез-келген бақытсыздық, біз оны жаратуымыздан бұрын Кітапта жазулы. Расында бұл Аллаһқа жеңіл. Біз бұны сендердің өткенге өкінбеулерің әрі өздеріңе берілгенге сүйінбеулерің үшін баян еттік. Аллаһ бүкіл текаппар, мақтаншақты жақсы көрмейді» («әл-Хадид**» сүресі, 22–23-аяттар).
- «Балам»: Бұл сөз балаға насихат айтқан кезде жұмсақтық танытуды білдіреді. Сондай-ақ бұл жерде балаларды дін үкімдеріне дәлелдермен үйрету қажеттігіне нұсқау бар: (1) балаларды дәлелге сүйеніп әрекет етуге дағдылау үшін; (2) оларды Пайғамбарымызға ﷺ деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу үшін.
- «Менің ішімде тағдырға күмәндануға итермелейтін бір нәрсе бар»: Дайләмидің жан-дүниесінде пайда болған бұл күмән тағдырға қатысты күмән тудыратын бидғат жақтастарымен бірге болудың қауіпті екенін көрсетеді. Бұл күмәндар шариғи мәтіндер арқылы сейіліп, жойылады, алайда олар ақылмен жоққа шығарылмайды, өйткені бұлай ету оларды тек арттыра түседі.
- «***Қалам***»: Бұл хадистің екі нұсқасы екі түрлі келген: бірі — соңында даммамен (әл-Қоләму), екіншісі — фатхамен (әл-Қоләма).

  1) Даммамен оқылғанда, мағынасы — Аллаһтың ең бірінші жаратқаны — Қалам, бірақ бұл мысалы, аспандар мен жер секілді біздің көріп тұрған жаратылыстарға қатысты ғана. Бұл — салыстырмалы түрдегі алғашқы жаратылыс. Ибн әл-Қаййим былай деді:

  Адамдар Қалам жайлы таласты,

  Онымен әд-Дәйан (Аса Ұлы Төреші) тағдырды жазды.

  Аршыдан бұрын ба, әлде кейін бе,

  Абул-Ғалә әл-Хамазани екі пікір білдірді.

  Ал ақиқатында, Аршы бұрын жаратылған,

  Өйткені, ол жазудан бұрын-ақ өз бағаналарында тұрды.

2) Фатхамен (насбпен) оқылғанда, мағынасы — Аллаһ Қаламға оның жаратылған сәтінен бастап жазуды бұйырды.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Тағдырға иман келтірудің міндеттілігін түсіндіру.

Екінші. Тағдырға қалай иман келтіру керектігін түсіндіру. (Оның төрт дәрежесіне иман келтіру арқылы).

Үшінші. Тағдырға иман келтірмеген адамның амалдарының зая кететініне нұсқау. (Бұл — үлкен күпірлік).

Төртінші. Адам шынайы иманның дәмін тағдырға иман келтірмегенше сезіне алмайтынан нұсқау.

Бесінші. Аллаһтың ең алдымен нені жаратқанын баяндау. (Қалам Аршыдан кейін жаратылғанына күмән жоқ. Көзге көрінетін жаратылыстардың ішінде ең алғашқы жаратылған нәрсе — Қалам, яғни ол аспан мен жерден бұрын жаратылған. Сондықтан бұл — салыстырмалы түрде алғашқы жаратылыс).

Алтыншы. Аллаһ Қаламды жаратқан кезде, Қияметке дейін болатын барлық тағдыр жазылып қойды. (Бұл Аллаһтың жансыз нәрселерге сөйлеуі және олардың Аллаһтың әмірлерін түсінетіндігін дәлелдейді, өйткені Аллаһ Қаламға әмір еткенде, ол қабыл етіп, жауап берді).

Жетінші. Пайғамбарымыздың ﷺ тағдырға сенбеген адамға қатыссыз болуы. (Мұндай адамдар діннен шығаратын үлкен күпірлікке түседі).

Сегізінші. Алдыңғы салиқалы буынның күмәндарды жою үшін ғалымдарға жүгінуі. (Бір мәселені нақтылау үшін бірнеше ғалымнан сұрауды рұқсат екендігін білдіреді, алайда бұл жеңілдік іздеу мақсатында болмауы тиіс).

Тоғызыншы. Ғалымдардың күмәндарды жоятын жауаптарды тек Аллаһ Елшісінің ﷺ сөздеріне сүйене отырып беруі. (Бұл — мұсылманның күмәнін толық жояды. Сондай-ақ дәлел ретінде ақыл мен сезімге, егер бұл дауласып тұрған адамды сендіруге немесе келісіп тұрған адамның жүрегін орнықтыруға көмектессе, жүгіну рұқсат етіледі. Бұған қоса, бұл жерде төртінші дәлел бар, ол — фитра (адамның тума болмысының) дәлелі).

61. Бейне жасаушылар жайлы келген (қатаң қорқыту) туралы тарау.

1) Бейне жасауда Аллаһтың Өз жаратылыстарын жарататына ұқсап-еліктеудің бір бөлігі бар.

2) Жер бетіндегі алғашқы көпқұдайшылық Нух қауымында суреттер мен мүсіндер жасау арқылы пайда болды.

БІРІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен ол Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естігені жеткізіледі: “**Аллаһ Тағала былай деді: «*Ал Менің жаратылысыма ұқсас бірдеңе жасауға тырысқан адамнан артық кім залым болмақ! Олар тым құрығанда бір дән жаратып көрсінші, олар (тым болмағанда) кішкентай құмырсқаны жаратып көрсінші!*»**”. Бұл хадисті әл-Бухари мен Муслим келтіреді (әл-Бухари, 7559; Муслим, 2111).

Олар, сондай-ақ, Айшадан (Аллаһ оған разы болсын)Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқан хадисін келтіреді: «***Қиямет Күні ең ауыр жаза Аллаһтың жарату (ісінде) Оған ұқсауға тырысатындарды күтуде***» (әл-Бухари, 5954; Муслим, 2106).

Олар Ибн Аббастың мына хадисін де келтіреді: «Мен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естігенмін: “***Әрбір бейне салушы Отта! Және оның жасаған әрбір бейнесіне оны Тозақта азаптайтын жан берілетін болады***”» (әл-Бухари, 2225; Муслим, 2110).

Олар, сондай-ақ, Ибн Аббастың Пайғамбар ﷺ былай деп айтқан басқа бір хадисін де келтіреді: «***Өмірінде қандай да бір бейне салған адам соған жан бітіруіне күштеледі, ал ол мұны жасауға құдіретсіз болады***» (әл-Бухари, 5963; Муслим, 2110).

Муслим Абул-Хайяждің былай деп айтқан хадисін келтіреді: «Али маған былай деді: “***Мен сені кезінде Аллаһтың Елшісі ﷺ мені жұмса-***

ған нәрсеге жұмсайын ба: кез-келген бейнені көргенде, оны сол сәтте жой, ал кез-келген төмпешік қабір көрсең, оны жермен бірдей тегістеп қой”» (Муслим, 969).

- Бейне салушыларға қатысты жазалар: (1) олар ең ауыр жазаға тартылады; (2) олар лағынетке ұшыраған; (3) Аллаһ ол жасаған барлық бейнелерге жан бітіреді, және солар оны Тозақта азаптайды; (4) ол Тозақта болады; (5) оған жасаған бейнесіне жан үрлеу бұйырылады, бірақ ол мұны орындай алмайды. (6) бұл ісінде одан асқан зұлымдық жоқ немесе бұл зұлымдықтың ең жоғары деңгейі.
- «***оны сол сәтте жой***»: егер ол салынған сурет болса, оны бояумен өшіру керек. Егер ол мүсін болса, басын алып тастау қажет. Егер ол ойылып жасалған сурет болса, оның бет әлпеті танымастай етіп жойылуы керек. Өшіру тәсілі әр түрлі болуы мүмкін. Хадистің сыртқы мағынасы бұл суретке табыну бар ма, жоқ па — маңызды емес екеніне нұсқайды.
- «***жермен тегісте***»: Бұл сөздің екі мағынасы бар: (1) қабірді шариғатқа сай ету; (2) оны айналасындағы қабірлермен теңестіру.

Бейне-сурет жасаудың мақсаттары

1) Суреттегі көрсетілгенді ұлықтау: бұл, сөзсіз, харам, себебі билік иелерін бейне-сурет арқылы ұлықтау — рубубия бірқұдайшылығындағы (Аллаһтың Оның Раббылығында жалғыздау) кемістік, ал (көп әрі табанды) құлшылық етуші (ізгілерді) ұлықтау — улуһия (Аллаһтың құлшылыққа лайықты Құдайлық бірлігіндегі) бірқұдайшылықтың кемшілігі.
2) Қарау арқылы ләззат алу — бұл харам, себебі ол фитна (азғыру) болып табылады.
3) Естелік ретінде жасау — мысалы, балалардың суретін жасау. Бұл да харам.
4) Мәжбүрлік жағдайлар — ақшалардағы суреттер, құжаттардағы фотосуреттер. Бұндайлар күнә емес, өйткені оны жоюға мүмкіндік жоқ.
5) Басқа нәрселерге қатысты суреттер — мысалы, газеттердегі суреттер. Бұларда негізінде күнә жоқ, бірақ егер олардан қиындықсыз құтылуға мүмкіндік болса, одан арылу абзал.
6) Қорланған күйде болған суреттер — мысалы, қоқыста жатқан, еденге төселген немесе үстінен жүретін заттардағы суреттер. Бұл

жағдайда ешқандай проблема жоқ. Бірақ бұл киімдегі суреттерге қатысты емес.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Бейне салушыларға айтылған ауыр ескерту.

Екінші. Бұл тыйымның себебі — бұл Аллаһқа қатысты әдеп сақтамау. Ол: «**Мен жаратқан нәрсеге ұқсағанды жасауға тырысқаннан әділетсіз кім бар?**» — деп айтқан (Бұл, сондай-ақ, Аллаһтың шариғатына қайшы келумен байланысты жаман мінез-құлықтың көрінісі болып табылады. Бұл істе одан асқан зұлымдық жоқ).

Үшінші. Аллаһтың құдіретін және адамдардың әлсіздігін көрсету — Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар ең болмаса бір жәндік немесе бір бидай не арпа дәнін жаратып көрсін**» (Аллаһ одан да үлкен нәрселерді жаратты, ал адамдар тіпті бір жәндік немесе бидай дәнін де жасай алмайды).

Төртінші. Мұндай адамдардың ең ауыр жазаға тартылатынына дәлел.

Бесінші. Аллаһ бейне санына қарай жандарды жаратады, және олар сол бейне салушыны Тозақта азаптайды.

Алтыншы. Бейне салушыға оның салған бейнесіне жан үрлеу бұйырылады (Бұл ең ауыр жазалардың бірі).

Жетінші. Суреттерді жою немесе өшіру туралы бұйрық (Бұл — бейнелердің және қабірлердің қауіптілігін жою, өйткені бұл екеуі де ширктің (Аллаһқа серік қосудың) жолы болып табылады. Сондай-ақ, бұл Қиямет күніндегі азап пен әділетті жазаға нұсқау, себебі адам Ақыретте өзінің осы дүниеде істегендеріне сай жазаланады. Егер адам мәңгілік өмірде өзіне берілген нәрсені орындай алмаса, бұл — оған берілген жаза болып табылады).

62. Көп ант беру жайлы тарау.

БІРІНШІ ДӘЛЕЛ

Аллаһ Тағала былай деген: «**...Анттарыңды қорғаңдар...**» («әл-Мәида» сүресі, 89-аят).

Антты қорғаудың сатылары:

1. Бастапқы кезеңде — аз ант ету арқылы.	**2. Ант күшіне енгенде** — кейбір ерекше жағдайлардан өзге оны бұзбау.	**3. Ант бұзылғаннан кейін** — оны бұзған жағдайда кәффаратын (өтемін) жасау.	**4. Тек Аллаһтың атымен ғана ант ету — басқа ешкімнің атымен ант етпеу.**

ЕКІНШІДЕН АЛТЫНШЫҒА ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінен ﷺ оның былай деп айтқанын естігенін баяндайтын: «***Ант ішу тауарды өтімді етеді, алайда оның (табысының) бекересін жойып жібереді***» (әл-Бухари, 2087; Муслим, 1606)“.

Сәлман (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын естігенін баяндайтын: «***Аллаһ Қиямет Күні үш (түрлі) адаммен сөйлеспейді де, оларды [күнәлардан] тазартпайды да, әрі олардың басына азапты жаза түседі: бұл — бұзық шал, тәкаппар кедей әрі Аллаһты өзінің саудасына айналдырған адам: ол Аллаһтың атымен ант етпей еш нәрсе сатып алмайды әрі Аллаһтың атымен ант етпей еш нәрсе сатпайды***» (әт-Тобарани «Муғжам әл-Кабирде», 6111; әл-Бәйһақи «Шуғаб әл-Иманда», 4/220).

Имран ибн Хусойннан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқаны жеткізіледі: «***Менің үмметімдегі ең жақсы адамдар — бұл менің замандастарым, сосын олардың соңынан келетіндер, ал сосын — солардың***

соңынан келетіндер». Имран былай деп жалғастырды: «Оның өзінің (замандастарынан) кейін қанша ұрпақтарды атағыны: екі немесе үшеуін бе — менің дәл есімде жоқ». «Олардан кейін өздерінен куәлік талап етілмей жатып куәлік ететіндер, өздеріне сенім артылғанда сатқындық жасайтындар, уәделер беріп, бірақ оларды орындамайтындар пайда болады. Әрі олардың арасында мес-семіз адамдар көп болады» (Муслим, 2535).

Сондай-ақ Ибн Масғудтан (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбардың ﷺ былай деп айтқаны жеткізіледі: «***Ең жақсы адамдар — бұл менің замандастарым, сосын олардың соңынан келетіндер, ал сосын — солардың соңынан келетіндер. Олардан кейін куәлік беруден бұрын ант ететін, және ант етуден бұрын куәлік беретін адамдар пайда болады***».

Ибраһим ән-Нахоғи былай деп баяндаған: «Біз кішкентай болған кезімізде бізді куәлік еткеніміз немесе уәде бергеніміз үшін (немесе: куәлік немесе уәде беруіміз үшін) ұратын» (Муслим, 2533).

- «***...оларды [күнәлардан] тазартпайды...***»: Қиямет күні Аллаһ оларға рахымшылық көрсетпейді және олардың иман келтіргендігіне куәлік бермейді.
- «***Шал***»: қартайғандығы себепті қара шашы мен ақ шашы араласқан әрі шақуаты суыған адам.
- «***Тәкаппар кедей***»: кедей бола тұра, ақиқатқа және Аллаһтың жаратылыстарына қатысты тәкаппарлық танытатын адам.
- «***...ол Аллаһтың атымен ант етпей еш нәрсе сатып алмайды, әрі Аллаһтың атымен ант етпей еш нәрсе сатпайды***»: жиі ант ету оның анттарға немқұрайлылық танытуының әрі жеңіл-желпі қарауының белгісі.
- «***Олардан кейін өздерінен куәлік талап етілмей жатып куәлік ететіндер***»: асығыстықпен ант береді немесе жалған куәлік етеді.
- «***Куәлік бермес бұрын ант етеді***»: (1) олардың сенімсіздігі сонша, олар әрдайым ант ету арқылы куәлік береді; (2) немесе бұл олардың куәлік пен антқа немқұрайлы қарайтынын көрсетеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Антты қорғау туралы бұйрық.

Екінші. Сауда кезінде ант беру тауарды өтімді еткенімен, оның берекесін жоятындығы.

Үшінші. Аллаһтың атымен ант етпей ештеңе сатып алмайтын және сатпайтын адамға қатысты қатаң ескерту.

Төртінші. Егер күнәні жасауға себеп болмаса, оның ауырлығы арта түсетініне нұсқау.

Бесінші. Адамдар сұрамаса да, қажетсіз ант ететіндерді айыптау. (Тек егер бұда қажеттілік немесе пайда болмаса).

Алтыншы. Пайғамбардың ﷺ алғашқы үш немесе төрт ұрпақты мақтауы және бұлардан кейінгі жағдайдың қандай болатынын хабарлауы.

Жетінші. Сұралмаса да куәлік ететіндерді айыптау. (Сондай-ақ аманатқа қиянат жасап, уәдесінде тұрмайтындарды айыптау. Олар тәнінің толықтығына көңіл бөлгенімен, жүрегінің иман мен біліммен толуына немқұрайлы қарайды).

Сегізінші. Салиқалы сәләфтардың балаларын куәлік немесе уәде үшін жазалағаны. (Бұл олардың ант пен куәлікті ұлықтағанын және балаларды дұрыс тәрбиелеуге мән бергенін көрсетеді. Балаларды жазалаудың рұқсат етілуінің шарттары:

1) Бала тәрбиелік мәнді түсінетін жаста болуы. Түсінбейтін баланы ұруға болмайды.
2) Тәрбие беру құқығы бар адамның жазалауы.
3) Шектен шықпау. Ұрудың санында, түрінде, әдісінде, орнында және басқа да нәрселерде шектен аспау.
4) Бала шынымен де жазалауға лайық іс жасауы қажет.
5) Жазалаудың мақсаты — өзіндік кек емес, тәрбие беру болуы керек, бұдан тыс жағдай — адамның өзін қорғауы).

63. Аллаһ Тағаланың және Оның Пайғамбарының ﷺ міндеттіліктері мәселесіндегі тарау.

Аллаһтың келісімін орындамау Оны төмендету болып табылады және бұл бірқұдайшылықты бұзады. Аллаһты ұлықтау адамдармен қарым-қатынаста міндетті түрде көрініс табуы керек, тіпті олар кәпір болса да, тіпті ең қиын жағдайларда да, бұл Аллаһ жолындағы жиһад болып табылады. Бұл — шариғатты үкім ретінде орнату және Аллаһ пен Оның Пайғамбары ﷺ берген міндеттемелерді ұлықтау.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Аллаһ Тағала былай деген: «**Қашан серттессеңдер, Аллаһқа берген серттеріңді орындаңдар. Анттарыңды, Аллаһты өздеріңе кепіл етіп бекіткеннен кейін, бұзбаңдар. Күдіксіз, Аллаһ не істегендеріңді біледі**» («ән-Нәхл» сүресі, 91-аят).

Бурайда (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: «Аллаһ Елшісі ﷺ әскердің қолбасшысын немесе жасақ басшысын тағайындаған кезде, оған Аллаһтан қорқуды әрі өзінің қол астындағы мұсылмандарға жақсы қарауды тапсыратын. Ол оған былай дейтін: «***Жорыққа Аллаһтың атымен шығыңдар, әрі Аллаһ үшін соғысыңдар. Жорыққа шығыңдар, бірақ олжа барлық адамдар арасында әділ бөлінбейінше оны иеленіп алмаңдар, қиянат жасамаңдар, өлілердің мәйіттерін қорламаңдар әрі балаларды өлтірмеңдер.***

Көпқұдайшылдардан болған қарсыластармен кездескенде, оларды үш нәрсеге шақыр, әрі егер олар сол нәрселердің біреуімен болса да келіссе, онда оларды тыныш қоя бер:

Ең алдымен оларды Исламға шақыр, әрі егер олар оны қабылдаса, оларды бейбітшілікпен қоя бер, ал сосын оларға мухажирлерге көшуді ұсынып көр, әрі олар осыны істесе, онда мухажирлер қолданатын барлық құқықтарға ие болатынын, әрі оларға да мухажирлерге жүктелген міндеттіліктер жүктелетінін хабарла. Егер олар көшуден бас тартса, онда олар шөл далада өмір сүретін қатардағы мұсылмандардың жағдайында болатынын, яғни оларға Аллаһ Тағаланың үкімі жүретінін хабарла. Ал олжадағы өз үле-

сін олар тек мұсылмандармен бірге жиһад жүргізетін жағдайда ғана алатын болады.

Ал егер олар (Ислам қабылдаудан) бас тартса, олардан жизия (жан басы немесе жер салығын) төлеулерін талап ет, әрі егер олар келіссе, оларды тыныш қоя бер.

Ал егер олар жизия төлеуден де бас тартса, онда Аллаһтан көмек сұрай отырып, оларға қарсы соғыс. Ал егер сен дұшпанды қамалда қоршауға алсаң, әрі олар (сенен) Аллаһтың атынан уәде және Оның Пайғамбары атынан уәде алғысы келсе, оларға Аллаһтың атынан уәде мен Оның Пайғамбары атынан уәде берме. Бірақ оларға өзіңнің атыңнан уәде және өз адамдарыңның атынан уәде бер. Өйткені егер сен және сенің адамдарың өз уәделеріңді орындамасаңдар, бұл Аллаһ пен Оның Пайғамбарының атынан берілген уәдені орындамау күнәсынан жеңілірек болады. Егер қамалда тұтқынға түскендер сенен өздеріне қатысты Аллаһтың үкіміне сай шара қолдануыңды өтінсе, оларға Аллаһтың үкіміне сәйкес шара қолдануға келіспе, алайда олардың үстінен өз үкіміңді орнат, өйткені сен олардың үстінен Аллаһтың үкімін орната алуың немесе орната алмауың белгісіз» (Муслим, 1731).

- «Әскер»: құрамында 400-ден көп сарбаз бар әскер.
- «Жасақ»: құрамында 400-ден аз сарбаз бар топ.
- «***Жорыққа Аллаһтың атымен шығыңдар***»: Аллаһтан жәрдем сұрау; (2) жорықты Аллаһтың атымен бастау.
- «***Аллаһтың жолында***»: бұл ниет пен амалға қатысты.
- «***Аллаһқа иман келтірмегендермен шайқасыңдар***»: адамдармен тайпалық өшпенділік, ұлтшылдық немесе жалған отаншылдық үшін соғыспаңдар. Олардың Тозақ отынан құтқарылуы үшін шайқасыңдар. Өйткені күпірлік екі негізге сүйенеді: жоққа шығару және менмендік.
- «***олжа барлық адамдар арасында әділ бөлінбейінше оны иеленіп алмаңдар***»: олжадан ешнәрсе жасырмаңдар, өйткені бұл — ауыр күнәлардың бірі.
- «***қиянат жасамаңдар***»: егер келісімшарт жасалса, оны бұзбаңдар. Бірақ егер келісім болмаса, шабуыл жасауға болады, өйткені соғыс — айла.
- «***өлілердің мәйіттерін қорламаңдар***»: дене мүшелерін кесіп, мәйіттерді қорламаңдар, өйткені бұл орынсыз өш алу. Бірақ олар біз-

дің адамдарымызға қатысты осылай істеген болса, ондабұл рұқсат етіледі.

- «***Балаларды өлтірмеңдер***»: біз (мұсылмандар) балаларды, әйелдерді, әлсіздерді, қарттарды, ғибадат етуші (монахтарды), ауруларды өлтірмейміз, тек егер олар бізбен соғысса немесе соғысқа көмектессе немесе әскери маңызы бар білімдерге ие болса ғана.
- «***Көпқұдайшылдардан болған қарсыластармен кездескенде***»: шайқасқа дайындалу. Жауың сені абыржытып, сенен алыстап, саған шабуыл жасайды.
- «***Әскери олжа***»: кәпірлердің мал-мүліктерінен олармен шайқасу немесе осымен байланысты нәрселер арқылы алынған нәрсе.
- ***Шайқассыз алынған әскери олжа (әл-фай):*** толығымен мұсылмандар қазынасына беріледі, бұл шайқаста алынған әскери олжаның бестен бір бөлігі, жер салығы (хараж), жизия секілді.
- «***олар тек мұсылмандармен бірге жиһад жүргізетін жағдайда ғана***»: егер олар исламды қабылдап, шайқастарға қатысатын болса, онда оларға әскери олжадан мұсылмандарға тиесілі үлес беріледі.
- «***Жизия***»: мұсылман еместер мұсылман елінде өмір сүргені және қорғалуы үшін төлейтін мүлік. Сондай-ақ бұда жизияны яһудилерден, христиандардан және отқа табынушылардан басқа адамдардан алуға да рұқсат етілетініне нұсқау бар.

Муғаһадтармен (бейбіт келісім жасалған кәпірлермен) қарым-қатынас

1) Егер олар келісімді сақтаса, біз де оны сақтауға міндеттіміз: «**Олар сендерге адал болса, сендер де оларға адал болыңдар**» («ət-Тәуба» сүресі, 7-аят).

2) Егер олар келісімді бұзса, олармен соғысуға рұқсат етіледі: «**Олар келісім жасасқаннан кейін анттарын бұзса...**» («ət-Тәуба» сүресі, 12-аят).

3) Егер олардың келісімді сақтайтынына күмәндансақ, онда ол алдын ала ескертіліп бұзылады: «**Егер олардың опасыздығынан қорықсаң, оларға келісімді бұзылғанын жарияла...**» («әл-Әнфал» сүресі, 58-аят).

Мұсылмандар жиһад кезінде кәпірлермен қалай қарым-қатынас жасайды	Кәпірлер мұсылмандармен соғысқанда қандай қарым-қатынас жасайды
Мұсылмандарға балаларды, әйелдерді, ғибадат етушілерді және науқастарды өлтіруге тыйым салынған.	Балаларды, әйелдерді, ғибадат етушілерді және науқастарды өлтіреді.
Олармен олардың пайдасы үшін соғысады (оларды От азабынан құтқару үшін).	Дүниелік мүдде үшін соғысады.
Келісімдерді сақтайды.	Келісімдерді жиі бұзады.
Егер кәпірлер келісімді бұзса, мұсылмандар бұл туралы оларға келісім мерзімі аяқталғанға дейін хабарлайды.	Егер мұсылмандар тарапынан әлдебір нәрселер орын алса, олар ешнәрсе хабарламай, келісімді бұзады.
Қиянат жасамайды.	Қиянат жасайды.
Мәйіттерді қорламайды, тек егер олардың өлілері қорланған болса ғана.	Мәйіттерді қорлайды, тіпті өздерінікі қорланбаған болса да.
Оларға ислам, жизия немесе соғыс арасында таңдау бермейінше олармен соғыспайды.	Олар негізінде ешқандай таңдау бермейді.

Үкім шығаруда әділ және әділетсіздікке жол бермейді.	Олардың заңдары әділетсіздікке негізделген.
Пайғамбардың ﷺ барлық шайқастарында қаза тапқандардың саны мың адамға да жетпеген.	
Ешбір бала, әйел немесе қарт өлтірілмеген.	

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһ және Оның Пайғамбары ﷺ берген міндеттемелер мен мұсылмандардың міндеттемелері арасындағы айырмашылық.

Екінші. Әрдайым ең аз қауіп төндіретін нұсқаны таңдауға бағыттау.

Үшінші. Пайғамбардың ﷺ: «**Аллаһтың атымен және Оның жолында жорыққа шығыңдар...**» деген сөздері. (Шайқас Аллаһтан көмек сұрап, Оған шынайы ықыласпен және шариғатқа сай жүргізілуі тиіс).

Төртінші. Пайғамбардың ﷺ: «**Аллаһқа иман келтрмегендермен соғысыңдар...**» деген сөздері. (Олармен соғысудың себебі — олардың күпірлігі).

Бесінші. Пайғамбардың ﷺ: «**...олармен соғысқанда Аллаһтан көмек сұра**», — деген сөздері. (Адам өз күшіне ғана сенбеуі керек).

Алтыншы. Аллаһтың үкімі мен мұсылман ғұламаларының үкімдері арасындағы айырмашылық.

Жетіншісі. Пайғамбардың ﷺ сахабасы қажет болған жағдайда үкім шығара алатын, бірақ оның Аллаһтың үкіміне сәйкес келетінін не келмейтінін білмеуі мүмкін: (Бұл тек сахабаларға ғана емес, олардан кейінгілерге де қатысты).

64. Аллаһтың атынан берілген ант жайлы тарау.

Аллаһтың атынан ант беру — бұл Оған қатысты әдепсіздік жасау, Оның дәрежесін төмендету, Ол туралы жаман ойлау, ал мұның барлығы бірқұдайшылықтың толықтығына қайшы келеді немесе тіпті оның негізіне қарама-қайшы болады. Ұлы Аллаһтың атынан ант ету — бұл Оны төмендету болып табылады.

Аллаһтың атына ант етудің түрлері

1) Рұқсат етілген түр: Аллаһтың және Оның Елшісінің ﷺ хабарлаған нәрсесінде Аллаһтың атынан ант ету, белгілі бір нәрсені жоққа шығару немесе растау — бұл ант берушінің сенімділігіне дәлел. (Мысалы: «Аллаһпен ант етемін, Аллаһ Өзінің Елшісін Қиямет күні жаратылыстардың алдында шапағатшы етеді», — деген сөздер)	**2) Рұқсат етілген түр:** Аллаһқа деген үміт, Ол туралы жақсы ойлар негізінде Раббысының атымен ант ету, алайда оның ізгі амалға қатысты болуы шарт. Мұның мысалы — Әнастың апайы Рабиға бинт Надрдың, оқиғасы.	**3) Тыйым салынған түр:** Егер адам өзімен өзі сүйісініп алдануы, Аллаһтың дәрежесін төмендетуі және Ол туралы жаман ойлауы себебінен Аллаһтың атынан ант етсе, оның бұл ісінде амалдарының зая кету қатері бар.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Жундуб ибн Абдуллаһ (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқанын баяндайтын: «Бір адам: «***Аллаһтың атымен ант етемін, Ол пәленшені кешірмейді!» — деді. Сонда Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ: «Кімнің Менің атымнан пәленшені кешірмейтінім туралы ант береді? Мен оны кешіріп қойдым, ал сенің барлық іс-амалдарыңды зая еттім***», — деді (Муслим, 2621).

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде: «Осыны айтқан

адам ыждағатты түрде құлшылық етуші болатын», — делінеді. Сосын Абу Хурайра: «Ол өзінің дүниелік тіршілігін және Ақырет өмірін опат еткен бар болғаны бір ғана сөз айтты», — деп қосты (Ахмад, 2/323; Абу Дауд, 4901; Ибн Хиббан, 5712).

- «***Ол пәленшені кешірмейді!***»: бұл сөздер Аллаһтың мейірімінен үміт үзуге, Аллаһтың құлдарын менсінбеуге және өз-өзімен сүйсінуге нұсқайды.
- «***Менің Атымнан пәленшені кешірмейтінім туралы ант береді***»: яғни Мені күнә жасаған құлдарын кешірмейді деп санап, дәрежемді және рахымымды кемсітеді.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһтың атынан ант етуден сақтандыру.

Екінші. Тозақтың әрбір адамға аяқ кимінің бауынан да жақын болуы.

Үшінші. Жәннат та адамға сол секілді арақашықтықта.

Төртінші. Бұл хадисте мына хадиспен ұқсастық бар: «**Ақиқатында, адам кейде бір сөз айтады, оған мән бермейді, бірақ сол үшін ол Тозаққа жетпіс жылға кіреді**».

Бесінші. Аллаһ адамды тіпті Өзі үшін ең жағымсыз нәрсенің себебімен де кешіруі мүмкін.

65. Аллаһтан Ол Өз құлдарының алдында шапағат етуін тілеуге болмайтыны туралы

Аллаһтан Оның жаратылыстарының алдында шапағат етуін сұрау — бұл Аллаһты ұлықтаудағы кемістік, өйткені бұндай іс арқылы Аллаһтың дәрежесі оның алдында шапағат етілетін адамнан төмен қойылады.

ДӘЛЕЛ

Жубайр ибн Мутғим (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндайтын: “Бірде Пайғамбарға ﷺ бір бәдәуи келді де: «Уа Аллаһтың елшісі! Жанымыз азып-тозды, адамдар аштық кешіп жатыр, мал-мүлкіміз құрыды. Раббыңнан біз үшін жаңбыр сұрашы. Біз Аллаһтан Ол сенің алдыңда (біз үшін) өтініш етуін сұраймыз, және сенен Аллаһтың алдында (біз үшін) өтініш етуіңді сұраймыз», — деді. Пайғамбар ﷺ: «***Субхан-Аллаһ! Субхан-Аллаһ!***» — деп дауыстап жіберді. Ол осы наразылықтың сахабаларының жүзінде шықпайынша мұны қайталауын жалғастыра берді. Сосын ол: «***Сағаң қасірет болсын! Сен өзің Аллаһтың кім екенін білемісің?! Аллаһтың ұлылығы Оның Өз жаратылыстарының кез-келгенінің алдында өтініш етуін сұраудан әлдеқайда жоғары***», — деді” (Абу Дауд, 4726).

- «Азып-тозды»: әлсіреді.
- «Мал-мүлкіміз құрыды»: жауын-шашынның аздығы мен егіннің шықпауы себепті.
- «Раббыңнан біз үшін жаңбыр сұрашы»: Аллаһтан бізге жаңбыр жаудыруын тіле. Егер біреудің дұғасы қабыл болатынына үміт болса, одан мұны сұрауға рұқсат етіледі, бірақ оның алдында қорланып сұрамау және оған мұқтаждық танытпау керек.
- «Біз Аллаһтан Ол сенің алдыңда (біз үшін) өтініш етуін сұраймыз»: яғни Аллаһты біз бен сенің араңа шапағатшы-дәнекер етіп қойып, сен Аллаһқа біз үшін дұға етіуіңді сұраймыз. Бұл Аллаһтың дәрежесі Оның Елшісінің ﷺ дәрежесінен төмендетілгенін білдіреді, ал бұл — тыйым салынған нәрсе.

- «***Субхан-Аллаһ! Субхан-Аллаһ!***»: бұл әлгі бәдәуидің сөздерінің қауіпті екеніне, бәдәуиді айыптауға және Ұлы әрі Құдіретті Аллаһты кемшіліктен пәктеуге нұсқайды.
- «***Саған Қасірет болсын!***» /уайхак/ — мен саған мейірім тілеймін, мен сені аяймын.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Пайғамбарымыздың ﷺ «Біз Аллаһтан Ол сенің алдыңда (біз үшін) өтініш етуін сұраймыз...» деген сөздерді айыптауы.

Екінші. Бұл сөздерден Пайғамбарымыздың ﷺ жүзі өзгергені сонша-лық, бұл тіпті оның сахабаларының да жүзін өзгертті.

Үшінші. «...сенен — Аллаһтың алдында шапағат етуіңді сұраймыз» деген сөздерге тыйым салынған жоқ.

Төртінші. «Субхан-Аллаһ!» сөзінің тәпсірі.

Бесінші. Мұсылмандар Аллаһтың Елшісінен ﷺ тірі кезінде ол жаңбыр сұрап дұға етуін өтінген. (Бұл жерде дұға етушінің Аллаһтың оған игілік нәсіп етуіне себеп болатын сипаттарға ие болуы керектігі көрсетілген).

66. Пайғамбардың ﷺ бірқұдайшылықтың қолсұғылмаушылығын қорғауы және көпқұдайшылыққа апаратын жолдарды (тіпті сөздерде) жабуы туралы тарау.

БІРІНШІ ЖӘНЕ ЕКІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Абдуллаһ ибн әш-Шиххир былай деп баяндаған: «Мен Аллаһ Елшісіне ﷺ бану Ғамир руының делегациясының құрамында келген болатынмын. Біз оған: «Уа біздің Иеміз (Сәйидуна)!», — дедік. Бұған Пайғамбар ﷺ: «***Ие (әс-Сайид) — бұл Игілікті Аллаһ Тағала***», — деді. Сонда біз: «Уа біздің арамыздағы ең мәртебеліміз және ұлығымыз!» — дедік. Пайғамбар ﷺ: «***Өз сөздеріңді айтыңдар, бірақ сендерді шайтан арбап-айналдырып алмас үшін, айтқан сөздеріңде абай болыңдар***», — деді" (Ахмад, 4/24-25; Абу Дауд, 4806).

Әнәс былай деп баяндаған: «Кейбір адамдар: «Уа Аллаһтың елшісі! Біздің арамыздағы ең жақсымыз әрі біздің арамыздағы ең жақсының ұлы! Біздің мырзамыз әрі біздің мырзамыздың ұлы!» — деді. Пайғамбар ﷺ оларға: «***Уа адамдар! Өз сөздеріңді айтыңдар, бірақ шайтанның арбауынан сақтаныңдар! Мен — Мухаммад, Аллаһтың құлы әрі Оның Елшісімін. Маған сендердің мені Құдіретті Аллаһ Тағаланың маған берген орнынан жоғары көтермелейтіндерің ұнамайды***», — деді» (Ахмад, 3/153, 241; ән-Нәсаи «Ғәма-л-яуми уә ләйлә», 248, 249).

- «***Ие (әс-Сайид) — бұл Игілікті Аллаһ Тағала***»: әс-Сайид — Аллаһтың көркем есімдерінің бірі және «әс-Сомад» мағынасын білдіреді. Пайғамбарымыз ﷺ адамдарды шайтанның арбауынан сақтандырды, өйткені бұл сөздер Оның ﷺ тек Аллаһқа тән үстемдікті иеленуіне әкеп соғуы мүмкін еді.
- «***шайтан арбап-айналдырып алмас үшін***»: сендерді адастырып, сөгіске лайық сөздерді айтқызбасын. Содан кейін Пайғамбарымыз ﷺ ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіндіріп, бірқұдайшылықтың (таухидтың) шекараларын кемшіліктерден және оны жарамсыз ететін нәрселерден қорғады.

- «Ең жақсымыз»: бұл туыстық және дәрежеге байланысты айтылған;
- «***ең жақсының ұлы***»: бұл жерде дәреже емес, тек туыстық меңзелген.
- «***арбап-айналдырып алмас үшін***»: шайтан сендерді шектен шығушылыққа түскенше теріс жолға түсіріп, өз жолына ертпесін.

ОНЫНШЫ БӨЛІМ
Қорытынды (бір тарау)

Шейх бұл кітапты осы тараумен аяқтағанының себептері келесідей, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі:

1) Біз Жаратушыны ұлықтамайтын көпқұдайшыларға ұқсамауымыз үшін.

2) Өз істерімізбен сүйсініп, алданып қалмауымыз үшін, өйткені адамның амалдарында міндетті түрде кемшіліктер болады, сондықтан пенде өзін төмен ұстап, Аллаһтың алдында кішіпейілдік танытуы керек.

3) Бұл мәселеде имам әл-Бухариге (Аллаһ оны рахымына алсын) ілесу үшін. Ол өзінің «Сахих» жинағын «[Екі сөз] Мизан Таразысында ауыр…» деген хадисімен аяқтаған, әр бұл Аллаһтан осы кітап арқылы оның Таразыға (салынатын игі амалдарын) ауыр етуді тілеу әрі өз қателіктері үшін кешірім сұрау болып табылады.

67. Аллаһ Тағаланың «Олар Аллаһты шынайы қадірлей алмады. Негізінде, Қиямет Күні бүкіл жер Оның уысында ғана болады, ал көктер Оның оң Қолымен бүктеледі. Ол олардың қосқан ортақтарынан Пәк әрі Жоғары» деген сөздері туралы тарау.

«Олар» деген есімдік көпқұдайшыларды меңзейді: олар Аллаһты Оның Ұлылығына сай ұлықтамады. Олар Оған серіктер қосты, ал Ол барлық кемшіліктер мен ақаулардан пәк, сондай серіктері болудан да пәк. Егер олар Оны лайықты түрде ұлықтағанда, онда басқаға құлшылық етіп, мойынсұнбас еді.

ЕКІНШІ ДӘЛЕЛ

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын) былай деп баяндаған: “Бірде Аллаһ Елшісіне ﷺ бір яһуди ғалымы келді де: «Уа Мухаммад! Біз Аллаһтың Қиямет Күні көктерді бір саусағында, жерді — басқасында, ағаш-талдарды — үшіншісінде, суды — төртіншісіне, байлықты — бесіншісінде сыйдырады деп, ал Өзінің басқа бүкіл жаратылыстарын — алтыншысына сыйдырады деп, әрі «Мен — Патшамын», — деп айтады деп оқимыз», — деді. Пайғамбар ﷺ ғалымның сөздерімен келісе, күліп жіберді де, сосын: «**Олар Аллаһты шынайы қадірлей алмады. Негізінде, Қиямет Күні бүкіл Жер Оның уысында ғана болады, ал көктер Оның оң Қолымен бүктеледі. Ол олардың қосқан ортақтарынан Пәк әрі жоғары**», — деген аятты оқып берді” (әл-Бухари, 4811; Муслим 2786).

Муслимнің келтіретін нұсқасында былай делінеді: “...Ал таулар мен ағаштарды — саусағында (сыйдырады), сосын олармен шайқап жібереді де: «Мен — Патшамын. Мен — Аллаһпын», — дейді” (Муслим, 2786).

Әл-Бухари келтіретін нұсқада былай делінеді: «...Көктерді бір саусағына, су мен жерді — басқасына, ал Өзінің басқа бүкіл жаратылыстарын — үшіншісіне сыйдырады...» (әл-Бухари, 4811, 7513).

- «Ғалымдар» (хибр): кең әрі терең білімі бар ғалым. Мұндай адам туралы «бахр» («теңіз») деп те айтады.
- «...деп оқимыз »: яғни біз Таураттан оқимыз.
- Бұл хадисте Аллаһтың сипаттарының бірі — Саусақтары туралы айтылған. Оның Саусақтары (өзінің болмысы бойынша) шынайы сипат болып табылады, және олар Аллаһқа лайық кейіпте болады. Сол секілді, Аллаһтың Қолы да — Аллаһқа лайық кейіпте ақиқат болып табылады.

ҮШІНШІДЕН БЕСІНШІГЕ ДЕЙІНГІ ДӘЛЕЛДЕР

Муслим Пайғамбардың ﷺ Ибн Умардан жеткен (мына) сөздерін келтіреді: “***Қиямет Күні Аллаһ көктерді бүктейді де, Өзінің оң Қолына алады, ал сосын: «Мен — Патшамын. Барлық тәкаппар әрі менменсінгендер қайда енді?!», — дейді. Сосын Ол бүкіл жеті қат жерді бүктейді де, оларды сол Қолына алады, әрі: «Мен — Патшамын. Барлық тәкаппар әрі менменсінгендер қайда енді?!***» — дейді” (Муслим, 2788).

Ибн Аббас (Аллаһ оған разы болсын) былай деді: «Жеті қабат көк пен жеті қат жер Аса Мейірімдінің (ар-Рахманның) Алақанында сендердің біріңнің қолындағы қыша дәні секілді болады» (Қз.: «Тафсир Ибн Жәрир», 24/25).

Ибн Жәрир (Аллаһ оны Өз рахымына бөлесін) былай деді: “Юнус маған Ибн Уаһбтан, ол Ибн Зәйдтен, ол өзінің әкесінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай деп айтқан хадисін баяндап берді: «***Жеті қабат көк Күрсимен салыстырғанда үлкен шеңбер қалқанға тасталған жеті дирхам тәрізді***»” (Қз.: «Тафсир Ибн Жәрир», 3/10; Абу әш-Шейх «әл-Ғазомада», 220).

Ол сондай-ақ Абу Заррдың былай деп айтқан хадисін де жеткізді: “Мен Аллаһ Елшісінің: «***Күрси Аршымен салыстырғанда шексіз шөл далаға тасталған темір сақина секілді***», — деп айтқанын естідім” (Қз.: «Тафсир Ибн Жәрир», 3/10; Абу әш-Шейх «әл-Ғазомада», 2/587).

- «***Мен — Патшамын***»: Шынайы патшалық та, толық билік те Маған ғана тиесілі, және Менің билігімде Маған ешкім тең келе алмайды.
- «***Барлық тәкаппар әрі менменсінгендер қайда енді?!***»: Бұл сұрақ олардың әлсіздігін көрсету үшін қойылуда, яғни: «Бұл дүниеде билікке ие болып, менменсіген патшалар қайда? Олар қазір мардымсыз шаң-тозаңдай ғана.
- «***Сол Қолына***»: Бұл қосымша (шазз) мәлімет. Егер оның сенімділігін мойындайтын болсақ, онда ол басқа Қолын білдіреді. Бұл жерде жаратылыстардың сол қолындай кемшілік жоқ, өйткені басқа хадисте айтылғандай: «Оның (Аллаһтың) екі Қолы да — оң».
- «қыша дәні секілді»: өте кішкентай өсімдік дәні. Бұл Аллаһтың Ұлылығы мен Шексіздігін көрсетеді.
- «***Күрси***»: Ол — Ұлы Аллаһтың Табандарының орны.
- «***Қалқан***»: бұл соғыс кезінде қылыш, найза секілді қарулардан қорғану үшін пайдаланылатын теріден немесе ағаштан жасалған құрал.
- «***Аршы***»: Бұл — Аллаһтың ұлы жаратылысы. Ол оның үстіне көтерілді, және оның шынайы сипатын Аллаһтан басқа ешкім білмейді.

- Бұл хадис Аллаһтың Ұлылығын және Оның барлық нәрсені толық қамтып тұрғанын көрсетеді.

АЛТЫНШЫ ЖӘНЕ ЖЕТІНШІ ДӘЛЕЛДЕР

Ибн Масғуд (Аллаһ оған разы болсын): «Бірінші және одан кейінгі көктің арасы — бес жүз жыл. Әрі қарай бір көктен басқасына дейінгі қашықтық — бес жүз жыл, ал Күрси мен Судың арасы да сол сияқты бес жүз жыл. Аршы болса судың үстінде, ал Аллаһ — Аршының үстінде, әрі сендердің амалдарыңан еш нәрсе Одан жасырын емес».

Әл-Аббас ибн Абд әл-Муттолиб былай деп баяндайтын: “Бірде Аллаһ Елшісі ﷺ бізге: «***Сендерге жер мен көктің арасындағы қашықтық қандай екені белгілі ме?***» — деді. Біз: «Бұл Аллаһ пен Оның Елшісіне мәлім», — дедік. Пайғамбар ﷺ: ***«Олардың арасындағы қашықтық бес жүз жыл, ал әрбір көктен келесі көкке дейін — сондай-ақ бес жүз жыл. Ал әрбір көк болса тағы да бес жүз жыл қарама-қашықтыққа жайылады. Жетінші көк пен Аршының арасында теңіз бар, (оның) түбінен бетіне дейінгі қашықтық тура жер мен көктің арасындай. Аллаһ Тағала болса осылардың барлығының үстінде, әрі Одан Адам балаларының амалдарынан еш нәрсе жасырын емес***», — деді” (Абу Дауд 4723, Тирмизи 3317, Ибн Мәжаһ 193, Ахмад «Муснадта» 207, 206/1).

- «Аллаһ — Аршының үстінде»: бұл — Ұлы Аллаһтың өз болмысымен және сипаттарымен жоғары екеніне анық дәлел.
- «сендердің амалдарыңан еш нәрсе Одан жасырын емес»: жүректер мен дене мүшелерінің амалдары, көзге көрінетін және құлақ естітін нәрселер — Оның ілімі бұл нәрселердің барлығын қамтитындығы мен оның білімінің шексіздігін білдіреді. Аллаһтың ілімі туралы Оның жоғары екені жайлы айтылудан кейін аталуы — Оның жоғары болуы біздің амалдарымызды білуіне кедергі емес екенін түсіндіру үшін. Бұл — Оның болмысы тұрғысынан жоғары екенін білдіретін анық нұсқау. Ол — кемшілік атаулыдан Пәк және аса Жоғары!
- «***...белгілі ме?***»: бұл сұрақ: (1) айтылатын нәрсеге назар аударту үшін; (2) тыңдаушылардың көңілін келесі сөздерге аудару үшін қойылған.
- «Бұл Аллаһ пен Оның Елшісіне мәлім»: бұл сөз (1) Пайғамбар ﷺ ті-

рі кезінде (2) оның шариғат мәселелерін білетіндігіне байланысты қолданылған.

- Бұл хадисте Аллаһты ұлықтау және бұған қайшы келуден сақтандыру бар, өйткені Ол — біздің үстімізде, бізден жоғары әрі бізді толық қамтыған.

ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

Бірінші. Аллаһ Тағаланың: «**...Ал қиямет күні бүкіл жер Оның уысында болады да, ал көктер Оның оң қолымен бүктеледі...**» деген сөздерінің тәпсірі («әз-Зүмар» сүресі, 67-аят).

Екінші. Осы және осыған ұқсас ілімдер Пайғамбар ﷺ заманында өмір сүріп, бұл мәселеде бұрмалап түсіндіру (таъуиль) жасамаған яһудилерде сақталған еді.

Үшінші. Пайғамбар ﷺ бұл ғалымның айтқандарының шынайылығын растады, әрі Аллаһ та бұл ақиқатты аят түсіру арқылы бекітті.

Төртінші. Пайғамбар ﷺ ғалым айтқан ұлы ілімді естіген кезде күлді.

Бесінші. Аллаһтың екі Қолы бар екені және барлық көктер Оның оң Қолында, ал барлық жерлер екінші Қолында екендігі анық айтылған (Аллаһтың екі Қолы бар екені Құранмен, Сүннетпен, салиқалы сәләфтардың бірауызды келісімімен бекітілген).

Алтыншы. Екінші қолдың сол қол екендігі туралы айтылған. (Бірақ бұл қайтарылған («шәзз») риуаят).

Жетінші. Содан кейін тәкәппарлар мен менменсінетін адамдар туралы айтылғандығы.

Сегізінші. Ибн Аббастың: «...сендердің біреулеріңнің қолындағы қыша дәніндей» деген сөздері.

Тоғызыншы. Әл-Курсидің көктермен салыстырғандағы ұлылығы. (Жеті аспан Күрсимен салыстырғанда, қалқанға тасталған жеті дирхамдай).

Оныншы. Әл-Арштың әл-Курсимен салыстырғандағы ұлылығы. (Ол шөлге тасталған жүзікке ұқсас).

Он бірінші. Әл-Арш әл-Курсиден өзгеше.

Он екінші. Әр аспан мен келесі аспан арасындағы қашықтық (— бес жүз жылдық жол).

Он үшінші. Жетінші аспан мен әл-Курси арасындағы қашықтық (— бес жүз жыл).

Он төртінші. Аршы мен Су арасындағы қашықтық — бес жүз жыл).

Он бесінші. Аршы Судың үстінде орналасқан.

Он алтыншы. Аллаһ Аршының үстінде.

Он жетінші. Жер мен аспан арасындағы қашықтық (— бес жүз жыл).

Он сегізінші. Әр аспанның кеңдігі — бес жүз жылдық жол.

Он тоғызыншы. Көктердің үстіндегі теңіздің тереңдігі — бес жүз жылдық жол.

(Бұл тараудағы келтірген хадистерден алынатын пайдалар:

1) Аллаһқа қайшы келуден сақтандыру.
2) Аллаһқа Адам ұрпақтарының ешбір амалы жасырын емес.

Аллаһ бәрін жақсы біледі.

Барлық мақтау-мадақ әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән. Аллаһтың Елшісі Мухаммадқа ﷺ Оның игілігі мен сәлемі болсын. Мен өзім және сендер үшін Аллаһтан амалдарымызды таухидпен аяқтауын тілеймін. Әмин.

Тоғызыншы тарау мен қорытындыға қатысты тексеріс сұрақтар (16 тарау)

Бірінші тапсырма: дұрыс жауаптың жанына белгі қой немесе бос орынды толықтыр:

1) «Аллаһқа сәлем болсын» (әс-Сәләму ғалә-Ллаһ) сөзінің үкімі:

☐ макрух (ұнамсыз амал)

☐ харам (тыйым салынған амал)

☐ мубах (рұқсат етілген амал)

2) Әс-Сәләм — Аллаһтың есімі (☐ ол растайды ☐ жоққа шығарады ☐ екі жауап та дұрыс). Аллаһ — Аса Ұлы, Құдіретті (☐ Ол үшін дұға етіледі ☐ Оған дұға етіп, одан тіленеді).

3) Есендік сипатпен сипатталған нәрсеге ғана сәлеттік («әс-сәләм») тілеуге болады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

4) «Уа Аллаһ! Қаласаң мені кешір» деген сөздердің үкімі:

☐ макрух ☐ харам ☐ мубах

5) Дұғада «егер қаласаң» деп айту рұқсат етілген:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

Бұл — шарт қою болып табылады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

6) Адам дұға жасағанда күмәнденуі керек:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

7) Құл Аллаһтан бір нәрсе сұрағанда қалағанының бәрін сұрауы керек, өйткені Аллаһ үшін қиын немесе мүмкін емес нәрсе жоқ:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

8) «Уа Аллаһ! Мен Сенен Жәннат қақпасының күзетшісі болуды сұраймын» деген дұға:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

9) «Уа Аллаһ! Мен тағдырды өзгертуді сұрамаймын, бірақ оның ішінде қайырлысын сұраймын» деген дұғаның үкімі:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

10) Аллаһтан нені сұрау қажет?

☐ Жәннатты

☐ Фирдаусты, яғни Жәннаттың ең жоғары дәрежесін.

11) Истихара дұғасында шарт қою бар:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

12) «Пәленшенің құлы», «пәленшенің күңі» деген сөздердің үкімі:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

13) Құл иесінің «Ей менің құлым! Маған мынаны әкел» деген сөздерінің үкімі:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген

14) «менің жасөпірімім» немесе «менің қызым» деген сөздерді қолдану бірқұдайшылыққа қайшы болғандықтан харам:

☐ дұрыс ☐ дұрыс емес.

15) Қажеттілік немесе мәжбүрлік жағдайынан басқа кезде сұрау — не харам, не құпталмайтын амал:

☐ дұрыс ☐ дұрыс емес.

16) Егер біреу сенен Аллаһтың атымен арақ сатып алу үшін ақша сұраса, оны беру керек:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

17) Аллаһтың атымен бір нәрсе сұраған адамға жауап беру:

☐ мұстахаб амал

☐ парыз (міндетті) амал

18) «**Егер біреу сендерді шақырса, жауап беріңдер**» деген хадистегі шақырудың мәні:

☐ құрмет көрсету мақсатында шақыру

☐ келуге шақыру өтініші.

19) Шақыруға жауап беру:

☐ кез келген жағдайда міндетті;

☐ міндетті, бірақ үйлену тойындағы дастарханнан басқасында — мустахаб.

20) Егер біреу өзіне міндет болған нәрсені орындаудан қашып пана сұраса, оған пана беру:

☐ керек ☐ керек емес

21) «**Оған шынайы алғыс білдірдім деп есептегеніңе дейін оған дұға жаса**»:

☐ бір рет дұға жаса

☐ дұғада шектелме

22) «**Аллаһтың Жүзі арқылы Жәннаттан басқа ештеңе сұралмайды**», яғни:

☐ жаратылыстардың ешбірінен Аллаһтың Жүзі арқылы сұрама

☐ Аллаһтың Жүзі арқылы Жәннаттан басқа ештеңе сұрама

☐ екі жауап та дұрыс.

23) «Аллаһтың Жүзі» сипаты немен бекітілген:

☐ Құранмен ☐ Сүннетпен ☐ ижмағпен (бір ауыздан келісілген пікірмен) ☐ барлық жауап дұрыс

24) «Уа Аллаһ! Мен Сенің Қасиетті Жүзіңмен Құранды жаттауда маған дұрыс бағыт беруіңді сұраймын» деген сөздер:

☐ тыйым салынған ☐ рұқсат етілген.

Ал «Уа Аллаһ! Мен Тозақтан Сенің Жүзіңе сыйынамын» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

25) «Уа Аллаһ! Расында, мен Сенің Жүзіңмен маған көркем жиһаз нәсіп етуіңді сұраймын» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

26) «Егер сен мені тыңдап, жолға шықпағанында, бұл оқиға сенің басыңа түспес еді» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

27) «Егер мен жолға шықпағанымда, пайдамнан айырылмас едім» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

28) «Егер Аллаһ қалағанда, мен өтірік айтпас едім» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

29) «Егер менде пәленшедей дүние-мүлкім болғанда, мен садақа берер едім» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

30) «Егер сен дәріске қатысқанда, пайда алар едің» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ тыйым салынған.

31) Ақылды адамға пайда әкелмейтін нәрседе табандылық таныту:

☐ лайық ☐ лайық емес

32) Адамға өзінің күші жетпейтін нәрсені тағдырға жорытуға:

☐ болады ☐ болмайды

33) Тағдырмен не нәрседе ақталуға болады?

☐ кемшіліктерде емес, күнәда

☐ керісінше, күнәда емес, кемшіліктерде

34) Желді сөгу (☐ тыйым салынған ☐ құпталмайтын амал), ал «Жаңбырлы жел жақындап келеді» деген сөздер:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген.

35) Егер адамға нығметтер берілсе, оның: «Раббым мені жақсы көреді» деп айтуы:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген.

36) Бай, бұзық адамды көрген кезде: «Бұл адам мұндай байлыққа лайық емес» деген сөздерді айту:

☐ рұқсат етілген ☐ рұқсат етілмеген.

37) Егер адам парыздарды орындауда салғырттық танытып, харам нәрселерді істеп, сонымен бірге Аллаһ туралы жақсы ойда болса, бұл Аллаһ Тағала жайлы:

☐ жаман ☐ жақсы ойда болу.

38) Кейбір адамдар шариғат бекіткен дұға жасау әдебімен Аллаһқа дұға етсе, Аллаһ оның дұғасына жауап бермейді деп ойлайды. Бұл Аллаһ жайлы:

☐ жаман ☐ жақсы ойда болу

39) «Аллаһ бойсұнушыларды азаптап, күнәһарларды сыйлайды» деген сөздер, Аллаһ жайлы:

☐ жаман ☐ жақсы ойда болу

40) «Мен бұл ризыққа пәленшеден артық лайықпын» деген сөздер, Аллаһ жайлы:

☐ жаман ☐ жақсы ойлау.

41) Ауру адамға: «Бейшара», «Сен бұған лайық емессің», «Егер бұл менің қолымда болғанда, сені бұл нәрсе айналып өтетін еді» деген сөздер, Аллаһ жайлы:

☐ жаман ☐ жақсы ойлау.

42) «Егер бұл менің қолымда болғанда, мен пәленшені мүфти етер едім» деген сөздер — бұл Аллаһ жайлы (☐ жаман ☐ жақсы) ойлар.

43) «Қауіпсіз жол» деген сөздер — Аллаһ туралы жаман ойлар:

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

44) «Біз ауырмауымыз және ризық-несібеміз кеңеюі керек» деген сөздер — бұл Аллаһ туралы (☐ жаман ☐ жақсы) ойлар.

45) Адам өзіне қатысты (☐ жаман ☐ жақсы) ойда болуы керек.

46) Өзіне қатысты жаман ойда болу — өзіңмен алданып кетпеу үшін қажет: ☐ дұрыс ☐ дұрыс емес.

47) Нәпсіге ашкөздік пен әділетсіздіктің барлық жамандығы тән:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

48) Тағдырдың дәрежелері (сатысы):

☐ төрт ☐ бес ☐ үш.

49) Тағдырға сенбейтін адамның жағдайы:

☐ ол діннен шығады ☐ діннен шықпайды.

50) «Менің жүрегімде тағдырға қатысты бір нәрсе бар», яғни:

☐ күмән ☐ жоққа шығару және имансыздық.

51) «Менің жүрегімде тағдырға қатысты бір нәрсе бар», яғни: ....

Осы себепті ол кәпір бола ма? .....

52) Қалам –

☐ жалпы алғанда ең алғашқы жаратылыс

☐ біз көріп тұрған нәрселердің ішіндегі алғашқы жаратылыс.

53) Салиқалы сәләфтар күмәндардан құтылу үшін сұрақтарын кімге қойды?

☐ білім иелеріне ☐ құлшылық етушілерге.

54) Бір ғалымнан көбірек адамдардан сұрау рұқсат етіледі, себебі:

☐ нық сенімде болу үшін ☐ жеңілдіктерді ұстану үшін ☐ екі жауап та дұрыс

55) Күмәндар, егер іс кімге тапсырылса, толықтай жойылады?

☐ Аллаһқа және Оның Елшісіне ☐ ғалымдарға.

56) Күмәндарды тыңдаудан сақтану міндетті, өйткені кейде олар жүрекке ұялап кетуі мүмкін:

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

57) Көпшілік адамдар күмәнді нәрселерді тыңдау және тарату арқылы Пайғамбардың ﷺ әміріне қарсы шығады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

58) Тәурат пен Інжілді оқуға, әрі басқа нәрселерді оқуға рұқсат етілмейді:

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

59) «Бейне салушылар туралы» бөлімін келтіру — кітаптың кейбір көшірмелеріндегі қате, өйткені бұл бөлім бірқұдайшылыққа емес, фиқһқа қатысты:

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

60) Бейне салушыларға берілетін жаза саны:

☐ 3 ☐ 4 ☐ 5 бөлік.

61) Бейне салушы Аллаһтың жаратылысындағы жаратуына ұқсайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс.

62) Бейне салу үлкен күнә болып табылады, себебі:

☐ бұл кәпірлерге ұқсау

☐ ысырап ету

☐ Аллаһтың жаратуына еліктеу

63) Ағаштар, теңіздер, таулар және өзендердің суретін салу:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді.

64) Бейнелерді жою тәсілдері:

☐ басқа түспен бояп, бейнені толықтай жабу ☐ мүсіннің басын кесіп тастау ☐ гравюрадағы бетті өшіру ☐ жағдайға байланысты барлық аталған әдістер.

65) Биік қабір — бұл онда:

☐ жерленген адамның есімі

☐ құрылыс

☐ бояулар

☐ басқа қабірлерден таспен және топырақпен ерекшеленуі бар қабір

☐ барлық жауап дұрыс

66) Қабірлерді тегістеу келесі жолмен жүзеге асырылады:

☐ Сүннетке сәйкес түзету

☐ айналасындағылармен теңестіру

☐ жоғарыда айтылғанның бәрі дұрыс.

67) Бейнеленгенді ұлықтау мақсатында суреттерді сатып алу:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді.

68) Көп ант ететін адам:

☐ Аллаһты ұлықтайды ☐ Аллаһты ұлықтамайды.

69) Әрбір анттың басы, ортасы және соңы бар:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

70) Адам арыла алмайтын семіздік:

☐ айыпталады ☐ айыпталмайды.

71) Күнәлардың көбеюі — дінге шақырушылардың аздығынан:

☐ дұрыс ☐ дұрыс емес.

72) Егер ант беруде қажеттілік немесе пайда болса, онда ол:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді.

73) Балаларды ұруға рұқсат етіледі:

☐ бұған толықтай рұқсат етілген

☐ белгілі шарттармен рұқсат етілген.

74) Аллаһтың құлдарына жүктеген міндеті:

☐ Оған серік қоспастан құлшылық етуі

☐ Оған серік қоспағандарды жазаламауы.

75) Әскер (الجيش) — бұл (☐ 400 ☐ 1000) жауынгерден көп, ал жасақ (السرية) — керісінше.

76) «Аллаһ жолында»:

☐ бұл тек ниетті қамтиды

☐ бұл тек амалды қамтиды

☐ ниет пен амалды қамтиды.

77) Біз кәпірлермен олардың өз пайдалары үшін соғысамыз — бұл оларды Тозақ отынан құтқару үшін жасалады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

78) الغلول — бұл тек қана олжа ұрлау:

☐ дұрыс

☐ дұрыс емес, ал оның үкімі:

☐ рұқсат етілген

☐ тыйым салынған

☐ үлкен күнәлардың қатарынан.

79) Кәпірлерден әйелдерді, балаларды, құлшылық етушілерді және монахтарды өлтіруге болмайды:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

80) Мәйіттердің денелерін қорлау, олжадан ұрлау, опасыздық жасау және балаларды өлтіру:

☐ рұқсат етіледі ☐ рұқсат етілмейді.

81) Жизия келесі адамдардан алынады:

☐ яһудилерден, христиандардан және отқа табынушылардан

☐ барлық кәпірлерден.

82) «Аллаһ сенің тәубеңді қабыл етпейді» деген сөздің үкімі:

☐ рұқсат етіледі

☐ үлкен күнәлардың қатарына жатады.

83) «Аллаһпен ант етемін, Аллаһ өзіне серік қосқанды кешірмейді» деген сөздің үкімі:

☐ рұқсат етіледі

☐ үлкен күнәлардың қатарына жатады.

84) Адамдарға қатысты үкім шығаруда тілдің қателігінен сақтандыру:

☐ рұқсат етіледі

☐ міндетті болып табылады.

85) «Аллаһ пәленше тірі адамды кешірмейді» деген сөздің тыйым салынуы:

☐ тек күнәһар мұсылмандарға қатысты

☐ мұсылмандар мен кәпірлердің барлығын қамтиды.

86) «Біз шапағат сұраймыз» деген сөздерді айтуға болмайды (☐ сен Аллаһтың алдында біз үшін шапағат етуіңді ☐ Аллаһ сенің алдында біз үшін шапағат етуін).

87) «Біз Аллаһтан Ол сенің алдыңда біз үшін шапағат етуін сұраймыз», яғни —.....

88) «Пайғамбардың ﷺ таухид шекарасын қорғауы туралы» тарауы:

☐ жеке тарау

☐ қайталанған, және онда оның ﷺ бірқұдайшылықты қалай қорғағаны баяндалады (☐ сөздерінде ☐ істерінде).

89) Ас-Сайид:

☐ Аллаһтың есімдерінен

☐ Оның есімдерінен емес.

90) Ас-Сайид сөзі «Ас-Самад» мағынасында қолданылады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

91) Жеке иелік ету жалпы иелік етуден өзгеше рұқсат етіледі:

☐ дұрыс ☐ дұрыс емес.

92) Пайғамбардың ﷺ ең жақсы және толық сипаттамасы:

☐ Аллаһтың құлы және Оның Елшісі

☐ Мухаммад ибн Абдуллаһ.

93) Яһудилер Аллаһтың сипаттарын жоққа шығарғандардан немесе бұрмалағандардан бұл (есім сипаттарға қатысты) мәселеде артық және Аллаһты жақсырақ біледі:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

94) Әл-Арш — бұл: .....

Әл-Курси — бұл: .....

95) «Таухид кітабының» қорытындысында автор (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Аллаһтан, Ол аспандарды, Аршыны және Курсиді ауыр еткеніндей, кітапты да оның амал таразысында ауырлатуын сұрады:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

96) Ол, сондай-ақ, кәпірлердің Аллаһты тиісінше бағаламағанын айтып, «оларға ұқсама, керісінше, Аллаһты таухид арқылы ұлықта» деп ескертті:

☐ дұрыс ☐ бұрыс

97) Сәләфтардың көбісі дұрыс ақиданы мына атаулармен атаған:

☐ Сүннет

☐ Шариғат

☐ Таухид

☐ Әл-Фиқһ әл-Акбар

☐ Жауаптардың барлығы дұрыс.

КІТАПТЫҢ МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ. Кіріспе (5 тарау) 16

1. Бірқұдайшылықтың міндеттілігі жайлы тарау..... 18

2. Бірқұдайшылықтың артықшылығы және ол күнәларды өтейтіні туралы тарау 28

3. Таухидты лайықты түрде ұстанған адам Жәннатқа есепхисапсыз кіретіндігі жайлы тарау 35

4. Көпқұдайшылықтан қорқу қажет екендігі жайлы тарау ..41

5. «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ» куәлігіне шақыру жайлы тарау..... 48

ЕКІНШІ БӨЛІМ. Бірқұдайшылықтың түсіндірмесі (9 тарау)..... 70

6. Бірқұдайшылықты (таухидті) және Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ куәлігін түсіндіру жайлы тарау..... 70

7. Бәле-жаладан құтылу немесе оның алдын алу үшін жүзік, бау және соған ұқсас нәрселерді тағудың көпқұдайшылықтың (ширктің) көрінісі екендігі туралы тарау. 75

8. Руқия (дем салу) мен тұмарлар жайлы не айтылғандығы туралы тарау 81

9. Талдардан, тастардан және соған ұқсас нәрселерден береке тілейтін адамдар туралы тарау..... 86

10. Аллаһтан басқа біреу немесе бір нәрсе үшін құрбан шалу жайлы тарау. 90

11. Аллаһтан басқа үшін құрбан шалатын жерде Аллаһқа құрбан шалуға болмайтындығы туралы тарау. 94

12. Аллаһтан басқаға нәзір беру — көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі жайлы тарау99

13. Аллаһтан басқа біреуден қорғау (пана) тілеу көпқұдайшылықтың көрінісі екендігі туралы тарау.....101

14. Аллаһтан басқадан құтқаруды тілеу немесе Аллаһтан басқаға дұғамен жалбарыну ширктің көрінісі екендігі жайлы тарау..... 104

Екінші бөлімге байланысты тексеріс сұрақтар (9 тарау)..... 108

ҮШІНШІ БӨЛІМ. Аллаһтан басқа кімге болсын құлшылық етудің негізсіздігі (4 тарау).....117

15. Аллаһ Тағаланың «Олар ешнәрсе жаратпайтын әрі өздері де жаратылған болып табылатын біреулерді Аллаһқа серік етіп қосады ма? (Аллаһқа қосқан серіктері) оларға көмектесе алмайды, әрі тіпті өздеріне де көмектесе ете алмайды» деген сөздері туралы тарау. 117

16. Аллаһ Тағаланың «Ақыр жүректерінен шошыну кеткен кезде, олар (періштелер) өзара: «Раббыларың не айтты?» — десе: «Хақты айтты. Ол Аллаһ — аса Жоғары, тым Үлкен», — деседі», — деген сөздері туралы тарау.....121

17. Шапағат туралы тарау ... 127

18. Аллаһ Тағаланың «(Мухаммад,) расында, сен жақсы көргеніңді тура жолға сала алмайсың» деген сөздері туралы тарау. 132

Үшінші бөлімге қатысты тексеріс сұрақтар (4 тарау) . 136

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ. Адам баласының күпірлігінің себебі (4 тарау) 141

19. Адамдардың күпірлігі мен олардың діннен шығуының себебі ізгі-салиқалы адамдарды шектен тыс ұлықтау екендігі туралы тарау.....141

20. Ізгі адамдардың өздеріне құлшылық ету ғана емес, тіпті олардың қабірлерінде Аллаһқа құлшылық етудің қатты сөгіске лайық амал екендігі жайлы тарау.....147

21. Ізгі-салиқалы адамдардың қабірлеріне шектен тыс құрмет көрсету оларды Аллаһтан басқа құлшылық етілетін пұттарға айналдыратыны туралы тарау.. 153

22. Ардақты Пайғамбарымыздың ﷺ бірқұдайшылықтың қолсұғылмаушылығын қалай қорғағаны және көпқұдайшылыққа апаратын кез келген жолды жапқаны туралы тарау. 156

БЕСІНШІ БӨЛІМ. Бұл үмметте ширк болмайды деп айтқандардың дәйектерін теріске шығару 160

(1 тарау).....160

23. Бұл үмметтің бір бөлігі пұттарға табынатындығы жайлы тарау 160

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ. Шайтани амалдар (7 тарау) 177

24. Сиқыр жайлы тарау.....177

25. Сиқырдың кейбір түрлері жайлы тарау..... 183

26. Көріпкел-балгерлер және соларға ұқсас адамдар жайлы тарау..... 186

27. Сиқырды кетіру жайлы тарау 191

28. Ырымдарға қатысты (шариғатта) не келгендігі жайлы тарау.....194

29. Жұлдыздар жайлы білім (тәнжим) туралы тарау..... 203

30. Жұлдыздардан жаңбыр тілеу туралы тарау..... 206

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ. Жүрек амалдары (9 тарау) 223

31. Аллаһ Тағаланың «Адамдардың арасында Аллаһқа өзгені теңдес ететіндер әрі оларды Аллаһты сүйгендей сүйетіндер бар...», — деген сөздері туралы 223

32. Аллаһ Тағаланың «Бұл сендерді өзінің көмекшілерімен қорқытатын шайтан ғана. Олардан қорықпаңдар да, Менен қорқыңдар, егер мүмин болсаңдар», — деген сөздері туралы 229

33. Аллаһ Тағаланың «Егер мүмин болсаңдар, Аллаһқа ғана тәуекел етіңдер» деген сөздері туралы тарау..... 234

34. Аллаһ Тағаланың: «Сонда олар Аллаһтың мәкірінен қорықпады ма? Аллаһтың мәкірінен зиянға ұшырайтын ел ғана қорықпайды», — деген, сондай-ақ Оның: «Раббысының рахметінен адасушылардан басқа кім күдер үзеді?!» — деген сөздері туралы. 238

35. Аллаһ Тағаланың жазған тағдырына сабыр ету Оған деген иманның бір бөлігі екендігі туралы тарау. 241

36. Рия (амалдардағы көзбояушылық) жайлы тарау..... 246

37. Адамның ізгі амалдарды дүние игілігіне қол жеткізу үшін жасауға ұмтылуы ширктің көрінісі екендігі туралы тарау..... 250

38. Ғалымдар мен билеушілерге олар Аллаһтың халал еткен нәрселерін харам еткенде, немесе харам еткен нәрселерін халал еткенде бағынатын адамдар соларды (өздеріне) Раббы ететіні туралы тарау. 254

39. «(Мухаммад,) саған түсірілген (Құранға) және сенен бұрын түсірілген (Кітаптарға) иман келтірдік деп, құр өршеленгендерді көрмейсің бе?! Олар үкім іздеп тағутқа жүгінуді қалайды. Негізінде, оларға оған күпірлік ету әмір етілген болатын. Өйткені шайтан оларды ұзақ адасумен адастыруды қалайды. Ал оларға: «Аллаһ түсірген Құранға және Елшіге келіңдер», — делінсе, екіжүзділердің сенен жылдам бет бұратындарын көресің.

Сонда олар өз қолдары істегендерінің салдарынан бастарына бір күйзеліс келген кезде қалай болмақ, содан соң олар саған келіп: «Біз тек жақсылықты және үйлестіруді қалап едік», — деп, Аллаһтың атымен ант етеді». 257

СЕГІЗІНШІ БӨЛІМ. Есім-сипаттардағы бірқұдайшылық (1 тарау)..274

40. Аллаһ Тағаланың қандай да бір есімін немесе сипатын жоққа шығаратын адам жайлы тарау.....274

ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ. Сөздер мен ширкке қатысты тыйымдар (26 тарау)..... 289

41. Аллаһ Тағаланың: «Олар Аллаһтың нығметтерін мойындайды да, кейін оны теріске шығарады» деген сөздері туралы тарау. 289

42. Аллаһ Тағаланың «Сондықтан біле тұра Аллаһқа ешкімді теңестірмеңдер» деген сөздері туралы тарау..... 292

43. Аллаһтың атымен жасалған антқа қанағаттанбайтын адам туралы тарау..... 295

44. «Аллаһ қалады және Сен қаладың» деген сөздер жайлы тарау..... 297

45. Уақытты сөгетін адам Аллаһты ренжіткен болатыны туралы тарау..... 300

46. «Билердің биі» деген және сол сияқты атақтар (яғни бұның тыйым салынғандығы) туралы тарау 303

47. Аллаһ Тағаланың есімдерін қастерлеу және бұл үшін адамның атын өзгертуі жайлы тарау..... 305

48. Ішінде Аллаһтың аты аталатын нәрсенің, Құранның немесе Аллаһтың Елшісінің ﷺ үстінен қалжыңдаушының үкімі туралы 307

49. Аллаһ Тағаланың «Ал егер оған шалдыққан бейнеттен кейін өзімізден мәрхаметтен таттырсақ: «Бұл менің ақым. Сондай-ақ мен Қиямет сағаты болады деп ойламаймын...», — дейді» деген сөздері туралы тарау.....311

50. Аллаһ Тағаланың «Ал Аллаһ ол екеуіне дұрыс бала берген кезде, олар өздеріне берген бала жайында Аллаһқа серік қоса бастады. Аллаһ олардың қосқан серіктерінен жоғары (Пәк)» деген сөздері туралы тарау. 316

51. Аллаһ Тағаланың « «Аллаһқа ғана ең көркем есімдер тән. Сондықтан Оған солар арқылы дұға етіңдер» деген сөздері туралы тарау 320

52. «Әс-сәләму ғәлә-Ллаһ» (Аллаһқа амандық-бейбітшілік (әс-Сәләм) болсын) деген сөздердің тыйым салынғандығы туралы

тарау..... 335

53. «Уа Аллаһ, егер қаласаң, мені кешіре гөр!» деген сөздер туралы тарау..... 337

54. «Құлым» және «Күңім» деген сөздердің тыйым салынғандығы туралы тарау..... 339

55. Аллаһтың атымен сұраған-ның өтінішін қайтаруға бол-майтындығы туралы тарау...341

56. Аллаһтың Дидарымен тек Жәннатты ғана сұрау рұқсат етілгендігі жайлы тарау..... 344

57. «Егер…» деген сөз туралы тарау..... 346

58. Желді сөгудің тыйым салын-ғандығы туралы тарау. 349

59. Аллаһ Тағаланың «Олар жәһилиет кезінде істегендерін-дей, Аллаһ туралы орынсыз ой ойлады. Олар: «Бұл істе бізде не ерік бар?» — десті» деген сөзде-рі туралы тарау.....351

60. Тағдырды жоққа шығарушы-лар жайлы (бұл үлкен күпірлік екендігі) туралы тарау..... 354

61. Бейне жасаушылар жайлы келген (қатаң қорқыту) туралы тарау.....361

62. Көп ант беру жайлы тарау..... 364

63. Аллаһ Тағаланың және Оның Пайғамбарының ﷺ мін-деттіліктері мәселесіндегі тарау.....367

64. Аллаһтың атынан берілген ант жайлы тарау..... 372

65. Аллаһтан Ол Өз құлдары-ның алдында шапағат етуін тілеуге болмайтыны туралы.....374

66. Пайғамбардың ﷺ бірқұдай-шылықтың қолсұғылмаушылы-ғын қорғауы және көпқұдай-шылыққа апаратын жолдарды (тіпті сөздерде) жабуы туралы тарау.....376

ОНЫНШЫ БӨЛІМ. Қорытын-ды (бір тарау) 378

67. Аллаһ Тағаланың «Олар Аллаһты шынайы қадірлей ал-мады. Негізінде, Қиямет Күні бүкіл жер Оның уысында ғана болады, ал көктер Оның оң Қо-лымен бүктеледі. Ол олардың қосқан ортақтарынан Пәк әрі Жоғары» деген сөздері туралы тарау.....378

Хайсам ибн
Мухаммад Сархан

ҒИБАДАТШЫНЫҢ ҰСТАНЫМЫ

және діндегі фиқһтың түсіндірмесі



MAHAD SUNNAH

ХАЙСАМ ИБН МУХАММАД САРХАН

ҒИБАДАТШЫНЫҢ ЖОЛЫ

және діндегі фиқһтың түсіндірмесі

1445/2024 ж.

Хайсам ибн Мухаммад Сархан

Ғибадатшының жолы және діндегі фиқһтың түсіндірмесі. – Мәдина, 2024. – 238 б.

ТҮСІНДІРМЕГЕ АЛҒЫСӨЗ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Барлық мақтау біз Оны ғана мақтап-мадақтайтын және Одан ғана жәрдем мен кешірім сұрайтын Аллаһқа тән. Нәпсіміздің жамандығы мен жаман істеріміздің кесірінен Аллаһтан пана тілейміз. Аллаһ кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал Ол кімді адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Серігі жоқ жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік етемін және Мухаммад - Аллаһтың құлы әрі Елшісі екеніне куәлік етемін.

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да, мұсылман болған күйде ғана өліңдер!» («Әли Имран» сүресі, 102-аят).

«Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атадан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Соның атымен өзара сұрайтын Аллаһтан қорқыңдар және туысқандық байланысты үзуден сақтаныңдар. Шәксіз, Аллаһ сендерді бақылаушы!» («ән-Ниса» сүресі, 1-аят).

«Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар да, дұрыс сөз сөйлеңдер. Аллаһ істеріңді оңалтып, күнәларыңды жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаһқа, Елшісіне бой ұсынса, әрине сол ұлы табысқа ие болады!» («әл-Әхзаб» сүресі, 70 – 71-аяттар).

Ал содан соң:

Бұл «Минхаж әс-саликин уа таудых әл-фиқһ фи-д-дин» кітабы фиқһ саласындағы ең толық баяндамалардың бірі болып саналады, әрі ол фиқһ мәселелерінде орын алған келіспеушіліктерге сілтеме жасамаған үлгіде, ең дұрыс болған нәрсеге нұсқауды көздейді. Сондай-ақ бұл кітапта автор өзі дұрыс деп санаған нәрсені

Құран мен Сүннетте келген дәлелдермен дәйектеуге ұмтылады, әрі ол, Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін, осыны өте жақсы үлгіде жасай білді. Бір топ ғұламалар бұл еңбекті оқып зерделеуді әрі оған лайықты көңіл бөлуді ұсынады. Міне, сондықтан біз бастауыш деңгейдегі білім талап етушілерге арналған оның жаңаша нұсқасын шығаруды жөн көрдік. Ондағы сұрақтар автор нұсқағысы келген мағыналарды ашатын жеке тақырыптарға бөлініп реттелген. Біздің бұл кітапты қайта өңдеп жазу әдістемеміз төмендегі нәрселерге саяды:

- Кітаптың мәтінін оған лайықты көңіл бөле отырып келтіру;
- Мәтінді кестелерге көк түспен еңгізу;
- түсіндірушінің толықтыруларын негізгі мәтіннің ішіне шаршы жақшалар арқылы қара түспен, ал мәтіннің шеттеріне - көк түспен енгізу;
- Автордың (Аллаһ оны рахымына бөлесін) айтқандарына қосымша түсініктеме беру, мысалы, қосымша жазаларды көрсету немесе тақырыптардың басында, қажет болған жағдайда, жаңа қысқаша толықтырулар енгізу.

Біз қосымша мәліметтердің көбін осы кітаптың авторы – Абд әр-Рахман әс-Сағдидің шәкірті, көрнекті ғұлама шейх Мухаммад ибн Салих әл-Усаймининің (Аллаһ Тағала оны рахымына бөлеп, күнәларын кешірсін) «әш-Шарх әл-мумтиғ ғалә зәд әл-мустақниғ» және «Фатх зи әл-Жәләли уә әл-Икрам би-шарх Булуғ әл-марам» атты кітаптарынан келтірдік. Аллаһ Тағаладан бұл еңбекті бізден қабылдап, Өзінің ардақты Дидары үшін ықыласты және әрбір оқырман мен тәлімгерге пайдалы етуін сұраймыз, өйткені Ол Естуші, Білуші.

АВТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Біз Одан көмек сұраймыз

Барлық мақтау біз Оны ғана мақтап-мадақтайтын және Одан ғана жәрдем мен кешірім сұрайтын Аллаһқа тән. Нәпсіміздің жамандығы мен жаман істеріміздің кесірінен Аллаһтан пана тілейміз. Аллаһ кімді тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды. Ал Ол кімді адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Серігі жоқ жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік етемін және Мухаммад - Аллаһтың құлы әрі Елшісі екеніне куәлік етемін.

Ал содан соң:

Бұл фиқһ саласындағы қысқартылған кітап, онда мен сұрақтар және дәлелдерді біріктіріп, олардың ішіндегі ең маңыздыларымен және пайдалыларымен ғана шектелдім, өйткені бұл тақырыптар өте маңызды. Мен көбінесе тек (Құран мен Сүннеттегі) мәтінді атап өтумен шектелемін. Өйткені ондағы үкім анық әрі бастапқы деңгейдегі білімгерлердің есте сақтауы үшін жеңіл және оларға түсінікті.

- **Білім – бұл** ақиқатты дәлелдер арқылы танып білу.

- **Фиқһ** – шариғи үкімдерді Құраннан, Сүннеттен болған дәлелдер мен ғұламалардың бірауызды келіскен пәтуалары (ижма), сондай-ақ шариғи түрғыдан дұрыс салыстыру (қияс) арқылы танып білу.

Сондай-ақ, мен кітаптың тым ұзартылуынан қорқып, тек жалпыға белгілі дәлелдерді айтумен ғана шектелемін, ал егер қайшылықтар туындайтын мәселе қозғалса, онда мен шариғат дәлелдеріне сүйеніп, өзім басымдырақ деп санайтын пікірді айтумен ғана шектелемін.

Маңызды сұрақ: Біз фиқһ саласын не үшін оқып үйренеміз?
Жауап: Ғибадат екі сипатсыз қабыл болмайды.

Ықылас	Ілесу
Жалғыз Аллаһқа, оған серік қоспай және көзбояушылықсыз (риясыз) жақындауды қалау. Осы себепті біз біркұдайшылық (таухид) ғылымын да оқып үйренеміз.	Мухаммад Пайғамбар ﷺ әкелген шариғатқа ілесу. Осы себепті біз фиқһ ғылымын зерттейміз.

Шариғи үкімдер (заңдар) екі түрге бөлінеді:

1) *Әл-Әхкам* [әт-таклифия (адамға жүктелген жауапкершілік негізіндегі үкімдер)], олар бесеу:

Үкім	Анықтама	Шегі	Басқа атауы
1. Уәжіп (міндетті)	Адам оны жасағаны үшін сауап алатын, ал тастағаны үшін жазаға тартылуға (лайық болатын) амал.	Заң шығарушы (Аллаһ) орындалуы міндетті деп бекіткен амалдар.	Фард, фарида, хатм, ләзим.
2. Харам (тыйым салынған)	Уәжіпке қарама-қарсы амал.	Заң шығарушы (Аллаһ) қалдыруы міндетті деп тыйым салған амалдар.	Мухаррам, мамнуғ.
3. Макрух (құпталмайтын)	Адам оны қалдырылғаны үшін сауап қарастырылған, бірақ оны жасағаны үшін жазаланбайтын амал.	Заң шығарушы (Аллаһ) тастауды бұйырған, бірақ тастау міндетті болмаған амалдар.	Мубағаз (қабылданбайтын).

4. Маснун (құптаулы, абзал)	Құпталмайтын (макрух) амалдарға қарама-қарсы амалдар.	Заң шығару шы (Аллаһ) бұйырған, бірақ жасалуы міндетті болмаған амалдар	Сунна, мустахабб, нәфл, мандуб, рағиба, фадылә.
5. Мубах (рұқсат етілген)	Жасалғаны немесе қалдырылғаны үшін не сый не жаза қарастырылмаған амалдар.	Олар жайлы бұйрық та, тыйым да келмеген барлық амалдар.	Хәләл, жәиз.

1) *Әл-Әхкәм әл-уадғия* (құқықтық үкімдердің әрекетін сипаттайтын шариғат белгілеген өлшемдер мен сипаттар), оларға келесілер жатады:

Сахих (дұрыс, жарамды, сенімді)	**Фәсид** (жарамсыз)	**Сәбаб** (себеп)	**Шарт** (шарт)	**Маниғ** (кедергі)

Мукәлләф [ақыл-есі толық, кәмілет жасына толған адам] осыдан ғибадатқа, адамдармен қарым-қатынасқа және басқа да салаларға қажет болған нәрселердің барлығын оқып үйренуге міндетті.

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Аллаһ кімге жақсылық қаласа, соған дінде дұрыс түсінік береді***» (әл-Бухари және Муслим).

Кітаптың мазмұны	
Біріншісі: құлшылық Құлшылық алдымен келтірілетінің себебі - ол ұлы әрі асқақ нәрсені білдіретіндікте. Бұл – Исламның тіректері, содан кейін жиһад (күресу). **Тарау атаулары:** - Тазару кітабы - Намаз кітабы - Жаназа кітабы - Зекет кітабы - Ораза кітабы - Қажылық кітабы - Жиһад кітабы (автор кітапты қысқартқысы келгендігі үшін бұл тарауды өткізіп жіберді).	*Екіншісі: қарым-қатынас* Бұл (мойнына шариғи үкімдер жүктелген) мукәлләф үшін қажет болғаны үшін келтіріледі, әрі бұл бөлімдегі тәртіп қажеттілігіне сәйкес реттелген. Адамдар ішіп-жеуі, әлдебір заттарды сауда-саттық арқылы алулары, ал тойғаннан кейін, некеге тұрулары керек. Олар кейінірек ажырасуы мүмкін, ал ол үшін өз мезгілдері қарастырылған. Біреуді тәкаппарлық және менмендік сезімдер басып алуы мүмкін, ал оларды жою қажет. Сондай-ақ жаза, шектеулер және сот ісінің жүргізілуі жайлы білу де керек. **Тарау атаулары:** - Қаржылық қатынастар кітабы - Мұрагерлік кітабы - Неке кітабы - Некелік сыйлық кітабы - Ажырасу кітабы - Идда мен истибра (күту кезеңі) кітабы - Тамақ кітабы - Қылмыстар кітабы - Жазалар кітабы - Сот ісін жүргізу, талап арыздар, дәлелдемелер мен куәлік түрлері кітабы.

Фуқаһа ғұламалар кітаптарын не себепті Тазару кітабынан бастайды?			
Өйткені бұл тарау исламның бірінші тірегімен байланысты, сондықтан сыртқы тазарудан бұрын ішкі тазаруды іске асырылу керек	Өйткені тазару әдеміленуден бұрын жасалады	Өйткені ғибадат ықыластық пен Пайғамбарға ілесусіз қабыл болмайды	Өйткені бұл намазға кірісуден бұрын орындалуы керек болған намаз шарттарының бірі.

Фиқһ ғалымдары өз кітаптарын қандай тақырыппен аяқтайды?	
Мойындау тарауымен (әрі бұл жақсырақ), өйткені олар осымен өз өмірлерін бірқұдайшылық сөздерімен бітіруге ниеттенеді.	**Құлды босату тарауымен**, өйткені олар осынысымен Қиямет Күні Тозақ отынан құтылуды ниеттенеді.

Ғалымдар кітаптарды жалпыға ортақ ережелерге сәйкес, білім іздеушілерге жеңілдету үшін, келесідей құрастырады:			
Кітап бөліктерге бөлінеді	Бөліктер тарауларға бөлінеді	Тараулар тақырыптарға бөлінеді	Тақырыптар мәселелерге бөлінеді

[Екі куәлік] тарауы

Пайғамбар ﷺ былай деген: «*Ислам бес тірекке негізделеді – Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, және Мухаммад – Оның Елшісі екендігі туралы куәлік беруге, намазды орындауға, зекет төлеуге, Үйге (Қағбаға) қажылық жасауға және Рамазанда ораза ұстауға*» (әл-Бухари және Муслим).

Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ – бұл пенденің серігі жоқ Жалғыз Аллаһтан басқа ешкімнің Құдайлық пен құлшылыққа лайықты еместігі жайлы білімі мен сенімі.

Бұл сенім пендені дінін түгелімен Аллаһ Тағалаға ықыласты түрде арнауға, Оған өзінің барлық ішкі және сыртқы құлшылығын бағыттауға және діни мәселелерде Оған еш нәрсені серік қоспауға міндеттейді.

Барлық елшілер мен олардың ілесушілерінің діндерінің негізі осындай болған, Аллаһ Тағала бұл жайлы былай деген: «**Сенен бұрын қандай да бір елші жіберсек, оған тек: «Менен басқа ешбір хаққ құдай жоқ, ендеше, Маған ғана құлшылық етіңдер», – деп уахи еткенбіз**».

Мухаммад – Аллаһтың Елшісі ﷺ жайлы куәлік: пенденің Аллаһ Мухаммадты ﷺ барша әлемдерге – адамдар мен жындарды – бірқұдайшылық пен Аллаһқа құл шылық етуге шақыратын қуанышты хабармен сүйіншілеуші әрі ескертуші ретінде жібергеніне иман келтіріп, оның баяндауларына сенуі әрі оның әмірлерін орындап, тыйымдарынан тыйылуы. Сондай-ақ пенденің Аллаһқа иман келтірусіз және Оған құлшылық етусіз оған бұл дүние мен Ақырет өмірінде бақыт пен игілік болмайтынына айқын нануы, әрі Пайғамбарды ﷺ өзінен де, баласынан да, барлық адамдардан да артық сүюге өзін міндеттеуі, және Аллаһ Өз Елшісін ﷺ оның елшілік миссиясына нұсқайтын мұғжизалармен, Ол оған берген кәміл біліммен, жоғары мінезбен, тура жолмен, мейіріммен, ақиқатпен, және діни әрі дүниелік мүдделермен қолдағанына сенуі.

Сондай-ақ оның ең ұлы мұғжизасы шыншыл баяндауларды, бұйрықтар мен тыйымдарды қамтыған Қасиетті Құран екендігіне де иман келтіруі.

Ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

Діннің үш дәрежесі:		
1. Ислам – біркұдайшылықты (таухидті) ұстану арқылы Аллаһқа бойсұну, Оған мойынсұну арқылы бағынушылық таныту және ширк пен оны жасайтындарға қатыссыз болу. Оның бес тірегі бар.	**2. Иман (сенім).** Оның алты тірегі бар: Аллаһқа, Оның періштелеріне, Кітаптарына, елшілеріне, Қиямет күніне және тағдырға: оның жақсылығы мен жамандығына иман кетіру.	**3. Ихсан (таза жүректілік).** Оның тірегі біреу: Аллаһқа, оны көріп тұрғандай құлшылық ету. Сен Оны көре алмасаң (да), Аллаһ сені көріп тұр.

ТАЗАРУ КІТАБЫ

Тазарудың түрлері	
Рухани тазару Бұл көпқұдайшылықтан, бидғаттардан және күнәлардан тазару.	**Физикалық (денелік) тұрғыда тазару:**
	Ластықтан (дәретсіздіктен) тазару **Нәжістен тазару**
	Үлкен (ғұсыл) Кіші (дәрет алу) Дене Киім Жер
Ластық (дәретсіздік)	Дененің намазды және дәрет алу соларға шарт болып табылатын басқа да амалдарды (мысалы, Қағбаны тауап жасауды) орындауға кедергі болатындай ластануы.
Нәжіс (нәжәса)	Одан тазару міндетті болған кез-келген лас нәрсе, мысалы, адамның зәрі, қиы және басқа да нәрселер.

Тазару мына нәрселер арқылы жүзеге асады:		
Су (негізгі құрал), ол екі түрлі болады:		Жер (топырақ) (таяммумда қолданылатын екінші кезектегі құрал). Су жоқ немесе оны пайдалану мүмкін болмаған кезде топырақ арқылы кіші ластануды да, үлкен ластануды жоюға болады.
1. Дәрет алуға жарамды таза және тазартатын су	2. Дәрет алуға жарамсыз лас су	

Әжет өтелген соң шариғат екі амал жасауды белгілеген, алайда олардың біреуімен ғана шекетелуге де болады:	
1. Сумен жуу.	2. Нәжіс шығатын жерді үш таспен немесе осыған ұқсас тазарта алатын қатты затпен сүрту.

Нәжәса (нәжіс) – одан тазару міндетті болған кез-келген нәрсе, тазару әдістеріне қатысты ол үшке бөлінеді:		
Күрделі: бұл иттің нәжісі. Пайғамбар ﷺ ит жалаған ыдысты жеті рет жууды, бұған қоса оны бірінші рет жуғанда топырақты қолдануды бұйырған.	**Жеңіл:** ол жуу және сығусыз, жәй суды себу арқылы жойылады. Бұл ана сүтімен ғана қоректенетін сәби баланың зәрі, сондай-ақ мәзи мен шәуетке (спермаға) байланысты. Шәуеттің өзі таза болғанына қарамастан, Пайғамбар ﷺ оны (өз киімінен) ол дымқыл болса оған су себу арқылы, ал құрғақ болса қырып тастау арқылы кетірген.	**Орташа:** ол жуу және сығу арқылы жойылады. Бұл нәжістің күрделі де, жеңіл де санаттарына жатпайтын кез келген нәжіске қатысты қолданылады, мысалы, ересек ер немесе әйелдің зәрі т.б.

Адамның тума болмысы – фитрасына жататын құпталатын амалдарға мына он нәрсе жатады:
1. Сүндеттеу – ер адамның жыныстық мүшесінің бас жағындағы шеткі теріні, онда кірдің жиналуын болдырмау және оны зәр қалдықтарынан толығымен тазарту үшін, алып тастау. Бұл әрекет ерлер үшін міндетті. Ал сүндеттеуге мұқтаж әйелдер үшін бұл құпталады.
2. Мұртты қысқарту
3. Тырнақтарды қысқарту, өйткені тырнақтарды өсіру, олардың астында кір жиналуына себеп болады.
4. Қолтықтағы түкті алып тастау, бұл оларды жұлу, қыру және басқа да әрекеттермен жүзеге асады. Өйткені бұл түкті алып тастау денеге тазалық әкеліп, оны жағымсыз иістен сақтайды.

5. Жыныстық мүшенің айналасында өсетін түкті қыру. Оларды қыру арқылы ғана емес, сонымен қатар депиляция көмегімен де алып тастауға болады. Әнастың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінің былай хабарланады: «*Бізге мұртымызды қырқып, тырнақтырамызды қысқартып, қолтық түгін жұлып, жыныс мүшесіндегі түкті қыруымыз үшін бұл істерді қырық күннен астам кешіктіруімізге болмайтын мерзім белгіленді*» (Муслим).

6. Сақал өсіру. Сақалдың шариғаттағы үкімі – оны өсіру міндетті болып табылады, ал оны қырып тастау – ауыр күнәлардың бірі.

7. Мисуак қолдану – яғни тісті тазалау үшін «әл-арак» деп аталатын талдың бұтағын қолдану. Шариғатта мисуәк қолдану кез келген уақытта сауапты құпталатын іс болып саналады. Оны қолданудың абзалдығы дәрет алу уақытында, намаздан бұрын, үйге кірердің алдында, Құран оқу барысында, ұйқыдан тұрғанда, өлген адамның ауызын тазалағанда және ауызда жағымсыз иіс пайда болған кез-келген басқа уақытта арта түседі.

8. Мұрынның ішін және ауызды шаю.

9. Саусақтардың буындарын жуу.

10. Әжет өтелгеннен кейін нәжіс шығатын орындарды жуу, өйткені бұған Муслимде келтірілетін Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) хадисі нұсқайды.

Дәрет алудың түрлері туралы тарау

Намазға келсек, оның оған кіруден бұрын орындалуы мін-дет ті болған белгілі шарттары бар. Оларға дәрет алу жатады, Пайғамбар ﷺ бұл жайлы былай деген: «*Аллаһ дәретсіз оқылған намазды қабыл етпейді*» (әл-Бухари мен Муслим). Намаз мына нәрселерден тазаланбаған адамнан қабыл болмайды:

1. Кіші немесе үлкен ластықтан	**2. Нәжістен**

Тазарудың бірінші түрі: сумен тазару (бұл негізгі құрал).	**Тазарудың екінші түрі:** жермен тазару (таяммум) (бұл екінші кезекетегі құрал).

Барлық заттар өз негізінде таза және рұқсат етілген (хәлал). Әрі егер:

1. Мұсылман адам судың, киімнің, жердің немесе басқа нәрселердің таза немесе лас екендігіне күмәнданса, онда олар таза.	2. Мұсылман өзінің дәрет алғанына сенімді болса және ластанғанына күмәнданса, онда ол таза (дәретті) хәлде болады.

Өйткені Пайғамбар ﷺ жел шығырып қойғандай ой келетін адамға қатысты былай деген: «***Дыбыс естімегенше және иіс сезбегенше мешіттен кетпесін***» (әл-Бухари мен Муслим).

Ғұламалардың барлығы келіскен фиқһ ережесі де бұны растайды. Онда былай деп айтылады: «***Айқын нәрсе күмәнмен жойылмайды***», - бұл айқын нәрсенің тек айқын нәрсемен ғана жойылатындығына және айқын нәрсе одан төмен болған күмән және күдікпен жойылмайтындығына нұсқайды. Аллаһтың Елшісі ﷺ теңіз суы жайлы: «***Оның суы таза және тазартушы, ал (ондағы жануарлардың) өлекселері хәлал***», - деген (Бухари).

Ыдыс туралы тарау

Не себепті ыдыс Тазару кітабында айтылған?
Су - тек ыдыста сақтауға болатын сұйық асыл зат. Осы себепті ыдыс тақырыбы су тақырыбынан кейін бірден келеді. Егер әлдебір заттың екі жағдайға байланысты түрлері болса, оның біріншісі туралы да сөз етіп, кейін екіншісі туралы да атап кеткен абзал екендігі белгілі, керісінше болғанда, екіншісінің пайдасы жоғалады.

Алтын және күміс, немесе құрамында осы екі металлдан бірдеңе болған ыдыстан басқа кез келген ыдыс рұқсат етілген. Бұдан тыс ерекшеленетін жағдай - қажеттілік тұсында ыдыс-аяқта кішкене күмістің болуы. [Ғасым былай деген: «Мен Әнас ибн Мәликте Пайғамбардың ﷺ сынған тостағанын көрдім. Оның бөліктері күміс сыммен біріктірілген болатын»].

Ыдыс-аяқта күміс қолдануды рұқсат ететін шарттар. Бұл:

1. Жамау: жарықтарды жабу үшін қолданылатын күміс сым түрінде болуы керек.	**2. Кішкентай**	3. **Күміс болуы керек**	**4. Оған қажеттілік болуы керек**

Өйткені Пайғамбар ﷺ былай деген: «…***алтын-күміс ыдыстардан ішпеңдер және алтын-күміс табақтардан жемеңдер, расында мұның бәрі бұл дүниеде олар (кәпірлер) үшін, ал Ақыретте сендер (мұсылмандар) үшін***» (әл-Бухари мен Муслим).

Кәпір адамдардың ыдыстарының үкімі:

Таза екендігі белгілі болған ыдыстар таза болып саналады және ондай ыдыстарды қолдану рұқсат етілген.	Лас екендігі белгілі болған ыдыстар лас болып саналады және ондай ыдыстарды қолданудан бұрын жуу қажет.	Күмән пайда болатын ыдысқа келсек, бұл жағдайда негізге жүгініп, ондай ыдысты таза деп санау қажет.

Кәпір адамдар киетін киімдердің үкімі: бұндай киімдер өз негізінде рұқсат етілген, алайда бұл мәселеде келесі нәрсені анықтау қажет:

Тазалыққа деген немқұрайлы көзқарасымен танымал болғандардың, мысалы, христиандардың киімдерін кимеген жөн.	Ал тазалығымен танылған кәпірлердің киімі бізге рұқсат етілген.

Иленген терінің үкімі:

Теріні илеу оны барлық зиянды, жағымсыз, лас нәрседен кез келген тәсілмен, мысалы, тұзбен немесе басқа да нәрлермен тазарту арқылы жүзеге асады.	Етін жеуге болатын кез келген өлі жануардың терісі иленгеннен кейін таза болады.

Астыны жуу және әжетті өтеу әдебі жайлы тарау

Әжетханаға кіргенде мына нәрселерді істеу абзал:

1. Сол аяқпен кіру	2. بسم الله اللهم إني أعوذ بك من الخبث والخبائث *«Аллаһтың атымен! Уа Аллаһ, расында, мен Саған еркек және ұрғашы жындардың кесірінен пана тілеп жалбарынамын!», - деп айту.*

Әжетханадан шыққанда мына нәрселерді істеу абзал:

1. Оң аяқпен шығу	2. غفرانك، الحمد لله الذي أذهب عني الأذى وعافاني *«Мені кешіре гөр! Мені қинаған нәрседен азат етіп, хәлімді жеңілдеткені үшін Аллаһқа мақтау-мадақ!»*, - деген сөздерді айту.

Ескертпе: «Әл-хамду ли-Лләһи» сөздерімен басталатын қосымша әлсіз хадисте келітірілген, сондықтан оларды айту Шариғатта заңдастырылмаған, ал Аллаһ Тағала бұл жайлы жақсырақ біледі.

Әжетті өтеу үшін сол аяққа сүйеніп, оң аяқты созып отырған құптталады.
[Міндетті түрде] сырт көздерден қабырғаның немесе басқа нәрсенің артында жасырыну қажет, немесе, егер әжет ашық жерде өтелсе, онда адамдардан алыстап кету керек.

Тізе бүгіп бойды төмендеткенге дейін әуретті жалаңаштамау керек.

Төменде аталатын жерлерде әжетті өтеуге рұқсат етілмеген:

1. Жолда	2. Адамдар отыратын жерлерде	3. Жеміс әкелетін талдардың астында	4. Адамдарға ыңғайсыздық тудыруы мүмкін болатын жерлерде	5. Ақпай тұратын суға

Әжет өтелетін кезде қыбылаға жүз бен арқа қаратуға болмайды, өйткені Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Сендердің әлдебіреуің үлкен немесе кіші әжетін өтегісі келсе, Қағбаға жүзімен немесе арқасымен бұрылмасын. Бірақ (Мәдинаның) шығысына немесе батысына қарай бұрылсын***» (әл-Бухари мен Муслим).

Әжетін өтеп жатқан адамға мына нәрселерді жасау рұқсат етілмейді: - Жыныс мүшесін оң қолымен ұстау немесе онымен жуыну. - Әжетханаға Аллаһтың аты жазылған затты алып кіру. Әжетханада қажеттен көп уақыт қалу құпталмайды.

Әжет өтелгеннен кейін мына нәрселерді жасау керек:	
1. Әжет өтелетін дене мүшелерін үш таспен немесе соған ұқсас тазартушы нәрселермен сүрту.	2. Кейін сол мүшелерді сумен жуу.

Бұл екі амалдың біреуімен ғана шектелуге болады.
<u>Мына нәрселермен сүртінуге болмайды</u>:

1.Тезек және сүйекпен, өйткені Пайғамбар ﷺ бұған тыйым салған.	2. Қорлап-кемсітуге болмайтын кез-келген нәрсемен.

Сүртінудің шарттары

1. Сүртіну үш немесе одан көп рет жасалуы керек. Бір сүрткен затпен екінші рет сүртінуге болмайды.	2. Сүртінуге арналған зат тазартушы болуы керек. Бұл сүртінуден кейін сүртінген тастың немесе қағаздың таза болып қалуымен анықталады.	3. Таза емес және қорлап кемсітуге болмайтын нәрселермен, мысалы, тамақпен, сүйекпен, тезекпен сүртінуге болмайды.

Кіші әжетті тұрып өтеудің үкімі: бұл мына шарттармен рұқсат етіледі

1. Киімге және денеге зәрдің шашырауынан сақтану мүмкін болса.	2. Әуреттің ашылуынан сақтану мүмкін болса.
Хузайфаның (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде былай деп айтылған: «*(Бірде) Аллаһтың Елшісі адамдар қоқыс тастайтын жерге барып, кіші әжетін (тұрып) өтеді*» (әл-Бухари мен Муслим).	

Әжетті өтеу мен телефонға қатысты ескертпелер:

1. Қоңырау дыбысына Аллаһты зікір етуді, мысалы аяттарды, азанды немесе дұғаны қоюға болмайды, өйткені телефон әжет өтелу уақытында шырылдауы мүмкін.
2. Әжет өтелу уақытында телефонды қолданбау. Өйткені бұл әжетханада шамадан көп уақыт қалуға әкеледі, ал бұл құпталмайтын (амал).
3. Телефонның бетінде Аллаһты зікір ететін нәрсе болмауы керек, өйткені бұл телефонмен бірге дәретханаға Аллаһты еске алатын нәрсені кіргізуді білдіреді. Егер телефонның экранында Аллаһты еске алу болса, оны кіргізуге болмайды, зікір экранда көрсетілмей, оның ішіндегі бір жерінде сақталса, онда телефонды кіргізуге болады, бірақ егер адам оны жоғалтып алудан қорықпаса, оны сыртта қалдыру жақсырақ болады.

[НӘЖІСТІ ЖОЮ ЖӘНЕ НӘЖІС НӘРСЕЛЕР] ТУРАЛЫ БӨЛІМ

Денеден, киімнен, әлдебір орыннан және басқа да нәрселерден нәжісті жуғанда, ластықты тек сол нәжіс орналасқан жерінен жою жеткілікті болады.
Аллаһ Тағала иттің нәжісінен басқа нәжістің ешбір түрін белгілі рет жууды шарт етпеді, ал иттің ластығын жеті рет жуу керек әрі бірінші ретте топырақ қолдану қажет [бұл жайлы әл-Бухари мен Муслимдегі хадисте айтылады].

Нәжіс нәрселер:

1. Адамның зәрі	2. Адамның қиы	3. Қан, алайда ол аз мөлшерде болса, бұл кешіріледі. Сондай-ақ етін жеуге болатын малдың төгілген қаны да (лас болып саналады), ал еттің өзінде және тамырында қалған қан бұдан тыс болып саналады, яғни мұндай қан таза. [Етеккір мен босанғанған кейінгі жатыр қаны да лас болып саналады].
4. Мәзий – шақуаттың қозуы және жыныстық қатынас кезінде шығатын, шәуеттен (спермадан) басқа түссіз сұйықтық.		5. Уадий – зәр шығарғаннан кейін бірден шығатын ақ түсті қою сұйықтық.
Денесінен мәзий немесе уәдий шыққан адам (жыныстық мүшесін) жуып, дәрет алуы қажет, бірақ толық ғұсыл алуға міндетті емес.		

Таза емес нәжіс нәрселерге сондай-ақ мыналар да жатады:		
6. Етін жеуге тыйым салынған кез-келген жануардың зәрі мен қиы.	7. Жыртқыш аңдардың барлығы нәжіс болып саналады.	8. Адамның, (қаны ақпайтын) жәндіктердің, балық пен шегірткенің өлексесінен басқа өлексенің барлық түрлері лас, өйткені олардың (нәжістен тыс шығарылған жаратылыстардың) барлығы өлгеннен кейін де таза болып қала береді.

Аллаһ Тағала былай деген: «Сендерге өлексе, қан ... тыйым салынған».

- Нәжіс-ластықтың қалған түрлері аз мөлшерде кешіріледі.
- Сақтану мүмкін болмағандықтан кешірілетін аз мүлшердегі нәжіске зәр ұстай алмайтын (энурез) ауруымен ауыратын адамның зәрінің аз мөлшері де жатады.
- Дәрет алғаннан кейін немесе намаз кезінде зәрі шыққанына немесе шықпағанына күмәнданған адам мұндай ойлардың шайтанның азғыруы және ешбір негізі жоқ жәй күдік болуы мүмкін екенін білуі керек. Бұл жайлы ойлаудың керегі жоқ әрі бұл күдіктерге көңіл бөлмеуге тырысып, ойды басқа нәрсеге бөліп, бұл жайлы ұмытып, Аллаһтың қорғауына жүгіну керек. Сонда Аллаһ мұндай азғырулардан (күдіктерден) құтқарады.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Мумин адам тірі күйінде де, өлі күйінде де ешқашан нәжіс болмайды***» [Дарақутни, алайда оның негізі Бухари мен Муслимде келтіріледі].
Ол сондай-ақ былай деген: «***Бізге өлексенің екі түрі мен қанның екі түрін жеуге рұқсат етілген. Өлексенің екі түріне келсек, бұл балық пен шегіртке, ал қанның екі түріне келсек, бұл бауыр мен көкбауыр***» (Ахмад және Ибн Мәжаһ).

1. Етін тағам ретінде жеуге болатын жануарлардың қиы мен зәріне келсек, олар таза болып саналады.	**2. Адамның шәуеті де таза болып саналады. Пайғамбар ﷺ ылғалды шәуетке су сепкен және оның құрғағын қырып тастайтын.**

Тек ана сүтімен ғана қоректенетін ұл сәби баланың зәріне су себу жеткілікті, бұл жайлы Пайғамбар ﷺ былай хабарлаған: «***Киімді тек қыздың зәрінен кейін ғана жуу керек, ұл баланың зәрінен кейін оған су себу жеткілікті***» (Абу Дауд және ән-Нәсаи). Егер нәжіс жойылса, онда ол болған орын таза болып саналады, әрі нәжестен әлдебір түс немесе иіс қалғаны бұған зиян тигізбейді. Өйткені Пайғамбар ﷺ Хәуләға етеккір қаны жайлы былай деген: «***Оны сумен жуу жеткілікті, ал оның қалған іздері саған зиян тигізбейді***» (Абу Дауд және Ахмад).

Дәреттің сипаттамасы туралы тарау

Дәреттің 10 шарты бар:			
1. Ислам;	2. Ақыл;	3. Тамйиз (өзіне бұйырылғанды түсіну жасы);	4. Ниет;
5. Дәреттің басынан соңына дейін ниетті сақтау;	6. Дәретті түйенің етін жеп отырып немесе кіші әжетті өтеп тұрып алуға болмайды. Алдымен дәретті бұзатын амалды тоқтатып, кейін дәрет алуға кірісу қажет;		7. Дәрет жел шығарудан, ұйқыдан немесе түйе етін жеуден кейін алынатын жағдайлардан бөлек, дәрет алудан бұрын нәжіс шығатын дене мүшелерін сүрту немесе жуу қажет;
8. Су таза әрі тазартушы, сондай-ақ рұқсат етілген болуы керек;	9. Судың теріге тиуіне бөгет болатын барлық нәрсені жою;		10. Әрдайым дәретсіз хәлде болатын (мысалы желі, немесе зәрі тұрмайтын) адамға қатысты намаз уақытының кіруі.

Дәреттегі міндетті амалдар алтау (олардың төртеуі дәрет жайлы аятта ретімен және үздіксіз келген):

1. Бетті жуу, осыған қоса ауыз бен мұрынды шаю;	2. Екі қолды шынтақпен қоса жуу;	
3. Басты және оған қоса құлақты сүртіп шығу;	4. Екі аяқты тобықпен қоса жуу;	5. Реттілікті сақтау;

6. Үздіксіздік – дәрет алып жатқан адамға бір іс-әрекетін басқасынан, жуылған бөлік құрғап үлгеретін уақытқа дейін бөліп созбауы керек.

[Дәрет деген мына нәрсе:]

1. Кіші ластануды жою үшін немесе намаз оқу үшін немесе басқа да нәрселерге байланысты дәрет алуға ниеттену. Ниет – дәретті қоса, кез-келген амалдың шарты, өйткені Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Расында, амалдар ниетке қарай бағаланады және әркімге ниеттенген нәрсесі ғана болады***» (әл-Бухари мен Муслим). [Ниеттің орны жүрек, ал оны тілмен айту бидғат болып табылады].

2. Кейін «Бисми-Ллəh (*Аллаһтың атымен*)» деген сөзді айту.

3. Кейін қолды білезікке дейін үш рет жуу керек.

4. Кейін ауыз бен мұрынды үш уыс сумен шаю керек.

5. Кейін бетті үш рет жуу керек.

6. Қолдарды шынтаққа дейін үш рет жуу керек.

7. Басты маңдайдан желкеге дейін сүртіп, қолдарды сүрту басталған жерге қайтару қажет. Бұны бір рет жасау керек.

8. Кейін құлақтың ішкі жағын сұқ саусақпен, ал құлақтың артын қолдың бас бармағымен сүрту қажет.

9. Аяқты тобықпен бірге үш рет жуу керек.

Бұл – Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) алған кәміл дәрет. Айтылған амалдардың міндеттілері:

1. Әр мүшені ең кемі бір рет жуу.	2. Аллаһ Тағала мына сөздерінде айтқан реттілікті сақтау: «**Әй иман келтіргендер! Қашан намазға тұрсаңдар, жүздеріңді және қолдарыңды шынтақтарға дейін жуыңдар. Бастарыңа мәсих тартыңдар (сипаңдар). Және аяқтарыңды екі тобыққа дейін жуңдар**» («әл-Мәида» сүресі, 6-аят).	3. Бір әрекетті екіншісінен тым ұзақ бөліп үзбеу, әсіресе сабақтастық міндетті шарт болып табылатын әрекеттерді.

БЫЛҒАРЫ ШҰЛЫҚ ПЕН ТАҢҒЫШТАРҒА МӘСИХ ТАРТУ ТУРАЛЫ БӨЛІМ

Егер адам былғары шұлық немесе соған ұқсас нәрсе кисе, онда ол қаласа оларды дәрет алу барысында сипап өте алады (мәсих тарта алады):

1. Тұрғылықты орнындағы адам бір тәулік барысында мәсих тарта алады.	2. Сапардағы адам үш тәулік арасында мәсих тарта алады.

(Мәсих тартудың) мынадай шарттары бар:

<table>
<tr><td colspan="2">1. Олар дәретті хәлде киілген болуы керек.</td><td>2. Олардың үстінен мәсихты тек кіші ластануды жою барысында ғана тартуға болады.</td></tr>
<tr><td>3. Олар таза болуы керек.</td><td>4. Олар аяқтың (табанның) басым бөлігін жапқан болуы керек.</td><td>5. Мәсихті қатаң түрде белгіленген уақыт мерзімі ішінде ғана тартуға болады (тұрғылықты орнында болғандар үшін 24 сағат ішінде, ал сапардағылар үшін 72 сағат ішінде).</td></tr>
<tr><td colspan="3">Әнастың сөздерінен Пайғамбарға ﷺ көтерілетін хадисте былай деп хабарланады: «Егер сендердің әлдебіреуің дәрет алып, былғары шұлық кисе, онда жүніп болып қалуынан басқа жағдайда, қаласа, оларды шешпей, оларға мәсих тартып, намаз оқи алады». Хәким бұл хадисті сенімді деп атап келтірді.
Егер дененің жуылатын бөлігінде таңғыш салынған сынық немесе дәрі жағылған жарақат болса, әрі оны жуу науқастың жағдайын нашарлатуы мүмкін болса, онда ауру толық жазылғанға дейін, кіші немесе үлкен ластануды жою кезінде таңғыш үстін ылғал қолмен сүрту қажет.</td></tr>
</table>

Мәсих тартудың тәсілдері:

1. Былғары шұлық: олардың басым бөлігін үстінгі жағынан сүрту қажет.	2. Таңғыш: оларды толығымен сүрту қажет.

	Былғары шұлық	**Таңғыш**	**Сәлде/орамал**
Киілетін дене бөлігі	Аяқ	Дененің кез-келген бөлігі	Бас
Мәсих тарту мерзімі	Үйде 24 сағат ішінде, сапарда - 72 сағат ішінде	Жазылғанға дейін	Белгіленген мерзімі жоқ
Мәсих тарту әдісі	Үстіңгі жағынан сүрту	Толық сүрту	Басты (қоса) сүрту
Мәсих тарту уақыты	Кіші ластануды жою барысында	Кіші және үлкен ластануды жою барысында	Кіші ластануды жою барысында

ДӘРЕТТІ БҰЗАТЫН ІС-ӘРЕКЕТТЕР ТУРАЛЫ БӨЛІМ

Олар келесідей:

1. Екі жолдың бірінен әлде-бір нәрсенің шығуы;	2. Қатты қан ағу;	3. Ұйқы немесе басқа себеппен естің жоғалуы;	4. Түйе етін жеу;
5. Әйелге құмарлықпен қол тигізу;	6. Жыныс мүшелерін ұстау;	7. Мәйіттің денесін жуу;	8. Діннен шығу, өйткені бұл барлық амалдарды жояды

Ескертпе: Қанның көп кетуі, әйелге қол тигізу, жыныс мүшелеріне қол тигізу және мәйіттің денесін жуу дәретті бұзбайды деген пікір дұрыс деп саналады.

Аллаһ Тағала былай деген: **«...не сендерден біреу түзге отырып келсе, яки әйелдерге жақындасасаңдар...»** («ән-Ниса» сүресі, 43-аят).

Сондай-ақ бір адам Пайғамбардан ﷺ**:** «*Мен түйенің етінен кейін дәрет алуым керек пе?*»**,** – деп сұрағанда ол: «***Иә*»,** - деп жауап берді (Муслим).

Ол ﷺ былғары шұлық жайлы былай деген: «***Мәсихті үлкен немесе кіші әжетті өтегеннен кейін және ұйқыдан кейін тарту қажет***» (Тирмизи және ән-Нәсаи). Тирмизи хадисті сенімді деп атады.

Ғұсыл алуды міндетті ететін іс-әрекеттер және ғұсыл алудың сипаттамасы туралы тарау

Ғұсыл алу мына нәрселерден кейін міндетті болады:

<table>
<tr><td colspan="2">1. Жыныстық ластану (жүніп болу), бұл:</td><td rowspan="2">2. Етеккірлік немесе босанғаннан кейінгі қанның ағуы;</td><td rowspan="2">3. Өлім. Бұдан тыс шығарылатын – шәһид өлімі;</td><td rowspan="2">4. Егер кәпір исламды қабылдаса.</td></tr>
<tr><td>А. Жыныстық қатынас немесе басқа тәсіл арқылы шәуеттің шығуы;</td><td>Ә. Ер мен әйелдің жыныс мүшелерінің бір біріне тиюі;</td></tr>
<tr><td colspan="5">Аллаһ Тағала былай деді: «Егер де жүніп болсаңдар (бой дәрет-сіз болсаңдар), толық тазаланыңдар» («ән-Ниса» сүресі, 43-аят). Сондай-ақ Ол былай деген: «…Оларға (әйелдерге) тазарғанға дейін жақындаспаңдар. Қашан олар тазарса (яғни ғұсыл алса), оларға Аллаһтың өздеріңе бұйырған жерінен жақындасыңдар...» («әл-Бақара» сүресі, 222-аят).</td></tr>
</table>

Пайғамбар ﷺ мәйітті жуғаннан кейін ғұсыл алуды бұйырды, сондай-ақ ол мұны исламды жаңадан қабылдағандарға да бұйырған.

Пайғамбардың ﷺ жыныстық ластанудан кейінгі ғұсыл алуының сипаттамасы.

Ол келесі амалдарды жасаған:

1. Бірінші кезекте жыныс мүшесін жуған;	2. Кейін толық дәрет алған;	3. Кейін басына суды үш рет құйып, оны жуған;	4. Кейін денесін қалған бөлігіне су құйған;	5. Ең соңында аяқтарын басқа жерде жуған.

Осы амалдардың міндеттілері:

1. Бүкіл денені жуу;	2. Шаштың астындағы теріні, шаштар қалын немесе сирек болса да жуу.

Ал Аллаһ бұның барлығы жайлы жақсырақ біледі.

Таяммум (топырақпен алынатын дәрет) туралы тарау

Бұл суды қолдану әлдебір себептермен мүмкін болмаған жағдайда, сумен тазарудың орнын басатын тазарудың екінші түрі. Яғни:	
1. Су жоқ болған жағдайда;	2. Оны қолдану себебінен денсаулыққа зиян тию қауіпі болған жағдайда.

Сумен дәрет алудың орнын топырақпен таяммум жасау ауыстыруы үшін:

1. Ластықты жою ниеті болу керек;	2. «Бисми-Ллəһ» (*Аллаһтың атымен*) сөздерін айту керек;	3. Жерді алақандармен бір рет ұру керек;	4. Екі алақандарымен бетті және қолын білезіктерімен қоса сүрту.
Жерді екі рет ұрса да, оқасы жоқ.			
Ескертпе: Жерді әдейі екі рет ұруға болмайды деген пікір дұрыс деп саналады, өйткені бұның Пайғамбардан ﷺ жеткені сенімді түрде расталмаған. Негізінде ғибадат оған ешнәрсе қосылмай, кемітілмей, шариғи мәтіндерде жеткізілген кейіпінде орындалуы керек, ал Аллаһ бұл туралы жақсырақ біледі. Аллаһ Тағала былай деген: **«…су таба алмасаңдар таза жерге тәяммум соғыңдар; онымен беті-қолдарыңды сипаңдар. Өйткені, Аллаһ сендерге ауыртпалық қаламайды. Бірақ, сендерді тазартуды, сондай-ақ шүкірлік етулерің үшін, сендерге нығметтерін тамамдауды қалайды».** Жәбирдің сөздерінен Пайғамбардың ﷺ былай дегені жеткізіледі: «*Маған пайғамбарлардан ешкімге берілмеген бес нәрсе берілді: маған жаудың жүректеріне бір ай қашықтықтан үрей салыну арқылы қолдау көрсетілді; жер мен үшін құлшылық орыны мен сондай-ақ тазару құралы қылынды, сондықтан менің үмметімнен кез-келген*			
адам намаз уақытына тап болса, оны сол жерде оқысын; маған әскери олжа алу рұқсат етілді; маған шапағат ету құқығы берілді; басқа кез-келген пайғамбар тек өз қауымына жіберілген болатын, ал мен бүкіл адамзатқа жіберілдім» (әл-Бухари мен Муслим).			

Кіші ластану (дәретсіздік) хәлінде болған адамға келесі амалдарды жасауға тыйым салынады:		
1. Намаз оқу;	2. Аллаһтың Үйін (Қағбаны) тауап жасау ;	3. Құранға қол тигізу.
Жүніп хәлінде болған адамға айтылған үш амалға қоса келесі амалдар да рұқсат етілмейді:		
1. Құраннан әлдебір аяттарды оқу;	2 .Мешітте дәретсіз халде болу.	
Етеккірі немесе босанғаннан кейінгі қаны келген әйелге айтылған бес амалға қоса келесі амалдар рұқсат етілмейді:		
3. Ораза ұстау;	4. Жыныстық қатынасқа түсу;	5. Ажырасу.

Алайда, бұндай хәлде болған әйел Құран оқи алады. Әрі егер ол қажылық немесе умра рәсімдерін өтеп болған болса және еліне қайтудан бұрын етеккірі келіп, кетуіне дейін тоқтамай жалғасса, онда оның мойнынан Аллаһтың Үйін (Қағбаны) қоштасу тауапын жасау міндеті түседі. Өйктені Ибн Аббастың (Аллаһ оның екеуіне де разы болсын) хадисінде былай айтылған: «*Адамдарға (Меккеден кетулерінен бұрын жасалатын) ең соңғы рәсімі Аллаһтың Үйін (Қағбаны) тауап жасау бұйырылды, тек етеккірі келген әйелге бұл мәселеде жеңілдік жасалды*» (әл-Бухари мен Муслим).

Етеккір туралы тарау

Әйелге келетін қандағы негіз ол етеккір болып табылатынында, әрі оның ұзақтығында, мерзімінде және қайталану кезеңдеріне байланысты әлдебір шектеулер жоқ.

Алайда, егер әйелге қан ұзақ уақыт бойы келсе немесе тым жиі келіп, қысқа уақытқа ғана тоқтаса, бұл ауруға нұсқайды. Мұндай жағдайларда Пайғамбарымыз ﷺ әйелге әдетте кезең басталатын уақытта (жоғарыда көрсетілген 8 іс-әрекеттен) тыйылуды бұйырды. Егер мұндай уақытты анықтау мүмкін болмаса, аққан қанның түсі өзгергенше (ашық түсті болғанға дейін) күту керек. Егер мұны да анықтау қиын болса, онда басқа (сау) әйелдер әдетте күтетіндей мерзім күту керек (6-7 күн).

Ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

<table>
<tr><th>Етеккір
(хайд)</th><th>Босанудан кейін келетін қан
(нифас)</th><th colspan="3">Ауру себебінен келетін қан
(истихада)</th></tr>
<tr><td rowspan="2">Қанның негізігі келуі. Оның ұзақтығында, мерзімінде және қайталану кезеңі бойынша (цикл) шектеулері жоқ.</td><td rowspan="2">Әйел адамның жатырынан босанудан бұрын, босану уақытында және босанғаннан кейін ағатын қан. Бұндай қанның үкімі етеккір қанының үкіміндей.</td><td colspan="3">Ұзақ уақыт бойы немесе тым жиі келетін әрі аз уақытқа ғана тоқтайтын қан. Осындай ауруы байқалған әйелдің үш хәлі бар:</td></tr>
<tr><td>Өзінің әдеттегі етеккірінің қайталану кезеңі (цикл) жайлы білетін әйел. Бұндай әйел етеккір уақытын намаз оқымай және ораза ұстамай күтіп өткізеді.</td><td>Етеккір қанын ауру қанынан түсі, иісі және консистенциясымен ажырата алатын әйел.</td><td>Етеккірдің әдетте басталатын уақытын білмейтін және етеккір мен ауру қанын ажырата алмайтын әйел. Бұндай әйел басқалардың цикліне еріп, ай күнтізбесі бойында әр айдың басында етеккір күндерін күтуі керек.</td></tr>
</table>

- Босанудан кейінгі қан ағудың ұзақтығының шегі жоқ, оның минималды да, максималды да кезеңі жоқ. Мысалы, босанған әйелдің қанының келуі қырық күннен астам уақытқа созылса, бұл да босанғаннан кейінгі қан болып саналады.

- Етеккірі келген әйел кез келген намаз уақыты кірген кезде тазаратын болса, дереу ғұсыл алып, намазды уақытында оқуға асығуы керек. Егер әйел ақшам намазының уақыты кірген соң бір рәкағат оқуға жететіндей уақыт біткеннен кейін етеккірі басталса, онда ол тазарғаннан кейін ақшам намазының қазасын өтеуге міндетті, өйткені ол соның уақытына үлгерді, бірақ оны орындауға үлгермеді.

Тазару кітабы бойынша сұрақтар

Сұрақ:	Дұрыс	Бұрыс
- Тазару ластықты (дәретсіздікті) және нәжіс нәрселерді жою болып екіге бөлінеді. - Нәжіс ыдысты қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады. - Алтын ыдысты қолдануға үзілді-кесілді тыйым салы нады. - Алтын және күміс ыдыстан жеп ішу әйелдерге емес, тек еркектерге ғана тыйым салынған. - Ыдысты, қажеттілік туындап жатса, кішігірім алтынмен жамауға рұқсат етіледі. - Кәпірлердің кез келген ыдысын қолдануға рұқсат етілген. - Алтын немесе күміс ыдыстан алынған дәрет жарамсыз болады. - Нәжістің үкімі, ол еш нәрсені лас етіп үлгірме-се де күшіне енеді. - Тірі нәрсенің денесінен ажырап бөлінген кез-келген бөлік ешбір ерекшелеусіз соның өлексесіндей болады. - Етін жеуге болмайтын кез келген жануар нәжіс болып саналады. - Тазарумен байланысты іс-әрекеттердің үздіксіздігі бұзылса, дәрет жарамсыз болады. Ал дәрет алумен байланысты амалдардың үздіксіздігі бұзылса, дәрет жарамды болады. - Денеде таңғыш болған кезде алынған дәрет жара жа зылған (науқас сауығып кеткен) сәттен бастап бұзылады. - Егер жара таңылған болса, онда таңғышқа тек масих тартуға ғана болады. Бірақ егер жараның жабық болуына қарамастан, оған масих тарту денсаулыққа зиян келтіретін болса, онда, жара ашық болған хәлдегідей, сумен дәрет алудың орнына топырақпен дәрет алуды (тәяммум) жасау керек.		

- Ғұсыл алуды міндеттейтін кез келген іс-амал дәрет алуды да міндеттейді. - Ниетті дауыстап емес, іштен айту сүннет. - Ғұсыл барысында дене мүшелерін үш рет жуу құпта латын амал болып табылады. - Таяммум уақыттың аяқталуымен жарамсыз болады. - Егер таяммум жара себебімен алынған болса, онда ол үшін судың жоқтығы да, реттілік те, үздіксіздік те шарт болып табылмайды. - Таяммум ерікті тазару үшін емес, міндетті тазару үшін жасалуы қажет. - Адам баласының денесінен шыққан кез келген қалдық заттар нәжіс болып саналады. - Етеккір тақырыбы – фиқh саласындағы ең күрделі тақырып. - Етеккір жүктілік кезінде болуы мүмкін емес. - Әйел адам негізінде тазалық хәлінде емес, етеккір хәлінде болады. - Ғибадат жасау ниеті, ол жасалғаннан кейін тоқтаса, бұл оның күшін жоймайды. Сондай-ақ ғибадат жасалып болғаннан кейінгі күдік те, тек айқын нәрсемен болмаса ғана, әсер етпейді. - Пайғамбардың уақытында жасауға себебі болған, бірақ ол оны жасамаған кез келген амал сүннет бола алмайды. - Сүннетке сай амал жасау, көп амал жасаудан жақсы. - Егер шариғи мәтінде қол жалпыланған түрде аталса, онда бұл алақанды білдіреді. - Егер таяммум кіші ластануды жою үшін алынса, онда дәретті бұзатын амалдар таяммумды да бұзады. Егер ол үлкен ластануды жою үшін алынса, ғұсылды бұзатын амалдар тәяммумды да бұзады. - Қалған ластықтардың кішігірім мөлшері кешіріледі. - Етеккірдің басталуы мен аяқталуының белгілі шегін орнатуға болмайды. Егер әйел өзіне мазасыздық келтіретін қанның аққанынын көрсе, бұл етеккір болып есептеледі.		

- Егер жүкті әйел әдеттегі етеккір келетін күндерінде жатырынан қан аққанын көрсе, бұл етеккір болып саналады, бірақ ол оның иддасының мерзіміне әсер етпейді. - Егер Аллаһ бізге амалды ниетсіз жасауды жүктесе, Ол бізге орындау мүмкін емес болған амалды жүктер еді. - Басты тазартуда әлдебір жеңілдік бар. - Екі жолдың бірінен шыққан зәр мен нәжістен басқа нәрсе аз немесе көп мөлшерде болса да дәретті бұзбайды.		

- Етеккірі келген әйелге мына нәрсе тыйым салынған:
ораза ұстауға ___, намаз оқуға ___, бұл амалдардың екеуі де ___ .
- Етеккірі келген әйелдің күйеуіне мына амалдарды жасау тыйым салынған:
онымен ажырасу ___, онымен жыныстық қатынаста болу___, бұл амалдардың екеуі де___.
- Тазару екі түрге___, үш түрге___ бөлінеді.
- Тазару кітабы келесіні білдіреді: физикалық тазаруды ___, рухани тазаруды___.
- Судың екі___, үш___ түрі бар.
- Су оған нәжістің түсуінен___, ондағы кез келген өзгерістерден___ нәжіс болады.
- Егер адам қай су таза, қай су нәжіс екенінде шатысса: екеуін де қалдырады___, екеуін де қарастырады___, оларды араластырады___.
- Сүртінуді үш таспен (тақ мәрте) аяқтау абзал___, міндетті___.
- Былғары шұлыққа мәсих тарту мерзімі олар киілгеннен кейін ластанудан___, оларға мәсих тарту кезінен___ басталады.
- Егер ер адам сәлдесіне мәсих тартып болған соң оның шашының бір бөлігі ашылып қалса, онда бұл шашты сүрту: міндетті___, абзал___.
- Мәсих тарту мерзімі біткеннен кейін: дәретті жаңарту қажет___, дәрет бұзылады___, шұлыққа тартылған мәсих бұзылады.
- Егер жара ашық болса, оны сумен жуу керек, егер бұл мүмкін болмаса, оған мәсих жасауға болады, ал егер бұл да мүмкін болмаса, онда тәяммум алуға болады: бұның барлығы таңдаумен___, тәртіппен___ жасалады.

- Дәретінде сенімді болған және ластанғанына күмәнданған және керісінше (ластанғанына сенімді болып, дәрет алғанына күмәндаған адам) өзі үшін сенімді болғанға сүйенуі қажет___, дәретті қайта алуы жөн___.
- Ұйқы дәретті кез келген жағдайда бұзады___, еш жағдайда бұзбайды___, бұл жағдайды қарастыру қажет___.
- Әйелге қол тигізу дәретті бұзады____, дәретті бұзбайды ___.
- Таяммум кіші ластануды жояды___, жасалуы үшін дәрет алуды қажет ететін барлық амалды рұқсат етеді___.
- Шошқаның нәжісі: жеңіл___, ауыр____, орташа___ ластық.
- Адамның қаны: таза___, лас___, аз мөлшерде кешіріледі ___, егер екі жолдың бірінен ақпаса таза___.
- Босанғаннан кейін келетін қанның ең көп мерзімі: 40 күн___, 60 күн___.
- Босанудан кейінгі қан келу кезінде ажырасу: бидғат___, Сүннетке сәйкес амал___.

Атақты ғұлама Ибн Сағдидің (Аллаһ оны рахымына бөлесін) кейбір кітаптарын атаңыз:

……
……
……

Сол қатардағы сөздерді оң қатардағыларымен дұрыс жауапқа сәйкес болатындай қосыңыз:

- Ұйқы барысында шәуеттің шығуы …	- Кіші ластану
- Ғұсыл алуды міндеттейтін барлық нәрсе …	- Етеккір қаны
- Дәрет алуды міндеттейтін барлық нәрсе …	- Босанғаннан кейінгі қан
- Әйел кісі босанғаннан кейін оның жатырынан ағатын қан...	- Үлкен ластану
- Әйелдерге кәмілет жасына толғанда келетін қан ...	- Поллюция

НАМАЗ КІТАБЫ

Намаз – өзің құрамына белгілі сөздер мен амалдарды қамтитын, тәкбір айтумен басталып, тәслим айтумен аяқталатын ғибадат.

Оның екі түрі бар:

<table>
<tr><td colspan="5">Парыз (фард)
Кәмілет жасына толған, ақыл-есі толық, (ал әйелге байланысты етеккір мен босанудан кейінгі тазару хәлінде болмаған, әр мұсылман адамға міндетті (намаздар).</td><td colspan="2">Нәпіл (мустахаб – сүннет)
Міндетті болып саналмайтын, алайда орындалуы құпталатын намаздар. Мұндай намаздар көп, олар екі топқа бөлінеді:</td></tr>
<tr><td>1. Таң намазы: 2 рака-ғат.</td><td>2. Түскі намаз: 4 рака-ғат.</td><td>3. Күннің батуынан бұрынғы намаз: 4 рака-ғат</td><td>4. Кешкі намаз: 3 рака-ғат.</td><td>5. Түнгі намаз: 4 рака-ғат.</td><td>1. Әлдебір себептерге байланысты емес, жалпы нәпіл намаздар – Аллаһтың құлы тыйым салынған уақыттардан басқа қалаған уақытында оқи алатын намаздар.</td><td>2. Әлдебір себептермен байланысты орындалатын намаздар – белгілі уақыт пен себепке ие кез келген құпталатын намаз, оларға парыз намаздарынан бұрын және кейін орындалатын сүннет намаздары да жатады.</td></tr>
</table>

[Намаздың шарттары]		
1. Ислам	2. Ақыл	3. Тамйиз (өзіне бұйырылғанды түсіну жасы)
4. Дәретсіздікті жою	5. Нәжісті жою	6. Әуретті жерлерді жабу
7. Намаз уақытының кіруі	8. Жүзді қыбылаға қарату	9. Ниет

- Жоғарыда намаздың шарттарына тазару кіретіндігі жайлы айтылған болатын.

- Сондай-ақ оның шарттарына намаз уақытының кіруі де жатады.

Бұған негіз ретінде Жәбірейілдің хадисі алынады, онда оның Пайғамбармен ﷺ әрбір намаз уақытының басы мен соңында намаз оқып, кейін: «***Уа Мухаммад, намаз осы екі уақыттың арасында оқылады***», - деп айтқаны хабарланған (Ахмад, Нәсаи және Тирмизи).

АбдуЛлаһ ибн Амрдың сөздерінен Пайғамбардың ﷺ былай дегені хабарланады:

1. ***Бесін намазының уақыты: күн тас төбеден ауғаннан кейін*** (яғни ол аспанның ортасынан ауып, адамның көлеңкесі оның бойы секілді болған кезде) ***аср намазының уақыты кіргенше.***	2. ***Аср намазының уақыты:*** (бесін намазының уақыты өткеннен кейін) – ***күн сарғаймағанша.***	3. ***Кешкі (ақшам) намазының уақыты:*** (күн батқаннан кейін) ***қызыл шапақ жоқ болғанға дейін.***	4. ***Құптан намазының уақыты:*** (шапақ жоқ болғаннан бастап) ***түннің ортасына дейін.***	5. ***Таң намазының уақыты: [екінші] таңсәрі басталғаннан, күн шыққанға дейін*** (Муслим).

Адам (келесі намаздың уақыты кіргенге дейін) бір ракағат оқуға үлгерсе, сол намаздың уақытына үлгерген болып саналады, өйткені Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Егер адам бір ракағатқа үлгерсе, намазға үлгерді***» (әл-Бухари мен Муслим).

Намазды сапар, жаңбыр, ауру және басқа да дәлелді себептермен келесі намазға қосу үшін кейінге қалдырудан басқа, оның уақыты бітіп кеткенге дейін әлдебір себеппен де, себепсіз де кейінге қалдыруға болмайды.

Мына намаздардан басқа намазды өз уақытының басында оқу жақсырақ:

1. Бұл қиын болмаса құптан намазын.	2. Қатты ыстық кезіндегі бесін намазын.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Егер ыстық күшейсе, намазды салқынырақ уақытқа қалдырыңдар, өйткені расында, қатты ыстық – Тозақтың есуінен***» (Бухари).

Қандай да бір намазды өткізіп алған адам, оны көп ұзамай (кідірмей) реттілігін сақтап орындауы қажет.

Егер адам реттілікті ұмытса, немесе оны сақтау қажеттігін білмесе, немесе келесі намаздың уақытын өткізіп алудан қорқатын болса, онда оның мойнынан реттілікті сақтау міндеті түседі.

Намаз уақыты кіргеннен кейін мына нәрселер бұйырылған:	
1. Азан шақыру **<u>Үкімі</u>**: бес уақыт намазға азан шақырылатын елді мекеннің немесе қаланың ер адамдарына ғана жүктелетін ұжымдық міндет. **<u>Уақыты:</u>** намаз уақыты кіргенде, адамдарды бұл жайлы хабарлап, оларды жамағаттағы намазға шақыру үшін айтылады.	**2. Иқамат айту** **<u>Үкімі</u>**: сүннет. **<u>Уақыты</u>**: Намазға кіруден бұрын, алғашқы тәкбірдің алдында.

(Азан шақырудың) үлгісі:	**(Иқамат айту) үлгісі:**
Аллаһу акбар, Аллаһу акбар. Аллаһу акбар, Аллаһу акбар. Әшһаду әллә иләһә иллә *Ллаһ*. Әшһаду әллә иләһә иллә *Ллаһ*. Әшһаду әнна Мухаммада-р-расулу *Ллаһ*. Әшһаду әнна Мухаммада-р-расулу *Ллаһ*. Хайя ғалә-с-салəһ. Хайя ғалә-с-салəһ. Хайя ғаләл-фалəх. Хайя ғаләл-фалəх. Аллаһу акбар, Аллаһу акбар. *Лə* иләһа иллə *Ллаһ*.	Аллаһу акбар. Аллаһу акбар. Әшһаду әллә иләһа иллә *Ллаһ*. Әшһаду әнна Мухаммада-р-расулул-*Ллаһ*. Хайя ғалə-с-салəһ. Хайя ғаләл-фалəһ. Қад қамати-с-саләту қад қаамати-с-салə. Аллаһу акбар. Аллаһу акбар *Лə* иләһа иллə *Ллаһ*.

Азаншы болмаған адамға мына амалдарды жасау абзал:

- Азаншының артынан «Хайя ғалə-с-салəһ» сөздерінен басқа сөздерді қайталау, ал ол сөздерден кейін «*Лə* хəулə уə лə қууата иллə би-*Ллəһ*» сөздерін айтып, жамағат намазына баруға ниеттеніп, осыда Аллаһтан көмек сұрау жөн.
- Пайғамбарға ﷺ салауат айту.
- Азаннан кейін айту абзал болған дұғаны оқу:

اَللّٰهُمَّ رَبَّ هٰذِهِ الدَّعْوَةِ التَّامَّةِ وَالصَّلَاةِ الْقَائِمَةِ آتِ مُحَمَّدًا الْوَسِيلَةَ وَالْفَضِيلَةَ وَابْعَثْهُ مَقَامًا مَحْمُودًا الَّذِى وَعَدْتَه

Мағынасы: «Уа Аллаһ! Осы айтылған шақыру мен орындалатын намаздың Раббысы! Мухаммадқа «əл-Уасилə» (Жәннаттағы ең жоғары сатыны), игілік пен ең жоғарғы орынды нәсіп ет, және оны Өзің ант еткен «Мақам-Махмудта» (Мақтаулы Мекенде) тірілте гөр!».

- Азан мен иқаматтың арасында Аллаһқа қалаған дұғамен жүгіну.

- Сондай-ақ намаздың шарттарына әуретті астынан дене көрінбейтін рұқсат етілген киіммен жабу да жатады.

Әурет үш түрлі болады:

1. Күрделі	**2. Жеңіл**	**3. Орташа**
Бұл кәмілет жасына жеткен азат (күң емес) әйелдің әуреті. Намаз уақытында оның жүзінен басқа бүкіл денесі әурет болады.	Бұл 7-ден 10-ға дейінгі балалардың әуреті: жыныс мүшелері.	Бұл аталған екі топтан басқа адамдардың әуреті: ол кіндіктен тізеге дейін.

Аллаһ Тағала былай деген: «**Әй адам балалары! Әрбір құлшылық орнында зейнеттеріңді алыңдар (киініңдер)**» («әл-Әғраф» сүресі, 31-аят).

- Жүзді қыбылаға қарату да намаздың шарттарына жатады.

Аллаһ Тағала былай деген: «**Қайда болсаңдар да (намазда) жүздеріңді солай қаратыңдар**» («әл-Бақара» сүресі, 150-аят).

Егер ауру немесе басқа да себепке байланысты жүзді қыбылыға қарау мүмкін болмаса, онда бұл шарт та, жасалуы мүмкін емес болған барлық міндетті амалдар секілді, түсіріледі. Аллаһ Тағала былай деген: «**Шамаларың келгенше Аллаһтан қорқыңдар**».

Пайғамбар ﷺ сапарда болғанда нәпіл (қосымша) намаздарды түйесінің үстінде отырып, жүзін түйе бұрылған жаққа қарап орындайтын (әл-Бухари мен Муслим).

Бұл хадистің басқа нұсқасында былай деп айтылады: «***Алайда ол парыз намаздарды бұлай орындамайтын***».

- Сондай-ақ намаздың шарттарына орыны жүректе болатын ниет те жатады [және оны тілмен айту бидғат болып саналады].

Намазды мына жерлерден басқа барлық жерде оқуға болады:

1. Лас (нәжіс) жер	2. Қақысыз иемденген жер	3. Қабір	4. Дәретхана мен монша	5. Түйелерге арналған қашалар

Әт-Тирмиздің «Сунан» жинағында Пайғамбарға ﷺ жатқызылатын хадис келтіріледі, онда ол былай деген: «***Мазарлар мен моншалардан басқа барлық жер мешіт болып табылады***».

Намаздың сипаттамасы туралы тарау

Намазға [сөздер мен қимылдарда] байсалдылықпен және [сыртқы келбетте] абыройлылық сақтап барған құпталады (мустахаб).

Мешітке кіру кезінде мына сөздерді айту абзал:

بسم الله وَالصَّلاةُ وَالسَّلامُ عَلَى رَسُولِ الله اللَّهُمَّ اغفِر لِي ذُنُوبِي وَ افْتَحْ لِي أَبْوَابَ رَحْمَتِكَ

Мағынасы: «Аллаһтың атымен. Аллаһтың Елшісіне Оның игілігі мен сәлемі болсын. Уа Аллаһ, менің күнәларымды кешір және маған Рахымыңның қақпаларын аша гөр!»

Абзал (құпталатын сауапты) амалдар:

1. Мешітке оң аяқпен кіру;	2. Мешіттен сол аяқпен шығу.

Ескертпе: «Уә с-саләт...» (игілігі болсын) сөздері, мешітке кірерде және шығарда айтылатын дұғалар баяндалатын ешбір сенімді хадисті келтірілмейді.

Жоғарыда келтірілген дұғаны былай айту қажет:

اللَّهُمَّ افْتَحْ لِي أَبْوَابَ فَضلِكَ

Мағынасы: «Уа Аллаһ, маған мейіріміңнің қақпаларын аша гөр!» Ахмад пен Ибн Мәжаһ келітірген хадисте осылай айтылған.

Намазға тұрғанда «Аллаһу Акбар» сөздерін айтып, [саусақтардың араларын қосып, алақандарды қыбылаға қаратып] қолды:

1. Иыққа дейін;	2. Немесе құлақтардың деңгейіне дейін көтеру қажет.

(Қолды) мына төрт жерде көтеру қажет:

1. Намазға кіргенде айтылатын тәкбірде;	2. Рукуғта;	3. Рукуғтан көтерілгенде;	4. Бірінші ташаххудтан көтерілгенде.
Кейін оң қолды сол қолдың үстіне [оң қолдың алақанымен сол қолдың сыртқы жағын қысып] қойып, [білезіктер мен білектерді] кіндіктің үстіне, немесе астына, немесе кеудеге қою қажет.			
Ескертпе: Қолды кеудеге қою Сүннетке көбірек сәйкес келеді, ал басқа екі нұсқаға байланысты Пайғамбардан ﷺ келген сенімді деректер жоқ.			
Көзді басқа жаққа қаратпай, сәжде жасалатын жерге қарату қажет.			

Кейін келесі сөздерді айту қажет:

سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ و تَبَارَكَ اسْمُكَ، وَتَعَالَى جَدُّكَ وَلَا إِلَهَ غَيْرُكَ

Мағынасы: «Уа Аллаһ! Сен Пәксің және Саған мадақ! Сенің Есімің берекелі және Сенің ұлылығың бәрінен (де) жоғары, әрі Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешкім жоқ».

Немесе Пайғамбардан ﷺ келген басқа да «намазды ашатын» дұғаларды айтуға болады [тек бірінші ракағатта]. Кейін истиғаза:

أَعُوْذُ بِاللهِ مِنَ الشَّيْطٰنِ الرَّجِيْمِ

[Мағынасы: «Аллаһқа лағнеттелген шайтанан пана тілеп жүгінемін»]

және бәсмәлә айтылады:

بِسْمِ اللهِ الرَّحْمنِ الرَّحِيمِ

[Мағынасы: «*Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен*»].

Кейін «әл-Фатиха» сүресін оқу керек.

«Әл-Фатихадан» кейін төрт және үш ракағаттан тұратын намаздардың алғашқы екі ракағаттарында кез келген сүрені истиғазасыз оқу абзал (мустахабб). (Яғни мына намаздарда):

1. Таң намазында (ұзын «муфәссал» (бөлек) сүрелердің кез келгені);	2. Кешкі намазда (кез келген қысқа сүре);	3. Қалған намаздарда (ұзақтығы орташа кез келген сүре).

«Бөлек» («муффассәл») сүрелердің түрлері:		
Ұзын: «Қаф» сүресінен «әл-Мурсаләт» сүресіне дейін	**Орташа**: «ән-Нәба» сүресінен «әл-Ләйл» сүресіне дейін	**Қысқа**: «әд-Духа» сүресінен «ән-Нәс» сүресіне дейін

Сүрелерді намазда оқудың сипаттамасы:

1. Түңгі намаздар дауыстап оқылады.	2. Дауыстап оқылуы қажет болған жұма және айт намаздары мен күн тұтылуы себебімен оқылатын намаздардан басқа күндізгі намаздардың барлығы дауыссыз оқылады.

Кейін рукуғ жасау үшін тәкбір айтылады.
Рукуғте екі қолды тізелерге [шынтақтарды бүкпей] қою қажет.
Басты арқаның деңгейінде (түзу) ұстау қажет.
Осы қалыпта:

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْعَظِيم

(Мағынасы): «Аса Ұлы Раббым Пәк!»,
- деп бір рет [міндетті түрде], немесе бірнеше рет айту абзал.
Егер осыдан соң рукуғ пен сәждеде:

سبحانك اللهم ربنا و بحمدك اللهم اغفر لي

(Мағынасы): «Уа Аллаһ! Сен Пәксің, Раббымыз, және Саған мадақ. Уа Аллаһ! Мені кешіре гөр», - деп айтылса, жақсырақ болады.
Кейін рукуғтан мына сөздерді айтып көтерілу қажет:

سمع الله لمن حمده

***Мағынасы**: «Аллаһ Оны мақтап, мадақтағанды естісін»* – бұл (дұға) адам намазды имам ретінде де, немесе жалғыз оқыса да айтылады.
Кейін намазда тұрғандардың барлығына [қиямда тік тұрып], мына дұғаны айту абзал болады:

ربنا ولك الحمد حمداً كثيراً طيباً مباركاً فيه مِلْءَ السَّمَاء وَمِلْءَ الأَرْضِ، وَمِلْءَ مَا شِئْتَ مِنْ شَيْءٍ بَعْدُ

Мағынасы: «Уа Аллаһ! Раббымыз, барлық мақтау-мадақ Саған. Барлық жақсы, игі, ізгі мақтаулар Саған ғана! Бұл мақтау-мадақтар көктер мен жерді және Сен қалаған барлық нәрсені толтырсын».
Кейін Пайғамбар ﷺ айтқандай, дененің жеті бөлігімен сәжде жасалады: «***Маған жеті сүйекке сүйеніп сәжде жасау бұйырылды: маңдайға (бұны айтқанда, ол қолымен мұрынына нұсқады), екі алақанға, екі тізеге және екі аяқтың ұшына***» (әл-Бухари мен Муслим).

Сәжде жасағанда екі қолтық денеден, қарын – саннан, және сан жіліншіктерден ажыратылып, білектер еденнен көтерілген кейіпте болуы керек.

Және мына дұғаны:

سُبْحَانَ رَبِّيَ الْأَعلَي

(Мағынасы: «Аса жоғары Раббым Пәк»), бір рет айту (міндетті), ал бірнеше рет айту (абзал). [Сондай-ақ бұған қоса хадистерде келтірілген басқа да дұғаларды айтса болады].

Одан кейін тәкбір айтып, сол аяқтың үстіне отырып, оң аяқты түзеу қажет («әл-ифтираш» отырысы). Бұл қалыппен намазда соңғы тәшаххудтан басқа барлық ташаххудтарда отыру керек, ал соңғы ташаххудта «тауаррук» қалпында отыру керек, яғни сол аяқ оң аяқтың астынан көрінетіндей етіп сол жамбаспен еденге отыру қажет.

Бұл кейіпте мына дұғаны айту керек:

رب اغفر لي و ارحمني و اهدني و ارزقني و اجبرني و عافني

Мағынасы: «Раббым, мені кешір, рахым ет, тура жолға сал және маған өмір сүруім үшін ризық бер және мені Өзің оңдап, маған есендік бере гөр». Кейін екінші сәждені де бірінші сәждедей жасау қажет.

Кейін тәкбір айтып, орнынан тік тұрып, екінші ракағатты бірінші ракағаты оқығандай етіп оқу қажет [алайда екінші ракағатта намазды ашатын дұғаны айтудың қажеті жоқ].

Кейін отырып, бірінші ташаххудты оқу керек. Оның оқылу үлгісі:

اَلتَّحِيَّاتُ لِلَّه وَ الصَّلَوَاتُ وَ الطَّيِّبَاتُ اَلسَّلاَمُ عَلَيْكَ اَيُّهَا النَّبِيُّ وَ رَحْمَةُ اللَّه وَ بَرَكَاتُهُ اَلسَّلاَمُ عَلَيْنَا وَ عَلَىٰ عِبَادِ اللَّهِ الصَّالِحِينَ اَشْهَدُ اَنْ لاَ اِلاَهَ اِلاَّ اللّٰهُ وَ اَشْهَدُ اَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَ رَسُولُهُ

Мағынасы: «Сәлемсулер, намаздар және барлық ізгі амалдар тек Аллаһ үшін. Уа Пайғамбар! Саған сәлем және Аллаһтың рахымы мен Оның берекесі болсын. Бізге және Аллаһтың салиқалы құлдарына сәлем. Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне куәлік беремін және Мухаммад – Оның құлы мен Елшісі екендігіне куәлік беремін».

Кейін тәкбір айтып, намазды соңына дейін жалғастырып, әр ракағатта «әл-Фатиха» сүресін оқу қажет. (Намаздың) соңында тағы да ташаххудты оқып, ізінен келесі дұғаларды қосу керек:

1. **اللَّهُمَّ صَلِّ عَلَى مُحَمَّد، وَعَلَى آلِ مُحَمَّد، كَمَا صَلَّيْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ وَعَلَى آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ، اللَّهُمَّ بَارِكْ عَلَى مُحَمَّد، وَعَلَى آلِ مُحَمَّد، كَمَا بَارَكْتَ عَلَى إِبْرَاهِيمَ و علي آلِ إِبْرَاهِيمَ، إِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ** *Мағынасы: «Уа Аллаһ! Ибраһимге және оның отбасына игілік еткеніңдей, Мухаммадқа және оның отбасына да игілік ет. Шын мәнінде Сен аса Мақтаулы әрі Даңқтысың. Уа Аллаһ! Ибраһимге және оның отбасына береке бергеніңдей, Мухаммадқа және оның отбасына да береке бере гөр. Шын мәнінде Сен аса Мақтаулы әрі Даңқтысың!»*	2. **اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ مِنْ عَذَابِ جَهَنَّمَ، وَ مِنْ عَذَابِ الْقَبْرِ، و مِنْ فِتْنَةِ الْمَحْيَا وَالْمَمَاتِ و مِنْ شَرِ فِتْنَةِ المسيح الدَّجَّالِ** *Мығанысы: «Уа Аллаһ! Расында, мен Өзіңе қабір азабынан, Тозақ азабынан, өмір мен өлім бүлігінен және Мәсих Дәжжәл бүлігінен пана сұрап сыйынамын».*	3. Аллаһқа кез келген дұғалармен жалбарынуға болады, алайда Пайғамбардан ﷺ жеткізілген басқа дұғаларды айту жақсырақ.

Кейін оң және сол жаққа: السلام عليكم و رحمة الله (әс-сәләму ғаләйкум уа рахмату-Лаһ), - деп тәслим айту қажет.

Өйткені бұл жайлы Абу Дауд жеткізген Уәил ибн Хужрдың хадисінде хабарланады.

Жоғарыда келтірілген сөздердің ішіндегі намаздың **ауызша рүкіндері (тіректері)**: алғашқы тәкбір, имамға ұйымаған адам үшін «әл-Фатиханы» оқу, соңғы ташаххуд пен тәслим.

Бірінші ташаххуд пен оны оқу үшін отырудан басқа намаздың барлық іс-әрекеттері намаздың **іс-амалдық рүкіндері (тіректері)** болып саналады, (ал айтылған амалдар) намаздағы міндетті амалдарға жатады.

Намаздың 14 тірегі бар:		
1. Мүмкіндік бар болса (қиямда) тұру;	2. Намазға кірерде айтылатын (алғашқы) тәкбір;	3. «Әл-Фатиха» сүресін оқу;
4. Рукуғ;	5. Рукуғ жасалғаннан кейін тік тұру;	6. Дененің жеті бөлігімен сәжде жасау;
7. Сәждеден көтерілу;	8. Екі сәжде арасында отыру;	
9. Бұл амалдардың барлығын жасау барысында байсалдылық пен тыныштық сақтау;	10. Тіректердің арасындағы реттілікті сақтау;	11. Соңғы ташаххуд;
12. (Ташаххуд) үшін отыру;	13. Пайғамбарға салауат айту;	14. Екі тәслим.

Намаздың міндетті (уәжіп) амалдары 8:		
1. Бірінші ташаххуд;	2. Бірінші ташаххуд үшін отыру;	3. Алғашқы тәкбірлерден басқа барлық тәкбірлер;

4. Рукуғта: «Субхана рабби әл-ғазым» деген сөздерді бір рет айту;	5. Сәждеде «Субхана рабби әл-әғлә» сөздерін бір рет айту;	6. Екі сәжде арасында «Рабби ғфир-ли» сөздерін бір рет айту. Бұл сөздерді біреуден көбірек рет айту мустахаб болып саналды;
7. Имам және намазды жалғыз оқыған адам үшін: «Самиға Ллаһу ли-ман хамидаһ» деген сөздерді айту;	8. Намаздағы барлық адамдар үшін: «Раббана уә ләкә әл-хамд» деген сөздерді айту.	

Бұл міндетті амалдардың әлдебіреуі ұмытшақтық немесе білместік себебімен орындалмай қалған жағдайда мойыннан түседі, алайда «сужуд әс-саһу» (намаздың соңында екі қосымша саһу сәжде) жасау арқылы өтеледі.

Намаздың тіректерін ұмыту мен білместік себебінен де, әдейі де орындамай қалдыруға болмайды.

Қалған мустахаб (сүннет) сөздер мен амалдар намазды толықтырушы болып табылады.

Намаздың тіректеріне олардың барлығын байсалды және бірқалыпты орындау да жатады.

Абу Хурайраның сөздерінен Пайғамбардың ﷺ былай дегені хабарланады: «***Сен намазға тұрғаныңда дәретті кәміл күйде ал, кейін қыбылаға қарап, тәкбір айт. Кейін өзіңе Құраннан жеңілдетілгенді оқы, кейін рукуғты онда тыныш күйде тұрғанға дейін жаса. Кейін одан тік тұрғанша көтеріл. Кейін сәждені онда тыныш күйде жеткенше жаса, кейін (басыңды) көтеріп, тыныш күйге жеткенше отыр. Бұдан соң сәждені онда тыныш күйде болғаныңа дейін жаса. Әрі намаздың басқа барлық (амалдарын) да осылай жаса***» (әл-Бухари мен Муслим).

Сондай-ақ ол ﷺ былай деген: «***Намазды мен оны қалай орын-дап жатқанымды көргендеріндей етіп орындаңдар***» (әл-Бухари мен Муслим). Ол ﷺ намазды оқып болғаннан соң: ***«Астағфиру-Ллаһ»,*** – деп үш рет истиғфар айтып, былай дейтін:

1.	2.	3.
اَللّٰهُمَّ أَنْتَ السَّلامُ وَمِنْكَ السَّلامُ تَبارَكْتَ وَتَعالَيْتَ يا ذَا الْجَلالِ وَالْإِكْرام *Мағынасы: «Уа Аллаһ! Сен кемшіліктерден Пәксің, әрі есендік те Сенен, Сен игі-берекелі, уа ұлылық пен жомарттық Иесі!»*	**لا إله إلا الله وحده لا شريك له، له الملك وله الحمد، وهو علي كل شيء قدير، لا اله إلا الله ولا نعبد إلا إياه له النعمة وله الفضل وله الثناء الحسن، لا إله إلا الله مخلصين له الدين ولو كره الكافرون** *Мағынасы: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ. Ол жалғыз әрі Оның серігі жоқ. Бүкіл билік Оған тән, әрі барлық мақтау Оған ғана. Сондай-ақ Оның күш-құдіреті барлық нәрсеге толық жетеді. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ. Біз Аллаһ алдында дінге ықыластымыз, тіпті мұны кәпірлер ұнатпаса да!»*	**سبحان الله و الحمد لله و الله أكبر** деген сөздерді 33-реттен және жүзінші ретте: **لا إله إلا الله وحده لا شريك له، له الملك وله الحمد، وهو علي كل شيء قدير** деген сөздерді айту.

**Парыз намаздармен бірге оқу абзал болған рауатиб намаздардың саны 10, және олардың барлығы Ибн Умардың (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) хадисінде айтылған: «*Мен Аллаһ Елшісінен 10* ﷺ *ракағатты есімде сақтадым:*

1. Бесін намазынан бұрынғы және кейінгі екі ракағат;	***2. Ақшам намазынан кейінгі үйде жөн болған екі ракағат;***	***3. Құптан намазынан кейінгі үйде оқу жөн болған екі ракағат;***	***4. Таң намазынан бұрынғы екі ракағат»*** (әл-Бухари мен Муслим).

Бұл намаздардың «рауатиб» (ратибат) деп аталатының себебі - олардың парыз намаздарымен бірге оқылатындығынан.

Намаз	Таң намазы	Бесін намазы	Ақшам намазы	Құптан намазы
Ракағаттар саны	2	4 немесе 6	2	2

Намаздан бұрын	2	2 немесе 4	-	-
Намаздан кейін	-	2	2	2

Мустахаб және рауатиб намаздарды оқудағы даналық мына нәрселерде:

- Аллаһтың құлы парыз намаздарда жасаған қателіктерді дұрыстауда;
- Иманның артуында, өйткені иман ғибадатпен артып, күнәмен азаяды.

Ең мығым бекітілген рәтибат намазы – бұл таң намазының бұрынғы екі ракағат сүннет намазы, және ол басқа рауатиб намаздарынан төмендегі келтірілетін сипаттарымен ерекшеленеді:

1. **Артықшылығы**	2. **Жеңілдетіп оқылуы**	3. **Тұрақтылығы**	4. **Оқылу әдісі**	5. **Бұл намазды оқығаннан кейін жамбастап жату**
Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Таң намазынан бұрынғы екі ракағат бұл дүние мен ондағы барлық нәрседен жақсырақ***».	Алайда тіректерде ғапылдық танытпау қажет. Айша (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «***Ол (Пайғамбар ﷺ) азанды естігенде (парыз намаздан бұрын) таң намазының екі ракағатын жеңілдетіп оқыған***».	Бұл намаз сапарда да, тұрғылықты мекенде де қалдырылмайды.	Ол ерекше оқылу әдісіне ие, өйткені онда «әл-Кәфирун» және «әл-Ихләс» сүрелері оқылады.	Ол аяқталғаннан кейін, егер адам үйінде болса және оған дейін түнді құлшылықпен өткізген болса, оң жаққа сүйенген жөн.

Ұмытшақтық орын алғанда (сужуд с-сахуи), Құран оқылғанда (сужуд әт-тиләуа) жасалатын және шүкірлік (сужуд әш-шукр) сәжделері туралы тарау

Сужуд әс-сахуи мына жағдайларда жасалады:

1. Егер адам намазда бекітілгеннен артық рет сәжде немесе рукуғ, немесе қиям, немесе отырыс жасаса;	2. Егер адам аталған амалдардан әлдебіреуін ұмытса. Бұл жағдайда ол бұл амалды жасап, кейін сужуд әс-саху жасауы қажет.	3. Егер адам ұмытшақтықпен намаздың міндетті амалдарынан әлбебіреуін қалдырса;	4. Егер адам намаздың әлдебір амалын керегінен көп немесе аз рет жасадым деп күмәнданса.

Пайғамбардың ﷺ мына іс-амалдарды жасағаны сенімді түрде хабарланған:

1. Ол ﷺ (ұмытшақтықтан) бірінші тәшаххудты орындамай орнынан келесі ракағатқа тұрған және намаз соңында сужуд әс-саху жасаған.	2. Бесін немесе аср намазын (ұмытшақтықтан) екі ракағат етіп бітірген, ал оған бұл жайлы есіне салғанда, ол намазды соңына дейін толықтырып, ізінен сужуд әс-саху жасаған.	3. Бесін намазын бес ракағат етіп оқыған, ал оған ол артық ракағат оқығандығы жайлы айтылғанда, ол: «***Қалайша?***», - деп сұрады. Оған: «*Сіз бес ракағат оқыдыңыз*», - деп жауап берілді. Сонда ол екі сәжде жасап, кейін тәслим берді (әл-Бухари мен Муслим).	4. Хадис: «***Егер сендерден біреу намаз уақытында қанша ракағат оқығаны жайлы: үш пе, әлде төрт пе - деп күмәнданса, күмәнды тастап, өзіне сенімді болған ракағат санына сүйенсін. Кейін ол сәлем беруден бұрын екі сәжде жасауы қажет. Сөйтіп, егер ол бес ракағат оқыған болса, онда екі сәжде (сәжда әс-сахуи) оның намазының ракағаттарын жұп санға әкеледі. Ал егер ол намазын дұрыс оқыған болса, онда бұл сәжделер шайтан үшін қорлық болады***» (Ахмад және Муслим).

Бұл екі сәждені тәслимнен бұрын немесе одан кейін жасауға рұқсат етіледі.

Сондай-ақ мына жағдайларда да сәжде жасау құпталады (мустахаб болып саналады):

1. Намазда немесе басқа да уақытта болсын, сәжде аятын оқыған және тыңдаған адам үшін сәжде (сужуд әт-тиләуә) жасау абзал;	2. Адамға әлдебір нығмет берілсе, немесе одан әлдебір бақытсыздық тойтарылса, Аллаһқа Аллаһқа шүкірлік сәждесін жасау абзал.
Әрі шүкір сәждесінің (сужуд әш-шукр) үкімі, сужуд әт-тиләуаның үкіміндей мустахаб болып табылады.	
Қағб ибн Мәликтің (Аллаһ оған разы болсын) қиссасында, оған Аллаһ оның тәубесін қабыл алғандығы жайлы хабар жеткізілгенде, оның сәжде жасағаны сенімді түрде хабарланған.	

Сужуд әс-сәһу жасаудың себебі үшеу:

<table>
<tr><td rowspan="2">1. Артық қимыл қосу: Бекітілгеннен артық рет рукуғ, сәжде, қиям, немесе отырыс жасау.</td><td rowspan="2">2. Кемістік жасау: Намаздың міндетті амалдарының бірін, оның орнын өткізіп, жасамау.</td><td colspan="4">3. Оқылған ракағаттардың санына байланысты: үш па, әлде төрт пе - деп күмәндану.
Күмән екі түрлі болады:</td></tr>
<tr><td><u>Ғибадат жасалғаннан кейін орын алатын күмән.</u> Бұндай күмәнға, айқын сенімділік орын алғанға дейін, ешбір көңіл бөлінбейді.</td><td><u>Ғибадат жасалу барысындағы күмән.</u> Оның үкімі:</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td>Егер күмән ракағат саны көп жасалғандығы туралы болса, онда оған көңіл бөлмеу керек.</td><td>Егер күмән ракағат саны аз жасалғандығы туралы болса, онда адам өзі соған қарай иілген (сенімдірек көрінетін) ракағаттар санын ұстану керек.</td><td>Егер адам ракағаттарды көп немесе аз жасағандығы туралы күмәнданса, онда азырақ санға тоқтауы керек.</td></tr>
</table>

Намазды бұзатын нәрселер және ондағы жағымсыз (макрух) амалдар туралы тарау

Намазды мына амалдар бұзады:

1. Намаздың бір тірегін немесе шартын, оны орындауға мүмкіндігі бар бола тұра, әдейі, ұмытшақтықтан немесе білместіктен орындамай, қалдыру (тастау);	2. Намаздың міндетті болған әлдебір амалын әдейі қалдыру;	3. Намаздан бөгде сөздерді [бұның рұқсат етілмейтіндігі жайлы біле және есінде бола тұра] әдейі айту;	4. Дауысты күлкі;	5. Үзіліссіз және қажетсіз жасалынатын көп бөгде қимылдар. Өйткені бірінші жағдайда, адам онсыз намаз жарамсыз болатын амалды қалдырады, ал соңғы екі жағдайда тыйым салынған нәрсені жасайды.

Намазда мына амалдар жағымсыз (макрух) болып саналады

1. Намаз уақытында жан-жаққа бұрылу, өйткені Пайғамбардан ﷺ бұл жайлы сұрағанда, ол: «***Бұл ұрлық, осылайша шайтан пенденің намазынан ұрлайды***», - деген (әл-Бухари);			2. Сондай-ақ ермек үшін (шағын қозғалыстар жасау) да жағымсыз амалдарға жатады;	
3. Қолдарды екі бүйірге қою;	4. Екі қолдың саусақтарын бірінің арасына бірін салу;	5. Саусақтарды қытырлату;	6. Ит секілді отыру [аяқтарды тік ұстап, олардың ортасына еденге отыру];	7. Ойын намаздан бөлетін нәрсеге қарау [мысалы айнаға немесе теледидарға];

8.Намазға өзге нәрсемен алаңдаған жүрекпен (оймен) кіру, мысалы, намазға әжетті өтегісі келген уақытта, немесе тамақ тартылған бола тұра, қатты аштық қысқан кезде кіру. Өйткені Пайғамбар ﷺ: «***Тамақ тартылған уақытта намаз жоқ әрі кіші және үлкен әжет қысқанда намаз жоқ***», - деген (әл-Бухари мен Муслим)	9. Сондай-ақ Пайғамбар ﷺ ер адамға сәжде жасағанда шынтақтарын еденге төсеуге тыйым салған.

Намаздағы кез келген қимыл мына бес үкімнің біріне ие:				
1. Тыйым салынған (харам): Тоқтаусыз жасалған көп қажетсіз қимылдар, мысалы, тамақ жеу;	3. Жағымсыз (макрух): Қажетсіз жасалған кішігірім қимылдар, мысалы, бір жаққа жәй қарау;	4. Рұқсат етілген (мубах): Қажеттілікпен жасалатын қимылдар, мысалы, сақалды сипау;	Абзал (мустахаб): Соны істеу арқылы намаз кәміл болатын қимылдар, мысалы, намаз оқып жатқандардың қатарындағы бос орынды толтыру;	5. Міндетті (уәжіп): намаздың жарамдылығы соларға тәуелді болатын қимылдар, мысалы, нәжісті жою.

Шарт	**Тірек (рукін)**	**Міндетті амал (уәжіп)**	**Абзал амал (сүннет, мустахаб)**
Ғибадаттың өзінің құрамына кірмейді	Ғибадаттың өзіне кіреді		
Ғибадаттың бүкіл уақыты барысында үзілмей талап етіледі	Ғибадаттың белгілі бір бөлігімен ғана шектеледі		
Оны білімсіздікпен де, ұмытшақтықпен де қалдыруға болмайды		Оны білімсіздікпен, ұмытшақтықпен қалдыруға болады, алайда әдейі қалдыруға болмайды.	Оны білімсіздікпен, ұмытшақтылықпен және әдейі қалдыруға болады

Сужуд әс-саху жасаумен толықтырылмайды	Сужуд әс-саху жасаумен толықтырылады	Толықтырылуға мұқтаж емес

Ерікті намаз туралы тарау

Күн мен ай тұтылу намазы туралы бөлім

Бұл намаздардың ішіндегі ең бекем түрде бекітілгені, өйткені Пайғамбар ﷺ оны өзі оқып, басқаларға бұйырған.

Ол Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде келтірілген сипаттамамен орындалады, онда ол: «Пайғамбар ﷺ күн тұтылу намазында Құранды дауыстап оқыған және екі ракағатта төрт рукуғ пен төрт сәжде жасаған», - деп хабарлаған (әл-Бухари мен Муслим).

Сипаттамасы: Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен былай хабарланады: «*Пайғамбардың ﷺ заманында күн тұтылды, сонда ол мешітке шықты, әрі адамдар оның артына сап құрды. Сосын ол тәкбір айтып, (Құранды) ұзақ оқыды, кейін тәкбір айтып, ұзақ рукуғ жасады, кейін ол (басын көтерді де): «**Сәмиға Аллаһу лимән хәмидәх!**», - деді. Кейін ол тік тұрды, (бірақ) сәжде жасамады, сосын (Құранды) бірінші оқуынан қысқалау оқумен оқыды. Содан соң ол қайтадан тәкбір айтты да, біріншісінен қысқалау болған ұзақ рукуғқа иілді. Кейін: «**Самиға Аллаһу лимән хәмидаһ! Раббана уә ләкә-л-хәмд**», - деді. Содан соң ол сәжде жасады да, кейін екінші ракағатты да дәл солай жасады. Осылайша ол төрт рукуғ пен төрт сәждені толық орындады. Күннің (тұтылуы) ол намазды аяқтауынан бұрын-ақ сейілді*» (әл-Бухари).

Намаздан кейін имам, Пайғамбарымыз ﷺ жасағандай, адамдарға құтпа айтып, оларды Аллаһқа жиі дұға етуге, Одан күнәларының кешірілуін сұрауға, садақа беруге үндеуі абзал.

[Үтір намазы туралы бөлім]

Үтір намазы – Пайғамбарымыздың ﷺ сапарда да, үйде де үзбей оқыған және басқа адамдарды да оны оқуға ынталандырған бекем орнатылған сүннет намаз.

1. Оның ракағаттарының ең аз саны: 1 ракағат	**2. Ракағаттарының ең көп саны:** 11 ракағат	**3. Оқылу уақыты** Құптан намазынан кейін, таңсәрі басталғанға дейін	**4.** Оны түнде оқылатын соңғы намаз қылу **мустахаб.**

Пайғамбар ﷺ былай деген: ***«Үтірді түнде оқылған соңғы намаздарың етіңдер»*** (әл-Бухари мен Муслим).

Сондай-ақ ол ﷺ былай деген: «***Түннің соңғы бөлігін өткізіп алуынан қорқатын адам, үтір намазын түннің басында оқысын. Ал кім түннің соңында тұра алатынына сенімді болса, үтір намазын түннің соңында оқысын. Расында, түннің соңында оқылған намаз (періштелердің) күзгерлеріне ие, әрі бұл абзалырақ***» (Муслим).

[Тарау: жаңбыр сұрау (әл-истисқа) намазы]

Адамдар су тапшылығынан мұқтаждық сезінгенде жаңбыр сұрау намазын орындау – сүннет. Бұл намаз айт намазы секілді ашық жерде оқылады және оны оқуға Аллаһтың алдында тағзым-итағатты, кішірейген және мойынсұнған күйде бару керек.

1. Бұл намаз екі ракағат етіп оқылады	2. Намаздан кейін бір құтпа айтылады:		
	А. Онда көп истиғфар жасалады, және оны жасау бұйырылатын аяттар оқылады;	Ә. Дұғада табандылық танытылады;	Б. Дұғаға жуық арада жауап берілетіндігіне үміт етіледі.

Намазға шығудан бұрын жамандықтың тойтарылуына және Аллаһтың рахымының түсуіне себеп болатын келесідей амалдарды жасау қажет:

1. Истиғфар;	2. Тәубе ету;	3. Өзара зұлымдық пен әділетсіздік жасауды тоқтату;	4. Адамдар мен жаратылыстарға жақсылық жасау;	5. Аллаһ Өзінің рахымын жақындататын және жамандықты алыстатын себеп қылған басқа да амалдарды жасау. Ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

[Намаз оқуға тыйым салынған уақыттар туралы бөлім]

Әлдебір себептерге байланысты болмаған нәпіл намаздарды оқуға тыйым салынған уақыт аралықтары:

1. Таң намазынан кейін, күн найзаның бойына дейін көтерілгенше;	2. Екінті намазынан кейін күн батқанша;	3. Күн тас төбеге жеткеннен бастап батысқа ауа бастағанға дейін. Ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

Осы уақыттарда келесідей намаздарды орындау рұқсат етілген:

1. Парыз намаздардың қазасын өтеу;	2. Әлдебір себеппен орындалатын намаздарды оқу, мысалы: дәрет алған соң екі ракағат сүннет намазы, мешітке сәлем беру намазы, тауафтан кейін орындалатын екі ракағат намаз, күн тұтылу намазы, истихара намазы.

Парыз және нәпіл намаздардың арасындағы айырмашылық:

№	Парыз намаз	Нәпіл намаз
1.	Миғраж түні көктерде бұйырылған	Шариғаттың басқа да бұйрықтары секілді
2.	Одан дәлелді себепсіз шығуға тыйым салынған	Одан дәлелді себепсіз шығуға тыйым салынбаған
3.	Оны қалдырған адам күнә жасайды	Оны қалдырған адам күнә жасамайды
4.	Шектеулі мөлшері бар	Шектеулі мөлшері жоқ
5-6.	Міндетті түрде жамағатпен және мешітте оқылады	Оны, кейбір ерекше жағдайлардан басқа кезде, үйде оқу абзал
7.	Қажетті жағдайларды қоспағанда, оны жануардың үстінде (көлікте) оқуға рұқсат етілмейді	Оны қажеттіліксіз де жануардың үстінде (көлікте) оқуға рұқсат етіледі

8.	Оқу үшін бекітілген уақыт бар	Кейбіреулерінде нақты уақыт бар, кейбіреулерінде - жоқ
9.	Жүзді қыбылаға қарату кез келген жағдайда шарт болады	Сапарда жүзді қыбылаға қарату шарт емес
10.	Парыз намазын орындап жатып, одан (белгілі себеппен орындалатын) нәпіл намазға ауысуға рұқсат етіледі, бірақ керісінше (нәпіл намаздан парыз намазға ауысу) рұқсат етілмейді	
11.	Оны немқұрайлылықпен тастаған адам дұрыс пікір бойынша кәпір болады	Оны қалдырған адам бірауызды пікірге сәйкес кәпір болмайды
12.	Ерікті намаздар міндетті намаздарды толықтырады, бірақ керісінше болмайды	
13-14.	Қиямда тұру намаздың тірегі болып табылады, және намаздан шығарда бір ғана тәслим жеткілікті болмайды	Қиямда тұру тірек болып саналмайды және бір тәслим беру жеткілікті
15.	Қожайынынан қашқан құлдан қабыл болады	Қожайынынан қашқан құлдан қабыл болмайды
16.	Намаздан бұрын азан және иқамат айту бұйырылған	Одан бұрын азан және иқамат айту бұйырылмаған
17.	Сапарда қысқартылады	Сапарда қысқартылмайды
18.	Міндеттеме ешбір жағдайда жойылмайды және оны әдетте шамасы болған кезде орындаған, бірақ (шамасыздық себебінен) орындай алмаған адамға толық сауап жазылады	(Орындауға деген үндеу) орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда жойылады, десе де әдетте оны орындап жүрген адамға оны орындағандай сауап жазыла береді
19.	Барлық парыз намаздардан кейін зікір айту бұйырылған	Бұндай намаздан кейін оқылатын зікірлер тек кейбір жағдайларда ғана бұйырылған
20.	Оны Қағбаның ішінде оқуға рұқсат етілмейді деп саналады, алайда дұрыс пікір – бұның рұқсат етілгендігі	Оны Қағбаның ішінде оқуға рұқсат етілген

21.	Екі намазды қосу рұқсат етілген	Оларды қосу рұқсат етілмеген
22.	Сауабы көбірек	Сауабы азырақ
23.	Бұл намазды оқу барысында су ішу қатал түрде тыйым салынған	Суды аз мөлшерде ішу рұқсат етілген
24.	Парыз намаздарының арасында бір ракағаттан тұратын намаз жоқ	Нәпіл намаздардың арасында бір ракағат етіп оқылатын намаз бар
25.	Аллаһқа жалбарынып, Аллаһтың қорғауына жүгініп, рахым немесе жаза жайлы аяттарды оқу рұқсат етілген (алайда бұны тұрақты түрде жасау бекітілмеген)	Аллаһқа жалбарынып, Аллаһтың қорғауына жүгініп, рахым немесе жаза жайлы аяттарды оқу бекітілген
26.	Намазда ересек адам үшін кішкентай бала имам болып шыға алмайды деп саналады, алайда дұрыс пікір – бұның рұқсат етілгендігі	Кішкентай бала кәмілет жасына жеткендер үшін имам болып тұра алады
27.	Парыз намазын оқып тұрған адам нәпіл намазды оқып жатқан адамға имам болуына рұқсат етіледі деп айтылады	Нәпіл намазын оқитын адамның парыз намазын оқыған адамның артынан ұюына рұқсат етілген. Бірақ жетпейтін ракағаттарды қоса өтеу қажет.
28.	Барлық парыз намаздарының қазаларын олардың ракағаттарының санын түгелдеп өтеу қажет, алайда жұма намазының қазасы бесін намазы ретінде төрт ракағат етіп оқылады	Кейбір намаздардың қазалары бастапқыда болған ракағаттар санымен өтеледі, ал кейбіреулерінің, мысалы, үтір намазының қазасы, бастапқыда болған ракағаттар санынан өзгеше өтеледі
29.	Түнгі парыз намаздар дауыстап оқылады	Түнгі нәпіл намаздар адамның қалауына байланысты, дауыстап немесе іштей оқылады
30.	Екі пікірдің біріне сәйкес намазда иықтарды жабу қажет	Иықтарды жабу міндетті емес

31.	Ешбір намаз ешқандай жағдайда қалдырылмайды	Кейбір намаздар сапар уақытында қалдырылады

Жамағат намазы мен оған имамдық ету туралы тарау:

Бес уақыт намаздарды жамағатпен орындау ер адам үшін тұрғылықты орнында да, сапар да жеке парыз (фард-әл-ғайн) болып саналады. Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Мен жамағат намазын оқуды бұйрып, намазға имам тағайындап, содан кейін жаныма отын шоғын алып жүретін ерлерді ертіп шығып, жамағат намазына қатыспағандардың үйлерін отпен өртеп жіберуді қалар едім***» (әл-Бухари мен Муслим).

Бұл намазға қатысатын адамдардың ең аз саны имам мен бір ұйып оқушы (маъмум). Жамағат намазына неғұрлым көп адам қатысса, бұл Аллаһқа соғұрлым ұнамды болады.

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Жамағат намазының сауабы жалғыз оқылған намаздың сауабынан жиырма жеті есе көп***» (әл-Бухари мен Муслим).

Ол ﷺ сондай-ақ былай деген: «***Егер сендер (парыз намазды) үйде оқып, кейін (мешітке) келіп, имамның әлі намаз оқымағанын көрсеңдер, онда онымен бірге намаз оқыңдар, әрі бұл сендер үшін нәпіл (намаз) болады***». Хадисті «Сунан» кітаптарының барлық авторлары келтірген.

Абу Хурайраның сөздерінен Пайғамбарға ﷺ көтерілетін хадисте былай деп хабарланады: «***Имам басқа адамдар соның үлгісіне ілесіп (намазды) орындау үшін тағайындалады. Сондықтан...***».

1. Ол («Аллаһу акбар», - деп) Аллаһты ұлықтаса, сендер де (ізінен) Оны ұлықтаңдар және бұны одан бұрын жасамаңдар.	***2. Ол рукуғ жасағанда, сендер де рукуғ жасаңдар, және бұны одан бұрын жасамаңдар.***	***3. Ол: «Самиға-Аллаһу лиман хамидаһ!», - деп айтқанда, сен дер де: «Раббана, уа ләкәл хамд!», - деп айтыңдар.***	***4. Ол сәжде жасағанда, сендер де сәжде жасаңдар, және бұны одан бұрын жасамаңдар.***	***5. Егер ол намазды отырып оқыса, сендер де онымен бірге отыруларың керек***». Хадисті Абу Дауд келтірген және оның негізгі бөлігі екі «Сахих» жинақтарында келтіріледі.

Әрі бұл намазда келесі нәрселер жасалуы қажет:

1. Имам (жамағаттың) алдына шығуы қажет;	2. Ұйып оқушылар (маъмумин) сап түзеп тұрулары қажет;	3. Алдымен алғашқы саптарды толтыру қажет;
4. Әйелдер еркектердің артқы жағында бөлек сапқа тұрулары қажет.		

Ал кім үзірлі себепсіз саптың артында жалғыз өзі тұрып бір ракағат (болса да) намаз оқитын болса, ол намазды қайта өтеуі қажет.

Ибн Аббас былай деген: «***Бірде мен түнде Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге намаз оқығым келіп, оның сол жағына тұрдым. Сонда ол мені желкемнен ұстап, өзінің оң жағына тұрғызды***» (әл-Бухари мен Муслим).

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Егер иқаматты естісеңдер, намазға байсалды түрде және абыройлылық кейіпті ұстанып барыңдар әрі асықпаңдар. Үлгергендеріңді (имаммен бірге) оқыңдар, ал өткізіп алынған (ракағаттарыңды) ізінен толықтырыңдар***!» (әл-Бухари мен Муслим). Тирмизидің нұсқасында былай деп айтылған: «***Егер сендердің әлдебіреуің жамағат намазына келсе әрі имамды әлдебір хәлде көрсе, онда имамның істеп жатқанын істесін***».

Үзірлі адамдардың намазы туралы тарау

[Науқас адамның намазы туралы бөлім]

Науқас адамға жамағат намазына қатыспау кешіріледі.

Егер намазды тұрып оқу науқастың ауруын арттыратын болса, онда оған намазды отырып оқуға рұқсат етіледі, ал егер науқас адам отыра да алмаса, ол жамбасымен жатуына болады. Пайғамбар ﷺ Имран ибн Хусайнға былай деген: «***Намазды тұрып оқы, егер бұны жасай алмасаң, онда отырып оқы, ал егер бұны да жасай алмасаң, онда жамбасыңа жатып оқы***» (Бухари).

Егер науқас адамға әрбір намазды өз уақытында оқу қиын болса, онда ол бесін намазы мен аср намазын, ақшам намазы мен құптан намазын біріктіріп, олардың бірін оқып жатқанда ізінен басқасын қосып оқыса болады.

[Сапардағы адамның намазы туралы тарау]

Дәл сол сияқты сапардағы адамға да намаздарды қосып оқуға рұқсат етіледі: [ол бесін намазын аср намазымен, ақшам намазын құптан намазымен бір уақытта біріктіріп, не олардың біріншісін оқып жатқанда екіншісін алдыға жылжытып, немесе біріншісін артқа қалдырып екіншісімен қоса оқи алады].

Сондай-ақ сапардағы адамға төрт ракағаттан тұратын намаздарды екі ракағатқа қысқарту сүннет болып табылады.

Ол сондай-ақ рамазан айынының парыз оразасын сапарда ұстамауына болады [алайда оны рамазаннан кейін басқа уақытта өтеуге міндетті].

[Қауіптілік жағдайындағы намаз туралы бөлім]

Қауіптілік намазын оны Пайғамбар ﷺ оқыған кез келген әдіспен оқуға болады.

Мысалы, Салих ибн Хауваттың хадисінде, «Зат әр-Рикағ» шайқасында Пайғамбармен ﷺ бірге қауіптілік намазын оқыған адамнан былай деп хабарланады:

«(Мұсылмандардың) бір тобы Пайғамбармен ﷺ бірге намаз оқыды, ал екінші топ жауға бетпе-бет тұрды.	***Ол өзімен бірге намазға тұрған топпен бір ракағат оқыды.***	***Кейін ол қиямда тұрған хәлінде қала берді, ал олар намазды өздерінше аяқтады.***	***кейін олар (орындарынан) кетіп, жауға бетпе-бет тұрды.***	***Содан кейін басқа топ келіп (оның ﷺ артына намазға) тұрды, әрі ол олармен бірге қалған (екінші) ракағатты оқыды.***	***Кейін ол отырған хәлінде қала берді, ал олар (екінші ракағатты өздерінше орындап) намазды аяқтады.***	***Кейін олар онымен бірге (екі жаққа) сәлем берді»*** (әл-Бухари мен Муслим).

«***Ал егер қауіптілік одан сайын күшейсе, онда намазды жаяу немесе салтты түрде, қыблаға қарап та, қарамай да, сәжде мен рукуғты ыммен білдіретін қимыл жасап оқыңдар».***

Дәл осылайша өзі үшін қауіптінетін кез келген адам да, қалыптасқан жағдайға сәйкес намазын оқып, осы орайда жасауы қажет болған кез келген бөгде қозғалыстарды жасауына, мысалы, егер қауіпсіздігі үшін жүгіру қажет болса, жүгіруіне болады.

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Егер мен сендерге әлбір нәрсе бұйырсам, оны шамаларың жеткенше жасаңдар***» (әл-Бухари мен Муслим).

Жұма намазы туралы тарау

Жамағат намазға қатысуға міндетті болған әрбір адам үшін ол өз тұрғылықты жерінде болса жұма намазына қатысу міндетті болады.

Жұма намазының шарттарына мына нәрселер жатады:

1. Оны өз уақытында оқу;	2. Оны елді мекенде оқу;	3. Одан бұрын қос құтпа оқу.

Жәбирдің сөздерінен былай деп жеткізілген: «*Пайғамбар ﷺ құтпа жасағанда:*

1. Екі көздері қызаратын, дауысы көтеріліп шығатыны әрі ашуының күшеетіні соншалық, тіпті ол бейне бір елін басып келе жатқан жаудан ескертіп: «Жау сендерге азанда келеді!» - немесе: «Жау сендерге кешке келеді!» - деп ескертуші сияқты болатын.	*2. Кейін ол:* ***«Ал содан соң, расында, ең жақсы сөздер - бұл Аллаһтың Кітабы, ал ең жақсы жол – бұл Мухаммадтың ﷺ жолы. Амалдардың ең жаманы – дінге енгізілген жаңалықтар (бидғаттар), ал әрбір бидғат – адасушылық!»*** *- деп айтатын» (Муслим).*	**3.** Бұл хадистің басқа нұсқасында одан былай хабарланады: *«Аллаһ Елшісінің жұма күнгі құтпасы Аллаһқа мақтаумадақ айтудан және Оны пәктеп-дәріптеуден тұратын, кейін ол өз сөзін қатты дауыспен жалғастыратын».*	**4.** Басқа риуаятта одан Пайғам бардың ﷺ былай деп айтқаны жеткізілген: ***«Кімді Аллаһ тура жолға салса, оны ешкім адастыра алмайды, ал кімді Ол адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды».***	**5.** Ол ﷺ сондайақ былай деген: «***Расында,, адамның намазды ұзартып, құтпаны қысқартқаны оның дінді дұрыс түсінетіндігіне нұсқайды***» (Муслим).

Құтпаны мінберде тұрып айтқан мустахаб, имам мінберге көтерілген соң, адамдарға бұрылып, оларға сәлем беруі керек.

Кейін ол отырады, ал азаншы азан айтады. Содан соң имам тұрып, құтпа айтады, кейін қайтадан қысқа уақыт отырады, сосын екінші құтпасын айтады.

Кейін жұма намазы оқылады. Онда имам намазға сап құрған адамдармен екі ракағатты дауыстап оқиды. Бірінші ракағатта ол «әл-Фатихадан» кейін «әл-Әғлә» сүресін, ал екінші ракағатта «әл-Ғашия», немесе бірінші ракағатта «әл-Жумға», ал екіншісінде «әл-Мунафиқун» сүрелерін оқығаны абзал.

Жұма намазына баратын адамға келесілерді жасау абзал (мустахаб) болады:

1. Ғұсыл алу;	2. Хош иісті әтір жағу;	3. Ең жақсы киімің кию;	4. Мешітке ертерек бару;
5. Пайғамбарға көп салауат айту;		6. Бұл күні «әл-Кәһф» сүресін оқу;	
7. Дұғалар қабыл болатын уақытқа үлгеріп, осы уақытта Аллаһқа көбірек жалбырынып, Оған дұға етуде ыждағат таныту.			

Екі «Сахих» жинақтарында мына хадис келтіріледі: «***Егер жұма күні имам құтпа айтып тұрғанда, сен жанындағы адамға: «Тыныш!», - деп айтсаң, онда өзің бос сөз айтқан адам болып саналасың***». Бірде бір адам Пайғамбар ﷺ жұма құтпасын бастап қойған кезде кірді, әрі Пайғамбар ﷺ одан: «***Сен намаз оқыдың ба?***», - деп сұрады. Ол: «*Жоқ!*», - деп жауап берді. Сонда Пайғамбар ﷺ**:** «***Тұр да, екі ракағат намаз оқы***», - деді (әл-Бухари мен Муслим).

Жұма құтпасы айтылып жатқанда намазға жиналғандарға келесі нәрселер тыйым салынады:

1. Имамға әлдебір нәрсе айтудан өзге сөз сөйлеу;	2. Отырған адамдардың иықтарының үстінен аттап өту.

Айт намаздары туралы тарау

Пайғамбарымыз ﷺ барлық мұсылмандарға, тіпті құлдар мен етеккірі келген әйелдерге де, мұсылмандардың Аллаһқа арнап жасайтын игі істеріне және дұғаларына қатысуы үшін, айтқа шығуды бұйырды. Бірақ етеккірі келген әйелдер намаз оқитын жерден алыстау тұруы керек (әл-Бухари мен Муслим).

Айт намазының оқылу уақыты:

Күн найзаның бойына дейін көтерілгеннен бастап тастөбеге жеткенге дейін.

Айт намазына қатысты мына амалдарды жасау абзал:

1. Оны ашық алаңда оқу;	2. Құрбан айт күнгі намазды ертерек оқу;	3. Ораза айт күнгі намаз уақытын кішкене кешіктіру;	4. Ораза айт күні айт намаздан бұрын үш (немесе тақ сан) құрма жеп алу;	5. Хош иіс жағылған таза киім кию;	6. Ең жақсы киімді кию;	7. Намазға бір жолмен барып, басқа жолмен қайту.

Айт намазы екі ракағат етіп, азан мен иқаматсыз оқылады. Бірінші ракағатта намазға кіретін тәкбірмен қосқанда жеті тәкбір айту керек, ал екінші ракағатта, оған тұрғандағы тәкбірді қоспағанда, бес тәкбір айту қажет. Әр тәкбірді айтқанда қол көтеріп, әр екі тәкбірдің арасында Аллаһты мақтап-мадақтап, Пайғамбарға салауат айту қажет. Тәкбірлерден кейін «әл-Фатиха» сүресі мен басқа да кез келген сүрені дауыстап оқу қажет.

Намаздан кейін, жұма құтпасына ұқсас екі құтпа айту керек, алайда бұл құтпада осы мерекеге лайықты нәрселер айтылады.

(Бұл күндерде) тәкбір айту абзал. (Тәкбірдің келесі түрлері бар):

1. Жалпы кез-келген уақытта айтылатын тәкбірлер: айтқа қарайтын түні және зул-хижжа айының он күнінің барлығында айтылады.	**2. Арнайы уақытта айтылатындары**: Арафат күнінің таңсәрісінен бастап, соңғы тәшриқ күнінің аср намазына дейін әр парыз намазынан кейін айтылады.
Тәкбірдің үлгісі: Аллаһу акбар, Аллаһу акбар. *Лә иләһа иллә Ллаһу уа-Ллаһу акбар, уа ли-Лләһи әл-хамд.*	

Намаз кітабына байланысты сұрақтар

Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
- Айқын сенімділікпен бекітілген нәрсе тек айқын сенімділікпен ғана жойылуы мүмкін. - Жеке парыз (фард ғайн) ұжымдық парыздан (фард кифая) артығырақ. - Орындалуының бірнеше түрі бар құлшылықты адам олардың барлық түріне сәйкес орындауы қажет. - Кез келген намазды өз уақытының басында оқу абзал, сондықтан азан мен қаматтың арасын ұзақ уақытқа созбау жақсырақ. - Азан – бұл жеке парыз. - Сапардағы адамға иқамат айту бекітілмеген. - Азан Мәдинада хижрадан кейін 1-шы жылы бұйырылған. - Қаматты естіген адамға азаншының артынан оның сөздерін қайталау абзал. - Аср намазының оқылу уақыты бесін намазының оқылу уақытынан көбірек. - Кәпірлерге сырттай ұқсап еліктеу оларға іштей ұқсауға әкеледі. - Адамның ішінде қалған нәжістің үкімі жоқ (ескерілмейді). - Жамағатпен бірге оқылған нәпіл намаздар басқаларына қарағанда мығым бекітілген. - Көркем дауысты имамды табуға ұмтылып, мешіттерді ауыстыруға рұқсат етіледі. - Егер имаммен байланысқа шығу мүмкіндігі бола тұра, ол кешігіп жатқан уақытта намазды онсыз оқуға рұқсат етілген. - Нәжісті жоюды ұмытқан адамның оқыған намазы жарамсыз. - Құранды оқу барысында, оның мағынасын өзгертетін қателер жасаған имамның артында оқылған намаз жарамсыз болады. - Сапардағы адам мен өз тұрғылықты мекеніндегі адамның намазда имам болу құқықтары бірдей. - Кішкентай балалар намазда ересек адамдардың артында тұруы қажет. - Намазы жарамды болған кез келген адам, егер осыған кедергісі болмаса, оны басқара алады.		

- Құтпаны әлдебір жағдайға байланысты ұзарту құтпа жасаушының фиқһты түсінбейтініне нұсқайды. - Онымен шайқасуға болатын әркімді өлтіруге болмайды. - Жануарларға ұқсау тек сөгіс райында келеді. - Ибн әл-Қайим былай деген: «*Пайғамбар ﷺ мінберге ие болғаннан кейін оның басқа нәрсеге сүйенгені (сүннетте) келмеген*». - Соғыстың міндеттілігі соғысушының мін дет ті түрде кәпір болуы керек дегенді білдірмейді. - Айт намаздың уақытын ораза айт күні ертерек, ал құрбан айт күні кешірек еткен жөн. - Айт намазының бірінші ракағатында алғашқы тәкбірді қосқанда алты тәкбір, ал екінші ракағатта сәждеден кейін көтерілгендегі тәкбірді қосқанда бес тәкбір айтылады. - Күн тұтылғанда оқылатын намаздың даналығы Аллаһ Тағаланың өз құлдарын қорқытуында. - Күн тұтылу уақытында намаз оқу үшін жамағаттың болуы шарт болып саналады. - Кез келген себеппен байланысты ғибадаттың жасалу себебі өтіп кетсе, сол ғибадаттың өзі де түседі. - Күн тұтылу намазын намаз оқуға тыйым салынған уақыттарда оқуға болмайды. - Жаңбыр сұрау намазында жамағаттың болуы шарт болып саналады. - Адамға бірінші жаңбырдың астында тұру және оның астына өз мініс жануарын шығару абзал. - Бір ракағатта бір сүреден көбірек оқу рұқсат етіледі. - Бесін намазының аяқталу уақыты: Заттардың көлеңкелерінің ұзындығы заттарың өздеріндей болған кез___, Заттардың көлеңкелері екі есе ұзарған кезде___, Күн тастөбеге жеткен кез___. - Аср намазын өз уақытының бас жағында орындау: Мустахаб___, макрух___, парыз___. - Намаздың шарттары: Намаздан бұрын___, намаздан кейін___, оны оқыған уақытта___орындалады.		

- Кәпірлерге ұқсау ниетке мұқтаж___, мұқтаж емес___. - Тыйым салынған нәрсе тек өте қатты қажеттікте___, жәй қажеттікте___рұқсат етіледі. - Жұма намазында имаммен бірге бір рақағат оқып үгерген адам оны: жұма намазындай___, бесін намазындай___ бітіруі қажет. Ал кім имаммен бұдан азын оқып үлгерсе, сол намазын: жұма намазындай___, бесін намазындай___, егер бесін намазына ниеттенсе, бесін намазындай___бітіруі қажет. - Жұма намазында құтпа айтатын адам: бір рет___, екі рет___отыруы қажет. - Имамның жұма намазын бірнеше рет оқуына рұқсат ету шарты: дінмен____, мемлекеттік құрылыспен, екеуімен де____қойылады. - Мерекелік намаздар өз уақытына____, себебіне_____, кейіп-үлгісіне____ ие амалдардың санатына жатады. - Исламда үш__, екі__, көп__ мереке бар. - Жеңіс немесе жеңіліс себебіне байланысты аталатын мерекелердің шариғи үкімі: рұқсат етілген_____, тыйым салынған_____. - Айт намаздар: ұжымдық парыз____, жеке парыз____, сүннет____. - Себебі бар кез келген намаз, себебі өткен уақытта: өтелмейді___, өтеледі___. - Ораза айтында 1 құрма жеу___, үш немесе одан көп құрма жеу___ абзал (сүннет); Бұны мерекелік намаздан бұрын___, мерекелік намаздан кейін___ жасау қажет; Бұның даналағы: сүннетке ілесуде____, парызды мустахабтан бөліп ажыратуда___, екеуінде де___. - Айт намаздарда: «әл-Әғлә» мен «әл-Ғашия» сүрелерін_____, «Kahф» пен «әл-Қамар» сүрелерін_____, бұл сүрелердің кез келгенін_____ оқу абзал. - Айт намаздардан бұрын және кейін мерекелік намаз оқылатын жерде нәпіл намаздарын оқу: сүннет____, рұқсат етілген амал____, құпталмайтын амал___ болып саналады; Бірақ мешітке сәлем беру намазын мерекелік намаз оқылатын жерде оқу: міндетті амал___, бекітілген сүннет___ болып саналады, ол оқылмайды____.		

- Күн тұтылу кезінде оқылатын намаз: өз уақытына_____, себебіне_____, кейіп-үлгісіне_____ ие амалдар санатына жатады. - Адамдарды күн (ай) тұтылуы жайлы хабарлау___, хабарламау___ жақсырақ. - Егер астрономдар көп ұзамай тұтылу болатындығы жайлы хабарласа, біз оны көздерімізбен көрмегенше намазды оқымаймыз___, оны көрмесек те намазды оқимыз___. - Күн тұтылу намазының үкімі: жеке парыз___, ұжымдық парыз___, сүннет___. - Күн тұтылу кезіндегі құтпа: бекітілмеген___, сүннет__, міндетті___. - Егер тұтылу жайлы, ол өтіп қойғаннан кейін ғана белгелі болса: намаз өтеледі___, намаз өтелмейді____. - Егер адам тұтылу намазын оқып жатқанда парыз намазының уақыты кірсе: ол оны тоқтатуы қажет___, оны тездетіп бітіруі қажет___, парыз намаздың уақыты өтіп кетуінен қорықпайтын уақытқа дейін оқи алады. - Егер күн тұтылса: намаз бекітілген___, бекітілмеген___. - Бірінші рукуғтан кейін жасалатын амал: намаздың тірегі___, сүннет___ болып саналады.. - Жаңбыр сұрау намазы: өз уақытына____, себебіне___, үлгі-кейіпіне___ ие амалдар санатына жатады. - Жаңбыр сұрау намазы: жеке парыз___, ұжымдық парыз___, сүннет____. - Жаңбыр сұрау намазына азан шақыру: сүннет___, бидғат___. - Азанның үкімі: сүннет___, ұжымдық парыз___, жеке парыз___. - Намаздың парыздары мен оның уәжіптері бір нәрседе өзара сәйкес келеді: білместікте____, ұмытшақтықта___, қасқана жасауда___. - Тыйым салынған уақыттарда орындауға болатын нәпіл намаздар: кез келген намаз___, белгілі себепті оқылатын намаздар___. - Намазда қолды: төрт жерде__, үш жерде___ көтеру қажет. - Намаз уақыты біткенше ес-түссіз күйде болған адам: намазды өтеуі керек___, өтемеуіне болады___. - Намазды көзді жұмып оқудың үкімі: рұқсат етілген___, тыйым салынған ___.		

ЖАНАЗА КІТАБЫ

Шариғат мұсылман адамның өліміне байланысты не нәрселерді бекіткен		
1. **Өлімнен бұрын** (Өлімнен бұрын) келесідей кейбір амалдар бекітілген, олар: науқасты зиярат ету, оған тәубе ету мен өсиет қалдыру жайлы, науқастың дәрет алуы мен оның намазды қалай оқитыны жайлы еске салу, оған Құран және дұғалармен дем салу (руқия) жасау, әсіресе ол бұны өзі қатты қалап тұрса; өлім тұсындағы адамға: «Лә иләһа иллә-Ллаһ (Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ)» сөздерін еске салу.	**2. Өлім уақытында** Бұл уақытта келесідей кейбір амалдар бекітілген: қайтыс болған адамның көздерін жауып, жағын байлау.	**3.Өлімнен кейін** Өлімнен кейін келесі амалдар бекітілген: қайтыс болған адамды жуу, оған кебін кигізу, ол үшін жаназа намазын оқу, оны жерлеу, оның мирасын бөлу, оның туысқандарына көңіл айту және оның қабіріне барып тұру; ал әйеліне күйеуі үшін аза тұту міндет болады.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Өлім тұсында болған адамдарыңа: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ» сөздерін айтуларын өсиет етіңдер***» - [бұны үш рет жасау қажет] (Муслим).

Ол сондай-ақ былай деген: «***Қайтыс болып жатқандарыңа «Я Син» сүресін оқыңдар***» (Нәсаи мен Абу Дауд).

Ескертпе: Көптеген ғалымдар «Я Син» сүресін оқу жайлы хадис әлсіз әрі дәлел ретінде келтіруге келмейді деп санайды. Бұл сүрені қайтыс болу хәлінде жатқан адам үшін оқу шариғатта бекітілмегені дұрыс пікір болып саналады.

Мәйітті (жерлеуге) дайындау:

1. Оны жуу;	2. Оған кебін кигізу;	3. Жаназа намазын оқу;	4. Оны зиратқа жеткізу;	5. Оны жерлеу.

Бұл амалдар ұжымдық парыз болып саналады.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Мәйітті (қабіріне) тезірек жеткізіңдер, өйткені егер ол салиқалы адам болса, сендер оны жақсылыққа жақындатасыңдар, ал егер ол мұндай адам болмаса, онда сендер өз мойындарыңнан (тезірек) жамадықты түсіресіңдер***» (хадисті «Сунанның» кейбір авторлары келтірген).

Сондай-ақ ол былай деген: «***Мүминнің жаны мойнындағы қарызына, ол төленбегенге дейін байлаулы болады***» (Ахмад және Тирмизи).

Кебін кигізгенде мәйіттің бүкіл денесі жабылуы керек, тек қажылық жасап жатқанда қайтыс болған ердің басы мен осындай әйелдің жүзінен басқа.

Жаназа намазының сипаттамасы:

<table>
<tr><td colspan="2">1. Тұру, тәкбір айту, «әл-Фатиха» сүресін оқу;</td><td>2. Кейін тағы бір тәкбір айтып, Пайғамбарға салауат айту;</td></tr>
<tr><td colspan="3">3. Кейін тәкбір айтып, қайтыс болған адам үшін келесі дұғаларды оқу қажет:</td></tr>
<tr><td>«Аллаһумма-ғфир ли-хайи-ина уә майитина, уә соғийрина уә кәбийрина, уә зәкәрина уә унса-на, уә шә-һидина уә ғоибина, Аллаһумма, ман ахъяйта-һу мин-на фә-ахйи-һи ғалә-л-исләм, уә ман тауаффайта-һу мин-на фә-та уаф-фа-һу ғалә-л-иман».
Мағынасы: «Уа Аллаһ! Біздің тірі леріміз бен өлілерімізді, кішілеріміз бен үлкендерімізді, еркектеріміз бен әйелдерімізді, (осы жерде) болғандарымыз бен болмағандарымызды кешіре гөр.</td><td>«Аллаһумма-ғфир ләһу уархамһу, уә ға-фиһи уә-ғфу-ғанһу, уә акрим нузуләһу уә уассиғ мудхаләһу, уә-ғсыльһу бил-мә-и уәс-сәлжи уәл-барад, уә нәққиһи мин-әл-хатоя кама юнаққа сәубуль-абъяду минад-данас. Аллаһумма ләтахримна әжраһу уә ләтафтинна бағдаһу, уә-ғфир ләна уә ләһу».
Мағынасы: «Уа, Аллаһ! Оны жарылқай гөр! Әрі оған рақым ете гөр. Әрі оны (қабір азабынан және қабір сынағынан) сақта, оны ғафу ет, әрі оның Жәннаттағы орнын несібелі ете гөр! Оның қабірін кең ет, әрі оны сумен, қармен және бұршақпен жу, әрі аппақ киім кірден тазаланғандай,</td><td>Егер кішкентай бала қайтыс болса, онда жалпы дұғаға мына сөздері қосу қажет: «Аллаһумма жәғәлһу фаратон ли-уәлидайһи, уә зухран уә шафийған мужә-бан. Аллаһумма сәққил биһи мауазинаһума уә ағзым биһи ужураһума уә жағалһу фи кәфәләти Ибраһима уә қыһи би-рахматика ғазаба әл-жәхийм».
Мағынасы: «Уа Аллаһ! Бұл (нәрестені) Жәннатқа ата-анасынан бұрын кіретіндей ет және оны олар үшін қазына әрі шапағаты кері қайтарылмайтын шапағаттшы ет. Я, Аллаһ! Осы сәби себепті ол екеуінің (ата-анасының) таразыларын салмақты, сауаптарын басым ете гөр.</td></tr>
</table>

Уа Аллаһ! Бізден тірі қалдырғандарымызды Исламда өмір сүргіз, ал кімнің жанын тыныштандырсаң, мүмин күйінде тыныштандыр.	оны да күнәларынан тазарта гөр. Уа Аллаһ! Бізді ол үшін алатын сауаптан айырма және бізді одан кейін азғыруға түсірме».	Оны ізгі мүминдер қатарына қос, әрі оны Ибраһимнің қарауына қой. Өз рахымшылығыңмен оны Тозақ азабынан сақтай гөр!»
4. Кейін тәкбір және [бір немесе екі тәслим] айту керек.		

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Егер қайтыс болған мұсылман үшін Аллаһқа серік қоспайтын қырық еркек жаназа намазын оқыса, Аллаһ оларды ол үшін шапағатшы қылады***» (Муслим).

Ол ﷺ сондай-ақ былай деген:

«Кім жаназа намазына ол оқылып болғанға дейін қатысса, соған бір қират (сый-сауап) беріледі.	***Ал кім жаназаға, (мәйіт) жерленгенге дейін қатысса, соған екі қырат (сый-сауап) беріледі».***
(Адамдар) одан ﷺ: «*Екі қират деген не?*», - деп сұрады. Ол ﷺ: «***Олар екі алып тау секілді***», - деп жауап берді (әл-Бухари мен Муслим).	

Пайғамбар ﷺ мына нәрселерге тыйым салған:

1. ***Қабірді гипспен (немесе сол сияқты заттармен) қаптау;***	2. ***Қабірге отыру;***	3. ***Қабірдің үстіне құрылыс салу***. (Муслим)
4. Қабірдің үстіне бердеңе жазу;	***5. Қабірді жарықтандыру;***	***6. Қабірдің үстіне мешіт салу;***
7. Қабірдің үстінде немесе оған қарап намаз оқу.		
Ескертпе: Қабірлердегі негіз, олардың көпқұдайшылық рәсімдері жасалатын құралға айналмауы үшін, ғимараттардан тыс орналасуында, және сүннетке сәйкес тегістелуінде, яғни олар жерден бір қарыс биіктікте ғана көтерілуі керек, әрі олардың алдына тек (бір немесе екі) кішкене тас қоюға болады.		

Пайғамбар ﷺ мәйіттің жерлеуін бітірген соң қабірдің жанында тұрып, былай деп айтатын: «***Бауырларың үшін кешірім сұраңдар және оған беріктік тілеңдер, өйткені қазір ол сұраққа тартылуда***» (Абу Дауд; ал Хаким хадисті сенімді деген).

Қайтыс болған адамның туыстарына бір рет көңіл айтып бару [және бұл үшін бір жерде жиналмау немесе астың үстінде отырмау] керек.

Пайғамбар ﷺ қайтыс болғандар үшін жылайтын және ол: «Бұл - мейірім», - деп айтатын, алайда ол жоқтау айтатындар мен оларды тыңдаушыларды лағнеттеген.

Ол былай деген: «***Қабірлерді зиярат жасаңдар, өйткені олар Ақыретте еске салады»*** (Муслим).

Қабірді зиярат етіп баратын адам мына сөздерді айқаны жөн:

«Әс-сәләму ғаләйкум әһлә дари қаумин муъминин, уә инна ин ша-Аллаһу би-кум ләхиқун, уә ярхаму-Ллаһу-л-мустақдимина мин-на уәл-мустаъхирина. Нәс-әлу-Ллаһа ләна уә ләкум әл-ғафиях. Аллаһумма лә тахримна әжраһум уә лә тафтинна бағдаһум уә-ғфир ләна уә ләһум. Нәс-әлу-Ллаһа ләна уә ләкум әл-ғафиях».

Мағынасы: «Әс-сәләму ғалейкум уа, бұл мумин адамдар жатқан мекеннің тұрғындары! Аллаһ қаласа біз де сіздерге қосыламыз. Бізден бұрын өткендерді де, бізден кейін қалатындарды да Аллаһ рахым етсін. Аллаһтан өзіміз және сіздер үшін (азаптан) амандық тілейміз. Уа Аллаһ! Бізді олар үшін алатын сауаптан айырма, әрі бізді олардан кейін азғырушылыққа салма және біздің және олардың күнәларын кешіре гөр. Аллаһтан өзіміз және сендер үшін (азаптан) амандық тілейміз.

Әрі егер адам өзін Аллаһқа жақындататын кез-келген амалды жасап, оның сауабын тірі немесе өлі мұсылманға бағыштаса, бұл оған пайда әкеледі, ал Аллаһ бұл жайды жақсырақ біледі.

Қабірді зиярат етудің түрлері:

1. Шариғатта бекітілген - Қабірге (арнайы) сапарға шықпай, ақырет өмірін еске алу және сүннетке сай қайтыс болған адам үшін дұға ету ниетімен, шариғатқа қайшы келетін еш әрекет жасамай бару;	2. Бидғат - Аллаһқа қабірлердің қасында жалбарыну ниетімен бару;	3. Көпқұдайшылық (ширк) - Қабірді зиярат ету барысында өлілерге өтініштер және дұғалармен жүгіну ниетімен бару.

Ескертпе:

- Жаназа намазын оқу барысында имамға ер адам мәйітінің басының деңгейінде және әйел денесінің ортасының деңгейінде тұру абзал.

- Әйелдерге қабірлерді зиярат ету тыйым салынған, өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ: «***Қабірлерді зиярат ететін әйелдерді лағнеттеген***». Сондай-ақ олардың қабірлерді зиярат етуі (бөгде ерлерге) азғыру болуына және олардың сабырлық ете алмауына әкеп соқтырады.

- Сондай-ақ әйелдердің жерлеу рәсіміне қатысуына да рұқсат етілмейді, өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға бұны тыйым салған.

- Жаназа намазын мешітте немесе үйде оқуға келетін болсақ, ол шариғатта ерлерге де, әйелдерге де бекітілген.

- Аллаһтың Елшісі ﷺ өлімді қалауға тыйым салып, былай деген: «***Ешкім өзіне басына түскен қасірет (қайғы) себебімен өзіне өзі өлім тілемесін. Алайда егер ол осыны жасамасқа болмайтындай жағдайға түссе, онда: «Уа Аллаһ! Егер өмір сүру мен үшін қайырлы болса, онда мені тірі ет, ал егер өлім мен үшін қайырлы болса онда менің жанымды ала гөр », - деп дұға етсін***» (әл-Бухари мен Муслим).

- Адам өлімді оған дайындалу және мәңгі өмір үшін амал жасауы үшін еске алуы қажет. Сонда бұл оған қайғы емес жетістікке жетуді қосады. Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Ләззаттарды жоюшыны (өлімді) жиі еске алыңдар***» (хадисті «Сунан» кітаптарының кейбір авторлары келтірген).

Жаназа кітабы бойынша сұрақтар

Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
- Науқастан намазды, дәретті қалай орындайтынын сұрау – өз ісінен тыс нәрсеге араласу дегенді біліідіреді. - Науқасты зиярат етуде жақын және алыс туыстардың арасында айырмашылық жасалмайды. - Алыстан келе жатқан туыстарды күту себебімен қайтыс болған адамды жерлеуін аздап кешіктіруге болады. - Билеушіні жерлеуді, егер оның мұрагері әлі анықтылмаса, кейінге қалдыруға рұқсат етіледі. - Имам өзін-өзін өлтірген адам үшін жаназа намазын оқымауы керек.		

- Қайтыс болған адам үшін жаназа намазын мешітте, мәйіт лас болмайтын шартымен, оқуға болады. - Қайтыс болған адам үшін жылауға рұқсат етіледі. - Қайтыс болған адамды қабірге жүзін қыбылаға қаратып қою қажет. - Егер адам кез келген жақсы амал жасап, оның сауабын өлі немесе тірі мұсылманға бағыштаса, бұл оған пайда әкеледі.		

- Зиярат ету керек болған науқас: кез келген науқас___, ауруы себебінен далаға шыға алмайтын науқас___.
- Қайтыс болған адамның қарызын жабу: міндетті___, абзал (мустахаб)___, рұқсат етілген___.
- Өлім тұсында жатқан адамға біркұдайшылық сөздерін еске салу: міндетті___, абзал____, тыйым салынған___.
- Өлім тұсында жатқан адамға біркұдайшылық сөздерін жұмсақ түрде еске салу: міндетті___, абзал___, рұқсат етілген___, абзал, бірақ үш реттен көп емес____.
- Өлім тұсында жатқан адамға біркұдайшылық сөздерін: әрдайым____, үш рет___, егер ол бірінші рет еске салынғаннан кейін сөйлесе___ еске салу қажет.
- Өлім тұсындағы адамға біркұдайшылық сөздерін еске салу: оған: ««Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ», - деп айт», - деу___, оның алдында осы шахаданы оған «айт» деген сөздерсіз еске салу____, оған осы шахаданы «айт» деген сөздерсіз еске салу___.
- Қайтыс болған адамды жерлеу: парыз___, сүннет___, ұжымдық парыз ___.
- 4 айдан кейін түсіп қалған нәресте: жуылмайды да, оған жаназа да оқылмайды ____, жуылмайды алайда оған жаназа намазын оқу қажет___, жуылып, оған жаназа намазын оқу қажет___.
- Қайтыс болған адамды жууға көмектеспейтін адамның (қайтыс болған адам жуылып жатқан) жерде болуы: тыйым салынған___, рұқсат етілген___, құпталмайды__.

ЗЕКЕТ КІТАБЫ

<table>
<tr><th colspan="5">Зекет екі түрлі болады</th></tr>
<tr><td colspan="4"><u>Міндетті</u>, ол екі түрлі болады:</td><td rowspan="2"><u>Өз еркімен берілетін садақа:</u> Адам тек ғибадат мақсатымен жұмсайтын кез келген мал-мүлік.</td></tr>
<tr><td colspan="3">1. Мал-мүліктен берілетін зекет:
Оның мөлшерін шариғат бекітеді. Бұл белгілігі санаттағы адамдарға немесе белгіленген бағытта белгілі мал-мүліктен шариғат бекіткен міндетті бөлікті төлеу (беру) арқылы Аллаһ Тағалаға құлшылық ету. Бұл исламның үшінші тірегі, әрі оның төрт түрі бар:</td><td>2. Пітір садақасы: Бұл ораза айтында берілетін садақа. Ол әр ересек және бала, ер және әйел, құл және еркін мұсылман үшін парыз.</td></tr>
<tr><td>А. Алтын мен күмістен және солардың орнына жүретін ақша және сол сияқты нәрселерден берілетін зекет. Алтынның зекет шығарылу міндетті болатын мөлшері (нисабы) – 20 мисқаль (85 г), ал күмістің нисабы – 200 дирхам (595 г.)</td><td>Б. Рұқсат етілген жайылымда жылдың басым бөлігінде немесе жыл бойы жайылып бағылатын малдан берілетін зекет. Бұл жерде мал дегенде түйелер, сиырлар және қойлар меңзелген.</td><td>В. Егіннен: жиналған дәнді дақылдар мен жемістерден берілетін зекет.</td><td>Г. Саудадағы тауарлардан берілетін зекет: сатып алуға және сатуға арналған кез келген тауар.</td><td colspan="2"></td></tr>
</table>

Зекеттің жеке адамдар мен жалпы қоғам үшін кейбір пайдалары, сондай-ақ оның даналығы келесі нәрселерді қамтиды:
1. Аллаһтың құлының Исламының (Аллаһқа мойынсұнушылығын) толық және кәміл етеді. 2. Зекет беруші адамның иманының шынайы екендігінің дәлелі болады. 3. Зекет беруші адамның мінез-құлқын тазартады. 4. Мал-мүлікті тазартады. 5. Жүректі ашады (көкіректі кең етеді). 6. Адамды толық мүминге жатқызады. 7. Адамның Жәннатқа кіруіне себеп болады. 8. Күнәларды жояды. 9. Ислам қоғамын бір отбасыдай топтастырады. 10. Кедейлердің албырттығын басады. 11. Қаржы қылмыстарының алдын алады. 12. Адамды Қиямет күнгі ыстықтан құтқарады. 13. Адамды жаман өлімнен қорғайды. 14. Адамды Аллаһтың шекаралары мен Оның шариғатын білуіне алып келеді. 15. Жақсылықтардың келіп түсуіне себеп болады. 16. Раббының ашуынан қорғайды. 17. Аспаннан түсетін қасіреттермен күресіп, олардың жерге дейін түсуіне жол бермейді.

Мал-мүліктен берілетін зекет туралы бөлім

Ол:

1. Мұсылман	2. Еркін	3. «Нисабқа» жететін зекет төлену тиіс мал-мүлікке ие

болған әрбір адам үшін міндетті [олардың қатырына кішкентай бала мен ақылдан азған адам да кіреді].

Әрі мал-мүліктен төленетін зекет [ай күнтізбесі бойынша] толық жыл (хауль) өтпейінше берілмейді, бірақ келесі заттарға қатысты толық жылдың өтуі есепке алынбайды:

1. Егін өнімдері	2. Нисаб мөшері толықталған соң, соған ілесе қосылған мал-мүлік; сауда пайдасы, т.с.с.. Өйткені бұндай жағдайларда нисабтың бір жылы қалған пайданың да жылы болып саналады.

Зекет міндетті түрде тек мына төрт нәрседен ғана беріледі:

1. Жайылымда бағылатын малдан;	2. Егін өнімдерінен;	3. Бағалы металлдардан;	4. Сауда тауарларынан.

Жайылымдағы малға келер болсақ, бұл мәселеде негіз ретінде Әнастың хадисі алынады, ол Абу Бакрдың оған былай деп хат жазғанын хабарлаған: «***Бұл Аллаһ Елшісінің ﷺ мұсылмандарға, Аллаһтың Өз Пайғамбарына ﷺ берген бұйрығы бойынша міндет еткен зекет жайлы жарлық.***

- Жиырма бес түйеден аз болған табыннан зекетті қойлармен беру қажет: әр бес түйеден бір қой беріледі.

- Егер табында түйелер саны жиырма бестен отызға дейін болса, олар үшін бір жасар інгенді беру керек, бір жастық інген болмаса, екі жасар еркек түйе беру қажет.

- Егер олардың саны отыз алтыдан қырық беске дейін жетсе, олар үшін бір екі жасар інгенді беру керек.

- Егер олардың саны қырық алтыдан алпысқа дейін жетсе, олар үшін бір кемеліне келген үш жасар інгенді беру керек.

- Егер олардың саны алпыс бірден жетпіс беске дейін жетсе, олар үшін бір төрт жасар інгенді беру керек.

- Егер олардың саны жетпіс алтыдан тоқсанға дейін жетсе, олар үшін екі жасар інгеннен екеу беру керек.

- Егер олардың саны тоқсан бірден жүз жиырмаға дейін жетсе, олар үшін кемеліне жеткен үш жасарлық інгеннен екеуін беру керек.

- Егер олардың саны жүз жиырмадан көп болса, әр қырық түйе үшін бір екі жасар інгенді, ал әр елу түйеден бір үш жасар інгенді беру керек.

- Адам тек төрт түйеге ғана ие болған жағдайда, ол олардан өзі қаламаса зекет беруге міндетті емес.

Жайылымда бағылатын қойлардан (қой-ешкілерден) берілетін зекет:

- Егер жайылымда бағылатын отардағы қойлардың саны қырықтан жүз жиырмаға дейін болса, олардан бір қой беріледі.

- Егер олардың саны жүз жиырмадан екі жүзге дейін болса олардан екі қой беру қажет.

- Егер олардың саны екі жүз бірден үш жүзге дейін жетсе, олардан үш қой беру қажет.

- Егер олар үш жүзден көп болса, әр жүздіктен бір қойдан беру қажет.

- Егер адамға тиесілі болған жайылымда бағылатын отардағы қойлардың саны қырық емес, одан тіпті бір қойға аз болса да, онда (қойлардың) иесі олардан зекет беруге міндетті емес, тек өзі бұны жасауды қаламаса ғана.

Адамдар зекет беруден қорқып малдарын біріктіріп, немесе керісінше, оларды ажыратпаулары керек. Екі адамның отары біріктірілсе, онда зекет біреуінен алынады да, ал екіншісі оған әділеттілік бойынша өз үлесін өтейді.

Зекет ретінде (тістері түсіп қалған) кәрі малдар мен әлдебір кемістігі немесе аурулары бар малдарды алмау керек.

<u>Ал күміс</u> жайлы айтсақ,

- Одан оның құнының қырықтан бір бөлігі алынады. Күміс жүз тоқсан дирхамнан аспайтын болса, оның иесі қаламаса, зекет беруі міндетті емес.

Түйелердің жасы әртүрлі болатындықтан, егер адам зекет ретінде төрт жасар інгенді беру керек болса, ал оның тек үш жасар інгені болса, одан үш жасарлық інген қабылданады да, оған қоса ол, қойлары бар болса, екі қой, немесе жиырма дирхам беруі керек.

Ал егер адам зекет ретінше үш жасарлық інгенді беру керек болса, ал оның тек төрт жасарлық інгені болса, одан төрт жасарлықты қабылдау қажет, бірақ зекетті жинаушы адам оған екі қой немесе жиырма дирхам беруі керек» (хадисті Бухари келтіреді).

Муғаздың хадисінде Пайғамбардың ﷺ ***әр отыз сиырдан бір жасар бұзауды алуды, ал әр қырық бастан бір екі жасарлық сиырды алуды*** бұйырғаны хабарланған. Хадисті «Сунан» кітаптарының авторлары келтірген.

<u>Бағалы металлдардан</u> берілетін зекет жайлы айтсақ, жоғары зекет металлдардың құны екі жүз дирхамға жетсе ғана берілетіні айтылған болатын, бұл жағдайда оныншы бөліктің ширегі (қырықтан бір бөлігі) беріледі.

<u>Егін өнімдерінен</u> берілетін зекет жайлы айтсақ, ол дәнді дақылдар мен жемістерден, олар сақталмалы болуы керек шартымен алынады. Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Бес уасқтан аз болған құрмаға зекет берілмейді***» (әл-Бухари мен Муслим).

1 уасқ – бұл 60 сағ, дәнді дақылдар мен жемістердің нисабы – 300 сағ (әрі ол Пайғамбардың ﷺ уақытында қолданылған сағ болуы керек).

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Аспаннан және су көздерінен өздігінше суарылатын егіннен, немесе суарусыз тамырларымен***

өзің өзі суаратын құрма ағаштарынан [алынған өнімнің] оннан бір бөлігі, ал қолмен суарылатын егіннен - жиырмадан бір бөлігі төленеді» (Бухари).

Сәһл ибн Абу Хасманың сөздерінен былай хабарланады: «***Зекетті өнімді бағалаған соң алыңдар, және (егін иесіне) оның (алынған зекеттің) үштен бір бөлігін қалдырыңдар. Ал үштен бір бөлігін қалдырғыларың келмесе, онда төрттен бір бөлігін қалдырыңдар***» (хадисті «Сунан» кітаптарының авторлары келтірген).

Сауда тауарларына келсек, бұл пайда көру үшін сауда-саттыққа дайындалған барлық нәрсе. Тауарды толық жыл өткенде ғана бағалау қажет. Одан зекет алтынмен немесе күміспен, кедейлердің қалауларына сай, қырықтан бір бөлігі мөлшерінде беріледі.

Ал кім әлдебіреуге қарызға ақша берген болса немесе пайдалана алмайтын мүлкі болса, мысалы, қайтаруын кешіктіріп жатқан адамға немесе мүлде қайтара алмайтын кедейге қарызға ақша берген болса, онда мұндай мал-мүлік зекетпен міндеттелмейді. [Бірақ бұл мүлікті қайтарып алған соң иесі одан мал-мүлкі қайтып келген жылы бір рет қана зекет беруге міндетті]. Ал жағдай аталғандай болмаса, онда мұндай мал-мүлік те зекетпен міндеттеледі.

Зекет азық-түліктің орташасынан беріледі. Қожайынның құлы үшін берген зекеті есептелмейді және мал-мүліктің ең жақсысын беру міндетті емес, тек мал-мүлік иесі бұны өзі қаламаса ғана.

Пайғамбарға ﷺ дейін көтерілетін Абу Хурайраның хадисінде былай деп айтылған: «***Табылған қазынадан бестен бір бөлік төленеді***» (әл-Бухари мен Муслим).

Табылған көмбелер	
1. (Исламға дейінгі) **надандық уақытынан қалған** көмбелер зекетпен міндеттеледі және одан бестен бір бөлігі төленеді.	2. (Ислам келгеннен кейінгі) **мұсылмандық кезеңнен қалған табылған көмбелер**, - бұл (кейінірек) табылған заттар жайлы тақырыпта түсіндіріледі.

Пітір садақасы (зекеті) туралы тарау

Ибн Умардың былай дегені хабарланады: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ ораза айт күні (пітір) садақаны:*

1.Бір сағ құрма немесе арпа мөлшерінде беруді міндеттеді.

2. (Бұл) мұсылмандардан болған әрбір ер мен әйелге, кіші мен ересекке, еркін мен құлға (парыз).
3. Ол бұны адамдардың (мерекелі) намазға шығуларынан бұрун беруді бұйырған» (әл-Бухари мен Муслим).

Пітір садақасы (зекеті):

1. Адамның өзі үшін және өзінің қарауындағы ол бағуға міндетті болған адамдары үшін беріледі;	2. (Ол) мерекелік түн мен күні азық-түліктің артығынан беріледі;	3. Құрмадан, арпадан, сүзбеден, миізден немесе бидайдан бір сағ беріледі.

Оны адамдарға ең пайдалы болған азақ-түліктерден бер-ген абзал болады.

Пітір садақасын беруді айт күннен кейінге қалдыру рұқ-сат етілмейді.

Аллаһтың Елшісі ﷺ бұл зекетті мына сөздері арқылы па-рыз етті: «***Пітір садақасы (зәкәт әл-фитр) ораза уақытындағы орын алған бос және пайдасыз әңгімелерден тазару үшін және кедейлерге тағам болу үшін (беріледі)***:

1. Егер адам пітір садақасын айт намазынан бұрын берсе, ол қабыл алынады.	***2. Егер адам оны айт намазынан кейін төлесе, ол тек басқа садақалар сияқты садақа болады***» (Абу Дауд және Ибн Мәжаһ).

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Аллаһ Тағала Өзінің көлеңкесінен басқа көлеңке болмаған күні жеті адамды Өз көлеңкесімен жабады***:

1. Әділ патшаны;

2. Аллаһқа құлшылық етуде өскен жасөпірімді;

3. Жүрегі мешіттерге байланған ер адамды;

4. ***Бірін-бірі Аллаһ үшін жақсы көретін әрі тек Ол үшін ғана бас қосып, тек Ол үшін ғана айырылысқан екі адамды;***

5. ***Мансапты және сұлу әйел өзіне шақырғанда: «Мен Аллаһтан қорқамын!», - деп жауап берген еркекті;***

6. ***Өз еркімен садақа беріп, оны жасырғаны соншалық, оның оң қолымен сарп еткенін сол қолы білмеген адамды;***

7. ***Оңашада Аллаһты зікір етіп көздері жасқа толған адамды***» (әл-Бухари мен Муслим).

Зекет берілетін адамдардың санаттары туралы тарау

Зекет Аллаһ Тағала мына аятта атап айтқан сегіз санаттағы адамдарға ғана беріледі: «**Шын мәнінде садақалар (зекеттер), Аллаһ тарапынан бір парыз: қолы тар пақырларға, түгі жоқ міскіндерге, оны жинау үшін тағайындалғандарға, жүректері (Исламға) алынатындарға (жаңа мұсылмандарға), құлды азат етуге, борыштыларға, Аллаһ жолына және жолда қалғандарға беріледі. Аллаһ әр нәрсені Білуші, Аса Дана**» («ат-Тәуба» сүресі, 60-аят).

Пайғамбардың ﷺ Муғазға айтқан мына сөздеріне сүйеніп, зекетті осы адамдардың бір санатына ғана беруге рұқсат етіледі: «***Егер олар саған осыда бағынса, Аллаһ оларға бай-ауқаттыларынан алынып, кедейлеріне берілетін (міндетті) садақа беруді парыз еткенін айт***» (әл-Бухари мен Муслим).

Зекетті мына адамдарға беруге тыйым салынған:

1. Бай адамға;	2. Ақша таба алатын сау адамға;	3. Мухаммадтың ﷺ отбасына, яғни Бану Хашим тайпасы мен олардың ұрпақтарына;	4. Зекет беріліп жатқан уақытта, зекет беруші адам асырап бағуға міндетті болған адамдарға;	5. Кәпір адамға.

Адамның өз еркімен берген (нәпіл) садақасына келсек, оларды айтылған санаттағыларға да, басқа адамдарға да беруге болады.

Алайда зекет берілген адамға бұл зекет неғұрлым пайдалы болса, – мейлі бұл пайда жалпыға ортақ немесе жеке болсын – ол соғұрлым жақсырақ және кәмілдеу болады.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Кім өз мал-мүлкін көбейту үшін адамдардан олардың мал-мүлкін сұрайтын болса, сол өзіне Тозақ отын сұрайтын болады. Ендеше, қаласа, аз сұрасын, ал қаласа, көп сұрасын***» (Муслим).

Ол ﷺ Умарға (Аллаһ оған разы болсын) былай деген: «***Саған осы мал-мүліктен әлдебір нәрсе келсе, әрі сен оған ұмтылмаған әрі оны сұрамаған болсаң, онда ал, ал бұдан өзге нәрсеге нәпсіңді бағындырма***» (Муслим).

<table>
<tr><td colspan="5">Аллаһ Тағала «әт-Тәуба» сүресінде атаған зекет берілетін сегіз санаттағы адамдар:</td></tr>
<tr><td>1. Мұқтаж адамдар. Бұл мұқтаждық қысқан, ешнәрсесі жоқ немесе қажетті нәрселерінен әлдебір бөлігі ғана бар адамдар.</td><td colspan="2">2. Кедейлер. Бұл өздеріне қажет нәрселердің көпшілігіне немесе жартысына ие адамдар. Бір жылда адамға 12 000 қажет деп есептесек, 6 000-нан аз мал-мүлкі бар адам мұқтаж, ал 6 000-ға немесе одан да көп, бірақ 12 000-нан аз мал-мүлікке ие адам кедей болып табылады. Зекет 1 жылға төленетіндіктен, бұл санаттағы адамдарды жыл бойына жететтіндей мөлшерде қамтамасыз ету қажет.</td><td colspan="2">3. Зекетпен байланысты адамдар. Бұл зекетті жинайтын және сақтайтын, және оларға оны бөлу бұйырылған адамдар, олардың жұмысын әмірші бақылауға алады. Бұл адамдардың мұқтаж немесе кедей болулары міндетті емес. Оларға зекет бай болса да беріледі.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">4. Жүректерін қаратуды қалағандар. Оларға зекет олардың Исламды қабылдауы үмітімен; не олардың зұлымдықтарынан сақтану үмітімен; немесе имандарын күшейту үмітімен беріледі.</td><td colspan="3">5. Құлды сатып алып, азат ету үшін.</td><td>6. Қарызды (борышты) адамдар.</td></tr>
<tr><td>Мукатаб – өзін өзі қожайынынан сатып алған құл.</td><td>Мұсылман құлды азат ету.</td><td>Тұтқынға түскен мұсылман.</td><td>Екі адамды татуластыру үшін қарыз алғандар. Өз қажеттіліктері үшін қарыз алғандар.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Бұл жерге қожайындары босатып қойған құлдар кірмейді. Бұндай құлдарға зекет берілмейді.</td><td>Мұқтаж қарызгердің қарызын оған зекет болсын деген ниетпен кешіруге болмайды.</td></tr>
<tr><td colspan="2">7. Аллаһтың жолында жұмсау үшін. Бұған сарбаздар, сондай-ақ оларға керек қарулар мен басқа да нәрселер жатады.</td><td colspan="3">8. Мал-мүліктерінен айырылған және қаражат тары біткен сапардағы адамдар. Ондай адам дарға еліне қайтуларына жететін мөлшерде зекет беріледі.</td></tr>
</table>

Егінді суару түрлері және олардан алынатын зекет мөлшері:	
1. Жасанды жолмен суарылған егіннен ғұшырдың (оннан бір бөліктің) жартысы беріледі (5%).	2. Табиғи жолмен суарылған егіннен бір ғұшыр (оннан бір бөлігі) беріледі (10%).
3. Тең көлемде жасанды және табиғи жолмен суарылған егіненнен он бестен бір бөлік беріледі (7,5%).	4. Жасанды және табиғи жолмен әртүрлі көлемде суарылған егіннен, егін қай жолмен көбірек суарылғанға қарап беріледі.
5. Егін жасанды және табиғи жолмен әртүрлі көлемде суырылса, әрі ол қай жолмен көбірек суарылғаны белгісіз болса, онда одан бір ғұшыр (оннан бір бөлігі) беріледі (10%).	

Қосымша ескертпелер

Кейбір терминдердің маңызды анықтамалары:		
Түйелер	«Бинт әл-махад»	Бір жасар інген. Оның осылай аталуының себебі – анасының өз жатырында басқа ұрық көтеріп жүргені үшін.
	«Бинт әл-ләбун»	Екі жасар інген. Анасы жаңа ботаны еміздіріп жүргені себепті осындай атауға ие болды.
	«Әл-хиққа»	Үш жасар інген. Ол бұл атауға оны түйелер жаба бастағандығы үшін ие болды.
	«Әл-жәзға»	Төрт жасар інген. Бұл атауды ол осы жаста оның күрек тістері түсетіндігінен ие болды.
Сиырлар	«Әт-табийғ»	Бір жасар қашар
	«Әл-мусинна»	Екі жасар қашар

Зекеттің көлемі			
Мал-мүлік	***Бір жылдың (әлхәул) толуы***	***Зекетпен міндеттелетін ең аз мөлшер (нисаб)***	***Зекеттің көлемі***
Мал	Шарт	Толығырақ төменде баяндалады	Толығырақ төменде баяндалады
Егіншілік өнімдері	Шарт емес	300 сағ	*Ұшыр (оннан бір бөлік)* – егер егін жауынмен немесе бұлақ суымен суарылса. *Ұшырдың жартысы* – егін жасанды жолмен суарылса. *Он бестен бір бөлік* – егер егін екі жолмен де тең мөлшерде суарылса.
Бағалы заттар	Шарт	85 грамм алтын, немесе 595 грамм күміс	Қырықтан бір бөлік
Сауда тауарлары	Шарт	Мұқтаж адамдардың қалауларына байланысты алтын немесе күміс	Қырықтан бір бөлік

Еркін жайылған малдың зекетпен міндеттелетін ең төмен мөлшері (нисаб) және алынатын зекеттің көлемі:							
Ұсақ мал: қой, ешкілер			Түйелер: бір немесе екі өркештілер				
Мал саны		Зекет	Мал саны:		Зекет		Зекет
Мына саннан:	Мына санға дейін:					Мына саннан:	Мына санға дейін:
40	120	1 қой	5	9	1 қой	30	39
121	200	2 қой	10	14	2 қой	40	59
201	300	3 қой	15	19	3 қой	60	69

Кейін әр жүздіктен бір қой беріледі			20	24	4 қой	Кейін әр отыз сиырдан 1 бір жасар бұзау, ал әр қырықтан 1 екі жасар қашар беріледі.	
			25	35	1 бір жасар інген		
			36	45	1 екі жасар інген		
Зекет ретінде: теке, кәрі немесе ауру мал, сондай-ақ малдың ең нашары берілмейді.			46	60	1 үш жасар інген		
			61	75	1 төрт жасар інген		
			76	90	2 екі жасар інген		
			91 120 2 үш жасар інген				
			121	129	3 екі жасар інген		
			Кейін әр қырық түйеден 1 екі жасар інген, ал әр елу түйеден 1 үш жасар інген беріледі. Кестеде келтірілген сандардың арасында болған сандар, мысалы, 6, 7, 8, 9 (інген) келесі нисабқа жеткенше зекетпен міндеттелмейді.				

Пітір зекетінің үкімі		
Мына адамдар үшін міндетті:		**Мыналар үшін де берілуі абзал:**
Мұсылман күйінде рамазан айының соңғы күні күннің батқанын көрген әр ересекке және балаға, ер мен әйелге және еркін мен құлға міндетті.	(Ол) адамның өзі мен отбасының азық-түлігінен және барлық негізгі қажеттіліктерден артық қалған азық-түліктен 1 сағ көлемінде беріледі.	Ана құрсағындағы бала үшін.

Пітір зекетінің бекітілімінің даналығы	
Ораза ұстаған адамның бос сөздер мен өсектерден тазалануы	Мұқтаждар мен кедейлерді мерекеде сұрау қажеттілігінен құтқару

Пітір зекетін төлеу уақыты		
Рұқсат етілген уақыт: мерекеден бір немесе екі күн бұрын.	Абзал уақыт: Айт күнінің таңы атқан соң мерекелік намаз оқылудан бұрын.	Тыйым салынған уақыт: мерекелік намаздан кейін.

Пітір зекеті ретінде не нәрселер қабыл алынады:	
Адамдардың қолданысындағы азық-түлік түрлерінен 1 сағ тағам. Жақсы бидайдың 1 сағы 2 килограмм 40 граммға тең. Әрі басқа азық-түлік түрлері де осылайша есептеледі.	Ақшамен берілмейді (есептелмейді).

Ең көп таралған тағамдардың салмағына қарай пітір ретінде берілетін зекет мөлшері:		
Ұн – 1400 г.	Ақ ұн – 2000 г.	Күріш – 2300 г.
Бидай дәні – 2040 г.	Жасымық – 2100 г.	Асбұршақ – 2000 г.
Үрмебұршақ – 2060 г.	Құрма – 1800 г.	Миіз – 1640 г.

Зекеттің алушылары мен көлеміне қарай түрлері:		
1. Берілетін азық-түлік белгілі болған, бірақ оны алушы және беруші адамдар нұсқалмаған зекет. Мысалы: пітір зекеті.	2. Зекетті алушы адамдар мен берілетін өнім белгілі болған зекет, мысалы, тигізілген зиянды өтеу: «***Алты кедейді, олардың әрбіріне жарты сағ азық-түлік беріп тамақтандыр***».	3. Зекетті алушы адам белгілі, алайда берілетін өнім белгілі болмаған зекет. Мысалы, антты бұзудың өтемі ретінде берілетін зекет.

Зекет кітабы бойынша сұрақтар

Сұрақтар	Дұрыс	Бұрыс
- Егер адам зекет бермей қайтыс болса, мұрагерлердің құқығын беруден бұрын оның малмүлкінен зекет алынады. - Ұсақ малдың нисабы – 120 бас. - 76 түйеден 1 екі жылдық інген алынады. - Қолдануға арналған әшекейлер зекетпен міндеттел мейді. - Сауда тауарларынан зекет бір жыл өткенде, мұқтаждардың қалауларына қарай, алтынмен немесе ақшамен беріледі. - «Мал» санатына түйелер, сиырлар, енекелер мен қойлар кіреді. - Жемістер зекетпен міндеттелмейді. - Егер шариғатта «кедей» сөзі аталса, бұл «мұқтаждарды» да білдіреді. - «Жүректерін жаулағысы келгендер» деген сөздерге, тіпті Исламды қабылдауына үміт болмайтын кәпірлер де жатады. - Егер қожайын өзінің құлын босатса, оған (босатылған құлға) зекет беруге болады. - Бай адам кедей адамнан белгілі бір ақша талап етеді, бірақ кейін зекет беру ниетімен осы соманың бір бөлігін кешіреді. Мұндай әрекет дұрыс болып саналады. - «Аллаһтың жолында» - деген қайырымдылықтың барлық салаларын қамтиды, мысалы, мешіт соғуды да. - Бағалы металлдардардан берілетін зекет қырыққа бөлу арқылы шегеріледі.		

- Зекетпен шаруашылықтағы немесе бордақылауда болған мал емес, тек еркін жайылған мал ғана міндеттеледі. - Дәнді дақылдар мен жемістер нисабқа жетіп, піскен кезде ғана зекетпен міндеттеледі. - Егер дәнді дақылдар мен жемістер адамның еңбегімен суарылса, онда одан ғұшырдың (оннан бір бөліктің) жартысын төлеу қажет. - Алтын 20 мисқәл көлеміндегі нисабқа жетсе зекетпен міндеттеледі. - Әт-табиғ – екі жылдық бұзау. - Тұрмыс үшін соғылған үйлер зекетпен міндеттеледі. - Сапардағы кез келген адамға, ол тек сапарда болғаны үшін зекет беріледі. - Зекет беруші адам зекетін өзі бергені жақсырақ.		

- Адам өзінің мал-мүлкінен зекет бермеу үшін, одан бір жыл өткенге дейін құтылса:
Онда бұндай адам қашқан нәрсесін жасауымен жазаланып, одан зекет алынады____, осылайша жасау рұқсат етілген___.
- Адам жайылып жатқан малына сауда тауарын сатып алды, алайда бұны жылды есептегенде ескермеді: ол дұрыс амал жасады____, дұрыс емес амал жасады ____.
- Адам әлдебір нәрсені болашақта сауда жасау ниетімен сатып алса: онда сатып алынған мал-мүлік зекетпен міндеттеледі____, зекетпен міндеттелмейді____.
- Әйел адам өзі үшін алтын кереует сатып алса: ол зекетпен міндеттеледі___, зекетпен міндеттелмейді___.
-Адамның100саудиялықриалыболса:олзекетпенміндеттеледі____, зекетпен міндеттелмейді___.
- Адам мұсылмандар иелік еткендігіне нұсқайтын белгілері бар әлдебір көмілген мал-мүлікті тапса: бұл зекетпен міндеттеледі____, зекетпен міндеттелмейді.
- Мал-мүлік зекетпен: ай күнтізбесі____, күн күнтізбесі__, олардың арасында айырмашылық жоқ____, бойынша бір жыл өткен соң ғана міндеттеледі.
- 1 жылдың өтуі: қазына үшін___, егін үшін___, екеуі үшін де шарт болып саналмайды.
- Алтынның нисабы: 85г.___, 595г.___, 95г.___.
- Күмістің нисабы: 200 дирхам___, 595г.___, екеуі де___.
- Жайылатын мал деп: бағасы қымбат_____, алқапта жыл бойы немесе жылдың басым бөлігінде еркін жайылған мал___ аталады. - Рұқсат етілген жайылымда жайылған мал деп, яғни: таза қорекпен қоректенетін мал___, иесі жоқ жайылымда жайылатын мал__ аталады.

- Мұқтаж адамға зекеттен оның: 1 айлық____, 1 жылдық____ қажеттерін жабатын көлемде мал-мүлік беріледі.
- Зекетпен байланысты адамдар: бұл осы қызметпен айналысатын барлық адамдар___, тек әмірші тағайындаған адам___.
- Қағаз ақшаның нисабы: сауда тауарына сәйкес____, алтынның немесе күмістің нисабының бағасына сәйкес___ бағаланады.
- Қағаз ақшадан зекетті: қырықтан бір бөлігі___, жиырмадан бір бөлігі___ көлемде төлеу қажет.
- 80 грамм алтыннан зекет: 2 грамм____, 4 грамм ___ береледі, (зекет) берілмейді___.
- Бір адам маған 1000 риал қарыз, бірақ мен оның бұл қарызын зекет беру ниетімен кешіремін: бұл дұрыс амал____, бұл дұрыс емес, өйткені зекетті қолдан қолға беру қажет____.
- Зекет «Аллаһтың жолында» беріледі, сондықтан мен оны жолды жөндеуге бере аламын: дұрыс____, дұрыс емес___.

Зекетпен міндеттелетін мал-мүлікке қарама қарсы белгі қойыңдар:		
Тауықтар	Сауда орталығы	Бордақылауда болған ұсақ мал
Жайылып жатқан түйелер	65 грамм алтын	Құрма бағы

Келесі мал-мүліктің түрінен зекет ретінде (берілетін) мүліктің көлемі мен жануарлар санын анықтаңдар:		
Мал-мүлік:	**Зекеттің мөлшері:**	**Саны:**
100 дирхам		
300 динар		
400 дирхам		
80 грамм алтын		
500 грамм күміс		
30 қой		
60 қой		
565 қой		
4 түйе		
17 түйе		

449 түйе		
30 сиыр		
49 сиыр		
77 сиыр		
99 сиыр		
20 млн. риал		
40 риал		
45.679 риал		
255 сағ бидай		

ОРАЗА КІТАБЫ

Ораза – бұл тамақтан, сусындардан және оразаны бұзатын басқа да нәрселерден таңсәріден күн батқанға дейін тыйылу арқылы Аллаһқа құлшылық ету.

Оған негіз Аллаһ Тағаланың мына сөздері: «**Әй иман келтіргендер! Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз етілді**» («әл-Бақара» сүресі, 183-аят).

Рамазан айында ораза ұстау әрбір:

1. Мұсылман,	2. Кәмілет жасына толған,	3. Ақыл-есі дұрыс,	4. Ораза ұстай ала тын,	5. Жаңа айды немесе шағбан айының 30 күні өткенін көрген адам үшін парыз.

Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Жаңа айды көргендеріңде ораза ұстаңдар. Ал егер бұлттардың себебінен айды көре алмасаңдар, онда шағбан айы өткеннен кейін ораза ұстай бастаңдар***» (әл-Бухари мен Муслим).

Басқа нұсқада: «***Шағбан айының 30 күні өткеннен кейін***», - деп айтылған (Бухари).

Ораза бір салиқалы адамның жаңа айды көргенінен кейін ұсталады. Басқа айлардың басталуын бекіту үшін жаңа айды екі салиқалы адам көруі керек.

Парыз ораза үшін түннен бастап ниет ету қажет, бұл оның ораза күні ниет етуге болатын нәпіл оразадан айырмашылығы.

Ораза ұстағанда хәлі нашарлайтын ауру адам мен сапардағы адам өз еркімен ораза ұстаса да, ұстамаса да болады.	Етеккірі немесе босанғаннан кейінгі тазару қаны келген әйелге ораза ұстауға тыйым салынады, бірақ ол оразаның қазасын өтеуі керек.	Егер жүкті немесе бала емізетін әйел баласы үшін қауіптенсе, онда оразаны ұстамаса болады, бірақ кейін қазасын өтеуі және (немесе) әрбір ұстамаған ораза күні үшін 1 кедейді тамақ тандыруы керек.	Ораза ұстауға шамасы жетпейтін қарттар немесе жазылмайтын аурумен науқас адамдар әрбір ұсталмаған ораза күні үшін 1 кедейді тамақтандыруы керек.

Егер ораза ұстаған адам оразасын тағаммен, сусынмен, қасақана құсумен, қан алдыруымен (хижамамен) бұзса, немесе қол тигізгендігі себебімен шәуеті шықса, онда ол сол күнді өтеуі қажет. Егер ораза жыныстық қатынас себебінен бұзылса:

1. Оны өтеп, бір құлды азат ету қажет.	2. Егер құл жоқ болса, екі ай бойы арасын үзбей ораза ұстау қажет.	3. Егер бұл да мүмкін болмаса, онда 60 кедейді тамақтандыру қажет.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Егер сендерден біреуің ұмытшақтықпен (ораза уақытында) бірдеңе жесе немесе ішсе, ораза ұстауын жалғастыра берсін, өйткені оны Аллаһ тамақтандырып, сусындандырды***» (әл-Бухари мен Муслим).

«***Адамдар ауыздарын ашуға асыққан сайын жақсылықтан айрылмайды***» (әл-Бухари мен Муслим).

«***Сәресін жеп-ішіңдер өйткені сәресінде (сухурда) береке бар***» (әл-Бухари мен Муслим).

«***Сендерден әлдебіреуің ауызын ашатын болса, құрмамен ашсын, өйткені онда береке бар. Егер ол құрма таппаса, онда ауызын сумен ашсын, өйткені ол таза әрі тазартушы***» (бұл хадисті 5 шейх келтірген).

«***Егер адам өтірік айтуды және өтірікке амал етуді тоқтатпаса, Аллаһ Тағалаға оның ішіп-жеуден бас тартқаны қажет емес***» (Бухари).

«***Кім мойнында [Рамазан айындағы немесе ант етілген] оразасы болған күйінде қайтыс болса, онда ол үшін оның жақындарының бірі ораза ұстайды***» (әл-Бухари мен Муслим). [*Бұл оразаның қазасын өтеуге мүмкіндігі болған, бірақ мұны істемей, қайтыс болған қайтыс болған адамға қатысты. Мұндай жағдайда оның жақын туысқаны ол үшін ораза ұстауы керек. Жақын туыс дегенде мұрагері меңзеледі*].

(Адамдар) Аллаһтың Елшісінен ﷺ Арафа күніндегі ораза жайлы сұрады және ол: «***Өткен және келесі жылдың күнәларын өшіреді»***, - деп жауап берді. Одан Ашура күніндегі ораза жайлы сұрағанда, ол: «***Өткен жылдың күнәларын өшіреді***», - деді. Ол дүйсенбі күні ораза ұстау жайлы сұралды, әрі: «***Бұл мен туылған және мен елшілік міндетімен жіберілген (немесе: «...маған уахи түсе бастаған») күн***», - деп жауап берді (Муслим).

«***Кім Рамазан айында ораза ұстап, сосын келесі шәууәл айында оған тағы алты күн қосса, сол бір жыл бойы ораза ұстағандай болады***» (Муслим).

Абу Зарр былай деген: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ бізге әр айда үш күн ораза ұсиауды бұйырды, (бұл): (әр айдың) он үшінші, он төртінші және он бесінші күндері*» (Насаи мен Тирмизи).

«*Пайғамбар ﷺ екі күнде ораза ұстауға тыйым салған: Ораза айты мен Құрбан күндерінде*» (әл-Бухари мен Муслим).

Ол ﷺ: «***Тәшриқ күндері – жеп-ішу және Аллаһты зікір ету күндері***», - деп айтатын (Муслим).

«***Сендерден ешкім жұма күні ораза ұстамасын, тек одан бір күн бұрын немесе келесі күні ораза ұстамаған болса ғана***» (әл-Бухари мен Муслим).

«Кім Рамазан айында иманмен және сауапқа деген үмітпен ораза ұстаса, соның бұрын жасалған күнәлары кешіріледі, әрі кім Қадір түнін иманмен және сауапқа деген үмітпен намаз оқумен өткізсе, соған бүкіл бұрынғы күнәлары кешіріледі» (әл-Бухари мен Муслим).

«*Аллаһтың Елшісі ﷺ Аллаһ оның жанын тыныштандырғанға дейін әр Рамазан айында он күн бойы ығтикәф жасаған. Одан кейін оның әйелдері де ығтикәф жасайтын*» (әл-Бухари мен Муслим).

«***Үш мешіттен басқа (мешіттерге) арнайы сапарға шығуға болмайды, олар – әл-Харам мешіті, менің мешітім және әл-Ақса мешіті***» (әл-Бухари мен Муслим).

[Ескертпелер]

Оразаның екі түрі бар:	
Міндетті (парыз) ораза: рамазан айындағы ораза, өтеу мен ант оразалары.	**Мұстахаб ораза**: қалған барлық оразалар.

Оразаның екі тірегі бар:		
1. Ниет		2. Оны бұзатын барлық нәрседен тыйылу.
Парыз оразаны ұстау ниеті түнде, яғни таңсәріден бұрын бастау алуы керек. Рамазан айы басталғандағы осы айда толық ораза ұстау ниетінің болуы да жеткілікті болады. Ниеттің орны – жүрек, ал оны тілмен айту – бидғат.	Мұстахаб ораза ұстау ниеті. Егер адам таңсәріден ештеңе жемесе, онда ол ораза ұстауға кез келген уақытта ниет етуіне болады, алайда ораза үшін сауап оған ниет еткен уақыттан жазылады.	

Адамға ораза парыз болуының алты шарты бар:		
1. Ислам;	2. Ақыл-естің сау болуы;	3. Адамның кәмілет жасына жетуі. Ал кәмілет жасына жетпеген балалар ораза ұстауға ынталандырылады, әрі олардың қамқоршылары оларға бұны бұйыра алады;

4. Адамның өз тұрғылықты мекенінде болуы. Сапардағы адам ораза ұстауға міндетті емес, алайда бұл оған ауыр болмаса, оның ораза ұстағаны жақсырақ. Өйткені Пайғамбар ﷺ осылай жасаған, бұл сондай-ақ адамның өз мойнындағы жауапкершіліктен ертерек құтылуына да жақсырақ, әрі кәмілет жасына жеткен адам үшін жеңіл, және ол осылайша рамазан айындағы оразаның құндылығына ие бола алады;	5. Денсаулық;	6. Етеккірден немесе босанғаннан кейінгі тазару қанынан таза болу.

Ораза уақытындағы аурулардың түрлері:	
1. **Емделуге үміт жоқ ауру**. Бұған ораза ұстай алмайтын қарт адамдар да кіреді. Ондай адамдар ораза ұстауға міндетті емес, бірақ әрбір өткізілген ораза күні үшін 1 кедейді тамақтандыруы керек: не ұсталған оразаның санына тең кедейлерді жинап, оларды кешкі немесе түскі аспен тамақтандыру арқылы; немесе осыншама кедей-кепшікке оразаға сәйкес келетін азық-түлік таратып, олардың әрқайсысына пайғамбарлық сағтың төрттен бірін (яғни 0,51 кг.) жақсы бидай мөлшерінде беру арқылы. Ал осымен бірге ет немесе май таратқан жақсырақ болады.	2. **Емделуге үміт бар, ораза ұстау қиын дерт**. Бұған, басқалармен қатар, етеккірі немесе босанғаннан кейінгі тазару хәліндегі әйелдер, емізетін аналар және сапардағы адамдар кіреді. Сауығып кеткеннен кейін олар оразаларының қазасын өтеуі керек, бірақ олардың біреуі ертерек қайтыс болса, (олар үшін) бұл оразалардың қазасын өтеудің қажеті жоқ.

Рамазан айының басталғаны қалай анықталады?	
Жаңа айдың көрінуімен	Шағбан айының 30 күнінің аяқталуымен

Оразаны бұзатын амалдар			
1. Әдейі тамақтану немесе қасақана су ішу. Егер де бұл ұмытшақтықтан орын алған бол са, онда ораза жарамды болады;	2. Жыныстық қатынас: егер бұл рамазан айының күндізгі уақытында, ораза парыз болған кезде орын алса, онда қатал өтеуді орындау керек, бұл: бір құлды босату, егер ол жоқ болса, қатарынан үзбей екі ай ораза ұстау, бұл да мүмкін болмаса, онда алпыс кедейді тамақтандыру;	3. Қол тигізудің, сүйісудің, құшақтасудың немесе басқа себептермен шәуеттің шығуы;	
4. Тамақ пен сусынды алмастыратын нәрселерді қолдану, мысалы, нәрлі дәрілерді (глюкоза) егу, егер егу нәрлі болмаса, бұл оразаға зиян келтірмейді;	5. Қан алдыру. Қанның аз мөлшерде алынуына келсек, мысалы медициналық анализдерді тапсырғандағы қан алдыру, бұл оразаға зиян келтірмейді;	6. Қасақана құсу;	7. Етеккір немесе босанған кейін жатырдан келетін қан.

Ораза ұстаған адамға рұқсат етілген кейбір амалдар:					
Түкірікті жұту;	Керек жағдайда тағамның дәмін көру;	Шомылу;	Мисуак қолдану;	Хош иістерді жағу;	Сергу үшін ауызды шаю.

Ораза уақытындағы мұстахаб амалдар:				
1. Таңсәріден бұрын тамақтану (сәресі - сухур);	2. Сәресінің (сухурдың) уақытын барынша кешіктіру;	3.Ауызды уақыт кірген бойдан ашуға асығу;	4. Ауызды бірнеше жаңа піскен құрмамен ашу, егер олар болмаса, құрғақ құрмамен ашу. Құрманың саны тақ болуы қажет. Егер құрма болмаса, онда ауызды бірнеше жұтым сумен ашу қажет. Егер ауызды ашатын ештеңе болмаса, онда жүрекпен оразаны тоқтатуды ниет ету қажет.	
5. Ауыз ашар кезде және ораза уақытындағы дұғаларды айту;	6. Көп садақа беру;	7. Түнгі намаздарды ынтамен оқу;	8. Құран оқу;	9. Ұрыса бастаған адамға: «Мен ораза ұстап жатырмын», - деп айту.
10. Умра жасау;	11. Рамазан айының соңғы он күнінде иғтикаф жасау.		12. Қадір түнін күту.	

Ораза уақытындағы құпталмайтын (макруһ) амалдар:	
1. Ауыз бен мұрынды (шектен тыс) терең шаю;	2. Тағамның дәмін қажеттіліксіз тексеру (тату).

Ораза ұстаған адамға тыйым салынған (харам) амалдар:				
1. Қақырықты жұту, алайда бұл оразаны бұзбайды;	2. Оразаның бұзылуына әкелетіндей кейіпте сүйісу;	3. Өсекғайбаттар: айтылуы тыйым салынған кез келген сөздер;	4. Надандық: дөрекілік пен әдепсіздік;	5. Екі күн оразаны ауыз ашарсыз қатарынан қосып ұстау.

Оразаның қазасын өтеудің ережелері:			
Ораза ұстай алмаған күндерді қатарынан өтеген абзал;	Оларды айт күндерінен кейін өтеуге асығу керек;	Оларды келесі рамазан айының басталғанына дейін қалдыруға болмайды;	Егер оразаны өтеу дәлелді себепсіз қалдырылса, ораза саны көбеймейді және өз күйінде қалады, алайда адамға күні жазылады.

Нәпіл оразалар:				
1. Рамазан айын толық ораза ұстап шыққан адамдар үшін шәууәл айының алты күні, оларды екінші шәууәлдан кейін қатарынан ұстаған жөн;	2. Қажылық жасамаған адамдар үшін Арафа күніндегі ораза;	3. Ашура күнін (мухаррам айының онынышы күні), тоғызыншы және он бірінші күндерімен қоса ұстау;	4. Дүйсенбі және бейсенбі күндеріндегі ораза. Дүйсенбі оразасын ұстау ерекше құпталады;	
5. Әр айдың үш күні, әрі бұл «ақ күндер» болғаны жөн (ақ күндер – әр айдың 13, 14, 15-ші күндері);	6. Күнара ораза ұстау;	7. Аллаһтың айы мухаррамдағы ораза;	8. Зулхижжа айының алғашқы 9 күніндегі ораза;	9. Шағбан айында ораза ұстау, бірақ толық ай емес.

Құпталмайтын (макрух) оразалар:	
Жұма, сенбі немесе жексенбі күндерінің бірін жекшелеп ораза ұстау дұрыс емес;	Егер бұл күндері ораза бөлек себепке байланысты ұсталса, мысалы ол Арафа күнімен сәйкес келсе, бұл рұқсат етілген.

Тыйым салынған оразалар:				
1. Ражаб айы бойы арнайы ораза ұстау;	2. Айт күндердегі ораза;	3. Күмәнді күндегі ораза, тек егер бұл әдетті ораза ұстайтын күнге сәйкес түспесе ғана;	4. Тәшриқ күндерінде ораза ұстау, тек қажылықтағы құрбан ретінде шалынатын малы жоқ адамнан басқа;	5. Үзіліссіз үнемі (күнде) ораза ұстау.

Ораза кітабы бойынша сұрақтар:

Сұрақтар:	Дұрыс	Бұрыс
- Егер біз қандай да бір амалдың оразаны бұзатындығына немесе бұзбайтындығына күмәндансақ, онда негіз ол оразаны бұзбайтынында болады. - Кім сухурды, тіпті түннің ортасында болса да жасаса, сол сүннетке ілескен болады. - Арафа күніндегі ораза кез келген жағдайда құптаулы (мустахаб) болып саналады. - Мустахаб оразаны ұстаған адам оны соңына дейін ұстауға міндетті. - Кез келген ауру ораза ұстауға бөгет болып саналады. - Ғұламалардың, Аллаһ оларды рахым етсін, фиқһ салаларындағы тақырыптарды атауда өз ұстанымдары бар. Олардың мәні бір, бірақ атаулары әртүрлі болады. Мысалы, дәрет тақырыбында кейбір әрекеттер дәретті бұзатын «науақид» деп аталса, ғұсыл тақырыбында мұндай әрекеттер орындауы міндеті «уәжибат», намаз тақырыбында намазды жарамсыз ететін «мубтыләт», ораза тақырыбында ауызды ашып жәберетін «муфтырат», ал қажылық тақырыбында – тыйым салынған «махзурат» амалдар деп аталады.		

- Оразаның тіректері нешеу: 2___, 3___, 4___.
- Ораза кім үшін парыз болып саналады?
1._____
2._____
3._____
4._____
- «Сухурдың» (сәресі) уақытын атаңдар.
- «Сухур» уақытында не нәрсемен тамақтану қажет?
- Ораза ұстаған адам не нәрсемен ауызын ашуы қажет? _____, егер ол болмаса, _____, егер бұл да болмаса, _____, егер ол да болмаса, _____.

Төменде аталған әрбір іс-амалдың ораза тұтқан адамға қатысты үкімін атаңдар			
Іс-амал	**Үкімі**	**Іс-амал**	**Үкімі**
Босанғаннан кейін тазару келіп жатқан әйелдің ораза ұстауы		Ауызды шектен тыс терең шаю	
Кәрі әлжуаз адамның ораза ұстауы		Сүйісу	
Ораза уақытында тамақтану		Екі күн оразаны үзіліссіз қосып ұстау	
Таңсәріден кейін ораза ұстау ниеті		Ұстай алмаған ораза күндерінің қазасын келесі рамазан айы басталғанша өтемей қалдыру	
Көзге тамшы тамызу		Арафа күніндегі ораза	
Адамды тыныштандыратын егулер		Күмәнді күні ораза ұстау	
Қан алдыру		Айт күндері ораза ұстау	
Құсу		«Тәшриқ күндері» ораза ұстау	
Түкірікті жұту		Мухаррам айында ораза ұстау	

Пісіріп жатқан тағамның дәмін татып көру		Ражаб айында ораза ұстау	
Ұйқы		Бір жыл бойы ораза ұстау	
Шомылу		Жұма күні ораза ұстау	
Жолаушы адамның оразасы		Шәууәл айының алты күнінде ораза ұстау	
Мисуак қолдану		Ораза ұстайтын адамның нәрлі дәрілерді егуі	
Хош иістер жағу		Оразаны ниетсіз ұстау	
Тарауық намазы		Кішкентай балалардың оразасы	
Рамазан айында умра жасау			

ҚАЖЫЛЫҚ КІТАБЫ

Қажылық – бұл белгілі рәсімдерді Аллаһ Елшісінің ﷺ сүннетіне сәйкес орындау арқылы Аллаһқа жасалатын ғибадат.

Умра – бұл Қағбаны айналу, Сафа және Маруа төбелерінің арасында жүру және шашты қыру немесе қысқарту арқылы Аллаһқа жасалатын ғибадат.

«Нусук» сөзі өз негізінде құрбан шалуды білдіреді. Ал қажылық пен умра «манасик» деп аталуының себебі оларды жасау барысында құрбан шалынып, садақа берілетіндігінде.

Пайғамбардың ﷺ қажылығы сипатталған Жәбирдің хадисі:

Қажылыққа Аллаһ Тағаланың: «**Оның жолына шамасы келген кісілер, Аллаһ үшін Қағбаны зиярат етуі (қажылық жасау) керек**», - деген сөздері негіз болып табылады («Әли Имран» сүресі, 97-аят).

Адамға қажылық парыз болуы үшін алты шарт бар:

1. Ислам	2. Ақылестің сау болуы	3. Балиғат жасына жету	4. Адамның еркін болуы	5. Оны жасауға күш-қабілеттің жетуі	6. Егер әйел адамға қажылық жасау үшін сапарға шығу керек болса, онымен махрам ер адамы болуы қажет.

Шама-қабілет – бұл ең маңызды шарт және онымен келесі нәрселер меңзеледі:

Адамға қажет болған және оның негізгі қажеттіліктерінен кейін азық-түлік пен көліктің болуы.	Егер әйел адамға қажылық жасау үшін сапарға шығу керек болса, онымен махрам болуы қажет. [Махрам үшін шарттар: ислам, таклиф және оның ер болуы].

Пайғамбардың ﷺ қажылығы сипатталған Жәбірдің хадисі өзінің құрамына қажылыққа байланысты ең маңызды үкімдерді біріктіреді.

Жәбір ибн АбдуЛлаһтан (Аллаһ олардың екеуімен разы болсын) Муслим риуаят еткен бұл хадисте келесі нәрселер баяндалған:

- Пайғамбар ﷺ Мәдинада тоғыз жыл тұрды, әрі сол кезде қажылық жасамады. Содан соң оныншы жылы Аллаһтың Елшісі ﷺ қажылық жасайтыны жарияланды және Мәдинаға көптеген адамдар келді. Олардың барлығы Аллаһ Елшісіне ﷺ ілесіп, ол жасаған амалдарды қайталауды қалады.

[Мукалләф (кәмілет жасына толған адам) үшін қажылық бірден парыз болады].

- Біз онымен бірге (Мәдинадан) шығып, Зул-Хуләйфаға жеттік. Сол кезде Асма бинт Умайс Мухаммад ибн Абу Бакрды босанды, әрі Аллаһтың Елшісіне ﷺ өзінің не істеуі керектігін білу үшін адам жіберді. Ол ﷺ: «Ғұсыл құйын, кейін (мақта толтырылған) енді матамен қан келіп жатқан жеріңді байлап таста да, содан кейін ихрамға кір», - деп жауап берді.

[Айшаның (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде оның етеккірі басталғанда, Пайғамбар ﷺ оған былай дегені хабарланады: «***Қағбаны айналудан басқа қажы жасайтын амалдардың барлығын жаса. Ал оны сен тазарғаннан кейін жасай аласың***»].

- Аллаһтың Елшісі ﷺ мешітте екі ракағат намаз оқыды, кейін (түйесі) әл-Қасуаға отырды. Ол әл-Байдаға жеткенде таухид куәлігін дауыстап, (кейін): «Уа Аллаһ! Міне, мен Сенің алдыңдамын! Міне, мен Сенің алдыңдамын, Сенің ешбір серігің жоқ! Міне, мен Сенің алдыңдамын! Расында, бүкіл мақтау Саған, және нығметтер мен патшалық Сенікі! Сенің серігің жоқ!» - деп (жалғастырды).

- Барлық адамдар оның артынан бұл сөздерді дауыстап қайталай берді және Аллаһтың Елшісі ﷺ оларға осы үшін ешнәрсе айтпады.

- Керісінше ол тәлбияны тоқтамай қайталай берді.

- Бізге келсек, біздің әрбіріміз тек қажылық жасауға ниеттен-ген едік, өйткені біз умра жасауды білмейтінбіз.

- Біз Аллаһ Елшісімен ﷺ бірге Қағбаға жеткенімізде, ол оның бұрышына қолын тигізді.

- Кейін оның айналасын үш рет жылдам қадаммен және төрт рет асықпай айналып тауап жасады.

- Кейін ол Ибраһимнің (оған Аллаһтың сәлемі болсын) орнына жақындап: **«Ибраһимнің орнын намаз оқу орны етіп алыңдар»,** *- деген аятты оқыды.*

- Ол Ибраһимнің орны өзі мен Қағбаның арасында болатындай етіп тұрды да, екі ракағат намаз оқыды, - әрі басқа риуаятта: *«... ол екі рәкағатта «әл-Ихлас» және «әл-Кафирун» сүрелерін оқыды»,* - деп айтылған.

- Кейін ол Қағбаның бұрышына оралып, оған қайта қолын тигізді.

- Содан соң ол қақпадан шығып, Сафаға жөнелді, әрі оған жақындағанда: **«Расында, Сафа мен Маруа – Аллаһтың рәсімдік белгілерінен»,** *- деген аятты оқыды. Сосын ол Сафаға Қағбаны көретіндей етіп көтерілді де, жүзін қыблаға қаратты.*

- Сосын бірқұдайшылық куәлігін жариялап, Аллаһты ұлық-тады әрі оған мақтау айтты да: ***«Лә иләһә иллә Аллаһ, уахдаһу лә шәрикә ләһ. Ләһул мулк, уә ләһул хамд уә һуа ғалә кулли шәйин қадир. Лә иләһә иллә Аллаһ, уахдаһу [лә шарикә ләһ]. Әнжәза уағдаһу, уә нәсара ғабдаһу, уә хазамәл ахзабә уахдаһу*** *(Серігі жоқ Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ! Бүкіл билік пен мақтау Оған тән, Ол әр нәрсеге құдіретті! Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ! Ол уәдесін орындады, құлына жәрдем берді және одақтастарды жалғыз Өзі талқандады)», - деді. Ол бұл сөздерді үш рет қайталады, әрі олардың арасында Аллаһқа дұғамен жалбарынған еді.*

- Кейін ол Маруа жаққа түсе бастады. Ол алқапқа түскен кезде, жүгіре жөнелді, ал төбеге көтеріле бастағанда жәй қадамға өтті. Маруаға көтерілген кезде ол барлық рәсімдерді дәл Сафадағыдай жасады.

- Ол Маруадағы соңғы жүгіруін бітіргеннен кейін: ***«Егер мен қазір білгенімді бұрын білгенімде, құрбандық ретінде шалынатын малды айдатпай, умра жасар едім. Егер сендердің біреулеріңде құрбан малы жоқ болса, ихрамнан умра жасап шықсын»,*** *- деді.*

- Сонда Сурақа ибн Мәлик ибн Жүгшум тұрып: «Уа Аллаһтың Елшісі! Бұл бізге тек осы жылы ғана ма, әлде мәңгілікке бекітілген бе?», - деп сұрады. Аллаһтың Елшісі ﷺ саусақтарын айқастырып: ***«Умра қажылыққа кіреді. Умра қажылыққа кіреді және бұл сендерге мәңгілікке жазылған», - деді.***

- Сол уақытта Али Йеменнен Пайғамбар үшін құрбандыққа арналған мал айдап келіп, ихрамнан шыққан адамдардың арасында Фатиманы көрді. Ол боялған матадан киім киіп, көзін сүрмемен бояған болатын. Али оны бұл үшін жазғырды, ал ол: «Маған осылай жасауды әкем бұйырды», - деді.

*(Жылдар өте кейінірек) Али Ирақта болған кезінде, өзінің сол кезде Аллаһтың Елшісіне ﷺ Фатиманың істегені үшін шағымдану және Фатиманың оған хабарлаған барлық нәрсе жайлы оның пікірін білу үшін бар-ғанын баяндаған болатын. Ол Фатиманы жазғырғаны жай лы айтқанда, Пайғамбар ﷺ: **«Ол шындықты айтты! Ол шындықты айтты! Сен қажылықты бастағаныңда не деп айтқтың?»**, - деп сұрады. Али: «Уа Аллаһ! Мен ихрам халіне Сенің Елшің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) ихрамға кірген ниетпенен кіріп жатырмын!», - деп жауап берді. Сонда Пайғамбар ﷺ: **«Менімен құрбан шалынатын мал бар, сондықтан ихрамнан шықпа»,** - деді.*

- *Али өзімен бірге Йеменнен алып келген және Пайғамбар ﷺ әкелген малдың жалпы саны жүз бас болды.*

- Адамдар ихрамнан шығып, шаштарын алды. Бұны тек Пайғамбар ﷺ және құрбандық малдары бар адамдар ғана жасамады.

- Әт-Таруия (зул-хижжа айының 8-ші күні) күні келгенде, олар Мина алқабына аттанып, қажылықтың басталғаны жайлы жариялап талбия айтты.

- Аллаһтың Елшісі ﷺ мініс жануарының үстінде барды. Ол онда бесін, аср, ақшам, құптан және таң намаздарын [қысқартып] *оқыды.*

- Ол онда күннің шығуын күтіп,

- адамдарға өзі үшін Намира тауында жүннен жасалған шатыр орнатуды бұйырды. Аллаһтың Елшісі ﷺ сапарға аттанғанда, құрайыштықтар (Исламнан бұрынғы) надандық заманында өздері жасағандарындай оның Муздалифада тоқтайтындығына күмәнданбады. Бірақ Аллаһтың Елшісі ﷺ Арафат алқабына жеткенше тоқтамай жүре берді. Ол үшін Намира тауында шатыр тігіліп қойылған болатын, және ол онда тоқтады.

- *Түстен кейін ол өзіне (түйесі) әл-Қасуаны алып келуді бұйырды.*

- Пайғамбар ﷺ оған мініп, Арафат алқабына түсті, әрі онда адамдарға құтпа жасап, былай деді: ***«Расында, сендердің қандарың және мал-мүліктерің бір-біріңе, міне осы күндей, осы айдай және осы жердей қол сұғылмайтын және қасиетті болып табылады. Надандық уақытында орын алған барлық нәрсеге енді тыйым салынды! (Исламға дейінгі) надандық кезінде төгілген қанға (кек алуға) тыйым салынды, әрі мен ең бірінші кезекте туысымыз Рабиғ ибн әл-Харистың баласының қаны үшін кек алуға тыйым саламын. Ол бану сағд тайпасына емізулі анаға тәрбиеге берілген болатын, ал хузәйл тайпасы оны өлтірді. Надандық кезіндегі өсімқорлыққа да тыйым салынады, әрі мен ең бірінші кезекте руымыздағы Аббас ибн Абд әл-Мутталиб алған өсімге тыйым саламын. Бұдан былай өсімқорлыққа толығымен тыйым салынды! Әйелдеріңе қатысты қарым-қатынастарыңда Аллаһтан қорқыңдар.***

Өйткені сендер оларды Аллаһтың аманатымен алдыңдар және Аллаһтың сөзіне сәйкес оларға иелік етесіңдер. Олар сендердің төсектеріңе сендер ұнатпайтын ешкімді отырғызбауы керек, ал егер олар сендерді тыңдамаса, оларды қатыгездік жасамай ұрыңдар! Әрі сендер оларды ғұрыпқа сәйкес тамақтандыруларың әрі киіндірулерің керек!

Расында, мен сендерге егер сендер соны қатты ұстасаңдар ешқашан адасушылыққа түспейтін нәрсені қалдырамын. Бұл – Аллаһтың Кітабы.

Сендерден мен жайлы сұрайды, сонда не деп айтасыңдар?»

Адамдар: «Сіз Жолдауды жеткізіп, міндетіңізді орындап, бізге дұрыс нұсқау бергеніңізге куәлік етеміз», - деп жауап берді. Аллаһ-тың Елшісі ﷺ сұқ саусағын аспанға көтеріп, кейін онымен адамдарға нұсқап: ***«Уа Аллаһ, куә бол! Уа Аллаһ, куә бол! Уа Аллаһ! куә бол!»,*** *- деді.*

Осыдан соң Биләл азан шақырып, иқамат айтты, әрі Аллаһтың Елшісі ﷺ бесін намазын оқыды. Кейін қайтадан қамат айтылып, ол аср намазын (екі ракағат етіп) оқыды.

- Ол осы екі намаздың арасында ешқандай қосымша намаз оқымады.

- Кейін ол өз інгеніне мініп, Арафатта тұратын жерге қарай аттанды.

- Ол жаяу қажылар жүрген жолда тоқтады да, інгені әл-Қасуаны тастарға шөктірді. Сосын жүзін қыбылаға қаратып,

- сол орында күн батуға қарай иілгенге дейін болды. Көп ұзамай күннің жарықтығы кетіп, олкөкжіектен көрінбей кетті.

- Усама ибн Зәйд Аллаһ Елшісінің ﷺ артына, оны қорғау үшін отырды. Аллаһтың Елшісі ﷺ Қасуаның тізгінін қатты тартқаны сонша, оның басы үзеңгіге тірелді.

- Ол оң қолын алға созып: ***«Уа адамдар, тыныштық сақ таңдар! Тыныштық сақтаңдар!», -*** *деді. Ол шағыл құм төбелеріне жақындағанда, түйесінің одан өтуі жеңіл болуы үшін, тізгінді босатты.*

- Ол Муздалифаға жеткенде, онда ақшам намазын және құптан намазын (екі ракағат етіп) оқыды, әрі оларға азан бір рет шақырылды, ал иқамат екі намаздың алдында айтылды. Осы екі намаздардың арасында ол ешқандай намаздар оқымады.

- Кейін ол таңсәріге дейін демалуға жатты. Таң шапағы көрінгенде, намазға азан және иқамат жарияланды да, содан соң ол таң намазын оқыды.

- Ол әл-Қасуаға отырып, әл-Харамға (әл-Машғар әл-Харамға) жетті.

- Онда ол жүзін қыбылаға қаратып, Аллаһқа дұғамен жүгініп, Оны ұлықтап, бірқұдайшылық куәлігін айтып, жарық түскенше тұруын жалғастыра берді.

- Ол күн шығудан бұрын сапарын жалғастырды, ал оның артына әл-Фәдл ибн Аббас отырды... Осылайша олар Мухассир алқабына жетті және сол жерден жүруін жылдамдатты. Сосын ол Үлкен Бағанаға шығатын орталық жолмен жүріп отырып,

- қасында ағаш өсіп тұрған бағанаға дейін жетті, әрі оған жеті кішкетай тас лақтырып, әр тасты лақтырғанда «Аллаһу акбар» деп айтты. Осы орайда ол ﷺ тастарды алқаптың (уәдидің) ішкі жағынан лақтырды.

- Кейін ол құрбан шалынатын жерге барып, өз қолымен алпыс үш түйе сойды.

- Қалған түйелерді Али сойды, ал Аллаһтың Елшісі ﷺ оған осыда көмектесті.

- Бұдан кейін ол әр сойылған малдан бір бөлік ет алып, оны қазанға салып, асуды бұйырды. Тағам дайын болғанда, олар ет пен сорпадан ауыз тиді. Кейін Аллаһтың Елшісі ﷺ інгенінің үстіне мініп Қағбаға аттанды,

- әрі бесін намазын Меккеде оқыды.

- Кейін ол Зәмзәм бұлағынан суды адамдарға үлестіріп жатқан Абд әл-Мутталибтің ұрпақтарынан болған адамдарға барды да, оларға: «Уа Абд әл-Мутталибтің ұрпақтары, маған су алып беріңдер. Егер мен адамдардың сендерді бұл жерден ығыстырып жібертіндерінен қорықпағанымда, онда сендермен берге адамдарды сусындырар едім», - деді. Олар оған Замзамнан бір шелек су берді және ол одан қанып ішті». Муслим.

Ол қажылық рәсімдерін орындағанда адамдарға: «***Менен қажылық рәсімдерін алыңдар***», - деп айтатын. Ең кәміл қажылық Пайғамбардың ﷺ және оның сахабаларының (Аллаһ олардың барлығына разы болсын) үлгісіндей жасалған қажылық.

Қажылықтың тіректері мен міндетті амалдары		
Егер адам келесі амалдармен ғана шектелсе, бұл жеткілікті болады:		
4 тірек:	1. Ихрам	2. Арафат тауында тұру
	3. Қағбаны айналып тауап жасау	4. Сафа мен Маруа арасында сағи жасау (жүру)
Міндетті амалдар:	1. Миқаттағы ихрам	2. Арафат тауында күн батқанша тұру
	3. Ораза айтына қараған түнді Муздалифада өткізу	4. «Тәшриқ күндерінің» түндерін Минада өткізу
	5. Бағаналарға тас лақтыру	6. Шашты қыру немесе қысқарту

Қажылықтағы тіректі қалдыру мен міндетті амалды қалдырудағы айырмашылық келесі нәрседе:	
Егер тірек қалдырылса, қажылық шариғатқа сәйкес орындалмағанға дейін жарамсыз болады.	Егер міндетті амал қалдырылса, қажылық жарамды болады, алайда оны қалдырған адам күнә жасаған болады және оған құрбан шалу міндеті жүктеледі.

Қажылықтың төрт тірегінің түсіндірмесі			
1. Ихрам – бұл өз негізінде тәлбияны айту немесе (арнайы) киім кию емес, алайда рәсімдерді орындауға ниеттену.	**2. Арафат тауында тұру** – бұл зул-хижжа айының 9-шы күні күннің тастөбеден түскенінен бастап, айт күннің таңына дейін. Пайғамбар ﷺ: «***Қажылық – бұл Арафат***», - деген. Хадисті «Сунан» кітаптарының кейбір авторлары келтірген.	**3. (Қажылықты) бітіретін тауап** – бұл сәлем беру тауап емес, алайда Арафат тауында тұрудан кейін жасалатын тауап.	**4. Сафа мен Маруа төбелерінің арасын жүріп өту.** Аллаһ Тағала былай деген: «**Расында, Сафа мен Маруа – Аллаһтың рәсімдік белгілерінен**» («әл-Бақара» сүресі, 158-аят).

Қажылықтағы міндетті амалдар мен сүннеттер			
1. Ихрамды миқаттан бастау;	2. Арафат тауында күн батқанға дейін тұру;	3. Муздалифада түнді өткізу;	4. «Тәшриқ күндерінің» түндерін Минада өткізу;

5. Тастарды лақтыру;	6. Шашты қыру немесе қысқарту;	7. Меккеден кетуге ниет білдірген адамдардың (етеккірі немесе босанғаннан кейінгі қаны келіп жатқан әйелден басқа) қоштасу тауапын жасауы, тіпті бұл қажылық айларынан кейін болса да (автор бұл тармақты айтпаған).

Қажылық пен умраның миқаттары				
1. Уақыт		**2. (Қажылық пен умра) мекендері**		
Қажылық айлары: шәууәл, зул-қағда, зул-хижжа	*Умра*: бекітілген уақыт жоқ	А. Мәдина мен ол арқылы келетіндер үшін Зул-Хуләйфа.	Ә. Шам, Мысыр және Мағриб (солтүстік-шығыс Африка) үшін әл-Жухфа.	Б. Нәжд үшін Қарн әл-Мәнәзил
				В. Йемен үшін Яләмләм
				Г. Ирақ үшін Зату Ғирқ.

Қажылықтағы мустахаб амалдар		
1. Ихрамнан бұрын шомылу және хош иістерді қолдану;	2. Ер адамдарға ақ түсті екі мата кию абзал;	3. Ихрамға кіру ниетінен бұрын тырнақтарды және алынуы тиіс шаштар мен түктерді алу;
4. Ихрамға кірген соң әл-Ақабаға тас лақтырғанға дейін тәлбия оқу;	5. «Ифрад» және «Қиран» тәсілдерімен қажылық жасаған адамдар үшін сәлем беру тауапын жасау;	6. Сәлем тауапының және «тамматуғ» тәсілімен қажылық жасағандар умра уақытындағы тауаптардың алғашқы үш айналымында жылдам жүру;

7. Сәлем тауапында немесе «таматтуғ» әдісімен қажылық жасайтын кісінің умра жасау кезіндегі тауапында оң иығын ашуы;	8. Муздалифаға жеткенде құптан намазын ақшам намазынан соң қосып оқу;	9. Арафат түнін Минада өткізу;
10. Қара тасты сүю;		11. Муздалифадағы «Харам мекенінде» таңсәріден күн шыққанша болу;

[Қажылық рәсімдері туралы бөлім]

Қажылық жасауды қалаған адам таммату (бұл ең жақсы әдіс), қиран немесе ифрад әдісін таңдай алады.

1. Таматтуғ – бұл қажылық уақытында алдымен умраға кіріп, оны жасап болғаннан кейін сол жылы қажылық жасауға кірісу. Бұл әдісті таңдаған қажы Харам мешітінде болмаса құрбан шалуы қажет.	2. Ифрад – тек жалғыз қажылықты [оның ғана рәсімдерін орындап] жасау.	3. Қиран	
		Не қажылық пен умраны қоса жасау үшін ихрамға кіру.	Не умраны жасау үшін ихрамға кіріп, кейін тауап жасаудан бұрын оған қажылықты енгізу

Таматтуғ әдісімен қажылық жасайтын адам келесі жағдайларда тек осы тәсілді ғана таңдауы қажет:

1. Егер ол умра жасағандығынан Арафат тауында тұруды өткізіп алудан сақтанса;
2. Егер әйел адамның етеккірі немесе босанудан кейінгі қан ағуы басталса және ол Арафат тауында тұру уақыты келгенше тазаратынын білмесе;

Ифрад пен қиран әдістері бірдей жасалады, алайда қажылықты қиран тәсілімен жасаған адам құрбан шалуы қажет.

[Ихрам уақытындағы тыйым салынған амалдар туралы бөлім]

Ихрам халіндегі адам мына істерден аулақ болуы қажет:		
1. Шашты қыру (алу);	2. Тырнақ алу;	3. Егер ол ер адам болса, тігілген киім кию;
4. Ер адамға басын жабу;		5. (Әйелдерге де ерлерге де) хош иістерді қолдану;
6. Сондай-ақ қажы адамға жабайы құстарды аулауға, оларды аулауға нұсқауға және оларды өлтіруге жәрдем беруге тыйым салынған;		7. Ихрамдағы ең басты тыйым – жыныстық қатынас. Бұл амалға өте қатал түрде тыйым салынған және ол өтемақымен (фидия) міндеттеледі, ал ол құрбан шалу.

Ихрамдағы тыйым салған амалдар тоғыз:		
- Егер бұл амалдардың әлдебірі ұмытшақтықпен, білімсіздікпен немесе ерексіз (мәжбүрліктен) жасалса, онда бұда күнә жоқ. - Алайда қажы жабайы құсты өлтірсе, ол кез келген жағдайда өтемақы (фидия) төлеуге міндетті. - Егер де тыйым салынған амалдар әдейі жасалса, онда олар төрт түрге бөлінеді:		
1. Өтемақымен (фидия) міндеттелмейтін амалдар:	1) Адамның өз немесе басқаның некесін қиюы;	Бұл жағдайларда қажы амалына өтемақы жасамайды, алайда ол тәубе етуі қажет.
	2) Жыныстық қатынассыз және ұрықтың шығуынсыз болған **жақындасу**;	
2. Өтемақы (фидия) ретінде сол затқа ұқсас басқа нәрсені берумен міндеттелетін амалдар.	3) Жабайы аң-құстарды аулау және оларды өлтіру. Жабайы аң-құсты өлтірген адам кез келген жағдайда өтемақы (фидия) ретінде әділсалиқалы адамдар шешкен мал түрін беруі қажет.	

<table>
<tr><td rowspan="2">3. Қатал өтемақымен міндеттелетін амал</td><td rowspan="2">4) Жыныстық қатынас</td><td>А. Бұл амал ихрамнан бірінші босанудан (тәхәллулден) бұрын жасалса, онда төрт нәрсеге әкеледі: 1. қажылық бұзылады, 2. ол осы жылы бұзылған болып қала береді, 3. оны қайтадан өтеу міндетті болады, 4. құрбан шалу міндетті болады.</td></tr>
<tr><td>Б. Бірінші босанудан кейін және міндетті тауапқа дейін орын алған жыныстық қатынас та төрт нәрсеге әкеледі: 1. күнә жазылады, 2. ихрам бұзылады, 3. адам әл-Харам аймағынан шығып, ихрамға қайта кіруі қажет, 4. адам құрбан шалуы қажет.</td></tr>
<tr><td rowspan="5">4. Жеңіл өтемақымен міндеттелетін амал</td><td>5. Бастағы немесе денедегі шашты қыру;</td><td rowspan="5">Бұл жағдайларда өтеу адамның таңдауымен орындалады: бұл не үш күн ораза ұстау, не алты кедейді тамақтандырып, олардың әрқайсына жарты сағтан тамақ беру, немесе қой сойып, етін Харам аймағындағы мұқтаж адамдарға тарату.</td></tr>
<tr><td>6. Тырнақтарды қысқарту;</td></tr>
<tr><td>7. Еркектердің бастарын жабуы;</td></tr>
<tr><td>8. Еркектерге тігілген киім кию;</td></tr>
<tr><td>9. Әйелдерге ниқаб немесе қолғап кию;</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="2">Келтірілген зиян үшін берілетін өтемақыға келсек:</td></tr>
<tr><td>1. Егер қажы басын жапса, тігілген киім кисе, немесе қажылық жасаған әйел бетін жауып, қолғап кисе, әлде әйел болса да ер болса да хош иісті әтір қолданса, оларға өтемақы жасауда келесі таңдау беріледі:</td><td>2. Егер адам жануарды өлтірсе, оған да таңдау беріледі:</td></tr>
</table>

А. Үш күн ораза ұстау;	Ә. Алты кедейді тамақтандыру;	Б. Қой сою;	А. Егер оның малы бар болса, дәл сондай жануарды сою;	Ә. Өлтірілген жануардың сол маңайдағы бағасын анықтап, сол ақшаға тағам алып, әр кедейге бір мудд арпа немесе басқа азықтүліктен жарты сағ беру.	В. Әр кедей үшін бір күн ораза ұстау.

Таматтуғ немесе қиран қажылықтарындағы құрбан шалу жайлы айтсақ:

Құрбандық ретінде сойылуға жарамды малды құрбан айт күні сою қажет. Егер бұндай мал жоқ болса, он күн бойы ораза ұстау қажет:

- Олардың үш күні қажылық күндерінде өтеледі [оразаны қажылық немесе умраға кірердегі ихрамнан бастап ұстауға болады, оның уақыты тәшриқтің соңғы күнінде бітеді]. Сондай-ақ оразаны тәшриқ күндері де ұстауға болады.
- Ал жеті күні қажылықтан елге қайтқан соң ұсталады. [Егер адам барлық ораза күндерін қажылық біткеннен соң Ұстаса да, бұда күнә жоқ].

Дәл осы сияқты үкім мына адамдарға да қатысты:

1. Қажылықтың әлдебір міндетті амалдарын өткізіп алған адамға;	2. Немесе әйелімен жыныстық қатынасқа түспей жақындасу үшін өтемақы жасау керек болған адамға.

Ихрам халі мен Харам мешітіне байланысты кез келген құрбандықтың етін немесе тамақтандыруды Меккеде тұратын немесе оған сапар шегіп келген Харам аймағындағы кедейлеріне беру қажет.

Оразаны кез келген жерде ұстауға рұқсат етіледі.

Тамматуғ және қиран қажылықтарын жасайтын адамның шалатын құрбандық малының және қажы өтем ретінде сойылатын малдың (хади) етін өзі де жеуі және одан өзгелерге сыйлық немесе садақа ретінде беруі мустахаб болады.

Тыйым салынған амал жасау немесе міндетті амалды қалдыру себебінен шалынған міндетті құрбанға келсек, онда адам одан өзіне ештеңе қалдыруына болмайды, оны садақа ретінде беру керек, өйткені ол өтеудің орынын басады.

Тауафтың жалпы шарттары:

<table>
<tr><td rowspan="2">1. Ниет;</td><td colspan="3">2. Қара Тастан бастау</td><td>3. Қағба сол жақта қалатындай тұру;</td><td>4. Жеті толық айналым жасау;</td><td>5. Пасықтық пен ластықтан тазару.</td></tr>
<tr><td>Оған қол тигізіп, сүю жөн;</td><td>Егер бұл мүмкін болмаса, оған жәй ғана нұсқау қажет;</td><td>Және сол уақытта мына сөздерді айту қажет:
بسم الله ألله أكبر اللهم إيمانا بك و تصديقا بكتابك و وفاء بعهدك و اتباعا لسنة نبيك محمد
«Аллаһтың атымен, Аллаһ Ұлы! Уа Аллаһ! Саған иман келтіріп, Сенің Кітабыңды ақиқат ретінде қабылдап, Саған берген антымды орындап,</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>

			Сенің Пайғам-барыңның Сүннет-іне ілесемін».			

Қажылықтың Қағбаны айналудан басқа қалған рәсімдерінде дәрет парыз емес, сүннет болып саналады.

Хадисте былай хабарланады: «***Қағбаны тауап жасау намаз секілді. Олардың айырмашылығы тек Аллаһ оны жасағанда сөз сөйлеуге рұқсат берген***». Тирмизи.

Мына амалдарды жасау мустахаб:

1. Сәлем беру тауапында оң иықты ашу;	2. Алғашқы үш айналымды жәй жүгіріспен, қалған төрт айналымды жүріп өту.

Айтылған айналымдардан басқа айналымдарда, иықты ашу мен жәй жүгіріс сүннет болып саналмайды.
Сафа мен маруа арасында сағьи жасаудың шарттары:

1. Ниет;	2. Жеті рет жүріп өту;	3. Сафа төбесінен бастау.

Қажылықтағы адамға Аллаһты көп зікір етіп, Қағбаны айналғанда, сағьида жүргенде және басқа да рәсімдерді

жасағанда Оған жалбарыну қажет, өйткені Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Расында, Үйді айналу, Сафа мен Маруаның арасында сағьи жасау мен Жамарттарға тас лақтыру Аллаһты зікір ету үшін бекітілген.***

[Хадисті «Сунан» кітаптарының кейбір авторлары келтірген].

Абу Хурайраның (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен былай деп хабарланады: «*Аллаһ Тағала Өз Елшісіне Меккені жаулап алуды нәсіп еткенде, ол адамдардың алдына тұрып, Аллаһты мақтап-мадақтап, былай деген еді:*

«Расында, Аллаһ пілді Меккеге кіруден ұстап қалды, алайда Өз Елшісі мен иман келтірген мүминдерге бұл қаланы жаулап алуды нәсіп етті.

Менен бұрын Меккеде шайқасу ешкімге рұқсат етілмеген және менен кейін де бұл ешкімге рұқсат етілмейді. Расында, маған да бұл тек күндізгі уақыттағы бір сағатқа ғана рұқсат етілді, ал қазір ол қайтадан онда:

1. ***Тікенді жұлуға,***	2. ***Талдарды кесуге тыйым салынған жер болып саналады.***	3. ***Бұл жерде табылған мүлікті жоғалғаны жайлы жариялау үшін ғана көтеруге болады.***	4. ***Егер (бұл жерде) біреуді өлтірсе, оның ең жақын туыстары екі нәрседен бірін таңдай алады: не өлтірілген адам үшін өтеу құнын алу, не өлтірген адамға теңімен қайтару».***	5. Аббас: «Уа Аллаһтың Елшісі, қабірлерімізге қолданатын хош иісті қамыстан басқа ма?» - деп сұрады. Сонда Пайғамбар ﷺ: ***«Хош иісті қамыстан басқа***», - деп жауап берді. (әл-Бухари мен Муслим).

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Мәдина Ғаир тауынан пәлен жерге дейін харам (қасиетті қорықты мекен) болып табылады».***
Муслим.
Ол ﷺ былай деген: «***Бес нәрсе зиян келтіруші болып табылады және оларды Харамның қасиетті жерінде де өлтіруге болады, (олар):***

1. ***Қарға***	2. ***Кезқұйрық***	3. ***Сарышаян***	4. ***Тышқан***	5. ***Құтырған ит».*** (әл-Бухари мен Муслим).

Ит үш түрлі болады:

1. Құтырған ит: оларды өлтіру қажет;	2. Қара ит: оларды өлтіруге болады;.	3. Басқа түрлі иттер: егер ол зиян тигізбесе, оларды өлтіруге тыйым салынған.

Жоғарыда өтемақы ретінде шалынатын құрбан міндетті екендігі жайлы айтылған, ал айт күні және бала туылғанда және басқа да жағдайларда шалынатын құрбан - сүннет.

Айт күнгі мерекелі құрбандыққа келсек, шама-мүмкіндігі жететін мұсылман адамға оны қалдырмаған абзал, өйткені Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Шама-мүмкіндікке ие бола тұра құрбан шалмаған адам, біздің намаз оқылатын жерімізге жақындамасын***». Ибн Мәжаһ, Ахмад.

Сондай-ақ ол ﷺ былай деген: «***Егер (зул-хижжаның алғашқы) он күні басталса және сендердің әлдебіреуің құрбан шалғысы келсе (ниеттенсе), онда оны шалмағанынша тырнақтары мен шашын алмасын***», - ал басқа нұсқада: «...***терісін***», - деп айтылған.

Құрбандық ретінде тек [мына жастағы ірі және ұсақ мүйізді мал ғана жарамды болады]:

1. Жарты жасар қой;	2. Жұп жануарлар:		
	А. Түйелерден: бес жасарлықтары,	Б. Сиырлардан: екі жасарлықтары,	В. Ешкілерден: бір жасарлықтары.

Құрбандық малының әлдебір кемшіліктерден сау болуы міндетті шарт болып табылады. Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Құрбан ретінде төрт түрлі жануарды шалуға рұқсат етілмеген:***

1. ***Кемістігі анық болған бір көзді жануарды;***	2. ***Ауруы анық көрінген ауру жануарды;***	3. ***Ақсақтығы анық болған ақсақ жануарды;***	4. ***Және кәрілігі анық көрінген әлсіз жануарды».*** Хадис сенімді, оны бес шейх келтірген.

Құрбандыққа шалынатын мал жақсы және кәміл сипатқа ие болуы қажет. Ол неғұрлым жақсы болса, соғұрлым Аллаһқа ұнамды болады және оның иесі көбірек сауап алады.

Жәбир былай деген: «***Худайбияда біз Пайғамбармен ﷺ бірге әр жеті адамнан інген және әр жеті адамнан сиыр сойдық***». Муслим.

Әке [немесе басқа да балаға қамқоршы болған адамға] бала туылғындығы үшін құрбан шалу ерекше құпталатын амал болып табылады:

1. Ұл бала үшін: екі қой;	2. Қыз бала үшін: бір қой.

Бала туалғандығы себебімен құрбан мына күндері шалынады:

1. Жетінші күні. Егер бала сенбі күні туылса, құрбандық жұма күні, яғни бала туылған күннен бір күн бұрын шалынады.	2. Егер жетінші күн өтіп кетсе, онда он төртінші күні шалынады.	3. Егер бұл күн де өтіп кетсе, онда құрбандық жиырма бірінші күні шалынады.
Құрбандық жаны болған әрбір бала үшін, тіпті ол өлі туылса да шалынады.		
Бала туылғаннан кейін жетінші күні мына амалдарды жасау да бекітілген:		
1. Егер бұл одан алдын жасалмаған болса, ондп нәрестеге ат қою;	2. Баланың шашын қыру.	3. Нәресте шашының салмағына тең күмісті (құнын) садақа ретінде беру.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Әр бала өз ақиқасының тұтқыны болып саналады. Ол үшін жануар туылғанынан кейін жетінші күні сойылады және сол күні оның шашы қырылып, оған есім беріледі***». Хадис сенімді, оны бес шейх келтірген.

Айтылған құрбандықтардың барлығының етінен иесінің өзі жей алады, сондай-ақ одан сыйға тартып, садақа ретінде де тарата алады.

Жануарды сойған адамға сол етпен қолақы (еңбек ақы) төлеуге болмайды. Ет оған сыйлық немесе садақа ретінде беріледі.

[Ескертпе]

Қажылық күндерінің атаулары:					
1. Әт-Таруия: Зулхижжәның 8-ші күні. Бұл күні қажылықтағы адамдар Минаға су әкеледі;	2. Арафат күні: немесе Тұру күні – зулхижжәның 9-шы күні;	3. Мереке күні: Құрбан айт, 10-шы күн;	4. Әлқарр күні: 11-ші күн;	5. Бірінші ән-нафар күні: 12-ші күн;	6. Екінші ән-нафар күні: 13-күн.

Жиналу түні – бұл құрбан айт мерекесіне қараған түн. Ол адамдардың Арафат тауында тұрғаннан кейін жиналатындығы үшін осылай аталған, өйткені Мекке тұрғындары Исламға дейінгі надандық заманында бұл тауға шықпаған.

Қажылықта Аллаһқа дұғамен жалбарыну қажет болған жерлер:

1. Арафат тауында, 9-шы күні, күн тас төбеден ауған соң батқанға кейін;	2. Муздалифада 9-шы күні таң атқан соң, сары түс пайда болғанға дейін;	3. Тәшриқ күндері «әс -суғра» мен «әл-ууста» бағаналарына тас лақтырған соң;	4. Қағбаны тауваф жасау кезінде;	5. Сафа мен Маруа төбелерінің арасында жүргенде және оларда тұрғанда.

Пайғамбар қаласы Мединада Шариғатпен бектілген зияраттар:

1. Мәдинаға Пайғамбар мешітінде намаз оқу үшін сапарға шығу, өйткені хадисте былай деп айтылған: «***Үш мешіттен басқа жерге арнайы (құлшылық) сапармен аттанбаңдар, (олар): әл-Харам мешіті, менің мешітім және әл-Ақса мешіті***» (әл-Бухари мен Муслим), ал басқа хадисте былай айтылған: «***Менің мешітімдегі намаз басқа мешіттердегі намаздан мың есе жақсы***» (әл-Бухари мен Муслим).	2. «Қуба» мешітінде намаз оқу, өйткені хадисте былай деп айтылған: «***Кім үйінде дәрет алып, кейін Қуба мешітіне келіп, онда намаз оқыса,сол умраның сауабын алады***». Ибн Мәжаһ.	3. Пайғамбардың ﷺ және оның екі сахабасының қабірлерін зиярат ету, өйткені бұны сахабалар жасаған.	4. «Әл-Бақиғ» зиратын зиярат ету, өйткені бұны Пайғамбар ﷺ жасаған.	5.Ухуд шайқасында шәһид болғандарды зиярат ету, өйткені бұны Пайғамбар ﷺ жасаған.

Қажылық кітабы бойынша сұрақтар

Сұрақтар:	Дұрыс	Бұрыс
- Ихрам – қажылықтың тіректерінің бірі, әрі онымен миқаттан бастап ақ киім кию меңзеледі. - Міндетті тауаф – бұл Меккеге келген бойда жасалатын тауаф емес. Алғашқы тауаф – бұл қажылықтың тірегі, ал екінші тауаф – сүннет. - Пайғамбар ﷺ үш рет қажылық жасаған. - Қажылықты барынша тезірек жасау қажет. - Мәдина тұрғындары ихрамға Яләмләм мекенінен кіреді. - Кіші қажылық (умра) жасау үшін уақыттық миқат – бұл рамазан айы. - Мекке тұрғындары қажылық жасауға әт-Танғим жерінен кіріседі. - Ихрамға кірген уақытта әйел адамға ақ киім кию қажет. - Әйел адамға қажылық уақытында тігілген киім киюге рұқсат етілмейді. - Қажылықтағы адамға белдік кию рұқсат етілмейді. - Сафа мен Маруа төбелерінің арасындағы жүгіруді өте тез жасау жөн. - Қажылар Арафат тауынан ақшам намазынан бұрын кетеді. - Арафат тауында тұру – қажылықтың міндетті амалдарының бірі. - Шариғат Арафат күні тауға көтерілуді бекітпегені. - Таматтуғ және қиран әдісімен жасалған қажылықта құрбан шалу міндетті, ал ифрад қажылығында мустахаб болып табылады. - Тәлбияны мереке күні жамарат әл-Ғақабаға тас лақтырумен тоқтату қажет. - Егер де қажы тасты ойыққа қойса, бірақ нысанаға тимесе, оның тас лақтыру рәсімі дұрыс болып саналады. - Қажы тастарды барлық үш жамаратқа оныншы күні лақтырады.		

- Жамараттарға тас лақтыру тәшриқ күндері күн тастөбеден ауғанда басталады. - Шариғат тас лақтырғаннан кейін Аллаһқа дұға етуді бекіткен. - Егер адам ғибадатты тоқтатуға ниеттенсе, онда ол, егер қажылық пен умра болмаса, бұзылады. Егер адам тыйым салынған амалды жасауға ниеттенсе, оның ғибадаты тек ол соны жасағаннан кейін ғана бұзылады. - Ифрад және қиран бірдей үлгіде орындалады, олардың айырмашылығы, қиран әдісі жасалғанда, екі рәсімге үлгеру үшін құрбандық шалынады. - Егер әлдебір нәрседе халәл әрі харам қоса келсе, әрі бұған қоса харам мен харамды бір бірінен бөлу мүмкін болмаса, онда оның тыйым салынған харам екені басым болады. - Зиян келтіретін кез келген нәрсе үзірлі болуы мүмкін емес. - Әйелдің ихрамы оның жүзінде. - Аллаһ және Оның Елшісі ﷺ бұйырған нәрсе ғана міндетті болып саналады. Дербестік құқығына ие болған адамдардың мүлкіне дәлелсіз қол сұғуға тыйым салынған. Алайда бұны тәрбие және өсиет ретінде жасауға рұқсат етілген, алайда бұл жағдайда жалпы пәтуаларға байланысты ғұламалардың көпшілігі ұстанатын шектен шықпау қажет. Ал мысалы, теориялық білімге келсек, ақиқатты түсіндіру қажет. - Бір нәрсені дәлелсіз парыз қылу, оны дәлелсіз тыйым салу секілді. - Аллаһ Елшісінің ﷺ уақытында себебі болған, бірақ ол оны жасамаған барлық нәрседен бас тарту сүннет болып саналады. - Егер қажылықтағы бір міндетті амалдың уақыты өтіп кетсе және оны өтеуге мүмкіндік болмаса, онда өтемақы ретінде құрбан шалу қажет, алайда кейбір білімсіз адамдар оларда таңдау құқығы бар деп ойлайды.		

- Қажылықтың тіректерін атап өтіңдер: 2___, 3___, 4____.
- Оң иықты:
умрадағы тауафта_____,
сәлем беру тауафында____,
келу тауафында_____,
жоғарыда аталғандардың біріншісі мен екіншісінде ____,
аталғандардың барлығын жасау уақытында___ ашу қажет.
- Пайғамбар ﷺ Арафат күні ақшам және құптан намаздарын қай жерде оқыған? – Арафат тауында_____, Минада____, Муздалифада___, жолда___.
- Қажылық 9-шы жылы_____, 10-шы жылы ____ парыз болды.
- Ихрам уақытында тыйым салынған амалдар саны: 9____, 5____, 3____.
- Ихрамға кіргісі келген адамға _____ хош иісті әтір қолдану жөн, бірақ бұл мына адамдар үшін ____құпталмайтын амал болады.
- Қажылық жасаған әйел мына нәрселерді кимеуі қажет: _____
- Өмір барысында қажылық пен умраны бір рет жасау _____ болып саналады; кім қажылық жасап осы орайда _____, ол анасы оны туған күніндей күнәдан таза болады.
- Қабыл болған қажылық үшін сый тек _____ болады.
- Қажылықта кім ораза ұстауға міндетті?
1.
2.
3.
4.
және әйел адам үшін қосымша шарт:
5.
- Төбелердің арасында жүруді _____ бастап, _____ аяқтау қажет.
- Қажылық жасауды _____ күні бастап, _____ күннің соңында бітіру қажет.
- Егер міндетті тауапты жасауды Меккеден шығу уақытына қалдырса, бұл қоштасу айналымы ретінде де жеткілікті болады. Міндетті айналым кіші қажылық (умра) уақытындағы айналым секілді жасалады, олардың айырмашылығы мына нәрселерде _____ және _____.
- Қиран мен ифрадты жасайтын адамдар Сафа мен Маруа төбелердің арасында _____жүру рәсімін жасайды, алайда таматтуғ жасаған адам олардың арасында жүру рәсімін _____ жасайды.

- Қажылық пен умра жасау барысындағы бірқұдайшылықтың ең маңызды белгісі_____.

Төменде келтірілген амалдардың әрқайсының шариғи үкімін атаңыз:

А. Кішкентай баланың қажылығы. Б. Махрамсыз болған әйелдің қажылығы. В. Қарызы болған адамның қажылығы.

Зул-хижжаның күндерін төменде ұсынылған нұсқалардағы дұрыс жауаппен сәйкес етіп біріктіріңіз:

8-ші күн	9-шы күн	10-шы күн	11-шы күн	12-ші күн	13-ші күн
Арафат күні	Бірінші ән-Нафар күні	Минаға су тасыған күн	Құрбан айт	Екінші ән-Нафар күні	Әл-Қарр күні.

САУДА КІТАБЫ

Сауданың шариғи мағынасы – бұл әлдебір рұқсат етілген (мубах) мал-мүлікті, тіпті ол қарыздық міндеттеме түрінде болса да, немесе әлдебір пайдаланатын нәрсені, мысалы біреудің ауласынан өтуді, сол екеуінің бірі сияқтыға, өсімқорлықтан және қарыздан тыс, мәңгілік иеленуге айырбастау.

[Сауданың тіректері мен шарттары]

Сауда мәмілелерінің түрлері		
1. Өзара айырбас: Сауда-саттық, жалға беріп-алу келісімшарттары;	2. Растамалар: Кепілдік келісімшарттары;	3. Қайырымдылық мақсатымен жасалған мәмілелер: қарыз, мирас, садақа.

Сауда мәмілесінің тіректері:			
1. Келісуші жақтар: сатушы мен сатып алушы;	2. Мәміле заты: тауар;	3. Мәміле (келісімшарт) тұжырымдамасы:	
		А. Ауызша: ұсыныс пен қабылдау;	Б. Іс-әрекетке негізделген мәміле: алу-беру.
Сауда мәмілелеріндегі негіз олардың рұқсат етілгендігінде. Аллаһ Тағала былай деген: «**Аллаһ сауданы рұқсат етті және рибаға (өсім қорлыққа) тыйым салды**» («әл-Бақара» сүресі, 275). Кез келген тауарды: жылжымайтын мүлік, мал, жиһаз және басқа да нәрселер - белгілі бір шарттарды орындау арқылы сауда мәмілесі ретінде қолдануға болады.			

Сауда шарттары үш нәрсені болдырмаудан келіп шығады: әділетсіздік, өсімқорлық пен алаяқтық.

Кім өз меншігі болып саналмайтын тауарды сатса – бұл әділетсіздік бабына жатады, кім өсімқорлықпен айналысса – бұл өсімқорлық бабына, ал кім белгісіз нәрсені сатса – бұл алаяқтық бабына кіреді.

Сауда шарттары:				
1. Келісіп жатқан жақтардың келісімі (разылығы);	2. Саудаға салынған тауарда немесе оның бағасында белгісіздің болмауы;	3. Сатушы мен сатып алушы жақ сол заттардың иелері болуы немесе сол мал-мүлікке қатысты сауда мәмілесін жасауға рұқсаттарының болуы;	4. Сауда келісімшарты өсімқорлықтан таза болуы;	5. Тауар мен бағасы тыйым салынған (харам) болмауы қажет.

Тыйым салынған мәмілелердің кейбір түрлері:					
1. Жұма намазы парыз болған адамдар үшін намазға екінші азан шақырылғаннан кейінгі саудасаттық;	2. (Белгілі) тауарларды оларды Аллаһқа мойынсұнбаушылық үшін және Шариғатпен тыйым салынған нәрселерде қолданатын адамға сату;	3. Мұсылман адамның басқа мұсылман бауырының саудасын бұзуы;	4. Тауарды бөліп төлеу шартымен сатып, дәл соны нақты ақшаға бірақ сатқанынан аз бағамен сатып алу («әлғина» саудасы);	5. Адамның әлі иелік етпеген тауарын сатуы;	6. Піспеген жемістерді олардың қолдануға жарамдылығы анықталуынан бұрын сату.

Кейбір ең маңызды шарттар:

[Бірінші шарт]

Екі жақтың өзара келісіп разы болуы, өйткені Аллаһ Тағала былай деген: **«...егер бұл сендердің екі жақты келісімдеріне сай сауда болмаса ғана»** («ән-Ниса» сүресі, 29).

[Екінші шарт]

Сауда мәмілесінде анықсыздық немесе белгісіздіктің болмауы, өйткені Пайғамбар ﷺ: «... ***ғарар (белгісіздігі бар) саудаға тыйым салған***» (Муслим).

Ал оған келесілер жатады:

1. Иесінен қашқан құлды немесе иесі жоғалтқан малды сату;	2. «*Мен саған екі тауардың бірін саттым*», - деген сөздер;	3. Жер телімінен, лақтырылған тас жеткен жер көлемін сату және осы секілді басқа да амалдар;	4. Күңнің жатырындағы баласын немесе талдағы әлі піспеген жемістерді сату;	5. Жануардың құрсағындағы туылмаған ұрықты (нәрестесін) сату.

Әрі белгісіздік (ғарар) бағада да, тауарда да болмауы қажет.

[Үшінші шарт]

Келісіп жатқан жақтар тауардың иелері болуы немесе сол мүлікпен қолдануға рұқсаты бар болуы және олар кәмілет жасына жеткен және [ақыл-есі толық] болулары қажет.

[Төртінші шарт]

Сауда мәмілесінде өсімқорлық болмауы қажет.

Өсімқорлықтың (рибаның) түрлері

1. «Риба әл-фәдл» - бұл соларда өсімқорлық үкімі жүретін белгілі зат түрлерін дәл өзі сияқтыға тең емес мөлшерде айырбастау.	2. «Риба ән-нәсия» - бұл соларда өсімқорлық үкімі жүретін белгілі зат түрлерін қолма-қол алуды кейінге кешіктіру.

Убаданың (Аллаһ оған разы болсын) сөздерінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Алтынды алтынға, күмісті күміске, бидайды бидайға, арпаны арпаға, тұзды тұзға тең мөлшерде және қолма-қол айырбастаңдар. Кім өсім қосса немесе оны талап етсе, сол өсімқорлыққа түсті***» (Муслим).

Жиналмаған құрмаларды құрғақ құрмаларға сатудың рұқсат етілуі үшін қажет шарттар:				
1. Құрғақ құрмалардан басқа төлем ретінде айырбасқа салынатын азықтүліктің болмауы;	2. 5 уасқ немесе одан да аз мөлшерде сатып алу;	3. Жаңа құрмалар құрғақ құрмалар сатып алынған көлемде берілу қажет;	4. Сатып алушының жаңа піскен құрмада, оларды жеу үшін мұқтаждығы болуы қажет және ол олардың піскенін күте алмайтын болуы қажет;	5. Жаңа құрмалар (құрма ағашында) терілмеген күйде болуы қажет.

[Бесінші шарт:]

Сауда мәмілесі жасалғанда тауар шариғат бойынша тыйым салынған болмауы қажет:

1. Тауар өз негізінде тыйым салынған болмауы қажет. «***Пайғамбар ﷺ шарапты, өліксені, доңыз етін және пұттарды сатуға тыйым салған***» (әл-Бухари мен Муслим).

2. Ол салдары себебінен тыйым салынған болмауы қажет, мысалы, мұсылмандардың арасындағы қарым-қатынасты бұзу. «*Пайғамбар ﷺ мұсылман бауырдың саудасын бұзуға тыйым салған*». Мысалы, 10 риал тұратын ұялы телефонды сатып: «*Бері кел, мен саған осы ұялы телефонды 9 риалға сатамын*», - деп айту. Немесе сатып алу барысында көбірек ақша ұсынып: «*Мен сенен бұны 10 риалға сатып аламын*», - деп айту. Пайғамбар ﷺ былай деген: «...***және бағаларды көтермеңдер***» [яғни сатушыға немесе сатып алушыға, не болмаса олардың екеуіне зиян келтіруді қалап, тауардың бағасын, оны сатып алғысы келмей көтеру] (әл-Бухари мен Муслим).

3. Бұл жерге Пайғамбардың ﷺ: «***…туысқан-құлдарды ажыратып сатуға***» тыйым салғаны кіреді (Тирмизи және Ибн Мәжаһ).

4. Бұған мына нәрселер кіреді: «Егер сатып алушы тауарды Аллаһқа бағынбаушылықта қолданытындығы белгілі болса», - мысалы, ол құмар ойындарымен байланысты заттарды сатып алса, немесе бүлік уақытында немесе тонаушыларға (қарақшыларға) қару сатылса.

5. Пайғамбардың ﷺ мына тыйымы кіреді: «***Керуендерді қаланың сыртында қарсы алмаңдар. Егер тауар иесін біреулер қала сыртында қарсы алса және ол тауарынан оларға бірдеңе сатса, онда ол базарға келген соң жасаған келісімін бұзуға құқығы бар***» (Муслим).

6. Ол ﷺ былай деген: «***Бізді алдаған - бізден емес***» (Муслим).

Анық өсімқорлықтың мысалдары:

1. Тауар арқылы айла жасау: бір затты қарызға, белгілі мерзімге 100 риалға сатып, кейін дәл сол затты оны сатып алған адамнан қолма-қол ақшаға арзанырақ сатып алу, немесе керісінше амал жасау;

2. Қарыздық айла жасау;

3. Қарыз пайызы арқылы жасалатын айла: егер адам өзгеге қарыз бергенде оның өзіне қандай да бір мүлікті пайдалануға рұқсат беруі шартымен, немесе бір нәрсеге айырбастап қарыз беруі кезінде орын алады. Пайда әкелетін кез келген қарыз беру өсімқорлық болып табылады.

4. Мына сауда түрлері де айла болып саналады: құрамында басқа да құнды тастар (металдар) болған күміс әшекейін таза күміске немесе «әжуа» құрмаларынан муддқа сату, немесе дирхамды дирхамға сату.

(Адамдар) Пайғамбардан ﷺ құрғақ құрмаларды жаңадан піскен құрмаларға сату жайлы сұрады және ол: «***Жаңа піскен құрма құрғағанда салмағы мен көлемі азаяды емес пе?***» - деді. Оған: «*Иә*», - деп жауап берілді. Сонда ол ﷺ бұған тыйым салды. Хадисті бес шейх келтірген. [Өйткені жаңа құрмалар құрғаған құрмалардан ауыр. Ал жоғарыда айтылған шарттарды орындаған жағдайдағы құрғақ құрмаларды жаңа піскен құрмаға сату біріңғай жағдай болып есептеледі].

«Пайғамбар ﷺ салмағы белгісіз құрманы салмағы аталған (бекітілген) құрмаға сатуға тыйым салған» (Муслим).

Борыш міндеттемесі ретінде тұрған затты сатуға келсек:

1. Егер бұл зат сатушыға тиесілі болса, бұл келісіп жатқан жақтар ажырап кетуден бұрын, төлем қолма-қол берілген жағдайда рұқсат етілген. Өйткені Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Сен оларды (ақшаны) қазіргі бағамен айырбастауыңда, сендер өзара толық есеп айырқандарыңа дейін ажырап кетпейсіңдер деген шартпен, еш айыбы жоқ***». Хадисті бес шейх келтірген.

2. Егер сауда келісімін тауардың иесі болмаған біреу жасаса, онда ол жарамсыз болады, өйткені ол «ғарарды» (белгісіздігі бар мәмілені) меңзейді.

ҚАЙНАР КӨЗДЕР МЕН ЖЕМІСТЕРДІ САТУ ТУРАЛЫ БАП

Бұл тақырыпта, мысалы, құрма ағашы «қайнар көз», ал құрмалар – жеміс болып есептеледі.

[Қайнар көздерді сату]:	
Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Егер сатып алушы өнім оған қалады деген шарт қоймаса, онда тозаңдандырудан кейін сатып алынған пальмадағы құрмалар, оларды сатқан адамға тиесілі***» (әл-Бухари мен Муслим).	
Бұл хадис жер телімін емес, дәл пальма ағашын сатқан адамға қатысты. Кім пальма ағашын құрмаларды тозаңдандырудан кейін сатса, онда:	
Жемістер сатушыға тиесілі болады;	Бірақ, егер сатып алушы өнім оған қалады деген шарт қоймаса ғана, әрі осындай шартты қою жақсырақ.
Бұл сондай-ақ алма, жүзім ағаштары секілді, басқа да жеміс әкелетін ағаштарға да қатысты, өйткені олар тозандандырылған пальма ағаштарына ұқсас. Сондай-ақ бұған өнімі бір рет қана жиналатын егістік те, егер егілген өнім жерден шыққан болса, жатады. Ал егер егістіктен алынатын өнім бірнеше рет қайталанып жиналатын болса, онда қайнар көздер сатып алушыға, ал мәміле жасалған кезде өсіп шығып көрініп тұрған егілген өнім сатушыға тиесілі болады.	

[Жемістерді сату]:
«Аллаһтың Елшісі ﷺ пісіп үлгермеген жемістерді сатуға және сатып алуға тыйым салған».

Сонда (адамдар) одан жемістер қай уақытта піскен болып саналады деп сұрады әрі ол: «***Олардың бұзылып кетуі мүмкін деген қауіп жоқ болғанда***», - деп жауап берді.

Ал басқа нұсқада: «***Олар қызыл немесе сары (әрі дәмі жағымды) болғанда***», - деп айтылған.

Сондай-ақ ол ﷺ: «... *дәнді дақылдарды, олар кеуіп қатпайынша сатуға тыйым салған*» (хадисті «Сунан» авторлары келтірген).

Егер дәнді дақылдар жануарларға жем ретінде қолдану үшін сатылса, олардың құрғақ кепкен болуы шарт болмайды.

Ол ﷺ былай деген: «***Егер сен бауырыңа жемістерді сатсаң, кейін олар дүлей апатқа ұшыраса, онда сенің одан алдебір нәрсе талап етуіңе құқығың жоқ. Сен не себепті бауырыңның мүлкін қақысыз алуың керексің?***» (Муслим).

Яғни сатушы сатып алушыға барлық ақшасын қайтарады.

Бірақ бұл сатып алушы жемістерді алуда немқұрайлық танытпаған жағдайда ғана. Ал ол немқұрайлық танытса, сатушы ақшаны өзіне қалдыра алады және оның мойнында бұл үшін күнә болмайды.

Егер онда келесі нәрселер бар жер телімі сатылса:

1. Ағаштар: онда олар жер телімімен бірге сатып алушыға өтеді.	2. Өнім жиі жиналатын егіс: жер телімін сату мәмілесі жасалған уақытта көрініп тұрған егіс сатушыға тиесілі. Бірақ сатып алушы көрініп тұрған егіс оған тиісілі болатыны жайлы шарт қойса, онда бұл рұқсат етіледі.	3. Өнім бір рет қана жиналатын егіс: бидай, арпа және басқа да азықтар, өнім жиналғанша сатушыға тиесілі болады.

АДАМНЫҢ САУДА КЕЛІСІМІН ӨЗ ҚАЛАУЫМЕН БҰЗУЫ ТУРАЛЫ БАП

Сатушы мен сатып алушының келісімді бұзуға немесе жасауға қатысты құқығы.
Жасалған келісімді орындау міндетті, тек оны бұзуға шариғи себептер болмаса ғана.

Келісімдердің міндеттілігіне байланысты түрлері мен үкімдері:		
1. Екі жаққа да рұқсат етілген келісім: міндеттерді бөлу (уикәлә);	2. Орындау екі жаққа да міндетті болған келісім: сауда-саттық, жалгерлік;	3. Бір жақ үшін міндетті, екінші жақ үшін рұқсат етілген келісім: кепіл.

Келісімді бұзуға байланысты құқықтың сегіз түрі:			
1. Хияр әл-мәжлис: мәміле жасалған жердегі келісімді бұзу құқығы;	2. Хияр әш-шарт: белгілі шарттарға байланысты келісімді бұзу;	3. Хияр әл-ғабан: өтірікке байланысты келісімді бұзу;	4. Хияр әт-тадлис: алаяқтық анықталуына байланысты келісімді бұзу;
5. Хияр әл-айб: тауардағы кемшілікке байланысты келісімді бұзу;	6. Бағадағы айырмашылыққа байланысты, (яғни) егер ол басында айтылған бағадан көп немесе аз болған жағдайда;	7. Сатушы мен сатып алушының арасындағы келіспеушіліктердің себебінен келісімді бұзу;	8. Сипаттаудағы айырмашылықтың табылуына байланысты келісімді бұзу;

[Бірінші түр:]

Келісім жасалған жердегі келісімді бұзу құқығы. Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Егер екі адам сауда келсімін жасаса, олардың әрқайсысы, бірге болып, бір-бірінен кеткенше немесе бірі екіншісіне таңдау ұсынғанға дейін келісімді бұзуға құқығы бар. Егер олардың бірі басқаға шарттарды ұсынса және ол шарттарға келіссе, кейін олар сол шарттармен келісімге отырса, келісім жасалған болып саналады***» (әл-Бухари мен Муслим).

[Екінші түр:]

Белгілі шарттарға байланысты келісімді бұзу; бұл түр келісімге отырған екі жаққа немесе олардың біріне белгілі мерзімге дейін келісімді бұзу құқығы шартталған жағдайда орын алады. Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Мұсылмандар рұқсат етілген нәрсені тыйым салатын немесе тыйым салынған нәрсені рұқсат ететін шарттардан басқа өздерінің шарттарын орындаулары қажет***» (хадисті «Сунан» авторлары келтірген).

[Үшінші түр:]

Адамгершіліктің шегінен шығатын өтірік: алаяқтық, керуендерді қаладан тыс жерде қарсы алу және басқа да амалдар.

[Төртінші түр:]

Жасалған келісімді алаяқтыққа байланысты бұзу: егер сатушы тауардың бағасын көтеру мақсатымен сатып алушы адамды алдаса, мысалы, малды саумай, желінінідегі жиналып қалған сүтті (малдың мол сүттілігін көрсету үшін) атап айтса.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Інгендер мен қойлардың сүтін саумай қалдырмаңдар. Ал сондай малды сатып алған адамға, ол оны сауып көргеніне дейін таңдау беріледі. Егер ол оны қалдырғысы келсе, өзіне қалдырады, ал (қаламаса), оған бір сағ құрма беріп, оны қайтара алады***» (әл-Бухари мен Муслим). Хадистің басқа нұқсасында: «...***үш күн арасында таңдау құқығына ие***», - деп айтылған.

[Бесінші түр:]

Егер сатып алушы өзіне белгісіз кемшілі бар тауарды сатып алса, оның келісімді бұзуға немесе тауарды өзіне қалдыруға құқығы бар. Егер сатып алынған тауарды қайтару мүмкін болмаса, сатып алушыға сол тауардың орташа бағасы қайтарылады.

[Алтыншы түр:]

Егер сатушы мен сатып алушы бағаға байланысты келіспеушілікке ұшыраса, олардың екеуінде де келісімді бұзуға құқықтары бар.

Иқалә:

Келісіп жатқан жақтардың екі жақты келісіміне байланысты сауда келісімін бұзу.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Егер біреу мұсылманның келісімді бұзу қалауын қабылдаса, Қиямет күні Аллаһ Тағала оның күнәларын кешіреді***» (Абу Дауд және Ибн Мәжаһ).

АЛҒЫТӨЛЕМ ТУРАЛЫ БАП

Алғылтөлем төлеумен сипаттауға болатын кез келген тауарға төмендегідей жағдайларда рұқсат етіледі:		
1. Сатушы тауардың бағасы соларға тәуелді болған барлық сипаттарын (көлемі, түрі және сапасы) сипаттап береді;	2. Мерзімін атайды;	3. Сатушы тауардың толық сомасын кеткенше төлейді.

Әнас ибн Мәликтің (Аллаһ олардың екеуіне де разы болсын) сөздерінен былай хабарланады: Пайғамбар ﷺ Мәдинаға келгенде, оның тұрғындары жемістерді бір немесе екі жылға алдын ала сатып алатын. Ол: «***Кім жемістерді сатып алу кезінде алғытөлем жасаса, сол белгілігі көлем немесе салмақ үшін және белгіленген уақытқа дейін төлеуі қажет***» (әл-Бухари мен Муслим).

Сондай-ақ ол ﷺ былай деген: «***Егер адам басқа адамның мал-мүлкін, оны қайтаруға ниеттеніп алса, Аллаһ ол үшін төлейді. Егер де ол басқа адамның мал-мүлкін, оны жоқ қылу ниетімен алса, Аллаһ Тағала оның өзін жоқ қылады***» (Бухари).

Алғытөлем мысалы: шаруа әлдебір саудагерге келіп: «Маған қағаз ақшамен 1000 риал бер, ал мен жылдың соңында саған 100 сағ бидай беремін», - деп айтады. Осылайша шаруа ақшадан, ал саудагер бидайдан пайда алады.

Тақырып: [куәландырылған келісімдер]: кепіл зат, кепілдік пен сенім білдірушілік

Бұл құжаттар заңды құқықтарды қорғайды.

[Кепіл зат]

Бұл алынатын қарызды толық немесе бөліп жаба алатын мүлікті кепілге қою арқылы қарыз алу.

Ол өзінің құрамына келесілерді қамтиды:

1. Қарыз алу үшін кепіл затты беретін жақ;	2.Кепіл затты алушы жақ – кредитор (қарыз беруші);	3.Қарыз алу үшін кепіл ретінде берілетін зат.
Кепіл зат ретінде сатуға болатын кез келген мал-мүлік қолдана-ла алады. [Сатуға тыйым салынған нәрселерді кепіл зат ретінде қалдыруға болмайды: мысалы, уақфтық мүлікті (мешіттің иелігіне берілген мүлік), ит немесе адамның өз иелігінде болмаған зат]. Кепілдік ретінде берілген зат қарыз берушіде сақталады және ол немқұрайлылық танытпаған болмаса, оған тиюі мүмкін болған зиянның орынын толтыруға міндетті емес.		

Егер:

1. Қарыз толық төленсе, онда кепілдікке қалдырылыған зат иесіне қайтарылады.	2. Егер қарыз төленбесе және қарыз беруші кепіл затты сатуды талап етсе:		
	Оны сату міндетті болады, және қарыз сол заттан алынған ақшадан төленеді.	Қарыз төленгеннен кейін қалған ақша кепіл заттың иесіне (қарыз алушыға) беріледі.	Егер қарыздың бір бөлігі төленбей қалса, онда ол кепіл затсыз сақталып қала береді.

Егер екі жақтың бірі кепіл затын бүлдірсе, ол оны өтеп, кепіл ретінде беруі қажет.

Егер кепілде тұрған мүліктің саны көбейсе, көбейгені де кепілдік ретінде қала береді.

Кепіл мүлкін (егер ол тірі жан болса) кепіл затты беруші асырап бағуға міндетті, және қарыз беруші кепілдіктегі заттың иесінің немесе заң шығарушының рұқсатынсыз оны пайдалуына құқығы жоқ. Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Егер салтты жануар кепілдікке берілсе, ол сенің асырап бағуыңда болған кезде оны мініп жүруіңе болады, ал егер сүтті мал кепілдікке берілсе, ол сенің асырап бағуыңда болған кезде оның сүтін ішуге болады. Кім (жануарды) мінсе және сүт ішсе, сол малды асырап бағудың шығынын көтереді***» (Бухари).

Қарыз беруші жақ ешбір жағдайда кепіл мүлкін қолдануға құқығы жоқ, тек егер ол жануар болмаса ғана. Ол мұндай үйде тұруға немесе мұндай көлікті қолдануға құқығы жоқ, тек оны жалға алмаса ғана. Жануарларға келсек, егер қарыз беруші адам оларды асырап бақса, онда, бұл жоғарыда айтылған хадисте хабарланғандай, ол оларды пайдалана алады.

Кепілдік заттың мысалы: адам сиырын кепілдікке салды, ал қарыз беруші оны сауып жатыр. Біз қарыз беруші адамға: «Сен оны асырауыңа сәйкес мөлшерде ғана сауа аласың», - деп айтамыз.

1. Егер оның сүтінің бағасы аптасына 100 риал болса, оның асырауына да аптасына 100 риал қажет, сүт қарыз берушіге тек осы жағдайда тиесілі болады;	2. Егер сүттің бағасы аптасына 200 риал болса, ал оның асырауына 100 риал ғана жұмсалса, қарыз беруші қалған 100 риалды кепіл заттың иесіне қайтаруы қажет, алайда ол оны кепіл ретінде қалдыра алады, өйткені бұл ақша «Кепіл затының мөлшерінің көбеюі» болып саналады;	3. Керісінше жағдайда: асырауға 200 реал қажет болса, ал сүттің бағасы 100 реал болса, мүлік иесі қарыз берушіге шығынын өтеу қажет.

[Кепілдік]

Бұл басқа тұлғаның құқықтарының сақталуы мен міндеттерінің орындалуының кепілдігі.

[Жауапкершілікті мойынға алушылық:]

Жауапкершілікті мойынға алушылық қаржылық қарызы бар кез келген адамның (жиналысқа) келуі үшін жарамды. Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Мойынына алған адам басқа біреудің қарызын өзіне алады***» (Тирмизи және Ибн Мәжаһ).

Кепіл болған және жауапкершілікті мойынына алған адам шығынды тек мына жағдайларда ғана өтеулері қажет:

1. Егер міндеттер орындалмаса;	2. Құқық иесі қарыз алған адамды кешірмесе;	3. Кепіл заты бүлдірілмесе. Ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

Банкроттық немесе басқа да себептерге байланысты мүлікке тыйым салу

Тыйым салу (арестке қою) – адамды өз мүлкімен еркін қолдану құқығынан айыру.

Көзделген мүдделер тұрғысынан тыйым салудың екі түрі бар:

1. Мүлкіне тыйым салынған адамның пайдасы үшін: кішкентай бала, албырт немесе ақыл-есі кем адам;	2. Банкроттық жайлы сөз қозғалғанда үшінші тұлғалардың мүддесі үшін.

Құқық иесі борышкерге қарызын өтеуге қосымша мерзім беріп, қаржылық қиындықтарға тап болғандардың жағдайын жеңілдетуі керек.

Өз кезегінде борышкерлер қарызды толық төлеуге міндетті.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Бай адамның (алған қарызын төлеуін) созуы – зұлымдық! Ал егер сендердің біреулеріңе (өзіне тиесілі қарызды) ауқатты біреуге аудару ұсынылса, келіссін***» (әл-Бухари мен Муслим).

Бұл жеңілдік.

Ауқатты адам – қарызды өтей алатын, оны кешіктірмейтін және ақшаны тікелей сотқа әкеле алатын адам.

Егер адамның мойнындағы қарызы оның материалдық мал-мүлкінен асса, ал қарыз берушілер соттан оның мүлкіне тыйым салуды талап етсе, бұл талап орындалады, ал борышкерге мүліктің кез келгенін пайдалануға тыйым салынады. Кейін оның мүлкі бағаланып, қарыз берушілердің арасында қарыздарына сәйкес бөлінеді.

Қарыз берушілердің арасында басымдылық тек:

1. Кепіл заты оған қалатын кепіл иесіне беріледі.	2. Пайғамбар ﷺ айтқандай: «***Егер адам өз мүлкін банкротқа ұшыраған борышкерде түгелдікте сақтаулы күйде тапса, онда оның оған басқаралардан гөрі құқығы көп болады***» (әл-Бухари мен Муслим).

Кішкентай баланың, албырт және ақылы кем адамның қамқоршысына мына нәрселер міндетті:

<table>
<tr><td rowspan="2">1. Егер бұл оларға зиян тигізсе, оларды мүлкіне еркін иелік ету құқығынан айыру. Аллаһ Тағала былай деген: «Аллаһ сендердің өмір сүрулеріне ризық-несібе етіп берген мал-мүліктеріңді ақылы кем адамдарға бермеңдер».</td><td colspan="3">2. Олардың мүліктеріне тек ең көркем түрмен болмаса жақындамау:</td></tr>
<tr><td>А. Оларды сақтау үшін;</td><td>Б. Оны олардың пайдаларына сай қолдану үшін;</td><td>В. Оны олардың қажеттіліктеріңе жұмсау үшін.</td></tr>
</table>

Олардың қамқоршысы келесі адамдар болады:

1. Ақылды (есті) әке	2. Егер ол жоқ болса, онда қазы оларға жақын туыстарының ішінен оларға мейірімдірек болған, оларды білетін және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамды жауапты қамқоршы етіп тағайындайды.
Кім бай-ауқатты болса, (қамқорлығына берілген адамның мал-мүлкінен ақы алудан) тартынсын, ал кім кедей болса, әділімен жесін, яғни ол өзіне ең аз немесе жеткілікті мөлшерде ғана ақы алады.	
Мысалы, адамға 1000 реал жеткілікті, ал оның ақысы 500, біз оған 500 реал береміз, өйткені бұл ең аз сомма, ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.	

ТАТУЛАСУ (ЫМЫРА-КЕЛІСІМГЕ КЕЛУ) ТУРАЛЫ БАП

Татуласу – бұл жанжалдасушы тараптардың өзара келісімі бойынша тартыс бойынша іс жүргізуді тоқтату мәмілесі. Оның көптеген түрлері бар, және ол барлық меншік құқықтарымен және басқа да нәрселермен байланысты болуы мүмкін.

Татуласуға тек бір жағдайда ғана тыйым салынады: сот шындықтың дауласушы тұлғалардың біреуінің жағында екенін түсінген кезде.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Мұсылмандар, егер рұқсат етілгенге тыйым салмаса және тыйым салынғанды рұқсат етпесе, тараптардың өзара келісімі бойынша жанжалды шешуге құқылы***». Хадисті Абу Дауд және Тирмизи келтірген. Тирмизи хадисті жақсы және сенімді деп, ал Хаким оны сенімді деп атаған.

1. Бір нәрсені басқа нәрсенің немесе қарыздың орнына беру арқылы татуласу: бұл рұқсат етілген;	2. Қарыз бар болған жағдайда, қандай да бір мүлікті немесе қарыздың өзін, тараптар тарағанға дейін беру арқылы татуласу: бұл рұқсат етілген;	3. Жылжымайтын мүлікті немесе басқа да нақты затты пайдалану құқығын беру арқылы татуласу;	4. Бір бөлігі татуласу уақытында төлену шартымен, кейінге қалдырылған қарызды кешіру арқылы татуласу;	5. Мөлшерін еш жақ білмейтін қарыз бар кезде, қарыз беруші ге бірдеңе беру арқылы татуласу: бұл жарамды болады.

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Адам көршесіне дуалда ағаш орнатуға кедергі жасамауы қажет***» (Бухари).

УӘКІЛЕТТІК, СЕРІКТЕСТІК ЖӘНЕ ҮЛЕСКЕРЛІК ТУРАЛЫ ТАРАУ

Уәкілеттік– мүлікпен еркін қолдана алатын адамның басқа адамға өзге тұлға жасай алатын істі тапсыруы.

Серіктестік – екі немесе одан көп адамның мүлікті қолдану және басқару құқығында біргуі.

«Мусақа» және «музараға» (үлескерлік) – бұл екі адам арасында (мусақа жағдайында) бір жақ екінші жаққа (өнім беретін) ағашты ол оны күтіп суару үшін, немесе (музараға жағдайында) жер телімін оны өңдеу үшін өнімнен белгілі пайда алу мақсатымен жасалатын келісім.

<table>
<tr><td colspan="3">[Уәкілеттік туралы бөлім]
Пайғамбар ﷺ сахабаларына өзінің жеке қажеттіліктерін де, жалпы мұсылмандардың өзімен байланысты қажеттіліктерін де орындауды тапсырған. Бұл келісіп жатқан жақтар үшін (уәкілеттік берілген мен уәкілеттікті берген үшін) рұқсат етілген мәміле.</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Бұл уәкілеттік рұқсат етілетін кез келген іс-әрекеттерге қатысты:</td><td>2. Уәкілеттік орынсыз болатын, әрі адам өзі жеке жасауы міндетті болған іс-әрекеттерде: мысалы, намаз, дәрет, ант, әйелдер арасында түндерді бөлу және басқа да осы сияқты істерде, уәкілеттік рұқсат етілмейді.</td></tr>
<tr><td>А. Аллаһтың қақыларына да: мысалы, зекет тарату, өтем жасау және басқа да амалдар;</td><td>Б. Адамдардың құқытарында да: келісім-мәмілелер жасау және бұзу.</td><td></td></tr>
</table>

Уәкілетті тұлға өзіне рұқсат етілмеген нәрселерде сөзбен немесе іспен еркін билік етуге құқықты емес.

Белгілі сыйақы үшін басқа біреуге уәкілеттік беруге рұқсат етіледі.

Уәкілетті тұлға басқа да сенімгер тұлғалар секілді болады, және ол шығынды тек салғырттық немесе немқұрайлылық жасаған жағдайында ғана төлейді. Оның (немқұрайлылық немесе салғырттық жасамағаны туралы) сөздері ант бергеннен кейін қабылданады, ал егер құқық иесі сенімгердің үстінен арызданып, мүлікті қайтаруды талап етсе, онда:

1. Егер ол үшін сыйақы уәде етілген болса, онда уәкілетті тұлғаның сөздері анық дәлелдер бар болған жағдайда қабылданады;	2. Егер де уәкілеттілік іс-әрекеті қайырымдылық ретінде жасалған болса, онда оның сөздері ант бергенінен кейін қабылданады.

[Серіктестік туралы бөлім]

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Аллаһ Тағала былай деді: «Егер екеу серік болса, бірі басқасын алдамағанша Мен – үшіншімін. Егер олардың бірі осылай жасаса, Мен оларды қалдырамын».*** Абу Дауд. Серіктестік өзінің барлық түрлерінде рұқсат етілген.

Серіктестіктегі мүлік пен пайда нақты пайданың үлесіне сәйкес екі жақтың келісіміне сәйкес бөлінеді [пайда тең бөлінеді].

Бұған келесдей келісімдер кіреді:

1. Үлестік қатысу келісімі (әл-ғинан): әр тарап өз үлесін салады және белгілі жұмыстарды орындайды;	2. Капиталды сенімді басқару келсімі (әл-мудараба): бір адам ақша салады, басқасы жұмыс істейді;	3. Сенімге негізделген серіктестік келісімі (әл-уужуһ): өзінің беделіне байланысты басқа адамдардан жарна алу;	4. Серіктестер физикалық жұмысты орындайтын коммерциялық қызмет (әл-абдан): мысалы, шөп шабу немесе басқа да келіскен, рұқсат етілген жұмысты орындау;	5. Тараптар барлық жағынан тең болатын кез келген серіктестік (әл-муфауада): өзінен бұрын аталған барлық төрт тармақты қамтиды.

Жоғарыда аталған серіктестіктердің барлығына рұқсат етілген.

Келісім-шарт тараптардың бірі қысымға ұшыраса немесе белгісіздікке (ғарарға) тап болса бұзылады, мысалы, бірі тарап пайданы бір уақытта, ал екі тарап басқа уақытта алатын болса; немесе бірінші тарап белгілі тауардан немесе белгілі сапардан, ал екінші тарап басқадан пайда алса.

[Үлескерлік туралы бөлім]

Үлескерлік келісімін де дәл сол нәрсе, яғни үлестің анықсыздығы бұзады. [Мысалы: «Мен сенің талыңды, оның жемістерінен бір бөлігін немесе сол жемістерден жүз келі үшін күтіп қараймын», - деген сөздер. Бұндай келісім жарамсыз болады, өйткені ол анықсыз].

Рафиғ ибн Хәдиж былай деген: «***Аллаһ Елшісінің заманында адамдар өз жерлерін жалға бергенде, өздеріне осы жердің өзендер, бұлақтар мен арналар бойындағы, бір сөзбен айтқанда, белгілі бір бөлігінде өндірілген жемістері қалады деген шартпен пайдалануға беретін. Әрі кейде егіннің бір бөлігі жойылып, екіншісі қалатын, немесе керісінше жағдай болатын. Ал олардың басқа жалдамасы болмайтын. Сондықтан да Аллаһтың Елшісі ﷺ бұдан сақтандырды. Ал анық және кепілді (негізде жасалған жалға) келетін болсақ, онда бұда күнә жоқ»*** (Муслим).

«***Пайғамбар ﷺ Хайбар тұрғындарымен олар сол жерде жеміс-жидек пен астық өнімінің жартысы үшін жұмыс істейді деген шартпен келісім жасаған***» (әл-Бухари мен Муслим).

1. «Мусақа» - жұмысшыға ол өз жұмысын орындау үшін жеміс ағашының жемісінен белгілі бір бөлігін берумен жасалатын ағаштағы үлескерлік;	2. «Музараға» - жұмысшыға егіннің белгілі бір үлесіне айырбас ретінде оны өңдеу үшін берілетін жердегі үлескерлек.

Әр тарап әдет-ғұрып бойынша өз міндеттемелерін орындауға және анықсыздық жоқ шартты орындауға міндетті.

Егер иелік еткен адам жұмысшыға жұмыс істеуі үшін салтты жануар берсе, оған бұл рұқсат болады.

Тақырып: өңделмеген жерлерді игеру

Өңделмеген жер – иелік етуді ешкім талап етпейтін аймақ: тыңайған жерлер, жайылымдар, қол сұғылмайтын аумақ болмаған жерлер (яғни мұсылмандарға немесе бейбіт тұрғындар, немесе олармен келісім жасалған, немесе қауіпсіздік кепілдігі берілген кәпірлерге тиесілі болмаған жерлер).

Игеру – адамдар игеру немесе жандандыру деп санайтын барлық нәрсе.

Бұл иесі жоқ, тастанды жер.

Кімде-кім оны қабырғалар тұрғызу, құдық қазу, кәріз салу немесе басқа да, жерді егін егу үшін қайта өңдеуге мүмкіндік бермейтін, жұмыстарды жасау арқылы игерсе, онда ол оның, ондағы пайдалы қазбалардың көздерінен бөлек, барлық нәрселермен бірге иесі болады. Ибн Умардың (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде былай деп хабарланған: «***Өңделмеген жер оны игергенге тиесілі болады***» (Бухари).

Егер адам өңделмеген жердің айналасын қоршап, құдық қазып, немесе басқа бір жолмен бөліп алса, онда ол оған тиесілі болады [өйткені ол оны игеруді бастады және ешкім тарапынан тоқтатылмады]. Жер адамға, ол оны жоғарыда аталған тәсілмен игергеннен кейін ғана тиесілі болады. [Егер адам жерді игеруді кешіктірсе және мұны істегісі келетін басқа адам пайда болса, онда оған бұны рұқсат ету қажет].

ЖАЛДАУ ЖӘНЕ ЖАЛҒА АЛУ ТУРАЛЫ БАП

Жалдау – белгілі немесе белгісіз жұмысты белгілі немесе белгісіз мерзімде орындайтын адамға белгілі сыйақы белгілеу.

Жалға алу – белгілі бір қызмет көрсету немесе белгілі бір жұмысты орындау келісімі.

Екі жағдайда да белгілі немесе белгісіз жұмысты (бұл жалдау кезінде) орындағаны үшін және (жалға алу кезінде) белгілі бір жұмысты орындағаны үшін немесе қарыздық міндеттемеде тұрған қызмет үшін белгілі бір төлем белгіленеді.

Сенімділік мына нәрселер арқылы белгіленеді:

1. Сан мен сапаны анықтау;	2. Үлес пен төлемді белгілеу.

Егер адам қойылған шарттарды орындаса, онда ол еңбек ақысына лайық болады, тек егер жалға алу жаңдайындағы жұмыстың орындалуы қиын болмаса ғана,. (Мұндай жағдайда төлем бөліп төленеді).

Жеткізу тізбегі Пайғамбарға ﷺ дейін жететін хадисте Абу Хурайраның сөздерінен былай хабарланады: «***Аллаһ Тағала былай деген: «Қиямет күні Мен мына үш адамға қарсылас боламын: сөз беріп әрі Менің атыммен ант етіп, кейін қиянатшылдық жасаған адамға; еркін адамды құлдыққа сатып, ол үшін алған ақшасын жеп қойған адамға; және жұмысшыны жалдап, одан жұмысты толық жасауды талап етіп, оған еңбек ақысын төлемеген адамға***»» (Муслим).

Жалдау жалға алуға қарағанда кең мағынаға ие:

1. Өйткені ол Аллаһқа жақындататын амалдарды жасау үшін жарамды;	2. Бұл құрамында белгілі және белгісіз нәрселер болуы мүмкін мәміле;	3. Бұл жалға алуға қарағанда, кез келген уақытта бұзуға болатын келісім, ал жалға алуда келісімді орындау міндетті.

Жалға алынған затты бірінші жалға алушыны ауыстыратын және жалдау нысанасына артық зиян келтірмейтін тұлғаға жалға беруге рұқсат етіледі.

Жалға алушылар зиянды тек өздері шектен асып кеткен жағдайда (яғни жасауға болмайтын нәрсені жасаған кезде) немесе немқұрайлық танытса (яғни өз міндеттерін орындамаған жағдайда) ғана төлеуге міндетті.

Хадисте былай деп айтылған: «***Жалданған жұмысшымен оны тері құрғамай тұрғанда есеп айырысыңдар***» (Ибн Мәжаһ).

Егер адам басқа біреу үшін әлдебір жұмысты келісім жасаспай істесе, оған мына үш жағдайдан бөлек, ештеңе тиесілі болмайды:

1. Қол сұғылмайтын мүлікті жойылудан сақтау;	2. Қожайынынан қашқан құлды қайтару;	3. Егер адам өзін жұмысқа дайындаса.

ТАБЫЛҒАН ЗАТ ПЕН ӘКЕ-ШЕШЕСІ БЕЛГІСІЗ, ТАСТАНДЫ БАЛА ТУРАЛЫ БАП

[Табылған зат туралы бөлім] **Табылған зат** – иесі жоғалтқан және орташа алғанда адамдар үшін құнды болып келетін мүлік. Оның үш түрі бар:		
1. Арзан зат: қамшы, нан және басқа заттар. Бұл заттарды тапқан адам, оларды тапқанын жарияламай ала алады (бұл адамдар жолда қалдыра сала алатын барлық нәрсеге байланысты, мысалы: сынған жиһаз немесе кейбір ыдыстар);	2. Негізінде ұсақ жануарлардан өзі қорғануға қабілетті жоғалған жануар: түйені кез келген жағдайда алуға тыйым салынған (ірі өгіз немесе жылқыға келсек, оларды тапқан адам иесі оларды таба алмайтындығына сенімді болмаса, оларды өзіне алуға қақысы жоқ).	3. Қалған табылған заттар: аса бағалы заттар [ақша, жануарлардан қорғануға қабілетсіз ұсақ малдар] – оларды бір жыл ішінде табылғанын жариялай отырып, алып кетуге рұқсат етіледі. [Егер жануарды тапқан адам оны бағып ұстауға оның сатылатын құнынан көп қаражат кететіндігінен қорықса, ол оның сипатын есінде сақтап, оны сатып, ақшасын иесі үшін сақтай алады].

Зәйд ибн Халид әл-Жуханидің сөздерінен былай хабарланады: «***Бірде бір бәдәуи Пайғамбарға ﷺ келіп табылған затпен не істеу қажет екенін сұрады және (Аллаһтың Елшісі ﷺ) былай деді: «Адамдарға тапқандығың жайлы бір жыл жарияла, кейін табылған нәрсенің қандай екенін, неде болғанын және немен байланғанын есіңде сақта. Егер біреу келіп, табылған затты дұрыс сипаттаса, оны оған бер. Ал егер ол оны сипаттай алмаса, онда сен онымен әрі қарай қолдана аласың». Ол (әлгі бәдәуи): «Уа Аллаһтың Елшісі! Адасқан қойлармен не істеу қажет?», - деп сұрады. Пайғамбар ﷺ: «Олар не саған, не сенің бауырыңа, не қасқырларға қалады», - деп жауап берді. Әлгі адам: «Адасқан түйелермен не істейін?», - деп сұрады. Сонда Пайғамбардың ﷺ***

жүзі (ашудан) қызарды және ол: «Сенің ода не шаруаң бар? Оларда тұяқтар мен су бар емес пе? Олар суға жетіп, оларды иесі кездестірмегенше тал жапырақтарын жеп жүре береді», - деп жауап берді» (әл-Бухари мен Муслим).

Табылған затты алу жақсырақ болады ма? – Егер затты тапқан адам жариялай алатындығына сенімді болмаса, онда өзін сақтап, табылған затты қалдыруы дұрыс болады.

Мекке аймағындағы табылған нәрсенің үкімі. Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деген: «***Адам табылған нәрсені тапқаны жайлы жариялау үшін алмаса, басқа жағдайда көтеруге болмайды***» (әл-Бухари мен Муслим). Яғни табылған нәрсе жайлы бір жыл жариялау. Егер затты тапқан адам бұны жасай алмаса, онда тапқан затын сотқа алып барып береді.

[Тастанды бала туралы бөлім]

Бұл тегі белгісіз, одан туғандары бас тартқан, яғни жанұясы оны қалдыруды қаламаған және жоғалмаған нәресте.

Тастанды баланы алып, оған қамқорлық көрсету мұсылмандардың ұжымдық парызы болып саналады. Егер қазына оны қамтамасыз ете алмаса, бұны оның тастанды жағдайын білетін адам жасауы қажет.

БӘСЕКЕЛЕР (САЙЫСТАР) ТУРАЛЫ БАП

Оның үш түрі бар:

1. Сый үшін болған рұқсат етілген бәсекелер: ат, түйе жарысы және садақ ату.	2. Сый берілмейтін рұқсат етілген бәсеке түрлері (олар үшін сый беруге болмайды): бірінші тармақта айтылған бәсекенің үш түрінен басқа кез келген бәсекелер.	3. Нард, шахмат және басқа да, кез келген жағдайда тыйым салынған ойындар [өйткені адамның жүрегі осы секілді ойындарға байланып, олар оның уақытының мол бөлігін алады].
Хадисте былай деп хабарланған: «***Сыйды тек түйе бәйгесінде, садақ атудағы сайыста және ат жарысында ғана орнатуға болады***». Хадисті Ахмад және басқа да 3 шейх келтірген. Бәсекелердің басқа түрлері жайлы айтсақ, олар құмар ойындарына жатады.		
Зиян келтіретін қандай да бір рұқсат етілген нәрсе тыйым салынған болатындығын білу қажет:		
Егер ат жарысы және садақ ату секілді бәсекелер міндетті жамағат намаздары оқылатын уақытта жүргізілсе, оларға тыйым салынады.	Егер бәскелер мен жарыстар араздыққа, өшпенділікке, тараптардың біріне ауып қолдауға және фанатизмге әкелетін болса, онда оларға да тыйым салынады.	
Жануарлар сайысы Мұндай жарыстар үшін шарт – олардың жануарлардың өздеріне ешқандай зиян келтірмеуі, әйтпесе оларға тыйым салынады. Мысалы, әтеш, қошқар, өгіз жекпе-жектері.		
Бокстың (жұдырықтасып төбелесудің) үкімі:		
Ол рұқсат етілмейді	Алайда адам бетке ұрудан сақтанып, тек жаттықса, онда бұл рұқсат етіледі.	

Өйткені олар көбінесе бетке ұруды меңзейді, ал бұл Шариғатпен тыйым салынған.	Өйткені ол қауіпті.

Тақырып: басқа адамның мүлкін иемдену

Бұл басқа біреудің мүлкіне қақысыз қол сұғу.

Бұл іс-амал тыйым салынады, өйткені хадисте былай деп айтылады: «***Егер адам береудің бір қарыс жерін күшпен иемденсе, Қиямет күні Аллаһ Тағала оның мойнын жеті жермен қаптайды***» (әл-Бухари мен Муслим).

Басқа біреудің мүлкін иемденген адам мына нәрселерді жасауға міндетті:

1. Көбірек төлеу керек болса да, оны иесіне қайтару;	2. Шығынның (зиянның) орнын толтыру қажет;	3. Бөтен адамның мүлкіне қол сұққан адамның қолында болған мерзім үшін оның шынайы иесіне жалдау ақысын төлеу;	4. Егер мүлік бүлінсе (бұзылса, жарамсыз болса), оны кез келген жағдайда өтеп беру.
Меншік иесі үшін мүлікті көбейту. Егер бұл жер телімі болса және оны қақысыз иемденген адам онда ағаш отырғызса немесе үй соқса, жер иесі оның бәрін бұза алады, өйткені хадисте былай деп хабарланады: «***Зұлымдық жасаған адамның еңбегі үшін ештеңе берілмейді***» (Абу Дауд). Егер қақысыз иемденген әлдебір нәрсе ол жайлы білген басқа адамға өтсе, ол біреудің мүлкін қақсыз иемденген адаммен тең болады.			

ӨТЕУСІЗ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ ЖӘНЕ САҚТАУҒА ТАПСЫРЫЛҒАН ЗАТТАР ТУРАЛЫ БАП

<table>
<tr><td colspan="5">[Өтеусіз пайдалануға беру]
- Бұл құптаулы іс болып табылады, өйткені ол амал жақсылықты меңзейді [(бірақ) берілетін мүлік рұқсат етілген болуы қажет, мысалы, кітап беру]. Пайғамбар ﷺ былай деген: «Кез келген жақсы іс-амал – садақа » (әл-Бухари мен Муслим).</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Әрі егер:</td><td colspan="3">2. Керісінше жағдайда мүлікті пайдалануышы ештеңе өтеуге міндетті емес.</td></tr>
<tr><td colspan="2">А. Өтеу шарт етілген болса, онда ол өтеледі;</td><td colspan="3">Б. Қолданушы шектен шыққан немесе салғырттық танытқан болса, онда бұл да өтеледі.</td></tr>
<tr><td colspan="5">[Сақтауға тапсырылған зат]
[Әлдебір мүлікті оның иесі үшін сақтайтын адамға тапсыру].
Мүлікті сақтаушы адам сақталуға тапсырылған мүлікті дұрыс жерде сақтауы қажет және ол онымен иесінің рұқсатынсыз пайдалана алмайды [соңғы шарт банкта сақталған ақшалар сақталуға берілген мүлік емес, қарыз болып саналатындығына нұсқайды].</td></tr>
<tr><td colspan="5">Мүлікті сақтаушы жақ оны қай уақытта қайтаруға міндетті?</td></tr>
<tr><td>1. Мерзім біткенде;</td><td>2. Заттың иесі талап еткенде;</td><td>3. Егер ол ұрылардан қауіптенсе;</td><td>4. Егер мүлікті сақтаушы сапарға аттанса;</td><td>5. Егер мүлікті сақтаушы онымен пайдалануды тоқтатса.</td></tr>
</table>

Тақырып: сатып алуға басым құқық

Адамның серіктесінің үшінші тұлғаларға сату немесе басқа жолмен өткен бір бөлігін тартып алу құқығы.

Бұл бөлуге болмайтын жылжымайтын мүлікке қатысты, өйткені Жәбирдің (Аллаһ оған разы болсын) хадисінде былай деп

айтылған: «***Аллаһтың Елшісі ﷺ бөлінбегеннің бәрін иемденуге басым құқығын белгіледі. Ал егер шекара белгіленіп, жол төселген болса, онда сатып алуға басымдылық құқығы жоқ болады***».

Адамды бұл құқықтан айыру үшін айла амалдарға баруға тыйым салынады және мұндай айла-шаралар қолданылса да, бұл құқық өз иесінде сақталып қала береді, өйткені хадисте: «***Расында, амалдар ниетке қарай бағаланады***», - деп айтылған.

Көрші, егер оны көршісінің арасында бір ғана жол болса, немесе серіктесімен бөлісетін кез келген затты сатып алуға басымдық құқығына ие. Ал мұндай болмаған жағдайда басымдылық құқығы сақталмайды.

Сатып алуға басым құқықтың мысалы: екі адам жер теліміне иелік етеді. Олардың бірі өз бөлігін үшінші тұлғаға сатуды ұйғарды, ал бұл жағдайда өз бөлігін сатпаған екінші меншік иесі сатып алушыдан осы бөлікті күш қолданып болса да тартып алуына, әрі оған оның құнын төлеп, оны өз теліміне қосуға құқылы. Осыдан кейін бүкіл жер телімі өз бөлігін сатпаған адамға тиесілі болады.

АЙЫРУҒА БОЛМАЙТЫН МҮЛІК (УАҚФ) ТУРАЛЫ БАП

Бұл мүлікті оның өз бастапқы қалпында сақтау және оның жемісін жұмсау. Бұл Аллаһқа жақындататын ең жақсы амал, ал егер ол қайырымдылық мақсатта болса және ода әлдебіреуге қысым көрсету болмаса, онда амалдардың ең пайдаласы болып саналады. Хадисте былай деп хабарланады: «***Адам қайтыс болғанда оның үш амалынан басқасының бәрі тоқтайды. Бұл (қайтыс болғаннан кейін де) жалғасатын қайырымдылық; адамдарға пайда әкелетін білім және Аллаһқа ол үшін дұға ететін салиқалы перзент***» (Муслим).

Умардың сөздерінен былай хабараланады: «Хайбар жауланып, бөлінгеннен соң жерге ие болған Умар Пайғамбарға ﷺ бұл жайлы ақылдасу үшін келіп: «*Уа Аллаһтың Елшісі, мен Хайбардан жер алдым және менің одан бағалырақ мүлкім болмаған. Онымен не істеуімді бұйырасыз?», - деді. Аллаһтың Елшісі* ﷺ*:* ***«Егер қаласаң, оның негізін уақф ретінде өсиет етіп қалдыр және (ол әкелетін пайдадан) садақа бер»****, - деді. Әрі Умар бұл жерді садақаға айнал-дырып, оны сатуға, сыйлық ретінде беруге, мұра ретінде қалдыруға болмайды және одан түскен пайда кедейлерге, жақын туыстарға, құлдарды бостауға, Аллаһтың жолында, сапардағыларға көмек беруге және қонақтарды қарсы алуға жұмсалу керек деген шартын қойды. Егер мұндай мүлікті басқарушы, ол әкелген пайдадан ақылға салып жесе немесе досын тамақтандырса және басқа ешқандай табыс алмаса (ештеңе иеленбесе), онда бұда еш жамандық жоқ*» (әл-Бухари мен Муслим).

Ең жақсы уақф – мұсылмандарға ең пайдалы болған уақф.

Ол мүлікті уақфқа беруді білдіретін сөздерді айту немесе сондай әрекеттерді жасау арқылы жүзеге асырылады.

Шариғат үкімдеріне сай, уақфтын негізін қалаушының қойған шарттары орындалуы қажет.

Уақф мүлкін, ол пайда әкелуді тоқтатпаса сатуға тыйым салынады. Бұл жағдайда ол сатылады және түскен қаражатқа оған ұқсас басқа мүлік сатып алу жөн.

Уақфтың түрлері:	
1. **Белгілі бағыттағы уақфтар:** қайырымдылық мақсатындағы уақф;	2. Егер онда күнә болмаса, онда **белгілі адамдарға бағытталған уақф.**
Уақф пен өсиет арасындағы айырмашылық:	
Уақф: - Бұл заңды түрде міндеттейтін шарттардың бір түрі; - Уақф ретінде мүліктің барлығын беруге болады; - Ол мұрагерлерге де, бөтен адамдарға да береледі.	Өсиет - Өліммен байланысты келісім; - Мұра ретінде мүліктің үштен бір бөлігін немесе одан да аз мөлшерін ғана беруге болады; - Мұрагерге өтпейді.

Қайырымдылық мәмілелері: сыйлық, сый етіп қалдыру және мирас

Қайырымдылыққа қатысты мәмілелер:

1. Сыйлық – адамның тірі және денсаулығы сау кезінде басқа біреуге мүлікті тарту ету;	2. Сый етіп қалдыру – адамның жазылуға үміті жоқ болған (өлім алдындағы) ауруы кезінде мүлікті басқа біреуге тарту етіп қалдыру;	3. Мирас – адамның өлімнен кейін оның мүлкінің таратылуы.
Аурудың түрлері:		
1. Адам өміріне қауіп төндіретін ауру	2. Адам өміріне қауіп төндірмейтін ауру	

Жақсылық пен қайырымдылықты кез келген жағдайда жасауға болады.

1. Сыйлық капиталдың негізінен бөлініп беріледі	2. Сыйлық ретінде қалдырылатын мүлік пен мирас	
	А. Мүліктің үштен бір немесе одан да аз бөлігінен мирасқор болмаған адамдарға беріледі;	Б. Мүліктің үштен бір бөлігінен көп болған әрі мирасқор болған адамға сый ретінде қалдырылған мүлік ақыл-ойлары жетік болған мирасқорлардың келісімі бойынша беріледі.

Балаларға қатысты әділеттілікті кез келген жағдайда сақтау қажет, өйткені хадисте былай деп хабарланады: «***Аллаһтан қорқыңдар және балаларыңның барлығына қатысты бірдей әділетті болыңдар***!» (әл-Бухари мен Муслим).

Сыйлық қабылданып, қолға алынғаннан кейін оны қайтаруды талап етуге тыйым салынады. Хадисте былай деп айтылады: «***Берген сыйлығын қайта алған адам, құсып, құсығын жейтін ит секілді***» (әл-Бухари мен Муслим).

Басқа хадисте былай хабарланады: «***Сыйлықты беріп, кейін оны қайтарып алу, өз баласына сыйлық берген ата-анадан басқа еш адамға рұқсат етілмейді***». Хадисті «Сунан» кітаптарының авторлары келтірген.

«***Пайғамбар ﷺ өзіне жасалған сыйлықтарды қабылдайтын және олардың орнына бірдеңе беретін».***

(Азат мұсылман болған) ата-ана өз баласының мүлкімен мына шарттармен пайдалана алады:

1) оған зиян тигізбеу;

2) ол онымен тек бала оған мұқтаж болмаса ғана қолдана алады;

3) егер ол оны басқа баласына бермесе;

4) бұл бір тараптың науқасты болған кезінде жасалмаса, өйткені хадисте былай деп хабарланады: «***Сен және сенің мүлкің әкеңе тиесілі***» (Ибн Мәжаһ).

Жеткізу тізбегі Пайғамбарға ﷺ дейін көтерілетін хадисте Ибн Умардың былай дегені хабараланады: «***Мүлкі бар болған және ол оны мирас ретінде қалдырғысы келген адамға, мирас жайлы өсиетхатсыз екі түн де өткізуге болмайды***» (әл-Бухари мен Муслим).

Сондай-ақ хадисте былай деп хабарланады: «***Расында, Аллаһ әркімге (мирастан) үлесін бекітті. Мирасқорға мирас (етіп қалдырудың) қажеті жоқ***» (хадисті «Сунан» кітаптарының авторлары келтірген).

Хадистің басқа нұсқасында: «***Тек егер мұны мирасқорлардың өздері қаламаса ғана...***», - деп айтылады.

Мирасқорларға жеткілікті болатын мүлікке ие болмаған адам еш нәрсені өзгелерге мирас етіп қалдырмауы қажет. Ол бар мүлкін мирасқорларына қалдыруы керек. Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Расында, мұрагерлерді бай қылып қалдыру, оларды кедей қылып қалдырып, олардың адамдардан қайыр сұрауынан жақсырақ***».

Барлық іс-амалдарда ең жақсыға ұмтылу қажет.

Мүлікке тек төрт адам билік ете (оны толық басқара) алады:

1. Меншік иесінің тірі кезінде мүлікке билік етуге рұқсат етілген уәкілетті тұлға.
2. Меншік иесі қайтыс болғаннан кейін мүлікті бөлуге рұқсат етілген өсиетті орындаушы.

3. Уақф мүлкіне билік етуге рұқсат етілген бақылаушы.
4. Заң шығарушы қамқорлыққа алынғандардың мүлкіне билік етуге уәкілеттік берген қамқоршы, мысалы, жетім балалардың қамқоршысы.

Өсиетхаттың нұсқасы:

Бұл _____(өсиет еткен адамның аты) өсиетхаты. Серігі жоқ Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне және Мухаммад – Оның құлы әрі Елшісі екендігіне куәлік етемін.

Балаларыма, отбасыма және барлық туыстарыма Құдыретті әрі Ұлы Аллаһтан қорқуды өсиет етемін.

Менің төмендегідей қарыздарымды өтеуді өсиет етемін: _____
_____

Мен мына нәрселерді (және ол өзінінен кейін қалдыратын материалдық игіліктерді атап айтады): _____
_____

Пәленге қалдырамын (мұрагерлерден басқа мирас қалдыратын адамдардың аттары айтылады) _____
_____

Мені жуғанда, жерлегенде және (мен үшін) көңіл айтқанда сүннетке ілесуді өсиет етемін.

Қолтаңба_____Күн_____

Куәгерлер:

Сауда мәмілелері кітабы бойынша сұрақтар

Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
- Сауда мәмілелерінің шарттары мен сауда мәмілелерді жасау шарттары арасындағы айырмашылықтар басқа мәмілелерде де болуы мүмкін, мысалы, некеде. - Мәміленің кез келген шарттары оны жарамсыз етеді, өйткені мәміле жасау кезінде ешқандай шарттар болмауы керек. - Қарым-қатынастардағы негіз - әлдебір тыйымға дәлел келтірілмегенге дейін оның рұқсат етілгендігі. - Имам Мәликтің адамдардың арасындағы қарым-қатынас саласына қатысты мазхабы барлық мазхабтардың арасындағы сүннетке ең жақыны.		

- Сіз имам Мәликтің адамдармен қарым-қатынас жайлы қандай да сөздерін кездестірсеңіз, имам Ахмадтың дәл солай айтқанын табасыз. - Мәміленің мәніне қайшы келетін кез келген шарт дұрыс емес болып саналады. - Кез келген мәмілелер халықтың арасындағы жалпы жұрт таныған ережелерге сәйкес жасалады. - Егер адам тауардың мәнін білмесе, онда келісімді бұзуға құқығы бар. - Шариғат өсімқорлыққа келтіруі мүмкін болған кез келген есіктерді жабады. - Күпірліктен кем, жазамен байланысты болатын күнәлардың ішінде өсімқорлықтай болған күнә жоқ. - Орындалуы екі жаққа міндетті болған мәміле екі жақтың келісімі болмай немесе Шариғат құптаған басқа себепсіз бұзыла алмайды. - Мәміле жасау үшін кімнің келісімі шарт емес болса, соның мәміле жайлы білуі де шарт емес. - Келісуші тараптар немесе бір тарап екіншісін мәмілені тоқтату құқығынан айыруы мүмкін. - Келісуші тараптардың бірі қандай да бір шартты ашық бұзса, онда шариғат екінші тараптың құқығын қорғайды. - Кейде адам ойланбастан немесе мән бермей әлдебір мүлікті сатуы немесе сатып алуы мүмкін. Шариғат мұндай адамдардың құқықтарын қорғайды. - Мұсылман адам мүдделер қайшылыққа түскен жағдайда өзі сенетін және соған сенім артатын адамдарымен ақылдасуы қажет. - Билеушінің рұқсаты қараусыз қалған жерлерді игерудің шарты болып саналады. - Табылған нәрселер жайлы бір жыл бойы мешіт секілді адамдар жиналатын жерлерде жариялау қажет. - Уақф – мүлікті қайтарып алу арқылы бұзуға болатын мәміле түрі. - Балаларға сыйлық бергенде олардың араларында әділетті болу қажет. - Мирастың үштен екі бөлігінен астам мүлікті өсиет етіп қалдыруға болмайды.		

- Мұрагерлерге өсиет қалдыруға рұқсат етіледі. - Өсиетті қарызды өтегенге дейін орындау қажет. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген: «**Ол мирас ретінде қалдырғанды шегеруден кейін немесе қарызды өтегеннен кейін**...». - Өсиет бойынша алынған нәрсе өлгенге дейін меншікке өтеді. - Егер адам артынан мал-дүние қалдырса, онда (мүліктік) өсиет қалдырғаны жөн.		

- Сауда мәмілесінің шарттары: таңдау құқығы бар мерзімде_____, егер бұдан бұрын екі жақ өз келісімін берген жағдайда ғана_____, егер мәміле жасалып қойылса_____, аталған жағдайдың барлығында_____ жарамды болады.

- Егер шарт мәміленің мәніне қайшы келсе, онда мәміле: жарамды____, жарамсыз___ болады.

- Өсімқорлық – сауда мәмілесі деп аталатын____, сауда мәмілесі деп аталмайтын____ айырбастау.

- Адамдар жүгінетін сөздер мен амалдар: әдет-ғұрыпқа____, Шариғатқа____, тілге____ сүйенеді.

- Өлексені сату: рұқсат етілген____, рұқсат етілмеген_____.

- Анасының құрсағандыға жатқан жануарды сатуға: рұқсат етіледі_____, рұқсат етілмейді_____.

- Адамнан бір тауар ұрлап алынды және ол оны табуынан бұрын сатып жіберілді, мұндай амал: рұқсат етілген_____, тыйым салынған_____.

- Қазіргі заманауи уақытта жасалынып жатқан қаржы мәмілелері: олардың барлығы дұрыс емес, өйткені Шариғатта олар жайлы ештеңе айтылмаған____, олардың барлығы дұрыс, өйткені Шариғат оларға тыйым салмаған, егер оларда оның дұрыстығын бұзатын нәрсе болмаса, олар өз негізінде дұрыс_____.

- Зәйд Мухаммадқа Меккеде, сатушы оны Қасимге дейін айдап барады деген шартпен автокөлігін сатты, мұндай амал: рұқсат етілген_____, рұқсат етілмеген_____.

- Зәйд Мухаммадқа үйді, сатушы ондағы кемшіліктіер үшін еш жауапкершілік көтермейді деген шартпен сатты, кейін Мухаммад онда кемшілік тапты: ол мәмілені бұзуға құқықты_____, мәмілені бұзуға құқықсыз_____.

- Келісіп жатқан тараптар: шындықты айтып және анық сөйлеуге_____, көрінбейтін кемшіліктерді жасыруға_____ тиіс.

- Зәйд Халидтен көлікті, онда ауа баптағыш бар деген өз тұжырымымен сатып алды, бірақ ол онда болмады. Сауда мәмілесі: жарамды___, жарамсыз__, егер Зәйд келіссе жарамды___.

- Екі жақтың келісіммен жасалатын мәмілелерде Шариғат ережелеріне: бірінші сатылы мән беріледі_____, бірінші сатылы мән берілмейді.

- Умар Мухаммадқа 10000 риал қарыз берді, бірақ Умар қарыз алғанын жоққа шығарды, әрі Мухаммад оған: «Қарызыңды мойында және мен сол ақшандан саған 3000 риал», - беремін деді, бұдан кейін Умар қарызын мойындады: осы секілді амал жасауға болады_____, болмайды____.

- Мүдделер алшақтаған жағдайда мән бірінші кезек: ортақ мүдделерге____, жеке мүдделерге____беріледі.

- Мухаммад Ахмадқа өзі үшін екі күн ораза ұстауды тапсырды: осылай жасауға болады____, болмайды_____.

- Үлес келісімі (әл-ғинан) келесімі бойынша: әр серіктес ақша құйып, жұмыс істейді_____, бір адам ақша құяды, ал басқа адам жұмысты орындайды____, екі адам да ақша құяды, бір адам жұмыс істейді, ал екінші адам оған көмек береді_____.

- «Әл-муфауада» келісімінде пайда: мүлік мөлшеріне_____, серіктестердің шарттарына____, орташа пайдаға_____ байланысты.

- Мухаммад пен Әли сүт фабрикасында, қосымша пайда Мухаммадқа тиесілі болады, ал қалғанның барлығын олар өзара тең бөледі деген шартпен жұмыс істеп жатыр: бұл дұрыс_____, дұрыс емес_____.

- Шарап дайындайтын адамдарға жүзім сату: болады_____, болмайды_____.

- Белгісіз амал үшін сыйақы тағайындау: болады____, болмайды_____.

- Жоғалған 4 долларды көтеру: тыйым салынған____ рұқсат етілген_____. Егер оны біреу көтерсе, ол оны өзіне жариялаусыз алады_____, тапқандығы жайлы бір жыл бойы жариялау қажет_____.

- (Жоғалған) түйені алуға: болады_____, болмайды_____.

- (Жоғалған) қойды алуға: болады_____, болмайды_____.

- Белгілі бір кәсіпқойларымен найза лақтыруда бәсекелесуге: болады_____, болмайды_____.

- Бір топ жас жігіт футбол ойнауға келісті, ал жеңілгендер жеңімпаздарды кешке асқа шақыруы қажет. Осылай жасауға: болады_____, болмайды_____.

- Жер иесі оның жер телімін заңсыз иемденіп алған адамның, сол жерде еккен немесе соққан нәрсенің барлығын бұзу керек_____, тыйым салынған_____, болады_____.

- Сатып алуға басым құқығы бар адамды одан айыру үшін айла қолдану қажет_____, қолдануға тыйым салынған_____, қолдануға болады_____.

- Уақфтың Шариғаттағы үкімі: бұл мустахаб_____, бұл тыйым салынған_____, бұл міндетті_____.

- Егер обырмен ауырған күйеуі өз әйеліне жер телімін берсе, он-да бұл сыйлық____, өсиет_____, мүлікті сыйға тарту_____ ретінде болады. Бұл сыйлықтарды мақұлдауға болады ма? Иә_____, жоқ_____.

- Әке (ана) өлім халіндегі ауру баласының мал-мүлкін иемденіп алды. Бұл іс-амал: дұрыс_____, дұрыс емес_____.

МИРАС КІТАБЫ

Бұл - мирасты ол кімге тиесілі болса, соларға бөлу туралы ғылым. Оның негізінде:		
1. Аллаһ Тағаланың «ән-Ниса» сүресіндегі мына сөздері: «**Аллаһ сендерге, балаларың жайында бір еркекке екі әйелдің мирасындай үлес бұйырады. Егер әйелдер екеудің үстінде болса, онда қалған малдың үштен екісі олардікі. Ал егер жалғыз қыз болса, онда жартысы онікі. Қайтыс болған адамның баласы болса, онда әке-шешесінің әрбіріне қалған малдың алтыдан бірі тиеді. Егер баласы болмай оның мұрагері әке-шешесі ғана болса, онда шешесіне үштен бірі тиеді. Егер қайтыс болған адамның туыстары болса, онда шешесіне алтыдан бірі тиеді. (Бұлар) етілген өсиет және борыш өтелгеннен кейін орындалады. Сендер әкелеріңмен ұлдарыңның пайда тұрғысынан қайсысы жақын екенін білмейсіңдер. Бұл үкімдер Аллаһ тарапынан бекітілген. Күдіксіз, Аллаһ Толық Білуші, Аса Дана».**	2. Аллаһ Тағаланың сол сүренің соңындағы сөздері: «**Олар сенен пәтуа сұрайды. Оларға айт: "Аллаһ сендерге "кәләлә" жайында пәтуа береді: егер әке-шешесі және баласы жоқ біреу өлсе, оның бір қыз туысы болса, сонда оған қалған мирастың жартысы тиеді**».	3. Ибн Аббастан (Аллаһ олардың екеуіне разы болсын) Пайғамбарға ﷺ жететін хадисінде былай деп хабарланады: «***Мұраның тиісті бөліктерін оларға құқығы бар адамдарға беріңдер, ал бөлінгеннен кейін қалған мүлік қайтыс болған адамның ең жақын туысы болып табылатын адамға өтуі қажет***» (әл-Бухари мен Муслим).

Бұл қасиетті аяттар мен Ибн Аббастың хадисінде мұраға қатысты нұсқаулардың көпшілігі және олардың шарттары егжей-тегжейлі сипатталған. Аллаһ Тағала адамның туған балаларынан, (ұлдардан туылған) немерелерінен, бір әке-шешеден немесе бір әкеден туған бауырларынан болған ерлер мен әйелдерге егер олар бар болса, мұра ретінде қалған мал-мүлікті бөлуді бұйырды.

Мұра бөлгеннен кейін одан қалғанынан ер адамдарға екі әйелдің үлесіне тең үлес беріледі.

Әрі жоғарыда аталғандардың ішінен ерлер барлық мал-мүлікті немесе үлестіргеннен кейін қалғанды алады.

Үлес иелері		
Қыз	Егер тек бір қыз қалған болса, онда оған мұраның жартысы беріледі.	Егер олар екеу немесе одан көп болса, онда оларға мұраның үштен екі бөлігі беріледі.
(Ұлдан туған) **немере қыз**	Егер қайтыс болған адамның артында бір қыз бен (ұлдан туған) немере қыз қалса, онда қызы жартысын, ал немере қызы алтыдан бір бөлігін алады, бұл жалпы мүліктің үштен екісін құрайды.	
Әпке-қарындас	Егер қайтыс болған адамның балалары да, ата-анасы да қалмаған болса, онда бір әке-шешеден және бір әкеден туған апа-қарындастары да дәл осыны алады.	

Егер қыздардың алатын үлесі үштен екі болса, онда олардан төмен тұрғандар (ұлдың қыздары) ештеңе алмайды, егер соңғы қалдықты (тағсыбты) ер адам алмаған болса.

Сондай-ақ егер қайтыс болған адамның бір әке-шешеден туған әпке-қарындастары қалса, әрі егер олардың ағасы (інісі) соңғы қалдықты алмаған жағдайда, онда бір әкеден туылған әпке-қарындастар ештеңе алмайды.

Ана жағынан болған бауырлар	Ана жақтан аға-іні және әпке-қарындас біреу болса, онда оған алтыдан бір үлес беріледі, ал егер олар екеу немесе одан да көп болса, онда оларға ерлер мен әйелдердің арасында теңдей үлестірілетін үштен бір бөлігі беріледі. Егер қайтыс болған адамның немерелері (немере қыздары) немесе ұлдары болса, онда бұл санаттағылардың ешқайсысы ешбір жағдайда мұра алмайды.	
Күйеу	Егер әйелдің балалары қалмаса, онда ол мұраның жартысын алады.	Егер балалары қалса, онда ол төрттен бір бөлігін алады.

Әйел (әйелдер)	Егер күйеуде бала болмаса, олар төрттен бір бөлігін алады.	Егер оның балалары болса, онда сегізден бір бөлігін алады.
Ана	Егер қайтыс болған адамның балалары, немесе екі және одан көп аға, әпкелері болса, онда ол алтыдан бір бөлігін алады.	
	Егер жоғарыда аталған топтар болмаса, онда ол үштен бір бөлігін алады. Егер қайтыс болған әйелдің күйеуі және ата-анасының екеуі, немесе қайтыс болған күйеудің әйелі және ата-анасының екеуі болса, онда ол қалғанның үштен бірін алады.	
Әже	«***Пайғамбар ﷺ қайтыс болған адамның анасы тірі болмаса, оның әжесіне мирасының алтыдан бір бөлігін беретін»*** (Абу Дауд және Нәсаи).	
Әке	Егер қайтыс болған адамның ұлдары қалса, ол алтыдан бір бөлігін алады. Ол әйелдермен бірге алтыдан бір бөлігін алады, әрі егер олардың үлесінен кейін бір нәрсе қалса, оны да соңғы қалдық ретінде алады.	
Ата	Ата да осы жағдайда.	
Егер қайтыс болған адамның балалары қалмаса, онда соңғы аталған екі мұрагер кез келген жағдайда мұраны соңғы қалдық ретінде алады.		

Шариғаттың соңғы қалдыққа (тағсыбқа) қатысты үкімдері		
Жұбайы мен ана жағынан болған бауырды қоспағанда, барлық ер мұрагерлер шекті теңгерім (соңғы қалдықты) алатын мұрагерлер болып табылады, олар атап айтқанда:		
1. Туған бауырлар, әке жақтан болған бауырлар және олардың балалары;	2. Туған көкелер, әке жақтан болған көкелер мен немере бауырлар, қайтыс болған адамның көкесі, әкесінің көкелері, атасының көкелері және одан да жоғары болғандар.	3. Сондай-ақ ұлдар, олардың ұлдары (қайтыс болған адамның немерелері) және олардан төмендер.

Соңғы қалдықты алатын адамға қатысты үкім:		
1. Егер ол жалғыз қалса, ол мүліктің бәрін алады.	2. Егер онымен бірге үлеске ие адам қалса, ол үлестен қалған барлық нәрсені алады.	3. Егер үлестерді бөлгеннен кейін мұрадан ештеңе қалмаса, соңғы қалдықты алу керек болған адам ештеңе алмайды. Алайда, егер қайтыс болған адамның туған ұлы немесе әкесі болса, мұра толығымен таусылуы мүмкін емес.

Қайтыс болған адамның соңғы қалдықты алушыларынан болған екі немесе одан да көп адам қалса, онда алушылардың реттілігі келесі тәртіппен болады:

1. Ұлдар	2. Кейін әке	3. Аға-інілер мен олардың ұлдары	4. Көкелер мен олардың ұлдары	5. Содан кейін босатылған құлдың қамқоршысы мен оның соңғы тәуелсіз алушылар болып табылатын туысқандары.

Жоғарыда аталғандардың ішінде біріншілік мына адамдарға тиесілі:

1. Тегі бойынша ең жақындарға;	2. Егер олардың барлығы жақын туыс болса, хәлі бойынша ең жақындарға;	3. Егер барлық туыстар бір хәлде болса, онда біріншілік олардың туысқандығы ең күштісіне тиесілі, яғни туған аға-ініге әкесі жағынан болған ағасына қарағанда біріншілік беріледі.

Ұлдары мен ағаларын қоспағанда, соңғы қалдықты алушымен бірге оның әпке-қарындастары ештеңені мұрагерлікке алмайды.

[«Әл-әул» заңы (барлық мұрагерлер үшін үлестердің жетіспеушілігімен мұраның үлестерін көбейту)]

Егер мұрагерлердің үлестері мұраның өзінен асып кетсе, онда бұл мұрагерлер санының азаюына және қалғандарының үлестерінің көбеюіне әкеледі.

[Мысалдар:]

1. Егер қайтыс болған әйелдің күйеуі, анасы мен туған әпкесі болса, мұраның бөлігі алтау болмайды, оны сегізге дейін көбейтеді.

2. Егер оның ана жағынан бауыры болса, дәл сондай әрекет жасалады.

3. Егер олар екеу болса, бөліктер тоғызға артады.

4. Егер екі туған әпке болса, он бөлікке артады.

5. Егер қайтыс болған адам әйелдің екі қызы, анасы және күйеуі қалса, бөлік он екіден он үшкіге дейін артады.

6. Егер олармен бірге әке қалса, он беске артады.

7. Егер қайтыс болған адамның екі әйелі, екі әпкесі мен ана жағынан екі әпкесі қалса, он жеті бөлікке артады.

8. Егер қайтыс болған адамның ата-анасы, екі қызы мен әйелі қалса, он төрттен он жеті бөлікке дейін артады.

Бірінші мысал		6	8
Күйеу	$\frac{1}{2}$	3	3
Туған әпке	$\frac{1}{2}$	3	3
Ана	$\frac{1}{3}$	2	2
Екінші мысал:		6	8
Күйеу	$\frac{1}{2}$	3	3
Туған әпке	$\frac{1}{2}$	3	3
Ана	$\frac{1}{6}$	1	1
Ана жақтан болған бауыр	$\frac{1}{6}$	1	1

Үшінші мысал:		6	9
Күйеу	$\frac{1}{2}$	3	3
Туған әпке	$\frac{1}{2}$	3	3
Ана	$\frac{1}{6}$	1	1
Ана жақтан болған екі әпке	$\frac{1}{3}$	2	2

Төртінші мысал:		6	10
Күйеу	$\frac{1}{2}$	3	3
Екі туған әпке	$\frac{2}{3}$	4	4
Ана	$\frac{1}{6}$	1	1
Ана жақтан болған екі әпке	$\frac{1}{3}$	2	2

Бесінші мысал:		12	13
Күйеу	$\frac{1}{4}$	3	3
Ана	$\frac{1}{6}$	2	2
Екі қыз	$\frac{2}{3}$	8	8

Алтыншы мысал:		12	15
Күйеу	$\frac{1}{4}$	3	3
Ана	$\frac{1}{6}$	2	2
Екі қыз	$\frac{2}{3}$	8	8
Әке	$\frac{1}{6}$	2	2

Жетінші мысал:		12	17
Екі әйел	$\frac{1}{4}$	3	3
Ана жақтан болған екі әпке	$\frac{1}{3}$	4	4
Екі туған әпке	$\frac{2}{3}$	8	8
Ана	$\frac{1}{6}$	2	2

Сегізінші мысал:		24	27
Әйел	$\frac{1}{8}$	3	3
Ана	$\frac{1}{6}$	4	4
Екі әпке	$\frac{2}{3}$	16	16
Әке	$\frac{1}{6}$	4	4

[Басқа үкімдер]

Егер мұраның үлесі мұраның өзінен аз болса және түпкі мұрагер (ғасаба) болмаса, онда қалған бөлігі үлестердің әрбір иесіне олардың мұрадағы үлесіне пропорционалды түрде қайтарылады.

Егер қайтыс болған адамның үлеске ие мұрагерлері де, түпкі мұрагерлері де болмаса, онда мұра аталғандардан басқа туыстарына өтеді және олар жақын туыстардай болады.

Мұрагері қалмағандардың мүлкі қазынаға түсіп, жалпы мүддеге де, жеке тұлғалардың да мүддесіне жұмсылады.

[Адам қайтыс болғанда оның мүлкімен (تدوم сөзінде жиналған) төрт нәрсе байланысты болады]:

ت	Тәжхиз – жерлеуге қатысты шығындар
د	Дуюн – расталған және расталмаған қарыздарыды төлеу.
و	Уәсыя – (мұрагерлерлерге жатпайтын) бөгде адамдарға мүліктің үштен бір бөлігінен беру.
م	Мирас – қалған мүлікті жоғарыда атап келтірген мұрагерлердің арасында бөлу. Ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

Мұрагерліктің үш себебі бар:

1. Туыстық қатынас	2. Жарамды (расталған) неке	3. Құл азат етуден туындайтын жақындық

Мұраға қол жеткізуге бөгет болатын себептер:

1. Өлтіру	2. Құлдық	3. Діннің өзге болуы

Кейбір мұрагерлер ана құрсағында болса немесе жоқ болса, онда сақтықпен әрекет етіп, мұрагерді күту керек. Қалған мұрагерлер мұраның бөлінуін талап етсе, фақиһ ғалымдардың (Аллаһ оларды рахымына бөлесін) шешіміне сәйкес парасаттылықпен амал ету керек.

Тақырып: құлдарды босату

[Адамдар құлдыққа екі жолмен түседі:]

1. Соғыс кезіндегі тұтқындық;	2. Күң әйелдің қожайынынан басқа ерден бала туғандығынан.

Құлдықтың түрлері:

1. «Кинн» - толық құлдық;
2. «Мукатаб» - иесі белгілі бір төлем үшін босату туралы келіссөз жүргізген құл;
3. «Мубағад» - төлемнің белгілі бөлігін төлеп қойған «мукатаб»;
4. «Мудаббар» - босатылуы қожайынының өліміне байланысты етілген құл;
5. Босатылуы белгілі бір жағдаяттарға байланысты етілген құл;
6. Босатылуы жайлы өсиет қалдырылған құл;
7. Қожайынның баласының анасы.

Бұл құлды оған азаттық беру арқылы босату. Бұл құлшылықтың ең жақсы түрлеріне жатады, өйткені хадисте былай деп айтылған: «***Егер мұсылман адам мұсылман құлды босатса, құлдықтан құтылғанның әр сүйегі үшін Аллаһ Тағала оны босатқан адамның сүйегін Оттан құтқарады***» (әл-Бухари мен Муслим).

Аллаһтың Елшісі ﷺ: «*Қандай құлдар ең жақсы?*», - деп сұралды. Ол: «Ең ***қымбат сатып алынған және олардың иелері оларды ең көп бағалайтындары***», - деп жауап берді (әл-Бухари мен Муслим).

Құлды бостау келесідей жүзеге асады:

1. «Босатамын» немесе мағынасы осыған нұсқайтын басқа да сөздер арқылы;
2. Иелену – тыйым салынған қандас туысын иемденген адам оны автоматты түрде босатады [яғни мысалы, егер адам жыныстық қатынасқа түсуге тыйым салынған өзіне туысқан болып саналатын күнді сатып алса];
3. Құлды оның денесінің бір бөлігін кесу немесе оны күйдіру арқылы азаптау жолымен;
4. Үлестік бостау - «әс-Сирая». Хадисте былай деп хабарланады: «***Кімде-кім құлдың өзіндегі үлесін азат етсе әрі егер оның қаражаты жеткілікті болса, онда оның қалған құнының үлестерін ортақ иелеріне төлеп, оны толық азат етуі керек, әрі сонда ғана құл азат болады. Әйтпесе [егер босатқан адамның қаражаты аз болса] онда құл (әлгі адам) оны азат еткен дәрежеде ғана бостандықта қалады***» (әл-Бухари мен Муслим).

Құлды босату иесінің қайтыс болуымен байланысты болса, соңғысы қайтыс болғаннан кейін ол иесінен қалған мұраның үштен біріне қосылмау керек деген шартпен бостандыққа ие болады.

Жабирден риуаят етілген хадисте ансарлардан бір кісі өзі қайтыс болғаннан кейін құлы азат болатыны туралы жария етті, өйткені оның басқа мүлкі жоқ еді. Бұл хабар Аллаһтың Елшісіне ﷺ жетті және ол: «***Оны менен кім сатып алады?***» - деп сұрады. Әл-Нуайм ибн Абдуллаһ оны сегіз жүз дирхамға сатып алды.

Құлдың бұрынғы иесінің қарызы бар болатын, әрі Пайғамбар (ﷺ) оған осы ақшаны беріп жіберіп; «***Қарызыңды өте***», - деді (әл-Бухари мен Муслим).

«Әл-китаба» – құлдың өзін өзі қожайынынан белгілі бір мерзім ішінде төленетін белгілі бір ақшаға сатып алуы.

Аллаһ Тағала былай деген: **«...егер оларда жақсы сипаттар тапсаңдар, оларға осындай хат беріңдер»** - яғни егер оларда діндегі салиқалық пен өмір сүру үшін мал табуға деген қабілеттілік тапсаңдар.

Құлды босатқаннан кейін немесе оған келісім-шартты бергеннен кейін иесі қиындықтан қорықса немесе құл өзіне өзі нәпақа таба алмаса, шариғат оны босатуды бұйырмайды.

Муқатаб өз құнын толық төлеген кезде ғана еркіндік алады, өйткені хадисте: «***Муқатаб соңғы дирхамын төлегенше құл болып қалады***», - делінген (Әбу Дауд).

Ибн Аббас пен Умардан жеткен хадистерде Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Егер күң қожайынына бала туса, ол қожайыны өлгеннен кейін азат болады***», – дегені жеткізіледі. Әрі оны Аллаһ жақсырақ біледі.

Ескерту: Шариғат заңдары мен олардың дәлелдерін үйренетін адамі шариғаттың құлдарды азат етуге қаншалықты мән беретінін және бұл іс үшін үлкен сауапты уәде етіп оған қалай шақыратынын түсінеді. Бұған нұсқайтын кейбір мысалдар:

1. Аллаһ Тағала қожайынға құлынан дінде тақуалық пен өз бетінше өмір сүріп, ақша табу мүмкіндігін көрсе, оның хатын қабылдауды бұйырады.

2. Пайғамбардың мына сөздері: «***Егер мұсылман адам мұсылман құлды босатса, құлдықтан босатылған құлдың әр сүйегі үшін Аллаһ оны босатқан адамның бір сүйегін Оттан құтқарады».***

3. Қожайынның дененің кез келген жерін кесіп немесе от арқылы азаптауына байланысты құл азат болады.

4. Құлды жақын туысы сатып алғандықтан ол азат болады.

5. Міндетті және міндетті емес көптеген өтеулерде құлды босату туралы ереже келген.

6. Егер оның қожайындарының бірі өз бөлігін босатып алған болса, қарапайым құлды толығымен босату. Құл бостандыққа ие болуы үшін бұл қожайын сыбайластарына құлдың қалған бөлігінің құнын төлеуі керек.

Мирас кітабы бойынша сұрақтар

Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
- Мұрагерлік үлестер туралы ғылым оңай әрі түсінікті, алайда ол есеп пен жаттауды талап етеді. - Мұрагерлік үлестерді зерттегенде, есептерді шешудегі тәжірибесіз, тек теориялық білімнің болуы жеткілікті. - Мұрагерлік үлестер туралы ғылым – математика. Ал математикада тақырыпты бекіту үшін практикалық жаттығулар мен есептер шығару қажет. - Кейбір жағдайларда мұрагердің мұраны алуға себебі болса да, ол оны алмауы мүмкін. - Қайтарылатын талақ мерзімінде жүрген әйелдің иддасы әлі бітпеген болса, ол күйеуінің мұрасын алады. - Мұрагерліктің неке секілді себебі, әйелдің идда мерзімі бітпесе де, толық талақ жасалынса бұзылады. - Мирасты есептеудің ортақ бөлгіштері Аллаһтың Кітабында карастырылған мұра үлестерінен алынған және олар: жарты – төрттен бір – сегізден бір – үштен бір – үштен екі – алтыдан бір. - Ғалымдар бірауыздан айтқан пропорциялардың негізі 18-36. - Әрбірі қайтыс болған адамның мүлкінің жартысын еншілейтін екі әйелдің бірігуі мүмкін емес. - Мүліктің жартысын мұра етуші мұрагерлердің шарты – (дәл сондай мөлшерде мұра алатын) басқа мұрагерлердің болмауы. - Мүліктің төрттен бір бөлігі туралы тарау «ерлі-зайыптылар бөлмесі» деп аталады, бірақ онда бірнеше адамның бірігуі мүмкін емес.		

- Әйел жалғыз болса, мұраның сегізден бір бөлігін алады. Егер қайтыс болған адамның бірнеше әйелі болса, онда олар мұраның төрттен бірін өзара бөліседі. - Мұраның үштен бірін алатындардың арасында ана мен әже бар. - Ана жағынан болған әпкелер, ана жағынан бір немесе бірнеше ағайындары болса ғана мұраның үштен бірін алады. - Егер барлық мұрагерлер түпкі алушы (ғасаба) болса және олардың арасында үлес иесі болмаса, онда есептеудің ортақ бөлгіші олардың санымен анықталады. - Туған бауырдың ұлы, туған бауырдың қызынан ерекше, мұраны соңғы алушы болып табылады. - Мұрагерлер арасында ешбір жағдайда мұрасыз қалмайтындар да бар. - Мұрагерлік бөлу мәселесіндегі үлестердің көбеюі (ғәул) немесе азаюы (родд) болса, онда есептеудің ортақ бөлгіштері барлық үлестердің жиынтығына негізделеді. - Есептеудің жеті ортақ бөлгіштері «ғәул» жолымен көбейтіледі. - «Үлестердің азаюы (родд)» сөзінің терминологиялық мағынасы үлестердің есептеудің ортақ бөлгішінен аз болуы. - Егер мұраны «азайту» (родд) бойынша бөлу кезінде мұрагерлердің бір ғана санаты қатысса, онда олардың саны есепке алынады. - «Азайту» (родд) бойынша мұраны бөлу кезінде мұрагерлердің бірнеше санаты болса, онда үлестер біріктіріліп, барлық үлестердің жиынтығы бойынша есептеудің ортақ бөлгіші анықталады. - Өзара қатынастардың төрт түрі: әл-мумәсәлә (ұқсас сандар [4:4]), әл-мудахалә (үлкен сан кішіге қалдықсыз бөлінеді [6:3 немесе 8:2]), әл-муафака (үлкен санды кішіге қалдықсыз бөлуге болмайтын, бірақ екі санның да ортақ бөлгіші болатын бір-біріне ұқсамайтын сандар([$\frac{8:68:6}{2\ \ 2}$]), әл-мубаяна (үлкен сан кіші санда кездеспейтін және ортақ бөлгіші жоқ әртүрлі сандар [7:5 немесе 13:12]).		

- Әл-мубаяна жағдайда: бір сан екінші санға бөлінеді және егер қалдық қалса, мысалы, 2:3, онда есепті шешу үшін 6 бөлгіші алынады. - Шариғат заңдары мен олардың дәлелдерін меңгерген адам Шариғаттың құлды босатуға маңызды мән беріп, бұған қалай шақырытындығын және бұл үшін үлы сауапты уәде еткенін түсінеді. - Құлды азат ету – ғибадаттың ең жақсы түрлерінен.		

- Біз мұрагерлік үлестерді не себепті зерттейміз? Әрбір мұрагерге құқығы бойынша өзіне тиесілі нәрсені беру үшін___, осы ғылымды зерттеу үшін сыйақы берілетіндігі себепті___, бұл білімнің жартысы болғаны үшін___, айтылғанның барлығы___.
- Мұрагерлік себептерінің саны: 2___, 3___, 4___.
- Қайтыс болған әйелдің құл-күйеуі қалды: ол мұра алады___, алмайды___.
- Қайтыс болғаннан кейін қалған мүлікке байланысты міндеттер мына сөзде жиналған: تدوم - رنحط – عش لك رزق.
- Мұрагерлік үлестер ғылымын зерделеудің үкімі: бұл парыз___, мұстахаб___, ұжымдық парыз ____, жеке парыз____.
- Ер мұрагерлер саны: 10___, 15___, барлығы 10 және егжей-тегжейлі 15___.
- Ерлер мен әйелдерден болған мұрагерлер жалпы саны: 15___ 18___.
- Аллаһтың Кітабында келген мұрагерлік үлестер саны: 6___ 7___ 8___.
- Бірауыздан қабылданған есептердің ортақ бөлгіштері: олар шектеулі____, шектеусіз____.
- Мұраның жартысын алатын мұрагерлер саны: 4___, 5___, 3___.
- Ері қайтыс болған әйелінің мұрасынан төрттен бір бөлігін алу үшін әйелдің одан___, одан немесе басқадан___ мұрагерлік ететін ұрпақтың болуы шарт етіледі;
- Қыз мұраның жартысын мына адамның жоқ болу шартымен алады: соңғы мұрагердің___, дәл сондай үлес алатын басқа мұрагердің___, мұрагерлік етін ұрпақтың___, аталғанның барлығының___.
- Мұраның үштен екі бөлігін мына адамдар алады: мұраның жартысын алатындар___, күйеуден басқа мұраның жартысын алатындар___.
- Мұраның үштен екі бөлігін алу шарты, бұл: мұраның жартысын алу шарты___, дәл сол мөлшерді алатын мұрагердің болмауы шартынан басқа мұраның жартысын алу шарты.

- Үлестердің иелері екі___, екіден көп___, үштен көп___ болған жағдайда бірігеді.

- Мұраның үштен бір бөлігіне ие адамдар: 2___, 3___, 4___.

- Ана мұраның үштен бір бөлігін: мұрагерлік ететін ұрпақ болмаса___, ағалар болмаса___, екеуі де болмаса___ алады.

- Ана жағынан ағайындар мүліктің үштен бірін: қайтыс болған адамның мұраға ие болатын (ер) ұрпағы болмаса___, әке (аталары) болмаса____, айтылғандардың барлығы болмаса___ алады.

- Егер қайтыс болған адамның жұбайымен бірге: ата-анасы ___, мұрагерлік ететін ұрпақтары ___, анасының ағалары ___ қалса, онда мұраны бөлудің бұл тарауы «'умария» деп аталады.

- Ана жағынан ағайындылар мүліктің үштен бірін өзара мына қағидаға сәйкес бөледі: ер адамға екі әйелдің үлесі___, ерлер мен әйелдерге бірдей үлес___.

- Мүліктің алтыдан бір бөлігін мұра ететіндердің саны: 3___, 6___, 7___, 5___.

- Әйелдің тәуелсіз түпкі мұрагер бола алатын жағдайлары қанша: бұл мүкін емес___, 1___, 2___.

- Түпкі мұрагерлердің түрлерін атаңдар: 2___, 3___, 4____.

- Тәуелсіз түпкі мұрагерлердің санын атаңдар: 10___, 14___, 18___.

- Түпкі мұрагерлердің басқалармен бірге болатын түрлерін атаңдар: 2___, 3___, 4___.

- Жұбайы, әйелі және анасы мұрагерлік үлестен келесі кедергімен тосылуы мүмкін: айыру ___, азайту ___, факторлық ___.

- Тосылу (жабу) туралы хабарсыз мұрагер: мұралық үлес туралы сұрай алады ___, мүмкін емес ____.

- Көбеетін ортақ бөлгіштердің (әл-ғаул) ережесі мыналарға қатысты: алтыдан бір бөлікті алатындар ___, алмайтындар ____.

- Көбеймейтін ортақ бөлгіштердің (әл-ғаул) ережесі мыналарға қатысты: алтыдан бір бөлікті алатындар ___, алтыдан бір бөлікті алмайтындар ____.

- Азайту шарты: үлестердің барлық иелері өз үлестерін алғаннан кейін қалған мұраның болуы ___, ерлі-зайыптылар болып табылмайтындар үшін азаюы ___, түпкілікті мұрагердің болмауы ___, жоғарыда аталғандардың барлығы ___.

- «Ұсақтатуды» (инкисар) азайтумен (родд) түзету: үлестердің сомасы азайғанға дейін ___, азайғаннан кейін___ дұрыс болады.

-- Мұрагерлердің саны бойынша үлестер бөлінгеннен кейін: ____ есептерді түзету қажет, ____ есептерді түзету қажет емес.

- Есептерді түзету: қажет ___, кейде болады, ал кейде болмайды ___.

- Әл-мумасаля дегеніміз: бірдей сандар ___, үлкен санның кішіге бөлінуі.___

- Әл-мудахаля дегеніміз: бірдей сандар ___, үлкен санның кішіге бөлінуі ___.

- Әл-муафақа деген: үлкен сан кіші санға қалдықсыз бөліне алады___, қалдықсыз бөліне алмайды___.

- Әл-мубаяна деген: үлкен сан кіші санға қалдықсыз бөліне алады___, қалдықсыз бөліне алмайды___.

- Егер үлкен сан кіші санға қалдықсыз бөліне алса, бұл қатынас: мумасаля___, мудахаля____ деп аталады.

- «Муафақа» деп мына нәрсе меңзеледі: жартысы___, ортақ бөлгіш____.

- Егер үлкен санды кішіге қалдықсыз бөлу мүмкін болмаса, онда бұл қатынас былай аталады: мумасаля ___, мудахаля ____, муафақа ____, мубаяна ___.

- Барлық 4 қатынастың ең қиыны: мумасаля ___, муафақа ___, мубаяна ___.

- Егер қожайын құлдың бостандыққа шығуы бүлікке соқтырады немесе ол күнкөріске қол жеткізе алмайды деп қауіптенсе, онда босату немесе хатқа келісім беру шариғатта ___ заңдастырылмаған ____ заңдастырылады.

- Босатылуы қожайынының қайтыс болуымен байланысты құл: азат ету өсиеті бар құл ___ , мудаббар ___ деп аталады; және қожайын қайтыс болғаннан кейін ол оның мирасының үштен бір___, жарты ____, төрттен бір ___ бөлігінің құрамына кірмесе ғана ботсандыққа ие болады.

- Құлды босату мына амалдармен орындалады: сөзбен___, амалмен____, (егер құлдың бірнеше қожайыны болса) оның бөлігін босатумен___, оны жақын туысы сатып алуымен___, айтылған барлық амалдармен___.

- Құлдыққа екі жолмен___, бір жолмен___, көптеген жолмен___ түседі және құлдықтан босатылудың екі жолы____, бір жолы____, көптеген жолдары____ бар.

Мұрагерлік себебін оған сәйкес келген нәрсемен байланыстырыңдар:

- Неке	**-** Мұрагерліктің себебі – қожайынның құлына танытқан мейірімі.
- Қожайын	- Дұрыс неке. Күйеу әйелдің мұрагері, әйел күйеудің мұрагері болады.
- Туыстық	- Жақын туыстық. Ұрпақ, ата-баба және басқа да туыстар мирасқор ретінде болады.

Қайтыс болған адамның мирасына байланысты 5 міндет-темені ретімен көрсетіңдер:

1.
2.
3.
4.
5.

Төмендегі мұрагерлердің әрқайсысының мұраны алу себебін көрсетіңдер:

Әке_____: Туған бауыр_____:
Күйеу_____: Азат етілген құлдың қожайыны_____: Қыз_____:
Нағашы әже (апа)_____: Ана жақтан болған әпке-сіңілі_____: Шөбере_____:
Ана жақтан болған көке_____: Әке жақтан болған әпке_____:

Ерлер қатарындағы мұрагерлерді ретімен келтіріңдер:

1. 2.
3. 4.
5. 6.
7. 8.
9. 10.
11. 12.
13. 14.
15.

Әйелдер қатарындағы мұрагерлерді ретімен келітіріңдер:

1. 2.
3. 4.
5. 6.
7. 8.
9. 10.

Келесі адамдардың ішінде мұрагер болып табылмайтындардың алдына (×), ал мұрагерлердің алдына (*) қойыңдар:

Туған көкенің немересі___ Туған тәте___ Немере әпке-қарындас___
Нағашы көке___ Нағашы атаның анасы___ Туған бауырдың ұлы__
(Ұлдан туған) шөпшек қыз___ Қыздың қызы___ Туған бауырдың қызы__

Кітап авторы, Аллаһ оны рахымына бөлесін алсын, келтіргендей, мұра тиесілі ата-бабаларды ретімен тізімдеңдер:

1. 2. 3. 4. 5. 6.

«Есептеудің ортақ бөлгіштерін» ретімен көрсетіңдер:

1. 2. 3. 4. 5. 6. 7.

Төменде келтірілгендердің қайсысы «есептеудің ортақ бөлгіштеріне» жатады:

Жартысы (1/2)
Төрттен бір бөлігі (1/4)

Сегізден бір бөлігі (1/8)
Үштен екі бөлігі (2/3)
Үштен бір бөлігі (1/3)
Алтыдан бір бөлігі (1/6)

Есептеудің ортақ бөлгіші: _____

Мирастың жартысын алатын мұрагерлерді атаңдар:
1. 2. 3. 4. 5

Бос орындарды толтырыңдар:
Күеу мирастың жартысын егер _____ жоқ болса алады.
Мұрагер ұрпақ – бұл _____
Әке мирастың алтыдан бір бөлігін ғана, егер _____ болса алады
Әке мирастың алтыдан бір бөлігі мен соңғы қалдықты _____ болса алады
Ана мирастың алтыдан бір бөлігін, егер _____ болса алады
Ата мирасты егер _____болмаса алады
Апа-әже мирастың алтыдан бір бөлігін _____ болмаса алады
Егер әке, ана, ата мен әже қалса, олардан мирасты _____ алады
«Анасының нәрестесі» _____- ге жатады
Ұлдың қызы (немесе ұлдың қыздары) мирастың алтыдан бір бөлігін, егер _____ болса және _____ болмаса алады
Туған әпке (әпкелер) мирастың алтыдан бір бөлігін, егер _____ болса және _____ болмаса алады
Анасының нәрестесі мирастың алдыдан бір бөлігін _____ болса және _____ болмаса алады.
Тәуелсіз түпкі мұрагерлер бұл _____ және _____ санамағанда, _____, ал әйелдерден _____
Басқалармен бірге мұра алатын түпкі мұрагер әйелдер бұл _____ немесе _____ немесе _____ _____ бірге, немесе _____

Кедергінің (хәжбтың) 2 түрі бар: **1.** **2.**
Адамның кедергі жасауы: **1.** **2.**
«Ғаул» кірмейтін негіздер:
«Ғаул» кіретін негіздер:

Негізгі 6 _____ дейін артады;
Негізгі 12 _____ дейін артады;
Негізгі 24 _____ дейін артады;
«Әл-мунасихат»:

«Насх» сөзінің тілдік мағынасы:
Ал терминологиялық мағынасы: _____

Кедергілерді оларға сәйкес келетін үкіммен байланыстырыңдар:

Құлдық - Мұсылман адам кәпір адамнан мұра алмайды

Діннің өзгешелігі - Өйткені құлдың мүлкі жоқ және ол қожайынына тиесілі.

Өлтіру - Кім бір нәрсені мерзімінен бұрын асық тырумен әлек болса, сол одан айырылумен жазаланады.

Құлдық термині мен оның мағынасын сәйкестендіріңдер:

«Қинн» - жартылай құл, жартылай еркін адам

«Мукатаб» - толық құл

«Мудаббар» - еркіндігі қожайынның өліміне байланысты болған адам

«Мубағад» - ақшаны бөліп беріп, бостандығын сатып алатын құл

НЕКЕ КІТАБЫ

Неке – бұл әйелмен жыныстық жақындық, бала туу және басқа да игіліктер үшін келісім-шарт жасау.

Неке елшілердің заңдарына жатады. Хадисте былай деп хабарланады: «***Ей, жастар! Араларыңдағы отбасын асырауға шамасы келгендер үйленсін, өйткені неке (тыйым салынғанан) көзді тыйуға және арлылықты сақтауға әкеледі. Ал (отбасын асырауға) шамасы келмейтіндерің ораза ұстасын, өйткені бұл ол үшін піштіру секілді болады***» (әл-Бухари мен Муслим).

Ол ﷺ былай деген: «***Әйелге төрт нәрсе үшін үйленеді: байлық, тектілік, сұлулық пен дін. Ендеше діндарлық иесін алуға тырыс, қолың шаңға толсын***» (әл-Бухари мен Муслим).

Діндарлық пен тектілік иесі болған және сүйіп, бала туатын әйелді таңдау қажет.

Егер ер адам белгілі бір әйелге құда түсуді шешсе, онда ол, өзінің оған үйленуге деген ниетін ынталандыру үшін, оны көруіне болады.

Әйелді көрудің рұқсат етілген болуы үшін тек алты шарты бар:

1. Онымен оңашалануға болмайды;
2. Бұл жыныстық қозусыз болуы қажет;
3. Егер әйелдің келісім беруі жайлы пікір басым болса;
4. Әдетте көрінетін жерлерге ғана қарау;
5. Құда түсуге шешімді болу;
6. Әйел әсем киіммен, хош иісті зат жағып, сәнделген түрде шықпауы қажет.

Мұсылманның басқа бір мұсылман құда түскен түскен әйелге, әлгі мұсылман бұған келісімін бермейінше немесе әлгі әйел оған тұрмысқа шығудан бас тартпайынша құда түсуіне құқығы жоқ.

Ешбір жағдайда идда мерзімін күтіп тұрған әйелге ашық түрде құда түсуге болмайды. Алайда, толық (яғни қайтаруға болмайтын) талақ алған әйелге, немесе, мысалы, аза күйіндегі жесір әйелге бұл туралы тікелей емес меңзеп белгі жасап қоюға болады, өйткені

Аллаһ Тағала: «**Әйелдерге құда түсуді меңзесеңдер, сендерге күнә болмайды**», - деген. Бұндай нұсқаудың мысалы: «Мен сен сияқты әйелге үйленгім келеді» , - немесе: «Мені саған үйлену мүмкіндігінен айырылғым келмейді», - сияқты сөздер.

Ереже: үйленуге рұқсат етілмеген кез келген әйелге ашық түрде құда түсуге тыйым салынады. Неке туралы кеңеске келетін болсақ, бұл мәселе түсіндірулерді қажет етеді.

Неке қию кезінде Ибн Масғудтың хутбасын айту қажет, ол былай деген: «***Аллаһтың Елшісі (ﷺ) бізге барлық жағдайға жарамды құтпаны үйретіп: «Расында, бүкіл мақтау Аллаһқа тән, біз Оған мақтау айтамыз, Одан көмек және кешірім сұраймыз. Нәпсілеріміздің жамандығынанан және жаман істеріміздің Аллаһтан қорғау тілейміз. Аллаһ кімді тура жолға салса, оны ешкім адастырмайды, ал кімді адастырса, оны ешкім тура жолға салмайды. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ екеніне және Мухаммад Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік беремін***» - деп, ізінен үш аятты оқыды, оны кейбір ғалымдар былай деп түсіндіреді:

1. «Әй иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы қорқумен қорқыңдар да мұсылман болған күйде ғана өліңдер!» («Әли Имран» сүресі, 102 аят).	**2. «Әй адам баласы! Сендерді бір кісіден (Адам атынан) жаратқан және одан оның жұбайын (Хауа ананы) жаратып, ол екеуінен көптеген ер, әйелді таратқан Раббыларыңнан қорқыңдар. Сол арқылы өзара сұрасқан Аллаһтан және туыстардан (безуден) сақтаныңдар. Шәксіз Аллаһ (Тағала) сендерді бақылаушы»** («ән-Ниса» сүресі, 1-аят).	**3. «Әй иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және дұрыс сөз айтыңдар!"** («әл-Ахзаб» сүресі, 70-аят).

Әрі мына нәрселер ғана міндетті болады:

1. Ұсыныс – әйелдің қамқоршысының сөздері, мысалы: «*Мен сені тұрмысқа беремін*», - немесе: «*Сені пәлен адаммен некемен байланыстарымын*».	**2. Қабылдау** – ердің немесе оның өкілінің сөздері, мысалы: «*Мен бұл некені қабыл аламын*».

НЕКЕНІҢ ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ БАП

Ер мен әйелдің некеге келісімі қажет. Бұдан тыс ерекшеленетін жағдайлар келесідей:

1. Әкесі некеге мәжбүрлеген кішкентай қыз.	2. Қожайыны некеге мәжбүрлеген күң.

Үйлену үшін әйелдің қамқоршысы болуы қажет. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «***Қамқоршысыз неке жоқ***», - деген. Сахих хадисті бес ғалым жеткізген.

Мына адамдардың әйелді тұрмысқа беруге құқықтары басым:

1. Әкесі және атасы;	2. Кейін ұлы мен оның ұрпағы;	3. Кейін оның түпкі мұрагерлерінен ең жақын болған туыстары.

Бухари мен Муслимде келген хадисте былай деп хабарланады: «***Бұрын тұрмыста болған әйелмен ақылдаспай оны некелестіруге болмайды, ал бұрын үйленбеген қызды оның келісімін сұрамай некелестіруге болмайды***». Адамдар: «*Уа Аллаһтың Елшісі! Ол (қыз) келіскенін қалай көрсете алады?*», - деп сұрады. Ол: «***Үнсіздігімен***», - деп жауап берді. Пайғамбар ﷺ бұған қоса: «***Некені жариялаңдар***», - деген (Ахмад).

Некені жариялау мына жолдармен жүзеге асады:

Екі ер адамның куәлігі арқылы;	Некенің қиылуы жайлы хабардың таралуы арқылы;	Даң, сылдырмақта ойнау арқылы	Басқа да әдістермен.

Қамқоршы адамға әйелді өзіне тең емес әлдебіреуге беруге тыйым салынады. Күнәһар арлы әйелге тең келмейді; ал арабтар бір-біріне тең. Әйелдің қамқоршысы болмаса немесе ұзақ уақыт бойы жоқ болған жағдайда, немесе қамқоршысы қызды (әйелді) өзіне тең біреуге беруден бас тартып жатса, онда хадисте айтылғандай, оны қазы (сот, әкім) некелестіреді:

Пайғамбар ﷺ: «***Әмірші - қамқоршысы жоқтың қамқоршысы***», - деген. Хадисті Нәсәиден басқа Сунан авторлары келтірген.

Неке кіммен қиылып жатқанын анық айту керек. Егер адамның қызы көп болса, ол: «Мен саған қызымды некеге беремін», - деген сөздер жарамсыз болады. Қалыңдықтың атын атап, немесе оның сипатын сипаттап немесе қолмен оған нұсқап көрсету керек.

Сондай-ақ өзара үйленуші ер мен әйелде некелесуге тыйым салатын нәрселер туралы тақырыпта айтылатын ешбір кедергілер болмауы керек.

Некелесуге тыйым салатын нәрселер

Оның екі түрі бар: мәңгілікке тыйым салатын және белгілі уақытқа тыйым салатын:

<table>
<tr><td rowspan="5">1. Мәңгілікке тыйым салатын</td><td rowspan="2">Жақын туысқандық. Оған жеті түрлі туысқан әйелдер жатады:</td><td>1. Ана және одан жоғары болғандар;</td><td>2. Қыздар және олардан төмендер;</td><td>3. Әке жағынан да, ана жағынан да, қос жақтан да әпке-қарындастар;</td></tr>
<tr><td colspan="3">4. Олардың қыздары;
5. Бауырлардың қыздары;
6. 7. Әке және ана жақтан болған тәтелер және нағашы тәтелер.</td></tr>
<tr><td>Сүтті туысқандық, әрі олар да жеті үрлі әйелдер:</td><td colspan="3">Олар туысқандықта аталған әйелдер секілді санатқа жататындар.</td></tr>
<tr><td>Некеден туындайтын қайын жұрттан төрт тұрлі әйелдер:</td><td colspan="3">1. Әйелдің аналары мен олардан жоғарғылар;
2. Егер әйелмен жыныстық қатынас орын алған болса, онда әйелдің қыздары және олардан төмендер;
3. Әкелердің әйелдері;
4. Туған немесе сүттік ұлдардың әйелдері.</td></tr>
<tr><td>Жоғарыда айтылғандардың дәлелдері келесідей:</td><td colspan="2">Аллаһ Тағаланың мына сөздері: «Сендерге аналарың тыйым салынған...», - әрі осы аяттың соңына дейін.</td><td>Пайғамбардың ﷺ мына сөздері: «Сүттік туыстық туған туыстық тыйым салғанды тыйым салады» (әл-Бухари мен Муслим).</td></tr>
</table>

2. Белгілігі мерзімге тыйым салатын:	Бұл жайлы Пайғамбардың ﷺ мына сөздерінде айтылған: «***Әйел мен оның нағашы әпкесіне, сондай-ақ әйел мен оның нағасы әжесіне бір мезгілде қоса үйленуге болмайды***» (әл-Бухари мен Муслим).
	Аллаһ Тағаланың мына сөздері: «...**екі әпкеге бір уақытта үйлену де (тыйым салынады)**».
	Еркін адамға бір мезгілде 4-тен көп әйел алуға, ал құлға 2-ден көп әйел алуға тыйым салынған. Ал күңдерге келсек, қожайын оларды қалағанынша ала алады. Қос апалы-сіңлілеріге үйленген кәпір Исламды қабылдаса, олардың біреуін таңдауы керек; ал егер оның 4-тен көп әйелі болса, оның 4-еуін таңдап, қалғанымен ажырасуы керек болады.

Сондай-ақ мына санаттағы әйелдермен некелесуге де тыйым салынған:

1. Қажылық бітпегенше қажылықта жүрген әйелге;	2. Идда мерзімінің өтуін күтіп жатқан әйел;	3. Зинақор әйел зинақорға да, арлы еркек үшін де тыйым салынған, тек егер тәубе етсе ғана рұқсат;	4. Күйеумен үш талақпен ажырсқан әйелге сол бұрыңғы күйеуне үйленуіне тыйым салынады, тек ол әйел содан соң басқа еркекке үйленіп, онымен ажырасып, иддасы өткен болса ғана.

Екі әпке-сіңіліні күңдер ретінде ұстауға болады, бірақ олардың біреуімен жыныстық қатынас жасалса, екіншісі иесі үшін харам болады, тек біріншісі оның иелігінен басқаға өтсе, немесе тазарғаннан кейін өзгеге тұрмысқа шығу арқылы ол үшін харам болмаса ғана.

Некелесуге тыйым салатын сүттік қарым-қатынас емшектен шығарудан бұрын бес немесе одан да көп толық тамақтандыру арқылы орнатылады.

Осылайша мұндай бала және оның болашақ балалары оны емізген (сүт) анасының балаларына және «сүт иесінің» ағаларына айналады.

Сүттік тараптан некелесуге деген тыйым қандық туыстық бойынша тыйым қолданылатынның барлығына қатысты болады.

Некенің құрамындағы шарттар туралы бап:

<table>
<tr><th colspan="3">Адамдардың некеге тұру, сауда-саттық және басқа да өзара қатынастарының құрамындағы шарттары екі түрге бөлінеді:</th></tr>
<tr><td rowspan="2">1. Келісім-шарт жасалғаннан кейінгі шарт: ол мәміле жасау кезінде айтылмаса да, орындалуы керек, мысалы, жұбайымен жақсы қарым-қатынас жасау.</td><td colspan="2">2. Қосымша шарт, оның да екі шарты бар:</td></tr>
<tr><td>А. Орындау керек болған дұрыс шарт.</td><td>Б. Келісім-шарт жасау кезінде келісілген болса да, орындауға тыйым салынған дұрыс емес шарт.</td></tr>
</table>

Ерлі-зайыптылардың бір-біріне қоятын шарттары екі түрлі болады:

1. Дұрыс шарттар. Мысалы, ердің тағы басқа әйелге үйленбеуі, күң алмауы, әйелін туған жерінен немесе елінен алып кетпеу, маһрдың немесе нәпақа мөлшерін көбейту секілді шарттар. Мұның бәрі Пайғамбардың ﷺ: «***Орындалуға ең лайықты шарттар – ол сендердің (әйелдеріңмен жақындасуларыңды) рұқсат ететін шарттар***», - деген сөзінің мағынасына жатады (әл-Бухари мен Муслим).	2. Қате шарттар. Мысалы, уақытша неке (муғта), әйелді бұрынғы жұбайына рұқсат ету үшін неке қию және неке сыйынсыз жасалатын айырбас некесі (шиғар).

Пайғамбарымыз ﷺ алғашында уақытша неке қиюға рұқсат беріп, кейін оған тыйым салған.

Сондай-ақ ол ﷺ мухаллилді (басқаның ажырасқан әйелін бұрынғы күйеуіне халәл ету үшін үйленетін еркеті) мен мухаллал ләхуды (мұны өзге еркеке жасататын әйелдің бұрынғы куйеуін) лағынет етті.

Пайғамбарымыз ﷺ шиғар некесіне тұруға тыйым салған, яғни екі адам өз қамқорлығындағыларды бір-біріне неке сыйынсыз беру арқылы үйленуді. Бұл туралы келген хадистердің барлығы сенімді.

Неке қиюдағы кемшіліктер туралы бөлім

Егер ерлі-зайыптылардың бірі жұбайының бойында некеге тұрғанға дейін белгісіз кемшілік [некенің мәніне мүлдем қайшы келетін сипат] анықтаса, мысалы:

1. Егер бұл ақылсыздық, алапес немесе осыған ұқсас басқа да ауру болса, ол некені бұза алады.	2. Егер күйеу импотент болып шықса, онда оған бір жылға дейін уақыт беріледі, әрі егер ештеңе өзгермесе, әйелі некені бұзуға құқылы.

Егер күң әйел бостандыққа шықса, ал оның күйеуі құл болып қалса, ол:

1. Онымен қала алады.	2. Онымен айырыса алады.

Өйткені бұл туралы Айшаның Бәрира оқиғасын баяндайтын ұзақ хадисінде: «***Бәрира бостандыққа шыққаннан кейін оған күйеуіне қатысты таңдау берілді***», - делінген (әл-Бухари мен Муслим).

Егер неке:

1. Жыныстық қатынастан бұрын бұзылса: махр төленбейді.	2. Жыныстық қатынастан кейін болса: махр бекітіледі және күйеу оны алдағанға қайта оралуы қажет.

НЕКЕ СЫЙЫ КІТАБЫ

Неке сыйы дегеніміз – бұл неке қиылғаннан кейін немесе одан туындайтын әрекеттен кейін [мысалы, (шатасу салдарынан) қателікпен жыныстық қатынасқа түсу] міндетті болатын белгілі бір өтеу.

[Неке сыйының үкімі туралы тарау]

Оны жеңілдету қажет (бірақ одан толықтай бас тартпау керек, әрі, ол тек әйелдің өзіне ғана тиесілі).

Айша анамызға: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ берген неке сыйының мөлшері қанша болды?*», - деген сұрақ қойылды. Ол: «*Оның әйелдерінің неке сыйлығы он екі уқия мен нашш болған, сен нашш не екенін білесің бе?*», - деп сұрады. Мен: «*Жоқ*», - деп жауап бердім. Ол: «*Бұл окияның жартысы, яғни бес жүз дирхам*», - деді (Муслим).

«***Пайғамбар ﷺ Сафияны құлдықтан босатып, оған неке сыйы ретінде азаттық берді***» (әл-Бухари мен Муслим).

Пайғамбар ﷺ бір ер адамға: «***Ең болмағанда (неке сыйы ретінде) темір сақина ізден көр***», - деген (әл-Бухари мен Муслим).

Құнды және төлем ретінде берілуге болатын нәрсенің кез-келгені, тіпті аз болса да, неке сыйы ретінде жарамды болады.

Егер неке сый белгіленбей қиылған болса, онда әйел орташа махр алуға құқылы.

Егер талақ жыныстық қатынастан бұрын берілсе, онда әйелге күйеуінен ол бай немесе кедей болса да оның шамасына сай өтемақы алуға құқығы бар, өйткені Аллаһ Тағала былай де-ген: «**Сендер әйелдерді жақындасудан, және оларға неке сыйын тоқтасудан бұрын талақ етсеңдер, сөгіс жоқ. Оларға ғұрыпқа сәйкес сый беріңдер, әрі бай-ауқатты адам өз шамасына, ал кедей адам – өз шамасы сәйкес амал етсін. Бұл жақсылық жасаушылардың міндеті**» («әл-Бақара» сүресі, 236-аят).

Неке сыйының бекітілуі не жойылуы бойынша жағдаяттар:

1. Толық бекітіледі:		2. Жартысы бекітіледі:	3. Жойылады	
А. Өлім фактісімен;	Б. Жыныстық қатынас фактісімен.	Ердің бастамасымен жыныстық қатынасқа дейін ажырасу фактісі бойынша, мысалы, талақпен.	А. Әйелдің бастамасы бойынша ажырасу фактісі бойынша.	Б. Немесе әйелдің кемшілігіне байланысты ажырасу фактісі бойынша.

Әйеліне талақ берген жұбайы оған моральдық зиянның орнын толтыру ретінде нәпақа беруге міндетті, өйткені Аллаһ Тағала былай деген: «**Ал ажыратылған әйелдердің де тиісті қамданулары тақуалар үшін бір міндет**».

Ерлі-зайыптылық тұрмыс туралы бап

Ерлі-зайыптылардың екеуі де бір-біріне шариғат пен әдет-ғұрып мақұлдайтын кейіпте қарым-қатынас жасауға міндетті, олар: өзара достық пен сүйспеншілік пиғыл, бір-біріне зиян келтірмеу және бір-бірінің алдындағы міндеттерін орындауды кешіктірмеуі қажет.

1.Әйел адам мына нәрселерді жасауға міндетті:			2.Күйеу мына нәрселерді жасауға міндетті:	
А. Еріне жыныстық қатынаста бағыну;	Б. Ерінің келісімінсіз үйден шықпау немесе сапарға шықпау;	В. Ас әзірлеу сияқты үй шаруасымен айналысу.	А. Әйелді ақшалай қамтамсыз ету;	Б. Оны әдет-ғұрыпқа сәйкес киіндіру.

Аллаһ Тағала: «**Сондай-ақ олармен жақсы шығысыңдар**», - деп айтқан. Ал хадисте былай деп айтылады: «***Әйелдеріңе жақ-сы қатынас жасаңдар***» (әл-Бухари мен Муслим). «***Сендердің ең жақсыларың өз отбасыларыңа ең жақсы қарым қатынас көрсеткендерің***» (Тирмизи).

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Егер күйеу әйелін төсекке шақырса, ал ол бұдан бас тартса және күйеуі оған ызаланған күйінде ұйықтаса, періштелер оны (әйелді) таңға дейін лағнет-тейтін болады***» (әл-Бухари мен Муслим).

Күйеу әйелдеріне қатысты түндерді бөлуде, нәпақа беруде, киім-кешек сатып алуда және қолынан келгеннің бәрінде әділ болуға міндетті.

Хадисте: «***Кімнің екі әйелі болып, ол оның біреуіне ғана ауып кетсе, сол Қиямет күні денесінің бір бөлігі сал болып қайта тіріледі!***» - делінген (әл-Бухари мен Муслим).

Әнастің сөзінен былай хабарланады: «***Сүннет бойынша, егер үйленген адам бұрын некеде болмаған қызға үйленсе, онымен жеті түн өткізіп, одан кейін барлық әйелдеріне кезекпен баруы керек. Ал егер ол бұрын некеде болған әйелге үйленсе, онымен үш түнді бірге өткізіп, содан кейін барлық әйелдеріне кезекпен баруы керек***» (әл-Бухари мен Муслим).

Айша анамыз былай деген: «***Пайғамбарымыз (ﷺ) жорыққа шыққанда әйелдерінің арасында жеребе тастайтын, ал жеребе түскен әйел Пайғамбармен (ﷺ) бірге сапарға аттанатын***» (әл-Бухари мен Муслим).

Егер әйел күйеуінің рұқсатымен күйеуімен түнеу, асырау немесе киім алу құқығынан бас тартса, бұған рұқсат етіледі.

«***Сауда бинт Замға өз түнін Айшаға сыйлаған және Пайғамбар ﷺ Айшамен оның күні мен Сауданың күнін өткізген»*** (әл-Бухари мен Муслим).

Егер күйеуі әйелінің бағынбауынан қорықса [яғни оның алдындағы міндеттерін орындамау] және мұның белгілері пайда бола бастаған болса, ол:

1. Насихат айтуы қажет;
2. Егер ол өз нашар әрекеттерін жалғастырса, оны төсектен ажырату қажет;
3. Ал егер ол бұл жағдай да тоқтатпаса, оны жәй ұру қажет.

Хадисте былай деп айтылған: «Аллаһтың Елшісі ﷺ өмір барысында ешкімді: әйелді де, қызметшіні де ұрмаған» (Муслим).

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Әйелдерін құлдардай ұрып-соғып, күннің соңында олармен бір төсекке жататындар секілді болмаңдар***» (әл-Бухари мен Муслим).

4. Ерлі-зайыптылардың араларында ажырасу туындап қалу қаупі бар болса, қазы ердің әулетінен және әйелдің әулетінен жағдайды, бітімгершілікті, ажырасуды білетін екі биді жібереді. Екеуі де оларды татуластыруды қаласа, онда оларды әлдебір бағаға немесе басқа нәрсеге татуластырылады, немесе оларды ажырастырады. Билер қалай жасаса да, олар үшін рұқсат, ал Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

5. Егер әйел сол кезде де бағынбаса, оған бір идда мерзіміне бір талақ беріледі.

Ескертпе: Аллаһ Тағала былай деген: «...**ал егер олар сендерге бағынған болса...»** және дұрыс тәртіпке оралса, «**оларға қарсы жолдар іздемеңдер**», яғни оларға: «сен мынадай амал жасадың, ал мен саған былай дедім», - деп айтып, естеріне салмаңдар. Өткен нәрсені артта қалдырыңдар.

Сұрақ: Әйел күйеуі болашақта оған қатысты ұнатпаушылық танытады деп деп қауіптенсе, мұның үкімі қандай болады?

Жауап: «Екеуі бір-бірімен татуласса, оларға күнә болмайды» - яғни өз беттерінше.

Өз қалауынша, татуластыруға немесе ажырастыруға құқығы бар қазылардың белгілі бір шарттары бар:			
1. Ер кісі болуы;	2. Жақын туыстық;	3. Олар шариғатты және болған жағдайды білуі қажет;	4. Татуластықты қалаулары қажет.

Әйелдің қалауы бойынша ажырасу (хулә) туралы бап

Бұл (отбасыдағы нашар қарым-қатынас себебінен) әйелдің өзінен немесе басқа адамнан төлем алу арқылы әйелмен ажырасу.

Мұндай ажырасуға Аллаһ Тағаланың: **«Егер олар Аллаһтың шектеулеріне мойынсұна алмайды деп қорықсаңдар, онда әйел ажырасуды сатып алса, екеуі де күнә жасамайды»** деген сөздері негіз болған.

Егер ақыл-парасатты әйел күйеуінің мінез-құлқын немесе оның дене бітімін ұнатпаса және ол күйеуімен бірге қалса, онда оның құқықтары мен өзінің оның алдындағы міндеттерін орындай алмаймын деп қорқа бастаса, онда күйеуіне өтем төлеп, одан ажырасса, бұл оған күнә болмайды.

Бұндай ажырасу көп немесе аз ақша арқылы болса да, талақ беруі жарамды болған ер тарапынан берілсе, жарамды болады.

Ал егер Аллаһтың шектеулеріне мойынсұна алмаймын деп қорықпайтын әйел туралы айтатын болсақ, онда бұл туралы хадисте былай делінген: «***Кез келген әйел күйеуінен себепсіз талақ сұраса, оған Жәннаттың иісі харам болады!***» Хадисті Сұнанның кейбір авторлары келтірген. Ондай әйелге, егер бұған себеп болмаса және олардың некелерінде барлық нәрсе өз орнында болса, күйеуіне бағынбаудан сақтандырып ескерту жасау керек.

АЖЫРАСУ (ТАЛАҚ) КІТАБЫ

Ажырасу – бұл неке қатынастарының толық немесе ішінара тоқтатылуы.

Ажырасудың түрлері:			
1. Сүннетке сәйкес ажырасу:		**2. Бидғат түрдегі ажырасу:**	
Жағдай-күйі: Етеккірден тазарудан кейін жыныстық қатынас болмаған күйде;	Ажырасу саны: Бір рет қана талақ беру.	Жағдай-күйі: Етеккір келіп жатқан кезде немесе етеккірден тазардан кейін жыныстық қатынас болған күйде;	Ажырасу саны: Бір мезетте бірнеше талақты бірден беру

Ескерту: Ажырасу мәселелерін пәтуа беретін ғалымдарға немесе шариғат сотқа жолдау керек.

Талақ берушінің ашуының үш сатысы бар:	
Бірауызды келісім бар сатылар:	Аталған екі күй арасында, яғни адам өзінің айтқанын түсінетін, бірақ ашуы одан үстем болған күйде берілген талақ туралы ол жарамды ма, әлде жарамсыз ба деген мәселеде ғалымдар арасында келіспеушілік бар.
Талақ беруші ашуы келуінің басында, сөзді айтқанымен, өзін ұстай алатын жағдайда берілген талақ **жарамды**. болады (жүреді)	Талақ беруші адам не айтып тұрғанын түсінбеген күйінде берілсе, оның талағы **жарамсыз** болады (жүрмейді).

Талақтың негізіне Аллаһ Тағаланың мына сөздері қойылған: «**Әй Пайғамбар! Қашан әйелдеріңді талақ қылсаңдар, сонда оларды белгілі мерзімінде ажыратыңдар және сол мерзімді есептеңдер**». Белгілі бір мерзімде талақ беру деген сөздер әйелін оның етеккірі келген кезінде талақ еткен Ибн Умардың хадисінде түсіндіріледі. Умар, оған Аллаһ разы болсын, бұл туралы Аллаһ Елшісінен (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) сұрағанда, ол былай деп жауап берді: «***Оған айт, оны қайтарсын, әрі оны ол осы етеккірден, содан кейін келесі етеккірден тазартылғанға дейін ұстасын. Сосын қаласа оны өзіне қалдырсын, немесе оған қол тигізбей тұрып талақ берсін. Осындай мерзіммен Аллаһ Тағала әйелдерге талақ беруді бұйырды»*** (әл-Бухари мен Муслим). Ал басқа нұсқада: «***Оған айт, оны қайтарсын, содан кейін етекккірден тазалық немесе жүктілік кезінде талақ берсін***», - деп айтылады.

«**Олар ашық бір жиіркеніште амал жасамайынша, оларды үйлерінен қумандар және олар үйлерінен шықпасын**».

Бұл егер әйелдің жүкті екені анықталмаса, етеккір келіп жатқан кезде немесе етеккірден тазарғаннан кейін жыныстық қатынас орын алып қойған күйде талақ беруге рұқсат етілмейтіндігін көрсетеді.

Талақ [егер ол кәмелетке толған, ақылы толық, таңдауы бар және (жақсылық пен жамандықты) ажырата білетін күйеу тарапынан берілсе], онда ол оған нұсқайтын кез келген сөзбен айтылса да, жарамды болады:

1. Тек талақтың мағынасы меңзелетін сөздер айтылса;
2. Ымммен, егер ері осы ымымен ажырасуды ниет еткен, немесе жағдаяттар оның дәл ажырасуды меңзегеніне нұсқаса.

Талақ:

1. Орын алған факт ретінде жарамды болады;

2. Немесе әлдебір шартқа байланысты орын алады: мысалы: «Осындай уақыт келгенде, сен талақ аласың» деген сөздер арқылы, мұндай шарттар орындалғаннан кейін талақ бірден жарамды болады.

Талақты шарттармен байланыстырудың бірнеше үкімдері бар:

1. Тек шартпен байланысты ету: кез келген жағдайда жарамды. Мысалы: «Күн батқанда сен талақсың» деген сөздер.

2. Тек антқа байланысты ету: ант талаққа әсер етпейді, бірақ анттың өтемін жасау керек. Мысалы: «Зәйдпен сөйлессем, әйелімді талақ етемін» - деген сөздер жақындасудан тыйылуды білдіреді.

Бұл ант болып саналады, өйткені Зәйдпен сөйлесу мен әйеліне талақ берудің арасында ешқандай байланыс жоқ.

3. Екі тармақтың да бар болуы ықтималдығы: бұл жағдайда талақ берушінің ниетін білу керек.

[Тарау: Толық және ішінара (қайтарылатын) талақ]

Еркін адамның үш талақ беруге құқығы бар.

Егер үш талақтың үшеуі де берілсе, онда әйел басқа еркекке үйленіп, онымен заңды некеге тұрып, онымен жыныстық қатынасқа түсіп, кейін ажыраспайынша бұрынғы күйеуіне харам болады. Аллаһ Тағала былай деген: «**Талақ екі рет**», - мына сөздерге дейін: «**(Екіден кейін) ер, әйелін мүлде ажыратса, бұдан кейін оған, ол басқа ерге тимейінше халал болмайды**» («әл-Бақара» сүресі, 229-230 — аяттар).

Толық талақ төрт жағдайда орын алады:

1. Жоғарыда айтылған үшінші талақ берілген жағдай;

2. Егер талақ жыныстық қатынастан бұрын берілсе, Аллаһ Тағала былай деген: «**Әй иман келтіргендер! Егер мүмин әйелдерді; некеленіп, оларға қосылмай тұрып ажыратсаңдар, сонда оларға сендердің санайтын бір мерзімдерің болмайды (олар идда күтпей-ақ басқаға үйлене беруіне болады)**» («әл-Әхзаб» сүресі, 49-аят).

3. Егер неке дұрыс емес (жарамсыз) деп үкім шығарылса.

4. Егер ол төлем үшін берілген болса (хуляғ).

Ішінара (қайтарылған) талақ кезінде әйел, түнді бөлісу мәселесін қоспағанда, жұбайлық мәртебесін сақтайды.

Шариғат неке қиюды, ажырасуды, қайтып келуді жариялауды және осы нәрселерге куәгерлерді шақыруды бұйырады, өйткені Аллаһ Тағала: «**Өздеріңнен екі әділ ерді куә етіп шақырыңдар**», - деген.

Хадисте былай хабарланады: «***Үш нәрсе шындап айтылғанда да, қалжыңдап айтылғанда да шындық деп қабылданады. Олар: неке, талақ және ажырасқанәйелді қайтару***». Хадисті Нәсәиден басқа төрт имам келтірген. [Тікелей айтылған талақ шын ниетпен, ермек үшін немесе әзіл ретінде берілген болса да жарамды болады (саналады)].

Ибн Аббастың Пайғамбарға дейін көтерілетін хадисінде былай деп хабарланады: «***Аллаһ менің үмметімнің қателесіп, ұмытшақтықпен, күштеп (мәжбүрленіп) істегендерін кешірді***». Ибн Мәжаһ. [Адам өзінің не айтып тұрғанын түсінбеген, немесе қатты ашуланған күйде берген талағы жарамсыз болады].

Тақырып: әл-иләъ, әз-зыхар және әл-лиған

[Әл-иләъ Исламда тыйым салынған].

Әл-иләъ – күйеудің өз әйелімен мәңгілікке немесе 4 айдан астам уақытқа жақындасудан бас тартуы туралы Аллаһпен ант етуі.

Егер әйел өз құқықтарын және жыныстық жақындықты орындауды талап етсе, онда күйінее бұл міндетті орындау бұйырылады және оған осы үшін 4 ай мерзім беріледі:

1. Егер ол осы мерзімде жыныстық қатынасқа түссе, онда анты үшін өтемақы (кәффарат) жасауы керек.	2. Егер ол жақындықтан бас тартса, онда оған әйеліне талақ беру бұйырылады.

Аллаһ Тағала былай деген: «**Әйеліне жақындаспауға ант еткендер төрт ай күтеді. (Егер төрт ай ішінде кәффарат төлеп) анттарын бұзса, шәксіз, Аллаһ аса Жарылқаушы, ерекше Мейірімді. Егер олар талақты ниет етсе, (төрт айға дейін антын бұзбаса, талақ болады), онда расында Аллаһ әр нәрсені Естуші, Білуші...**» («әл-Бақара» сүресі, 226-227 аяттар).

Әз-зыхар – бұл күйеуінің өз әйеліне: «Сен мен үшін анамның арқасы сияқтысың», - деп, немесе басқа да осыған ұқсас, өз әйелін өзі үшін тікелей тыйым салуды білдіретін сөздерді айтуы. Бұл харам және күнә [бірақ бұл талақ емес, алайда кәффарат жасалуы тиіс ант].

Мұндай сөздердің кесірінен адамға әйелі харам болмайды, бірақ Аллаһ Тағаланың «***Әйелдерін өздеріне харам деп жариялап, кейін айтылған сөзден бас тартқандар***» (аяттың соңына дейін) деген сөзіндегі әмірін орындамайынша, әйеліне жақындауына тыйым салынады.

1. Мұндай адам жұмыс істеуіне кедергі келтіретін кемшілігі жоқ бір мүмин құлды азат етуі керек.	2. Егер ол болмаса, онда екі ай бойы ораза ұстауы қажет.	3. Егер ол бұны да жасай алмаса, алпыс кедейді тамақтандыруы қажет.

Зыхар жалпы айтылды ма, әлде белгілі бір уақытпен, мысалы, Рамазан айымен шектелді ме, мұның айырмашылығы жоқ.

Ал адамның өзіне өзі күнді, тамақты, киімді, немесе басқа нәрсені тыйым салуына келер болсақ, онда ол антын бұзғаны үшін өтем жасауы керек. Аллаһ Тағала: «**Әй, иман келтіргендер! Аллаһтың сендерге халал еткен нығметтерін харам етпеңдер**» - деп, ізінен мұндай амалдар үшін антты бұзудың өтемін жасауды айтқан.

Лиған

Бұл күйеуінің өз әйелін зина жасады деп айыптау процесі. Егер өз әйелін зинада айыптаған адам:

1. *Дәлел* ұсынбаса, яғни әйелге жаза қолдануға негіз болатын төрт әділ куә келтірмесе;	2. Жала жапқаны үшін өзіне қатысты жаза қолдануға кедергі болатын егер өтірік айтса, оған Аллаһтың лағынеті болсын деп айтпаса;
онда оған сексен рет дүре соғылады.	

Өз-өзіне лағынет айтудың үлгісі Аллаһ Тағала «Нур» сүресінде: «**Әйелдерін айыптаушылар**...» деген аяттың соңына дейін атап айтқандай болуы керек.

1. Күйеуі жұбайының зина жасағаны туралы Аллаһтың атымен 5 рет куәлік айтып, 5-ші куәліктен кейін: «Уа Аллаһ, егер өтірік айтсам, мені лағынет ет», - деп айтады.	2. Әйелі күйеуінің өтірік айтып жатқанына Аллаһтың атымен 5 рет куәлік етеді де, 5-ші рет: «Егер күйеуім шын айтып тұрған болса, онда маған Аллаһтың ашуы түссін», - дейді.

Лиғаннан кейін:

1. Күйеудің жазасы жойылады;	2. Әйелге қатысты жаза жойылады;	3. Ерлі-зайыптылар ажырасып, бір-біріне мәңгілікке тыйым салынады;	4. Күйеуі құрсақтағы балаға, егер ол *лиған*да қоса айтылса әке болудан бас тартады.

Маңызды ережелер:

Аллаһ Тағала: «**Әй, иман келтіргендер! Көптеген жорамалдардан аулақ болыңдар, өйткені кейбір жорамалдар күнә болып табылады**», - деп айтқан. Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: «***Жорамалдан сақ болыңдар, расында, жорамал сөздің ең өтірігі***» (әл-Бухари мен Муслим).

Аллаһ Тағала былай деген: **«Әй, иман келтіргендер! Бір ел басқа бір елді тәлкек қылмасын. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Сондай-ақ әйелдер де басқа әйелдерді келемеждемесін. Бәлкім олар өздерінен жақсы шығар. Бір-біріңді міндемеңдер;**

жаман ат тағыспаңдар. Иман келтіргеннен кейін сүркей ат нендей жаман. Ал кім тәубе қылмаса, міне, солар залымдар» («әл-Хужурат» сүресі, 11-аят).

Сондай-ақ АллаһТағала былай деген: **«Әр сөгуші мен ренжі-тушіге қасірет болсын»** («әл-Хумаза» сүресі, 1-аят).

Әбу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай дегенін жеткізген: «***Адамның өз мұсылман бауырын менсінбеуі, оған зұлымдық ретінде жетіп асады***» (Муслим).

Ажырасқаннан немесе күйеуі қайтыс болғаннан кейін күту мерзімі (идда) және күңнің күту мерзімі (истибра)

Идда – әйел адам жұбайының қайтыс болуына немесе одан ажырасуына байланысты ажырасқаннан кейін күту мерзімі.
Идда міндетті болатын айырылысу түрлері:

1. Күйеуінің өлімі себебімен айырылысу;	**2. Өмір барысында ажырасу (талақ) арқылы айырылысу.** Бұл жағдайда әйелдің 2 үкімі бар:	
	А. Жыныстық қатынас орын алғаннан кейін ажырасу,	Б. Жыныстық қатынас орын алмаған күйде ажырасу.

1. Күйеуінің өлімі себебімен айырылысу				
Егер күйеуі қайтыс болса, кез келген жағдайда идда күтуі қажет.		*Идда кезінде әйел осы себепті аза сақтауға міндетті:*		
А. Жүкті әйелдің иддасы – оның құрсағындағылардың дүниеге келуі. Аллаһ Тағала былай деген: «**Жүкті әйелдер үшін ауыртпалықтан құтылғанға дейін мерзім белгіленеді**», – дейді. Бұл өлім себебімен болған және өлім барысында болған айырылысуға байланысты.	Б. Егер әйел жүкті болмаса, оның иддасы 4 ай 10 күн.	А. Келесі нәрселерден бас тартуы қажет:		Б. Жұбайы қайтыс болған және өзі тұратын үйден кетпей тұру. Күндізгі уақытта және қажет болған жағдайда ғана шығуға рұқсат етіледі, өйткені Аллаһ Тағала: «**Егер сендердің біреулерің қайтыс болып, артында әйелдерді қалдырсаңдар, олар төрт ай он күн күтулері керек**».
		Сәнденуден	Хош иістер қолданудан	
		Әшекейлер тағудан	Хна, сүрме және басқа да нәрселерді қолданудан.	

<table>
<tr><th colspan="7">2. Өмір барысындағы айырылысу:</th></tr>
<tr><td rowspan="2">А.Егер талақ жыныстық қатынастан бұрын берілсе, онда әйелге идда күту міндетті емес. Өйткені Аллаһ Тағала былай деген: «Әй иман келтіргендер! Егер мүмин әйелдерді некеленіп, оларға қосылмай тұрып ажыратсаңдар, оларға сендердің санайтын бір мерзімдерің болмайды (идда күтпей-ақ үйлене беруіне болады)» («әл-Әхзаб» сүресі, 49-аят).</td><td colspan="6">Б. Бірақ жыныстық қатынас немесе оңашалану орын алған болса:</td></tr>
<tr><td>1.Егер әйел жүкті болса, онда идда мерзімі осы мерзімнің ұзақтығына қарамастан баланың туылуымен аяқталады.</td><td colspan="5">Ал егер ол жүкті болмаса:</td></tr>
<tr><td></td><td>2.Әрі етеккірі келетін әйел болса, онда оның иддасы толық үш етеккір циклы болады, өйткені Аллаһ Тағала: «Ажырасқан әйелдер үш етеккірді күтулері керек», - деген.</td><td>3.Егер етеккірі келмейтін әйел, не жас қыз болса, олардың идда мерзімі - 3 ай. Аллаһ былай деген: «Етеккірден қалған әйелдеріңнен күмәндансаңдар, олардың идда мерзімі үш ай. Және етеккірі жоқтардың да" («ат-Талақ» сүресі, 4-аят).</td><td>4.Егер әйелдің етеккірі келетін болса, бірақ емізу сияқты себепті біраз уақытқа тоқтаған болса, онда ол етеккірін күтіп, соған сәйкес идданы сақтауы керек.</td><td>5.Егер әйелдің етеккірі белгісіз себепті тоқтап қалған болса, онда ол жүкті болуы ықтималын болдырмау үшін 9 ай күтуі керек, содан кейін тағы үш ай идда күтуі қажет.</td><td>6. Етеккір бойынша идда біткеннен кейін әйелде жүкті болу белгілері көрінсе, онда күдік кетпейінше, оған некелесуге болмайды.</td></tr>
</table>

Жоғалған адамның әйелі қазы оның күйеунің өлгені туралы үкім шағарғанға дейін күтуі керек, содан кейін идданы күтуі қажет.

Күйеу мына санаттағы әйелдерді ғана ажырасқаннан кейін идда біткенше асырауға міндетті:

1. Қайтарылатын талақта болған әйелді;	2. Күйеуі көзі тірісінде әйеліне ол жүкті кезінде талақ берген әйел, өйткені Аллаһ Тағала: «***Егер олар жүкті болса, ауыртпалықтарынан айығанша асыраңдар***», – деді.

«Әл-истибраға» келсек, бұл қожайыны жыныстық қатынасқа түскен күңнің күту мерзімі.

Осы қожайыннан кейін жұбайы немесе басқа қожайыны күңмен келесі мерзім біткенге дейін жыныстық қатынасқа түсе алмайды:

1. Күңнің бір етеккірі циклы өткенше;	2. Егер оның етеккірі болмаса, бір ай өткенге дейін;	3. Егер ол жүкті болса, ол бала туғанша.

Әйелдерді, жақын туыстарды және құлдарды асырау және қамқорлық туралы тарау

Асырау міндетті болу үшін шарттар:			
1. Асыраушының әл-ауқатының жеткілікті болуы	2. Асырауда-ғылардың мұқтаждығы	3. Діннің бір болуы, бірақ қамқорлық жасауға бұл қатысты емес	4. Асыраушы асырауға алынған адамның мұрагері, яғни оның мирасынан үлес алушы, немесе түпкі алушы, немесе туысқан болуы қажет.

Ер адам шама-мүмкіндігіне қарай өз әйелін лайықты түрде асырауға, оны киіндіруге және баспанамен қамтамасыз етуге міндетті. Аллаһ Тағала былай деген: «**Мал-мүлкі жеткілікті адам өз мал-мүлкіне қарай жұмсасын. Ал кімнің мүмкіндігі тар болса, Аллаһтың бергенінен жұмсасын. Аллаһ пендеге Өз бергенінен артық міндеттемейді**». Әрі егер әйелі талап етсе, онда ол бұл міндетті орындауға мәжбүр етіледі.

Муслим келтірген Жәбирдің хадисінде былай хабарланады: «***Сендер оларды қалыптасқан әдет-ғұрыпқа сәйкес тамақтандырып, киіндірулерің қажет***». Сондай ақ еркек мына нәрселерге міндетті:

1. Өзі ауқатты адам болса, кедей ата-анасын, балаларын қамтамасыз ету.	2. Сондай-ақ оның мұрасынан үлес алатын, немесе соңғы мұрагер ретінде алатын асырауға мұқтаж туысқандарын қамтамасыз ету.
Хадисте: «***Құлды тамақпен және киіммен қамтамасыз ету керек және оған шамасынан артық жұмыс жүктемеу керек***», - делінген (Муслим). Егер құл өзін үйлендіруді сұраса, иесі оны үйлендіруге міндетті. Сондай-ақ адам мыналарға міндетті:	
1. Өз малын жем және сумен қамтамасыз ету;	2. Оларға зиян келтіретін жұмыс жүктемеу.

Хадисте: «***Адамның күнәлі болуы үшін, иелігіндегі адамдарын тамақсыз қалдыру жеткілікті»,*** - делінген (Муслим). Қамқорлық – баланы оған зиян тигізуі мүмкін нәрселерден қорғау мақсатында және оның мүддесі үшін іс-әрекет ету. Қамқорлық жасау – асырау міндетті болған адамның міндеті. Дегенмен:		
1. Жеті жасқа толмаған ұл және қызға ананың құқығы көбірек.	2. Егер баланың жасы 7 және одан көп болса:	
	А. Балаға ата-анасының біреуін таңдауға рұқсат етіледі және өзі таңдағанымен қалады.	Б. Қызы өзіне пайда әкелетіндермен, әкесімен немесе анасымен қалады.

Қамқорлықтағы адам оны қорғамайтын және оған пайда келтірмейтін адаммен қалдырылмайды.

Отбасы кітабы бойынша сұрақтар

Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
- Неке – елшілердің сүннетінен. - Неке – денсаулық пен жанның тазалығының негізі. - Егер ер адам әйелге құда түскісі келсе, онда, бұл оның оған үйленуге деген ынтасын арттыру үшін, оны көруіне болады. - Мұсылман басқа мұсылманның құда түсуін бұзуына рұқсат етіледі.		

– Заманымыздың жастары үшін неке – нәпіл қажылықтан жақсырақ. – Бала санын шектеу – Ислам үмметінің көтерілуінің бір себебі. – Ақылды, парасатты әйел өзін тұрмысқа беруіне рұқсат етіледі. – Ислам ұлы болады, бірақ одан ешкім ұлы бола алмайды. – Жүктілік – ажырасуға тыйым салынатын жағдай. – Егер ер адам әйелімен жыныстық қатынасқа түспей жатып оған талақ берсе, онда әйелі идда сақтамай онымен қоштасады. - Егер күйеу хабарсыз жоғалып кетсе, кейін әйелі оның қайтыс болғанын білсе, онда ол идда мерзімін ері жоғалған сәттен бастап есептейді. - Бағып асырушы адам өзі асырайтын адамдардың мұрагері болуы керек: не үлесті алушы, не түпкілікті мұрагер, немесе туыс, бірақ «рудың негізі» емес. Олардың мұрагер болуы міндетті емес. - Ананың қамқор болуға деген құқығы басымдау. – Некелесуде рұқсат ету келісім-шарты жасалса жеткілікті. - Етеккір кезінде талақ беруге тыйым салынады. – Талақ өз негізінде қайтарылатын болып табылады. – Әйелді қайтарудың шарты – мұны идда мерзімі бітпей жасау. - Шариғаттағы иләъ (ант) уақыты – 2 ай. - Әз-зыхар (әйелін ананың арқасымен теңеу) үкімі - харам. - Толық ажырасудың мысалы ретінде кішігірім ажырасуды, яғни жыныстық қатынасқа дейін ажырасуды келтіруге болады. – Ерлі-зайыптылардың кез келген ажырасуында идда сақталады.		

- Көзді және жыныстық мүшені қорғаудың ең жақсы жолы: неке ___, қажылық___, ораза ___.
- Қалыңдық мына сипатқа қарап таңдалады: діндар ___, текті ___, сүйетін ___, туатын ___, жоғарыда аталғандардың барлығы ___.

- Толық ажырасқан әйелге некеге тұру туралы ымдау: рұқсат ___, рұқсат етілмейді ___.

- «Ұсыныс» бұл: қамқоршының ___, ердің немесе оның өкілінің ____ сөзі.

- Идда мерзімін күтіп отырған әйелге ашық ұсыныс жасау: харам ___, құпталмайтын амал ___, рұқсат етіледі ___.

- Неке қиылған кезде куәларды шақыру: құптаулы ___, міндетті ___, рұқсат етілген ___.

- Ақыл-есті тұрмыста болмаған қызды өзіне ұнамайтын адамға үйленуге мәжбүрлеу: рұқсат ___, рұқсат етілмейді ___, міндетті ___.

- Шариғаттың арсыздық пен бұзықтыққа апаратын барлық жолдарды жабу мақсаты: анық___, жасырын____.

- Ислам әйел құқықтарын: қорғайды___, қорғамайды___.

- Айла жасау тыйым салынғанды рұқсат: етеді__, етпейді __.

- Ер кісі әйелге 30 000 риал неке сыйымен үйленді, бірақ әйел өз бастамасымен ажырасуды (хулә) 40.000 риалға айырбастап алды: бұндай амал рұқсат етілген___, рұқсат етілмеген____.

- Ниет шарт етілмейтін талақ: тікелей сөзбен___, жанама сөзбен___.

- Ниетсіз жарамсыз болатын талақтың мысалы: туыстарыңа бар ___, саған талақ берілді __ сөзі.

- Күйеуі әйелін қорқытқысы келіп, оған: «Сен талақсың», - деп айтса: ажырасу орын алады ___, орын алмайды ___.

- Етеккір кезінде әйелмен ажырасу: рұқсат ___, рұқсат етілмейді ___.

- Әз-зыхар үшін кәффарат: ___ ретімен, ___ таңдауы бойынша жасалады.

- Егер күйеуі әйеліне: «Сен маған харамсың», - десе, бұл: зыхар ___, қайтарылатын талақ ___, толық (қайтарылмайтын) талақ ___.

- Кімде-кім әз-зыхар үшін кәффарат жасамас бұрын жыныстық қатынас жасаса: ол күнә жасады __, кейін кәффарат жасаса, оған күнә жоқ ___.

- Сүннетке сәйкес келуі немесе келмеуі бойынша талақ: Сүннетке сай талақ ___, бидғат ___, жоғарыда аталғандардың барлығы ___ болып бөлінеді.

- Не айтып әрі не істеп жатқанын мүлдем түсінбейтін адамның талақ беруі: жарамды ___, жарамсыз ___.

- Қазіргі заманғы байланыс құралдарының көмегімен барлық шарттар мен тіректерді сақтай отырып және әзілсіз некелесу: жарамды ___, жарамсыз ____.

- Әйелдің мүлкін иемдену үшін оның қамқоршысынан құтылу: ауыр күнә ___, рұқсат етілген ___, жағымсыз____ амал.

- Мына адамдармен некеге тұруға уақытша тыйым салынады: екі апалы-сіңлілiге бір мезгілде___, 4-тен астам әйелге ___, идда

кезіндегі әйелге___, күту уақытындағы күңге ___, 3 талақ алған бұрынғы әйелге___, қажылық немесе умраны орындаушы әйелге___ , кәпірдің мұсылман әйелге үйленуіне ___, мұсылманның кәпір әйелге үйленуіне ___, жоғарыда аталғандардың барлығы ___.

- Некеге байланысты шарттардың түрлері: дұрыс шарттар ___, дұрыс емес шарттар ___, екеуі де ___.

- Мына шарттардың қайсысы дұрыс емес: шиғар некесі ___, бұрынғы ерлі-зайыптыларды бір-біріне халәл ету мақсатында неке қию ___, некені болашақтағы шартпен байланыстыру ___, уақытша неке ____, мутға ___, ажырасу ниетімен некелесу ___.

- Ерлі-зайыптылардың құқықтары: жалпы ___, тек ерге тиесілі құқықтар ___, тек әйелге тиесілі құқықтар ___, жоғарыда аталғандардың барлығы ____.

АС-ТАҒАМ КІТАБЫ

Тағаммен байланысты жалпы ережелер:

1. Өз негізінде кез келген тағам руқсат етілген (халал), тек егер оның харам екендігіне шариғат дәлелі келмесе ғана.

2. Денсаулыққа зияны жоқ кез келген таза тағам руқсат етілген (халал) болып табылады.

3. Жер бетіндегі барлық нәрсе: тамақ, сусын, киім, пайдалы, бізге рұқсат етілген (халал).

4. Негізінде тамақ тек мүминдерге ғана рұқсат етіледі, бірақ кәпірлерге емес.

5. Кез келген нәжіс харам, бірақ харамның бәрі нәжіс емес.

6. Барлық теңіз жануарларына ерекшеліксіз рұқсат етіледі.

7. Шариғат өлтіруді бұйырған немесе тыйым салған нәрселердің барлығын жеуге де тыйым салынады.

Тамақтанудың әдебі:

- Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Әй бала! Аллаһтың атын («бисми-Ллә һ») айт! Оң қолыңмен же және өзіңнің алдыңнан же»*** (әл-Бухари мен Муслим).

- «***Тамақты алып кеткенде Аллаһтың Елшісі ﷺ былай деп айтатын: «Аллаһқа көп, игі, берекелі, әрдайым жиі айтылатын, үздіксіз, біз оған әрдайым мұқтаж болатын мақтаулар болсын. Уа Раббымыз!»»*** (Бухари).

- Пайғамбар ﷺ былай деп айтатын: «***Мен тамақты шынтаққа сүйеніп (жамбастап) жемеймін***» (Бухари).

- «***Аллаһтың Елшісі тамақты ешқашан жамандамаған. Егер ол оған ұнаса, ол оны жейтін, ал ұнамаса, қалдыратын»*** (әл-Бухари мен Муслим).

- «***Аллаһтың Елшісі ﷺ тамақты үш саусақпен жейтін және тамақтанып болған соң оларды жалайтын***» (Муслим).

– Аллаһтың Елшісі ﷺ тамақтанып болған соң саусақтарды жалап, ыдыс-аяқты таза қалдыруды бұйырды да: «***Расында, сендер [тамақтың] қай жерінде береке бар екендігін білмейсіңдер***», – деді (Муслим).

Тағамның екі түрі бар: жануарлардан алынатын және басқалары:

Жануардан алынбайтын тағам:	
А. Дәнді дақылдар, жемістер және т.б. Бұл тағамдардың зиян келтіретін нәрселерден, мысалы, улы заттардан, басқаның бәріне рұқсат етілген.	Б. Мастыққа әкелетін сусындарды қоспағанда, барлық сусындарға рұқсат етіледі. Ал мас ететін сусындар аз мөлшерде де, көп мөлшерде де тыйым салынады, өйткені хадисте: «***Мас қылатын нәрсенің бәрі харам, ал егер бір нәрсенің бір фарақы мас қылса, онда оның бір уысы да харам***», - делінген (Абу Дауд). Егер шарап сірке суына айналып кетсе, онда оған рұқсат етіледі.

Жануарлардан алынатын тағамның екі түрі бар:
А. Теңіз тағамы. Теңіздегі барлық тірі және жансыз заттарды жеуге рұқсат етілген. Өйткені Аллаһ Тағала: «**Сендерге теңіз олжалары мен тамағы рұқсат етілді**», - деді, бұл улы, лас және бақа сол сияқты жиіркенішті жануарлардан басқа.
Б. Құрлықтағы жануарлар. Негізінде құрлықтағы барлық тағамға рұқсат етілген [ірі қара, жылқы, кесіртке, зебра, қоян, гиена, бөкен, түйеқұс, тауық және шегіртке], бірақ заң Шығарушы (Аллаһ) атап айтқан жануарлардан басқа:
1. Ибн Аббастың хадисінде: «***Жыртқыш тістері бар кез келген жыртқыш аңның етін жеуге тыйым салынады (харам)***», - делінген (Муслим). [Оларға: піл, ит, шошқа, маймыл, мысық, аю да жатады]. 2. ***«...жартқыш тырнақтары бар кез келген құстың еті»*** (Муслим). [Яғни: сұңқар, кезқұйрық, жапалақ және басқалар]. 3. «***Үй есектерінің етін де жеуге тыйым салынған»*** (әл-Бухари мен Муслим). 4. «***Төрт жаратылысты өлтіруге тыйым салынған: құмырсқаны, араларалы, жыланторғайды және бәбісекті».*** Ахмад және Абу Дауд. [Ереже: Қасиетті мәтіндерде өлтіруге бұйырылған немесе тыйым салынған кез келген жаратылысты жеуге тыйым салынады]. 5. «***Ластың (жиіркеніштінің) бәрін жеуге тыйым салынады, мысалы, жәндіктерді***» - [және өлексе жейтін жануарларды мысалы, ләйлек, қарға]. 6. «***Пайғамбарымыз ﷺ лас нәрселерді жейтін малдың еті мен сүтін ол одан тыйылмайынша және үш рет таза тамақпен тамақтандырылмайынша жеуге тыйым салды***». [Біз көбінесе лас нәрселерді жейтін жануарлар туралы айтып отырмыз].

7. Сондай-ақ еті желінетін мал мен еті желінбейтін екі жануардың шатысы, мысалы, қашыр.

[Ескертпе: емшілік]

Емшілік жайлы кейбір шариғи деректер:

- Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Шипа келтіретін үш нәрсе бар: бір жұтым бал, хижама жасау (қан шығару) және күйдіру, бірақ мен үмметіме күйдіру жасауға тыйым саламын***». (Бухари).

- Айша анамыздан (Аллаһ оған разы болсын) ол Пайғамбардың ﷺ былай дегенін естігені жеткізіледі: «***Қара зере «самнан» басқа барлық ауруларға ем***». Біреу: ««***Сам» деген не?***», - деп сұрады. Сонда Пайғамбар ﷺ: «***Өлім***», - деп жауап берді (Бухари).

- Ол ﷺ былай деген: ***«Тәлбина науқастың жүрегін тыныштандырады және оның қайғысының (бір бөлігін) өзімен алады»*** (әл-Бухари мен Муслим). Тәлбина – сүт пен арпа ұнынан немесе кебегінен жасалатын сүтті сорпа сияқты тағам. Бұл тағам сүтке ұқсас болғандықтан осылай аталды.

- Ол ﷺ былай деген: «***Бұл үнді қыстын қолдану керек, өйткені ол жеті ауруды, әрі солардың ішінде тамақ ауруы мен плевритті емдейді***» (әл-Бухари мен Муслим).

- Ол ﷺ былай деген: «***Сендер емделетін ең жақсы нәрсе – хижама мен қыст әл-бахри***» (әл-Бухари мен Муслим).

- Ол ﷺ былай деген: «***Маннадан жасалған (немесе: маннаға ұқсас) трюфелдер (саңырау құлақтың бір түрі) және олардың шырыны көзге ем***» (әл-Бухари мен Муслим).

- Ол ﷺ былай деген: «***Қызу – Тозақтың ыстығынан, сондықтан оны сумен салқындатыңдар***» (әл-Бухари мен Муслим).

- Ол ﷺ былай деген: «***Бір елде оба жайлағанын естісеңдер, оған кірмеңдер, ал ол сендер тұрған елде шықса, ол жерден кетпеңдер***» (әл-Бухари мен Муслим).

- Ол ﷺ былай деген: «***Кімде-кім таңертең [аш қарынға] жеті әжуа құрмасын жесе, оған күндіз-түні у да, бақсы да зиян тигізбейді***» (әл-Бухари мен Муслим).

Руқия (шариғи дем салу) жайлы кейбір деректер:

– Абу Сағид әл-Худри (оған Аллаһ разы болсын) бір тайпаның (улы жәндік) шаққан көсеміне дем салады. Ол науқасқа «әл-Фатиха» сүресін оқып, оған бірнеше рет тіүкіргенде, әлгі адам сауығып кетті. Осыған ризашылық білдірген тайпа өкілдері оған сый ретінде бір отар қой берді. Бұл хабар Пайғамбарымызға (ﷺ) жеткенде ол: «***Ал сен бұл сүренің руқия (дем салу) екенін қайдан білдің? Сендер***

дұрыс істедіңдер. Сендермен бірге маған да үлес бөліңдер!», - деді (әл-Бухари мен Муслим).

- Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) сөзінен былай жеткізіледі: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ өзін нашар сезінгенде (немесе ауырып қалғанда) өзіне өзі пана тілейтін қос сүрені («әл-Фәләқ» және «ән-Нәс») оқып, өз–өзіне үрлейтін. Ал ол қатты ауырған кезде мен оның үстінен осы сүрелерді оқып, оның қолынан ұстап, олармен денесін сипап өткізіп, оның қолынан береке іздедім*» (әл-Бухари мен Муслим).

– Сондай-ақ ол: «*Пайғамбар ﷺ төсекке жатқысы келгенде, өз алақандарына үрлеп, Құранның соңғы үш сүресін оқитын, сосын қолдарымен денесін сипап өтетін*», - деп хабарлаған (Бухари).

– Сондай-ақ ол: «*Аллаһтың Елшісі ﷺ өзіме жаман көзден руқия оқуды бұйырды*», - деген (әл-Бухари мен Муслим).

– Сондай-ақ ол: «*Пайғамбар ﷺ кез келген улы жаратылыстардың шағуына қарсы дем салуға рұқсат етті*», - деп хабарлаған (әл-Бухари мен Муслим).

- Пайғамбарымыздың (ﷺ) дем салу дұғаларынан:

اللَّهُمَّ رَبَّ النَّاسِ ، مُذْهِبَ البَأسِ ، اشْفِ أَنْتَ
الشَّافِي، لاَ شَافِيَ إِلاَّ أَنْتَ ، شِفَاءً لاَ يُغَادِرُ سَقماً

«Уа Аллаһ! Адамдардың Раббысы, ауруды кетіруші, шипа бере гөр, Сен – шипа Берушісің, Сенен басқа шипа беруші жоқ, бұл ауру қалмайтындай етіп шипа бере гөр» (әл-Бухари мен Муслим).

- Олардан:

امْسَحِ الباسَ رَبَّ النَّاسِ ، بِيَدِكَ الشِّفاءُ ، لا كاشِفَ لَهُ إِلاَّ أَنْتَ

«Адамдардың Раббысы, ауруды жой, шипа Сенің қолыңда, оны Сенен басқа ешкім бермейді» (әл-Бухари мен Муслим).

- Олардан: сұқ саусаққа түкіріп, онымер жерге тигізіп, сол топырақпен жараны немесе ауырған жерді сүртіп, мына сөздерді айту:

بِسمِ اللهِ، تُرْبَةُ أَرْضِنَا، بِرِيقَةِ بَعْضِنَا، يُشْفَى بِهِ سَقِيمُنَا، بِإِذْنِ رَبِّنَا

«Аллаһтың атымен. Жеріміздің топырағы, біріміздің сілекейімізбен, сонымен ауру-сырқауымыз Раббымыздың рұқсатымен жазылады» (әл-Бухари мен Муслим).

Тақырып: малды бауыздау мен аң аулау

<table>
<tr><td colspan="5">Бауыздау – малдың қанын мына әдістермен төгуге рұқсат етіледі:</td></tr>
<tr><td colspan="3">1. Мойынынан бауыздау, егер мүмкін болса:</td><td colspan="2">2. Малды бауыздау мүмкін болмайтын болса, онда денені жарақаттау арқылы.</td></tr>
<tr><td colspan="2">А. Мойынның (басқа жақындау) үстіңгі жағынан сою.</td><td>Б. Немесе мойынның (кеудеге жақындау) астыңғы жағынан сою.</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="5">Балық пен шегірткеден басқа, етін жеуге рұқсат етілген жануарлар бауыздалғаннан кейін ғана жеуге рұқсат етіледі.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Бауыздаудың шарттары:</td></tr>
<tr><td>1. Малды бауыздаушы адам ақыл есі түзу тамйиз (ажыратып түсіну) жасына жеткен мұсылман немесе Кітап иелерінен болуы керек;</td><td>2. Малды өткір ұшталған затпен сою қажет;</td><td>3. Қанды ағызу (шығару)</td><td>4. Бүкіл «хулкум» (тыныс алу жолдары) мен «мари» (өңеш) кесілуі қажет</td><td>5. Бауыздаудау кезінде Аллаһтың атын айту қажет.</td></tr>
<tr><td colspan="5">Аң аулау кезінде де дәл осы шарттарды орындау керек, аң аулаудың бұдан тек жалғыз айырмашылығы аңның денесінің кез келген жерін жарақаттау рұқсат етіледі.</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="2">Аңшылықтың түрлері:</td></tr>
<tr><td>1. Рұқсат етілген: бұған деген қажеттіліктің бар болуы кезіндегі және тамақтану мақсатындағы аң аулау.</td><td>2. Тыйым салынған: ермек және сауығу үшін аң аулау.</td></tr>
</table>

Қашатын және бауыздау қиын жануардың барлығы аң сияқты үкімге жатады.

Рафиға ибн Хадижаның сөздерінен Пайғамбарымызға (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) дейін көтерілетін келесі хадис жеткізіледі: «***Егер малдың қаны ағызылған болса, әрі егер ол тістен және тырнақтан басқа нәрсемен Аллаһтың атымен бауыздалған болса, онда оны жеңдер. Өйткені тістер сүйектерге жатады, ал тырнақтар бұл эфиопиялықтардың пышақтары***» (әл-Бухари мен Муслим).

Егер үйретілген ит мына нәрселерге қабілетті болса, оның аулаған аңын жеуге болады:

1. Аң аулауды әмір бойынша бастаса;	2. Аң аулауды әмір бойынша тоқтаса;	3. Ұстаған аңын жемесе.

Бұл жағдайда иттің иесі оны аң аулауға жібергенде «бәсмәлә» айтуы қажет.

Ади ибн Хатимнің сөздерінен Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: «***Егер сен итті (аңға) жіберсең, Аллаһтың атын ата:***

1. ***Егер осыдан кейін сен олжа тірі кезінде итті қуып жетсең, онда аңды бауызда.***

2. Егер сен оны қуып жеткенде олжа өлі болып шықса, бірақ ит оған тиіспеген болса, онда оны же.

3. ***Егер сен итіңе жеткенде сенің итің қасында басқа ит болса, әрі олжа өлген болса, онда оны жеме, өйткені оны екі иттің қайсысы өлтіргенін білмейсің.***

4. Егер сен садақ атсаң, Аллаһтың атын айтып ат.

5. ***Одан кейін нысананы көзден жоғалтып, кейін оны тапқан кезіңде оның үстіндегі жебеңнің ізін ғана көрсең, онда, егер қаласаң, оны же.***

6. ***Егер ол суға батып кетсе, онда оны жеме»*** (әл-Бухари мен Муслим).

Басқа бір хадисте былай хабарланады: «***Расында, Аллаһ Тағала барлық нәрсені жақсы үлгіде істеуді бұйырды, әрі егер өлтіру керек болса, онда жақсы үлгіде өлтіріңдер, ал егер құрбандық шалсаңдар, оны да жақсы үлгіде істеңдер. Сендердің әрқайсыларың пышағын қайрап, жануарды азаптан құтқарсың***» ((Муслим).

Ол (оған Аллаһтың иглігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ: «***Малдың бауыздалуы оның құрсағындағысының да бауыздалуы болып есептеледі***», – деген (Ахмад).

АНТТАР МЕН И НӘЗІР ТУРАЛЫ ТАРАУ

Ант – белгілі бір сөзбен Аса Ұлы Аллаһты немесе Оның басқа есімдерін немесе сипаттарын) тілге алу арқылы әлдебір нәрсені растау.

Айту үлгісі: ол ант демеулік шылауларының бірін қолдану арқылы (уау, ба, та, ха немесе хамза) айтылады.

Ереже: антта ең алдымен ниетке, содан кейін уәжге, содан кейін анықтамаға, содан кейін айтылған сөзге сүйену керек.

Ант тек Аллаһтың есімі немесе Оның сипаты аталса ғана бекітіледі.

<table>
<tr><td colspan="3">Анттың түрлері:</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Аллаһтың атымен берілген ант:</td><td>2. Аллаһтың атынан басқа нәрсемен ант ету – көпқұдайшылық, ол бекітілмейді.</td></tr>
<tr><td>А. Өткенде болған нәрсе жайлы</td><td>Б. Болашақта орын алатын нәрсе жайлы</td><td></td></tr>
<tr><td colspan="3">Бұзылғаны үшін өтем жасалуы тиісті ант келесідей болуы керек:</td></tr>
<tr><td>1. Ол болашақта болатын бірдеңе жайлы болуы керек;</td><td>2. Аллаһтың атымен ант етілген болуы керек;</td><td>3. Ниетпен жасалған болуы керек.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Егер ант әлдебір өткен нәрсе туралы берілген болса, онда:</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Адам [мұсылманның мал-мүлкін иемдену үшін] қасақана өтірік айтқан болса, онда бұл «күнәға батырушы» ант (әл-ғамус).</td><td>2. Егер адам өзінікін дұрыс санап ант берсе, мысалы, «Жоқ, Аллаһтың атымен ант етемін», немесе «Иә, Аллаһтың атымен ант етемін», - деп, онда бұл белгілі бір мақсатсыз айтылған «бос/мағынасыз» ант (лағъу) болады</td></tr>
</table>

Егер ант (есте бола тұра және ерікті түрде) бұзылған болса, мысалы, адам жасамаймын деп ант еткен істі істеп, немесе істеймін деп ант еткен істі істемей қойса, онда ол антының өтемін келесідей ретімен жасауға міндеттенеді:

1. Мына амалдардың біреуін таңдауға:			**2. Кейін ретімен:**
1. Құлды босату	2. 10 кедейді тамақтандыру	3. Немесе оларды киіндіру	Егер мұның ешқайсысы болмаса, онда 3 күн қатарынан ораза ұст ауы керек

Абдур-Рахман ибн Самурадан Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені хабарланады: «***Егер сен ант етсең, бірақ содан кейін басқаша істеудің жақсырақ екенін көрсең, онда жақсырақ нәрсені жаса және антыңды өте***» (әл-Бухари мен Муслим).

Тағы бір хадисте: «***Кімде-кім бір нәрсені істеуге ант беріп: «...Аллаһқа қаласа», - деп айса, онда ол антын бұзса да, антын орындамаған болып саналмайды***», - делінген. Хадисті бес шейх жеткізген.

Тамақтандыру мен тамақ берілетіндердің үш үкімі бар:		
1. Садақа етілетін зат айқындалған, бірақ кімге тиесілі екені анықталмаған, мысалы, пітір садақасы.	2. Садақаның өзі де, кімге тиесілі екені де анық, мысалы, зиян келтіргені үшін айыппұл.	3. Садақа берілетін адамдар анық, бірақ садақаның өзі анық емес, мысалы, антты бұзған үшін өтемақы.

Анттарда мына нәрселерге сүйену қажет:			
1. Талап кезінде емес:			**2. Талап кезінде:**
1. Ант берген адамның ниеті	2. Ант беруге түрткі болған уәж (мотив)	3. Ниет пен қалауға нұсқайтын сөздер	Талап қоюды қоспағанда. Хадисте: «***Ант оны сұраушының ниетіне қарай беріледі***» делінген. Муслим.

[Нәзір:]

Нәзірдің тілдік мағынасы – мукалләфтың өзіне міндетті емес нәрсені істеуді өзіне міндеттеп алуы.

Нәзірдің түрлері:

1. Аллаһ разылығы үшін емес жасалған нәзір: үлкен көпқұдайшылық, мысалы, Аллаһтың атымен емес, тек сөзбен жасалатын нәзір. Ондай нәзір бекітілмейді, оның орындалуы міндетті емес, әрі оны бұзған үшін өтемақы жасалмайды, мұндай ант үшін Аллаһқа тәубе ету керек.

2. Аллаһ Тағаланың разылығы үшін берілетін нәзір. Бұндай нәзір бекітіледі және оның 2 түрі бар:

А. Әрбір мұсылманға қатысты жалпы ант (нәзір): «**Олар нәзірлерін орындайды**», өйткені мұсылман адам Аллаһ Тағалаға Оның барлық әмірлерін орындап, күнәларды тастаймын деп ант береді.

Б. Белгілі бір затқа немесе оның жағдайына қатысты жеке нәзір:

<u>Айтылуына дейін</u> – бұл тыйым салынған, өйткені Пайғамбар ﷺ оны беруден тыйған, өйткені онда жақсылық болса, Пайғамбардың ﷺ өзі беретін еді. Алайда Пайғамбардың өзі мұндай ант бермеген және оны басқаларға тыйым салған, ал бұл олардың рұқсат етілмегендігін көрсетеді.

<u>Айтқаннан кейін</u> – орындауы немесе, антты бұзғаны үшін жасалатындай өтемақы жасауға міндетті Оның үкімі толығымен келесі санаттарға байланысты болады:

1. Аллаһқа мойынсұну туралы нәзір: ол орындалуы керек, ал оны бұзған үшін өтемақы жасау керек. Мысалы, тыйым салынған уақыттан тыс кезде әлдебір нәпіл намазды оқуға нәзір беру.

2. Мойынсұнбау нәзірі: оны орындауға тыйым салынады. Мұндай нәзірді бұзып, өтемақысын жасау керек. Мысалы, ғайбат айту сияқты харам нәрсені істеуге нәзір беру.

3. Рұқсат етілген нәрсе туралы нәзір: - оны орындау үшін таңдау беріледі: - не орындау, әрі бұл жақсырақ, не бұзып, өтемақысын жасау Мысалы, белгілі бір рұқсат етілген киімдерді киюге нәзір беру.

4. Ашуланған немесе қыңырлықпен берілген нәзір: рұқсат етілген нәрсенің антымен бірдей үкімге ие және ант беруді меңзейді. Мысалы, қаладан кетуге ант беру.

5. Құпталмайтын нәрселерді жасау туралы нәзірді орындау да құпталмайды, әрі оны бұзып, өтемақы жасаған жөн. Мысалы, намаз кезінде бұрылуды ант ету.

6. Жай нәзір: оны беруші ешнәрсені атамайды, бұл үшін өтемақы жасау керек. Мысалы: «*Мен Аллаға нәзір етемін...*», - деп үндемеу.

Нәзір беру – құпталмайтын [немесе тыйым салынған] амал.

Пайғамбарымыз ﷺ: «***Ол жақсылық әкелмейді және ол арқылы сараңнан бірдеңе тартып шығарылады***», - деп ант беруге тыйым салған. Бухари мен Муслиде келтірілген хадис.

Егер адам жақсы нәрсеге нәзір берсе, онда ол оны орындауға міндетті, өйткені. Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «***Кімде-кім Аллаһқа мойынсұнамын деп нәзір етсе, оны орындасын, ал кім Аллаһқа мойынсұнбаймын деп ант етсе, Оған оған мойынсұнбаушылық танытпасын***», - деген (әл-Бухари мен Муслим).

Егер адам рұқсат етілген нәрсеге нәзір берісе немесе нәзірі анттың орнын ауыстырса, мысалы, ашуланып немесе қыңырлықпен берілген ант, немесе ол мойынсұнбау туралы ант болса, онда:

1. Оны орындау міндетті емес	2. Оның орындалмауы үшін антты бұзғанның өтемақысы жасалуы керек.	3. Мойынсұнбау нәзірін орындауға тыйым салынған.

Мойынсұну, мойынсұнбау және Аллаһ разылығы үшін емес нәзірлердің арасындағы айырмашылық:

1. Аллаһқа мойынсұну жайлы нәзір: Бекітіледі, яғни оны берген адам нәзірін орындайды немесе өтемақысын жасайды. Алайда оны орындау міндетті.	**2. Аллаһқа мойынсұнбау нәзірі:** Бекітіледі, яғни оны берген адам нәзірін орындайды немесе өтемақысын жасайды. Алайда оны орындауға тыйым салынады.	**3. Аллаһтан басқаға берілген нәзір:** Бекітілмейді. Орындалу да, өтеу де жоқ, бірақ оны берген адам тәубе етуі керек, өйткені. бұл үлкен көпқұдайшылық.

Ант сақтау дәрежелері:			
1. Көп ант бермеу арқылы алғашынан сақтау;	2. Антты беру барысында сақтау: яғни кейбір біріңғай жағдайлардан басқа кезде оны бұзбау;	3. Соңында сақтау: яғни антты бұзудан кейін оны өтеу;	4. Аллаһтың атынан басқамен ант бермеу.

Өтірік айтудың тыйымы жайлы кейбір деректер:

Аллаһ Тағала былай деген: «**Өзің білмеген бір нәрсенің соңына түспе. Расында, құлақ, көз және жүрек, - олардың барлығы одан сұралады**» («әл-Исра» сүресі, 36-аят).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген: «**Аузынан бір сөз шығарса-ақ болды, алдында аңдушы дайын...**» («әл-Кәһф», сүресі, 18-аят).

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Расында, шыншылдық изгілікке жетелейді, ал изгілік Жәннатқа жетелейді, және адам Аллаһтың алдында ең шыншыл деп жазылғанға дейін шындықты айтуын тоқтатпайды. Расында, өтірік күнәға жетелейді, ал күнә Отқа апарады және адам Аллаһтың алдында өтірікші болып жазылмайынша өтірік айтуын тоқтатпайды***» (әл-Бухари мен Муслим).

Тағам кітабы бойынша сұрақтар

Сұрақтар:	Дұрыс	Бұрыс
- Мұсылман адамға Шариғатта рұқсат етілгендігі жайлы айтылмаған тамақтарды жеуге болмайды. - Теңіз жануарлары өлі табылса да, бұзылмаған жағдайда, жеуге рұқсат етіледі. - Қолтырауынды жеуге рұқсат етіледі, өйткені бұл теңіз жануары. - Консервіленген теңіз өнімдерін, мысалы, кептірілген асшаяндарды, егер олар бұзылмаса, жеуге болады. - Мас қылатын заттардан шарап деп аталатын нәрсе ғана харам. - Егер сусындар немесе тамақ тек үлкен мөлшерде мас қылса, онда оларды аз мөлшерде тұтынуға рұқсат етіледі. - Теңіз жануарларын жеу үшін бауыздау шарт емес. - «Забһ» қажет болған жерде «нахр» сою әдісі қолданылса немесе керісінше болса, сойған мал жарамсыз болады. - Малды сою мүмкін болмаса, оны жарақаттау арқылы қанын ағызуға болмайды. - Малдың жеуге рұқсат етілуі үшін бауыздалуы шарт емес, бұл ерікті амал. - Тамйиз (ажырату) жасына жеткпеген кішкентай бала мал соя алады. - Адам сату үшін аң аулап, түскен ақшаны пайдалана алады. – Қажыға балық аулауға тыйым салынған. - Үй жануарларын аулауға рұқсат етілген. – Қажылықта емес халде Меккеде жүргендерге құрлықта аң аулауға тыйым салынған. – Негізінде кез келген тағам рұқсат етілген, біз тек Құран мен Сүннеттегі дәлелдер нұсқаған нәрселерге ғана тыйым сала аламыз. - Кімде-кім жануар немесе өсімдік текті кез келген тағамға тыйым салса, дәлел келтіруі керек, өйткені негізінен кез келген тағамға рұқсат етіледі. – Негізінде, жануарға жатпайтын кез келген тағам денсаулыққа зиянын тигізбесе рұқсат етілген.		

- Азу тістері бар кез келген жыртқыштардың әрі тырнақтары бар құстардың етін жеуге тыйым салынады. Өлтіру бұйырылған жануарды жеу де харам, әрі өлтіруге тыйым салынған малды жеуге тыйым салынады. – Ислам діні адамға да, жануарға да мейірімділік танытуды бұйырады. – Сойылатын малды жеуге рұқсат болуы үшін, оның қаны ағызылуы қажет. - Нәзір тағдырды өзгертпейді, жақсылықты жақындатпайды және жамандықты алыстатпайды.		

- Қой қасапшыдан қашып кетті. Ол «Бәсмәлә» айтып, оқ атып, нысанаға тиіп, қойды өлтірді, ол қойдың еті: өлексе ___, рұқсат етілген ___.

- Ер адам мылтығын тазалап жатып, абайсызда оқ атып, жануарға тисе, жануардың еті: өлексе ___, рұқсат етілген ___.

- Мұсылман сойғанда «бәсмаләны» әдейі айтпады, малдың еті: өлексе ___, рұқсат етілген ___.

- Өтеу қажет емес ант дегеніміз: өткенге ант ___, ықтимал басым болған нәрсе туралы ___, жоғарыда аталғандардың барлығы ____.

- Не нәрсеге қаталырақ тыйым салынған: Аллаһтың атымен емес шындықпен ант___, Аллаһтың атымен жалған ант___.

- Денсаулыққа зиян келтірмейтін кез келген пайдалы және таза тамақ пен сусын: рұқсат етілген ___, рұқсат етілген туралы мәтін болуы керек ___.

- Тырнақты құстар: рұқсат етілген ____, тыйым салынған ____, оны нақтылау қажет: егер олар тырнақпен аң аулайтын болса, онда тыйым салынған, егер жоқ болса, онда оларға рұқсат етіледі____

- Егер жарақат алған жануар табылып, ол әрі тірі болса, содан кейін ол бауыздалса, онда оның еті: рұқсат етілмеген ___, рұқсат етілген ____.

- Жануарды қамауда ұстап , оны ату нысанасына айналдыру: атуды үйрену үшін рұқсат етіледі ___, рұқсат емес___

- Рұқсат етілген әлдебір жақсы заттың белгілі бір адамға зиян келтіретіні анықталса, онда ол оған қатысты: тыйым салынған ___, рұқсат етілген ___ болып табылады.

- Аллаһтың аты аталмай сойылған жануар рұқсат етілген___, рұқсат етілмеген___.

- Адам көп ант беруі керек___, бермеуі керек___. Егер маңызды нәрсе болмаса, ант беру қажет___, бермеу қажет____.

- Егер ант жақсы нәрсе туралы болса, онда адам антын: бұзуы керек___, бұзбауы қажет ____.

- Ештеңе қарастырылмаған ант үшін: кешірім жасау керек ___, кешірім қажет емес ___.
- Аллаһқа мойынсұнбау туралы нәзір ____ бекітіледі, ____ бекітілмейді, бірақ орындалады _____, орындауға болмайды __, бірақ антты бұзған үшін өтемақы жасалды ___, жасалмайды ___.
- Кімде-кім барлық жағынан орындалуы мүмкін емес нәзір берсе, сол қолынан келгенін орындап, қалғандарына өтемақы жасауы керек: дұрыс ____, дұрыс емес ___.

Сұрақ:	Рұқсат етілген	Тыйым салынған
- Зебра - Улы жануарлар: жыландар, сұршаяндар, кесірткелер. - Бірінің етін жеуге болатын, ал басқасының етін жеуге болмайтын екі малдың шатысқанынан туылған төлі: қашыр (жылқы мен үй есектің төлі). - Етін жеуге болатын жануарды басқа мақсатта бауыздау. - Мұсылман адам үйретілмеген итімен ұстаған қоянның еті. - Мұсылман үйретілген итімен қарақұйрықты ұстады, бірақ иті ұстаған жануарының бір бөлігін жеп қойды.		

ҚЫЛМЫС КІТАБЫ

Қылмыс - бұл әлдебіреудің денесіне, бұның салдары кек алуға, материалдық өтемақыға немесе өтеуге әкелетіндей етіп, қастандық жасау (қол сұғу). Оның екі түрі болады:

<table>
<tr><td rowspan="2">1. Адам өміріне қарсы қылмыс</td><td colspan="3">2. Дене мүшелеріне қарсы қылмыс:</td></tr>
<tr><td colspan="2">А. Жарақаттау</td><td>Б. Дененің бір бөлігін кесіп тастау</td><td>В. Дененің бір бөлігін еңбекке қабілеттіліктен айыру</td></tr>
<tr><td></td><td>Беттегі немесе бастағы жарақат</td><td>Қалған денедегі жарақат</td><td></td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="4">Қақысыз адам өлтірудің үш түрі бар:</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Қасақана, дұшпандықпен: Әдетте өлімге алып келетін қасақана қылмыс. Қайтыс болған адамның қамқоршысына келесі жазаны таңдау құқығы беріледі:</td><td rowspan="2">2. Қасақанаға ұқсас: Әдетте өліммен аяқталмайтын қасақана қылмыс</td><td colspan="2" rowspan="2">3. Қателікпен: қасақана емес қылмыс: не тікелей немесе себептік. Соңғысы үшін жаза қарастырылмаған, бірақ:</td></tr>
<tr><td>А. Өлтіру</td><td>Б. Өтемақы (құн) төлету</td></tr>
<tr><td colspan="2">Өйткені Пайғамбар ﷺ былай деген: «Егер әлдебіреудің жақыны өлтірілсе, ол екі нәрсенің бірін таңдай алады: не өлтірілген адам үшін өтемақы (құн) төлетуге, не өлтіргенді дәл солай етіп өлтіруге». (Бухари мен Муслим).</td><td>А. Кісі өлтірушінің мүлкінен өтеу, яғни 1 құлды азат ету, ал ол болмаса, екі ай қатарынан ораза ұстау.</td><td>Б. Туыстарына төлем төлеу: бұл өлтірілген адамның жақын және алыс туыстары. Фидия олардың арасында мәртебелеріне қарай және үш жыл мерзіміне жыл сайын үштен бір бөлігін төлеу арқылы бөлінеді.</td></tr>
</table>

Қан үшін кек алудың шарттары:			
1. Өлтіруші мукалләф (ақылы толық, кәмелетке толған) болуы керек.	2. Жәбірленуші адам өлтіруден сақтандырылған болуы керек.	3. Өлтіруші мен өлтірілгеннің теңдігі: бостандық пен дінде.	4. Тумаған болу, яғни, ата-аналар балалары, немерелері және олардың балалары үшін кек алу ретінде өлтірілмейді.

Кек алуды жүзеге асырудың шарттары:		
1. Кек алуға лайық адам мукалләф (ақылы түзу кәмелетке толған) болуы керек.	2. Кек алуға байланысты туыстарының бірауызды келісімде болуы	3. Қылмыскерді жазалау кезінде оған артық зиян тигізбеу үшін шектен шықпау туралы бұйрық.

Адам өлтірудің үш түрі және олардың үкімі:		
1. Қасақана	2. Қасақанаға ұқсас	3. Қателікпен (абайсыздықпен)
Қан үшін кек қарастырылған	Қан үшін кек алу қарастырылмаған	
Немесе өлтірген адам өтемақы (құн) төлейді	Өлтірушінің туыстары тарапынан құн төлеу қарастырылған	
Кісі өлтіруші тарапынан қасақана жасалуы мүмкін		Ниетсіз жасалады
Ауыр төлем қарастырылған		Жеңіл төлем қарастырылған
Ұлы күнә болып есептеледі	Жәй күнә болып саналады	Күнә болып саналмайды
Өтем (каффарат) қарастырылмайды	Өтем (каффарат) қарастырылады	

Өтемақы (құн) төлеудегі екі шарт:

- Дененің сал болған жерінің ешқайсысы үшін төлем жоқ. Имам мұндай жарақаттар үшін айыппұлды өзі белгілейді, тек екі мүшенің салдануынан басқа: құлақ пен мұрын.

– Кез келген дене мүшесіне қарсы оны сал ету арқылы қылмыс жасаған әрбір адам, құлақ пен мұрыннан басқа, өтемақы төлеуге міндетті, өйткені олардың көркі салдықтан кейін де сақталады.

Амр ибн Хазм хадисінде кісі өлтіру және басқа да қылмыстар үшін өтемақы төлеу түрлері түсіндіріледі: «***Егер адамның бір мүминді қасақана және әділетсіз өлтіргені дәлелденсе, онда өлтірілген адамның туыстары өзге ешнәрсеге келіспесе, ол өлім жазасына кесілуі керек. Және:***

Өмір	***Өлтірілген адам үшін өтемақы (құн) ретінде жүз түйе беріледі***		
Мұрын	***Егер адамның мұрыны толық кесілсе, ол үшін толық өтемақы (құн) төленеді,***	***Тіл***	***Толық өтемақы (құн)***
Ерін	***Ерін үшін толық өтемақы (құн) төленеді***	***Жыныстық мүше***	***Толық өтемақы (құн)***
Жұмыртқалар	***Толық өтемақы (құн)***	***Омыртқа***	***Толық өтемақы (құн)***
Көз	***Толық өтемақы (құн)***	***Табан***	***Өтемақының (құнның) жартысы***
Бастың терең жарақаты	***Өтемақының (құнның үштен бірі***	***Денеге еніп кететін жарақат***	***Өтемақының (құнның үштен бір бөлігі***
Бастың сүйектері жылжыған жарақаты	***15 түйе***		
Саусақ	***Қолдағы немесе аяқтағық шабылған саусақ үшін он түйе беріледі***		
Тіс	***Тістің сынғаны үшін бес түйе беріледі***		

Немесе сүйек ашылып қалатындай жарақаттау	***5 түйе***
Барлық сезім мүшелері үшін: есту, көру, иіс - толық құн беріледі.	
Әйелді өлтірген еркекті өлім жазасына кесу керек. Егер адамдар өтемақыны (құнды) алтынмен төлегісі келсе, онда мың динар төлеуі керек» (Абу Дауд).	

Жарақаттардың кейбір түрлері:			
1. Теріден өтетін бастың терең жарақаты	**2. Денедеге енетін жарақат**	**3. Бастың сүйектері жылжыған жарақат**	**4. Сүйек ашылып қалатын жарақат**

Адам денесінің бөліктері бірнеше санатқа бөлінеді:				
1. **Жалғыз:** тіл. Үкімі: толық өтемақы (құн).	**2. Екеулік:** көздер. Үкімі: екі көз үшін – толық өтеу, бірі үшін - жартысы.	**3. Үштік:** мұрын (екі танау және қалқа). Үкімі: үшеуіне түгел – толық құн, ал әрқайсысына – құнның үштен бірі.	**4. Төрттік**: көздің үстіндегі қабақтар. Үкімі: барлығына – толық құн, біреуге – төрттен бірі.	**5. Ондық**: саусақтар. Үкімі: барлығына түгел – толық құн, бір саусаққа – құнның оннан бірі.

Қан кегінің міндетті болуының шарттары:
1. Өлтірген адам кәмілет жасына толған болуы қажет 2. Өлтірілген адам қол сұғылмайтын және өлтірушімен тең дәрежелі болуы керек: дінде, құлдықта немесе бостандықта. Мұсылман кәпір үшін кек алу ретінде өлтірілмейді, ал азат адам құл үшін өлтірілмейді, 3. Өлтіруші өлтірілген адамның ата-анасы болмауы керек. Ата-ана балалары үшін кек алу ретінде өлтірілмейді. 4. Мукалләф болған туыстарының бірауыздан келісілген шешімі керек. 5. Кек алуда рұқсат етілген шекаралардың сақталуына кепілдік.

Кісі өлтірушілер тобы өлтірілген бір адам үшін кек алу ретінде өлтірілуі мүмкін, сондай-ақ рұқсат етілген шекаралар сақталса, қылмыскерге ол жасаған дәл сол жарақатты жасау арқылы кек алуға рұқсат етіледі.

Әйелді өлтіргені үшін төлем:

1. Еркек үшін төленетін өтемақының (құнның) жартысы	2. Құнның үштен бір бөлігінен аз болғандарды қоспағанда, өйткені олар бұда олар тең.

Адамның өзіне өзі қол сұғуы туралы кейбір деректер:

Аллаһ Тағала былай деген: «**Өздеріңді өздерің өлтірмеңдер, өйткені Аллаһ сендерге мейірімді**».

Пайғамбарымыз (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «***Бұл дүниеде өзін әлдебір нәрсемен өлтірген адам Қиямет күні өзіне қол сұққан нәрсесімен жазаланады***», - деген (әл-Бухари мен Муслим).

Ол: «***Сендерден бұрын өмір сүргендердің арасында бір жарақ алған адам болған. Ол ауырсынуға шыдай алмай, пышағын алып, өз қолын өзі кесіп тастады. Сөйтіп қансырау салдарынан қайтыс болды. Сонда Аллаһ Тағала: «Құлым Менен (өзін өзі өлтіру арқылы) озды***», - деді (Бухари).

Өз-өзіне қол жұмсаудың көпшілігі шарасыздық пен үмітсіздіктен жасалады. Ал Аллаһ Тағала: «**Адасқандардан басқа кім Раббысының мейірімінен үміт үзеді?**».

(Бейбіт немесе мұсылмандармен келісімшартта болған) қақысына қол сұғылмайтын кәпірді өлтіру туралы деректер:

Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Кім де кім келісімшарттағы кәпірді (муғахадті) өлтірсе, Жәннатың хош иісін сезбейді***» (Бухари).

Ол ﷺ былай деген: «***Мұсылмандармен бітімге келген кәпірді өлтірген адам Жәннаттың иісін сезбейді***» (Ахмад, Нәсәи).

Сондай-ақ ол ﷺ былай деген: «***Кімде-кім бір адамның өміріне қатысты қауіпсіздік кепілдігін беріп, кейін оны өлтірсе, мейлі өлтірген адам кәпір болса да, мен өлтіргенге қатысым жоқ***» (Ибн Хиббан).

Кәпірлермен жасалатын келісімшарттар:

1. **Олар адалдықпен орындап тұрған келісімшарт**: біз де оны орындауға міндеттіміз. Аллаһ Тағала былай деген: «**Олар сендерге адал болғандарынша, сендер де оларға адал болыңдар».**

2. **Олар бұзған келісім:** бұндай келісім бұзылған. Аллаһ Тағала былай деген: «**Егер олар уәделескеннен кейін анттарын бұзып, діндеріңе қол сұқса (тіл тигізсе), онда күпірліктің жетекшілерімен соғысыңдар. өйткені олар үшін ант жоқ. Олар бәлкім тыйылар**».

3. Олар оны бұзады деп қауіптенетін келісім: келісімді тастаймыз. Аллаһ Тағала былай деген: «**Егер бір елдің опасыздығынан секем алсаң, тең түрде сен де (келісімді бұзып) өздеріне таста. Расында, Аллаһ, опасыздарды жақсы көремейді.**»

ЖАЗА КІТАБЫ

«Хадд» - бұл шариғат белгілеген жаза.		
Жаза тек мына адамдарға қатысты қолданылады:		
1. Мукалләфқа (ақыл-есі түзу, кәмілет жасына толған адамға);	2. Заңға бағынышты адамға;	3. Тыйым жайлы білетін адамға.

Жазаны тек мына адамдар қолданады:	
1. Имам (елбасшы) және оның өкілі	2. Қожайын: қамшымен жазалауды қолдана алады, әсіресе құлдарына қатысты.
Қамшымен жазаланатын құлдың жазасы азат адамның жазасының жартысына тең.	

[Зина үшін жаза:]

Жыныс мүшелері немесе артқы тесік арқылы жасалған жыныстық қатынас үшін:	
1. **Некеде болған адам** еркін мукалләф болған күйінде некеде болған басқа адаммен жыныстық қатынас жасаса, олардың екеуін де (еркекті де, әйелді де) таспен ұру арқылы өлтіреді.	2. **Некеде болмаған адам**: оған қатысты қамшымен 100 рет ұру қолданылады, әрі бір жылға елден қуылады (әйел адам тек махраммен шығарылады).
Алайда бұл келесі шарттармен ғана жүзеге асады:	
1. Күнәні төрт рет мойындау	2. Немесе күнә жайлы ашық куәлік ететін төрт әділ куәгердің болуы

3. Күйеуі және қожайыны жоқ әйелдің жүкті болуы	4. Әйел өз күйеуінің оны зинада айыптағанын (лиғанды) жоққа шығармауы.

Аллаһ Тағала былай деген: «**Егер зинақор ер мен зинақор әйел некеде болмаған болса, оларды жүз рет қамшымен ұрыңдар**».

Пайғамбарға дейін жететін хадисте Убада ибн Сомиттің сөздерінен былай хабарланады: «***Менен үйреніңдер! Менен үйреніңдер! Аллаһ Тағала оларға басқа жол белгіледі: егер бұрын үйленбеген адамдар зина жасаса, онда олар жүз қамшымен жазаланып, бір жылға елді мекеннен қуылады, ал некеде болған адамдар зина жасаса, онда оларды жүз қамшымен ұрып, таспен ұрып (өлтіріп) тастау қажет»*** (Муслим).

Әрі ақырында, бұл Мағиз бен Ғамидий әйелімен оқиғасында айтыл-ғандай, некеде болған адамды өлтірумен шектелу бұйырылды.

Адам Аллаһтың қалауымен зина күнәсынан қорғана алатын қауіпсіздік шаралары:

1. Тақуалық пен дұға. Аллаһ Тағала былай деген:: «**Егер олардың сұмдықтарын менен бұрмасаң, оларға бейімделіп надандардан боламын**» («Юсуф» сүресі, 33-аят). Ал Пайғамбар ﷺ былай деген: «***Сен Аллаһтың разылығы үшін әлдебір нәрсені тастасаң (бас тартсаң), Аллаһ оны саған одан жақсырағымен ауыстырады!***» (Ахмад).

2. Некелесуге асығу, бұл мүмкін болмаса, ораза ұстау.

3. Көзді төмен түсіріп, әйелдермен кездесу мүмкін жерлерден, мысалы, базарлардан, аулақ болу туралы бұйрық,.

4. Әйелдердің хижаб киюі, ерлерге жұмсақ сөйлемеуі, олармен оңаша қалмауы, әйелдермен қол алыспау туралы бұйрық.

5. Юсуф жайлы сүре мен хикаяны оқу.

6. Салиқалы адамдардың қоғамында болу

7. «*Қарызға не алсаң, сонымен төлейсің*». Зина – бұл қарыз.

[Зина жасағандықта жала жабу үшін жаза:]

Бұл үлкен күнәлардың бірі. Мухсан адамға зина жасаумен жала жапқан немесе оған қарсы толық емес куәлікпен куәлік еткен адам:

1. 80 рет қамшымен ұрумен жазаланады	2. Болашақта оның куәліктері қабылданбайды	3. Ол пасық саналатын болады

Мухсан емес адамға зинамен жала жапқан үшін «тағзир» жазасы тағайындалады.

Мухсан дегеніміз: азат, кәмелетке толған, ақылы түзу, ар-абыройлы мұсылман адам.

[«Тағзир»]

Адамның соны жасағаны үшін жаза да (хадд) , өтем де (кәффара) қарастырылмаған кез-келген күнәні істеген жағдайында [мысалы, харам нәрсе жасағаны немесе міндетті болған нәрсені тастағаны үшін имам (билеуші) қалауымен белгіленетін] міндетті жаза.

[Ұрлық үшін жаза:]

Егер адам әдетте сақталатын жерден алтын динардың төрттен бір бөлігін немесе осы сомаға тең басқа мүлікті ұрласа, онда:

1. Оның оң қолы алақан буынынан шабылады.	2. Егер ол ұрлықты қайталаса, онда - сол аяғы, аяқтың буынынан шабылады.	3. Осыдан кейін ұрлықты қайталаса, түрмеге жабылады, өйткені тек бір қол мен бір аяқты шабуға болады.

Аллаһ Тағала былай деген: «**Ұры ер мен ұры әйелдің қолдарын шабыңдар**».

Айша анамыздың (оған Аллаһ разы болсын) сөздерінен Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дейін көтерілетін хадисте былай делінеді: «(***Ұрының) қолы бір динардың төрттен бір бөлігін және одан да көп нәрсені ұрлағаны үшін кесіледі***» (әл-Бухари мен Муслим).

[Арақ ішу үшін жаза:]

«**Мускир**» дегеніміз – адамның ақыл-санасын былғап, оған ләззат, мастық, толқу, асқақтау келтіретін барлық нәрсе, мейлі ол сусын (шарап), немесе құрғақ заттар (есірткі) болса да.

«**Хамр**» – жүзімнен, жас құрмадан, бидайдан, арпадан жасалатын әрі адамды ақыл-санасынан айыратын, нәрсе.

Пайғамбарымыз (ﷺ): «***Мас қылатын нәрсенің бәрі хамр***», - деген. Сондай-ақ ол: «***Мас қылатын барлық сусындар харам***», - деді. Және ол: «***Көп мөлшерде мас ететін нәрсе аз мөлшерде де харам***», - деді.

Мұндай заттар ләззат алу үшін де, шөлді қандыру үшін де (өйткені адам шараптан одан сайын шөлдейді) және дәрі ретінде де қолдануға тыйым салынады.Мас ететін нәрселер – барлық жаман істердің негізі.

Аллаһ Тағала былай деген: «**Әй мүминдер! Арақ, құмар, тігілген тастар (пұттар) және бал ашатын оқтар лас, шайтанның істерінен. Одан сақтаныңдар, құтыларсыңдар**» («әл-Маида» сүресі, 90-аят). Олар есірткіден және басқа да осыған ұқсас заттардан да қауіптірек, және үлкен даналықпен тыйым салынған, ал бұл өзінің құрамына келесілерді қамтиды:

1. Бұл шайтанның амалдарынан болған пасықтық	2. Адамдардың араларында жек көрушілік салады	3. Аллаһты зікір етуден, намаз оқудан алшақтатады	4. Ол маскүнемді ақыл-ойдан айырады, оны харамды жасаудан ештеңе тоқтатпайды.

Арақ ішкен адамның үкімі: қазы оған 40 қамшыдан кем емес, одан да көбірек тағзир салады. Умар, оған Аллаһ разы болсын, бір кезде 80 қамшы қолдануды ұйғарды.

[Қарақшылық (тонау) үшін жаза:]

Аллаһ Тағала олар жайлы былай деген: «**Аллаһ және Елшісімен соғысқандардың және жер жүзінде бұзақылық жасап жүргендердің жазасы: өлтірілулері, не керіп шегеленулері, яқи қол-аяқтарының қиғаштылып кесілулері, немесе жерден айлдалулары. Бұл олардың дүниедегі жазасы. Және олар үшін Ақыретте ірі азап бар**».

Сөз адамдарға шабуыл жасайтын, сонымен қатар жолдарда тонау, ұрлық және кісі өлтірумен айналысатын қарақшылар туралы болуда:

1. Өлтірген және тонаған адамды: өлтіріп, айқышқа керіп шегелейді.	2. Өлтірген, бірақ тонамаған адамды: өлтіреді, бірақ айқышқа керіп шегелемейді.	3. Тонаған, бірақ өлтірмеген адамның: оң қолы мен сол аяғы шабылады	4. Халыққа қауіп пен үрей салып қорқытқан, бірақ өлтірмеген, әрі тонамаған адам елден қуылады.

[Бүлікшілердің жазасы]:

Көтерілісшілер – күш, қуаты бар, билеушіге қарсы шыққан және қабыл болатын түсіндірмесі бар адамдар.		
Имамды кетіргісі келіп, оған қарсы шыққандар – бүлікшілер. Билеуші міндетті түрде:		
1. Көтеріліске шыққандарға адам жіберуі қажет	2. Қабылдауға болмайтын айыптауларға жауап беруі қажет.	3. Олардың күмәндарын кетіруі қажет.
Егер:		
1. Олар тоқтаса, оларды қалдыру қажет.	2. Егер олар тоқтамаса, олар соғыса бастағаннан кейін оларға қарсы соғыс уәжіп болады.	
Бұл шайқаста билеушінің қол астындағылар оған көмектесуге міндетті. Егер шайқас (бүлікшілерді) өлтіруге немесе олардың кез келген мал-мүлкіне зиян келтіруге әкеп соқтырса, онда қорғанушы тарап бұл үшін жауап бермейді. Қорғанған жақтан кімде-кім өлтірілсе, ол шәһид болып табылады. Қашқан бүлікшілер ұсталмайды, жарақат алғандары өлтірілмейді, олардың мал-мүліктері олжа ретінде әрі балалары да тұтқынға алынбайды. Ешбір тарап соғыс кезінде өлтіргені үшін де, мал-мүлкі үшін де шығынды төлеуге міндетті емес.		

Тақырып: діннен бас тартқан адамның үкімі

Ислам дінінен шығып, амалмен, сөзбен, сеніммен немесе күмәнмен күпірлікке түскен адам муртад деп аталады.

Ғалымдар, Аллаһ оларды рақымына бөлесін, Аллаһтың құлын Исламнан шығаратын барлық нәрселерді егжей-тегжейлі түсіндірді және олардың айтқандарының бәрі өз құрамына Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелгенін түгелімен немесе оның бір бөлігін теріске шығаруды қамтиды.

Діннен шыққан адам [егер билеуші үкімнің орындалуын кешіктіруді мақұл көрмесе,дереу өлтіріледі] 3 күн ішінде тәубе етуге шақырылады және егер Исламға оралса, онда тірі қалдырылады. Әйтпесе, ол қылышпен өлтіріледі.

Діннен шығуға әкелетін амалдар:			
1. Сөзбен: Аллаһ Тағаланы, Оның Елшісін ﷺ немесе Ислам дінін қаралау, сөгу, келемеждеу.	2. Амалмен: пұтқа сәжде жасау.	3. Сеніммен: Аллаһтың серігі бар деп сену.	4. Күмән: мысалы, яһудилер мен христиандардың күпірлігіне күмәндану.
Діннен шыққан адамның тәубесі қалай орындалады:			
1.Екі кәлиманы айту арқылы.	2. Өзінің иманнан бас тартып теріске шығарған нәрселерін мойындау арқылы.	3. Күпірлігін немен көрсеткен болса, содан бас тарту арқылы.	
Исламнан шығаратын амалдардың басында он нәрсе тұрады:			
1. Аллаһқа серік қосу. Аллаһ Тағала: «**Саған да, сенен бұрынғыларға да: «Егер серік қоссаң, амалдарың зая кетеді**», **- деп уахи етілді», - деп айтты.** Бұған Аллаһтан басқаға құрбан шалу да кіреді.	2. Өзі мен Аллаһтың арасында дәнекерлер жасап алу, оларға жалбарыну, шапағат тілеу және тәуекел ету.	3. Көпқұдайшылдарды кәпір деп мойындамау немесе олардың күпірліктеріне күмәндану, немесе олардың жолын дұрыс деп тану.	4. Пайғамбардан басқа басшылықтың қайырлы әрі кәмілдеу деп сену.	5. Аллаһ Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) әкелген нәрселерді жек көру, тіпті адам өзі жек көретін нәрсеге ерсе де.

6. Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) дініндегі кез келген нәрсені немесе Аллаһтың сыйы мен жазасын мазақ қылу.	7. Сиқыр қолдану немесе оған разы болу. Бұған әйел мен еркекті бір біріне жақындату немесе алыстату сиқырлары да кіреді.	8. Кәпірлерді қолдау немесе оларға мұсылмандарға қарсы көмектесу.	9. Кейбір адамдарға Мухаммадтың ﷺ шариғатының шегінен шығуға рұқсат етіледі дегенге сену.	10. Аллаһтың дінін оқып білмеу және оның нұсқауларына сәйкес әрекет етпеу арқылы оны елемеу.

СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ, ДАУ, ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР МЕН КУӘЛІК ТҮРЛЕРІ КІТАБЫ

Ереже: кез келген басқарушылық және әрекет үшін екі тірек қажет: 1. күш және 2. сенім.

Сот билігі адамдарға қажет және ұжымдық парыз [егер кейбір адамдар онымен айналысса, онда бұл қалғандарынан жауапкершілікті жояды. Егер барлық салиқалы адамдар одан бас тартса, онда олар күнә жасайды, сондықтан:]

1. Билеуші адамдар арасында туындайтын жағдайларға қатысты заң тәртібін, шариғат нұсқауларын және олардың қолданылуын білетін лайықты адамды тағайындауға міндетті.	2. Ол ең жақсы қазыны тағайындауға міндетті. Әрі ондайға келесі сипаттар тән адам жатады: мұсылман, мукалләф, білімді адам.	3. Егер басқа адам болмаса және бұл жұмыс осы істі білетін адамды басқа бұдан да маңызды істерден алшақтатпаса, онда бұл осы істі білетін адам үшін жеке парыз болады.

Пайғамбарымыз (ﷺ): «***Талапкер дәлел келтіруі керек, ал айыптаудан бас тартқан адам ант беруі керек***», - деген (әд-Даракутни).

Сондай-ақ ол (ﷺ): «***Мен естігенімнің негізінде үкім шығарамын***», - деген (әл-Бухари мен Муслим).

Және ол: ***«Кімде-кім қандай да бір мал-мүлікті талап етсе, сол:***

1. ***Не екі салиқалы ер куәгер,***	2. ***Не бір ер мен екі әйел,***	3. ***Не бір ер адам мен (талапкердің) антын келтіруі керек.***

Өйткені Аллаһ Тағала былай деген: «**Куә ретінде өз тараптарынан екі ер адамды шақырыңдар. Егер екі ер болмаса, онда сендер оларды куә ретінде мойындауларыңа келісетін бір еркек пен екі әйелді**».

«***Пайғамбар ﷺ талапкер мен бір куәгердің антына сүйене отырып шешім шығарды***» - бұл «Сунан» авторлары келтірген сахих хадис.

Егер талапкер дәлелдемелерді ұсынбаса, онда:

<table>
<tr><td rowspan="2">1. Жауапкер ант беріп, өзін ақтайды.</td><td colspan="2">2. Егер жауапкер ант беруден жалтарса, онда:</td></tr>
<tr><td>А. Онда үкім осы жалтаруы бойынша шығарылады,</td><td>Б. Немесе талапкерден ант талап етіледі. Егер жауапкер ант беруден бас тартып, талапкер талапкер ант берсе, онда талапкер талап еткенін алады.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Заттарды біреуге жатқызудың 3 түрі бар:</td></tr>
<tr><td>1. Бекіту: адам әлдебір затты өзіне жатқызады.</td><td>2. Мойындау: адам әлдебір затты өзіне қарсы басқаға тиесілі екенін мойындайды.</td><td>3. Куәлік: адам әлдебір заттың 2-ші тұлғаға тиесілі екенін 3-ші тұлғаға қарсы куәлік береді.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Дәлелдемелерге дауласушы тараптардың бірінің шыншылдығына нұсқайтын мән-жағдайлар жатады. Мысалы:</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Талап-арыздың нысанасы олардың бірінің қолында болуы. Егер ол ант берсе, онда зат соған тиесілі болады.</td><td>2. Тағы бір мысал: екі адам тек біреуіне ғана тиесілі дүние-мүлік үстінде дауласып жатыр, мысалы, ағаш ұстаның жонқа үстінде таласы немесе темір ұстаның құрал-сайман үстінде дауы, т.б.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Куәліктің екі түрі бар:</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Жауапкершілікті өзіне алу</td><td>2. Оны орындау.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Адамның жауапкершілікті өзіне алудың және оны орындаудың үкімі:</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Адамдардың құқықтарына қатысты куәгердің жауапкершілігін алу - ұжымдық жауапкершілік.</td><td>2. Оны орындау – жеке жауапкершілік.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Бұл куәгер сырттай да, іштей де әділ адам болған шартпен орындалады.
«Ғадл» - бұл басқа адамдар оларды куә ретінде тануға келіскендер, өйткені Аллаһ Тағала: «... куә деп тануға келіскендеріңді», – деген. Куәгердің білмейтін нәрсесі жайлы куәлік етуіне тыйым салынған:</td></tr>
</table>

1. Егер ол өз көзімен көрмесе,	2. Ол қарсы куәлік беріп жатқан адамнан жеке естімеген болса,	3. Немесе заттардың мәнін анықтайтын және оның құрамдас бөлігі болып табылатын фактор болмаса.

Пайғамбарымыз ﷺ бір адамнан: «***Күнді көріп тұрсың ба?***» деп сұрады. Ол: «**Иә**», – деп жауап берді. «***Олай болса, тек осындай нәрселерге куәлік ет, немесе (куәлік етуден) бас тарт***». Ибн Ғәди.

Аллаһ Тағала былай деген: «**Өтірік сөз айтудан сақтаныңдар**».

Куәлік беруге кедергі болатын нәрселердің қатарына мыналар жатады: жалған айыптау күдігі [егер мұндай күдік болмаса, онда куәлік қабылданады], мысалы,

1. Ата-ананың балалырының пайдасына куәлік беруі.	2. Керісінше жағдай.	3. Ерлі-зайыптылардың бір-бірінің пайдасына берген куәлігі.	4. Адамның өз жауына қарсы берген куәлігі.

Хадисте былай хабарланады: «***Қиянатшыл ер мен қиянатшыл әйелдің куәліктері, сондай-ақ дұшпанның өз дұшпанына қарсы берген куәлігі, сондай-ақ үй тұрғындарының қызметшілерінің куәлігі қабыл болмайды***» (Ахмад, Абу Дауд).

Тағы бір хадисте: «***Кімде-кім бір мұсылманның мал-мүлкін иемдену үшін өтірік ант ішсе, Аллаһты Ол оған ашуланған күйінде кездестіреді***» делінген (әл-Бухари мен Муслим).

Бөлу туралы тарау

Оның екі түрі бар:		
1. Ешқандай зиян келтірмейтін және төлем талап етілмейтін **мәжбүрлі бөлу**, мысалы, екі бірдей нәрсені, үлкен тұрғын үйлерді және кең жерлерді бөлу.	2. Меншік иелерінің біріне зиян келтіруі мүмкін немесе оны іске асыру барысында төлем төлеу қажет болатындай **өзара келісім бойынша бөлу**. Мұндай бөлу барлық қатысушылардың келісімін қажет етеді.	
	1. Егер тараптардың бірі сатуды талап етсе, онда талап қанағаттандырылуы керек.	2. Егер олар өз үлестерін жалға берсе, онда олардың үлесінің жалдау ақысы төленуі керек, ал Аллаһ жақсырақ біледі.

Мойындау туралы тарау

Мойындаушының мукалләф болуы шартымен өз күнәсін мойындауы [мойындап келуі], мойындауды білдіретін кез келген сөздерді айту.

Бұл күнәнің ең жақсы дәлелі және барлық бағыттарды қамтиды: ғибадат, адамдармен қарым-қатынас, неке, қылмыс және т.б.

Хадисте: «***Күнәні мойындаған адамға ақтау жоқ***», - деп хабарланады [Ибн Хажар және басқалар бұл хадистің негізі жоқ екенін айтқан, бірақ автор, Аллаһ оны рахым етсін, оны «Әл-усул ал-жәмиға» кітабында фиқһ ережесі ретінде атаған]. Адам өзінің барлық міндеттері мен адамдардың құқықтарын орындау немесе (әлдебір нәрсені орындамауға) рұқсат алу арқылы жауапкершіліктен құтылу үшін, олардың барлығын мойындауға міндетті. Аллаһ бұл жайлы жақсырақ біледі.

Мырзамыз және Пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасына және сахабаларына Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын!

Бұл кітапқа түсіндірмелерді жазған Аллаһқа мұқтаж, діні мен дүниелік өмірін түзетуге үміттенетін автор - Абд әр-Рахман ибн Насыр ибн Сағди жазған,

Аллаһ Тағала оны, ата-анасын және барша мұсылмандарды рахым етсін.

Негізгі кітаптан көшірілген уақыт: 3-зул-хижжа, хижраның 1359 жылы.

Нығметімен барлық игі істер соңына жететін Аллаһқа мақтаулар болсын!

Қылмыс кітабы және басқа тақырыптар бойынша сұрақтар

Сұрақ	Дұрыс	Бұрыс
- Әйелді өлтіргені үшін еркек өлтірілмейді - Өлтірілгеннің қамқоршысына тең кек алу жазасы, төлем (құн) алу, немес кешіру арасында таңдау жасау құқығы беріледі. - Бір топ қылмыскерлер бір адамды өлтірілгені үшін түгел өлтірілмейді. - Сот ісін басқару – ең жақсы басқарылым, өйткені ол арқылы құқықтар, өмірге қол сұғылмаушылық қорғалып, күнәлілер (бұзақылар) жазаланады. - Кез келген талапқа дәлел болуы шарт.		

– Шариғатымыз Кітап иелеріне қатысты шешімділік пен кешірімділік арасындағы ортаны ұстанады. - Атеистер қан үшін теңдей кек алу кісі өлтірудің көбеюіне одан сайын ықпал етеді деп айтады, олар: «Өйткені егер кісі өлтіруші әлдебір адамды өлтірілсе, ал біз өлтірушінінің өзін өлтірсек, онда екі адамнан айырыламыз. Бірақ біздің жауабымыз: «Осылайша Аллаһ сендердің көздеріңді соқыр етті. Аллаһ Тағала: **«Кек алу сендердің өмірлеріңді сақтайды»**, - деген, өйткені кісі өлтіруші өлім жазасына кесілетінін біле тұра, өлтіруге батылы бармайды. Әрі біз Зәйдті ол Амрды өлтіргені үшін өлтіретін болсақ, онда Халид та Бәкрді өлтірмейді, ал егер Зәйтті тірі қалдырсақ, онда өлтіру көбейеді». - Жарақаттар үшін өтемақы нақты тигізуге мүмкін болған әрбір жарақат үшін белгіленген. – Егер кісі өлтірген адам ерекше бұзық (пасық) ретінде танылған болса, онда оны өлім жазасына кескен дұрысырақ болады. - Жазаларды орнатудың үлкен және шексіз пайдасы бар, соның ішінде ол тосқауыл және тазарту ретінде әрекет етеді.		

- Пайғамбарды жамандаған адам діннен шығады: ол қалай болған жағдайда да өліммен жазаланады ___, оны тәубеге шақыру қажет __

- Сот істерін жүргізуді басқарудың үкімі: жеке ___, ұжымдық ___ парыз.

- Дәлелдемелерді (куәліктерді) жасыру: құпталмайтын (мәкруһ) ___, тыйым салынған (харам) ___ амал.

- Үшінші адам туралы пәтуа беру: рұқсат етіледі _____ ; рұқсат етілмейді ___ .

- Үшінші тұлғаны: соттауға болады ___; соттауға аболмайды ___.

- Сот ісін жүргізу - бұл жеке ___ ұжымдық ___ міндет.

Бұл рөлге тек бір адам лайық болса, онда ол үшін сот ісін жүргізу: жеке ___; ұжымдық _____ парыз болады, өйткені халық арасында олардың дауларын шешітін ешкім болма қалады.

- Жалған куәлік беру: ең ауыр күнә ___, ауыр күнә ___, кіші күнә ___.

МАЗМҰНЫ

Түсіндірмеге алғысөз ... 3
Автордың алғысөзі ... 5
Біз Одан көмек сұраймыз ... 5
[Екі куәлік] тарауы ... 10
Тазару кітабы ... 12
Дәрет алудың түрлері туралы тарау ... 14
Ыдыс туралы тарау ... 15
Астыны жуу және әжетті өтеу әдебі жайлы тарау ... 17
Сүртінудің шарттары ... 18
[Нәжісті жою және нәжіс нәрселер] туралы бөлім ... 20
Дәреттің сипаттамасы туралы тарау ... 22
Былғары шұлық пен таңғыштарға мәсих тарту туралы бөлім ... 25
Дәретті бұзатын іс-әрекеттер туралы бөлім ... 27
Ғұсыл алуды міндетті ететін іс-әрекеттер және ғұсыл алудың сипаттамасы туралы тарау ... 28
Таяммум (топырақпен алынатын дәрет) туралы тарау ... 29
Етеккір туралы тарау ... 30
Тазару кітабы бойынша сұрақтар ... 32
Намаз кітабы ... 36
[Намаздың шарттары] ... 37
Намаздың сипаттамасы туралы тарау ... 40
Ұмытшақтық орын алғанда (сужуд с-сахуи), Құран оқылғанда (сужуд ят-тиляуа) жасалатын және шүкірлік (сужуд әш-шукр) сәжделері туралы тарау ... 50
Намазды бұзатын нәрселер және ондағы жағымсыз (макрух) амалдар туралы тарау ... 53
Ерікті намаз туралы тарау ... 55
Күн мен ай тұтылу намазы туралы бөлім ... 55
[Үтір намазы туралы бөлім] ... 55
[Тарау: жаңбыр сұрау (әл-истисқа) намазы] ... 56
[Намаз оқуға тыйым салынған уақыттар туралы бөлім] ... 57
Жамағат намазы мен оған имамдық ету туралы тарау: ... 60
Үзірлі адамдардың намазы туралы тарау ... 61
Жұма намазы туралы тарау ... 63
Айт намаздары туралы тарау ... 64
Намаз кітабына байланысты сұрақтар ... 66
Жаназа кітабы ... 70
Жаназа кітабы бойынша сұрақтар ... 74

Зекет кітабы **76**
Мал-мүліктен берілетін зекет туралы бөлім 77
Пітір садақасы (зекеті) туралы тарау 80
Зекет берілетін адамдардың санаттары туралы тарау 82
Қосымша ескертпелер 84
Зекет кітабы бойынша сұрақтар 88
Ораза кітабы **92**
[Ескертпелер] 95
Ораза кітабы бойынша сұрақтар: 100
Қажылық кітабы **103**
[Қажылық рәсімдері туралы бөлім] 111
[Ихрам уақытындағы тыйым салынған амалдар туралы бөлім] 112
[Ескертпе] 119
Қажылық кітабы бойынша сұрақтар 121
Сауда кітабы **125**
[Сауданың тіректері мен шарттары] 125
Қайнар көздер мен жемістерді сату туралы бап 130
Адамның сауда келісімін өз қалауымен бұзуы туралы бап 132
Алғытөлем туралы бап 135
Тақырып: [куәландырылған келісімдер]: кепіл зат, кепілдік пен сенім білдірушілік 135
Банкроттық немесе басқа да себептерге байланысты мүлікке тыйым салу 137
Татуласу (ымыра-келісімге келу) туралы бап 140
Уәкілеттік, серіктестік және үлескерлік туралы тарау 141
Тақырып: өңделмеген жерлерді игеру 144
Жалдау және жалға алу туралы бап 145
Табылған зат пен әке-шешесі белгісіз, тастанды бала туралы бап 147
Бәсекелер (сайыстар) туралы бап 149
Тақырып: басқа адамның мүлкін иелену 150
Өтеусіз пайдалануға беру және сақтауға тапсырылған заттар туралы бап 151
Тақырып: сатып алуға басым құқық 151
Айыруға болмайтын мүлік (уақф) туралы бап 153
Қайырымдылық мәмілелері: сыйлық, сый етіп қалдыру және мирас . 154
Сауда мәмілелері кітабы бойынша сұрақтар 156
Мирас кітабы **161**
Үлес иелері 162
Шариғаттың соңғы қалдыққа (тағсыбқа) қатысты үкімдері 163
[Басқа үкімдер] 168
Тақырып: құлдарды босату 169
Мирас кітабы бойынша сұрақтар 171
Неке кітабы **179**
Некенің шарттары туралы бап 181
Некелесуге тыйым салатын нәрселер 182
Некенің құрамындағы шарттар туралы бап: 184
Неке қиюдағы кемшіліктер туралы бөлім 185

Неке сыйы кітабы 186
[Неке сыйының үкімі туралы тарау] 186
Ерлі-зайыптылық тұрмыс туралы бап 187
Әйелдің қалауы бойынша ажырасу (хуләғ) туралы бап 189
Ажырасу (талақ) кітабы 190
[Тарау: Толық және ішінара (қайтарылатын) талақ] 192
Тақырып: әл-иләъ, әз-зыхар және әл-лиған 193
Ажырасқаннан немесе күйеуі қайтыс болғаннан кейін күту мерзімі (идда) және күңнің күту мерзімі (истибра) 196
Әйелдерді, жақын туыстарды және құлдарды асырау және қамқорлық туралы тарау 198
Отбасы кітабы бойынша сұрақтар 199
Ас-тағам кітабы 203
[Ескертпе: емшілік] 205
Тақырып: малды бауыздау мен аң аулау 207
Анттар мен и нәзір туралы тарау 209
Тағам кітабы бойынша сұрақтар 214
Қылмыс кітабы 217
Жаза кітабы 223
[Зина үшін жаза:] 223
[Зина жасағандықта жала жабу үшін жаза:] 224
[«Тағзир»] 225
[Ұрлық үшін жаза:] 225
[Арақ ішу үшін жаза:] 225
[Қарақшылық (тонау) үшін жаза:] 226
[Бүлікшілердің жазасы]: 227
Тақырып: діннен бас тартқан адамның үкімі 227
Сот ісін жүргізу, дау, дәлелдемелер мен куәлік түрлері кітабы 230
Бөлу туралы тарау 232
Мойындау туралы тарау 233
Қылмыс кітабы және басқа тақырыптар бойынша сұрақтар 233

Хайсам ибн Мухаммад Сархан

ҒИБАДАТШЫНЫҢ ЖОЛЫ
және діндегі фиқһтың түсіндірмесі

Басуға 29.03.2024 жылы қол қойылды.
Пішімі 70х90 $^{1}/_{16}$ Көлемі 14,875 б.т.

Бұл «Минхаж әс-саликин уа таудых әл-фиқһ фи-д-дин» кітабы фиқһ саласындағы ең толық баяндамалардың бірі болып саналады, әрі ол фиқһ мәселелерінде орын алған келіспеушілік терге сілтеме жасамаған үлгіде, ең дұрыс болған нәрсеге нұсқауды көздейді. Сондай-ақ бұл кітапта автор өзі дұрыс деп санаған нәрсені Құран мен Сүннетте келген дәлелдермен дәйектеуге ұмтылады, әрі ол, Аллаһ Тағала оны рахымына бөлесін, осыны өте жақсы үлгіде жасай білді. Бір топ ғұламалар бұл еңбекті оқып зерделеуді әрі оған лайықты көңіл бөлуді ұсынады. Міне, сондықтан біз бастауыш деңгейдегі білім талап етушілерге арналған оның жаңаша нұсқасын шығаруды жөн көрдік.

فتح المعين بتقريب منهج السالكين و توضيح الفقه في الدين

اللغة القازاقية

المترجم: طلعت أبو علي

وفقه اللَّه تعالى

Сатуға болмайды